

А 2015

1515 к



# ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТЕГІ ЖАЛПЫАДАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР





Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым комитеті

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

**ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТЕГІ  
ЖАЛПЫАДАМДЫҚ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

Алматы, 2014

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Қаз)

Қ 21

**ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институтының Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға  
ұсынылған**

**Редакциялық алқа:**

*С. Қирабаев, Ш. Елеукенов, У. Қалижанов, А. Әлібекұлы, А. Қалиева*

**Жауапты редактор:**

*Орда Г. Ж., филология ғылымдарының докторы*

**Жауапты шығарушы:**

*Ақыш Н. Б., филология ғылымдарының докторы*

**Пікір жазғандар:**

*Хамраев А., филология ғылымдарының докторы, профессор*

*Қосан С. Қ., филология ғылымдарының кандидаты*

**Қ 21 Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар.** – Алматы:  
«Evo Press», 2014 – 708 б.

**ISBN 978-601-230-043-7**

Ұсынылып отырған ұжымдық монография тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ және Қазақстанды мекен еткен этностар әдебиетіндегі ұлттық және жалпыадамдық парадигманы зерттеуге арналған. Зерттеушілер жалпыадамдық құндылықтарды көрсету үшін алдымен қаламгерлер қаламына тән ұлттық ерекшеліктерге баса назар аударған. Әдебиеттегі мәңгілік категориялар поэзиялық, прозалық, драматургиялық, көркем публицистикалық шығармалар негізінде зерттеу нысанына алынған.

Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне, аспиранттар мен магистранттарға, филология факультетінің студенттеріне, сондай-ақ әдебиетсүйер көпшілік қауымға арналған.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Қаз)

**ISBN 978-601-230-043-7**

© М. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты, 2014



## АЛҒЫ СӨЗ

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеті даму үстінде болғандықтан, оның әрбір аяқталған онжылдығы жеке зерттелуде. Алғашқы онжылдығы 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбектің «Тәуелсіздік кезеңі (1991-2001)», екінші онжылдығы «XXI ғасыр әдебиеті (2001-2011)» атты ұжымдық зерттеулерде қарастырылды. Бұл еңбектерде қазіргі әдебиеттің көтерген мәселелерін толық қамту мүмкін болмағандықтан, авторлар қауымы аталған кезең әдебиетіндегі жалпыадамдық құндылықтарды ұсынылып отырған еңбекте арнайы зерттеуге ден қойды. Монографияда қазақ әдебиеті жалаң қаралмай, қазақстандық өзге этностардың әдебиетінен де бірсыпыра мысалдар келтіріліп, салыстырыла зерттелді. Дегенмен, бұл еңбекте негізінен қазақ қаламгерлерінің туындыларына басымдық берілгендігін, өзге этностардың әдебиеті салыстыру мақсатында қарастырылғандығын баса айтқанымыз жөн. Монографияның мақсаты – бүгінгі әдеби процесті бағамдау, Қазақстанды мекен еткен халықтар әдебиетіндегі ортақ көзқарасты көрсету.

Кеңестік дәуір тұсында Одақтың құрамына енген халықтардың барлығы «кеңес халқы» ретінде танылғандықтан, олардың әдебиеті де кеңес әдебиетінің талап-тілектерінен шыға алмады. «Тілі басқа, тілегі бір» халықтар әдебиетінде ұлттық құндылықтан гөрі, кеңестік мүдде алғашқы орынға шығып, әдебиетте таптық көзқарас орын алды.

Бұл кезең әдебиетінің негізгі жетістіктерінің бірі – ұлттық құндылықтарға қарай бет бұру. Қаламгерлер бұл жылдары өз халқының ұлттық ерекшеліктері мен әдет-ғұрпына, салт-дәстүрлеріне, ана тіліне көңіл бөле бастады. Соңғы жиырма жылдан астам уақыттың туындыларын саралап шыққанда қаламгерлердің барлығы дерлік ұлттық құндылықтарға баса назар аударғанына көзіміз жетті. Әдебиет ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы адамзат баласына ортақ өзекті мәселелерді көтере алатынын көрсетті.

Әр халық өз жоғын түгендеудің нәтижесінде өткен тарихымызды бүгінгі күн тұрғысынан қайта бағалау мүмкіндігі туды. Аталған кезең әдебиетін зерттеу барысында қаламгерлердің кеңестік дәуір тұсында бара алмаған, кең тоқтай алмаған тақырыптарына еркін барғанына көзіміз жетті. Бұл жылдардағы әдебиеттің басты ерекшелігінің бірі – қазақстандық халықтардың сан ғасырлық тарихының көркем шежіресі жасалуы. Сонымен бірге ерекше назар аударуды қажет ететін тақырыптың бірі – кеше ғана тарих қойнауына енген, XX ғасырдағы сан алуан тарихи оқиғаларға жан бітіру. Бұлардың

барлығы кез келген халықтың өзінің тарихын тереңірек білуге деген құштарлығынан туындап отырғаны анық.

Тәуелсіздік дәуір тұсындағы қазақ және қазақстандық этностар әдебиетін зерттеу барысында қаламгерлер өздері өмір сүріп отырған қоғамның қалтарыстарын түгел қамтығаны анықталды. Бүгінгі таңда арамызда жүрген замандастарымыздың жарқын бейнесінің көркем әдебиеттен орын алуы да бүгінгі әдебиеттің жетістігі екенін айту орынды. Зерттеушілер бұл мәселелерді жекелеген жанрлар бойынша қарастырды.

Қазақ ақындары Ж. Нәжімеденов, Ә. Тәжібаев, С. Сейітов, Х. Ерғалиев, К. Салықов, Ф. Оңғарсынова, М. Рәш, Н. Ораз, М. Шаханов, Ж. Бөдеш, И. Сапарбай, А. Егеубаев, К. Ахметова, Р. Ниязбек, Ш. Сариев, Н. Оразалин, Т. Медетбек, Н. Айтұлы, Иран-ғайып, М. Айтхожина, Ғ. Жайлыбай, Б. Жақып, Қ. Аманжол, ұйғыр ақындары Р. Розиев, И. Жалилов, П. Сәбитова, Ж. Розахунов, И. Хошуров, Алмасбек, Х. Илахунова, П. Махсатованың, корей ақыны Мен До Нук, Ли Станислав, орыс ақыны Л. Кривошеков, В. Антонов, тарих пәнінің мұғалімі Р. Голубева тәрізді ақындар поэзиясындағы тәуелсіздік тақырыбының игерілуі, Елбасының қызметі, Астананың көп этносты елді ұлы мақсатқа жұмылдырудағы орны, мемлекеттік тіл мен ана тілін дамыту, халықтар достығы, жалпыадамдық құндылықтар тәрізді қоғам өміріндегі өзекті мәселелердің ұлттық әдебиетте жырлануын көрсетті.

Қазақ жазушылары Х. Әдібаевтың «Отырар ойраны», З. Қабдолловтың «Менің Әуезовім», Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша», Қ. Исабайдың ««Шоң би» роман-трилогиясы, Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», С. Сматаевтың «Біз – құлмыз ба, кімбіз?», Қ. Жұмаділовтың «Дарабоз», Б. Жандарбековтың орыс тілінде жазылған «Саки», С. Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясы, Б. Мұқайдың «Өмірзая», Ж. Әлмашұлының «Күлкі мен көз жасы» роман-дилогиясы, Қ. Түменбайдың «Бекеттегі бейкүнелар», М. Мағауиннің «Жармақ», Қ. Мұханбетқалиұлының «Тар кезең», Қ. Жиенбайдың «Жер үстінде жұмақ бар» публицистикалық романы, ұйғыр жазушылары А. Аширидің «Идиқұт», «Дили зия», неміс жазушысы Г. Бельгердің «Дом скитальца», «Тұйық су», «Зов», «Разлад», орыс жазушылары М. Земсковтың «Перигей», «Сектант», Н. Веревокиннің «Зуб мамонта (Летопись мертвого города)», М. Симашконың «Колокол» («Қоңырау»), «Комиссар Джангильдин», Г. Толмачевтің «Ұмытылмас бейне» атты роман-эсселері мен В. Михайловтың «Ғаламат жұт шежіресі» повестерінде тарихи және заманауи тақырыптарды игеру арқылы әр қаламгер өз халқының ұлттық құндылықтарын

көтерді. Басынан талай ауыр күндерді өткізген халықтардың ұлттық арман-мақсаттары адамзатқа ортақ мүдделер аясында тоғысып жатты. Бостандықты, азаттықты, тәуелсіздікті аңсаған барша бұқараның негізгі көздегені – бейбіт өмір сүру болса, оның жолында жанкешітілікпен тер төгу әр адамның міндеті саналды.

Қазақстандық драматургтердің драмалық шығармаларын талдау барысында бүгінгі таңдағы сахна өнерінен біршама мағлұмат берілді. Ә. Кекілбаевтың «Абылай хан», Ш. Мұртазаның «Домалақ ана», С. Жүнісовтің «Сабалақ Абылай – Хан Абылай», М. Байсеркеновтің «Абылайдың аманаты», Қ. Ысқақтың «Қазақтар» (Ш. Құсайыновпен бірге), Ш. Құсайыновтың «Томирис», С. Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесінің желісі бойынша жазылған Дулат Исабековтың «Шың басындағы шындық», Р. Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан», «Сырым батыр», Иран-Ғайыптың «Шыңғыс хан», «Махамбет», Т. Мәмесейіттің «Бәкей қыз», Д. Рамазанның «Абылай ханның арманы» тәрізді туындылар қазақ халқының әр дәуірінен хабар берсе, Б. Мұқайдың «Полигон», «Семей қасіреті», Ә. Таразидың «Муза», Т. Әбдіковтің «Біз үшеу едік», С. Жүнісовтың «Қылмыскер», Д. Исабековтің «Ескі үйдегі екі кездесу», «Алтын тордағы тоты (Актриса)», С. Сматаевтың «Көгілдір такси», С. Балғабаетовтың «Ғашықсыз ғасыр», Б. Мұқайдың «Тойы көп үй», «Тәлкек тағдыр», Р. Мұқанованың «Қызжылаған», «Шатыр астындағы Мен», Р. Отарбаевтың «Нашақор жайлы новелла», Т. Ахметжанның «Екі жүрек» пьесалары бүгінгі күн тақырыбындағы драмалық туындыларға қоғам дамуындағы заман ағымымен келген кеселді мәселелер арқау болғанын байқатты. Ұйғыр жазушысы А. Аширидін «Идикут», Л. Сонның «Память (Хроника первых лет)» («Жады (алғашқы жылдар хроникасы)» пьесалары да ұйғыр және корей халқының тарихынан хабар берер туынды ретінде қаралды.

Сонымен бірге бұл еңбекте тәуелсіздік тұсында дүниеге келген, егемен елдің өскелең қаламгерлерінің шығармаларына да шолу жасалды. Ондағы мақсат – әдебиетіміздің болашағын бағамдау. Бүгінгі жас қаламгерлер ертеңгі әдебиеттің майталмандары болары күмәнсіз. Осы тұрғыдан қарағанда жастар әдебиеті ұлттық әдебиеттің болашағынан хабар берері даусыз. Жас ақындар мен өскелең жазушылар өз шығармаларында ұлттық мұраттарды көтеру арқылы қазіргі таңда қоғамдағы өзекті мәселеге айналған жалпыадамдық мүдделерді қозғады. Мұның өзі кез-келген қаламгердің өзі өмір сүрген қоғамның жоғын жоқтап, мұңын мұндайтынын байқатты.

Ал, Қ. Мырза-Әлі, Ә. Нұршайықов, С. Қирабаев, С. Әсіпов, М. Рәш, О. Бөкей, У. Қалижанов, Ж. Ахмади, М. Қазыбек, Н. Омашев, К. Нәрібаев, А. Мархабаев, Б. Тобаяқов, С. Елубай, О. Өмірбек, О. Жол-

дыбай, Қ. Сәрсенбай, Ұ. Есдәулет, Р. Тұрысбек, М. Кенжин, М. Тоқашбаев, С. Көшімбаев, Қ. Олжай, Қ. Түменбай, М. Қалдыбай, О. Қауғабай, С. Ибрагимов, Е. Қыдыр, Б. Жүнісбеков, А. Мұқибек, Ә. Әуелбек, Т. Тәшенов, Ж. Шағатай, С. Парманқұлов, Ш. Қалиақпаров, М. Әбдіхалықов, Ә. Ыбырайымұлы, Е. Әкімқұлов, Б. Са-тершинов тәрізді қазақ және Г. Ғиясидинова, Л. Сон, Г. Доронин, Н. Надиров, Г. Бельгер тәрізді өзге этнос қаламгерлерінің публицистикалық шығармаларында қазіргі тәуелсіз қазақ елінің сан алуан өзекті мәселелері көтерілді. Қаламгерлердің халықтың әлеуметтік және экономикалық жағдайына, бүгінгі таңдағы саяси жағдай мен халықтар арасындағы ынтымақтастыққа, адамзат баласына ортақ жалпыадамдық құндылықтар мен мәңгілік мұраттарға көңіл бөлгені байқалды.

Ұжымдық еңбекті жазуға Қазақстанның танымал әдебиеттанушы ғалымдарымен бірге жас әдебиет зерттеушілері де қатысты. Олардың қатарында ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор С. Қирабаев, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы У. Қалижанов, филология ғылымдарының докторы, профессор Ш. Елеукенов, филология ғылымдарының докторы Н. Ақыш, филология ғылымдарының докторы Г. Орда және филология ғылымдарының кандидаттары А. Қалиева, Е. Қаныкей, сондай-ақ кіші ғылыми қызметкерлер Б. Мұқатай, Н. Құдайбергеновтер бар.

**Гүлжаһан Орда,**  
**филология ғылымдарының докторы.**

## I БӨЛІМ

# ҚАЗІРГІ ПОЭЗИЯДАҒЫ ЖАЛПЫАДАМДЫҚ МҰРАТТАР

## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН ЖАЛПЫАДАМДЫҚ МҰРАТТАР

Ұлттық рух, жалпыадамдық мұрат деген ұғымдар – көркем әдебиеттің негізгі мәселесі. Әдебиет адамды көркем бейнеге айналдырғанда, ең алдымен, оның ұлттық мінез-құлқын, психологиясын, қимыл-әрекетін көрсетуге тырысады. Сонымен бірге ұлттық тұлға өз алдына оңашаланбай, жалпыадамзатқа ортақ сипаттарға ие екендігімен көрінуге тиіс. Әр ұлттың өкілдері осы негізде өзара ықпалдасады. Бұл идея жалпы адамды туыстыруға, бір-біріне бауыр етуге қызмет жасайды. Әлемдік әдебиеттің ұлы шығармаларын оқып, бірін-бірі білген оның қаһармандарының өзара жақындығы да, әдебиеттің өмір танушылық және тәрбиелік қызметінің ұлғаюы да осыдан көрінеді.

Алайда, әдебиет мұраты болып табылатын осы шындықты мойындай тұрғанмен, әр халықтың әдебиетіндегі оның көріністері үнемі көңіл тойдыра бермейді. Ұлттық әдебиеттерде жалпы адамға ортақ көркем бейнелеудің жолдары терең игерілмей қалып жатады. Халықтарды жақындастыратын ірі ұлттық тұлғалар сирек жасалады. Ұлт әдебиеттерінің көбінесе бір-біріне таныс емес күйінде қалып жатуы осыны аңғартады. Екінші жағынан, ұлттық тілде жазылған әдебиеттердің көрнекті деген шығармалары аударылып, әлемге таныс тілдерде басыла да бермейтіні бар. Оған мемлекеттің қамқорлығы жетіспей жатады. Ірі, іргелі әдебиеттердің ұлттық және жалпыадамдық мұралардың кең тарауына мүдделестік танытпайтын да мінездері болады. Кешегі кеңес әдебиетінде басты қаһарман таза ұлттық тұлға болмай, жалпы кеңес адамына тән сипаттарды бойына жинаған, интернационалист коммунист болуы осыны танытады. Идеологиялық канон әдебиеттің дамуына ғана емес, сын мен әдебиеттік зерттеулерді де осы бағытқа салып жіберді. Сондықтан да қазақ әдебиеті үшін ұлттық және жалпыадамдық мұраттарды, олардың жақындығын ашуы мен игеру әлі де негізгі міндеттің қатарына кіреді.

Бұл – ұлттық рух пен жалпыадамдық мұраттарды таныта алатын туындылар қазақ әдебиетінде болмады деген сөз емес. Ұлттық әдебиетіміздің үздік туындылары әрқашан осы бір гуманистік, жалпыадамдық идеяларды насихаттауға, сол идеяны ашатын көркем бейнелерді жасауға, халық өмірінің шындығын танытуға ұмтылды. Абай мен Жамбыл, М. Әуезов пен С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов пен Ғ. Мұстафин, Ә. Нұрпейісов пен Т. Ахтанов, Ж. Молдағалиев пен С. Мәуленов шығармаларының шетел тілдеріне аударылып тарауы,

оларды жылы қабылдаған шетел оқырмандарының қазақ халқын, оның тарихы мен өмірін, ержүрек жауынгерлігі мен азаматтық бауырмалдығын тануы – осының арқасы. Өкінішке қарай, соңғы жылдары ұлттық әдебиеттің кең қаулап өсіп, үлкен таланттар мен шығармалардың туғанына қарамастан, көркем әдебиетті шет тілдеріне аудару мәселесі мемлекет назарынан тыс қалып қойды. Халықты тану көркем әдебиет арқылы жүзеге асатынын ескере отырып, үздік шығармаларды басқа тілдерге аудару ісіне мемлекеттік мән беру кезектегі бүкіл қазақтық шаралардың қатарынан орын алуы тиіс деп ойлаймыз.

Тәуелсіздік біздің ұлттық әдебиетімізге бірқатар өзгерістер алып келді. Ең алдымен, ол (тәуелсіздік) кеңестік әдебиеттің пішінін өзгертті. Әдебиетке таптық, партиялық тұрғыдан қарау келмеске кетті. Шығармаға кейіпкер болатын адам белгілі бір тап пен идеологияның шоқпарына айналмай, өз еркі өзіне тиесілі ұлт өкілі болу мүмкіндігі ашылды. Ол ұлт мүддесін күйттеп, өзін ұлт өкілі есебінде таныта алатын, адамдық мінез-құлықтары жағынан жалпыазаматтық мұраттарды ұстанған тип болуға тиіс. Адамды тану, оған деген көзқарас жаңарды.

Осындай ұлттық әдебиеттің негізгі қағидалары мен үлгісі ХХ ғасырдың басында өткен Алаш әдеби дәстүрінде жатқаны бүгін ешкімге жат емес. Еліміздің тәуелсіздік алуы Алаш арыстарын ақтау ісімен қабаттаса жүргізіліп, осы мұраны қолға тигізді. Тәуелсіздік алған елдің атқарылуға тиісті шараларының бәрін Алашорда қайраткерлері айтып кеткенін көрдік. Сөйтіп біздің ұлттық идеологиямыздың негізгі қазақ тарихынан шығуының өзі қазақтық, ұлттық дәстүрлеріміздің берік екендігін танытты. Шәкәрімнің, Ахметтің, Мағжанның, Міржақып пен Жүсіпбектің шығармалары бүгінгі әдебиетке жаңа үн, соны леп әкелді.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болғанына 20 жыл толды. Осы жылдары әдебиет тоқырап қалған жоқ. Әрбір қоғамдық алмасулардың кезінде белгілі дәрежеде дағдару, «не боп қалды, ендігі беталыс қалай болады?» деп алаңдаушылық болады. Социалистік төңкеріс кезінде де солай болған. Халық бар жерде, ұлт бар жерде әдебиет дамуын тоқтатпайды. Енді бұрынғыдай кеңестік үлгіде емес, ұлттық туынды жасау күн тәртібіне қойылды. Жаңа дәуір әдебиеті өткен азғана мерзімнің өзінде ұлт рухы мен жалпыадамдық мұратты негізгі бағыт етіп ұстанды. Осы жолдың баянды, жемісті болуы үшін, алдымен, тәуелсіздік идеясы мен оның іске асуы жолындағы күрес, таластардың тарихын, ұлттық қазақ әдебиеті ұғымының жаңаруы мен тәуелсіздік өрісінің кеңеюі жолына көз жіберу қажеттігі туа-

ды. Бұл шағын зерттеу – осы үлкен проблеманың бір тарауы. Оның құрылымы ұлттық поэзияның (оның ішінде лирика жанрының) даму бағытына негізделіп жазылып отыр. Онда тәуелсіздік тақырыбының жаңа дәуірде игерілуі, ондағы Елбасының қызметі, жаңа Астананың елді ұлы мақсатқа жұмылдырудағы орны, қазақтың мемлекеттік тілін дамыту сияқты өзекті проблемалардың әдебиетте жырлануы мәселелерін қарастыруға арналады. Лирика жанры жаңалықтарын жеке ақындардың шығармашылығын талдау арқылы тануға талпыныс жасалады.

## 1. Тәуелсіздік және қазақ өлеңі (лирика)

Ұлттық әдебиеттегі тәуелсіздік тақырыбы соңғы жылдарға дейін сынның да, әдебиет туралы ғылымның да арнайы зерттеуіне іліккен емес. Оның негізгі себебі кеңестік жүйенің бір тұтас одақ құрамына кіретін халықтарды ұлттық емес, «кеңес халқы» деген тұтас ұғымның маңына ұйыстыруына байланысты болғаны аян. Бірақ ұлт сақталған жерде, оның өзіндік проблемалары, мұраты мен ісі, өз халқының мүддесіне сәйкес арман-тілегі болатыны да даусыз. Қазақ әдебиеті де одақтық әдебиет құрамында бола жүріп, бар мүмкіндіктің шамашарқына қарай өзінің ұлттық мәселелерін қозғаудан сырт қалған жоқ. Елдің елдігі, жері мен табиғаты, адамдарының мінез-құлқы мен ерлік салты, әдет-ғұрпы мен тарихы, тағы басқа әдебиет бетінде көтерілген мәселелер қазақ әдебиетінің ұлттық дәстүрін жалғастырды. Ұзақ жылдар отаршылдықта, көрші елдердің қарауында болып келген, онда да қиыншылықтың талай ауыр азаптарын бастан кешкен халықтың ұлттық рухын сақтап қалғаны да тарихы мен әдебиетінің осы ерекшеліктерінен. Ұлттық рух халықтың бірлігін сақтауға жәрдемдесті. Сөйтіп олар азат күнді, елінің мемлекеттік алуын, дербес халық болып күн көруін аңсады. Әдебиетте қандай жағдайда болса да, бұл сарын ешқашан үзілген емес.

Дербес мемлекеттік құқыққа ие болған халықтың ғана бойында азаттық деген ұғым әлеуметтік мағынаға ие болады. Өмірдің барлық саласында, қоғамдық, мемлекеттік дамудың бағыт-бағдарында халықтық, ұлттық мүдде басты орынға шығады. Ішкі, сыртқы саясат осыған ыңғайластық табады. Мұны біз бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның саяси-әлеуметтік жағдайынан көріп отырмыз. Біздің арғы тарихымызда да, бүгінгі тіршілігімізге де басқаша көзбен қарауымыз да осыдан.



Тәуелсіз Қазақстанның не бары 20 жылдық жаңа өмірінің тарихта сілкініс жасап, ерекше жылдамдықпен дамуы да халықтың сана-сезімінде, ұлттық психологиясында, елдікті қамтамасыз етіп тұрақтандыру жолындағы жігер-қайратында екенін де осымен түсіндіруге болады. 20 жылдың өзі – шағын да болса, бір тарих. Бұл жылдарда жаңа қазақ мемлекеті туып, әлемдік сахнадан өз орнын алды, дүние жүзінің үлкен мемлекеттерінің қолдауына ие болды. Халықтың рухы да көтеріліп, әдебиеті де тәуелсіздікті игеруге бет бұрды. Әдебиет тарихында «Тәуелсіздік кезіндегі қазақ әдебиеті» деген жаңа кезең пайда болды. Бұл тақырыпқа арналған әдебиеттік зерттеу 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихына» оныншы том болып кірді [1]. «Қазақ әдебиеті тарихының» жазылу мерзіміне қарай бұл зерттеуге негіз болып жаңа әдебиеттің алғашқы он жылдық тарихы ғана кірген еді. Онда әдебиеттің даму бағыт-бағдары, жанрлардың өркен жаюы мен жаңа кезең тудырған проблемаларды игеруі жайлы зерттеулер берілді. Әрине, он жыл көлемінде жаңа бір тұтас дәуірдің әдеби ерекшеліктерін қамту оңай емес еді. Сондықтан томның авторлық ұжымы қазақ әдебиетінде туған жаңалықтардың сипаты мен көркем әдебиеттегі өзгерістердің заңдылығын көрсетуге ғана тырысты. Ол кезде тәуелсіздік кезеңінде үздік шыққан туындылар мен авторлардың шеңбері де айқындала қоймаған еді. Жаңа дәуір әдебиетінің өзіндік стилі мен шығармашылық әдіс-бағдары да айрықша танылмаған-ды. Томға сол бір кезеңнің көрнекті жазушылары туралы монографиялық тараулардың енбеуі де осындай жағдайларда мүмкін болды. Бұл олқылықтың орнын кейін, тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналып шыққан жаңа зерттеу [2] аз да болса толықтыра түсті. Онда тәуелсіз Қазақстанның әдебиеті 20 жыл аясында алынып, ондағы әдеби процестің өтуі, жанрлардың дамуындағы өзгерістер, жаңалықтармен бірге осы процесте көзге түскен бір топ жазушылардың шағын шығармашылық портреттері берілді.

Бұлар – сөз жоқ, үлкен істің бастамасы. Тәуелсіздік тарихы біздің әдеби зерттеулеріміздің әрқашан негізгі назарында тұратыны хақ. Ендігі зерттеулер осы екі кітапқа сүйеніп, олардың көтерген мәселелерін қайталамай, тереңдете қарап жалғастыратын болады.

Осы тұрғыдан қарағанда, жаңа кезең әдебиетінде болған құбылыстар мен назар аударуға, тереңдете қарауға болатын шығармалар, қаламгерлер тобы әлі де жеткілікті. Қазақ әдебиеті сияқты тез өсіп, қанатын кеңге жайып кеткен, әлемдік әдеби дамуға өз үлесін қосып жатқан әдебиеттің мол деректерін толық игеру мүмкін де еместігі анық. Бұл зерттеу авторы, сондықтан,

әдебиетімізде осы дәуірде айрықша көзге түскен, бұрын да аты белгілі, бірақ бағасын толық алып болмаған авторлар шоғырына ерекше назар аударуды қажет санайды. Әрине, олардың барлық жазғандарын емес, ондағы өзімізге қажет тақырыптың игерілуі жолын қараймыз.

Бұл дәуірдегі саяси-әлеуметтік оқиғалар, ондағы өзгерістер, ескі қоғамдық жүйенің ыдырауымен байланысты туған ел жағдайының шындығы, адам психологиясындағы өзгерістер аталған кезеңдегі көркем әдебиеттің негізгі көңіл бөлген мәселелері еді. Тәуелсіздіктің жариялануы ел көңілін көтеріп, бірқатар мадақ өлеңдер тудырғанымен, ыдыраған қоғамның зардаптары елдің экономикасына жоқшылық пен жетімсіздік әкелді де, қуаныш лебін тез ақ заманның суық желі алмастырады. Заманның не боп кеткенін ұға алмаған адамның көңіл күйін бейнелеген өлеңдер көп жазылды. Бұл тәуелсіздіктің алғашқы он жылын қамтыды. Осыдан кейін барып, ел экономикасы аздап тұрақтана бастаған кезде өмірге енген өзгерістердің түпкі пайдалы ықпалы, тәуелсіздік тудырған заманның проблемалары жаңа шығармалар тақырыбына айналды. Олардың қатарында елдің бірлігі, ұлт рухын көтеру, ұлт тілін қалпына келтіру, ұлттық әдет-ғұрыптың, салттың, тарихтың мәселелері, Қазақстанның жаңа Астанасы және оның елді жаңарту, ұлт тұтастығын халықтың бірлігін нығайтудағы орны, осы ұлы өзгерістердегі Елбасы Н. Назарбаевтың тарихи еңбегі т.б. тақырыптарды атауға болады. Осылар ұлттық мемлекет құрудың негізгі шаралары жайлы ойлар мен пікірлерді туғызды.

Ұлттың азаттығы мен рухын сақтап дамыту мәселелері – қазақ әдебиетінің бүкіл даму жолында үзілмей келе жатқан тақырып. Олар отарлаушы мемлекеттердің ыңғайымен бірде көтеріліп, бірде басылып, әйтеуір үзіліп қалмай, халықтың арманы мен тілегі болып өмір сүріп келген еді. ХХ ғасырдың басында Алаш ақын-жазушыларының шығармаларында ол кең қойылып, ұлт-азаттық қозғалыстарымен тығыз байланыста көтерілді. Алайда кеңестік саясат оған жол бермей басып тастады да, қазақ ұлты көп ұлтты мемлекеттің құрамында ұлт мүддесіне емес, одақтың тұтастығы мен бірлігі ынтымағына қызмет істеуге мәжбүр болды. Алайда, сол кеңес тұсының өзінде халықтың теңдігі, ұлттық әдет-ғұрып, тарихы, тіл мәселелері қозғалмай қалмаған еді. Әсіресе, Сталиннен кейінгі дәуірде ол көбірек сөз болды. Бірақ Коммунистік партия басшылығы тұсында өз бетінше еркін кетудің жолы жабық тұрды.

Қазақстанның мемлекет есебінде егемендік алуы бұл мәселелердің әдебиет және баспасөз бетінде қайтадан және жаңаша, әрі тереңдей

қойылуына жол ашты. Бұл тақырыпта жазылған алғашқы өлеңдерде қуаныш лебі, ақындық пафос, көтеріңкі көңіл күйінің әсеріне бөлену сезімі айқын байқалды.

Азат елдің азаматы мен енді,  
Кең кезеңге көңіл сорлы кенелді,  
Келем, міне, алшаң басып елімде,  
Ағытып ап мойнымдағы көгенді, –

деп жазды Қуандық Шаңғытбаев [3].

Нұрғожа Ораз:

А, құдайым, еркіндікті бердің бе?  
Ғайыптан бір бақыт күтті ел күнде.  
Құл қылсаң да, күн қылсаң да пенденді  
Құдыреті, әрқашан да еркінде [4] –

деп жырлады. Ақын азаттықтың оңай келмегенін, талай ерлердің қаны мен тері арқылы жеткенімізді өлеңге қосып, екі ғасыр бойы болған сәтсіз күрестерді еске алды. «Азаттыққа бердім талай асылды, Қаралы ғып жаптым екі ғасырды» деді.

Иранғайып ақын:

Тауың да,  
бақша бауың да,  
Досың да,  
қатал жауың да.  
...Туың да,  
От пен ауа,  
суың да

сенікі, – [5, 97]

деп шабыттана толғады.

Осы мазмұндағы өлеңдер жазуға сол кездегі қазақ ақындарының үлкен тобы қатысты десе де болар. Тәуелсіздік кімнің көңілін көтермейді дейсіз. Ә. Тәжібаев, Х. Ерғалиев, С. Сейітов, Қ. Мырза-Әлі, Т. Молдағалиев, Т. Медетбек, М. Айтхожина, К. Ахметова, Н. Оразалин, т.б. ақындар жүрегін қуаныш билеп, шат сезімін елімен бөлісті. Бірін-бірі тәуелсіздік таңы атуымен құттықтады. Көп өлеңдерде тәуелсіздік халықтың азаттық жолындағы күресінің нәтижесі, жаңа өмірдің образды бейнесі ретінде алынып, оған жетудің қиын жолдары шолынды. Алаш ардақтылары ақталып, олардың жаңарып туған идеясымен таныстық. Олардың аруағына бас иіп, кезінде бағалай алмағанымыз, тіпті қате түсініктерге қосылғанымыз үшін кешірім сұрау да өлеңге кірді. Сол дәуірлердің куәсі болған қарт ақын Әбділда Тәжібаев:

Біз! Біз! – дедік  
Біз! – деп шықтық мінбеге.  
Ұлтты құртар  
Өрт шығардық іргеден.  
Ұлтшылдарды  
Қас дұшпан деп тілдедік,  
Одан өзге  
Түкті де білмедік,  
Кешер ме екен,  
Тәңірім бізге соларды, [6] – деп жазды.

Тәуелсіздік алған елдің алғашқы қадамын құттықтау өлеңдерде, негізінен, қазақтың шідері, кісені, көгені, қамыты, бұғауы бұрын елдің азаттығына бөгет болған образдар ретінде пайдаланылды. Солардан босау елдің егемендігінің белгісі болып суреттелді. Мемлекет «Қазақстан Республикасы» аталды.

Нағыз атың енді ғана табылды,  
Нағыз атың енді ғана танылды,  
Қазақ елі көкке жетті көк туың,  
Сен – тәуелсіз мемлекетсің кәдімгі, –  
деп жырлады қарт ақындардың бірі С. Сейітов [7].

Қазақтың тәуелсіз мемлекетінің көк туы желбіреп, әнұраны, елтаңбасы қабылдануы, қазақ жерін мекендеген ұлттардың бірігіп тәуелсіздікті жақтауы көп ақын көңілінде азаттықтың бекуінің белгісі сияқты сезімді оятты. Жалпы тәуелсіздік тудырған рух осылармен толысып, азаттықтың мерейін өсіре түсті. Марфуға Айтхожина:

Жел ескен айдарынан батырының,  
Қосылған сансыз ұлттың басы бүгін.  
Көк туы көк күмбезде желбіреген  
Мен тәуелсіз қазақтың ақынымын, [8]  
деп шалқыса, Бауыржан Жақып:  
Қолда бізді батырлар аруағы,  
Қорға бізді бабалар шаңырағы,  
Елім бүгін көк туын желбіретті  
Жер шарына естіліп әнұраны, [9, 35]

деп жазды.

Кейін алғашқы қабылданған ән-ұран өзгеріп, Елбасының ұсынысы бойынша, Ш. Қалдаяқовтың «Менің елім» атты әні әнұран боп қабылданды. Ән текстін ақын Ж. Нәжімеденов жазған еді. Оған өзгеріс жасап, редакциялаған – Н. Назарбаев. Қазір екеуінің атынан айтылады.

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы.  
Ерліктің дастаны –  
Еліме қарашы.  
Ежелден ер деген  
Атағы шықты ғой.  
Намысын бермеген,  
Қазағым мықты ғой.  
Менің елім, менің жерім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің – Қазақстаным! [10]

Жаңа әнұран қазақ халқының ерлік, елдік дәстүрін, патриоттық сезімін жаңартуда үлкен рөл атқарып келеді.

Бірақ тәуелсіздік қазақ еліне оп-оңай келмеді. Бұрынғы одақтың бір-бірімен тығыз матасқан экономикалық байланысы үзіліп, жеке бөлініп шыққан ұлттық мемлекеттердің шаруасы жүрмей қалды. Орталықта, Украина, Белоруссия сияқты озық республикаларда шоғырланған зауыт-фабрикалар тоқтап қалды. Қазақстанның шикізаты өндірілмеді. Кеңестік жүйенің ортақ мекемелері таранды. Ел ішінде киім-кешек, азық-түлік тауарлары, басқа да өнімдер жетіспеді. Жұмыссыздық көбейіп, аздап істеп тұрған өндіріс орындарында, ауыл шаруашылығында, мекемелер мен оқу-ағарту, денсаулық сақтау жүйесінде қызмет істейтін халыққа еңбекақы төленбей қалды. Қиын заман басталды. Қашан да халық тіршілігін бағып отыратын қаламгерлер тобы, жалпы халық тәуелсіздікке күмәнмен қарай бастады. «Дүние не боп барады?» деген күмәнді сұрақ әркімнің-ақ көкейінде тұрды. Жұртшылықпен бірге торығып, қоғам мен адам бір-біріне тірек бола алмай қалғанда айтылатын осы сұрақты сол жылдары жасы сексенге келген ақсақал Хамит Ерғалиев қойды. Оның «Шертолғау» (1994), «Сонеттер» (1995) кітаптары халықтың сол бір тұстағы көңіл күйіне толы еді. Ақынның «Қауға ұшқын түсті», «Өзіңмен бірге өртендім», «Өшпек түгіл өршимін», «Азаптан алынбаған есем бар», «Күйіксіз күнім жоқ» деген секілді ащы ойлары заман сұрқына ашынғандықтан туғаны белгілі.

Біреу мейлі: «Азаптан аман басын  
өзі ауыртты» – деп сені жамандасын.  
Өзін-өзі жеңбеген пендешілік  
Қайда бұрып барады заман басын?

Тойымсыздық айғайы ашықтырса,  
Ұры-қары аранын ашып тұрса,  
Жанбағанда қайтерсің одан бетер  
Табиғаттың науқасын тас ұқтырса, – [11, 23]

дейді ақын.

Темірхан Медетбек келген бостандықты «Жалақ ерін, жалаң аяқ, жалаңбас» күйінде суреттеп, оған аяушылық танытса, Есенғали Раушанов: «Аяғыма қараймын шідерім жоқ, неге қақсай береді жіліншігім» деп келген бостандықтың денсаулық емес, күмән ала келгенін жасырмады. Ел барлы-жоғын сатып, ақшасына тамақ алып, базар жағалады. Соны көрген Исраил Сапарбай:

Өшіп-жанған бір отты көріп алдан,  
Жүруші еді кеудемде толып арман.  
Сол арманды әй-шәйсіз қуып шығып,  
Көкірегіме көкбазар қонып алған [12, 47]

деп жазды.

Асқар Егеубаев «Қара көпір», «Сары жапырақтар», «Тағдыр», «Биылғы қар» т.б. өлеңдерінде халық басына түскен трагедияны табиғат суреттері, ондағы өзгерістер арқылы бейнелеуге ұмтылды. Жасыл жапырақтың күнге күйіп сарғаюы, жасылы көшкен қара жерді құйын үйіруі, сары бояудың жер-көкке жағылып жатқаны үлкен суретке айналады. «Сары жапырақ астында сарғаяды қара жер, қара құмық тас та қара» дейді ақын. Биылғы қарды ұзақ күткен ақынның көңіл күйі табиғатпен бірге жүдеу тартқан «қарсыз дала, қырсыз аспан қараңғы, қамалайды қарауытқан жанарды» деген жолдар анық танытады. Ақ қар күтіп жүргенде, қара жауын жер бетін жуғаны арқылы ол ел басына түскен ауыртпашылықтың оңай өте қоймайтынына сендірді. Ниет бұзылып, қара күш қаптап кеткенін Асқар:

Оғын сайлап Төлегендей асылға,  
Бекежан тұр Қособаның басында...  
Қозы-Баян шықса көктем-жасылға,  
Қодары жүр қара күшке тасынған.  
Біржанды аңдып Поштабай жүр қасында...  
Абайды ұрып аты шыққан ғасырға,  
Біздің тағдыр – қызық тағдыр расында!..

деген өлең жолдарымен суреттеген [13, 97].

Ақын табиғаты шыншыл. Көз алдындағы өмір өзгеріп, ұғымын жаңартып жатқанда, ол тебіренбей, өзгерістің сырына үңілмей, таңырқамай өте алмайды. Оның өз бойындағы дағдарысты да байқайсың. Осы тұста жазған өлеңдерінде Сәкен Иманасов та сол

шындықты аттап кетпейді. «Шындық келіп», «Дағдарыс», «Кім аңсар», «Бәрі жалған», «Не жазам?», «Даласында майданның», «Мына заман – қай заман?» т.б. өлеңдерінде ол өз бойындағы дағдарысты ақындық сезімталдықпен өткір суреттейді. Ақын өзгерген өмір суреттері мен адам ұғымында қалыптасқан көзқараспен бетпе-бет ұшырасып тілдеседі. Ауылға шындықтың өзі іздеп келеді, ел үрейленіп қалады. Оның шындық не өтірік екенін ешкім білмейді. Шындықты қабылдаудың осы бір әбігершілігін Сәкен суретке айналдыра бейнелейді.

Бесіктегі бөбектерің шырылдап,  
Есіктегі төбеттерің ырылдап,  
Батыр ұл да бара алмады мәрттікке  
Қатының да:  
– Жіберме деп тұр ымдап,  
Жалған күліп, алдандырып, бірі ұстап,  
Жолдастарын жолатпауға тырысты-ақ.  
Сұрағанын бере де алмай сорлының  
Көре де алмай қала бердің дұрыстап...

Жұғып кетер деді ме бір пәлесі,  
Бәрінің де ұшып кенет зәресі,  
Не істерін білмей отыр ағайын,  
Мысы құрып, кірмей отыр әлі есі.

Күн де бүгін қырсықты ма күйінген,  
Күле кіріп, құр шықты ма үйіңнен.  
Өтіріктің қабағы да жадырап,  
Бара жатты жаңа ғана түйілген.

Бола ма деп қалып еді бір сұмдық,  
Ұясына бара жатты күн сырғып,  
Балаңды да, қараңды да көре алмай  
Сүмірейіп қараңғыда тұр шындық [14, 349].

Сөйтіп ел үмітіне айналған шындықтың бар болмысынан айырылып, қараңғыда сүмірейіп тұрғанын көрсетумен ақын ол жөніндегі ұғымның ауысқанын ашады. Ел дәрменсіз. Олар шындық мынау еді деп айта алмайды. Көз алды бұлдырап, жырдың құлағанын көреген ақын да жүзін сыртқа салып үнсіз қалады. Жырдың құлауын көріп тұрып, Ардың өзі де көрмегенсіп қала береді. Туралықтың қолынан түк келмейді. Жаутаң-жаутаң қараған жақсылық та жәрдемге келе алмайды. Зұлымдық билік алып кетеді. («Дағдару»). «Кім аңсар?»

атты өлеңде ақын түнге тіл қатып: «Өттің бе, түн?» деп сұрақ қояды. Бірақ көз алдындағы өзгерісті көре тұрып қойған риторикалық сұрауға өзі жауап береді. Түн елді қамықтырып, қайғыртып, үркерді көктен тайдырып өтіпті. Аузы-басы кеберген ай да батып барады екен, әрінен айырылып, аспан да безере түскен, жанның бәрі ұйқыда, әннің бәрі шырқалған, енді таңнан күтетін нәрсе байқалмайды. Таң атуын аңсайтын ешкім жоқ сияқты.

Тағы да бір таң атырдым,  
Тағы да бір өттің, түн.  
Ұйқылы-оюу жатырмын,  
Ештемеге жоқ құлқым [14, 26],

деп қорытады ақын өлеңін.

Арқасын аяз қарып жүрген ақынның көретіні – күн сайын саязданып бара жатқан шалқар шындық. Кеудесінде күндіз бар кісіге ешкім қызықпайды. Оны өмір сыртқа теуіп жатыр. Сырты жытыраған, іші залым, алыс-беріске жүйрік адамдар алға шыққан, олардың қолында құлаш-құлаш тізім. Руға бөлініп болған. Кеудесінде күні бар адамның үнін өшірем десе, қойнына бір жылан салып жібереді. Автордың

Арқанды ара-тұра аяз қарып,  
Ағайын,  
азғанда да,  
жай азбадық.  
Көлің де,  
Көңілің де,  
тегі мүлде,  
Барады бірте-бірте саязданып, – [14, 28]

деп ашына суреттейтіні осы.

Сәкен өз көз алдында өтіп жатқан осы шындықты ауыр қабылдайды. Бүгінгінің бәрі жалған, өтірік айтпайтын жан қалмады, үлкенде ұят, кішіде ізет жоқ, баққаны бақ-дәреже, айтатыны өтірік, күйе жағып ақтың өңін өзгерте салу түк те емес деп шырқырайды. Ақын осыған дағдарып, не жазарын білмей қиналады.

Қарапайым басымды хан ұлына теңгерген,  
Тарылмай-ақ келіп ем, барымды азап, мен де елден.  
Үрейімді ұшыра,  
Үдей түсіп зар-мұңы,  
Көргенімнің барлығы серуен емес, сергелдең [14].

Бұлар кешегі бір дәуір алмасуы кезінде адам бойында орын алған мінез-құлықты ақынның тануы мен онымен күресін бейнелейді. Тәуелсіздік жолы – ұзақ және ауыр. Оның оңайлықпен қол жеткізбейтіні де сондықтан. Сол үлкен жолдың қалтарысты



кезендерінде бастан кешкен күйлерді күйіне суреттегенмен, ақын шын тәуелсіздіктің жақтаушысы. Ол келешекке үмітпен қарады. Төзімге, шыдамға жеңдіріп келе жатқаны елге белгілі.

Сәкен өлеңдерінде шынайы шындықты тұспалдап символика арқылы жеткізу, оқиғаның бәрін өзінің көз алдынан өткізіп, ашық айыптау, соларға қатысты өз сезімі мен ойын да нақты айту сияқты үлгілер бар. Мұның бәрі өмір құбылыстарының әр қырын түрліше тану мен қабылдаудың көріністерін айғақтайды.

Тәуелсіздіктің сәтсіз қадамына қиналып, көңіл күйін бөлген ақынның бірі – Есенбай Дүйсенбайұлы. Ол сырт елмен араласып кеткен, өзіндік тәртіп пен өзгелік мінездің айырмашылығы қалмай, ұлттық тәрбие, дәстүр аяқасты болғанын қинала қабылдады. Мысалы, ол «Ашық сабақ» өлеңінде:

Айдалаға ауа көшпей адасып,  
Жаһандану жолымен жүр жарасып,  
Ашық парно, ашық ойынханалар,  
Ашық қоғам, ашық есік – бәрі ашық.

Ойнайтындар ұлт намысы – отпенен,  
Бір сиыры бар қазақты тоқ деген.  
Ақты қара ету бүгін оп-оңай,  
Ақиқаттың тілін кесіп сотпенен.

Талайсың ба талма түсте бас салып,  
Қанайсың ба кедейлерді қасқа қып.  
Кедергі жоқ қашқанға да қуғанға,  
Жолдың бәрін ашып-ашып тастадық.

Ақшаға тән сатам десең, жол ашық.  
Наша шегіп жатам десең, жол ашық.  
Аңдып тұрып кеңсесінде, үйінде  
Азаматты атам десең, жол ашық.

Тексіз құлды төрем десең, жол ашық.  
Ұрлықпенен күн көрем десең, жол ашық.  
Итпен сүйек бөлем десең, жол ашық.  
Итаршы боп өлем десең, жол ашық.

Жалақорлық, парақорлық жайлаған,  
Қайран менің жібек жолым – бай далам.

Халықаралық келімсектер Отаны  
Қазақстан қан базардай қайнаған.

Жалмауыздар асап, күйсеп, жаласып,  
Жер мен елді жеп бітірді таласып.  
Шексіз байып, шетел асып кетерге  
Шекара ашық, кеден ашық – бәрі ашық.

Дінін сату, тілден безу – оған да  
Жол ашылды, шлагбаум жоқ алда.  
Есігіміз ашық келушілерге,  
Ашық сабақ жүріп жатыр қоғамда [15].

Ақын ойы түсінікті болу үшін және оның бейнелі тілін, образдарын таныту үшін өлеңді тұтас келтірдік. Оған түсінік берудің өзі де артық болар. Тәуелсіздіктің алғашқысы қиын кезінде ашып тастаған есігімізді әлі де жаба алмай жатқанымыз ғана көңіл күдігін сақтайды.

Ақын өзгерген, қайырымсыз заман бейнесін табиғаттың мезгіл суреттері арқылы тұспалдап жеткізеді («Тұман»). Күн шықпай, ай тұмай, жер бетінің көгі сорлап жатқаны, үш ай қыстың алты айға созылып, көктемнің алыстап кеткені, жер бетін басқан тұман – барлығы да «жұт жеті ағайынды» дегендей, ел басындағы ауырпалықты қоюлатып тұрғаны өлең мазмұнынан анық байқалады.

Тұман, тұман

Тұман билік құрады.

Сұр инесін сүйегіңе сұғады.

Қашан көрсең, қарт Алатау үстінде

Қап-қара аспан жылайды да тұрады [15].

«Экологиялық өлеңде» де Есенбай ауа тазармай, ел лас ауамен дем алатынын, құс біткен қанатымен тымау сеуіп жатқанын суреттейді. «Ауа таза болмайды адам пейілі тазармай» деп ой түйеді.

«Тәуелсіздік һәм тәуелсіздік туралы» өлеңінде Есенбай жаңа заманның адамдарын екіге бөледі. Бірі – биліктегілер, екіншісі – оларға тәуелді халық. «Ұлықтар ғана тәуелсіз» дейді ол. Олар – халықтан да, заңнан да, ар-ұяттан да тәуелсіз. Халық барлығына тәуелді. Жемқорлыққа, ұйымдасқан қылмысқа, парақорлыққа, жалақорлыққа, тағы да басқа қорлықтарға, мемлекеттік зорлықтарға тәуелдіміз. Прокурорға да, сотқа да тәуелдіміз. Бай-болысқа айналған қара қазақтарға да, қалалардағы орыс тілді шала қазақтарға да тәуелдіміз. Өз елімізде жүріп, өгейдің кейпін киіп келеміз, – дейді. Ащы шындықты ашына талдаған ақын сөзі – заман сырын, мінез-құлқын ашудағы өткір сөздердің бірі.

Осы бір күйзелісті күй Нұрлан Оразалин (ол туралы бөлек мақала жазылған) мен Нұрлан МәуKENOV жырларында да айқын байқалады. Әсіресе, Нұрлан МәуKENOV шығармаларында заман қайшылығы тереңрек қойылып, дағдарыс ақын психологиясын билеп алғаны анық көрінеді. Онда күйзелу, торығу сарыны басым. Өлім туралы ой көп айтылып кетіп еді. Ақыры ақынның нәзік сезім қылы үзіліп тыңды. Оның «Жоғалды жыл, жоғалды ай, жоғалды күн» (2004) атты жинағы түгелдей уақыттың белгілі мерзімі мен адам өмірін жалғастырып тұрған планета атауларының («Жыл», «Ай», «Күн») жоғалуы жолын суреттеуге арналды. Ол күн мен айдың, жыл мезгілдерінің қызметін бажайлай алмай қалды. Күннің бетін қара бұлт басуы – оның құдыретінің қашқаны, аспанның құлағаны, Айдан айбын қашқаны – аппақ көңілді ауыр мұңның басқаны деп түсінді. Күн мен айды, жылды ұрлап, өз көзінен таса етіп, жүзін жасырған Айды көңілі қалған бейнеде көреді. Айдың шалқайып туғаны да ол үшін жат. Ылғи да көзіне «Күнді жеген жемір Ай» түседі. Қаптап көшкен қара бұлт жұлдыздың бағын байлайды.

Жоғалды жыл,

Жоғалды ай,

Жоғалды күн.

Көз жұмарда басына соғар мұңым.

Қалықпандай қомданған қап-қара түн

Қалдырмастан түгімді тонар бүгін, – [16]

дейді.

Ол «Қоғам қотыр, сен де қотыр, мен қотыр», «Мен жалғызбын, ол жалғыз, сен де жалғыз», «Күн-күн сайын күманмен кетілемін», «Жапырағымнан жаз ұшты, көкірегімнен күн ұшты, бақыр басымнан бақ ұшты», «Тәнім тоңсын, кеудем суынсын, жүрегім соңғы рет қанмен жуынсын. Жаным жаурасын, өлім баурасын, тірі рухымды әзірейіл ауласын. Топырақ күтсін, демім бітсін, Тозақ тереңі басымды жұтсын», «Құрып бара жатырмын қурайдайын, Аласарып барамын бетегедей», «Қысқа өмірдің қамшыдай сабы қалды», – деп жүріп, өліммен бетпе-бет келгенін байқамай да қалған сияқты.

Бір бейнеттен бір бейнетім боп қалың,

Ажалымның алдына кеп тоқтадым.

Беу – дүние, байқамадың жоқ-барын,

Жылу бермей жымыңдайды оттарың.

Беу дүние, байтақ әлем, кезген күн.

Ғайып болып кетеріңді сезгенмін.

Аттанар шақ, қалай ғана тез келдің  
Жарық күнім, жарығыңа өзгердің, – [16]  
деуі де өлімнің тез келуін аңғартады.

Жанымды қояр жер таппай,  
Жеті түнде желден кетіп барамын.  
Жасымды құяр көл таппай,  
Жеті белден селдеп кетіп барамын.

Будақ-будақ бұлттай,  
Боз аспанда боздап кетіп барамын.  
Боздағымды ұмытпай,  
Баста мұңын қозғап кетіп барамын [16].  
Бұл – ақынның қоштасу сөзі.

Нұрлан – талантты ақын. Ол ақындықтың бағасын да жақсы білді, өз орнын да түсінді. Сөздері де жалынды, образдары да жаңа, ойы да шалқар. Оның өлең жайлы көзқарасы «Көңілде алаң басылса» деген жырында ашық суреттелген. Өлең атын Абай сөзінен ала отырып, ол көңілде алаң басылып, көк аспан шайдай ашылған кездегі ақын құдіретін өзгеше сезінеді.

Көңілде алаң басылса,  
Көк аспан шайдай ашылса,  
Жаһанға барын білдіріп,  
Күркіреп қойсаң Қасымша.  
Өлеңнің өрті сөнбесе,  
Еш өлшемге көнбесе,  
Құдіреті күшті қара өлең  
Қайыру бермей дендесе.  
Қатепті қара нар болсаң,  
Азабын тартып шығарға.  
Құдайым, өзің жар болсаң... [16].

Түн ұйқымнан тұрғызып,  
Тыныштығымды бүлгізіп,  
Толқын да толқын ойларды  
Төрт құбылама өргізіп.  
Кемеріме келгізіп,  
Кемді күнге желгізіп,  
Жалау беріп жайнатып,  
Кешу бермей өлгізіп.  
Айнала бере тірілтіп,  
Алыстан алыс жүгіртіп,

Шалғайға назар салдыртып,  
Жалғанға жолымды оздыртып,  
Жамалымды жақсы етіп,  
Жүрегімді тоздырып,  
Жүрген, өлең, сені қайтейін! [16].

деген жолдар Нұрлан ақындығының куәсі тәрізді. «Қорқыныштың көзі үлкен», «Күн мөрленер болған кез», «Қарны ашқан қара жер, қара бұлтты сауады», «Кеудесінде мұң сыздап», «Қызыл сирақ күнімнің белгісіндей», «Жұмбағы мол жүрекке тең басамын, жүгім ауып қалғанша күнім туып, Тулап жатқан теңізге көл қосамын», «Күрсінген көк тамшы үзеді», «Жыл құсындай жылап жүрмін мен енді, Күзгі желге күңіреніп жанымды», «Ойнар кезде көппін, ойлар кезде аз-бын» т.б. Нұрлан қолданған бейнелі тіркестер тапқырлығымен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. «Күн мөрленер кез» дегенді еске алыңызшы. Ілиястан кейін мұны ешкім қолданбаған. Ілиястың «Жыл мезгілдері» өлеңінде қысқы жүзін ашпайтын, бұлыңғыр күнді жазуы оқылмайтын «ауылнайдың мөріне» ұқсатқаны еске түседі. Нұрлан соны жаңартып, күннің бұлыңғырлануын уақыттың мөлшері ретінде пайдаланған.

Үлбірек жүрек ақынмын,  
Үрімдей гүлге жақынмын,  
Ақ шаңқан түсті әлемде  
Арман құшуға мақұлмын [17].

Өліп-өшіп өзім сүйген өмірдің  
Өзегінен өлең болып өрілдім [16].

Құсың қонар бағыңмын.  
Қонбайтындай не қылдым?  
Осы тұрған қалпымда  
Жоғың менен барыңмын [16].

Бұл жолдар – Нұрлан ақынның өмір сүйгіштігінің белгісі, оның сезімтал жүрегінің сыры. Ол өз бағасын өзі біледі. «Қыс әкелген қарыңмын, қыр мүлгірдей қалыңмын», – дейді. Қар болып халқына ақ ниеті мен молшылығын әкелсе, «қалыңмын» дегенінде қыста қалың жауған қардың жерге ылғал беретінін еске салады. Бәрі де ойланып, тауып айтылған бейнелі тіл айшықтарынан тұрады.

Өзім де өнер қуған өндірі едім  
Жалғанға жаным жайып желбіредім,  
Арманға қолым жайып мөлдіредім.

Өртімді енді немен сөндіремін?

Айтасың ба, пайғамбар, сен бір емін [16].

Бұл өлең аса сезімтал ақынның аңғал табиғатынан, жан тазалығынан хабар береді. Ұдайы қайғы оны тез жеп қойғандай. Ол дағдарып, пайғамбардан көмек сұрайды.

Ақын мұңы заман өзгерістерінен бастау алады. Оған Нұрлан бастан кешкен тұрмыс тауқыметтері қосылады. «Жүректен жерге от жағып, жұлындай түтіп шығардым», «Астана келдім қаңғырдым, Астында қалдым жаңбырдың. Өтінде қалдым ызғардың, Тезіне түстім тағдырдың», деген өлеңдер сондай жағдайларда жазылған. Оның есіне «Ат жалында кеткен арманы, от-жалында кеткен арманы, Ішінде кеткен құсасы» – ата-баба мұңы түседі. Осыдан барып, онда өмірде тілегі жеткен адам жоқ деген ой оянады. Сол ой қалындай-қалындай ақын көкейінен кетпес орын тебеді. Ол даланы сағынады, даланың қазағына шығар жол іздейді. «Тәңірі адастырған ашық күнде, қайдан тапсын даланың қазағы жол» деп торығады.

Ол елінің егемендік алғанын көрді. Бабалар ізін жуып кеткен уақыттың жаңарғанына қуанды.

Алты аяқты аласы әлі тірі екен.

Жеті аяқты жирені әлі пірі екен.

Қалғып кеткен қазақ қайта оянып,

Алматыда Абай болып тұр екен.

Енді бүгін егеменді ел екен,

Еңсе биік, етек-жеңі кең екен.

Кендігіңді кемдік көрген өзгемен

Қайтсем сенің терезенді тең етем? – [16]

деп толғанады. Сөйтіп ол Алматыдағы Абай ескерткішін егемен ел бейнесінде таниды. Елінің басқамен терезесі тең болуын тілейді. Бірақ жылан жылғы жұт, жоқшылық оның тілін байлай береді. «Егеменді ел болса да, әттең-ай, Егесінен есіктегі ұрттылау» деп ел иесінен гөрі келім- кетімсектердің тоқтығына күйінеді.

Мұң билеген адамның ойшыл болатыны белгілі. Нұрлан өмірдің өткінші екенін айтатын ата-баба сөздеріне, тақпақтап, нақылдап айтылатын өмір сабақтары туралы жырлармен әуестенеді.

Өліара түссе, мұң туар,

Өліп те қалар күн туар.

Өзегімді алған өртімді

Өзімнен басқа кім қуар? [16]

Тірінің қамын тірі жер.

Тірілер бірін бірі жер.

Тірілікте қашқан қадырың  
Өлгенде ғана білінер.

Өлінің қамын тірі жер.  
Жоқтауын салып жүгінер.  
Жоғалтып алған асылы  
Айырылғанда білінер [16].

Бұлар торыққан, өлімге бас иген жанның соңғы өткір сезімін бейнелейді. Мұның бәрі ақын өлімін тездеткен дерт. Ол сонымен бірге қазақтың тіріде бірін-бірі қадірлей білмейтін, өлген соң жылайтын, жоқтайтын мінезін оның игі істеріне қарсы қояды. Өзі де сонымен жұбанады, елді жұбатады.

Нұрлан Мәуекенов жырлары екі қоғамның алмасуы тұсында қазақ халқы бастан кешкен заман қасіретін өткір бейнелеген ақын сыры деуге лайық.

Сыншылдық, әрине, елін сүймегендіктен немесе ел тәуелсіздігін қолдамағандықтан емес, ақын бастан кешкен өмірдің аянышты суреттері туғызған алғашқы сезімнің көріністері екені даусыз. Ақын – сезімнің адамы. Ол өмір философиясының мазмұнын, болған істің басы мен аяғын, нәтижесін ойлап тұра алмайды. Сезімге алданады. Қиянатқа күйінеді, көргенін көз алдына жайып салады. Қадыр Мырза-Әлінің «Қайсы бірін айтайын» деген толғауы мен Тұманбай Молдағалиевтің «Қайыр сұрап тұрған адамы» да заманның қатыгез шындығына күйінуден туған еді. Өтпелі дәуір ауыртпашылықтары артта қалып, еліміздің тіршілігі оңала бастаған тұста олар да тәуелсіздіктің жарығын жаңа көргендей әсерге бөленді.

Ертеңгі күнге ерттім бе шуақ,  
Қиындықтардан өттім бе шыдап.  
Атым жығылмай, дауылға ұрынбай,  
Осынау күнге жеттім бе шын-ақ, [17]

деп жазды Тұманбай. Ол өлеңін де, топтама өлеңдерін де «Тоқтаған да кезім бар атым арып» деп атады.

Тәуелсіздікті тез-ақ танып өлең жазып құттықтаған Н. Ораз оған жету жолындағы қиыншылықтарды басынан өткере келе шын азаттықты енді сезінгенін мойындайды. Ол кешегі желтоқсан көтерілісін еске алып,

Бүгінгі Егемендік – сол бостандық,  
Жазамын мерекемді мол дастан қып.  
Аязды қыстан кейін келген көктем  
Ел болып, бауырласып, қолдасқандық, – [18]

деп жазды.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңі мен қиыншылықтарын көрген ақын Жарасқан Әбдіраш «Тәуелсіздікті қазақтың мәңгі-бақи азат күні» деп атаған екен. Оның кейін жарияланған өлеңдерінде ұлттық парыз бен азаматтық мұрат жайлы сөз қозғалыпты. Ол бұл күнді аңсап өткен бабаларды еске алып, оны бүгінгі шындықпен жалғастырған.

Кім едік?

Кім болдық біз?

Халық таныр

Әйтеуір, ұмтылғанбыз жарыққа бір.

Марқұмбыз – бәріміз де болашаққа

Жер деген адамзатқа алып қабір [19].

Мұны жазғанда ол тәуелсіздік жолында жанын қиған Алаш қайраткерлерін есіне алады. Бәрі де арманына жете алмай кеткен. Солардың тағдыры азаттық үшін тартыстың, күрестің тарихымен тікелей байланыстырылады. Олар бүгін жоқ, біз де кетеміз дейді ақын.

Күләш Ахметова қазақтың тәуелсіздік алуын халықтың бойындағы рухтың жаңаруы, қайта оралуы деп біледі.

Қақ жарып өтіп заманды, қақ жарып өтіп қоғамды,

Толғағы жеткен мезгілде, тозаң ғып бұзып тоғанды.

Толағай желге ілесіп, толайым жылдар түбінен

Аспаннан келген медеттей, асқақ рухым оралды [20],

деп қуана жазды ол. Ақын ендігі жерде тәуелсіздікті баянды ету үшін елдің бірлігі керектігіне назар аударды. «Құлдыққа көнбейтұғын ер қазақты» таныту, қазақтың бай тілінде шырынын тамызып сөйлесу сияқты проблемаларды қозғайды.

Қазақтың ерлік рухының қайта оралуы мен жаңа Қазақстанның бүгінгі өміріне кірген өзгерістер Рафаэль Ниязбековтің тәуелсіздік жырларының негізгі мазмұнын құрайды. Ақынның «Нұр-аға», «Азаттықтың ақ самалы», «Тәуелсіз ел болғалы», «Болашаққа үнілем» т.б. өлеңдері Елбасына арналған алғашқы жырдың негізгі ойларын тарата, жеткізе айтуға құрылған. Мұндағы құты қашқан қазақтың қайтқан бағының қайта оралуы, көкіректе күй ойнап, аспандағы аққуға үн қосқан халықтың көңіл күйі, қазақ хандығының алтын тағы киесін қайтарғаны, Ақордадан есетін көктем лебі мен туған елдің көзінде күн күлуі сияқты бейнелік тіркестер қазіргі қазақ елінің рухына ие болып, билікті Елбасына сеніп тапсырған елдің болашаққа ұмтылысын айғақтайды. «Алтын арай ішінде гүл ырғалып, Дүр дүние барады сұлуланып, Тәуелсіз ел болғалы қорқыныштан көрген емес жапырақ діріл қағып» [21, 6] деген танымда да ақынның көңіл күйінің әсері жатқаны даусыз.



Қазақтың өткен өміріне көз салып, оның батырлық дәстүрін, рухының биіктігін еске алу, бүгінгі қолжеткен тәуелсіздігімізге сол бір халықтық күрестер мен арман-тілектің жалғасы есебінде қарау көп өлеңдердің мазмұнын құрады. Кәкімбек Салықов «Күзгі сарын» (2005) кітабында тәуелсіздік жолындағы күреске қатысқан тарихи қайраткерлердің тағдырын сөз ете отырып, өз ғасырын жасаған Абылай тілегінің жаңа дәуірдегі Елбасының қызметіне ұласқанын жырлады. «Түркістанға тағзым» атты басқа кітабында ақын Ясауи, Арыстан-баб сияқты аруақтар туралы аңыздарды тірілтіп, олардың бүгінгі өмірмен байланысын жазады. Әл-Фараби аты тірілгеніне ма-саттанады.

Қорғанбек Аманжол «Желтоқсаным» өлеңінде желтоқсан көтерілісін тәуелсіздік үшін күрестің алғышарты деп түсінетінін айтады. Желтоқсанда жүректе қалған мұз бен қар, жібімеген ызғар сол ерімеген қалпында тәуелсіздік күніне жетіп, жеңіп шығады.

Желтоқсаным!

Қарасуық соғып тұр,

Қара жаңбыр жауып тұр.

Қарындастың көзінен

Қанды жасы тамып тұр.

Желтоқсаным!

Әзірейіл келіп тұр,

Темір тажал төніп тұр.

Қарындасты қорғамай,

Қалың жігіт неғып тұр? [22, 26], –

деген жолдар сол күнгі айқастың суық суретін бере отырып, бетпе-бет келген екі күштің арпалысын бейнелейді.

Отанның еркіндігін сезінген ақынның көңілі «Отан туралы ой», «Отаным – еркіндігім» өлеңдерінде жаңаша таныммен суреттелген. Ол отанның тәуелсіз ел болған жаңа бейнесін танып, оған деген ыстық, балалық сезімін жырға қосады.

Тәуелсіздікті жырлау деген оны жалпылай мадақтай беру емес. Бұл тақырыптағы өлеңдерде сонымен бірге тәуелсіздікті баянды ету жолындағы күрестің проблемалары да көп қозғалады. Мұхтар Шаханов өз кітаптарында осы мәселелерге көбірек көңіл аударған. Ақын тәуелсіздік жолындағы күрестің тұтас тұлғаны, принципті, ұлтжанды батырларын іздейді. Ана тілінде сөйлемейтін, Отан, ел мұраты дегенді түсінбейтін, отаршылдық кезінде туып тәрбие алған «Жарты адамдарға» қарсы күрес ашады. Олардың кейін батыс елдеріне кетіп білім алып, ұлттық қасиеттерін жоғалтып қайтқанына қынжылады.

Иә, бізді қайда апармақ мына заман ықпалы?  
Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады.  
Қайда барсаң, көз алдында өнеге боп жарқылдар  
Жарты ұстаздар,  
Жарты бастық,  
Жарты қыздар,  
Жарты ұлдар.

Біз қанша мың өскінді аттандырдық шет елге;  
Білім алып келсін дедік,  
Жер, ел танып көрсін дедік.  
Бірақ осы ізгі үмітті жалаң білім өтер ме?  
Зұлымдық та білім – қызға ғашық болып сүйісті  
Кім тежемек, кім қайырмақ бұл пенделік күйісті,  
Жалғыз жол бар:  
Білім әр кез рухани байлыққа  
Терең тамыр жіберуге тиісті.  
Қайтсек екен, монитор көз, компьютер бас, жас талап.  
Білім рух болуы үшін ажырамас қос қанат, – [23, 76]

дейді ақын. Заманның осындай қиындықтарымен күресу, тәуелсіз азаматтың өз отанының болашағы үшін қажырлы еңбек етуі, ақын ұғымында, ұлттық мемлекеттің негізгі міндеттерінің қатарына кіреді.

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арнап 2011 жылы Астана қаласы әкімдігі мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана бөлімшесі арнайы жыр мүшәйрасын өткізді. Соған қатысқан ақындардың көбі тәуелсіздікпен байланысты қазіргі қазақ қоғамында туған проблемаларды жасырмай айтты. Бас бәйге алған Оңайгүл Тұржан:

Жендік! Бірақ секілденіп тұр өгей,  
Шаттық бізге келе қалмай телегей,  
Қара жерім жансауғалап баратты,  
Елім жатты төңкерілген кемедей [24]

деді. Тәуелсіздік баянды болғанға дейінгі ел басына түскен ауыртпашылықтың суреттері ақын ренішінің халықтың қайғысымен жалғасқанын көрсетеді. Сонымен бірге ол сол бір күндері ел басына төнген заман проблемаларының біразын қозғады. Олар «Шындық жатты бұғып көңіл – түрмеде», «өзге тілге өріс болып кетті олар, қазағына қазақ жетпей жатқанда», «тоз-тоз болған көйлегімнің ішінде Азаттығым келе жатты алаулап» деген өлең тармақтарында бейнеленген. Осы қиындықтардың бәрінен аман өтіп, тәуелсіздіктің баянды болғанын Оңайгүл: «Астананы Бәйтерекпен бойлатып, Сарыарқаның хан көтердік даласын» деп түйіндейді.

Сол мүшәйрада екінші бәйге алған Биғайша Медеуова тәуелсіздікті тірі бейнеге айналдырып, іс-әрекет үстінде, ұлы тұлға деп танып суреттейді. Ел тәуелсіздігін өз қарабасының тәуелсіздігі, азаматтығы деп ұғады.

Жерлеп мәңгі көріне  
Қоғамдардың құлдығын.  
Туырлықты төріме

Шықтың тәуелсіздігім [25],

деген жолдарда тәуелсіздіктің қоғамдардың құлдығын жерлеп, туырлықты шаңырақтың төріне еркін аттап кірген батыр тұлғасы елестейді. Ол даланы дүбірлетіп, Тұранды оятады, алтын киім киініп, ер түрік болып оралады.

Гүлнар Салықбаева халықтың азат күнін мадақтайды.

Алтын күннің шуағы сен – Азаттық.

Өр рухымның қыраны сен – Азаттық.

Алашымның ұраны сен – Азаттық,

Қиялымның пырағы сен – Азаттық [26], –

дейді ол да.

Соңғы жылдардағы қазақ поэзиясында тәуелсіздікті жырлау мәселесіне жаңа таным кіргендей сезіледі. Тақырыпты ұранға айналдырмай, ақындардың көбінде, әсіресе жас таланттар бойында, елді, жерді, отанын, қазақтың даласы мен табиғатын сүю, суреттеу арқылы тәуелсіздік рухын танытуға ұмтылыс басым. Еркін, ойындағысын ашып айту, отанға деген патриоттық сезім шыншылдығы, ойлылық дербестіктің куәсіндей көрінеді. Елі мен жерінің ақын жанына жақындығын, рухтың биіктігін, халықтың дарқандығы мен асыл қасиеттерін, елдік дербестікті танытар жаңа теңеулер қолданады.

Сүйсе, сүйсін сүйікті күн,  
Сенсіз бақыт жиыпты кім?  
Әлемге әйгі даңқынды айтып,  
Жүрсем шаттық үйіп бүгін.  
Туған елім, туған жерім,  
Ол – өзіңнің биіктігің, –

депті ақын Кәкімбек Салықов «Туған елім – туған жерім» өлеңінде [26]. Өлеңнің рухы тәуелсіз елде туған жыр екенін, ақын сезімі жаңа жағдайда жазылғанын байқатады.

Бурабай табиғатының сұлулығын жырлаған Жарасбай Нұрқан оның салтанатын елінің азат күйімен байланыстыра қарайды. Кең даланың бір пұшпағын байтақ қазақ жерінің тұтастығы арқылы бейнелейді.

Менің өлкем – Қазақстан ұлы анам.  
Осы өлкенің ұлымын деп қуанам.  
Біздің елді білгің келсе, маған ер,  
Тауларымның төбесіне шығарам.

Кең ғой, ойхой, біздің қазақ даласы.  
Алтай, Каспий, қыр мен Сырдың арасы.  
Мен жырымнан заңғар тұғыр соғайын –  
Соған шығып жоғарыдан қарашы, –

дейтін жолдарда шалқыған ақынның көңіл күйі де тәуелсіз елге деген махаббатынан туады [26].

Амантәуке Қалетаев та «Шұғылалы Шығысым» өлеңінде Шығыс Қазақстан табиғатын суреттеу арқылы тәуелсіздігін жырға қосады. Елін еркін өсіп келе жатқан, келешегі жарқын бала батырға теңейді [26].

Жәркен Бөдешұлы тәуелсіздікті бүгінгі халықтың көңіл күйінен, шаттығынан, ақынның сөзі мен күйінің домбырадағы үнінен таниды. «Дөңгелен, дүние, дөңгелен» өлеңінде ол ақын мен күйшінің көңіл күйін түсіну үшін диалогты пайдаланады. Олар желтоқсанның қайсар ұлы мен қызын жырға қосады. Адамның жан дүниесін айнаға балап, сол айнадан ұят пен бақ, дәулет, адамшылықты көреді. «Айнасы жоқ адамның бақ қонбайды басына». Патша да, ханым да сол айнаға қарайды. Айна – өмір, сол айнаның бетінде өмір толқып тұрады, күніренген күй туады».

Ақын тәуелсіздікті тірі бейнеде – оралман қазақтың бейнесінде көреді.

Қыран биік ұшады қос қанаты теңессе,  
Жусан исі аңқиды Сарыарқадан жел ессе.  
Құдайдан алған бір сұрап,  
Адамнан алған бір сұрап,  
Көш бастаған азамат – тәуелсіздік емес пе?

дейді ол.

Оралманның артынан Астананы бетке алып, алыс Монғолия жерінен қалың көш келеді. Ол көштен ақын Көк түрікті, Құлтегінді, солар арқылы текті рухты, еңіреген ерлікті, елдікті, түбі бір түріктің жазуын, алты қырлы алмастай азуын, жеті қат жерге қағылған қазығын таниды.

Нұртас Исабаев «Азаттық» өлеңінде тәуелсіздікті «Өше жаздап, қайта жанған тілім» деп ұғады. Бодандықтан босанып, бостандықтың күлімдеп атқан таңына теңейді. Осылар арқылы еліне деген ынтық сезімін ашады [26].

Әрине, бұл тақырыпқа жазылған жырлар көп. Ол тәуелсіздіктің өткен 20 жылы бойына үздіксіз жарияланып келеді. Оның бәрін жинап бастыру, зерттеу – болашақтың ісі. Біз бүгін осы тақырыпты жырлаудағы поэзиялық негізгі бағыты мен ізденістерін сөз етіп отырмыз. Ұлттық өлеңнің даму тенденциясы тәуелсіздіктен рухтанатыны – заман шындығы.

## 2. Бүгінгі өлең

Заман өзгерді. Заманға лайық, соның ой-пікірінен, көзқарасынан тұратын жаңа сөз іздеу қажеттігі күн тәртібінде тұр. Бұрынғы ақындық жаңаруға тиісті. Әр жерде «неге жаңа сөз жоқ, бәрі де ескіше айтылып жатыр» деген дауыстар да шығып қалады. Өмір бар жерде, поэзия болатынын ескерсек, поэзияның өлмейтініне, жаңа заманға қызмет істейтініне сенесің. Мәселе сол, жаңа үнге құлақ тосып, оның жаңалығын түсіне білуде.

Байқап қарасақ, қазіргі өлеңде елдік, Отан, патриотизм деген ұран сөздер аз кездеседі. Оның есесіне ақындар күнде көріп көзіміз үйренген қарапайым шындықты бейнелеп, содан сурет салып, сол арқылы өмір сырын терең танырлық оймен көмкеруді әдетке айналдыра бастағандай. Осы суреттер арқылы ол айғайламай-ақ өзінің Отаншылдығын, елін, жерін сүйетін ұлы жүрегін ашып көрсете алады. Ең бастысы – қазіргі қазақ қоғамында ұлттық рухтың, намыстың оянуы, біздің қазақтығымыз, ұлттық тарихымыздың барлығы деректі шындыққа сүйеніп айтыла бастады. Бір кезде ұранды өлеңге, айғайға үйреніп қалған көзге бұл жаңалық бірден шалынары даусыз. Ғалым Жайлыбайдың «Тобылғыжарған» кітабын оқу үстінде мен де осыған анық көз жеткізгендеймін.

Ғалым шығармалары қазіргі оқырман ықыласына бөленген кітаптардың қатарынан орын алды. Ол туралы Фариза Оңғарсынова, Темірхан Медетбек, Аманкелді Кеңшілік, Қуанышбай Құрманғали тәрізді белгілі әдебиетшілер пікірі жарық көрді. Бәрі де Ғалымның ақындық жолы сәтті басталғанын айтып, қуанды. Әсіресе, «Тобылғыжарған» атты (2011) соңғы кітабы жұрт назарына ерекше ілікті.

Ақынның бүгінгі қазақ даласының проблемаларын қозғай отырып, дала табиғаты мен ел-жұрт тіршілігіндегі өзгерісті қадамдарды, соған қоса өзгеріп жатқан адам психологиясын кеңінен толғауы бәрімізді де қуантады. Ең алдымен байқалатыны – ақынның заман сырын, өзгерістің беталысын өткір сезінетіні. Ақындық талантты

жетілдіруде қоғам сабағы мен тәрбиесінің үлкен орны бар екендігі Ғалымның осы жолдағы ізденістерінен танылады.

В. Белинскийдің А.С. Пушкин туралы мақалаларында «Ақынның тағдырын тек талант қана шешеді деп ойлау – үлкен қателік. Әрине, адамды ақын ететін, алдымен, талант екені рас, бірақ оған қосымша мінез, білім және ұстанған бағытың болуы керек. Соңғылары ол өмір сүрген қоғамға тәуелді. Шындықты ақындықпен бейнелеу табиғи талантқа аздық етеді, ол үшін ақынның өзінің ақындық шындығы болуы керек» деген сөзі бар [27]. Бұл – ұлы сыншының «ақын өз заманының перзенті» деген пікірімен үндеседі. Сонымен бірге заман өзгерісі ақын талантын ұштай түсетінін, бұрынғы көзқарас пен ойды жаңарта нақтылайтынын атап айтады. Пушкиннің талантын ашқан 1812 жылғы Ұлы Отан соғысы болғандығын, дәл осы соғыс қана орыс қоғамында ұлттық намыс пен бұрын қалғып-мүлгіп келген рухани күшті оятқанын тілге тиек етеді. Пушкин осы заманның рухын түсінді, соны жырлап өсті дейді.

Қазақ қоғамындағы ұлттық рух пен намыстың оянуы біздің тәуелсіздігімізбен байланысты екені енді анық мойындала бастады. Қазақ екенімізді, ұлттық тарихы бар, рухы берік халық болғанымызды бұрын аракідік айтып қалғанымызбен, ондай пікір біз өмір сүрген заманның рухына сай емес еді, сондықтан ондай сөз көп елене бермеді, кейде тіпті сынға ұшырап жатты. Ал, бүгінгі қазақ өлеңі түгелдей ұлттық идеямен рухтана бастады десек, артық айтқандық емес.

Ғалым өлеңдерінің лирикалық қаһарманы – дала перзенті, тайға мініп жылқы баққан малшының баласы. Оның жастығы көшпелі ауылда, далада, мал ішінде өткен. Мал болғанда – жылқы. Жылқы бағу ол кезде кез келген малшының еншісіне бұйырмаған. Атқа міну, ат үстінде еңбек ету жаяу немесе өгіз мінген малшыға қарағанда, құрметті жұмыс саналған. «Ат үстінде ұмыттым кедейлікті, Ат үстінде өлсем мен шатпын дедім» [28, 8] деп Жұбан ақын айтқандай, атты қазақ қиялға, романтикалық көңіл күйге бір табан жақын болған. Ғалым қаһарманы да «тай мініп, жеткізбейтін сағымды қуып» ғұмыр кешеді, қолына тобылғы сапты қамшы ұстап «түн түндігін қамшысымен тілгілеп» өседі, «жылқы мінезді жылқышының баласы тұнықтың тұнығын іздейді», «зулаған күннің белестері оның ойын ұштайды». Осы бір бейнелі танымдар «байтал-бұлттың құлын-қыр төсін еміп», «Бесіктен белі шықпай бәйге көрген, Жыр жазбауға қақы жоқ сол баланың» деген тармақтардың жалғасы. Бұлар – өлең негізіне ақынның өмірбаяндық деректерді пайдаланғанының куәсі. Ол елінен, ата кәсібінен еш уақыт қол үзбегенін, сол даланың перзенті

боп қалғанын басқа өлеңдерінде де анық байқатады. Ақпанның ақ боранында («аш бөрілердей ақ боран ұлып жатқанда») қарына құрық іліп, ел аралайды, «Әппақ әлемде емделіп» («тап болсам, шіркін қазыналарға») қайтам деп барып, басқаша көріністерге тап болады. Ол «Қасқыр ішікті, түлкі тымақты» қарттардың сиреп қалғанын көреді. «Түнде айға қарап ұзақ ұлыған көкбөрілердің бөлтіріктерінен» тағдыр мойынға ілген ауыртпашылықты таниды. «Қара шанақтың зарын құстырып, өз қобызын өзі тыңдайды».

Жолға шығайын,

Қарасын бәрі,

Көгереміз бе көнені күз деп?

Ақ түнектердің арасындағы

Адасып қалған

өлеңімді іздеп [29, 21].

Қоғам, уақыт сыры мен қызметі жайлы ойлы, кейде сыншылдық көзбен қарап қалам тербегенде Ғалымның оған қатты кінә артпай, ашық айыптамай, тіпті кейде оның қайшылықты көріністеріне ызаланып кектенбей жазатынына таң қаласың. Бірақ ол енжар емес. Кітаптан іздемей, өмірдің өзінен алған деректі шындықтың өзін ақын өлең жолдарына түсіру арқылы оқырманына ой салуы оған жұрт назарын аударуды көздейді. Бұл – өлеңді саясаттандырмаудың жолы. Қызылағаштағы су тасқыны, Жаңарқа, Қарқаралы жеріне протон құлап, табиғаттың улануы, дағдарыс, т.б. тақырыптарды жырлауда да ол осы принципіне берік. Мұндай өлеңдер идеясы ақынның көңіл күйіне әсер етері даусыз. Сондықтан ол аруақты күштерді «тірілтеді», солардың үніне өз үнін қосады. Қызылағаштағы апатты Лияс ақын жырлаған Мольқбай шал қобызының үнімен естіртеді, Лиястың ағынды Ақсуында құстай ұшып Құлагер-жыр құлайды, қайғыға Жетісудың жеті өзені жылап үн қосады. Өлең түйінін ақын Мольқбаймен тілдесумен аяқтайды.

Ақынмын,

елімнен жоқ қиыр күнім,

Мольқбай, сен де менің күйімді ұғын.

Қара шал немересін таяғымен

Іздеп жүр арасынан үйіндінің [29, 23].

Қазақ жеріне ғылыми-техникалық прогресс әкелуге, космосты игеруге қызмет етеді деген протон құлап, кең даланы уға толтырса, соның кесірінен енесі өліп жетім қалған құлын мен «өзіне өзі қол жұмсап күйеуі өлген» әйел де жесір қалса, өзен-сулардан даланың аң-құстары ауса, малшылар сойған етін өткізе алмай, күнкөрісі ауырласа, соны көрген ақын ел-жұртының көңіл күйіне ортақтасса, оның несі

айып? Осының бәрін ақын баяндау жолымен емес, бейнелі көркем суретке айналдырып, санаға әсер етеді. Жетім құлын мен жесір әйелдің көз жасы ақындық параллель арқылы ортақ суреттен танылады. «Жетім құлын қаңғитын әр аулада, жесір әйел жылайды түніменен», «Жесір әйел сипаса маңдайынан, жетім құлын көзінен жас ағады» деген өлең тармақтары бұған дәлел. Бұл екеуінің қайғысын түсінбей, «Құлыныңды қаңғыртпай қамасаңшы» деп жетімдерді кінәлауға дайын тұратын қазақтың кінәмшіл мінезін де ақын іле кетеді. Гептилді залалсыз деп шешім шығарған өкімет өкілдері өлеңде суреттелген оқиғаларды бекітіп тұр. Мұның бәрі ел басына түскен жоқшылық пен жетімсіздікті ұлғайтып, ұлт қайғысын көбейткенін түсінесің. Іштей қиналғанмен, ақын мінезі сабырлы, өлеңін жұпыны ғана, тілекпен аяқтайды.

Қайтейін, асығыс бәрі  
Жөн еді қашық ұшқаны.  
Ресейдің құламаса екен  
Зымыран тасығыштары.

Арқам-ай,  
арқаға батты,  
Ауыл түр шайқала...  
жүдеп.

Құрдасым тартады арақты  
– Уды қайтарады, – деп [29, 99].

Бір қайғыға екінші қайғы қосылып қалыңдап жатқанының суреті.

Т. Медетбектің Ғалым жырларын көкіректе қордаланып қалған шер мен шеменді қопарып тастайтын адуын күшке емес, сол шер мен шеменді сипалап отырып сылып алатын сиқырлы күшке ие шертпе күйге теңеуінің сыры да осында болар [30].

Ақын мұнымен шектеліп қалмайды, кейде қайғыны ауырлататын суреттерге де барып, сұмдықтың бет-пердесін жұла сөйлейді. «Сұр қаланың сұрқай өңі қажытты, сұры қандай сұрапыл», «торыққан да, тозған бәрі, тоналған, тас көшеде тас адамдар қаптаған», «Қараулықтың қарау оғы қарауылдан тосқан заман», «Ақ сәулесі түнге алмасқан, Ақ-қарасы күнде алмасқан» дегенде де ақынның ойтанымы мен сезіміне жат дүниелер тізбеленіп кетеді.

Қазақ жеріне соңғы жылдары көбірек келген осы тәрізді экологиялық апаттар, бүгінгі даланың жүдеп-жадап кеткені – Ғалымның көп өлеңдерінде көрінетін шындық. Әсем дүние бұзылды. «Ақ бұлттарға қанатын малып алып әлемді жарқырата ұшқан аппақ құстар, көздері жарқыраған бұлақтар, аптығып арқыраған



өзендер бүгін жоқ. Су тартылып, немесе мұнай басып аққулар кетті. Мұны ақын «өзегімнен өрт шықты мен түскелі, соры қалың соқпақтың сорабына» деген жолдармен білдіреді. Күзеудегі қараша үй қалтырап тұр. Жер-көкті қоңыр күй кернеді. «Қаздардың қанатындағы» жаз өтті. Осы бір өмір сәтін ақын:

Жанымның отын жандырдың  
Жолаққа орап ымыртты ақ.  
Шық шайған шашын шалғынның

Балқаймақ күнді түн ұрттап [31, 27], –

деп суреттейді. Әр сәттің өз заңдылығы бар. Ымыртты ақ жолаққа ораған, балқаймақ күнді түн ұрлаған қай жақсылықтың белгісі дерсіз. Ақын жанының отын үрлейтіндер – осы көріністер.

Ғалымның «Алғадағы аққулар» өлеңі – қазақтың өзен-көлдерін мекеңдеген текті құстың кейінгі тағдырына арналған жоқтау. Ол:

Асылдарым бар еді,  
Жасылдарым бар еді,  
Жарық күнде жыртылды.  
Аққу құсы Ары еді  
Аққу текті жұртымның.

Талып таңғы тасқында,  
Шырқыраған шырайлым.  
Қалдығының астында  
Қалғаның ба мұнайдың?  
Құдыреті-ай Құдайдың.

Аққулар-ай

Ардам-ай!

Шер күйім боп шертілген.

Жалғаны көп жалған-ай,

Өлмесімді өлтірген [31, 126-127].

Өлеңнің стилі, жоқтаулық үлгісі мазмұнына жарасып тұр. Оның «Аққуы жоқ көл деген, Ақыны жоқ елмен тең» деген соңғы түйіні – ел тіршілігінен орын алған үлкен апатқа айып артудың белгісі. Өмір сәні – Аққу, сол өмірдің жыршысы – Ақын, бірінсіз бірінің күні жоқ, бұлардан айрылу – бүкіл халыққа қайғы. Осыны түсіну керек-ақ!

Табиғаттың өзгеруін Ғалым қоғам дамуының үрдісімен түсіндіреді. «Таңғы нұрдың сәулесі шайқалып», «көшкен елдің көнерген жұртындай елегізген», «Қаңғып ұшқан қаңбақтай бағдары жоқ керуенге» ілескен, «жетегі сынып, арбасы ұшқан», «маңайы қарға-құзғын,

тойған құмайға» толы дағдарыс жыры біздің көз алдымызға басқаша сурет әкеледі. «Күндер қашып барады, күндер қашып, қысырақтың күздегі үйіріндей», «Күресінде күлге аунап жатыр, эне, қараша үйге құт болған қара саба» – деп түйеді ол өлеңінің соңын. Көктемнің («Осы көктем») жарқын суреттерінің өзі өткен-кеткенді есіңе түсіреді.

Ақын «Жылғаларда жылап ағып бара жатқан» жылдарын сағынады.

Фәни-көктем жылғаға жылжығалы,

Түн жылады,

жанарым тұнжырады.

Сұрғылт әні тірліктің сарнағанда,

Шыңғыртады уақыттың қыл бұрауы [31, 50].

Өткен өмірді ойға алғанда, ақын өткінші дүниенің сырларын шолады. Елге барып, ескі қорымның ұлғайып жатқанын, аға ұрпақ («Әкем көшкен, артынан ағам көшкен», «Көз алдымда көлбеген көштің легі», «үркердей боп қалыпты үлкендерім, Ескі қорым үлкейіп көз алдымда») көшкеніне алаңдайды.

«Ескі жұрт» – кейінгі ұрпаққа ел, жер туралы ұлағат сөз. Ол сол жұртта өсіп өнген ұрпақ, іске асқан үлкен армандарды еске алады. «Ескі жұртты ескі үйдің орны деме, махаббат пен бірліктің бесігі де» дейді ақын.

Өткен күннің айналды бәрі аңызға,

Туған ауыл,

ескі жұрт санамызда.

Айдын көлін аңсаған Аққулардай

Келіп кетіп жатамыз Анамызға.

Сырды ұғындар мендегі

мұнды ұғындар.

Бірлігім бар болғанда,

тірлігім бар.

Ескі жұртқа жайылған тамырым бар,

Туған жерге байланған кіндігім бар [31, 175].

Өткенді еске алғанда, ақынның «Сынық арба» өлеңін аттап өту қиын. Бұл – өткен заманның, кеше ақынның өзінің балалығы қалған өмірдің суреті, бейнесі. Соны еске түсіріп, Ғалым «Шалғайдағы шалғымен шалғын орған» қара шалға, олардың төзімді мінез-құлқына сүйінішін білдіреді. «Желді күні жар басына үй тігіп», «тіршіліктің арнасында толқынмен араласып» өскен әкелердің ақ таңмен сынық арбаны атқа жегіп шығатыны, соларды жұмыс басына таситын сынық арбаның «майланбаған, шиқылдақ дөңгелегінен

тіршіліктің «әні» естіліп тұратыны, «сынық арба қасындағы сынық көңілді» сынық айдың жүзіндегі сызбен салыстыру сияқты» детальдар мен бейнелі тіркестер өлеңнің көркемдік, суреткерлік бағасын көтеріп тұр. «Шаңырақтың көтереді уығы», «Қап арқалап бара жатыр қыз бала», «Бәрі ағады», «Ей, енесі өлген құлын күн», «Ай көрдім» сияқты өлеңдерде де қазақ басына түскен заман ауыртпашылығының суреттері мол. Ол қазағымен тікелей сөзге келіп, «Күреңітті күздің қара суығы, халің қалай, әй қазақ!» деп сұрайды. Оған айтылар жауап жоқ. Сондықтан ақын өзі үн қосады. «Базар барып бақ сынайтын күн бе еді, Басындағы мына күн?» «Қара базар қарайтады көңілді, Арақ ішіп жүр, қарағым!» дейді. Шарасыздықтан туған ақыл.

Қап арқалап бара жатқан қыз баланың бейнесі – тұтас бір қайыршылықтың суреті.

Көшесі бұл қайыршының,  
мастың да,  
Нөпір адам...  
ұқсайды екен тасқынға.  
Қайысады, майысады нәзіктік  
Ала тайдай ала қаптың астында.

Көңілдерге көктем сыйлар күй керек,  
Кімге айтарсың  
көріктіге тиме деп.  
Көк базарға бара жатыр көркем қыз  
Көне күрте,  
ескі етігін сүйрелеп.

Қалтырап гүл...  
Қалады ма қырмызы,  
Жарқырап бір жанады ма жұлдызы?  
Қап арқалап бара жатыр көшеде  
Арыс туар Алашымның бір қызы [31, 191].

Осының бар кінәсін ақын заманға арта сөйлейді. Өзгерген заманның қаһармандары да бөлек. Олар ірі іске жегілмей, «түлкі заманға тазы болуға» тырысады.

Қатыны ортекедей ойқастаған,  
Ақыны орамсыздау ой бастаған.  
Заман-ай, әңгүдік таз той бастаған,  
Заман-ай, қотыр серкеш қой бастаған [31, 271].

Ақын заманын «Жыртқыш жылдар» деп атайды. Қоғам бура сипатты, шайнап тастайды. Озбырлығында шек жоқ. «Киік-күндер»

көжжалдан қашып күн көруде. Аққу – жырды жасқанбай тісіне баса-тын да осы жыртқыштар. «Жыр саулайтын жүректен қан саулаған, Жастық жылап барады жан сауғадан».

Ұлтым қайғы кешкенде,  
жұртым қайғы,  
Сары уайым сағаты сыртылдайды.  
Ақындары алақан жайған елдің  
Қатындары қол бастар ұл тумайды [31, 218].

Өмір суреттерін бұлтартпайтын шындыққа негіздегенмен, ақынның жалпы заман, қоғам жайлы ойларында алдан күтер үміт мол.

Самсаған жұлдыз көрдім Сүмбіледе,  
Ай көрдім, аман көрдім толған Айды [31, 217],

Бошалап кеткен Бозкөлдiң бозiнгендерi  
Боталап қайтса болғаны туған ауылға [31, 215], –  
дейдi ол.

Өмір сүйгiш ақынның түпкi идеясы берiк. Ол тәуелсiздiкке иек артады. Шалшық судың бетiндей шашыраған ақын сөзiнiң тұғырына тұрақтайтынына сенедi.

Бiз дегендер...  
Темiрдей төзiмi тым,  
Өз арманын аялап,  
өз үмiтiн.  
«Түгел сөздiң түбi бiр» дегенменен,  
Сөзi бүтiн халықтың – өзi бүтiн» [31, 32].

Рухтың оралуын Ғалым «Оралу» өлеңiнде әдемі аша бiлген. Бұл – кеше сергелдеңге түскен тағдырлардың жаңарып қайта оралуы туралы жыр. Оны жазуға себеп болған – Көкшеде Құлагер атқа ескерткiш орнату оқиғасы. «Құлагер құла түзде құйындаса», Ақан Айнакөлдiң аққуларына қосылып ән салады. Сол қайғылы далада ақын Құлагермен тiлдесiп:

Жүрекке серiк болса,  
қыран, құмай,  
Алдынан ор кезiкпес Жыландыдай.  
Тұғырға өзiңменен бiрге қонған  
Рухым аласармас бұдан былай.

Өткеннің өзегінде дауылы қалып,  
Қосылдың аламанға сауығып анық.  
Көкшеден көкжиекке көсілші енді  
Қазақтың қайран жерін бауырыңа алып [31, 35]

деп жырлайды.

«Бір түп емен» өлеңінде Ғалым бұтақтары майысқанмен, қайыспай, қайсарлық танытқан еменді елдіктің берік іргесіне балайды. Ол ғасыр жүгін көтеріп, өр тұлғасымен көтеріп тұрғандай елестейді.

Ғалымның «Тобылғыз жарған», «Даланың өзендері», «Күзеудегі қараша үй», «Сүмбіледегі сурет», «Ләйла қыз», «Көзімнің тұңғиығында», «Құмдағы сексеуілдер», «Бұлақ басындағы бұлдырық», «Қара нөсер қараша», «Жыр жауған жылы күндерім» т.б. өлеңдері қазіргі әдемі лириканың үлгілері саналуға лайық. Бұларда сурет те, ой да, сезім де жарқын. Көктемде тобылғының жарылуы, жарқырап қарсы алатын өзендер мен аққуы көшкен көлдер, қоңыр қаздар әніне елтіген қыр, күзеудегі қараша үйдің қарашадағы суреті, елі сиреген ескі кең жайлау, тай мінген бала – бәрі де бізге жасымыздан таныс ауыл тіршілігінің көріністері. Ақын бүгінгі даланың осы келбетін заман өзгерістерімен көмкере, біздің қалыптасқан ұғымымызды бұзжара өзінше жинақтап бейнелейді. Оның танымы да, соған лайықты теңеулері де, қолданған метафоралары да жаңа. Оның сезім күйі сол ортаның өзгерістерінен туады. Көктемгі тобылғының жарылуы өмірдің жалғасын елестетеді. Ол ақынға жақсы көңілкүй сыйлайды. Тобылғыға ысталған сабадағы қымыз, жолаушы қолындағы тобылғы сапты қамшы тобылғы түсті өмірдің ағымындай көрінеді. Бір қарасаң, осының бәрі өткен өмір сияқты. Бүгін тобылғы іздеп, оның жарылуын құмартып көретін кім бар? Тобылғыз жарған бүршік жармаса, «тобылғы сынды ақын» да торыға ма, қалай? Түңілсең де, тірілсең де, уақыттың ұлы көшінің бет алысы солай! Сүмбіле жұлдыз жанғанда туған Сүмбіле қыздың бейнесі, соған тамсанып ай дірілдеп, көңілі толқыған ақынның күбірлеуі, ай мен жұлдызды, сүмбіле қыз суретін қоса жұтып қойған қара жер обырлығы, Сүмбіле қыз суретінің ертегі боп қалғаны әдемі, жарқын суреттерді елестетсе, Ләйла қыздың бейнесін ашу үшін екі өмір мен екі ақынды еске алып, тұтасқан бір арман, бірге үміт күткен күндерге жүгінеді.

Оның:

Көзімнің тұңғиығында,  
Көңілімнің бір қиырында;  
Арымның асыл көлінде,  
Жанымның жасыл белінде –

Сен жүрсің...

Өлеңнің нәзирасындай,  
Жаңарқа жазирасындай.  
Тағдырдың арман шыңындай,  
Шалғынның тамған шығындай –  
Мөлдірсің... [31, 45]

деген жолдары сүйіктісіне арналған көңіл күйінің жарқын көріністерін құрайды.

Бұл өлеңдерде өмірдің қымбат сырлары, өткіншілік сипаты, табиғат пен адам, оның көңіл-күйі, ақын мен ақындық сезімнің түйісуі, т.б. мәселелер сөз болады. Бәрі де ақындық ойдан туып, сезіммен астасып өріледі.

Ақынның жырмен туысқан күндері қандай еді. Оқып көрейікші:

Жыр жауған жылы күндерім,  
Нұр жауған ғұмырымда едің.  
Тұлпардың тұғырында едің,  
Бұлақтың тұнығында едің.

...Көз ашып көргенім еді,  
Өлеңнің өрнегіндегі,  
Есідің толқынындағы,  
Көкшенің көлдеріндегі.

Сыр айтпай сырғалым қалды,  
Мұнартты...

мұң қалыңдады:  
Қаратау қатпарындағы,  
Алатау шыңдарындағы... [31, 115]

Алғашқы шумақтар жыр биігі мен тұнығын, өрнек пен толқында туған шағын елестетсе, соңғы шумақ сырғалымы сыр айтпай кеткендегі қайғының қалыңдығын бейнелейді. Тапқыр, бейнелі суретке тұнып тұр.

Сөз өнері – Ғалымның ақындық рухы. Ол сол рухтың биіктігі үшін күреседі. Қиындыққа да, зорлыққа да оңайшылықпен берілмейді. Өйткені оның негізінде халықтың ерлік салты бар. Ақын арманы арнасын толтырып, жартастың толқындарын сүйеді. Ақ қарда туып, аппақ әлемге жаны бөленген. Ақын боп аққудың қанатына өлең жазып, ешкімнің тұлпарына мінгеспей еркін өскен. «Сәуле ойнатып сұлудың сырғасына, күнім шықты өрмелеп қыр басына», Едіске басын идіріп, өзін кеңістіктен іздеген тұлға!

Ғалым ұлы ұстаздарын еске алғанда да оларды жалаң мадақтамайды. Соларды түсініп, жаңа сөз айтуға тырысады. Абай мен Махамбет, Әсет пен Иманжүсіп, Мағжан мен Сәкен – бәрі де ол үшін қадырмен, тарих сабағын сыйлаушы, әр заманның таңдаулылары. Оларды еске алудың кейінгі ұрпақ үшін қажет ұлағатын, ұлттық рухты ұлықтаудағы маңызын жырлайды. Рухтардың ақындармен бірге көмілмейтінін еске салады.

«Қызыл іңір, Қызылжар», «Есіл ағады», «Кер бетегелер», «Назымхат» өлеңдері – таза табиғаттың көркіне сүйсінген, одан өмірдің әсемдігі мен терең тамырын таныған адамның ой-сезімі. Ақын табиғатпен сырласады, шоқ қайыңдарға: «Ақ дүниеден адалдық іздегенде, Ақ қайыңдар, сендерге кеп тұрайын», – дейді. «Есіл» – әнге айналып кеткен өлең. Ол Мағжан жырлаған шолпының сыңғырын еске түсіретін, сырбаз Есілдің сұлулығына, еркелігіне еліте жазылған. Кербетегені еске алғанда, ақын бойын осындай сезім билейді. Кеше бұл өсімдіктен Нарманбет жерінен айрылған елдің бейнесін таныған еді. Ғалымның кербетегесі осыны ойға түсіреді. Ақын құстармен сырласады, биікке самғаған құстармен араны «Қанатсыз болып туып, аспанға қарап жүргендердің» арманымен жалғайды.

Жалпы адамдық ой, идея шексіз ізденістің жемісі. Ақындардың жақсы-жаманы, ұлысы мен кішісі – бәрі де осы ой мен оның көркем бейне тауып жарыққа шығуынан танылады. Ақын қаншалықты талантты болса, оның туындылары соншалықты биік сапада жасалады. Әр туындыда ой мен сурет жатады. Сондықтан ақындық идеяны Белинский «пафос», «құштарлық» деп атаған. Ақындық рухтың күштілігі автордың бойындағы биік қасиет. Ол талантпен, заман сабағымен, біліммен толысады. Осыны түсіну арқылы біз ақын құпиясына кіреміз, оның жазғандарын жанымызбен қабылдап, табиғатын тануға бір табан жақындаймыз. Ғалым ақын бойында осындай ұлы ақындарда болатын қасиет бар. Әр өлеңінен оның өз суреті көрінеді. Өмірдің көшірмесі емес, өз бейнесі. Ұлттық сипат, ой барлық ақынға тән. Бірақ Ғалым оны да өзінше түсінеді, әркімнің ойындағысын тауып, бойындағы сипатын түсініп, жалпыға ортақ етіп айта біледі. Оның өлеңдерінде заман сыры, адамның көңіл күйі, үміті, ойы, сезімі, мұңы мен шері – бәрі тұтас табылатыны осыдан. Ақын не айтса да егіліп, беріле жырлайды, ойларындағы лирико-философиялық сарын өлең боп төгіледі. Қазақтың елдігін, тұтас табиғатын қастерлейді, жоғын іздейді, өкінеді, мұңаяды.

Ақынның – Шыңғыс, Баян, Ұлытау, Түркмен, Париж сапарларында жазылған өлеңдерін де жол әсерінен туған деп біржақты түсінбеу керек. Онда көргені тізбеленбейді, ақындық ой мен сезімге бөленеді.

Баянтауда Жасыбайдың көліндей мөлдір өлең қалдырса, Ұлытаудан «ұлым» деп шыққан күн көреді, түркмен мен қазақ туыстығын, құмда өскен сексеуілдің бар мінезін осы екі халықтан танитынын тілге тиек етеді. Ақынның Ақселеу мен Серікке (Ақсұңқарұлы), Жүрсін (Ерман) мен Талаптанға (Ахметжан), тағы басқа жеке адамдарға арналған өлеңдерінде де жалпылық емес, солардың бейнесін ашар нақтылық басым.

Ғалымның ақындық өнердегі жаңашылдығы тілінде, оның бейнелік сипатында, суреткерлігінде. «Ғалым ақынның әр өлеңі астарлы ой, тегеурінді теңеулерге толы», –дейді оның кітабына алғысөз жазған Фариза Оңғарсынова [32, 3-6]. Қазақтың қара өлеңінің дәстүрін бұзу кім-кімге болса да оңайға түспеген. Кезінде Маяковскийге еліктеген Сәкен, Сәбиттер де қара өлең үлгісін, ондағы ұйқас, буын, ырғақты сақтай отырып, жаңартуға тырысқан. Қазір де ақындар негізінен сол үлгіні сақтап, ой ырғағы мен екпіннің күшімен тармақ санын кейде азайтып, кейде көбейтіп, 11 буынды тармақтарды қысқарта пайдалануға барып жүреді. Бұдан қара өлеңнің негізі бұзылмайды, әр ақын оны өзінше жетілдіруге, өңдеуге құқылы. Ғалым да солай. Онда бір кезде Қасым қолданған, бір ұйқаспен жалғасқан шумақ, бес тармақты өлең жиі бой көрсетеді, ақын ойының мазмұнына сәйкес түр жаңалықтары да байқалады. Ойшылдық пен сыршылдық, шындыққа тік қарап, көңіліндегіні жалтармай айта білу, соған лайық жаңа бейнелі сөз табу, ондағы кейде нәзік, кейде сазды, кейде тіпті көңілдің өрлігі ашық бояулы ақын жырларын өзгеше танытады.

Ғалым өлеңдері – бүгінгі қазақ лирикасының жаңа беттері. Бізге керек өлең осы – бүгінгі өлең.

### 3. Рух тәуелсіздігінің ақыны

Жақсы өлең тақырыбымен өлшенбейді. Оның тақырыбы біреу ғана. Ол – адам, адам рухы, соның өміршеңдігі туралы ойлар мен өмір шындығы суреттері. Шынайы лирикалық өлеңде ақын осыны сезіну мен толғану арқылы адамзатқа өмір сабағы туралы түйсінгендерін ұсынады. Бұл талап кеше де болған, бүгін де солай. Бірақ өлеңді саясатқа ыңғайлап, әртүрлі тақырыптар арқылы заманды мадақтауға құрып жүрген өзіміз. Енді ғана, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, бұл жолдың өмірсіздігін түсініп, жазудың жаңа жолы іздестіріле бастады. Қандай ақын болса да, заманына тәуелді. Бірақ бұл сол заман ыңғайымен кете беру деген сөз емес. Жақсы ақындар уақытпен ымыраға келе отырып, шындық жайлы ойларын ашып айтып кеткен. Кеңес саясаты тұсында да оңдай таланттар аз болған



жоқ. Ал, өткен ғасырдың 60-жылдарында әдеби қызметін бастаған жас ақындар ұрпағы өлең жасауды жаңа үлгіге көп жақындатты. Сөйтіп бүгінгі қазақ өлеңі қалыптасты.

Қазақ өлеңі деген ұғымға мен поэзияның шағын түрлерін түгелдей қосып, ұлттық ұғыммен ұсынып отырмын. Іштей саралап қарасақ, онда таза ой мен сезімге құрылған лирика да, өлеңнің басқа түрлері де кездеседі. Қазақ ұғымында бәрі араласып кеткендіктен біз оны жіктеп жатпаймыз. Ендігі кезең лириканың осы ой мен сезімді жырлайтын түрлерін қажет етіп отырғаны байқалады.

Қазіргі қазақ поэзиясында осы салада жемісті еңбек етіп келе жатқан ақындарымыздың бірі – Нұрлан Оразалин. Ол шығармашылық өмірін өткен ғасырдың 70-жылдары бастап, жүйелі түрде қазақ лирикасын дамытуға күш салып келеді. Ақындығын да солай қалыптастырды. Оның шығармаларында лирикалық сезім мен драмалық тартыстан туған өмір философиясы сыр шертеді. Тек ой мен сезімнің арпалысы емес, жүрек пен жанның үндестігі, үйлесімі сезіледі. Нұрлан өлеңінің ішкі иірімі, сыры мол. Ой мазалап, төбесінде жасын ойнап, сезімі діріл қаққан ақын кеудесінде шоқ жайнап тұрғанын көресің. Ол әлем шындығына бойлайды. Адам атаулыны бөлмей, жалпыға ортақ сезімді жырлайды. Мұндай өлең жазу үшін ақынға талантпен қоса, үлкен білім, биік парасат, өмір көріністерін байқағыштық пен оны терең талдай білу өнері керек. Өмір философиясы өлеңге осылай кіреді. Нұрлан бойында осындай қасиет мол.

Нұрлан Оразалин – өмір бойы жауапты жұмыстар атқарған қайраткер азамат. Бұл – ол ұжым ортасында болып, үнемі адаммен араласқан, олардың мұң-мұқтажына құлағын тосып, онымен ой-пікір бөліскен деген сөз. Және ол – халықпен тікелей байланыс жолы. Оның үстіне ауылы жақын, жиі барып араласып тұрады. Сөйтіп ол бүкіл ақындық сезінуін елімен бірге өткізген.

Нұрлан тәуелсіздікті ұрандап қарсы алған жоқ. Мадақ та жазбады. Халқының рухын көтерген, бағын ашқан, келешекке жарқын жол сілтеген оқиға ретінде қабылдады. Оны баянды етудің жолы елдікке қызмет ету, қазақ рухын көтере жырлау деп ұқты. Осы жолдағы қиындықтарды да көре білді, жасырмай айтты, көргенін, сезінгенін, ойына алғанын ашық суреттей білді. Оның оқырманмен бөліскен «Жүрекжарды» сыры да (жеке жинақтары: «Беймаза көңіл», «Көктем кеші», «Жетінші құрлық», «Құралайдың салқыны», «Қоздағы шоқ» т.б.) осыны паш етті. Ол ойын, сырын, әнін, күйін, мұңын, сөзін, жырын түгендеп халқына ұсынды. «Ойым осы», «сырым осы» деді. Бар болмысын, ғасыр сырын жырмен өрген талантын еліне арнады.

Халықпен байланыс, оның ойын түсіну, сезімін қабылдау кім үшін болса да, аз күннің шаруасы емес. Ол ақын санасында жастай оянып, қат-қабат құбылыстармен толысып қалыптасады. Нұрлан шығармашылығының алғашқы кезеңінде туған балаң жырлардың өзінен осы күйдің бастауын көреміз. Жас адамның көктемнің келуімен байланысты табиғатты үңіле тануы, онымен сырласуы, «Кеудесі толы жыр – көктемнің» өзгеше көрінісі сұлулықты тануға деген үлкен ізденісті бейнелейді. Осы биік сезімді суреттеуге деген ұмтылыс үйреншікті ұйқасқа сыймай, өлеңдік форманың өзгеше ырғағын іздейді. Ойы мен сезімін тербеген көңіл күйімен үндесіп, «мұң құшқан жиырма жастың» сырын ашады.

Атағы жоқ Есениндер... жын қысқан...

Жаңғырады жатақхана өлеңі.

Менің жиырма жасым мұң құшқан...

Түн ортасы...

Көше бойлап келеді.

Жауындатып келеді,

Дауылдатып келеді,

Ән-жыр кешіп келеді,

Жаңбыр кешіп келеді,

Желп-желп етіп желегі,

Менің жиырма жасым келеді... [33, 13]

Жиырма жасыңда бойын өлең билеп, көше бойын дауылдатып, жауындатып, ән-жыр кешкен, мұң құшқан ақын сыры өткінші емес, «жын қысқан» үлкен сезімнің ұшқыны екенін біз Нұрланның соңғы туындыларынан көреміз. Ақын өмір құбылыстарын терең сезініп, жан сырына айналдыра білді. Біреулер дүние қуады, екінші біреулер қыз қуады, сол үшін күресіп, тіресіп өмір сүреді. Бұл болса, өлеңімен, мұңымен әлек. «Өлеңінің от болып өртеніп», «Сәбилік сезімін» сақтауын қалайды. Ол үшін дүниенің бәрі көктем боп сөйлейді, көктем сезімі «қайың боп шулап», «көк белдер жанына от беріп», «бұлбұлдың таңғы әні» жүрегін толқытады. «Кең әлем жүрегіне ұялап» жан толқуы басталады. Осы тұста ақынның Тұманбай ұстазын еске алуы да нанымды.

Көзімде тұнып қыр, бағым,

Түнімді оймен жұбаттым.

Тұманның жазған жырларын

Үніндей көрдім бұлақтың.

Өртендім... жандым... ұнаттым

Сұлулар жайлы өлеңді.

Сүйді екен бұлай құлап кім?  
Үйрендік сүю дегенді [33, 18].

Ақынның аласұрған сырға толы өмірі осылай басталады.  
Тынышымды алды менің айлы аспан.  
Астананы сілкіп-сілкіп құй тынды.  
Бір өлеңім...  
Жүрегімде жайғасқан  
Қайғым болды алған менің ұйқымды.

Бір өлеңім... жазылмаған өлеңім  
Ойларымды ойларыма жалғады.  
Алматыны кезіп үнсіз келемін,  
Алты құрлық шақырардай алдағы.  
Көңіл,  
Көңіл,

Көк аспанды шарлады [33, 26].

Ақын ойын табиғат бөледі, ойына ой қосады. Ол образдарды да сол табиғаттың өзінен алады. «Тау менен тас ақын болып кеткендей», көк теректер, ақ қайыңдар бишіге айналғандай, жауған жаңбыр саба-лап тартқан домбыра дыбысын еске салып, бусанып жатқан көше жар құшағын іздеген қыздай боп сағыныштың сезімін тудырады.

Осының бәрі – адам табиғатының еркіндігін аңсаған ақынның сыры, ешкімге тәуелді емес, еркін сезініп, еркіндіктен туған ойларының көрінісі. «Бүркіп өтіп, жүректі сілкіп өтіп», «ой төріне қона алмай» жүрген Алматы түні де адам арманы – Азаттықтың бейнесін елестетеді.

Ақын көңілі құбылмалы. Оның ой мен сезімнің ырқына қарай өзгере салуы да қиын емес. Сондай бір шақтарда Нұрлан жырлаған жас адамның ой мен мұңға шырмала бермей, одан босап шығуды аңсаған кездері де ұшырасады. Сондай бір тұста ол сезімімен ғана емес, оны тудырған ортамен қоштасып, табиғат аясынан алыстап кетпек те болады. Осы бір өлеңдегі суреткерлік, құбылыстың сыры мен шындығын терең түсіне бейнелеу оқырманды бей-жай қалдырмайды.

Қош бол, сен, мұң кешкен шақтарым,  
Ақ сезім – алғашқы ақ арман.  
Жыр болып шулаған бақтарым,  
Сүмбіле түндері таранған.

Тауымның құз-қия жақпарын  
Сағынған сағымды кездерім.

Ақпанның түтетіп ақ қарын,  
Құндақ боп тербеткен кез керім.

Сезімім ұқсап бір кептерге,  
Жүректің төрінен жырлап ұш.  
Қияқ шөп сарғайған бөктерге,  
Кетейін қиялмен қырға алыс.

Кетейін ой тербеп күзде мен,  
Жабырқап тұрғанда ақ қайың.  
Тауларды сағынып іздеген  
Тұмар қып көңілде сақтайын [33].

Осы бір өлеңде ойын қозғап, сезімін арбаған табиғатымен қоштасып тұрып, сол ортадан бөліне алмай қиналған жан қозғалысы ерекше суреткерлікпен ашылады. Онда өмір сабақтарын әлі де өтіп болмаған жас адамның сезімге беріле отырып, айналасын ойлы көзбен шолуы және өз танымына беріктігі айқын көрінеді. Және ол лирикалық кейіпкердің жан тазалығын, қайырымды қалпын және болашаққа деген сенімін танытады. Осындай бір өлеңді талдаған В. Белинскийдің «Поэзия деген не?» деп сұрап алып, оған өлеңді қорғап жауап бергені еске түседі. Ол қайнаған өмір сабағын өтпеген жасқа тән мейірбандықты тани отырып, оның әлі жүзеге аспаған қиялынан туған ұмтылысты көреді, оған сенетінін айтады, сол үшін қапалануы дұрыс дейді. «Оны түсінбейтіндер көп. Түсінбесе, түсінбесін. Оны түсінетін азшылық табылады. Қалғыған адамның жан дүниесін оятып, биік сезімге жетелеудің өзі үлкен бақыт емес пе? Лирикалық кейіпкердің жан сезімі жалпы адам рухымен туысып жатыр және ол туыстық оны қоршаған кеңістік пен уақыттан әлдеқайда жоғары» – деп жазған ұлы сыншы [34]. Сондай поэзия Нұрлан лирикасында да тұнып тұр.

Шынайы сезім жас ақынның өзін іздеген өлеңдерінде де мол кездеседі.

Алатаудың аспанында жұлдыз көп,  
Ай астынан сезімді іздеп келемін.  
Ой төрінде жылтырайды бір күзгі от,  
Өзімді іздеп келемін...  
Өзімді іздеп келемін... [35, 33]

дейді ол.

Жас ақынның сол сезімді табиғаттан ғана емес, махаббаттан табуы да ойлы суретке толы. Ол қыз сүюді білмеген бозбалалық шабыт қиялын шақырып, дәптерінің бетіндегі шимай-шатпақты тудырған

жүрек үнін сүйгеніне арнайды. Ойда жоқта кездескен еліктің киігін танып, жіпсіз байланып, «бозаң-бозаң кез кешеді». Оның үнінен махаббат лебі еседі. Осындай алғашқы сезім отынан жүрегіне жамау түскен адамның тыныштық іздеп, қиналуы да нанымды. Оның аптығын ай да, түн де баса алмайды, көше де, қайың да азабын азайтпайды, кімнен, қайда тығыларын білмей, сезім арпалысына түседі. Өзін мазақ ортасында қалғандай сезінеді.

Мөддір қара көздеріндей қиылып,  
Қарс айырылып қарайтындай түнгі аспан.

Жүрек...

Жүрек...

Сабайтындай жиі ұрып  
айдынымды мұң басқан.

Теңселіп тұр түнгі аспан [35, 36].

Оның көп өлеңін жүрек оты тудырады.

Мен өлең жаздым...

Сені іздеп түнде, ерке қыз,

Жүректі соқыр

Сен жүріп өткен өртеп із.

Тіл қатты ғалам,

Махаббат болып

Жер,

Теңіз...

Мен өлең жаздым...

Мен өлең жаздым...

Сені іздеп түнде, ерке қыз [35, 38].

Бұл – жүрек сырын, махабатын, ақындығын мойындауы. Жүрек дауасын өлеңнен табуы. Осыдан бастап шын ақындық оның жан жарасына ем болып қонады. Ол сұлулықты, әсемдікті таңдап, жырына арқау етеді.

Жырлады жүрек...

Жырлады түнгі аспан көк,

Ауылдан біздің адасып жүрген сұлу Ай.

Жырлады жүрек дастан боп,

Жұмақ өлкенің

Жап-жасыл мына сұлуы-ай!

Жырлады жүрек...

Жырлады Балқан таулары,

София-ару көз жауын алып, арбап бір.

Сөйледі көше баулары

Кеудемде менің

Орман боп, көл боп, самғап қыр [35, 37].

70-жылдар – Нұрлан ақындығының балаң сезіммен ойлылыққа қарай ауысқан кезеңі. Бұл кезде ол жалпы өмірге, қоғамдық өзгерістерге, айналаға кең көзбен қарап, әлемдік қозғалыстарды түсінуге ұмтылады. Дүниеге диалектикалық тұрғыдан қарайды.

Дүние

Көшіп жатыр көзден белең,

Не қалды жер бетінде өзгермеген?!

Жасыл желек жамылған бақтар көшкен,

Махаббатты аңсаған шақтар көшкен.

Ақын да өткен,

Фәниден пақыр да өткен,

Ай қылышы жарқылдап батыр да өткен,

Жасық та өткен,

Жаңқа-жаңқа көңілі пасық та өткен.

Тал бесігін тербетіп дүниенің

Жылдар...

Жылдар...

Ғасырлар көшіп кеткен [35, 80].

Ақын әлем кеңістігінен өзгермеген дүние есебінде аспанды алады. Жырын соған арнайды. Жаңалықты да аспан әлемінен тауып, өлеңге қажет образдарды да алып пайдаланады. Бұлтты қайық етіп жылжыған ай мен арман-үмітін арқалап көкте бірге жүзген қанатты ой ақындық параллельге құрылады. Келген көктем де нәсер болып ой мен қырды сабалап, дүрілдетіп тауларды сөйлетеді, осылардан тыныштықты толғатқан ғасырдың үні танылады.

Бұл кезде ақынның ғашық көңілі де толысқан, жастықтың алып-ұшпа сезімі емес, орнына шынайы махаббат орныққан. Сезім мен ағынан жарылған көңіл күйі шын сүйгеніне ауысады. Сағыныштарын ол соған жолдайды, солай қарап ұшырады. Шын сезімге бөгет жоқ, оны қараша желі қағып әкетіп, ақ ұлапа қардың орнына жаңбыр тамшылатады. Осындай күйде ақын жанын арбаған үн бірде «сылқ-сылқ күліп қыр асып, бірде «себелеген ақ жауынға ұласып» өзіне шақырады, «терезесін өлең боп ұрғылайды». Осы бір сағыныштан ол шын бақытын тапқандай сезінеді.

Бақыт деген сірә да,

Сенің мені сағынатын кездерің,

Менің сені сағынатын кездерім.

Қондырып ап

Кеудеге бір құс аппақ,

Менің сені тұрған шағымда құшақтап,  
Қанатында ғажайып бір сезімнің  
Адам – Ата – Хауа-Анаға ұқсап қап, –

дейді ол.

Сөйтіп ақын жыры өмірдің өзінен алынады. Ол өмірге ғашық болмаған адамның өлеңі де, жыры да, әні де болмайды деп ұғады. Осыны өлең жолдарымен білдіреді.

Өмірді тану дегенді ақын қиындық пен қуанышты бірдей көру, аязда, қарда тоңу, жел сүйіп, жүйрік міну, тау мен даланы, шулы теңізді, «кешіп үрейлі дауылды жалдап өту, сұлулыққа тамсанып естен тану, жарық дүниеде жанып өту» деп біледі. Осы ұғымдардың негізінде өмір, өлең алдындағы жауапкершілік жатады. Ой, арман, үміт ылғи да оның жанында мазасыздық туғызады.

Өлең үшін мәңгі майдан – бұл өмір  
Қар, дауылға, қарсы жүру аязға.

...Семсер оймен, шербет мұңмен адамзат  
Күн астында күйген, сүйген жарасқан.

...Арып-ашып былғамастан қағазды  
Ай мен түннен,  
Жер мен көктен сұра жыр [35].

Өмірге кең көзбен қарайтын ақынның көз алдында кең әлем. Сол кеңістіктегі тіршіліктің бәрі өлең. Тек тыныштық, ынтымақ болса... Ақын осыны тілейді. Ғасыр тыныш болса, оқпен емес, өлеңмен атыссақ деп армандайды. «Миың менен жүрегінді сілкі де, алты құрлық сілкінетін сұра жыр» деп түйеді ойын. Туған өлке суреттерін еске түсіріп, өлеңін туған жерге тізе бүгуге үндейді.

Дүниеге деген таным, көзқарас кеңейген сайын ақын арманы ұлғайып, ойы да, мұңы да молайып бара жатқаны Нұрланның жырларында осы дәуірде ерекше танылады. Ол сактардан қалған оба түбінде («Оба түбіндегі ой») қазақ жерінде өткен ұлы өзгерістер туралы ой толғайды. Тарихқа көз жіберіп, бүгін обаға айналған елдің іргесі қалай сөгілгені туралы шер шертеді. Заманның аласапыран суретін көз алдына келтіреді. Өткен тарихтың жүз ғасырын жырлаған жүз ақын («Жүз ақын») арқылы сол даланың қайғы-шерін, қуанышы мен шаттығын, келер күнін еске алады. Өшкен тарихтың ізін сақтаған, қазақ жерін мекендеген халықтың рухани күшін жырға қосады. Осы ойлар жалғасын кеп, бүгінгі тірлікке тіреледі. Ақын өткенге салауат айтып, енді бүгінгі тіршілікті, өзі көрген сұлу өмірді сақтауды тілейді.

Қол созып көшелерден, алаңдардан,  
Бір үміт тіл қатардай санамды алған.  
«Осынау сұлулықты сақташы» деп,  
Жаудырап қарайтындай тәмам жалған.

Сүйінем, сүйсінемін, сыйынамын,  
Кеудеме көктен алыс құйылады үн.  
Жасыл от, жан тербеген бір күдік ой,  
Жасырман, қадалады миыма мың [35, 203].

Ақын мойнына түскен жүктің ауырлығын түсіне бер: миына мың оқ боп қадалған ой ел тағдырын шешуге қатысты ойлардың жалғасы екенін ұғасың. Сондықтан «ақынның жоғы да мұң, бары да мұң боп» саналады. Ол адалдық пен сатқындық туралы, өткінші өмір туралы ойланады.

Өмір ылғи тәтті арман, шекер емес,  
Өтер жылдар...  
Өтер ән...  
Өтер елес.  
Біз де өтерміз тағдырдың дауылымен  
Өтетіні өмірдің бекер емес [35, 209].

Өзі өткенмен, сөз қалса... Тарих және оның сабағы осы көркем сөзде. Ол – «асау ғасыр сілкілеген санадан», тамырды билеген намыс пен жігерден, ыстық қаннан туған ойлар. Ақын «ажал төне көрмесін тек сөзіме» дегенде, бұдан туатын жалғыз талап – сол сөздің өлмес құдіреті, ойын қозғаған заман шындығының бейнесі туралы жауапкершілікті айтады. «Елі күткен, дала күткен, қыр күткен» сол сөз – тарихтың сәулесі, шежіресі екенінде дау жоқ. Ойшылдық, ой қамаған адамның психологиялық жағдайын суреттеуде Нұрлан әдемі жаңа образдар табады. «Тас-талқан ғып бір ойыңды бір ойың, өтіп жатыр тар кеудеде жиылыс», «Көкіректе күрсінеді Алатау, күрсінеді кең даланың күй, үні», «Келемін мен өзімді өзім жеңе алмай, жыр-жолбарыс, ой деген бір арыстан», «Арман құсым ерте үркітіп тоғайдан, аз тірліктің алдауына тоғайған, кезімді ойлап ашынамын, төзімді ойлап басыламын» т.б. – ойды ашар бейнелі тіркестер жаңаша ойлаудан, өмір құбылыстарын жаңаша танудан туған жаңалықтар. Мұндай тіркестер Нұрланда көп. Және олардың бәрі қалыпты 11 буынды өлеңнің ырғағына сыймай, ой легіне қарай жарасымды жаңа тармақтар құрайды.

Ақынның ойы мен сыры туған халқының өмірімен біте қайнасқан. Ол қуанышын да, мұңын да елімен бөліседі. Нұрланның:



Біздер, қалқам, өлең атты елденбіз.  
Жауыннанбыз,  
Қайғыданбыз,  
Желденбіз.  
Мәңгіліктің үрлеп мәңгі майданын  
Ғасырлардың қойнауынан келгенбіз.

Кеудемізде – аптап, шілде, май, тамыз,  
Жырларымыз от бүркеді,  
байқаңыз.

Қара қылды қақ жаратын қай кезде  
Әділетті байрақ етер тайпамыз [35, 255].

Мұнда ақын, жазушы, жалпы шығармашылық өмір табиғатының шынайы бейнесі тап баса ашылған. Оны Нұрлан мақтан үшін айтпайды, өз өмірінің сырын танытуды көздейді. Дүниеге ақынның көзімен қарайды, өмірдің қайшылығын жіті көреді.

Нұрлан лирикасындағы осы ой мен мұң 90-жылдарда тіптен қалыңдай түскенін көреміз. Бұл – бүкіл кеңестік жүйе ыдырап, бұрын тұтас одақ құрамында болған қазақ қоғамының жаппай берекесіздікке ұшыраған тұсы болатын. Таршылық, жоқшылық, жетімсіздік адамның психологиясын өзгертті. Кеше бір-біріне бауыр, дос деп жүрген адамдар оңашаланып, жеке меншігін құйттеп, біреудің барын тартып алуға, жұлып жеуге барды. Өздері жасаған дүниені өздері қиратып, келешекке деген сенімін азайтты. Осы тұста жазған лирикалық жырларын Нұрлан «Заман қашып барады» деп атапты.

Қорқамын...

Содан қатты сескенемін,  
(Мың жанып, мың қайтара өшкен едім).  
Мынау ұлы даланың төсін еміп,  
Ғасырдан ғасырларға көшкен елім,  
Сені ойлап, сескенемін, сескенемін.

Шошимын...

Шошынам да шамырқанам,  
Көздерді көріп кейде жабырқаған.  
Түн – мұнар,  
Дала – мұнар,  
Бәрі мұнар...  
Мұнарға қалай келдік? Таңырқанам.  
Мұнарды көріп тұрып шамырқанам [35, 261].

Бұл өлең – сол бір заманда адам басына түскен зобалаң тіршілік туралы толғаныстың көрінісі. Ол көңілде күмән көбейгенін, жауабын таба алмаған сұрақтың молаюын, жеңіс те, мансап та, арман да ақшаға айналғанын күйіне жазады. «Ұйқы-тұйқы ойлары» анасының «қырық жамау көрпесін» еске түсіріп, жыры кеселге, мұңға айналды. Осындай ел қайғысына ақынның жеке басының мұңы араласып, оның жаралы көңілін тіпті де жабырқатып жібергеніне өлеңі куә. Ол бауырының қазасын жоқтайды. Тебірене, күйіне толғанады.

«Түн қараңғы», «Тура сөз», «Дүниенің жарылардай жарғағы», «Бәрі сауда», «Қолым қысқа», «Әділдік жоқ» т.б. лирикалық өлеңдерінде ақын сол кезеңнің көңіл күйін, әлеуметтік жағдайды, содан туатын сезім иірімдерін әдемі суреттеп жеткізеді. Ол түн қараңғы, түндей көңіл қараңғы, мұң – көкбөрі ашатындай аранды» деген бейнелі ұғымдар арқылы заман мен адамды, олардың қарым-қатынасын ашады. Жұрт қараңғыға құмар, ой да қараңғыға ұмтылады. Арбасып, байқалмай алданып жатқан халық. Ағайын бірін-бірі алдап, бауыры туғанынан безіп, ата-ана қадырын ұмытып, жар төсегін саудалаған қыз-қырқын күйі, тастанды ұл тағдыры. Осы жайлар ақын көңілін бөледі, мұңайтады, ойлантады. Себебін біле алмай, түсінбей дал болады ол. Осы оқиғалардың үлкен бір түйінін Нұрлан «Қайыршы, Алаң, Қара бақыр» атты өлеңінде қайыршы бейнесінде көреді. Қолында қара бақыр ұстап қалған қайыршы бейнесіндегі адам – қарт майдангер. Кешегі Ұлы Отан соғысында ерлікпен елін, сенімін, үмітін қорғап қалған ол бүгін ауыспалы заманның қақпақылына түсіп осындай күй кешкен. Оның бейнесі заманның санасында мұздай суық жанар боп қабылданады. Заман адамдары бойындағы өзгерісті ақиық пен сауысқанның теңелуінен, қоянға кеп мұң шаққан түлкі, құмайды алдап құлатқан күйкентай бейнелерінен, бай болуға, байығаны құдай болуға ұмтылған қанағатсыздықтан таниды.

Ақын көңілі елгезек. Ол қайғыға бөгіл қалмайды, алдын ойлайды, елін олайды. Ойлы дана да, ақын да, батыр да осылай қайғы-мұңы араласып өмір кешкенін мойындайды.

Келмедік, жаным, өмірге мынау бекер біз,

Қаңтар да қарлы, шілде де шулы, өтер күз.

Дүние жарық, әурелеп жүріп аз күндік,

Ғұмыр кешерміз...

Өртеніп, жанып өтерміз [35, 274], – деп тоқтатады өзін.

Ел көшіп бастаған Ескендір, Шыңғыс, Темірлерді, басқа да көсемдер мен шешендерді еске алып, ол өмірдің өткіншілігі заңдылығына тоқтайды. Азаттығын түсіне бастайды. Тәй-тәй басқан

саби тәуелсіздікті таниды. «Періден де сұраймын, періштеден, Азаттығым аяулы болсын аман» деп тілейді. Осыдан бастап күдігі әлі арылмаса да, жаңа дәуір шындығын тануға ұмтылыс Нұрлан поэзиясынан берік орын тебеді. Азаттық сезімі түн қараңғылығын көк сәтендей жыртып кіреді де, қала мен даланың (екі жарылған халықтың десе де болады) бірлігін күйттейді. Алатаудың басынан Алтын адам бой көтеріп, үнсіздікті бұзады, қазақ аты Алты алашқа тарайды. Осы жарасымды көріністің бұзылмауын ақын тілек батаға айналдырады.

Нұрлан кешегі бір өткен кезді қашып бара жатқан ғасырдың бейнесінде, мамырда суық түсіп табиғатты бүрістірген құралайдың салқыны деп ұғады. Олар жүріп өткен жолдың ауыртпашылықтарын суретпен бейнелейді. Ендігі өмірге үлкен үмітпен қарайды. «Таулардан соң таулар бар», «даладан соң дала бар», «Теңізден соң теңіз бар», «Адамнан соң адам бар», «Құрлықтан соң құрлық бар», «Ғасырдан соң ғасыр бар» дегенді алға тартып, жаңа өмір жаңа тарих жасайтынын, дүние тұтас тұрғанда ғаламнан соң ғалам келетінін болжайды.

Өзгерді сөз ...

Өзгерді ой...

Өзгерді елің...

Өзгеретін сезіндік кез келгенін.

Айтқаны үшін пенденді айыптама,

Өлең шіркін жеткізді көз көргенін.

Көз көргенін өмірдің өзгергенін [35, 275].

Ақын жаңа туған ғасырын жырға қосады. Оның келбетінен айдын да, айбын да, әндеткен қуаныш та көрінеді. Өткен заманның шындығын бейнелеген туындыларын мойындап, енді оны жаңа ғасырға арнайды. Бір мезгіл өткенге көз тастап, заман өзгерісін таниды. Туған ауыл-таныс бейтанысқа айналыпты. Қарттар өмірден озған. Ол батыстан жауды қуып оралған әкелерін, «махаббатын жаулығына ораған», «арманын тербеткен аналарын» іздейді. Олардың бүгін қатар ұйықтап жатқанын көреді. Абай атасына жүгінеді. Қобыз күйінен жаңылғанда, сезім үйінен безінгенде, көңіліне сап-сап айтып отырған Абай – оның ұлы ұстазы, жалпы ұлттың ұстазы. Абайға жүгіну – өмірді тану, оған шүкіршілік айту. Сондықтан да ол «тану үшін өзімді де өзгені, Ұлы Абайға ораламын жиі мен» дейді. Ақынның лирикалық кейіпкері түсінде өзен көріп, шағала боп айдынды сабаласа, толқынмен жағаласса, айдынмен арпалысса, ол – жақсылықтың белгісі. Ол сенімін сүйреп алға қарайды.

Айым аман, күнім аман төбемде,  
Арқамда тау, өзендерім төменде.  
Өз еркімде – қайғырам ба, күлем бе?  
Ортаям ба?  
Ойдан азап шегем бе?

Өз еркімде... Бәрі-бәрі еркімде.  
Жалыным да, жауыным да, өртім де.  
Арман қуып, алдану да еркімде,  
Арбалу да ғашық болып жер, түнге [35, 405].  
Бұл – азат адамның көңіл-күйін бейнелейді.

Қандай жағдайда болса да, ақын халқымен бірге. Оны өлең тілімен қайталайды.

Мен мұңайсам, далам үшін мұңайдым.  
Мен тыңайсам, тауым үшін тыңайдым.  
Мен қуансам, ғалам үшін қуандым.  
Көкірегім – шалқар теңіз, ұлы айдын.

Мен жыласам, көлім үшін жыладым,  
Мен құласам, шөлім үшін құладым.  
Мен жұбансам, өрім үшін жұбандым,  
Іздеп ойдың қайнары мен бұлағын [35, 419].

Ақын кредосы осы. Осы ойды ол:  
Тербеп алаң, аспан мен жер, түнді,  
Еркін күйлер ел көгінде шертіді.  
Мен өртенсем  
Елім үшін өртендім,  
Иә, Тәңірім,  
Өшірмегін өртімді! –

деп қорытады. Ел көгінде шертілген еркін күйлер – бостандықтың, азаттықтың үні.

Нұрланның соңғы жырлары оның ақындық парасатының ұлғайып, ағалық жасқа жетіп, ел амандығын, жалпы адамға жақсылық тілеген, өмір сабағын өткен, даналыққа бет бұрған Азаматтың ой-сезімдерін жалғастырады. Ол өмір сырына қанықты, әрқилы қоғамның алмасуларын көрді. Заманның өткіншілігін түсінді, ойына ой қосты. Ал, ой мұңсыз болмайтыны белгілі. Өмір атты тіршіліктің өзі ой мен мұңнан тұратыны анық қой.

Адаммын мен... жұмыр басты пендемін,  
Біреуге – асқар, ал біреуге – шөңгемін.

Көкірегім – сауалдардың ұйығы,  
Тіршілігім – ыстығындай көмбенің [36], –  
дейді ол. Оның кеудесіндегі көмбе – сөнбей қалған «қоздағы шоқ». Шер мен мұң өшіре алмаған жан жылуын тәуелсіз Қазақстан өмірі қозғауға салды.

Шер-мұнымды кім ұқты?  
Сөнді ме шоқ қоздағы.  
Қозғағандай сынықты  
Жүректі кім қозғады?

Жел айдады жаңбырды,  
Сілкінді ме сезімім?  
Ой төрінде жаңғырды  
Өз дәуірім, өз үнім [36].

Ақын өмір толқынында сабаласып, әлі де талай қиын өткелдерді елімен бірге өтетініне сенімді.

Іле ме?  
Ертіс әлде?  
Жайық па екен?  
Түсімде айдын көрдім ғайып бөтен.  
Құлдырап көк толқыңды сабап жүрмін.  
Құс болу ақын үшін айып па екен,  
Түсімде айдын көрдім ғайып бөтен [36].

Толқыңды сабалап, ұшқан құс суылымен аспанды шарлап жүрсе, оны қалғу көрмеген өнердің күші деп ұғыңыз. Сөйтіп ол тәуелсіз елінің өміріне үн қосады. Осы жолда Нұрлан елдің азаттығы үшін күресте өткен ерлермен бірге екенін жария етеді.

Ерлік,  
Елдік...

Жұмылдырған тілек бір.  
Ерлерімнің бәрі жайсаң жүректі ұл.  
Әлі күнге Алашымның аспанын  
Аруақтарым айбынымен тіреп тұр [36, 284], –

дейді.

«Шындық», «Иә, Тәңірім», «Құс қайту», «Тағдыр үні» т.б. біраз өлеңдерінде өткінші өмір сабақтарын сөз ету арқылы ақын оқырманын ойға бастайды. Бұл – ағаларға таныс болғанмен, жаңа ұрпақ түсініп болмаған заман сыры, уақыт қызметінің сипаты.

Кеңістік – шексіз, нар, алып,  
Үзілмей жылдар, келеді із.

Періште болып жаралып,  
Пенде боп бір күн өлеміз.

Тіршілік, шіркін, әуре-мұң,  
Өтеді бір күн егеспен.  
Көшеді бастан дәуренің  
Кемеңгер, кемсіз деместен.

...Тұрмайды мәңгі бағыңыз,  
Қалалар қанша құм басқан.  
Бәріне куә-жадымыз,  
Қара жер, мұхит, түнгі аспан.

Перғауындардың байлығы  
Сұраусыз, құнсыз тоналған.  
Арқалап арман, қайғыны  
Ұлыстар ізсіз жоғалған.

Асау ат сынды көнбейді  
Желпідеп ойдың түндігі.  
Тәңірім бәрін жөндейді –  
Ғаламның осы шындығы [37].

Бүгінгі ұрпақ үшін айтылар ең қажет сөздің бірі – осы. Құдайын ұмытып, ертең өтетін уақытша тіршілік үшін бірін бірі сатып, баю үшін ар-ұятын ұмытып, адаммен адамша қарым-қатынас жасай алмайтын жаңа қазақтар осыны оқуы керек. Нұрлан бұған құр үгіт ретінде емес, бейнелі тіркестермен көркемдік мағына береді. Қараша қаздың қанатымен қайрылмай ұшып бара жатқан дәурен, періште боп туып, пенде боп өлу сияқты образдармен бейнелейді.

«Басқа адам» өлеңін оқып көріңізші! Талай көрген, жүзі таныс адам оған басқа адам болып елестейді. Өмірмен бірге ол да өзгерген. Ақын оның жүзінен уақыттың ізін, жанарынан тағдырдың соқпағын көреді, талай үзіліп, талай жалғанған үмітті таниды.

Ғалам көрдім...  
Даусыңда бір үн кем.  
Заман көрдім  
Көшіп кеткен түріңнен.  
Сұңқар көрдім  
Томағасыз қалғыған,  
Тұлпар көрдім

Аламанда сүрінген [38], –  
дейді ол. Бұл да өткен уақыттың бейнесі.

Бір өлеңінде («Дәуірім – асау тұлпар») Нұрлан дәуірін асау тұлпарға теңейді. Ала қашып, басына иелік бермей жатқан өмір суреті. «Ақ жалы ақ сағыммен жағаласып», «ақша бұлт боп Алатаудан асып бара жатқан, үнсіз боздап, бұрылмай, бой бермей қашып бара жатқан боз ғалам» – бәрі де уақыттың, дәуірдің бейнесін танытады.

«Дүние-түлкі» дейді тағы да ақын. «Алданып, таңданып... ойда тыным жоқ, үзіліп, қайта жалғанып, қайғырып, қайта алданып» жатқан адам.

Тоналуда, дүние қамалуда,  
Аспан,  
Жерді  
Бөктіріп даланы уға.  
Жасап жатыр пенделер ұлы қылмыс,  
Жас ұрпақты үйретіп жан алуға.

Алпыс екі тамырмен жосып ағын,  
Су ағардай, қан емес, тосыламын.  
Ібілістің ұрпағы жердің бетін  
Жаулап бара жатқандай, шошынамын.

Сәби сезім...

Сәби ой өртенуде,  
Бет алғандай дүние ерте өлуге.  
Пері біткен періште кейпіне еніп,  
Адамдардың санасы жеркенуде.

Олай құлап ойларым, бұлай құлап,  
Мұхит мөңкіп, ішімде мұңайды бақ.  
Сайтан кезіп жүргендей жүректерді,  
Көк аспаннан жатқандай лай құлап.

Өзегім өрт ойлардан кешке менің,  
Өшті өлеңім, таулардан көшті өлеңім.  
Сақтай көрші, Тәңірім, дүниені,  
Құлайтындай көк аспан сескенемін [38].

Бұл да бүгінгі өмір суреті, күрделеніп кеткен заман шындығы, парасаты бар адам табиғатына жат, жиіркенішті пенделер тіршілігі. Ақын күйініп, қайғырып айтады. Арты Тәңірге жалбарынумен, сабыр

сақтаумен бітеді. «Ашу қанша қысса да, мен әуелі, сабыр дейтін досыммен келісемін» дейтіні бар Нұрланның.

Өткен заманда бәрін өзгертеміз, қиратып, қайта жасаймыз деуші едік. Жаңа ғасыр адамның дәрменсіздігін көрсетуде. Құдайшылы болдық. Тағдырға тәуелдіміз. Не болса да содан тілейміз. Нұрлан да осы тілеуші қарттардың қатарына қосылуда. Тіпті тәуелсіздігімізбен бірге тіліміздің тағдырын да құдайдан сұрайтын болдық. Биыл ғана ақын «Бабаның сөзі» деген жақсы өлең жазып жариялады. Бабадан қалған асыл сөздің құдіреті, оның таралу көлемі, ұрпаққа әсері әдемі-ақ суреттелген. «Далаға жел боп тараған», «Алтайдан келген қазына» өзен боп таудан құлаған», «Сағым боп көшіп жондарда, шаң басқан күре жолдарда» жүрген, «Сарын боп қиырдан жеткен», «Жүректі қозған жиі ұрған», «жыр болып ұрпаққа бұйырған» Тәңіртау текті тұмары» – ана тілінің бүгінгі күйін ол күмәнді қалыпта көреді. Оның бағыты белгісіз, ғарышқа бара ма, кім білсін!

Сырымды кімге төгейін?  
Кім үшін азап шегейін?  
Бабадан қалған асыл сөз,  
Сен кетсең,  
Ертең не дейін?

Дүние неге тарылды?  
Бүтінім неге жарылды?  
Өтінем жаңа ғасырдан,  
Сақтай гөр,  
Сақта барымды.

Сезімді сел қып, бу атып,  
Төзімді тоз қып уатып.  
Өтінем сөзін бабамның  
Сақтай көр,  
Сақта, Тәңір-уақыт! [39]

Қандай дәрменсіз күйге жеткенбіз! Адам арманы, мұраты үшін күресе алмаса, кім болғанымыз? Бүкіл қазақ боп жиналып отырып, өз тағдырымызды өзіміз шеше алмай, құдайды жұмсағанымыз қалай? Бұл – сын емес, қазір заман ырқынан аса алмай қалған сыйқымызды тану.

Нұрлан ақынның шығармашылығы әдебиетші қауымның назарына әлдеқашан іліккен. Ол жөнінде Шыңғыс Айтматовтың, Тұманбай Молдағалиевтің, Бақытжан Майтановтың, Есенбай Дүйсенбайұлының, Сайлаубек Жұмабековтің, тағы басқа авторлардың мақалалары бар.



Бәрі де ақын лирикасын, оның шыншыл, шынайы қалпын ұнатады. Шыңғыс Нұрлан жырларынан «бүгінгі уақыт, заман жайлы сырды» танып, «ойының астарында ашу бар, ашуының төркінінде ақындықтың от-жалыны бар» деп тауып айтқан. «Ақын қуанса шын қуанып, мұңайса шын мұңаяды, оның бір жырдан екінші жырға көшіп отыратын лирикалық кейіпкерінің жан дүниесіндегі толқыныстар ауыл-аймақ, керек десеңіз, кейде ұлт пен ұлыс шекарасынан шығып, жалпы адамзаттық толғаныстар кеңістігіне көтеріледі. Ол аспанмен тілдесе де, жермен сырласса да, бір қызығы, сені досыңмен, ең жақын, ет бауыр туысыңмен сөйлестіргендей, тілдестіргендей ерекше бір халге бөлейді» [41], – деп жазды.

Нұрлан – адам рухының жыршысы. Ол рух тазалығын, беріктігін қалайды, соған үндейді. Бірақ адамға сол тазалық үшін, беріктік үшін күресу де керек емес пе? О жағы Нұрланда әлсіздеу. «Бәрі де құдайдың құдіретінде», «Бәрін де уақыт тазартады» деген ұғым санасын байлап, матап тастағанға ұқсайды. Қазіргі заманда адам ырқынан тыс әрекеттер берік орын алып, адамның қол-аяғын тұсап жатқанын айтсақ, Нұрланмен келісуге де болар. Бірақ маған бәрінен де күрескер адам ұнайды. Күрестің мәні төңкеріс жасауда емес, адам еркіндігі, дүниеге батыл араласу, қоғам тазалығы үшін күресу, қоғам игілігіне еңбектену – бәрі де қай заманда болса да қажет.

Өмірлік тәжірибесі, айтар ойы, шегер мұңы көп болғанмен, Нұрланға кәрілік әлі ерте. Айтары да бар, бабындағы шағы. Шеберлігі де жетілген. Ақынмен жолығысар шақ азаймасын деп тілейік. Адамдық рух тәуелсіздігін сақтай білейік.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 том. Тәуелсіздік кезеңі (1991-2001). – Алматы: ҚазАқпарат, 2006. – 528 б.
2. XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011). – Алматы: Арда, 2011.
3. Қирабаев С. Ұлт тағдыры және қазақ әдебиеті. – Алматы, 2011. – 640 б.
4. Шаңғытбаев Қ. Азаттық күнгі жыр // Қазақ әдебиеті. 1996. – 22 қазан.
5. Ораз Нұрғожа. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы, 2007.
6. Иран-ғайып. Жыр әлемі. – Алматы, 1996.
7. Тәжібаев Ә. Кешер ме екен? // Қазақ әдебиеті. 1999. – 22 қазан.
8. Сейітов С. Серпер. – Алматы, 1994.
9. Айтхожина М. Атамекен // Қазақ әдебиеті. 1995. – 25 тамыз.

10. Жақып Б. Қолтаңба. – Алматы, 2001.
11. Нәжимеденов Ж. Менің Қазақстаным. // bilimkozy.idhost.kz/1873-soz.html
12. Ерғалиев Х. Шертолғау. – Алматы, 1994.
13. Сапарбай И. Бармақтай бақ. 1997.
14. Егеубаев А. Таңдамалы шығармалар жинағы. Үш томдық. 1-т. 2005.
15. Иманасов С. Бес томдық таңдамалы шығармалар. 2-т. 2007.
16. Қазақ әдебиеті №27-28. – 6-13 шілде. 2012.
17. Мәукенов Н. Жоғалды жыл, жоғалды ай, жоғалды күн. – Алматы, 2004. – 145-б.
18. Қазақ әдебиеті. 23 желтоқсан. 2008.
19. Ораз Н. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-т. 2007.
20. Қазақ әдебиеті. 16 ақпан. 2009.
21. Ахметова К., Асанов Қ. Махаббат. – Алматы: 2006. –62-б.
22. Ниязбек Р. Құлагердің құлыны. 2008.
23. Аманжол Қ. Сабат. – Алматы, 2008.
24. Шаханов М. Эверестке шығу. 2003.
25. Қазақ әдебиеті. 7-қыркүйек. – 2012.
26. «Жұлдыз» журналы. №7. – 2012.
27. «Жұлдыз» журналы. №5. – 2012.
28. Белинский В.Г. Үш томдық шығармалар. – Москва, 1948.
29. Молдағалиев Ж. Үш томдық шығармалары. 2-т. – Алматы, 1980. – 8-б.
30. Жайлыбай Ғ. Тобылғыжарған. Өлеңдер. Толғау. Поэмалар. – Астана, 2011.
31. Медетбек Т. qasym.kz/index.php?option=com\_content&view=article...
32. Жайлыбай Ғ. Тобылғыжарған. – Алматы, 2011.
33. Оңғарсынова Ф. Даланың жақұт жырлары. Кіт.: Жайлыбай Ғалым. Тобылғыжарған.
34. Оразалин Н. Жүрекжарды. Таңдамалы жырлар. – Алматы, 2007.
35. Белинский В.Г. Үш томдық шығармалары. – Москва, 1948. 1-т. 634-б.
36. Оразалин Н. Жүрекжарды.
37. Оразалин Н. Қоздағы шоқ. – Алматы, 2008. – 232-б.
38. Қазақ әдебиеті. 8 маусым 2012.
39. Қазақ әдебиеті. 17 маусым. 2011.

#### 4. Жыр басы – Елбасы

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан басталған өзгерістер қазақ қоғамының барлық саласын қамтып, жаңа мемлекеттік құрылымдарды өмірге әкелді. 1991 жылдың 25 қазанында егемендік туралы декларация қабылданды. Сол жылдың 1 желтоқсанында Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. Ел басқарудың президенттік институтымен қатар парламент (әуелі бір, кейін екі палаталы), көппартиялық азаматтық қоғам, үкіметтік емес ұйымдар, тәуелсіз ақпарат құралдары т.б. ұйымдасты. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа конституциясы қабылданды. Осы негізде Қазақстан мемлекеті халықаралық қауымдастыққа кірді. БҰҰ, ТМД, ЕҚЫ сияқты беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды. Жоспарлы шаруашылықтан нарықтық экономикаға көшті. Қазақ жерінде болған осы ұлы өзгерістердің басы-қасында, оларды ұйымдастырушы болып еліміздің тұңғыш президенті өзі жүрді.

Қандай да болсын, ұлы тұлға өздігінен тумайды. Оны өмір сүрген орта, заман, қоғамның өзі және замандастарының арманы мен тілегі тудырады. Ол туып, есейіп, қоғам сырын, халқының мұң-мұқтажын ойына түйе жүріп, қайраткерлікке тәрбиеленеді. Өмірін туған халқы үшін, оның мүддесі жолына жұмсайды. Қоғам қызметін ел тілегімен ұштастырып, ұлттық рухпен көріктендіреді, адамзаттық биік мұраттармен нұрландырады. Сөйтіп өз мерейін де, ұлттың мәртебесін де көтереді. Ұлт мүддесін бәрінен де жоғары қоятын, шын патриот, ұлт қайраткері осылай туады. Н. Назарбаев Қазақстан үшін осындай үлгідегі көсем басшы болып шықты. Оны тәуелсіздік үшін күрестің ауыр жолын өткен халықтың бәрі бір ауыздан мойындады. Қазақ ақындарының тәуелсіздік пен Елбасы тұлғасын қатар жырлауының негізгі себебі де осында.

Нұрсұлтан Назарбаевтың тәуелсіздік жолындағы күрестерде көрсеткен қажыр-қайраты, елді ұйымдастырып соңынан ерте білу қабылеті, ескі ұғымдағы Жоғарғы Кеңеспен жүргізген таластартыстар-дағы жеңісі кім-кімді де болса риза еткендей еді. Сөйте жүріп ол тәуелсіздік декларациясын, президенттік институтты сол Кеңестен өткізді. Жаңа мемлекеттік аппарат құрды. Осы ұлы өзгерістерді бастаудағы Елбасының қызметі мен тарихи рөлі қазақ ақындары арасында тілектестік туғызды. Әсіресе, қарт ақындар оның еңбегіне жылы пейіл танытып, болашағына тілек батасын берді. Сол кезде тоқсанды орталап, «Дихан баба» атанған Дихан Әбілов:

Тарылмасын деміңіз,  
Бүгілмесін беліңіз,

Шығымды болсын жеріміз,  
Береген болсын кеніміз,  
Беделді болсын төріміз,  
Шырайлы болсын еліміз,  
Есен-сау болып өзіңіз,  
Қарақты болсын көзіңіз,  
Дұғалы болсын сөзіңіз,  
Ал, Нұрсұлтан қарағым,  
Тарихпын деп сеніңіз!  
Әумин! [1, 9] – деп жазды.

Ақынның бата-жыры елдің қамын ойлаудан басталып, Елбасына ауысуы оның ұғымындағы ел мен ердің бірлігін танытатыны даусыз. Елдің демі тарылмауы, белі бүгілмеуі өлеңде басшының есен-сау болуымен, көзінің қарақтылығымен байланысты екені тауып айтылған. «Дұғалы болсын сөзіңіз» деген ұғымды қазақ сөзімен елді тоқтатқан, өзі де сөз түсінетін, шешен де көсем басшыларға арнап айтқан. Жердің шығымды болуы, кеннің береген болуы да Ел басқарған азаматтардың ісі саналған. Соларды қайталай отырып, Дихан ақынның көреген көзі жаңа басшыны танып, тілек қосады. «Беделді болсын төріміз» деген тіркес төрдегі басшының халық арасындағы беделінің жоғары болуына қосылған тілек. «Тарихпын деп сеніңіз!» дей отырып, қарт ақын Елбасы есімінің ұлы өзгерістер тарихымен, ел өмірімен тарихқа кіргенін, әлі де онымен жалғаса беретінін айқындап жеткізеді.

Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов та өлеңін «Ақ бата» деп атапты. Ол Елбасының бойындағы жақсы қасиеттерінің бәрін қазақы ұғымның бейнелі тіркестерімен ашуға ұмтылады. Тұлпарлық, сұңқарлық, өрлік, ерлік, кемеңгер көрегендік, жүйрік ойлылық сияқты сипаттарды Елбасының жан-жақты талантын танытарлық образ есебінде пайдаланады. Мысалы, тұлпарлығын дәлелдеу үшін адалдық, әділдік, туралық деген ұғымдарды, сұңқарлығын танытуға дүниені шарлап ұшқанын, әлемді кезгенін мысал етеді, өрлігін, ерлігін – тәуелсіздік туын көтеріп, қазақ жеріне демократияның қазығын қаққанымен түсіндіреді, кемеңгер көрегендігін Астанадай қала салуынан таниды, жүйрік ойы мен тағдырдың тартысын жеңуін таулардан, теңіздерден асатын тамаша жол салуымен сипаттайды. Осыларды жинақтап,

Ұзақ жасап,  
Бар болыңыз!  
ТМД-ның ішінде нар болыңыз!  
Жарлыларға жар болыңыз!

Жақсылыққа зор болыңыз!  
Жемқорларға тор болыңыз!  
Жарамсаққа сор болыңыз!

Еңбекшіл халыққа қамқор болыңыз! [1, 10]

деген оймен батасын аяқтайды. Оны «ұлттың ұлы жыры болыңыз!» деген әдемі түйінмен шектейді.

Қазақ өлеңінде Елбасының адамдық бейнесін, ел бастар көсемдігін, тағы басқа қасиеттерін танып, ұлы образын жасауға ұмтылыс осы жырлардан басталып, жалғасады. Осындай үлгіде, тілек-бата түріндегі жырлар Тұрсынхан Әбдрахманова, Өмірзақ Айтбайұлы, Қомшабай Сүйеніш, Орысбай Әбділдаұлы, Дулат Тұрантегі, ел ақындары Қалыбай Айдашұлы, Мырзағали Байбосынұлы, Темір Тілемісұлы, т.б. авторларда кездеседі. Олардың өлең-жырларында, бата-тілектерінде Елбасы еңбегіне баға беріліп, оған халық атынан тілектер қосылады. Елбасы бейнесін жаңаша тануға, поэтикалық образ есебінде бейнелеуге ұмтылыс жасалады. Мысалы, Тұрсынхан «Елімнің тірегі – Асқақ Бәйтерегім» десе, Өмірзақ Айтбайұлы оны: «Елімнің ерек сұлтаны, Бәйге бермес тұлпары, әуелеп ұшқан сұңқары» бейнесінде суреттейді. Қомшабай Сүйеніш тәуелсіз елдің ұраны, көк байрағы сияқты символдарды Назарбаев есімімен шендестіре отырып, оны «Қырдағыны қалт жібермес қыранға» теңейді. «Сарқылмасын өзің ашқан бұлағың, жарқырасын өзің жаққан шырағың» деген тіркестер де жаңа, жақсы өмірдің шапағатты тіршілігі тікелей Президенттің халықтық қызметімен байланыстылығын ашуға пайдаланылған.

Осы тектес Ел президентіне арнаған бата-жырлар шынайы әдебиетке лайық көркем туындыларға ұласады. Оны қарт ақын Әбділда Тәжібаев бастаған еді. Ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ (1995) ел үмітін «Нұрсұлтан» деген есіммен байланыстыра қарай алды. Қазақтың қиын тағдырын:

Өтті ғой күндер  
Құдайым әрең сақтаған.  
Шұбырынды жылдар –  
Атанған сонау «Ақтабан», –

деген өлең жолдарымен еске алып, ендігі үмітін де, сүйенішін де Елбасынан күтті.

Сенерім де бүгін,  
Сүйенерім де бүгін – Нұрсұлтан.  
Көсемнен күткен  
Үміттерімді ақтаған! [1, 41], –

деді. Соңғы тармақтарда үлкен сыр, қазақтың мұңы мен арманы жатыр. Кезінде, Кеңес заманында, теңдікке қолымыз жетті деп

түсінген қазақ жаңа өмірге деген бар үмітін көсемнен күткен еді. Оның ақталмағанын ел көрді. Ендігі үмітті бүгінгі Президенттен күтетін елдің тілегін Әбділда ақын ашық жазып, сол үміттердің ақтала бастағанын көріп қуанады. Шағын да болса, өлең осындай үлкен идеяны көркем сурет арқылы бейнелеуге жол ашты.

Тағы бір қарт ақын Сағынғали Сейітов Президент сайлауы кезіндегі таңдау сезімін өлеңге қосты.

Жүрек сөзін өзіңізге арнаймыз,  
Жанымызды жаныңызға жалғаймыз.  
Баламасыз басшымызсыз бүгінгі,  
Ертеңге де  
Сізді ғана таңдаймыз.

...Ел тізгінін қолыңызға береміз,  
Сап түзетіп соңыңыздан ереміз.  
Бәрімізді жетер жерге жеткізер  
Сіз ғанасыз!  
Сізге ғана сенеміз! [1, 42], –

деп жазды ол. Өлең ақынның жеке басының сезімін бүкіл халықтық ой мен таңдау дәрежесіне көтереді. Ел тілегін білдіреді. Көзі жеткен шындықты ашық айтып, оған балама болатын адамның жоқтығын дәлелдейді. Сөйтіп, «Сізді ғана таңдаймыз», «Бәрімізді жетер жерге жеткізер сіз ғанасыз, сізге ғана сенеміз» деген түйін жасайды. Өлеңдегі «Жүрек сөзі», «Жанымызды жанымызға жалғаймыз» деген тіркестер, бүгінгі өмірді «шығыс жақтан шапақтаған таңға» теңеу, «күнге қарай көтерілген кезі», «Ел тізгінін беру» сияқты образдар оның бейнелілік сипатын арттыра түседі.

Бүгін ортамызда жоқ қазақ поэзиясының дүлдүлдері – Ғафу Қайырбеков, Қадыр Мырза-Әлі, Тұманбай Молдағалиевтер де сол тұста туған халқы атынан осындай ұлы сезімге үн қосты. Бәрі де Президент есімін қазақтың алдан күткен үміті мен арманының символындай таныды. Ел мен Ердің табысуын, біріне бірінің сенімін шабыттана жырлады. «Елбасына» деген өлеңінде Ғафу:

Тұрғам жоқ бос дәріптеп, төгіп өлең,  
Жаралғам адалдықтың тегінен мен.  
Жетсе де Қазақстан қай биікке,  
Қашан да сол биіктен сені көрем.

Ол – менің отаншылдық мақтанышым,  
Ақындық ақ шабытым, аппақ ісім.  
Мен емес, мақтанады туған дала,

Ұлдарды «Елім» дейтін тапқаны үшін [1, 43], – деген жолдармен Елбасына деген көзқарасын ашық айтты. Жағынып көлгірсіп емес, адал көңілінен, ақындық ақ шабыт пен аппақ ақ тілігімен айтты. Өлең 1993 жылы – тәуелсіздіктің алғашқы тұсында-ақ жазылған еді. Ақын сол кездің өзінде-ақ Елбасына сенді, тілегімен оны қанаттандырды, өзі де заман рухына басын иді. Ақын сөзі тегін айтылмағанын бүгін, одан 20 жыл өткеннен кейін де көріп отырмыз. Президенттің алғашқы сайлауы болған тұста да Ғафу осы ойын жалғастырып, «лайық ол, байқасаң, қазақ түгіл, әлемді де әдемі басқаруға» деп еді. Ол да пайғамбар сөзі екен ғой.

Қадыр Мырза-Әлі өлеңін мұндай мадақтау жолымен емес, белгілі оқиғаға негіздеп, ел аралаған тұста көрген-білгендерін суреттей отырып жазды. Соны «Елдің әлемі» ретінде Елбасына жеткізуге жол тапты. Ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдары халық басынан кешкен қиындықтар туралы айтты. Ауылдың малдан айрылғанын, параның абыройы өскенін, адамдардың пейілі мен қарым-қатынасы, бір-біріне сенуі азайып бара жатқанын жасырмады. Елбасына мұндай шындықты бас салып жеткізе қою оңай емес екені белгілі. Бірақ Қадыр тауып айта білетін, оны жеткізудің жолын да сыпайылықпен таба алатын ақын еді ғой. «Бүгінгі мынау қиындық жайлы айтсам мен, сіз соны көрмей отыр-ау деген сөз емес» деп бастап, «жеткіз деп түгел жолдады сәлем Ел менен, мен сізбен күнде сырласып жүрген адамдай» деп, міндетін кішілікпен атқарады.

Өртүрлі ойлар,

Өртүрлі пікір әр үйде.

Көреген көздер алдамшы сөзге ери ме?!

Марапат,

Мадақ,

Мақтаудың бәрі – достық та,

Сынаудың бәрі дұшпандық емес, әрине!

...Сенеміз:

Ертең ғажайып қоғам орнайды.

Жеткенше соған қаншама қазақ сорлайды.

Ақындар әсте халықтың сөзін сөйлейді,

Президентін де қорғайтын тұста қорғайды [1, 45-47], – дегенді де қосып қояды. Мұның бәрі Президенттің қытығына тиіп алмай, шындықты жеткізудің жолдары. Сонымен бірге ол осының бәрі Президент білетін жайлар екенін, оған да оңай болып тұрмағанын сыпайылап жеткізе білді.

Аз емес қазір кінәлі менен жазықты,  
Ішмерез жандар ішқұса қылды-ау нәзікті.  
Бір пәле кетсе,  
Бір пәле келіп орнына,  
Білеміз әсте,  
Білеміз сізді қажытты.

Кей жерде кейде әділін айтар жоқ ұлық,  
Жылайды жандар маңдайы тасқа соғылып.  
Халқыңыз бізге белгілі әбден,  
Жыртықтың  
Тіксеңіз бірін,  
Біреуі жатыр сөгіліп.

Шырылдап жүрсіз,  
Шырылдап жүрсіз, білемін.  
Шығады бірде,  
Шықпайды бірде бұл егін.  
Өсетін елдің өзін ұмытып әкімі,  
Кемеңгер болып ойлауға тиіс түлегі [1, 47].

Сөйтіп, ел сәлемі өлең түрінде Елбасымен заман және бүгінгі қоғам туралы сырласуға айналады. Ақын сыпайылап отырып, ел басқару ісінің қиындығын да, әкім қандай болуы керектігін де ескертеді. «Ең үлкен өнер – нан табу емес, жан тану» – дейді. Сөйтіп ол Елбасына ел аманатын тапсырады, міндет артады. Президент сайлауының нәтижесіне ризалық білдіріп, «Сол баяғы ескі орынға жаңаша отырыңыз! «Құлазиды кей тұста өрісіміз, сол өрісті қалпына келтіріңіз!», «Әзәзілден тазартып айналаны, олқы тірлік, олқы ойды толтырыңыз!», «Бетпақ дала тәрізді бет көбейді, қызармайтын соларды қызартыңыз!» – деген тілек-талаптарын қосады. Қадыр өлеңі – тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел басына түскен ауыртапшылық туралы алғашқы туындылардың бірі. Елдің көңіл күйін бейнелейтін жаңа өлеңдер туғанмен, олардың көбі Президенттің өзімен шындық туралы тілдесуге бата алған жоқ. Оны Қадыр ақын ғана орындады.

Тұманбай өлеңдері Нұрсұлтанның алғашқы қадамынан бастап, бүгінгі жігіт ағасы күйге жеткенге дейінгі өсу, азаматтығы жолын шолуға құрылады. Одан Президенттің «жас қырандай жарқылдап шыққан» жалынды жастығын да, «Төле бидей артық туған» кемеңгерлігін де, «жанарында жасынның от ұшқындап орда бұзған» кезін де көрсете алған. Ақын осы арқылы бүгінгі замандағы елі сеніп, тағдырын ұстатқан жаңа қаһарманды таниды. Қаһарманның



бойында ерлік те, ізгілік те, махаббат та, ел деп елжіреген сезім де мол.

Сонда сенен бір қазақ аспап еді,  
Биік едің,  
Көңілің асқақ еді.  
Жылап тұрып сүйіп ең елдің туын,  
Жұрт көзінде сонда бір жас бар еді [1, 50], –

деген өлең жолдары ел сеніміне көз жасымен жауап берген, бүкіл ауыртпашылықты, жауапкершілікті өз мойнына артқан Азаматтың тұлғасы ашылады. Оған деген сенім де күшті. «Ел сенеді өзіңе – ұл мен қызы әкесіне өзінің сенгеніндей», «Ел сенеді өзіңе – ұл мен қызы Анасына өзінің сенгеніндей» деген әке мен ана сенімін қабаттап айтқан өлең тармақтары одан биік сенім жоқтығын дәлелдеп, еріне деген ел махаббатын білдіреді. «Сен де еліңе сенесің – жұлдызына, батыр, бағлан жігіттің сенгеніндей» деген жолдар – ердің еліне қайтарар жауабы. («Ел өзіңе сенеді»). Президенттің ел сеніміне қайта иен болып, екінші рет сайланғанын Тұманбай «тарих тағы қолыңа ту алғызды» деген өлеңінде жырлады. «Қайта міңдің атыңа, ақ атыңа, халық өзі мінгізді, өзі қалап» дейді ақын. Ол ел мен ердің табысқанын, жарасымды бірлігін, Елбасының халқына сіңірген ұлы еңбегін жырға қосады.

Азаматқа қашан да арман серік,  
Саған еріп секірдік жардан сеніп.  
Мемлекет атанып,  
Сен жақпақ па ең,  
Отымызды қашаннан қалған сөніп.

Шаңырағын шайқайды әр үйімнің  
Жаңа жолға халқыңды тағы үйірдің  
Сол от лаулап жанады әр ошақта,  
Жүрегінде жанады сәбиіңнің.

...Баста, батыр, бақытқа байтағыңды,  
Халқың тағы өз сөзін айта білді.  
Аспан түстес көгілдір айшық туың  
Астананың үстіне қайта ілінді [1, 51].

Ақынның «Жаңа жылдық жыр», «Сен жайлы көп ойлаймын», «Нұрсұлтан, сені ойладым» атты өлеңдері оның Елбасы туралы ойларын, сезім арпалыстарын, билік пен ақынның бірін-бірі түсініп табысқан халықтық ынтымағын көркем бейнелеуге құрылған. Бұларда елдің бүгінгі қолы жеткен табыстары да, Елбасының ерен

еңбегі де, ол жайлы сеніммен сыр айтқан Алатау да, жыр айтқан табиғат құсының үні де ақындық биік шабытпен суреттеледі. Ақын да өз айтар аманатын іркіп қалмайды.

Қандай жақсы үмітпен өмір сүру,  
Жаңбырлардың мақсаты жерге сіңу.  
Бабалардың арманы – білім алу,  
Аналардың арманы – бала өсіру.

Сөздеріңнен естимін сенім үнін,  
Соқты оңынан қазақтың желі бүгін.  
Анаға да, балаға қамқор болу,  
Ең бірінші міндетің сенің, інім! [1, 56].

Осы тектес Президентке арналған пафосты, шабытты жырлар Рафаэль Ниязбек пен Шәмішбай Сариевтің шығармашылығынан көрнекті орын алады. Рафаэль жырлары бұл тақырыпқа арналған өлеңдерді қайталауға емес, сондағы бар және өзіндік ойларды жинақтап, таза қазақы шешендікпен, тапқырлықпен жыр түрінде түйіп айтуға құрылады. Оның «Тізгінін берсе әлемнің» атты өлеңінде өзіндік түр мен жыр мазмұны жарасымды түйіскен. «Арғымақ мінген жаратып, жалғанда жалғыз ағайым, әлемге сәуле таратып, Аспанда жүзген арайым» деген тармақтардағы автордың қаһарманын өзіне меншіктеп, иемдене сөйлеуі соңғы суреттермен жалғасып, Елбасының әлемдік тұлғасын ашады. «Ту етіп рухын жұртымның, көкірегінен өжет от өрген» деген жолдарда да ғаламның жүгін көтерген ұлт тұтқасының еңбегі танылады. Автор ылғи түсінде қаһарманының «көгілдір әлем ішінде нұрға айналып» жүргенін көреді. «Қаратаудың жиып қуатын, Алатауда өскен шынарың» деген жолдардың алдыңғысы қазақ тарихына меңзелсе, соңғысы оның түлеп ұшқан мекенін айғақтайды. Сөйтіп өлең «ғасырда бір-ақ туатын, ғасырдың ұлы шығарсың» деп қорытылады. Елдің азат болуы, «сенімнің семсерін ұстап» болашаққа жол тарту ел тәуелсіздігін айғақтай түседі. Ақын «әлемнің тізгінін берсе, басқарып-ақ кетер едің» дейді. Бұл – ұлы таным әрі сенім.

Осы үлгідегі Рафаэльдің тағы бір өлеңі – «Арыстан кеуде айбыным». Мұнда елдің батырларын жырлауы дәстүрі қолданылады. Кей тұстары, бүкіл өлеңнің рухы, интонациясы Махамбеттің Исатайға арналған өлеңіне ұқсап кетеді. Бірақ оны қайталау емес, ескі жыр, толғау үлгісінде бүгінгі заманның батырларына арнау.

Жұлдызы көктен жалтырап,  
Алаштан туған Айбозым.

Сақтанған көздің сұғынан  
Алдаспан болған Арысым.  
Алатаудың заңғар шыңынан  
Алысқа секірген Барысым [2, 21].

Осылай өлең арнаған қаһарманын биік қойып («Жұлдызы көктен жамырап», «Алдаспан», «Алысқа секірген барыс») алып, оның халық үшін жасаған жақсылықтарын тізеді. Олар – «шөл қысқан қуаң белеңге» аққан теңіз боп құю, «егеулі найза ұстап» қорғау, «жасынан атқа мініп» бақ қуу, «қатерлі семсер астынан еңкеймей өту – бәрі де образ. «Әділетсіз әлем бетінде қап қойған жалғыз ұятсын» дейді оған. «Теңіздей шалқар айдын», «Арыстан кеуде айбын» түрінде көру де өлеңнің бейнелілігін арттыра түседі.

Рафаэльдің «Өзің ғана халқыңның таңдағаны», «Нұр-аға» өлеңдері де осы ойды толықтырады. Алғашқы өлең сайлау алдында Президентке айтылған кеңес сияқты. «Елдің арық тоқтыдай күйі қашқанын» айта отырып, ол «халық нанын жеп үйренгендер көп, бірақ сіздей елдің қамын ойлайтын ешкім жоқ», мәртебелім, топқа түс» деп ақыл береді. «Мәртебелім, өзіңнің бағынды емес, Сайлауға түс халқыңның бағын сынап» – дейді.

Елің ішіп жатқанда нарық қанын,  
Азамат жоқ ойлаған халық қамын.  
Сайлауға, Аға, түскенің –  
тағынды емес,  
Халқыңды ойлап, Арды ойлап,  
Жаныққаның [2, 21].

Соңғы өлең сайлауда жеңіп шыққан тұлғаның табысына ризалық білдіріп, оның ел басқару ісіндегі өнегесін мадақтау үлгісінде жазылған. Ол тізгіннен айрылып қалмағанына тәубә айтып, «қазақтың қашқан бағы қайта қонды» деп қуанады. «Нұр-аға ғасыр туған тұлға», «Қазақтың киесіне айналған», «Ақордадан көктем лебі еседі» деген ұғымдардың өзі тұлғаны таныту үшін алынған.

Көңілімде бір аспан күркіреді,  
Жасыл жайлау құлпырып, қыр түледі.  
Нұр-ағаның арқасы шығар, бәлкім,  
Туған елдің көзінде күн күледі [3, 4].

«Нұр-ағаның нұрлы жолы», «Нұр-ағаны жырласам» өлеңдері де ел тағдырын ойлаған ақынның шабытты шағының жемістері. Ақынның көңіл күйі Нұр-аға есімімен байланыстыра ашылады. Оның есімі жырға қосылғанда, ол аруақтанып кетеді, «көңілімнің көліне арай тұнады», «шалғыны тербетіліп», «тереңінде алтын балық жүзеді», «Туған жердің тасы да тітіреніп», «Өмірімнің өзені өрге ағады»

дейді. Екінші өлең кешегі қазақ тарихын еске түсіру арқылы «Нұр-ағаның нұрлы жолына» жетудің тарихи маңызын көрсетуге арналған. Қазақ жүрген ескі жолдардың бәрінің біттеленіп қалғанын Рафаэль нақты образдармен аңғартады. «Есім салған ескі жол ғайып болған, ескі киім секілді көнеленіп», «Подвалдағы архивке жол тартқан-ды Қасым салған қасқа жол таспаланып», «Ақ патшаның ақ жолын шаң басқан-ды», «Өліктердің құралған қаңқасынан, сұм Кеңестің он бойы қан сасыған» сияқты бейнелі тармақтар өткен өмірдің қазақ үшін ауыр болғанының белгісі. «Нұр-ағаның нұрлы жолы» оларға қарсы қойылады. Ұзақ азаптың нұрлы жаңаруы деп ұғады.

Көкірегін жылытқан сұр даланың

Бәрі биік жұлдызы мұнараның.

Нұрлы арманға жетпеуі мүмкін емес,

Нұрлы жолды таңдаған Нұр-ағаның [2, 77].

Шөмішбайдың бір өлеңі «Ұлы жүкті көтеретін өзің бол» деп аталады. Ол халық атынан сөйлеп, ел қалауымен Президенттікке ұсынылған Назарбаевқа өлеңмен аманат артады. «Мен халқымның жүрегі боп сөйлеймін, елдігімнің атынан бұл – аманат» дейді.

Зиялымның қаймағы едің, Президент!

Үміт артып сайлады елің, Президент!

Ұлы жүкті көтеретін сенімнің

Тұғырына байлады елің, Президент!

Қолы жетпес сенімге әркім, Президент!

Барлы болсын еліңде әркім, Президент!

Қайыр сұрап тұрса біреу көшеде,

Ол да болса, сенің халқың, Президент!

Бәрі сенің – елің, жұртың, Президент!

Қазақ деген сенің ұлтың, Президент!

Келер ұрпақ жат қолында құл болып

Сатылмасын жерің бір күн, Президент! [3, 58].

Ақын аманатында «Қазағымның жер мен суы, орманы, әрбір төбе, әр тасына абай бол», «Әр бір суда, әр тамшыда жанар бар, әрбір құмда сүйегі бар бабамның» деген ескертулер де бар. Осы арқылы ақын Президенттің ел мен жер тағдыры үшін жауапкершілігін арттырады.

Әр өлеңнің шығу, жазылу тарихы болады. Шөмішбайдың «Елбасы» деген өлеңі Нұрсұлтан Әбішұлының Алматыда Ғабит Мүсірепов театрында зиялы қауым өкілдерімен кездесуі үстінде туған. Өлең сол кездесудегі әсерді баяндайды.

Айтар ұрпақ бүгін және кейін де,  
Жаралғанбыз сенім менен мейірге.  
Ел аралап, ел халқыңмен кездесіп,  
Шомылдыңыз ықылас пен пейілге.

Бұдан артық ел-жұртыма не дейін?  
Болдың патша – Хан Тәңірге теңейін.  
Күллі әлемнің тұлғалары алдында  
Үстем еттің бұл қазақтың мерейін.

Бұдан әрі ақын Астананы салудың ерекше маңызы болғанын әңгімелейді. Әлемнің әртүрлі бас қалаларын көргенін, Астананың олардан кем еместігін айтады. Қазақта да талай хан-сұлтандар өткен. Бірақ қала салған бірі жоқ. Көріп тұрып, мұны бағаламауға болмайды.

Жұлдыздарын жайып салған түн ғажап.  
Тәуелсіз боп атқан әрбір күн ғажап.  
Болашақта болам деген бола алса,  
Дәл өзіндей бола білсін бір қазақ [2, 33].

Темірхан Медетбектің «Ұлы сенім» атты өлеңі де сайлауда жеңіске жеткен Ел Президентін құттықтауға арналады. Ол да халық сенімін – ұлы сенім деп атайды. «Өзіңе артады ғой ұлы сенім, жүгі де сол сенімнің ұлы болмақ» деуде де сол сенімге лайық болу аманаты аңғарылады.

Әлемнің атыңды атап жар салғаны –  
Еліңді төрге оздырып қарсы алғаны.  
Қасыңнан табылсыншы қазағымның  
Маңдайы кере қарыс жайсаңдары.

Қиындық болсын мейлі – еңселімін,  
Сол бақыт – бүгін екен өнсе гүлің.  
Киелі, қасиетті, құдіретті  
Қадырле Елтаңбадай ел сенімін [4, 74].

Президент жеңісіне аманат артқандардың ішінде Серік Ақсұңқарұлының «Алла тапсырды Алашты сенің қолыңа» деген өлеңі өзінің өлендік форма жаңалығымен де, терең мазмұнымен де, Елбасы ықпал етуге тиісті тіршілік көлемінің кеңдігімен де ерекше тұр. Ол – тарих тапсырмасы. Ол «Ел қорыған қызғыш құсты, жер қорыған ерлерді» сақтауды, «Көңіл-мұз, жерің-тоң, топырақтағы қазынаң біреудікі» дей отырып, соған иелік етуді тапсырады.

Құладың құсың қор болса, қиырдан ұшып жетермін.  
Хан ұлынан артық болмаса, кем емес

Менің несібем.  
Елімді айтсам Едігеге кетермін.  
Күн астында  
Күнікей!  
Күлтегіндей  
ұлымыз!  
Жылағанды  
жұбат!  
Қисайғанды  
түзе!  
Құлағанды  
тұрғыз!

Алла тапсырды Алашты сенің қолыңа! [5, 24-25]

деп жырлайды.

Президент туралы жырлар осылай, негізінен, оның халық алдындағы еңбегі мен қызметін көтере айтумен жалғасады. Оған теңеу таба алмай қиналушылар да байқалады. Несіпбек Аитов «Елетміш, Ататүрік даңқыменен Елбасы ұғымының аты бірдей» («Елбасы») десе, Сәбит Досанов «Сіз, Нүреке, Әз-Тәукенің көзісіз, Ең ұлы хан Абылайдың өзісіз» («Ғасырларда туар сіздей данышпан»), – дейді. Жадыра Дәрібаева «Ұқсатам Күлтегіндей кемеңгерге» («Кемелділік») десе, Шәкізада Әбдікәрімов қазақтың атақты хандарының көшін жалғастырушы есебінде қарайды. «Есім салған ескі жол, Қасым салған қасқа жол» – Ізіңнен ерген көшті көр, Нұрсұлтанмен асқақ ол» («Бағына туған қазақтың») деп жырлайды. Мақсұт Неталиев «Қазақтың сұлтаны», «Арайлап атқан нұртаңы», «Талмайтын жарыс десе тұлпарысың, самғайтын ғарыш десе сұңқарысың», «Алатау-Алматының шыңы, ал сіз байтақ елдің бөлек бір тауысыз» деп теңеуді бірінің үстіне бірін жамап қабаттап жібереді. Бәрі де жақсы тілектің белгісі, жеткізіп айтсам деген ойдан туған талап. Осынша халық ықыласының көрінісі табиғаты ақын халықтың ұлылы-кішілі ақын-жырауларының аузымен Елбасына арналады.

Өлең мазмұнымен де, түр өзгешелігімен де, құрылысымен де біркелкі емес. Әрқилы ізденістерді танытады. Солардың ішінде ақындар өздері куә болған жеке бір оқиғаларға, ұлы адам атқарған ұлы істің бір бөлшектерін көріп, соны жинақтап бейнелеуге деген ұмтылыс та байқалады. Мысалға Күләш Ахметованың «Астана Саммит. Салтанат» деген өлеңін алайық. Ол қазақты, Қазақстанды шет елдердің тануының қиындығын еске алады. Алғаш Араб еліне барғанда, «қазақ» деген сөзге түсінбей, өзін «Россия», «Русь» қабылдағанын, қызы Америкаға барғанда оны «Жапон» деп,

Еуропаға барған ұлын «Қытай» деп танығанын өлең жолдарына түсіре отырып, бүгінгі Қазақстанның әлемді мойындатқанын өлеңге арқау етеді.

Нұр-аға! Ел мүддесін дәл ұқтыңыз,  
Күрмеуін күрделінің ағыттыңыз.  
Қазақты, Қазақстан деген елді  
Жаһанға жарқыратып таныттыңыз.

Енді, міне, Астанаға әлем елдері жиналып, Саммит өткізіп жатыр. Қазақстан деген елді әлем мойындады, қазақтың кім екенін таныды. Саммиттің қуанышы ақын көңілін көтеріп, қазақ рухы биіктегенінің куәсі боламыз.

Киелі даламызға байырғы ұлы,  
Келіпті кемеңгерлер ойы үлгі.  
Күткеннен асып түсті Астананың  
Аса зор салтанатты дайындығы.

Айтса жұрт көзі көрген анықты айтсын,  
Кең пейіл, кемел ойлы жарықты айтсын.  
Әлемнің өкілдері қазақ деген  
Ұлы елдің ұл-қыздарын танып қайтсын [4, 72-73].

Өлең жеке бір фактыдан тәуелсіз Қазақстанның әлем алдындағы жеңісін танытатын үлкен ой түйеді. Оның бойын елге, халыққа, Отанға деген мақтаныш биледі.

Марфуға Айтхожина «Алланың нұры сүйіп маңдайды ашық» деген өлеңін Елбасының ант беру сәтіндегі ойы мен сезім-күйін суреттеуге құрады. Ол – президенттің қайта сайлаумен екінші мерзіміне өткен кезі болатын. Оның ант беруге сахнаға қарай келе жатқан жолының өзінен ақын «маң-маң басып», халқының тағдырына жауапкершілікті сезінген басшының ойлы күйін аңғарады. Өткен жеті жылда жеті ғасырға татырлық тарих жолын аттаған халықтың басшысының жолының ақтығына тілек қосады.

Ақ жолмен келе жаттың маң-маң басып,  
Алланың нұры сүйіп маңдайды ашық.  
Халқыңның мейір, тілек,  
Махаббаты ол,  
Қинаса сансыз ойлар,  
Таңдарды асып [4, 173], – дейді ол.

Несіпбек Аитов «Елбасы» деген толғауын Президенттің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының аясындағы сөзінен әсерленіп жазыпты. «Мазмұны, мағынасы терең жатқан» «Қасиетті аталы сөз» ақынды Қазақстан тарихының жаңаруы мен

Елбасы тұлғасы туралы ойлануға бастайды. Ол Елбасы еңбегін Ататүрікпен салыстырады. «Арқаға Астанадай қала тұрды», «Тұлғасы кемеңгердің арқа-тірек – түбі бір, тілегі бір күллі Алашқа», «Дүниенің төрт бұрышы түгел көрді, төрінде көш бастаған Елбасыны», «Атынан Ақорданың билік айтып, төраға Европаға болды қазақ», «Бұл әлем қашан тұтас біліп еді қазақтай жер бетінде халық барын», «шығарды Нұрсұлтаның тайсалмастан, тақаппар Европаның қақ төріне», «Аждаһа полигонның аузын жауып, ғаламдық тұншықтырды зор қатерді», «Сұңғыла саясатпен сара тіліп, Ерітті тарихтағы тоңның мұзын», «Бір жерге барлық діннің басын қосып, әлемің ықпал етті тағдырына» деген жолдар толғаудың түйінді тұжырымы ретінде қазақ елі басынан кешкен жайларды шолу арқылы жасалады. Осы ұлы істер Қазақстан атынан Елбасы атқарған зор жаңалықтар болып тарихқа енді, әрі жалғаса бермек. Ақын оны:

Тудырған қайталанбас алып тұлға,  
Қазақтай бақыты зор халықтың да.  
Самғайды алтын топшы самұрығы  
Қанатын болашаққа қағып тура [4, 177]

деген жолдармен түйіндейді.

Оразақын Асқардың «Ту ұстаушы» өлеңі Жоғарғы Кеңесте тәуелсіздік үшін күрес жүріп жатқан кезде болған бір оқиғаны еске ала жазылған. Жиында Елбасының туу сыртында тұрған жаңа көк ту бір жағына қисайып құлауға ыңғайлана бастапты. Ел демін ішіне тартып, шошынып қалған. Сол кезде арқа тұсында тұрған тудың қисайғанын байқап қалған Елбасы жалт бұрылып, шапшаңдықпен туды ұстап қалады. Ел ду қол соғады, жақсы ырымға балайды. Өмірдің өзі ұсынған сыннан, сөйтіп, Елбасы сүрінбей өтеді және бұл оқиғаның символдық та мәні зор еді. Туды ұстап қалу Елбасының оны болашақта да берік ұстай алатындығының белгісі сияқты болатын.

Өлеңде осындай үлкен ой да, болған оқиға суреті мен оны байқап қалған адамның психологиялық толғаныс сәті де ақындық сезімталдықпен, суретке түскен.

Елге ұсынып әр бір сәт ғаламатты,  
Дүр сілкініп арман, тау, дала жатты.  
Демін ішке тартып ел тына қалды  
Жерге қарай ту көлбеп бара жатты, –

деген шумақтың алдыңғы екі тармағы – ел тәуелсіздігіне байланысты іргелі шешім қабылдаған жиынға деген халықтың ғаламат ой-сезімін танытса, соңғы тармақтар тудың көлбеп кетіп бара жатқанын елестетеді.



Желкесінде қырағы көзі бардай,  
Арқасымен әп-сәтте сезіп, Алла-ай!  
Жалт бұрылып жеткізбей жерге туды  
Ұстап қалды Президент өзі қармай.

«Уһ» деп демін алып ел ду қол соқты.  
Қапелімде ұсынып ойда жоқты.  
Құдай өзі Елбасын сынағандай,  
Куә етіп, дүйім ел, жиын топты [2, 22].

Мұнда да туды ұстап қалу сәті жақсы суреттелген. «Желкесінде қырағы көзі бардай», «Арқасымен әп-сәтте сезіну», «Жалт бұрылып», «Ұстап қалу» – бәрі де елді «Ой, Алла-ай!» дегізеді және таң қалдырады. Өлеңдегі символдың, оны жақсы ырымға балаудың, «Құдай өзі Елбасын сынағандай» деп ойлаудың төркіні Елбасының осындай күйде туды ұстап қалған ерлігі мен құдайдың да, елдің де, мәжіліске қатысушылардың да сынынан өтіп, туды қасында берік ұстай алатынын дәлелдегендей. Оқиға шын болған. Ол кезінде депутаттар арқылы да, баспасөзде де елге жария болған.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясында Н. Назарбаев туралы жазылған жыр көп. Олардың баспа бетін көргені де, көрмегені де, көркемдік деңгейі жоғарылары да, оқырман ойы ретінде қиысқандары да аз емес. Оның барлығы бірдей әдеби процеске ықпал ете алмайтыны түсінікті. Олар қашан да іріктеле, сұрыптала береді. Әдеби-көркемдік шамасына қарай әдеби құбылыс болса ғана, талдауға алынады. Тарихтан өз орнын алады. Соған қарамастан Елбасына арналған әрбір өлең, жыр, арнау, тағы басқалары тәуелсіздік көсемінің еңбегіне деген халықтық ой-пікірдің, сезімнің шынайы көрінісі есебінде қабылданады. Өйткені ол – сол елдің басшысына деген риза көңілінің, ізет-құрметінің, сүйспеншілігінің белгісі. Қазақ тарихында дәл Нұрсұлтан Әбішұлы сияқты өмірі көркем шығармаға арқау болған Азамат көп те емес болар. Сондықтан тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиетінің бас кейіпкері болуға оның толық хақы бар. Соған лайық әдебиет бетінен орын да алып отыр.

Сөйтіп, Нұрсұлтан Назарбаев бүкіл саяси-қоғамдық, халықтық қызметімен, азаматтық тұлғасымен елдің егемендік жолындағы күресінің символы болып әдебиетке енді. Оның ісі мен қажыр-қайраты өмірдегі өзгерістері мен халықтық ұлы істердің пафосына айналды. Тарихи-қоғамдық алмасулар тұсында халқына бас болып, солардың арман-тілегін арқалаған, сенімді басшы болған тұлғаның ұлттық әдебиеттің бас қаһарманы болуы – тарихи заңдылық екені де

даусыз. Оны бүгін заман шындығы да, әдеби даму үрдісі де, тарих та дәлелдеп отыр.

Біздің сөз еткеніміз – осы құбылыстың туу, көркем шығарма ретінде танылуы, қаһарманның образын ашу жолындағы алғашқы ізденістер мен әдеби тенденцияны тану ғана. Ол әрі қарай толығып, нақтылана берері хақ.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Жүректен жеткен жырлар. Елбасы Н. Назарбаев туралы өлеңдер, толғаулар мен дастандар. – Алматы, 2011.
2. Тәуелсіздіктің нұрлы таңы. – Астана, 2010. – 21-б.
3. Ниязбек Рафаэль. Құлагердің құлыны. – А., 2008. – 4-б.
4. Жүректен жеткен жырлар. 58-б.
5. «Алтын тамыр» журналы, №1. 2012. – 24-25-бб.

### 5. Астана – жыр бесігі

Қазақстанның тәуелсіздігін орнықтыруда мемлекеттің жаңа астанасы – Астана (бұрынғы Ақмола) қаласының маңызы үлкен. Әуелгі облыстық шағын қала бұл күні миллионға жуық халқы бар, республиканың ірі қалаларының біріне айналды. Онда ел тәуелсіздігіне қызмет ететін аппараттың бәрі жинақталған. Астананы білмейтін адам жоқ, қазір оны әлем үлкен, салтанатты қалалардың қатарына қосып қарайды. Европада, италияндықтарда «Барлық жол Римге апарды» деген қанатты сөз бары белгілі. Біздің елімізде «Барлық жол Астанаға апарды» деп айтылады. Француздар: «Данышпандар елдің шет қалаларында туып, Парижде өледі», дейді екен. Қазақтар да осы салтты мойындай бастады. Күлтегін жазбасында «Түрік қағаны Өтукен қойнауында отырса, елде мұң жоқ» деген сөз бар. Біз де Елбасы Астанада отырса, шаруамыз түгел деп ойлаймыз. Қазақ ежелден астанасын сыйлаған. Түркістанның кіші Мекке аталуы осы түсінікті анық аңғартады.

Тарихи мәліметтер ел астанасын Ақмолаға көшіру тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап күн тәртібінде тұрғанын баяндайды. Бірақ ол идеяның бірден іске асуына сол тұстағы еліміздегі экономикалық қиыншылықтар мүмкіндік бермеді. Әуелі ел жағдайын жөндеп алу керек болды. 1995 жылы тәуелсіздіктің бес жылдығы қарсаңында ғана Елбасының «Қазақстан Республика-

сының астанасы туралы» жарлығы шықты. 1997 жылдың 10 желтоқсанында жаңа астанаға көшу басталды. Алдымен мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің туы мен Елтаңбасы жеткізілді. Үкіметтік ұйымдар көшті. 1998 жылы қаланың тұсаукесері жасалды. Ақмола аты Астана боп өзгертілді. Қала тіршілігі қауырт еңбекке бөленді. Құрылыс қарқын алды. Бұрынғы педагогикалық институт Евразия университеті болып қайта құрылды. Күлтегін жазуы жеткізіліп, университет қабырғасына орнықты. Қазақтың елдігі мен мемлекеттігін танытатын тарихи ескерткіштер көбейе бастады. Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің, Абылай мен Кенесарының, Абайдың ескерткіштері ашылды. Кеше Кеңес заманында келмеске кеткен Алаш арыстары ақталып, жаңа Қазақстанды қайта құрудың идеялық бағдарламасын жасауға қатысты.

Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазіргі кезде Астана біздің келешегімізге қатысты маңызды шешімдер қабылдайтын мемлекетіміздің саяси орталығы ғана емес, ұлттық рухымызды ұйғытып отырған рухани ордамызға айналып отыр. Кешегі өткен замандарда атамекенін ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған халқымыз бүгін бейбіт бәсекеде намысқа шаба білді. Жасампаздық істерде жасқанбай, ата-баба аманатына адалдық танытты. 10 жылдың ішінде Астана әлемдегі ең жас та танымал астаналардың бірі ретінде нақты елордалық ауқымға ие болды. Елордамыздың аты халықаралық сөздік қорына тез-ақ енді, әлем картасында өзіне-өзі сенімді мемлекет пайда болғанын аңғартатын маңызды мағынаны ала келді», – деді Астананың 10 жылдығы аталып өткен жиында [1, 317].

Бүгін астананы көшіру туралы шешімнің шын мағынасындағы тарихи құжат болғанын көріп отырмыз. Ол тәуелсіздіктен туған ұлы реформалардың, жаңарудың, өміршең идеялардың қайнар көзі болып табылды. Халықты асқақ рухта тәрбиелеуге қызмет етіп жатыр. Елжандылыққа, отаншылдыққа, ел мен жерді сүйуге үндеуде. Ондағы әсем тұрғын үйлер, мемлекеттік мекемелер ғимараттары, демалыс пен ойын-сауық орындары қаланың мәңгілік сипатын танытты. Астана ән-жырға бөленді. Осының бәрін іске асырушы есебінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұлы еңбегі ақындардың қаламына ілікті, жыр басы Елбасынан басталды. Ақмола Астана атанып, ел көше бастаған күндерде жырын Елбасына арнаған Тұманбай Молдағалиевтің көңіл күйі алғашқылардың бірі болып, өлең жолдарына түсті.

Жұлдызыңды биіктен тағы көрдім.

Қамқорысың қашаннан қалың елдің.

Ақындарда болатын туралықпен  
Жарылқаушым осы деп жаныңа ердім.

Өзеніміз, туымыз, көліміз көп.  
Жақсылықтың жүрсің сен жөнін іздеп.  
Қошеметін көрсетті ел де саған  
Ертеңіне апарар Ерiмiз деп.

Бақыт ерiп, өзіңе дәулет ерiп,  
Жүргенiн де көрдiк бiз, тәубә етелiк.  
Халық үшiн батырды өмiр сүрген  
Қастерледi елi де хан көтерiп [2,7].

Ақын өлеңдерінде Елбасының еңбегі жалаң айтылмай, халық тіршілігімен бірлікте жырланған. Оның қуанышы мен қайғысы елінің көңіл күйін бейнелейді. «Қазақтың көзін ашса бір бұлағы, мың бұлақ көз ашқандай қуанасың», «Еліңе ие болдың жастайыңнан, киесіне айналдың, қуанса қуанышын бөлісесің, жыласа қамқоршысы болып жұбатасың» дейді ол. («Баланың жүрегіне бақыт әкеп, Даланың көкірегіне гүл егесің»).

Кәкімбек Салықов Астана көшесінен «бабалар көшкен із көрдім» дейді. Ұлы көшке ілесе Астанаға қоныс аударған ақын «Мен де енді тұрғынымын Астананың» деп мақтанады [2, 10].

Ұлы көшке ілесе, қызмет бабымен Астанаға келген Қайрат Жұмағалиев:

Көрдiм елдiң  
Ұлан асу асқанын.  
Болашаққа  
Батыл қадам басқанын.  
Сарыарқаның  
Қақап тұрған қысында,  
Жылытты кеп  
Қайсар замандастарым [2, 14], –

деп жазды. Шынында, сол бір желтоқсан күндерінде Ақмоланың қысы қайратына мініп тұрғаны есте. Бірақ суыққа қарамай, ақынның «қайсар замандастары» қиыншылық сезінген жоқ, қайсарлықпен аязды сындыра білді. Қарсы алушылардың қалың тобын суық жасқандыра алмады. Көш ойға алғанын істемей тынбайтын қазақ мінезінің қайсарлығын алға тартты. Осыны байқаған Марфуға Айтқожина:

Қараңдаршы, бұл не деген мықтылық,  
Қарсы алуда туған елің тік тұрып.

Сіз келесіз, бүкіл әлем жұртына

Қазағымның

кім екенін ұқтырып [2, 16], –

деп шаттанды.

Көш алдында Астанаға тәуелсіз қазақ мемлекетінің рәміздері жеткізіліп еді. Халық қуанышпен күтіп алған тәуелсіздіктің көк туы, елтаңбасы, Ел ұраны Астана аспанында атойлап тұрды. Белгілі тәртіппен поездан түсіріліп, әскери адамдар вокзал алдынан алып өткен рәміздер жұрт көңіліне ерекше әсер етті. Осы оқиғаның куәсі болған Оразақын Асқар «Ұлттық байрақ», «Рәміздерім» өлеңдерінде ұлттық рәміздің тарих алдындағы қазақ халқының жеңісін дәлелдегенін қуана жазды.

«Ұлттық байрақта» ұлттық тудың қабылданған кезіндегі қазақтың сезімі мен мақтанышы жарасымды суреттелген. Киелі көк байрақты «халықтың ар-намысына» балаудың өзі қаншама биік. Ол төбеңде желбіреп тұрса, көгің жайнап, жігерің жанылады. Осы ту астында бабалар талай жеңіске жеткен. «Астыңа сенің жиналар шеттегі, жота айдағы» – тудың бірлікке үндейтін сөзі. Азаттық үшін арпалыста халық ең алдымен туын қорғаған, оны құлатып алмауға тырысқан. Бүгін сол дәстүр жаңғырығын, көк ту «дербес елдіктің айғағы» болып тарихқа енді. Ақын осы идеяны жарқын бейнеде аша білген.

Киелі ұлттық байрағым,

Ар, намысым – айбарым.

Төбемде тұрсаң желбіреп,

Көгімнің білем жайнарын.

Безендірген бұл тумен

Бабалар жеңіс майданын [3, 18]

Бір ауыздан айтылып ел ұраным,

Елтаңбаммен әлемге таныламын.

Бір жағадан бас шығып, бір жеңнен қол,

Көк туымның астында табыламын [3, 20].

Ақындар аузынан айтылған осы қанатты сөздер Астанаға, ел тәуелсіздігіне, Елбасына деген сенімнен туған еді. Астана әсем қалаға айналып, ел үмітін ақтады. Онда жаңа сарайлар салынды. Тәуелсіздіктің символы болып Бәйтерек бой көтерді. Ол қазақ аңызында көп жырланған, бұтағына самұрық құс ұя салып, балапандарын ұшырған Бәйтеректің бейнесін танытты. Қазақ ақындары осыдан бастап Астана жырын бір сәт үзген емес. Жалғастырып жырлаумен келеді. Астана тақырыбына қаламын құрғатпай еңбек етіп жүрген ақындардың алғашқы легінде Кәкімбек Салықов көзге түсті.

Ол күнделікті баспасөз беттерінде көптеген өлеңдер бастырып, кейін «Әлемнің сегізінші ғаламаты» атты (2007) жинақ шығарды. Оған Астанаға арнаған өлеңдері мен әндерін, толғауларын кіргізді.

Әлем сұлулыққа табынған. Көне дәуірдің өзінде дүние жеті кереметті танып таңырқап, аңызға айналдырғаны белгілі. Олар: Египеттің пирамидасы, Вавилондағы Семирамиданың аспалы бағы, Эфестағы Артемиданың храмы, Фидий салған Олимпийдегі Зевстің тас мүсіні, Галикарнасс мавзолейі, Родос аралындағы күн құдайы Гелиостың үлкен тас мүсіні, Александр маяғы. Кейіндеу бұған римдиктер Коллизейді қосқан. Кәкімбек Астананы «Әлемнің сегізінші ғаламаты» санайды. Осы аттас өлеңінде ол әр көшеде сұлу қыздардай қатар түзеген әдемі ғимараттарды «Қаланың түнгі оттары шашылғанда» «алтыннан алқа таққан аруға» ұқсатады. Көрмесен, құмарың басылмайтын сұлулық осы қалаға жиналған сияқты. Оны ұшқан құс та қиып тастап кетпейді. Ерке Есіл сәулесімен аялайды. Қалада керемет бір паңдық, өрлік, кербездік, биіктік бар.

Астана – сенсің заман аманаты.

Жасадың сан биікке жаңа саты.

Өзіңсің ерке Есіл аялаған

Әлемнің сегізінші ғаламаты [4].

Басқа бір өлеңінде ақын «Астананы Азияның ару қызына» теңейді.

Ай қабақ, жайма шуақ жүзі қандай!

Ақ гүлдей сүйгің келер үзіп алмай.

Астана – Азияның ерке қызы

Марқайған келіншектер қызығардай! [5, 10].

Жас сұлуға қызыға да, қызғана да қарау, тамсанып болып, оның артықтығын мойындауға батылы жетпей, күндестікпен қарау – әйел атаулының ескі мінезі. Әлем мемлекеттерінің астаналары кәрі күндестер сияқты бүгін жас Астанаға осылай қараса, оны түсіну керек. Бірақ оның ұлылығын, жастың келешегі ұзақ, бақыты биік екенін тарих түсіндірмей қоймайды. Жаңа Астананың да болашағы мол. Ақынның «Азияның ерке қызы – марқайған келіншектер қызығардай» деп отырғаны да осы болар.

Кәкімбек «Астана – тәуелсіздік тақ-тұғыры», «Көгілдір туы елімнің», «Бәйтерек – Астананың бойтұмары», «Аққу қала – Астана», «Астананың келбеті», «Туған күнің, Астана, құтты болсын!», «Астананың ажары», «Үйлермен жазылған романс» сияқты өлеңдерінде Астана ажары мен тұтас тұлғасын әр жағынан көріп, жаңаша танып жырлайды. Астанада тәуелсіздік тізгінін берік ұстап отырған тақ пен тақ иесі «қазақтың арман жолын басқарады». Астана Ақордадан басталады. Осы қала ақын суреттеуінде ылғи да Есілге

қонған аққуды немесе Есілдің жағалауын жарқыратқан Аққудың ұясын елестетеді. «Ай қабақ, жайма шуақ», «ақ қанат, ашық қабақ» күйінде жарқын бояумен суреттеледі. «Туған елдің ажары», «Жаңа өмірдің айбыны», «Сұлулық сені қатты құшқан», «Аңыз қала» сияқты теңеулер мен метафоралар қаланың өмірдегі орны мен қызметін де айқындап тұр. Қала сұлулығын арттырып тұрған әсем ғимараттар мен ескерткіштерге, олардың тұлғасы мен мүсініне ақын айрықша ізденіспен түртінге қарайды. Әрқайсынан бір бейне іздейді. Қаланың көркін көтеріп тұрған «Бәйтерек», «Пирамида», «Зажигалка», «Элеватор», «Астана триумфы» сияқты құрылыстар мен Абай, Пушкин, Кенесары, Сәкен ескерткіштеріне жеке-жеке өлең арнайды. Ол бәйтеректі «Астананың бойтұмары» санайды. Халық аңызындағы бұтағына самұрық ұя салған, көлеңкесімен қалың елге пана болған бәйтеректі бүгін жаңа тәуелсіз ел өз символына айналдырды. Бәйтерек – ұлт таңбасы, ұлт рухы. Ол тәуелсіздікке ұмтылған халқына қуат береді. Қаланың көркін қалыптастырады, болашаққа меңзейді. Ақынның бәйтеректен мейірбан аналардың батамен қол жайып жатқан алақанын, жас баланың аспалы бесігін көруі де сондықтан. Бойтұмардың мазмұнында да осы ой жатыр.

Пирамиданың төркіні Мысыр екені әлемге аян. Қазір жаңа пирамидалар туып, дүние жаңарып жатыр. Астанада салынған пирамида Бейбітшілік пен келісім сарайы есебінде Қазақстандағы және әлемдегі халықтар достығына, қарым-қатынасына қызмет етуде. Онда Ассамблеяның сессиялары, халықаралық жиындар (оның ішінде діндер өкілдерінің) өтеді. Пирамида салудың идеясы Қазақстан президентіне тиесілі де, жобасын жасаушы дүниежүзіне аты таныс сәулетші Лорд Фостер мырза. Кәкімбектің:

Кең көңілде ақ тілегім мол қандай,

Айту қиын сезім селін толғанбай,

Қанаттандым

Біздің тұңғыш Президент

Бар қазақтың Фараоны болғандай [5, 8], –

дейтіні де осыдан. «Мыңжылдықтар құрылысы» Астанаға келіп, киелі төрге аруақ қонып», «Рим мен Париж сүйсініп», Астанаға бата беруі – өлеңнің идеясын да, мазмұнын да белгілеген. Ақын Астана құрылыстарының әр қайсысына лайық сөз, бейне табуға тырысады. Мәскеу университеті үйінің жобасымен салынған «Астана триумфы» тұрғын үйін ол «Мәскеудің келін болған қызы дерсің, Ерке Есіл серік болған талғамына» деп жырлайды. «Элеваторы» – Қазмұнайгаздың, «Зажигалкасы» – жираф сияқты мойны ұзын Минтранскомның үйі. Олардың да элеваторға, зажигалкаға ұқсастығы суретке түскен.

Астананың кіре беріс екі босағасындағы екі зәулім үй – жолаушының жолын тосқан қонақжай қос келіншекке ұқсап, қаланың маягына айналғанын да ақын тауып айтқан. Астанадағы Пушкин ескерткішін көргендегі Кәкімбек ойы да жаңа. Бұрын ылғи мұңды ақынды көретін ол Пушкинді жүгіре басып, қуанып, тәуелсіздікті құттықтай келген бейнеде таниды. Шынында да, Астана ескерткіші кеңпейіл, жаны жарқын ақынның өзгеше бір көңіл күйін аша суреттеген. Ал, Сәкен ескерткішінен тәуелсіздік күткен жанның ұлылығы мен сабырлылық көреді. Абайдың Астанаға қарап тұрған ойлы бейнесіне көңіл аударып, Кәкімбек оған тәуелсіз елдің астанасы жайлы сыр шертеді. Ел жағдайын әңгімелейді. Ал, «Кенесары кемеңгер» өлеңінде өз заманында бостандықтың ұраншысы болған, отаршылдыққа қарсы күрескен, Қараөткелдегі ақ патшаның бекінісін өртеген Кене хан ескерткішін Кәкімбек жаңаша таниды. Оның «Сал күреңін» жұлқыntyп, көк Есілден қарғып өтетін адам сияқты бейнесінен болашаққа ұмтылысты көреді. «Дала қыранының» есімі «елдің сөнбес шырағы», «әр жүректе алаулаған» жалын түрінде суреттеледі. «Кенесары Абылай мен Нұрсұлтанның арасын жалғап тұр» деген ой да жаңа.

Кәкімбектің тәуелсіздік туралы жақсы жырларының бірі – «Көгілдір туы елімнің». Мұндағы көгілдір ту – таза аспанның жаңғырығы. Ол көктегі күнмен тілдесіп, қазақты мәңгіге біріктіреді. Оның мәңгілік, халықтық сипатын түсіну үшін мына жолдарды оқу керек.

Көгілдір көп қой ғажаптар,  
Көк күмбез мешіт жамылды.  
«Көк атым» дейді қазақтар  
Ақбоз атын ағынды.

Түсіндей лағыл көк тудың,  
Теңеуді көкшіл көптеттік.  
Балапандарын аққудың  
«Көгілдірі» деп кеттік.

Көгілдір көлдер, асқар бел,  
Көк мұнар толқын, бұлт басқан.  
Шөпті де қазақ «көк» дейді,  
Көк жиекпен ұштасқан.

Көк түске құмар қарттар да,  
Ел үшін міндет өтеген.



Қол жайып ғибрат айтқанда,  
«Көгерсін, – дейді, – көсеген» [5, 11].

Көк, көгілдір түс қазақ көңіліне жағатын, оның көкірек көзін ашатын түс болуы – оның ұлттық туының мән-мазмұнын ұғындыра түседі.

Осы және басқа Кәкімбек өлеңдері жиналып, Астана туралы ойды толықтырады. Ақын Астана бейнесін жан-жақты суреттеуге ұмтылған. Тіпті Астананы қоршаған Арқа табиғатын да (қыстағы ақ боранына шейін), қаланы қақ жарып ағып жатқан ерке Есілді де жырынан тыс қалдырмайды. Бәрі де сәнді, көңілді, қала көркімен ұштасып жатады. Осыларды жинақтай келіп ол «Астана бар қазақтың бас қаласы» деп айта алған. Өзі де Астанаға келіп қоныс тепкенін қуана жырына қосады.

Көшіп келдім Астанаға мен кеше,  
Өстер ме едім зор қуаныш жеңбесе,  
Көңіл жығып,  
Қалай ғана шыдайын,  
Есілдегі Елордасы «кел» десе.

Бөгенбайдың көшесінде тұрамын,  
«Бәйтерек» те жарқыратты шырағын.  
Қарлы аязда ауыл қызы құшқандай,  
Күн күлімдеп,  
Жайнатып тұр шырағын [5, 12].

Өлең қандай тақырыпқа арналса да, ақынның көрген, сезінген оқиғалары мен құбылыстары жайлы ойы мен сезімін таныту үшін жазылады. Ол әсерлі болуы үшін ақын жүрегі арқылы өтуі тиіс. Лирикалық туындының мазмұны таза болған істің көшірмесі емес, субъектінің өзі және ақын жүрегі арқылы өткен жаңа бір өмір шындығы. Субъект объективті шындықпен бірігіп, бір тұтас көзқарасты, шындықтың шынайы суретін жасайды. Астана сияқты жаңа әсем қалаға арналған өлеңдерде осы суреткерлік аса қажет.

Ескі Ақмолада ұзақ жылдар қызмет істеп, бірге жасасқан ақын Нұрғожа Ораз жаңа қаланың салтанатына ерекше көзбен ризалық танытты. Оның «Астана», «Алтын діңгек – Астана», «Жаңа Астана», «Астанамыз – ұлы дала жүрегі» атты өлеңдері Астана көркінің көзі болған табиғат сұлулығын, сонымен жарасқан қаланың өзгеше көзтартар көрінісін табына суреттеген ақынның көңіл күйін бейнелейді. Ол Астананың «әр ғимараты – Тәжімахал, құмар көзді байлайды» дейді.

Есіл – алқап, ерке қыздың бұрымы,  
Ақ самалың – асыл дәрі тұнығы.  
Бар қазақтың жанарында жарқ етіп,  
Жағылдың сен – жан тербеді жыр үні [5, 63].  
Астана сұлулығына табынған Нұрғожаның:  
Астанаға, ақ қалаға қараңдар,  
Ақорданы сылап-сипап, тараңдар.  
Мәңгілік ел астанасын Ай бейне,  
Аймалайық, айналайық, жараңдар! [6]

деп жар салуы да жайдан жай емес, құмарлықтан, сұлулыққа табынудан туған көңіл-күйі.

Астана қуанышына қазақтың ақын қыздары да жедел үн қосты. Марфуға Айтхожина «Астанамыз – перзенті Елбасының» деген өлеңмен құттықтады. Өлең Астананың 10 жылдығына арналған. Ақын Астананың еліміздің тәуелсіздігін бекітудегі рөлін атай отырып, он жылдың ішінде «такаппар елдерменен бой теңестіруімізді», Астананы елімен жалғастырып Ақорда дүниеге келгенін, «Астана – Елбасының перзенті» екендігін жырлады. Ертеде-ақ қазақ «Ақмола – қазақ жерінің кіндігі» деген екен. Сол арман іске асты деп шаттанады.

Ойларың бастау алды бұлақтардан,  
Жұртыңа жақын адал сыр ақтарған.  
Астана – Елбасының перзенті ғой,

Жаралған шұғылалы шуақ таңнан [6], –  
дейді ол Елбасына қаратып. Шұғылалы шуақ таң – тәуелсіздік таңы ғой, Астананы туғызған осы таң шұғыласы екенін ақын айта білген.

Күләш Ахметова «Аңсарым – асқақ Астана» деген өлең жазды. Бұл өлең де тәуелсіздіктен, Елбасының ұлы қызметінен, Астанадан рухтанған ақынның көңіл күйіне толы. Ол өзін бүкіл жан дүниесімен солармен бірге сезінеді.

Бұлтқа бойлап, желге ілесіп желбіреп,  
Саған қарай көңіліммен көштім мен.  
Жұлдыз біткен нұр себелеп үстімнен,  
Жүрегімді қолыма алып ұштым мен [7, 220], –

дейді. «Маң далада жаңа туған сән қала» оны қызықтырады, желпіндіреді. Бір кез Президентке қарап, оның Астананы салудағы ұлы еңбегін сөз етеді.

Президент!  
Бұл Астана өзіңнің  
Ерлігің хәм ең тәуелсіз идеяң, –

дейді.

Сәнді қаланың көркіне көзі тойған Күләштің оқырмандарына сұрақ қойып, Астана жайлы сыр бөлісетін тұстары да тартымды.

Бәйтеректің басына сен шықтың ба?

Сарыарқаның саф ауасын жұттың ба?

Өзегінді жарып әппақ бір сезім,

Өз еліңнің ұлылығын ұқтың ба? [7, 221]

Қазақстанның халық ақыны, белгілі қайраткер Әселхан Қалыбекова Астананың он жылдығын бүкіл қазақ тойы деп ұқты. Сондықтан ол елінің асқа, тойға баратын ұлы жиындарының дәстүрін еске алады.

Сарыарқа сауын айтып сан арыстан,

Құйылды құтты жырлар қаламұштан.

Түп-түгел төрт құбыла тойға елеңдеп,

Қанатын керіп жатыр Қазақстан.

Жарасып құлын-тайы жетегіне,

Жиылды ел Арқадағы мекеніне.

Пейілі қазағымның бере салған,

Төккен қан, аққан жастың өтеуіне [7, 223], –

деген жолдардан бұл айқын көрінеді. Тойға келген көптің атынан да ақын Астана сәулетін қазақы ұғымдармен төгілдіре жырлайды. «Сәукеле ғимараттар маңдайларын жүз түрлі жақұттармен өрнектеген» сияқты ауыз әдебиеті образдарын да қолданады. Қаланың мәңгілігін паш етеді.

Зымырап күн ақса да, жыл ақса да,

Ынтызар ізгілікке бұлақ сана.

Тірлігін тектілердің әйгілейді.

Нұрсұлтан қазық қаққан Нұрастана [7, 225].

Астана тарихын Елбасы есімін байланыстыра қарау, жаңа қала салып, астананы көшірудің негізгі идеясы Президенттікі екені, оның ешкімнің айтқанына көнбей, қасарысып, ойындағысын істеуі көптеген ақындар өлеңдерінің негізгі мазмұнына алынды.

Шәмшібай Сариев:

Астана Нұрекеңнің дастанындай,

Әр жолын жазып жатқан өз қолымен.

Астана Нұрекеңнің өлеңіндей.

Нұрсұлтан Әбішұлы жазған жырлар

Аяулы Астанамның әр көшесі [7, 226], –

деп жазды «Астана» өлеңінде. Ол жаңа Астанадан ата-баба армандарының орындалғанын көреді. «Ұлылар көшелері қиылысып, жатқандай бір бірімен амандасып», «Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би – төрінде үш би отыр Астананың», «Ат басын бұрған бері Ақмолаға, Арманы болған талай Алашымның», «Астана шеру тартқан Орынбордан», «Астанам Сыр бойына қоныс тепті, Орынбор төрін сыйлап Ақмешітке», «Ақмешіт Алатауға төр сыйлады», «Алматыға рахмет кіндік жұрты – Астанасын сыйлаған Ақмолаға» деген өлең жолдары осы тарих сырынан мол дерек береді. Жаңа Астана – солардың жалғасы. Жаңа өмірдегі қазақ өркениетінің орталығы.

Рафаэль Ниязбек те Астана мәртебесін асқақ жырларға қосады. «Астана» өлеңінде ақын «Ерке Есілдің жағасы баққа айналған, шымқай жасыл желекпен көмкеріліп» дейді. Бұл көтеріп айту емес, нақты шындық. Астана тәуелсіздік жылдары мағынасында жасыл қалаға айналды. «Күннен күнге биіктеп жатыр өсіп, зәулім үйлер қол созып көкке қарай» – екені де шындық. Сонымен қатар Астана әлемдік деңгейдегі бейбітшілік қаласына айналды. Онда әртүрлі кездесулер, жиындар ұйымдастырылып, әлем тыныштығының, басқа да мемлекетаралық саясаттың мәселелері қозғалуда.

Айдарынан айбынды жел ескені,  
Қай елмен де иығы теңескені.  
Құллі әлемнің ағылған басшылары  
Астанада бас қосып кеңескелі.

Ақиқаттың сөнгенде шырағы өшіп,  
Тіршіліктің жайқалмас шынары өшіп,  
Жер-жаһанның тоң-мұзын жібітуде,  
Астананың жүзінен шуақ есіп [6, 116], –

деген ақын сөзінде Астананың халықаралық қарым-қатынастағы қызметі ашылады.

Жәркен Бөдешұлының «Ақ орда, ақ бесік, ақ бөбек» өлеңі ақынның қаламен танысуы әсерінен туған. Ақорда көк туын желбіретіп, оны қасына шақырғандай. Бәйтерекке шығу да көңіл қуанышы. Алтын тауға шыққандай. Сол биіктен ақын қалаға көз салады. Астана алтын бесік ішінде тербетілген жас балаға ұқсайды. Кіндігін патша кескен. Ол бесікті тербетіп, жас балаға тілек білдіреді.

Көңілде жоқ бұлтарыс, қалтарысы.  
Тілеуін тілеп отыр алты арысы.  
Марқайып келе жатқан сағат сайын  
Алаштың осы болар Алпамысы [6, 121].

Алпамыс батырға ұқсап, сағат сайын өсіп келе жатқан бала тәуелсіздіктің иесі – жаңа ұрпақты да, өркен жайған жаңа қаланы да, тәуелсіз ел бейнесін де елестетері анық.

Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына арнап Астанада өткізілген жыр мұшайрасында Серік Ақсұңқарұлы «Алла менен Алаштың арасында» атты өлең топтамасы үшін екінші бәйге алған еді. Астана және қайта туған қазақ рухы туралы бір жақсы өлең – осы. Серік оқырманға бұрыннан таныс, биік образдар іздейтін ақын. Осы ізденіс өлеңде анық байқалады. Өлең атының өзі де сол биік образды белгілейді. Алла мен аспанның арасындағы көпір – Астана. Ал, оның иесі қазақ – өртке түсіп, қайтадан өз күлінен өзі қаулап шыққан феникс, Қараөткелдің топырағын қақ жарып өскен Бәйтерек. Қазақ тегі – көктүркі. Көк аспанда көк тәңірі тұрғанда, көк түркілер кем болуға тиіс емес. Олардың болашағы (қазақ солармен бірге) айқын. Абай, Низами, Тоқтағұл аттары мәңгі. Олар күнге қарай жол тартуда. Өлең көктүркілер рухын әспеттейді.

Құдай үні құлақты зар еткенде,  
Елендеп ек бері өтіп, әрі өткенде.  
Хантәңірін қалдырып Алматыда,  
Көк тәңірі келіп тұр Қараөткелге [6, 109].

Осы мүшәйрада үшінші бәйге алған Наурызбек Сартаев «Астананы Алаштың алтын тәжі» деп атайды. Одан кемел елдің келбетін таниды. «Шермен өткен ғасыр шегініп, қазақ өркениет көшіне ұрандап» ілескенін көреді.

Сәулеті асып Бұқара, Самарқаннан  
Сан сараймен самсады самарқау маң.  
Самұрық құс салыпты жұмыртқасын  
Самаласын төгілтіп Сарыарқамнан [8, 90].

Ғалым Жайлыбайдың жырлауындағы Астана табиғат сұлулығы мен сезімге толы өлеңдерден тұрады. Табиғат пен адам сезімі араласып кетеді. Есіп аққан Есілдің ерке толқынын ақын сұлулардың сыңғырлаған сырғасының үнімен шеңдестіреді. Мағжанның шолпысын еске түсіргендей. Лирикалық қаһарман одан қазақтың бақытын көреді, соны іздеп келеді. «Есілге келдім ес жиып, етек жапқалы, Нұраға келдім ертеңгі нұрлы күн іздеп» дейді ол. Өткен өмірдің ауыр суреттерін еске алады. «Дауыл да көрдім, ордамның түндігін үзбек, Ауыр да көрдім толған мұң сұмдығы тізбек». Астананың бораны да әдемілікке боялған. Әппақ түс – әппақ көңіл, Әппақ нұр сияқты. Ел қондырған Есіл жұрт жағасына («Есіл ағады», «Астанада, Ақпанда»).

Астананы жырлауға қатынасқан ақын көп. Бұл тәуелсіздіктің астанасы арқылы қайта туған қазақ еліне, оны жаңғыртуға

арналған Елбасы қызметіне деген үлкен құрметтің белгісі еді. Әркім ойындағысын айтып қалуға ұмтылады. Мұны тәуелсіздік пен Астанаға, Елбасына арналып өткізілген әдеби шаралардан анық көреміз. «Тәуелсіздіктің нұрлы таңы», «Астана – жан шуағым», «Жүректен жеткен жырлар» т.б. кітаптарда жиналып берілген көркем шығармалар – осының дәлелі. Бұған аттары белгілі ақындармен қатар, жас таланттар да, ойын өлеңмен өріп ұсынғысы келген қарапайым халық өкілдері де қатысқан. Біразының аты оқырманға таныс та емес. Бәрі де жаңа сөз, жаңа ой айтуға тырысады.

Аты белгілі ақындар ішінде Мәди Қайынбаев, Бақытжан Тобаяқов, Сәбит Бексеит, Жанат Әскербек, Тортай Садуақас, Айбатыр Сейтақ, Ербол Шәймерден, Сабыр Адай өлеңдері өзіндік ерекшеліктерімен танылады. Мәди «Айбарың ассын, Астанам!» өлеңінде Астананы даланың дүрсідеп соққан жүрегіне теңейді. Астана тарихын Елбасы атымен тікелей байланыста қарайды.

Бабамнан қалған ұран деп,  
Астана жұртты айналып.  
Қазақты қазақ қылам деп  
Дауға да жауға сайланып.

Жігерін жанып өреннің,  
Талпынтып өрге бір биік.  
Қаланы мола дегеннің  
Аузына бүгін құм құйып.

Нұрсұлтан сынды ұлымен  
Жаңаша дәуір бастаған.  
Жасаған жаппар нұрымен  
Жасай бер мәңгі, Астанам! [8, 103] –

деп тілек білдіреді ол. Оның «Астананы игерушілер» өлеңі табиғат қаһарынан именбей қала салушылардың еңбегін мадақтауға құрылған. Сыртта боран уілдеп тұрғанда, іште баланың іңгәлап жатуы жаңа өмірдің үні екенін сезесің.

Бақытжан «Арқаға қоныс аудардық» өлеңінде Астанаға келген көш суретін береді. Есіл қарсы алып, Алатаудың сәлемін қабылдайды. Елдің шат көңіл күйі, қала салу, оны көріктендіру, азаттық ойларының мекеніне айналдыру суреттері ата-баба арманының орындалуы деп ұғады. «Сарыарқа сауырынан көтерілген Астана – бақ пен құттың ордасы» деп түйеді ойын.

Сәбит Бексейіт Астананың халық бойына рух дарытушылық ролін көтере жырлайды. «Қанаттанып қайтқан адам сезімі – өзін өзі билеу-

ге жеткен адамның символы» деп қарайды. Және ол Астананың бүкіл қазақ даласының жаңаруына ықпал етіп жатқанын, халық мәртебесін көтергенін айрықша атайды.

Туды сәті, мезгілі Астананың  
Мақтанамын, риясыз шаттанамын.  
Мәртебесі өсті де қазағымның  
Мейманасы тасыды боз даланың[9, 76].

Тортай Садуақасовтың «Астана аспаны» өлеңі өткен тарихқа шолу жасай отырып, бүгінгі шындыққа ауысады. Ақын екеуінің тарихи байланысын, жалғастығын ашуға ұмтылады. Кезінде сағым құған сары далада Абылай, Тәуке, Қасым хандардың, Бөгенбай, Қабанбай, Қарасай батырлардың ізі қалған. Ұлтын сүйген ұлылар қатарында Нияз бидің, Иманжүсіптің, Қажымұқанның, Ыбырайдың, Қоңыр Құлжаның, Тұрлыбектің және Құлтума, Ғазиз, Балуан Шолақ сияқты ақын-әншілердің аттары аталады. Сол даланың бүгін аспаны арайланып, Бәйтерегі алдан қол бұлғап тұрғаны, Есілдің есіле, еселене ағып, ер халықтың өр теңізге құлаш ұрғаны ақынға шабыт береді. «Ұшырған балапанын бәйтерегім – халқымның жарқыраған келешегі» дейді ол.

Жанат Әскербекқызының «Есіл жағасында», «Астана – ғасыр қаласы», «Хан кене ескерткіші» өлеңдері лирикалық планда жазылған. Есіл жағасында өткен тарихты есіне ала отырып («Алаш ұранын естіді, тыңды да көрді, мұнды да тыңдады»), ақын бүгінгі шындыққа да Арқа өзенін куә етеді.

Есіл ағады,  
Көсіле ағады,  
Ару Астана есіне алады.  
Самал – нұрды көшіріп алып,  
Кербез қылықпен есіле ағады[9, 84].

Жұмақ-ау Есіл жағасы,  
Арқаның кербез даласы,  
Әлемнің жұрты сүйсінген,  
Астана – ғасыр қаласы[9, 98].

Кене ескерткішін көрудің өзінде де сурет бар. Есілдің жағасына жетіп, тізгінін тартып тұрып қалған Кене хан суреті. Арманының орындалғанын көріп ойланып қалған.

Арқа жері, құба белі,  
Желге үн қосып жылап еді.  
Қаһарлана атқа мініп

Азаттықты сұрап еді.  
...Содан бері ғасыр өткен.  
Алаш жылап қасыреттен.  
Қапыласта қас батырдың  
Кек жолында басы кеткен [9, 104], –

дейді Жанат.

Осы сияқты тарихқа көз сала отырып, оны бүгінгі шындықпен байланыстыра жырлау Айбатыр Сейтақтың «Ару елдің алғысы» өлеңіне де тән. Ол гүл қалаға таңырқап қарайды. «Ақмола аруақ қонып, нар шөккен жер», киелі, қасиетті, құдіретті», «Алқасы ару елдің Астанамыз – салмақты саф алтыны Сарыарқамның» деген өлең тіркестері – ақын ойының негізі. Ол сол қаланың тәуелсіз елдің астанасы болғанына мақтанады.

Иманғазы Нұрахметұлы Астананың шырақтарын түгендеп, санап шығады. Олар: Бәйтерек, мерген жұлдыз, үлкен аю, қызыл жұлдыз, Шолпан, Темірқазық, т.б. Сол шырақтар – халқының өшпейтін жүрек нұры деген қорытынды жасайды.

Әр жұлдыздан тамған нұр, тамған шырақ.  
Тамсанбайды сәулені таңнан сұрап.  
«Таразы» мен «Үш Арқар» емес пе анау –  
Көшенің қилысында жанған шырақ [9, 99].

Ербол Бейілхан Астананы «Нұр қала» деп атапты. Өлең аты да солай. Ол Нұрсұлтан атымен байланысты. Елбасы атын ақын нұр шашу, сәуле, жарық деп ұғады.

Марқұм Ербол Шәймерденов көп жазбайтын, талғап, таңдап қана лирикалық жырлар жазуға отыратын ойлы, сабырлы қаламгер еді. Ол тәуелсіздіктің символдары жөнінде көп жазды. Оларды халық арасына жеткізуге де, насихаттауға да еңбек сіңірді. Оның «Сен болып соғады енді жүрегі елдің» деген өлеңі Астанамен сырласу сияқты. Оны «бар қазақтың үлкен үйі» деп таниды. Ел «сен болып мұңаяды, сен болып қуанады. Намысқа шапса, ту алады» – деп Астананың ел алдындағы жауапкершілігі жайлы ой қозғайды. Ел Ордасын көтерген қалаға қатысы бар бірқатар тарихи тұлғаларды еске алады. Бәрі де тәуелсіздікті арман тұтқан. Астана көшін халық болып қолдаған.

Табаны ұлы көштің дала сауып,  
Келеді жақсы-жайсаң таласа ауып.  
Көтерді ақ кигізге Ақорданы  
Ақжайық, Ертiс, Есiл, Қаратауым [9, 117].

Ақын Ақорданы «Қазағымның ақ көңілі», «Сөз бен серттің айбалтасы», «Жаңа тарих парақтары», «еліміздің жаңа күні», «киелі ақ дастарханы» деп атайды. Оған ақ қайыңды Бұрабайдың сәнін,



сұлулығын тілейді. «Әйтеуір, адалдықтың тұмары бол», «Ақордам – Есілдегі ақ шағала», «Тазарт сен пейіліміз, жанымызды, Ақордам – ақ жаңбыры Сарыарқаның» деген тіркестер Астана бейнесін танудағы ізденістерді байқатады. «Арман қала – Астана» өлеңінде ол арман қала бой көтерген қуанышын бөлісе отырып, оның қысқы суретіне көз жібереді.

Есіл өзен – ақ айдын,  
Есін алған талайдың.  
Арындайды ақ боран  
Күйлерінде Адайдың.

Тұсалмайтын тұста ерек,  
Рух керек, күш керек.  
Жаныңды отша қаритын  
Сарыарқада қыс бөлек.  
...Ақ сарайлы ақ қала  
Аяз сүйген бақ қала.  
Ақша қарға оранған  
Әппақ нұрдан жаралған  
Ару қала – Астана [9, 717].

Биыл Астана қаласының 15 жылдығына орай қала әкімшілігінің қолдауымен С. Сейфуллин мұражайы мен Жазушылар одағы Астана филиалы «Жарқыра, жайна, Астана» атты жыр бәйгесін өткізді. Осы жыр жарысының бас бәйгесін Серік Тұрғынбеков жеңіп алды.

Серік бұрын да Астанаға арнап талай өлеңдер жазған. Оның «Бәйтерегі бар қала», «Астана қақпасы», «Астанада ұлы Абай», «Поэзия патшалығы», «Астанадағы тәуелсіздік монументі түбіндегі ой» сияқты өлеңдері – ақын шабытына шабыт қосып, өлеңіне пафос дарытқан жырлар. Астана өмірі, оның көркі ақын жанын билеп, сезімін қытықтаған. Ол «Бәйтерегі бар қаланы» мақтан тұтады. Бойы бұлттан асқан, дос түгіл дұшпан таңданғандай Бәйтерек қала даңқын көтеріп, ел мәртебесін биіктетіп тұрған символды образға айналады.

Еркелеп Есіл  
Ертерек есін жиғандай.  
Әлемнің гүлі  
Құшаққа түгел сиғандай.  
Ағыны ерен толқынға қосқан әуенін  
Сарыны бөлек «Сарыарқа» деген күй қандай! [9, 189].

Ақын қаланың жедел қарқынмен салынып жатқанын жырға қосады.

Салынып жатыр...  
Самсаған сансыз  
Сарайлар...  
Күмбезі күнмен шұғыла шашып,  
Қанында қайнап қазақтың  
Ар мен намысы  
Өзінді ойлап,  
Ағарсын талай самайлар,  
Өрбісін тағы жаңа ойлар,  
Самұрық құстай қанатын қаққан қала бұл,  
Түрі жоқ артқа қарайлар [8, 133].

Қаланың көркіне айналған жаңа ескерткіштер маңында ақындық ой мен сыр бөліскен ақын олар арқылы ел тұлғасының биіктегенін, «бақыт, бірлік, болашаққа бет алып бара жатқан» тәуелсіздік тұғырын көреді.

Серіктің бас бәйге алға туындысы – «Астана – дастан» деп аталады. Бірақ ол сюжетті эпикалы дастандар үлгісінде емес, бір тақырыптың маңында жазылған өлеңдер топтамасы. Ақын Астанаға әр саладан көз тастап, оның жаңалығын, ерекшелігін, жеке көріністерін, қазақ елінің тарихындағы жасампаздық қызметін тануға ұмтылады. Қала өмірінің әр бір елеулі құбылысына жеке өлең арнайды. Жиналып келгенде, осылардың бәрі Астана туралы тұтас дастандай елестейді, тұтас Астананы көз алдыңнан өткізеді.

Жалғанның желбіресе  
Туы шыңда.  
Жақындап бұлттың өзі жуысуға.  
Бар ақыл,  
Бар парасат  
басын қосып,  
Қала тұр –  
Уыз нұрдың  
уысында.

Жиегі  
Жасыл құрақ,  
Жас қарағай.  
Дүниеде  
Қала бар ма  
Астанадай.  
Жүргінші көшедегі біз түгілі  
Қарайды тебіреніп  
Тастағы Абай

Алсаң сен өткен күнді есіңе ептеп.  
Болсаң сен тарих сырын несібе етпек.  
Астына тұлпар мінген Кенесары  
Ойы бар –  
Көк Есілді  
Кесіп өтпек [8, 134].

Дастан осылай басталады. Осы үш шуамақпағы образдылыққа көңіл аударып қарайықшы. Оның алғашқы тармағынан бастап-ақ біз жалғанның биік шыңда желбіреген туын көреміз, оған бұлттың өзі жуысуға ұмтылады. Ұлылыққа бәрі үйір. Қазақстанның даңқы шыға бастағаннан оған жуысуға, таянуға, істес болуға, сол арқылы оның байлығына ортақтасуға ынталы елдер де көбейгені белгілі. Бұлттың өзінің жуысуға ұмтылысы арқылы ақын осыны меңзейтіндей. Уыз да қазақтың тәтті дәмі. Уыздай деп қазақ бірлікті, ынтымақты айтады. Уыздай нұры – ақ сәуле. Жасыл құрақ, жас қарағай – қаланың көркін де, жастығын да, сәнділігін де бейнелеп тұр. Оның көркіне бәрі қызығады, тас мүсін Абай тебіренеді, көк Есілді кешіп өтуге бет алған Кенесары ескерткішінің бейнесі де қызықтырады. Әрі өлең қаланың көзге түсер жерлерін шолады. Ақорда, Хан шатыры, екі жағы абаттанған Есіл, Бөгенбай мен Қабанбай өз даңғылдарының бойында – бәрі де қала қызметіне дайын күйде тұрғандай. «Бөгенбай – ол да өзінің даңғылымен, дайын тұр жіберуге аттың басын». Бәрі де тәуелсіздік туын көтеріп келе жатқан батырға ерген. Олар «Мәңгілік ел» алаңына беттеуде. «Есілдің арғы жағы, бергі жағы» шабыт үстінде. Оларды «Ақорда көк туымен қол бұлғап» шақыратындай. Тау, дала, қиыр – «бар өзен Астанаға құйылғандай», «Жердегі мол береке, қазына құт қазақтың маңдайына бұйырғандай» – бәрі де тіл байлайтындай ғаламатты елестетеді. Серік осы суреттермен Астананың керемет көрінісін көз алдыңнан өткізіп, әрбір жанның жанына қуат, жігер құяды, эстетикалық әсерге бөлейді.

«Астанаға 15 жыл» өлеңінде ақын «15 жылды» – қаланы жаңартып, жаңа Астана өсіп шыққан мерзімді ойнатып отырып, кешегі-бүгінгі қала өзгерісіне куә етеді.

Он бес жыл  
Бұл далаға мен келгелі.  
Он бес жыл  
Гүл қалаға мен келгелі.  
Еркім жоқ,  
Дертім көп боп жүрген кезде  
Ауаңнан  
Дауа таптым емделгелі.

Он бес жыл  
Есігіңе ендіргелі,  
Он бес жыл  
Есіміңді ел білгелі  
Он бес жыл  
Саясаттың тоңын бұзып,  
Есідің көк мұзымен сең жүргелі [10].

Он бес жыл ішінде дерті қалың адамның емделуі, гүл қалаға үйрену, есімін ел білу, саясаттың тоңып бұзып, Есінде сең жүруі – бәрі де қоғамдық-әлеуметтік өмірде де, қала тіршілігіндегі өзгерісті, жаңаруды бейнелейді.

Тәуелсіздік жолындағы ізденіс бізді бір кезде Алаш арыстары уағыздаған идеялармен туыстырғаны бүгін елге белгілі. Қазақ жерінде отаршылдықтан азат болу үшін күрес жүргізіп, тәуелсіз елдің бағдарламасын жасағандар да солар еді. Біз өз ісімізде солар ұсынған біраз нәрсені пайдаланғанымыз жасырын емес. «Астана – Алашымның арманысың» өлеңінде Серік Алаш қозғалысы мен бүгінгі тәуелсіз қазақтың пікірлестігін, туыстығын, бірлігін, Алаш арманын іске асырып жатқан бүгінгі ұрпақтың өнегесін жырға қосады. Азаттық үшін ауыр өткен күрес жолдарын, Ерлер көрген азап-қиыншылықты еске алады.

Қарамай  
Қыстың қатты ызғарына.  
Жақты алау  
Желтоқсанның мұздағына.  
Қол соқты бүкіл әлем  
Разы боп  
Қазақтың жігіттері, қыздарына[11], –

Азаттық үшін күрестің бір сәттік осы көрінісі күрескер қазақ тағдырына тән еді. Осындағы қыс ызғарына қарамай, желтоқсанның мұздағына алау жағу – ерліктің сыбағасы.

Астана образын ашу үшін оның сән-салтанатын, ескерткіштерін ғана суреттеп қоймай, ақын оның табиғатына, бірде жайлы, бірде жайсыз болса да, дала табиғатының өзіндік қызығы мен сәні барына көңіл аударады. Астананың қысын, жазын, көктемін, наурызын, күзін ол өзінше көреді, өзінше таниды. Барлық мезгілде де Астана көркі кемімей, өзгерген табиғаттың аясында әсемдігін сақтайды. Қала түні де жанға жайлы, түн күзеткен Ай да әйнектердің үстімен сырғанап, нұр шашады. Ақ самал ақ шәлідей желпіп жаныңды жадыратады. Наурызда аспаннан нұр төгіледі. Тербетілген алып жер еркіндіктің, кеңдіктің елшісіндей керемет келбетке енеді.

Осылай басқаннан соң ісің өрге.  
Ұғысып ел табылар түсінерге  
Болғанмен көктем көркем,  
Жазы жайсаң,  
Астана  
Керемет қой қысымен де [11].

Ақын ертегі қала иманнан жаратылған дейді. Ол осы қалпында аңызға айналып аспаннан түскендей.

Астана  
Аспаннан түскендей,  
Сарыарқа төсіне тұра қап.  
Бейне бір  
Зәмзәм су ішкендей  
Бойына тарады рахат!

Қараймын –  
Жаныммен елжіреп,  
Дүние түп-түгел иіп тұр.  
Төбеде көк туы желбіреп,  
Көксеңгір төсіне тиіп тұр.

...Есіл тұр –  
Бұзылмай тұнығы  
Ел-жұрты жағада жиылып,  
Ылғи бір алтынның сынығы  
Аспаннан түскендей құйылып [11].

Аспанмен таласқан әр үйдің ойыны, сауығы думаны астында. Аспанның жұлдызы төбеден құйылады. Әр үй шеті жоқ, шегі жоқ мұхиттың желкеніне ұқсайды. Ақын осыдан Астананы иманды қала санайды. «Астананың төсінде имандылық ұйып тұр», «Иманы бар халықтың игілігі аз болмас» деп түйеді.

Сөйтіп біздің ақындар Астананы аңызға айналдырды. Осы бір кезінде «Жерұйық» іздеп қаңғыған халықтың арман-тілегінің бейнесі болып Астана дүниеге келді. Ол енді қиялымызда емес, көз алдымызда. Осы аңызға лайық фольклорлық образдарды бүгінгі поэзияда еркін пайдаланып, өлең өрнегіне өру осы бәйгеде бірінші орын алған Бауыржан Жақыптың «Аңыз қала» деген өлеңінде тіпті жарқын берілген.

Керегесі күмістей,  
Саябағы пүліштей.

Жолы сымнан тартылған,  
Шаңырағы алтыннан.

...Үкі таққан қала бұл  
Күннің алтын нұрынан.  
Жаратылған қала бұл  
Айдың асыл жырынан.

...Есіле аққан Есідің  
Айдынына қондырдың.  
Аққулардың саз үнін  
Таусылмайтын ән қылдың.  
Қаңқылдаған қаз үнін  
Жақұттайын жандырдың  
Сарыарқаның жазығын.  
Сенсің менің жердегі  
Жарық темірқазығым [12].

Бәрі де жымдасып, өлең мен Астана рухын табыстырып, пафосты жырға айналған. Әдемілік те, лирикалық сезім де, шалқыған көңіл мен ой да тоғысқан.

Осы үлгі үшінші бәйге алған Махсет Әлсейітовтің «Келбет» өлеңіне де тән. «Арғымақ мойын ақ шаһар, аққудай әсем сырбазым», «Әділдік, ақтық – қос қанат, ұшатын елді көкке алып», «Әділдік ақтық – қанатым, тілім мен ділім – шабытым, төртеуім түгел болғанда басыма қонар анық бақ» деген бейнелі тіркестерде өлеңнің негізгі ойы ашылады.

Астананы жырлау – біздің тәуелсіздік туралы жырларымыздың жалғасы. Онда қазақ елінің азат өмірі мен Елбасы жайлы ойлар сабақтасып жатады. Мұнда да халықтың арман-мұңы, еңбегі мен талап-тілегі ұштаса көрінеді. Адамдық мұраттар – шын, тәуелсіз поэзияның өзегі болып қала бермек. Астана да әлі жыр бесігіне бөлене береді.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазіргі Қазақстан тарихы. Хрестоматия. 2010. – 317-б.
2. Астана – жан шуағым. Жинақ. – Астана. 2006. – 7-б.
3. Тәуелсіздіктің нұрлы таңы. (Азаттық поэзиясы). Жинақ. – Астана. – 2010. – 18-б.
4. Қазақ әдебиеті. 7-қыркүйек, 2012.
5. Салықов К. Әлемнің сегізінші ғаламаты. – Астана. – 2007. – 10-б.

6. Ораз Н. Көп томдық шығармалар жинағы.
7. Жүректен жеткен жырлар. Жинақ. – Алматы. 2011. – 220-б.
8. Тәуелсіздіктің нұрлы таңы, 116-б.
9. «Алтын тамыр» журналы. №1. – 2012. – 90-б.
10. Астана – жан шуағым. 76-б.
11. Ана тілі. №27 (1181) 4-10 шілде, 2013.
12. Егемен Қазақстан, 7 шілде, 2013.

## 6. «Өлеңімдегі өртімді өшіріп, сірә, алмайын».

Ақын көп. Олардың жазғандарын түгендеп оқу мүмкін емес. Кітап қолға түсе бермейтін заманда газет-журнал беттерінде шыққандарын қарап отыратын әдетім бар. Кейбірі қағыс та қалып жатады. Сондай ақын бар екенін кейін бір жиындарда танып қаласың. Қорғанбекті де мен Алматыға келіп, кітаптары, мақалалары, өлеңдері баспасөз бетіне көптеп шыға бергенде таптым. Онымен мені Мақтай Рамазанұлы Сағдиев таныстырды. Мақтай үйінде Қорғанбек ол туралы жазған кітабын сыйлады. Өмірде де, еңбекте де кітапқа нағыз қаһарман болуға лайық деп жүрген досым туралы кітап жазғанына риза болып қалдым. Біраз әңгімелесіп те қалдық. Аудандық, облыстық баспасөз мектебінен өтіп, Алматыға келіпті. Өлең жазады екен. Оның біразы сол жергілікті газеттердің бетінде қалған. Бірқатар мақала, публицистикалық туындылары жарық көріпті. Аудармалар жасаған. «Зеренді қарағайлары» (2002), «Бірәлі-дастан» (2007), «Сабат» (2008) атты өлең жинақтары шыққан. Биыл мерейтойлық әдебиет сериясымен «Алапа» деген таңдамалы өлең-поэмалары басылды. Осының бәрі «ақырын жүріп, анық басқан» талантты ініміздің өмірден, поэзиядан өз орнын тауып, біртіндеп өсуге бет алғанын айғақтайды. Мен оның кітаптарын осы бір сезімде отырып оқыдым.

Әдетте, ақындардың шығармаларын тақырыбына қарай жіктеп жататынымыз бар. Ақында, оның жазғандарын да тұтас тұлғаның тұтас бір көзқарасының, ойы мен идеясының көрінісі деп қарау жетіспейді. Қорғанбектің жырлайтыны – таза адамның өзі екен. Ол адамды жеке тұлға санайды, оны бөліп-жармай, тұтас күйінде тануға ұмтылады. Көбінесе, өзіндік келбетін бұзылмаған, сыртқы әсерге берілмеген, таза адами қалпында қалған адамды ұнатады. Оның пікірін еркін айта алатын, бүгешіктемей, жалтақтамай, өз сезімін, ой-пікірін қорғай алатын мінезін ұнатады. Адам табиғаты еркіндікті сүйеді. Ол біреуге бағынышты болуды қаламайды. Бас асау. Әркімнің-ақ бойында жаратылысынан дарыған қарсылық, келісімпаздық сезімдердің ұшқындары болады. Оны баса білу, дамыту адам еркінде.

Қарсылық – сыртқы дүниенің ықпалынан қорғану инстинкті болса, келісімпаздық – Абай айтқан «Көп айтса көнді, жұрт айтса болдының» әсері. Алғашқы өлеңдерінің бірінде («Қарсылық». 1989) Қорғанбек:

Көзіме тигендей-ақ қамшы бүгін.

Шырқырап бара жатыр жан-шыбыным.

Айғайға бар дауыспен бассам ба екен –

Кеудемді кернеп кетті қарсылығым, –

деп жазыпты. Ақын жанын шырқыратып, көзіне қамшының ұшы тигендей, кеудесін қарсылық кернеп кеткен жағдай неден туды деп ойланып қаласың. Одан әрі қарай қарсылық та қозғалыс заңына жататынын ол дәлелдеуге тырысады. Бұйығып, бұға берсең, не болады? «Киен мен қасиетің жоғалады. Қарсылық жасай алмас халықтың да болмысы, бар мұрасы тоналады» – дейді. Егер мұраң жоғалса, жеріңнен айрылсаң, келешек ұрпаққа аманатқа не қалдырасың? Осы ойларға жалғасып, бүгінгі қазақ табиғатының жүдеп-жадауы (Атом сілкінісінің әсерлері, өртеніп, шабылып тозған орман-тоғайлар, Арал теңізінің тартылуы, басқа да Қазақстан жерін жаппай жайлаған экологиялық апаттар) жағдайлары өлең жолына түседі. Табиғаттың кешегі, бүгінгі көріністері суретке айналып, бірі сүйсіндірсе, бірі жаныңды жейді. Әсемдік пен көріксіз, қайғылы көңіл күйі араласып кетеді. «Есілім, Ертісімді айт еркелеген, шеменді шерлі күйін шерте білген, жүзіне арулардың әжім түсіп, кәрілік қалайша бұл ерте келген?», «Қоскөлін құрып кеткен іздеп бүгін, Құлагер кісінейді кермедегі», «Ақындар аялаған ән шығарып, Айдынын Бурабайдың көрші барып, Арнасын кім толтырар Айнакөлдің, шаң басқан бұлақ көзін аршып алып», «Ботакөз кемерлі көл Зерендінің, зер емес, зарға басқан көрем күйін», «Баян мен Қарақаралы – Арқадағы ән, Басынан әлі бұлты тарқамаған. Жасыбай, Торайғыр мен Сабындыкөл – Арқаны гауһар тастай алқалаған», «Шығыстың Абай туған ұлы алабы, сәбиі сілкіністен уанады, Шошынып жер жатқанда бұл дүрілден, қозғалмай жүрек қалай тұра алады?» – деген өлең тармақтары бұған куә. Ақын көзіне тиген қамшыдай әсер етіп, жанын шырқыратқан осы шындық оның бойындағы қарсылықты оятады. «Халайық, бір қарсылық керек бұған» – дейді ол. Егер бұл өлеңнің ядролық қаруды сынау күші әлі де сақталып тұрған кезде жазылғанын еске алсақ, сол кезде-ақ ақынның жан сезімі тудырған ел, жер апатына жаны шырқырауын анық түсінеміз.

Қорғанбектің «Зообақтағы аюлар» өлеңі де адам бүтіндігі туралы идеяны толықтыра түседі. Ол мысал үлгісінде жазылған. Бір күні Мәскеу зоопаркі маңызды ғылыми жоба бойынша тәжірибе жасау мақсатымен бір топ аюды бостандыққа жібереді. Зообақта



дайын тамақ ішіп, белгілі тәртіпке көндігіп үйренген аюлар орман ішінен пана таба алмайды. Жем іздеуге, жеміс теріп жеуге, аң ұстап қоректенуге қабылетсіз болып шығады. Ашыққан аюлар қалаға қайтып, жол үстінде отырып қайыр сұрайын десе, адамдар қорқып оларға жуымайды. Ақыры олар зообаққа қайтуға мәжбүр болады. Өлеңнің тағылымы:

Өткізе солай дер шағын  
Өмірдің зообағында.  
Қайтер екен деп қорқамын  
Заманның зобалаңында.

Адам табиғатын бұғаулап ұстауға, оны өзгертуге тырысушылыққа қарсы ақын қарсылығы тағы да осылай үн көтереді.

Адамды ардақтау, оны қорғау, ғашықтық сезімді құрметтеу – Қорғанбек өлеңдерінің негізгі тақырыбы. Оны біз «Шоқан сандықшасы», «Мақтай – маршал», «Шошала тас» өлеңдерінен де көреміз. Шоқан Уәлиханов Семейге айдалып келген Достоевскиймен кездесіп дос болғаны белгілі. Қоштасарда ол ұлы жазушыға бір сандықша сыйлапты. Достоевский досының осы сыйлығын өмір бойы құрметтеп сақтаған, өзінің бағалы қағаздарын – қолжазбасын, хаттарын, күнделігін соған салып қоятын болған. Осы оқиғаны суреттей отырып, ақын Шоқанды таныған, бағалай білген жазушының сезімін, биік адамгершілігін ашады. Достоевскийдің Шоқанға жазған хаттарында кездесетін «Мен туған бауырымды да сіздей сүйіп, жақсы көрген емеспін» деген идеяны тереңдете суреттейді. Өлең адам тануға адамзаттық биіктен қараған орыс жазушысына деген құрметтен туған. Ол – ақынның сүю, адамды ардақтау туралы ойларының жалғасы. «Мақтай – маршал» өлеңінде ақын қазақтың аты белгілі азаматының басынан өткен бір әңгімені қозғап, сол негізде қазақтың намысқойлығы мен ерлігі, батырлығы туралы ой өрбітеді. «Шошала таста» бірін-бірі сүйіп, елінен қашып орман ішін паналаған жастардың қуғыншылар қамағанда, тасқа айналып кеткенін суреттейді. Өлең сол бір халықтың аңызды әдемі көркемдікпен, мазмұнына сәйкес бай тілдік айшықтармен бейнелейді. Оқиғаны баяндай жеткізетін өлең жолдарының («Ну қарағай қалыңның ішіне кеп кіріпті, қуанышы тіл жетпес тәтті өмір сүріпті. Ортасына қалыңның отауларын тігіпті. Махаббатын мейрамдап ойнапты да күліпті» деген сияқты) өзінде сурет бар. Ғашықтарды қорғаған Шошала тас – тек махаббатты ғана емес, адамды қорғаушыдай елестейді.

Жалпы адамзаттық және қазақтың ұлттық проблемаларын сабақтастыра жырлауда Қорғанбек тарихқа, қазақ тарихының тағылымдық үлгілеріне көп сүйенеді. Қазақ ақындары мен аты

аңызға айналған батыр бабалардың бойындағы ерлік пен ұлттық намыс туралы жырлайды. Солардың жете алмай кеткен арманын халқының алдағы үмітінен күтеді. «Кенесары хан ескерткіші түбіндегі тебіреністе» ақын Кенені «Қазаққа біткен намыс пен қаһарлы қара бұлтындай» көреді. Оның өз басын ойламай, халқының қайғысын арқалаған, «арын арлаған», «еркіндік желіндей Есілді бойлап өрлеген» қалпын таниды. Кененің патшашыл Ақмоланы өртегенін еске ала отырып, бүгінгі Астананы өртенге орнаған қала деп ұғады. Азаттық жолындағы хан күресінің бүгінгімен табысып жатқанын байқайсың.

Хан ием, бірақ қайғы алма.

Алашың барда, сен барсың.

Күн бар да көкте, ай барда,

Кеудесі көрік көкжалсың.

«Махамбет сапары» өлеңін Қорғанбек Махамбеттің соғыста жеңіліп, Исатайдан айрылғаннан кейінгі Хиуа сапарына арнаған. Ол көтерілістің жеңілуін халық қайғысына айналдыра жырлайды.

Қалды артыңда қамығып қайран Нарын!

Қайран халқым!

Жанады қайдан бағың?!

Белге садақ беркініп байланбадың.

Емен найза егетіп сайланбадың.

Қара қазақ!

Құмыққан қайран Нарын!

Құм астында бұйықтың,  
ойланбадың.

Зеңбіректің араны – тажалындай,

Білте мылтық – басыңнан тайған бағың.

Осы жолдарда көтеріліс жеңілгеннен кейінгі елдің күйіне қоса, батыр бойындағы аңғалдық та, заманның өту сыры да жатыр. Қарусыз, шоқпар ұстап шығатын заманның өткенін осы аңғалдық байқатпаған. «Батыр бір оқтық» деген заман заңы туып, мылтығы бар батыр емес адамның да жеңіске жететінін уақыт көрсетті.

Осы өлеңдер жалғасып, қазақтың мұңы мен зарын арқалаған, азаттық күнін жақындату үшін жанын аямай күрескен тұтас бір ұрпақ өкілдері жайлы топтамаға ұласады. «Әлиханнның арманы», «Абыз», «Қамшыгер», «Мағжан мұңы», «Сәкенім – шерім», «Наза», «Әуезов ескерткіші» сияқты өлеңдердің әрқайсысы бір-бір тарих. Бұлардың қаһармандары – алдына Абайды салып, оның «өртi мен дертiн еселеген заман-қарғаға» қарсы күрескен, сөйтiп қазақ тарихында өлшеусiз iз қалдырған ұлы қайраткерлер. Әлихан Бөкейхановты ақын осы ұрпақтың басы санайды. Оның үлкен арманы – елдіктің жолын

таңдау, Алаш-орда мұраты болғанын Қорғанбек өлеңіне өзек етіп алады. Осы жолдағы оның табандылығы, елінің бірлігі үшін күресі, білімділігі, тағы басқа асыл қасиеттерін ақын образды сөз өрнегімен бейнелей алған. «Жұртым қазақ деп елжіреген еді жүрегі, Бақыт, махаббат жолына түсуін тіледі», «Ең асыл мұрат – Әлихан айтқан бірлікке, миллетің үшін мемлекет құрар тірлікке, Елдің де бетін, ердің де бетін бұруы, Көсемнің ғана қолынан келер ірлік пе?», «Ең асыл арманы – Алаштың тігу ордасын, Елдікке – тізгін, намысқа – тұғыр, арға – сын, Қараөткел анау қазаққа кіндік болар деп, Насихат айтқан үйіріп серік, жолдасын», «Серіктері, шіркін, Ахаң мен Жақан серкелер, Алаштың асыл арыстарына кім бар тең келер», «Өлсек бір шұңқырда қалайық» дейтін серіктер, «Шықсақ, бір төбеде болайық» дейтін серіктер, жарықсыз түнде жол нұсқаған Темірқазықтай, шетінен әулие, шетінен абыз, көріпкел», «Түбінде қазақ көтереді деп шаңырақ, Әлихан көсем айтқан ғой әулие болжамын», «Қараңғы қазаққа Абайды жарық күн деді», «Есім мен Қасым ескі де қасқа жолдарын», «Жетіжарғыны жеткінге ғана жалғадың», «Алтын күмбезді Алаш орданың мұратын келешек күнге аманат еткен заңғарым», «Керегем – ағаш, ұраным – Алаш деп те өлдің» деген сияқты тармақтар өлеңнің негізгі ой жүйесін тарқатып жеткізеді. Кейінгі өлеңдер осы жолда Әлиханмен бірге қызмет еткен Алаш арыстарының әрқайсысының өзіне тән адамдық, азаматтық, қайраткерлік жеке сипаттарын ашуға құрылады. Ахмет Байтұрсыновты «Абыз», «Ұлттың ұлы ұстазы», «Алаш ары жоқтағаны» деп жырласа, Міржақыпты «Қамшыгер» деп атайды. Оның «Оян қазақ!» деген ұраны бүкіл Алаш ұранына айналғанын («Оян!» деді-ау шырқыраған жан дауыс, оттай көсеп шоқ қоздатқан шерлерін») мақтан етеді. Міржақып өлеңдерін «биік рухтың жыры», «Қазағымды қалғытпайтын рух» дейді. Ақын Мағжанды қазақ мұңының символына балайды. («Қазақ мұңы мүсін болып құйылса, қалар еді-ау аумамай тегі Мағжаннан»), Сәкен, Қорғанбек суреттеуінде, «Дүпілдек көл басында әнмен жанын тербеген, ажал-құрық қасында азабы жоқ көрмеген», «заманның тарпаңдығын» сезінген, өмірі талқының астында өткен ақын. Оның өзі орнатысқан өкіметтің қолынан қаза табуы – заманның алдауы. Қазағым деп өткен Сәкен кезінде Ахметті де, Мағжанды да қорғаудан жалтармаған. Оның өлімі – «Сыр сандығы тоналып», қапыда кеткен өлім. Бірақ халқы перзентін ұмытқан жоқ. «Сәнін бер деп Сәкеннің Айналды ақ батаға». Нәзірді ақын өзі сенетін «Темірқазық» (Нәзір редактор болған журналдың аты) көреді. Мұхтар Әуезовті «ой мұхитында тербеліп отырған» күйде таниды. Осы Азаматтарды Қорғанбек «жыртысын жыртыған жұртының өрт, намыс, Алау, Ар еді»

деп есептейді. Ақынның оларға деген ықыласы үлкен жүрек сезімінен, ұлтын сүйген ұлы қайраткерлерге деген ақ ниеттен туғаны даусыз.

Адам туралы ойларын нақты тарихи қайраткерлер тағдыры арқылы ашуға бейім ақын оны солардың жолын ұстаған жаңа заманның ірі азаматтары жайлы тың танымдармен жалғастырады. Бұл тұрғыда Ғабит Мүсірепов, Мәлік Ғабдуллин, Хамит Ерғалиев, Салық Зиманов, Баян Жанғалов, Мұхтар Мағауин, Мақаш Тәтімөв жайлы өлеңдер маңызды мазмұнға ие. Олардың жазушылық, қайраткерлік, соғыс және еңбек батыры есебіндегі ерліктері мен соларға лайық азаматтық тұлғаларына автор тағзыммен қарайды. Көкшеге барған Хамиттың халық ықыласын өзіне аударып алған шешендігі мен кеудесін жыр кернеген шабытты бейнесі көз алдына келгендей болады.

Ақшулап самай жалбырап,  
Ақшәулі Хамаң самғады.  
Алай да дүлей арнаны  
Тоқтатар пенде болмады.

От ауыз, орақ тілінің  
Уы мен балы алмасып,  
Шалқуы жалын жырының  
Зеренді көлде жалғасып.

Зеренді көлінің жағасындағы тақталы түйе тасқа Хамитты апарып отырғызып, оны «Хамит тағы» деп атауы – халықтың сүйікті ақынына көрсеткен құрметі.

Асылдан тұяқ болып қалғаны – Сіз.  
Ғылымда шырақ болып жанғаны – Сіз.  
Даланың даналығын ұлықтаған  
Заң менен замананың заңғарысыз, –

дейді Қорғанбек Салық ағасына. «Даланың даналығын ұлықтау» арқылы ақын ғалымның қазақтың шешен билері жайындағы көпке танымал зерттеуін еске алады.

«Мен. Мұхтар Мағауин» өлеңін ол жазушының «Мені» төңірегіндегі ойына құрады. Мұхтар «меніне» түсіне қарайды. «Мен» деуден қазақтық мақтанды, намысты, қайсарлықты таниды. Мақашты «Жалпақ жұрттың жанашыры» деп атап, оның қазақтың «статисі» болып, өсуін санап, көбеюдің жолына жасап жүрген еңбегіне ризалығын төгіп айтады. «Әрдайым елмен бірге, бажа мен бауыр, жора мен жолдас, бірге өскен төлмен бірге» өмірі өткен Мақашқа «Қазақтың қара шаңырағындағы үбірлі-шүбірлі төрмен бірге» бол деген тілек айтады.

Қорғанбектің өз замандастары, достары Артығали мен Танабайға арнаған жырлары да адам танудың татымды нышандарын байқатады. Әсіресе, Танабай рухына арнаған «Он жеті жасар алаудай» атты өлеңі өз кейіпкерінің өмірін шола отырып, жас ұрпақтың өсу, есею, тағдыр талқысына іліккен кезеңдерін образды бейнелерге айналдыра білуімен қызықты. Артығалимен, Танабаймен қатар өскен жастық шағын Қорғанбек: «Қылтиып өсіп қасат бір қардың астында, Наурызын сағынған жауқазын – жасын гүл едік» деп суреттейді. «Балауса балғын, қып-қызыл қыршын қарағай, Арманшыл кім бар он жеті жасар баладай. Қызылға құмар балапан қыран секілді, Сонарға сонау көз тігіп едің, Танабай». Болашағы алдап қол созған талантты жастың келешегі осы жолдарда жарқын бейнеленген. Өмірдің опасыздығын, заманның алдампаз сырын тез аңғарған жастың трагедиясы да өленде баяндай айтылғанмен, образға толы. «Қазығұрт тауың төбелер сынды тозғасын, қасиет кие құр сұлдер қалып азғасын, жүрегің сенің жылайтын еді-ау егіліп, жасып бір жаның, жосылып ыстық көз жасын. Қазығұрт таудан қоламта тартып қоздатып, шаңқобыз жырды төгуші ең, Танаш, боздатып. Қайсар бір жалын ұйтқитын еді-ау көзіңнен, ояңған сонда ақындық оты маздатып». Қазығұрт таудың үгіліп аласаруы, қасиет, кие дегеннің бағасы төмендеуі, жас ақынның шаңқобыз үнімен боздатып жыр төгуі, содан ақындық оты маздағанын сезіну – бәрі де ақындық образдарды құрайды. «Өзіңді де, сезімінді де ұрлаған, асылың – жасық, адалың – арам боп шыққан» сұм заман сыры кейіпкер «жанын зәһаннам зілмен жаныштап, налалы жүректің запыран» құсуына да себеп екені дәлелді. «Шамырқана қалар шамшылдығы да бар еді, қазағына тартқан қаншылдығың да бар еді. Аялап өтер мөлдіріне кіршік түсірмес, Аққуға біткен аршылдығың да бар еді» деген жолдар да кейіпкер тұлғасын толықтырып тұр. Өлең тұтастай «он жеті жасар танабай дәуреннің» бейнесін еске түсірердей.

Бір сала жақсы өлеңдерін Қорғанбек туған өлкесі, Отаны, елдің азаттығы тақырыбына арнаған. Оның жырларында туған өлке, нақты мекен суреттері, оның тарихы мен адамдары (кешегі және бүгінгі), ұлттық рухтың күштілігі – бәрі бар. Әсіресе, туған өлкесі Көкше туралы ақын сезімі, атамекенге кіндігінен байланған адамның көңіл күйі айрықша сезіледі. «Көкше десең, есіме көктемім түседі, Көкше десем, көкте күн мейірімін төгеді, кеудемді жалын кернеп, шапат нұры өбеді» дейді ол. Көкшенің батыр ұлдары жайлы сыр шертеді. «Қазағымның көп тарихы Көкшеде Оқжетпестей текшеге қаланып тұр» деген бейне де жаңа. «Туған елім – тоғайым» өлеңінде ақын жас ағашпен сырласып, «Сенің нәзік жапырағыңды қолаң шаш, тарап жатқан ақ самалды ұнатам» депті. Балғын, нәзік жас ағаштың

«көкірегі күмбірлеген күйге толы, өміршең бір әуез шулайды, содан бір сыр түйсінем» деген ұғым да өлең образдылығын көтеріп тұр. «Жетісу» өлеңінде ақын Жетісудың бойында «Жаннаттың жеті сипаты» жинақталғанын көреді. «Көңілдің гүлі» мен «Жер тініне» балайды. Талғар «Жаһанның жеті жұртын жалғастырған жібек жолы – жүрек жолы сияқты» дейді. Осы жолдың бойындағы қалалар тарихына көз жібереді. «Наурыз» тойы да сезімтал ақынның көңіл күйін шымшиды.

Көгілжім нұрлар қалқыған,  
Бусанып дүние балқыған,  
Тіршілік толғау толқыған.  
Тасқын да бүгін толассыз,  
Наурыздың күйі шалқыған.

Басқа да өлеңінде («Суалма») Қорғанбек түнгі айды әдемі суреттейді.

Алтын ай – сыңар қанат, сырғалы аспан,  
Ғажабын жарқырата жырғап ашқан.  
Сиқырлы күйге еліккен көңіл-дөнен,  
Шарқ ұрып бір белдеп соң бір бел асқан.

Ол «Отан туралы ой», «Отаным – еркіндігім», «Желтоқсаным» өлеңдерінде Отан туралы сезімін ашық жазады. «Бір лүпіл, бір-ақ тыныс, бір махаббаты» – бәрі де Отанына арналады. Отанының азаттығына дабыл қаққан желтоқсан қозғалысын «Желтоқсаным» деп меншіктейді. Желтоқсанның аязды күнін есінде ұстайды. Отандастарының бірлігін, ынтымағын тілейді.

Алаулаған күн шығады шығыстан.  
Мейірбан күн күллі әлемге туысқан.  
Бейнетқор күн қалжыраған жұмыстан,  
Белдеулеп кеп жер шарын  
Батарында батысымен ұғысқан.  
Ғаламға ортақ күн – ана  
Тіршіліктің көзі болып  
Жарқыраған нарттай қызыл туының  
Оңтүстік пен солтүстікке,  
Шығыс пенен Батысқа да  
Тең бөледі жылудың, –

дей отырып, қазақтардың кейде өздерін батыс пен шығысқа, оңтүстік пен солтүстікке бөлетін мінезіне сын да айтады. «Жалғыз ұлттың, бір халықтың болмақ емес шығысы мен батысы, иемденуге солтүстікті жекелеп, иемденуге оңтүстікті жекелеп, жоқ ешкімнің хақысы» – дейді.

Ғаламды күн сондықтан да шарлайды,  
Ортақ ана  
Кіндігінен жаратылған балаларын барлайды.  
Күнделікті күн шуағын сіңірмей,  
Жер бетінде адам мейірі қанбайды.

Қорғанбек – бір қатар поэма да жазған ақын. Олардың оқиғалары да тарихи, өмірде болған белгілі адамдардың өмірінен алынады. «Қанай – Абылай», «Шақантай батырдың құдалығы», «Бірәлі – дастан» сияқты поэмалары оқырман қауымға таныс. Алғашқы поэмада Қанай мен Абылай ханның бірге өткен, сыйлас өмірлері қатар алынып суреттеледі. Қанай – Көкшетаудың тумасы, «Қарауылдың атақты Қанай биі» атанған, Төле мен Қазыбек билердің жолын ұстанған ел ағаларының бірі. Абылай атағы шығып, Орта жүзге хан болғанда, Ұлытауда хан көтеріп ордасын Бурабайға тіккізген де Қанай би. Мағжан ақынның «Түу баста Абылайды хан көтерген, қамқоры Қарауылдың шешен Қанай» деп жазуы да жайдан жай емес. Поэма Қанай би туралы әңгімені тікелей Абылай тағдырымен байланыстыра өрбітеді. Оның жетім қалуы, Әбілмәмбет хан мен Төле биге жалданып Сабалақ атануы, қарауыл Дәулеткелді тәрбиесінде болуы, алғашқы соғыс – барлығы да Қанайдың көз алдында өтеді. Осы тұста Қанай би түс көреді. Түсінде оның қолына алып қара бүркіт қонады. Балақ бауы зерлі бүркіт би қолында отырып қанатын желпіп қалады. «Күркіреп демі ішінде көк дүбірлеп, Керемет қанатынан соқты бір леп. Оянып сол арада кетті Қанай, жанғандай кеудесінде от гүрілдеп». Ағасы Малай: «Қонады басыңа – бақ, еліңе – құт, қыран құс қарымыңа жол ашады» деп жориды. Осыдан соңғы оқиғалар Әбілмәмбет ханның Сабалақты «Абылай» атандыруы мен оның Орта жүзге хан болуына, қалмақтардан елін босату жолындағы күресіне ұласады. Қанай би осы Абылай асқан асулардан бірге өтеді. Абылайдың қазақ халқы алдындағы ұлы еңбегін Қорғанбек хан өлгенде жоқтаған жырлардың рухын («Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай! Қалыңсыз жар құштырған, ханым-ай!») дамыта жырлайды.

«Шақантай батырдың құдалығы» – қазақ батырлары биік қойған намысқойлық пен ерлік туралы әңгіменің бір көрінісі.

Көлемді, әрі эпикалық кең тыныспен жазылған поэма – «Бірәлі дастан». Онда ХХ ғасырдағы қазақтың ауыр тағдырлы үлкен азаматының өмірі, майдан мен соғыстан кейінгі кезеңдегі ерліктері, кейінгі ұрпаққа тәлімді істері кең суреттеледі. Заманның неше қилы ауыр соқпақтарын өткен Бірәлі мінез-құлқында жігерлілік, азаматтық, намыс пен ерлік ерекше танылады. Күрделі өмір кешіп барып, ол еңбегінің жемісін көреді, халқына адал қызмет жасайды.

Сол үшін кеудесіне Алтын жұлдыз тағып, елінің ардагер ұдарының қатарында өмірден озады. Поэма Бірәлінің туғанынан өмірден қайтқанына дейінгі өмір эпизодтарының бәрін нақтылап, тәптіштеп, алған тіршілік сабақтарын суреттейді. Баяндаудың көптігі мен сезім әсерлерінің жетімсіздігі болмаса, поэма қызықты оқылады.

Ақын арманы көп. Ол әлемге тыныштық, адамға жақсылық тілеуші. Жаңа жыл келсе, жанын шуағымен жылытады деп күтеді. «Артық болсын бір несібе, бір ырыс, биік болсын ән самғауы, жыр тағы» деп тілейді. Кімге де болса, туыстық, достық сезімін ұсынады. Кеудесін «адалдық», даласын «дарқандық» жүрегін «шыншылдық» деген жыр кернеуін, «ойын бұлт бүркемеуін» қалайды.

Сырлассам деп жанмен сол сырласпаған,  
Шығам үйден күн сайын жырлап санам.  
Шығам үйден күн сайын оймен ізгі –  
Кездессе деп тағы да бір жақсы адам.

«Жақсы тілеу – жарым ырыс» деген қазақ. Қорғанбек – сол тілеудің құлы. Ол қария көрсе «Ассалаумағалейкум» деп сәлем береді. Өзі де соны күтеді. Сәлемнің азайып бара жатқанына күйінеді.

Сәлем сөздің киесін ұға алмаған,  
Ұрпақтан ұлағатты шығар ма адам?  
Қарсы алдында өзіндей қария боп,  
Тірі тарих тұрғанын кім аңдаған?

Болмайықшы күпірлік ойларға бай.  
Қарттар барда тартылар қайнар қалай?  
Ата сәлем – Ассалаумағалейкум! –  
Музейдегі мүлікке айналмағай!

Осындай жаны да, өзі де қазақ ақынының жолы ашық. Ол «Қоламта көсеп» келе жатқан жоқ. Өзін өлеңімен танытып келе жатыр. «Өмірі өрге өрлеп, өлеңі оған еріп» заманына, замандастарына, қазағына қызмет етуде. Ақындығынан басқа жанрларда да елеулі еңбектер жазды. Әсіресе, газет жұмысында алғыр публицист болып көрінуде. Шығармашылық үздіксіз ізденісте оған бақытты ұзақ өмір, табыс тілейміз. «Өлеңімдегі өртімді өшіріп, сірә, алмайын» деген тілегін Алла мақұл көрсін!



## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ САТИРАСЫ

Тәуелсіздігімізді алғаннан бері қарай еліміздің әлемдік қауымдастық алдында беделі көтеріле бастады. Осындай ширек ғасырға жуық аралықта көптеген жетістіктерге қол жеткізіп, әлемге жаңа қырынан таныла бастадық. Әрине, жетістіктеріміз ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Әйтсе де кемшіліктерімізбен қатар олқылықтарымыз да жоқ деп айта алмаймыз. Ел болған соң оның шешілмей келе жатқан түйінді проблемалары да шаш етекпен болмаса да біршама. Сатираның атқаратын негізгі жұмысы сол халықтың мұңын мұңдап, жоқғын жоқтайды. Құрғақ ұран мен жалаң мақтауға жаны қарсы. Бүгінгі жаһанданудың белең алып бара жатқан сәтінде өзге елдердің ғылымын, өнерін үйренейік, онсыз көштен қалып қоямыз. Бірақ қазақ халқына тән рухани құндылықтарымызды түгендегеніміз жөн болар. Бұл күндері өзгелермен тереземіз теңесті. Алайда бодандықтың қамытын ұзақ уақыт киген біздер көптеген құндылығымыздан айрылдық. Нәтижесінде дамыған өзге халықтарға еліктейміз деп өзімізге жат қылықтарды жұқтырудамыз. Ол әрбір сатириктің шығармаларынан біз байқамайтын кейбір оғаш қылықтарымызды дәл тауып, оқырманын күлдіре отырып сынай түседі.

Қай халыққа болса да әзіл-қалжың жат емес. Сатира-юморынан сол елдің болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық жағдайын, тіпті қай дәуірде қандай дәрежеде жүріп жатқандығын білуге болады. Жалпы сатиралық шығармалардың басты ерекшелігі жеңіл юмордан фельетонға дейінгі аралықта бірталай даму сатысынан өтеді. Ол жеке адамның басындағы кішкентай кемшіліктерінен бастап, бүкіл қоғамдық проблемаларды сынға алады. Көбінде қозғағалы отырған объектісін тақырыптарынан-ақ оңай байқауға болады.

Белгілі сатирик Мыңбай Рәштің «Кері тартқанды бері тарт» атты жинағына енген «Мемуаршыларға» өлеңінде:

«Қаламгер сиқын кетірген,  
Жазатын болды мемуар.  
Төпелей берер не түрмен  
Көди-сөдидің бәрі бір...  
«Мықтымын!» – деуін қоймады-ау  
«Мен сөйттім!» деп соғады,  
Ел намысы «айғайлап»

Тұрмай ма екен жоғары?» – [1, 34-35], –

деп қазіргі кейбір жазушылар сөз жүзінде құрғақ патриот, нақтылы іске келгенде бастарын бұғып, жалтақ, жағымпаз, күштілердің сой-

ылын соғып жүргенін шеней түседі. Өз бастарының қамын күйіттеп, лепірме, көпірме, ұлт болашағы үшін елең етпейтінін сынға алады.

Әрине, еркіндік, сөз бостандығы жазушылардың шығармашылық көкжиегін кеңейте түсті. Ал қоғамдық қайшылықтар мен әлеуметтік тартыстар да сатириктеріміздің назарынан тыс қалған емес. Дей тұрғанмен халықтық дертке айналып бара жатқан адамзаттық проблемаларды Мыңбай Рәштің сатирасынан аңғаруға болады.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері қарай, бүгінгі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда балалар үйіндегі жетімдер жыл санап артып бара жатыр. Сатирик шығармаларынан олардың хал-күйін суреттейтін «Бүлдіршіндер монологы» памфлетін атауға болады. Онда қаракөз сәбилеріміздің тыныс-тіршілігін былай деп суреттейді:

Тек, туған жоқ демесең

Қызыққа мол батамыз.

Тез табысып кетерлік

Құрбы-құрдас жетерлік.

Жәй қарағанда олардың көңілді, шат-шадыман тірлігі көз алдына елестейді. Ал іші өте терең философиялық мәні бар екенінде сөз жоқ. Кіршіксіз таза жүректерінен бір-бірлерін жатсынбай тез-ақ жақын тартып, тату-тәтті өмір сүріп жатқанын көреміз. Алайда, кінәсіз періштелердің осындай бейбіт заманда жетім балалар үйіне әкелініп тоғытылуын асқан қатыгездік пен қаталдықтың көрінісі демегенде не деуге болады. Суреткер шындықты айтқан, шын сырын айтқан. Оның үстіне памфлетке құрылған өлеңге қаншама үлкен проблеманы сиғызып, жеткізіп берді. Өлеңін тән жан толқытар өрнектер заман үшін, адамзаттың келешегі үшін түйінін шешуді қажет етеді. Одан ары қарай:

Неге көзін сұғады

Кейде суыт шетелдік!

Осыдан тек қорқамыз,

Ортаймасын ортамыз [1, 75], –

дейді суреткер.

Ешқандай кінәсіз сәбилерді саудаға салуға не себепші болды және оған кімдер рұқсат берді!? Олардың құрылық асырып шетелге сатылып жатқанына кім себепші? ХХІ ғасырдың аспаны барлығымыздың бауыр етіміз, ертеңгі болашағымыз, кінәсіз періштелерімізге қалайша қара бұлт төндіріп тұр! Ұлы М. Әуезовтің «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» деген қанатты сөзі еріксіз ойыңа оралады. Осы екі шумақ өлеңде қаншама ой түйгенін анық көруге болады. «Неге көзін сұғады, Кейде суыт шетелдік!» – деген жолдар жалаң айтылып қойған жоқ, бүлдіршіндер атынан халықтың ішкі бұлқынысын тебірене толғайды.

Сонымен қоса «Кері тартқанды бері тарт!» кітабындағы қазақ тілінің тазалығы туралы «Аналық қой», «Қойыртпақ» сынды әңгімелерін де атап өтуге болады.

Сатиралық шығарманың өзі адам мен адам, адам мен қоғамның өзара қайшылыққа түсуінен туындайды. Айналамыздағы жағымсыз құблыстар бейне бір маздап тұтана бастаған от сияқты. Белгілі тұлғаның оған қарсы дер кезінде тосқауыл қоярлықтай, қоғамдық пікір туғызатын және оны қайталамауға, одан жиіркенуге шақыратын тілдік құралы. Оған сатирик жазушыларымыздың шығармалары дәлел.

Алпысбай Боранбайұлының «Жұмыссыздықты жойдық», «Ауыл қалай оңалады», «Істейді мен түспейді» атты сатиралық өлеңдері қоғамды жайлап бара жатқан жемқорлықты тілге тиек етеді. Сатирик айналамыздағы кері кеткен келеңсіздік атаулыны қоғадай жапыратын, оның ұйтқыған құйыны, қағаберістегіні де қалыс қалдырмайды, сынап отырады. Елімізде бас құрамағандардың нақты саны күні бүгінге дейін анық айтылмайды. Олар – біреуіміздің әпкеміз, біреуіміздің қарындасымыз, енді біреулерінің баласы, тағы біреулердің сіңілісі. Қара көздеріміздің ана болу бақытына ие бола алмай қалуы жаныңды жабырқатып, жүрегіңді сыздатады. Бұл – ең алдымен жоғарыда отырған халық қалаулыларын да мазалайтын, бүгін-ертең шешімін таба қоймайтын үлкен мәселе. Бұл – әрбір қазақ азаматының бақыты мен болашағына қатысты жауапты іс. Ол үшін өмірін ел мен жеріне арнай алатын ұрпақ тәрбиелеуіміз керек, әрине. «Жарты қарындастар» өлеңінде:

«... Кәрі қыз болдым қырықтағы! –

Әлі де кеш емес қой? –

Әй, қайдам, үміт жоқ,

Өйткені мына жер бетінде,

Маған дайын «кәрі» жігіт жоқ...» [2], –

Бірақ елімізде салыстырмалы түрде ерлерге қарағанда әйелдердің көп екендігі рас. Ал оң жақта отырып қалған кәрі қыздардың тұрмысқа шықпай, уақытын бойдақтықпен өткізіп жатқаны айтылады. Бұған билік пен халық ешқандай амал таппай отырғандығы жасырын емес.

Белгілі сатирик Бейсебай Кірісбайұлының «Ықылық» атты жинағына енген «Беттің берекесі» өлеңінде адамның бес мүшесі сөз болады. Көз, құлақ, ауыз, аяқ және мұрынның қай-қайсысы болса да керек, олардың біреуі кем болса, онда адамның өз еркімен өмір сүруі мүмкін емес. Автор осылар арқылы қоғамның әр саласының

атқаратын қызметін, міндетін және өзіндік орнын көрсетіп тұрса, **«Көлеңке»** атты өлеңінде:

«... Ол тісін шұқыса,  
Бұл да тісін шұқиды.

Оның басы қышыса,  
Мұның да басы қышиды.

Жүріп жатыр есіл ер,  
Көлеңкеден несі кем [3, 100], –

дейді. Мұнда жоғары лауазымды адамдардың атына лайық іс тындыра алмай отырғандығы сөз болады. Ұлт тәуелсіздігі мен ел дамуындағы тартыстар мен қайшылықтардың өрескел кемшілігін замана шындығы мен уақыт тынысын, елдік пен ездік қасиеттерді, адамшылық жол мен кереғар қылықтарды кең көлемде қозғайды. Қоғамдық құбылыстар, кезеңдік өзгерістер бәрі-бәрі де қалыс қалмайды. Суреткер қайсы бір тақырыпты қозғаса да талғам таразысына тартып, елдік мүдде мұраттарын алға шығарады. Адал іс, адамшылық жол жайлы ой қозғайды. Ұлт пен ұрпаққа қатысты тебірене толғанады.

Әр ұлтты басқалардан ажыратып тұратын ерекшелігі, рухани мәдениеті болуы оның өзіндік келбетін көрсетеді. Жалпы адамзатқа ортақ мәдениеттің, не діннің болуы мүмкін емес. Материалдық, техникалық жағынан қанағаттандыратын ғылыми жаңалықтар бол-маса. Кеңестік кезеңде халықтар достығы деп сайрамаған ақын-жазушылар кемде-кем. Соның себебінен тіліміздің әлсіреуіне, дәстүрімізден ажырап қалуымызға күш-жігерін салды. Сол ұлтсыздандудың ащы зардабын әлі де тартып отырғанмыз жасырын емес.

Әлемдегі алпауыт елдердің арасындағы тартыстың бір ұшы дінде жатыр. Дінаралық татулық, халықтар достығы дегенді желеу етіп, осы діни ұйымдардың да қазақ жеріне орнығып, қанатын кеңге жаюына мол мүмкіндіктер беріліп отыр. Соның нәтижесінде жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай ірі қалалардан тартып, шағын елді мекендерге дейін тамырын тереңдей жаюда. Тілі тозып, діні әлсіреп, болмыс-бітімі өзгеріп, енді ғана елдігін қолына алған жас мемлекет үшін бұндай сырттан енген әртүрлі діни секталардың көбеюі бірлігімізді ыдыратары сөзсіз. Сол діни бірлестіктер бұл күндері өз жемісін беріп, ащы дәмін татып отырған жоқпыз ба? Басқаларды одан сақтандыруға, **айталық** «Шоқынды» өлеңін алуға болады:

«Біреулер шошынды,  
Біреулер қосылды.

Біреулер шоқынды,  
Біреулер өкінді.  
... Қысқасы ағайын,

Дұрыс па «құп» деген?! [3, 106], –

деп өмірдің өзінен алынған, шындыққа сыйымды жайттарды арқау ете отырып, қоғамымызды жайлап бара жатқан діни секталардың көбейіп, халыққа кері әсерінің тиіп жатқанын аңғартады. Әсіресе қоғам, өмір, уақыт, дін, әлемдік һәм елдік, бірлік пен татулық, отбасылыққа қатысты мәселелерден айқын аңғарамыз. Бейсебай Кірісбайұлының «Ықылық» деген атпен топтастырылған бұл жинағы негізінен қозғайтын тақырыбының сонылығымен құнды. Ондағы сатиралық өлеңдерінің өзі-ақ сөзімізге айқын дәлел болады. Суреткер тілі өткір, ащы ажуа мен астарлы мысқылға толы.

Мемлекеттік тілдің тәуелсіздік алғанымызға дейін қолданыс аясының барынша азайып, отбасылық деңгейде ғана қалғаны да белгілі. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін батпандап кірген аурудың мысқылдап шығатыны сияқты, біртіндеп жақсарып келе жатқаны белгілі. Дей тұрғанмен, әттеген-ай деп көңілің ауыратын тұстары да жоқ емес, өйткені қазақ тіліне деген қажеттілік туындамай отыр. Жоғарыдағылардың сөз жүзінде уәдесі бар да, іс жүзінде нақтылы қадамға келгенде тайсақтайтыны жасырын емес.

К. Әмір-Бектің қазақ тілінің қазіргі жағдайын қозғайтын «Жақсы, айналайын», «Дию жетектеген драматург», «Марқұм», «Екі жол», «Қазақтың тойы» сынды шығармалары бар. Сөзіміздің дәлелі ретінде сатириктің Ш. Мұртазаға арнаған «Солай да солай!» атты памфлетінде қазақ тілінің өз елінде басты орынға шыға алмай, екінші орынға жайғасқан нашар халын көрсетіп тұр. Мысалға:

«Сиырдың тілі – біреу,  
Ешкінің тілі – біреу,  
Доңыздың тілі – ол да біреу.  
Тек жыланның тілі ғана айыр.  
Бұл не?  
Жылан болсын дегені ме,  
Әлде, лаң болсын дегені ме?  
Түсініксіз!» [4, 12], –

дейді автор ащы тілмен. Мемлекеттік тіл деп ұрандап жүргенімізге де көп болды. Оның мәртебесі мен қолданылуы қысымға ұшырап назардан тыс қала бастамаса, ескеріліп жатқаны шамалы. Ал өз тілін менсінбей өзге тілде сайрайтындар да жоғарыдағылардың өздері. Ресми қолданыстағы тіл қызметін атқарып тұрған орыс тілін осы

қалпында сақтау деген, қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне жете алмайды дегенмен бірдей.

К. Әмір-Бектің М. Шаханов, Н. Оразалин, Ш. Сариев, Б. Әбілов сынды ақын-жазушы, әнші, саясаткерлер мен ғалымдардың жеке басытарының ерекшеліктерімен қатар қоғамда атқарып жатқан жемісті еңбектерін де эпиграммасына арқау етті. Олардың жеткен жетістіктерімен қатар кейбір олқы, кемшіл тұстарына да өзінің әділ бағасын бере білген.

**Нұрлыбектің «МЕН ЖӘНЕ СЕН» өлеңінде:**

Жоспар орындалды – мен

Ауыл бірінші орын алды – мен

Қаражат шашылды – сен.

Әй, неге мен...

Мектеп ашылды – мен

Монша ашылды – мен

Қаражат шашылды – сен.

Әй, неге мен ..

Пәтер берілді – мен

Астық егілді – мен

Аброй төгілді – сен.

Әй, неге мен... [5, 170-171], – деп түймедей жетістіктерді

түйедей қылып көрсететіндерді айтып отыр. Жұмыс орнында туындап жататын кемшіліктерді басқалардың атына аударып салатындарды сынайды. Табыстар мен жетістіктерге келгенде өздерін көрсетіп қалуға тырысатындарды, жалпы адамдар арасындағы элеуметтік әділетсіздіктердің орын алып отыратындығын әшкерелейді.

Әсіресе, қазақ сатирасы бүгінгі күнге дейін даму сатыларынан өтіп, тамырын тереңге жаюда. Қоғамдық қайшылықтар мен элеуметтік тартыстарды өзінің басты тақырыбы етіп алды. Тәуелсіздік кезеңдегі сатира жанрлық салаларға бөлініп, жаңа түр, жаңа форма қалыптастырып, өз ауқымын кеңейте түскенін көруге болады. Бүгінгі күннің талабынан шығу үшін сыртқы формасын ғана емес, ішкі мазмұнын да байыта түсті.

Ел болдық, көк туымыз аспанымызда желбіреді. Ендігі мақсат – сол азат күннің жылуын сезініп, өзгелермен тереземізді теңелту. Ұлт бар жерде мәдениетіміз де, әдебиетіміз де өркендемесе өшпейді, одан ары қарай жалғасын тауып үздіксіз дами береді. Әрине, сатиралық шығармалар көркем дүние болған соң нақтылы фактілерге сүйенбейді, соның негізінде шығармалар жазылады. Бірақ оның ішінде біз көріп отырған, қоғам көріп отырған кейіпкерлердің бар екендігін барлығы біледі.

Кейбіреулер ағылшын тілін енгізсек орыс тілінің ықпалынан шығамыз деген уәж айтуда. Қазақ тілінің орыс тілінің көлеңкесінен енді ғана шығып, өз алдына отауын тұрғызбақ жайы бар. Алайда, екінші бүйірден ағылшын тілінің килігіп кетуі «Жығылған үстіне жұдырық» дегеннің керін келтіріп отырған жайы бар. Қарап отырсаң қала көшелерінде өзге тілде жазылған әр түрлі жарнамалардан аяқ алып жүргісіз. Жергілікті тұрғындардың көздері баяғыдан үйреніп кеткен. Ал шеттен келген қонақтарға бейне бір өзге елде жүргендей әсер қалдырады. Мыңбай Рәштің «Көшеге шықсаң» өлеңінде:

«Аралай қалсаң көшені  
Көзің шалар «көп істі»  
Өңменінді теседі:  
Ardo, AQUA, SCEPER,  
Arison, KRKA, – сый етер...  
«Casino», «Kodak», «SGS»-тер...  
«Сеңкию!» – деп серейер  
Шет серісі – туристер» [1, 25].

Ірі мәдени орталықтарында, базарда, дүкендерде, мейрамханаларда тағы тағыларда ағылшын тіліндегі атаулардан көз тұнады. Өзге де іргетасы берік елдердің мемлекеттік тіліне өзіндік өктемдігін жүргізіп жатқанда, біздің ескерткіш тақталарымызда орналасуы табиғи да.

Өз тілін менсінбей орыс тілінде аз болғандай, бұл күндері ағылшын тілінде сайрай бастап шүлдірлейтіндер де қосылды. Қазақ тілділердің балпаң басып жүруден, имене қарап, иіле сөйлеуден басқа шарасы да жоқ шығар. Әлем ғаламданып жатыр, ал сол ғаламдануға өз үлесін қосып жатқандар да еліктеушілер тобыры.

Елімізде ағылшын тілі ешқандай қамқорлыққа зәру емес. Бұл күндері екінің бірі, егіздің сыңары ағылшын тілін үйренуде. Тіптен жаһандық қажеттілік те сол тілді үйренуге душар ететіндей деңгейге әкеліп отыр. Яғни әлемді басқару ағылшын тілді халықтарға бұйырып отыр деген сөз. Ол тек тілдік қарам-қатынас деңгейінде ғана емес, дипломатия, халқаралық бизнестің тілі болып отыр.

Өз күшімен ештеңе өндіре алмайтын, өзге елдердің тауарларын тұтынатын елде қымбатшылық болмай қайтсын. Біз телевизордан, газет-журналдардан үнемі жетістіктерімізді айтып мақтанамыз да жатамыз, ол дұрыс-ақ, оны білікті мамандардың айтуы керек қой, сонда халық оны біліп жүреді. Қымбатшылықпен қатарласып кедейшілік, жұмыссыздық мәселелері де ушыға түседі. Зат бағасы көбінде жыл басына қарай көтеріледі. Ең әуелі зейнетақыны шамалы көтереді де, артынан бағаны өз білгендерінше шарықтатады. Елімізде азық-түлік бағасының қымбаттауы әлеуметтік шиеленіске әкеп соғуы да мүмкін.

Қымбатшылық елдің іргесін шайқап, халқытың қалтасын қаға отырып жоқшылық пен қайыршылыққа алып келеді. Оны «Жүйрік баға» өлеңінен аңғаруға болады:

«... Баға  
Жерді тастап аспандап  
Ұшып барады,  
Күнді көлегейлеп,  
Айды құшып барады,  
Есіп барады, –  
Көкті тесіп барады.  
Кнопкалар басылады,  
Үрейлерді қашырады.  
Ойдә, сол-ақ екен  
Баға самғап берді.  
Бекер обалы кәне,  
Бұл жайлы  
Әуе толқынынан  
Ақпаратты арнап береді.  
Кеше екі есе...  
Бүгін бес есе...  
Ертең?  
Көнсең де сол  
Көнесің

Е, көнбей қайтесің? [1, 37]. Мұнда зат бағасының қымбаттағанымен қоса үздіксіз шарықтап бара жатқаны айтылып тұр. Құнсыздану әрбір отбасының әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигізуде. Таң қалмасыңа да шараң жоқ, бағаның күн санап бір орында тұрмай үздіксіз құбылғанын ешкім де жоққа шығармайды.

«Сықсаң да қашна «битінді...» өлеңінде:

«Халық» сөзі  
Олар үшін ойыншық секілді.  
Сол шешендердің біразы  
Неге наразы?  
Кімге наразы?  
Шетінен қызметтен қуылғандар.  
Ендігі биліктен  
Көңілдері суынғандар.  
... «Биліктен тайдыру қажет  
Анау бір итінді» деседі.  
Өздері ғана білгіш,  
Өздері ғана күлгіш,



Сөз білмес қақау секілді [1, 41]. Білімді де білікті саясаткерлердің таққа таласу процесі жүрілуде. Биліктен кетсе болды орнына келгендерді күндеу, халық пен атқамінерлердің арасына от қою әрекетін сынайды.

Біздің ел болып біріге алмай, торғайдай тозуымыз да алауыздықтың салдарынан деуге болады. Кешегі тарихымызға үңілсек хандық мемлекетіміздің көркейіп, гүлденуі бірлігінің арқасы болды. Алайда тұрақты дамыған елдердің қатарынан болғымыз келсе, ең әуелі алауыздықтан арылуымыз керек. Сода ғана дамыған алдыңғы отыз елдің қатарынан орын алуымызға болады.

Сатириктердің сынға алып отырған ауыл, аудан болсын олардың көркейіп, заман талабына сай гүлденгендері де жоқ емес. Соның бір мысалы «СҮЙТЕМІЗ ДЕ БҮЙТЕМІЗ!» өлеңін алуға болады. Онда Айгерім ауылы сөз болады.

«Дала дейтін дала емес,  
Қаптаған құж-құж мұржалар.  
Қала дейтін қала емес,  
Көрінбес құбыр-тұрбалар.  
Ауылға да ұқсамас,  
Көз суарар алыстан.  
Жаламенен жапсарлас  
Қиқы-жиқы үй жарысқан.  
Бірі мойнын сорайтса,  
Бірі аласа жантайған.  
Ол емес те, бұл емес,

Қалашық па, әй, қайдам?! [1, 42], – деп, өлең жолдары ары қарай жалғасын тауып кете береді. Бүгінгі Айгерім қалашығы бұрынғысынан мүлдем өзгерді. 2008 жылы мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен құрылған Алатау ауданының құрамына еніп, емхана, балабақша, асфальт жол, газ құбыры тағы тағылар жалпыласып, ондағы халықтың әлеуметтік жағдайы заман талабына сай жақсарғанын көреміз.

«Үңгірлер мен миңгірлер» өлеңінде алғашқыдағыдай атқарылмай жатқан метро жұмысының заман талабына сай пайдалануға беріліп, жалғасты жүріліп жатқанын көруге болады.

«Қарты жоқ! – десе біреуі,  
Жетпес дер бірі – тіреуі!  
– Жарық жоқ десе біреуі,  
Төзімдер неткен сірі еді.  
Жылысып жылдар өтсе де  
Метроның жоқ еш реңі,

Үңгірлерден гуілдер,  
Желікпе желдер үреді.  
Қаңырап қалған қуысқа,  
Егеуқұйрықтар кіреді.  
Әлденелерді кеміріп,  
Жорғалап еркін желігіп,  
Оңды-солды жүреді [6, 56].

Қаңырап бос жатқан метро құрылысы көз алдыға елестейді. Ел экономикасының жақсарып, халық тұрмысының әлеуеті көтеріліп, аяқсыз қалған құрылысқа қайтадан жан бітірсе деген ізгі арманын көреміз. Метро құрылысы әуелде Кеңестік кезеңде бастау алған. Егемендік алған алғашқы жылдары экономикалық қиыншылықтың салдарынан құрылыс жұмысы бәсеңдеп кейде тоқтап қалған болатын. Алайда ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында пайдалануға беріліп, бұл күндері халық игілігіне жарап отыр. Бұндай метроны пайдаланатын әлемнің 45 елі ғана болса, соның бірі Қазақстан.

Бүгінгі таңда халқы тығыз орналасан қала халықтары үшін метроның тиімділігі зор. Жүргіншілер қауіпсіздігі мен қолайлылығы жағынан оған тең келетін бір де бір көлік түрі жоқ. Бұл метро құрылысы техникалық қауіпсіздігі жағынан да заман талабына сай жабдықталған. Алдағы метроның ұзақ аралыққа жүретін бағыты жасалуда, ол болашақта халықтың игілігіне жарай береді деуге болады.

\* \* \*

Алпысбай Боранбайұлының «Ала қаптың әлегі» атты сатиралық жинағын алуға болады. Онда қаржылық дағдарыс қысқан халық өмірін суреттейді.

Оу, халайық, сеніңіздерші,  
Жібіндерші, еріңдерші!  
Бүгін, ертең қайтарам ғой,  
Маған қарыз беріндерші!  
Жұмыста да дағдарыс,  
Тұрмыста да дағдарыс.  
Алқымнан алып кредит,

Жаман боп тұр жан бағыс. [6, 8]. Бұл жерде азаматтардың ел ішінде болып жатқан күн көріс деңгейінің тұрмыстық қажеттілікті қамтамасыз ете алмайды. Өз жұмыс орнының дағдарысқа ұшырап, уақытында айлығын ала алмай тарыққан адамның бейнесі көзалдыға елестейді. Сонымен қоса банктен алған кредитінің де жан алқымнан алып, өзгелерге телмірген мүшкіл

бейнесін көреміз. Бұндай жағдай көптеген жас отбасылардың өмір сүру жағдайымен сәйкес келіп отыр.

Автор «Тәтті пікір» атты сатиралық өлеңінде аты демократия болғанмен, заты капиталистік мемлекетке айналып бара жатқанымыз айтылады:

Қолды бір сілтеп, еріндік,  
Сырт қарағанда тәуелсіз  
Мемлекеттей көріндік.  
Бай, кедей боп, екіге бөліндік.  
Табысы, әне, тасыған  
Байдың көңілі хош екен.  
«Дүние жисам», – деп кедейдің,  
Тырбаңдағанының бәрі бос екен.  
Ұзын сөздің қысқасы,

Капитализм деген осы екен!.. [6, 6-7]. Бұл саяси са-  
тирада мемлекет тәуелсіз болғанымен, халық бай және келей де-  
ген үлкен екі топқа бөлінген. Кедейлер болса байларға тәуелді бо-  
лып кіріптарлық жағдайға түсіп отырғанын тақырыпқа тұздық етеді.  
Мемлекеттік басқару жүйенің аты демократия болғанымен, заты  
капитализм екенін айтады. Адамдар санасына сіңіп, берік орныға  
бастаған заттық байлық алдыңғы орынға шықты. Соның салдарынан  
адамдар ара қатынас былай тұрсын, туған ата-ана мен баласы арасын  
теңге жалғайтындай деңгейге жетіп, рухани жағынан жұтаңдағанына  
налиды.

«Шет ел, шет ел...» атты сатиралық өлеңінде өзгелерге еліктеуге  
бар, олармен бәсекеге түсуге жоқ қазақтың хал-күйін сынайды:

Киміміз – шетелдікі.  
Бұйымымыз – шетелдікі.  
Арағымыз – шетелдікі.  
Тамағымыз – шетелдікі.  
Киномыз да – шетелдікі.  
Виномыз да – шетелдікі.  
Тұрған қонақ үйіміз де – шетелдікі.  
Билеген биіміз де – шетелдікі.  
Жүрген жолдарымыз да – шетелдікі.  
Ұстаған долларымыз да – шетелдікі.  
Кіріп алған дініміз де – шетелдікі.

Сөйлеп жүрген тіліміз де – шетелдікі [6, 79]. Шикізаттан  
басқа көп ештеңені сыртқа экспорттай алмаған елдің өмір дағдысын  
айтып отыр. Дәл мұндай өлеңді өзге елдің сатириктері айта қоймас.  
Олай болу үшін ең әуелі жоғарыдағы шарттарды толық орындау ке-

рек қой. Киетін киіміміз бен пайдаланатын бұйымдарымыз өзгенікі болсын-ақ. Алайда сөйлеп жүрген тіліміз де өз орнына келер деп сенейік. Кіріп жатқан діни ағымдардың қауіпті екенін бүгін ретке салмасақ, күні ердең жағдайымыз қиын болар.

«Қазіргінің «Елім-ай!» аллегиялық өлеңі бүкіл әлемді ойландырған ХХІ ғасырдағы су тапшылғы мәселесін қозғайды:

Аралымның басынан көш келеді,  
Үйін тастап көшкендер бос келеді.  
Ата жұрттан айырылған жаман екен,  
Екі көзден мөлдіреп жас келеді.

Ай, елім-ай,

Елім-ай!

Тұра берсе дәл осы қалыбымен,  
Қош айтысып бітпей ме халығымен.

Жазығы не Аралдың айтыңдаршы,

Асыраған Ресейді балығымен. [6, 167-168]. Тұнып тұрған экология тақырыбы, Арал теңізі өз мұңын шағып тұрғандай. Теңізі бұл күндері тартыла бастап, жағалаулары тұзды сорға айналған. Сол жерді мекендеген тұрғылықты халқы жан-жаққа бытырап, күн көріс қамымен босып кетті. Арал теңізіне келіп құятын үлкенді-кішіші өзендерді егістік мақсатында пайдаланып, оның су деңгейі төмендей бастады. Соның нәтижесінде теңіз суының ащы құрамы артып, балықтары азая бастады. Болашақта өлі теңізге айналғанымен қоймай, тартылып кету қауіпі төнген еді. Алайда теңізді сақтап қалу шаралары жүргізіле бастап, бұл күндері өз жемісін беруде. Теңізге келіп құятын өзен суларының қорын жылдан-жылға молайтты. Ол кейінгі жылдары нәтижесін беріп, теңіз суы қайтадан әуелгі қалпына келе бастады.

Тәуелсіздік алудың нәтижесінде ұлттық әдебиетімізде бірқатар жетістіктер болды. Бұрынғыдай кеңестік көзқарас тұрғысынан қарауды қойып, шідерінен босаған тұлпардай, демократия дейтін даңғыл жолмен жөңки жөнелді. Осы кезеңде қаламгерлердің шығармаларынан оқып отырсақ, ең әуелі ұлттық мүдде, жалпыадамдық мұраттар басты орынға шығып отырғанын аңғарамыз. Ғасырларды бауырына еркін басып жатқан тарих үшін тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдан асты. Бірақ бұл бір адамның өмірі үшін алып қарағанда сәбиді есейтетін, есейгенді марқайтатын кезең.

Ал сатириктердің шығармалары да кез келген әлеуметтік тақырыптарды қозғап жатыр. Әрине, бір ұлттың ұлт болып қалыптасып, дамып, өркендеп мемлекет құрушы деңгейіне жету үшін қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси қиыншылықтарды басынан

өткізетіндігі белгілі. Сыртқы күштердің тегеурінді соққысына ұрынып қалмай, қайта заман көшімен бірге, артта қалып қоймай, үздіксіз алға жылжуының өзі үлкен сұрыпталудан өткендігін көрсетеді. Ал мемлекет болған соң оның өзіндік ішкі проблемалары, мақсат-мүддесі, арман-тілегі болады. Осы талаптардан шығып, өркениетті, дамыған елдердің қатарына қосылу үшін ең басты идеологиялық қарулардың бірі – қазақ әдебиеті. Ол ең әуелі ұлтаралық татулыққа өз әсерін тигізеді. Олай дейтініміз кез келген шығарманы алып қарасаң сол мемлекеттің тіршілігін, қоғамдық ортасын, мәдениетін, дінін, қандай ортада, қай кезеңде өмір сүріп жатқанын т.т. барлығын аңғаруға болады. Сатира болса сол мемлекетке қызмет ететін әдебиеттің ішіндегі шағын бір бөлшегі, сыншыл жанр.

Кез келген мемлекет болсын дамып, өркендеуі сол елді құраушы ұлттың тасқындаған ұлттық рухының мықты болуынан. Егер ондай қасиеттен айрылған жағдайда ол мемлекет ыдырайды.

Қорыта келгенде, өткен ғасырдың соңына қарай кеңес одағы өмір сүруін тоқтатып, бейбіт түрде ыдырады. Өмірге қайта келген жас мемлекетімізде демократиялық басқару жүйесі орнады. Қоғамның өзгеріске түсуімен қатар адамдардың да психологиялық көңіл-күйі, дүниеге деген көзқарасы біртіндеп жаңарды. Олар дамып келе жатқан Қазақстанның ертеңгі болашағына зор сеніммен қарайтын болды. Алдыңғы аға буын өкілдері жаңа жүйенің орнауына өзіндік үлестерін қосса, кейінгі өсіп келе жатқан жастарға оң ықпалын тигізді. Бұрын ұлтшылдықпен күрес үздіксіз жүріліп келсе, енді ұлтсыздандудың алдын алу барынша жолға қойылып отыр. Бұған қазақ әдебиетінің қосары да сүбелі.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мыңбай Р. Кері тартқанды бері тарт. – Алматы, 2008. – 392 б.
2. Боранбайұлы А. //Қазақ әдебиеті газеті. 17.09.2010.
3. Бейсебай Кірісбайұлы. Ықылық. – Алматы. Жазушы, 1998 . – 192 б.
4. Көпен Әмір-Бек. «Па, шіркін, пародия!». – Алматы, Атамұра, 2009. – 304 б.
5. Нұрлыбек Жұбатқан. Ауылдағы айтқыштар. – Алматы, Жазушы, 2008. – 212 б.
6. Алпысбай Боранбайұлы «Ала қаптың әлегі». Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011 ж. – 284 б.

## ЖАС АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫ

Сөз өнері жайлы, «ардың ісі – әдебиет» туралы әңгіме болғанда, әркім өз дүниетанымы мен ақыл-өресінің жеткен жеріне шейін сөз қозғайтыны рас. Әркімдікі өзінше дұрыс та. Өзінің 15 жылдық сыншылдық қызметінде 850 туындыға рецензия жазып үлгерген В. Белинский айтпақшы, «поэзияны біреу – от десе, біреу – су дейді». Тіл өнерін дертке балап, «басынан сөз асырмаған» елдің бүгінгі ұрпағының әдебиетке деген ынта-ықыласы мен талғам-түсінігі де өзгергендей. Ұлт бар жерде әдебиеттің жарығы да өшпейтінін қаперде ұстасақ, бүгінгі қазақ әдебиеті туралы айтылып қалатын бір ауық қисынсыз пікірлерге келісу қиын болар еді. Шындығында, қазақ әдебиетінің жаназасын шығаруға асықпаған жөн. Батыр тілден шыққан нысанасыз пікірлер айтыла берер, бірақ әдеби үдерісті ешкім тоқтата алмайтыны бесенеден белгілі. Қазақ сөз өнерінің болашағы зор. Сеніміміз кәміл. Егемендікпен бірге еркіндік сарыны шықты сөз алаңына. Оны кейінгі толқынның шығармашылығынан анық көреміз. Ағалар ізін жалғаған кейінгі буынның өлеңдерінде асқақ рухтың бұлқынысын байқаймыз. Сананы тұрмыс билеген өткелек кезеңде сөз өнерінің ауылына отау тігіп, қару-қаламына адал болғандардың еңбегі ерлікпен паппар, асылы. Оқырман ойын қозғап, санасын сәулелендіру, әсемдік шәрбатымен сусындату – хас шебердің ісі. Сөз шеберінің. Жаңа жинақтар шыққан сайын әдебиеттің болашағына деген сеніміміз беки түседі. Қолымызға тағы да бірнеше өлең жинағы түсті. Шолып шықтық. Өзінің қолтаңбасымен, жазу машығымен танылып қалған кейінгі буынның ішінде Қал Маханбет Мұхаметқалидың өлеңдерін оқып қаламыз. Онша елеп-ескермей жүргеніміз де рас. Қолдағы бірнеше жинақтың бірі сол ақындыкі екен. Оқыдық. Ой салды. Жинақтың аты да қарапайым – «Гүл». «Гүл» гүл сыйлады көңілге. Кітап төрт бөлімнен тұрады: «Мұң», «Сыр», «Жыр», «Нұр». Өлеңдер жинағының аты да, тараулары да ойнақы. Бір-біріне, Ғабеңше айтсақ, «жарығын шашып тұр». Жалпы, Қалмаханбет – мұңшыл ақын. Оның өлеңдерін оқығанда, «өлең деген жайшылықта емес, қайшылықта туатынын» еске аламыз. Өйткені, ақын жүрегінде бір зіл бар.

Түкпірін үңгіп кеудемнің,  
Тербейді мүлгіп шер мен мұң.  
Жаныма жастай жабысқан,

Жарамды немен емдермін, – дейді өзі де. Оның дауасын қасиетті сөз өнерінен, поэзиядан тапқандай болады. Алайда,

«жаралы жүрегіне» ем-дом жасаймын деп, поэзияның азапты, ауыр жолына түскенін ұмытып кеткендей. Мұң-шерін қара өлеңге шағып, ішкі жан дүниесіндегі арпалысты ақ қағазға сөзбен кестелеп жазады ақын. Тағы бірде «Мен де еркіммен мүше болдым ежелгі, «Мұң» аталған фәнидегі қоғамға», - деп ашық айтады. Жалпы, Қалмаханбет Мұхаметқалиді осы халге түсірген бірнеше себептер болса, соның бір ұшы нәзік жанды аруларға барып тіреледі. Оны бізге жайып салған да – «өсекші өлеңі» (Абай). «Ақындар мен арулар» деп аталатын өлеңі еріксіз назар аударды. Үзінді келтірейік:

Өмір-жұлдыз таңда сөнер,  
Өтті қанша арманда ер.  
Абай ғашық болмаса егер,  
Айтар ма еді Тоғжанды ел?!

Жорта қылған айласы ма,  
Жыр жаздырып қайғылы.  
Жұматайдың Ләйләсі да,  
Жұртқа болды әйгілі.

Ақындарды таниық та,  
Ардың туын көтерген.  
Қандай қызды тарихта,  
Қалдырады екем МЕН?!

Әдемі айтылған. Жымдасқан тіркестер сол қалпында санаға құйыла салады. Осы жерде ақынның биік мақсаты да қылаң береді. Жалпы, «Мұң» аталатын бірінші тарауда ащы зардан нәр алған өлеңдер топтастырылыпты. Бәрін қосқанда ақын жүрегінде сақталған қайғы-мұңның ізін көз алдыға әкеледі. Оқушыны да ойға батырып, ақынға тілеулес етеді. Қалмаханбетті мұңға батырған – сезім сергелдеңі. Қалекеннің көптеген өлеңдерінің жүгін осы махаббат тақырыбы көтеріп тұр. Лирикалық өлеңдер топтамасының негізінде лирикалық қаһарманның бейнесі сомдалып шығады. Сіз де еріксіз ренжіп, еріксіз қуанасыз. Пессимизмге салынған кезде, қаламының дөңгелегі жылдамырақ жүйткітін ақынның өлеңдері осыны аңғартты. «Ой түбінде жатқан таза мінсіз асыл сөзді» Қалмаханбеттің «шері толқытып шығарыпты»(Асан Қайғы). Оқиық тағы да:

Қап аузын буған секілді тілім қысқа жіп,

Жыр қылып айтар сырымның бәрі ішімде, – деген жолдар ешкімді де бейжай қалдырмақ емес. Ұтымды теңеу. Бүгінгі демократия жалаулатқан «сөз бостандығы» дәуірінде де ақын тіліне ерік

бермес бөгесін бар. Әлі ақынның берері көп деген сөз. Тек «қап аузы» ашылсын деңіз.

Мүмкін ол шаттықтан мұншама,  
Мұң көрер бір, екі...  
Жүрегі қан жылап тұрса да,  
Жымиып күледі.

Пейілі болса да тән тіпті патшаға,  
Пендеге бар ма амал?..  
Сүйгені сыртынан сатса да,  
Сезімге мәңгі адал!

Басқасын айтпағанда, осы екі шумақта ақын жанының «портреті» жасалғандай. Әрине, ақынның болмыс-бітімін сөзбен сомдап жеткізу қиын. Әйтсе де, жоғарыдағы өлеңді соған деген талпыныс пен ұмтылыстың үлгісі деп қабылдадық. Байқағанымыз, Қ. Мұхаметқали көлемділеу өлеңдер жазуға ұста. «Жыр» деп аталатын тарауын парақтағанымызда осыны ұқтық. «Қарауыл. Қабір басындағы өлең», «Тоғжанның екі сәті» (бірінші, екінші жырлар), «Құлын – дүние», «Наурыз» сынды өлеңдерін мысалға келтіруге болады. Әсіресе, «Тоғжанның екі сәті» атты өлеңі ерекше стильмен жазылған. Ақынның қалам қарымы осы өлеңдерден шын көрінсе керек. «Мәңгүрт» деген өлеңінде қазақ тілін қорсынудың бүгінгі «классикалық көрінісі» әшкереленеді. Үлкен ағаларымыздың мінбер мен ошақ басында екі түрлі мінез танытатынын өлең-сотқа айтып шағымданыпты. Шағымы шынайы. Тілдің зарын толғаған тұлғалардың көзқаман ұрпағының алдындағы әрекетінен жиренеді екенсің. Шындықтың шетін шығарса, Қалмаханбет ақынның қоғамдық-әлеуметтік мәселеге өзінше үн қоссам деген ынта-пейілінің дұрыстығы деп білген жөн. Алайда, ақында азаматтық-саяси лирика басым емес, қоғам жарасын ашып айтатын өлеңдері жоқтың қасы. Ол сезімге құштар, ойға жақын. Кітапты тәмамдадық. Негізі, оқығаныңа өкінетін де, қуанатын да кітаптар болады емес пе?! Біздің жүрек қуаныштың дүрсілін соқты. Өйткені, үмітпен ашылған кітап пайдамен жабылды. Пайдасы сол – санаң сәулеленіп, жаның жадырайды. «Өлең деген – ой мен сезімнің ар жағы» (Қадыр Мырза Әли). Қадырдан артық айта алмаймыз. Қалмаханбет Мұқаметқалидың «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрегінен» атылып шыққан өлеңдері өзінің өмірбаяны дейміз. Өмірін өлеңмен өріп келе жатқан ақынның тағдыры қызық. Қызық болса да, қиын. Өйткені, сөз өнерінің ауыр жүгі мен мол жауапкершілігі, елі мен жерінің арман аңсары мен мұң қайғысы ақын жүрегіне артылған.



Дегенмен, ақын өлеңдерін кемшіліксіз дей алмаймыз. Көсемсөзші ретінде танылып қалған Қ. Мұхаметқали әлі асқақ ақын ретінде танылған жоқ. Әлі де ізденісті қажет ететін өлеңдері көп. Талабы мен талантын қайрау керек секілді. Өлең түрінде кемшін кеткен тұстары баршылық. Әрине, форма қуу мақсат емес. Шығармашылығында еліктеушіліктің белгісі білініп тұр. Қайткенмен, Қалмаханбетте «іліп алар» өлең көп. Жұмекенше айтсақ, «көлеңкесі биік болса, ол да өзінің еңсесі». «Бармағын тістеп, өз қолын өзі кесе алмай келе жатқан» ақынның «Гүл» жинағын оқығандағы әсеріміз – осы. «Гүлдің» тараулары: МҰҢ, СЫР, ЖЫР, НҰР. Мұң-шерін ақтарған ақын, артынан сырын жайып салады. Сырын жырымен жеткізсе, ол нұр боп көңіліңізге құйылады. Сөз өнерінің сиқыры жаныңызды баурап алады да, рақат сезімге бөлейді. Асылы, поэзия осындай болса керек.

2013 жылдың соңына таяу «Дала дарыны» жобасымен жас ақындардың жинақтары жарық көрді. Тәуелсіздік мейрамына жасалған тартудай-ақ. 16 кітап – 16 жыр-шашу. Еліміздің барлық облыстарымен қоса Алматы мен Астана қалалары ақындарының өлеңдері еніпті. Аталмыш жоба 150 тағдыр-талантты танытып, бірнеше бастаудың көзін ашқан сәтті еңбек болды; сөз өнерінің қоржынын толықтырып, әдеби үдерістің көшіне қосылған қазына болды. Көз сүзгісінен өткізіп, ой сарабына салдық. Қазіргі қазақ поэзиясының жай-күйін толыққанды ашып-тануға жол ашпаса да, аталмыш жинақтардың өзі оның бүгінгі беталысын, әсіресе жас толқынның өлең әлеміндегі өзіндік қолтаңба-бейнесін тануға мол мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Біздің назарымызды бір тақырып ерекше өзіне тартқан болса, ол – мәңгілік тақырып – махаббат тақырыбы. Ол заңды да. Жас талаптардың өлең әлемінің табалдырығын көбіне осы бағыттағы шығарма жазумен аттап, кейіннен ақындық жолдың бұралаң-белдеріне түсіп кететіні кездейсоқтық емес. Жүрек түкпіріндегі сезім сиқырын лирикалық шеберлікпен жеткізу, замана алға шығарған ұғымдар арқылы ғашықтық өлшемінің тым биік екенін білдіру, ұтымды тіркес, ойнақы диалогтар арқылы махаббаттың нәзік иірімдерін таныту – қазіргі жас ақындар шығармашылығына тән ізденістер. Ақын Гүлсара Шалқар өзінің «Өтініш» атты өлеңінде махаббатты жырлаудың өзінше бір бөлектеу формасын таба білген. Жалған да жауыр күйдім-сүйдім жоқ. Көп нәрсенің шешімі мағына-астарында жасырулы жатыр. Сонысымен құнды, сонысымен қымбат. Жүрекке жол тартып, бір деммен оқылады екен. Ақын қыздың формалық ізденістерге батыл бара білуі қуантты.

Жақсыбек Кемалдың «Ғашықтық өлшемі» атты өлеңін оқыған оқырманның елең етпей қалмасы анық. Үзінді келтірейік:

Көңілдегі естеліктер өлшенбес  
Мегабайттық көлеммен.

Замана ырқымен поэзияда да жаңаша тіркестердің туу қалыпты құбылыс. Аға буын үшін бұл жолдар соншалықты әсерлі болмауы да мүмкін. Алайда, ақынның замандастары үшін, шынында да, мұның әсері алабөтен. Жалғасын оқиық:

«Ұстап тұр-ау жер-әлемнің балансын  
45 келі салмағың» немесе  
«...Джомалунгма қарап тұрар төменнен  
160 см бойыңа!» [2, 20] –

деген жолдар ешкімді де бей-жай қалдырмақ емес. Махаббат лирикасының оқырман қауымға жақындығы, ерекшелігі өз алдына, оның ішінде әйел қауымының қаламынан туған сезім жырларының да жөні бөлектеу болатыны бар. Нәзік жандылардың нәзіктікті жырлауы өзгеге ұқсай бермейді. Дәл осы жинақтағы Индира Керееваның «Қалааралық қоңырауы» дәстүр мен жаңашылдықтың жарқын үлгісі деуге негіз бар. Бірге оқиық:

- Алло, Жаным? Бұл мен ғой...
- Біліп тұрмын.
- Қалай екен жағдайы Қылықтымның?!
- Жаман емес... Өзің ше?
- Сағындың ба?
- Сенсіз, сенсең... Сабағы сынық Гүлмін...
- Қойшы, сәулем... Жүрегім сыздап тағы,
- Мені де күз қақтады...
- Кеш қоңырау шалдым ба?.. ренжімеші,
- Кеш жүреді сағаттар біз жақтағы...
- Сені қашан көремін?!
- Күйік Түннің
- Құшағында беймәлім күй ұқтырдың...
- Алло?! Жаным, қайдасың? Неге үнсізсің?
- Мен сенің... Дауысыңды сүйіп тұрмын... [2, 73].

Әдемі өлең, әсерлі өлең. Таныс түр, ерекше үлгі. Мұқағалидың «Ғашықтар диалогы» жадымызда жаңғырды. Бейімбеттің «Мырқымбайы» да санада қайта оянып кеткені. Классикалық дүниелермен таныс қаламгердің қаламынан таныс-бейтаныс өлең туыпты. Бейтаныс дейтініміз, жаңашылдығы бар. Сондай-ақ, өлеңде қазақ қызына тән ұяңдық бар. Ұяңдығы жарасымдылығын арттырыпты. Кірпіштей қаланған әр сөздің экспрессивті салмағы ауыр.

Алтын балық та емессің аулап алатын,  
Сен бір сиқыр күшсің ғой баурап алатын.  
Шыңғысхан боп тумалпын... жарты әлем емес,  
Жүрегіңнің жартысын жаулап алатын...

Қарапайым, қарапайым болса да, қара үзіп шығар өлең. Төлие-авторы – Талғат Мықи. Өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, жұртшылыққа жазба ақындығымен қоса айтыскерлігімен де танылып үлгерген талант. Ақын ағынан ақтарылып:

Мейлі сен мені менсінбе, елеп-ескерме,

Сен мен үшін биіксің Эверестен де, – дейді [3, 137]. Ақын үшін сүйіктісі биік болса, өлеңі оқырман үшін биік.

Біз жас ақындар шығармашылығына шолу жасағанымызда, осындай тың ізденістерге куә болдық. «Махаббатпен жаратылған адамзат» (Абай) қашанда сүйіспеншілікті биік санаған. Жырына арқау, өлеңіне өрнек еткен. Жалпыадамдық құндылықтың қатарында сезімді қастерлеу, махаббатқа адал болу сынды қасиеттердің болуы заңды да. Әйтсе де, жалпыадамға ортақ қырларымен қоса, әр халықтың діл-дүниетанымына байланысты сұлулыққа деген өре-өлшемнің айырма-өзгешелігінің болатыны да бар. Аталмыш жинаққа енген өлеңдер ішінен біз осы екі қасиетін ұштастыра білген озық шығармаларды да кездестірдік.

Бірір жыл бұрын ақын апамыз А. Бақтыгереева «Он сегіздегі жас ақынның мола жайлы жырлауынан қорқамын» деп баспасөз бетінде сұхбат берген-ді [4]. Расында да, қазіргі қазақ әдебиетінің жас буын өкілдерінің көбі мұңмен серік, уайыммен жолдас. Белгілі ақын Алтыншапақ Қаутайқызының:

Өмірім әдилеп түнгі әнін

Өшкенде жанардан жарық тым.

Басымда оқылса жырларым

Жымиям ішінде табыттың! – деп жырлайтыны бар-ды [5, 19].

Біз «Дала дарыны» жобасы аясында жарыққа шыққан аталмыш топтама-жинақтардың ішінен де мұң-қайғыға салыну сарынын байқадық. Бұл тек ақындар ауылында ғана емес, жазушы жастардың шығармашылығында да аз кездеспейтін, жиі ұшырасатын жағдай. Жә, біздің нысанамыз – поэзия. «Мұңмен дос боп» жүретін Сәруар Қасымның көркемдігі жоғары өлеңдері кез келген оқырман жүрегін елжіретіп, айрықша әсер ететінін айту – парыз. Сәруардың «Сағыныш ауылын» оқиық:

Бұл мекенде сағыныш жоқ, күз де жоқ,

Жаз дейсіз бе? Ондай мезгіл бізде жоқ.

Біз үнемі сырласамыз айменен,

Ай нұрымен – көл бетінде жүзген от.  
Жауын емес, біздің елде мұң жауған,  
Гүлдер емес, шоқ тереміз гүлзардан.  
Біз бәрібір көз алмаймыз биіктен  
Құлап бара жатсақ-тағы құздардан... [6, 36].

**Міне, ақынның ашық сыры.** Әйтсе де оларда «тәтті күрсiнiс бар». Әйтсе де «жанның бәрі құсалы». «Сiздер жақта көктем дейдi, жаз дейдi, - Бiздiң жақта қыс әлi...» - деп ағынан жарылады ақын. Бүгiнгi жас ақындар психологиясын танытып тұр. Сағыныш мұңға өрiле өрнектелiптi. Тараздық Табиғат Абаилдаев бауырымыз да – «күйiкке көмiлген көңiлдiң досы». Бiрде ақынға «Өмiрдiң ренi түнерiп, шау-жайына өлiм жармасып» жатады. Қызырлы Қызылжардың ұланы Саян Есжан: «Досым – өлең, бiлерiм... серiгiм – мұң», - дейдi. Сыр елiнiң ақын қызы Назгүл Бердiқожақызы өз өмiрiн мұңнан тұрғызылған мұнараға теңесе, Ботагөз Бексары «Мендегi ғұмыр» өлеңiнде:

Сорым ба, бағым ба – өзiме жетерлiк,  
Бәрiнен кенде емен.  
Бояуын өмiрдiң өңiнен бөтен ғып,  
Өзiнше өңдегем.  
Жалғанның жүзiне  
      жанымның бiр тамшы жасымен жыр жазып,  
Ығына жазмыштың иiлiп,  
Ырқына көнбегем.

Тiгiсi сетiнеiй бастаған Жүректiң жамауын,  
Жанына ерттi Мұң.

... естiмiз екеумiз көргiсiз ауаның  
Белгiсiз өрттi үнiн.  
Жегiдей жеп барад жанымды...

      Жаныштай бiр уайым,

Сол үшiн дерттiмiн! [7, 17], – деп жырлайды. Иә, Ботагөзде мұң болғанымен, үмiт те жоқ емес. Қайсарлық тар бар. Осындай шумақтар Бауыржан Әлiқожада да кездеседi. Үзiндi келтiрейiк:

Шеберi мезгiл тәндi үгiтудiң,  
Нең қалар жамай берсе күнi-түн мұң.  
Күдiктiң әуресiнен тоңғаныммен,

Жылынам сәулесiмен үмiтiмнiң [8, 87], – дейдi Бауыржан ақын. Батыс Қазақстан облысының жыр жүйрiгi Шерхан Талапта мынадай шумақ бар:

Өмір қазір мағынасыз мазақ пен  
Маңдайдағы соры қалың нала-мұң.  
Өлгім келсе алыспаймын азаппен,  
Сөнгім келсе ағып кете саламын...

Өте ауыр өлең... Жастар болашаққа берік сеніммен, өмірге тек құштарлықпен қарайды деген түсінік-стереотипті бұзатын өлең. Осы төрт тармаққа жастар зарының бәрі сыйып кеткендей.

Сүйек баққан ит – өмір жердің беті

Тарлау екен анамның жатырынан, - деп жырлайды батыстық Жансая Мусина.

Жас қаламгерлер шығармашылығында мұң теңізіне батып, пессимистік сарынға салыну басым. Зарлы поэзия алға шығуда. Алайда, жүз жылды қамтитын зар заман поэзиясының өкілдеріндегі мұңға ұқсамайды. Шортанбай сияқты дінисламның халық өмірінен алшақтап бара жатқандығына күйінбейді, Мұрат сияқты жерден айырылудың қасіретін тізбектемейді. Тәуба, Тәуелсіз елміз. Атадін мен атақоныстың мұңын мұңдайтын кез емес. Бірақ біздің ақындар Шортанбай мен Мұрат зарынан кем түспес ауыр мұң арқалаған. Қызығы, сол қайғы бұлағы ашық аталынбайды. Не үшін тарығу мен торығу торына түскенін біле алмай дал боласыз. Әдебиет тарихындағы зар заман поэзиясының өкілдерінен айырып тұрған басты белгісінің өзі осы болса керек. Кейбір ақындар бұл өмірдің шырғалаңдарынан шаршап, өзге бір әлемге кетуді аңсайды. Ақтөбелік Жанар Нұрғалидың: «Келмеске мүлде кеткім келеді – Жетінші қатқа», - деп жазатыны бар. Бір қиыны, 1995 жылғы уыз қыз-қарындасымыз:

Түңіліп жүрмін,  
Құбыжық құрылым  
Адамнан», – дейді [9, 212].

Шынында да, Ақұштап ақын сияқты, біздің де көңілге қорқыныш ұялады. Өндірдей оқушы қыздың өмірден түңіліп өлең жазуы бізді ойландыруы керек. Бұл үлкен қауіп болуы да мүмкін. Әйтсе де, жастарда ауыр ой-қайғымен қоса үміт те жоқ емес. Болмашы үміт оларды алға жетелейді. Осыған қуандық. Құлазыған көңіл мен жаралы жүректің сиясауытына зарлы тілдің қаламұшын батырып ап жыр жазатын ақындар бұл тығырықтан бір Аллаға деген иман-сенім арқылы ғана шығуға болады деп есептейтін сияқты. Жарагушыға жалбарыну – пессимизм кешуінен өтудің төте жолы. Мысалы, Бауыржан Әліқожа:

Имани таң атқанда,  
Жоғалар кемсеңдей мұң.

Ғашықпын Жаратқанға,  
Дидарын көрсем деймін! – деп жырлайды.

Имани-исламдық сарындағы шығармалардың тууы қазақтың төл әдебиеті үшін жаңалық емес, бұрыннан бар үрдіс. Мұндай ізденістердің түп-тамыры орта ғасырлардағы Қарахан мемлекетінің билік құрған кезеңіне барып тірелсе, бертінгі XIX-XX ғасырлардағы сөз өнерінде діни-ағартушылық ағым өкілдерінің ірі-ірі мектептерінің қалыптасқаны белгілі. Олар Ислам дінін ағартушылықтың ең қуатты қайнарына балады. Советтік қатаң саясаттың ызғар-кесірінен ғасырлар бойы жалғасын тауып келген үлгі-үрдіс үзілді. Соңғы ширек ғасырда өшкені жанып, өлгені тіріле бастаған ұлтымыздың ұпайы түгелденді. Діни бағытта қалам тербейтін сөз зергерлері әдебиет сахнасына қайта көтерілді. Біз жоғарыда аталған жинақтарды шолып шыққанымызда, жастардың денінің атадініне деген ықыласының зор екеніне көз жеткіздік. Бүгінгі қазақ әдебиетіндегі басты бағыттардың бірі – осы. Сөзімізді мысалдармен сабақтайық. Оңтүстік ақыны Абай Қалшабек өз жырларына Алла дінін арқау етеді. Ол:

Жаратқанға сенсең ғана тірісің,  
Құмарлықты жеңсең ғана ірісің.

Ақиқатқа ерсең ғана ұлысың, – деп түйіндей жыр жазса, павлодардық Қуаныш Шарманов өзінің «Адаспай таниық Алланы» деген өлеңінде былайша үн қатады:

... бір-бірін талайды,  
Тар санап дүниенің кеңдігін,  
Ұмытып көрінің тарлығын.  
Не деген ұғымсыз!

Шетінен білімсіз Абайдың дәуірі емес қой дәл бүгін.

Оқыған заманда,

Дамыған ғасырда Алланы танымау...,

– деп жан-жүрегі езіледі. Ғылымы шарықтап дамыды деген бүгінгінің білімді һәм мәдениетті адамының өзін жаратқан Құдайын танымай жүруі ақылға сыйымсыз деген ой айтады. Иә, Қуаныш өлеңдерінде көркемдікпен бірге күйіну бар. Абай да, Қуаныш та – жүрегіне жауапкершілік жүгін артқан азамат ақындар. Онысы өлеңі – өмірбаянынан айқын білінеді.

Жастар әдебиетінде тек осы бағыттағы жырлар жазылып жатыр деуге келмейді, әрине. Біз бастыларын ғана тілге тиек етіп, талдау нысанына алдық. Сондай-ақ, қазіргі жас ақындар шығармашылығында негізінен қала тұрмысынан жатсыну, дінге бет бұру, өмірден түңілу, ежелгі түркілік тұрмыс пен көшпелі

өркениетті аңсау белгілері анық көрініп тұрады. Әрине, осы тақырыптармен шектеледі деген пікір айтудан аулақпыз. Мысалы, Шерхан Талап өзінің «Алматыдағы алғашқы өлеңінде» ару шаһарға назымен қоса өтінішін де айтқандай болып: «Ұсақта-ұсақ тиынды тергізіп қойма, Құшақта-құшақ арманды арқалап келдім», – дей отырып, онысын былайша түйіндейді:

Ақынның жолы бұралаң, соқпақ келеді

Кетпеймін енді қусаң да, боқтап та мені.

Арман қалам-ай, жағамнан жармаса берме,

Ақ Жайық маған: «Қадырды жоқтатпа», - деді...

Ақын айтарын айғайламай-ақ анық айтады. Ақыл айтпайды, алайда әсерлі айтады. Тағы бірде Шерханның «Жанарында жалғыз тамшы зарығып, бетон үйлі, тас қаланы аңсайтыны» [3; 9] бар. Сирек кездесетін құбылыс. Бас қала жайлы жазылған жырлардың жөні бөлек, ақындарымыз көбіне тас қаладан тарығып, дарқан далаға деген сағыныш-мауқын поэзия құдіретімен басып жататын. Ал бүгінгі ақын қаланы аңсайды. Қазір сәл тосындау көрінгенімен, кейіннен мұндай өлеңдердің көбеюі әбден мүмкін. Өйткені, қазақ қалалық мәдениетке жаппай бейімделіп жатыр...

«Дала дарыны» жобасы аясында шыққан жинақтарға өлеңдері енген жүз елудей ақын қазақ әдебиетінің жүз елу тамыры іспетті. Шолу жасау арқылы тамырын басуға талаптандық. Тамыршыдай тап баспасыз, біздікі – талпыныс қана. Теңіздің сыры тамшысынан белгілі. Қазіргі жас ақындардың бағыт-бағдарын байқап-бағамдауға осы жинақтардың себі мол болды. Көлем көтермейді, әйтпесе, шығармашылығын жеке-дара қарастырып, арнайы зерттеу-мақала жазуға жарайтын ақындар бар.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мұхаметқали Қ. Гүл. Өлеңдер жинағы. – Алматы. «Санат» баспасы. – 2009 жыл. – 162 бет.
2. Ақтөбе әуендері. Ақтөбе облысы жас ақындарының жыр жинағы. – Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2013. – 240 бет. – («Дала дарыны»).
3. Жайықтың толқындары. Батыс Қазақстан облысы жас ақындарының жыр жинағы. – Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2013. – 240 бет. – («Дала дарыны»).

4. Он сегіздегі жас ақынның мола жайлы жырлауынан қорқамын (ақын Ақұштап Бақтыгереевамен сұхбат). 20 қараша, 2011 жыл. «Алаш айнасы» газеті. Сұхбаттасқан – Мәриям Әбсаттар.
5. Қаутайқызы А. Қаламынан сағынышым сырғанап. Өлеңдер. – Алматы: «Жалын» баспасы. – 160 бет.
6. Сарыарқа самалы. Астана қаласы жас ақындарының жыр жинағы – Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2013. – 240 бет. – («Дала дарыны»).
7. Қызылорда облысы жас ақындарының жыр жинағы. «Сырлы дария», құраст.Қ. Иса – Алматы: «Тұран» баспасы, 2013. – 240 бет.
8. Алатау жырлайды. Алматы қаласы жас ақындарының жыр жинағы. – Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2013. – 240 бет. – («Дала дарыны»).
9. Ертіс әуендері. Павлодар облысы жас ақындарының жыр жинағы. – Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2013. – 240 бет. – («Дала дарыны»).
10. Қызырлы Қызылжар. Солтүстік Қазақстан облысы жас ақындарының жыр жинағы. Құраст. – Қ. Иса. Алматы: «Тұран» баспасы, 2013. – 240 бет.
11. Оңтүстік орамдары. Оңтүстік Қазақстан облысы жас ақындарының жыр жинағы. Құраст. – Қ. Иса. Алматы: «Тұран» баспасы, 2013. – 240 бет.
12. Әулиеата әуендері. Жамбыл облысы жас ақындарының жыр жинағы. – Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2013. – 240 бет. – («Дала дарыны»).
13. Алтай айшықтары. Шығыс Қазақстан облысы жас ақындарының жыр жинағы. – Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2013. – 240 бет. – («Дала дарыны»).



## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭМАСЫ

Әдебиет – образ арқылы кейіпкерді таныту. Ал, көркем шығармадағы әдеби кейіпкерлер арқылы өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге болады. Сондықтан да ақын-жазушылардың қаламынан туған шығармалардың тәрбиелік мәні бірінші кезекте тұрады. Кез-келген қаламгер алдымен өз халқының, ұлтының жоғын жоқтап, мұңын мұңдайды. Халық пен ұлттың өзекті мәселелері халықтық, ұлттық ауқымнан шығып, жалпы адам баласына ортақ мүдделерге айналады. Адамзатқа ортақ мәңгілік құндылықтар ұлтқа қарай бөлінбейді, ол – жан біткеннің қазынасы.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ ақындары өздерінің шығармалары арқылы жалпыадамдық мәселелерді көтере білді. Көркем шығармаларға қоғам мен заманнан үлкен орын алатын өзекті мәселелер негіз болса, қазіргі қазақ ақындарының шығармаларына арқау болған осындай қоғамдық мәні зор мәселенің бірі – азаттық, бостандық, теңдік. Азаттық пен бостандық тек қазақтың ғана емес, жалпы адамзат баласының арман-мақсаты болғаны белгілі. Қазіргі таңда қазақ ақындары сан ғасырлар аңсаған егемендігіміз жолында қаншама қан төгіліп, қаншама жанның өмірі қыршынынан қиылғанын жан-жақты бейнелеуде. Адамзатқа ортақ бостандық мәселесінің қазақ халқы үшін де орны ерекше. Бұл мәселені ақындар тарихи тақырыптарға жан бітіру, қазіргі қоғамда өмір сүріп жатқан замандастарымыздың тағдырын көркем бейнелеу арқылы шешуге тырысты. Олардың қатарында Қ. Мырза-Әли, К. Салықов, М. Рәш, Н. Ораз, Ж. Бөдеш, Н. Айтұлы, Н. Оразалин, А. Егеубаев, Т. Әбдірахманқызы, К. Ахметова, Б. Жақып, Қ. Аманжол, И. Тасқараұлы, М. Бектемірова сынды ақындарды атауға болады.

Осы мақсатта тарихи поэмаларды көптеп жазған ақынның бірі – Несіпбек Айтұлы. Оның «Тоғыз тарау» жинағына енген «Сардар», «Бердіқожа батыр», «Шақантай», «Сары қаз», «Көкала үйрек», «Ерлік пен тектілік», «Кәмей ұшқан», «Түс – елес», «Игор жорығы туралы жыр» сынды поэмаларының дені тарихи тақырыпты арқау еткені мәлім.

Ал, «Көз жасым» (2006) жинағына «Бассүйектер», «Жасынның сынығы», «Әнім саған – аманат», «Үзілмеңдер, үндістер», «Мұқағали-Желтоқсан», «Бәйтерек» поэмалары еңсе, «Ерлікке ескерткіш» (2008) кітабынан «Ту» және «Ақмола шайқасы» поэмалары орын алыпты. Тарихи тақырыпқа құрылған поэмалардың негізгі идеясы – жалпы адамзатқа ортақ азаттық пен бостандық.

«Бас сүйектер» поэмасында ақын зымыран уақытың өткеніне көз жүгіртіп, ғасырлардың қойнауына енген тарихтан сыр шертеді.

Ғасырларды сілкіп қалсам шаң басқан,

Шошынамын өз көзіме нанбастан.

Бір ғасырлар қолы шолақ, көзі жоқ,

Бір ғасырлар шойырылған жамбастан.

Бір ғасырлар әрең тұрар орнынан,

Басы-көзін қан басқан...» [1, 251], – дейді ақын.

Мүгедек жанның аянышты тағдырын көз алдымызға елестете отырып, қазақтың өткен тарихын мүгедек адаммен пара-пар суреттеуге ден қойған. Мүгедек күй кешкен ғасырлардан хабар беру үшін оларды сөйлетуді көздеген ақын бас сүйектер ортасында отырған антрополог жігіттің алдында жатқан бастарға тіл бітіреді. Жер бетінде бір сәт тыным алмай, бір-бірімен арпалысқан адамдардың кешегі тірлігі өткен тарихымыздан сыр шертеді.

Бас сүйектерден шыққан дауыстар сарнай жөнелгенде бірі: «Аз ғұмырда арпалысып бағып ек, Ойсыз көрге оп-оңай омалды...» десе, келесі дауыс: «Мен – хан едім, Арыстандай ақырған, Жолбарыстай атылған. Жауларымды қоғадайын жапырған, Дүниені қара судай сапырған», – деп сөз бастайды. Басында тәжі тұрғанда өмірді белшесінен басқан хан өмірді сарайымен, малайымен, тәж бен тағымен, алтынымен, бал түнімен қымбат деп түсінеді. «Алтын тақтан – ағайындық садаға!» деп төңірегіне сауысқаннан сақ болған Хан өмірі «әкеге істегеніңнің балаңнан қайтатындығына» иландырады:

Өз қолыммен құртқан едім әкемді,

Туған балам маған ажал әкелді.

Менің басым баспалдақ боп қалаңды,

Таққа барар қанды жолға қатерлі [1, 254].

«Жер құдайы – қаһарлы хан жүрегі, мәңгілікке тоқтамайды» деп түсінген ханның гүлзарына хордың қызы түнеген, бұлбұл сайрап саулығын тілеген күндер көзінен бал-бұл ұшады.

Бірінші дауыс қаһарлы ханның өмірінен хабар берсе, екінші дауыс – оған қарама-қарсы өмірі құлдықта өткен жанның зары.

Сорпадайын қайнатты да сорымды,

Қожайыным сорды қан мен сөлімді.

Жон-арқамда қамшысы ойнап қайғының,

Көкірегім қарс айрылып сөгілді [1, 256], –

деген дауыс маңдайының соры бес елі, өмірінде тыным көрмеген, байдың отымен кіріп, күлімен шыққан құлдың аянышты өмірінің көркем бейнесі. Ақын сан ғасырлар теңдік, азаттық аңсаған

халықтың арман-тілегін құл аузына салған. Оны поэманың бес шумағының бірінші тармағы «О, Бостандық!» деп басталатынынан байқауға болады. Осы сөзді бірнеше рет қайталау арқылы бостандықтың мәніне назар аударуды көздеген ақынның оны өмірі құлдықта өткен жанның аузына салуы шындыққа жақын.

О, Бостандық!

Бостандық! – деп талпындым,

Сондықтан да дар ағашқа тартылдым,

Немесе:

Жауыздықтың зәбірін,

Көрді менің, өзім түгіл қабірім.

Білер, сірә, отқа жанса өз ары,

Білмегендер еркіндіктің қадірін... [1, 259]

деген жолдар еркіндікті аңсаған бір адамның емес, 300 жылдан аса отаршылдықтың бұғауын киген қазақ халқының тәуелсіздікті көксеген күйінен сыр шертеді. Атеизмнің дәурені жүріп тұрған кеңестік дәуір тұсында ата-баба мүрделерін тегістеп, көрде жатқан аруақтарға тыным бермегеніміз белгілі. «Қия бассам ашты маған аранын Зындандар мен түрмелер» дейтін құл өмірі, оның аузымен айтылатын бостандық туралы ойлар сан ғасырлар аңсаған азаттығымыз екені жасырын емес. Ақын адам баласы аңсаған азаттықтың құнын бір адамның аузына салуда шеберлік танытқан.

Үшінші дауыс – «Елім, Елім, Сен деп қана күн кештім» дейтін жанның жан айқайы. Бұл – қазанын қас жауына тепкізбей, астауын итаяқ етіп кепкізбей, жас тауын терең қайғыға шөккізбей, елінің азаттығы жолында қалың қол бастаған батырдың даусы. Ақын басқаның іргесіне өрт салмаған, елі мен жерін сыртқы жаудан қорғаған, қасарысқан дұшпанының қабырғасын көк найзамен іреген қас батырдың халқымен бірге жасайтындығын былайша дәріптейді:

Елім үшін бердім басты өлімге,

Енді алаңсыз жатам мәңгі көрімде.

Өмір – халқым!

Халқым барда, мен бармын,

Жасай берем жарық дүние төрінде [1, 261].

Төртінші дауыс – «Қара бетпін, Қара бетпін, Мына мен» деп аңсатын ұрған қарақшының өкініші. Қан ішпесе кензесі қаңсып кепкен қарақшының мақсаты кісі тонау, кісі өлтіру болатындығы белгілі. Қарақшылық жасап қаныпезер атанған қарақшының аузымен айтылған «Менің өкшем тиіп кеткен маңдарға, Адам тұрмақ, жоламады аңдар да. Сыйынбадым Аллаға да, адамға, Сыйындым тек

екі жүзді қанжарға» дейтін сөздердің астарында шындық бар. Оны ақын «Қарақшы» деген сөзді бірнеше рет қайталаумен суреттеген:

Қарақшыда болмайды екен ана да,  
Қарақшыда болмайды екен бала да.  
Қарақшыға бұйырмайды баспана,  
Қарақшыға бұйырмайды мола да [1, 263].

Кезінде бұлақ суына сусыны қанбай қанға шөліркеп жүретін қарақшының істеген ісіне өкінуі оқырманға ой салады. Авторлық ұстаным «Жер жүрегін жараласа біреулер, Қарақшы екеш қарақшы Мен де қарғап-сілеймін.... Өмір деген жұмыр жер ғой, жұмыр жер, Уа, Тәңірім, жұмыр жерге ғұмыр бер!?» деген қарақшы сөзімен өрілген.

Бесінші дауыс – еш күнәсіз пәк сәбидің үні. «Өмір – әлде айдың нұры, күн нұры, Өмір – әлде аққан судың сылдыры» дейтін сәби үшін өмір ананың алақаны тәрізді. Тал бесіктен жер бесікке тез аттанған сәбидің өзге сәбилердің ғұмыры ұзақ болуын тілеуі шындыққа үйлеседі. Өмірі қысқа болған ол басқа сәбилердің ғұмырлы болуына тілектес.

Алтыншы дауыс – «ақ қайыңды ұйқысынан оятып, тылсым түнге жан сырын ақтарып» жүретін махаббаттың құрбаны болған ерке қыздың мұң-зары. Ақ таңның шұғыласына шомылып, шыққан күнмен бірге шаттана күліп жүрген қыздың «етімді шал сипаған құрт жесін» деп шыңырауға құлауы – қалыңмалға сатылған көптеген қазақ қыздарының мұң-зары. Жауқазындай құлпырған гүлдердің мезгілінен ерте солып, сабағынан қиылып түскенін қаламаған ақын махаббат өмірдің нәрі екендігіне сенімді:

О, махаббат!  
Құдіретті өмір – сен.  
Армансызбын көз жасың боп төгілсем.  
Жеңсем егер бір өзің деп жеңдім де,  
Бір өзің деп жеңілдім тек жеңілсем!.. [1, 269]

Жетінші дауыс – жер емшегін еміп өскен диханның сыры. Титтей дәннің бойындағы үлкен құдіретін түсінген диханның «Бір уыс дән көрден-көрге түсіріп, Бір уыс дән жеткізеді бақытқа», – деуі нанымды. Өшкенді тұтатып, үзілгенді жалғап жүретін диханшының өз баласы көз алдына аштан өлгендігі күйзелтеді. «Етікшінің етікке жарымайтыны» тәрізді дихан баласының аштан өлуі өкінішті.

Күс-күс қолым – қан тамыры тірліктің,  
Өмір – нан ғой, нан бар жерде мен бармын, –  
Немесе:  
Нан – үмітің,

Нан – шаттығың,  
Нан – қайғың!  
Соры да – нан,  
Тері де нан маңдайдың!  
Арың да – нан,  
Жаның да – нан,  
Қаның – нан!

Нансыз өмір бар дегенге нанбаймын [1, 272], – дейтін дихан – адамзатқа тіршілік нәрін себуші жан.

Сегізінші дауыс – тірліктің тірегі – ана айқайы. «Арына дақ түспесін деп өмірдің, Қара көзден қанды жас боп төгілдім» дейтін ананың қуаныштан гөрі қайғысының көп болғандығын оның өмір жолымен түсіндіреді. Арпалысып, жұлысқан адам, отқа өртеніп құрысқан дала, быт-шыт болып күлге ұшқан қала, бесігінде күрсінген бала, қасіреттен құнысқан даналарды көрген ананың «Ей, зұлымдық, Атың өшсін зұлымдық! Қан жұтқанша, қасіреттің уын жұт» деп зұлымдыққа лағнет айтуы орынды. Себебі, ананың алдында бүкіл әлем кішірейіп, тағзым етіп тұрады. Сондықтан да ақын «Меніңше өмір – махаббаты ананың, Меніңше өмір – бесіктегі балбөбек...» деп өмірді ананың махаббатына балайды.

Тоғызыншы дауыс – сөз дауылын сапырып, найзағай боп атылып жүрген өр ақынның дауысы. «Жұрт жыласа, Жыладым мен мың есе» дейтін ақындардың елінің жоғын жоқтап жүретіні белгілі. Шаршы топта суырылып сөз бастайтын ақындардың ана тілінде жазған жырлары сан ғасырлар бойы елмен бірге жасайтыны анық. Сондықтан да ақын:

Бәрі бекер...  
Өтті хан да, қара да,  
Қарақшының басы қалды далада.  
Бала, Ана, Туған халқым, Туған тіл –  
Солар үшін барлығы да садаға! [1, 279] –

деген түйін жасайды.

Поэмадағы ханның, құлдың, батырдың, қарашының, сәбидің, қыздың, диханшының сөздері адамзатқа ортақ мәңгілік құндылықтарды көтеріп тұрғаны белгілі. Ақын жалпыадамдық мәселелерді ел мен жердің, азаттық пен құлдықтың, өлім мен өмірдің, тоқшылық пен жоқшылықтың қадірін өз басынан өткізген адамдарды сөйлету арқылы көтерген. Бұдан байқалатын нәрсе – тәуелсіздік тұсында қазақ ақындары ұлттық ауқымнан шығып, жалпы адамзатқа ортақ мәселелерге көңіл аудара бастағандығы. Оны төмендегі поэмалардан да көруге негіз бар.

Н. Айтұлының «Жасынның сынығы» атты поэмасы Қасым Аманжоловқа арналған. Поэма Абдолламен бір майданда болған Қасымның госпиталдағы сәтін суреттейді. Өң мен түстің ортасында жатқан Қасым жер де, аспан да, мұхит та қып-қызыл қанға бөгіп, қан өзен лықсып ағып жатқанын көреді. Осы сәтте Абдолла ақбоз атпен келіп Қасымды құтқарып кетеді. Көзін ашса, қасында Абдолла емес, ақ халатты қызды көрген ол «күңіреніп шашын жайған қара орманның» қайда кеткендігіне таң қалады. Осы тұста қолына қаламын алған Қасым ақын «селдетіп, нөсерлетіп, жасындатып» жаза жөнеледі:

Өр толқын, асау тасқын, шулы ағындар,  
Арнаңды неге солай бұрмадыңдар?  
Бір сәтке Абдоллаға ара түсіп,  
Ажалды неге бетке ұрмадыңдар?! [1, 286].

Мезгілінен ерте солған Абдолланың қазасына өр Алтай ғана емес, табиғат ананың егілгенін ақын «Табиғат тұрды егіліп, жоқтау айтып, Кәрі жер омырауын жасқа бояп» деп образды бейнелейді. Ақын Қасым мен Абдолланы жүздестірмегенмен олардың рухын тілдестіреді. Ақындар рухы бірі өмірмен, екіншісі өліммен бақұлдасады. Қасым «Көп еді ғой айтарың, көп еді ғой, Көкірегің өлеңнің кені еді ғой» десе, Абдолла «Қол-аяғы кісенсіз... Қару ұстап, Айқаста өлген ақында арман бар ма?!» дейді. Автор екі дүниедегі ақындардың бақұлдасуына көп нәрсе сыйғызған. Қасым Абдолланың өліміне «Самайына санамның қырау салып, Үмітімнің көз жасын тамшылатар» деп егілсе, Абдолла оны жұбатып «Ақырғы ақын өзің бол аза тұтқан, Соғыста өлген соңғы ақын мен болайын» деп жұбатады. Абдолла мен Қасымды бір таудың теріскейі мен күнгейіне балаған ақын оларды Ертіс пен Жайыққа теңейді. «Бір ғұмыр бір-ақ сәттік жарқыл екен, Жасынның жерге түскен сынығындай...» боларын ескерткен ақын Қасым мен Абдолланы жасынның сынығына баласа, оған Қасымның Абдолла туралы жыры мысал.

Н. Айтұлының «Әнім саған – аманат» деген поэмасына ХХ ғасыр тарихынан үлкен орын алатын Ұлы Отан соғысының бір шындығы негіз болған. Ақын тас түнек майдан даласындағы дүниенің құлағын шыңылдатқан зеңбірек пен автоматтың дауысын бір сәтке тоқтатпақ болған ақ қанатты көгершін әнге жан бітіреді. «Шеш, майдан! Үстіңдегі қан көйлекті» дей отырып, өмір мен өлім беттескен сәтте майдандағы жауынгерлерге патриоттық рух берген әуелеген әннің құдіретіне назар аударады. Әннің құдіретін өмірдің, тіршіліктің белгісіндей етіп суреттеуі орынды.

Сілкініп сезіміңді ойрандаған,  
Ерекше барлық әннен майдандағы ән.  
Майданға жетті, міне, Жүсіпбек боп,  
Қайран ән кең далада сайрандаған! [1, 294].

Жүсіпбек пен Рамазанның майдан даласындағы бір сәттік кездесуі мен Рамазанның «Жас қазақ!» атты ән-аманатын халыққа жеткізгендігі нанымды. Ол майдан даласына жаңа леп алып келген Жүсіпбек Елебековтің әні арқылы зұлымдық пен ізгілік, жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім, ақ пен қара тәрізді өзара арпалысқан бір-біріне қарама-қарсы ұғымдарды параллель суреттеуде жетістікке жетті. Бұл ұғымдар адам баласына мәңгілік құндылықтар жөнінде ой салады. Оны ақынның өлім мен өмір беттескен сәтпен бейнелеуі орынды. Елі мен жерін сыртқы жаудан қорғау тек қазақ халқына емес, адамзат баласына ортақ қасиет.

Жер бетінде бейбітшілік орнауын арман еткен қазақ ақындары әлемде болып жатқан қақтығыстарға, қан төгістерге, соғыстарға үрейлене қарады. Оны ақынның «Үзілмеңдер, үндістер» атты поэма-сынан көруге негіз бар. Поэманың жазылуына Америка үндістерінің басшысы Рассел Минстің жазықсыз қамауға алынғандығы түрткі болған. Тұрмысы да, тынысы да, мұраты да, мұрасы да тоналған үндістердің бостандық алуын аңсаған Минстің тұтқынға алынуына куә болған ақын тығырыққа тірелген үндіс халқына адамзат баласынан көмек сұрайды:

О, адамзат!  
Қол ұшын бер, көмек ет?!  
Үндістердің мүшкіл халін көре кет?  
Тынар ма екен мына сұмдық-сұрапыл,  
Көмек ет!  
Көмек ет! [1, 315].

Осылайша теңдік, еркіндік аңсаған үндістердің «Ұлан-байтақ өлкемізді Уысына сыйдырды. Біріміздің желкемізді Бірімізге қидырды» деген зар-мұңы қиырда жатқан қазақ ақындарына да қалам ұстатты. Адамзат баласын алаңдатқан оқиғаны өзек еткен поэма үндіс жұртының мүшкіл халін бөлісуден туған еді. Жер бетіндегі адамзаттың бейбіт өмір сүруін көздеген ақын әлемге бейбітшілік нәрін септі.

Ол «Мұқағали – Желтоқсан» поэмасына отаршыл империяға қарсы күрескен қазақ жастарының 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын арқау етті. Бұл поэманың да негізгі лейтмотиви – азаттық, бостандық, теңдік. Ол жөнінде «XXI ғасыр әдебиеті» (2001-2011 ж.ж.) деген еңбекте кеңінен сөз болған.

Сонымен бірге «Ту» және «Ақмола шайқасы» поэмаларына да қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы жанкешті ерлігі негіз болды. Азаттық, бостандық жолындағы күрес егемен елдің Астанасымен ұштасқан. «Төбеңнен елдік нұрын тұрған құйып, Өмірде ешнәрсе жоқ Тудан биік» деп көк байрақты жоғары бағалаған ақын оған арнап кең құлашты эпикалық поэма жазды. Қазақ пен жоңғар арасындағы Аңырақай жазығындағы қанды шайқасты негіз еткен «Ту» поэмасында Төле би, Қазыбек би, Бұқар жырау, Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай, Ақтанберді, Дәулетбай, Шыңқожа, Көкжал Барак, би Боранбай, Жәнібек, Баймұрат, Наурызбай, Бердіқожа, Қазымбет сынды батырлар мен Әсет Найманбайұлы, Кәрібай Таңатарұлы, Жақыпбек Кәріпбайұлы (1864-1972) тәрізді бірсыпыра тарихи тұлғалардың есімі мен жер атаулары кездеседі. Тарбағатай, Көктұма, Барқытбел, Ақшәулі, Аңырақай, Зайсан, Қоймаңырақ, Қозымаңырақ, Күршім, Жемей, Майқапшағай, Қандысу, Майлышат, Алтай, Сауыр-Сайқан, Бөкенбай жазығы, Жағалбайлы тауы, Жетісу, Алатау сынды жер атаулары поэманың деректілік, тарихилық сипатын толықтырары анық. Тарбағатай өңірінде өмір сүрген, Әсет пен Кәрібайдың соңына ерен Жақыпбек Кәріпбайұлы сынды шежіре қарттың айтуы арқылы жеткен тарихи оқиғаны нақты деректермен толықтырған ақын әйгілі Аңырақай жазығындағы қанды шайқас туралы бір шындықтың көркем бейнесін жасаған. Тоқсандағы шежіре қартты бес жасында көрген ақынның бала кезінде естіген оқиғасы араға жылдар салып эпикалық шығармаға айналуы – қазақ тарихынан үлкен орын алатын оқиғаның ешқашан да ескірмейтіндігінің мысалы.

Тарихи оқиғаны арқау еткен поэманың кейіпкерлері өмірден алынғандықтан мұнда шындық басым. Қазақ пен жоңғар арасындағы шешуші шайқасты жалаң бейнелеуден бойын аулақ салған ол жекелеген эпизодтармен сол қанды оқиғаға жан бітірген. Құйрық-бауыр асасқан құдаларының қоқандап, қазақ жеріне сұғына бергеніне төзбеген Абылай қазақтың бар батырын жинап, шешуші шайқасқа шығатындығын хабарлайды. Оның:

Торғауыт оңайлықпен алдырмайды,  
Қоғадай жайпамасақ жел жапырған!

Кететін түрлері жоқ ақылға сап,  
Ойрандап, омыртқасын опырмасақ.

Алтайдан ары асыра айдап салып,

Қарасын көрместей ғып батырмасақ! [2, 27-28], –



деген сөзі бұл шайқастың өмір мен өлім беттескен сәттегі шешуші сипатын танытуға қызмет етеді.

Қазақпен ұзақ уақыт ұстасқан жоңғардың да оңай жау болмағандығы олардың жекелеген батырларының ерлігімен суреттелуі шындыққа жақын. Жоңғардың Күршім батырының жекпе-жекке Қабанбай мен Бөгенбайды шақыруы олардың да осал болмағандығын байқатса, Күршімді жер жастандырған Көкжал Барақ қазақ батырларының саны екі қолдың саусағымен санауға келмейтіндігінің белгісі. Ақынның қазақ жеріндегі біраз жер атауларының осындай ерлігімен көзге түскен жоңғар батырларының атымен аталатындығын еске салуды жадында ұстағандығы Күршім, Жеменей, Зайсан, Майқапшағай атауларынан байқалса, «Қандысу» қазақ пен жоңғардың қаны судай аққан жер ретінде тарихтан белгілі. Тарбағатайда кіші жүз табын Бөкенбай батырдың қолы жатқан жердің «Бөкенбай жазығы» атануы, Жағалбайлы қолы жатқан Тарбағатайдың бір саласы «Жағалбайлы» тауы атануы туралы эпизодтар елі мен жері үшін шешіт болған батырларды халықтың ешқашан да ұмытпайтындығының жарқын мысалы.

Ақшәуліге туын тіккен Дарабоздың төңірегіндегі баһадүрлердің барлығы да – қазақ тарихынан үлкен орын алатын қазақ батырлары. Қазақтың оңтүстігі пен солтүстігін, шығысы мен батысын мекен еткен батырларының барлығы да Абылай ханның жарлығымен бір жерге жиналуы – олардың ел басына күн туған сәтте бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған ауызбіршілігінің, ынтымағының белгісі ретінде суреттелген.

Ақын Абылайдың кеңесшісі, алқышысы болған Бұқар жырауды да жекелеген эпизодтар арқылы поэмаға енгізуді жөн деп санаған. Оны Бұқар жыраудың жоңғарға қарсы жорықтың тізгінін Ақшәулі мен Барқытбелдің, Тарбағатай мен Алтайдың құмы мен тасына, суы мен көліне дейін жақсы білетін Қабанбайға табыстау керектігі жөнінде айтқан:

Ей, Абылай, Абылай!

Айтсам сөздің қысқасын,

Көңілдегі нұсқасын –

Ақтық айқас тізгінін,

Ер Қабанбай ұстасын! [2, 31], –

деген ақыл-кеңесіне сыйғызған. Қабанбайдың өздерінен бірнеше есе күші басым, әскер басы бірнеше есе артық жоңғарға тіке шабуыл жасаудың оққа өзін байлағанмен тең екендігін түсіндіре келіп, бұл шайқаста басқаша әдіс қолданғандығы оның туып-өскен жерінің сайы мен қырын жатқа білетіндігінің көрінісі. Қабанбай «Айналып

ту сыртынан тиесің!» деп, бес мың қолды Дәулетбай батырға тапсырады.

Ақын екі жақтан да адам қырғыны көп болғанын, қара жердің қызыл қанға бөгіп, қанның суша аққандығын төмендегіше бейнелеген:

Соққандай құйындатып дауыл қатты,

Тулақтай кең даланың шаңын қақты.

Қан бояп ат тұяғын шашасынан,

Өзен-су қып-қызыл боп ағып жатты [2, 34].

Поэмаға негіз болған оқиға – ту ұстаған Қазымбеттің қазасы. Ат тізгінін тұқыртып қойған Қазымбеттің өндіршегіне тиген қос жебеден аққан қанның омырауын жуып кеткенін көргенде жыламаған жан қалмайды. Көзін жұмбаған күйі ат үстінде ту ұстаған қолы қасарысып қатып қалған ол жоңғарларға «не қыласың енді маған?!» деп тұрғандай әсер береді. «Күн туар деген рас ұл туғанға, Түсесің от пен суға жұртың барда. Ешқашан өлмек емес ер Қазымбет, Артында желбіреген ту тұрғанда!» деген ақын көк байрақтың қасиетін оқырманға түсіндірумен бірге тәуелсіз қазақ елінің туын ұстар Қазымбеттей патриоттарды тәрбиелеу керектігіне көңіл аударады.

Поэмадан көзге түсетін тағы бір эпизод – жоңғардан түскен мол олжаны Абылай хан елге үлестіріп жатқанда Қабанбайдың сол олжадан бас тартып, «Киелі бабамыздың басы жатқан, Жоқ бізге атажұрттан асқан олжа!» деуі. Бұл – туған жердің топырағына тең келер байлықтың жоқтығы. Ақын өткен тарихқа жан бітіре отырып, бүгінгі замандастарымызға да ой тастаған. Оның бірі – ата-баба қанымен, қаншама шайқаспен аман-есен алып қалған жеріміздің туырлықтай туралып, жат жұрттықтарға құнсызданып сатылып жатуы болса, екіншісі – тарихи шындықты жасыруға болмайтындығы. Кеңестік дәуір тұсында қазақты тарихын білмей мәңгүрт етіп, ноқталап ұстау көзделгенмен, араға жылдар салып неше ғасырлық тарихтың ізі бүгінде көз алдымызда сайрап жатуы. Осындай мысалдарды ақын кешегі 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасына» қатысты дұрыс мегзеген. Араға ширек ғасыр салса да жанын жегідей жеген Желтоқсан шындығының беті бүркемеленіп жатуы ақын үшін емес, барша қазақ үшін қасірет.

«Ақмола шайқасы» – қазіргі Астана қаласының бұрынғы атауы Ақмоланың шығу тарихынан хабар беретін тарихи поэма. «Астана – ескерткіштің ең ұлысы, Ұлт үшін құрбандардың барлығына!..» деген ақын қазақтың өткен тарихынан сыр шертеді.

Жайсаңын жарға жығып тобыменен,

Өкіріп өлгеннен соң еңіреген.

Бауырын байлап беріп қолыменен,

Басқаның тұлыбына мөңіреген [2, 48], –

дегендей, қазақтың бірлігімен бірге алауыздығының қатар жүретіндігі жасырын емес. Әділ тарих жақсылар мен жайсаңдарын оққа байлап берген қазақтың сатқындарын ешқашан да кешірмейді. Поэманың негізгі жетістіктерінің бірі – қазақтың кешегісі мен бүгінін салыстыра отырып оқырманға ой тастау. «Қазақтың айтып бітем қай қылығын» дейтін ақын қазақ біткеннің бойындағы мінез-құлықтарды саралай отырып, теріс пиғылдың жақсылыққа апармайтынын «Қызығып қайран қазақ дүние-боққа, Жем болып көрінгенге жүрген жоқ па?» деп бейнелеуі нанымды. «Қазақтың өлісінің бәрі жақсы», «Қазақтың атасының бәрі батыр» екенін өткен тарихтан нақты мысалдар келтірген ол бүгінгі қаңдастарына көңілі толмайды. Төңірегі толған екіжүзділер мен сайқалсыған саудагерлерден түңілген ақын Кетбұға, Ақтанберді, Дулат тәрізді бабаларымыздың айтқандарын көкірекке тоқи алмаған тобырға ренжулі. Мыңмен жалғыз алысқан Абай рухына қаратыла айтылған «Қазағың кеше де осы, бүгін де осы» деген ойлардың астарында үлкен қоғамдық мәселелер мен мұңдалайды. Кешегі Домалақ, Қызай, Мұрын, Айпара сынды аналарымыздың бүгінгі ұрпағы көкектерше секектеп, ұясында жұмыртқасын шайқай алмай жатқаны қазіргі өзіміз куә болып жүрген ХХІ ғасырдың дәлірек айтқанда егемен елдің бүгінгі өмірінің шынайы шындығы.

Өткеніміз бен бүгінімізді салыстыру арқылы көп мәселелердің бетін ашқан ақын қазақ даласында сан ғасырлар атадан-балаға мирас болып келген ел басқару жүйесінің қашан, қалай бұзылғандығы жөнінде мәлімет берген. Ол Абылай хан өлгеннен кейін мұрагері Уәліні Орта жүзге хан сайлағаннан бастап сөз қозғайды. Жоңғардан құтылғанмен, қазақтың ақ патшаның боданына айналғанын «Даланың қусырылып еркін шағы, Хандардың қалтылдаған алтын тағы» деп суреттейді. Уәліні қуыршақтай ойнатқан ақ патшаның ол дүние салған соң, хандықты быт-шыт қылып бөлшектеп, ел арасына ши жүгіртіп, отқа майды құя түскенін көркем бейнелеген. Қазақ біткеннің ата қонысынан қуылып, шұрайлы жерлерді орыстардың иемденіп, қазақтың өзіне қоқан-лоққы көрсете бастағандығына аспан мен жердің қосыла жылағаны адам мен табиғат арасындағы байланыстан хабар береді. Уәліден кейін аз уақыт Абайдәлдәні хан сайлағанын тілге тиек еткен ақын ол кезде Кенесарының жас екенін жадында ұстаған.

Ақмола мен Қараөткелді ата-бабасы қоныс еткен Сейтен мен Тайжан Қабанбайдың ақ моласының қасына келіп, орыстардың қазық қағып жатқанына шыдамай, олардың ішінде бас-көз болып жүрген Қоңырқұлжа төренің баласы Бегалыны «Төренің тумай кеткір арам ұлы!» деп тартып жібереді. Тайжанның бұл қылығынан сескенген олар келер жылы бекіністі әйгілі Бөгенбайдың Қараөткеліне көшіреді. Қоңырқұлжа аға сұлтан болып сайланған соң ескі кегін қайтармақ болып, Тайжан мен Сейтен ауылын Бегалы бастаған орыс әскері тонап, зорлап, білгенін істейді де тұтқындарды Ақмолаға айдап алып кетеді. Қара күш иесі Алыпқара мен Тайжанның сұлу қызы Тоқбала да Қоңырқұлжаның тұтқынына айналады. Тоқбаланы өзі мазақ етіп, тоқалы Зейнептің көзі Алыпқара батырға түсіп, қиылып отырып оны босатып алғанына төзбеген Қоңырқұлжа Тоқбала мен Алыпқараны бір түйеге мінгестіріп, патша ағзамға сыйлық етіп Ерейменге айдайды. Бірақ үшінші күн дегенде қарауылдарын ұрып-жығып қызды аман алып қайтқан батырына тағзым еткен халық оның атын мәңгілік есте қалдырғанына Ереймендегі «Алыпқара» тауы куә.

Қыз түгіл жесірлерін жатқа бермейтін қазаққа Қоңырқұлжаның мына қылығы қатты батады. Ақ патшаның жандайшаптары қазақтың ішіне өрт тигендей етіп, елді дүрліктіріп жібергеніне төзбеген олар атқа қонуға мәжбүр болды. Ата-баба қанымен алып қалған жердің көз алдында біреудің меншігіне айналуы оларды тыныш жатқызбады. Ел осындай тығырыққа тірелген сәтте Абылайдың ұрпағы Кенені хан сайлап, одан үлкен үміт күтті. Атқа қонған Кене қазақтың басын қосып, ақ патшамен күресуге бел буды. Осы сәтте Қоңырқұлжа отырған Ақмоланы қалай шаппай кетеміз деген ой келеді де Кене қолды үшке бөліп, Ақмоланы шабады. «Он» аталған қанатты Ағыбайға, «Сол» аталған қанатты Басықараға, ортасындағы «Ұлы туды» өзі басқарып, қасына жас арыстан Наурызбайды серік етеді. Бұл эпизод Кененің соғыс тактикасын меңгерген әккілігін танытуға қызмет етеді. Ағыбай Қызылжар жағынан, Басықара шығыс жақ бүйірден, өзі қақ ортадан шабуыл жасап, Ақмоланың күлін көкке ұшырады. Ақын Ағыбай, Басықара, ер Бұғыбай, Наурызбай, Тайжан, Сейтен, Алыпқара сынды батырлардың ерлігін мақтан ету арқылы азаттық, бостандық жолында шаһид болғандардың рухына тағзым етеді. Кенесары Арқадан ауғанда туған жерін қимай Тайжан мен Сейтен Арқада қалып қояды. Кезінде Тайжаннан жерге кірген тышқан секілді зымзия қашып құтылған Қоңырқұлжа мен Мұса кейін Кенесарыға ерген бүлікшілер деп Сейтен мен Тайжанды ақ патшаға ұстап береді. Ақ

патша жандаралдары Сейтенді үш мың шақырымға жер аударып, Тайжанды ату жазасына кеседі. Ақмола үшін күресте қаза тапқан Басықара, Тайжан сынды батырлардың рухына тағзым еткен ақын:

Тірілер өз атына көше беріп,  
Заманда емін-еркін тайраңдаған,  
Астында мынау әсем Астананың,  
Үн-түнсіз жатырсың-ау, қайран бабам?! [2, 95], –

деген түйін жасайды. Осылайша өлілердің, яғни ата-бабаларымыздың ар өлімін үлгі-өнеге тұтқан ақын бүгінгі тірілердің тірлігін бетіне басып оларды мақтамен бауыздаған. Поэмада азаттық үшін күресте қаншама жас ағып, қаншама қан төгілгенін, қаншама жанның қыршынынан қиылғанын еске салған ақын бүгінгі тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін түсінуге шақырады. Ерлік пен елдікті паш еткен ол елі мен жері үшін шаһид болғандардың рухына тағзым етіп, оларға құрмет жасау бүгінгі тірілердің міндеті екендігін жеткізе жырлады. Қазақтың өткен тарихына жан бітіріп, елі мен жері үшін жанын оққа байлаған қазақтың батырлары мен хандарын тәуелсіз қазақ халқымен қайта қауыштырған Несіпбек Айтұлы «елдіктің жампоз жыршысы» ретінде танылды.

Қазақ тарихынан сыр шертер шығарманың бірі – «Төлегетай». Орта жүздегі Найман руынан шыққан Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай тәрізді аталардың Төлегетайдан тарайтынын еске түсірген ақын Қытай атты баласынан туған төрт немересін бауырына басқан Төлек атай туралы толығырақ мәлімет беруге тырысқан. Қытайдай көп болсын деп баласына ырымдап ат қоюы – қазақ халқына тән ырымдарды еске түсіреді. Аңға салған қыраны өзіне түскенін елді бастап келген Қанжығалы биі:

– Уа, Төке, ойда жоқта құлап түсті  
Байрағың желбірген төбедегі.  
Ұлыңыз жазым болды аңда жүрген,  
Ұрынып өзі ұшырған көбелегі.  
Алланың жазуына не шара бар,  
Тұрмастай қара жерге шегеледі.  
Болар іс болғаннан соң орны толмас,  
Бар енді айтып-айтпай не керегі?  
Тәуба қыл, сабырға кел, аман жүрсе,  
Артында төрт бұтағы көгереді... [3, 76]

деп естіртеді.

Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл төртеуінің көрген түстерін автор көркемдік деталь ретінде пайдаланған. Ақын төрт немересінің түсін жору арқылы олардың үрім-бұтағының

болашағынан хабар береді. Тасқа басылған елу бес таңбаның ба-сында тұрған Найманның таңбасы – сегіз тайпа болып өсіп-өнген іргелі елдің таңбасы екені жасырын емес. Ақын осы сегіз тайпа елдің тарихына лирикалық шегініс жасап, олардың өткенінен хабар береді. Шыңғысханнан жеңілген найман тайпасының тарыдай шашырап Алтайдан Самарханға дейін барғаны қазіргі таңда осы мекендерде Найман руының адамдары тұрып жатқанынан байқалады. Қаракерейден шыққан Қабанбай батыр, Матайдан шыққан Қаптағай, Шоңай батырларды еске ала отырып, Илияс Жансүгіровтің Қаптағайдың тұқымы екендігінен, ақын Сараның да осы елден шыққандығынан хабар береді. Төлегетайдан тараған төрт рулы елдің өткенінен сыр шерте отырып, қазақтың бір тарихын тірілтен ақын «Наймандар бастан кешкен тауқыметті Рудың қазақтағы бәрі кешкен» деп түйіндейді. «Сабылып ары көшкен, бері көшкен» елдің тарихына жан бітірген ақын бүгінгі тәуелсіздігіміздің баянды болуын тілейді.

Қаншама белшемізден сорға баттық,  
Қызыл қан жарамыздан сорғалаттық.  
«Мың өліп, мың тірілген» шағымызда  
Әйтеуір бағымызға келді Азаттық! [3, 76] –

деген жолдар қазақ халқына Азаттықтың оңайлықпен келмегенін байқатады.

Жоғарыда сөз болған поэмалардан көргеніміздей ақын тек қана қазақ халқының емес, сонымен бірге үндіс халқының да бостандық пен азаттық жолындағы күресін өз поэмаларына арқау етті. Сондықтан да бір ұлттың ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ мәселені көтерген ақын қаламынан туған бұл поэмалар тек қазақ халқына емес, бараша адамзат баласына қызмет етері даусыз.

Азаттық, бостандық идеясын жыр еткен тарихи шығарманың бірі – Ә. Қайранның «Кенесары» атты тарихи дастаны. Ақын өзіне дейін жазылған хан Кене туралы көркем шығармаларды негізге ала отырып, бұған дейін айтылмаған, жазылмаған кейбір тарихи деректерге жан бітірген.

Өз жолы бар ұлып өтер бөрінің,  
Өз жолы бар үріп өтер әр иттің.  
Өз үні бар бақаның да... балықтың,  
Өз үні бар көр-лақаттың, табыттың! [4, 3]

дейтін ақын жаны бардың бәрінің де өз өмірі, өз жолы, өз үні бар екенін айта келіп, тірі тарихтың жолы да, жөні де бөлек екендігіне көңіл аударады. Ақынның осы шумақтағы әр тармақты бір дыбыспен бастап аллитерацияны орнымен қолдануы шығарманың

шырайын келтіріп тұрғанымен ерекшеленеді. Осы ойын ақын хан Кененің өмірі мен өлімі арқылы көркем бейнелеу мақсатында өткен тариха лирикалық шегініс жасайды. Ақ патшаның қолына тапсырылған Кенесарының басын қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін іздегендігі, осы жолда қаншама қиыншылықтарға кездескені белгілі. Петерборда Кунскамера ішінде тұрған көп бастың әрқайсысына тән өз сыры болғаны, сол бастардағы жарақаттардан байқалады. Ал, халқының азаттығы мен бостандығы жолында өр басын ер өлімге тіккен хан Кененің өліміне себеп болған жайттардың алғышарттары қандай еді деген сауалға жауап іздеген автор, оның басты себептерін сол кездегі ел өмірімен ұштастыруда жетістікке жеткен. Қазақтың соңғы ханы Кенесарыны 1841 жылы ақ киізге көтеріп, хан сайлағанын еске түсіру арқылы. Ханның күні қарашамен екенін жадында ұстаған ақын сол кездегі қараша халықтың тұрмыс-тіршілігі қандай еді сауалға жауап іздейді. 1781 жылы Абылай хан дүниеден өткеннен кейін алпыс жылдан кейін хан ордасын тіктірген Кенесарының Қасымнан туғадығын, өзі тіге алмаған ақ орданы Кенесары мен Наурызбайға аманаттап кеткендігін еске түсіре отырып, сол кездегі ел өмірінен хабар береді:

Зеңбірек кең далаға сұғынғалы,  
Қазақты қатты соғып, сүріндірді.  
Абылай ақ ту тіккен ақ орданы  
Қайтадан тіктелместей бүліндірді [4, 6].

Бұл кезде қазақ даласындағы ел басқару жүйесі бұзылып, ақ патшаның жандаралдары қазақ даласына өз заңдарын орната бастады. Жер салығы, мал салығы сықылды салықтардың түрі көбейіп, бұқара халықты тұралатқан үстіне тұралата түсті. Бір жағынан ақ патшаның, екінші жағынан Қоқан хандығының алым-салығы көбейген үстіне көбейе берді. Халқының тығырыққа тірелгенін сезген Кене одан шығар жол іздеді.

Шығармадағы көркемдік тәсілдің бірі – түс көру. Автор түсті алдағы оқиғадан алдын ала хаба беру мақсатында пайдаланады. Кенесарының түсіне анасы Айкүміс кіреді. Адам баласына тік сөйлемейтін Айкүміс ана оқша қадалған кірпіктерін баласына қадап тұрып «Қаңсып қалды ғой қара жұрт!» дейді. Бұл түс сол кездегі бұқара халықтың қара суға қарап, қаңсып қалғанын мегзейтін көркемдік деталь. Осы түс Кенесарыға үлкен ой салып, халқын қалай тығырықтан алып шығудың жолына кіріседі.

Өрен бітімді елімнің  
Қанды жасын жеңіммен,

Жеңіммен емес, кегіммен

Сұрту үшін туғанмын! –

дейтін Кенесары белін буынып атқа қонады. Бұқарадан бөлініп шыққан Қоқан хандығы Әндіжан, Наманган, Маргелан сынды жерлерді жаулап алып, азаматын құл, қыздарын күң етіп, бастарына құлдық бұғауын кигізеді. Әлім бек Ташкентті өз қол астына алған соң, көрші жатқан қазақтардың жеріне көз алартып, Сайрам мен Түркістанға ауызды салады. Оларды жаулап, өз әмірін жүргізгеннен кейін Жөлек, Меркі, Шымқорған, Күмісқорған, Жаңақорған тәрізді бекіністер салып, Ақмешіт, Әулиеата бекіністерін қоса басып алады. Осылайша Жетісуға дейін әмірін жүргізген Қоқан хандығы қазақ жеріне дендеп кіріп, өз дегенін жүргізіп, қазақтарға тізесін батырған үстіне батыра түседі. Әлім бектің озбырлығына төзбеген қазақтар кіндік қаны тамған ата-баба қонысын тастап Қытай асып босып кетеді. Осының бәріне куә болған Кенесары баспаған қазақ жерін азат етуге бел байлаған қазақ сардарлары ата қонысты жаудан тазалауға кіріседі. Созақ, Ақмешіт, Жөлек, Жаңақорған, Сайрам, Шымкент сынды бекіністер мен Сыр бойын мекен еткен Ұлы жүздің жерін азат етеді. Ата жұрттың кіндігі саналған Сыр бойын азат етіп, сан мыңдаған тұтқынның басына бостандық алып берген соң, қалың жұрт Торғай жаққа көшеді.

Кенесарының соңына түскендер оны Сарыарқада да тынышына жатқызбайды. Ақ патшаның жандайшаптары бәйбішесі Күнімжанды тұтқынға алып, ойларына келгендерін істейді. Осы кезді ол: «Өректіп, өрттей жайлап айналамды, Төрт түлік малды түгел айдап алды. Ахмет, Арыстандай төрелерді, Айтақтап, төбетіндей пайдаланды», – деп еске алады. Бұл жолдар баяғы қазақ салтындағы шарттасу, бітімдесулердің орнына патшаның шен, шекпенімен ел басқару жүйесі келгендігінен, оның басқару жүйесіне кері әсер тигізгенінен мағлұмат береді. Ақ патшаның құрығынан қашып Торғай мен Ырғыздан Кенесарының артына ере көшкен елдің күйі «Бауырын саған төсеп жылап жатыр, Артымнан еремін деп көшкен елің!» деген жолдарға сиып тұр. Жетісуды бетке алып, «Алла!» деп ақбоз атқа қонған Кенесарының кірпігінен домалақ жас тамшылары оның туған жерге деген сүйініші мен күйінішін толықтыруға қызмет етеді.

Енді мен бір өзіңе «Қош! Қош!» деймін.

Көшкен жұрт көздің жасын төкпек деймін.

Дәм жазып қайта оралар күн болар ма,

Кәрі өліп, жас балдырған өспек деймін.



Дариға-ай, даламызға лықсып толсақ,

Өртеңге қаулап шыққан көк шөптейін! [4, 20]

Осылайша Жетісуға жер аударған Кенен ол жерге барған соң, ұлы жүзден жиырма мыңдай қол жинайды. Сұраншы, Тойшыбек, Саурық, Сыпатай сынды батырлар қолымен келіп Кенесарыға қосылады. Ол «Туыс болып қалайық, Салауат өткен іске қылайық, Үйсін мен қырғыздардың қанын сорған Қоқанға көтеріліп шығайық» деп үш рет қырғыздарға үндеу салады. Бірақ қырғыздар орыстардың айтағына ілесіп, Кененің қонған ауылдарын бірнеше рет шауып тыныштық бермейді. Қазақ пен қырғыз бірігіп кетсе, орыстардың өзіне қауіп туғызатынын білген олар үшін бұлардың қырғиқабақ болып отырғаны тиімді еді. Қырғыздың Орман ханы Кенесарыдан гөрі Қоқанды өзіне жақын тартып, олармен ауыз жаласып бірігіп кетеді. Кенесарының қолы Меркені қырғыздардан азат еткен соң, енді көзін олардың астанасы Пішпек қаласына салады. Алты алаштан жиналған арғын, табын, қыпшақ, шапырашты, тама, ботбайдың бетке ұстар батырларынан жасақталған қол қырғыз бен қоқанның от ауыз зеңбіректеріне төтеп бере алмай, көп шығынға ұшырайды. Тасы да, тауы да жат қырғыз Алатауындағы соғыс дала қазақтарының тау соғысын меңгермегендігін растаса, «Қырғызды білмейсің-ау, таста ойнаған, Келсе де бой бермейтін неше мықты!» деген жолдар – тау-тасты мекендеген қырғыздардың тау соғысын шебер игергендігіне қызмет ететін көркемдік деталь. Бұғыбай мен Наурызбай бастаған отыз жігіт «ұры жолмен» жүріп отырып, «Асқардың асу бермей биігіне Болғанда бие сауым зорға шықты». Жекпе-жекте қазақ батыры Наурызбай қырғыздың Бедер, Ораз сынды батырларының басын алады. Бас батырларынан айрылған қырғыздар соңғы шайқасқа жан сала кіріседі. Осы шайқас үстінде ақын Бұқарбай, Наурызбай, Ержан, Шәкір, Қабан, Меңдібай сынды батырлардың жанкешті ерлігін көркем бейнелеумен бірге іштен шыққан жаудың жаман болатындығын да жадында ұстап отырған. Оны он екі мың әскерін соңына ертіп, бір түнде Кенесарыны тастап тайып отырған Рүстем, Сыпатай сынды батырлардың әрекеті растайды. Алтын мен атаққа қызықпай, Қазақтың намысы үшін қоқан мен қырғызбен күрескен Кенесарының қолға түскен кездегі мүшкіл күйін:

Қырық бес жыл болыпты туғанына,

Жасынан ата жолын қумады ма?!

«Түс аттан!» деп зекіді бір қара құл,

Шынымен, түп тамыры қурады ма? [4, 31]

деп суреттейді.

Тұтқындағы Ержанды құтқарам деп аңғалдықпен қолға түскен Наурызбайды қырғыздың батыры Бедеудің өтеуіне Ержанды Қалша бидің өтеуіне өлтірмек болған Орман хан құлақ естіп, көз көрмеген адам айтса нанғысыз айуандыққа барады.

Науанды шалқасынан салды келіп,  
Уыстап құйды аузына қанды келіп.  
Шыңғырып кісінеді жылқы біткен,  
Қып-қызыл ағып жатқан қанды көріп.

Болды ма мұндай қорлау бұрындары?  
Қырғыздың сұмдық екен ырымдары –  
Ержанның екі көзін ойып алып,  
Аузына Наурызбайдың тығындады [4, 33].

Осыдан кейін екі ағашқа керіп қойған Науанның екі қолын, одан кейін басын шауып түсіреді. Кененнің көз алдында оң қолы болған Ержан мен Наурызбайды ит өліммен өлтіріп, оны тірідей қорлайды. Содан бері бір жарым ғасыр өтсе де Кенесары сынды соңғы ханын ұмытпаған қазақ оған қаншама жыр жолдарын арнады. Кеңестік дәуір тұсында орыстарға қарсы шыққан Кенені қанішер етіп көрсеткенмен шындықты әділ тарих жасыра алмады. Кенесарының орыс пенен қоқанды, көрші жатқан қырғызды жаулау үшін шаппағанын, қазағына ар ісін аманаттап кеткенін жырлай отырып, қанжығада кеткен батырлардың бастарын:

Дүние-ай, қырғызда өлген достарының,  
Бастарын ілді Қоқан базарына!

Басы емес тек Кененің, қанша бастар

Тәлкек боп, түсті жаудың табанына [4, 34], –

деп жоқтайды. Поэманың негізгі лейтмотиві – «Дәл бүгін Кенесары көтеріп тұр Қазақтың намысы мен ар-иманын!» деген жолдарға сыйып тұр. Кенесары көтерілісі арқылы «мың өліп, мың тірілген» қазақтың кешегі тарихының бір қырынан хабар берген ақын батыр өлімінің көпшілік біле бірмейтін сырларына қанықтырған. Хан Кененің Қоқаннан азат еткен ұлы жүздің батырлары өзіне сатқындық жасайтынын білмей, қапыда қолға түсуі – «қазақтың жауы – қазақ» екендігін еске салады. Поэмада ерлік пен ездік, батырлық пен ездік, патриоттық пен сатқындық тәрізді бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар параллель, суреттелу арқылы олардың өмірдегі, тарихтағы орны ашыла түскен.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэмаларының бірсыпырасына астананың Сарыарқаға көшірілуі, сол тұстағы Елбасының көрегендігі, бүгінгі Астананың келбеті, ұлы көштің нұрлы көшке

ұласуы тәрізді тарихи оқиғалар негіз болған. Н. Айтұлы «Бәйтерек», Ш. Сариев «Елбасы сыйлаған барыс», Т. Әбдірахманқызы «Елтұтқа», К. Ахметова «Теңдік үшін мұхитқа қайық салдық», М. Райымбек «Көшбасшы» поэмаларында егемен елдің азаттығын, Қазақстанның елордасына айналған Астанасын, бүгінгі көркейген қазақ елін жырға қосты. Шаттық сезімге құрылған мұндай шығармаларда көтеріңкі леп басым.

Н. Айтұлы қаламынан туған «Бәйтерек» – еліміз егемендік алғаннан кейін, тәуелсіздіктің алғашқы жеңістеріне куә болғаннан кейін туған лирикалық поэма. Поэманың негізгі идеясы – тәуелсіздікті насихаттау. Астана қаласынан бой көтерген тәуелсіздік монументі Бәйтеректі Елбасының өр тұлғасына балаған ақын бүгінгі азаттығымыздың оңайлықпен келмегендігін өткен тарихтан сыр тарта отырып бейнелеген.

Поэманың эпилогында «Түсімде Тәуелсіздік Падишасы, Ақ қағаз, алтын қалам берді маған!» дейді ақын. Міне, осыдан кейін қазақ елінің бостандығы, тәуелсіздігі туралы жазуға бел буады. «Дүниенің кеңдігінен не пайда, аяқкімің тар болса» деген мақалды ақын «Не пайда дүниенің кеңдігінен, Болмаса бостандығы бір басыңның» деп түрлендіре пайдалану арқылы тәуелсіздіктің құнын арттыра түскен. Сан ғасырлар аңсаған тәуелсіздігіміз жолында қаншама бабаларымыздың шаһид болғанын тілге тиек ете отырып, «Армысың, Азаттығым, қыран қанат, Қалықтап қайта қонған тұғырына» дейді. Азаттық жолында аласұрған арыстардың шарқ ұрғанын еске салған автор «Шынжырда шыр айналып тұрса-дағы, Ит қана семіреді тойғанына» деп, елі мен жерін ойлаған ерлер мен қарынның қамынан аспаған ездерді қатар (параллель) суреттейді.

Кең ашып берекеге есігіңді,

Түзетіп, тербете біл бесігіңді.

Сан ғасыр бұршақ салып мойыныңа,

Құдайдан тілеп едің осы күнді! [2, 341], –

деп Томирис, Еділ патша, Елтеріс хандар аңсаған азаттыққа, Асанқайғы жете алмаған жерұйыққа қазіргі қазақ елі жетіп отырғанын, Тәуелсіз Президенттің таққа мінгенін шаттана жырлайды. «Әлек боп ел басқару әркімге оңай, Халыққа Көсем болу патшаға-сын!» екенін айта келіп, көк тулы Қазақстанның жер шарына танылуын Н. Назарбаев есімімен байланыстыра бейнелейді. «Балапаны кеш түлеген» қырандай Елбасының шарқ ұрып дамыл таппауын Қазақтың қолтығынан кім сүйейтіні неғайбыл шақта, тобықтан қағып түсіретін дұшпандардың кездеспеуімен ұштастырған.

Ата-баба қанымен келген тәуелсіздігіміздің баянды болуын тек экономикалық емес, әлеуметтік, рухани байлығымен байланыстыра суреттеуі шындыққа жақын:

Жоғалса қыздан иба, ұлдан иман,  
Кең далаң кімге керек құр далиған.  
Жолында Бостандықтың төгілген қан,  
Кетеді судай зая құмға құйған [2, 342]

Кеңестік дәуір тұсында атом бомбаларының сынағына айналған жердің қазіргі таңда қырық құрау күйде ала-құла болып жатқанын жадында ұстаған автор «Қарудан ядролық бас тартпаса, Маза жоқ мұңға батқан Жер-Анаға» дей келіп, осы сынаққа тойтарыс берген Елбасының ерлігін мақтан етеді. Елінің аманатын арқалаған Елбасының иығында дәуірдің ауыр жүгі тұрғанын «Сұңқардың желкесіне сұқсыр мініп, Құланның құлағында құрбақа ойнаған» заманмен шендестіре бейнелеген.

«Ұлтының табанына ызғар өтсе, ұлтарак, ұлтаны да болуға бар!» Құлтегін мен Әз-Жәнібек, басы қанжығада кеткен хан Кене, үш жүздің басын қосқан Абылайдай хандардың аруақтары жиналып келіп, «Ал, балам, бекем ұста ел тұтқасын, Тағынды Тәңір сенің толқытпасын! Оралып шалғайыңа бақ пен дәулет, Қысылсаң Қызыр келіп қолтықтасын!» деп Елбасына бата беруі арқылы бүгінгі тәуелсіздігімізді бабалар рухы қолдап жатқандығына сендіреді. Естеми, Бумын, Білге, Құлтегін, Едіге, Абылай сынды хандар мен батырлардың өшпес ерлігін пәтуасыз ғұмыр кешкен патшаларға қарсы қоя суреттей отырып, олардың халқының қолын баққа жеткізгенін асыра дәріптеді.

Астананы Ақмолаға көшірген сәттегі Алатаудан Арқаға «жөңкілген Бостандықтың көші» бет түзегенін тілге тиек ете отырып, бес жылда Астананың самаладай жарқырап бой көтергенін көңілге медет тұтқан ақын оның болашағынан мол үміт күтеді. Ұлы көштің бүгінде нұрлы көшке ұласқанын мақтан еткен ол осының негізгі себепкері болған Елбасының ерлігін «Ішінде сайыпқыран көсемдердің, Шоқтығы шоқ жұлдыздай Нұр-ағамның!» деп дәріптейді. Еуропа мен Азияның кіндігінде тұрған Астананың күн санап ғарыштап өсіп жатқанына марқайған автор Елбасының қазақтың шекарасын сызып, оба-қазық қағуымен, қазақтың астанасы бүгінде Азаттықтың астанасы атануымен ұштастырған. Сөйтіп, тәуелсіздік, Бәйтерек жөнінде:

Бәйтерек – Астананың төріндегі,  
Өресі биіктіктің өмірдегі.

Аялы алақаны Елбасының,  
Секілді өшпейтұғын сенім мөрі.

Бәйтерек – Елбасының өр тұлғасы,  
Әкеліп өз қолымен Тәңір қойған!, – деген түйін жасайды.

Ш. Сариевтің «Елбасы сыйлаған барыс» атты поэма-толғауы – өзіндік айтары бар туынды. Елбасы Н. Әбішұлы Жапонияға сыйлаған барысты Токиоға барғанда көрген ақын ерекше тебіренеді. Елбасы сыйлаған барысқа елшіліктегі Елші Болат «Шыңғыс – Акбар» деп ат қояды. Токиоға барған ақын елшілермен бірге сол Шыңғысты іздеп сапар шегеді. Елден барған барысты іздеп барған кезде ол қазақстандықтарға сәлем бергендей ыңғай танытады. Осы сәтті ақын:

Жатқандай темір торда әрең көніп,  
Барыстың бейнесінен әлем көріп,  
«Шыңғыс!», «Шыңғыс!» біз келдік,  
Алатаудан, Алатаудан,  
О, Шыңғыс, Сәлем! – дедік.

Сағынған Алатауын – мұң білетін,  
Жандай бір Қазақ үнін, тіл білетін,  
Сол сөзді түсінгендей Шыңғыс басын,  
Көтеріп жанарымен бұрды бетін [5, 69]

Осы оқиғаның өзін ақын тәуелсіздікпен ұштастыра білген. Жапонияда жүрген барысты қазақ баласына балаған ақын онымен қимай қоштасады. Ол барысты қазақ тілін түсінгендей етіп суреттеу арқылы Отан, ел, туған жер деген ұғымдарды биіктете түскен. Сондықтан да:

Оятты Тәуелсіздік ғасыр елді  
Көтеріп барыс тұрды басын енді.  
Шыңғысты аядым ба ақындықпен,  
Көзімнің, кәдімгідей жасы келді [5, 72], – деп жырлады.

Туған жердің әрбір тасын баға жетпес байлыққа балау қазақ поэзиясында бұрыннан қалыптасқан дәстүр. Ал, оның жырақта жүрген аң-құсының туған жерге деген сағыныш сезімін шынайылықпен бейнелеген ақын тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэмасына көркемдік ізденістер қосты деп айта аламыз. Мұның өзі қазіргі қазақ ақындарының мазмұн мен түр жаңалығын жасаудағы көркемдік ізденістерін байқатады.

Бұл жылдары қазақ ақындары жекелеген тарихи тұлғалардың сом бейнесін жасауға бет бұрды. Қазақ тарихынан үлкен орын ала-

тын батырлар, ақындар, өнер иелерінің көркем бейнесін жасау әдебиетте қалыптасқан дәстүр болса, тәуелсіздік тұсында тарихи тұлғалар мен қоғамдық өмірде үлкен жетістіктерімен танылған замандастарымыздың образын көркем бейнелеген тың туындылар дүниеге келді. Олардың қатарында ХХІ ғасырдың ғарышкерлері, батырлары, спортшылары, өнер иелері бар.

Мәди Қайыңбайдың «Қылует» поэмасы [6] Қожа Ахмет Яссауиға арналған. Пайғамбар жасында қылуетке түскен Ахмет Яссауидің отыз күн ораза ұстап, сол жерде қаншама еңбек жазғаны, қаншама шәкірт тәрбиелегені туралы сөз болады. Поэма Омар Хәйям мен Қожа Ахмет арасындағы диалогқа құрылған. Сүлеймен Бақырғани, Шәмси Өзгенти, Хазірет Бахауаддин, Хазірет Нығметолла, Ахмет Иүгінеки сынды шәкірттерінің ішінен Ахмет Иүгінекидің өз шығармасын оқып беруі арқылы оның шәкірт тәрбиелеудегі, оларды жолға қоюдағы істері сөз болады.

Ахмет Яссауидің пайғамбар жасына келген соң, қылуетке түсуі қазіргі пайғамбар жасынан асқан ағаларымызға ой салса, нұр үстіне нұр болар еді.

Тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтың бейнесін толықтыратын шығармалар қатарында Кәкімбек Салықовтың «Қаныш – Жұлдыз» қарсы алды», Маржан Ершудың «Ғарышкер» поэмаларын атауға болады. Алты тараудан тұратын соңғы поэманың әрбір тарауы жекелеген мәселелерді көтеруімен ерекшеленеді. «Аспан – арман» деп аталатын бірінші тарауда соғыстан кейінгі жылдардағы ел ішіндегі жүдеу тіршілік Тоқтардың отбасындағы жағдаймен бейнеленген. Әкеден ерте айрылып, аурушаң анасына қолғабыс тигізу мақсатында 15 жасында Аудандық ішкі істер басқармасына келіп, жұмыс істегісі келетінін, ол үшін паспорт қажеттігін түсінген жалынды жігіт өзінің қайсарлығымен ерекшелене бастайды. Күндіз жұмыс істеп, кешке орта мектептегі оқуын жалғастырған ол мектепті бітірген соң, ғарышкер болуды армандап, соның оқуына түсуге бел байлайды.

Күннің жүзі төмендеп қызарыпты,  
Алақаным аппақ боп ұзарыпты.  
Бір әдемі көбелек ұшып келіп,  
Көз алдымда – жүзі анық тұр.

Аударып тастағандай түн түндігін,  
Құлағыма келгендей сырлы бір үн:  
Бұл сенің көбелегің, қанатың бұл –  
Деді, – Күнім [7, 94], –

деген ана түсін мегзеу мақсатында аян беру тәсілімен пайдаланған автор болашақ ғарышкердің алды жарқын болатындығынан хабар береді. Осы тараудағы «Оңғарбай атасының аты ауысып, «Әубәкіров» боп жазылған құжатына» деген жолдар кеңестік дәуірде қазақ әріптерінің дұрыс жазылмауы салдарынан қазақ есімдерінің шектен тыс өзгеріске ұшырағандығынан хабар берер деталь.

«Сынақшы – ұшқыш» тарауында болашақ ғарышкердің оқу-жаттығу жолындағы қиыншылықтарына кезіземіз. Өмір мен өлімнің арасын қас қағым сәттегі жылдамдықпен бейнелеген автор Тоқтар бойындағы ептілікке, тапқырлыққа көңіл аударған. Люктің аузына мұз қатып қалғанын көрген командирдің тығырықтан шығар жолды таба алмай қиналған сәтінде Тоқтардың «Турбинадан қосалқы конусты» пайдалану керектігін еске түсіруінен болашақ ғарышкердің өмірден тәжірибе жинақтау арқылы өз кәсібінің білікті маманы болып қалыптаса бастағаны байқалады.

«Рекордсмен 1989» деп аталатын тараушада оның «МИГ – 29» ұшағымен жасаған тәжірибесі таратыла сөз болған. Автор мұнда жер жаһанды өзіне қаратқан Тоқтардың рекордын қазақ халқы бағының жануы ретінде бейнелесе, «Ғарышкер» деп аталатын төртінші тарауда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен 1991 жылы қазан айының екінші жұлдызында Байқоңырдан ұшқан Тоқтар экипажы қазақ деген халықтың атын күллі әлемге паш етіп отыр. Көк туында самғайтын қыраны бар байрағымызды ғарышқа алып ұшқан Тоқтарға Елбасы «Сау бол, Тоқтар бауырым! Аман орал» деп сәт сапар тілесе, оның аман-есен туған жерге қайта қонуына барша қазақпен бірге табиғат-ана да тілектестік білдіріп еді:

Қуанды ел жасты көзін көкке қадап,

Жыр – домбыра сөйлеп кетті қара шанақ.

Жер – Ана тебіреніп толқып жатыр,

Құс біткен ән салғандай қағып қанат [7, 96].

«Көкжал» атты тарауда еліміз егемендік алған жылдардағы ел ішіндегі экономикалық қиыншылық пен дала тағысының шаруаның азынан аулақ малына тіс батыруы сол кездегі тұралаған елді тығырыққа тіреп еді. «Қара қойдың тұяғы жатыр қансырап, Көз жасы ақты омырауларға тамшылап. Азын-аулақ дәулеті, малы бұйырмай, Жүдеу көңілді удай ашытты қамшылап» деген жолдар сол тұстағы елдің мүшкіл халін байқатар сурет. Міне, осылай тығырыққа тірелген ел көрші ауылда Тоқтардың қасқырды соғып алғанын естіп, содан бір медет күтеді. Ел ерге қараған тұста, Тоқтар жерге қарамай атқа қонып дала тағысының соңына түседі. Көкжалдан қорыққандар оған серік болуға жарамай қалып

қояды да, жалғыз өзі аттанады. Соңына жалғыз түскен адамнан тайсалмаған бөрі өзіне қарсы шауып екеуі бетпе-бет келгенде оның мылтығы түкке жарамай қасқырдың бір тіс салғанынан қақ бөлінеді. Осы кезде анасының «Қасқырдың жаны тұмсығында ғана болады» деген сөзі есіне түскен ол көкжалды дәл тұмсықтан соғып, сұлатып салады.

«Бас түркі» деп аталатын тарауда «Ататүрік арманы іске асты» деп қуанған түріктердің көк түрік елінен айға ұшқан ғарышкермен мақтануы нанымды бейнеленген. «Ғасырдың саңлағы» атанған Тоқтарды Түркияның «Бас түркі» деп тануы осының белгісі ретінде бейнеленген.

Ақын бүгінгі замандас бейнесін жасауда нақты деректерге сүйеніп отырған. Тарихи оқиғалардың уақыты шығарманың деректілік сипатын танытады.

Қазіргі таңда қазақ елін әлемге танытып жатқандардың бірі – спортшылар екені белгілі. Кешегі Сидней олимпиадасынан бері қарай қазақстандық спортшылар талай биіктерді бағындырып, қазақтың көк байрағын көтеріп, ән ұранымызбен әлемді дүр сілкіндірді. Көбіне ұлтының абыройын асқақтатқан спортшыларды дайындайтын жаттықтырушылар сахнаның сыртында қалып қойып жатады. Осындай жаттықтырушының бірі – Қазақстан Республикасының бокстан еңбек сіңірген Бас жаттықтырушысы Тұрсынғали Еділов. Ол – Сиднейде өткен Олимпиада ойындарында алтыннан алқа таққан – Ермахан Ибраимов пен Бекзат Саттарханов, күміс медальдің иегерлері – Болат Жұмаділов пен Мұқтархан Ділдабековтердің жаттықтырушысы. Сидней аспанында шырқалған әнұран мен желбіреген көк байрақ қазақ біткеннің мәртебесін бір көтеріп тастағанын күні бүгінге дейін ұмытқан жоқпыз. Мұндай сәтті қолына қалам ұстаған қазақ ақындары да қалт жібермей, қазіргі заманымыздың батырларына арнап жыр шашуларын шашты. Көп ұзамай өмірден өткен былғары қолғап шебері, бокс тарихындағы аққан жұлдызы – Бекзат Саттархановтың жол апатынан қаза болуы кім-кімді де ойландырмай қоймады. Қазақ біткен күңіреніп азаматын жоқтады. Тосыннан келген ауыр қазаға елдің бәрі үлкен күдікпен қарағаны да жасырын емес. Бұл тұста шағын лирикалармен бірге эпикалық поэмалар да жазылды. Оқырманның оң бағасына ие болған осындай туындылардың бірі – Зейнолла Тілеужанұлының «Қазақ батырлары» атты поэмасы. «Ақын Австралияда өткен жарыстан соң ұзамай дүние салған Бекзат Саттархановты, белгісіз жағдайда көз жұмған таэквондодан алты даңның иегері – Мұстафа Өзтүрікті, қазақтың тұңғыш былғары



қолғап шебері – Әбдісалан Нұрмақановты жыр тілімен тебірене еске алады» [8, 17].

Бірнеше бөлімнен тұратын поэманы автор өз ішінен тақырып қойып, бірнеше тарауларға бөлген. Поэманың прологында қазақ боксшыларын дайындаған жаттықтырушы жөнінде мәлімет береді. Сиднейде дүние жүзінен жиналып жатқан «мыңнан жүйірік, жүзден тұлпар» шыққан Америка, Қытай, Ресей, Куба сынды елдерден келген спорт шеберлерімен бірге бәйгеге қосылған, қазақ балаларының жаттықтырушысы Тұрсынғалидың сол кездегі көңіл-күйін оның өз сөзімен былай жеткізеді:

Қазақтың Көк Байрағы биік тұрсын.  
Алтын Күн Көк Байрақта күліп тұрсын!  
Баптаған балапаннан қос қыраным  
Мойнына Алтын алқа іліп тұрсын [8, 18].

Күллі әлем көз тіккен сайыстан қазақ жастары да үміткер екенін, себебі олардың ата-бабасы кешегі кең жазира даласын жаудан қорғаған Қабанбай, Райымбек сынды батырлар екенін, олардың да тақыр жерден шықпағанын еске түсіреді.

«Тұрсынғалидың балалық шағы» атты екінші бөлімде оның туып-қөскен ортасы жөнінде мағлұмат береді. Шарынның бойындағы «Тасқарасу» деген жерде туған ол тоғыз баланың ішінде өскен. Бала санын атаудың да өзіңдік мәні бар. Ұлы Отан соғысына соңғы тұяғын беріп, бір ұрпақтың жойылып кету қаупі туған кезде қазақ аналарының бәрі де өз әулетін сақтап қалуды бірінші кезекке қойды. Сондықтан да – бір бала туса, бір түп жусан артық шығады, – деп Құдайдың бергеніне қиянат жасамай, бала санын шектеуді ойларына да алған жоқ. Өткен ғасырдың 50-70 жылдарында қазақтың кезкелген отбасында тоғыздан, оннан бала-шаға өсіп-өнді. Көп баланың ішінде өскендердің бауырмал, еңбекқор болатынын өмірдің өзі көрсетті. Осындай отбасында өскен Тұрсынғали қалмақты түре қуған Хангелді батыр мен оның баласы Райымбектің, ақын Мұқағалидың туған жерінің ауасын жұтып, суын ішті. Міне осылардың барлығы да оның болашақта үлкен азамат болып қалыптасуына септігін тигізді. Негізгі кейіпкердің өскен ортасы, туған жері жөнінде толығырақ мәлімет берілгендіктен оның да кешегі қазақ батырларының бүгінгі жалғасы екендігіне иланасың.

Үшінші бөлімнің мазмұнына негіз болған «Тұрсынғалидың есею жылдары» да қызғылықты оқылады. Әкелерінің ат жалына қырау қатқан аязда жылқы соңында жүргенін көрген ол жастайы-

**нан қайсар, қайратты, ержүрек болып өседі. Оны мына жолдардан байқауға негіз бар:**

Кей әйел үйге келіп шаптығатын,  
Көк айыл, тілі удан ащы қатын.  
Бет-аузы көнектей боп ісіп кеткен,  
Тұрсынды анасы үйден ап шығатын.  
«Абыстай! Мә, ала ғой, жүндей ғой, – деп,  
Саба да, бетін жөндеп түрлей ғой, – деп,  
Таласқан бала мен ит бірдей ғой, – деп»,  
«Балалар төбелесер күн-күн сайын,  
Көршіміз, бірі құда, бірі қайын,  
Үйге кір! Оңашада бір ішейік,  
Ақ құйрық Алматының «ынды» шайын!» [8, 20]

Бұл жолдар Тұрсынғалидың өз қатарларына күн бермей, ауыл-үйді шулататын сотқарлығымен бірге қазақы мінез-құлықты да танытады. Қазақта «баланың арасына түсуге болмайды» деген мәтел бар. Қазір ғана қызыл шеке болып төбелескен олар көз ала бере бірге ойнап жүреді. Міне, осындайды білетін аналарымыз бір-бірінің ашуын күрең шаймен қайтаратыны белгілі. Ақын қазақы мінезді ауыл тұрғындарынан дұрыс тапқан. Талды ат қып мінген ауыл балалары араша гуілдеп, ойында қыздырып жүргенде «Тасқарасуға» Шамалғанда білім алған гидротехник Михаил Краснянский келеді. Сонымен бірге ол былғары қолғап шебері болғандықтан ауыл балаларын бокс өнеріне баулуды көздейді.

Бойына күші сы май, бірінің тұмсығын бірі қанатып жүрген балалардың барлығы да бокстің қыр-сырын игеруге ден қойып, жаттықтырушыларымен бірге жұмыс істей бастайды. Арада бір жыл өткенде боксті толық игерген, он бес жасар Тұрсын Есік қаласында өтетін аудандық чемпионатқа жолдама алады. Осы тұста Қабанбай, Бөгенбай, Жәпек, Ағынтай, Салқам Жәңгір сынды қазақ батырларының барлығы да он бес жасында жауға қарсы шауып, батырлығымен танылғанына лирикалық шегініс жасалады. Он бес жасар Тұрсынның үлкендер арасынан күміс медаль алып қайтуы – кешегі батырлардың бүгінгі жалғасы екеніне мысал. Мектепті бітірген соң, құрылыста жүріп бапкері Салуянов Виктордың жаттықтыруымен өзін шыңдай береді. Міне, осылай, жастайынан еңбекпен шыңдалған Тұрсынның алдында үлкен-үлкен армандары болды. Сол арманның бірі – қазақ атын асқақтату болса, мұның сәті бокстегі шәкірттерінің еңбегімен келді. 2000 жылғы Сиднейдегі жеңіс оңай келген олжа емес еді.

«Көлеңке адам немесе жаралы таң» деп аталатын тарауда Сидней олимпиадасына барған Тұрсынға тағы да лирикалық шегініс жасатады. Америкада жүріп, қырық жыл бұрын алтыншы тамызда АҚШ-тың жазықсыз Хиросимаға атом бомбасын тастағанын еске алған кейіпкер соғыс өртінің бір аралға қасірет шектіргенін, оның қайғысы қырық жыл өтсе де жазылмағанын еске түсіреді.

«Басталды солай, Сидней олимпиадасында Қазақтың алғаш майданы» деп, сол олимпиададағы қазақ жігіттерінің табыстарына тоқталады:

Ермахан шықты,  
Бір ұрып жықты негрді,  
Американың намысы сонда сөгілді.  
Бекзаттың ауыр соққысын жеген бір негр,  
Чемпион болып тұрса да ақыр жеңілді!

Екі алтын, екі күміс ап қазақ сондағы,  
Олимпиададан үйіне қайтты олжалы.  
Он тоғыз жасар қазақтың ұлы – жас  
Бекзат,  
Бәрібір жолы болмады... [8, 28]

Көп нүктенің артында көп сыр жатыр. Жарқырап шыққандардың аяқ астынан қазаға душар болуы кез келген жанға күдік ұялататыны белгілі. Тек Бекзат емес, басқа да қазақтың біртуар азаматтарының қазасы жабулы күйінде қалды. Оны ақын былайша жеткізеді:

Атылды бәрі!..  
Заманбек пенен Алтынбек!  
Батырхан, Ахат, Армиял сынды асыл тек!  
Ақындар жатыр той-тойлап қазақ жерінде,  
Сатқындар жатыр Қазақтың жерін басып жеп!  
Жей берсін, мейлі!..  
Олар да бір күн жарылар!..  
Жарылар түгел  
Қазақтан туған тағылар!  
Шет елдік тыңшы қап-қара шапан жамылар,  
Өз елін сатқан әзәзіл басы алынар... [8, 28]

Поэмада өршілдік рухы (оптимистік үн) басым. Авторлық ұстаным жер байлығын «қолынан келгендер қонышынан басып» жан-жақтан талап жатқанмен, «Өлмейді қазақ! Аспанға мәңгі өрлейді» дегенге саяды. Шығарманың негізгі лейтмотиві «Намысын бермес Тұрсындай батыр тұрғанда, Қазақты еш жұрт жеңбейді.

Қазақтың күні аспанға мәңгі өрлейді» деген жолдардан анық байқалады.

Эпилог орнына берілген «Қазақ батырлары» деген алтыншы бөлімде қазақтың абыройын асқақтатқан Мұстафа Өзтүрік пен Бекзат Саттархановтың рухына тағзым жасайды:

Арыстан туған Қазақтың өңшең батыры,  
Алатауымнан, Қаратауымнан ақырды.  
Солардан қалған Мұстафа сынды асылды  
Ажалға қалай көздері қиды сатқындар,  
Әбдісаланды мылтыққа байлап аттыңдар!  
Содан не пайда таптыңдар,  
Қазақтан шыққан сатқындар?! [8, 29]

Қыраным Бекзат, қай ерден басы кем еді,  
Намысты ерлер Қазақтың жауын жеңеді.  
Бұйығы түнде қолыма алсам қаламды,  
Өкініш өксіп, көзімнің жасы келеді...  
Бокстан Бекзат алтыннан медаль таққанда,  
Қол соғып әлем, Сидней шулап жатқанда,  
Менің де төбем екі елі көкке жетпейді,  
Бапкері Тұрсын, құшақтап сүйіп жатқанда [8, 29].

Эпилог орнына берілген «Қазақ батырларының жекпе-жегі» деген VII бөлімде ақын қазақтың өткен тарихына лирикалық шегініс жасайды. Он сегіз жасында қалмақ батыры Шарыштың басын алған Әбілмансұрды басына хан көтерген қазақтың қалмақ-жоңғарды жеңгеніне тарих куә. Сан ғасырлар аңсаған, тар бұғаудан босаған тәуелсіз қазақ елінің бүгінгі батырларына жасап жатқан опасыздығы жаныңды күйзелтеді. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітетіні» тәрізді қазақты өз ішінен ірітіп жатқан сатқындардың ісі «ішіңнен шыққан жау жаман» деген халық даналығына саяды. Жауымен жекпе-жекте ашық шайқасып үйренген аңғал батырлар іштен шыққан шұбар жыландарды байқамай қара жерді жастанып жатқаны бүгінгі өзі өмір сүріп отырған егемен елдің ең өзекті де шешімін күтіп тұрған мәселесі екені рас болса, қоғам өміріндегі осындай опасыздыққа, сатқындыққа жан бітірген қазақ ақындарының да батырлығын, ерлігін ерекше атауға негіз бар.

Көркем шығармаларда аңыз-әңгімелерді, ертегілерді ретіне қарай пайдалану бұрыннан келе жатқан дәстүр. Қазақ әдебиетінде қалыптасқан осы дәстүр тәуелсіздік тұсында да өз жалғасын тапты. Олардың қатарында Алмахан Мұхамедқалиқызының «Алтынның буы» атты поэмасын атауға болады. Алмахан ақын бүгінде адам

баласының ниет-пиғылы бұзылып бара жатқанына жаны күйзеледі. Ол өзінің замандастарын ар-имандылыққа шақырып, дүниенің соңына түсер тоғышарларды шенейді.

«Сиқыр ақша» алдымен сананы алды,

Қалың ел бай-кедей боп дараланды.

Қоғамды кезіп жүрген бір қателік

Мендегі тәтті ұйқыны тонап алды [9, 76], –

дейтін лирикалық кейіпкер анасынан естіген ертергісін бүгінгі замандастарына ой салу мақсатында пайдаланған. Бай мен кедей болып ара жігі бөліне бастаған мынау қоғамда замандастарымыздың ар-абыройдан дүниені жоғары қоятындығын күнделікті өмірден көріп жүрміз. Бай болуды арман еткен адамдардың сұрап алған аурудан жазыла алмай қор болып жатқанын көрген ол қазақ біткеннің санасы бұзылуынан қорқады. Сондықтан да елді сабырға, қанағатқа шақырады. Алтын мен күмістің сапалық, емдік қасиеттерін саралай келіп, «Алтын көрсе періште жолдан таятындығына» назар аударады.

Ағайынды екі жігіт атадан қалған балық аулау кәсібімен жан бағып жүреді. Күндердің күнінде інісі «Алтынның түсі қызғылт болады» деуші ед, Қызғылт сағым су түбінен шығады екен» деп осы судың бастауында алтын болу керек дейді. Олар неше күн жүріп, судың бастауына барса, шынында да судың астында қып-қызыл болып алтын жатады. Ағалы-інілі екеуі мол алтынды олжалап, үйлеріне қайтып келе жатқанда ағасына арам ой келіп, алтын үшін бірге туған бауырын өлтіреді. Оны ақын былай бейнелейді:

Айыбы азғындықтың ата күнә,

Жұтым суды – атау кере атады да.

Тапқанын таңдайына бір татпай-ақ

Аттанды іні киелі өлім сапарына...

Қап-қап алтын – пұлының санын күптеп,

Ырысым, ырыздығым, таңым құт деп,

Бір-ақ сәтте бай болып шыға келді,

Құрсақтас жалғызының қанын жүктеп [9, 78].

«Алтын көрсе, періште жолдан таятындығын» ағасының осы опасыздығымен нанымды суреттеген ақын ендігі жерде сұрап алған ауруға ем болмайтындығына назар аударады. Мыңғырған малын бала-шағасы түгіл, өзінен қызғанатын ол тіпті өзгелермен көрші отыруға қорқып, айдалада бір өзі мекен етеді. Дүниеқұмар ашкөздің сол тіршілігі:

Қағатсыз қу жаны тына алмады,  
Дүние шырмауынан шыға алмады.  
Сайтани бір сағымды қуамын деп,

Иманын жоғалтқанын біле алмады [9, 78], –

деген жолдарда нақтырақ көрініс тапқан. Қазақта «Батыр – бір оқтық, мал – бір жұттық» деген мақал бар. Осы мақалдың тегін айтылмағандығын дүниенің соңына түскен ашкөздің бір жұттан аман қалмағаны растайды:

Ақ боран алай-түлей, санаулы шақ,  
Астан-кестен етті де, бар әнді сап.  
Бай ауылын бір сәтте басып қалды,  
Табиғат қателеспейді адам құсап [9, 79].

Қаһарына мінген қыстан мал-жанын аман алып қала алмаған оған жиған алтынынан көк тиын пайда болған жоқ. Қызғанғаны қызыл итке бұйырып, малшылардың еңбекақысын жеп, елдің қарғысына ұшыраған байдың бұл өлімін «Қиын дейді қарғысы адамдардың, Жаратушы құдайдың қарғысынан» деген ой толықтыра түседі. Ақша мен дүниенің қалай келсе, солай кететінін жадында ұстаған ақын адал еңбекпен мал табуға мегзейді. Тас асылы алтынды Алла тағала пенделерін сынау үшін жібергенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. «Кедей бай, бай Құдай болсам» деген бүгінгі мынау қоғамда өмір сүріп жатқан замандастарына алтын мен күмістің ара салмағын түсіндіруді көздеген ақын алдына қойған мақсатына жеткен.

Періштені «жолынан» тайдырам деп,  
Алтын деген қан тілеп тұрады екен...

Алтынның буына мас болған кезде  
Ашқарақ көз түк көрмей кетеді екен...

Қарапайым, елеусіз көрінетін  
Күмісте қасиет бар ардақтаған....  
Құдай өзі күміске қуат беріп,  
Ал алтынды жіберген сынақ үшін..

Алтында еліктеу, елірту бар,  
Күміс – ақыл, сабырды шақырады...

Алтын адам пейілін тарылтады,  
Күміс сырқат дертіңнен жазылтады...

деген жолдар алтын мен күмістің ара салмағын танытуда үлкен рөл атқарып тұрғаны белгілі. Қазақ батырлардың ат әбзелдері мен белдіктерін, тоғыз қаруын шайқаста сабыр, салмақ бер деген оймен күміспен зерлейді екен. Сабырлылық, салмақтылықпен бірге адамның денсаулығына пайдалы күмісті атамыз қазақ ерекше құрметтеген. Қазан-табақтың арасында жүретін әйелдер қолдарына міндетті түрде күміс жүзік салатын болған. Оны «Күміс жүзік салмаған әйел қолы, «Таза емес» – деп кетеді асын ішпей» деген жолдар растайды. Ақын күмістелген ыдыстан ішкен судың асқазанды тазалайтындығын, неке жүзігін күмістен салғанда некенің тұрақты болатындығын, неке суын күміс ыдыстан не болмаса суға күміс салып ішкізетіндігін, ажырасудың алтын таға бастаған соң көбейгендігін айта келіп, мынадай түйін жасайды:

Ей, адам!

Салмағың алтыныңды баса ала ма,

Ақылың дәулетіңнен аса ала ма?!

Байлықтың тұман-буын жеңе алмасаң,

Алтынды, өзіңді де мазалама!

Бүгінде дүниені ар мен иманнан жоғары қоятын заман-дастарымызға ой салатын поэманың тәрбиелік мәні өте үлкен. Адам қанын анықтауда дәрігерлердің неке жүзігін салатын аты жоқ саусақтан қан алатындығын мысал ретінде пайдаланған ақын «Саусақтағы алтынның мысқал буы, сезімді сергелдеңге түсіреді» дейді. Айтса айтқандай, «Мешікте күміс жүзік салынғанда, Жоқ еді ажырасу деген ұғым». Ақын біріншіден, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрін қайта жаңғыртуды, екіншіден, тек қазақ емес адамзат баласына ортақ асыл қасиеттерді насихаттап отыр. Бүгінде жастардың арасында ажырасудың көбеюінің себебін іздеген ақынның тұжырымдары дәлелсіз емес.

А. Мұхаметқалиқызының жалпыадамдық мұраттарды көтере білген философиялық поэмаларының бірі – «Кіндік тамыр» дастанында бүгінгі өзіміз көріп жүрген ХХІ ғасырдың қасіретіне шипа іздейді. Жаһандану заманында заманауи үлгілерден қалыспай жүрген жастардың ұлттық менталитетті біле бермейтіні жасырын емес. Қазір жас қыздарымыздың көпшілігі етек-жеңі қысқа көйлек киюмен бірге қысы-жазы кіндігіне жетер-жетпес киім киіп белдері ашылып жүреді. Тіпті жаз шыққан бойда қыздарымыздың кіндіктерін ашып жүретіні де рас. Бір қарағанда жастарымыз заманауи үлгіде киініп жүрген тәрізді көрінеді. Бірақ осының артында үлкен қасірет жатқанын елей бермейміз. Бүгінгі жас қыздарымыз ертеңгі ұлттың анасы екенін ескеретін болсақ, мұның артын-

да үлкен мәселе жатқаны анық. Ақынның аталған поэмасында осы дертке шипа іздеп шарқ ұрады. Ол кіндікке қатысты қазақ ұғымындағы ойларға жан бітіріп, оны оқырманның есіне түсіреді. Қазақ келінінің құрсағына бала біткен бойда оның кіндік шешесін сайлап қоятын болған. Екіншісі біріне кіндік шеше болу бақыты қона бермеген. Елге сыйлы, құрметті, өмірден көргені мен түйгені бар, балалы-шағалы ел аналары кіндік шеше бола білген. Біздің баламызға осы қарияның жолын беріп, үбірлі-шүбірлі, бай-дәулетті болсын деген тәрізді тілекпен нәрестенің болашағынан мол үміт күткен. Сондықтан баланың кіндігін анасынан кесіп алып, қолына бірінші ұстаған адам кіндік шеше атанған.

Ал, қазір қандай? Қазір перзентханада дәрігерлер баланың кіндігін кесіп анасына береді. Перзентханадан алып шыққан адам кіндік шеше атанып жүр. Ол аз болса, қазіргі таңда кіндік әке деген де пайда болды. Кіндік шешенің жолдасы міндетті түрде кіндік әке болып шыға келеді. Мұның ешқандай қисыны жоқ. Оны ақын былай бейнелейді:

Бұл күнде кіндік шеше сайланбайды,  
Жібек жіппен түйіліп, байланбайды.  
Тамыры темірменен қиылғандар,  
Құлтемір боп кетерін ойланбайды.

**Авторлық ұстаным** – қазақ баласының азғындауы мен қатігез болып бара жатуының себебін олардың кіндігінің перзентханада темірмен кесілетіндігінен деп түйіндейді. Бұл да қисынға келетін шындық.

Ата-бабаларымыз бала туылған кездегі кесілген кіндікке ерекше мін берген. Оны ақын: «Намыссыздық негізі кіндіктен деп, Жер – қазыққа байлаған қан ұстамын», – деп еске салады. Кіндігі арулап қара жерге көмілмегендердің адамдық қасиеттен жұрдай болып **бара жатқаны** оқырманға ой салады.

Есіл бабам,  
Жер үшін дауға келген,  
Бір түйір топырағын сауға көрген.  
Кіндігі қара жерге байланғандар,

Кіндік тамыр мекенін қорғап өлген, – деген жолдардан **үлкен философиялық ой** жатыр. Ал кіндігі қара жерге көмілмегендер қара жердің қадірін қайдан білсін? Ата-бабаларымыз сондықтан да балаларының кіндігін босаға көметін болған. Бұл ырым бала кіндік қаны тамған жерден ұзап кетпей, туған жерін айналсоқтап жүрсін деген ниетпен жасалған. Қазіргі таңда осы кіндіктердің қайда қалып жатқанын білетін жан жоқ. Перзентханада кесілген



кіндіктердің қоқыс жәшіктерге тоғытылатынын еске алатын болсақ, оларды ит пе, күшік пе, әлде мысық па, құс па тартқылап кететіні де жасырын емес. Кіндігін ит жегендер итке ұқсап ырылдасып жүрсе, «Кіндік жолдас жем болса мысықтарға, Мысықтың ниеті ауып кетеді екен», – дейді ақын. «Құс-құзғынға жем болған кіндік жолдас, Жемтікке әуес құзғынды көбейтеді» немесе «Кіндік жолдас жем болса тышқандарға, Тышқан сынды кеміргіштер көбейеді» деген пікірлерінің де астарында негіз бар. Сол сияқты қазіргі таңда жастардың жатбауыр болып бара жатқанының да сырын сол кіндіктердің аяқ асты болғандығынан деп түсіндіреді. Кешегі текті ұрпақтың бүгінгі азғындап бара жатқанын көрген ақын «Тамырынан оталған теректей боп, Тамырсыз ұрпақ өсіп келе жатыр» деп зар илейді. Бұл ақынның ғана емес, ХХІ ғасырдың жан айқайы екені рас. Ақынның «Теңіздей сезімдерді ылайламай, Ей адам, сен де бір сәт ойланарсың...» дегені барша оқырманға ой салары анық.

Ақынның осы қатарды толтыратын келесі дастаны – Семей полигонының қасіреті туралы «Құрсақсыз ана». Дастанға Жер – Ананы сынақ алаңына айналдырған ХХ ғасыр адамдарының қолымен жасалған қасіреттердің бүгінгі зардабы негіз болған. Мұнда адам қолымен жасалып жатқан қастандықтардың зардабын кінәсіз бейбақтардың тартып жатқанына кезігеміз. Өткен ғасырда сынақ алаңына айналған қазақ даласының қай өлкесін алсаңыз да бүгінде эрозияға ұшырап, экологиялық апатқа айналғаны белгілі. Осындай экологиялық апаттың бірі – Семей даласы.

Қасіретін білеміз – Неваданың,

Естігенбіз есімін – Женеваның.

Қара жерді тапсырып туар таңға,

Жан жарасын айтайын мен ананың, –

деп басталған дастаннан бүгінгі таңдағы адам баласының тартып жатқан зардабын байқау оңай. Жер – Ананың тәнін айғыздап, жарақаттан сау жерін қалдырмаған адамдардың қолынан жауыздықтың неше алуаны жасалатыны жасырын емес. Алайда «судың да сұрауы бар» дегендей, әр нәрсенің сұрауы бар екенін күнделікті өмірде ойлай бермейміз. Ақын Адам – ана құрсағының қолды болуының басты себебі Жер – ананың құрсағының қопарылуымен түсіндіреді. Жасалған сынақтардың Жер – анаға қандай қасірет болып жабысқанын түсінбейтіндер оны Әйел – ананың тағдыры арқылы көз алдына елестете алады.

Шығарманың басында сүйіп қосылған екі жастың өмірге деген құштарлығына, ынтызарлығына, бір-біріне деген шексіз махаббаты-

на кезігіміз. Алайда осындай шат-шадыман қызықты дәурен ұзаққа созылмай, аяқ астынан кілт үзіледі. Оның негізгі себебі – аяғы ауыр келіншектің шарананы өмірге алып келуі. Өмірге адам алып келген ананың құрсағы алғашқы шаранамен бірге алынып тасталуы арқылы бүгінгі ХХІ ғасырдың негізгі қасіретін ұғынуға болады. Тәуелсіздік алдық, егеменді ел болдық деп марқайып жатқан елдің қасіреті неде? Шығармада бүгінгі күннің осындай кезек күттірмес өзекті мәселесі көтерілген.

Аяғы ауыр кезінде анемия болған ананың толғақ қысқан кезде босануға шамасы келмей, пышаққа түседі. Тар құрсағын кеңейткен тұңғышына өмір сыйлаған ананың өз халі нашарлай бастайды. Өлім мен өмір теке тірескен сәтте көп қан жоғалтқан ананың қанын тоқтата алмай тығырыққа тірелген дәрігерлер құрсақты шаранамен бірге алып тастауға мәжбүр болады:

Қос өмірдің тірлігін дара санап,  
Қажет емес бұл жерде орашолақ.  
Шарананы бірге алды ұясымен,  
Өлім менен өмірді арашалап.

Ақтық рет ана-өмір сақталынып,  
Махаббат ұлы-сезім тоқталынып.  
Ананың құрсағында өлім-өмір.  
Аналық ұяменен жатты алынып.

Дүниеге сәби алып келген ананың осылайша аяқ астынан құрсақсыз қалуы, әрине, өкінішті. Бұл – жай ғана өкініш емес, бұл – ХХІ ғасырдың қасіреті. Ақынның «Ол заманда, бұл заман дүниеде, «Жатырсыз ана» барын естімеп ек», – деп зар еңіреуі – өзінің ғана жан айқайы емес, ұрпақ жалғастырушы барша аналардың зары. Жаңа босанған ананың жатырсыз қалғанын естіген кездегі мүшкіл халі – ақынның адам психологиясын терең игергенін байқатады. Сондықтан да бұл жолдарды бей-жай оқу мүмкін емес:

Естуші еді жаман деп жер қарғысы,  
Заман үшін келмейді кем қалғысы.  
Жатырының жоқ екенін естіген сәт,  
«Ақыл-тегіл еңіреп» келді алғысы.

Сор даладан сор ішкен сортаң халық,  
Бедеу еттік бұл қызды, жол таңдадық.  
Адам-ана құрсақсыз күн кешкендей,  
Жер-ананың жатырын талқандадық.

Місе тұтпай тірлікті тағы жаны,  
Жалқы жаны тау-тасқа бағынады.  
Бедеу әйел қосылып, бедеу жермен,  
Боздаған қобызға ұқсап аңырады.

Ғылымда жаңалық ашу керек, егер ол халыққа жақсылық алып келетін болса, қасірет алып келетін жаңалықты ашқаннан аспаған жақсы. Сондықтан да автор атомды ойлап тапқан «ойшылдар» мен «даналарға» лағнет айтады. Өмір нәрін себуші аналардың құрсақсыз қалуы – ұлттың демографиясынан да хабар бергендей. ХХІ ғасыр трагедиясын бір ананың қасіреті арқылы көтерген ақын өмір жайында философиялық ой түйген.

Қазіргі поэмадағы тағы бір шоғыр ақындардың өздері куә болған оқиғаларға жан бітіріп, қазіргі қоғам мен замандастарымыздың жарқын бейнесін жасауы. С. Досжанды бұған дейін көпшілік қауым сыршыл сезімнің ақыны ретінде білетін. Ақынның шағын жанрмен шектеліп қалмай, эпикалық жанрға да барып жүргенін «Бетховен, Анна және «Симфония №9», «Көкекті ақтау», «Жүрек сатам» балладасы мен «Ақынның ғашық жүрегі», «Әйел және махаббат» поэмаларынан аңғарамыз. «Көкекті ақтау» балладасында төс сүйегі ұзындау болып келетін көкек құстың жұмыртқасын шайқаса жарып аларын білген соң, басқа ұяға тастап кететіндігінен хабар берсе, «Жақындарымның бақытты болашағы үшін жүрегімді сатам...» дейтін жігіттің аянышты тағдыры қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған егемен қазақ елінің ХХІ ғасыр тұсындағы бар шындығын алдымызға жайып салған.

«Ақынның ғашық жүрегі» – қазақтың ақиық ақыны М. Мақатаевтың 1999 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Қарасаздан ұшқан қарлығаш» атты күнделіктер кітабын оқығаннан кейін туған поэма. Автор ақын күнделігінен 1974, 1975 жылдары жазған өмір жайлы бірнеше жазбаларын мысалға келтірген. М. Мақатаев 1974 жылдың 14 ақпанында:

«Сонымен достар,

Бүкіл менің жазғаным – бар жоғы бір ғана бүтін поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қам жеулері мен қуанышы туралы поэма» [10, 204], – десе, сол жылдың 21 қыркүйегінде:

«Менің белгісіз досым!

Сен маған: өз семья, өз үйің, өз ошағың бар, тағы саған не жетпейді дерсің? Жоқ, олай емес, менде семья, ата-ана, туыс жоқ. Мен өмір сүріп жүрген үй-үй емес, тіршілігімдегі табыт...» – деген екен. Күнделіктегі жазбалар авторға үлкен ой салғанын «Күнделікті

оқып алып, ағыл-тегіл жыладым, Тағдыр неге аяды екен нәзік жаннан шуағын?» деген жолдардан аңғарамыз.

Автор ақын тағдырының ауыр болғанын оның өз сөздері арқылы қайта тірілтіп, оған жан бітірген:

Үйің – табыт,

Босағасы – қара жердей болса да,

Басқалардай кете алмадың, сол табытты бір теуіп.

Бұл жолдар ақынның отбасына деген адалдығын ғана емес, ар алдындағы азаматтығын толықтырады. Замандастарының ақын жанын түсінбегенін, оның өмірі қиыншылықта, жоқшылықта өткенін түсінген автор «Күпі киген қара өлеңге шекпен жапқан ақынды, Адам қорлап, заман қорлап көрсеткені ай білекті» деп ол өмір сүрген қоғамдағы адам мен заманға деген ренішін ашық айта білді. Кезінде Мұқағалидың өлеңдері солақай сынға ілігіп, теріс бағаланғандығы бір жағынан сыншылардың пендешілігін танытса, екінші жағынан сол тұстағы әдебиеттің жай-күйінен хабар береді.

Қайран ақын, мейірімді әке,

Қайырымды жар болатын.

Тек жоқшылық қырқушы еді сезімінің қанатын.

Мінбеде ме, түрмеде ме – жалғыз жанға бәрі бір,

Өлең оқып ақтарылып, ақын жүрек жанатын, – деген жолдардың өзінен көп сырды ұғуға мүмкіндік бар. Үйде де, түзде де жағдайы болмаған ақынның өлеңдері сол қоғам үшін емес, болашақ үшін жазылғандай әсер аласың. Шынында да өзі өмір сүрген қоғамнан тиянақ таппаған М. Мақатаевтың поэзиясы бүгінгі қазақ поэзиясынан өзіндік орын алғанын бүкіл әлем мойындап отыр. Қазіргі таңда ақын өлеңдері бірнеше шет тілдеріне аударылып кеңінен насихатталуда.

Бір өкініштісі – ақынның өмірінің соңында бір ай бойы жазып, жастық астында жатқан жырларының ешкімге керек болмай ауруханада шашылып қалуы, оны еден жуушы орыс әйелінің сыпырып қоқысқа апарып төгуі. Поэманың ең соңғы жолы «Жыр не керек наданға...» деп аяқталады. Иә, осылайша Мұқағали жырының қадіріне жетпеген надандар оның қағазға жазылған өлеңдерін жиып алуды да ойламады. Автор ақынның өмір мен өлімнің арасында арпалысып жатып жазған жыр жолдары осылай аяқ асты болып қалуы – ұлттық поэзия үшін, қазақ халқы үшін қасірет дегенді айтқысы келеді. Осылайша поэма қазақ ақыны мен ұлттық поэзиясының кешегісі мен бүгінінен, бүгіні мен болашағынан сыр шертіп тұр.

Ақынның келесі поэмасы – «Әйел және махаббат». Мұнда да ар мен адамгершілік мәселесі көтерілген. Ақын ауруханада бірге жатқан келіншектің өмір тарихын тыңдай отырып, оның тағдыр тәлкегіне ұшырауын тілге тиек етеді. Жиырма жасында іштегі үш айлық баласымен жесір қалған келіншектің жан жарасын түсінген ақын оның бейнесін «Өз жараңды өзің жалап келіпсің, Киіктейін садақ тиген далада» деп бейнелейді.

Бірнеше жыл өткен соң, отбасы ырду-дырду болып жүрген жігітпен көңіл қосып жүрген кезінде артынан сыпсыңдаған сөз ерумен болғанына мән бермейді. Сол кездегі жас келіншектің жағдайын түсінген ақын оны «Өсектерден өзегіңе құрт түсіп, Шірітуге айналды өмір – алмаңды» деп суреттейді. Бірақ отбасылы адамнан үміт болмасын сезген ол баласын жетектеп Астанаға қоныс аударады. Екі қызымен әйелі қайтыс болған жігіт ағасымен бас қосып, екі жарты бір бүтін болып тұрып жатады. Артынан сегіз жылдан соң іздеп келген махаббаты оны алып кетпек болып шатақ шығарады. Келіншек оған қарсылық білдіргені үшін сүйгеніне пышақ салып жаралап кетеді. Мұндай қорлыққа шыдамаған келіншек жетектеген баласына іштегі баласын қосып ешкімге сыр айтпай кетіп қалады. Ата-анадан қалған үйіне барып баласын өсіріп, енді оқуға жібергелі отырғанда баяғы махаббаты тағы да ауылға іздеп келеді. Оны көргенде әлсіз жүрек талып кетіп, ауруханаға түскені осы. Ақын үш жігітке бас ұрып, үшеуінен де махаббат таппаған келіншектің тағдыр тауқыметін жырлау арқылы «Қыздың жолы – жіңішке», «Махаббат жолы – ауыр» екендігіне назар аударады.

О, Махаббат, сен осындай нәзік пе ең,

Байғұс әйел сүйгеніңе жазықты ең.

Екеуінің табыспаған тағдырын

Табыстырдым өлеңіммен жазып мен, –

деп аяқталған поэманың идеясы «Адамның басы – Алланың добы» дегенге саяды. Адамның барлығы да бақытты болғысы келеді. Бірақ өмірде өзіміз ойлағандай бола бермейді. Махаббат біреуге ерте, біреуге кеш кездеседі. Ал махаббаттардың барлығы дерлік бақытты болмай, әртүрлі кедергілерге кездесетіні – өмір заңы. Өмірдің бақыт пен қуаныштан, қайғы мен қасіреттен тұратыны заңдылық болса, ақын жүрек әйел атаулыға тек бақыт қана сыйлауға даяр. Авторлық ұстаным адамзатқа өмір сыйлайтын әрбір ана жар құшуға, бала сүюге, бақытты болуға құқылы дегенді ұқтырады.

Қазақ поэмаларындағы түрлік, мазмұндық ізденістерді Темірғали Көпбаевтың «Кие», «Қызыл қырғын», «Тарпандар», «Асқақ рух»,

«Оңтүстік», «Дағдарыс дәптері» сынды туындыларынан көруге негіз бар. Оның «Кие» поэмасына арамызда жүрген, ерлігімен аты аңызға айналған Ерден қорықшының басынан өткен оқиға негіз болған. Автор поэманың кіріспесінде, яғни «Аңдату» атты бірінші тарауында өткен тарихымызға шегініс жасап, «бөрі бейнесін туларына бедерлеп, қиыр шығыстағы Хинган тауларынан батыстағы Қап тауларына дейінгі ұлан-ғайыр аймақты бағындырған» түркілерге қатысты аңызды тірілтеді. Сондықтан да Ашина, Ордос, Арийлерге сілтеме жасап, оқырманға осы атаулар туралы төмендегідей мағлұмат береді: «Ашиналар – Алтай тауларында өмір сүрген ежелгі бабаларымыз. Бізге жеткен аңыз бойынша қасқыр асырап өсірген баладан тараған қауым.

Заңғар ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың «Көне мәдениет жазбалары» атты кітабында «Ашина» сөзінің түпкі мағынасы – «Бөрі» деген тұжырым айтылады.

Ордос – Сарыжазық. Құрамына қазіргі Қазақстан жерінің басым бөлігі енген ежелгі ғұндар мекені. Ашиналар араға біраз уақыт салып ата қонысқа ат басын қайта бұрған.

Арийлер – ежелгі Қазақстан жерінде Андрон мәдениетін қалыптастырған бабаларымыздың ұлысы» [11, 5].

Ашина тайпасына қатысты аңызды еске түсіре отырып, оның қасында Киплингтің «Маугли» жолда қалатынына көңіл аударады. Көктүріктің анасындай болған көк бөріні кие тұтқан ақын «тоң мойын, томар аяқ арлан көрсең, Басыңды иіп өткін киесіне» дей келіп, Ақсу-Жабағылы қорығының Төле би ауданына қарасты бөлігінде орын алған оқиғаға ауысады.

Жасы қырықтан асқанда жары құрсақтағы алты айлық баласымен аюдың жемтігіне айналып, өзі жалғыз қызымен қалған Ерденнің басындағы қайғылы күйді ашу мақсатында оның жандүниесіне үңіледі. Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалып, екі көзіне ерік беріп отыра бермей, аюдан кек алудың қамына кірісетін Ерден де осал адам емес.

Тарамыс,

қарағай бой,

құрыш білек

Қайраты елден асқан желпіндірген.

Жүзінен қараған жан сұс көреді,

Бұжыр бет,

дүрік ерін мыс береді [11, 11], –

деген портрет пен Ерденнің «мылтықпен мәстектер де жайратады» деген сөзі оның бейнесін толықтыруға қызмет етеді.

Құлын тайдай тебісіп бірге өскен Ерден, Андас, Қанай сынды жан достардың арасындағы диалогты да белгілі мақсатпен пайдаланғаны көрініп тұр. «Терісін сыпырайық тауып алып, Аюдың адамжегіш кірекейін» дейтін Қанай жан досы үшін басын неге болса да тігетін жан тәрізді көрінеді. «Күнәсіз шарананың құны үшін де, Қаншықты қанжарменен бауыздармын» дейтін Ерден «Қанға қан!» деп, неге болса да бас тіккен жан. «Мылтықпен жайратайық мақұлықты, Қанжармен қарсы бару оңай емес» дейтін Андас бойында үрей, қорқыныш сезімі басым. Алайда, аюды атқанын аудан білсе, абақтыға айдататынын сезген Ерден оны қанжармен бауыздауға ден қояды. Мұндай көзсіз батырлық – басты ер өлімге тігумен пара-пар. Сондықтан да Ерден дүлей күш иесінен жеңілуді емес, одан кек қайтаруды мақсат етеді. Ақын үш жігіттің арасындағы диалог арқылы олардың негізгі ойларын ғана емес, оқырманға алдағы үлкен оқиғаның қалай шешілетіндігінен де хабар бергендей.

Көркем шығармада түс алда болатын оқиғаны болжау, аян мағынасында қолданылады. Кірекейді (аю) аулауға шығатын түні Ерден түс көреді. Түсінде жары оны қолынан жетелеп қорымға ертіп барса, бабасы:

– Жан балам!

Киең бөрі!

Киең бөрі!

Емізген қанды емшегін Иең бөрі!

Иеңнің саған берер бір сыйы бар,

Қорымға қонақ болмай қайтқын кері [11, 18], –

деп қайтарып жібереді. Бабасын қолдап, жары да: – Киең бөрі, ұрандамақ. Қайта ғой, көрер күнің бітпегенсін, Жүрмесін адастырып тұманды алап, - дейді. Ұйқысынан оянған Ерден киесі несі, бөрісі несі деп ештеңеге түсінбейді.

Қарашаның суығында үш дос аюды ұсауға бірге аттанады. Бірі дабыл қағып, екінші дүрбімен қарап, аюды еңіске қарай түсіреді. Таңғы ұйқысын екі аяқтылардың дабылы бұзған аш аю алдынан шыққан Ерденді екі бүктеп астына басады. Мұны көрген екі досы сертінен тайып «Ерденнің күні бітті, аю жарды, Жан барда біз зытайық, құрысын!» деп, алды-артына қарамай зымырап қаша жөнеледі. Осы сәтте Ерденге Арланкөк көмекке келеді. Алапат күш иесі әлімжеттік қылып жемтігін тартып алып, өзін жаралағанын ұмыта алмаған Арланкөктің ескі кегі қайта қозады. Адамның айла-

сынан қырылып, қызыл кітапқа кірердей күйге түскен қасқырдың ең қауіпті жауы адам баласына болысуын ақын қазақтың көк бөріден жаралғандығымен түсіндіреді. Сондықтан да ол авторлық ұстанымды Арланкөктік аузына салады. Ақын:

Тектілік – Тәңір сыйы бұл қанымда,

Бас исін сұлтаның да, құлтаның да.

Тегі мен киесінен көз жазған соң,

Қалады не қасиет ұрпағында? [11, 30] –

деген қасқыр сөзі арқылы бүгінгі өз замандастарына ой салады.

Қазіргі замандастарымыздың ашкөздігі жыртқыштардан да асып түсіп жатқаны ақынның жанына батады. Сондықтан да ол «дейсің-ау, тартылды өзен, қашты теңіз, Қолыңнан қияметті жасап алып» деп, атадан балаға мирас болып қалған жердің сатылуынан, адам баласының ынсаптан айырылуынан, ашкөзденіп дүниенің соңына түсуінен қорқады. Өзі өмір сүріп отырған заманның дертіне шипа іздеген ақын «Құрсағын дерт жайлаған қалаң түгіл, Ыс қапқан кәрі таулар түшкіреді» деп эрозияға ұшыраған жер мен табиғат экологиясына жүрегі сыздайды. Қоғамның осындай көлеңкелі жақтары ақынды бөрі тәрізді «А-у-у-у-у-у-у!» деп ұлытады. Бұл ХХ ғасыр басындағы маса болып ызыңдаған алашшыл азаматтардың, кеңестік дәуір тұсында Оралхан Бөкей бурасының кешкі ауаны шымырлатқан боздауының тәуелсіздік тұсындағы заңды жалғасы еді. Бұлардың барлығы да қаламгерлердің болашақ ұрпақ алдындағы шерлі мұңы мен қайғылы зары еді. Халқының болашағын ойлаған олар бірде маса болып ызыңдап, енді бірде кербұғыша зарлап, енді бірде қасқар болып ұлып дендеп кеткен қоғам дертінде шипа іздеді.

Поэмадағы Талас, Өгем, Қазығұрт, Тасарық, Қасқасу, Кеңесарық, Сайрамсу, Қарабастау, Ақбастау, Текесу, Сайрам шыңы, Ақсу-Жабағылы, Шаңырақтас, Ақ бура, Көз Ата, Мейрам Ана, Шілтер Ата, Әңгір ата тәрізді жер атаулары оқиғаның шынайылығына қызмет етеді. Ал аңыз-әңгімелер сол жердің арғы тарихынан хабар береді. Сонымен бірге ақын аталған жерлердің табиғатының ерекшелігіне де мән беріп, ол жерлермен оқырманын таныстырып отыруды жадында ұстаған.

Сөйлем ішінде қайталаудың да өзіндік атқарар қызметі бар. Өлең жолдарының бір сөзбен, не болмаса бір әріппен басталуы да қайталаудың бір түрі.

Ақсуда қорықшы бар Ерден деген,

Айнымас тағдыры ауыр шермендеден.



Аяғы ауыр жарын аю жарып,  
Арулап ақ кебінде жерленбеген [11, 7].

Алты айлық ұл болатын құрсақтағы,

Аллаға айкезбедей мұң шаққаны.

Айырылып күндіз күлкі, түнде ұйқыдан,

Ащы жас екі көзден бұршақтады [11, 8], –

деген тармақтардың «А» әрпімен басталуы өлең жолдарына ерекше реңк беріп тұрса, аллитерацияны тиімді пайдалану – ақын шеберлігінің көрінісі.

Бүгінде көнерген сөздердің қатарына қосылып бара жатқан, күнделікті қолданыстан шығып қалған сөздерді орнымен қолдану – шығарма тілінің байлығын танытады. Осы тұрғыда ақын бүгінде көнекөз қариялар мен аға буын өкілдері болмаса, жастар жағы біле бермейтін уақыт пен мезгілдің қазақша атауларын орынды қолданады. «Сүмбіле кезек беріп Таразыға Таң суып, ақшам болған таяқ тастам» деген жолдар бүгінгі уақытты айдың күндерімен, сағаттың тілімен өлшейтін жастарға қоңыр күздің алдында осындай мезгілдердің болатындығынан хабар береді.

«Қызыл қырғын» поэмасын ақын шер толғау деп атапты. Себебі, бұл поэманың жазылуына «Қазақ әдебиеті» газетінің 2009 жылғы 6 қарашадағы (№47) санындағы филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының «Халық санағының астарлы сыры» атты мақаласы түрткі болған. Ақын мақаладағы нақты мәліметтерге сүйене отырып, қазақтың өткені мен бүгіні жөнінде толғанады. Сондықтан да поэма 11 буынды қара өлеңмен емес, 7-8 буынды толғау жанрының үлгісімен жазылған. Ақын бірде:

Есім ханның тұсында,

Еңсесі биік ер едік,

Есебі жоқ көп едік,

Ерегескен есерге,

Есем кетер демедік [11, 37], –

деп Махамбеттің үлгісіне салып, өткенге көз жүгіртеді.

«Кавказ қырғыны», «Қырым қырғыны», «Қазақ қырғыны» деп аталатын тараулардың басында жоғарыда аталған мақаладан қазақ, ноғай, қырым татарларына жасалған қызыл қырғындардан нақты деректер келтіре отырып, сол мәліметтерді жүрегі мұздап, санасы сыздай отырып сөйлетеді. 24 жылдың ішінде қазақтың 4 миллионға азайып, 3 еседен аса құлдырауын ақын төмендегіше түсіндіреді:

Қазақ жерін қан қылуды аңсаған,

Бұл патшаның албасты ойы десек те.

Қырға келіп қызыл қасап жасаған,

Кеңестер де мықты шықты есепке [11, 44], –

«Империя саясаты бұрыннан Түп тамырын құрту болған Тұранның» дейтін ақын кеңестік жүйенің жымысқы саясатын әшкерелейді. Жаппай тәркілеуден аш-жалаңаш қалған қазақтардың батыс пен шығыстағы шекараның бойында қызылдардың қызыл көз зеңбірегінен оққа ұшып, іздеусіз қалғандығын ақын жүрек жасыра алмайды. Жетпіс жылдан аса өмір сүрген кеңестік империяның қазақ халқының басына салған қасіреті шаш-етектен екендігін әділ тарих жасырмақ емес. Осындай шындықтардың бетін шиедей етіп, тәуелсіздік тұсындағы қазақ ақындары көркем шығармаға негіз етуі заңды. Қызыл байрақтың астарында жатқан қызыл қырғын мен қызыл мұң «Теңдік» саясатының нәубеті болса, ол – ХХ ғасырдың трагедиясы екені жасырын емес.

«Тарпаңдар» поэмасын ақын – 1841 жылы Петербургте қоладан «асауды үйретушілер» атты мүсіндер тобын жасаған барон Петр Клодтың және тарпаңдармен тағдырлас данагөй ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының рухына арнаймын, – депті. Барон Клодтың тарпаңдарын даланың тарпаң ұлы Шәкәрімге балаған ақын 1942-1945 жылдары үш жыл жер астында көмулі жатқан тарпаңдардың тағдырын халық жауы аталған ақынның 1988 жылы ресми ақталып халқымен қайта қауышуымен ұштастырады. «Ақиқатпенен алысып жатқан асаудың, Момақан күйге түсерін ертең білем мен» деп ақиқат үшін күрестің оңай еместігін түсінген ақын тарпаңдарға «Рухыңды биік таптатпау үшін басқаға, Тарпаңдарым-ай, тұғырыңды енді тастама» деген түйін жасайды.

«Асқақ рух» поэмасы аса талантты композитор Фредерик Шопеннің тағдырына арналған. Ақын негізгі оқиғаға кіріспес бұрын 1831 жылғы орыс самодержавиесіне қарсы поляк халқының көтерілісі кезінде Шопен Венада болып, оған Варшаваға келуге тыйым салынғанын еске түсіреді. Поэма бірінші жақтан негізгі кейіпкердің атынан жырланады. «Қаңбақ» атты бірінші тарауда ұшары мен қонарын жел білетін қаңбақтың да өскен жері болатынын айта келіп, «Тағдыр мені туған жерге зар қылды, Кеткен едім үзіп алтын қарғымды» деп елге деген сағынышын білдірсе, кейінгі тарауларында өлгеннен кейін жүрегімді Польшаға апарып жерлеңдер деген композитордың туған жерге деген сезіміне тәнті боламыз. «Талай жылдар туған жерді көрмедім, Өзеуредім, өкінгенмен өлмедім», «Мақсатымды марқайтқанмен сан ізгі, Париж маған тоты торы тәрізді», «Жете алмаспын, жете алмаспын елге енді, Париж – мола. Талай мұңлық жерленді. Маңдайыма жазған

екен туғанда, Бұралқы иттей жат өлкеде өлгенді» деген жолдар кез келген оқырманның отанға, ата-мекенге деген патриоттық сезімін оятары даусыз.

«Оңтүстік» – қазақ поэзиясындағы туған жер туралы үлкенді-кішілі шығармалардың қатарын толықтыратын поэма-толғау. Ақын «Техас штаты мен Оңтүстік Қазақстан облысы Жердің дәл қарама-қарсы бетінде орналасқан. Уақыт айырмашылығы 12 сағат. Табиғаты да, күннің ыстықтығы да ұқсас», екенін айта келіп, Техас штаты мен «Техас» атанған Оңтүстік Қазақстанның тарихы мен табиғатын салыстыра сөз етеді. Төрткүл дүниенің төрт бұрышынан жиналған Африка, Колумбия, Балтық журналшыларының арасында отырып әлемдегі тоғызыншы ел, яғни Қазақ елі туралы ой қозғайды. Техас штатының бүгінгі ажарына таңданған ақын оның арғы тарихынан да хабар береді:

Құлдық салтқа қара нәсіл қас тіпті,

Жылдар бойы жас кетпеген жанардан.

Жеңіп «ұлы депрессия», аштықты,

Ел екен бұл елу жылда жаңарған [11, 76].

Соғыстан көз ашпаған елдің тарихын сөз ету арқылы Техас штаты мен қазақ елі арасындағы ұқсастықты іздейді.

«Оңтүстік Қазақстан» тарауында туған жерін Меккеге, Жердің алтын кіндігіне, алтын ұяға балаған ақын Техас штатын сан мың жылдық тарихы бар қазақ елінің тырнағына тұрмайды деп түсінеді. Қола дәуірімен құрдас елдің тұтас тарихын сөз ету мүмкін болмағандықтан, тек қана Оңтүстік Қазақстан тарихынан сыр шертеді.

«Қазығұрт. Кеме қалған. Шаңырақ тас» тарауында «Басында Қазығұрттың кеме қалған, Болмаса кереметі неге қалған» деген аңызға жан бітіріп, Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған Аравиядағы – Аль-Жудда, Палестинадағы – Синай, Кавказдағы – Арарат тауларын атай келіп, бірақ олардың бірде-біреуінің басында Қазығұрттағыдай аңыз, таңба-белгілердің жоқ екендігін Кеме қалған, Шаңырақ тас таңбаларымен, ғалымдардың зерттеулерімен дәлелдеп, «Киелі шаңырақтан тарағандай, Адамның Нұхтан өрген ұрпақтары» деген түйін жасайды.

«Көне Сайрам (Исфиджаб). Бабтар мекені» деген тарауда Сайрам ауданы туралы сөз еткенде «Сайрамда бар сансыз баб» деген халық аузындағы сөзге сүйенеді. Аңызға айналған шындықты Қожа Ахмет Иасауи, оның әкесі Ибрахим ата, анасы Қарашаш ана (Мұса шейхтың қызы Айша) және оның ұстаздары (Шейх Шахаб әд-Дин Испенжаби, Бабауд-Дин Исфиджаби) туралы мәліметтер Сайрамда

сансыз бабтың жатқандығын дәлелдей түседі. «Бір дұға Қожа Ахмет оқығанда, Бақшаның арамшөбі күлге айналды» деген жолдар шәкірт Қожа Ахметтің бойындағы ерекше қасиетті растаса, бір үйге екі әулие сыймаймыз деп, әкесі оған Иасыда орда тігіп, тұрақтап қалуға рұқсат береді. Міне, осындай мәліметтер әулие-әмбиелер мекен еткен жердің Алланың нұрына бөленетіндігін байқатады.

«Түркістан. Кіші мекке. Иасауи ілімі» деген тарауда «Түркістанда түмен баб...» деген ел аузындағы сөз бен Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан – Ер Түріктің бесігі ғой, Түркістан – екі дүние есігі ғой» деген сөздерінің астарына үңіліп, көк түріктің астанасы болған Түркістанның VII ғасырдан бергі тарихын тарата сөз етеді. Есім ханның астана деп ту тіккен Түркістанының кіші Мекке аталуы, түркі халықтарының рухани астанасы болып қалуы тегін емес.

«Отырар. Әл-Фараби. Арыстан баб» деген тарау «Отырарда отыз баб, Ең үлкені – Арыстан баб» деген халық аузында сақталған сөз бен ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның «Әл-Фараби Аристотельден кейінгі, әлемнің екінші ұстазы атанған ғұлама, данышпан» деген сөздерінің шындыққа жақын екендігін тарихи деректермен дәлелдейді. Темірланның түсіне ақ сақалды кісі еніп:

– Ұстазы Иасауидің Арыстан баб,  
Батасын алмай болмас ісің өніп.

Әуелі ұстаздың сал кесенесін,  
Сонан соң күшінді Алла еселесін.  
Иасауи рухы саған разы болар,  
Ойлаған шаруанды еңсересің, – дейді [11, 92].

Темірлан Арыстан баб пен Иасауидің кесенесін салып, әлемге аты мәшһүр болады. «Әмір Темір көреген таңдағандай, Бақиға аттаныпты Отырарда» деген аңызға сүйене отырып, оны «Қытайды жауламаққа бет алып, «Ұлы шығыс жорығына» әзір болған кезінде 1405 жылы ақпанда Отырарда дүние салған» деген дерекпен нақтылайды. Шыңғысханның ойранына төтеп берген Отырар туралы оқиғалар тарихы шындықпен үйлесіп жатыр.

«Теріскей» тарауындаға Сүгір мен Ықылас күйші, Баба Түкті Шашты Әзіз, Ер Едіге, Ысқақ баб, Қарабура әулие сынды тарихи адамдар, «Бәйдібек. Домалақ ана» тарауындағы Бәйдібек ата, Маруа ана, Домалақ аналар туралы аңыздарға жан бітіріп, оны халқымен қайта қауыштыру арқылы қазақтың кешегі тарихынан сыр шерткен. Сондай-ақ үш жүздің басын қосқан Ордабасы мен қазақты әлемге танытқан күш иесі Қажымұқан туралы аңыз-әңгімелер, Ақсу-Жабағылы қорығы, Түркібасы, Аққұм, Өгем жоталары, Төле

би ауданының тарихынан хабар берер аңыздар Оңтүстік Қазақстан жерінің құт қонып, береке дарыған жер екендігін айғақтай түседі. Осындай дарқан дала перзенттерінің пейіліне де Алла тағала кеңдік бергенін «Жігіттер намысы тау, жаны дала, Алдыңнан шыға келер «көке» десіп», «Сол жандар той жасамай тұра алмайтын, Малды да жинайтындай қонақ үшін» деп шынайы қалпымен бейнелейді.

Поэманың басында бас қосып отырған төрт жорналшыға өз елі туралы:

Жазсын!

Білсін!

Мойындасын!

Танысын!

Қазақ деген құдіретті ел барын [11, 108], –

деп мол мағлұмат бергенін айтады. «Бүкіл әлем мойындаған мәндердің Түп қазығы Тұран жақта жатқанын» күллі әлемге паш еткен ақын «Еш пендеге тапталмайтын намысын, Қас Сақ рухы – қайталанбас дегдарым» деп түйіндейді.

Қорыта айтқанда, жоғарыда сөз болған шығармалар тәуелсіздік идеясының қазақ поэмасында үздіксіз көтеріліп келгендігін көрсетеді. Сондықтан да бұл поэмалар қазақ халқының сан ғасырлық көркем шежіресін жасаған туындылар болып табылады. Ақ патшаның отаршылдығы, кеңестік дәуір тұсындағы отарлаудың соңғы кезеңі бәрі де ел өмірінде өзінің ізін қалдырды. Осылардың барлығы да тәуелсіздік идеясын көтерген ақындардың шығармаларына негіз болды. Тарихи оқиғалармен бірге қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған қоғам мен адам арасындағы әлеуметтік мәселелер де ақындар назарынан тыс қалған жоқ. Бұл тұста қазақ ақындары көтерген ұлттық мұраттар жалпы адамзатқа ортақ мүдделермен жалғастық тапты. Олар арамызда жүрген замандастарымыздың өмірі арқылы адамзат баласына имандылық, адамгершілік сынды мәңгілік құндылықтарды паш етті. Адам бойындағы теріс пиғыл мен жаман қылықты ізгілікпен, жақсы әдетпен салыстыра отырып, жамандықтан жиреніп, жақсылықтан үйренуге шақырды. Қазақстанды мекен еткен өзге ұлыс ақындарының шығармалары қазақ ақындарымен үндесуі де сондықтан.

Қазақ ақындары ХХІ ғасырдағы қазақ поэзиясын эпикалық шығармалармен толықтыра түсті. Олардың қатарында К. Салықовтың «Кенесарының соңғы сөзі», «Тәннің тілі», «Қарақалпақ», «Тәттімбет» сынды поэмаларын атауға болады. Ақын аталған поэмаларында қазақ халқының кешегі тарихына жан бітіреді. Тарихи

оқиғалардың қатарында қазақ пен қырғыз арасындағы жайттардан да молынан хабар алуға болады. Дегенмен өткен тарихқа топырақ шашуды көздемеген ақын өткенге сын көзбен қарай білді. Ондағы мақсат – іргемізде жатқан ауылы аралас, қойы қоралас қазақ пен қырғыз елінің арасына сызат түсірмей, олардың туыстығын, достығын арттыра түсу. Осы мақсатта ақын Хан Кененің басын қырғыздың манаптары алғанын, оған бұқара халықтың қатысы жоқ екенін кейіпкер сөзімен нақтылай түсті. «Қош аман бол, Сарыарқа – өскен жерім Қайтқан қаздай қалың ел көшкен жерім!» деп, туған жермен қоштасқан Кенесарының толғауы біраз шындықтың бетін ашады. Қоршауда қалған батырдың қазақ пен қырғыздың арасы ашылып кетпесін деген ниетпен, ақ патшаның азғыруына ерген бай-манаптардың кінәлі екендігін батырдың өз толғауына сыйғызған. «Орыстар көп орнатқан қалалардан Боларын бір сұмдықтың сезуші едім» деп, ақ патшаның жымысқы саясатынан күдіктенген ақын батыр өлімінің діні мен ділінен безгендерден болғандығына күйінеді. Діннен безген имансыздардан қайыр күтпеген ақын манаптардың сатқындыққа барғанын ашық айтты. Оның елімен, жерімен қоштасар соңғы сөзі қазақ пен қырғыз елінің арасына кірбің түсірмеуге қызмет етеді. Мұндай ойды поэманың эпилогындағы авторлық ұстаным растайды:

Хан Кенені қыздырған

Саурық елші өлімі.

Манапқа ірге бұздырған

Орыстың озбыр желігі [12, 63]

Тәуелсіздік, бостандық үшін күрескен Кенесары сынды батырының ерлігін ардақтап, оны ұлықтаған ақын: «Барым сол жаным меңгерген, Кенекем – қазақ қыраны. Еліме өшпес дем берген, Бостандық – оның ұраны», «Кененің кемел арманы – Бүгінгі біздің дербестік» деген түйін жасайды. Осылайша ақын Кенесарының соңғы сөзі арқылы көрші отырған туысқан халықтарды ынтымаққа, достыққа шақырды. Поэмадағы ақпатшаның шен-шекпеніне қызыққан бай-манаптардың сатқындығы олардың Кенесарыны өлтіруімен әшкереленсе, мұндай опасыздықтың өлшемі болмайтынын арада өткен сан жылдар растайды. Тарихи оқиғаға жан бітірген ақын замандастарын адалдыққа, тазалыққа шақырады. Екіжүзділік пен опасыздықтың, сатқындық пен қанішерліктің жылдар өте келе әшкере болуы адам баласын жалпыадамдық мұраттарға жетелейді.

Ақын поэмаларының бірі тарихтан сыр шертсе, енді бірі жан, тән туралы ой қозғайды. Ш. Құдайбердиевтің «Тән – жанның құлы», «Тән – терезе, қарайтын жан иесі», «Денең – жанның сауы-

ты», Абайдың «Ғашықтық тілі – тілсіз тіл», Қорқыттың «Алыс жолды көзбен көр де, шешім ет», Ғ. Мүсіреповтің «Көңіл – қазы, көз – таразы», А. Байтұрсыновтың «Жан саулығының тамыры – тән саулығында» сынды ғибраттарын әр тарауға эпиграф ете отырып, сол ойлардың астарына үңіліп, жан мен тән туралы тұжырым жасайды. Абай айтқан «Жылы жүрек, ыстық қайрат, нұрлы ақыл» сынды үш қасиетті негіз ету – ақынның өмір жайындағы ұстанымдарының көрінісі. Жаһандануға бет бұрған қазіргі заманда ұлттығымызды сақтаудың негізгі көзі «жылы жүрек, ыстық қайрат, нұрлы ақылда» жатқаны белгілі. Жүрек, қайрат, ақыл – үшеуі біріккенде ғана адам баласы толық адам болып саналмақ. Олай болса, ақынның көтеріп отырған идеясы бүгінгі заманның талап-тілектерінен туындап отырғаны да даусыз емес. Қорқыт, Абай, Шәкәрім, Ахмет, Ғабит сынды сөз өнерінің шеберлеріне сүйенген автор олардың мәңгілік мұраттар жөніндегі көзқарастарына тоқтай отырып, адамдықтың белгісі неде деген сауалға жауап іздейді.

Ал «Қарақалпақ» поэмасы Әму мен Сырды төл емген қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтарының бүгінгі өмірінен хабар береді. Ақын Қарақалпақтағы құм ішіндегі көк теңіз Мойнақтың жағасында тұрып суы тартылған Аралдың қасіретінен сыр шертеді. Ол жөнінде С. Қирабаев: «Ол қайда барса да елін Қазақстанын ойлайды, көргенін қазақ жерімен салыстыра қарайды. Ақынның өресі өсіп, көңіл көкжиегі кеңейгенін, шеберлігінің жетілгенін осы дәуірдегі жырлардан айқын танимыз» [13], – деген болатын. Шырайлы елден шыр кетіп, суы тартылған Аралдың бүгінгі күйін адам тағдырымен бірлікте қараған ақын оның қазіргі таңдағы зардабын жасыра алмаған. «Бұзылды ғой Өмірдің қас-қабағы, Ұлы суға үйреттік жас баланы. Жас ананы қарашы, Мүгедек ұл Тудым деуге ұялып, жасқанады» [12], – деген жолдар Арал қасіретін тартқан ХХІ ғасыр адамдарының жай-күйінен, мүшкіл хәлінен хабар беретіні анық. Ақынды бар әлемді өзіне қаратқан Аралдың бүгінгі аянышты хәлі алаңдатады. Сондықтан:

Ай, әлемге хабарым,  
Құрғап кетті Аралым!  
Сақтап қалшы адамдар!  
Кең даланың ырысын!  
Сақтап қалшы жарандар,  
Кең даланың тынысын!  
Сақтап қалшы, адамзат,  
Кең даланың жанарын! [12], –

деп, барша адамзат баласына қарата жар салады. Мұның өзі ақынның туған жерге, отанға деген ыстық сезімін танытады. Өткен ғасырда суы тартылып, күні бүгінге дейін елді алаңдатып отырған Арал тағдыры К. Салықовты да бей-жай қалдыра алмаған. XX ғасырдың соңғы ширегінде суы тартылып, тұзы аспанға ұшқан Арал қасіреті тек қазақтың емес, адамзат баласының жан жарасына айналғаны белгілі. Бүгінгі таңда кемтар болып туылып жатқан балалар, адам кейпіне ұқсамайтын шараналар, үш қол, үш аяқ, екі бас тәрізді артық мүшемен дүниеге келіп жатқан сәбилер – Арал экологиясының адамзат баласына әкеліп жатқан қасіреті. Сондықтан ақын ғасыр дертіне айналған Арал тағдырына немқұрайлы қарай алмайды.

Оның поэмаларының ішінде «Тәттімбеттің» алар орны ерекше. Ақын күйшінің өмірін туған жермен бірлікте қарау арқылы сол өңірдің ескі тарихына жан бітіріп, Тәттімбет жүрген жерлердің, ол тартқан күйлердің – барлығының да жеке-жеке тарихы жинала келіп, қазақтың кешегі күнінен хабар береді. Өнер жолы ауыр екендігі күйшінің тағдыр тауқыметін тартқан өмірімен шынайы бейнеленген. Қазақ поэзиясындағы өнер адамдары бейнесін толықтырған поэмадан өнер мен өнер иесіне деген құрмет байқалады.

Бұл жылдары тарихи тақырыптағы поэмалар қатарын толықтырған ақынның бірі – Светқали Нұржан. Оның «Тарғыл тағы», «Еңсегей бойлы Ер есім» поэмалары қазақ халқының кешегі өткен тарихынан сыр шерте отырып, егемендіктің, тәуелсіздіктің қаншама қан төгістермен, алапат соғыстармен келгендігін еске түсіреді. 1870 жылғы орыс отаршылдарына қарсы шығып, қырғынға ұшыраған Адай көтерілісін көркем суреттеген «Тарғыл тағы» – қазіргі қазақ поэмасын жаңа мазмұнмен байытқан шығармалардың бірі. «Көк байрағым тұрғанымен төбемде, Жан-Азамды айтып жүрмін көп елге: «Мен – өлейін! Жоғалайын!.. Қазағым, Сенің атың қалмағай, – деп, – Өлеңде!..», – деп, қазақ үшін жанын садаға еткен ақын қазағының қатпарлы тарихына үңіліп, мүлгіп жатқан тарихқа тіл бітірді.

1869 жылғы Доспамбет би ауылындағы оқиғадан басталған поэмаға ақ патшаның «Уақытша ережесінен» кейінгі қазақ арасындағы толқулар негіз болған. Өзді-өзі қырқысып, жайлауға таласып жүрген қазақты ендігі жерде патша Заңымен басқаратындығы байтақ жерді ен жайлап жатқан қазаққа оңай тиген жоқ. Жан есебі мен мал саны алынып, жердің қазынаға өтетіндігі, түтін салығының екі есе көбейіп, басқару жүйесінің өзгеретіндігі – барлығы да тосын



жайт еді. Болыстар мен ауылнайлардың сайланып, ояздық соттың күшіне енетіндігі билердің бітіміне көнген қазаққа төтен жағдай еді. Сондықтан патшаның отарлау жүйесіне қарсылы жер-жерде бой көтерді. Оны ақын: Қарсыласты Теке мен Торғай жағы, Қан-қасапта қырылып сор қайнады. Сейіл менен Беркіндер тұтқында отыр, Сылынды елдің тағы да мен – қаймағы!» деп суреттеді. 1869 жылғы «Ел ауа» көтерілісінің басшылары Сейіл мен Беркіннің тұтқында отырған шағы еді бұл. Көтеріліс басшыларының бірі Доспамбет Қыдырбайұлы, Иса Тіленбайұлы, Ермембет Тұрұлы сынды атақты билердің ауылдарындағы намысы бар ердің бәрін түгел атқа қондырып, жер мен елді сыртқы жаудан қорғауға алып келеді.

Рукин, Трифонъ сынды патша жеңдеттерін жекпе-жекте өлтірген Досан батырға оқ өтпейтіндігін наурыз-сәуір айларына созылған соғыстан байқауға болады. 9-12 сәуір аралығында Фортқа бірнеше кемемен Кавказдан әлденеше рота әскер келіп жетеді. Кескілескен соғыста Айназар мерген мерт болып, қазақ жағы көп қырғынға ұшырайды:

Шайқас өткен манағы араға кеп,  
Шейіттерін қалды алып – дала бөлеп.  
«Қырғынтөбе» қос бірдей қала барды,  
Бірі – «Айназар», біреуі – «Қараоба» боп... [14, 238]

Автор осындай тарихи жерлердің тарихына үңіліп, қазақтың жер атауына ерекше мән беретіндігін де жадында ұстап отырған. Жер атауы сол жердің тарихымен тікелей байланысты болып келетіндігі осы оқиғалардан байқалады. «Батыр бір оқтық» деген қазақ мақалы тегін айтылмағанына осы шығармада қаныға түсеміз. Қанша батыр, ержүрек болғанмен аузынан от шашып тұрған зеңбіректің алдына қынадай қырылған қазақтар жеңіліске ұшырайды. Министр Милютин, Байков сынды патшаның жеңдеттері басқарған қалың әскер қарумен құрсанып алғандықтан басымдық танытады. Досанның ағасы батыр Алғи Жәлімбетұлы сынды батыр қолға түсіп, әскер көп шығынға ұшыраған соң, қазақ жағы Хиуа ауады. Кауфман, Перовский, Веревкин сынды орыс қолбасшылары басқарған патша әскері соңдарынан жетіп Хиуаны қамайды. Шайқаста ерекше көзге түскен Досан батырдың соңына түскен подполковник Аничкин ол ұйықтап жатқанда қапияда қолға түсіреді. Патша ағзам бүлікшілердің бәріне кешірім бергенмен Досанға кешірім берілмейді. Ол абақтыда сусақ ауруынан өледі. «1876 жылы 11 ақпанда.. Досан Тәжиев... таңғы сағат 6-да сусақ ауруынан өлді» деген батыр өлімі туралы мәліметтер, осы көтеріліс туралы дастаннан келтірілген мысалдар, өмірде болған адамдар мен

тарихи мәліметтер шығарманың тарихилық сипатын аша түскен. Ақын отаршыл империяға жалаң қол қарсы шығып, қасық қаны қалғанша шайқасқан Досан сынды батырлардың ерлігін суреттеу арқылы тәуелсіздік туы қазаққа оңайшылықпен келмегеніне сендірді. Бабалар рухына тағзым ету бүгінгі ұрпақтың борышы болса, мұндай тарихы шығармалар қазақтың сан қатпарлы тарихына сыр шертеді.

«Еңсегей бойлы Ер Есім» поэмасында:

Соғушы еді кімге оңай қаза-қырғын?! –

Сарқылатын күні жоқ аза-жырдың.

Опат тапқан қалмақтың құралынан

Шығыны да кем емес қазағыңның [14, 331], –

дейтін ақын Есім ханның тұсындағы қазақ пен қалмақ арасындағы қанды шайқастан хабар береді. Сол шайқаста ерлігімен танылған Есім хан бейнесі қазақ әдебиетіндегі тарихи кейіпкерлер қатарын толықтыратын сом тұлға. Сан ойраттың басын шалғы орақпен шапқандай домалатып, бықпырт тигендей етуі, Жиёмбет жыраудың Ер есімнің ерлігін жырлауы – бәрі де оның бейнесін толықтыратын эпизодтар:

– Ай!

Еңсегей бойлы Ер Есім,

Жырауың саған не десін!..

Кәбірдің бұздың қамалын,

Қалмақтың сөктің көбесін.

Дұшпанның есін кетірген,

Ер Есім, сенің елесің [14, 339].

Тарихта «Есім ханның ескі жолы» атанған жолға шолу жасаған ақын бабалар салған ақ жолдан адаспауға шақырады, Алланы ақ жолы ешқашан адастырмайтынына сендіреді.

Н. Айтұлының «Шақантай» поэмасына батырдың қалмақпен шайқастағы ерлігі негіз болса, Қ. Аманжолдың «Шақантай батырдың құдалығы» деп аталатын әфсана-қиссасына оның Қасабаймен құдалығы арқау болған.

Қабанбайдың соңынан ерген еді,

Қалмақпенен соғысып жеңген еді.

Жүз он ұлы жүз он сан ауыл болған

Шақантайға қандай ер тең келеді? [15, 117], –

деп басталатын шығармаға Шақантай батырдың тағы бір ерлігі негіз болған. Наймандағы Қасабай батырмен күш сынаспақ болып жолға шыққан Шақантай оны көріп, көңілі толмаған соң жоқ іздеп жүрген «жоқшымыз» деп жай ғана айта салады. Ертеңіне ол ауыл

қонақтарымен бірге қырғауылға шығады. Осы сәтте Шақантай өзінің кім екендігін айтып, танысады да екеуі күш сынаспақ болады. Қай жеңгені қыз алып, жеңілгені қыз бермекке уәделеседі. Қасабай ұйқыдағы ауылдың жүгін ұрлап, қосқа үш түйеге артылған тең алып келеді. Ендігі кезек Шақантайға келеді. Батыр да қарап қалмай, өз ауылына шапқанды артық көріп, жоңғарға қарай шаппақ болып тұрғанда алдынан қазаққа жортуылдап шыққан бес торғауыттың от жағып тамақ пісіріп отырғанының үстінен түседі. Алаңсыз отырған торғауыттарға «Ұрып таста! Үрит соқ!» деп тұтқиылдан шаба жөнеледі. Үрейленген қалмақтар тұра қашып, олардың от үстіндегі тамағы қалады. Дайын тамақты қосқа алып келген Шақантай:

– Әй, Қасабай, олжамыз жарар құтқа.

Бес батырды бұқтырған мен артық па?

Ал немесе ауылдың ұйқыдағы

Жүгін ұрлап әкелген сен артық па? [15, 120], – дейді.

Осылайша Қасабайды жеңіп кеткен Шақантай оның қызын баласына алып бермек болып уәделеседі.

Бірақ Шақантайдың баласы Торғайдың ерні қоян жырық екенін естіген бәйбішесі оған қызын бермеймін деп Қасабайға уәдесін бұздырады. Құдасынан мұндайды күтпеген Шақантай ашуға булығып, баласы Торғайды «Қасабайды бар-дағы өлтіріп кел! Құнын өзім берем!» деп жұмсайды. Ашумен атқа қонған Торғай келген соң атасына қол көтере алмай, былай дейді:

– Аз күн болсын ақ қойды сойған атам,

Ақ батасын сондағы жойған атам.

Мен атама салмаймын бұл пышақты,

Маған салғын, қанеки, сайлаң, атам!.. [15, 123]

**Мұны** естіген бәйбіше, өз кінәсін мойындап Қасабайға:

– Әй, Қасабай, болса да ерні жырық,

Тұр екен-ау көзінен от төгіліп.

Екі ағасы бар екен, қақпа қолын,

Бер қызыңды, Қасабай, беттен үріп!.., – дейді [15, 124].

«Жауластырмақ жаушыдан, елдестірмек елшіден» дегендей, осылайша Торғай жол тауып екі елді бітімге алып келеді.

Түрі жағынан драмалық болып келетін бұл поэма бүгінгі Шұбартауды мекен еткен Шақантай елінің кешегісінен хабар берер туынды. Ақынның «Шақантайға бел бала бола алмайды Мәрмәр тастан намысын қашамаған!» деген түйіні батырдың белінен шыққан баланың барлығы да Торғай секілді атқа қонған ержүрек екендігін аша түскен.

Қазақтың кешегі жаугершілік заманындағы күйінен хабар беретін аңыз-әңгімелердің бірі қазаққа ұя болған Ұлытаудың бір саласы болып табылатын «Жеті қыз» деп аталып кеткен жерге байланысты. «Шындық па, әлде ертегі, аңыз ба екен, Әйтеуір әңгіме көп көшпенді елде», – деп ақынның өзі айтқандай аңыз-әңгімелердің түп-төркіні шындыққа саятыны белгілі. Жер атауларына қатысты оқиғалар қазақ арасында ауыздан-ауызға жету арқылы сақталып қалған. Б. Мырзабеков өзіне таныс жер атауына қатысты оқиғаға жан бітіру мақсатында өткен тарихымызған лирикалық шегініс жасаған.

«Жеті қыз» – Ұлытаудың бір саласы,

Қозыкеш жүрген жанға екі арасы.

Шапқанда Қалдан Церен қазақ жерін,

Қарсы алған жауды алғаш сол босағасы [16, 47-62], –

деген жолдар Ұлытаудың әрбір қойнауында белгілі-белгісіз тарих жатқанын байқатады.

«Өтуге атты адам да бата алмаған, Толқыны үйдей тасты жарға ұрғанда, Толықсып үйде сұлу жата алмаған» деген жолдар – жолында кездескенді жұлып ала жөнелетін буырқанған толқынның ақ көбігі жақпар тасты сүйіп қана қоймағанының шынайы бейнесі. Әбілқасым батыр кезінде Әлпеш қызды іздеп барып, «күш атасын танымас» дегендей күші асқан батырлығымен алып қайтқан болатын. Әбілқасым мен Базылдан тараған әулет мекен еткен екі ауылдың жақындығы бес атадан аспағандықтан ақсақалдар өз балалары Әшім, Бәкір сынды батырларға ел аралап, қыз көруге ақыл-кеңес береді. Батырлары мен балуандарын, әншілері мен күйшілерін қасына ерткен ауыл жастары ел аралап жүргенде екі ауылды жоңғардың қолы қоршап жатып алады. Жаудың басынған бұл қорлығына шыдамаған Базыл ақсақал белін буып атқа қонады:

Базыл да алпыс асып, асқан белден,

Негізі батырлық салт өскен жерден.

Жау келсе үйде жатып өлмеу керек,

Серт солай қалған сонау көшпенді елден [16, 51].

«Ауылда қарсыласар күш жоқ» деген хабарға сеніп келген жоңғарлар алаңсыз жатқанда бес сауытын асынып, таудай болып ту көтеріп тұрған Әбілқасымды көргенде дегбірлері ұаша бастайды. «Бұл шалдың дауысы суды толқытқандай, Тұлғасы көрген жанды қорқытқандай», «Екпіні қарсы келсе тау жыққандай, Адымдап басқан сайын қарқындайды» деген жолдар Әбілқасымның алпыстан асқанмен аттан түсе қоймағанын растап тұр. Жоңғарды бастап келген тау соғар атанған Манду батыр да осал жау емес.

Тыныш жатқан қазақтың тынышын алып, қан іздеп жүрген Манду он бес жасында қан майданға араласып, тау соғар атанған батыр. Ол жекпе-жекте шалды жеңіп абырай ала алмайтын болғандықтан Әбілқасымға пілдей ауыр қозғалатын Жалбаң-пілді жібереді. Бетпелбет келген қарсыласын шоқпармен ұрып құлата берген батырдың ерлігін ақын былай бейнелейді:

– Қанеки кел бермен! – деп ақырады,  
Келгенін шөп шапқандай жапырады.  
Бетпелбет тіке келген не дәулердің,  
Қорқырап қаны судай шашылады [16, 53].

Жекпе-жекке шыққанын шыққандай жер жастандырып жатқан батырды ту сыртынан атып алуға батпаған жау оны ортаға алып қоршап темір тормен ұстайды. Әбілқасымның қолға түскенін көрген Базыл да қарап тұра алмай жауға қарсы шауып, қарсы келгенін түйреп, оң мен солға хақ жарып өткенімен қалың қолға ешнәрсе істей алмай ол да қолға түседі. Тұтқан торға әдіс-айла таба алмай темір торға түскен қос батырдың орға жығылғанын көрген тұтас ел күңіреніп кетеді. Ауылда атқа қонар азаматтың жоқ кезінде жаудың басынғанынан күйінген қыздар амал-айла іздейді. Базыл батырдың қызы Назым сұлу Гүліммен ақылдасып Мандудың өзін қолға түсіру керектігіне тоқталады. Бұл екеуіне Алтынай, Торғын, Талшын, Қалдық, Айша сынды арулар тағы қосылып, жеті қыз Мандудың алдына барады. Алды он алты, арты он үштегі қыздардың сұлулығын ақын былай бейнелейді:

Жеті қыз біреуінен біреуі өткен,  
Көктегі жеті жұлдыз жерге түскен.  
Салтанат-сәні бөлек жетеуінің,  
Лебінен жанға дауа самал ескен [16, 55].

Көркіне ақылы сай арулар Мандуға «Біздерді жеті күндік қызық етпей, Некелеп, түгелімен иемденіңіз» деп жетеуінің жұбы жазылмайтындығын айтумен бірге, оған өздерінің талаптарын да жеткізеді. Ауылды қоршап жатқан қолды кейін қайтарып, Әбілқасым мен Базылды тұтқыннан босатуын өтінеді. Өз бастары үшін жеті қызынан бірдей айырылуды артық санаған Әбілқасым Мандуға:

Босатсаң, қайта шауып жағаласам,  
Өзің біл, «тұтқын ғой» деп табаласаң.  
Тіріде саған қолданн қыз бермеймін,  
Демесең, «атқа өңгеріп, ала қашам», –

деп қыздарына бата бермейтіндігін, одан да өзін өлтіруін айтады. Қолдарын шешіп жіберсем, өзімізге қайта шабар деп қорыққан

манду екі батырды арбаға байлап сол жерде қалдырады да өзі қазақтардың малын алдына салып кейін шегінеді. Кеш болғанда «өткел бермеске» жеткен Манду қолын ілгері жіберіп, өзі жеті қызға жеті шатыр тіккізіп сол жерде түнемек болады. Жеті қыз «Мұсылман дініндегі қазақпыз біз, Шомылып дәрет алар салты бар-ды» деп, Мандуға өтініш айтып көйлектерін ағаштың басына іліп суға түседі. Жетеуіміз бірге болайық деп бір-біріне шаштарын байлаған олар құшақтарын жазбай судың ағысымен терең бойлап кете береді. Қыздарды ұстамақ болып атымен түскен жоңғарларды асау толқын суға батырып жібереді. Жауға қатын болғанша жан пида», – деп қыздар суға кетіп, жоңғарлар азан-қазан болып жатқанда артынан Әшімәлі бастаған қуғыншылар келіп жоңғарға қырғын салады. Бүгінде Мандудың басын Әшім шапқан жер «Хан шабылған» деп аталса, бір кездегі «Өткел бермес» жеті қыздың құрметіне «Жеті қыз» деп аталып еді. «Қыз шыңын» кеңес өкіметі тұсында қызылдар «Қызыл шың» деп атағанмен, ел оны «Қыз шыңы» деп атап кеткен. Кезіндегі өткел берместің бүгінде суы тартылуының себебін қарттар: – қыздардың көз жасы төгілген соң, өзеннің күші қайтты, – деп түсіндіреді.

Бұл жерді «Жеті қыз» деп ел айтады,

Сағымды Сарыарқаның желі айтады.

Үш жүздің басын қосқан бұл өзенді,

-- Бірлікті берекем, – деп ел айтады, –

деген жолдар үш жүздің басын қосқан Ұлытаудың әрбір тасы тарихтан сыр шерттетінін білдіреді.

Поэмада «ел үшін – біз құрбан» деп, өз бастарын елі мен жері үшін өлімге тіккен жеті қыздың ерлігі насихатталған. Бейбіт, тыныш, жатқан елге тосыннан бүлік салған жоңғарлардың әрекеті қан уыстап туған қанішерлердің соғысқұмарлығын танытады. Ақын алаңсыз жатқан аңғал қазақ пен қанішер жоңғарларды бір-біріне қарсы қоя суреттеген. Жалпыадамдық мұраттар Назым, Гүлсім, Алтынай, Торғын, Талшын, Қалдық, Айша тәрізді жеті қыз бен Әбілқасым, Базыл, Әшімәлі сынды қазақ батырларының бойынан танылатындықтан оларды аты да, заты да мәңгілік есте сақталатынына «Хан шабылған», «Жеті қыз», «Қыз шыңы» тәрізді жер атаулары куә.

Қазіргі таңда қазақпен көрші қонған түркі халықтарының өткен тарихын көркем бейнелеген поэмалар қатары да кездесіп қалады. Сол қатарды толықтыратын шығарманың бірі – К.Шалқардың «Қашқар қызы» поэмасы. «Ұйғырлардың қолы бостандыққа еш уақытта жеткен емес. Сондай-ақ, құлдық пен тәуелсіздіктің салда-

ры мінездеріне де әсер етіп, олардың кескінінен ылғи көңілсіздіктің, үмітсіздіктің ізі көрініп тұратын», - деген Шоқан Уәлихановтың сөзін эпиграф етіп алған ақын ұйғыр халқының кешегі тарихына тіл бітіреді. Шың хандығы:

Қиратыңдар қалаларын ойрандап,  
Күшімізге үрейленсін қайран ғап.  
Қарсы шықса қалдырмаңдар бірінде,

Қылышпенен кескілеңдер майдалап [17, 31], –

деп жарлық шығарған соң, басқыншылар Қашқар, Хотан елдерін мекен еткен ұйғыр халқының қалалары қиратып, алтын, күмістерін тонап, малын тартып алып, халқын қайыршы етті. Мұсылмандарды бұтынан мосыға асып, мешіттерін Пұтханаға айналдырды. Қолдарында егіншілік құралынан басқа ештеңе жоқ халық басқыншыларға етпен, күрек, темір айырларымен қарсы шығады. Мәнжурлерге ұйғыр, қазақ сынды мұсылман халықтары қарсы шығып күш көрсетті. Қашқардың қақпасын қорғаймын деп қырылған көп халықтың қаны судай аққанын ақын «Аққан қанды соқпағына соқта ғып. Қорғаймын деп қақпасын да Қашқардың, Қырылды ғой ұйғырлардан көп халық» деп суреттеді. Ұйғыр халқының басынан өткен осындай қасіретті күндерін ұйғыр ақыны Махмуд Әбдрахманов:

Өз елінен,  
Өз жерінен айырылып,  
Көшті ұйғырлар жат өлкеге  
қайғырып.

Қасіреті тарқатылып  
арқандай,

Қарсы алдынан жасқанады  
қаймығып, – деп жырлайды [17, 32].

Елін, жерін басқыншылардан қорғауда ержүрек қыздарына дейін ерлік көрсеткенін Майымхандай батыр қыздың ерлігінен көруге негіз бар. Аз ұлттарды басып-жаншып құрамына қосып алған олар аз жылдың ішінде көп халық атанып шыға келді.

Қызы гөзал, ұлдары сәл жасқаншақ болатын ұйғыр халқының өткен тарихынан сыр шерткен ақын Назгум қыздың өміріне қатысты оқиғаға жан бітіреді. Тілі де, діні де бір қос халықтың бірі қырда, екіншісі далада жүріп, бірі тауда малын жайса, екіншісі далаға егін салды. Бірі еті мен құрт, майын, терісі мен жүнін базарға шығарса, екіншісі жеміс-жидегі мен көкөнісін базарға алып барып ортақ тілмен тіл табысты. Қазақтар малға жайлы жер іздеп көшіп-қонып жүрсе, ұйғырлар бау-бақшасын баптап жеміс-жидегін

базарға алып шығып жан бақты. Қазақ жігіті Бағылық пен ұйғыр жігіті Ағалық бір-бірімен тіл табысып, араласа жүріп жақын жолдас болып кетеді. Бағылық ұйғыр қызы Назгуммен көңіл қосып, екі ғашық үйленіп, ұйғыр мен қазақ арасында ұлан асыр той болады. Күндердің күнінде Мәнжурия шаңын қағып өңірдің, бейбіт өмірдің күл-талқанын шығарады. Талай боздақтың жан беріп, бейкүнә жандар бақытына жете алмай өмірден өтті. «Қара ғасыр қаһарына жолығып, Қатып қалған жылады тас денесі» деген жолдар адам ғана емес, тас екеш тастың да көз жасы көл болып егілгенін көрсетті. Осындай арпалыста тұңғышы мен Бағылық қаза тауып, Назгум торға түседі. Бағылыққа ара түсем деп Ағалық да қаза табады. Осындай қасіретке душар болған Назгум дұшпанның қолында олжа болып кетеді. Шайқаста қаза тапқандарды қос халық бір қабірге жерледі. Құлыны мен жарынан айрылған Назгумның зарлаған дауысы жер дүниені тітірентті:

Назгумның шықты даусы шырқалып,

Күйігіне көңілдегі жыр жанып.

Естігеннің күңіренсе көңілі,

Мең-зең болып жатты сұлап қыз талып [17, 35].

Назгум өрісте қозы, лақты қайырған болып, тамызыққа шөмшек жинаған болып, құшағына бір бау қамысты қысып Іленің суына қойып кетеді. Ілені бойлап тұтқыннан құтылған ұйғыр қызы туған жері Қашқария алыста болғанмен Мәнжурлердің таяғынан құтылғанына егіліп жылайды. Туған жерін сағынған қыздың туған елге, жерге деген сағынышы «Ештеңе де Туған жерге жетпейді, Тұңғыш рет Кіндік қаны тамған жер» деген жолдарға сыйып тұр. Тау-тасты кезіп егіліп жүрген қызды қазақ қызы Жазыгүл тауып алады. Туа бітті мылқау Жазыгүл мен Назгум бір-бірін көзқарастарымен ұғынысып, оны үйіне ертіп келеді. Ұйғыр қызының басынан өткерген қиындығын көрген Жазыгүлдің анасы бір қызым екеу болды деп той береді. Осы тойда Жазыгүлге тіл бітіп айтысқа түседі: «Осы тойда мылқау қызға Тіл бітіп, Оған ғажап жұрт қуанып таңданды». Осыдан Қашқар қызы қазақ жаны ақындықта екенін түсінеді. Шығыс Түркістан жерінде айтылатын «Назгум» әні осы ұйғыр қызының зарынан туған ән еді. Ұзынқараның бауырындағы Албан ауылында Назгум болған өңірді Сүмбеліктер сақтағаны қазақ пен ұйғыр халқының достығын ғана емес, діні мен тілі бір халықтың тағдыры да бір екенін көрсеткендей. Азаттық үшін мәнжурліктерге қарсы күрескен халықтардың өткен тарихы қасіретке толы болса, Назгум тағдыры соның бір мысалы ғана. Қазақтардың Назгум қызды тоқалдыққа



қимай қап-қара шашы ағарғанша оң жақта еркелетіп өтуі қарындастарындай болған қызға жасаған қамқорлығы ретінде танылады.

Ж. Кенебайдың «Қорқыт – ғұмыр» поэмасы – лирикалық поэмалар қатарына қосылатын дүние. Қорқыт ата туралы аңыз-әңгімелер қазақ әдебиетінде молынан кездеседі. Бұл поэмасы сол қатарды және бір қырынан толықтырады. Ақын мұнда Қорқыттың өлімнен қашпағанына, оның Өмір мен Өлім атты екі сөздің жауабын іздегеніне көңіл аударады. Қорқыттың көңіл күйі мен оның ой-арманына сан ғасырлық тарихқа лирикалық шегініс жасай отырып тіл бітіреді. Өлім мен өмірдің қатар жүретінін Күлтегін, Білге Қаған, Иолығ Тегін, Еділ патша, Мөде хандардың ұлы жорықтары арқылы еске түсірген Қорқыт баба әлемді дүр сілкіндірген қолбасшылардың да өмірден өткенімен түйіндейді.

Біреуден біреу озып, бұрын келер,  
Ақиқат – Ханың да өлер, Құлың да өлер.

Бұл Адам қаншама көп жасаса да,

Мәңгілік ештеңе жоқ – түбінде өлер [18], –

деп, өмір мен өлім туралы философиялық түйін жасайды. Екі аяқты пенделердің барлығының баратын жері бір болса, неге олар қамшының сабындай қысқа өмірде адам басы жетпейтін зұлымдықтарға баратыны жөнінде сауал тастайды. Арғы-бергі тарихтан хандар мен патшалар өмірінен келтірілген мысалдар өмір мен өлімнің қатар жүретінін байқатса, екі аяқты пенделердің өлімді есте есте сақтамайтындығы қалай? Ақын Қорқыттың өмірден көргені мен түйгені арқылы бүгінгі замандастарына ой салған. Адам баласы атаққұмар, шатаққұмар болумен бірге неге Ынсаптан жұрдай екендігі таң қалдырады. Ақын:

Топас та, бұл Өмірден, Дана да өтер,

Сондай-ақ Хандар да өтер, Қара да өтер.

Биліктің тізгініне қолы жеткен –

Неліктен тастай қатып қалады екен?, –

деген тәрізді сауалдар арқылы замандастарына ой салады. Жиған-терген байлығын өзімен бірге алып кетпейтінін біле тұра адамзат баласының құлқыны арандай ашылып бара жатқандығын көріп жүрген автор төрелікке Қорқыт бабаны шақырған тәрізді. Ол өмірден қорыққан жоқ, керісінше Өмір мен Өлім атты қос сұраққа жауап іздеп сабылды деген ой алдыңғы шепке шыққанда осы сауал оқырманның бәріне де ой салары даусыз. Ақын қысқа өмірде Адам деген атқа лайық өмір сүру керектігін ұсынады. Авторлық ұстаным ынсапсыздық, дүниеқұмарлық, атаққұмарлық,

даңққұмарлық, көрсеқызарлық, тоғышарлық, пайдакүнемдік тәрізді жат қылықтардан бойды аулақ салып, өмір бар жер өлім бар екенін жадымыздан шығармау керек дегенге саяды.

Қазіргі таңда ақындардың шығармаларына замандастар өмірінен алынған өнегелі істер негіз болып жүр. Солардың бірі – Әскербек Рахымбекұлының «Күй күмбез» атты дастаны. Қазақтың дәулескер күйшісі Қаршыға Ахмедияровтың біраз сырқаттанып, неше мың ғасырлық тарихы бар тибет медицинасымен емделу үшін Қытай елінде болып, сонда біраз жатып денсаулығын түзеп келгені елге аян. Ал, ер басына ауыр күн туғанда оның қасынан табылған мемлекет және қоғам қайраткері Иманғали Тасмағамбетовтің азаматтық істеріне ел, халық куә. Ақын өз замандастарының осындай ірі істерін мақтан етіп, сол оқиғаларды поэзия тіліне айналдырған. Бүйрек сырқатына ұшыраған Қаршығаға тек сөз демеу емес, қаржылай көмек берген Иманғалидың істері бір күйшіге емес, қазақтың өнеріне жасалған құрмет екенін ақын жеткізе жырлаған.

Күйді мен бар өнердің басы дедім,

Басшыға күйді сүйген бас иемін [19, 102], –

деген жолдар тек ақынның ғана емес, қазақ халқының өнерге деген үлкен құрметін байқатады. Себебі, басшы да ел ішінен шыққан азамат. Соның тағы бір мысалы – Қазақстанның тұңғыш президенті Әбішұлы мен Н. Тілендиевтің кездесуі. Нұрсұлтан Әбішұлы Нұрғиса Тілендиевтің соңғы өтінішін орындап оған жүз жасаған жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың қасынан орын берсе, бұл да елбасының өнерге, өнерпазға жасаған құрметінің белгісі. Ал, Нұрсұлтан мен Нұрғиса арасындағы диалог олардың елдің, халықтың қалаулысы болғанына мысал:

Нұрсұлтан:

– Ағасы, кісі емессіз қатардағы,

Сіздей-ақ болар Халық Қаһарманы...

Нұрғиса:

– Ағадан келгендейсің бата алғалы,

Саған серт алты алаштың ата арманы...

Үлкенге құрмет, кішіге ізет жасай білген Елбасының жасы үлкен кісіге келіп сәлем беруінің өзі оның кішіпейілдігін байқатса, Нұрғисаның ініге бата беруі – қазақта «Батамен ел көгерер» дегенінің көрінісі.

Ақын Нұрсұлтан мен Нұрғиса, Иманғали мен Қаршыға, Дәулеткерей мен Құрманғазы арасындағы кездесулерге қазақ

халқының қай дәуірде де өнер мен өнер иелеріне үлкен құрмет жасай білгенін сыйғызған. Алайда Дәулеткерей мен Құрманғазы секілді қуғын-сүргін көрмей, елдің, Елбасы мен басшылардың аяулы алақанына бөленген Нұрғиса мен Қаршығаға жасалған құрмет қазақ елінің тәуелсіздік алғандығымен бірге өнер мен өнер иелеріне деген құрметтің күшейгендігінің белгісі. Атадан балаға мирас болып келе жатқан қара домбыраның киесімен бірге өз иесі де бар. Қазақта қолына домбыра ұстағандар көп болғанмен, өзі өлсе де аты өлмейтін дәулескер күйшілер көп емес. Ақын Нұрғиса мен Қаршығаны кешегі Дәулеткерей мен Құрманғазының өнерін жалғастырушы өнер иелері екендігіне назар аудара отырып, күйшілік өнердің атадан-балаға жалғасып келе жатқанынан назар аударған. «Болар елдің баласы бірін-бірі батырым» дейді дегендей Нұрғиса мен Қаршығаға жасалған құрмет, күй өнеріне жасалған үлкен құрметтің белгісіндей әсер етеді. Мұның өзі автордың «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деген халық даналығын жадында ұстағанын байқатады. Арамызда жүрген азаматтардың осындай игілікті істеріне жан бітірген ақын замандас бейнесін жасауға өз үлесін қосты. Бұл поэма замандас бейнесін жасап, қазақ поэзиясына таныс образдарды алып келуімен құнды.

Қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихынан үлкен орын алатын тақырыптың бірі – әйел-ана, махаббат. Бұл тақырып бүгінгі таңда да жалғасын табуда. Әйел-ана деген тақырыпқа қолына қалам ұстаған ақын-жазушылардың барлығы да соқты, нәзік жандыларға ең жылы сөзін арнады. Әлем әдебиетіндегі ең озық туындылардың көпшілігі аналарға арналуының да өзіндік себебі бар. Әлемге тіршілік нәрін себуші, бейбітшілік пен тыныштықты күзетшісі әйел-аналардың бейнесі қазақ әдебиетінде де жақсы сомдалды. Соңғы жылдары бұл тақырыпты М. Райымбекұлы «Гүлғасыл», «Асанәлі – Бағдат» атты шығармалармен толықтырды. «Гүлғасыл» поэмасы:

Ана деген шаң қонбаған асқақ Ар,

Ана десем жанарымнан жас тамар.

Аналарға деген ұлы махаббат

Жер-Ана мен Хауа-Анадан басталар [20], –

деп басталады. Бұл поэманы аналарға сөзбен қойылған ескерткіш ретінде қабылдауға болады. Мұнда ақын қол бастаған батырдың да, сөз бастаған шешеннің де анадан туғандығын еске сала отырып, жер бетіндегі алыптардың барлығы да анадан жаралғандығына көңіл аударады. «Аладан соң барша құрмет – Анаға!» деген ақын Баба түкті шашты әзіз бен Баб ата, Қарабура әулие мен Қожа Ахмет

Иассауи, Әз Тәуке хан және Мүсірәлі Сопы Әзіз, ұлы Абай мен дана Мұхтар – барлығы да анадан туғанын еске салып:

Сол Анаға арналады жыр асыл,  
Сол Анаға жауа берсін нұр асыл.  
Ұл әкелген ұлықтауға тұратын,  
Бар Ананың шын есімі – Гүлғасыл!, –

деп бұл дастанның барша аналарға арналатынын айтады.

Осы шығармасы жөнінде: «Бұл дастан екіталай күн туғанда Азаматтарына сүйеу бола білген, ақыл қосуға жараған баяғы Құртқа мен Баяндардың бүгінгі сарқыты, қазақтың аяулы қызы Бағдатқа арналады.

«Бұл – анаға, жарға деген құрмет, бұл – ымырттағы махаббаттың алауынан сәулеленген жыр жолдары еді...», – дейді автор.

Ол – «Әйел – Ана, Әйел – Күн!» деп аналардың абыройын асқақтатып жүрген ақынның бірі. Оның «Асанәлі – Бағдат» атты махаббат дастаны осы тақырыпты жаңа қырынан толықтыратын туынды. Қазақтың біртуар перзенті Асанәлі Әшімовтың 70 жасқа толған мерейтойына арнау ретінде жазылған дастанның негізгі нысаны – Ана.

Дастанның басында бүгінде адамзаттың баласына айналған Асанәлі Әшімовтің Оңтүстік өңіріндегі Қаратаудың бауырын жайлаған тама елінің тумасы екендігінен хабардар боламыз. Кейіпкердің жастық шағына жасалған лирикалық шегініс оның өмінен біраз мағлұмат береді.

Үмітін жесір ана сан алдаған,  
Мұңы бар жетімдіктің таралмаған.  
Асекең сол күндерді еске алады,  
Мектепке жалаңаяқ бара алмаған, –

деген жолдар әкеден ерте қалып, жетімдіктің тақсиретін тартқан Асанәлінің де өз замандастары секілді жоқтықта өскенін байқатады.

«Шынымен, шыңсың, аға, өнердегі, Төбесің көре алмайтын төмендегі» деген жолдар Асанәлінің өнердегі орнын аша түссе, оның отбасылық жағдайы жары Майраға қатысты жолдармен толыққан. Мәди мен Сағидай ұл сыйлаған Майраның өмірден өтуі, Құдай қосқан жары мен қос бірдей перзентінен айрылған жанның қос қанаты қиылып қалуы – кейіпкердің жоқтауымен берілуі орынды. Жеті шумақтың алғашқы екі тармағы «Алтын Майра, Асыл Майра» деп басталуы арқылы автор Майраға ерекше көңіл аударған. Майра есімінің жол сайын қайталануы, артында қалған қосағының мүшкіл халін танытады. «Мәди менен Сағи қайда, Қасыңда ма, шошынбай ма?» деген жолдар Майра мен балаларын іздеген әкенің сағы сы-

нып, өрге сүйреген тасының төмен қарай домалауының себебін аша түседі.

Сыңарынан айрылған аққудай күй кешіп жүргенде жолыға кеткен қыздың бойынан Майраға тән қылықтарды көрген жанның жүрегіне жылу кіреді. Бұл – махаббат жылуы еді. «Егде жүрек төңкеріліп кеткендей, Пыр-пыр етті қыз жүрегі кептердей» деген жолдар махаббаттың жасқа қарамайтынын байқатса, «Қарт қарағай жас қайыңға сыр ашты, Мөлдір сезім махаббатқа ұласты» деген жолдар жүректің қартаймайтындығына қызмет етеді. Осыл айша жас қайың мен қарт қарағайдай болған жандарды арасын біріктірген үлкен сезім – махаббат еді.

«Әйел – бақыт, әйел – оттың егесі,

Әйел – шаттық, әйел – үйдің шегесі», –

деген жолдар әйел-аналардың өмірдегі, отбасындағы қызметін толықтырады. Осылайша Бағдат сынды періштемен бірге Әшімовтар шаңырағына шаттық-қуаныш келеді. Мұны ақын:

Бақдатпенен бақыт келді қайтадан,  
Торғай біткен талға қонып айтады ән.  
Асекеңнің көтерілді шоқтығы,  
Бидайықтай қырдың желі шайқаған...

Қазан келсе, жел өтінде тұрғызбай,  
Үмітінді қарашаға ұрғызбай.  
Бағдат па екен бағың болып жолығып,  
Ұл сүйгізген ымырттағы жұлдыздай, –

деп бейнелейді.

Қасірет отына оранған жанды басына ауыр күн туған сәтте сол қайғыдан алып шыққан Бағдаттың ерлік ісі кешегі жарына сүйеу болған Құртқа, Баян сынды арулардың жалғасындай әсер береді. «Сақтап қалған сол әйелге нұр жаусын, Қаратаудың Алатаудай баласын» деген ақын тілегі – өнерді сүйген, азаматын құрметтеген барша Қазақ біткеннің тілегі екені белгілі.

Асанәлі Әшімов туралы «Ай құсап іңірдегі ерте туған, Тағдырдың мұрнын бет қып тентек ұлан. Жұлдызын көк аспаннан жарқыратты Өзі де, өмірі де өрт оғылан» деген жолдар оның өмірдегі де, өнердегі де бейнесін толықтырары даусыз.

Жоғарыда сөз болған шығармалар жалпыадамдық мұраттардың қазақ поэмасында үздіксіз көтеріліп келгендігін көрсетеді. Сондықтан да XX және XXI ғасырдағы поэмалар қазақ халқының сан ғасырлық көркем шежіресін жасаған туындылар болып табылады. XX ғасыр басындағы ақ патшаның отаршылдығы, кеңестік

дәуір тұсындағы отарлаудың соңғы кезеңі бәрі де ел өмірінде өзінің ізін қалдырды. Осылардың барлығы да қазақ ақындарының шығармаларына негіз болды.

Қазіргі қазақ поэмасы осылайша жаңа тақырыптармен толыға түсті. Бұл жылдары ақындар негізінен тарихи тақырыптарға ден қойды. Бірсыпыра поэмалар қазақтың арғы тарихынан сыр шертсе, енді бірқатарына кеңестік дәуір тұсындағы, яғни ХХ ғасырдағы өмір шындығы негіз болды. Олардың барлығы да азаттық аңсаған қазақ халқының бостандық, тәуелсіздік жолындағы күрестерінің жарқын суреттерін жасады. Ақындар өмір шындығын бейнелеуде әр дәуірде өмір сүрген тарихи кейіпкерлер өмірін негізге алды. Ел бірлігі, ынтымағы үшін күресіп, елі мен жерін сыртқы және ішкі жаудан қоршауда шаһид болған тарихи тұлғалар жауынгер қазақ халқының азаттық үшін күрес жолындағы қаһармандары екенін ақындар жеткізе жырлады. Тәуелсіздік жолында мерт болған батырлардың сом тұлғасы өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелейтіні белгілі. Егемен елдің талап-тілектеріне жауап беретін бұл жырлар жаңа ғасырдағы қазақ поэмасын бір саты биікке көтерді. Түрі жағынан сюжетті-эпикалық поэма, лирика-публицистикалық поэма, очерк-поэма, драмалық-поэма, цикл-поэма сынды әр түрлі үлгіде жазылған бұл шығармалар қазақ поэмасының мазмұны жағынан ғана емес, түрі жағынан да толысқанын байқатады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтұлы Н. Көз жасым. – Астана: Күлтегін, 2006. – 251 б.
2. Айтұлы Н. Ерлікке ескерткіш. – Астана: Фолиант, 2008. – 27-28 б.
3. Айтұлы Н. Төлегетай // Жұлдыз, 2011. – №5. – 69 б.
4. Қайран Ә. Кенесары // Жұлдыз, 2011. - №1. – 3 б.
5. Сариев Ш. Шығармалары. Бірінші том (Сырдария кітапханасы). – Астана: Фолиант, 2008. – 304 б.
6. Қайыңбай Қ. Қылуат // Жұлдыз, 2009. - №4. – 41-45 б.
7. Ершу М. Ғарышкер // Жұлдыз, 2011. – №10. – 94-б.
8. Тілеужанұлы З. Қазақ батырлары // Жұлдыз, 2011. – №2. – 17 б.
9. Мұхаметқалиқызы А. Алтынның буы // Жұлдыз, 2009. – №9. – 76 б.
10. Досжан С. Арман қала. – Алматы: Қазығұрт, 2011. –256 б.
11. Көпбаев Т. Аңсар: Таңдамалы туындылар. – Алматы: Қазығұрт, 2012. – 360 б.

12. Салықов К. Мәңгі шырақ алауы. Өлеңдер мен поэмалар. Шығ. жин. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2007. – 375-б.
13. Қирабаев С. Салықов Кәкімбек кіт.: Қазақ көркем сөзінің шеберлері: Анықтамалық. – Қарағанды: Экожан, 2010. – 345-б.
14. Нұржан С. Ай таранған түн: Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 2008. – 238-б.
15. Аманжол Қ. Мешітті ғалам. – Алматы: Алатау, 2009. – 136 б.
16. Мырзабеков Б. Жеті қыз // Жұлдыз, 2013. – №1. – 47-62 б.
17. Шалқар К. Қашқар қызы // Жұлдыз, 2008. – №12. – 30-38 б.
18. Кенебай Ж. Қорқыт – ғұмыр // Жұлдыз, 2013. – №4. – 91-93 б.
19. Рахымбекұлы Ә. Күй күмбезі // Жұлдыз. – 2009. – №6. – 102-110 б.
20. Асанәлі – Бағдат // Алматы ақшамы. – 2013 ж., 7 наурыз

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭТНОСТАР ПОЭЗИЯСЫ

Тәуелсіздік жылдарында қазақ және қазақстандық этнос ақындары ұлттық және жалпыадамдық мәселелерді көтере білді. Кезкелген ақынның шығармаларында ұлттық мәселелер бірінші кезекте тұрса, сонымен бірге олар жалпы адамзатқа ортақ қоғамның өзекті мәселелерін де көтеруге ден қойды. ХХІ ғасырдың көкейкесті мәселелері адамды ұлтына қарай бөлуді көздемеді.

Қазақстанды мекен еткен этностардың бірі – ұйғыр халқы. Қазақ әдебиеті классиктерінен үйренген ұйғыр әдебиеті қазіргі таңда даму, өркендеу үстінде. Көрші қонған халықтың басынан өткізген аумалы-төкпелі оқиғаларына куә болған қазақ қаламгерлері олар туралы жазып келеді. Қазақ ақыны Кеңесжан Шалқар ұйғыр халқының тарихы жөнінде «Қашқар қызы» тәрізді төрт дастан жазғаны осының айғағы. Бүгінгі таңда Ж. Бөдеш, Д. Әшімхан, Қ. Жұмаділов, М. Айтхожина, Қ. Қожахметов, Д. Байтұрсынұлы тәрізді қаламгерлер ұйғыр әдебиетін қазақ тілінде сөйлетуде.

Қазіргі таңдағы ұйғыр поэзиясының көркеюіне үлес қосып жүрген М. Абдрахманов, Р. Розиев, А. Изимов, Х. Илахунова, И. Жәлилов, И. Ушуров, А. Қутлуқов, Ж. Розахунов, А. Садиров, Т. Нурахунов, Г. Авутова, М. Меримов, С. Искендеров, М. Абулқасимов, И. Тохтияров, И. Жумаев, Д. Музапаров, П. Теипова, П. Махсатова тәрізді ұйғыр ақындардың есімдерін атауға болады. Пәтигүл Махсатова балалар әдебиетіне үлес қосып жүрсе, Рахымжан Розиевтің поэмаларынан қазақ жерін мекен еткен халықтың Қазақстан тәуелсіздігін қуана қарсы алғаны байқалады. Р. Розиевтің «Рухтың құдіреті» дастаны Қазақстанның Тәуелсіздігіне арналаса, «Миң үй» ұйғыр халқының ислам дінін қабылдамаған, будда дініне шоқынған дәуірінен хабар береді. Қаһарлы шах пен оның ұлы Бахадыр арасындағы тартыстар жақсылық пен жамандықтың тартысы ретінде, Шах пен Өмәр жамандықтың, Бахадир мен оның ұстазы Құмараби жақсылықтың символы ретінде шынайы бейнеленген. Жер бетіндегі жақсылық та, жамандық та адам қолымен жасалатындығын мансапқұмар шах тірлігі растайды. Мыңдаған ұйғырлардың төгілген ащы терімен салынған «Мың үй» құрылысы сол ұйғырлардың өз қолымен қиратылуы өкінішті. Зәулім де заңғар үйлерді қиратуға қолы барған шахтың қатігездігі, қанішерлігі құдайдан сұрап алған баласын өлтірумен ашыла түскен. Авторлық ұстаным – адам қолымен жасалып жатқан қасіреттерге лағнет айту.

Қазақстанда тұратын ұйғыр халқының да өзекті мәселелерінің бірі ана тілі екендігі анық. Сондықтан да ұйғыр ақындары ұйғыр



тілінің жоғалып кету қаупінде тұрғанын жасыра алмады. Ұйғыр ақыны Абдумежит Дөләтов «Ана тілім» өлеңінде ұйғыр тілі барда ізінің, үмітінің өлмейтініне сенсе, А. Дөләтов «Отанның от басынан басталатынына «Ошақ» өлеңінде көңіл аударды. Ақын аналардың мейірбан жүзі мен халықтың қайғы-мұңында жатқан тарих сырына үңіле отырып, ұйғыр халқының айтылмаған, ашылған сырларына үңіледі. Ақынның «Тар ошақтан басталар бұл кең жаһан!» деген түйіні қазақтың «Отан отбасынан басталады» деген мақалын еске түсіреді. Үмітсіздік қолымыздан алмаса екен, жиырмасыншы ғасырдың соңында ұйғыр халқы үшін бақыт тоқтап қалмаса екен деп тілеген ақын ұйғыр халқының бақытты күн кешуін арман етеді. Ол үшін ана тілім жоғалтпау керектігін сезінеді. Сондықтан да бауырластарын ұйғыр тілін ұмытпауға шақырады.

Илахун Жалилов өлеңдерінің бірсыпырасына Шығыс Түркістандағы ұйғыр халқының тағдыр тауқыметі негіз болған. Шапқыншылықтан көз ашпаған халықтың рухын көтеруді көздеген ақын «Бармысың, бабалар мекені» атты шоғырлы өлеңдеріне кірген «Шекара», «Үрімші мешіті», «Рикша», «Сайрам көлі», «Тұрпан», «Хантеңрі», «Кешірме, Отан!» атты өлеңдерінде оларға күш жігер береді. Кезкелген ақын өзі өмір сүрген қоғамның жыршысы екенін ескеретін болсақ, И. Жалилов өлеңдерінен ел басына күн туған қырқыншы жылдардағы аналар бейнесі мен балалық шағы қиынқыстау кездермен тұспа-тұс келген ақынның замандастарын тану оңай. «Қош бол, ана!», «Анам қазасы», «Өсиет», «Бағдар тәлкегі», «Алдамшы дүние», «Біздің аналар» өлеңдерінде өмірге нәр беруші әйел-аналар бейнесі жақсы сомдалса, «Солған армандар», «Теріс заман», «Шикі сүт емген пенделер», «Өкініш», «Алдану», «Неге!» өлеңдерінде балалық шағын соғыс ұрлаған бір буын өкілдерінің аянышты тағдырлары бейнеленген.

Жәмшит Розахунов халқымен бірге жасап, халқының сөзін сөйлеп, «әдебиет – ардың ісі» екенін шығармаларымен дәлелдеп келе жатқан ақын. Өмірден көргені мен түйгенін кейінгі буынға насихат етуді көздеген ақын шығармаларында адам, қоғам, өмір жайлы философиялық толғамдар басым.

Илахун Ыошуровтың «Айналайын, туған ел» өлеңінен туған жерге деген ыстық махаббатты аңғару оңай.

Қалжырасам қанат болып  
дем берген,  
Тағдырым да қосақтаулы  
сендермен.

Туған елім, жасампазым,  
Ешқашан

Мен өзінді құдіреттен кем көрмен, – деген жолдар кез-келген адам баласы үшін туған жерден артық ештеңенің жоқ екенін байқатады. Туған жердің киесіне бас иген ақын ата-бабасының қаны тамған туған жердің құдіретін сөз құдіретіне сыйғызған. «Сен тұрғанда жоқтық маған түк емес» дейтін жолдар – қазіргі таңдағы замандастарымыздың әлеуметтік жағдайынан хабар берер деталь. Алайда ақын талай қиыншылықты басынан өткізген халық үшін туған жердің құдіретінен артық ештеңе жоқ екендігіне сендіреді.

Ұйғырдың ақын қыздарының бірі Патыгүл Сәбитованың «Іркіп көзге жасымды...» атты шоғырлы өлеңдерінің де өзіндік айтары бар туындылар. «Бір от жанып келеді» өлеңіндегі «Азат, еркін болу үшін халқымның Зор шайқаста қан кешкім де келеді» дейтін лирикалық кейіпкер азаттық үшін күрескен ұйғыр халқының батыр қыздарының бүгінгі жалғасы ретінде танылады.

Жүрегімде бір от жанып келеді,

Талан-тараж байлыққа жас төгеді.

Миллиондап зындандарда көз жұмған,

Айтыңдаршы, халқымның күнәсі не еді? [1], –

дейтін лирикалық кейіпкердің азаттық үшін күресі өскелең ұрпаққа рух, жігер беретіні белгілі. Ақын өткен тарихқа лирикалық шегініс жасап, ұрпағы үшін тентіреп, бір көзінен қан, бір көзінен жас аққан ата-баба рухына тағзым етеді.

Диалогқа құрылған «Ана мен бала» өлеңі де өмірден алынған шындықтан хабар беріп, «Мен баламды ойласам, балам ойлар баласын» дегенді еске салса, «Жүрем ылғи алаң боп» өлеңіндегі лирикалық кейіпкер анасын іздеп алаң. Жас кезінде шашын өрген сайын басынан сипап отыратын анасын іздеген лирикалық кейіпкер ұлғайған шағында басынан сипар анасын іздеп алаңдайды. Ұзын, қара шашын «кесем» деп анасына еркелейтін қыздың уақыт өте келе тұрмыстың тауқыметінен шашының өзі-ақ сиреп қалғаны өмірден алынған шындық ретінде нанымды бейнеленген. Мұндай жағдайдың әрбір қыз баланың басынан өтетінін ескеретін болсақ, лирикалық кейіпкердің өмірден алынғандығын мойындауға болады. «Шәлі» – анасын аңсаған жанның сағынышын паш ететін өлең. «Шәліні әке, шешемнің Болады көзі десем де» дейтін ақынның шешесінің көне шәлісін киелі затқа балауы ана мен бала арасындағы махаббаттың мәңгілік екенінен хабар берердей әсерлі. «Қызым» өлеңі «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген халық даналығына жан бітіріп тұр. Бір кезде анасына

еркелеп отыратын лирикалық кейіпкер бүгінде өзі ана болып бала тәрбиелеуде. Қасы мен кірпігін сүрмелеген қызының бойжеткенін байқаған ананың «Қыз жат жұрттық» екенін мойындамасқа амалы жоқ. П. Сәбитованың бұл өлеңдері ана мен бала арасындағы махаббатқа жан бітіріп, кешегі бала, бүгінгі ана көзімен сыр шертеді.

Ұйғыр ақыны Илахун Жалиловтың «Сағынған самал ескенде...» шоғырлы өлеңдері – туған жер туралы лирикалық өлеңдердің қатарына қосылатын туындылар. «Таулар» өлеңінде қойнауына тарихтың сан қатпарын бүгіп жатқан «Оқжетпес» пен «Жұмбақтастың» сырына үңіле отырып, «Әр тасың жақпарланған – Аңыздың шежіресі» деген тұжырым жасаса, «Кетпен тауы» туған жердің қасиетін паш етеді. «Кетпеннің тауы қасиет тұнған, Қастерлеп өтер мекенім өзің» дейтін лирикалық кейіпкер Кетпеннің сұлулығы мен тұнықтығын бойына жинақтай білген жан. Самалын сағынған ақынның лирикалық кейіпкерінің қан тамырына бұлақтары бүлкілдеп тарап жатса, жусаны төзімге, көгалы сезімге айналып жанына қуат беруде. Кетпен тауына қарап бойын да, ойын да түзеген оның сабырлылықты да туған жерден ала білгені қуантады. Мұның өзі ақынның туған жерге шексіз махаббатының бейнелі образын береді. «Кетпен тауы» өлеңінде Кетпен тауынан рухани қуат алған лирикалық кейіпкер «Ағайындар, заман бөлек аңдасақ» өлеңінде замандастарының тірлігіне ренжиді. Бүгінгі алыпсатар мен ұры-қары көбейген заманда жоқшылық пен тапшылық белең алып, адамдардың иманнан безе бастауы өкінішті. Таудың тастан құралғанын еске салған ақын заманды түзетуге әрбір адамның өз үлесін қосуы керектігі жөнінде замандастырына ой тастайды. «Біліп тұрып бірдеңеміз кете ме, Арғымақтың шаужайынан алмасақ» немесе:

Көріп тұрып, есек дейміз құланды,

Өкінбейміз өлтірмесек жыланды.

Бостандықтан, еркіндіктен айырып,

Торға тұтқын неге етеміз қыранды? [2] – деген жолдар бүгінгі өзіміз куә болып жүрген аярлық пен зымияндықты әшкере етеді. Дүниенің бағасы күйіп тұрғанда адам бағасының төмендеуі, шетелден тасыған заттардың жұмырымызға жұғын болмауы, безбүйректердің иманды ақшаға айналдырмақ болуы өзіміз көріп жүрген қоғам шындығынан сыр шертеді. Авторлық ұстаным жетпіс жылымыз жетекпен өтіп еді, енді тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін жоғалтпайық дегенге саяды. Ақынның «Ағайындар, заман бөлек

андасақ» өлеңін философиялық лирикаға, «Дала кеші» өлеңін табиғат лирикасына жатқызуға болады.

Жәмшит Розахуновтың «Өшірместен үміттің шам-шырағын» шоғырлы өлеңдеріне Ұ. Асыллов, С. Мұхтарұлы, С. Оспанов, С. Мәметовтар тәржімалаған «Жолдар», «Бақыт құсы», «Мазалама, сен мені», «Қош, жастық» өлеңдері енген. Аталған өлеңдердің барлығы да өмір жайлы терең ойларға жетелейтін философиялық туындылар. Ақын «Жолдар» өлеңінде өмірдің сан тарау жолдарынан көңілі таза, арманы асыл жандардың ғана өтетінін мегзейді.

Ынжық-ездер бұл жолдарға жарамас,  
Арамдар да алысқа ұзап бара алмас.  
Мәрт жандардың бағы ашылар жолдар бұл,  
Қызығы мен қиындығы аралас [3], –

деген жолдар өмірдің оңай еместігін, жаны таза жайсаңдардың ғана ұзақ сапарға шыға алатынын, ынжықтар мен ездердің өмірден орын ала алмайтындығын жадымызға салады. Дүниеге келген пенденің бәрі өмірдің сан соқпақтарынан өтетінін ескеретін болсақ, ақынның айтып отырған ақ жолы мәңгілік екені дау туғызбаса керек. «Бақыт құсы» өлеңінде әр адамның өз бақытына қол жеткізуі оңай еместігі айтылады. «Пәк болсам да байлатпай жүр желіге, Заманым оның алыстатып тұрағын» деген жолдар бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның екіжүзділігінен хабар берер деталь. «Мазалама, сен мені» өлеңінде ақын «Бауырына тартты мені қанша адам, Бауырыма салды кімдер пышағын?» дей отырып, жүрек сәулесіндегі сезімдерден үлкен философиялық ой түйсе, «Қош, жастық» өлеңінде жастық шақты жайнаған гүлге теңеген ақын өмірдің поездардай зымырап өтіп жатқанына күйзеледі. «Жарқырамас бұл өмірдің жүзігі, Жастық сынды жарқыраған жақұтсыз» дейтін ақын «уақыт – шуақ, уақыт – күн, уақыт – сыз» деген тұжырым жасайды. Жастық шағын жарқыраған жүзіктің жақұтына балаған ақын адамның ұлғайған шағын желі гулеген күзге теңейді.

Алмасбек ақынның «Талланма» жинағына оның әр жылдары жазған өлеңдері топтастырылған. Алмасбектің ертеректе жазған өлеңдері негізінен табиғат лирикасына қосылатын туындылар.

Шыңғыс!

Шыңғыс!

Неткен сұлу, неткен сұлу, көрікті ең,  
Уа, табиғат, бар көрікті осы үңгірге беріппең.  
Сенде туды ән-өлеңнің даналары ғұмырлық,  
Сенсің ыстық, сенсің ыстық жалын атқан көрікпен!, –

деген өлең жолдары ақынның туған жер лирикасын толықтырып тұр. Шыңғыстауда туып, қазақ мектебінен, Кәмен Оразалиннен білім алған ақын қазақ және ұйғыр тілінде бірдей жазады. Ақынның тоқсаныншы жылдардан бермен қарай жазған өлеңдерін оқып отырып, оның әртүрлі тақырыпты көтергеніне көзіміз жетті. «Көктем», «Балабұлақ», «Көктем жаңбыры», «Қызғалдақ», «Бәйшешек», «Қос қайың», «Боран» өлеңдерін табиғат лирикасына жатқызсақ, «Қосбұлақ», «Тарбағатай», «Көктұма», «Алтын ордам», «Абдыра», «Алтын сағым – Арманым» өлеңдері туған жер туралы өлеңдер қатарын толықтырады. «Тарбағатай» өлеңіндегі:

Тарбағатай – тұғырым, тұнық таңым,

Баурайыңда киелі кіндік қаным.

Алғы сөзі өмірімнің өзіңменен,

Жер танымы, ел деген дүниетаным [4, 37], – деген жолдар ақынның туған жерге деген құрметін танытып тұрғаны анық. Тарбағатайда туған ұйғыр ақынының Тарбағатайды тұғырына, алтын ұясына, тұнығына, таңына, алтын бесігіне, тарлан тауына, арман айдынына балауы орынды. Туған жері Қараүңгірдің кәусар суы мен аңқыған жалбызы мен жусанын сағынған лирикалық кейіпкер «Толқыныңа түйіп алшы тас қылып, Жан қып түйіп, сені мына балаң жүр», – десе, ол үшін Көктұманың да орны бөлек. «Көктұма» өлеңіндегі «Ана – жер омырауының құт ырысы, Жүрекке жазылатын дастаным-ай... Уа, Көктұмам!», – деген жолдар лирикалық кейіпкердің туған жерге деген үлкен құрметін танытып тұр. «Алтын ордам» өлеңіндегі Шәуешектегі Қараүңгір – ақынның ата-баба мекені. «Нем барау Мүкәррәмә-Мекке барып, Көктұмаң – абылхат, неге ішпеймін» деген жолдар кез-келген ақынның туған жерін Меккеге балайтынын еске түсіреді.

Ақынның бір топ өлеңдерін көңіл-күй лирикасына жатқызуға болады. «Қуаныш» өлеңінде ақын ұйғыр болып туғанына, қазақпен бір тамырлас болғанын қуанса, «Алматыдағы кездесу» көңіл күй лирикасының жақсы үлгісі ретінде танылады. «Ақын» өлеңінде сөз құдіретін түсінген ақын барша ақындарға қарата «Ақын деген – әулие, ақын деген – Пайғамбар!» десе, «Ұстаз рухына мінажат» өлеңін мұғалімі Кәмен Оразалинге сөзден салған ескерткіш ретінде қабылдауға болады. Ұстазының: – «Сен – бала, осы бастан қазақ тілінде жазып, нағыз қазақ болып кет. Ақын керек ұйғыр күннің күнінде өзі тауып алады ғой!...», – дегенін еске алған ақын: – «Сіз арқылы таптым, ұстаз, Мың тағзым! Ақындардың хас хақаны – Абайды», – дейді.

Ақындар ғана емес, адам баласының бәрі де аналарына қарыздар. Аналарының алдында бас иеді. Сол секілді ақынның «Екі ұлы аруана», «Аналар» өлеңдерін аналар рухына тағзым ретінде қабылдауға негіз бар. Ондағы «Әлем сиған құшағына Күн сүйген, Пұшық моншақ Жердің өзі паналар» деген жолдар аналар рухын асқақтатып-ақ тұр.

Хуршидә Илахунованың «Сұңғыланың сыйлығы» поэмасы – аңызға құрылған туынды (қазақ тіліне аударған – Д. Байтұрсынұлы). Бір сұңғыла данышпан шәкіртін сынамақ болып, оның қолына төрт нәрсе салынған дорба беріп сапарға аттандырады. Ол нәрселер – байлық, өмір, әділет, ақыл-ой еді. Ол қайықпен суға кете жаздағанда байлықты суға тастап, жүгін жеңілдетіп аман қалады. Тауға шыққанда дорбасына қараса ұзақ өмір сыйлығы төменде қалып қояды. Күндерде бір күн қаңырап бос қалған, тозған қалаға тап болады. Жігітке жолыққан қария Орда іші былығып, өңкей жауыз халықты қанап біткен соң, ел үдере көшіп кеткенін айтады. Мұны естіген жігіт: – Ханға сыйлық берем деп, – сұранып Ордаға кіреді. – Дәрі әкелдім ішуге, Қасиетті шипасы, – деп ханға «Әділет» суын ішкізеді. Содан кейін хан күрт өзгеріп:

Жарлық шашты еліне,

Тойындырып тамаққа.

Салық алу тоқтады,

Тиым салды араққа.

Содан кейін жігіт жымжырт баққа кез болады. Бағбан шалды күтіп жатып ұйықтап кетеді. Оянса, алдында хор қызындай Саһипжамал сұлу тұрады. Сұлуға есі кеткен жігіт елге бір затты алып қайту керегін есіне алып, нәпсісін тыйып ақылды алып елге қайтады. Келсе ұстазы хат тастап, өзі өмірден өтіп кетіпті. Ұстазы шәкіртіне: «– Ақылды әкеп дос етсең, Ақтағаның үмітті. Онда үйімде қалып сен, Ұстаз болғын білікті» деп жазып кетіпті.

Жігіт суға тастаған байлық, маржан, жаһұттарды адамдар әлі сүзіп інжу, меруерт, ақық іздеп жүрсе, тауда қалған ұзын өмір көк орманға айналыпты. Әділет ішкен ханның аты «Әділ патша Мұсылман» болып тарихта қалса, ақыл ғасырлардан ғасырларға ұласып адамдарға дос болып келеді екен дейді. Ақын осы аңыз арқылы бүгінгі замандастарына үлкен ой салып отыр. Ол баянсыз байлық пен ұзақ ғұмырдан ақылдың жоғары тұратынын насихаттау арқылы бүгінгі замандастарын жалпыадамдық құндылықтарды бағалауға шақырады.

Ұйғыр халқының белгілі ақыны Патигүл Мәхсәтова «Тилим барда» өлеңінде осы ойды жалғайды. Ақын жүрек ұйғыр халқының

сан ғасырлық тарихынан сыр шертетін ана тілінің бүгінгі мүшкіл халіне алаңдаулы. Ол тілден айрылған халықтың болашағы болмайтындығына сеніп, «Тілім барда халқым менің өлмейді» деген тұжырым жасайды.

Бар халықтың ақындары бірінші кезекте өз ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын мақтан ететіні белгілі. Ұйғыр ақыны да өз халқының ұлттық мінез-құлқын, әдет-ғұрпын мақтан етіп, «Ұйғыр дастарханы» өлеңінде өз халқының меймандостығын «Жол түсіп кірсеңіз ұйғыр үйіне, Төрде салынған дастарханы» бар деп бейнелейді.

Қазақ ақындары секілді ұйғыр ақындары да қазіргі замандағы ар-ожданнан қулық-сұмдықтың жоғары тұрғандығын жасыра алмады. Өмір сүріп отырған қоғамдағы келеңсіздіктер ақын шығармаларынан орын алды. Ақынның қазіргі қоғам мен адам туралы «Тұлпарлар шетте тұрса, есектер – өрде», «Ождан – босағада, сатқындық – төрде» деген пайымдаулары үлкен ойларға жетелейді.

Қазақ пен ұйғыр бірлесе суын ішкен Шелек өзені қазақ, ұйғыр ақындарының шығармаларынан орын алды. «Қазақ даласының жүрегі» өлеңінде «қазақ даласындай кең еді қалыбың» деп жырлаған ақын жыр алыбы Жамбылды қазақ даласының жүрегіне балайды.

П. Мәхсәтованың «Өмір – керуен» [5] атты шоғырлы өлеңдеріне «Ақ қайыңдар», «Мәңгілік сызық», «Жақсы ит», «Қош, балалық», «Қазақ досыма» атты лирикалық өлеңдері енген. Ақынның «Ақ қайыңдар» өлеңінде қайың мен адам өмірі параллель суреттелген. Ақ қайыңмен сырласқан лирикалық кейіпкер «Ақ қайыңдар, сүттей ақ, ақ қайыңдар, Ақ тәңіңе қарасам қара дақ бар» деп оның бойыны қара дақтың қайдан түскеніне таңырқайды. «Әлде Тәңірім осылай жаратты ма? Әлде, әлде белгісіз дерттен бе екен?» деген риторикалық сауал тастаған ақын адам жанының жапырақтай сарғайғанына көңіл аударып, жүрекке түскен жараны қалай сылып тастауға болатынына көңіл аударады. Ақ қайыңға түскен қара дақ пен адам жүрегіне түскен жараны параллел бейнелеген ақынның авторлық ұстанымы – ақ тәннен қара дақты сылып тастауға саяды.

Ақынның «Мәңгілік сызық» өлеңінде өмір мен өлім туралы философиялық ой жатыр. Құстай ұшқан уақыттың тез өтуінен күннен-күнге тірілердің қатары азайып, қабырстан көбейіп бара жатқандығы – тірі пенделерге ой салатын деталь. Зираттағы қара тасқа түскен суық жазуды екі өмірдің арасын мәңгілікке бөліп тұрған сызыққа балаған ақын өмір мен өлімнің арасы жақын екендігін жадымызға салса, «Жақсы ит» өлеңінде иесіне қалтқысыз

қызмет еткен иттің қартайған шағында жоғалып кеткенін арқау еткен. Ақын «Жақсы иттің өлігін көрсетпейтінін» еске сала отырып, адамзат баласын философиялық ойларға жетелейді. «Адамдар да, иттер де ақырғы рет, Жақсылығын қалдырып өледі екен» деген авторлық ұстаным адам баласына үлкен міндет жүктеп тұрғаны рас. Ит екеш ит те иесіне адалдық танытып, өмір бойы мал қораны күзетсе, адам баласына жүктелер міндеттің одан әлде қайда көп екені айтпаса да түсінікті.

«Қош, балалық» өлеңінде ақын есейген шағында ана болған соң, өткен балалық шағымен ғана емес, көгілдір көктеммен қоштасады. Ақынның балалық шағын көгілдір көктемге балауы қалыптасқан дәстүрдің жалғасы ретінде танылады. Адам жасының кезеңдерін жылдың төрт мезгіліне балау поэзияда бұған дейін қалыптасқан дәстүр болса, ақын осы дәстүрді өз поэзиясында «Пәк қарындай бір жауған қарашаның, қош бол, қош бол, күнәсіз бала шағым» деп жалғастырып отыр.

Қазақ жерін мекен еткен өзге этностардың барлығы дерлік Қазақстанда өз отандарына балайтыны анық. П. Мәхсәтованың «Қазақ досыма» өлеңі осының жарқын мысалы. «Менің туған Отаным – Қазақстан, Кіндігіммен өзіңе байланғанмын» дейтін ақын қазақ халқы тәуелсіздік алғанда, қазақ тілі мемлекеттік тіл болғанда бауырларымен бірге қуанып, «мен де бірге қуандым достарыммен» дейді. Қазақ халқымен тағдырлас ұйғыр ақынының қазақ пен ұйғыр халқы арасында достығын береке мен бірлікке балауы орынды.

Қазақстандық корей ақыны Мен До Нуктің «Тамыр» атты өлеңінің айтары көп. Қазақ жерінде тұратын ақын бұл халықтың әрбір салт-дәстүрі мен әдет ғұрпын зор қошеметпен сыйлайды. Қазақ халқы өзінен жасы үлкендерді Мәке, Сәке деген сықылды атаулармен атап, оған деген қошеметін, құрметін білдіреді. Кейбір жағдайда өзімен құрдастарға да, жасы кіші болғанмен жолы үлкен жандарға да осындай қошемет түрі жасалады. Қазақ ішінде өскен Мен Донук жолдастарының «Меке» деген құрметін дұрыс түсіне білген. Сонымен бірге дос-жолдас жігіттер бір-бірін «Тамыр» деп атап жатады. Бұл сөзді көбінде Оңтүстік Қазақстандықтар ең жақын жолдасына деген үлкен сенімнің көрсеткіші ретінде қабылдайды. Олар үшін жолдас, дос, дегенге қарағанда «Тамыр» деген сөздің мәні де, маңызы да жоғары. Сондықтан «Тамыр» сөзінің астарында үлкен мағына бар. Ақын қазақтың осы «Тамыр» деп іштарта айтқан сөзінің төркініне үңіліп, оның түп мағынасынан сыр суыртпақтап:



«Тамыр» – дейсің,  
Біздегі туыстық пен  
Ұлы достық тамыры тым тереңде.

...Енді білдім:

Шын достық осы екенін –

Маған деген ықылас, қошеметің [6], – дейді.

Қазақтың әрбір сөзіне үлкен мән берген ақын «Тамыр» деген бір сөзбен жаны байып, «Тамыр» деген бір сөзбен серт байласқан» қазақ жігіттерінің жанын асқар таудың биігіне көк аспанның мөлдіріне, арманын арайлаған күнге, жанын ақ гүлге теңей отырып, «Тамыр» сөзіне үлкен мағына сыйғызған. Қазақ пен кәріс бір өскіннің тамыры болып табылайық деген ақын ойы Қазақстанды мекен еткен күллі кәріс халқының арман-мақсаты екені белгілі. Өлеңнің негізгі лейтмотиві далада, тауда, кеніште, жайлауда, қырманда жолықсақ та бір-бірімізге достық құшағымызды айқара ашайық дегенге саяды. Достық, ынтымақ, бірлік Қазақстанды мекен еткен барлық халықтың негізгі мақсат-мүдделерінің бірі екенін жадымызда ұстайтын болсақ, халықты ауызбіршілікке шақыру ақындар мен жазушылардың және қолына қалам ұстап, әдебиет майданында жүргендердің міндеті екенін ақын жақсы түсінген және оны сыршыл лирика тілімен жеткізе білген.

Келесі корей ақыны Ли Станиславтың «Ой тізгінін тартады қол қарысып» деген әлеуметтік лирикасының айтары көп (қазақ тіліне А. Қанафияұлы тәржімалаған). Қазақстанды мекен еткен корей халқының бүгінгі таңда өздерінің ана тілін ұмытып бара жатуы шындыққа саяды. Кеңестік дәуір тұсында аз халықтың барлығы орыс тілінде білім алып, орыс тілі ана тілінің орнын басты. Бірақ бұл саясат олардың ана тілін ұмытуға алып келді. Лирикалық кейіпкердің монологуна құрылған поэмада Қиыр Шығыстағы Посьет ауданының бағында, жағажайға жақын тұрған хуторда дүниеге келген оның екі ұрпақ ауысса да туған жеріне деген сағынышы басым. Қаланың тар қапасынан өкпесі сығылған лирикалық кейіпкердің қашан да балалық шағы өткен хуторды аңсаумен болуы туған жерге деген сағыныштың белгісі ретінде бейнеленген. Туған жерден жырақта жүрген лирикалық кейіпкердің тілінен де айырылуы өкінішті.

Анкетаға қараймын кеп үңіле,

Ана тілі, ана сүті, кеш енді.

Өзгеріпті тілім, өңім, түрім де,

Жүрек сыздар графада... бүгінде

Атым өшкен, –

Ли... қалыпты фамилиям түбінде! [7], – деген жолдар лирикалық кейіпкердің жан жарасын жеткізе бейнелеген. Кеңестік дәуір тұсында ұсақ ұлттар түгілі Қазақстанның қожасы қазақ халқының өзі ана тілінен айрылып қалудың алдында ғана тұрды. Ол кезде ұсақ ұлттардың жағдайы мүшкіл болғаны тарихтан белгілі. Қазіргі таңда Достық ассамблеясы жұмыс істейді. Олар Қазақстанды мекен еткен халықтардың ана тілін, дінін сақтауға мұрындық болып отыр. Мұның өзі Елбасы Н. Назарбаевтың қазақстандықтарды бірлікке, татулыққа, достыққа шақыруының бірден бір белгісі екені рас. Ақынның «Ұсақ ұлттар, құлағың сал үніме, Басыңды қос, бауырларым, бірігіп!» деген үндеуі барша халыққа қаратыла айтылып отыр. Ақын өз басынан өткен халді өзгелерге сабақ болсын деген мақсатта баяндап берген.

Қазақстанды мекен еткен халықтардың басым көпшілігі орыстар екені белгілі. Өткен ғасырларда әртүрлі саясатпен жаппай қоныстандырылған орыс халқы бүгінде жергілікті халықтың біраз пайызын құрайды. Олардың Қазақстанға қоныстануының да бірнеше себептері бар. Бірсыпырасы ақ патшаның тұсында қоныстанса, екінші бір парасы сталиндік репрессияның құрбаны болды. 1938 жылы Ақмолада ашылған әйелдер лагеріне тұтқындардың түкпір-түкпірден әкелінгені белгілі. Репрессия құрбандарының естеліктері сол бір ауыр жылдардан біраз мағлұмат береді. Олардың кейбірі өзі жазса, енді бірінің айтқандарын қолына қалам ұстаған қаламгерлер жазып алған. Осындай бір естелікке жан бітірген өлеңнің жазылу тарихы да қызық. 1938 жылы Бутырская түрмесінен АЛЖИРГЕ ауыстырылған тұтқынның бірі – Гертруда Платайс. 1910 жылы Германияда дүниеге келген, ұлты – неміс. 1938 жылы 5 жылға бас бостандығынан айрылған ол 1946 жылы ғана босатылған. АЛЖИР мұражайының қызметкері айтып берген естелік бойынша жазылған өлең «Курт – драгоценный камень» деп аталады. Оны жазған Ақмола облысының тұрғыны, тарих пәнінің мұғалімі – Раиса Голубева. Бір күні тұтқындарды Жалаңаш өзеніне қамыс шабуға алып келеді. Оларды көрген үлкен ақсақалдар мен балалар тұтқындарды таспен ата бастайды. Күзетшілер: – Көрдiңдер ме? Сендердi Мәскеуде ғана емес, мұндағы ауыл тұрғындары да жек көреді, – деп сақылдап күле бастайды. Сол кезде сүрініп құлаған бір тұтқын әйелдің мұрнына қатықтың, сүттің иісі келеді. Мұздың үстінде жатып біреуін аузына салып көрсе, дәмі ауызды үйіреді. Ұсақ тастардың сүттен жасалған тағамның бір түрі екенін білген ол

әлгі тастарды еңбектеп жүріп түгел теріп алып қалтасына салады да кешке казармаға алып келеді. Келген соң қазақ әйелдерінен сұраса ол шынымен күнге кептірілген қатықтан жасалған құрт екенін біледі. Мұражай қызметкеріне Гертруда Платайс осы оқиғаны көзіне жас ала отырып айтып береді. Осы естелік қатты әсер еткендіктен Раиса ол жөнінде өлең жазады. Автор тұтқындардың аштан өліп қалмағанына сол бір құрттың көп септігі тигенін, олардың жергілікті халықтың қамқорлығы мен қонақжайлығының арқасында тірі қалғандарын шынайы суреттеген:

Я, немка, молилась мусульманскому богу,

Да ничего не просила себе.

Я просила старикам здоровья,

Женщинам-матерям – счастья.

Особенно я молилась за детей,

Чтобы они не видели несчастья.

Я прошла все круги ада,

Потеряла веру и друзей,

Но одно я знаю,

Что только так и надо воспитывать детей [8].

Басқа жерлерге жіберілген тұтқындарға қарағанда, Қазақстанға жіберілгендерінің көпшілігі аман қалуын олар жергілікті халықтың қамқорлығынан деп түсіндіреді. Қойшылар қой баққан болып жүріп бұта түбіне бірде нан, бірде ет, бірде құрт тастап кетіп отырған. Айтуларына қарағанда олар тұтқындарға қай бұтаның түбіне тастағандары туралы белгі қоюды да ұмытпаған. 1930 жылдардағы аштықты, одан кейін жаппай құдалауды, сталиндік зұлматты көрген қазақтар бұл лагерьге халық жауларының жарлары емес, ұлтын сүйген жандардың аяулылары тоғытылғанын білді, түсінді. Сондықтан оларға қолдарынан келгенше қамқорлық жасады. Неміс қызының бір түнде мұсылман дінін қабылдап, Аллаға құлшылық жасауы, Жаратқаннан жергілікті халыққа тілек тілеуі осының жарқын көрінісі болса керек. Мұражай қызметкері Раиса Жақсыбаеваның айтуына қарағанда бұл лагерьдің тұтқындары 1938-1939 жылдары ғана қаза болған. Ол: – Тұтқындардың дені қарындаш пен қалам ұстаған интеллигенция өкілдері болғандықтан жер жыртып, қамыс жинап, тракторда ауыр жұмыс істеуге жарамағандықтан қайтыс болған, – дейді. Ал тірі қалғандары қазақ деген халықтың жомарттығын, қонақжайлылығын күні бүгінге дейін өз ұрпақтарына түсіндірумен келе жатқанына жоғарыдағы өлең жақсы мысал бола алады.

Қазақстандық орыс ақыны Леонид Кривошековтың «Ульбинка» деген лирикасы туған жер туралы өлеңдердің қатарына қосылады. Ульбинка өзенінің жағасында туған лирикалық кейіпкер қашан, қайда барса да өзен-көлдерді сонымен салыстырады. Ол үшін Ульбинканың орны бөлек болуы – туған жерге деген ықыластың көрінісі ретінде бейнеленген. «Төскейге жетіп табысып, Аймаласады Ертіспен» деген жолдарда ақын жансызға жан бітіріп, кейіптеуді орнымен қолданған. Ал Валерий Антоновтың «Қаршагүл» өлеңі бір қарағанда гүл туралы болып көрінгенмен, ақын сол гүлді өмірдің гүлі қыздармен салыстыра суреттейді. Көздің нұрын алар құлпырған ал қызыл гүлдердің қандай әсем болып тұрғанымен біз оларды қиып алып дүкен сөрелеріне қойып сатып жатамыз. Жайнаған гүлді қолымызбен өлтіріп, бір сәттік қуаныштың жолында құрбан етеміз. Гүлдің қысқа ғұмырын ақын қыздардың өміріне балайды.

Ол әлі ойлап көріп пе,  
Жалғанға мына келгелі:  
Айналатынын өлікке,  
Қараптан-қарап семерін,  
Көктегі күні сөнерін [9], –

деген жолдар қыр гүліне қаратыла айтылғанмен, осы жолдардың қыз балаларға да қатысы бар. Оны ақынның «Жігіттің жалын жанары, Келіншектердің анары» деген жолдары растайды. Авторлық ұстаным қыздарды гүл секілді өлікке айналдыруға болмайды, оларды аялау керек дегенге саяды. Адам мен қоғам, өмір мен өлім жайында ой қозғаған ақын шағын лирикамен де үлкен әлеуметтік мәселені көтеруге болатынын көрсетті.

Қорыта айтқанда, жоғарыда сөз болған шығармаларда ақ патшаның отаршылдығы, кеңестік дәуір тұсындағы отарлаудың соңғы кезеңі бәрі де ел өмірінде өзінің ізін қалдырды. Тарихи оқиғалармен бірге қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған қоғам мен адам арасындағы әлеуметтік мәселелер де ақындар назарынан тыс қалған жоқ. Бұл тұста қазақстандық ақындар адамзатқа ортақ мүдделерді көтере білді. Олар арамызда жүрген замандастарымыздың өмірі арқылы адамзат баласына имандылық, адамгершілік сынды мәңгілік құндылықтарды паш етті. Адам бойындағы теріс пиғыл мен жаман қылықты ізгілікпен, жақсы әдетпен салыстыра отырып, жамандықтан жиреніп, жақсылықтан үйренуге шақырды. Қазақстанды мекен еткен этнос ақындарының шығармалары қазақ ақындарымен үндесуі де сондықтан.

## Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Сәбитова П. Іркіп көзге жасымды...// Тәржімалаған О. Асқар // Жұлдыз. – 2008. – №12. – 193 б.
2. И. Жалилов Сағынған самал ескенде... // Тәржімалаған Р. Мусаева // Жұлдыз. – 2008. – №12. – 196 б.
3. Розахунов Ж. Өшірместен үміттің шам-шырағын // Жұлдыз. – 2008. – №12. – 197 б.
4. Алмасбек. Талланма. Шеирлар, ғәзәлләр вә рубайлар. – 1 том. – Алмута: «Мир», 2013. – 37-б.
5. Мәхсәтова П. Өмір – керуен.// Ұйғыр тілінен тәржімалаған Ж. Бөдешұлы // Жұлдыз. – 2010. – №3. – 131-132 б.
6. Донук М. Тамыр. Тәржімалаған М. Жұмағалиев // Жұлдыз. – 2008. – №12. – 206 б.
7. Ли С. «Ой тізгінін тартады қол қарысып». // Тәржімалаған А. Қанафияұлы // Жұлдыз. – 2008. – №12. – 207 б.
8. Токаева А. TokayevaA@rferl.org // сайт rus.azattyq.org.
9. Антонов В. Қаршагүл. // Тәржімалаған М. Жұмағалиев // Жұлдыз. – 2008. – №12. – 179 б.

## II БӨЛІМ

### ПРОЗАДАҒЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІР РОМАНЫ**  
*(Тұлғалық, ұлттық, адамзаттық  
мүдделер тұрғысынан көзқарас)*

Қазақ елі жуырда тәуелсіздігінің жиырма жылдығын зор салтанатпен тойлады. Той үстінде халық ерлігінің сан қилы, сан салалы анық дастанын шолып шыққандай болдық. Республикамыздың жиырма жылдықта қол жеткізген жиырма ғасырға бергісіз талайлы табыстарына, рухани игілігіне жаңа Қазақстанның жаңа әдебиеті де жататыны хақ. Тәуелсіздік дәуір романы – сол жан азығы жыр-дастанның жарқын айнасы.

Роман сүйегі ауыр жанр екеніне қарамастан, қарышты қадаммен ширақ қимылдап, талай дүниенің жүгін көтеріп те үлгерді. Еліміздің сонау тарихи түкпір, қойнауларына заманаи биігінен үңіліп жасалған шығармалар қаншама. Мәңгілік тақырып – махаббат, бүгінгі күннің бел-белестері, мемуар-эсселер қазақ қауымының ұлттық сана-сезімінің өскен айшық-үлгісін тап басып көрсетуімен тәнті етті. Әдебиетіміздің азаттық шапағатына бөленген туындылары үсті-үстіне ғылыми айналымға түсуде. Бір ғана М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының дербес дәуір туындылары жайлы зерттеулерінің өзі қомақты кітапхана құрайды десе де болады.

Жаңа әдебиеттің, оның құрамды бөлегі – романның тәуелсіздік дәуірінің ілкі жылдары жинақтаған тәжірибесі он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 10-ыншы томында (2006) қорытылғаны мәлім. Жетекші жанрдың бірқатар толғақты, зәрулі проблемалары Институттың тоғыз томдық «Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет», «XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі», «XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті. 2010, 2011» атты және басқа іргелі зерттеулерінде жан-жақты тексерілді.

Осы жолдардың авторы соңғы жылдары «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» (2006), «Тәуелсіздік биігінен» (2007), «Казахская литература: новое прочтение» (2007), «Әдебиет – тәуелсіздік қаруы» (2009), «Тәуелсіздік шарапаты» (2011) зерттеу жинақтарын жазды. Бұларды атап өтудегі мақсат, аталған жинақтарда нендей және қандай сипатты материал барын еске сала кетуді көздейді, бағзы біреулердей, «мен өйттім», «мен бүйттім» деп төс қағу үшін емес.

Айта кетсек артықтық етпес, тәуелсіздік мәселелері роман айнасында бұрынғы замандарда да әртүрлі іспетте көтеріліп жүрді. Тіпті кеңес кезінде, қымс етсе ұлтшылсың деп көз алайтып шыға келетін

тоталитаризм дәуірінде елді, жерді айнала анталаған жаудан тазарту жолында жан алып, жан берген ұлт азаттығы үшін айқастарды суреттейтін тарихи романдар шоғыры үркер жұлдыздай ел аспанында жарқырап тұрды.

Бұл қайыспас ізденімпаздық, талмас талант, мойымас қажыр-қайрат тілейтін, жауапкершілігі зор үлкен тақырыпқа жазушы Илияс Есенберлин алғашқылардың бірі болып кірісіп, «Көшпенділер» атты роман-трилогия жазғаны мәлім. Оны еске алудағы айтпағымыз, жазушы бас геройы хан Кенеден кем соқпайтын ержүректілікпен кейіпкерлерінің аузына қызыл империяның құлағына түрпідей тиетін ұлтжанды сөз салады. Трилогияның үшінші кітабы «Қаһар» романының кейіпкері Жоламан батыр Кенесары қозғалысының қозғаушы күшінің сыр-сипатын топшылай келе, Абылайша толғанады: көтерісшілердің садақ, сойыл, шоқпар секілді «атамзаманғы қарумен де зеңбірек пен карабинге қарсы шығуына қарағанда тәуелсіздік арманы ажалдан да күшті болғаны да...» [1, 39] дейді.

Кеңестік қазақ сыны мен әдебиеттану ғылымы тоталитаризм қысымынан аз теперіш көрген жоқ. Соның салдары болар, ел арманын дәріптейтін Есенберлин романын әрқилы бағалады. Бірі батыл айтылған арманды сөзді ұлтшылдық жаладан қорғау жағын ойлап, жазушы көзқарасын кемелденген социализм тұсында ұлттық сана-сезімнің асып-тасып өскендігіне жатқызды [2, 249-255]. Бірі істен алғысыз етті, авторға саяси айып тағуға дейін барды [3, 3].

Енді, міне тәуелсіздік және демократия дәуірінде олай жазба, былай жаз деп жоғарғы биліктен нұсқау, рецептілер тоғыту практикасы сап тиылды. Сын мен әдебиеттану ғылымы өзіне тиісті шаруаны қысылмай-қымтырылмай, объективті түрде, ашық та батыл атқаруға толық мүмкіндік алып, туған әдебиет тарихын қайта қарап, жаңалап жазып шықты. Бұрынғы және жаңа туындылардың идеялық, тақырыптық, эстетикалық қасиет-қарымын тұтастай қарастырып, тәуелсіздік дәуірі әдебиетінің басты-басты сипаттарын тұжырымдады. Олардың бірқатары қысқаша қорытылғанда былайша келеді.

– Әдебиетіміздің социалистік реализм әдісінен, тапшылдық антогонизм дейтін қатып-семген, ерғашты ережесінен бас тартуы, сөз бостандығының еркін тынысты таза ауасын жұта отырып шабыттаныу көркем творчествоның аяқ алысын ширатып, замана деңгейіне көтерілуін қамтамсыз етті.

– Жаңа әдебиет ұлттық пафосқа бөленуімен ерекшеленеді. Азаматтық өткір сана, азатшыл ой әдебиетіміздің ел жанды си-



патын өсіре түсірді. Отаршылдық қаратүнегінің айуандық кескін-ұсқынын әшкерелеу, ұлт-азаттығы жолындағы күрестің ұзақ жылдарғы кісендеулі, ашық айтуға тыйым салынған шындығын қопара, тереңдете ашу арқылы туған әдебиетіміз халық, мемлекет алдындағы ең асыл борышын абыроймен атқарып келеді.

– Тәуелсіздік әдебиетінде қазақ халқының көне дәстүрлерінің қай ретте еш елден кем соқпайтын қырлары ашылды.

– Демократия заманы плюрализмді, әртарапты көзқарас, саяси ағымдардың өмір сүруіне қарсы болмайтындығы себепті, тәуелсіздік жылдары соцреализм рухында жазылған шығармалар да жарық көрді. Мұндайды әдебиеттану ғылымы бұра тартқан оғаштыққа жатқызған жоқ.

Ендігі сын-зерттеулер соңғы жиырма жылдар көлемінде істелгенді жалғастыра отырып, осы заманғы сөз өнерінің жетістігін кемістігімен қоса саралап, зерттеушілік ойын өсіре түсіп, көп көлемді, мол түйінді әдебиет тарихын байыта, ілгерілете түсуге тиіс. Тәуелсіздік дәуір әдебиетінің әлі жете тексерілмеген проблемалық мәселелерін тап басып, дәл шешуге ұмтылып, әлбетте, бұрынғы айтылғанды мүмкіндігінше қайталамауға тырысу қажет.

Институт алдағы үш жыл қаразында «Тәуелсіздік дәуір әдебиетіндегі ұлттық және жалпыадамдық парадигма (қазақ және басқа халықтар әдебиеті негізінде)» тақырыбын зерттеуді жоспарлады. Сондай реттегі ізденістің бірі – «Тәуелсіздік дәуір романы (тұлғалық, ұлттық, адамзаттық мүдделер тұрғысынан көзқарас)» деп аталған осы мақала. Мақсаты – тәуелсіздік табалдырығын аттаған өтпелі кезеңде, одан кейінгі ХХІ ғасырда аяқ басқанан бергі екі он жылдықта қазақ әдебиетінің және көп ұлтты республикамыздағы туысқан әдебиеттердің роман өлкесіндегі өзгеріс, жаңашыл жайларын, елеулі белгілерін көрсетілген проблема аясында талдап тексеру.

\* \* \*

Көркем туынды структурасы, қалану құрылымы, жанрлық ерекшелігі, фабуласы мен сюжеті, образ, характер, тұлғалық, ұлттық һәм жалпыадамзаттық бейнелеу тәсілдері бойынша тәуелсіз дәуір романының ішкі болмыс бітімін таразылау, жекелеп, жіліктеп шағып талдау, әдебиет пен замана байланыстарын ашу, айналып келгенде, әдеби, рухани дүниенің алдына тұрған қарыз-міндеттерді нақтылай түсуге мұрындық болады. Тек есте ұсталуға тиісті бір-екі жәйтті айта кетуге керек. Іреп-сойып етін жайратып салған малдың сүйек-саяғын қайтып біріктіре алмайсың. Ал, көркем туындының

талдануы оған ұқсамауы тиіс. Шығарманың жеке мүшесін бөліп талдап қарастырғанда оның идеялық-эстетикалық жанын, тұтас тұрпатын көзден таса қалдырмауымыз керек. Бұны бір десек, екінші, шығарма жарық көрген кездегі нақтылы тарихи жағдай реңкімен, өң-ажарымен санасу ләзім.

Тәуелсіздік дәуірі кезіндегі романның тұлғалық, ұлттық, адамзаттық мүдделерге көзқарасы қарастырылғанда алдымен тақырыпты құраушы элементтердің, сөз-ұғымдардың терминологиялық жай-жапсарын анықтап алу қажеттілігі байқалады.

Қазақ әдеби тілінде «тұлға» деген ұғым-түсініктің синонимдік біраз қатары баршылық. Бұл сөз көбіне жеке адам (дене бітімі, бейнесі) мағынасында қолданылады. Орыстың «личность» деген сөзіне пара-пар жағы да бар. «Культ личности Сталина» деген тіркес «Сталиннің жеке басына табынушылық» деп аударылды. «Сталиннің тұлғасына табынушылық» десе де болатын еді. Тегі қазақ тілінің сөздік құрамындағы биік мағынаға ие - «тұлға» атауын сауысқаннан сақ саясат саналы түрде қолы қан-қан қасапшыға қимағанға ұқсайды. Қазақ ұғымында тұлға деп ұлтқа, елге тіреу, таяныш, бас-көз болатын адамды да айтады. Жазушы Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» атты романында (1976) бас кейіпкері Кенесары ханды қазақтан шыққан ердің ері, жұртқа тұлға болар батыр ұл еді деп бағамдайтыны тәрізді.

«Тұлға» сөзінің образ, бейне ұғымдарын алмастыратын кездері де кезігеді. Және ол әдеби талдау безбеніне түскенде көркем құралдардың тұтас жүйесінде талданады. Тұлға мүддесі ұлттық, адамзаттық мүдделермен тығыз, диалектикалық сабақтастықта болады. Бәрі жиылып туындыгер көкірегінің көрігінде балқытылып, балға, төсте шыңдалып, сом суретке айналып, көркем шығарманың идеялық-эстетикалық дидарын анықтайды.

Жалпы роман жанрының қалыптасуында тұлғалық кейіпкер тәмсілі ерекше болған. Бұл енді алты айшылық жерді алты-ақ басатын, мыңдаған жауды сала құлаш семсерімен бір-ақ жайпайтын ертегінің қаһарманы емес, кәдуілгі пенде еді. Жеке адамның іс-әрекеті, сөзі мен ісінің уақ-түйек, кәкір-шүкір жәйттеріне дейін жіті бақылап қадағалайтын, сөз өнерін күнделікті қоңыр тұрмыспен, өмір құбылыстарымен қабыстыратын туынды жаңа эпос – роман деп атала бастады. Бұрынғы эпостай қайнаған заманауи өмірден («живая современность») бөлектеніп жырақ тұрған жоқ. Сонымен бірге ескі эпостың дүние кеңістігін барынша кең қамтитын, ұлтқа тиесілі нәрсенің бәріне поэтикалық сөз табатын, алып құлашты сипатынан еш айырылмаған. Форма жағынан және бір ұқсастығы, –

өмір фактілерін суреттегенде көрінген нәрсені шұбыртып тізе бермей, іріктеу, ойдан қосу, оқиғаларды баяндау стилінің іздерлерін де бойына таратқан. Кезінде Гегель айтқандай, В романе «снова полностью выступает богатство и многообразие интересов, состояний, характеров, жизненных отношений, широкий фон целостного мира...» [4, 273].

Жаңа эпос жанры жеке адамның бастан кешкен оқиғаларын суреттеуде кейіпкерінің ішкі жан дүниесінің мың құбылмалы құбылыстарын, ұйтқыған ой-сезім дауыл-боранын, әр тарапты нәзік қасиет-қалтарыстарын нақыштап бейнелеумен яки психологиялық талдаумен ұштастыруға төселген өнер болады.

Романның тағы бір типінде психологиялық сюжет басым келеді. Кейіпкерінің ішкі рухани өміріндегі өзгерістерге барынша ден қояды. Оқиғалық жәйттарды шұбыртып баяндап, тізбектеп отырып алмайды. Ондай туындыда психологиялық коллизия, жеке адам жан дүниесінің қайшылық кереғарлықтары асқынып ушығатыны сондай, алау-далау күйге түскен кейіпкерлерінің ендігі аяқ алысын аңдаудың өзі қиынға соғады. Характер еркін қимылдап, тартыстаралғыны өз жан жүрегінің қалауына, ықтияр-ықыласына қарай шешетіндей. Шығарма авторы болған істің «куәсі» сияқты көрінеді. Татъянаның ойда жоқта тұрмысқа шығып кеткеніне Александр Пушкиннің «қайран қалатыны» тәрізді. Ал, «Евгений Онегинді» «эпистолярлық романға» (Мұхтар Әуезов) айналдырған Абай туындысында Онегин орыстың ұлы ақыны романындағыдан өзгеше тағдырға килігіп, жарық дүниеден озады («Онегиннің өлердегі сөзі». «Жаным жақсы киім киіп»). Екі түрлі финал орыс, қазақ романдарындағы Онегиндердің бірі орысша, бірі қазақша (мұсылманша) гәпірулерінде ғана емес, характерлеріндегі елеулі айырмашылыққа байланысты туындаған [5, 6-31].

Жетекші жанрдың әдейілеп алға салып айтылуға тиісті және бір қасиеті ұмытылмауы тиіс. Роман – үнемі қозғалыстағы, даму үстіндегі, динамикалы, өскелең жанр. Уақытының күнбағары. Заманына, геройына қарай шалт құбылып өзгеріп отырмақ.

Кеңестік дәуір романы жеке адамды таптық айқастың бітіспес күрескері етіп суреттеді. Қоғамның және бір әлеуметтік типін – еңбек адамын дәріптеді. Нәтижеде романның жаңа түрлері бой көрсетті. Олардың бірі тап қырқысын көркем тартыстың арқауы еткен әлеуметтік-саяси роман болғанда, екіншілері өндірістік роман аталып қатар түзеді.

Классикалық романға тән қабырғалы қасиеттердің бәрі әртүрлі дәрежеде бүгінгі тәуелсіздік дәуір романына да тән. Сонымен

бірге тәуелсіздік дәуір романының өткен ХХ-сыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарының бастапқы, өтпелі кезеңіде-ақ кеңестік әдеби процестің көп үлгілерінен бой тарта бастағаны байқалады.

Социализм тұсында әр адамның ерікті өсуі қоғамның ерікті дамуының шарты болады деп жарияланғанымен, іс жүзінде олай болмай шықты. Қайта соның өзі азат Қазақстанның қазіргі келбет-қалыбына көбірек жанасымды. Әдебиеттің өмір қазанында қайнайтындығы, әлеуметтік, қоғамдық құбылыстармен байланысы үзілмейтіндігі, уақыт мінезі бүгінгі қазақ романының ендігі аяқ алысынан тағы да аңғарылып отыр.

Бүгінгі ұлттық герой – елдегі бар тап, типтердің, халықтың төменнен жоғарыға дейінгі қат-қабатының жоқтаушысы. Жеке адамның мүддесі ұлттың арман-мүддесімен, тәуелсіздік идеясымен астасып жатады. Мұның өзі қазіргі әдеби процеске айта қаларлықтай әсер етті. Ұлты үшін жан алып, жан берген, жеке басының мүддесі ұлт мүддесімен қабысқан кейіпкерлер, қазақ халқының азаттық туын ұстаған тұлғалары әдебиетіміздің алғы шебіне шықты.

Жеке адамның ұлт тұлғасы дәрежесіне көтерілуін көркемдік жағынан иланымды, иін қандыра суреттеген тәуелсіздік романдарының шеруінде жазушы Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» атты Қаракерей Қабанбай батыр туралы тарихи роман-дилогиясы (1994, 1996) бірден көзге түсті. Шығармасына «Дарабоз» атты поэтикалық ат қойған автор, бүгінгі білімі мен талғамы мол, «Абай жолын» оқып өскен қалың оқырман жұртшылық алдында елден ерек герой образын жасау жауапкершілігін иеленгендей еді.

Қабанбайдың азан шақырып қойған ныспысы – Ерасыл. Ауыл жұрты қойған лақап аты – Қабанбай. «Дарабоз» есімін ел атынан берген – Абылай хан... Осы өзгерістердің тарихынан қызықты әңгімелер шерте отырып, Қабдеш романы өз қамын, әрі кеткенде ауыл аймағының ғана қамын жеп жүрген жеке мүдделі жас адам бейнесін бірте-бірте ел-жұрт мүддесін жан-тәнімен қорғайтын тұтас бітімді тұлға өресіне көтереді.

...Неше күн бойы алдырмаған Шыңғыстаудың шатқалындағы жау бекінісіне қарсы қалың қолды бастап тұра шапқан Қабанбай батыр ақбозбен оқ бойы алға шығып кетіпті. Төбе басында ұрыс даласын шолып тұрған Абылай: ау мына дара бозың кім, көзсіз батыр тым алға шығып кетті-ау, мерт болмаса игі деп алаңдайды.

Ақыры ойрат қолын ойсырата жеңіп оралған ақбозбен ағызып дара шапқан батырдың Қабанбай екенін біліп қатты разы болған Абылай, атынан түсіп:

«– Қайраусыз өтер қара қылышым-ай! Даңққа жеткізген дарабозы сен екенсің ғой! Егер биікке бекініп алған жау қамалына қалың қолды көтеріп сен шаппағанда бүгінгі шайқастың немен бітері неғайбыл еді.. Бүгіннен бастап Қабанбай атың хан ұранына айналып, жорықтағы есімің Дарабоз болсын! – деп құшағына алып, үстіне алтын зерлі тонын жапқан» [6, 98].

Өзгелерден оқ бойы озған осындай қаһарман бейнесі қалай жасалуға керек?

Жазушының кейіпкерді пішіндеу принципі жеке, ұлт, адамзаттық мүдделердің бірлігін ұштастырған тұтас тұлғалы кейіпкер жасау проблемасына саяды. Шешімі – Қабанбай образында. Автордың Қабанбай тұлғасын пьедесталға қойып, төменде тұрып қызықтауын, оған деген патриотшыл, отаншыл сүйіспеншілігін ел қамын жеген едігерлерді мақтаншыл тұту мағынасында түсіну жеткіліксіз. Роман Қабанбай тұлғасын өрнектеу барысында ұлттан асып, жалпы адам баласының қайрат-жігер мүмкіндігінің шет-шегі болар ма деген ойға бастайтындай. Характері құрыштай тұтас адамның алмайтын қамалы болмайды.

Қаламгер бас кейіпкерінің ішкі жан дүниесіне тереңдеп бойлаудан гөрі, мінезінің пәрменді парасаттылығына, романдағы характерлермен арақатыста артықша көрінетін білек күші ғана емес, сана қуатының айшықты суреттелуіне баса назар аударады. Тұтас тұлғалы кейіпкердің жалпы сипаттамасы роман әу деп басталғанда-ақ берілген. Жинақы, қорытынды түрде бас кейіпкер Қабанбай батырдың 1748 жылы Сарысу бойында отырған Ұлы ордада өткізіліп жатқан хан кеңесінде сөйлеген сөзінде түйінделеді.

« – ...Бейбіт күн неге жаман болсын, егер төрт түлігің сай, көңілің жай болса! Жарты жерің жау қолында жатқанда уайымсыз ұйқы, қамырықсыз күлкі бола ма? Қазақта ана құрсағынан қан шенделдеп, соғыс тілеп туған ешкім жоқ. Бірақ менің де арманым – әкемнің моласы жатқан ата қонысымды көзімнің тірісінде азат ету. Құдай куә, сол арманға жеткен күні қара найзамды қақ бөліп, лақтырып тастауға әзірмін... Қазақ үшін жерден қымбат нәрсе жоқ. Дұшпан астындағы атыңды сұраса, аяма. Өйткені Қамбар ата аман болса, тұлпар тумай қоймайды. Дұшпан қойныңдағы қатыныңды сұраса да, таршылық етпе. Өйткені, ел аман болса, сен үшін тағы бір сұлу бойжетеді. Тек дұшпанға бір сүйем жер беруші болма. Өйткені асыраушы жер ана ешқашан үлкеймейді! – деген екен қасиетіңнен айналайын арғы бабаларымыз. Сол өсиет, шынымен-ақ, жадымыздан шыққаны ма?!» [6, 17]

Қабанбай батыр сөзі қысқартылып беріліп отыр. Жалпы бұл сөз «Дарабоз» роман-дилогиясының экспозициясы іспетті. Онда бас кейіпкер Қабанбай батыр характерінің психологиялық қозғаушы күші, еш жау аттан түсіріп көрмеген жеңімпаздығының сыры тұжырымдалады. Мәні - Қабанбайдың жеке мүддесінің (әкесінің моласы жатқан ата қонысын азат ету) ұлт мүддесімен соншалықты әдемі үйлесім табуында (дұшпанға ел жерінің бір сүйемін де бермеу).

Қабанбай – идеал герой. Бір басында даналық ой, қолбашылық биік өнер, асқан батырлығы кісілігімен, үлкен жүректі ізгілігімен жарасқан айрықша адам. Ондай кейіпкердің өсу жолын оқырман иланатындай етіп суреттеу үшін көп ізденіп еңбектенуге тура келген. Жазушы алдында тұрған міндет оңай емес-ті.

Қабанбай бейнесі алғаш рет фольклор қазынасында, ақын-жырау толғауларында, дастандарында жырланды. Роман авторына олардың бәрінің белгілі бір дәрежеде әсері тимей қоймаған. Дилогиясына эпилóg етіп Бұқар жыраудың «Әй, Абылай, Абылай» деп бастап, «Уа, сен Қанжығалы Бөгенбай, Тоқымы кеппес ұры едің. Қабанбайдан бұрын найзаңды Қай жерде жауға тіредің?!» деп аяқталатын жырын эпиграф етіп алады. Мұның орынды заңдылығы бар.

Бұқарекең батыр бейнесін салыстырма тәсілімен айшықтайды. Қанжығалы Бөгенбайдың Қазақ елінің азаттығы жолында Қабанбай батырдан кем ерлік көрсетпегенін біле тұра, қазақтың бас батыры кім екенін мезгейді. Бұқарекеңнің Қабанбайы ертегінің сағат сайын өсетін геройына ұқсамайды. Бұқар толғауындағы Қабанбай батыр табанымен жер басып жүрген кәдуілгі адам.

Қабдеш Жұмаділов фольклор мен ауыз әдебиетіндегі Қабанбай батыр туралы аңыздың асқақ әуенін төмендетпейді, әлсіретпейді. Эпостың героикалық пафосын, образдың халық тағдырымен кіндіктес рухын сақтап қалады. Қабанбай батырдың ауыз әдебиетінде бас батыр есебінде (Қабдешше – Дарабоз) ел, қоғам тағдырын шешетін тұлға боп аспандатылатынына сөзсіз қосылады. Қабанбайдың қан майданға мініп шығатын тұлпары Қобыландының Тайбурылындай ерек жаратылған. Дей тұрғанмен, бұл ұқсастықтар сыртқы ұқсастық екенін ұмытпау керек. Роман өз бейнелеу принципін фольклор мен ауыз әдебиетіндегіден мүлде басқа негізде құрады.

Жазушы Қабдеш Жұмаділов роман жанрының типтендіру құралдарын барынша пайдаланып, геройының өсу, шыңдалу жолдарына егжей-тегжейлі үңіледі. Қабанбай батыр атағына адам

айтқысыз қиыншылықтарды жеңе отырып ие болады. Өмір мен өлімнің арасындағы қыл көпірдің үстінде шынығады. Қас болаттай характері өмір сынағында суарылады.

Болашақ батыр жеті жасында әкесі Қожақұл батырдан, он алтыны жинап жүргенде әкесінің жоқтығын сездірмей, жетімдік көрсетпей еркелетіп өсірген Есенбай ағасынан айырылады. Екеуі де ата жау қалмақтың қолынан қаза табады. Әсіресе Есенбайдың өлімі аянышты. Жылқы күзетіп жүргенде қалмақтар қолға түсіріп, қорлап өлтіреді. Жас жігіт сүйікті ағасының кегін қайтармақты ойлайды. Алайда, ауыл ағайын азаматтың қанының текке кеткеніне тым бей-жай. Немқұрайды. Амалы құрыған жас жігіт не істерге білмей дал болады. Кекшіл ойы он саққа кетеді. Әдебиеттану тілімен айтқанда, ойы ішкі диалогқа түсіп, өзімен-өзі сөйлесуге көшеді. Қазақшаласақ, кейіпкер қабырғасымен кеңеседі. Сол толқыныс күй-жайын роман авторы ұтымды жеткізе білген. Ішкі диалог батыр характерінің қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Кейіпкерге тосын мінез бітіреді. Жас қайрат жүрегінде намыс оты тұтанады.

«Намыс дегенді ұмытқан-ау бұл жұрт?! Сонда ер-азаматтың қаны есепсіз, сұраусыз кеткені ме? Ағасын атаусыз қалдырып, бұл қалай ел бетіне қарап, жер басып жүреді?.. Қанға – қан, жанға – жан! Ағасынан жаны артық па? Осы жолы Есенбайды өлтірген қалмақты тауып, қанын ішеді. Не ағасының артынан бұл да мерт болады – екiнiң бiрi!» [6, 50].

Жазушы «намыс» сөзін кейіпкерінің аузына кездейсоқ салып отырған жоқ. Ерасыл ашу-ызаға булықты демейді. Ашуға тығылған адам сөйлей алмай, жағы қарысып та қалады ғой. Қазақ «ашу арзан, күлкі қымбат» дейді. Жоқ, бұл әлдекім бір жолға ашуыңды бер десе, лақтыра салатын құны шамалы сезім емес-ті. Рас, ағасы өлгеннен кейін Ерасыл көзге қамшы тигендей мәңгіріп қалады. – Өз ажалынан өлмей, зорлықпен, кісі қолынан мерт болғаны қандай қиын еді. Әсіресе қорлағаны, азаптап өлтіргені?! – деп қиналады жас жігіт. Бірақ бұл қиналыста тыз етпе ашудың ізі де жоқ. Жас ұлан есе-кек іздемеуді өзіне ар көреді. Намыс қысқан ол, ауыл-ағайынға ренжігеннен ештеңе өнбейтініне көзі жетіп, тәуекелге бел буады. Ағасының кегін алуға жалғыз аттанады. Бұл маңды қан қақсатып жылқы әкетіп, оның үстіне ағасының қарнын жарып, жаралы күйінде далаға тастап кеткен Өлежырғал мен Арсалаң атты қалмақтар деп естіген. Солардан қапысын тауып өш алмақ.

Александр Пушкин «Капитанская дочка» атты шығармасына эпиграф етіп «Береги честь с молоду» деген мақалды эпиграф етіп алады. Ал, қазақта «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» деген

сөз бар. Жас жігіттің жан кештілігі осы даналықтың екеуін де еске түсіреді.

Ерасыл Өлежырғалды түн жамылып барып, ал Арсалаңды қан майданда жекпе-жекке шақырып жайратқан соң жаудан кегімді алдым деп жайбарақаттыққа салынудан аулақ. Енді ол жаудың қасиетті атамекенімізге ойран салған делқұлығын өз жеке басының ар-ұятына, намысына тигенге санайтын болған. Жеке басының кегі бірте-бірте ата кекпен, ұлт кегімен ұштасқан.

Қалмақ – ата жау. Қалмақ болғандығынан емес, тыныш жатқан елге бас салғаны, қазақты ұзақ жылдар бойы қырғынға ұшыратып жер бетінен жойғысы келгені үшін. Үш жүзі үш жаққа тартып тұтастығынан айырылып әлсіреген Қазақ елі лап қойған жауға төтеп бере алмады. Жер бетінен құрып кете жаздады. Шәкәрімше айтқанда, жау «үш есенің екеуін қырып салды». «Сол себепті Қалқаман қалды ізделмей, Іздемеймін деген жоқ, шама келмей. Ол түгіл Әнет бабаң көшке ере алмай, Тірідей дөң басында қалған өлмей» [7, 290] – делінген «Қалқаман – Мамыр» поэмасында.

Халық трагедиясына ұрындырған ежелгі етекбастылық, дейді «Дарабоз» роман-дилогиясы. Қазақ халқын жинаған бұрынғы игі жақсыларымыздың қадірін білмедік. Болашағымызға бейқамсыздық жасадық. Тоз-тоз боп қашып үрейге салындық. «Қорқақты қуа берсең батыр болады» дегендей, ақыры үрейді дұшпанға деген кек жеңді. Кек ел намысын қайрады. Ұлтты ұйыстырды. Бірақ осынау қайта білекке білек қосу халқымызға оңайға түсті ме? Мына бір диаологты тыңдап көрелік.

« – Дарабоз, сен алты алаштың басын бір тудың астында біріктіру – соншама тартысты, ауыр болады деп қалайсың ба? – деді Абылай...

– Оған сөз бар ма, хан ием! Қашанда бүтінді бөлшектеу оңай, ал бытырап кеткен дүниені біріктіру – жатқан бір қиямет» [8, 185].

Абылай хан – Қабанбай батыр диалогы XVIII ғасырдағы Қазақ елінің келесі ұрпақтарға, бүгінгі XXI ғасырдағы тәуелсіз Қазақстан ел-жұртына жолдаған жалынды сәлеміндей, қашанда жүрегіне қона кетеді.

«Дарабоз» романы Қазақ елінің басынан кешірген трагедиялық ахуалдың ебеп-себепін қазбалағанда, алауыздық сары ауруының психикалық-этикалық емін іздестіргенде, қазақ әдебиетіне бәз-баяғыдан сіңісті дәстүрге бағады. Қабанбайдай қазақ батырларының қол бастаған ерлік оқиғаларын жайып көрсетуімен бірге, кейде ыдырап, кейде қайта қосылып, жалпы ұлт болып бүгінгі ұлан-байтақ жерін сақтап қалуға тырысқан елдің мінездік сыр-



сипаттарын мейлінше қадағалайды. Елдің басын қосып біріктіретін күш саясат цементі ғана емес. Бытырған саусақты бірден жұмырық ететін қазақы өнегелеріміз де, шүкірлік, баршылық еді ғой дегізеді.

Ұлы Абай «Ғақлияның» отыз тоғызыншы сөзінде намысқойлықты ата-бабамыздан қалған ең тәуір мінезге жатқызады. Және бұл мінезді Қазақ елі бірлігінің тегершігіне қуат берер күшке балайды. «Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен» [9, 213] дейді. Бірлік – Алаш аруағы шақырылған жерде бәтуаласатын ұлттық құндылық. Ол құндылық сақталған сандықтың кілті - «Малым – жанымның садағасы, жаным – арым садағасы» деген ең асыл сөзге бағуда. Ар, ұят, намыс тіршіліктің әуенімен ғана жүретін ұғым емес. Ел қамы сапарындағы істердің бәрінде адастырмайтын темірқазық жұлдызымыз.

Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде Мұхтар Әуезов «Намыс гвардиясы» атты пьеса жазды. Бас геройын – Намысұлы деп атады. Прототипі – Бауыржан Момышұлы болатын. Мұхаңның сол образына орай Мәншүк, Әлияларды – Намыс перзенттері дейміз.

Қазақ намысы үшін күйгендер – біз, қазақ, ешқандай елден сорлы емеспіз деген сенімнен нәр алмақ. Сол желі қазақ романында үздіксіз тартылып келеді. Ел тарихынан қандай тақырыпты қозғаса да тәуелсіздік дәуірдің диірменіне су құяды. Бейнелеудің эстетикалық принципі уақыт талабына сай өзгеріс тауып, жеке адамды бағалап түсіну мәнеріне тікелей әсер етіп отыр. Тәуелсіздік дәуір романы адамға сыңаржақ қарамайды. Оны көп қырлы, көп сырлы критерий тұрғысынан парықтайды. Ақ пен қараны айырмайтын, тоталитаризм және шовинизм өтірігіне бас шұлғи беретін кейіпкер келмеске кетті. Революцияға дейінгі қазақты түк сезбес қараңғысың, надан болғансың деп бас шұлғытқан идеологияның жолы кесілді. Тәуелсіздік дәуірінде өмір сүруші замандасымыздың енді сана тәуелсіздігіне қарай қарышты қадам жасауында қазіргі қазақ романының жемісті ізденістерінің де орны бар.

Бүгінгі роман тарихымыздың арғы, көне заманының шындығынан сусындамақ. Шындық болғанда, ұлттық мүддеге тікелей қатыстысынан. Тәуелсіздігіміз мәңгі жасайды! «Сүйген жерден сөз кетпес» дегендей, бұл – халқымыз сүйген жаңа өмір ұраны да, тілегі де. Көркем проза сол жаңа өмірдің талап-тілегін тақырып еткенде, оның өткен уақытына да сауал қояды. Осыншама ұланбайтақ жерімізді қорғап қалған ата-бабаларымыз осал болмауға керек деген идеяны айырықша тербетеді.

Болат Жандарбековтың орыс тілінде жазылған «Саки» романы (1993) Сырдария – Яксарт, Әмудария – Окс аталған уақыттың, біздің заманымызға дейінгі VI ғасырдың орта белінің оқиғасына құрылса да, геройларының жүрек дүрсілі мен бүгінгі азат қазақ, біздің жүрегіміздің лүпілі бір ырғақта соғатындай. Мәселе роман көне тарихтан мол білімге молықтыратындығына, сюжетінің мейлінше тартымдылығында ғана емес.

Романда Жетісу мен Шу өңірін жайлаған тиграхаудтардың яки «шошақ бас киімділердің» патшасы Рүстемнің, сол аймақ пен Оралдың оңтүстігі аралығында көшіп жүретін массагеттердің яки «өзеннің арғы бетінде тұратындардың» патшайымы Томирисінің басынан кешкен үздік оқиғалар баяндалады. Томирис аталған Орталық Азия сақтарының ұлыстық одағын құрып, парсының ешқашан жеңіліп көрмеген, айналасындағы елдердің барлығын, ең мықты Вавилонға дейін бағындырған әлемге әйгілі Кир патшаның басқыншы армиясының құл-талқанын шығарады. Осының бәрін қызықтай отырып, Болат Жандарбеков романының пафосына, әр қазақтың, қала берді ісі алаштың жүрегін жылытатын әуеніне еріксіз елітесің. Бойыңа ұлттық қайрат, мақтаныш сезім ұялайды:

– Біз, қазақ, текті атаданбыз!

Текті жұрағаттан екендігімізді роман нақтылы образбен, көркем характер дүниесін байыту жолымен жеткізген. Бас кейіпкер характері аясында жеке адам талап-тілегі мен қоғам мүддесі ажырамас бірлікте тұтасып, ұлттық тұлғаға айналған. Айбынды рухы азиялық томаға-тұйықтықты бұзып, аймақтан асып асқақтайды. Тарихи тұлға биігінен көрінеді. Сөзі мен ісі бірінен бірі асып түсетін, даналық, ерлік пен қасиеттілік бір басынан табылатын қайраткерді қазір харизмді характер атап жүр. Томирис автор суреттеуінде осындай үздік харизматикалық кейіпкер. Дарын, парасаты жаһандық өреге көтерілген тұлға. Әлем тарихының даңқты беттерінде Томирис есімі ұлы жеңісімен қабат, оның жеңіс үстінде айтқан бір-екі ауыз сөзі де әлем тарихында алтын әріппен жазулы. Өйткені сөзі тұяқ түспеген жаңа ой өлкесінен табылып, әлі күнге сәулелі шарапатын шашуда.

...Бұл далада болып көрмеген ұлы шайқас аяқталған соң Томирис ұрыс даласында қаза тапқан Кирдің басын кесіп әкелуді бұйырады. Бұйрығы орындалған соңғы көрініс – роман финалы – аз сөзбен саз мағына түйіндейді.

«Царица вынула из мешка голову Кира. Придерживая ее за волосы, она внимательно рассматривала лицо персидского царя с полу-

закрытыми глазами и спекшимися губами, а затем тихо со вздохом прошептала:

– Ты был грозным врагом, поистине повелителем мира. Я отдаю тебе, достойному противнику, самое дорогое – кровь любимого.

И подняв высоко голову Кира, Томирис взяла из рук Фархада кожаный мешок.

– Массагеты! Ваша царица держит свое слово! Ты жаждал крови, царь персов, так пей ее теперь досыта!

И Томирис опустил голову Кира в кожаный мешок, наполненный кровью» [10, 324].

Роман финалының тұнып тұрған философиясы улы сатирамен көмкерілген. Күллі жаһанды билемекке жанталасқан қанқұмарлардың басына масқара шелегін кигізген.

Жер жүзін жаулап алушылардан Наполеон Бонапарттан басқасының бәрінің дерлік ұлы даламызға ат ізін салмағаны кемде-кем. Түрік қандылардың арғы атасы – гундардың көсемі Аттила Күнбатысты жаулауға Тұран даласынан аттанды. «Тұранға қасиетті құмар болған, Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын» деп Мағжан ақын жырлағандай, Александр Македонский ұлан-байтақ даламызға сұқтана жеткенімен, Жейхун, Сейхуннан әрі сұғынуға жүрегі дауаламады. «Жарқ етіп өте шыққан нажағайдай» Ақсақ Темір ше? Одан бұрынырақ Шыңғысхан...

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,  
Данышпан, тұңғыық ой, болат жігер.  
Шыңғыстай арыстанның құр аты да,  
Адамның жүрегіне жігер берер [11, 175].

Мағжан Жұмабаев – жалпы тарихты, оның ішінде Түркістан тарихын бүге-шігесіне дейін білетін ең мәдениетті ақынымыз. Апырай-ә, Отырарды ойрандаған, Созақты үйінді күл тау еткен, Сауранның құр сүлдесін қалдырған басқыншы Шыңғысхан туралы ұлттық кеменгер ақынымыз бұлай десе, ойланбасқа амалың қалмайды.

Василий Янның «Шыңғысхан» (1939), Исая Калашниковтың «Қатыгез ғасыр» (1978) романдары жер жүзін жаулап алушыны қаншелек жауыз ретінде суреттегені мәлім. Мағжан-жырға дөп келмейді. Мұндай қайшылыққа не деуге керек?

Сондай күдік, қобалжуларға жауап іздеу керек екенін білгендей, бүгінгі тәуелсіздік дәуір романы өз ізденістерін алға тарта бастады. Жазушы-ғалым Хасен Әдібаевтың «Отырар ойраны» (2001) рома-

ны қазақтың ежелгі қаласы, қорғаны, дүниенің екінші ұстазы әл-Фарабидің және әлемнің екінші кітапханасының отаны Отырарды ойрандаған басқыншы, шапқыншы Шыңғысханды тұқырта бейнелеуге бармайды, Мағжан байламына жақын тұғырнама ұстанады.

Жазушының өз пайымдауынша, «Отырар ойраны» романында Шыңғысхан әлем әдебиетінде «тұңғыш рет трагедиялық қаһарман ретінде суреттеледі» [12, 282].

Романның кең жайылым оқиғалы, атыс-шабысқа толы сюжеті фәниден бақиға дейін созылатын идеялық-рухани тоқтаусыз, бітіспес тартыс, әсіресе Шыңғыс хан мен Кербұғы жырау арасындағы рухани қақтығыс төңірегінде ұйтқиды.

Тарихи Кербұғы – ұлт бастауынан. Найман ұрпағынан. «Ақсақ құлан» күйін шығарған атақты күйші. Роман кейіпкері ретінде ол исі Дешті қыпшақ елінің жыршы, жоқшысы боп қана көрінбейді. Кербұғы – әлемдік өредегі тұлға. Шыңғысхан образымен иықтасады. Қадым заманынан бері адамзат әлемінде игілік пен зұлымдық, рухани жарқын дүние мен аяусыз қараңғы күш арасындағы тайталас тартыс бір сәт толастамаған. Шыңғысхан мен Кербұғының бұл дүние мен о дүниедегі бітімсіз күресі сол тартыстың рәмізі есепті.

Роман композициясы негізгі үш жылғамен тарайды. Алғашқы беттері екі көзінен бірдей айырылған суқараңғы Кербұғы жырау атқосшы серігімен бірге шаңырағы ортасына түскен Отырарға әлдебір сапардан оралып келе жатқанын суреттейді. Жібек жолында жайқалып тұрған асыл қалаға таяғанда өртең мен қоламтаның қоңырсық исі қолқасын қауып естен тана жаздайды. Санасы сансырап, жігері құм болады. Жаулары бір көзін, жұрағаты бір көзін ойып алған жырау ақырғы сөзін айтып қалуға жанталасады. Осы жәйт кейіпкерді фәни мен бақидың арасындағы қыл көпірде тұрғандай аласапыран күйге түсіреді. Құзға да құлатып, шырқау биікке де шығарады. Аспанмен тілдестіреді. Жалғыз Жаратқан өмір-ғұмырдың Шындығын тарқатуға ұмтылдырады. Роман әу басталғандағы осы шырғалаңды шырқау биік стильден соңғы нүктесі қойылғанға дейін бір түспейді.

Сонау Тұмар анадан (Томирис) бергі ұлт тарихының ілгерілі-кейінді эпизодтары, Темүжин-Шыңғысханның бала кезінен әлем жаулаушысы кезіне дейінгі қанды жолын бейнелейтін реалистік суреттер түгел көз алдыңнан көлбеңдеп өтіп жатады. Рәміз, астарлау, түс, миф, аңыз секілді көркемдік бейнелеу құралдарының көмегімен Інжілді жаңаша жаңғырту, тұрлаулы тұлғалар пікірлерін тың арнаға салу – бәрі айналып келгенде ата тарихымызды бүгінгі заман биігінен қайта бағалауды көздейді. Ара-тұра мифологиялық эпос

белгілері де қылаң береді. Кербұғы жырау сол қадым заманғы эпос геройын еске түсіреді.

Кербұғы жырау дөң басында домбыра тартып отыр. «Ақсақ құланды» күңіренеді. Толғайтын пәлсапасы елден ерек. Қазіргі тілмен айтқанда, абстрактылы гуманизм. Бар тұрқы виртуалды, бұлыңғыр реализм кейіпкеріне ұқсайды. Нақты өмірде қисыны жоқ, көңілге қонымсыз дәріптеме соғады. Бір сөзбен айтқанда – көктен түскендей идеалист – Дон Кихот.

Жер қайысқан жаудың Отырарға шабуылын тоқтатпақ үшін қалмақтарға қарсы қолын жая шырылдап жүгіреді.

«– Қарақтарым, тоқтаңдар! Қойыңдар нақақ қанды шашуды! Жетеді, жетеді қан төгу!..»

Хасар нойонның нұсқауымен жасауылдың бірі әулекінің мойнына қыл арқан тастап, жұлқып алдына келтіріп алады да, сақалынан шап беріп ұстап, ұзын сапыны көзіне тығып кеп жібереді.

«– Саған бір көз де жетеді. Екі көзбен өмір-ғұмырдың қандай екенін көрмейді екенсің!..»

Қызылала қан-қан жырау жанталасады. Орнынан сүйретіліп тұрып қайта жалбаңдап жүгіреді. Мұны көрген қыпшақтар ызадан жарыла жаздайды. Жаумен ымыраға шақырып жүрген шығар деп ойлап, мыңбасының иек қағуымен қыпшақ жауынгер Кербұғының мойнына шалма тастап жіберіп, өзіне тартып алады.

«– Өмір-ғұмырдың қандай екенін бәрі-бір біліп жүрген жоқсың! Саған көз қажетсіз!.. [13, 249]

Бірінің қанын бір судай ағызып қырқысқан қас дұшпандар Кербұғы жырауға келгенде бірауызды: ау, мына есуас шал не дейді. Соғыспаңдар, адамзат құриды деп байбалам салуына қарағанда нағыз нақұрыстың өзі болар. Түк көрмеген көрсоқырдың сөзін сөйлейді. Ендеше, мүлде су қараңғы етейік деп енді өз жұрты жалғыз көзін және ойып тастайды.

Авторлық позиция әшейінде іш тартатын геройына бұл жолы бейтарап. Оның өз жөні бар. Жазушы Хасен Әдібаев жұртқа мәлім белгілі филология докторы да ғой. «Абсалют» деген теория ойлап тапқанын жазып та, айтып та жүр. Бұл теория бойынша, адамзат бір-біріне егіздің сыңарындай ұқсас. Сол себепті ұзын тарихы ұдайы қайталанып отырмақ. Адам заттың қырқыспаған күні бар ма!? Соны тоқтатпақ Кербұғы. Су қараңғы болып қансырап жатса да, майдандасқан жауларды бітімге шақырудан жазбайды.

«– Мына нәжіс дүниеден сендері алып шығамын! – деп сыбырлады ұлы жырау жер құшып жатып...»

Кербұғы бұл жерде ұлттық мүддеден гөрі адамзаттық мүддеге әлде қайда бейім. Тарихыңды қайталай берсең, соғысуыңды қоймасаң, құрисың дейді күллі адам баласына. Нақұрыссың деп, көзін ойып алса да, жалған дүниені құтқаратынына бек сенімді. «Отырар ойранының» жазылуы жиырма жылға созылды. Роман XX ғасырдың аяқ шенінде басталып, XXI ғасырдың басында аяқталып жарық көрді. Қандай да шығармада жазылған уақытының табы қалып отырады. Бұл заңдылықтан Хасен шығармасы да тыс қалған жоқ. Атом және сутегі бомбасын төбеден жаудырса, ел-ел тұрсын, Жер планетасының өзінің аман қалуы екіталай. Жазушы сол ақиқатты Кербұғы жыраудың образы арқылы мезгеген.

Ел басына түскен зауал Кербұғының есін кейде кіресілі-шығасылы етеді. Санасы сәмтіреп неше түрлі қияли оқиғаға тап қылады. Иса пайғамбардың құпия кеңесіне (тайная вечеря) қатыстырады. Тамұқ пен жұмақты аралатады.

Ал, Қараспандай мекеніне қайтып оралған тұстарда Кербұғы жырау кәдуілгі пенде. Ұлттық тұлға образынан оншама жырақтамайды. Өзіне дейінгі, кейінгі жыраулардың елін, жерін сүйетін типтік бейнесі рөлін мүлтіксіз атқарады. Асанқайғы сияқты Кербұғы да Лак атты жұрағаты үшін шарқ ұрып жерұйық іздейді. Ақыры өзі еліңнен өткен сұлу жер, Отырардай әсем қала болмайтынына көзі жетіп, туған өлкесіне оралады. Бірақ ұлттық тұлға ретінде де ол маңдайына жазылған трагедиялық-рәміздік тағдырынан құтылып кете алмады. Қараспанында оны ауыр да сұмдық сын, орны толмас қаза қайғысы күтіп тұр еді. Жау ауылдың астанкестеңін шығарған. Лак руының ұрпағы, әйелі, баласы, жалғыз немересі Иса келмеске кеткен...

Отырардай шаһарының ойрандалуы, бала-шағасынан түгел айырылу ұлы жырау жүрегінде кек отын лаулатады. Оқ болып сар сайтан Шыңғысханның жүрегіне қадалсам деп армандайды. Жаны жақсылыққа мезгесе де, өзі бас иетін Исадай пайғамбар кешірімділікке, ымыраға шақырса да, ет жүрек әмірін құлай тыңдайды. Қанға қан, жанға жан! – деп жауыздықтың көзін жоюға бекінеді. Сол айқастың мәнін ашу мақсатында жазушы миф тәсіліне жүгінеді.

Шыңғысхан өлім аузында. Мұны бір құтқарса Кербұғы жырау ғана құтқармақ. Монғолдың қамқоршысы Сөлде: Кербұғыны таптыр. Тек сол ғана сені ажалдан арашалайды, – деген Құдай сыбырын құлағына жеткізген болатын.

Кербұғы ұлы ханның кеудесіне тірлік отын қайтадан жағудан бас тартады. Сол үшін жанын жәннамға жіберетінін білсе де

зұлымдықты жазалаудан тайынбайды. Өзі бас ұратын Иса пайғамдардың: біреу оң жағыңды осып өтсе, сол жағыңды тос деген өсиетіне кереғар іс істейді. Шыңғысханға: мен сенің жүрегіңе қадалатын оқпын, өлесің дейді.

Шыңғыс хан мен Кербұғы бірінен соң бірі көз жұмады. Зұлымдық пен Адалдық итжығыс. Роман осы қияли мифология сипатты қорытындымен аяқталады. Автор, филология докторы, профессор Хасен Әдібаев романының «Отырар сөзі» атты кіріспесінде: «Тарихтың бас айналар айналма-бұрылма лабиринтінде екі аяқты пенде кеше ғана үдере көшкен жайлауына қайта-қайта орала беретін көрінеді. Адалдық әрқашанда зұлымдықтың пендесіне айналған екен – өмір-ғұмырдың өлшеусіз қасіреті – міне, осында!» [13, 4] – дейді өз романында не айтқысы келгені туралы. Оптимизмнен алшақтау пәлсәпә.

Біздіңше, шығарма қорытындысы бұдан сәл өзгешелеу шыққан. Отырардың ойрандалуын, күлтөбе емес, құлтауға айналуын – Зұлымдыққа, Жауыздыққа басылған мәңгі қарғыс таңбасы деп түсінсек керек.

Шыңғысхан қан уыстап туған, қаршадайынан-ақ қатыгездік жасап ағасын бауыздаса, өсіп толысқанда жаһанды қалтыратқан қан жауғыр болды. Дүниенің жартысын жаулап алған қолбасшы дана болса да, даналығын моңғолдың ұлттық игілігіне, жалпы адамзат мүддесіне жұмсады дей алмайсың. Қытайдан бастап, талай мемлекеттерді тізе бүктірген Монғол елі Шыңғысхан, Бату заманында қандай еді, бүгін қандай... Шыңғысхан трагедиясы, романда әлденеше рет қайталатынындай, үлкен ұлы Жошының қаза табуының өзімен бірге көрге әкеткен құпиясында емес. Трагедиясы, біздің түсінігімізде, даналықтың адалдықты құлақ кесті құл етуінде.

Тағы да бір трагедиялық тұлға – Қайыр хан. Ол романның жанама геройы емес, Шыңғысхан мен Кербұғы жырауға қатарлас бас кейіпкердің бірі. Роман суреттеуінде Қайыр хан білімді, алғыр, мұсылман тәлім-тәрбиелі – үлем ұстаған, Отырар кітапханасын әлемге танытқан, Шыңғысханның құжынаған қолына бірінші рет лайықты тойтарыс берген ірі қолбасшы. Отырарды күші мың есе басым жаудан алты ай бойы қорғаған, қаһармандықтың жоғары үлгісін көрсеткен отандастарымызды бастай білген, тек сатқындықтың салдарынан қапылыста жеңілген батырдың батыры. Бастан кешкені – оптимистік трагедияға жатады.

Қайыр хан шейіт кетті. Шыңғысханның жер қайысқан әскеріне қайыспай қарсылық көрсеткен арыстан жүректіні жер жүзін жау-

лаушы құлағына балқыған күміс құйғызып жазалады. Жауыздық ізгілікті жеңді. Бірақ Ізгіліктің де соғыстағы абырой-даңқы әлем аспанында Жауыздықтан кем шарықтаған жоқ.

«Сөйтіп, қазақ халқы әлем тарихында айырықша орын алды – рухани, адами, азаматтық, мәдени айдынынан Отырар тарихы, аты әлемдегі көп жермен, ауыр тағдырлы, қасіретті кенттермен қатарласты» [12, 304].

\* \* \*

Жоғарыдағы талдаудан қорытатынымыз – «Дарабоз» романы қандай проблема қозғаса да, бар мәселені ұлттық мүддеге қызмет етуге саяды. «Отырар романы» осы жолда адамзаттық маңызы бар идеяларға көтеріледі. Екеуінің де тақырыбы тәуелсіздік идеясын нысана етеді.

Бағзыбіреулер: тәуелсіздік идеясын біз көбінесе ұлт-азаттық қозғалысымен байланыстырамыз. Ал ол шындап келгенде жеке тұлғаның тіршілік философиясымен терең тамырлас – деп ап-анық нәрсені тұмандатып жібереді.

Жеке тұлға (личность) – қоғамда жігерлі, белсенді әлеуметтік позиция ұстанатын адам. Жан Жак Руссо айтқандай, адам өмірінде екі дүркін тұмақ. Біріншісінде ол белгілібір тәрбие мектебінен өтіп, тиісті білім алып, сана-сезімін (самосознание) шыңдайды. Ал, дүниетанымы мен идеологиясы қалыптасқанда адам дүниеге екінші рет келдіге саналады.

Сөйтіп «Тіршілік философиясы» қазанының астына дүниеуи отыны жағылады. Жеке адам – әлеумет перзенті. Сонымен қатар, – қоғамдық қатынастардың дара болмысы да. Жеке адам еркіндікті, басқа біреулерге тәуелді болмауды аңсайды, тілейді. Тілегінің ойдағыдай орындалуының шарты – бір өзіне ғана байланысты емес. Жеке адамның тәуелсіздік жайлы ой-ұғынысы қоғамның өзге мүшелерімен қарым-қатынасына, мемлекеттің саясатына, қоғамдағы ұлт-азаттық қозғалысының даму дәрежесіне қарай өрістейді.

Көркем творчество оңаша отырып ойша жорудан өрнектеле қоймайды. Суреткер дүниетанымы құрсағында образ, тип объективтік шындық ұрығынан пайда болады.

Суреткер жүрегіндегі талант отының тамыздығы – өмір ұшқыны. Өмірдің әлдебір жағдаяттарының әсерімен шабытқа мінгенінде көңіліне дөп келген образ жасауға кіріседі. Сол жолда суретпен қоса белгілібір көркем идея суыртпақталып, қолына қалам ұстайды. Жасалған образдың астарында пәленше идея жатыр деп айтатыны-



мыз сол себепті. Және шындық дүние құбылыстарының бейнеленуі фотокошірмеге ұқсамайды. Өмір құбылыстары жазушының дүниетанымына сәйкес ойдан қосу, қиял, фантазия көмегімен іріктеліп қорытылады.

Жоғарыдағы талдаулар Абылай, Қабанбай, тағы да басқа жетекші образдар көркем романда ұлт-азаттығы қозғалысының бағыт-бағдарына байланысты жасалғанын дәлелдейді. Абылай, Қабанбай замандарында ол қозғалыс, біздің бүгінгі түсінік тілімізбен айтқанда, Отан соғысы сипатын алды. Отан оттан да ыстық екенін сезінген үш жүз тізе қосып, жоңғар, басқа да жанжақтан анталаған жауды ел шетінен түріп шықты. Кенесары қозғалысы отаршылдықты жою, жеке мемлекет құру мақсатын көздеді. Ал, қазақ елі мемлекеттігінен айырылып, Ресей империясы бодандығына көшкенде, бұратана атанып, бөтен жұртқа көз сатқан кіріптар шағында ұлт-азаттығы қозғалысының жалыны бұрынғыдай күн сияқты күйіп тұрмағанымен, өз ерлерін туғызудан кенде қалған жоқ.

Отаршылдық кезінде тұтас ел көлемінде болмаса да, белгілібір тайпаларға тұлға боларлық Шоң би, Құнанбай тұрпатты дойман, дүр характерлер бой көрсетті. Бір кереметі, сол заманғы рухани қайраткерлер Шоқан Уәлиханов пен Абай Құнанбаев бастапқыда өз аймағының ардақтылары саналса, бірте-бірте исі қазақтың алып тұлғалы ақсұңқарларына, ұлттық мақтанышымызға айналды. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы Қазақ елін кімдер арқылы тану керектігін күллі әлемге әйгіледі.

Тәуелсіздік дәуірінің ұлттық тұлғаларға деген ықыласы айтып жеткізгісіз. Еліміздің аспанындағы сөнбес жұлдыздарымыз – қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарының бәрінің, оның ішінде көркем әдебиет кітаптарының үсті-үстіне бас геройлары атануда. Қалмұқан Исабайдың «Серт» деген екі кітаптан тұратын (1991) және «Шоң би» (1993) деген туындылары, кейін басы біріктіріліп «Шоң би» (2005) аталған роман-трилогиясы, сондай-ақ Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» (1999) роман-хамсасы айтылғанның тағы да бір айқын айғағы.

Есеп-қисапты «Абай жолы» роман-эпопеясынан бастағанда, қазақ жетекші прозасында тарихи роман «диктатурасы» орнағанына, кем дегенде, алпыс-жетпіс жыл болып қалған шығар. Үстіміздегі тәуелсіздік дәуірінде ол бұрынғысынша сан жағынан да, сапа жағынан да үстем. Дей тұрғанмен, сол байлықтың өзіне қанағаттану қиын. Өткен уақыт тарихын роман жанры түгел бейне-

леп үлгермеуі салдарынан бағзы замандардың көп-көп асу-белестері жайлы түсінігіміз әлі шағын, үзік-үзік.

Бір кезде жазушы Қалмұқан Исабай: жоңғар соғысынан кейінгі 50-60 жыл бізде мүлде зерттелмей ақтандақ күйінде қалып келе жатыр деп айта беруші еді. Сөйтсек ұзақ жылдар бойы архивте сарылып отырып, жоңғарды ойсырата жеңген халық неліктен іле-шала бодандық қамытын киді деген сауалына жауап іздеумен қажымай-талмай еңбектенген екен. «Шоң би» трилогиясы - Қалмұқанның сол сауалға табандатқан қырық жыл бойы тімтініп іздеп тапқан мерейлі де мықты жауабы.

Шоң Едігеұлы (1754-1835) – қарадан шыққан тұңғыш аға сұлтан. Кейде ондай адамды қазақ ішінде «қарадан шыққан хан» деп те айта береді. Бірақ есімі тарихи шығармаларда көп кездесе бермейтін. Енді міне, арасына үш ғасырдай уақыт салып, үш кітаптан тұратын трилогияның іргелі геройы және көңіліңе әбден толатын бас кейіпкері болады. Неге?

1959 жылы наурыз айында Қазақстан жазушыларының IV съезінде соғыс тақырыбына жазылған біраз романдарды сынап келе, Бауыржан Момышұлы:

«Картину боя создает образ героя, а не образ через картину боя. Писатель решает проблемные вопросы через образ героя. Образ не самоцель, а средство для решения принципиальных проблемных вопросов» [14, с.153] – деген еді.

Тауып айтылған түйін. Өткен уақыт тарихын қаз-қалпында түсіру аз. Ол заманауи тілегіне жауап беретіндей етіп суреттелуі тиіс. Мән-жайы айтпаса да белгілі. Тәуелсіздіктен артық бақыт болмайды. Сол бақыт маңдайдан тайқып кетпес үшін не істеуге керек? Әлі де шешімін күтіп тұрған проблемалары бар ма, болса қандай?

«Шоң би» – тарихи роман. Өткен заманның жаңғырығы. Бірақ «қаңқ етер түкті байқамас» емес. Кешегі материалдан ұлттық ой-сезімді оятатынын іріктеп тауып бейнелеп, бүгінгі өмірлік талап-тілектердің үдесінен шыққан. Шоң би образы арқылы жазушы бұрындар қозғалмай жүрген ұлттық проблеманың маңызды бір мәселесін алға тартады. Роман өрнегінен Жоңғарды жеңген жеңісті неге қолдан бердік? – деген өкінішпен қабат, қазақтың ел басқарар қабілеті еш халықтан кем түспейтіндігіне көз жеткізетін сенім де мен мұңдалап тұрады.

Шоң бидің тарихи жүгі – ауыр. Бір жағы отаршыл елдің тәртібіне, бір жағы төре сұлтандардың қысымына төтеп беріп, қара қазақтың да ел басқаруға қабілеті ақсүйекпіз деп қойқандайтындардан артық болмаса кем соқпайтынын дәлелдеуді мақсат тұтқан. Бейнесі

мақсатына сай жасалған. Шоң би – сом характер. Тұтас тұлғалы кейіпкер.

Бір кезде Н.А. Добролюбов тұлға тұтастығы туралы күні бүгінге дейін күшін жоймаған пікір тарата келе, Островскийдің пьесасында Катериनाдай характердің пайда болуын Островскийдің драма саласындағы жетістігі ғана емес, орыс әдебиетінің дамуындағы бір адым ілгерілегендік деп бағалады. Островский «умел создать такое лицо, которое служит представителем великой народной идеи, не неся великих идей ни на языке, ни в голове, самоотверженно идет до конца, в неравной борьбе гибнет, вовсе не обрекая себя на высокое самоотвержение. Ее поступки находятся в гармонии с натурой, они для нее естественны, необходимы, она не может от них отказаться, хотя бы это имело самые гибельные последствия» [15, с.210].

Ұлы сыншы Катерина образының тоқылуында халық мүддесін көздеген, бас бостандықты аңсаған үлкен идея барын көре білген. Сол сипаттама тәсіліне сүйене отырып, біз Шоң бидің бейнесі астарында да халық, ұлт мүддесі идеясы жатқанын аңғарамыз. Бұл характердің де сөзі мен ісі бір жерден шығады. Ішкі бітім-болмысы берік. Не істесе де жүрегінің дегенін істеуден айнымайды. Жаңыламын деп жасқанбайтын – тәуекелшіл. Көңілдегісін орындауға келгенде неден болса да іркілмейтін, тайынбайтын мінезді адам.

Шоң – халық идеясының жай өкілі ғана емес, саналы шырақшысы, жоқтаушысы да. Әдеттегі дәреже қуған, мансапшыл пысықай емес. Мұндай шар болаттай характердің әр қадамынан ішкі жаратылысы мен саяси идеологиясының тұтас бірлігі айқын көрініс тауып, жемісі ел қамының игілігіне жұмсалады. Ішкі даму логикасы ел, ұлт мүддесінен, халық идеясынан, керек десеңіз, идеологиялық саналы сипатты рухани қуат қайнар көзінен күш алады.

Шоң роман басталар, басталмастан-ақ арқанды мұздатып жіберетін іс істейді. Шалағұмар деген Қаржас руының жігітін ат құйрығына байлап өлтіртеді. Біреудің малын барымталап немесе шаңырағын ортасынан түсіріп сойқандық жасап, біреудің қызын зорлап дегендей ел-жұртты түршіктірген сойқанның не қылмысты ісін ести жүре, Шоң Шалағұмарға тиіспеген еді. Ара-тұра жергілікті кіші биге «сотқарыңды тый!» деп сәлем жолдаумен шектелетін. Тек Шалағұмардың соңғы, Шоңның өз көзқарасында, шектен шыққан қылмысына, саяси іске араласқанына шыдамады. Қаны басына шапшып атқа қонып еді. Шоңның жанына батқаны, Шалағұмар

жазғанның Бөкей сұлтанға барып: «басымыз бірігіп ел болудан қалдық. Бізге балаларыңыздың бірін жіберіңіз» дегені.

Бодандық қамытын кигені жетпегендей, XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың басында ел ішін және бір қырсық құрты кеуледі. Қазақ рулары, тіпті ауыл мен ауыл бірін бірі шапты. Ұлттық руқымыз бәсең тартты. Шоң би бұл басқа түскен пәленің бәрін Шыңғысхан тұқымынан көрді. «Қарап отырса, әр сұлтан бір руды меңгеріп алып, екіншісіне айдап салып, елдің берекесін алады екен...» [16, 26] Шоң би, есебін тауып өзі басқаратын Сүйіндік арасынан хан тұқымын түгел аластайды.

Шалағұмардың сұлтан аяғына барып жығылуы, қайталасақ артықтық етпес, Шоң бидің намысына тиді, жүргізіп отырған саясатына қиғаш келді. Әйтпесе, бұрынғы бұзақылығымен салыстырғанда, Шалағұмардың бұл қылығы шектен шыққан қылмыс емес те сияқты еді. «Жер төбесіз болмайды, ел төресіз болмайды» деп қалың қараша қазақ іші төре тұқымының бір бөріктісін ру, тайпаны басқаруға өздері өтініп шақыртып алатын. Оның үстіне Александр I патшаның «Сібір қырғыздары туралы» 1822 жылғы жарлығы бойынша осы қатпа дәстүр енді міндетті түрде орындалуға тиіс заң ережесіне айналған болатын.

Төре тұқымы болмаса, қазақты қазақ басқара алмайды деген күмән, бықсық әңгіме бір жыл, екі жыл емес, нешеме ғасырға созылды. Кеудесіне нан піскен отаршылдарды есептемегенде, біздің зиялы қауымның едәуір бөлегінің ойынан да көп уақыт төре басқармаса, күніміз қалай болар екен деген дүдәмал арылмады.

...1920 жылы 26 тамызда В.И. Ленин мен М.И. Калинин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Социалистік Совет Республикасын құру туралы» Декретіне қол қойды. Ұлттар Советі халық комиссары И.В. Сталин сол кездегі қазақ бетке шығарларын шақырып алып жаңа құрылған республиканың бірінші басшылығына Әліби Жанкелдиннің кандидатурасын ұсынғанда, жаңағы зиялылармыздың аузынан: қазақ өзін өзі басқара алмайды, басқа ұлттан кісі іздеу керек деген мүләйім сөз шыққан соң, Қазақ АССР Халық Комиссарлары Советінің председателдігіне В.А. Радусь-Зенькович дейтін өзге ұлт өкілі жіберілді.

Табандатқан сегіз ғасыр бойы қазақ жүздерін өздерін ақсүйек, қалың қазақты «қараша» санайтын Шыңғысхан тұқымы басқарып келсе, Кеңес кезінде Қазақстан Республикасына ұзақ жылдар бойы

орыс, еврей, грузин, армян, ұйғыр өкілдерінің төраға болғаны жасырын емес.

Қалмұқан Исабайдың романы қазақ санасында өзімізді өзіміз басқара алмаймыз деген қатып-семген догманы алғаш рет өшіруге тырысқан, сөйтіп ұлттық мүдденің түпкі мақсатын дәл тауып аспандатқан Шоң бидей тұлғаның образын иланымды, көңілге қонымды, халық жадында мәңгі сақталатындай етіп жасаған.

Романның ең үлкен жетістігінің бірі, ұлттық мүддені қорғай білудің жол-жобасын, ел тағдыры – елдің өз қолында екендігін көрсете білгендігі. Сабындыкөлде өткізілген Баянауыл округіне аға сұлтан сайлауының кең панорамалы, келісті суреттелуінің өзі не тұрады. Тарихтың шешуші күші – халық деген ұғым сол шыншыл суреттен табиғи балалайды.

...Сабындыкөлдің жағалауы, көлді айнала қоршаған таулардың бөктерлеріне дейін ине шаншар жер қалдырмай құжынаған халық. Патша ағзам өкілі Камаев жаңа құрылған Баянауыл округіне Бопы төрені сайламақ. Бірақ сайлау рәсімі бастала бере Шоң би қамшысын сілтеп қалуы мұң, Сабындыкөлдің маңайында жаңағы иін тірескен халық көзді ашып жұмғанша ғайып болады. Камаев нөкерлерімен состиып жалғыз қалады...

Ақыры аға сұлтандыққа тұңғыш рет қарадан шыққан Шоң би сайланады. Оның өзі де – ұзын-сонар тарих... Шоң би халықты тосын өзгерістерге бастап, кей төре, қожаның халықты моральдық жағынан азғындауға ұшырататын айла-шарғысын тыйып, халыққа мал бағуынының үстіне егін ектіріп, тұз өндірісіне дейін құрып, ел экономикасын айтарлықтай көгертіп, қазақ қазақты басқарғанда одан ел ұтпаса, ұтылмайтынын, әрдайым ұлттық мүдденің үдесінен шығатынын мықтап дәлелдеп береді.

\* \* \*

« – Аға сұлтандық жойылмай, аласапырандық тиылмас, бұл даладан. Қақырата қабырғасын сөкпей, құр кетпеспіз Сарыарқадан!» [17, 16].

Бұл жазушы Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» атты (1999) бес кітаптан тұратын романының «Толғақ (Кенесары – Құнабай – Қодар)» атты бірінші кітабынан алынған дәйексөз. Кенесарының Сарыарқада ақырғы рет өткізіп отырған Хан кеңесінде айтылған көп пікірдің бірі.

Кенесары қозғалысының жеңілу себептері белгілі: от қарулы орыс отаршы империясының әскеріне он жыл төтеп берген көтерісшілер «қоян терісі де бір жылғы шыдайдының» мысалында

айқастарын жалғастыра берер ме еді, қайтер еді, егер Қоңырқұлжа іспетті аға сұлтандар өз артықшылықтарын сақтап қалуға жан ұшырып, жегі құрттай іштен кеулеменде. Және қозғалыстың сағы сына бастағанда тобыр ішінен Атабай ізші сияқтылар да табылды. Күні кеше Ақмола бекінісінің әлсіз тұстарын, гарнизон әскерінің санын алақанға қолмен қойғандай етіп айтып берген ол, шыбын жаны үшін орыс басқыншыларға да қамал салатын қолайлы орын тауып береді.

Кенесары ханды ел мүддесін басшылыққа алған ұлт тұлғасы биігіне ұзақ жылдар бойғы иянатталуынан кейін алғаш рет қайта көтерген «Көшпенділер» роман-трилогиясының авторы жазушы Лияс Есенберлин болатын. Кенесары ханның хандықты қайта құрудағы мақсаты – қазақ мемлекеттілігін қайта орнына келтіру еді. Ағайын араға жік кіргізу, араздық отын өршіту, ауыл-ауылды жауластыру, аға сұлтандықты енгізіп, тұтас елді округ-округке бөліп қырқыстыру – Ресей империясының қазақ деген сөзді әлем картасынан сызып тастауға, жұрттығын жоғалтуға бағытталған құрық бойламайтын зымиян саясатының кесірі болатын.

Бұл тарапты байламдар белгілі дәрежеде бұрынғы айтылғанға айналып соғу сияқты көрінгенімен, Рамазан романы жұртта қалған жұрынды олжалап отырған жоқ. Көркем әдебиетте тұңғыш рет Кенесары қозғалысы мен Абай әлемі арасынан әлдебір байланыс іздейді. Бұл тосын жәйттің сипаты қандай? Кенесары ханның кейіпкер ретінде суреттелуі шығарманың бір жағы экспозициясы ретінде қабылданады. Құнанбай мен хан Кене арасындағы дәнекер Абайдың дүниеге келуімен жалғасады. Романға сенсек, Құнанбай бір жолы ханды көрінеу өлімнен құтқарып қалады. Сонымен бірге дұшпанкөз саясатпен Сарыарқадан ауған Кенесарының соңына түскен қудалаушылардың бірі болады. Іштей дос, сырттай қас. Бірақ Кенесары тақырыбының автор жобасына (замысел) қажет ұрымтал тұсы бұлар да емес.

Кенесары хан кең даласына сыймай оңтүстікке жылысқанда Ресейге қарсы ғазауат соғысын ұйымдастырмақ еді. Бір осалдығы, алға қойған мақсатының орындаларына көзі жетпейді. Анық түсініп жеткені – Қазақ елінің бұдан былайғы елдік мүддесіне сай жаңа тұлға керектігін ұғынғаны. «Халық қасиетін жоймас үшін дана тууы керек». «Мен халықтың өзі тудыратын, іргелі еңсесін көтертін даналықты айтамын. Осы уақытқа шейін, бақсам, содан мақұрым қалып келіппіз» – дейді. Ол олқылықтың орнын толтыру да оңайға соқпайды. Қазақтың соңғы ханының еліне өкпесі қара қазандай.

**Қазақ – әйеншек.** «Өзіне тиіскен жаудың қабырғасын қақыратып сөкпеген елден ешқашан дана тұмақ емес» – деп уайым соғады.

Автордың шығарма кейіпкерінің аузынан шыққан сөзінің дұрыс-бұрыстығына жауап бермейтіні белгілі. Кенесарының Қазақ жұрты жөніндегі, жұмсартыңқырап айтқанда, жұтаң пікірін оқырман мақұл көре ме, жоқ сынамай ма, – ол жағы қараңғылау. Анығы – хан бәрібір елінің болашағынан түңілмейді. Кенесарының ойынша, көмек көктен келмек. «Даналық, – дейді Кенесары, – тәңірдің пендесінің біріне көктен түсірер ерекше сыйы» [17, 14-15].

Бұнысы – жол-жөнекей айтыла салған кездейсоқ тілекке жатпайды. Жатпайтыны, Кенесары Тәңірінің қазаққа мейірбандығы түсетініне бек сенімді. Өйткені қазақтың азаттық жарқын болашағының ұрығы себілді. Кейіпкердің сенімін авторлық позиция бекіте түседі. Сол игі ниет қалай жүзеге аспақ? Жауабын автор Рамазан Тоқтаров көркем әдебиеттің өзіне ғана тән мүмкіндіктерінен іздейді. Қазақ прозасы үшін әлі де тосын көрінетін Ғарыш, Тәңірі тақырыбын қаузамайды. Фантастика, қияли дүние құралдарына жүгінеді. Реалды, нақтылы дүниенің құбылыстарына қанат бітіріп, әлем ғажайыптарын көз алдыңа елестетеді.

Қазақ елінің жарқын болашағына жол сызып беретін данышпан туса, нұр үстіне нұр. Бірақ ондай арманға табаңда қол жете қоюшы ма еді? Көңіліне сенімсіздік кірген Наурызбай батыр ағасына ноқайлау сұрақ қояды.

«– Енді соны «қашпаған қашардың уызынан дәмектендей» күтумен күнімізді өткізуіміз керек пе? – деді Науан дүңк етіп.

– Неге күтесің? Күтпейсің. Біз халықтың жаужүрек ұлдарын қайрап салып, өзінен зорға, қызыл танау қиянатқа қарсы шығардық. Ат тізесінен қан кешіріп, аянбай ұрыс салдық. Өлі де осы жолда – басымыз құрбан. Жылы үйде, жұмсақ төсек үстінде жатып өлмей, алдағы күндердің ары үшін селт етпей, дыбыс шығармай мертігерміз мертігер болсақ. Осының өзі-ақ қазақтың бір аяулы анасын даналыққа жүкті еткен шығар деген берік ойдамын, қарағым...» [17, 15]

Ұлжан үш күн толғатса, ел Абайын ғасырлар бойы толғатып тапқан ба дерсің...

Қазақ даласының данаға жүкті болуы тақырыбын дамыту талабынан романда фантастика дүниесі белең алады. Құнанбай түс көреді. Түсінде Әнет баба кейпінде Ібраһим пайғамбар аян береді. Осы өңірдің дуан молдасы, көріп келі бар Шайқы Құнанбайдың түсін жориды. «Қыдыр-ғалайіссіләмнің Ыбырайым пайғамбарымды

ауызға алғаны – ертең, не бәлкі таң қараңғысында ма екен, дүниеге аяздай әділ, Аплатондай білімді, жүрегі жұмсақ құл – осы айналаңның бәріне тартпаған шын мейірбанды перзент келеді» [17, 40] – дейді.

Түс нақтылы оқиғамен ұласады. Молда-ишан жаңа туған нәрестенің құлағына азан шақырып, әкесінің тілегі бойынша сенің атың бүгіннен бастап Ібраһим болады деп үш қайтара айқай салып үшкіреді.

Шайқының сәуегейлігі – фантастика әлемінен. Автор нақтылы дүние оқиғасын, адамның әлеуметтік һәм рухани болмысын қиял қуаты арқылы құбылтып өзгерту тәсіліне ден қояды. Түс көру, тағдыр құпиясын ашу, көк аспан күштерімен тілдесу сияқты фантастикалық себептеме (мотивация) құралдарын қолдану жолымен бас кейіпкердің нәресте кезі ұзақ та қызғылықты суреттеледі. Жас баланың бәрі – періште. Кім де болса, көргенде айналып-толғанбай тұра алмайды. Бірақ мынау кішкентайдың қылығы тіптен бөлек.

«Абай жолында» ауылын сағынып асыққан естияр баланың «жол қысқарту» ойынына сүйінсек, «Абайдың жұмбағында» дәл сол кейіпкердің дүниеге келген күндерінің өзгелерге ұқсамайтын таңғажайып тұрпатына сүйсінеміз. Жаңа туған қызылшақаның емізіп отырғанда бірдеңе айтқысы келетіндей көз тоқтатып қарайтын қылығына анасы бөлекше қуанады. Фольклордың күн сайын емес, сағат сайын өсетін геройына ұқсамаса да, еш гиперболасыз-ақ автор сегізінші айында тік тұрып қалтақтап жүре бастаған сәбидің сібірлеп атып келе жатқан таң сәулелеріндей табиғи жаратылысындағы үздік қасиеттерін айтарлықтай кестелеген.

Біз білетін Абай, творчествосының идеялық-эстетикалық асыл байлығына келгенде, жұртына өлшеусіз еңбек сіңірген ақын. Ұлтына ғана емес-ау, күллі адамзат әлеміне де өлмейтұғын сөз қалдырған кемеңгер. «Әкесінің баласы – адамның дұпаны. Адамның баласы – бауырың», «Туғанда дүние есігін ашады өлең» дейтін әріден тартатын сөз иесі тегін кісі болмауға керек. Ал, сондай адамның үздік белгілерінің ишаратын нәресте бойынан іздейтін роман, алдына оңай міндет қойып отырған жоқ.

Абай бесікке бөленбей, тастүйін құндақтаулы жатқан кезінде де екі көзін киіз үйдің ашық тұрған түңлігінен айырмайды. Кірпік қақпай бағатыны – нұр сауып тұратын көгілдір аспан... Бұған сенесің. Қияли дүние шындық дүние құбылыстарымен үйлестіріліп, ғарыш пен адам арасындағы байланысқа байланған бала көзі



рәміздік астарлауға бастайды. Болашақ ақынның түбінде Жер мен Аспанды тілдестіретін құдырет иесі болатынына мезгейді.

Рамазанның романына Ғарыш, Тәңірі атты ғажабстанның енгізілуін, көк аспан шындығына шығаратын Шариғат, Тарихат, Ғариф баспалдақтарының сипаттамасын беруін Абай жұмбағын шешудің және бір айла-амалы деп түсінсек керек.

Ал, адами баспалдақтардың мән-жайы белгілі. Кенесары хан көп төрелерше патшадан шен-шекпен таққанына мәз болып, басқа дүниемен ісі жоқ пенделердей емес еді. Сондықтан характері жеке мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қоятын қайраткер сатысына көтерілді. Құнанбай характері де – тас қайнат. Дегенмен, көтерілген баспалдағы басқаша көрінеді. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай, оның замандастары Бөжей, Майбасарлар ұлт мүддесін көздейтін кейіпкерлер санатына жатпайды. Құнанбай тобын Рамазан романы ұсқыны кеткен ескі көненің өкілі ретінде қатты түйремесе де, сол шындықтан және асып кете алмаған. Бар жігерін, ақыл-парасатын жұмсап, қарадан шыққан аға сұлтан атанған кезінде де ары кетсе тобықты руының қамын жеуден артыла алмайды. Майбасар, Тәкежандар ел танымай, үй танығандардан.

Роман-эпопея мен роман-хамсаның жақындап келіп айырылысатын, не керісінше, айырымы айтарлықтай болса да қайта түйісетін жақтар аз емес. Қодар образы біріншісінде феодалдық іріп-шіріген қоғамның әділетсіздігінің құрбаны болса, екіншісінде – күнәкәр. Сырты бүтін, іші түтін кейіпкер. Саудың сөзін сөйлеп, аурудың ісін істейтіннің нақ өзі. Кенесары қозғалысына қатыса жүріп, ақыры ханмен кетіседі. Ақмоншақ тұлпарды Наурызбайға қимай, дүниеқоңыздық жасап қана қоймайды. Жазықсыз жануарды дойыр қамшысымен маңдайынан салып өтіп құлатып, Қамбар атаның қарғысына ұшырайды. Көғадайдың келіншегінің қасына жуымай, ақыры далада қаңғырып жүріп өмірмен қоштасуы, Қамарияның әменгерлік заңы бойыша Садақбайға шықпай, әткесіне ынтығуы, болған шындықты қалпына келтіру деп есептелсе керек. Бірақ мұндай шыншылдықтан «Абайдың жұмбағы» туындысының ұтқаны шамалы.

Роман, біздіңше, Қодар мен Қамария атты күнәкарларға рабайсыз көп орын берген. Рамазанның олай етуінің бір себебі, постмодернизм ағымының ақты қара, оңды теріс бейнелейтін әсерінен болды ма деп те ойлауға негіз бар.

Постмодернизм «мир – хаос», дүние – астаң-кестеңі шыққан бірдеңе дейтін түсініктегі ағым. «Бедел дағдарысы» дегенді

күйттейді. Дүниенің астын үстіне келтіріп бейнелейтін постмодернизм тұрғысынан атасы мен келін арасының өсегі қаншама теріске шығарылғанымен, жағылған күйе ғасырлар бойы кетірілер емес.

Рамазан романының эпостық баяны философиялық толғауға, алаулы да алымды ойтолғақ стильге жиі ауысып отырады. «Абай мектебі» ұғымы әдебиеттану ғылымында әбден орнықты деп айтуға болады. Ал, ұлы ақынның өзі қандай мектептен өттіге келгенде, Рамазан романының басты-басты кейіпкерлерінің есімдерін атап өтудің өзінен-ақ, ол білім ордасының шын аты ойшылдар мектебі екеніне көз жеткіземіз.

Бес кітаптың қосалқы тақырыптарына Кенесары, Құнанбай, Шоқан, Достоевский, Халиолла, Михаэлс, Долгополов, Мәшһүр Жүсіп, Әлихан Бөкейханов сынды есімдер енгізілсе, мұның айтпағы айқын: жапан түзде бой түзеген шынар өркенінің баптаушылары да осал болмаған.

Әкесі Құнанбай оқу тәрбиесін көрмесе де, ақыл-парасат жағынан заманының айтулы адамы болған. Шарифат заңы бойынша Қодарды дарға астырған, жігіттектің он жеті адамын Итжеккенге жер айдатқан, талай рулардың шұрайлы жерлерін тартып алған Құнанбай бұл тұстарда жан алғыш әзірейіл көрінсе, Кенесары қозғалысына іш тартқанында, Халиолла, Абайдай өзіне біткен баланың бәрін оқытып тәрбиелеген, Қарқаралыда мешіт салдырған, Мекеге қажылыққа барғанда қазақ адамдары түсіп жүрсін деп өз пұлына «Тәкия» үйін салдырған еңбектерінде ел жанын жебегіш – жебірейілге бейім. Құнанбай образының статусы осы соңғысына байланысты жоғарылап, ұлттық мүдде кемеріне көтерілгендей әсер қалдырады.

Абайдың рухани темірқазығы – Шоқан, әлем әдебиеті қазынасынан қазақ өмірінің нышандарына мезгейтін әуен табуға талаптандырған Халиолла, ендігі ел көшбасшы Әлихандар – бұлар өз тағдыр-талайымен көрінетін роман ішіндегі роман кейіпкерлері. Бәріне ортақ белгі – жылға-жылғамен Абай дариясына құяды. Құйылғанда өз заманының мұң-мүддесін болашақ арманымен қоса алып келеді. Және соның бәрі бүгінгі ел бақшасын баптасуға үлес қосып отыратынын баса айтуға керек.

Романда бір айтыс үстінде «Білім артық па, мал артық па?» деген мәселе көтеріледі. Уақытының уәжін Абай құран сөзіне сүйене отырып айтады.

«Бірінші, Білім артық. Білім – әулие-әмбиелердің мирасы. Мал – Перғауын мен Қарынбайдың мирасы. Екінші, білім артық. Білім сені сақтайды, үстіңе шарайна сауыт кигізеді. Малды сен өзің

сақтаймын деп әуре-сарсаңға түсесің. Оның құлы боласың. Үшінші – білімнің досы көп, малдың дұшпаны көп, айнала жау. Төртінші – білімді жұмсаған сайын арнасы кеңі түседі, малды жұмсаған азаяды. Бесінші – білім саған құрметті атақ әпереді, мал иесін сараң, қараниет етеді. Алтыншы – білім қиямет күні иесіне шапағат қылғызады, мал қисапсыз жауап бергізеді. Жетінші – білім өзін-өзі сақтайды, мал өзін-өзі сақтай алмайды. Сегізінші – білім тозбайды, жоғалмайды. Мал өледі, жоғалады, қолда көп тұрмайды. Тоғызыншы – білім көңілді нұрландырады, адамға ақыл-ой, сана қосады. Мал насаттандырады, көңілді ерте қартайтады. Оныншы – білім құдайға тауфық, ғибадат қылғызады. Мал иесінің көңіліне аяр тәкәббарлық салады» [17, 144-145].

Бұл – «малдының беті жарық, малсыздың беті – көншарық» деп дауласатын Майбасарға қарсы айтылған сөз. «Майбасар не десін, маңдайын керіп, төмен қарап отырып қалды» – делінген романда. Солайы солай-ау. Бірақ ішкі пікірі ішінде кетсе ше?

Роман үлкен проблема қозғаған. Оның салмағының қандайлық артқаны мына бүгінгі нарық заманында қатты сезіліп отыр. Материалдық һәм рухани байлықтың ара салмағын дұрыстап есепке алмаған жағдайда, іс насырға шабуы мүмкін. Бүгінгінің малы – ақша. Ақшаның пысы басқаны сондай, білім-ғылымның кайнары – кітап өрісін тарылтып қушитып жіберді...

Жеке басының мүддесін ұлт мүддесінен тапқан Абай сөзі адамзат көкейіндегісін де дөп басады. Роман-хамсаның басты идеялық-эстетикалық қағидасы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1995 жылы Абайдың 150 жылдығына арналған салтанатты кеште сөйлеген сөзінде айтылған салиқалы пікірімен түйінделеді.

« – Мен Абайды бүкіл дүние жүзіне танытуды өзіме зор міндет етіп алып едім. Құдайға шүкір, жиырма бес шет елдерде тойланды. Ұлы мереке, әлгінде Майор мырза айтып кеткеніндей, ол елдердің бәрінде ЮНЕСКО-ның тікелей араласуымен өтті. Біз алдымен осыған тәубе етейік. Абай есімі дүниені армансыз асқақтата шарлады. Қазақтың бір перзенті ретінде сіздерді ұлы Абайдың 150 жылдық мүшел тойымен құттықтай отырып айтарым, біз бәріміз де Абайдан тәлім алайық, бар мінез-ісімізбен оған ұқсауға тырысайық. Жаңа өркенді Абай сөзімен тәрбиелейік...» [17, 750].

Бір кезде Хан Кене Сары Арқа сары белін тастап бара жатып, қолын көкке жайып: Абылайдай атағы жер жарған бір ұл тусын деп тілесе, сол тілегі Алланың құлағына шалынып, халқын салқар ұлы көшке бастайтын киелі перзент дүниеге келді. Абайдың көзі

тірісінде-ақ, замандастары қазақтың ендігі панасы да, данасы да Абай десе, бұл тұжырым ХХ ғасырдың екінші жартысында көркем сөз көрігінде шыңдалды. Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойында ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майор жаһан мінберінен: Абай – өзінің ақындық, азаматтық кемеңгерлігімен, ақыл-парасат дарынымен бүкіл адамзат мүддесіне сай еңбек сіңірген әлем шамшырақтарының санаулыларының бірі, – деп бүткіл жаһанға жар салды.

\* \* \*

Жоғарыда талданған шығармалардағы секілді бас геройы нақтылы тарихи қайраткер болмаса да, қазақ қоғамының белгілі бір дәуірін жаңғыртқан Баққожа Мұқай «Өмірзая» (1998) романында жоғары оқу орнының қатардағы оқытушысын ұлттық тұлға өресіне көтере отырып ойдағыдай бейнелеген. Бұл роман – қазақ әдебиетінің үлкен жетістігі саналады. Шығарманы Елбасынан бастап, оқушы әлеумет, сын мен әдебиеттану ғылымы [18] жоғары бағалады. Авторы Баққожа Мұқай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

«Өмірзая» туындысының геройы Аяған Қуатовтың әлгінде ғана талданған «Абайдың жұмбағы» романының Кенесары, Сыздық іспетті образдарымен іштей байланыстылығы бар. Еліктеу мағынасында емес. Творчестволық бәсеке мағынасында сыр-сыпаты ерекше байланыс.

Қолына қылыш, найза ұстап, Ресейдей алып империямен тірескен Кенесары мен Сыздықтар сияқты Аяған, оның ұстазы ғұлама Алдияр Ақпанұлы, бұлар да – ұлт-азаттығы қозғалысының күрескерлері. Тек қолдарына ұстаған қаруы – қалам. Яки идеялық майданның жауынгерлері. Алайда, дұшпанның арам ойына көлденең келу жағынан қаламның күш-қуаты – суық қарудан еш кем түспейді ғой. Сондықтан болар, бодан халықтардың аяқ-қолын отаршылдық кісеннен қалайда босатпауға жан ұшыратын империя үшін екеуі де хауіпті еді.

Кенесары қозғалысын қанға бояп, қазақ халқын әлденеше рет геноцидке ұшыратып, ойы қазыналы зиялы қауымын репрессиядан бас көтертпеген Ресей империясы ұлттық рухымызды қаншама таптап жаныштағанымен, біржола жоя алған жоқ. «Өмірзая» романы – тәуелсіздік рухына қандайда зорлық-зомбылықтың әлі келмейтіндігіне иландыра алатын шығарма.

Тәуелсіздік идеясы тақырыбы тұрғысынан Кеңес дәуіріне терең де жанжақты тексеріс жасайтын романға материал жеткілікті бола-

тын. Автордың өзі көріп біліп қорытқандарын есептемегенде, тарихи құжаттардың өзі қаншама. Бір ғана фактіні еске сала кетейік. XX ғасырдың 40-50 жылдары Кенесары Қасымұлының көтерілісін ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағалап, бұл жөнінде үлкен зерттеу жасап, кітап жазған тарих ғылымының докторы Ермұқан Бекмаханов 1952 жылы Итжеккенге 25 жылға жер аударылғаны мәлім. Осы әлпетті сан қысымға қарамастан, ұлт-азаттық идеясы ел ішіне тамырын барған сайын терең жая түсті. Жарқын мысалы – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі.

Жазушы Баққожа Мұқай шығармасында тарихи фактіден гөрі, оның астарына ден қою басым. «Өмірзаяны» автор тарихи роман деп атамаған. Мұндай жанрға тарихи перспектива, дәуір мен дәуір арасын толық мөлшерде айыратындай уақыт алшақтығы керек. «Өмірзая» жарияланғанда тәуелсіздік дәуірі енді-енді күшіне ене бастаған болатын. Шығармада Брежнев, Қонаев есімдері тек аталғаны болмаса, негізгі геройлары – ойдан шығарылғандар. Мұның өзі, біздің пікірімізше, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанда ұлт-азаттығы қозғалысы бұқаралық сипат ала бастағанын көрсету үшін де керек болған.

«Өмірзая» романының сол ойдан шығарылған геройлары – тарихшылар. Оқымысты профессор Алдиярдың Кенесары қозғалысы туралы, шәкірті, ғылым кандидаты Аяған Кенесарының бел баласы Сыздық жайлы зерттеулер жазады. Кеңес дәуірінде ұлт-азаттық тақырыбына жазғандар көбіне көп ұлтшыл атанатын. Ұстаз бен шәкірт сол ұлтшылдығы үшін аяусыз жазаланады. Тоталитаризм профессор Алдияр Ақпанұлын қуғын-сүргіннен бас көтертпей, ақыры сал ауруға ұшыратады. Аяғанды түрмеде шірітіп өлтіреді.

Романның ойдан шығарылған геройлары бірте-бірте тарихи тұлғаларға айналғандай әсер береді. Жазушы бейнелеп отырған екі тарихшының екеуінің характерінен олардың өздері насихаттайтын қайраткерлердің мінезіне «тартқан» белгілерді іздейді және табады да. Профессор Алдияров жеңілетінін білсе де, заманына қарсы біткен бұтақ. Кенесары тәрізді, аққа Құдай жақ деп, алған бетінен еш қайтпайды. Ешкімге жалынбайды, жалтақтамайды. Бір бет. «Шындыққа әділеттің ақ жолымен бару керек», [19, 6] – деп ұрандайды.

Жазушының бас кейіпкері Аяған өз кезегінде Сыздыққа «ұқсас». Ұқсастық, бет-ауыз, мұрында емес, жұдырықтай жүрегіне орасан қуат беретін биік идеяда.

«Әкесі Кенесары Россиямен он жыл жанжалдасып айқасса, бұл баласы ширек ғасырға жуық тізе бүкпей, арыстанша арпалысып

бақты... Сыздық сұлтан бүкіл Орта Азия хандықтарын уысынан шығармай, оларды тағы желкелеп жұмсай білген» [17, 627].

Сыздық сияқты әлуетті сұлтан болмаса да, Аяған да жатып атардың нақ өзі. Оқытушылықтан қуылады. Әйелі өледі. Үш баласы – тірі жетім боп қалады. Аяған құрылыста істеп жүрген жерінен ұсталады. Қараңғы үйге, одан соң жындыханаға қамалады. Ақыр аяғы азалтап өлтіріледі. Тірідей тамұқ азабын тарта жүріп, кей сәтте қиналып, тарықса да, қиыншылықтың бәрін қасқайып қарсы алады. Ешкімнің аяғына жығылмай жан тапсырады.

Рух беріктігі, бұл – дарын, Құдай берген қасиет. Рухың төмендесе, шаруаң бітті дей бер. «Бір атадан ала да, құла да туадының» кері келеді. Алдияр өзінің кіндігінен туған баласы туралы бас шайқамай айта алмайды:

– Арыстандай азаматтың құрметіне атын Сыздық қойып ем. Ел-жұртының жыртысын жыртсын, жоқшысы болсын деп ем. Қателесіпмін, қарағым. Сыздық төреден садаға кетсін, – дейді шал шәкірті Аяғанмен оңаша қалғанда баласы жайынан. Бұл Сыздық – нағыз «шіріген жұмыртқа». Қарнының құлы – маскүнем.

Ұлттық мүдде өресіне көтеріле алмаған, маскүнем болмаса да, әжептәуір портфель ұстап жүргендердің де, роман суреттеулерінде, оңып тұрғандары шамалы. Қу жанның амандығын халқына, ұлтына қызмет етуден жоғары қоятын ректор Мұса Байларов Желтоқсан дүрбелеңі кезінде шалыс сөз айтып қалған әкесін жындыханаға салады. Өмірі зая – осы типтестер.

Алдияр мен Аянның рухани туыстығы ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйластықтан десек, бұл екеуінің бағамын тым арзандатып алған болар едік. Бұлардың характері айнала қоршаған дүниемен қатты шиеленіс, қақтығыста қалыптасады. Автор іш тартатын кейіпкерлерінің күрес үстінде шыңдалуын, арынды ахуалда қатты шырығып сөйлеуін суреттеуге құштар. Қоғамдық-саяси, философиялық мәні жоғары категориялармен сыр шертіп ағынан жарылатын Алдияр мен Аянның ойы, пікірі замана биігіне көтеріледі. Айтқандарының ақтығына қалтқысыз сенесің.

– Кенесарының «жеңілісінің өз жеңіс...» «Кенесарыдай ардагер ұлдарының арқасында қазақ халқы бақыттың шын бағасын білді...» [19, 8].

«– Бізде тарих жоқ». «Қазақ деген ұлт он бесінші ғасырда аспаннан түсе қалған сияқты» [19, 29]. «...Біз өз халқымыздың тарихынан гөрі Рим империясының тарихын жақсы білеміз» [19, 89].

– «Біздің социалистік қоғамға Ермак мырзаның қандай еңбегі сіңді?.. Ескерткіштің тұғырында «Ермаку Тимофеевичу – покорите-

лю Сибири от благодарных потомков первоцелинников» деген жазу бар. Сонда тың игерушілер де Қазақстанға Ермак сияқты мақсатпен келген бе?» [19, 64].

– «Ұлттық сезім өлген жерде адам да өледі... Ұлтын сүймейтін, ана тілін білмейтін жанның жәндіктен айырмашылығы қайсы? Оған өнердің, әдебиеттің, тарихтың, мәдениеттің, қысқасы ештеңенің қажеті жоқ. Оған қыбырлап тірі жүру ғана керек... Оларда тек жоқ...» [19, 450-451].

Тусаң ту дегізетін ұлттық тұлғаға жарасатын бұл тарапты сөздер «Өмірзаяның» философиялық өзегі де.

Тұлғалық, ұлттық, адамзаттық мүдделер тұрғысынан көзқарас тәуелсіздік дәуірінде жарық көрген мемуарлық шығармаларда сыр ашу, арылу түрінде көрініс табуда. Академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» (1997) роман-эссесінде кейіпкер мен автор образдары бірін бірі ашып отырады. Екеуінің өзара ой бөлісуінен ұлттық, адамзаттық парадигма, идеялар жүйесі құралады. Ал, өзін орыс еврейі және орыс жазушысы санайтын Морис Симашконың соңғы «Төртінші Рим» шығармасы (2001) – оның жеке рухани әлемін, сенім-наным дүниесін айқара ашатын кілт есепті.

Студент Зейнолла ұстазы Мұхтар Әуезовке құдайындай бас иеді. Ұлы суреткер әрі ғұлама Әуезов шәкіртіне мейірлі. Зейнолла Таукен институтында оқи жүре Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетінің профессоры Әуезовтің студенттік аудиторияда оқитын дәрісіне қатысып отырады. Сөйтпін жүріп филология факультетіне мүлде ауысып алады. Оқуды тауысқан соң кешегі шәкірт ұстаздық құрады, ұлы Мұхаңның әріптесі болады.

Әуезов тақырыбына толғанысын осы кезден бастаған Зейнолла, тарих қойнауларын қазбалап, өзіне тән шымыр да шырайлы стилінде кейіпкерінің – жас Мұхтардың балалық шағына сәуле түсіреді. Қиял қоспасынсыз-ақ, қазақтың «Болар бала – боғынан» деген тұрпайылау, бірақ татым, маңызы одан кемімейтін мәнді мәтеліне бағады. Жалғыз-ақ деталь – нәрестенің іңгәлауына құлақ тосады. Әке-шешесінің «құлағына құйылған сәби даусында жан тебіренер ырғақ бар еді» [20, 122] – деп, жауырыны құрысып, шабыты қысқан әрі шайыр, әрі әдебиет теоретигі – Қабдолов, енді сол ырғақ сиқырының сырын ашады.

– Ырғақ бар жерде өлең бар. Мұхтар өмірге жылап келген жоқ, өлең айтып келді. Демек, ол – ақын еді – деп түйеді.

Бұл түйінде тұспалдық реңк болса да, Мұхтардай көркем әдебиет қыранының болашақта қандай биікке самғайтынын білетін оқырман оған кәміл сенеді.

Жоғарыда талданған Рамазан роман-хамсасындағы нәресте Ибраһим космосқа қадалып жатса, Зейнолла роман-эссесінің өз ғарышы бар. Ол – Абай тұлғасы. Жас Мұхтар сол құзардың ақ батасын алады. Бата болғанда, бұл Мұхтар санасында ғұмыр бойы арайланған ақ шұғыладай сіңген ұлы ақынның өзіне тіке қадалған «қоңыр қозының» көзінен таныған, «Болайын деп тұрған бала ғой!» деп өзгеше үлкен дәмемен білдірген үміт-тілегі болатын. Бағзыбір қаламгер мұндайда сөз боранын түтетіп таусылар еді. Зекең суретін шұбалтпай, аз сөзден саз мағына іздейді.

Абай отбасына әжесі ертіп келген кішкентай қонақ үйіне қайтқысы келіп қыңқылдай бастайды. Сонда ғой Мұхтар Абайдың өзіне тіке арналған екі сөзін бірінші және ақырғы рет естігені:

« – Шырағым, жылама!»

Былай қарағанда – жаттанды, болымсыздау сөз. Бірақ Абай аузынан шыққан соң толымды ғибраттай естілмесіне шарасы жоқ. Осы жерде деталь ойнатқыш Қабдолов «Абай жолының» авторына үшінші жақ боп өзі қосылады. Мұндайлық кемел екеу арадан «Бала бол, дана бол, бәрі бір: ер болсаң, еркек болсаң, жылама!» – деген пәлсапа табиғи өрілмегенде қайтпек.

Роман-эссе Мұхтар Әуезовтің ерте піскен, кәмелетке мезгілінен бұрын жеткен шағына барынша ықылас-ынтамен үңіледі. Мұнда да үнемі екеу ара үйлесім, жарастық үстем. Небір айтыс-тартыстарда Қабдолов әрқашан Әуезовтің қасынан табылады.

Кеңес кезінде ұлт мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Әсіресе ұлтшылдыққа қарсы күрес бір минут толастамады. Тоталитаризмнің «Мынау кіммен туысқан?!» – деп жуан жұдырығын ала жүгіретіні әсіресе жазушылар қауымы болатын. Мұхаң ұлтшыл атанып абақтының да дәмін татты. Отызыншы жылдардың басында ұлтшыл болдым, жаздым-жаңылдым деп хат жазып, абақтыдан әрең босанды. Ішін өртеген сол құсасын баса алмай арманда кетті. Оған енді амал бар ма. Көңілге медеу – қиянатшыл жүйеге жіберген есесін уақыт, кейінгі ұрпақ қайтаруда. «Менің Әуезовім» туындысының авторы сол ұрпақтың алдыңғы сапында болды. Мұхтар Әуезовтің Алаш қозғалысына араласқанынан бастап-ақ ұлтшылдық деген ұғымның бүге-шігесін айыра білгеніне, өз халқыңды сүйе отырып, басқа халыққа қастанудан аулақ болғанына көз жеткізді.

... XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарының бас кезі. Мұхтар – туған мекенінде. Абайдың Тұрағұлымен, ағасы Қасымбекпен



әңгіме-дүкен құрып отыр. Әңгіме тақырыбы – ел, жер, халық жайлы.

– «Ұлтшыл» деген неге жаман ұғым, лағнат айтылар сөз болуға тиіс? – деп ол (Мұхтар Әуезов – Ш.Е.) әуелі Тұрағұл мен Қасымбек екеуіне қатар сұрақ қойды да, жауап күтпестен өз ойын жалғастыра келе «ұлт», «халық» деген атаулардың төркіні бір екенін дәлелдеді. – Әр адам – белгілі бір ұлт өкілі. Ендеше оның ұлтын сүйгені неге айып болуға тиіс? Ұлтын сүймесе, ұлтының қамын жеп өмір сүрмесе, оның өзі қандай адам сонда? Ондай адамға өмір сүріп керегі не?!» [20, 192]

Жеке мүддесі ұлттық мүддеден ажырағысыз Әуезов, бүгінгі тәуелсіздік мінберінен сөйлеп тұрған тәрізді. Кейіпкерді бұлайша сөйлетуде ешқандай жасандылық жоқ. Ұлы Мұхаң ұлт бірлігінің символы болатын. Сол ақиқатқа сөз зергерлігінде қазақтың қай жазушысына да дес бермейтін дарын иесі – Зейнолла Қабдолов салауатты, сұлу тіл тауып иландырады.

\* \* \*

1959 жылдың 15-19 июнь аралығында Алматы қаласында өткен, қазақ әдебиетінің келелі мәселелерін әңгіме еткен ғылыми теориялық конференцияның қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзінде Мұхтар Әуезовтің: «Біздің филология қатарындағы мамандығымыздың аты тек «Қазахология» емес (қазақты тану ғана емес)» [21, 401] дегені мәлім. Таратып айтсақ, тексерілуге тиісті филология салалары әрқилы – Қазақстан әдебиеті, түрік тілдес елдердің әдебиеті және дүние жүзі әдебиеті. Қазіргі жаһандану жағдайында әр саланың маңызы барған сайын арта түспек.

Республикамыздың әдебиетіне қазақ көркем сөзімен қатар, орыс, ұйғыр, кәріс әдебиеттері және бір кездерде айырықша қарқын алған неміс әдебиеті аталады. Бұлардың тарихи отандарындағы үлкен әдебиеттерінен бір өзгешелігі, қазақ сөз өнерімен тығыз байланыстылығы. Тақырыптарының ауылдастығы және пікір қозғаушылығы жағынан шамаластығы.

Қазақстанда еңбек еткен орыс жазушыларынан есімі Ресейге, қала берді дүние жүзіне әйгілі Морис Давидович Симашко (Шамис) өзі көп жылдар бойы суын сулап, жерін жерлеген Қазақ еліне арнап зор шабытпен қалам тербеді. «Колокол» («Қоңырау»), «Комиссар Джангильдин» атты романдарында қазақ-орыс халықтарының таңдаулы перзенттерінің рухани – парасат жарастығы идеясын дәріптеді. Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» атты роман-трилогиясын, Ғабит Мүсреповтің «Оянған өлке» романының екінші

кітабын орыс тіліне аударды. Сол үздік аудармалары үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Симашко Таяу Шығыстың ғана емес, Тұран даласының сұңғыла білгірі еді. Атақты Александр Затаевич, Евгений Брусилковский сияқты мәдениетіміздің асыл қорын байытуға бағалы үлес қосты. Бодандық жағдайында біз тарихымыздың көп ұңғыл-шұңғылдарын білмей өстік қой. Симашко «Емшан» атты туындысын жариялағанда шағын ғана повестің сенсациялық жаңалығы бәрімізді қатты қайран қалдырғаны мәлім. Орта ғасырдағы Египеттің атақты алпауыты, билеушісі, Шыңғысхан шапқыншыларының алғаш бетін қайтарған даңқты қолбасшы Бейбарыс сұлтан Беріш руынан шыққан өзіміздің бабаларымыздан екенін білгенде кеудесін мақтаныш сезімі кернемеген қазақ, сірәде, болмаған шығар. Сол қыранның ұшқан ұясын – Маңғыстау өңірін бір көруді аңсап аһ Тұрғанын тамылжытып суреттегені Отан тақырыбын жазсаң өстіп тебіреніп жаз деген ой өрбітетін.

Соңғы жылдары Морис Давидович тәуелсіз жас Қазақ мемлекетін жан-тәнімен қорғауға белсене ат салысып, Президент сыйлығына ие болды.

Симашко-публицист «Қасиетті Жерге – сапар», «Төртінші Рим» (2001) атты еңбектерінде адамзат тарихында империялардың рөлі хақында толғанады. Соңғысы көлемді еңбегіне автор жанрлық айдар тақпаған. «Алғы сөзінде» шығармасының жазылу мәнері жайынан: «пишется как слышится» – «жазылуы естілуіне қарай» деген. Тағы бірде әркімнің өз «Былое и думы»-сы бар ғой, деп Герценнің даңқты мемуарлық романын еске алады. Бірақ «Төртінші Римнің» әдеби процестегі орнын сөз еткен жерде шығарманың жанрлық табиғатын анықтамасқа және болмайды.

Біздіңше, сонау Одессада өткізген балалық шағынан бермен нелер шытырман оқиғаны бастан өткізіп, енді тәуелсіз Қазақстан жерінен күллі жаһанды ой қанатында шарлауына қарағанда, марқұмның бұл туындысы – публицистикалық роман аталуы тиіс. Тағы да бір замандастары «Төртінші Римді»: рухани өсиет (В. Бадиков), «Аманат-кітап» (Г. Бельгер) деп бағалайды.

«Төртінші Рим» – Кеңес Одағы, қызыл империя. Бірінші Рим яки Батыс Рим империясы біздің заманымыздың басынан V ғасырдың орта беліне дейін өмір сүрген. Екінші Рим яки Шығыс Рим, Византия IV ғасырдың аяғынан XV ғасырдың ортасына дейін алдыңғысы сияқты дүниені тітіренткен мемлекет болды. Астанасы Константинопольді түріктердің Осман империясы басып алған соң барып құлады. Өзін Үшінші Риммін деп жариялаған Ресей импери-

ясын Ұлы Қазан революциясы күйретті. Ал, Жер шарында коммунизм орнатуға тырысқан Қызыл империяны Симашко Төртінші Рим атайды. Шығармасы сол империяның қиямет-қайымдарын өз басы қалай кешкенін бейнелейді.

«Нешеме империя, жоғарғы тылсымның ерік-бұйрығына бағына отырып, біртұтас рухани және экономикалық кеңістік жасайтын. Ал, шырқау биігінде бұлар жалпы адамзат дамуын шідерілеп, осы трагедиялық қайшылығы салдарынан құрып бітуге душар болатын» [22, 43].

Кеңес Одағы да дәл осындай тар жол, тайғақ кешулерден өтті. Өтті де өшті. Зерттеліп отырған проблема тұрғысынан автордың мына бір пікірі көңілге қонады. Төртінші Рим өзін құрайтын халықтардың ақ батасының күшімен орнап нығайып, солардың теріс батасының салдарынан ыдырады. Прапорщиктер, оқуы шала-шарпы студенттер бастаған аш-жалаңаш революциялық армиялар соғыс өнеріне жетік, тәжірибелі генералдар бастаған ақ армияны, қаптаған шет ел интервенттерімен қоса күл-талқанын шығарды. Ұлы Отан соғысындағы ұлы жеңіс, ғарышқа кеме ұшыру да сол көпшілік бұқараның мүдделілігінің жемісі. Кеңестік одақ мүдделі халықтардың қолдауымен көркейіп, сол жұрттар теріс айналғанда сөгіліп, дар-дар айрылып бітті. Осының бәрін Симашко өткір тілмен, өтімді фактілермен бекіте отырып, негізгі айтпағына көшеді.

Ол айтпақ жаңалығы – Кеңес Одағы ыдырағаннан бергі ахуал. Ендігі Ресейден Бесінші Рим исі аңқи ма, болмаса ол қайда бара жатыр? Мемлекеттік Думадағы қайсыбір Митрофанушка Еуропа ежелгі жауымыз деп өзеурейді. Теледидарды ашып қалсаң, қайран өткен заманым-ай! – деп ұлып қоя береді. Бәрін қойып, қаншелек Сталинге әлсін-әлі тағзым ететінін қайтерсің. Ең хауіптiсі – бұл да емес. Неден хауіп ойлайтынын Симашко былайша пайымдайды:

«История, она и запахи сохраняет. Слушаешь некоторые думские речи, читаешь определенного пошиба газеты, смотришь на плакаты с лозунгами воинствующих радикалов, и вроде как из слегка прикопанной выгребной ямы повеет то Третьим Римом, то Четвертым, то совсем уж рейхом...» [23, с.170]

Симашконың жазушылық көзінің жітілігі қандай. Дәйектемеде келтірілген сөздерінің қағазға түскеніне оншақты жыл өтті. Лебізінің көнермегені былай тұрсын, тілектес көрші державаның бүгінгі күй-жайы кейде жүрегіңді қарып өтіп, көңіліңді мұздатады. Ресей Федерациясынан рейхтің қоңсық иісі шығады демекші, жеңіне свастика тағып көшеге шығып жүрген жүгірмектер еркінсіп

далақтайтыны жасырын емес. Жай қаңғырса бір сәрі. Хайуандар Мәскеуде жаңадан оқуға түскен қазақ баласын жазықсыздан-жазықсыз пышақтап өлтірді.

Біреулер Кеңес Одағының ыдырауын тарихи заңдылыққа жатқызса, енді біреулер кездейсоқтыққа балайды. Соңғылары Ельцинді қарғайды. Қазіргі орыс ақыны Сергей Соколкиннің «...И не кончилось время на наших часах» деген өлеңдер топтамсынан мынандай жолдарды кездестірдік.

Гитлер – падла,

Ельцин – тоже!

*И народ – пацан, в натуре...*

А менты еще покажут –

кто и где

чье мясо съел.

.....

Гастарбайтеры достали,

а скины совсем тупые...

Где ты, дядя Сталин?!

Суки, –

Развалили СССР! [24, с.6]

**Анау-мынау** басылым емес, қадірлі «Литературная газетада» басылған бұл жолдарға іш тартатындар Ресейден табылғанымен, Қазақстаннан, Украинадан, басқа да бұрынғы одақтас республикалардан, әй, табыла қоймас. Тәуелсіздік – ғасырлық арманымыз. Ол көңілімізде ғана қонақтаған жоқ. Тоталитаризм аязы жүрек қарыған, бет қаратпайтын боранын ұйтқытып тұрған шақта да амалын тауып сыртқа тепті. Айталық, қазіргі тәуелсіздік романы қанатын тез қомдап, бүгінгі рухани керексінудің төрінен озса, мұның алғы шарты дер кезінде жасалғандықтан деп білуіміз керек.

Тағы да сол «Литературная газетадан» 1954 жылы Хрущев Қазақстанға орыстың бес орасан үлкен облысын сыйлыққа тартты [25] деген мақала оқып өз көзімізге өзіміз сенбедік. Мақала авторы – кездейсоқ біреу-міреу емес. Орыстың ортан қолдай кинорежиссері, Мемлекеттің Думаның депутаты Станислав Говорухин. Және сол Говорухиннің Ресейде жуықта өткен президент сайлауында Путиннің жеңіп шығуына мықты үлес қосқанын, оның бер жағында орыс жазушысы А. Солженицын мен бұрынғы генсек М. Горбачев Қазақ жерінің жартысы Ресейдікі деп өзеурегенін еске алсақ, осы біз неге сақтықта қорлық жоқ деген қазақ нақылын елеусіз қалдыра береміз деген ой өзінен өзі туындайды...

«Төртінші Римнің» кемел сөзі айналып келгенде бізге арналғандай: – Бауырым, қазақ, Солженицын – Горбачев – Говорухиннің ұлан-байтақ қазақ жеріне сұқтанған «давай-давайына» – абай бол! – дейтіндей, алдың – пейіш, артың – кеніш болғыр Мәкең, Морис Симашко ағамыз.

Жазушы Симашко көзқарасының көкжиегі мейлінше кең. Жеке басының тағдырын жалпы адамзат тағдырымен тоғыстыруға бейім. Және, керісінше, жалпы адамзатты бөле-жармас бір тұлғаға балайды. Саяси науқансыз іші кебетін Кеңес кезінде адамзатты сүйемдеушілерді космополитсің деп жазғыратын. Шын мәнінде, бұлар, Симашко сияқты, жеке мүддесін ұлттық және жалпы адамдық гуманизм мүдделерімен табиғи ұштастыратындарға жататын. Симашко қазақстандық патриот та, «адамның баласы – бауырың» (Абай) дейтін интернационалист те бола білді.

\* \* \*

Аталған тақырыпта жазылған ілкі мақалада негізінен өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында туған тарихи романдарды талдай отырып, тұлғалық, ұлттық, жалпы адамзаттық мүдделердің диалектикалық тоғысуы көркем шығармаларда қалайша жүзеге асқаны сөз етілді. Тоқсаныншы жылдардың жетекші прозасының қаһарманы ұлттық тұлға дәрежесіне ел азаттығы жолындағы күрес, айқас барысында бірте-бірте көтерілгені дәлелденді.

Біріншімен тақырыптас алдыңыздағы екінші мақала ХХІ ғасырдың алғашқы 10 жылында жарық көрген романдардың мәтінін талғажау етеді. Бұл көркем өнімнің тоқсаныншы жылдардың туындыларымен көп типологиялық ұқсастықтары бар, өзгешеліктері де жетерлік. Виссарион Белинский: «...если есть идеи времени, то есть и форма времени» деген. ХХ ғасырдың аяқ шені азат Қазақ елі үшін нарықтың өтпелі кезеңі болғанда, ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған уақытында ол енді бұғанасы бекіген, жаһан таныған тәуелсіз һәм демократияшыл мемлекет ретінде қалыптасты. Заманына қарай – әдебиеті. Ендігі шығармаларға өзгерістер еңбегі, соны бағыт, бағдар пайда болмағы, көркемдік жинақтау формаларының түлеп, түрлене түспегі табиғи нәрсе.

Тағы бір ескерте кетуге тиісті жәйт, ХХІ ғасырдың алғашқы 10 жылының сыбағасына тиген романдардың Кеңес кезінде жазылып, баспа тарапынан бұрмаланып шығып, енді жаңа дәуірде толық нұсқасында қайта жарияланғандары, тіпті жарық көрмей, қолжазба күйінде шаң басып жатып қалғандары да болды. Немесе, бірінші

кітабы теперіш көрмей шығып, 2000 жылы екінші кітабымен қосылып басылғандары да бар.

Соңғысына жазушы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романы жатады. Бірінші кітабы «Жалын» баспасынан 1997 жылы жарық көрсе, жаңадан жазылған екіншісі біріктіріліп оқырман назарына 2000 жылы ұсынылды.

Жазушы Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясының алғашқы екі кітабы («Ақ боз үй», «Мінәжат») кеңестік дәуірде, үшіншісі – «Жалған дүние» 2003 жылы басылды. Тұтас трилогия күйінде 2005 жылы жарық көрді.

Ұзақбай Доспанбетовтың «Ел есінде» романы 1983 жылы көптеген қысқартулар мен өзгертулерге ұшырап, мән-мазмұнынан жұрдай болып шықты. 2000 жылы басылған «Жылусыз от» сол шығарманың күрделі жөндеуден өткізілген соңғы нұсқасы.

Ал, Софы Сматаевтың «Біз – құлмыз ба, кімбіз?» романы айғайлап тұрған атымен-ақ кеңес баспагерлері мен журнал редакторларының зәресін ұшырды. Басылмады. Тек жазылғанынан сегіз жылдан аса уақыттан соң, 2005 жылы жарық көрді, онда да автордың өз қаржысына.

Бұл фактілерді келтіруіміздегі мақсат, туған әдебиетіміздің қашанда халқына керек сөзді айтудан тартынбағанын, не қиыншылыққа қасқайып қарсы тұрғанын, қара қылды қақ жаратын көркем шындық кенін қазуға аянбағанын, бодандықтың езгісі жағдайында да ұлт, ел мүддесі үшін Абылай аспас асулардан өтуге бар қайрат-жігерін жұмсағанын атап өту еді.

Шерхан Мұртаза «Ай мен Айша» романының «Жолашарында» «бала күнінде көргенін, естігенін» ортаға салғысы келгенін айтады. Ал, шығарманы бастан аяқ оқып шыққанында, «Ай мен Айшаның» идеялық-эстетикалық мән-мағынасы әлде қайда кең де терең екеніне көз жеткізесің. Роман қазақ ауылының өткен ХХ ғасырдың отызыншы, қырқыншы, елуінші жылдардағы сүрәмат тұрмысы, ауыр ахуалы, әлсіз үміт жетегенінде жүріп, тоталитаризм мен шовинизм қазған ордың жар қабағында тұрса да, құлап кетпей, әуірімдеп күн көріп, не машақаттың бәр-бәрімен жансебілдікпен алысқанын суреттейді. Әлі ат жалын тартып үлгермеген жас бала қыл көпір үстінде жүргендей күй кешеді, бірақ тегі мықты, қабылан характерлі ол, әлі келсін, келмесін жамандықтың жағасына жарма-сады, алысады, жұлысады, қалайда беріспеуге тырысады.

Роман-новелла секілді шағын-шағын әңгімелер жүйесінен тұрады. Әрқайсысына оқыс та өткір сюжет, сындарлы композиция-

ция тән. Бас-аяғы жинақы әңгімесінде бас кейіпкер Барсхан бастан кешкенін баяндаудан гөрі, көрген-білгенін суреттеуге бейім.

Шерхан Мұртаза «Ай мен Айшаны» жазуға «Қара маржан» романының, «Қызыл жебе» атты бес кітаптан тұратын роман-эпопеяның, көп-көп айшықты әңгімелердің авторы, белгілі драматург, аудармашы, Қазақстанның республикалық жетекші газет, журналдарының, радио, теледидарының абыройлы басшысы болып, Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты аталған соң кірісті. Енді өзі ел тұлғасы боп қалыптасқан кезде туғызды. Сол бай тәжірибенің нәтижесі «Ай мен Айшадан» айқын көрінеді. Шебер қалам жүздеген новелланы шашыратып алмай, үйлесімін тауып, басын біріктіріп, сом полотно жасайды. Бас кейіпкер өмірі барша новелланың алтын арқауы іспетті. Барсхан, қайсар шешесі Айша бұрынғы мекені тағдыр тауқыметімен Мыңбұлақтан Әулие-Атаға барып қоныстанып, бірсыпыра жылдан соң құтты мекеніне қайта оралады. Шеңберлі композиция (кольцевое построение) шығарма болмыс-бітімін тұтастандыра түскен.

Новеллалық құрылымының ұтымды жері, бас қаһарманның өткен күндерін бүгінгі дәуірмен тығыз байланыста кестелейді. Байланыс дәнекері – автордың бай дүниетанымы. Көбінекей екі-үш сөзбен түйінделетін пәлсапасы. Және ол селкеу шығып тұрмайды, оқиғаның өзінен табиғи туындайды. Шығарманың оқылымына игі әсер етіп, арынды ой арнасының былайғы жолына қызықтыра түседі.

Барсхан – Шерханның өзі. Яғни прототипі. Романнан іздестіретінің сол Барсханның бәрімізге белгілі Шерхан Мұртазадай асыл азаматқа айналуының бастапқы сұрлеудері.

Ойына не келсе соны істейтін, жанып тұрған шамның бүйірі томпақ шшасына түкіріп қалып шырт еткізіп сындыратын, сол тентектігі үшін шешесі Айшадан таяқ жейтін бес жасар ойын баласы кенет есейеді. Міне, осы тұстарда роман жанрының өзгешелігі, жеке адамның тағдыры мен дара санасын өзін тудырған аймақпен ғана емес, тұтас қоғаммен, қала берді ісі адамзатпен байланыстыратын қасиеті күшіне ене бастайды.

«Түн ортасы болар, мен Айшаның айқайынан ояндым. Елегізген шынысыз шамның сәулесімен сорайып-сорайып бөтен біреулер көрінеді. Олар Мұртазаны итеріп-итеріп алдарына салып алып кетті. Айша айқайлап арттарынан шықты. Дірдек қағып мен де шықтым. Серейіп-серейіп үш-төрт адам сай жаққа қарай кетіп бара жатыр. Сайдағы көпір сықырлады. Айша сайдың қабағына дейін қалмай барып еді. Мұртазаның даусын анық естідім:

– Қайт! Балалар қорқып қалады! – деді.

Түнгі аяз бұл дауысты қайталап шыққандай болды. Сықыр-сықыр дыбыс алыстап, Айшаның аяғының асты ғана қаршылдайды.

Айша есіктің алдында ербиіп тұрған мені көтеріп алып, бауырына қысып, аспандағы топ-толық Айға қарап:

– О, жаратқан, басқа-басқа, мына үрпек балапандай үш нәрсенің не жазығы бар еді? – деді.

Толықсып тұрған Ай бір аунап түскендей болды.

Мен ілезде есейіп шыға келдім.»

Өстіп көркем құрал қуатымен Кеңес кезінің қоғамдық бет-бейнесі жеке адамның тағдыры арқылы ашыла бастайды. Қоғам өмірі кең өрісті суреттелмесе де, бар назар Барсхан мен оның төңірегіне түссе де, баланың ендігі өмірі, қимыл-әрекеті, жан әлемі оны туғызған қоғамдық ортаның тұрпатын, ішкі мазмұнын әшкерелейді. Жеке адамның тағдыры адам өмірі сол қауымның бар тірлігімен қабысып жатқандықтан, замананың эпостық кең құлашты шындығына кенелеміз.

Жазушы бес жасар геройының бұл жолғы есеюінің жөн-жобасын бала түсінігіне шақтап берген. Жүрек шымырлататын, көзге жас алдыратын зардабының бір қырын ғана көрсеткен.

«Мен ілезде есейіп шыға келдім.

Енді мені қорғайтын Әке жоқ екенін сұңғылалықпен сезіп қойған сияқты едім.

Жаңа ғана жарқырап тұрған Ай бұлттың ішіне сүңгіп кетті де, жетімдіктің алғашқы түні жан-жақтан қаптап келе жатты.

Айша мені жетім қалған үйге жетектеп кіргізді.

1937-жылы жалмауыз жыл еді.

Қанатына қырау қатқан жас балапан мен едім.

Енді асықтан ұтыла беретін болдым. Бұрынғыдай ешкім болыспайды».

Келтірілген эпизод «Қырау қанат балапан» атты шағын новелланың үзіндісі, тамшысы. Сол қиттай тамшы – романның бар тұрқы-тұрпатының айнасы сықылды. Шап-шағын әңгімеде қилы-қилы мәселе қамтылған. Және сарынында Барсхан баланың даусымен қатар, үлкен жазушы, бүгінгі ел тұлғасы Шерхан Мұртазаның үні қоса қабат естіліп отырады.

Бала әкесінен айрылды. Бұған дейін «Қарны тоқ, қайғысы жоқ, киімі бүтін бес жасар ойын баласы» еді. Ауыл ағайын енді қырын қарай бастағанын бірден сезеді. Өзі айтпақшы «сұңғылалықпен». Бұдан былай Барсханның аштық-жалаңаштықта күн кешетінін білетін автор, сол кездегі елдің саяси ұсқынын («1937 жыл жалма-



уыз жыл еді») аз сөзбен анықтаумен бірге, ол уақыт тұрсын, бүгін де ашындырмай қоймайтын күйікті проблема туралы, нақтылап айтқанда, отбасының әкесіз қалуы жайынан ауыр ойларға жетелейді.

Бір кезде Шерхан қазіргі Көк байрағымызға бөрінің басын салайық деп ұсыныс жасағанда, биік мансапты адамдар күліпті:

«– Ай, осы жазушылар-ай, қайдағы жоқты айтады»...

«Халық жауы» Мұртаза Итжеккенге айдалған соң әкесіз, пана-сыз жетім үйге аштық, жалаңаштық кіріп, сіресіп жатып алғаны өз алдына. Өкінішті ойға шомылдыратын жәйт ол ғана емес. Талай отбасын әкесіздік зұлматына ұшыратқан жалмауыз 37 ғой, Құдайға шүкір, келмеске кетті. Бірақ, әкесіздік ағызатын көз жас тиылды ма? Тәуелсіз елдің некеге отырған жастарының жарымына жуығы айырылысып жатады. Тіпті балалы-шағалы болып қырқылжың қырықты жинаушы кей жігіттер балаларын, кішкентай періштелерді мөлітіп әкесіз қалдыруда... Әкесіздікті романының өзегі еткен жазушы қайдағы жоқты айтып отырған жоқ. Өткен қу жетімдік балалық шағын суреттеу арқылы бүгінгі қарадан қарап жүріп әкесіздік атты жұт шақырған ахуалға қатты ашынатынын білдіріп отыр. Ел мүддесін бәрінен жоғары қоятын тұлғаның ісін істеген. Әттең естір құлақ табылса ғой...

Жамбыл бір өлеңінде: «Батыры тұлға бола алмай, елдің түгі жығылды» деген. Қазақ халық поэзиясының алыбы батыр мен тұлға түсініктерінің арасында үлкен айырма бар екенін аңғарған. Батырлық та кім көрінгеннің қолынан келе бермейді. Бірақ тұлғаның жөні бөлек. Ол – ерлігінің үстіне Ел қамқоры да.

Айша – батыр да, тұлға да емес сияқты. Былай қарағанда, қатардағы еңбекші. Тапқан еңбекүніне тым құрса тіске басатын қорек тимейді. Колхоздың күні. Үй-мүлкін сатады, аннан-мұннан тасынады. Балапандарын қыт-қыттап жаны қалмай дән тауып асырап жүрген тауық тәрізді. Үй іші қамында жүрген адам. Бірақ қазан-ошақ қасынан шықпайтын ақжаулыққа да жатпайды. Түптеп келгенде, Айша – ірі типтік образ. Күні кеше ер адамдар майданға аттанды. Сонда бір жағы бала-шағаны, екінші жағы майдандағы жауынгерді кім киіндіріп-ішіндірді? Даусыз ақиқат: негізінен әйелдер. Сондай әйелдердің жуан ортасынан роман кейіпкері Айшаны да көреміз. Бұл жарқын бейнеден ержүректіліктің де, қамқоршыл тұлғаның да сыпаттары ұшқындап тұрады.

Романда Айша образы әр қырынан мүсінделген. Балаларын ғибратты аңыз, ертегі айтып ұйықтатады. Бұл жағынан ол – сұңғыла тәрбиеші. Қаршадай ұлдарының қиялына қанат бай-

лайды, жүрегіне адамгершілік сезім ұялатады. Ана байғұстың бала-шағасына жасаған қай қамқорлығын айтып тауыса аласың. Барсханның өжеттігі, не озбырлыққа көнбейтін, ешкімге есесін жібермеуге тырысатын қайыспас мінезі шешесіне тартқан. Автор анасының биік қасиеттерін белгілі бір оқиғадан туғызып бейнелейді, құр мадаққа бармай, үлкен такт, көргенділік әдеп сақтай отырып кескіндейді. Барсханның сүндетке отырғызылатын, бір жағынан күлкі шақыратын жайымен байланыстыратын оқиға айтылғанға айқын мысал.

Барсхан Айшаның алмастай кеспе-берен мінезінен ғана қаймығады. Шүмәтайының ұшын кертетін «хирургтің» қолына түсіп қалғанының көп себептеріне тоқтала келе, шешесінің мінезін бөліп айтады. «Айшаның айтқанын істемей көр. О, оны сіздер білмейсіздер. Ол бурыл тайдың үстінде жарбиып отырған мен тұрмақ, зіңгіттей Тасбет маңқаның өзін аттың үстінен түсірген. Тасбеттің өзінен де бар. Дереу тілдейді. Атаңа нәлет дейді. Құлақтың қатыны дейді. Халық жауының қатыны дейді. Айша бір шыдайды, екі шыдайды, тіптен болмаған соң, қызыл қырманның басында, шаршы топтың көзінше Тасбетті аттың үстінен тулақтай жұлып түсірген ғой...»

Сталиндік репрессия, тоталитаризмнің басқа да қызыл танау науқандарын жүзеге асырғанда әрдайым асыра сілтейтін, күн бір жауса, терек боп екі жауатын белсендизм болса, Тасбет бригадир сол ел, ұлт мүддесіне әрдайым қайшы іс істейтін кертартпалардан. Есімі де классицизм ағымын еске түсіретін үлгімен тауып қойылған. Жұртқа жаны ашымас қаражүрек.

Романның әр новелласы сайын айналып соғып отыратын және бір тұрақты кейіпкері бар. Тұманбай ақынның «Екі жұлдыз, екі бақыт көктегі, төбемізде тұрып алды кетпеді» дейтін өлеңіндегідей, аспан әлемінен. Жансыз болса да, жандыға есе бермейтін, шығарманың құлашын жазып, жаһанмен жалғастыратын образ – көктегі Ай. Шерхан романының аталымына кездейсоқ кірмеген. Ай мен Айша – екеуі де Барсханның балалық шағының жұлдыздары. Тұлғалыққа баулитын мектебі. Айдың Айшадан айырмашылығы, өзегі талып аштықтан кірпігі айқаспай жатқан Барсханды аяғанымен, жылуы жоқ. «Құр аяныш ауқат емес». Бір жақсысы, Ай мінезі аумалы-төкпелі. Айша мен Барсханның көңіл күй-жайына байланысты құбылады. Араға төрт жыл салып, туған жері Мың-Бұлаққа қайта көшіп келгенінде Ай мейірлене бастағандай көрінеді.

Мың-Бұлақ – тағы бір рәмізді образ. «Мың-Бұлаққа жетіп өлсем арманым жоқ». Бұл – Мұртазаның сөзі екенін Айшаның құлағына

жеткізген Сібірден аман-есен оралған Жайлау деген кісі. Айша мен Барсхан Мың-Бұлаққа қайта оралғандарына мәз. Бұдан былай «кірме» аталмайтындықтарына қуанышты. Барсхан туған жерінде бір түнеп, оқуына оралады. «Алдымда – Әулие-Ата». Осы үмітті екі сөзбен роман аяқталады.

Барсханның Мыңбұлақ атты жер Семейде де, Арал маңында Мыңбұлақ ойлауыты, Мыңжылқы Қаратау сілемінде бар екенін, Қазақ елінің батысында – Мың Қыстау, Балқаш өңірінде Мың Арал бар екенін – бәрі Қазақ елі - тас, қиыршығына дейін қимас, бауыр басқан өлкесі екенін іштей сана-жүрегімен сезініп, рухани баи түсетін кезі, кешегі шәкірт, жетімек Барсханның Шерхан Мұртаза атты суреткер жазушы дәрежесіне көтерілетін, ел сөзін сөйлейтін тұлға аталатын уақыты шынында да – алда еді.

Елге таяныш тұлға болуға жетігу субъективтік қасиеттерге һәм объективтік жағдайға байланысты. Жазушы Софы Смағайевтың «Біз – құлмыз ба, кімбіз?» деп аталатын романының кейіпкерлері Қобыланды мен Балта тағдырлары осындай ойға жетелейді. Колхоз комсомол ұйымының хатшысы Қобланды ауылшаруашылық артелінің жемқор төрағасы, қазіргі тілде коррупционер Мақанды әшкерелемеймін деп жүріп, өзі мерт болады. Бұл образ арқылы жазушы болашағынан дәмәттіретін азаматты қазақ ішінде сіңісті болып кеткен көреалмаушылық құбылыс құртатынын айтқысы келген. Субъективтік фактордың де рөлі осал емес. Москваның Болат институтын бітірген, талантты инженер, метал балқыту үдерісін тездететін қондырғы ойлап тапқан Балта қашаннан қасиет қашқан мақандардың шылауына түсіп, бір жағынан моральдық-тұрмыс мәселесінде азғындап, тұлғалық тұғырға көтеріле алмайды.

Қара күштердің басымдылығынан роман аспаны үнемі түнеріңкі. Жағымды кейіпкерлері Шығыс хиссаларының геройы секілді ұдайы михнат шегіп жүреді. Шығыс қаһарманы ақыр соңында мұраттарына жетсе, Софы романында зұлымдық пен жауыздық белең алады. Мақан мен оның Алматыдағы бөлесі, республика басшылығындағы бесінші рангтегі шенеунік Ғазиз Құлтановичтің істемейтіндері жоқ. Кісі өлтіреді, әйелдерді зорлайды, өздеріне қарсы шыққандарды қалайда құртып тынады. Жүрегі, таза, ел мүддесін бәрінен жоғары қоятын азамат Қобландыны аңға шыққанында Мақанның жандайшаптары қапысын тауып атып өлтіреді. Қуынып, кісі өлімінің ақиқатын анықтауға кіріскен Бектемірді мақандар 8 жылға түрмеге отырғызады т.т. Басында өндірістік романға ұқсайтын роман біраздан соң шырғалаң жанр (приключенческий жанр) кейпіне түседі.

Заман да, дәуір де Мақан мен Ғазиз Құлтановичтердікі сияқты. Бұл типтестер өмір пәлсапасын арамдыққа икемдеген. Тірліктің қасиеті – адалдығында, тазалығында деген Бектемірді Мақан мазақ қылады:

«– Оның бәрі сөз. Сөз ғана, Бектемір. Адалдық пен тазалық Сталин кезінде жоғалған. Хрущев тұсында көмілген. Қазіргі Леонид Ильич дәуірінде оның қабірі түгіл, иісі де жоқ. Әйтпесе ол анау төсінде саусылдаған салмағы бір пұттан астам темірлерді адалдықпен алып жүр деп пе ең. Ал бізге сонысы керек. Өйткені өзі былғанған басшы өзгеге батырып айта алмайды...»

Мақандарға сот жоқ. Тіпті ол туған қызы Гүлбаданды аямайды. Дұшпаным Қобландыға ғашық болды әрі бетімнен алды деп, бір ойма таз жасамысқа күйеуге зорлап бермек болады. Курстас қыздардың көмегімен Гүлбадан жан сауғалап қашады...

Мақан милиция мен прокурорды оп-оңай сатып ала қояды. Әлі келмей бара жатса, Алматыда бөлесі – Ғазиз Құлтанович отыр. Бұның күші... – татар әйелінде. Соңғысы ең дөкейдің татар әйелімен әмпей-жәмпей.

Қаратүнек күштерден мойны астынан келетіні Мақан ғана. Онда да кеңестің жазалаушы органдарының күшімен емес.

Романның ең соңғы беттерінде Ғазиз Сұлтановичтің даусында діріл пайда болады.

– Леонид Ильич... Бүгін қайтыс бопты. Енді не істейміз?

– «Енді не істейміз? Маған бәрібір» деп Балта состиып тұрып қалды».

Романның түнерген қабағы жазылмайды. Автор болашағынан көп дәмәткен кейіпкері Балтадан әбден күдер үзгендей. Романның бас шенінде ол әділетсіздікке мойымайтын жігерлі жігіт көрінетін. Колхоз бастығы Мақан Мәскеу институтын жаңада ғана бітіріп келген жас жігітті «жетім әйелдің жетімегі жетілген екен» деп келемеждейді. Станцияға апаратын көлік бермей қояды. Балта ащы ішектей созылған қара жолға түсіп станцияға қарай жаяулайды. «Мақанға тиген шексіз биліктің құдіреті ақшасының көптігінен бе екен?» деген ойға беріледі. Мақандарға неге тиым салынбайды? Аудан, облыс, республика? «Біз – құл емеспіз ғой?»

Міне, осы құл еместігін жариялайтын герой шығарма барысында нашар қылықтарымен көрінеу қарын аштыра бастайды. Роман «Түйінінде» автор ел мүддесі үшін табанды күреске шығуға бел байлай алмаған геройының түзелер-түзелмесіне күмәнді екенін анық сездіреді. «Даласының сол қара жолымен Балта енді жүре алар

ма? Қара жолдан ауып кеткен табаны қайтадан майда топырақты жалаңаштанып қайта баса алар ма?»

Ендігі Балта – жүзі мұқалған, майырылған балта. Әсіресе адамгершіліктен аза бастағаны түңілдіреді. Өзін Алматы институтына жаңа орналасқанында ақысыз, пұлсыз пәтерге тұрғызған, туған баласынан кем көрмей қамқорлық жасаған Василий Сергеевич жаман аурумен ауруханаға түскенінде көңілін сұрап кіріп-шығуға да жарамайды.

Сережа атты әріптесі Балтаға: «-Кейінгі кезде, шеф, сіз де сұйылып кеттіңіз» – дейді. Балтаның дүниеге көзқарасы да өзгерген. Оның ойынша Василий Сергеевичтердің заманы өткен. Адам адамға бауыр емес, қас, дұшпан. Әркім өз көмейіне тықпалағыш.

Балта заманының бұзылғанына жауапкершілікті Брежневке артады. Қобланды сияқты ел, ұлт мүддесі үшін бел шешіп күреске шығу кәперіне де кірмейді. Ондай қасиеттен баяғыда жұрдай болған. Тіпті сорлағаны сондай, өз жеке басының мүддесін қорғауға да әддісі жоқ. Жазған мақаласына сонау Шымкенттегі бөгде біреулердің соавтор болғанына да қарсылық көрсете алмайды. Тек заманын қаралай беруге шебер. Ондай бейшарадан не үміт, не қайыр...

Софы романын оқып отырғаныңда тағы бір маңызды мәселеге көңіл бөлмеуге болмайтынын сезінесің. Ол – тілдік тұлға мәселесі. Тілдің бар қасиеті деңгейлерін бірдей меңгеру де ел, ұлт мүддесіне тікелей қатысымды. Тіл инновациясы ше?

«Қазақстан – 2050» стратегиясында «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» делінген. Межелі мерзім – 2025 жылға қарай қазақ тілі өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналуы тиіс. Бұл ұлттық мүдде жеке мүддемен ұласқанда ғана жемісін бермек. Елбасы «Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, өзін қамшылауы тиіс» дейді.

Қойылған талаптың көркем әдебиетке қатысты жағын топшыласақ, әр қазақ үшін «өзін өзі қамшылаудың» мағынасы кеңейе береді. Дүние жүзінде үшінші индустриялық революция қанат жаюда. Мұның мәнісі - тілімізге жаңа термин, сөздер үсті-үстіне қосыла бермек деген сөз. Шет тілінен енген сөздерді ана тілімізге тиісінше аудару, тілді заманға сай үйлестіру, сөйтіп ана тіліміздің мерейін үстем ету, Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында (2012) айтылғандай, – абыройлы міндет.

Жазушы Софы Сматаев романының кейіпкерлері металлургиялық заводта, сонсоң сол саланың инновациясымен шұғылданатын ғылыми мекемеде істейді. Софы, мысалға, «мастер смены»

сөзін «ауысым шебері», «квартплатаны» - «жамбасақы», «плавканы» - «балқыма» деп аударған. Кей халықаралық терминге анықтама беріп отырады. «Шамот, динас, магнезит» сөздерін – отқа төзімді минерал заттар деп түсіндірген.

«Футеровка, яғни ішкі шамот сылақ осалдау шықты. Көп жері үңірейе сойылып, сыртқы металл қорапқа сәл-сәл тимей қалыпты. Бұл қалпында футеровкасы бір балқымадан артыққа шыдамайды. Ал әр балқымадан кейін агрегатты сылап, шегендеп жату қол байлайды. Балтаға тағы біраз іздену қажет. Шамотты, династы, магнезитті байқап көруі керек».

Құлағың үйренбеген соң ба, металлург маманы болмағандықтан, осы сурет әденеше рет оқыған соң барып қана көкейіңе әрең-пәрең қонатындай. Ол үшін жазушыны жазғырудың да орынды, орынды емесіне көзің жете бермейді. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде таза орыс сөздерін қазақшаға айналдырғанын, ал жаһан тілі болып кеткен шет сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиісті таппағанын жазады.

Софы Сматаев жан көріністерін, екі жастың үлбірек еріндерінің табысуынан туған сезімдерді суреттеу үшін теңеуді тіпті техника терминдерінен іздеп табуға тырысады. Кейіпкерлердің «Тұла бойы шымыр-шымыр. Денемен миллион ваттық ток жүріп жатыр». Сезім туланысының өлшеміне дейін анықталады. «Қан тамырларда тоғызыншы валдың нар толқындары сапырылыса, жентектеле, шарпылыса соқтығып жатыр».

Өзінше бір тәжірибе. Әдебиетімізге етене болып сіңіп кете ме, кетпей ме, оны уақыт көрсетеді.

Жазушы Ұзақбай Доспанбетовтың «Жылусыз от» романының арқау-өзегі – Ұлы Отан соғысының аяқ шені мен соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру дәуіріндегі елдің ауыр ахуалы. Роман аты дәл тауып қойылған. Қазақ ауылының соғыс және соғыстан соңғы дәуірдегі қалт-құлт өмірінің оты өшпегенімен, берер жылуы мәз емес еді.

Бүлдіршін балаларынан бастап, орта буын, кәрі-құртаңы бар – ұрпақтың, алдымен әйел жұртының соғыс ауыртпалығын мойнымен көтерген коллективтік, ұжымдық тұлғасы көз алдында кино лентасындай сырғып өтіп жатады. Жылусыз от болатын жәйтті бір басына жетерлік.

Қазақ – балажан халық. «Балалы үй базар, баласыз үй мазар». Сөйдейтін қазақтың саны тым мардымсыз. Роман геройының бірі айтатындай, қазақ әйелдері баланы табуын табады-ақ. Бұл жағынан

көрші Қытайдан кем соқпайды. Бірақ халық саны өсіп жарытар емес. Жылуы аз сұрқайы өмір кешкендіктен.

Мейірлі, ақ жүрек ана Өркенай он екі құрсақ көтерді. Содан тірісі – Қалима ғана. Сол жалғызы қит етті шешесін аямай таяққа жығып тастайды. Кішкене күнінде жақсы көріп күні бойы еркелетіп төбесінде ұстайтын сіңлісі Алтынай, сырт жерде салқын шырай танытса, өз үйінде мүлде қатыбас...

Ұзақбай романы өмір өзенінің түбіндегі тұнбасын, қоймалжың-қойыртпағын ақтарға отырып, тым түңілдірмейтінін де айтуға керек.

Қазақ – Ұлы Отан соғысы жылдары жойқын ерлік жасаған халық. Майданда қанын төксе, тылда жанын бергені, күн демей, түн демей еңбек етті. Бұл – бүкіл Кеңес елі мойындаған шындық. Одақтың жетекші газеті, КПСС Орталық Комитетінің органы, Сталиннің оң көзі «Правда» газеті 1943 жылғы 6 февральда «Славный казахский народ – в борьбе за Советскую Родину» атты бас мақала жариялады. Мұндай бүтін бір халыққа берілетін ресми баға Жоғары Қолбасшы И.В. Сталиннің мақұлдауынсыз, жә болмаса тіке нұсқауынсыз жарық көрмейтіні өзінен өзі белгілі. Енді сол бас мақаладан үзінді:

«Хорошо быются казахи на фронте, хорошо работают их отцы, матери, жены в тылу. Казахстан могуче подпирает фронт всеми богатствами своей земли, всеми сокровищами своих гор. В каждом снаряде, опустошающем ряды гитлеровцев, есть часть казахской природы, есть доля казахского труда. Казахстан близок и дорог советским людям. Любят у нас прямую, открытую, мужественную душу казаха, его скромность, его верность».

Өзі қан майдан қарсаңында туған, шығармасында негізінен соғыстан кейінгі титықтаған ауылдың азап-мехнатын көзімен көрген Ұзақбай, бұл ұлы шындықтың күнгейін де, көлеңкесін де зердесінде мықтап сақтаған.

Романдағы аяғын сылтып басатын, сары төсек болып ауырып жатқанда не түрлі хиссаны оқып, ел-жұртқа судыратып жатқа айтып беретін Ұлан есімді балақан болашақ жазушының прототипіне ұқсайды. Сол баланың және көкірегі сәулелі Рәш сияқты кейіпкердің көзімен, ара-тұра авторлық араласу жолымен майдан тылының бар ауыртпалығын көтерген күш нақты айшықталады. «Правда» газетінің жойдаусыз ойсаң күшті ойтолғағын еске түсіретін романның өзге кейіпкерлері бір төбе де, майданға аттанғандардың қара қағазын алған жесірлер, не жараланып қайтқан, не құр сұлдері қалып оралғандардың жары, немесе, әлі де соғысқа кеткен күйеуін

зарыға күткен бұрымдылар бір төбе. Шығармада тылда ерлік еңбек еткен қазақ әйелдерінің образдық тұтас галереясы жасалған.

Соғыс жылдарында, соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру уақытында әйелдердің істеген ісін, нәзік иығымен көтерген зілбатпан жүгіне шыдас бергенін роман тосын да толымды теңеумен таңбалайды. «Өгіз екеш өгіз де ол ауырлыққа шыдамайтын. Аузынан сілекейі шұбырып, мойынтұрықты көтере алмай арбаға жүк тиеп, не түсіргенше гүрс етіп құлап түсетін».

Майдандағы сүйген жары шейіт кетіп, қара қағаз алған Тәнтібаланың үш баласы, енесі қолына қарап қалады. Жалғыз перзентінен айырылған етженді енесі Қамарға қарағанда ол байғұс тез солып бара жатады. Арба айдап бара жатқанда Тәнтібаланы жолықтырған ауылдас кемпір оны танымай қалады. Өңі-түсі қап-қара, әйел порымы қалмаған Тәнтібаладан: «Қарағым-ау қай баласың, танымай қалдым ғой дегенде жылап жіберіпті: «Әй, шешей-ай, биыл күзге жеткенше, жүзге жетеміз ғой!»

Тәнтібала салы суға кетіп жүрсе де, колхоздың не дәртесіне де мойын сұнып жегіле береді.

Жеке отбасы мүддесін артельдің ортақшыл мүддесімен қиюластыра білетін салиқалы әйел Бәтжан романның бетке шығар кейіпкерлерінің бірі. Таңның атуы, күннің батуы қызылшада, не пішендікте, не қырман басында бел жазбай жұмыс істеп жүргенін көреміз. Соғыстан жараланып қайтқан қоймашы күйеуі Әбдіраш қызметінен кеш қайтады. Ол келгенде Бәтжан әлі оралмаған. Екі бала – Өміртай мен Ұлан ұйықтап қалған. Бәрібір Бәтжаны жұмыстан қайтқанша жатпайды. Шаршап шалдығып келсе де, күйеуінің тамағын істеп беретінін біледі...

Көңіліңді жылытып, е, бәсе, кешегі Қыз Жібек пен Баян сұлудың сіңлісі, бертінгі Әлия мен Мәншүктің құрбысы осындай болуға керек қой дегізетін Алуа образы – тек Ұзақбайдың ғана емес, жалпы қазақ романының жетістігі. Шығарманың эмоционалдық әсерін күшейтіп, оқыған сайын биіктей беретін қазақ әйелінің үлгі тұтар тұлғасы. Күйеуінің соғыста опат болғанын кездейсоқ естіп, көктемде қызылша егісінде мезгілінен бұрын босанып қалған Алуа, тумысында қайратты еді. Тез оңалып, бұл маңайда сирек кездесетін ажар, көркін титтей шетінетпей қалпына келе қояды. Табиғат бұдан сұлулығымен қоса, өр мінез, мірдің оғындай тілді де аямаған.

Жылқышының қызы Алуа жастайынан ерке-тотай, ат құлағында ойнайтын от-жігерлі болып өсті. Сол мінезіне келін боп түскен ауылы той үстінде беташар рәсімін өзі атқарғанынан бері қанық. Тойға шақырылмай ұмыт қалған бір шал келіп айқай-шу көтергенде,



үй иелері қаһарлы қарттың таяғынан бас сауғалап бұқпантайлай береді. Сонда қарияны райынан қайтарып батасын алған осы жаңа түсіп жатқан келін болған. Тойдың шырқы бұзылып бара жатқанын сезген Алуа, бетін көлегейлеген шымылдықты серпіп тастап, іргеден шыға келеді.

– Ата, қапаланбаңыз. Беташардың толық кәдесі әлі жасалған жоқ. Ол сіздің жолыңыз, міне сіз аштыңыз деп, ақ жүзін жарқ еткізіпті...

Әйелдермен бірге шөп жинасып жүрген Сәнбе молда келіншектердің қайнатқан шайына қана қоймай, салқын су сұрайды. Күйеуі Айдарханнан айырылған қайғысын жүрегінің қай түкпіріне тыққанын кім білсін, Алуа орнынан лып етіп жеңіл көтеріліп, бұл жақтың ойын-тойда, жалпы көңілді отырыстардағы әдетін жасайды. Ол әдет бойынша ішімдікті жырлап береді. Оны ішпей кері қайтаруға жол жоқ.

*Стақаным толи-толи  
Оң қолына тұтали  
Жеңгең жырлап берген шақта  
Қылқылдатып жұтали.*

Суды бірінші болып жырлап берген Алуадан кейін әйелдер бірінен соң бірі шіретке тұрғандай жан баласының көңілін қалдыруды білмейтін, әр жас келіншектердің ілтипаты көңілін тасытқан молдекеңді әбден әуреге салады. Жапырылған күлкінің үстінен шыққан, әйелдерге бір ұрысса таң бозарғанға дейін ұрсып бақыратын колхоз бастығы Рәштің де алғаш тауын қайтаратын осы Алуа. Алуамен, басқа әйелдермен сөз жарыстырудан таза ұтылып не дерге білмей, Рәш сасады.

Осы тұстарда қазақ әйелдерінің ұжымдық образы, кеудесін тік ұстайтын өр мінезді, осып түсетін өткір тілді бейнесі жарқырай түседі. Не қоқайды көрген бастық Рәш жеңіле бастағанын сезіп ат үстінде отырғанын пайдаланып, айбын шегеді. Қамшы үйіреді. Мына қылығы оларды онан сайын құтыртады. Ығатын, ат бауырын-да қалармыз ау деп қорқып үріккен әйелдер жоқ:

«– Төбемізде қамшы ойнатып, бірдемеге жетем деп пе едіңіз?

– Басеке, тізгінінізді қаттырақ тартыңыз, ортамызға омақата құлап, бөлісе алмай жүрерміз.

– Бұ несі, ат бауырына салатындай, мал беріп қайсымызды қатын қылып алып едіңіз?

– Маған қамшы сілтейсіз, алыстан болжап, шүйілген қызыл түлкіңіз ме болғаным ғой сірә».

Салғыласудан ұтары шамалы екенін сезген Рәш атының басын бұрып, тайып тұруға мәжбүр болады...

Рәш – ағаш белсенді емес. Романның жағымды кейіпкері. Не түрлі хикаяларды бастан өткізген соң екі жыл оқу оқып қайта оралғанда жұртпен дікең қағып сөйлесетін дертінен де арылады. Бір басына қайғы-қасірет, драмасы да жетерлік. Соғыста жараланып, төрт ай ішінде елге оралғанда әйелі Мағрипа бір кәртеңдеу кісіге күйеуге шығып кеткенін біліп санын соғады... Өзі бала таптыртып қойған Сақыш атты қызға үйленгісі де жоқ. Алуаның кекетіп айтып тұрған «қызыл түлкісі» сол сүйкімсізі... Мағрипаны ұмыттыратын әйел болса, ол – Алуа. Алуаға сөз салып көріп еді, маңына жуытпады. Ақыры оқудан оралған соң іріленген колхоздың орынбасары боп тағайындалғанда басқа ауылға көшіп, Мағрипасымен қайта табысып, көлденеңнен тапқан баласын да ала кетеді.

Рәштің Алуадан күдер үзуінің және бір себебі, қара қағаз келген Айдарханның тірі боп шығып, елге оралуы болатын.

Осы тұста сюжет желісі сымдай тартылады. Айдарханның ұсқыны Виктор Гюгоның «Париж құдай-ана соборының» («Собор Парижской богоматери») геройы Квазимодан да жаман күйде еді. Квазимодоның беті адам көргісіз болғанымен, мінетін аяғы сау еді ғой. Ал, Айдарханның сол жақ беті құлағына дейін сыдырылып түскені үстіне, екі аяғы қос тізеден жоқ. Беліне дейін қалың былғарымен қаптатып тастаған...

Роман тағдыр тәлкегіне ұшыраған Алуаның психологиялық ауыр күйін құттықтауға келген ағайын жұрттың көзімен шебер жеткізеді. Ел көзінен таса қалатын нәрсе бар ма. Еңкейіп күйеуін құшақтағанда Алуаның өңі сұлқ түсіп кеткенін біреулер байқап та қалады.

Айдархан жиналған ағайын жұрт көзінше арыла сөйлейді: «Алуажан, мен өзіңді, балаларды көріп қайтуға келдім. Мына қалпыммен саған күйік болмаймын, өкіметтің біз сияқты жарымжандарға арнаған үйі бар, соған кетемін». Хор қызынан шыққан әйел саналатын Алуаға кімге шығамын десе де – жол ашық. Бірақ қайтсін, характеріндегі қазақы шүкірлік мінез жеңеді. Қыздай қосылған жарымжан жолдасына жауабы қысқа қайырылады: балалардың, менің қасымда қарайып отырғаның да жетпей ме... Қаптаған жесір мен жетімнің ортасында бізді ешкім қорсынбайды.»

Роман Рәштей геройының аузымен, соғыстан кейін де көп жылдар бойы ауылдың бас тұлғасы қазақ әйелі болғанын нақтылы,

иланымды көрсеткен. Халқына, қазақ әйеліне деген мақтаныш сезімді мейлінше қарапайым, айғайлатпай, ұрандатпай берген. Мал азығын даярлау науқаны басталған кез. Сонда Рәштің бір байқағаны, қара құрым әйелдердің қасында ер адамдардың шалғы шабарлық көзге көрнектілері түкке тұрғысыз екені. Көбісі ауру-сырқау, шал-құтандар. Бұғанасы қатпаған жас балалар...

Қазақ әйелінің жараға толы жанына қаяу түсіруге, сол ауыр жылдардағы ел тұлғасына лайық бейнесін аласартпаққа тырысқан қайсыбір Сапар секілді белсенділерге роман жиреніш сезімін туғызады. Сапардың жасы Рәшпен шамалас. Бірақ босағасы опырайып жылаған әйел көрсе, сұқтана жымыңдап жылпың қағады. Рәш әйел намысын аяққа таптағысы келетін Сапарды қарғайды да. Жесір қатындарды аямайтын арам ниетіңнің қапысы алдыңнан шығар дейді. Айтқаны келеді де. Біраз жыл колхозға бастық болғанда ұжым қамбасын талан-тараж еткен Сапар бастаған құзғындар лайықты жазасын алып сотталады.

Ұзақбай романының философиялық сипатты оқыс қорытынды жасайтын финалы өте-мөте сәтті шыққан. Әдетте қылмыс жасағандарды сазайын тартты, бәлемдерге сол керек деп жатамыз. «Жалынсыз от» пәлсапасы өзгеше.

Романның соңғы Х-ыншы тарауы: «Жоқ, жоқ, сенім ұлы қасиет» деген тебіреністі ойдан басталады.

«Сенім» сөзін жазушы иланым мағынасында қолданған. Адам - өз сенімінің құрбаны. Ақиқаты нан-тұзы таусылғанда ашылмақ.

Ел мүддесін өз мүддесіне құрбан ететін Месқұлды алайық. Елі, жері сүйсе, денесі мінезіне сай сом жаратылған, шаршау-шалдығуды білмейтін адам тау қопарар еді ғой. Жоқ, сенімінде ондайдың исі де сезілмейді. Қарақшылық айла-шарғысы сұмдық, арамзалығына найза бойламайды. Соғыста жараланып госпитальға түскен соң майдан жаққа қайта бармас үшін медициналық өнерлі жұрт – орыс дәрігерлерінің өздерін алдап соғады. Көзін рабайсыз бақырайтып, қолына не түссе, соны үнсіз-түнсіз сындыра береді, сындыра береді. Ақыры госпиталь Месқұлды пойызға салып, қасына ауылына апаратын серік қосып беріп еліне қайтарады.

Елге қайта Месқұл ежелгі кәсібі ұрлығына кіріседі. «Ұрлық түбі – қорлық». Қылмысы анықталып ұстауға келгендерді тағы да алдап соғып қашып кетеді. Ұрлық-қарлығы ұмытылды-ау дегенде ауылға оралады. Кең қолтық елі ұстап бермей колхоз жұмысын жегеді. Жалқаулығын былай қойғанда, Месқұл ештеңеге жаны ашымайтын мерез де еді. Егіс науқаны басталған шақ. Жалғыз тұқым сепкіш машинаны жүргізетін Жаманқұл ауырып қалып, орнына қойған

Месқұл қайтеді. Ауданнан әкелген қымбат тұқым бидайды көрінеу ысырап қылған. Тұқым бидай біркелкі түспей әр жерге қос-қос уыстан төгіліп қала берген... Қазақ нанды қасиет тұтады. Жоғарда қойылған нанға қолың жетпесе, аяғыңның астына құран қойып алуыңа болады, ал сол жерде құран тұрса, нанды аяғыңмен басуға болмайды. Месқұл мұсылмандық сенімнен де жұрдай...

Месқұл мерездің өлімі романның сенім туралы пәлсәпасына анық мойындатады. Месқұл қарағай кесуде жүріп, ет тәттілігін қоймаса, мен ұрлығымды қоймас едімнің керін келтіреді. Біреудің тоқтысын жалғыз өзі сойып жеп, етке қақалып, жан тапсырады.

Роман Әбдіраштың аузымен тағы да қайталанады: Месқұл құлқынның құлы еді. Кім неге сенсе соның құрбандығына ұшырайды деп түйеді.

Тарау басындағы рефрен есепті жол қайталанады: «Жоқ, жоқ, сенім ұлы қасиет».

Дүниеқоңыз Алтынай жан тапсырар алдында облигациядан ұтқан қаражатты өз баласына да қимай отқа тастайды. Іштарлық сенімнің соңғы серпкен тұяғы...

Сенбек молда төрт аяқты жануарға дейін жіктеп, мынаның еті адал, мынаның еті арамға санап жүріп, ауруға шалдығады. Арақ харамды аңдаусызда жұтып жіберген. Адал, арам хақындағы сеніміне дақ түскендіктен, екі көзінен айрылады, су қараңғы болады.

Сенім пәлсәпасы не үшін қайталана береді дейтін емес. Түпкі идеясы – ел мүддесі, ұлт болашағын ойлаудан өріс алады. Роман келешек жас ұрпаққа Әбдіраштай геройының аузымен ақ тілегін ақтарыла айтады: «...сендер шын мәніндегі үлкен мұратқа бастар сенімнің жалына жабысыңдар...»

Халық болған соң елге тұлға боларлық ер неге тумасын. Жазушы Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясы кешегі коммунистік тоталитаризмді сондай төбедей тұлғалардың трагедиясын сатылап, үлкен көркемдік қуатпен көрсетеді.

«Байғыз қанаты сыпылдап, аздасын беталды ұша жөнелді.

Құм басында қалған екеу осылай өтті дүниеден».

Екеудің бірі – Пахриддин. Мыңғырап байымаса да, ауқатты орташа шаруасы бар қожалық иесі ауылдың да қорғаныш, сүйеніші еді. Енді міне кулак атанып қуғындалып, тұз далада бір үзім нанға зар боп, бәйбішесі Сырға екеуі жарық дүниемен қоштасуда. Байғыз сұңқылы жамандық шақырып, онсыз да елсіз өлкені онан сайын құлазыта түседі.

Роман-трилогияның «Ақ боз үй» аталатын бірінші кітабының финалы өстіп қайғылы аяқталса, екіншісі «Мінәжаттың» соңы болайын

деп тұрған азамат Шегені кулактың қызын алдың деп қуғынға салуын баян етеді. Ақыры талма ауруына шалдыққан Шеге «... ертеңі не болады? Білмейді». Себебі «Жалған дүние» аталатын үшінші кітаптан анықталады. 1944 жылы жарымжан, ауру-сырқаулы мүгедек Шеге тағы да ұсталған... Трилогияның сол үшінші кітабының бас геройы, елдің ең үміт артар ендігі тұлғасы - жазушы Едігенің де өмірі орта жолдан үзіледі.

Смағұл Елубай романының о дүниеге озатындарының көбісі - сталиндік репрессияның құрбандары. Тек үш кітаптың финалының қайталана беруі үстіне, тоқырау заманында өмір сүретін, нағыз қайрат көрсетер дер шағында о дүниеге озған Едіге тағдырының оңай таусылуы көңілде біраз сауал туғызатынын айтуға керек.

Едіге – Алматы, Мәскеуде оқыған, шет елге шығып жүрген мол парасатты, талантты адам. Шыққан тегіне көз жіберсек, оны да осал деуге келмейді. Қарақшылардың қолынан қапыда қаза тапқан әкесі Бұлыш – құралайды көзге ататын мерген. Әжесі Дәу апа – характері қайраулы қылыш. Қашқын баласы Бұлыш үшін түрмеге қамалғанда Сталин заманына, халықтар көсеміне ел атынан үкім айту дәл Дәу апаның үлесіне тиеді.

Аудандық НКВД нәшәндігі Сұржекей жоғарыдан түскен жоспарды орындаймын деп елдің белсендіден басқа бетке шығар еркегін құртып тынған соң ауылдағы кемпір-сампырға ауыз салады. Бірақ Дәу апаны қамауға дәті барса да, жүзін көруге жүрегі дауаламай ел аралауға тартып отырады. Айбынынан сескенеді.

Не қиыншылықты басынан өткерген, әрі батыр, әрі ақын, әнші атақты Мәдидің өзі: «ішіне қараңғы үйдің кіріп барсаң, көңілің су сепкендей болады екен» демеуші ме еді. Ал, Дәу апаны абақты жасыта алмайды қайта алмас характерін қайрай түседі. Түрмеде Дәу апа айқайға басады. Сұржекейдің келуін талап етеді.

«– Шақыр бермен, ЕНКВ бомақ тұрмақ, анау мұртты Құдайы – Сталиннің кіндігінен салбырап түссе де, ит терісін басына қаптайын, харам неменің...»

Мұны естіген милиционер Қозбағар шошып бебеу қағады: «Ойбай, апа, Сталинге тіл тигізбеңіз!»

«– Әдіре қал, өй жаман Уәптің боқмұрыны! Шешеңнен артық болып па Сталин? Әкеңнен артық болып па? Сол мұртты көсеміңе алып баршы мені, көрейін, қайдан шыққан Құдай екенін! Ит терісін басына қаптап берейін, анасынан арам сүт емген, ондай харам жеңдетті!»

Қозбағар су берсе, Дәу апа харамдардың қолынан нәр татпаймын деп бас тартып, теріс қарап жатқан алтыншы күні жан тапсырады.

Дәу апа сталиндік сұм заманның өзі сындыра алмаған жойқын характер, ноян тұлға.

Едіге өзіне қойған есімді ақтап, ел қамын жеп, кеңестік тоталитаризмнің қоябасын шығаратын роман жазады. Романы жарық көрмейді. Идеолог хатшы кеңес береді: дәл қазір 32-нің аштығын жазуды жағдай көтермейді. Киносценарист мамандығың бар. Үлкен кісі туралы фильм қоюға керек. Соның сценарийін жазсаң қайтер еді?

Осы тұстарда Дәу ападай өр тұлғаның ұрпағы морт сынады. Едігенің ішкі әлемі қақ жарылып, екі адам болып айтысқа түседі. Ішкі диалогқа қатысатынның бірі – Өктем Үн. Екіншісі – кейіпкердің «Мені».

Өктем Үн – көзқарасы ресми орындардың пікірімен сыбайлас. Сөзі былайша сапталады: кешегі соғысты бастан кешкен ұрпақ өкілімін. Барға – қанағат. Менде қызмет те бар. Абырой да бар. Ақшам да жетеді. Қазақтың жағдайы ешқашан мұндай болып көрген жоқ. Әр үйде бір-бір машина. Апта сайын той. «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын заманың» осы. Партияға рахмет! Леонид Ильичке рахмет!

Еш өтірігі жоқ шындық. Бірақ кейіпкер «мені» олай ойламайды. Өктем Үнді одан әрі сөйлетпей тыйып тастайды. Өктем Үн ресми саясатты қолдайды. Сол үшін зиялыларды айыптауға көшеді. Сәкен Сейфуллиннің белгілі өлеңін келтірмесе де сол ақын сөзімен әжуалайды. Кімнің қолында тары болса, соның қасына үйірілетін тауыққа теңейді. Қазақ интеллигенциясын қоғам, ұлт, ел мүддесін тілегін қорғаудан қалғаны үшін жерден алып, жерге салады. «Сендердің арқанда құрдымға кеткен жалғыз Арал ма?!.. Сендердің арқанда құрдымға қазақ тілі мен діні де кетіп барады емес пе?!» – деп сөгеді. Бұл да – бұлжымас шындық еді...

Алайда, Өктем Үн қарсы дау айтады. Сен аспаннан түскен жоқсың. Зиялы қауымның «үлгісін көріп, тәрбиесін алып өстің! Өнер қудың. Ол кімнің арқасы? Сен кеше ауылдан келген «қойынынан бөзі, аузынан сөзі» түскен бала емес пе едің?! Сенің көзінді тырнап ашқан кім еді осы, қазақтың игі жақсылары болмаса!!!»

Едігенің екінші «Мені» ішкі диалог айтысында жеңіледі: «Жә, қойдым! Бәріне де өзім кінәлімін.»

Жеңіліп қана қойса бір сәрі. Іш қысастығынан Едіге... қу медиен қу далада қаңғып жүріп өледі.

Міне, осы тұста ғой оқырман көңіліңе дұдамалдық кіретіні. Әу деп басталғанда-ақ ел, ұлт мүддесін қорғайтын тұлғаны дәріптейтін,

оған сай еместерді сын отымен қаритын шығарма кенеттен дәстүрлі «Кім кінәлі?» проблемасын алға тартады.

Романның Пахриддин сияқты кейіпкері шынында да елді апат кесірінен құтқаратын күш іздеп шарқ ұратын. Келісті тұлға таба алмай қан жылайтын. Өткен күнге топырақ шашқан большевик белсенділер: Ждақайлар, Сұржекейлер, Бұқарбайлар басқарған елдің күні не болар?- деп күйінетін. Қойдай қоңыр халықты тақымдатып, талатып, тырқыратып, торғайдай тоздырған иттер күндердің күні Құдай алдында жауабын берер дейтін.

Трилогияның үшінші кітабы «Жалған дүниенің» бас геройы жазушы Едіге жазған романында сол белсенділердің сазайын берген де шығар. Тек көңілге қаяу түсіретіні, Пахриддин арманын жүзеге асыратын күрескердің көріне бере көзден ғайып болатыны. Едіге шығармасы жарық көрмесе де, өзі жаңа заманның қайраткері еді ғой. Ол рөлінен неге бас тартады? Ол неліктен өз мұраты, ел, ұлт мүддесі үшін күреспей күрт омырылады?

Осындай сауал туатынын сезгендей, роман Едігедей кейіпкер тағдырына жаһандық тақырыпты иіп алып келеді. Енді Едіге «Сен тұрмақ, байғұс адам, сенің өмірің тұрмақ, мына қара жердің де ғұмыры, басы не аяғы жоқ, асты не үсті жоқ, шеті не шегі жоқ жаратылыспен салыстырғанда қасқағым емес пе?!» «Сен, пақыр, жүнжірсің. Адам өмірінің соншалықты күйкілігіне көзің жетер.» – деп зарлай жөнеледі. Жер бауырлаған пессимизм пәлсапасын соғады.

«Жалған дүние» романы тәуелсіздік тұсында жазылса да, онымен іштей байланыс орнатуда, атап айтқанда оның биік оптимистік жарқын рухын сездіруде мүлт кететіні, Едіге образын мүсіндеуде жасандылыққа ұрынатыны байқалмайды емес.

Біз Едігені міндетті түрде Желтоқсан көтерілісіне қатыстыр деп отырғанымыз жоқ. Әңгіме характер логикасында. Соншалық білім алып, Мәскеуде оқып, Еуропаны аралап, кешегі тоталитаризм дертін әшкерелеп роман жазған кейіпкер, бір кітабым шықпады деп, жарық дүниемен оп-оңай қоштасқаны көркемдік тұрғысынан иланымды ма?

Аға жазушымыз Сәбит Мұқанов «Балуан Шолақ» повесінде бас кейіпкерін, прототипі 1919 жылы қайтыс болса да, 1916 жылы «өлдіге» балайды. 1916 жыл – қазақ халқының патшаға қарсы қолына қару алып жаппай көтеріліске шығаты жыл. Тарихи Балуан Шолақ көтеріліске қатысса, хикаяда суреттелген батырлық қасиетіне қарағанда халық қозғалысының қолбасшысы образында суреттелуі тиіс еді. Бірақ ондай бейнені жасақтауға қажет матери-

ал Сәбеңнің қолына түспеген болуға керек. Жаңа жағдайда айқасқа шығатындай «образдық қор» бас кейіпкерде жетіспеген сыңайлы. Ал, ұлтының тілі, ділі, діні жойылып бара жатқанын қатаң сынға алатын Едіге характерінде саналы күрескер мүмкіндіктері жеткілікті сияқты еді.

Саналы күрескер... Ондай тұлға ешқашан әдебиетіміздің көзінен қағыс қалмаған. Жазушы Баққожа Мұқай өзінің «Өмірзая» романын (1988) «қазақ елінің тәуелсіздігі жолында құрбан болған ерлердің аруағына» арнады. Кенесарыны дәріптеген ұлтшылдығы үшін жеті жыл қараңғы үйде отырып келген профессор Алдияр Ақпанұлының, оның шәкірті, хан Кененің жолын қуған Сыздық туралы еңбек жазған ғылым кандидаты Аяған Қуатовтың бейнетқор бейнелері жасалған шығарманы Елбасы, қалың жұртшылық ұнатып оқығаны мәлім. «Өмірзая» авторы Баққожа Мұқай ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Ұлт мүддесі жолында басын бәйгеге тігетін қаһарман образын жасау дәстүрін әдебиетіміз басталған ХХІ ғасырда байыта түсуде. Жазушы Қуандық Түменбайдың «Бекеттегі бейкүнәлар» романының (2004) бас кейіпкері сазгер Халел Мұңайтпасов 1976 жылы «Жас қазақ» атты «Қазақстан бостандық сүйгіш азаматтарының ұйымын» құрады. Жаңа ұйымның көздейтіні «Бір-ақ мақсат – ұлт мүддесі».

Халел – құрыш характерлі жан. Атағы жаһанға жайылған балуан Қажымұқанның фамилиясымен аталуында рәміздік белгі де жоқ емес. Қажымұқан Мұңайтпасов жамбасы жерге тимеген қара күш иесі болса, Халел Мұңайтпасов – мықты рух иесі. Роман геройын кеңес кезіндегі не тозақтың бәрінен өткізеді. Халел өзі тіленіп барған армия қатарында жүріп карцердің, сонсоң КГБ, Ішкі істер министрлігінің түрмелерін, тіпті Алматының Каблуков көшесіндегі жындыхана үйін де адақтап шығады. 1986 жылғы жастардың Желтоқсан көтерілісін қолдаушылар қатарында болады. Бетбұрыс кезеңінде Алматыдағы Дзержинский ескерткішін құлатуға қатысады... Алған бетінен қайтпайтын, не хауіп төніп тұрса да, алдына қойған мақсатын қаймықпай, батыл айта алатын, турашыл кісі. Ең бастысы – сөзі мен ісінің арасында алшақтық жоқ. Ұлт мүддесін ұрандатып қана қоймайды, күрес-қимылын алдына әр кезеңінің ерекшелікеріне сай, нақтылы міндет қойып жүргізеді.

...Консерватория студенті Халел «Дала» атты симфония жазу үстінде. Симфониясының тақырыбы – өзінің туған ауылы Матайының, соғыс мүгедегі әкесінің, төркіні белорус шешесінің өмірінен. Сол саз хикаясын фортепианода ойнап отырғанда оқытушысы құсмұрын Бычков қиғылық салады:



– Маған гений емес, шәкірт керек. Авангардизм стилін меңгеруің қажет. Оны игермеген студентті сынақтан өткізбеймін дейді. Міне, осы мезетте кейіпкердің тәуекелшіл шалт мінезі жалт етеді. Роман геройы – өндірдей жас жігіт, кеңес тәртібіне жат мінез шығарады. Бөтен ұлттың қиягелдісі Бычков қазақ әуенінен қол үздірмек. Ұлт мүддесіне жан-тәнімен берілген Халел үшін ондай консерваторияның құны – бес тиын...

Халел консерваториядағы оқуын тастайды. – Музыка училищесін бітіргенім жетеді. Консерваторияның берері шамалы. Өмір мектебі – армияға баратынын мәлімдейді.

Халел – сөзі мен ісінде алшақтық болмайтын кейіпкер.

...Халелдің құмды өлке – Төретамдағы ракета құрастыратын құрылыс батальонында жүргеніне – үш ай. Сол үш ай бойы дені мәскеулік сары шаштылардан қазақ солдаттарына қойған аттарын – «калбит», «баран», «қаракөтен» деп қорлағандарын ести жүре, намыстан жарыла жаздайды. Бір күні өздерін «москвичбіз» дейтіндер Сабалақовты соққыға жығып жатқанын естиді. Солардың бірі Кандалов қазақ жігітіне менің орныма әжетхана тазалауға барасың деген. Анау бас тартқан соң тепкінің астына алған. Халелдің жүрегін сыздатқан сыздауық алғаш рет сол мезетте жарылып еді.

Халел қара түнді қақ жара айқайлады:

« – Кілең қаракөздер, мен жаққа шығындар!»

Төбелесті суреттеу барысында роман тағы бір шындықтың бетін ашады. Өздерін қалалықпыз деп шікііп жүретін, кіл орыс тілінде гәпіретін қазақ жігіттері сытылып, казармаға қарай қаша жөнеледі. Кеше бұлардың бірі төбелесті бастаған Кандаловтың темекісіне шырпы тұтатып тұрғанын көрген. «Тілі бөлектің діні бөлек». Осы ой Халелдің миын шағып өтеді...

Қуандықтың «Бекеттегі бейкүнәлары» роман-памфлет жанрына жатады. Қазақ елін отарлауға байланысты шовинистік саясат көркем публицистика тілімен әшкереленеді. Роман кейіпкерлері көбіне саяси тілде сөйлейді. Халелдің қаламының ұшынан шыққан «Орыстардың дүниежүзілік жандарм болуға тырысуы», «Одақ па, әлде отар ма?», «Прогресс пе әлде құлдырап күйреу ме?» атты мақалаларының мазмұны толық келтіріледі. Құпия қоғамның бағдарламалары сол күйінде беріледі. Тіпті «Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я»-сын оқығанда жазылған рецензия да курсивпен теріліп толық келтірілген.

Қуандық романы Халелдей кейіпкерінің ұлтшыл қиямпұрыс ойларының астарын ашу арқылы тұтас халықтарды алдау, алдарқату саясатын сынға алады. Орыстардың тарихи жерлерінің шекарасы

Новгород пен Киевтің арасы ғана. Қазіргідей ұлан-байтақ жерге қалай қолы жеткенін «СССР тарихы» аталатын оқулықтан белгілі болады. Ол тарихқа сенсек, қазіргі орыс отарындағы жүздеген ұлттар бір кезде «өз еріктерімен» тәуелсіздіктерінен айырылып, Россияға қосылған екен...

Халел айтыс өнерінің әжуа стилінде елінің ұлттық мұң-мүддесін жеткізуге барын салады. Тарихи фактілерге жүгінеді. Кіші жүз ханы Әбілқайырмен «шарттасудан» екі ғасыр бұрын-ақ орыстар Қазақ жерін отарлай бастаған: Жайық бойын 1556 жылы, Құлынды даласын 1610 жылы басып алған. Орал, Гурьев, Семей, Өскемен қалалары Әбілқайыр келісімінсіз-ақ салынған. 1613 жылдан бермен қарай салынаған сол қалалар зеңбіректерін қазақ жеріне қаратып қойған қамал да еді, дейді.

Халел идеология майданына жалғыз шыққан жеке батыр емес. Студент жастардың қолдауына сүйенеді. Жатақхана есігін бекітіп алып, өңшең жас өрен Ілияс Есенберлиннің «Қаһар», «Қатерлі өткел» романдарын оқиды. Жасырын ұйымның бағдарламасын, болашақ тәуелсіз Қазақстанның Конституциясының жобасын талқылайды.

Роман қазақтарды орыстандыру саясатының қандай аяр залымдықпен жүргізілгеніне, бұл салада патшалық және қызыл империялардың саясатында пәлендей айырма болмағанына үнемі назар аударып отырады. Әулие Синод 1912 жылы: бір қазаққа екі орыс көрші болса, қазақ кедейленеді. Содан барып қазақты орыс қылу оңай – деген нұсқау түсірсе, кеңестік шовинистер қазақтың тілін, дінін жоюда патшалық шенеуніктерден еш қалыспаған. Олар осы арам ниетін жүзеге асыру жолында тіпті күн көсемінің ілімінен де айнады. В.И. Лениннің ұлттық саясат жөніндегі пікірін көрінеу бұрмалады. Романда Лениннен мынадай дәйексөз келтіріледі.

«Егер социалистік партия қаналған ұлттарды отаршыл мемлекеттің күштеп ұстауына қарсы болса, ол партия үкімет басына келген соң өзі де ұлттарды күштеп ұстаудан бас тартуға міндетті». (В.И. Ленин. Шығармалары, 4-басылуы. 22 том, 507-510 беттер.)

Роман отаршылдықтың не қилы көріністерін әшкерелеуде құлашын кеш сермеп отырған жоқ. Көксейтін идеясы түсінікті – қол жеткен тәуелсіздігімізді бағалай білуіміз керек.

Тәуелсіздік – қазақ халқының сан ғасырлық күресінің жемісі. Айымкүл сияқты Желтоқсан көтерілісіне шыққан жастар: біз Қонаевтың жеке өзі үшін алаңға шыққанымыз жоқ. Бірақ ұлттың

тұлғасы болар жеке адамның рөлін кемітуге болмайды. Қазақ ұлты өзін өзі басқаратын дәрежеге әлдеқашан жеткен дейді.

Ұлт тұлғасы болуға лайықтылар сол кездегі жергілікті қазақ басылары арасынан да табылады. Феликс Дзержинскийдің ескерткіші құлатылғанда Алматы қаласының мэрі Заманай Нұрбекұлы «Волгамен» күйғытып келіп Халелге қолын ұсынады:

«– Менің әкем де көрінде тыныш ұйықтайтын болды. – Осы сөзді айтуға келгенде бұрылып кетіп, айбары алынып бос қалған тас тұғырға қарап, өткенін еске түсіргендей ойға шомды... Заманай «үш әріп» қармағына іліккен әкесінің тағдырын таразылап, теріс қарап ерні дірілдеп, кемсеңдеп тұр еді.»

Заманай микрофондарын төсеген журналистерге қысқаша мәлімдеме жасайды:

«– Біз қателескен жоқпыз. Біз бір дәуірдің бет пердесін ашып бердік».

Тоталитаризмнің бет пердесін жұлып тастаудың арғы жағында тап қырқысы желеуімен ел бірлігінің, ұлт тұтастығының берекесін алған іс әрекеттердің зардабын жою мәселесі алға тартылды. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері еліміз «Қазақстан-2030» бағдарламасын негізінен ойдағыдай орындап, «Қазақстан – 2050 стратегиясын» жүзеге асыруға, дүние жүзінің отыз озық елінің қатарына қосылу міндетін орындауға жұмыла кіріссе, бұл тарихи бағдарламаның ойдағыдай жүзеге асуының басты шарттарының бірі – Қазақстан халықтарының бірлігін онан сайын нығайта беру болмақ. 2013 жылдың 9 қаңтарында Қазақстан мәдениеті мен әдебиеті қайраткерлерімен кездесуінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев: қуатты және ұлы Қазақстан дегеніміз – бұл ең алдымен біздің қоғамымыздағы татулығы мен достығы, береке-бірлігі екенін айырықша атап өтті. Зиялы қауымды осы қарапайым да қарымды шындықты өз еңбектерімен баянды етуге, қоғамдық тату-тәттілікке әр шығармасымен атсалысуға шақырды.

Бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай ынтымақты болу – ежелден аңсаулы арманымыз. Жазушы Жолтай Әлмашұлының «Күлкі мен көз жасы» атты роман-диалогиясы (2007) қазақ халқының өткен XX ғасырдың бас кезінен орта беліне дейінгі өмірін Сыр бойы мен Қаратау арасында өмір сүрген жұртымыздың тұрмыс-ахуалын суреттей отырып, қазақтың өз ішінің татулығын көксейтін ой түзейді. Татулық, бірлікті көксеу ел мүддесінен туындамақ. Ол мүдде ескерілмесе, зардабы тұтас халыққа тиеді. Тарихтың ауыр сындарына төтеп бере алмай титықтап құрып кету хаупіне ұшырауы да ғажап емес.

Романның идеялық жүгін көтеріп тұрған Нарша бай образы шығармаға ерекше шырай бітірген. Бұған дейінгі әдебиетіміздегі өңшең қан сорғыш байларға ұқсамайды. Тіпті шығарманың өз ішіндегі Тақыр, Қосай секілді іші тар, қызғаншақ байлардай да емес. Жомарттығы, жоққа бүйрегі бұрып тұратынын былай қойғанда, елмен, көпшілікпен бірге болғанды ұнатады. Халқына шын жаны ашитын адам. Нағыз ел тұлғасы болып көрінетіні, бар ынты-шынтысымен елінің болашағын ойлайды. Халқының менталитетіне, ойлау мәнеріне, рухани тірлігіне сын көзбен қарайды:

«Мал-жаның аман ба?» деп бірінші мал жайын ойлайтын қайран елім... Бір жұттық дүниеге бар тағдырын теліп қойып отырған сиқыңа болайын...»

Әрдайым айналып соғып отыратын ойларының түп қазығы – ел бірлігі. Тату ағайынды аңдықан жау да ала алмас еді. Әттең, не керек, қазақ іші қашан көрсең де жік-жік болып айтысып, топ құрап, бір-біріне тас лақтырып жатқаны... «Арғын, қыпшақ, найман, қоңырат, керей, уақ болсақ, тіпті одан әрі өтіп, кіші жүз, орта жүз, ұлы жүз болып – жалпы қазақ болып, бірігіп, кірігіп кетсек, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарсақ... Оған жүзге кіре қоймайтын төре-төленгіт, қожа-сунақ ағайындар да топтаса кетсе... Ежелден бабаларымыз аңсаған ауызбіршілік, татулық деген осы емес пе. Бірін-бірі дос көрмесе, қалған тірлікте не мән бар?..»

Нарша құр уағаздың кісісі емес. Беделін салып, қыруар малын да шығындап, қызылшеке болып айтысатын, кісі өліміне дейін апаратын дау-дамайдың талайын амалын тауып бейбіт жолмен шешіп отырады.

Ел тұтқасы болу оңай шаруаға жатпайды. Қолыңа билік тиген кезде де ел пайдасына жұмыс істей алмасаң, тұлға бола алмауың былай тұрсын, халқыңның қарғысына ұшырайсың. Менен артық білерің бар ма дейтін төс қағушылар типі бұрынғы байсымақтардың да, кеңес кезіндегі белсенділердің де арасынан аз шыққан жоқ. Биліктің буына мастанып, аузы көпіре сөйлеп, не айтып, не қойғанын білмейтін, жеке басының күйін ғана күйттейтін өңшең даңкеуделер: Қосай бай, немесе кеңестің Бадырақ Бейсені, Қилыбаевы, солақайшыл орыс Петрук – романда аяусыз әшкереленеді. Бұл даңкеуделер пәле-жалаға, жұртты басып-жаншуға келгенде алдына жан салмағанымен, қаншама қорқытып-үркіткенімен, ел мүддесіне қайшы жұмыс істегендіктен көздеген атақ-даңққа жете алмай, қаракезік заманындай абыройсыздыққа ұшырайды, өмірем қабады.

Жолтай Әлмішев романының екінші кітабында Нарша бейнесі арқылы тағы бір маңызды тақырып қозғағанын айтуға керек. Белгілі тақырып, бірақ жаңа қырынан сараланған. Сталин, Голощекиннің ысқырынып тұрған заманы. «Кіші Октябрь» төңкерісін жасап, қазақты шетінен пролетарийге айналдырмаққа жанталасқан кез. Күн көріп отырған жалғыз сийырына дейін тартып алған соң озбыр көсемдер түпкі мақсаттарына да жетті. Қазақ халқының жартысын қырып салды. Қалған тағы бір бөлегін елін, жерін тастатып босқынға айналдырды. Сол ел трагедиясын бұл роман да жеріне жеткізе суреттеген. Тек бір ескеретін нәрсе, босқын мәселесіне жаңа тұрғыдан келгені байқалады.

...Айнала ауыл ел-жұртын тастап көшіп барады. Бастаушы Жасыбай – Нарша байдың тұңғышы. Әкесінің кіндік қаның тамған жерді тастама деген ақылына көнбейді. Сонау Тәжікстанға ауады. Онда да тұрақтай алмай, «саяси сенімсіздер» есепті Арқадағы Карлагтың тұтқыны күйін кешеді. Осы алапат кезінде Нарша көз жұмады. Бірақ о дүниеге аттанып кетсе де, бас герой қалыбынан жазбайды. Өзі өлсе де, сөзі өлмейді. Жасыбай әкесінің айтқан кеңестеріне құлақ түрмегенін енді үнемі өкінішпен еске алып отырады. Туған жерден қол үздің – қырсыққа шалындың. Дүрмек кезінде көз жазып қалған Ақсырғасымен Жасыбай ішкі диалог жолымен сырласады:

«Атам қазақ қарғыс алма, алғыс ал демеуші ме еді. Сен екеуіміз елден кеткелі жатқанда Нарша атам не деп айтты? Есіңде ме?»

«Ол ма? Ол... қарсы болды. Көшпендер деді.

«Демек, біз атаның батасын алған жоқпыз. Атаның бата бермегені – туған жердің де рұхсат етпегені. Соған да тоқтамадық қой...»

Роман-диалогияның идеялық арқауы шығарма формасына да әсер еткен. Бірінші кітабы негізінен эпикалық сарында жазылса, баяу жылжып аққан Сырдарияны елестетсе, екінші кітабы көктем суындай тасып, шытырман оқиғалы жанрға айналған.

Туған жерден артық жаннат болмайды. Роман Жасыбай мен Ақсырғаның он бес жылдан соң қайта қауышқанымен аяқталады. Көп шырғалаң оқиғалардан соң кейіпкерлердің аман қалғаны ата қонысына оралады. Ат айналып қазығын табады дегендей, осы көріністер шығарма композициясының шеңберлі сипатына (кольцевое построение) әсер еткен. Шым-шытырық сюжет желілері айналып соғып бір арнаға құяды.

...« – Азаматтар!.. Екіталай заманда елді тастап кете алмаймын! Туған жердің топырағы бұйырсын! Білемін, алмағайып уақытқа кез

болдық! Мына сормандай елді тастап кете алмаймын жат жаққа!  
Қош, қарақтарым!»

Бұл – Хасен Әдібаевтың «Өмірдария» романының (2006) бас шенінде жарқ етіп бір-ақ рет көрінетін кейіпкер, Абай мираскері, Шәкәрімнің сөзі.

Семей төңірегіндегі ел дүрлігүлі. «Кәмпеске», игі жақсыларды жер аудару, күн көріс малды аша тұяқ қалдырмай ортаға салу арты ашаршылыққа әкеп соқты. Қазақ халқынының басына Ақтабан шұбырындыдан да өткен нәубет түсті. Хасен Әдібаев романы қиямет трагедия боларын күні бұрын сезіп, қырғынға жол бермеудің амалын іздеген, хауіптің алдын алуға тырысқан Шәпеттей айбынды ердің образын жасаған. Қилы заманда Шәкәрім ақынның қамын ойлап, Қытай жаққа шекарадан өткізіп жіберуге әрекеттенген сол атпал азамат еді.

«Өмірдария» – шалқар өрісті шығарма. Туған жер тақырыбы жалғыз отызыншы жылдардың материалына ғана құрылмаған. Бас герой – автор – Ұлы Отан соғысының ардагері. Орел-Курск иініндегі («Курская дуга») шайқасқа қатысқан, Еуропаны азат еткен Қызыл Армияның комбаты, елінің бейбіт жылдарғы ғұламасы талай тар жол, тайғақ кешуден өтеді. Басқан ізінің географиясы Қазақстан мен Ресейді есептемегенде, бір шеті Қытай, бір шеті Еуропаның ұшы-қиырсыз жерлерін алып жатса, тарихи панормасы да айтарлықтай аумақты. Герой – текті атадан. Бабасы Шақантай – Қаракерей Қабанбай батырдың қандыкөйлек серіктерінің бірі болған. 1727 жылы Аягөз маңында Қабанбай екеуі Жоңғардың қалың әскерімен үш күн соғысып бетін қайтарған. Шақантай жекпе-жекте қалмақтың Шона Дэви атты атақты батырын омақастырып, даңққа бөленген.

Екі ғасыр бойы аттан түспей алысу, ұлан-байтақ жерін жанжақтан анталаған жаумен айқасу салдарынан қатары оңбай ойсыраған, кейін тоталитаризм лаңы кезінде 4,5 миллион адамынан және айрылған қазақ үшін демография мәселесі қашанда зәрулі, актуальды. Елдің бүгін, ертеңін қабаттастыра ойлайтын тұңғыш Президентіміз таяуда халық санын 20 миллионға жеткізу міндетін алға қойды. Мемлекеттік маңызды проблема көркем әдебиетте де әртүрлі жолмен саралануда. Сол себепті «Өмірдарияда» бес жасар Хасенге бабасының және бір, бұл жолы езу тартқызбай қоймайтын «ерлігін» әкесіне мақтатқаны ерсі көрінбейді. «Ол-ол ма, – дейді көкем, – бұрынғыдан бетер масаттана, – қиылған қара мұртын бір сыйпап алады. – О-о, бабаң керім еді. Абылай хан он екі шаңырақ

көтергенде, Шақан он жеті отау тұрғызған. Шұбартауды жайлаған қалың жұрт – сол кісінің кіндігінен тараған».

Романда қазақ әдебиеті алыптар тобының шағын да салмақты портреттері берілген, т.т. Оның бәрін санамалап талдау бұл мақаланың міндетіне жатпайды. Сөз етіліп отырған проблема тұрғысынан келсек, «Өмірдарияның» үлгі тұтынар өз жаңалығы сол, автор ел мен жеке тұлғаның мүдделік тұтастығы проблемасын көбіне этикалық іспетте шешуге талпынған. Бас кейіпкердің өмірлік кредосы – ақ тілек, адал жол. Домбырашы, әңгімеші, жырдан да кесте тоқыған, көрмегені жоқ ауыр тағдырлы әкесінің сталиндік репрессияға ұшырар алдында айтқан ақылы автордың бүкіл өмірінің компасына, құбыланамасына айналады.

«...Тағы шақырып жатыр. Ақылың бар сияқты. Ақтық уәжім бе, аталық өсиетім бе... Жалғыз тілегім тірі жанға қиянат жасама! Әсіресе әлдекім жамандады деп. Есінде болсын: әлдекімді сырттан ғайбаттаған кісі – кісі емес, қорқау, исі күндік жерден сезілер өлексел!»

Әке өсиеті кейіпкер жүрегінде өмір бойы сақталады. Біреудің шеккен азабынан ләззат алмауға, жақсылыққа жақын адамды іздеп табуға ұмтылады. Бұл мінезі романның әр тұсынан белгі беріп отырады. Және басынан өткен оқиғаларды әңгімелегенде кейіпкер тек ғибрат айтумен қанағаттанбайды.

Бас кейіпкер бір күні Кәрім деген досына ренжиді. Кәрім аудандық партия комитетіні сайлауында нағыз азамат, қабылетті, ар-ұятты, іскер Омарды «біздің елдікі болмағаны» үшін тоңқалаң асыруға үгіттейді. Мемуардың бас кейіпкері ашуға мінеді. Жершілдікке жаны қас ол, досын сын астына алады. Ел алауыздығын туғызатындармен ат құйрығын кесіп кетісуге даяр екенін мәлім етеді. Өзі Кәрімнің қай тұстан, қай рудан екенін де білмейтін. Ол үшін бар қазақ бауыр, дос. Кәрімді сынап отыра, көңілінде жүрген біраз ойды тарқатады. Отыз екінің ашаршылығы, жә болмаса отыз жетінің қырғыны Кеңес Одағындағы халықтардың бәрінің басына түсті. Бірақ қаусап қалған қазақ қана. Ырың-жырын, сырттан ғайбаттаудың кесірі тиді. Осы тұстарда шығарма мемуардың филологиялық түріне айналады. Кәрімге Абай тағлымын жайып талдап түсіндіруге тура келеді.

*Болыс болдым, мінеки*

*Бар малымды шығындап.*

Абай ел тағдырына, уақыт рухына ұрпағын бойлатып, ойлатып отыр. Бұрын қазақ билікті сатып алушы ма еді? «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» дейтін халық ру-

хани тазалығынан айрылғаны ма? – деген сауал қойып отыр. Ұлы ойшылдың неге меңзейтіні түсінікті. Жүрегі таза ұлт қана мұратына жетпек. Ел ішінде алауыздық болмауға тиіс

Ұлттық мүдде мағынасы кең ұғым. Керек десеңіз, отбасының тату-тәттілігі де, сайып келгенде, сол береке, бірліктің қазан-ошағы.

Жұбайы Надя туралы әңгімеге роман авторы жарты бет шамасында ғана орын берген. Есесіне аз болса да, саз жазған. Надежда – орыс қызы. Автор жарына дән риза екенін айтқанда, ең алдымен өмірлік серігінің дос-жаранға, туысқанға бір туғандай ықылас көрсеткеніне тоқталады. Ширек ғасыр ішінде Хасекеңнің анасына келіні бір ауыз артық сөз айтып ренжітіп көрмеген. Анасы да келінін туған қызындай аялаған... Оқушы жұрт түсінеді, неге түсінбесін. Автор мақтаншақтыққа жол беріп отырған жоқ. Ене мен келін арасындағы кикілжің – ежелден келе жатқан кінәрат. Кейде неке бұзуға, балаларды періште жасында жетім қалдыруға әкеліп соқтыратын пәле. Бүгінге дейін жазылмас ауруға айналған дерт. Ондай фактілер қазақ ішінде де, орыс ішінде де жеткілікті. Хасекең мен жұбайы сол дерттен бойын аулақ ұстап жарасты, ұйымшыл үйелмен құрған. Соны үлгі еткен жүрекжарды пиғылға оқырманның айтары тек алғыс сезімге ғана бөленбек.

Қазақ романдарында ел бірлігін ұйыстырар факторлардың ішінде туған жер табиғаты айырықша суреттеледі. «Өмірдария» романында пейзаж дәуірдің әлеуметтік-философиялық тартыстарында бейтарап көрінбейді. Адамды туған табиғатынан айырудан өткен қайғы болмайтынын бұл роман да иін қандыра суреттеген. Пейзаж суреттері – дәуір келбеті, уақыт өлшемі. Автор дүниетанымының хабаршысы. Эстетикалық көзқарасының қалай қалыптасқанын бейнелеуші.

...Бақанас өзенінің Балқаш көліне құлайтын тұсы. Сондағы табиғат құбылыстары кішкентай Хасеннің сұлулыққа іңкәрлігін оятады.

«Құрық тастам жерде көкала үйрек жүзіп жүр. Екі көзім сонда. Ол да менен түймедей жанарын алмайды... Сұңгіп кетеді... Батып кетті ме деп қорқа бастағанымда, әудем жерден барқылдап су бетіне шығады да, тура маған қарай жүзеді... Қос жанары менде:

« – Кел, кел, ойнайық!» – дейтін тәрізді, – қарашы, қандай керемет».

Кейіпкер өсе келе, туған жер табиғаты эстетикалық әсер беруі үстіне, әлеуметтік өмір көзіне айналады. Өмірдария мен әдебидария сапырылысқанда, пейзаж сан құбылады. Тыныштық кезі – жұмақтай. «Ұйықтағалы жатқан қартаң жауынгерлер әйгілі



Курск сандуғашының - өр кеуде, ер мінезді бойжеткендерінің құйқылжыған назды әуезіне құлақ түріп, қай-қайдағыны еске түсіріп, тыныш көңіл дауыл сапырғандай толқыр еді»... Ал, қан майдан кезіндегі табиғат – тозақ. «Көз жетер жердің бәрі лапылдаған өрт, жарылып жатқан снаряд. Жайқалып өскен мол егіннің қызыл дәні жан біткендей бытырлап жанып жатқаны тағдырдың тасбауыр кейпін танытқандай. Әлімнің көкірегін күйдіріп өтті...».

Пейзаж романның парасаттық әрін арттыра түскен. Көркем бейнелеу құралдарын көбейткен. Рәмізді образдар (Курск сандуғашы, от топаны, т.т.) соғыс және бейбітшілік туралы ой терезесіне еріксіз үңілдіреді. Курск иініндегі соғысты көз алдына алып келеді. Көркем бейненің реалистік ажарын аша түсіп, шығарманың публицистикалық жалынын күшейткен. Бәрі жиылып келіп, Комбат, Әлім секілді қазақ жауынгерлерінің бейнесін ұлттық тұлға өресіне көтерген...

«Өмірдария» мемуарлық роман, оның философиялық бұтағы. Осы ерекшелікті ғылым докторы, профессор, туған әдебиеті туралы ондаған жылдар бойы студенттерге орыс және қазақ тілінде дәріс оқыған айтулы педагог Хасен Әдібаев романының «Көксала» атты кіріспесінде дәл түсірген. «Қарама-қарсы, қайшыласа аққан қос өзен, кей-кейде ағысын бір бағытқа түзеп алып, сарқырамаға айналған өмірдарияның адам айтқысыз селін – негізінен туған халқымның тағдыры арқылы – жұдырықтай жүрегі мен замананың мұзартын қан жылап өскен перзенті арқылы зерделеп шығуды мақсат тұттық» – дейді.

Жалпы қазақтың қай романын алыңыз, табиғат тарихы мен ел-жұрт тарихы бір-бірімен астасып жатады. Адам мен табиғат арақатысы проблемасы ұлттық Һәм жаһандық проблема. Оның қай саласының да дұрыс шешім табуына жеке адам я ұлт қана емес, күллі адамзат мүдделі.

Адамзат өмір сүруге керекті нәрсенің бәрін, ішіп-жемін, киер киімін, бас панасына дейін табиғаттан өндіреді. Қоғам мен адам, адам мен табиғат, олардың арақатысы қашанда көркем әдебиет назарында. Сол проблеманың сүбелі бөлегі – туған жер тақырыбы енді тәуелсіздік кезеңі романдарының аса зейін қойып құштарлана әуелететін тақырыбына айналып отыр. Жазушы Тұрлыбек Мәмесейіттің «Таңжарық» атты роман-дилогиясында (2005, 2012) 1916 жылғы көтерілісте ауа көшкен қалың елмен бірге ілесіп Қытай өтіп кеткен, сонда қалып қойған Текесбай деген азамат «Елден бұрын жерді сағынады».

Қазақ ұғымында ел-жұрт сөзі айырғысыз, жазуға түскенінде де дефиска арқылы бірін бірі толықтырып тұрады. Текесбай бергі жақта қалып қойған туыстарынан гөрі кіндік қаны тамған жерді бәрінен жоғары қойса, мұның алдымен саяси-әлеуметтік мәні зор. Өйткені ата қонысында алаңсыз өмір сүруің ел тәуелсіздігіне тығыз байланысты. Романның бірінші кітабы толық дерлік жер жаннаты Жетісуды, биік таулары мен астаудай алқабы, жайлау, жайылымдарына дейін, суреттейді. Суреттей отырып, туған жерді аялау, қорғау, отаншылдық сезімін оятады.

Романның бас кейіпкері – қазақтың данқты ақындарының бірі Таңжарық. Кеңес жақта оқуын жалғастыруға аттанған Таңжарықты жаңағы Текесбай боп үш адам шекараға дейін шығарып салған. Меймандыққа келе жатқан руы албан – Таңжарыққа нағашы жұрт. Романдағы бірінен бірі өткен сұлу пейзаж көздің жауын алады, таңырқатып тамсандырады. Таңжарық үнемі дерлік ат үстінде. Нағашыларымен бірге ел аралайды. Шекара сызығының екі жағындағы ел-жұрттың кешелі-бүгінгі тағдырына қанығады.

Әртүрлі тәсілмен, мысалға албанның айтыскер ақыны Қойдым Дарубай қызы мен Таңжарықтың айтысы арқылы найман бұтағы – қызайдың және албан руының арғы-бергі тарихы белгілі болады. Екі ғашық: Таңжарық пен Күмісжан аруды айырған ескі салт керенаулығы сыналады. Роман ел бірлігі, ата қоныс пен қоғам сыпаты туралы ойларын моральдық-этикалық, психологиялық-тәрбиелік, эстетикалық проблемаларды мүмкін қадарынша үйлестіре отырып талдап шешеді.

«Бүгін, ертең күн ашылса, қасиетіңнен айналайын Хантәңіріне бір тағзым егермін-ау» де ойлады Таңжарық, жауыннан жұмсарып, бусанып хатқан қыраттың шашадан келер жусанын сыпылдата кештіріп, дүрсілдете бастырып келе жатқан атын сипай қамшылап қойып».

Табиғатқа табыну сонау Тәңірі Көкке табынған ежелгі қазақы әдеттен қалған. Хантәңірі – өзінше бір тотем. Дүниенің бәрінің жаны бар деп есептейтін кейіпкер биіктікті кие тұтады. Қазақтың мифтік санасы да жарасымды... Табиғат – жаһандағы қазақ атаулыны ұйыстыратын пәрменді фактор. Таңжарық кеше Іледен өтіп еді, енді, міне, Ілебасы атанған Текестен қайта өтіп келеді. Іштей күбірлейді: «Шекара болмаса, бір Іленің суын ішіп отырған бір елау, шіркін!» Бұл сөзін естімесе де, нағашылары да қайталайды: «Келгенің жақсы, айналайын! Шекара тыныш болса, ежелден еншісі бөлінбеген бір қазақтың баласымыз.»

Роман геройларының рухани парасаты, азаматтық келбеті туған жер тағдырына деген жауапкершілік сезімінен аңғарылады.

*Талдыбұлақ, Көкқырқа,  
Қызылқия белді алды.  
Бақтерек, Бақтықурай  
Жаппатұс деген кенді алды.  
Қарабұлақ, Сарыжазық,  
Текесті де енді алды.  
Ойқарағай, Дардамты,  
Үш Қарқара төрді алды...  
Есекартқан, Сүмбі мен  
Қоныстың шеті иенді алды...  
Албан, Бұғы бұл күнде  
Кең қоныстан айырылды,  
Балықты көл, өзен су  
Ұлыққа бәрі қайырылды.  
Қыстау болса, жайлау жоқ,  
Жүрген жері тарылды...*

Роман әңгімесін жүргізуші кейіпкердің бірі Бөрібай ақсақал Албан Асан ақынның өкінішті жырын еске алып отыр. Автор бұл жерде реминисценция тәсілімен туған жер және өкімет билігі проблемасына көшетін ниетін байқатқан. Қазақ сорлыға күн көрсетпей жер-суын тартып алып, өрісін тарылтқан ұлық – ақ патша болатын. Өкімет билігі езілген ұлттарды қолдайтын Кеңес өкіметіне көшкенде жағдай күрт өзгереді. Таңжарыққа бәрі таңсық: қазақтың еңбекшілер өкіметі орнап көзі ашылғаны, жер-су реформасы жүргізілгені, Ораз Жандосовтай большевик қайраткердің күш-жігерімен казак орыстар басып алған ата-баба мекенін қалай қайтарып алғаны... Ұлт мүддесінің қорғаны болып, отаршылардың жазасын берген Ораз Жандосов - әнеки, ұлт тұлғасы деп соны айт, – дейді роман.

Өмірінің ақыр соңында Таңжарық та ұлт мүддесінің бойтұмары дәрежесіне көтеріледі. Абай, Илияс Жансүгіров поэзиясы кәусәрінен құмарта сусындайды. Оқу-тоқуын үстейді. Сөйтіп рухани олжаға кенеліп жүргенінде Кеңес Одағын тастап кетуге мәжбүр болады.

«Е-е, мақтаған Кеңес өкіметі солай болды. Жап-жақсы басталып бүлінді. Соны байқап болжаған Баспақ, Бөрібай нағашыларына алғысы шексіз Таңжарықтың. Ел аман, жұрт тынышта: «Мына заманның сұрқы жаман. «Есің барда еліңді тап!» деп қайтармағанда,

осы күні қайда жүретінін бір құдай біледі. Өлі бола ма, тірі бола ма?»

Бұл – Таңжарықтың ішкі монологы. Қатты науқастанып жан тапсырғалы жатып өткен өмірі жолын түйіндеуде. Кеңестің қаһарынан жан сауғалап елге қашқанда да қарқ болған ештеңесі жоқ. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» дейтін мәтелдің кері келді.

Таңжарықтың бүлдірген ештеңесі жоқ-ты. Әр диктаторлық режим секемшіл, саққұлақ келеді. Елдің аузынан шыққан артық-тұртық сөзін қағып алғыш тыңшыларын қаптатады. Бұған енді қазақтың алауыздығын, іш тарлығын қосыңыз. Ел ішінде еті тірі тұлғаны көре қалса қызғаншақтық ауруы ұстайтындар қаншама. Сол жақын ағайындарының жала жабуымен Таңжарық еліне оралған соң көп ұзамай қамауға алынды. Алдымен алты ай, одан соң жеті жыл гоминдан түрмесінде азап шекті. Жендеттер жазықсыздан жазықсыз қыл бұрауын салып қинады, өлімші қылып тепкілеп сабады... Соның зардабынан енді міне, небары 44 жасында төсек тартып, елімен іштей қоштасып жатыр.

Романның екінші кітабы – Гоминдан өкіметінің аз ұлттарға көрсеткен зорлық-зомбылығын аяусыз әшкерелеумен бірге, қазақ ішіне іріткі салып, ұлт мүддесін аяққа басатын сатқындарға қарғыс таңбасын басатын айыптау кітабындай әсер қалдырады.

Таңжарық образының негізінде азаттық идеясы жатыр. Миятынан шығаратын жалғыз серігі өлеңінде Таңжарық ақындықтың әр дәрежелі сатысынан өтті. Соңғы жылдары ол, бастапқы кездегі өз руының, ауыл аймағының ғана жыртысын жыр-татын уақытымен қоштасып, теңдік, шындық, ел намысы, халық қамы мүддесін жырлауға көшті.

*Қарашы айналаңа көзің салып,  
Оянбай жаттың қанша артта қалып.  
Дабыл қақ езілген ел толғанарлық,  
Көркемді көрсет нұсқа көз қанарлық.  
Ұран сап жас ұланның қыздыр қанын,  
Долданып долы жүрек қозғаларлық.  
Ұлмысың халқың үшін істемесең,  
Айырып, дос-дұшпанды түстемесең,  
Еркіндік саған қайдан табылады?  
Орнына келмейді ісің күштемесең.*

Қазақ намысын, бірлік, тірлігін ойлаған Таңжарық ақынның бейнесі Тұрлыбек Мәмесейіт романында айтарлықтай мүсінделген.

Шығарма Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жиырма жылдығына арналған. Бұрын да ата жұртына әйгілі ақынның тұлғасы романда асқақтай түскен.

Шет елдегі бауырларымыз туралы және бір роман «Сергелдең» (2008) деп аталады. Авторы – Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты жазушы Зейнолла Сәнік. Романының бір ерекшелігі - ел басшысын, иесін кейіптеуінен бой көрсетеді. Әрқайсысының халқына сіңірген еңбегі үздіксіз, тәптіштеле әңгімеленеді. Елдің былайғы тарихи беталысын анықтайтын бетке шығар азаматтар дәріптеледі. Халық басына түскен қиын-қыстау жағдайларда шешуші рөл атқаратын тұлғаның бұлайша бейнеленуі халық пен көсем арасындағы арақатыс туралы бүгінгі түсінігімізге қайшы келмейді.

Тұлғасыз ел – тұл, басқа жұртқа құл. Былай қарағанда, жеке адамға табынушылықты дәріптейтін сияқты көрінгенімен, «Бастаушысыз ел – жетім, елі жоқ жер – жетім» деген қағиданы қазақ өмірінің риясыз шындығы туғызған. «Сергелдең» романы (2008) ежелгі ел мәтелін тегіннен тегін ауызға алып отырған жоқ.

Роман Қаракерей Қабанбай батырдың інісі Туматай батыр ұрпақтарының Арқадан Тарбағатайға, онан өр Алтайға, өр Алтайдан Гималай асып, Үнді мұхитынан Түркияға, ақыр аяғы атажұрт Қазақстанға ат басын тіреген одиссеясын, бір өліп, бір тірілгендей өткерген шым-шытырық оқиғаларын тарихи мол деректерге сүйене отырып суреттейді.

Кішкентай бала кезінен жуан таяқтардардың зорлық-зомбылығына шыдай алмай, Бәшке деген кіші атасымен елден қашқан Төлебей мен Әлкембай талай қияметті бастан өткізіп, өмірдің ыстық-суығында әбден пісіп ер жеткен соң іздеп барған нағашысы жұртының тәйжісінің ақ батасын алады:

« – Мынау Еренқабырғаның елі шәшіліп барады. Оларға да бір ие керек сияқты. Өр керейдің иесі менмін, Еренқабырғаның иесі сенсің! Сол елдің билігін саған бердім... Аяғыңды аңдап бас, аша жолға келгенде көз жеткізіп көңіл тартқан жағыңа түс. Не көрсең де елмен бірге бол, көппен бірге көрген ұлы той».

Төлебей – романның бас кейіпкері. Өзі жиған топтың алдында «тұлға» деп атақты Мәми, Жәке, Лақ есімді сарымойын билерді, Тары тәйжіні атайды. Тұлға сөзі ел басқарған қасқа мен жайсаңдар мағынасында қолданылады.

Төлебейдың елге бас-көз болған кейінгі ұрпағының тағдыры эссе стилінде сипатталған. Әр басшы, ел иесі атанғандар құнарлы сөзіне, ел игілігі үшін атқарған ісіне қарай бағаланады. Ішіндегі ең

үздігі – Төлебай атасының ізбасары Құсайын тәйжі 1951-1952 жылдары қазақтың Қытайдан Гималай асып ауған үлкен көшін Түркия мемлекетімен қауыштырады.

Тұлға ұғымының мағынасы терең. Былай барсаң арбаң сынады, олай жүрсең атың өледі дейтін миф геройын еске түсіретін жері де бар. Айырмасы – дилеммадан басы қатып, дағдарысқа ұшырамайды. «Сергелдеңдегі» тұлғалы кейіпкерлер халқының жарқын болашағын қамтамасыз ететін жол табуға барын салады және табады да. Сондықтан да ел тұтқасы саналады.

Жуықта әйгілі «Литературная газета» «Куба в предчувствии перемен» атты мақала жариялады. Оны еске алуымыз жайдан-жай емес. Мақаланың ел басшысы туралы ой-пікірі қазақ жазушысының тұлға туралы толғанысымен орайлас.

Мақала авторы социалистік Кубаның бүгінгі ауыр ахуалына тоқталады. Бостандық аралының халқы кедейшілік тығырығынан шығу амалын іздестіруде. Былайғы тағдыры шешілетін кезеңде тұр. Елде нарықтың белгілібір элементтері пайда бола бастады. Осыған байланысты көптеген сауалдар туады. Нарық тым белең алып кетсе, Куба тегін медицинасын, оқу-ағарту ісін шырқау биікке көтерген социализм артықшылықтарынан айырылып қалмас па екен? Бұрынғы коммунистік мемлекеттер сияқты нарыққа көшкенінде капитализмның шылауына айналып кете ме, жоқ әлде өз сорабын таба ма? Ел кедейшіліктен қалайша құтылмақ? Куба халқы – социализмге сенімінен айнымаған революционер халық. Социалистік қоғамды жетілдіруге, модернизациялауға жұмылмаса, бұрынғы өткен замандағыдай АҚШ-тың қант плантациясы есебіндегі таз кепешін қайта киюі ғажап емес. Оған жол бермес үшін не істеуге керек? Мақала күн тәртібіне қойылған осы секілді пісуі жеткен проблемаларға нақтылы жауап береді.

Во главе страны, – деп жазады мақала авторы, – «должен стоять твердый, умный, национально ориентированный лидер, имеющий ясный план и неуклонно проводящий его в жизнь. Свой *собственный план*. Никакие иностранные советники не ответят на sacramentalный вопрос «что делать?», вернее ответят, но в интересах своих стран... Без командира – никуда».

Жаңа тарихи міндеттерді шешуге бастайтын лайықты көсем керек дейді.

Зейнолла Сәнік романының жеке тұлғаның рөлі жөніндегі ұқсас толғаныстарын өмірдің өзі туғызып еді.

«Жау жоқ деме, жар астында» дегендей, Төлебай дүниеден өткен соң көп ұзамай Қытайдағы қазақ қауымына аяқ астынан пәле жа-

бысты. 1932 жылы Гоминданның Жин Шурын әскері қарапайым тыныш жатқан ауылдарға кенеттен дүрсе қоя берді. Бір ауылдың сексендей адамы түгел оққа ұшады. Тіпті екіқабат әйелдің ішін жарып, ішіндегі нәрестені найзамен шанышқылаған. 1934 жылы Шыншысай деген тажал қазақтың қалың бұқарасына жалмауыз диюдай тиеді. Қазақ босқынға айналады. Олай қашады, былай қашады. Қайда барса да Гоминдан жендеттері қуып жетіп қанға бөктіреді.

Міне осы кезде, қазақтар құрып кетуге шақ қалғанда ғой төнген апаттан құтқаратын сұңғыла, болжамды тұлғаның табылғаны. Ел тізгінін ұстаған Құсайын тәйжі ақылшыларын жиып кеңес құрады.

– Біз Шыңжаннан ауған кезде жетпіс-сексен мың адам едік. Содан қазір мөлшері алты мыңдай адам қалды. Барар жер басар тауымыз қалмады. Не істейміз?

Ақылына айласы, жігеріне ерлігі, кісілігіне кішілігі сай Құсайын тәйжі Қытайдан басқа елге қоныс аударуға ұйғарады. Қайқаңы көп, қарпуы қиын жұмысты жүзеге асыруда ғаламат іс істейді. Үлкен жол үстіндегі мемлекет көсемдерінің тілін табады. Гималайдан асқан босқындар қай елде тұрақтауы керек? Міне, осы мәселені шешуде де Құсайын тәйжі үлкен парасат иесі екенін танытады.

– Үндістанға тұрақтап тұра алмаймыз, – дейді Құсайын. – Сиырды құдай санайтын елмен сенім-наным жағынан отаса алмаймыз. Сауд Арабиясының шақырайған күні, аяқ бастырмайтын ыстық құмы қоңыржай самалды жерде өскен қазақтар үшін қол емес. Дарқан далада өскен халық Тайванның тоқымдай аралына қалайша қоныстамақсың? Оның үстіне қазақты қынадай қырған Шыншысай сол жерде бас пана тапқан. Америкаға барсақ, тілімізді, дінімізді ұмытамыз. Ақыр түбі қазақтығымыздан айрыламыз. Ұлттық кейпімізді жоғалтамыз. Ең абзалы – Түркия. Түріктермен ататегіміз бір халықпыз. Түркияға барар тілегімізді қуа барсақ, қазақы қалыбымызды толық сақтаймыз дейді.

Құсайын тәйжінің айтқаны келді. Бауырмал түрік елі жан сауғалап барған қазақтарға барынша қамқорлық жасады. Түркияға келген 10 мың қазақ қайтадан ел болып құралды. Түркияның қақ төрінде Қаракерей Қабанбайға арнап ескерткіш қойылды. Стамбул шаһарының Киікті саябағы қазір «қазақ саябағы» аталады, т.т. Ең бастысы – Төлебайдың бірсыпыра ұрпақтары қазақтар енді бірте-бірте атажұрты Қазақстанға қадам тастап қоныстай бастады. Осының бәрін ұйымдастырып жүрген жаңа командир - Мансұр тәйжі, Құсайын ұрпағы. Гималай асып, түрік жеріне шеру тартып жүргенде 6-7 жастағы Мансұр, Түркияда оқыды, бірнеше тіл біледі.

Оның атқарған игі істерін толық білу үшін романды қадағалап, зерделеп оқып шығуға керек.

Мақала естелік жанрына жатпайды. Дегенмен, бұдан 4-5 жыл бұрын шамасы Түркияда болғанымда жазушы Зейнолла Сәніктің «Сергелдең» романын маған сыйлаған Мансұр Құсайынұлы, шығарманың бас кейіпкерлерінің бірі екенін айта кету керек шығар. Кітаптың титул бетіне ол кісі латын әрпімен былай деп жазыпты: «Құрметті Шериаздан Рүстемұлы ағамызға. Естелікке сыйлаймын. Мансұр тәйжі. 16. 10. 2008». Кітапты насихаттаушы ғой, роман идеясын ел құлағына жеткізсе, түбінде атажұртқа да пайдасы тиер құралдың бірі болмас па екен деп ойлаған болуға керек.

Тұлға бейнесі шығарманың идеялық-эстетикалық мазмұнына қарай жасақталмақ. Жазушы, аудармашы, публицист, эссеист, сыншы, қазақ қауымына кең танымал Герольд Бельгердің «Тұйық су» атты орыс тілінде жарық көрген романы (2004) Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі өтпелі кезеңді, өткен ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы аумалы-төкпелі замандағы ауыр ахуалды көз алдына алып келеді.

Тұйық су ауылы – Оңтүстіктің бұрынғы Киров атындағы колхозы, көп ұлт өкілдері күн елткен мекен. Романның кейіпкерлері – түгелдей десе де болады, қатардағы адамдар. Шығармада анда-санда бастары қылтиятын билік басындағыларға келсек, бұларды ел қамқоршысы, тұлғасы деуге ауыз бармайды. Шетінен үміт-қайырсыз бюрократ. Алдына бара қалған ауыл адамдарының еститіндері тым құрса «көрерміз» дейтін шығарып салма сөз де емес. Кіл – жер-жебіріңе жететін балағат, иянат: бостандық, еркіндік алдың ба, алдың. Енді саған не керек? – деп сазарады. Тілек-мілек айтудан тыйыл. Неменеңе міндетсисің? Өз жүгіңді өз мойныңмен көтермей. Мемлекетке қол жаюыңды ұмыт...

Ау, газ берілмесе, электр шамы өшіп қалса, қыл аяғы балаларға тиісті қаражаттың өзінен айырса, қайтпексің. Қаситын өз қотырың емес қой. Мәселеңді шешпекке кеңсесіне бара қалсаң, шетінен әпербақан. Тіл мен жағына сүйеніп, бақырып-шақырады. «Чего тут разорались?!.. Не можете прокормить, чего нищету плодить, как крольчихи?! Ладшкой прикрыли бы срамное место. Или вообще замкнули» – деп әкіреңдейді ар-ұяттан безген аудан әкімі қабылдауындағы бір топ әйелге.

Ауыл ақсақалы Жаймырзаның пікірінше, жергілікті басшылық өз қалтасын қалыңдатумен әуре, өзге жұртта шаруасы жоқ. – Жер шұқылысаң да, сүйемел керектігін ұмытады. Еңбегіңді еш етеді. Тапқан-таянғаныңды әр тұстан жұлмалап қылғытады. Ұры-қары



қаптап кетті. «Главные воруы – начальство», «Аул опустел, захирел», «Нынешним властям, видать, аул не нужен».

Осы тығырықтан қалай шығуға керек? Астанаға аттанып, митингке шығып тамақ жырту ғана қалады. Көбінің оған да шамасы келмейді...

Романда ел мүддесін қозғайтын басқа да мәселелер көтерілген. Шығарманың аталымында үлкен мән бар. Тұйық су – сырттан құяр көзі жоқ бітеу көлшік қой. Суын жаңаламаса, сасып, борсып кетуі. Тұйық су секілді тұмшаланған, назардан тыс ауыл Қазақстанда аз ба? Ендеше, ауылға лайықты көңіл бөлінуі тиіс...

Осындай әлеуметтік-экономикалық реуішті проблемалармен қоса, Бельгер романының айырықша күйтейтін және бір тақырыбы, ұлт мәселесі. Қазақстанды жүзден аса ұлт, этностар жайлайтыны мәлім. Жеке адамдардың да, қоғамның да мұң-мүддесін көздейтін, қала берді жаһандық маңызы зор іске немқұрайды қарай алмайсың. Күн тәртібінен түспейтін, актуальді, зәрулігін жоймайтын тақырып романда бас кейіпкер Эдмунд Ворм образының төңірегінде сараланады.

Эдмунд Ворм – 1941 жылы Поволжьедегі Неміс автономиялық республикасы тарқатылып, ондағы тұрғын – неміс атаулы Қазақстанға жер аударылғанында жас бала болатын. Әкесі Карлды, артынан шешесі Полинаны «тұрармияға» алғанда көршісі Хадиша Эдяны интернатқа бергізбей анасының рұқсатымен өз қолына алып қалады, қызы Әсимамен бірге тәрбиелейді. Полина, Эдя, Хадиша, Әсима бейнелеріне қатысты сюжет желісі өзі бір жатқан тебіреністі хикая. Эдя Хадишаны апа, Полинаны мама деп тел бала болып өседі. Хикаяда әуезді сөздер, асқақ теңеулер, айырықша экспрессивтік, эмоционалдық метафора, бояу-нақыштар кездеспейді. Сонда да романның бұл тұстары ізгілік, адамгершілік, бауырмалдық хақындағы жыр-толғау, поэмадай оқылады. Жүрекке жылы тиетін қара сөз, ұтымды көркем деталь көңіліңді өсіріп, ұмытылмас жарқын сезімге бөлейді. Қарапайым неміс және қазақ әйелдерінің қалтқысыз достығы ғасырларға кететін халықтар достығының символына айналған.

Эдуард Ворм – қазақ оқырманына таныс бейтаныс кейіпкер. Қазақ топырағында өскен жазушы Герольд Бельгердің өз тағдырын еске түсіреді. Айырмасы – Эдуард өткен ХХ ғасырдың аяқ шенінде Қазақстандағы көп неміс жұрты секілді атажұрты – Германияға қоныс аударған-ды. Енді міне, он жылдан соң туған өлкесі көрегіндей Қазақстанға сапар шегіп келген беті. Ел күрт өзгерген. Жетістігі де, кемшілігі де көзге ұрып тұр. Қуана қол соғатыны да

бар, бас шайқайтыны да аз кезікпейді. Өткенді еске алғанында көңіліне талай сауал ұялайды: Отан дегеніміз не? Қазақ жері не себепті ыстық. Сол жердің суын сулаған, жерін жерлеген неміс өзін кім санамақ?

Эдуард Вормның ой-пікірлері публицистика жанрының ұшқыр жүйрігі Герольд Бельгердің өткір ойтолғақтарымен тамырлас. Ворм мен Герольдтың сөз тастастары да жүйелес. Оқырманды қазақ, орыс, немістің небір шұрайлы сөздеріне қанықтырады.

Міне, осының бәрін жинап теріп ой елегінен өткізгеніңде тіліңнің ұшына «шығармагерлік тұлға» деген сөз үйіріледі. Бұл күрделі ұғымның «Тұйық судағы» көрінісі әрқилы. Шығарманы дүниеге келтіруші автордың көзқарасы, көркемдік принциптері романның бүкіл идеялық-көркемдік тұтас бітімді қалпынан танылады. Әрине, бұдан Ворм мен автор арасына теңдік белгісін қою керек деген ұғым тумасқа керек. «Тұйық су» – роман, мемуар емес. Өмірбаяндық шығармада ғана автордың жеке тағдыры, мінез-құлқы бейнеленбек.

Рас, «Тұйық суда» Шоқан Уәлиханов ескерткішінің маңайында таза ауада серуендеп жүретін тұмсықты, ақжүзді, қолына таяқ ұстаған жасамыс адам біз білетін Герекеңнен айнымайды. «Е-е, не деріңіз бар ма, Бүке?! Әлбетте күштінің арты диірмен тартады ғой...» – деп орыс тілді романда қазақша гәпіртуі жағынан да.

«Светлолицый, по всему обличью явно не казах, расспрашивал напористо: из каких краев, какого рода племени, какая нужда пригнала в город, как жизнь в ауле, чем занимаются люди, каково настроение. И при этом сыпал казахскими поговорками и раздумчиво-многозначительно тянул: «Е-е...», точно аульные старики...» [26, 186-187].

Кейіпкерді Герольд Карловичке телігенімізбен, бұл образ да шығармагерлік тұлға санатынан. Атақты кинорежиссер Эльдар Рязановтың «Тағдыр тәлкегі, немесе жеңіл буыңмен» фильміндегі күлкілі эпизод тәріздес. Өле мас, ессіз-түссіз бас герой әлсін-әлі қисайып барып, қасындағы креслода газет оқып отырған Рязановтың басына басын түйістіріп сұлай кетеді. Рязанов ашу шақырып жандәрменде иығымен қағып тастайды... Езуін жия алмай күлетін көрермен, жүйкесі жұқа жолаушы кинорежиссердің өзі екенін жазбай танып отырса да, оны фильм кейіпкері есептейді. Рязановтың шығармагерлік тұлғасының бір қырына жатқызады.

«Тұйық су» романындағы шығармагерлік тұлға наным-сенімі, ұғым-түсінігі жағынан ел, ұлт мүддесіне жан-тәнімен берілген азамат есебінде қабылданады.

Германияға кетпей, Қазақстанда, ауылда қалған жалғыз-жарым немістің бірі Фризеннің үйіне қонақтыққа келе жатқан жолда бас герой Ворм ауыл жоғалса, халқы қайда барып күн көреді деген уайымнан кенет серпіледі. «Не одни беды и убожества вокруг, думалось Эдмунду, где-то в глубине жизни вызревает и доброе, хорошее. Это дурное сразу бьет в глаза. А доброе не всегда и разглядишь».

Бұл тұста автордың идеялық нысанасы айқынырақ сезіледі. Жазушының отаншыл өз тұлғасы да оқырман көз алдында биіктей береді.

\* \* \*

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әдебиет қайраткерлері алдында сөйлеген сөзінде «Дүниеге тәуелсіздік көзімен қарайтын әдебиет» керектігін айтқаны есімізде. Жаңа Қазақстанның жаңа әдебиеті сол тарихи міндетін абыроймен атқаруда. Жоғарыда жасалған талдау әдебиетіміздің жетекші жанры – роман ХХІ ғасырдың алғашқы он жылында айтарлықтай табыстарға қол жеткізгенін көрсетеді. Еліміздің өткен жолын, бүгінгі жай-күйін тұлғалық, ұлттық, адамзаттық мүдделер тұрғысынан бейнелеу барысында көтерген проблемалары тәуелсіздігіміздің Көк туын аспандата түсуді көздейді.

\* \* \*

Қарастырылып отырған проблема тұрғысынан үстіміздегі ХХІ ғасырдың жиырмамыншы жылдарының екінші ондығының есебін бастаған жаңа қазақ романдары есте қаларлық тұшымды, дәмді ойларымен көңілге ұялайды. Поэтикалық ізденістерінде де өзіндік табыстары бар.

Сондай шығармалардың қатарында – жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» атты тарихи романын (2012) атауға болады.

Қажығали романында негізгі үш тұлға айырықша бой көрсетеді. Біріншісі – Ұлы мәртебелі II Екатерина патшайым. Екіншісі – құрылғанына екі жылдай ғана болған Уфа және Симбирск әкімшілік аймағының әкімі яки генерал-губернаторы, генерал-поручик Осип Андреевич Игельстром. Үшінші тұлға – қазақтың атақты биі әрі батыры – Сырым Датов.

Үшеуінің де кемесі – тарих айдынында ұлтаралық қатынастардың заманынан озық рейдін жасағанымен ел есінде қалған.

Роман суреттейтін оқиға ХVІІІ ғасырдың аяқ шенінде өтеді. Ресей империясының далиып өсіп, Қырымды жаулап алып, Кіші

жүздің ханы Әбілқайырдың тілегі бойынша Батыс Қазақстанның Ресей боданына айналғанының өзіне 50 жылдай уақыт өткен кез... Бірақ жаңадан жауланған жерлерде тыныштық әлі орнай қоймаған. Әсіресе Орынбор жақ көп алаңдатады. Мұнда тұратын қазақ орыс, башқұрт пен қалмақ, қырғыз-қайсақ (қазақ) өзара қырқысудан тыйылар емес.

Игельстром алдымен осы шым-шытырық жағдайдың ебеп-себепін таразылауға кіріседі. Жоғарғы биліктің нұсқауы бойынша Сыртқы істер ведомствосының архивіне кіріп, баратын жерінің күллі жағдайын зерттеп табандатқан үш ай отырады. Ал, автор Қажығалидың өзінің архив қоймаларын тінтілеп, қаншама сарғайған қағаздың шаңын жұтқаны бір құдайға белгілі. Есесіне роман авторы анау айтты, мынау айттыға сүйенбей, нақтылы, объективті зерттеу жүргізуге мүмкіндік алған.

Оның бер жағында генерал-фельдмаршал Потемкин, Сыртқы істер коллегиясы басшыларының бірі граф Безбордко Игельстромға бірсыпыра жағдайды тәптіштеп түсіндіреді. Осының бәрі романның алғашқы бөлімі тілі мен стилінің бөлекше қалыптасуына әсерін тигізген. Шенеуниктер сөздерін әскери канцелярлық стильде ұзақ-сонар өрбітеді. Жазушының бұл тілді қазақшалуға төселіп алғаны сондай, оқушы романның бастапқы бөлімін ана тілінде жазылғанын ұмытып кеткендей болады. Бейнебір орыс романын оқып отырғандайсың.

Игельстромның миссиясы эмбе романның басты идеясы Императрица II Екаторинаның қабылдауында айқындалады:

«— Қай түкпірде, қандай қиянда жүрсеңіздер де, Ұлы Россия, орыс халқы, Россия тәжі мен тағы Отан алдында еңбегі адал ұлдарының қызметін ешқашан ұмытқан емес, барон мырза! Әлі күнге құлқы беймәлім, мінезі әрпіл-тәрпіл мынау бас асау қырғыз-қайсақ жұртын жөнге салып, күллі Ресейге ортақ Заң жолына бейімдей алсаңыз, сөйтіп оларға да тәртіп пен тыныштық орната алсаңыз, Ұлы Россияға сіңірген ұлық еңбегіңіз ескерусіз қалмайтынына бек сене беріңіз» [27, 108].

Үлкен мемлекеттік және қоғамдық категориялармен ойлайтын адамның сөзі. II Екаторина патшайым боданындағы жұрт – қазақ халқының ұлттық мүдделері төңірегінде сөз қозғап отыр. Ресейдің бұл аймағында тыныштық орнату, бұратана жұрттарды бүкіл Ресейдің ортақ заңы, тәртібіне бейімдеу – ол кездің жағдайында ел ахуалын абаттандыруға біршама септігін тигізері сөзсіз еді.

« – Ұлы Россияның мүддесі – ұят-арымыздың мүддесі болмақ, алдияр! Честь имею!» – деп ант бергендей болады барон Игельстром аудиенция аяқталар шақта.

Игельстром образының үлкен тұлға болып көрінетіндігі, Ұлы мәртебелі патшайымның ұлығ фармандарын қарудың емес, ақылдың күшімен орындай білгендігінде деп түсінуге керек.

Генерал-поручик Орынбор жаққа мұздай қаруланған таза мушкетерлерден тұратын алты батальон және драгун полкы, әрқайсысы өздеріне тиесілі гренадер роталарымен, өздерінің артиллериялық командаларымен, ат-көліктерімен шыққан болатын. Өзінен бұрынғы наместниктерден өзгешелігі, Игельстром бұл айбынды қаруды жөн-жосықсыз жұмсамаған. Алдынан шыққан қалың өртті ақылмен біртіндеп басуға кіріскен.

Ел ішін заңға бағындыру ол кездің жағдайында оп-оңай істелетін шаруа еместі. Жазушы кейіпкерінің мықты тұлға екенін сол шаруаны іске асыру барысында қолданған мүлде жаңа іс-тәсілдерін шыншылдықпен нағыз реалистік тұрғыдан көрсете білгендігінен байқалады.

Қазақ орыстар шапқыншылығының, ұлт араздығын қоздыруының мақсаты айдан анық. Біріншіден, бұлар үшін шапқыншылық – табыс көзі. Өздері қырғыз-қайсақ атайтын жұрттың қыруар малын айдап әкету есебінен байып шалқып жүргендер. Екіншіден, жерге қомағайлығы. Қазақтарды ежелгі атақоныстарынан айырып, Ақжайықтың маңына жолатпай қояды. Бұл харам істеріне ара-тұра көрші башқырттар мен қалмақтарды пайдаланады. Қысқасы, ұлы араздығын қоздыруды ең байлыққа кенелудің тұрақты көзіне айналдырып алған.

Игельстром тұлғасынын романда шоқтықты көрінетіндігі, ол міне осы ыю-қию қырқысты қалайда тоқтатудың тиімді әдіс, тәсілін табады. Шешімдері бұйрық райдан ғана тұрмайды. Халықпен, қазақтың игі жақсыларымен үнемі кездесіп, не нәрсені де солармен ақыл-кеңес құра отырып шешуді өз саясатының тұрақты стиліне айналдырады. Қазақ жұртымен тікелей қарым-қатынас жасауға тырысады. «Тар кезеңде» автор атап көрсеткендей, патшалық Ресейдің тарихында тұңғыш рет мұндағы ел басы құзіретін елеусіз қалдырып, бір елдің Ханының билігін тәрк етіп, тікелей қара халыққа, ресми айтқанда, «Қырғыз-қайсақтың Кіші Ордасының күллі миллаты мен ел ағаларына!» – елдің ақсақалдары мен билеріне, батырларына тікелей тіл қатып, үндеу іспетті хат жазады.

Яғни сөзін сол кездегі ханға емес, қара халыққа арнайды. Роман қорытындысы иланымды: Ресей мен бодан елдің ара қатысында тұңғыш рет елеулі бетбұрыс жасалған еді.

Осы жуықта ғана бір зерттеуімде белгілі ханды сынаған жазушыны қолдағанымда, үлкенді-үлкен, кішіні кіші деп білмейтін кекселеу қарт қаламгер:

– Сен хандарға қарсымысың? – деп саусағын шошайтып кеудемнен түртіп өтті.

Қазақ өз тарихында сегіз ғасыр бойы Шыңғысхан тұқымынан өрген хан, төрелердің басқаруында болды. Қасым хан, Есім хан, әз Тәуке,.. Үш жүздің басын біріктіру ісіне бар өмірін сарп еткен Абылай хан, бұлар -- бір төбе. Мағжан ақын жазғандай,

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,

Тұрансыз тарқамаған алаш шері.

Тұранның топырағында тыныштық тапқан

Алаштың арыстандай Абылай ері...

Хандардың екінші бір тобы халқымен санаспады. Өздерін ақ сүйек, өзге қазақты қараша санап, ойларына келгенін істеді. Солардың бірі Кіші жүзді Ресей бодандығына кіргізген Әбілқайыр және ізбасары Нұралы хан болатын. Қажығали романында бұл хан жағымсыз кейіпкер ретінде суреттеледі. Халқына зиянынан басқа көк тыйын тигізер пайдасы жоқ басшы еліне ешқашан тұтқа бола алмақ емес.

Осы губернаторы Игельстром бүкіл жұрттың ықыласы тіл табысу жағында екенін, ол үшін тұтқын айырбастауға қазақ жағы әзір екенін айтып хат жазса, Нұралы хан керісінше, патша наместнигін, қазақ руларына қарсы айдап салуға тырысады.

«Сіздің мына жарлығыңызға – деп жазады Нұралы хан, – менің таңым бар...Талай ескертпеп пе едім мен: «бұл ұры-қары қазақтар Сіздің жоғары мәртебелі құзырыңызға қандай қарсы адамдар болса, маған да сондай қастас адамдар», деп. Сондықтан, оларға адам жіберіп, әлгі тапсырмаларыңыздың орындалуын талап еткеніңмен, бұл басыбұзықтар менің айтқанымды тыңдамайды да, тұтқындарды қайтармайды да! Тіпті сөйлесуге барған кісілерімді өлтіріп тастаудан да жүзі жанбас! Сол, себепті, жоғары мәртебелі тақсыр, сізге бұрынғы айтқан кеңестерімді тағы да қайталауға мәжбүрмін: Егер Сіздер қамалға шапқан әлгі қарақшылардың ауылдарын қарақұрым қол жіберіп, Жаманқаладан бергі жерлерде, сондай-ақ Елек пен Жемнің бас жағында отырған елдерді естерінен кетпестей етіп ойрандамасаңыздар, олар мені Хан деп мойындамайды да, Сіздерге шапқыншылық жасаудан да бір тыйылмайды. Сондықтан осы хат-

ты алған бойда, қалың әскермен қарымта қайтаруға аттанғандарың жөн!»[28, 402-403].

Оқырман «қайталауға мәжбүрмін» деген сөзге назар аударған болуға тиіс. Нұралы хан бұған дейін де, кейін де орыс билік орындарына хат жазып, талай қазақ руларының қанын шелектеп төккізген. Аурумын деген желеумен Игельстромның шақырған кеңестеріне де бармайды. Игельстром Нұралы ханның өз халқын сатқан қылықтарына қатты таңырқап: – «Құдай-ау, ел-жұртымды ойранда!» Шап!» – деп өз халқына жау шақыратын да ел басы болады екен ғой! – деп айран-асыр болады.

Игельстромнің ашық хаты ондаған данаға көбейтіліп, ел жақсылары арқылы халық талқысына салынады...

Хатта «Таналықтың шабылуы» деген оқиға жиі еске алынады.

Бұл оқиғаға мұрындық болғандардың бірі романның басты геройы ақылы мен батырлығы бір бойына жарасқан Сырым Датов еді.

Қазақ өзінің тарихи көшінде талай-талай тар кезеңнен өтті. Ал, мына бодандық кесірінен қазақ шұрайлы жерінен, қоңды қоңсыларынан көрінеу айырыла бастады. Ақжайығының маңына жолаудан қалды. Міне, енді құтты қонысы Қарақамысты тастап көшіп жатыр. Бұл трагедияны жазушы Сырымның әлем-тапырық көңіл күйі арқылы береді. Жан түкпірінен бір ащы күй аңырайды. Бірақ амал жоқ. Бала-шағаны алыс қонысқа көшіріп тастамасаң, жан-жақтан анталаған жаудың жемтігіне айналайын деп тұр. Соған жол бермеудің бірден-бір амалы, ел қорғар ерлердің қолын ертерек босатып, кәдімгі әскери жасаққа айналдыру.

Сырым әрі би, әрі батыр. Талай жорықтарға қатынасты, қалмақпен қидаласты, башқұртпен барымталасты, от қарулы казак орыстың да жағасын жыртты, тұтқынға да түсті, қақырғанда қан түкіріп жүрсе де ешқашан рухы жасып, жігері мұқалмаған ер ретінде әйгілі болды. Ендігі соғыста от қарусыз пәлендей ештеңе өндіре алмайтынын сезген Сырым, соңғы оншақты жыл бойы жасырын кебеже, теңдерде тығып сақтатқан орыс мылтық, бұхары мылтық, Хиуадан алдыртқан шамқал, бағзыдан келе жатқан қозыкөш, күлдірмамайларды шығартып, осының икемі бар-ау деген жігіттерге үлестіріп бергізеді. Сонсоң қатын-бала қара орманды қалың тау ішіне жедел жасырып, өзі Мұғаджардың қойнау-қолаттарына кіре берістегі тосқауылда тұрады, жігіттерді мылтықпен соғысудың жай-жапсарына қанықтыруға шұғыл кіріседі. Бұл өнерге ол Пугачев көтерілісіне қатысып, отыз жастың о жақ, бұ жағында ордабұзар талай ұрыстарға қатысқанда төселген-тін.

Төселгені сондай, Пугачев көтерілісін басқан генералиссимус Суворовтың өзінің аузына ілігеді. Суворовтын сынайлары дандайсып алғаны сонша, қауып-қатерді ұмытып, пугачевшілерді шалғай түкпірлерге дейін індетіп қоймаған соң, жер жағдайына қанық Сырым патша әскерлерінің талайын шөлге қамап қатты шығындатқан болатын. Көтерілістің материалынан патша наместнигін, табылған құжатқа қарағанда, Суворов: «Сол Сырым деген разбойникті» көрген жерде ұстап, басын шабындар немесе қол-аяғына кісен салып, маған қайтсеңдер де жеткізетін болыңдар!» - деп қалшылдапты.

Сырым батыр ендігі соғыс тәсілі өзгергенін алғаш түсінгендердің бірі. Қой боғындай қорғасын бүркетін соғыс енді жаңа айла мен амалдың соғысына айналған.

Таналық бекінісі маңындағы соғыста Сырымның қолбасшылық өнерін роман жеріне жеткізе суреттеген. Сырымның қолданған айла-амалдарын бұл жерде түгел тауысып айту мүмкін емес. Ол үшін романның өзін оқуға керек.

Қазақ қолбасшысы шабуыл объектісі етіп жау күтпеген өрдегі Таналық бекінісін қалайды. Бұл – бір. Екіншіден, бес мың сарбаздан тұратын ауыр қолды соғыс майданы болатын жерге жау көзіне түсірмей жасырын жеткізеді. Қазақ орыстардың басты күші жинақталған Жайық маңындағы негізгі күштері жағына 500 қолдан тұратын жауынгерлерін жіберіп, әр тұстан бір төбе көрсеткізіп, бізді осы жерден күтіп аласыздар дегендей алдамшы маневр жасайды. Үшіншіден, шамалы қолмен жау бекінісі сыртында пикетте жүргендерін тұтқындайды. Бұны көрісімен казак-орыстар қамалдың қақпасын ашып жіберіп лап қояды. Сырым шегінуге бұйрық береді. Нақтырақ айтқанда, жаудың тегеуірінен шыдамаған қалып көрсеткендей тырым-тырақай қашады. Сөйтіп жаудың негізгі күшін терең сайда күтіп жатқан от қарулы 500 мергеннің үстінен бір-ақ түсіреді. Әуелі казак орыстардың арттағы отрядына тиісіп, ортаңғысының не алға, не артқа жылжуын білмей састырып, ойран ботқасы шыққанда Сырымның негізгі қолы ұрандатып ат қояды.

Осыдан бір аптадай өткен соң Орынбордың обер-коменданты, әрі Қырғыз-қайсақтармен арадағы жағдайды реттеу жөніндегі Шекара экспедициясы дейтін мекеменің бастығы генерал-майор Зенбулатовтың хабарламасқа амалы қалмай жазған хаты Сырым батыр бастаған қазақ сарбаздарының жеңісін былайша баяндайды:

«.. – Қырғыз-қайсақтар Қызыл бекінісінің жолында жүрген пикетін ұстап алып, он адамның екеуін өлтірген де, бір казак пен жеті башқұртты жәсір еткен. Мұны алыстан көріп, ізіне түсе



шапқан Таналықтың коменданты майор Рештейнердің отрядын жан-жағынан қоршап алып, оның өзін және бір капралды, қамалдан ертіп шыққан тұрақты әскердің он алты солдатын, жәрдемге барған көршілес казак станциясының атаманы Овчинниковты, оның қасындағы 21 казак пен 40 башқұртты қоса тұтқындаған... Шайқас болған жерде шашылып қалған жетпіс шақты жаралыларға қоса, 28 адамның өлігін жинап алып қайтудан басқа лаж болмады. Таналық қамалы қаңырап бос тұр!» [27, 247].

Бұрын да беделі күшті Сырым батырдың ел тұлғасына айналуы осы кезден басталады. Таналық қамалына шабуылдың негізгі мақсаты орыс түрмелерінде жатқан қазақтарды, ішінде Айшуақ сұлтан да бар, босатып алу болатын. Роман сюжеті дамыған сайын Сырымның тұлғасы биіктей береді. Бара-бара қазақ тарихындағы ірі саяси қайраткерлер қатарына көтеріледі.

«Тар кезең» тарихи романның эпикалық поэмаға жақын түрі. Мұнда жеке адамның дара өмірінен гөрі тұтас ұлттардың өмірі алға шығады. Тартысы ел мен елдің, белгілі топтардың арасындағы қайшылықтарға құрылған.

«Томай құлақ ұзын торы аттың үстінде тіп-тік шаншылып отырған күйі көзін қарсы алдына қадаған қалпынан танбастан, сіресіп тұр. Әшейінде де апсағай ірі кісі, қысқы қалың киімімен түйедей торы аттың үстінде төбедей боп отырғанында тіпті айбынданып кетеді екен» [27, 133].

Бұл – Сырымның портреті. Ел-жұрт арасындағы көрінісі. Бала-шағасымен бірге отырғанын көрмейміз. Ұдайы халық, ұлтаралық қатынастардың қайнаған ортасында жүреді. Бәйбішесі Ұлбике қалың романның бір бетінде жылт етіп бір-ақ рет көрінеді. Жалпы роман қазақ әйелінің ел басына түскен мұндай қиын-қыстау кезеңдегі рөлін көрсетуде тым сараңдық жасаған. Жеке адамның тағдырын тәптіштеп отыруға роман орын таба алмаған сияқты. Бұл міні сында айтыла да бастады.

Сырым ел басқарудың бұрынғы қазақ руларында, жалпы қазақ тарихи толқынында кездеспеген тәсілін ойлап табады. Роман құдды атылған садақ сияқты сол нысанаға бұрылмастан самғайды да отырады.

Игельстром мен Сырым халық тағдыры шешілер мәселелерді өзара кеңесте ақылдасумен шектелмей, халық қалаған өкілдермен кеңес құрады. Ең соңында барша ру өкілдерінің басын қосып, генерал-губернатор ұсыныстарын талқылайды.

Қажығали романы қазақ саяси өміріне енгізілген жаңа тәртіпті барынша қанықты етіп суреттейді. Біз «демократия», «республика»

деген терминдерді қолданғанда міндетті түрде жаһандық практика ұғымына сүйенеміз. Қажығали романы ұлтаралық қатынастар сияқты күрделі мәселелерді ел боп, халық өкілдері арқылы шешудің өзімізге лайық тәсілдері бізде, қазақта да болғанын барынша иланымды суреттеген.

Ел-ел арасында тыныштық орнату үшін не істеуге керек? Игельстром қазақ арасына тұтас делегация жіберіп жауабын күтіп отыр. Ресейдей империя мен қазақтай бодан ел арасында бұрын болып көрмеген, кездеспеген жәйт. «Орынборға, – дейді Сырым айнала қоршаған билерге, - талай жандарал келген... Бірақ солардың ішінде бізге осылайша адам жіберіп, ақыл салмақ түгілі, бүкіл елді ел екен дер елеген қайсысы болды? - Жоқ! Болған жоқ ондай адам!!!» Сырым үлкен ұлықтың әр сөзінің астарына үңіліп, байсалды, байыпты жауап қайтаруға шақырады.

Міне, осы тұста ғой қазақ тарихында «Халық кеңесі» деген жаңа саяси терминнің туғаны.

Кіші жүздің ел ағалары бас қосып өткізген ұлы жиыны яки Халық Кеңесі Елекке құятын Жіңішке өзенінің жағалауындағы баурайы біршама тегіс жайпақ төбеде өтеді. Ел билігін үш атаның үш жақсысына ұстатайық деген шешім қабылдайды. Сайланған үш би Орынбордан келген Игельстромның өкілдерінің қасына жайғасады. Халық кеңесінің басшысы ретінде Сырым би сайланады. Генерал-губернатор тұтқындағы 160 қазақты босатады. Қазақ жағы Таналықта ұсталған жәсірлердің басым бөлегін елдеріне қайтарады. Қалғаны келіссөз басталмай тұрғанда-ақ, Хиуа мен Бұхараға сатылып кеткен. Жәсір алмасу бұдан былай да жүргізіле бермек.

Енді Орынбор өкілі коллегиялық ассесор қазақтардан Ант беруін талап етеді. Қазақтар Ант беру ешқайда қашпайды. Жақсылық қылдың, жете қыл. Даулы жер мәселесі шешілмей тұрғанда, елдің елдігін сақтап қалу мүмкін емес дейді.

Халық Кеңесі Орынборға арнайы делегация жібереді. Генерал-губернатор Игельстром қазақ делегациясын жылы қарсы алып, қойған мәселелерін табанда шешіп береді. Қазақ-орыстарға бұдан былай қазақ ауылдарына шапқыншылық жасаудан мүлде тыйыласындар деген үзілді-кесілді бұйрық беріледі. Қазақтар Жайықтың сол жақ бетіне қоныстануға рұқсат алады. Сақаралы бекінісінен Үйшікке (Атырау) дейін жеті мың үш жүз үйге және жайлы қоныс бөлінеді. Елу мыңға жуық үйге Калмыков пен Кулагин бекіністерінің арасында тұруға орын тағайындалады, т.т.

Роман символдық көрініспен аяқталады. Сырым батыр алдағы алмағайып күндерге ой жіберіп, бұлыңғыр болашақтың ендігі

бейнесі қандай болар екен дегендей, көгілдір көк жиекке көз жіберіп ұзақ тұрады...

«Тар кезең» романының үлкен бір ерекшелігі, қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет орыс патшайымы мен генерал-губернаторы қазақ жүрегіне жақын жағымды герой ретінде суреттеліп отырғандығында. Уақыт оза, отар мен империяның арасы нілдей бұзылып түнеріп сала бергенін автор жақсы біледі. Роман бүгінгі тәуелсіздік заманын еске алып жазылған секілді. Еуразиялық одақ, Бірыңғай экономикалық кеңістік бұл енді Ресей мемлекеті мен Тәуелсіз Қазақстанның, Мәңгілік елдің жаңа бауырмал қатынасынан туған жақсылық жаңалықтар. Екі елдің тату-тәтті тұруына талпыныс көршілес Ресей мен Қазақстанның тарихында болғанын бүгінгі ұрпақ есіне салу арқылы қазақ тағдырында енді қайтып тар кезеңнің кезікпеуін тілейтіндей Қажығали романы.

Әдеби процес бірыңғай бола бермейді. Өзгесін былай қойғанда, тіпті тұлға түсінігінің өзі туралы әркілы бағдар-байлам айтылып жатады. Тұлғаның екі бет болуы, сөзінде тұрақ жоқ, өз пайдасына қарай бірде олай, бірде бұлай сөйлейтін айлакер, зымиян да ұшырасып қалады. Ал, жазушы Мұхтар Мағауиннің «Жұлдыз журналының 2010 жылғы бірінші, екінші сандарында жарияланған «Жармақ» романындағы суреттелген бейненің кейпі құлақ естіп көз көрмеген герой. Романға ілесе түсінік берілген, сыни шолу жасалған Герольд Бельгердің «Мұрат пен Марат: екіжарты – бір бүтін» атты мақаласында (қазақшалаған Тұрысбек Сәукетаев) былайша сипатталады:

«Біз сөз ғып отырған жағдайда, бірінші бөлік, Жармақтың нысыпы – Мұрат Бейсенұлы Қазыбеков, екіншісі Марат Бейсенұлы Қазыбеков. Аттарын бөлектеп тұрған бір-ақ әріп. Бірақ қандай әріп десеңші! Түп-түбірімен айрықша мәнді қазақша – Ұ. Барынша шыншыл қызықты да ғибратты оқиғасы бір кезде бір тән – бір бүтін болған, бірақ бір түннің ішінде екіге бөлінген ағайынды сыңарлардың ымырасыз тартысы төңірегінде өрістейді» [29, 105]. Сыңар болғанда, бұл бір ана, бір атадан туғандар емес. Бір қараңғы түні ғалым Мұраттың ішінен өзінен айнымайтын екінші адам – Жармақ пайда болғанын бір мәжіліс үстінде оқыста бір-ақ біледі.

«... Мұрат пен Мараттың арасындағы қайшылықтың арасы тым терең. Екі жарты – бір бүтін. Бірақ бір бүтін – екі жарты» [28, 105].

Мұрат, әңгіме иесі, қырық жыл бойы ұлтының сан жылғы тарихын сарыла зерттеп жүрген ғалым-тарихшы. Еңбегінің бас-аяғына шыға алмай бейнет шеккен жан. Екінші жартысы Жармақ жаратылысы керісінше. Дүние рахатын кешіп жүрген замана қу табаны.

Ештеңемен басын ауыртпай-ақ, айла-шарғының, ат-нөпір ақшаның арқасында сенатқа дейін жол тауып алған. «Ұлттық мүдде, елдік мұрат, ұрпақтың болашағы..., ол үшін «бәрі де бос сөз, күл болмаса бұл болсын. Өз мүддесі, өз мұраты ғана бар. Қамсыз, қапысыз ғұмыр» [28, 13].

Ел мүддесін аяқ асты ететін жемқор-сумақайлардан айырмасы – көпірме сөз иесі. Романның шұбыртпалы публицистикалық стилін елдің бүгін таңдағы оңып тұрмаған жайын қазақ-орыс оппозициялық баспасөзінде айтыла-айтыла жауыр болған ауыр жағдайды ұзақ монологтармен баяндап, қай тұстарда оқушысын жалықтырып та алады.

«Қайткенде де қазақта болашақ жоқ, деп лепіртеді Марат. Болса да, бүгінгі билік тұтқасы басқада. Іште ғана емес, сыртта да. Шәйт деп көрші талап тастайды. Қудалаумен ғана шектелмейді. Қылтаңды қияды... Ал енді ұлттың ұйтқысы болуы тиіс» зиялы қауым «шыңыраудың ішінде жатқан нағыз қорыс батпақ». «Бос шулағаннан басқа не бітіріпті...» [29, 89-91].

Жармақтың осы сияқты қырт-сыртын көп еститін Мұрат аң-таң. Ия, анау сен болғанда. Менің өзім кім?

Және сөз етіліп отырған шығарманы автор жазбаған боп шығады. Өзінің шығармасын басқаға телу – ежелден белгілі әдеби тәсіл. Шығарма авторының ұсынылып отырған туынды өзінікі емес, белгісіз бір қаламгер Иман Қазақбайдың архивінен табылған туынды екені хабарланады. Жарым сандық қолжазбадан іріктелгендегісі. Сол қалағанын автор біраз қырнап, өңдеп өз шығармасы ретінде ұсынбақ. Тек автор хикаяттың тума атауын тақырыпты толық қамтымайтындықтан өзгертуге мәжбүр. Белгісіз автор хикаятының әуелгі атауы «Қилы тағдырлар» еді. Одан соң «Көлеңке», «Сыңар», «Астар», «Сүлде» боп өзгертіледі. Бірақ бірісі ішіне кірмейді. Тақырыпты толық қамтымайды. Ақыры «Жармақ» аталымына тоқталады. Яғни «бүтіннің бөлшегі. Екінші жарымы» деп атайды.

Бір бүтіннің екі жартыға айналуы – жобасыз жұмбақ. Мұрат кухняда шай ішіп отырған. Адам сенгісіз оқиға сол мезетте басталады. Жарқырап тұрған электр шамы жалп етіп сөніп қайта жарқ етеді. Сол сәтте-ақ ғұлама үлкен той үстінде отырғанын бір-ақ аңғарады. Ең кереметі – тойдың төрінде салтанат құрып отырған - мына мен! - дейді таңырқап.

Бір адамның екі жармаққа айналуын суреттейтін шығарманың өтірік-шыны аралас жүреді. Әсіресе өтпелі кезеңді суреттейтін тұстарының ақиқатымен қоса күмәнді жерлері аз емес. Қазақ зия-

лы қауымының басына не кесепатты үйіп-төгеді. «Шыңыраудың түбінде жатқан нағыз қорыс батпақ осы қазағың емес пе? Бос шулағаннан басқа не бітіріпті?» т.т. Шығарманың өзі атына ұқсайды, Өңшең жартыкештер жиыны ма дерсің.

«Жармақ» жазылу мәнері жағынан бүгінгі постмодернизмге ұқсайды. Біз білетін постмодернизм белгілі-бір менталитеттен туындайды. Айнала дүниені астан-кестен қалыпта бейнелейді. Жатқан бір хаос па дерсің. Сонымен бірге «постмодернистік сезімталдығы» да жетерлік... Постмодернизм өзін осыманғы өнердің ортақ теориясы санайды. Уақыт рухын жалғыз өзі белгілейтін тәрізді. Өнердің, философияның, ғылымның, экономиканың, саясаттың – адамзат қызметінің барлық саласын қамтимын деп есептейді. «Жармақ» – ұзын-сонар публицистика, сатира, сықақ элементтерінен құралуы үстіне шығарма тініне поэтикалық көгеріңкі рух та енгізіп отырады.

Ұсынылып отырған мақаламыздың тақырыбынан тым ауытқымау үшін «Жармақ» романына жанжақты толық талдау жасамаймыз. Туған елінің тарихын ондаған жыл бойы жазып жүрген Мұрат – ұлт мүддесін жан-тәнімен қорғайтын кейіпкер екені жоғарыда айтылды. Сонымен бірге, бұл Мараттың нағыз антиподы да емес, оның екінші жартысы екенін ұмытпайық. Біреуі шын тарихшы, біреуі жалған тарихшы болса да сөздері бір жерден шығып жататын жерлері де аз емес. Постмодернизм реализмді жоққа шығаратын модернизмнің соңғы сөзі. Архитектурада бұралқы стилімен көзге түссе, прозада өтірікті шындай, ақсақты тыңдай етіп соғуға құштар.

Постмодернінші – Владимир Набоков «Дар» атты романында Чернышевскийдің каррикатуралық портретін жасайды. Жасағанда бізге белгілі реалистік мәнерде емес, Қалайда ұлықалам иесінің бет-әлпетіне қара бояуды баттастыра жағуға тырысады. Терезесінен сығалап, ұлы сыншының оңашалық тұрмыс күйіне, Чернышевскийдің сортирде қалай отыратынына дейін сұғына қадалудан ұялмайды. Тамақ ішісін келемеж етеді. Әйелінің көзіне неше рет шөп салғанын өсек етуге еш жиренбейді.

Мен-мендігі жиі ұстайтын Набоковтың ұрынбайтын қалам иесі қалмаған десе де болады. Набоков ұлы орыс әдебиетінің бір классик философының кітабын студенттер аудиториясында дәріс оқып тұрып дар-дар айыруға жүзі жанбайды. Сынауға тілі жетпей ызақорланғандағы кейпі [30, 6-12].

Постмодернизмнің дарақылығы «Жармақ» стилінен де байқалып қалады.

Мараттың Мұратқа жазған бір хатынан үзінді сондай мысалдың бірі. «Қазіргі нарықтық әрі бейпіл заманда кім не деп сандырақтамай жатыр. «Мәселен, бүгінде ұлттың рухани көсемі Мұштар Мақанов сияқты. Айқай, ұран, қу кеуде. Не ақыл жоқ, не білім жоқ, не түйсік, не ұят жоқ... жалпыға тән жамандықтың шіріген шикі жемісі ғана» [31, 6-12].

Кейде ойлайсың, бүгінгі постмодернизмді уағыздаушылардың көздейтіні не? Талантты өлеңдеріне жазылған әндерін бүкіл халық шырқап жүрсе де, менің пәлен көзқарасыммен санаспағандықтан жарамсыз болып қалғаны ма? Әлде жаңадан бір «халық жауларын» ойлап табу ма?

Біздіңше, қазіргі уақытта ең керегі 2000 жылдық тарихымызды жаңаша, өз ұлттық мүддеміз тұрғысынан қайта жазып шығу. Ұлттық тарихымыз қоғамдық ғылымдардың арасында орталық буынға айналуы тиіс. Бұл үшін істелмек шаруаның жоталы міндеттері Мемлекеттік хатшының жуықта жасаған баяндамасында сызылды. Алдымен тарихи деректер қоры мейлінше жаңартылып, толықтырылуы тиіс. Ескеретін нәрсе, қазақ тарихының не бір інжу-маржан оқиғаларын тарихи деректермен қатар, туған әдебиетіміздің алтын қорынан да іздеуге әбден болады.. Ата-бабамыздың айбынды образы, ұлттық тарихымыздың небір боранды-шашынды, дауылды күндері көркем сөзде нақтылы бейнеленген.

Мағжан біздің көп оқыған, көп тоқыған ең мәдениетті ақынымыз. Алдымен Қызылжар қаласындағы араб, парсы, түрік тілдері негізгі сабақ түрінде жүргізілген медреседе 5 жыл оқыды. Стамбул қаласындағы Түрік университетін бітіріп келген Бегішов Мұхаметжаннан сабақ алды. Бұдан соң атақты Медресе-Ғалияға түсті. Міржақып Дулатовтан 1 жыл орысшаға төселді. 1913-1917 жылдары Омбыдағы учительская семинарияны алтын медальмен бітірді. Бұдан соң Мәскеудің атақты орыс ақыны Брюсов басқаратын. әдеби-көркем институтында сабақ алды.

Мемлекеттік хатшы Болат Тажин «Қазақстан туралы біздегі және шет елдердегі тарихи материалдың барлығын жинауға, жүйелеуге және жіктеуге баса көңіл бөлуге тиіспіз» дейді. Міндет этнос көкжиегін біздің дәуіріміздің мыңжылдығына дейін кеңейту. Шет ел деген сөзді нақтылай түссек, бұл Шығыстану мен Батыстану филологиясы, яки жазба ескерткіштері туралы ғылым. Н.И. Конрадтың «Восток и Запад» (1966), Олжас Сүлейменовтың белгілі «Аз и Я» және «Тюрки в доистории» (2002) еңбектері тәрізді.

Мағжан ақынды да ежелгі түрік, араб, орыс тілдері мен жазбаларын көп зерттеген тарих тамыршысы деп ауыз толтыра айтуға әбден болады. Ерекшелігі, көркем сөз кестесіне түскендігі. Мағжан поэзиясында Батыс-Шығыс өлең үлгілерін еске түсіретін әуендермен қатар, адамзат тарихының сілемдері, ұлы қайраткерлерінің образдары молынан таңбаланған. Мағжан небары 25 шумақтан тұратын «Түркістан» деген өлеңіне Тұранның, Орта Азия өңірінің тарихын, жер-суына дейін түгел енгізіп суреттейді.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған  
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.

Ал енді, сол қасиетті несіпке Алла жарлығымен алғаш қожа болған кім дегенде, Мағжанның атап көрсететін адамның есімі жоғарыда аталған зерттеулерден кезікпейді.

«Тұранды түгелімен билеп тұрған  
Ертеде ертегі хан Афрасиаб».

Афрасиаб патша (түрікше аты Тоң алып) салдырған астана қаласы қай тұста дейтін емес. Орны қазіргі Самарқанның іргесінде. Біздің заманымызға дейінгі 6 ғасырдан біздің заманымыздың 13 ғасырына дейін өмір сүрген шаһар. Афрасиаб патша арабтардың Орта Азияны жаулауынан бұрын өлген. Афрасиабтың билеген жері Амудария мен Енисей арасы.

Конрадтың кітабынан сақтар ( скифтер) темір дәуірінің алғашқы кезеңінде өмір сүргенін оқимыз.. Сақтарды бағындармаққа қалың қолмен аттанған Дарий патшаның әскерін бір оқ шығармай жеңеді. Елсіз,сусыз даламен шегінеді де отырады. Сөйтіп жаудың мысын құрытады...

Сақтар Оңтүстік Қазақстандағы үйсін, ғұн, қаңлымен тектес. Орта Азияда қуатты мемлекет құрады, Шығыс ғұндары қаңлы, ұйғыр, қырғыз, қыпшақ тайпаларын біріктіреді. Жазғы ордасы – Орхон, қысқы ордасы – Бесбалық. Алтайдан Каспийге дейін қанат жаяды. Кейінгі ұрпақтары қаңлы, ұйғыр, қыпшақ, найман аталады. Біздің заманымыздың бірінші, үшінші ғасырында Қытайдай алып державаның өзінің тізесін қалтыратқан.

Әсіресе ғұндар Аттила «Еділ» (б.з.д. V ғасыр) заманында ерекше күшейді.

Мен келемін, мен келемін, мен келем,  
Күннен туған, гуннен туған пайғамбар.

Өйтіп жар салушы кім дейтін емес, Атилла. Мағжан атын ата-маса да сол батырды еске алып отыр. Атилланы еске алып отырған

себеп, ол түріктің арға атасы гундарды басқарып күллі батыс Еуропаны жаулап алған. Атақты Римнен алтыннан салық алып тұрған. Әр ұрпақ арасына 25 жылдан салғанда Атилла біздің 77-інші атамыз.

Түркістанда жырланатын әйгілі Шыңғысхан бізде бар қазақ қаласын күл төбеге айналдырған жауыз есебінде қатаң сыналып жүр.

Мемлекеттік хатшының көзқарасы басқашалау. «Біз, – дейді ол баяндамасында, – Шыңғыс хан империясы дәуірінің нақты көрінісін қайта жаңғыртуға, осы тақырыпты саудаға салушылықтан да, оған дәстүрлі түрде оңайлатып қараудан да бас тарта отырып, сол кезеңнің этностық болмыс-бітімін де түсінуге тиістіміз».

Ал, Мағжанның «Түркістан» өлеңі сол кезеңнің болмыс-бітімін қалай бағалайдыға келсек, біздің бірсыпырмыздың бұған дейінгі бағамыз пәстеу көрінеді.

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,  
Данышпан, тұңғыық ой, болат жігер.  
Шыңғыстай арыстанның құр аты да,  
Адамның жүрегіне жігер берер.

Мағжан таразысы жоғарыда аталған ресми көзқараспен қай тұстарда безбендес тәрізді.

Ұлттық тарих қоғамдық ғылымдардың арасында орталық буынға айналуы үшін істелетін шаруа ұлан-асыр. Ең көкейкесті мәселенің бірі – жер мәселесі. «Түркістан» табиғаты Оқыс, Яқсарт-Жейхун, Сейхун дариялары, көкке асқан Тянь-Шань мен Хан Тәңірі, Балқашты бауырына алған Тарбағатай, жер кіндігі – Памир, Алай қалай суреттелген... Қазықұрт қасиетті тау болмаса, Топанда Нұх кемесі тоқтар қалай... – дейді Мағжан.

Жуықта «Жұлдыз» журналының 2013 жылғы алғашқы екі санында жарық көрген белгілі тарихи романшы Тұрсынхан Зәкенұлының «Мәңгітас» романы сондай шығармалардың ауылынан. Қазақ елінің, жалпы түрік тайпаларының ел, жер, суына байланысты дерегі – әйгілі «Құлтегін» және «Тоныккөк» көне ескерткіштері – Орхон-Енисей жазбалары.

Белгілі ақиқатты еске сала кетсек артықтық етпес, Орхон-Енисей аңғарындағы таңбалы тастарды алғаш рет орыс ғалымы Н.М. Ядринцев тауып, Дания оқымыстысы Вильгельм Томсон, бұдан соң В.В. Радлов, С.Е. Малов әрқайсысы жұмбақ жазулардың мазмұнын ашып, туған тілдеріне аударған. Қазақ тіліндегі тәржімашылары: Ғұбайдолла Айдаров, Мырзатай Жолдасбеков



пен Құлмат Өмірәлиевтер. Сол көне ескерткішті таза жырға айналдырған Қадыр Мырза-Әли ақын.

Ежелгі түрік жазбалары он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 2 – томының «Түркі қағанаты тұсындағы әдебиет» тарауында «Күлтегін және Тоныкөк жырлары» арнайы талданады. Түрік қағанатын сақтап қалу үшін ең алдымен елдің ішкі бірлігі қажет екендігін пернелеп, астарлап нақтылы-өсиет айту арқылы жеткізілетіні атап көрсетіледі.

«Мәңгітас» романның бас геройы Тоныкөк тұлғасы түріктік мүдденің сақшысы, дәйекті қорғаушысы – тиянақты, барынша байыпты суреттеледі. Елтеріс қаған, Бегі қаған, Қалаған қаған және Білге қағандардың кеңесшісі бола жүре жастайынан ел қамын ойлап өседі. Нақтылы суреттемелер арқылы кейіпкерінің балалық шағын сол кездегі тарихи жағдайға өре отырып ашады.

Жасы 13 те ғана құймақұлақ Тоныкөк бала әкесінің алыс жолға аттандырып тұрып айтқан өсиетін, қазіргі тілмен айтқанда, өмірлік бағдарламасын жүрегіне мәңгі өшпестей етіп мықтап жазып алады.

Әкейдің баласын алыс жолға аттандырып тұрып айтқаны барып кел, шауып кел емес. Баласын күллі ел мүддесін көздейтін биік мақсатқа жұмсап еді.

«Балам, алмағайып заман болып біздің түркі халқының басынан бағы тайып тұр. Қағанымыз Баһадур шал Ілік қаған Табғаштың хан ордасында қамауда жатып өлді. Табғаштар одан соң Тай қаған мен Қара қағанды да қақпанына түсірді. Батыс түркінің оң оқ халқы да табғаштардың боданына айналды. Табғаштардың жортауыл санғұндары мен біздің табғашыл бектеріміз халықтың көбін айдап Талқымның түстігіне – Алты дуанға алып кетті. Қабырғамыз сөгілді, бауырымыз бөлінді. Заман сұрқы бұзылды. Сен балам, табғаштың оқуын оқы. Осылардың бізді немен шырмап қоятынының сиқырын біл. Қару өнерін үйрен, түбі халқыңа, жұртыңа керек болады. Артыңа қарайлама! – деді» [32, 66]

Бас кейіпкердің Табғаш мемлекетінің іші-сыртын, күшті, әлсіз жағын білсем, Табғаштың әсіресе қару өнерін, ел басқару айла-амалын үйренсем деген талабына сәйкес роман эпикалық форманың оқиғалы түріне сай құрылады. Алғашқы түйде-түйдек тараулары «Шұғай құзынан аттану», «Түрік торғайлары», «Қорқынышты әйел» деп аталады. Шағын үш бөлімше қысқаша түрде талай дүниенің басын қайырып тастайды.

Табғаш астанасы Чан Аньның салтанаты, айбыны сол кездегі дүйім дүниеге аты шыққан Рим, Каир, Афина қалаларынан бір де кем емес еді, делінеді. Бірақ автор шаһардың жалпы тұрқының

бояуын ғана келістіріп суреттеумен шектеліп, оқырман назарын үнемі түріктердің бірлігіне, жеке өз алдына мемлекет болуына қандай кедергілер кездесіп отырғанын жіпке тізумен болады. Осы қаланы басып алуға Ли төрені қолдаған Суар қағаны қатты көмектескен еді. Шарты: ауа райы өте қолайлы бұл араның ең жайлы жерлерінде түріктер қыстайтын болған. Түріктердің ішінен шыққан жансыздардың көмегімен тағаштар түрік жұртының байырғы мекені Алтайдың шығыс қанатын басып алған болатын. Таң мемлекетін құрып берген де түріктер еді. Енді осының бәрі ұмытылды. Түрік мойнына бодан қамыты ілінді.

Еслі-дерті – қару өнерін және ел басқару ілімін меңгеруді ойлаған Тоныкөк У-тай тауында Фань хазірттен будда және Қонзы ілімінен сабақ алып жүрді. Қазір тарих іліміне ерекше зер салып жатқан зерттеушілеріміз үшін қажеті болып қалар деген оймен, Фань Хазіреттің Тоныкөкке оқып шығуға ұсынған кітаптарының біразын атап кетсек те артықтық етпес. Олар Батыс пен Шығыс кітаптары жазылған кезіндегі Ци Мацянь, Бань Гулер жазған «Тарихи деректер» «Хан кітабы» секілді кітаптардан бастап, Таң дәуіріндегі Вэй Жэн, Ян Шигоу, КУа Индер жазған «Сұнамаға» дейінгі отыз тоғыз хандықтың тарихы еді...

Бұлар – Кіндік қағанаттың екі мың жеті жүз елу жылдық тарихы. Және бір таңырқап іштей түйгені: осы күнге дейін өз елінің – түркі халқының тасқа басылып хатталған тарихының жоқтығы еді. Ал, бұл шығармаларда түркілер үнемі жабайы, қанқұйлы тобыр етіп көрсетілген.

Тоныкөк У-тай тауындағы Фань хазіреттің қасында төрт жыл бойы оқыды. Жас он жетіге жетті. Өткенді елдің бүгінгі ахуалымен салыстыратын дәрежеге көтеріліп, ұстазынан Ашиде Юанчжен деген ат алады. Мағынасы Ашиде әулетінен шыққан нағыз ғұлама деген сөз.

Бұдан соң арада бірнеше жыл өткен соң Тоныкөктің сарайдағы оқуы бітіп, орда ұлығы ретіндегі қызметі басталады. Бұл қай ғасырдың нешінші жылы? Аталған жылдарының бәрі бүгінгі Қазақстандағы оқырман үшін шетінен жұмбақ. «Түрікше ұлу жылы, тағанаша Ұлы Таң патшалығы зонжаң жылнамасының бірінші жылы күрең күзде...» деген сөйлемдерді бүгінгі оқырман үшін кілең жұмбақ даталар романда қаптап жүр. «Өткен жолы – Құмкеш» деген шағын тақырыпшаларды да бірден түсіне қою қиын. «Өткен жылан жылының қысында ол Үнбе, Ашына, Низектермен бірге Өтікен тауындағы сыр-ендалардың бүлігін жанғыштауға қатысып қайтты» (99 б).

Қазіргі күндері қазақ алауыздықтың зардабын көп тартты, езілді, жаншылды, тапталды. Сол қасірет сонау түрік заманынан басталғанын «Мәңгітас» үнемі қынжыла жазып отырады. Тоныкөк қолбасшы боп аттанған сол Өтікен тауындағы сыр-ендалар кім? Бұлар түліс түріктеріне теріскейден жау болып әлденше рет тиісті. Кезінде Таң мемлекетінің қол астына түсуге итермеледі. Қағанатты қайта құруға кіріссек, алдымен сын-сандаларды әлсірету қажет. Таң мемлекеті осы қарсы жаза жорығын жасауды ойлап жүрген. Жауды жаудың қолмен құрту ежелгі тәсіл.

Міне, осы жорықта Тоныкөктің ішкі ойы алғаш рет сыртқа тебеді. Ол онсыз да жүдеп-жадаған халыққа амалын тауып тиіскізбейді. Тек бүлік бастаған бір-екі атаманның басын алады.

«Бұлар біздің аяғымызға қадалған шөгір. Ертең өзімізге оралғы болады. Бір туған бола тұра бұлардың бізге пайдасынан зияны көп болды. Таң мемлекетінің алдында олар бізді ылғи жарға итеріп келді. Кезінде бұлардың атасы Інжу Білге қаған да солай еткен еді. Кейін оның ағасының ұлы Тобықты да солай істеді» [32, 99].

Жауыңа қызмет ете жүріп, өз жұртының – түркінің мүддесін қорғау, әрі Таң патшалығының әдіс-айласына қанығу Тоныкөкке оңайға түспейді. Аяқ астынан патша ағзам Тоныкөкті Тәңірқұрт басқағына бас бақылаушы етіп тағайындайды. Батыстағы он оқ халқы бүлініп, тибеттермен бірігіп. Енді Шығыс түріктермен бас қосса, тыныштыққа хауіп төнбек...

Тәңірқұрт басқағы – сол түстіктің қақпасы. Ежелгі Бумын қағанатын құруға әрекеттенуші батыстағы оң оқтардың және шығыстағы корейлер бас қосып бірігіп кетулеріне кедергі қақпа. Табғаштардың зымиян қулығынан түріктер тәуелсіздігінен айырылды. Мұның зардабын енді түсінген. Табғаштар түріктерді бір-бірінен айырып, он түменнен астам түрікті күріш егіп, су-сиыр бағатын, қысы-жазы жаңбырдан көз ашпайтын оңтүстіктегі алты дуанға бөліп, басқаларын табғаштардың ішіне тоғытып жіберді. Ер азаматтарын соғысқа әкетті. Дырау қамшының астында табғаш төрелердің кемесін сүйреді. Астындағы атынан, күш-көлігінен айырды. Бір тобын Сарөзеннің суын бөгеуге жіберді...

Түрік қағанатын қайта құру идеясы осы кездерде туып еді. Шамасы 679 жылы Алтай тауының күңгейінде Шеміршек деген жерде түріктердің алтындаған ордасы бар еді. Сол жерде көктемде тардұш, түліс түріктері, олардың ақсақалдары, ағамандары бас қосады. Тәңірқұт басқа бегі Үнбе де бұларды қолдайтыны белгілі болды. Астандан Низекті алдырып, оны түліс түріктерін қағаны етеді.

Шешім біреу ғана: «Енді көтерілмесек, ұрпақтарымыз өз-өзімізге жат болар. Осылардың ортасында Тоныкөк те жүрді.

Романның «Ашына Низек қаған болды», «Суыт хабар», «Үрейлі үш сораң», «Құзғын қия» бөлімдерінде көтерілісшілерді жігерлі әрекеті баяндалады. Сяо Сы бастаған табғаштар түріктердің негізгі күштерін жықпыл-жықпыл тау слемдерінен таба алмай әуре-сарсаңға түсіп титықтайды. Түріктердің самсаған таулардың қай түкпіріне еніп кеткені белгісіз. Табғаштардың өнезесі түсіп кетеді. Аштықтан, неше күн нәр сызбағандақтан көліктерінің де, өздерінің де құр сүлдері қалады. Міне, осы мезетте Түрік әскерлері жер астынан шыққандай лап қояды. Қалың қол баудай түседі. Таң ордасының жіберген 100 мың әскері быт-шыт болып жеңіледі. Табғаштардың бағы қайта бастайды.

Табғаштар мен түрік соғысы итжығысқа көшеді. Бірде олар, бірде бұлар жеңеді.

Романның сәтті шыққан образдарының бірі – Тоныкөк бейнесі. Патриоттың да әр түрлісі болады. Естісі де, есері де. Сарыөзеннен өтіп түрік жеріне жеткен соң Үнбе ішіп алып, қастарына ертіп берген патша тыңшысын сойып салады. Тентек патриоттың бұл қылығы кейіндер Тоныкөкке бәле болып жабысады. Бірақ ол әйтеуір есебін тауып құтылып кетеді. Ақыры табғаштардың әдіс-айласына әбден қанығып, қалған өмірін түрік отандастарының арасында өткізеді.

Табғаштардың түріктерді кемсіткен бір мырзасына У-Мэй ханым кекете тойтарыс береді. У-Мэй тағынан атып тұрып: – Түрік оңай жау болса, баяғыда ата-бабаң терістіктен ұлы қорған салып несін әуре болған?.. Ақымақтар қымс етсе көпірме сөзді судай сапырып масайрағанды қашан қоясыңдар? – дейді.

Роман Қытайдың Ұлы қорғанына ретін тауып тоқтала кетеді. Жау ел шетіне аттылы да, жаяу да бұзып өте алмайтын қорған – Орта жазық елін тиыш ұйықтату үшін салынған. Әйтпесе, еккен егінің, жиған қазынаң, салтанатты орда, сарайларыңның құны көк тиың,-деген екен Цин Шихуаң. Со себепті, Цинь мемлекетінің халқы тайлы-таяғы қалмай Ұлы қорған салуға кірісіп кетіпті. Он бестегі бала үйіне сексендегі шал болғанда оралыпты. Оралмағандардың сүйегі қорғанға құм-топырақ есебінде төселіп кете беріпті. Шығыстан Батысқа қарай асқар таулар мен құм, түздерді қуалай ұшы-қиырсыз кеңдікке құлаш жайған осынау адам ақылы жетпейтін ғажайыптың әрбір қаланымы, кесегі осында еңбек еткендердің көз жасына аралас ғаламат ерлігі демесеңе амалың жоқ.

Мұндай ұлы қорған салу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бірақ одан да мықты қорған тұрғызуға болады екен. Түріктер ру, ру боп, тозтоз боп Табғаштардың табанына түсті. Өйткені не қорғаннан да берік – бірлік қорғанын тұрғыза алмады. Тоныкөк талай жылдар табғаш арасында жүріп, қарудың ең мықтысы – ру мүддесін ел мүддесінен жоғары қою керек екенін түсінді.

Роман соңында автор төмендегідей қорытынды жасайды: «Бұдан соң да түрік халқы талай қыспақты бастан өткізді. Табғаш бодандығынан құтылып, тәуелсіздікті алғанымен, оны қорғап қалу оңайға түспеді. Осы жолда елдің жүгі, бар ауыртпалығы Құтлық қаған мен оның ізбасары Қапағанның, Бөрі-оғлан (Білге қаған) мен Күлтегіннің желкесіне түсті. Ұлы Абыз кемеңгер Тоныкөк оларға ақылшы болып, тоқсаннан аса жасап, Айға, Күнге, жарық дүниеге құмары қанбай, түрік халқының келешегіне алаңдап, түгел түріктің кіндік жұрты – киелі Орхон даласында пәниден өтті. Олардың жанкешті ерліктері мен өкініштері, мұңлы мұраттары мәңгітастарға қашалып бізге жетті» [33, 124]. Сол 15 ғасырдың ішінде түріктің бір тармағы – қазақтар көрмегенді көрдік.

Талай рет ұлт есебінде құрып кетудің аз-ақ алдында тұрдық. Тек Ел тәуелсіздігінің көк байрағы аспанымызда шалқып желбіренгенде ғана айналдырған 20 шақты жылдың ішінде Қазақстан Ғажапстанға айналды. Орхон жазулары қашаған тастың көшірмесі Астанға жеткізілгенде тұңғыш Президентіміздің қолымен «Мәңгілік ел» аркасы салынды. Бұл рәмізді арка. Қазақ елінің бұдан былайғы тәуелсіздігінің, мызғымас рухының Ұлы Қорғаны іспетті.

Басқаша айтқанда, романның «Мәңгітас» аталуы тегін емес екендігіне көз жеткіземіз. Роман тарихи жанрлы әдебиетті біздің заманымызбен, халқымыздың бүгінгі өмірімен, көркем практикамен тығыз байланыстыра білгендіктен, кейбір бұрын естімеген, құлаққа тосаң естілетін адам, жер-су аттары оншама өгейсітпейді. Мәңгітасқа алғаш ел бірлігі туралы жалынды өсиет қалдырған Тоныкөк – типтік тұлға. Түрік халықтарын қайта біріктірудегі тарихи, қоғамдық биік рөлімен де, шығармадағы жетекші орнымен де халқымыздың, еліміздің тұтастығы мүддесімен толық үндестік тапқан.

\* \* \*

Келесі талданбақ тәуелсіздік дәуір романының тақырыбы «Тұлғалық, ұлттық, адамзаттық мүдделер тұрғысынан көзқарас» ұғымына «космостық» яки «ғарыштық» мүдделерімізге де қамшы тастайды. Әңгіме «Жұлдыз журналының 2012 жылғы 2, 3, 4-інші

нөмірлерінде жарық көрген «Жер үстінде жұмақ бар» атты туынды туралы болып отыр. Авторы – жазушы Қуандық Жиенбай.

Жанрлық жағынан бұл ойтолғақ (публицистикалық) роман, ал, соңғы бөлімі шытырман оқиғалы туынды тұрпатын иеленеді. Кейіпкер тағдырындағы мұндай шұғыл бетбұрыс, қысыл-таяң өзгеріс, поэтика тілінде перипетия деп аталатыны мәлім. Бас кейіпкер Көбейсінге кенет қастық жасалады. Роман аяқталарда оның бойында әлі жаны бар болғанымен, бұдан былай жер басып жүрер-жүрмесі беймағлұм. Бұл жағынан сөзі орта белден үзіліп қалатын көп романдардың ізін шиырлайды.

Бұл романның бас геройы – біздің замандасымыз Көбейсін – мықтап сомдалған характер екенін атап айтуымыз керек. Кішкентайынан өз нанын өзі тауып үйренген дара мінезді Көбейсін аулдастарын таң қалдырып Мәскеудің теміржол институтын бітірген іскер маман. Әйгілі Байқоңырдың №1 ұшу алаңына керек минутында тіркемелі қос тепловоз жіберіп қызмет ететін Төретам депосының бастығы болып істейді. Дәлірегі, істеген. Роман басталар-басталмаса ол Байқоңыр маңындағы жабық қала мәрінің орынбасары болып жоғарылайды...

Төретам – ит байласа тұрғысыз жер. Теміржолға ентелей қоныстанған қазақы үйлердің жартылай құмға көмілген терезелері, қаңылтырмен қапталған ұзын мұржалары бір-бір шаңырақтың үстіне орнатылған спутник антенналар, бір көшесінің жарымы ғана асфальтталған ұсқынсыз мекен. Бұған адам төзгісіз қапырық ыстық ауасын қосыңыз. Талай бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып жүретін Төретамыңыздың сиқы осы. Дүкендері ылғи жұтап тұрады. Тұрғындары керек-жарақ көди-сөдилерді арлы-берлі өткен поезд жолаушыларынан сатып алады. Сонда да мұнда тұратын халық тырп етіп орнынан қозғалмайды. Оның себебін туындыны оқи келе түсінеміз

Роман әрқашан халық өмірінен, ой-ниетінен қуат алады. Есік-терезесін халық даусын, пікір-ойын жеткізу үшін айқара ашып тастайтын жанр. Жазушы Қуаныш Жиенбай шығармасы халық фантазиясының нақтылы бір құбылысын дәріптеуге лайықталып құрылған. Мифологиялық мектептің эпикалық қаһарманы хақ тағала нұрын шашуымен ерекшеленеді ғой. Қуаныш Жиенбай шығармасының композициясы аңызға айналған ұлттық герой культін, атап айтқанда Қорқыт баба рухын тиянақтаумен шектеледі. Әлем әдебиетінде мұндай шығармалар неомифологизм ағымына жатқызылатыны белгілі.

«Теміржолшылардың арқаларын асқар тауға тірегендей бір құдыретті күш бар. О жарықтығың мемлекетаралық келісімшарт дегеніңізге бағынбайды, жаһантанудың алапат күші дейтін ұғым-түсінігіңізді де қыстырмайды, космостық альянстың сан түрлі баптан тұратын ережелеріне де елең етпейді. Міне, осындай жер бетіндегі жұмырбастылар табынатын құдыретті күштердің бәрін бір бұрышқа жиып қояды да, Қорқыттың аруағы Төретам төңіргеніне өз үстемдігін орнатып, қара бұлт арасынан жарқ ете қалатын күн көзіндей от ойнатып, ойқастап шыға келеді. Ғарыш пен жұмыр жер арасындағы жағдайды, асылық айтты демесін, Қорқыт кесенесінен бөлініп шығатын биоток желілер ғой реттеп отырған...

...Қорқыт кесенесі космодромның нақ іргесінде, таяқ тастам жерде. Қобыз үнін күңіретіп, ұлы даладағы адам қолымен жасалатын жамандық атаулыдан сақтандырып, күндіз-түні кірпік қақпастан күзетіп тұр... Жердің тартылыс күшінен Қорқыт баба кесенесінен бөлінетін биотоктардың әсері әлдеқайда күштірек!» [34, 9].

Көбейсін сырт жұрттың келімді-кетімділерінің алдында сөзінің әу-бісміллесін осы раушан пікірден бастайды. Күндіз-түні ірілі-уақты шаруадан бас алмайтын түнеріңкі бастықтың мұндайда жүзі жайнап сала береді. Алыстан келген қонақтар космодромның аруақты жерге қоныстанғаны туралы аңызға бергісіз әңгімесін Көбейсін майын тамызып айтқанда, жұрт қалай мүлгіп тыңдайды десеңізші.

Бұл шаруашылық басшысының үлгермейтін ісі жоқ. Перрон әрдайым жылан жалағандай тап-таза. Төретамның қуаң шөліне алыстан топырақ тасып, тұқым тауып шағын гүл бағын өсіреді. Мұндағы жұрттың шешілмей қалатын мәселесі болмайды. Кабинетінде ме, жолшыбай жолыққанда ма жұрттың мың сан шаруасын кейінгі қалдырмай сол сәтте шешіп беретін іскер маман. Басшылардың бұйрығын екі етпей орындаумен бірге, өзі де оларға талап қойғыш. Жабық қаланын ауруханасынан төремтадықтарға орын алып береді. Басқа да тұрмыстық мәселелерді қалт жібермейді.

Әрі романтик, әрі тіс қақты шаруагер Көбейсін Қазақ аспанында тәуелсіздіктің көк туы желбіргенде тіптен рухы тасып жігерлене түсті. Роман да осы тұстарда шешен публицистика тиегін ағытып шалқи жөнеледі.

«Айналайын, тәуелсіздік! Ойға-қырға шашылған дүниенің іздеушісі барлығын бір-ақ күнде сездерді ғой...Қатаң тәртіп орнады. Баяғы өркөкірек пиғыл аздап болса да, айылын жиды. Қазақ даласы баяғы Мәскеуге бас шұлғи берудің орынсыз екенін ұғынды.

Ұлы дала Мәскеу санасатындай дәрежеге, Құдайға шүкір, жетті. Төретамның жерін пайдаланғаныңыз үшін ақы төлеңіз деп аса сыпайыгершілік сақтап. Бұлталақтағанымен амалы қайсы, Мәскеу... келісім шартын әзірледі... Қазір мәскеуліктерді ешкім баяғыдай жалалулатып күншілік жерден күтіп алмайды. Жол бойы тып-тыныш. Мәскеуліктер ол «еркелікті бас бүтін ұмытқан» [35, 59].

Жабық қала мәрінің орынбасары болғаннан бері Көбейсіннің басына Төретамдағы кішкентай гүлзар идеясы өзінен өзі кеңейіп жайнап сала берді. Шөл даланы гүл жайнататын жоспар құрады. Қорқыт кесенесі мен космодромды біріктіріп, біртұтас этно қазақ ауылының құрылысын жасамақ. Ол үшін әлемдік туристік ұйыммен байланыспақ...

Үш қобызды біріктіріп салынған аппақ Қорқыт кесенесі космодромға таяу жерде тұр қобыз үнін гүмбірлетіп.

Жабық қала мәрі кесене маңынан он сотықтай жер сұрайды. Сол жерден мейрамхана, қонақ үй салғызбақ.

Мәрдің арам ниетін Көбейсін бірден түсіне қояды. Ресторанның жын ойнағы Қорқыт қобызының үнін өшіріп, қасиетті иесін ұлы даладан ығыстырып шығармақ.

Бұл тартыстың аяғы немен біткеніне жоғарыда біраз тоқталғанбыз. Мэр өзінің жасырын бұйрықтарын орындайтын жігітеріне бұйрық береді. Олар Көбейсінді төбеден бір қойып талдырып, қу медиен қу далаға шығарып қолына Мэр қойған талап жазылған қағазды ұстатады. Өлгің келмесе, қолыңды қой. Көбейсін бас тартады. Мэр жандайшаптары Көбейсінге укол салып иен далаға тастап кетеді.

Міне, осы тұста ғой Көбейсіннің елден ерек характерінің ашылатыны. Нешеме күн нәр сызбай, әрі уколмен уланған Көбейсіннің Қорқыт кесенесіне бірде жер бауырлап, бірде тәлтіректеп жеткен ерлігінің кереметін түсіну үшін романның әлденеше бетке созылған суретін өз көзіңмен оқып шығуың керек. Тәуелсіздік романының аталмыш кітабы Кеңес кезіндегі, айталық, Борис Горбатовтың «Нағыз адам туралы» хикаясының бас геройы Маресьевке ұқсайды да, ұқсамайды да. Социалистік реализмнің аталған шығармасының қозғаушы күші әрекет-қимыл диалектикасы болғанда, тәуелсіздік романы оған қоса ұлттық мүдде үшін жан алып, жан беру диалектикасын, неомифологизм рухын қосады.

Көбейсін бодандықтан құтылған жаңа қоғам күрескері. Көбейсіннің күрделі характері сонымен бірге, өзі бастан кешкен сұмдық оқиғаның саяси астарына да үңіле кетуімізді қалайды.



Мәскеу теледидарынан қайран ұлы империя қалай ыдырап кетті деген өкінішті күнде естиміз. Шовинизм дерті орыс шенеуниктерінің бірсыпырасынан отаршылдық қыжылының кете қоймағанынан, жабық қала мәрінің қылмыстық іске оп-оңай бел байлауынан-ақ көрініп тұрған жоқ па? Роман сюжетінің барысына қарағанда оның өз орынбасарына жасаған қастандығы ашылмай қалуы да мүмкін. Көркемдік шешім кілті үшін ондай әшкеренің қажеті де шамалы. Қорқыт кесенінің құдыретті күйі не ашу-кегіңе дару.

«Қобыз үні бүткіл тұла бойыңды көктемгі самал лебіндей ай-малайды. Сол алпыс екі тамырыңды бүлкілдей соқтырып, ет пен терінің арасындағы жасырынып жатқан іріңді қандауырдың жүзімен сылып тастайтындай. Қойын-қонышың әуенге толы, дала әуеніне толы. Әлдікімге ашуланғаның, біреудің қиянатын кешіре алмай кектенгенің, ренжігенің... түк те жоқ. Құдды ақ парақ секілдісің. Әлде үлбіреген ақ мақтаға айналып кеттіңіз бе?! Тазалық, адам-ау, бұрын қай бұрышта бұғып жатқан тазалық?! Таза адамсыз! Қараулық атаулыдан адасыз. Жұмақ! Жер бетінде жұмақ бар ма осы?! Болса қайда? Оу, жұмыр бастылардың өмір бойы армандап өтетін жұмағы осы болмасын. Яғни, жұмақтың бар болғаны ғой. Ах-ах-ау, о жұмақтың төріне кімдер шығады?» [35, 38].

Мәселе роман қорытындысында.

Қорқыт баба ұрпағының сағын сындырудан ешкім дәметпесін дейді шығарма. Көбейсін басынан кешкен трагедиялық оқиға оқушысын оптимистік рухқа бөлейді. Қазақстанға қоқан-лоққы жасайтын заман әлде қашан өткен. Сол ақиқатқа тәнті етеді.

Біздің ұлттық мүддеміздің құлашы кеңейіп, енді адамзаттың ғарыштық мүддесімен ұласа бастауы – бұлжымас факт. Космос кораблінің желжетпес пырағына мініп ұшып та көрдік. Көбейсіндей характерлер көбейе түссе, тәуелсіз Қазақстан алдыңғы қатарлы елдердің санатында енді ғарышты игеруде де айтарлықтай табысқа жете беретіні шәксіз. Қара қазақ баласының бір кезде Марсқа ұшып бара жатқанын суреттейтін роман да жазылар...

Тәуелсіздік жанр романы шығармаларының идеалы – Көбейсіндер көксеген арман: жер үстінде жұмақ орнату болса керек.

Неомифологизм – қазіргі қазақ әдебиетінің бауыр баса бастаған ағымның біріне айналып келеді. Қазақтың жалпақ тіліне салғанда – бұл ағымның ұраны аруақ шақыру. Жазушы Дүкенбай Досжанның «Жан құмары деп аталатын романы тәуелсіздік қуанышында тіпті ата-баба аруақтарының бәр-бәрін тірілткендей.

«Тайқазан түсті» атты бірінші бөлімі Әмір Темірдің көрген ғаламат түсін суреттейді. Түсінде үлкен тайқазан аспан тұңғығынан сусып кеп жусанды қырат үстіне түседі. Жер дүмпіп дір еткен мезетте Әмір Темір шырт ұйқыдан оянып кетеді.

Ғажайып түсін әрі жорып, бері жорып, ақыры Түркістан шаһарына жаушы шаптырады. «Со шаһарда Құл Қожа Ахмет басына алып ғимарат кесене құрып жатқан Құбайдолла Садыр ұста құрылыстың нобай-нұсқасына өзгеріс енгізсін. Қас беттегі, бас күмбез астындағы сарайды «Қазандық» деп атасын. Сол Қазандыққа лайықтап Исфаһан шаһарының бас ұстасы Әбділәзиз зергер қола мен мырыш қоспасынан тайқазан құруға кіріссін!.. Тайқазан бұдан былайғы ырзық-несібеміздің бас ыдысына айналатын болсын!..» [31, 5].

Содан бері алты жүз он сегіз жыл өткенде мәртебелі шаһар Түркістанда меймандарға арналған қонақ үй салынды. Бас алаңның нобайы сызылды. Авторы – Алматының қақ төріндегі сәулет академиясының сәулет факультетін бітірген Саматбек. Жас сәулетшінің еңбегін Түркістанның 1500 жылдық тойын өткізуге қатысқан Елбасының өзі жоғары бағалайды. Жас сәулетшінің арқасынан қағып табыс тілейді.

Неомифологизмнің көкесі осы биік алғаудан кейін басталып еді. Саматбек шеберханасындағы диванға көз шырымын алмаққа қисая кетсе болды, көз алдына бағзы бабалардың рухы қалықтап шыға келеді... Түркістан маңайындағы Қарашық бұлағында гүлжазира бақтың қойтасының үстінде тыныстаған Саматбек, бар мен жоқтың арасында күй кешіп, әудем жерде жасыл шалғынға тігілген он екі қанат киіз үйді көреді.

Сол боз үйден романның бас кейіпкері бағзы заманның нелер қасиеттілерін кезіктіреді. Қорқыт бабаның шұғылалы сазды күйіне бойы балқиды. Ұста Әбділәзиз қуатты қолымен ту сыртынан келіп құшағына алады. Далаға шыққан Мәшһүр Жүсіп күтуші қызға әлгі әзірде жаңа заманның жас жігіті жабықтан сығалады. О жігітті де шақыр. Үлкен отауға кешқұрым жерұйық іздеп, өкпесі күйген Асанқайғының рухы жетеді. Сақ патшасының Есік төбесіне жерленген ханзадасының рухы келеді. Ат шаптырып, Өтейбойдақ емшіні және шақырдық. Дітіміз – көне қоныс, қасиетті топырақты киесін қайт ояту!

Роман жанрына ойдан қосу тән. Ал, Дүкенбайдың «Жан құмарында» ол тәсілдің шек-шекарасы жоқ десе де болады. Шығармасының болмасты болғызатын бұл ерекшелігін жазушы магиялық реализм атайды. Мақсатын да бүкпесіз айқын

тұжырымдайды. «Бағзының бүгінге дейін үзілмей, ұлтымыздың алдына ала жіптей көлденең тартылып келе жатқан қадау-қадау сауалға – ұлтжанды бабалар тілімен қазықбау шалу еді ойымыз» [35, 15].

Роман авторының бабалар тілімен айтылатын өсиет-арманы өзінікі. Қорқыт ата адамды мақұлықтан ажыратып адам еткен өнер дейді. Қай кәсіпті алсаңыз да сол кәсіптің өнері болады. Келер ұрпаққа өнерің өлмесін деп бата береді даңқты қобызшы.

Айта кету керек, бабалар аузына салынатын пікірдің келісетін де, келіспейтін де жерлері бар. Қорқыт атаның өнер жөніндегі ойларын мақұл көргеніңмен, оның философиясының арқауы өлмес өмірді іздеу еді ғой. Романда оның өлімі басқаша түсіндіріледі. «Жыланның уынан өсекші қазақтың тілінің уы өткір келеді». «Сіз жалғаны мол өсектің уынан өлдіңіз, Қорқыт ата» [35, 17] дейді.

Бұған, яғни Қорқыт өсектің құрбаны болды деген пікірмен келісу қиын. Мағжанның «Қорқыт» атты поэмасының жолдары еске түседі.

Қорқыттың мынау ой ед есін алған,

Жанына ерте күннен жар салған:

«Топырақ боп ертең шіріп қалмақшымыз,

Өміріміз неге шолақ тәтті балдан?

Ал, роман, қайталасақ артықтық етпес, Қорқыттың өлімін оның өмірге деген оттай ыстық арманын кембағалдар алжастыға санады, мынау сіздің көріңіз деп құрық басқан, қоныс құрған жеріңізді қазумен болды, дейді.

Біздіңше, Мағжан ақын Қорқыттың қарағайдан қобыз жасап, жер дүниені күңіrentкен күй сырын дұрыс түсінген. «Өмір неге шолақ»? Қорқыт қойған сауал қазақ пәлсапасын дүниежүзілік поэзия дәрежесіне көтереді. Бұл сауалды қалайда шешуді адамзат ешқашан күн тәртібінен түсірген жоқ. ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басында адамның орта жасы 40 жас маңайында болатын. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңін жазған кезде Абай 41 жаста ғана еді. Қазіргі заманда орта жас – 70-ке жетті. Бүгінгі адамзат ген информациясын оқитын аппарат ойлап тапты. Америка Құрама Штаттарында ондай аппарат саны мыңға жетті, Қытайда – 500, Ресейде – 200. Енді ғылым генге ықпал жасайтын аппаратты ойлап табу үстінде. Қорқыт баба күллі адамзат мүддесін көздейтін идеяны біріншілер қатарында алға тартқан ойшыл. Өлімге қарсы, өмірді алғайтын Қорқыт күйін біз, қазақ, сондықтан пір тұтамыз.

Есесіне романда Асанқайғы образы жаңалық идеясы тұрғысынан әлде қайда ұтымды шыққан. Сәулетші Саматбек сауалы:

– Асан ата, жерұйықты таптыңыз ба?

– Жұмақ аралын тапқаным рас, жамағат!

Қорқыт ата күллі адамзат мүддесін аңыратса, тағы да бір бабамыз Асанқайғы ұлт отаншылдығын күйлейді. Жер жұмағы – Сарыарқаның төрі, Айыртау мен Көкшетау. Түркістан желкесіндегі кер дала жалбыз исі бұрқырап танау жарады. Әжімді Қаратау намазға ұйыған ақсақалға келеді.

Романның ендігі бөлімдері тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі өмірін, әсіресе өнерге көзқарасын суреттеуге арналған. Отызды ортайтып, қырыққа қол артқан сәулетші Саматбек бүгінгі азат елі бейнесін жасауға бар талант қуат-күшін жұмсайды. Қаламынан туған ұлттық-модерн үлгісіндегі Тәуелсіздік тұғыры, тәуелсіздік сарайы, Атыраудағы Исатай-Махамбет ескерткіші – бүгінгі азат қазақтың алдыңғы елдер санатына қосылуға деген сарқылмас мүмкіншілігінің рәмізіндей мың құбылады.

Орталық образ болғандықтан, автор Саматбек бейнесін неғұрлым толық, жан-жақты сомдаған. Әкесі Тәжен елге сыйлы, көп сөйлемейтін, сөйлесе, ақиқатын айтып, жұрт көңілінен табылатын бекзат кісі болған. Баласының көкірегіне сіңірген уағазы – уақытты бағалау. Әлдененің ескіргенін, әлдененің піскенін құлағыңа сыбырлайтын уақытты уысыңнан шығарып алма, балам, деп отырушы еді жарықтық.

Кейіндер жобасының қалың есебін шығарып отырған кезде орта мектепте физика, математика заңын түсіндіргенде миыңа құйып беретін мұғалімі есіне оралады. «Балалары көп болатын. Қыста қар қалың түсіп, төсегінен тұрып, жуынып-шайынып, мектебіне жеделдетіп барайын десе – аяқ киім жоқ. Керзі етігін үлкен ұлы киіп кеткен, пимасын ортаншы ұлы сүйретіп ызым-ғайым жоғалыпты. «Жалаңаяқ сабағыма қалай барам! Пәдеріне нәлеттер аяқ киімімді киіп кетіпті», – деп ұстазы жер тоқпақтап отырар еді. Сонда ғой... жоғары сыныптың ересек үш-төрт оқушысы келіп, жер сипалап отырған мұғалімін мектепке арқалап апарар еді» [31, 36].

Жазушы романының идеялық-көркемдік аясын кеңейтіп, әрі қызықты ететін мұндай ұтымды көркем деталь шығарманың әр тұсын түрлентіп айшықтандырып тұратынын айтуға керек.

Саматбектің Түркістаннан Астанаға көшіп баруы жай ғана мекен ауыстыру емес. Автор сәулет өнерінің бүгінгі тәуелсіздік жағдайындағы ахуалын жан-жақты талдап шағады.

Роман тәуелсіз Қазақстанның етегіне жармасқан шеңгелдердің көзін құртуды көздейді. Көптен-көп шүйілетіні шенеуниктер стилінің тоталитаризм дерті сарқыншағынан күні бүгінге дейін

айыға алмаған кемістігі. Мәселе шешуге келгенде сөзі бір басқа, ісі бір басқа. Бастықтырының аузына қарайлағыш. Батыс жаққа, өзгенікіне қызыққыш, ал қызыққанын өз қолымен жасауға бейілсіз. Саматбекке бір еңбегіңе атақты шет ел маманы Норман Фостерді қосалқы автор ет деп жабысады.

Норман Фостер дүние жүзіне әйгілі адам. Астананы көркейтуге үлес қосып жүрген талантты архитекторлардың бірі. Жуықта Қазақстан астанасында жаңа, елден ерек, көруге көз керек ғимарат тұрғызылды. Бұл «Назарбаев Орталығының» жаңадан салынған үйі еді. Жобасын сызған сол дүние жүзіне әйгілі архитектор Норман Фостер...

Осы Фостерге байланысты роман тарапынан жіберілген бір елеулі ағаттықты айтпай кетуге болмайды. Бас кейіпкер Саматбек шет ел маманын сынауда кейде қызбаланып тым артық кетеді.

Саматбек Фостерден өзінің бір сәулетшілік нобай-нұсқасына пікір айтып беруін сұрайды. Пікіріңізді түйіп алсам – соның өзі маған үлкен олжа дейді.

Норманның жауабы Сатбекке мылтықпен атқандай әсер етеді.

«– Әр пікірім бес мың доллардың о жақ бұ жағы екенін есіңе ұстарсың, сэр Саматбек!»

Алдына сый-сыяпатымызды үйіп-төгіп жүргенде «пікірімнің өзі сатулы» дейді. Саматбек аң-таң.

Саматбек өстіп таң қалғанымен, романның оқырманы – өнер иелері: жазушы, ғалым, сазгер таң қалмайды. Қайта шет ел сәулетшісінің әлгі талап-тілегіне сүйсіне қол соғады. Өйткені Фостер біздің өнер иелерінің қышыған жеріне тиіп отыр. Бізде қаламгерге айтқан пікірі үшін дым тимейтіні былай тұрсын, ол байғұстар жазу-сызуларына да көк тиын ала алмайды ғой. Таусылмайтын «оптимизацияның» салдарынан жалақысы күрт төмендеп, там-тұм қаржысы бала-шағасын асырауға әрең-пәрең жететін ғалымдар қаншама. Қайсыбірі ұзақ жылдар бойы істеп жүрген жұмысынан қысқарып, нан табудан қалғаны жасырын емес қой...

Немесе Сатбектің өзін алайық. Ол бір бикешке былай деп шағынады...

«– Өмір жасымды өксітіп жасаған жобам желге ұшады. Хазіреті Сұлтан мешітін біреулер пайдаланып кетті. Күншығыс қақпасын ағылшын әріптесім иеленді. Тәуелсіздік сарайын әкімнің маңайындағы қарғалар мен құзғындар қидалап жеп бітті. Сарайдың қас бетіндегі Тәуелсіздік тұғыр ғана өзіме тиді. Тарих музейін жобалаймын деп өмір жасымды өксітетін жайым жоқ. Жеме-жемге келгенде алпауыттар қақшып кетеді» [36, 105].

Саматбектің бақытына қарай, сарапшылар алқасының хатшысы Аружан желеп-жебеуші қызыр боп кезігеді. Саматбек Тарих мұражайын жобалуға кіріседі. Жанкешті шаруа басталады. Ендігі арманы ақ тер, көк тер еңбектің үстінде «маржан ойдың мөлдір поэзиясын жоғалтып алмау»... Тәуелсіз ел мүддесі сонда ғана ақталмақ...

«Құдай басқа салмасын!» – дейтін де тағдыр болады. Жазушы Төлек Тілеухановтың «Ең ғажайып хикая» атты романының бас кейіпкері Сталин культінің типтік бейнесі Баршын апайдың басынан кешкен ғұмыры тәріздес. Байларды баққан малының көптігі үшін кәмпескелеп жатқан шақ. Гимназия бітіріп келген, жиырмаға енді ғана іліккен ағасы Тойшанды, «малдың бәрін орталыққа жинайды, соған өткіземіз», «бай мен кедейді бөлмейді, бәрін теңгереді» деп жүрген балаң жігітті, ақ қарасын тексермей, жоғарыдан түскен қара тізім бойынша қамауға алады.

Міне, осы кезден бастап, байдың еркешора қызы Баршын сұлудың басына қара күн туады. Шешесі екеуі бар мал-мүліктерінен айрылып, жүдеп жадауы үстіне белсенділердің қысымына шыдамай, елден қашуға мәжбүр болады. Жаяулап-жалпылап, Аякөзден әрі қарай кірешілерге ілесіп, Семей тартады. Жол үстіндегі, одан кейін Семейде көрген қорлықтары жан түршіктіреді. Роман кейіпкерлерінің сол азаптарының бірін қалдырмай тәптіштеп суреттеген.

...Ауа райының құбылмалы, жауып ашылып, жауып ашылып тұратын күндері болады ғой. Баршын мен шешесі екеуінің ендігі көрген күндерінің бірсыпырасы соған ұқсайды. Тойшанның кезінде бірге оқыған досы Нұрқан жазатын жеріне жазып, беретін жеріне беріп, Тойшанды абақтыдан босатып алады. Баршын Нұрқанмен көңіл қосады. Ұл табады. Атын Жаңабек деп қояды. Іле Тойшан да үйленеді. Ақбілек келін де айы-күні жеткенде босанып ұл туады. Аты - Тазабек.

Сыбағаларына тиген құбылмалы уақыт көп ұзамай бейшаралардың көрген қызықтарын көп көріп шорт үзеді. Тойшан тағы да қамалады. Ізінше Нұрқан да ұсталады.

«– Қазір сыныққа сылтау іздеген заман туды. Менің адалдығым түгіл, осы өкімет үшін жан-тәнін берген адамдарды да қара тізімге іліп, қараңғы қапасқа қамап жатыр. Ал, ілігім дайын тұрған менің үнімді де шығармайды». «Әрине, Нұрекеңнің өзі қоса құрысқан өкіметіне өзінің осынша кектене сөйлеуі әрі түсініксіз, әрі сенімсіздеу еді» [37, 43].

Роман кейіпкерлері «түсінбегенімен», бүгінгі оқырманға, әрине, олардың көрген қорлықтарының, зәбір-жәбірлерінің жай-жапсарын

түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Автор сол кездегі Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары, біреулер әлі күнге дейін «Мырзаян» деп көлгірсітетін Л.И. Мирзоянның басшылығымен (1933-1938 жылдар) репрессия жағынан барлық республикалардың алдына шыққаны туралы ашып жазбайды. Оны оқырман біледіге санайды.

Сталин қан шелек жоғарыдан пәлен адамды «халық жауы» есебінде құр деп лимит түсірсе, Мирзоян Сталинге жағымпазданып, үнемі қосымша лимит сұрап отырған. Сондай хаттардың бірінде (1937 жылдың 1 желтоқсаны № 2748/ш) Мирзоян мұртты көсемге былай деп жазады:

«...Репрессировано по первой категории 8 тысяч и по второй категории 8 тысяч человек. По этим двум категориям активного повстанческого, диверсионного и шпионского элемента нами изъято по ликвидированным организациям и группам на 1600 человек больше установленного лимита. Для полной зачистки просим разрешить нам дополнительно репрессировать па первой категории 600 человек и по второй категории 1 тысячу человек».

Тойшан мен Нұрқан бірінші категорияға жатқызылса керек, атылады. Ол аздай Баршын шешесі мен келіннен мүлде көз жазып қалады. Баршынның қалған өмірі түп-тұлдыр жалғыздықта өтеді. Ең соңында Жаңабегі, Сталин культі айыпталып, қоғам қайта жаңғыра бастаған 1957 жылы қыршынынан қиылған. Роман пессимизм құрты жайлаған сол Жаңабектің күнделігін жариялаумен аяқталады. Автор пікірінше, Жаңабек «Қоғамның жалғандығын қабылдай алмады. Жаны күйіп, сезімі өртеніп, ұзақ ғұмырында күнде өліп, күнде тіріліп өлусіреп жүрмек емес еді. Жүргісі келмеді. өмірден өз еркімен көшудің жолын қалап алды. Өзіне қол жұмсаған жоқ, әрине. Тек жан дүниесін тәрк етті.

Ал, біздер жүрміз! Жүре береміз! Жалған ғұмырды көреміз. Аз-кем шындығын місе тұтамыз да, мәз болып соны дәріптейміз. Сөйтіп жүріп жатырмыз. Жүріп өтеміз...» [38, 87].

Жаңабекті дiргерлер қарап еш ауруы жоқ деген қорытындыға келген болатын. Жаны ауырса, мүмкін, психикасы шатасқан шығар...

Романның жоғарыда келтірілген қорытынды сөзіне қарағанда, Жаңабектің жан ауруы авторлық позицияға да жұққан тәрізді. Ел ризығына, тәуелсіз Қазақстан мүддесіне қайшы мұндай көкежасық позицияға үзілді-кесілді қарсылық білдірмесіңе болмайды.

Және Жаңабек күнделігі романның негізгі бағытымен сәйкеспейтінін де айтуға керек. Әсіресе бас кейіпкер Баршынның

өмірге көзқарасымен. Шығарманың бас шенінде Баршын туралы мынадай сипаттама беріледі.

«Қартаң тартқан шағы. Аққұба өңді, биік қабақ, ат жақты әйел... Кербез, тәкәббар қалпынан әлі жазбаған. Басына байлаған орамал тартысының өзі – ерекше бір нұсқа. Басқа ешбір әйел өйтіп тарта алмаса керек... Басына сән беріп, сол сәні бүкіл бет пішініне ұласып, өңін ашып, ажарын нұрландыра түседі...

Жүрісі соншалық ширақ. Көйлегі де тым шұбалған ұзын етек емес. Тізеден қарыстай ғана түскен жинақы етек...Үйге кіргені, отырған тұрғаны, қайта шыққаны - өзінше бір сазды әуен. Әрбір дене мүшесі, көз қарасы, көмейінен сылдырап шығатын қоңыр үні, ақырын ғана лекіп қоятын қоңыр күлкісі – бәр-бәрі жырлап келе жатады..

«– Бұл апайдың аты – Баршын. Тағдырдың тауқыметін көп тартқан кісі. Сонда да, өмірге басын имеген, ешкімге құлшылық қылмаған, кеудесін ешкімге бастырмай келе жатқан нағыз өр тұлға апайың – осы» [36, 4] – дейді жазушының өз апайы.

Баршын жетпістен асып барып көз жұмады. Бүкіл бір шығарманы роман атандырып көтеріп тұрған кейіпкер. Бұл образ жазушы Төлек Тілеухановтың сөзсіз табысы. Қазақ әйелінің биік тұлғасына басыңды ій. Ол – ел анасы, көркі, мөлдір махаббаты дегізеді. Осындай жүрек жарды сөз айтқызатын Баршын хикаясы, шынында да, романның эпикалық өрісін кеңейтіп тұрған ғажайып хикая.

Роман әлемінде әртүрлі ұлттар мүддесін уақытша болса да бір арнаға тоғыстыратын шығармалар да бой көрсете бастады. Жазушы Серік Байхоновтың «Алтай асу» атты романы Алтайдан Тибетке сапар шеккен бір топ (он сегіз адам) саяхатшылардың бастан кешкендерін баян етеді. Мақсаты зор, кең тынысты очерк бара-бара аясы кеңейіп роман-эссе формасына көшеді.

Бас геройы – Пржевальский Николай Михайлович (1839-1878). Орыстың атақты саяхатшысы, Уссурий өлкесіне, әсіресе Орта Азияға бес рет саяхат жасап, жүрген жерлерінің бәрін картаға түсіріп, өсімдіктердің жүздеген жаңа түрін тапқан, жабайы түйе мен жылқыны ашқан орыс генерал-майоры есіміне біздің өлкеміз тұрсын, жер жүзі географиялық ғалымдары да қанық. Серік Байхонов бас кейіпкерінің ішкі монологтары арқылы Пржевальскийдің кәсіби ғалым, жиһанкез саяхатшы ғана емес, қаламы жүйрік жазушы да болғанын шығармасында арнайы ескертіп өтуді жөн көрген.



Санкт-Петербургтей тасқаланың Орталық мұрағатында сарғайып кеткен көне құжаттарды ақтарып сапырылыстыруға Николай Михайловичтің төзімі жетпей-ақ қойды. «Жалпы өзінің басқалардан гөрі қиялының ұшқыр, қаламының жүйрік болғаны үшін кінәлі емес шығар. Саяхат-сапар кезінде көрген-білгенін ғылыми жағынан сипаттап, нақтылап талдап жатудан гөрі тәптіштей баяндап, сәті келсе суреттеп жіберу оңайлау екенін өзі де сезеді...Жазғанда кейбір әріптестері секілді таптауырын фактілерді тізбелей бермей, ішкі түйсікке сүйеніп, иін қандырып, жүрекпен жазу қажет» [39, 54].

Автор бұл жерде өз стиль мәнерінен де хабар беретіндей. Жиһанкездер сапарын тұспалдап жазбайды, бояуын қанықтырып суреттейді. Қала берді, Серік Байхоновтың өзі де кәсіби саяхатшы. Жұртшылық қауым оның «Өсімдіктер желісіне саяхат», Бетпақдала – шөл емес», т.б. экспедицияларын басқарғанын білуге тиіс.

Автордың алдына қойған мақсаты жол-сапардың мән-жайын суреттеумен ғана шектелмейді. Бұл экспедиция жазушы үшін сол кездегі бодан қазақ елінің күй-жайын бейнелеуге жол ашатын өзінше бір құрал болған.

Семейден шығып Шар өзеніне жақындағанда Пржевальский экспедициясы төбе шашынды тік тұрғызатын оқиғаға кезігеді. Жақсылық пен жамандықты көре-көре әбден еті өліп кеткен Пржевальскийдің өзін де есеңгіретіп тастайды. Бұзылған көпірге ілініп қалған кекілді қазақ баласының өлігі... Ат-матымен қалшиып қатып қалған қазақтың көзін ойып жеуге тырысқан күзғын...

«Даланың өзі өлім аузында ыңыранып жатты... Жұт оны ана шеті мен мына шетіне дейін өзінің мұзды құшағын алған еді... Қазақтардың қысқы жайылымдағы жүздеген мың малы қырылды, ондаған бақташылар мұзда қатып өлді...» [40, 9].

Империалистік саясаттың жымысқылығы осы жерде бір аңғарылып қалады. Жалпы бодандық деген қай халық үшін жұт екенін сезгізбес үшін ондай трагедияларды қатаң құпия жағдайда ұстауға керек. Мұны генерал Пржевальский білмейді емес. Сондықтан ол жан түршігерлік оқиғаны көрсе де, көрмегенсиді.

Генерал Пржевальский мен оққағары Харитон арасында болған философиялық-саяси мәні бар мына бір диалог тегіннен тегін келтірілмеген.

– Көрдiңiз ғой, көрдiңiз ғой, жоғары мәртебелiм!..

– Көрген жоқпын... Ештеңе көрген жоқпын!

– Осылай ..осылай кете берсе, Ертістің бойында қазақ... иә, иә... адам қалмайды ғой, ваше, ваше...

– Көрген жоқпын! – дәу орыстың (роман генерал Пржевальскийді кейде осылай атайды) тістері ғана шықырлады... Сен де ештеңе көрген жоқсың, каналья!... Алда-жалда мына көргеніңді тісіңнен шығарсаң, өлесің!. Сосын мылтығына жармасып,- Бұл әскери бұйрық түсіндің бе?..

«– Мәртебеңізге құлдық, Ваше Высочество. Ештеңе көргем жоқ» [40, 9].

Пржевальский құпия тапсырмамен жүрген бір жағы барлаушы да. Империяның генералы. Сондықтан бодан халықтың аяулы ахуалы жайлы аузын ашпайды. Қарауындағыларды да соған көндірген. Бірақ тамаққа отырып ішімдік басталғанда «Пир во время чумы» деген сөз еріксіз есіне түседі. Қанша айтқанмен, цивилизацияның адамы ғой...

Бірақ роман қазақты тым тұқырта суреттей бермейтінін де айтуға керек. Казак-орыстардың қайқы қылышы, патша саясатының жер-суынан ығыстырған зымияндығы, жалпы бодандық дегенің өзі жұт қой. Сонда да прапорщик Роборовский қазақтар туралы генералына былай деп шағынғандай болады.

«– Бұлар өз айтқанынан басқаға көнбейтін қыңыр, оның үстіне туа бітті итжанды халық қой, жоғары мәртебелім... Қалмақтармен екі ғасыр қырқысса да қылы қисайған жоқ. Қайта күннен күнге балалап, күннен күнге көбейіп барады. Өздері қызық халық, бір заманда жым-жылас жоғалып, енді бірде көкпен түскендей я, жерден шыққандай қаптап кетеді» [40, 14].

Генерал көмекшісі жол бойы кезіккен қазақ тайпалары мен руларының ұзын санын санап тауыса алмайды. Қазақ тайпаларының Енисей мен Орхон өзендерінің бойын жағалап, Гоби мен Алашань шөлдеріндегі оазистерді сағалап көшіп-қонып жүргендерін Пржевальскийдің өзі де көрген. Олардың атам заманнан Дон мен Кубаньды, Қап тауының етегін жайлап келе жатқанын талай саяхат жазбалардан оқыған. Ташкент пен Түркістанды былай қойғанда, Қоқан мен Бұхардың маңында, тіптен Ыстық көлдің жағасында қалың отырғанын, соңғы жылдары патша ағзамның жарлығымен Жайықтың арғы бетіне өте бастағандарынан да хабардар. Алтайды да емін-еркін жайлап жүрген солар, қазақтар...

Кемшілігі – рушылдығы. Ол жағына келгенде тастай. Бір-бірімен бастары қосылмай жүргендері де сол. Бұл жолдар арқылы роман ұлт мүддесінің берекесі – бірлікте екенін ескертіп өтетіндей.

Бұл елдің табиғаты қандай бай. Алтайдың қойны-қонышы тұнған қазына-байлық. Мыс пен мырыш кеніштері... Алтын мен күміс. Катонқарағайдың балын ұлы мәртебелі патша ағзамның өзі арнайы алдырып жейтін көрінеді...

Қазақ – өнерлі халық. Ұба станициясындағы шіркеуден жолаушылар көзіне түскен бір жазулардан мынадай мағлұмат табады. Патша ағзамның үлкен ұлы князь Владимирдің келуіне орай қазақтың қолданбалы өнеріне арналған көрме ұйымдастырылады. Ақмолалық Нұрмағамбет Сағынаев пен атбасарлық Мейрам Жанайдаровтың киіз үйлері мен Көкшетау округінің сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов тарапынан келген сый-сияпат ерекшеленеді. Өзге экспонаттардан әйелдерге арналған керемет күміс ертоқым, алтын жалатылып, күміспен күптелген ерлерге арналған ер-тұрман, құлын терісінен илеп тіккен жарғақ пешпент, ерлердің әсем белді белбеуі қандай әсем...

Әңгіме барысында Қашқарияны ашқан поручик Шоқан Шыңғысұлының есімі зор құрметпен аталады. Шоқан Шыңғысұлын Санкт-Петербургке келіп-кетіп жүргенінде жолықтыра алмадым, ол кездерде мен Уссурий экспедициясында жүрген едім, – деп Пржевальский өкініш білдіреді.

Айтпақшы «лошадь Пржевальского» деген ұғым тарихы да қазақ есімімен байланысты екен. Осы жылқының терісін тауып берген бір төртпақ қазақ болатын. Пржевальскийдің өз басы сол жабайы жылқы үйірін алыстан екі-ақ рет көрген.

Төртпақ қазақ – экспедицияның жолбасшысы. Жолдың бағыт-бағдарын бес саусағындай білетіндігі үстіне, құдды барометр. Боран соға ма, ия дауылды жаңбыр жауа ма, – бәрін алдына ала біліп, экспедицияның қоналқыға тоқтайтын жерін мүлтіксіз анықтап, әлдебір қолайсыз жағдайларға ұшыратпай аман есен бастап алып келеді. Ең бастысы сенімді адам екенін талай қиыншылықтарда дәлелдеп береді.

Пржевальский – қарауындағы адамдардың қыр-сырын, тіс қақты барлаушы емес пе, бәрін біліп алған. Тек осы төртпақ қазақтың не ойы бар екеніне көзі жетпей жүр. Роборовскийдің айтуына қарағанда, ол жылқы емес, көпжылдық бидайдың тұқымын іздеп жүрген секілді. Бір рет сеуіп, қалған жылдары қарнын сыйпап шалқайып жатпақшы...

Пржевальский «Дәл қазір ғылымға, адамзатқа тікелей пайдасы бар шөп-шалам жинаумен жарты ғұмырын өткізген ғалым көмекшісі мен егін егуге икемсіз жалқау туыстары үшін көпжылдық

бидайдың тұқымын іздеген жолбасшы қазақтың қайсысы ақылды десе, нақты жауап бере алмасын сезіп, ащы жымыды» [41, 83].

Пржевальский екі бірдей ұлы елдің – Ресей мен Қытайдың қыспағынан қу медиен шөл далаға тығылған түземдіктерді іштей аяйды. «Мұнда қиын. Алайда көшпенділер бұл жерлерді еркін жайлайды, көшпенділердің асыраушысы да, қорғаушысы да сол, – деп жазғаны ойына оралады. Сахара халқының дүрк көтеріліп Алтай асқанына хауіптенудің де жөні бар. Осы жайында патша ағзамның өзіне айтпақшы. «Екі бірдей ұлы империяның арасындағы аймақта жаңа бір күштің пайда болғанын айтып, иландыруы тиіс».

Қысқа да, нұсқалы сөз. Арғы жағын бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның оқырманы өзі таратып алып кетеді.

Роман күрт аяқталады. Экспедицияны Тибетке жеткізбей орта жолда қалдырады. Себебі, шығарма ойындағы шабытты идеясын сарқып біткен секілді. Мына тәуелсіздік заманында ұлттық мүдденің парыз-қарыздарын толық анықтап алу үшін қазақтың халық ретіндегі табиғатына үңіле түсуге керек. Бұл жолы Пржевальскидей әрі оқымысты, әрі жазушы, білгір орыс адамының көзімен. Осы мақсаты жүзеге асқан соң сюжет желісін одан әрі соза берудің реті келмегендей. Экспедиция мүшелерінің, әсіресе Пржевальскийдің характері әбден анықталып сомдалған. Мұндай оқиғасы толық аяқталмаған шығарма жанрын әдебиет теориясы ашық романға (открытый роман) жатқызатыны мәлім.

Әдебиеттің жетекші жанрының осы түріне бұрындар очерк, хикаяттарымен белгілі жазушы Еркінбай Әкімқұловтың «Қалдаяқов – ән патшасы» атты роман-эссесін жатқызуға болады. Шығарма бас кейіпкердің тұтастай монологына құрылған. Герой өзімен өзі сырласады, ойланып толғанады. Монологы Арқа сапарынан қайтып келе жатқан бетте кенет үзіледі. Роман ағысы да сарқылғандай. («Жұлдыз» журналының ескертпесіне қарағанда, сөз етіліп отырған мәтін романның «журналдық нұсқасы»).

Шәмші Қалдаяқов – композитор, творчествоның адамы. Әр қадамы, ішкі сыры, көңіл күйі, әр әнінің шығу тарихы туған елі тарихымен, қазақ елінің ғасырлар бойғы тағдырымен етене байланысты. Сондықтан де мына тәуелсіздік заманында, Шәмші әндерінің, Астанада тұрғызылған Аркада жазылғандай, «Мәңгілік Ел» мүддесіне сарп еткен еңбегінің қадірі жыл санап арта түсуде. Айғағы жетерлік. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Шәмшінің «Менің Қазақстаным» атты әнін, Жұмекен Нәжімеденовтың өлең мәтініне өзгерген жағдайға байланысты біраз құнарлы сөз қосып, тәуелсіз Қазақстанның әнұраны, гимні етуінің өзі не тұрады.

Жаңа әнұранымыз «жер шарының тоғыз бөлігін иемденген», сол жерді ғасырлар бойы «ит пен құсқа жем қылмай» бүгінгі ұрпағына қалдырған «Аруақтарыңнан айналып кетейін ата-баба» рухын әр қазақ көңіл, санасына құяды. «Қандай ұйымшылдық, қандай бірлік болған десеңіші!.. Ұрпақтан ұрпаққа ұласқан, жеті атаға дейін туыс қанды бұзбаған не деген ғұмырлы ғажап тәртіп, тәрбие?!» [41, 24].

Үзінділер Шәмшінің туған жер туралы толғаныстарынан алынып отыр. Әнұранның музыкасы мен сөзі әр қазақты Ант байлағандай рухтандырады. «Менің елім, менің елім, Гүлің болып егілемін, Жырың болып төгілемін, Туған жерім менің, Қазақстаным!» – деп қай-қайсымыз да үздіге шырқатамыз.

Шәмші елін сүйген ұлы махаббатын көбіне ел көркі – қазақ қызы образын шырқау биіктен шалқытады. Қара көз арудың – өмір гүлін аялаған сезімнің ең асылын ұшқындатады. Ғашық жүректің алып-ұшты лүпілі құлаққа қонымды, жарасымды саз боп төгіледі. Шәмшінің өзі де ақын: өлеңнің «майлы», жұмсақ» мәтінінен еміс-еміс естіліп тұрған әуенді қағып алып, толқындаған нұрлы көңіл пернелерін дөп басады.

Былай деп те айтуға болады. Шәмші музыкасы талантты ақындардың мәтінінен ғана емес, сол ақындарды туғызған өлкелердің ерекше бөлек табиғатынан, жаратылысынан нәр алады. Шымкентте жас пері Мұхтар Шахановтың қазақ поэзиясында басындағы ақ бантигін алып тастаған бойжеткеннің «тау бұлағындай мөлдір» образын жасаса, Шәмші сол образдан күні бүгінге дейін баршамыз елтіп тыңдайтын ән туғызды.

Ақ Жайық аймағы ше? Бұл өлке Шәмші шабытын айдын шалқар көлде жүзген аққудай сұңқылдатып, қыранның қанатын бітіріп самғатады. Батыс өңірде туған өлеңдердің өршіл мақамы тіптен бөлек. «Төлеген де төкті, мен де төктім» – дейді Шәмші. Төлеген Айбергенов екеуі Атырау асады. Маңғыстау, Бекет атаны барлайды. Ақ Жайыққа жол тартады. «Арманым саған ауған, самал соқса жағалаудан, жаным-ау дара туған, толқындардан жаратылған, жүректе тербетілген Ақ жайығым; Жайықтың жағалай тал жағасынан, ақ еркем аңсаған қымбаттым. Мен саған тіл қаттым. Қайырмасы: Өзіңсің жаным, жаңғыртқан әнім, Каспийдің толқын тауларын, сенбісің көгілдір махаббатым. Алқызыл алаулы таңдарым». «Мұнда, – дейді Шәмші, – сұңқар сезім, бәйтерек, береке-пейіл, алыс-жақынды, өткен-кеткенді аңсау дейсіз бе – бәрі бар. Бейғам ит жүректердің өзін оятады» [41, 27]. Бұл бағам Төлеген өлеңіне де, Шәмшінің әніне де бөліп алары жоқ бірдей қатысты.

Ұлан-байтақ қазақ жері аймақтарының әрқайсысының өз бет-әлпеті, қайталанбас көркі қандай.. Шәмшінің біріне-бірі ұқсамайтын дара әуендері қайдан туады дейтін емес. Қатпарлы қазыналы Қаратауда «Фосфорлы Жамбыл» әні дүниеге келеді.. Шығарманың «Аралайын, айналайын Арқаны» атты желісінде «Кел, Бурабайға» әнінің тумыс тарихы суреттеледі.

«Шалқалап аспанға қарап Жасыбай көлі жатыр. Айдынды, Айбынды. Табиғаттың сұлулығына көңілің құстай ұшады, биіктерге самғайды. Шіркін, қазақ жері, қазақ елі! Мен Еркешті құшақтай алдым. Құшағым жетпеді! Зор денелі ірі жігіт қой. «Бауырым, рахмет саған! Осынша... сұлулықты көрсеткеніңе! Арқаны армансыз аралатқаның үшін. Енді өлеңіңді жаза бер, қай тақырыпқа болса да. Мен ән шығаруға дайынмын» [41, 130].

Өлең мен ән екеуі де сезімнің саласымен келеді. Ұшқыр сезімнен ел мүддесін, ұлт мүддесін көздейтін терең ой тиегі ағытылады.

Баспанасы да жоқ, тамағын ел үстінен айыратын цығандар – «көшпенділер нағыз». «Музыкаларында керемет қайсар, жігер жатыр». «Асау тірлік. Алаңсыз, керімсал дүние, еркіндік.». Шәмші пианиноға ұмтылады. Цығандар сазының сырына қаныға алмай әлек. Ақыры жалт еткен ой цығандар жан күйін табатын аспап – гитара емес пе еді деп сыбыр еткендей болады. «Ән өзі оралып, ор текедей орғып, жүректі тербеп келе жатты. Шықты, қонды қолға...» [41, 32].

Өстіп роман-эссе Шәмшінің творчестволық лабораториясын ашады.

Ән көңілдегідей шықты. Енді саздың мелодиясын, негізгі идеясын дөп басатын ақын іздеуге керек. Өзіне жақсы таныс, шығармагерлігіне талайдан қанық ақындарды ой елегінен өткізіп отыр. «Тастай шымыр әнге тастай шымыр ақын керек. Ол, ол... Қадыр ғой. Қадыр Мырзалиев...

Қадыр жазған, Шәмші ұнатқан өлең мәтініне қазір көз жүгірткенде түйетінің: ақын өлең тақырыбын таба білген. Қазақ жігіттерін қайсар, жігерлі болуға шақыратын тақырыпқа көңілі ауған. Астарынан цыган мінездерінің де ұшқындауын ескеріп отырған. Саз бен ән ілгешектеніп өрістей береді. Бүгінгі қазақ жастарын замана тілегіне сай болуға шақырады. Көшпенділік жағынан ағайындас екі халықтың ортақ тақырыбы табылғанда тіл де шешіліп сала береді.

Толқысын шартарап,  
Тасышы, тебіренші, ей, Гитара!  
Оу, жан серігім, төгілсін күй тарап!

Қайран басың, ғаріп басың,  
Көзінді жұмбай қамықпасың!  
Қамықпасың!

Композитор Шәмші интімдік, жасырын сырларын да жайып салады. «Сағынышым менің» әні кездейсоқ кезіккен махаббат жемісі. Сөзі Сабырхан Асановтікі. Осы тақырып айналып келгенде «Арақпен араздасу» желісінің мазмұнын құрайды. Дидактика емес, ақаңмен арбасқан інілеріне айтылған ағалық наз.

Бір есептен роман-эссені Шәмшінің жан сөзі десе де болады.

\* \* \*

«Қазақстан – 2050» стратегиясында біздің ендігі үміт-мүддеміз, басты саяси бағытымыз тұжырымдалған. Ұлттық мақсат, мүдде ұлттық идея туғызбақ. Өзегі, – Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтқанда, – Мәңгілік Ел.

Мәңгілік Ел стратегиясы барша рухани саланың, көркем әдебиеттің алтын арқауына айналатыны сөзсіз. Ұлттық идеяның түп тамырында ел бірлігі жатса, бұл қағида бұрын да роман, повестердің, басқа да әдеби жанрлардың жетекші тақырыбы болып келгені аян. Қазақстанда тұратын барша халық, этностар көркем сөзі бұл тақырыпты әр қырынан талдап саралауда. Жарқын көрінісінің бірі – талантты ұйғыр жазушысы Ахметжан Аширидің «Идиқұт» атты тарихи романы (2010). Идиқұт – XIII ғасырда өмір сүрген ұйғыр мемлекетінің ресми аты. Аумалы-төкпелі заманда Идиқұт мемлекетіне жер бетінен жойылып кету хаупі төнеді. Тек аса көрнекті қайраткер Баурчук Арт Текиннің дана саясаты арқасында ғана дербестігін, дінін, ділін сақтап қалады. Ел тәуелсіздігі қандай қиыншылық жағдай болсын көреген басшы мен халықтың бірауыздылығы арқасында ғана қамтамасыз етілмек. Сол биік те құнарлы идея Ахметжан Аширидің романында бүгінгі қазақ әдебиетінің туындыларымен іштей ағайындастықта, туыстастықта кестеленген.

Ұйғырстан біздің заманымыздың 850 жылынан 1125 жылға дейін, яғни 275 жыл бойы тәуелсіз ел болған. Бұдан соң ұшықиырсыз соғыс өртіне оранады. Ақыр соңында Кидань атты адуынды мемлекетке кіріптар болып, 84 жыл бойы Кидань басқыншыларына жыл құрғатпай 200 мың күміс ақшалай салық төлеп тұрған.

Ұйғырия – мәдениеті жоғары ел еді. Көп жұрт, арасында Монғолия да бар, жазу-сызуды ұйғырлардан үйренеді. Қару-

жарактың не асылын жасау, жорыққа шыдамды сәйгүліктерді баптап өсіру, қала салу өнері саласында алдына жан салмаған. Осал жері – халқы діни нанымдары жағынан екіге жарылған. Бесбалық өңірі – Буддаға табынады, ал, қараханидтер – мұсылмандар. Атасы, қаны бір халық өзара теке тіреске түсіп, бастары қосылмай жапа шеккен.

Жазушы романының бас геройы – Баурчук Арт Текиннің образын, күрделі характерін сәтті сомдаған. Көзсіз батырлығы үстіне көреген, тарих аңысын аңдағыш, халық мүддесіне шын жүрегімен берілген сұңғыла мемлекет қайраткері шығармада жанжақты және нанымды суреттелген.

...Баурчук Арт Текиннің таққа отыру салтанатына жиылған халық қуанышында шек жоқ.

«– Мы довольны тем, что нашим повелителем, защитником гордостью и надеждой является славный представитель тюркской династии – сын Исан Томура – Баурчук Арт Текин. Да благославит его и сохранит Великое небо – Танри! Да укрепятся при нем основы могущества нашего государства! Да распространится и усилится его власть! Да пребудет в счастье и благодати народ Уйгурии! Да поможет ему Великое небо – Танри, справиться со всеми врагами!» (Ахметжан Ашири. Идикут. Роман-эпопея. Алматы. ИД «Мир». 2010. С.27. Орыс тіліне аударғандар: Хамит Хамраев пен Анвар Машуров.)

Баурчук Арт Текин үнемі қыл көпірдің үстінде жүргендей өмір кешеді. Алдымен туған әкесі жауығады. Көзін құрту үшін дұшпан ел Киданьға аманат есебінде жібереді. Кейін таққа отырғанда да, былай жүрсең атың өледі, олай бұрылсаң өзің өлесің аңызын еске түсіретін талай қиыншылықтарға тап болады. Киданьға кіріптарлықтан құтылу үшін моңғолдармен достасу керек. Өйтсең қан шелек Шыңғысханның қақпанына түсуің ықтимал. Баурчук Шыңғысхандай айдаһардың ордасымен одақтасуға тәуекел етеді. Шыңғысханның Орта Азияға жорығына он мың атты әскер беруі үстіне өзі де көрнекті қолбасшылардың қатарында соғысқа қатысады. Ерлігімен, ақылдылығымен моңғолдардың арасында зор беделге ие болады, атақты Жошымен пікірлес достығын айтпағанда...

Шыңғысхан өлерінің алдында әскерін Бесбалықтан әкетеді. Мінезі қылт-сылт, туған баласы Жошыны өлтіруден де жүзі жанбаған, алған қалаларын күл төбеге айналдырудың үстіне халқын қан жоса етіп, қалған азынаулақ жұртын құлақ кесті құлға айналдыратын Шыңғысханның қармағынан Баурчук Арт Текин



аман есен құтылып кетуі былай тұрсын, қарауындағы мемлекетінің тәуелсіздігін сақтап қалады.

Ашири романында орынды сауал туғызатын беттер де ұшырасатынын айтуға керек. Роман баянына қарағанда, Орхан бойын тек ұйғырлар ғана жайлаған тәрізді. Ал, «Моңғолдың құпия шежіресі» бойынша Орхонды қазақтың найман, керей, жалайыр, қоңырат секілді рулары да қоныс еткен ғой. Ұйғыр-Орхон қағанаты кейін құлайды. Құлатқан моңғолдар емес, қырғыздар делінеді. Шындығында бұл өңірде өмір сүрген халықтарды, айталық, қазақ руларын түріп шыққан Шыңғысханның дәп өзі емес пе еді? Романда Шыңғысханның бәйбішесі Бөрте ханумның образы да бейнеленген. Бірақ Бөртенің қоңырат қызы екені айтылмайды. Мұндай дау туғызарлық беттердің төрешісі, әрине, тарихшы ғалымдар болмақ.

Роман негізгі кейіпкерлерінің ішкі өмірін суреттеуді қалт жібермейді. Жүрген жеріне шөп шықпайтын Шыңғысханның өзінің отбасы айналасы да оңып тұрған жоқ. Екінші әйелі жеңілтек жүріске салынып ақыры жұқпалы ауруға шалдығып, суға кетіп өледі. Қызы Алтун- Бике – зерек, көрегендік қасиетке ие жан. Ағасы Жошы секілді әкесінің аяуды білмейтін хаюандықтарына іштей наразы. Болашақты болжағыш сирек қасиетке ие. Шыңғысхан қызын Баурчук Арт Текинге айттырады. Баурчук те кет әрі емес. Романтикалық кейіпкер, аяулы Алтун-Бикенің тағдыры трагедиямен аяқталады. Орхон жақта жүргенде сүйген жігітін әкесі өлтіріп тастаған еді. Ақыр соңында Орхонда сүйгенінің қабірінін іздеп барып, со жақта із-түзсіз жоғалады. Артынан іздеп барған Баурчук өлігін де таба алмайды. Баурчуктың өз әйелі де күйеуі жорықта жүргенде Шыңғысхан Бесбалықты басқаруға қалдырып кеткен моңғол төресінің зорлап қол салуы күйігін көтере алмай жан тапсырады...

Роман-эпопеяның құнарлы идеялары оқушысын ойлантпай қоймайды. Жошы мен Баурчук Арт Текиннің екеуара әңгімесін Шыңғысханды сырттай жамандаудан аспайды дей алмайсың. Жер мен байлық Моңғолияның өзінде де жетерлік. Ал, Шыңғысхан жер жүзін жаулап алуға тырысып, қаншама елдің ойран-ботқасын шығарғанымен, тағдыр заңы қатал. Монғолдар жер жүзін жаулап алды делік. Бірақ үстемдігі түбінде жойылатыны даусыз. Ел-елді үнемі ат үстінде жүріп басқару мүмкін емес.

Моңғол шапқыншылығы әл-Фарабидің туған отанын өртегенде олжалағаны жарытымсыз алтын құйма. Есесіне адамдар ғасырлар бойы тірнектеп жинаған қаншама кітап, қолжазбалар жойылып келмесе кетті. Шыңғысхан мұсылмандардың қасиетті кітабы –

Құранды жыртып таптаудан шімірікпейді. Нәтижесі қандай болғаны тарихтан аян. Есті кейіпкер Баурчук бөтен елдің жер-суын қоржынға салып әкете алмайсың дейді. Әлемде өзгермейтін нәрсе жоқ. Шапқыншылардың аттары қаншама таптағанымен, жауланған жердің топырағы қайта түлеп, өсімдігі қайта шықпақ, халқы қайта өсіп, өнбек.

Ақыр аяғында моңғолдар өз жерін эзер-мәзер сақтап қалғаны бүгінгі мектеп баласына да мәлім...

Бұл философиялық мәні зор қорытынды қазіргі заманға да тікелей қатысты. Иракқа атом бомбасын жасадың деп көрінеу жала жауып бас салған АҚШ империализмі қос өзен арасындағы ілкі өркениет ошағы болған Ирактың мұражайларындағы бағамы өлшеусіз тарихи экспонаттарын, нелер асыл жиһазын тонап алып кетті. Бірақ бойына сіңіре ала ма? Түбінде қайта құсуы кәміл...

Ахметжан Ашири «Идиқұт» шығармасын роман-эпопеяға жатқызған. Эпикалық кең тынысты философиялық толғаныстарға толы шығарманың жанры дұрыс аталғанын атап көрсетуге керек.

\* \* \*

Тәуелсіздік дәуір романдары рухани өмірімізді байытқан үстіне байыта түсуде. Ұлттық тарихымыздың арғы қайнарларын ашып қалпына келтіруде. Тұлғалық, ұлттық, адамзаттық мүдделердің қыр-сырына қанықтыруда. Не тақырыпқа қалам тербетсе де, бәріне «тәуелсіздік көзімен» (Н. Назарбаев) қарауда.

Ендігі абзал міндеттің бірі, замануи проблемаларын шешісуге ат салысу болмақ. Дүние жүзінде басталған үшінші индустриялық революция күллі адамзат өмірін түбірінен өзгертейін деп отыр.

Үшінші индустриялық революция экономиканы ғана емес, күнбе-күнгі тұрмысымызды жаңаламақ. Және мұның өзі тіпті алдағы үш, бес жылдың қарасында іске аса бастауы ғажап емес. Осы болып көрмеген күрт өзгерістер әдебиет айнасына қандай түрде түспек? Бізде роман сияқты толғағы ауыр жанрдың кейде қарқынды дамиды тәжірибесі баршылық. Оперативті, ағымдағы оқиғаларды іле бейнелейтін, кемшіліктері де аз емес «өндірістік роман» секілді ұшқыр жанрды еске алса да болады.

## Пайдаланған әдебиеттер

1. І. Есенберлин. «Көшпенділер». Тарихи трилогия. «Қаһар». – Алматы: Жазушы, 1976.
2. Ш. Елеуқенов. Рост национального самосознания и исторический роман // Журнал «Дружба народов». 1970. – №6.
3. З. Серікқалиев. «Тарихи шындық бұрмаланбасын» // Социалистік Қазақстан газеті. 1972. – 16 сәуір.
4. Гегель. Сочинения, т. XIV. М. 1958.
5. Ш. Елеуқенов. «Абайдың эпистолярлық романы». Кіт.:Тәуелсіздік биігіген. – Алматы: Арда, 2007.
6. Қ. Жұмаділов. Дарабоз. Бірінші кітап. – Алматы: Шабыт, 1994.
7. Ш. Құдайбердиев. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1988.
8. Қ. Жұмаділов. Дарабоз. Екінші кітап. – Алматы: Шабыт, 1994.
9. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. – Алматы: Ғылым, 1994.
10. Б. Жандарбеков. Саки. Исторический роман-дилогия. Томирис. Подвиг Ширака. – Алматы: Жазушы, 1993.
11. М. Жұмабаев. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
12. Х. Әдібаев. Абай патшалығы. – Алматы, 2009.
13. «Отырар ойраны». Шыңғысханның соңғы жылдары. Тарихи роман. – Астана: Елорда.
14. Архив Союза писателей Казахстана. Стенограмма IV съезда СП Казахстана. 9-10 марта 1959 г. 339 л.
15. Н.А. Добролюбов. Собр. соч в трех томах. Т.3. С.210.
16. Қалмұқан Исабай. Шоң би. Трилогия. – Астана: Елорда, 2005.
17. Р. Тоқтаров. Абайдың жұмбағы. –Алматы: Әл-Фараби, 1999.
18. Г. Бельгер, Ә. Тарази, Ж. Дәуренбеков, А. Ісімақова, Ә. Меңдеке. «Заманның дертін тап басқан» // «Қазақ әдебиеті» газеті. 1998. – 16 желтоқсан. М. Мағауин. Зобалаң // «Қазақ әдебиеті». 24.11.2000. С. Балғабаев. «Шығарма арқауы – шындық күресі» // «Жетісу» газеті. 30 қараша, 2000. т.б.
19. Баққожа Мұқай. Өмірзая. – Алматы: Жалын ЖШС, – Алматы, 1998.
20. З. Қабдолов. Менің Әуезовім. Роман-эссе. – Алматы: Санат, 1997.
21. М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20 том. – Алматы: Жазушы, 1985.
22. М. Симашко Дорога на Святую Землю. – Алматы: Жібек жолы, 1996.
23. Морис Симашко. Четвертый Рим. // Журнал Таң-Шолпан. 2001 №6.

24. «Литературная газета». 2012. – 25-31 января.
25. Станислав Говорухин. Записки чревоугодника // Литературная газета. 2008. – 3-9 декабря.
26. «Тюу су». 186-187 с.
27. Қажығали Мұханбетқалиұлы. Тар кезең. Тарихи роман. – Алматы. Мереке, 2012. –108-б.
28. Мұрат пен Марат: екі жарты бір бүтін. // Жұлдыз. – 2010. –№2. 105-б.
29. М. Мағауин. Жармақ. // Жұлдыз. – №2. – 89-91-бб.
30. Валерий Рокотов. Ледяной трон. // Литературная газета . 6-12 февраля. 2013 г.
31. Боз айғырдың киесі // Жұлдыз. – 2010. – 12. – 92-б.
32. И. Кереева. Жетегінде келемін жегі-үміттің... // Жұлдыз. – 2013. – №1. – 66-б.
33. Б. Омарұлы. М. Мөңкеұлы шығармашылығындағы ұлт тағдырының бейнеленуі // Жұлдыз. – 2013. – №2. –124-б.
34. Ғ. Жайлыбай. Қазақтың жел қанатты жезкиігі // Жұлдыз. – 2012. – №2. –9-б.
35. Қ. Жиенбай. Жер үстінде жұмақ бар. //Жұлдыз. – 2012. – №3. – 59-б.
36. Д. Досжан. Жан құмары. Роман. // Жұлдыз. – 2010. – №8. –105-б.
37. Т. Тілеуханов. Ең ғажайып хикая. Роман. // Жұлдыз. – 2011. – №7. –3-43 б.
38. Т. Тілеуханов. Ең ғажайып хикая. Роман. // Жұлдыз. – 2011. – № 8. –33-87-бб.
39. М. Мағауин. Шыңғыс хан. // Жұлдыз. –2013. –№5. – 54-б.
40. С. Байхонов. Алтай асу. // Жұлдыз. – 2013. – № 4. – 9-б.
41. Е. Әлімқұлов. Қалдаяқов – ән патшасы. // Жұлдыз. – 2011. – №4. –24 б.

## ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ РОМАНДАР

Жаңа ғасыр қазақ елінің саяси-экономикалық, тарихи-әлеуметтік, мәдени өміріне тың жаңалықтарды алып келді. Жаһандану үстіндегі әлемде болып жатқан толассыз өзгерістер, жаңарулар мен жаңғырулар ұлттық өмірді де сырт айналып өткен жоқ. Шын мәнінде, әлемдегі қазіргі саяси жағдай мен жалпы рухани ахуал Жер бетіндегі жекелеген ұлттар мен этностардың ішкі тіршілік ағымына, болашақ бағдарына айтарлықтай әсер етті. Тұтастай алғанда, ХХІ ғасырдағы Адамзатты өз келешегіне деген жаппай алаңдаушылық билейді. Бұған бүгінгі қоғамның көңіл-күйі мен рухани ізденістерін арқау еткен көркем әдебиет дәлел.

Қазіргі отандық әдеби үдерісте идеялық ұстаным, формалық ізденіс жағынан ерекшеленетін жаңашыл көркемдік арналар қалыптасып келеді. Белгілі бір әдеби ағымға қатыстылығы тұрғысынан әрқилы болғанымен, оларға тән ортақ белгі – бұрынғыны қайталамауға, сара жол таңдауға деген талпыныс. Нақты романистика жанры аясындағы көркемдік ізденістерімен ерекшеленетін М. Мағауиннің «Жармақ», Х. Әдібаевтың «Созвездие близнецов», А. Жақсылықовтың «Сны окаянных», Т. Әсемқұловтың «Талтүс», А. Кемелбаеваның «Мұнара», Д. Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар», М. Омарованың «Ана-ғұмыр», А. Әлменбеттің «Мимырт» романдарын атауға болады. Бұл романдардың 2000-жылдары жазылуы ұлттық көркем сөзде жаңашыл әдеби-көркем үрдістердің қалыптаса бастағандығын айқындайды.

Бүгінгі қазақ прозасындағы жеке қаламгерлік поэтика аясында көркемдік-стильдік жаңғыру белгілері айқын аңғарылатын шығармалардың бірі – Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романы. Шығарма Прагада жеке кітап болып жарық көріп, кейін аздаған қысқартулармен «Жамбыл» журналының беттерінде, ал жазушының жетпіс жылдық мерейтойы қарсаңында «Жұлдыз» журналының сандарында толық нұсқада оқырман қауымға ұсынылды. Роман қоғамдық-әлеуметтік маңыздылығымен, көркемдік қуатымен «қазіргі қазақ прозасындағы жаңа Сөз, соны құбылыс» ретінде танылып, әдебиетші қауымның жоғары бағасына ие болды.

Автор романды «алаш руханиятындағы ең алып тұлғалардың бірі Иман Қазақбайдың» жеке мұрағатынан табылған туынды дей отырып, тұтас туындыға авторлық «құқын» бөгде тұлғаға телиді. Туындыда заманауи әлемдік прозаға тән «роман ішіндегі романға» ұқсас көркемдік элемент ретінде бас кейіпкер Мұрат Қазібековтың тарихи зерттеумен айналысу үдерісі кірістірілген. Тұлғаның

екіге жарылуы тұрғысында «Жармақтың» сыртқы пішіні әлемдік прозаның танымал үлгілерін еске салатыны рас. Дегенмен бұл форма қаламгерлік поэтикада көркемдік толысу жолынан өтіп, жаңаша игерілген. Ең бастысы, автор жеке тұлғаның екіге жарылуы арқылы ұлт тағдырындағы тартысты мәселелерді алға тартады; бүгінгі қазақ қоғамының күрмеуі қиын мәселелерін талқыға салады.

Шығармаға арқау болған оқиға 1961-2001 жылдар аралығын қамтиды. Бас кейіпкер Мұрат – қазақтың түп тарихын зерттеуге барша өмірін арнаған тарихшы, ғылым кандидаты. Ұлтының жоғын түгендеу, өшкенін жандыру, санасын жаңғырту – кейіпкердің басты арманы. «...Ана тілі, ұлттық мәдениет, ежелгі тарих төңірегінде қалыпты бейтарап сөз қозғаудың өзі сұмдық көрінетін», «ең ақыры – домбыра ұстаудың өзі күнә» саналатын кеңес заманында ол «Хорезм және Дәшті Қыпшақ: XII-XIII ғасырлар шегі» тақырыбында зерттеу жүргізеді. Жасы отызға тақаған шағында әупіріммен кандидаттық жұмысын қорғаған Мұрат өмір бойы «Тарихтағы қыпшақтар» атты іргелі зерттеу еңбегін жарыққа шығаруды армандайды. Мұраттың бағы да, соры да «ұлы орысқа» кіріптар халықтың ата тарихын түгендеуі еді.

Мұраттың жартыкеш өмірі сонау аспирант шағында басталған. Жас жігіттің алдында сүйіктісі Балжанмен үйленіп, табысты қызметке орналасу немесе аспирантурада білімін жалғастырып, ұлтының тарихын зерттеу сынды екі түрлі таңдау тұрған еді. Өзінің қалауынан тыс тағдыры шешілген түннен бастап Мұраттың толымсыз ғұмыры бастау алады. Балжанға үйленіп, лауазымды қызметке орналасып, тасы өрге домалаған екінші жартысы – Марат. Түптеп келгенде, отбасылық өмірі де, ғылымдағы жолы да сәтсіз Мұратты Мараттан бақытсыз санау қате. Себебі әрқайсысы өз өмірлік таңдауын жасаған екі жартының арасында ұлттық сананы еншілегені – Мұрат. Ол сүйіктісі Балжанға, барақатты тіршілікке қол жеткізе алмаса да, ұлтшылдық сана-сезімін, ар-ұяты мен жиған-терген білімін, яғни рухын сақтап қалды. Мұрат өзінің негізгі жарты екенін іштей сезеді. Мұраттың «Мына мен – өзім ойлағандай үлкен дарын болмасам керек. Болғам, алғашқы жазу, ізденіс жобаларыма қарағанда. Содан соң... сірә, құлай сүйіп, шын ғашық болған баяғы қалыңдығымнан қапияда айрылған күйік әсері ме, әлде басқадай, кездейсоқ, көлденең кесел соқты ма, бір басым екіге жарылғандай жарты ес, жарты күш, жарты жүйке, жарым жан... жағдайды айқын сезінген едім. Рас ақыл, парасатым кемімеген, білім танымым да сол қалпында сияқты. Ал өмірге ынта, еңбекке құштарлық – талап пен жігер ортаймаған, мүлде жоққа сайған

сияқты. Немқұрайды салқындық желкемнен тартып, кеудемді одан әрі басып тұрады» [1, 29], - дейтін сырлары екіге жарылған сәтте кімнің нені еншілегенінен хабар береді.

Таза пенделік мақсат-мұраттың соңына еріп, одан бөлініп шыққан Марат сырттай толымды тұлға көрінгенімен, ол бар болғаны есепшіл санамен күн көретін жартыкеш адам, нағыз «жармақ». Бүтін адамның бойындағы парасат-пайымын емес, қисапшыл пенделігін ғана алып, құр сұлдерін сүйретіп шыққан Марат Мұратты «бұдан отыз бір жыл бұрын жұртта қалған жарамсыз жартым» деп есептейді. Себебі ол баянды ғұмырды бақуатты тіршілік, атақ-даңқпен ғана өлшеуге бейім. Мараттың өмірлік құндылықтары келесідей: «Дүниенің тағдырын адамгершілік қағидалары емес, ақшалы әмиян билейді. Бар тіршілік – ақша үшін. Бүкіл адамзат тарихы – ақша, яғни заттық игілік жолындағы күрес тарихы. Рухани қажеттілік, идеялық мұрат дегеннің бәрі бос сөз. Асып кеткенде, ақшаға жету тарабындағы әдепкі қару ғана» [1, 51]. Бүгінгі табысты кәсіпкер, ертеңгі саясаткер Марат тіпті тәуелсіздік пен ел егемендігінің өзін жеке адамдардың заттық игілігі деп есептейді. Талай ғасыр аңсаған тәуелсіздіктің бүгінгі қоғамда дәулетті адамдарға ғана қызмет ететіндігін бұлтартпас шындық ретінде мойындатқысы келеді. Осы орайда ХХ ғасырдың басында өмір сүрген әйгілі қылқалам шебері Модильянидің өнер ордасы Парижде аштықтан азап шегіп өлгендігін тілге тиек етеді. Айдарынан жел ескен, жолы болғыш Марат қай замандарда да биліктің тізгіні қалталылардың қолында болған, әділет деген қиялдағы түсінік деген ойды санаға сіңірген. Дәулеті тасып, мәнсап пен билікте қолы ұзарған сайын араны ашыла түскен Маратқа керегі – баянсыз бақ, уақытша билік емес, байсалды атақ, түпкілікті, абыройлы билік. Оның «жұртта қалған жарамсыз жартысына» бүгінде күні түсіп отырғаны сондықтан. Парламенттің жайлы орындығына жетудегі әрбір қадамын жоспарлап үлгерген билікқұмар Марат алдымен елге парасатты азамат, ұлтының келешегін ойлаған сарабал тарихшы ретінде танылуды көксейді. Шын мәнінде, Марат сияқты жалған ұранмен халқының арман-мұратын аяққа таптап, билік төріне ұмтылатындар бүгінгі қоғамда жоқ емес.

«Жармақ» бүгінгі Қазақстан қоғамының ішкі тіршіліктің тынысын жан-жақты қамтитын кең панорамалы туынды. Қаламгер «Мемлекет тәуелсіздігі», «Ел егемендігі» сынды ізгі идеялық құндылықтарды бас-аяғы он шақты жылдың ішінде жеке бастың қажеттіліктеріне айырбастап жіберген қоғам өкілдерін ашық

әшкерелейді. Белгілі әдебиетші, аудармашы Г. Бельгер роман туралы былай дейді: «Жармақ» публицистикалық серпінді, ділгір мәселелерді қозғайды, тартысты...ойлануға, кешегі өткенді мұхият үңілуге итермелейді, қайшылығы мол, бүгінгі тірлік көңілге күмән ұялатып, болашақ туралы ойға жетелейді. Болмысқа ұлттық хәм жалпыадамзаттық тұрғыдан қарайсың. Бұл – роман-толғаныс, роман-эссе, роман-айтыс-тартыс» [2, 108]. Қоғам өміріндегі қайшылықтарды зерделеп, олардың себеп-салдарын тексере зерттеген автор өмір құбылыстарына ұлт көзімен қарайды. Авторлық тұжырымдамада бүгінгі қоғамның басты құндылығы ұлттық сана болуы тиіс деген идея бас көтереді. Ұлттық дамудың қозғаушы күші ұлттық сана екендігін айта келе, қаламгер: «Ұлттық сана жоқ қазақта. Жалғызға емес, жалпыға тән, сүйекке сіңген, қалыпты сыпат. Және назары мен қажыры күнкөріс, тіршілік соңында кеткен бұқара жұрт қана емес, ұлттың бетке шығар кісілері: биліктегі, бизнестегі, саясат пен шаруашылықтағы алпауыттарың тұрыпты, зиялы аталатын, елдің қамын жеуге тиіс – ғылымдағы, өнердегі, мәдениет пен әдебиеттегі тарланбоздарың түгел ұлтсыздық дертіне шалдыққан» [3, 90], - деп шынайы қынжылыс білдіреді. Осылайша, қоғамдағы әділетсіздік, екіжүзділік пен аярлық, жемқорлық пен паракорлық, жалған атақ пен даңқ, т.б. бір-бірімен шиеленіскен мәселелер осы ұлттық сананың жоқтығынан деген қорытындыға келеді.

«Сорос-Қазақстан» қорының ұйымдастыруымен 2000-жылдардың басында өткен «Қазіргі заманғы Қазақстан романы» атты әдеби сайыстың жеңімпаздары атанған Т. Әсемқұлов, Д. Амантай, А. Кемелбаеваның шығармаларына арнайы тоқталып өткен жөн. Себебі осы шығармашылық додасы қаламгерлер қауымын жаңашыл көркемдік ізденістерге жетелеген, ұлттық әдебиеттің пішіндік, мазмұндық тұрғыда толысып, жаңғыруына септігін тигізген айтулы оқиға ретінде әдеби өмір шежіресінде бедер табары анық.

Көрнекті сыншы З. Серікқалиев «Ұлттық көркемсөз мәдениетіне шын мәнінде тың тыныс болып қосылар әдемі шығарма» деп айрықша бағалаған Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс» романы ұлттық өнер тақырыбына арналған. Автор Сабыт пен оның немересі Әжігерейдің тағдырларын баяндай отырып, қазақ халқының өмірімен біте қайнасқан домбырашылық өнердің құдіреті тақырыбын өрбітеді. Кейіпкерлер диалогы, естелік, т.б. формалар негізінде көркем игерілетін тарихтың трагедиялық тұстары туралы философиялық-эстетикалық толғамдар қаламгердің өткен өмірге



жаңашыл көзқарасын, өзіндік идеялық тұжырымдамасын арқау еткен.

«Талтүсте» суреттелетін ауыл тұрмысының көріністері қарапайым әрі шынайы, сонысымен де тартымды. Оқырман роман беттерінен күнделікті қайталана беретін күйбең тіршіліктің таптаурын сүрлеуін емес, әр атқан таңы мен батқан күнінен мән таба білетін қыр халқының мағыналы өмір өріміне куә болады. Ауыл кештерінде дастархан үстінде айтылар тарихтың бел-белестері, айтулы өнерпаздар мен сал-серілердің өмірі, әйгілі күйлердің туу тарихы жайлы салиқалы әңгімелер оқырманды жалықтырмайды. Керісінше қолы қалт еткенде кешегі өткен игі жақсыларды еске алып, естелік айтуды дәстүрге балаған көкірегі қазыналы қарттардың әңгімесі бұрын-соңды айтыла қоймаған деректермен баурап әкетеді.

Қаламгер қалыпты түсініктегі бірыңғай жағымды я жағымсыз бейне сомдауға тырыспайды. Шығармадағы әрқилы тағдыр иелерінің бейнелері бір-біріне ұқсамайды. Олар адамгершілік-моральдық сын-сапасы жағынан да, мінез-құлық табиғаты жағынан да әртүрлі. Автор қайсыбір кейіпкерлерінің ағаттығына бола жазғыру немесе болмашы жақсылығы үшін аспандата көтермелеу сынды алып-ұшпа эмоцияларға жол бермейді. Мәселен, бауырына салған баласына мейірлі ана бола алмаған Күлбағила мен уақ-уақ отбасында ойран салуды әдетке айналдырған беймаза Баймұқан алдымен адамгершілік ізгі қасиеттері үшін бағаланады. Жалпы «кейіпкер жазушының зияткерлік деңгейімен өрелес келеді» деген шығармашылық қағиданы романдағы шешендігі мен көпті көрген көрегендігі жағынан бірінен-бірі асып түсетін, дүниенің парқын білетін Сабыт, Шерім, Жұмға сынды азаматтардың бейнелері дәлелдей түседі.

Бас кейіпкер Сабыт – ұлттық мәдениетті сақтаушы, дамытушы әрі келер ұрпаққа жеткізуші ретінде шын мәніндегі мәдени феноменалды тұлға. Киелі өнер иесі бойына дарыған табиғи таланты – күйшілік өнер мен жадында жатталған бай мұраны мирас етіп қалдыруды ұлт алдындағы қасиетті парыз деп ұғады. Домбыра мен күйшілік өнердің сакральды мәнін терең түсінудегі кейіпкерге тән фольклорлық этномәдени сана деңгейі және жеке тұлғалық зияткерлік өресі шығармада мейлінше жан-жақты ашылған. Өзі тартатын әр күйдің тарихы мен орындалу техникасындағы ерекшеліктеріне дейін егжей-тегжейлі мол ақпаратты соншалық ыждаһаттылықпен санасында сақтаған Сабыт секілді қарапайым ауыл қариясының ұлттық өнерге адалдығы, болашақ алдындағы

азаматтық жауапкершілігін терең сезінуі құрметке лайық. Осы жайында З. Наурызбаева былай дейді: «Учитель и дед Аджигерея Сабыт в романе является не просто носителем, творцом, символом традиционного искусства, традиционного мировоззрения, всем своим существованием он утверждает свое тождество с Традицией» [4].

Туындыдағы Сабыт пен оның немересі Әжігерейді бір-бірінен бөліп қарау қиын. Олар идеялық жағынан бір-бірін толықтырып тұратын бейнелер. Баяндау жүйесі тұрғысынан Әжігерей – шығармадағы орталық кейіпкер. Авторлық позиция негізінен бейтарап қалыпты сақтағанымен, көркем әлемдегі басты назар иесі Әжігерей екендігі даусыз.

Әжігерей тумысынан өнерге бейім, аса сезімтал жан. Атасының тәрбиесінде өскен жас бала күйдің киесіне алғаусыз сенеді. Көңілін қаяу мұң торлаған сәттерде де, қуанышты шаттық мезетінде де көкірегін күй кернеп кететін Әжігерей Сабыттың үкілеп үміт артқан ізбасары. Жас күйші келешек өмірінің қандай сүрлеу-соқпақпен өрілетінін қазірдің өзінде жақсы біледі. Осы өнері өзінің маңдайына біткен бағы ғана емес, бес елі соры да екенін біледі. Өйткені талант тағдыры – ауыр жол. Ата аманатын арқалаған Әжігерейдің алдағы ғұмырында қолынан әл кеткенше домбыраны тастамайтыны анық. Себебі бұл – оның өмірлік таңдауы.

Әжігерей үшін Сабыт мейірімділіктің символы тәрізді. Жанынан шуақ тарайтын атасының сағым бейнесі оның жадында мәңгілік сақталып қалады. Ананың аялы алақаны мен мейірлі көзқарасына зәру жастың домбырадан жұбаныш іздері даусыз. Асылында, кеудесінде жаны бар тірі пендеде кездеспейтін жүрек жылуының орнын домбыраның күмбірі толтыра алады екен. Әжігерейдің музыкаға деген риясыз көңілінен қисынның салқынқанды сараптауына көнбейтін осындай түйткілді аңдау қиын емес. Күй құдіреті мен киесі осы болса керек.

Әжігерейдің қабылдауымен берілетін Күлбағила бейнесі аса күрделі. Автордың ана туралы алғашқы өзекжарды пікірі төмендегідей: «Ойлап отырса, анасынан ес білгеннен кейін-ақ жеріп болыпты. Мейірімге гүлдей ашылатын сәби жүрек тіршіліктің алғашқы күндері-ақ көңілді аяусыз тапаған қатыгездіктен біржола жабылды. Жеккөрмейтін, қорқатын. Ешқашан жылып көрмеген жүзінен, сананы жадылап тастайтын қорғасындай ауыр көзқарасынан» [5, 5]. «Өнерімді ұстап қалса» деген жалғыз тілекпен қызы Қалимадан туған жиен немересін бауырына басатын Сабыт, түбінде, Әжігерей үшін атаның да, ананың да орнын толтыратын ізгілік пен мейірім шуағының көзіне айналады.

Романда Күлбағиланың тұлғасы Сабыттың төңірегінен жиі бой көрсеткенмен, оның ішкі жан сарайының қия-қалтарыстары беймәлім күйінде қала береді. Ана махаббатына бөленбеген баланың жүрек түкпірінде әлдебір жақсылықты, тым құрығанда жылымықты күтер үміт оты жоқ емес.

Әжігерейге себепсізден қол көтергені үшін Сабыттың аяусыз жазасына ұшырап, кейіннен жүзге келген Айтқұл қарияны араға салып, шаңыраққа қайта оралғандағы апасының өзгерісін бала жүрек жақсылыққа жорығысы келеді. Күлбағиланың қайтып оралуына Әжігерей іштей қуанып та үлгерген. Болашақтағы бақытты өмірді ойлап армандай бастаған оның тәтті қиялы келесі көріністен соң су сепкендей басылады: «Кенет бөлмеде өзінің жалғыз емес екенін сезді. Ақырын артына бұрылып қараған. Апасы екен. Тісі ақсиып кеткен. Қарғыс айтып тұрған сияқты. Көзіне көзі түскенде, көзінен ғана емес, бүкіл әлпетінен төгілген өштік пен жиренішті көргенде бойын билеген қуанышы ілезде жоқ болды. Жүрегі үзіліп түскендей, ішін баяғы өзіне таныс үрей бүріп ала жөнелді. Кесені қолына алып көзден аққан жас пен ащы шайды араластырып жұта берді, жұта берді» [5, 13]. Осы бір өмір эпизодынан кейін Күлбағила мен Әжігерей бір-біріне ана мен бала болып жарытпады. Үміт оты біржолата сөнген-ді. Бұл отбасындағы жандардың басын біріктіріп тұрған кәрі бәйтерек Сабыт қана еді.

Жасы сексен екіге келген Сабыт баласы Әжігерейден өмір бойы жасырған құпия сырларын ашып, ағайын-туғанымен бақұлдасып, өмірден озып кете барады. Әжігерей Сабыттан қалған домбыраны мұраға алып, туған анасы Қалимаға кетерде Күлбағила мына бір мұнды әнді шырқайды:

«Басында Баянауыл ойнайды арқар,

Арқырап таудың суы төмен сарқар.

Бірге өскен кішкентайдан, сәулетайым,

Қайғы-шер қатып қалған қашан тарқар...» [5, 270]

Бұл оның тағдыр қосқан қосағы Сабытты жоқтағаны әрі өгей баласы Әжігерейдің алдындағы кінәсін мойындап, кеш те болса кешірім сұрағаны болса керек. Әйтеуір өткен күннен қалған айықпас мұнның шері мен зары бар екені анық.

«Талтұс» романында авторлық тұжырымдамадағы өмірдің басты құндылықтары әртүрлі деңгейде көрініс тапқан. Ұлттық қазына ретінде қаламгер қазақ халқының домбырашылық өнерін алға тартып, соны сақтау идеясын насихаттаса, жалпыадамдық маңызы бар мәселе ретінде отбасылық құндылықтар тілге тиек болған. Романда қозғалатын жанұяның толымдылығы мен бүтіндігі, тұтас

тұлғаны қалыптастырудағы ата-ананың орны сынды мәселелер адам жанының махаббат пен қамқорлыққа зәру екендігі туралы ой-тұжырымды негіздейді. Осы орайда жетім қалған Баймұқанды асырап алған Кенесары мен Әжігерейді өгей анасының ащы таяғынан қорғаштайтын Сабыттың бейнелерінде ұқсастық бар. Екеуі де – бауырларына басқан баланы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіріп жеткізуді, азамат қылып тәрбиелеуді армандайтын әке, мейірімділіктің қайнар көзі. Мейірімділік тақырыбы романдағы соғыс туралы әңгімелерде де басыңқы мәнге ие. Баймұқанның естелігіндегі мыңдаған Совет ұшақтарының шабуылынан қырылған неміс солдаттарына деген шынайы аяушылық сезім жауынгерлердің дұшпанға да жанашырлық таныта алатындығын айғақтайды. Жер бетіндегі соғыс атаулының жойқын күші, әлдебір адамдардың саяси ойынынан тұтанған шайқастың бейкүнә құрбандары туралы философиялық толғамдар адамзатты рахымшыл болуға, бейбіт тіршілікке шақыратыны сөзсіз. «Топырақ пен адамның қанын араластырып таптап жүргеннің неменесі ерлік» дейтін Баймұқанның сөздері көзсіз батырлықты қоштамайтын, адам өмірін бағалай білетін көзқарас парадигмасын танытады.

Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» (2000) романында посткеңестік кеңістікте орнаған жаңа өмір талаптары, қоғамдық қатынастағы қайшылықтар жас студент Айжанның ой көзімен сараланады. Романның «Бала бағушы» атты бірінші бөлімі тұтастай алғанда қайта құру, одан кейінгі Одақтың ыдырауы дәуіріндегі кеңес халқының элеуметтік-психологиялық жай-күйінен сыр шертеді. Айжанның танымымен суреттелетін өмір көріністері Қазақстан тәуелсіздігі жарияланған сәттегі «сыртқы» жағдайдан хабар береді. Осы тұрғыдан келгенде, тарихи оқиғаны нанымды да дәйекті жеткізуде шығармадағы көркем уақыт пен кеңістіктің ұтымды шешім тапқандығы аңғарылады. Романмен тұстас жарық көрген қазақ көркем туындыларда ел егемендігінің орнауы ішкі көзқарас позициясынан зерделенсе, «Мұнараның» кейіпкер-баяндаушысы осы ірі оқиғаға елден жырақта жүріп, сырттан назар салады.

Қазақстан, Ресей елдерінің өз дербестіктерін жариялауы бір кездегі біртұтас кеңес халқының бөлшектеніп, ыдырауына әкеліп соқты. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан қоғамдық санада рухани дағдарыс орын алды; құндылықтар жүйесі қайта зерделенді. Жалпы саяси идеология ғана емес, қоғамның қарапайым өкілдерінің өмірлік көзқарастары да айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Осы орайда А. Кемелбаеваның «Мұнара» романы екі дәуірдің шекара-

сында бой көтерген, өткен тарих пен бүгінгі өмірге жіті назар салар қарауыл мұнарасын елестетеді. Шығарманың лейтмотиві де осы образдық тұспал арқылы ашылары сөзсіз.

Баяндаушы-кейіпкер Айжан өзінің алаңсыз өміріне төнген дағдарыс ауыртпашылықтарын бір ауыз сөзбен былайша қорытады: «Жетпіс жыл қамал салған алып Одақ ыдырап, оның он бес бөлігі қопсып түскеннің арты әлеуметтік күйзелістерге соқпай қоймады» [6, 8]. Баяндаушы-кейіпкер Одақты, оның астанасы Мәскеуді жатсынбай, шынайы отаншылдық сезіммен қабылдайды. Алып мемлекеттің құрдымға кетуіне өкінгендей сезім әсері романның алғашқы бөлімінің әр тұсынан қылаң беріп қалады. Айжан біраз уақытқа дейін атамекені Қазақстанды сол «алып Одақтың» он бес бөлігінің бірі ретінде қабылдайды. Бұл, шын мәнінде, кеңестік тәрбиеден өткен көкірегі зерделі қазақ қызының өз тамыр-тегін, туған елінің тарихын білмей тұрғаны емес. Сол дәуір идеологиясының келешекке деген ізгілікті арман-мұраттарына шүбәсіз сенгендігінде болса керек.

Мәскеу Әдебиет институтын тамамдағалы жүрген студенттің: «Диплом алған соң-ақ, көктемнің ұшы жазға сіңіп үзілгенде мен Москвадан айрыламын» [6, 7], - деуін бес жылда бауыр басып қалған Москвасына деген қимастық сезім деп түсінген абзал. Оқуы аяқталған соң, аяулы қаласынан айрылатыны көңіліне қаяу түсіріп жүрген кезде КСРО-ның ыдырауы, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың орын алуы студент қыздың басына күтпеген қиыншылықтарды алып келеді. Дербес ел болып, етек-жеңін жия бастаған мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастың қиындауынан Айжан ағайын-туысы почтамен салған ақшаға қол жеткізе алмады. Алып шаһарда «көк тиын қаражатсыз» қалған студент қыздың ойы сан-саққа жүгіреді: «...почта енді СНГ аталған жақын шетел студенттерін жарылқамайтыны ашылды, өгей баладай өзекке теуіп тентіретіп, жігерін құм қылды. Аяқ астынан Кафканың кейіпкеріне айналған тәріздімін, қоғамның өзі антиутопиялық модельге ауысып үлгерді. Сонда айтылған уәжі: бұдан былай Қазақстаннан Россияға қаржы аударылмайды. Оның рубль аумағына кірмегені кейіннен мәлім болды. Қазақстан бөтен мемлекет атанды, өз валютасын, ұлттық теңгесін шығарғалы жатты, я шығарып үлгерді...» [6, 9]. Күтпеген жерден дағдарысқа тап болған әдебиетші студент осындай философиялық толғаныстарға беріледі. Осы уақытқа дейін өзі үшін де, ел үшін де алаңсыз өмір сүріп келген Айжан айналасының әпсәтте өзгеріп кеткеніне – Қазақстанның «бөтен мемлекет», ал өзінің жақын шетел студенті атанғанына қайран қалады. Айжанның

шалақұрсақ күндерді басынан кешіп жүргенде шешесінен алған хаты елдегі жағдайдың көңіл жұбатарлық еместігін аңғартады. Шешесінің 5000 сомға сатқан тайыншасының құны теңгеге ауыстырғанда 10-ақ теңге болып қалғаны 1990-жылдардың басындағы әлеуметтік тұрмыс-тіршіліктің ауыртпашылықтарын еске түсіреді. Айжан алып шаһардағы күнкөрістің тікелей ақшаға келіп тірелетініне налып отырып, шешесінің сонау туған ауылында үш сиырдың сүтін тегіннен тегін көрші-қолаңға таратып отырғанын амалсыз есіне алады. Өмірдің осындай ирониясы тіпті көкейінен шықпай қояды. Осы кезде студент қыз қала мен дала тіршілігіндегі осынау қарама-қайшылықты – мегаполистің түпсіз араны мен даланың мырза көңілі арасындағы жер мен көктей айырмашылықты түйсіне бастайды. Кешегі уайымсыз күндеріндегі аяулы Москваның бүгін өзін «өгей баладай өзекке тебуі» Айжанның сана түкпіріндегі ұлттық зердесінің көзін ашқан еді: «...Сөйтп алғаш рет жарық дүниеге этностың ескі көзімен қарауды мақұлдай алмай тығырыққа тірелдім» [6, 10].

Баяндаушы-кейіпкер тізбектейтін «Президент, Ельцин, ваучер, приватизация, Дума, жеке меншік, капитал...» сөздері «Ұлы өзгерістер дәуіріндегі» қоғамдық-саяси өмірдің панорамасын елестетеді.

Ел арасы ажырап, тіпті хат-хабар, сәлем-сауқат алмасу қиынға соққан өлара кезеңдегі әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды автор келесі жолдармен бейнелі түрде жеткізеді: «...Тротуарда көгершіндер топ-тобымен ұшып қонады. Олар жабайы көлдердегі қоңырқаздардан қораш көрінсе, өркениеттің сүреңсіздігі құстарға ауысқаны ғой» [6, 6]. Күйсіз көгершіндердің бейнесі, осылайша, қысылтаяң шақта күнелтіп жатқан халықтың келбет-мүскінін елестетеді. Жалпы өмір құбылыстарын суреттегенде қаламгер бейтарап тұрғыдағы жалаң баяндаумен шектелмей, дербес көзқарасын білдіріп отырады. Бұл, бір жағынан, романдағы баяндау жүйесінің 1-жаққа сүйенгендігіне байланысты болса, екіншіден, күрделі құбылыстарды салғастыра отырып, өмір жайлы өзіндік пайымын әсерлі жеткізу тілегінен туатын қаламгерлік стиль ерекшелігіне де қатысты.

Романда мәскеулік қоғамның әркелкі сипаты ірілі-ұсақты детальдармен ашылып отырады. Кейіпкер-баяндаушы астананы жаулап алған түрлі діни секталардан («көккөз кришнаидтер»), шетелдік мәдениет пен сауда белгілерінен (Уолт Дисней мультфильмдері, американдық джинсы, «Макдональдс» мейрамханасы, т.б.) қоғамдағы үлкен өзгерістердің белгі-нышандарын байқайды. Мұның барлығы, шын мәнінде, қайта құру кезеңінен бастап ел

ішіне ене бастаған-ды. «Пушкин алаңын көктей өткенде тақырбас, көккөз кришнаидтердің «Хари кришналагаң» бір сарынды, бір буынды әні алтындалған Кремль күмбездерінің келбетіне үйлеспей қалғанын, жарасымды бұзып тұрғанын байқадым» [6, 5], - дейтін Айжан Мәскеудің өзіне ғана тән төл мәдениеті мен руханиятындағы осынау құбылысты қабылдай алмайды. Контексте «Көккөз кришнаидтер» мен «Кремль күмбездерінің» өзара үйлесімсіздігі астарында қоғам қайшылықтары, дін мен діндегі өзгерістер зерделенеді. Жатжұрттық өркениеттің қоғамға дендеп еніп келе жатқандығын кейіпкер құптай қоймайды.

Курстас құрбысы Әселдің «өмір – мейірімсіз, қатігез» деген бір ауыз сөзі Айжан үшін мүлде тосын жайт. «...Бұрын естімеген беймәлім сөз, енді ол көрден тұрған аруақтай тіріліп кетті, құлақ үйренбеген жат. Енді бұл сөздің құны өсіп, аспандап кетсе не болмақ, жаңа дәуірдің, болашақ өмірдің сипаты солай болғаны ма?!» [6, 17], - деген жолдар жас қыздың келешек өмірге шынайы алаңдаушылығын арқау еткен. Кейіпкер бұл сөздің ендігі уақытта шындыққа айналарын іштей сезгендей болады. Оның жанын жегідей жегені – өзі секілді аңғал қыздың айта салған бір-ақ ауыз сөзі әсте сандырақ емес, ендігәрі жиірек еститін, сөйтіп шындыққа айналып, материалданатын ой. Осы шағына дейін ата-ана мен қамқор қоғамның ығында өмір сүріп келген жас қыз осылайша өмірді түстеп тани бастайды. Шын мәнінде, ересек өмірге аяқ басқан тек Айжан ғана емес, күллі посткеңестік қоғам болатын.

Тағы бір курстас қызы Лиляның ұсынуымен соның жанына бала бағушы болып орналасуы Айжан үшін үлкен өмірлік сынаққа айналады. Бұл жайында: «...бейтаныс біреулерге күң есебінде жалдануға мәжбүрлік жанымды жегідей жеді» [6, 21], - дейді кейіпкер-баяндаушы. Кісіге жалданып, қызмет істеп, табыс табуы бүгінгі нарық заманы қалыпты жағдайға айналдырғанымен, сонау тоқсаныншы жылдардың басында ол тосын құбылыс болатын. Сондықтан Айжан секілді жастар үшін жалдамалы еңбек – әрине, намысқа тиерлік кәсіп. Түптеп келгенде, Айжан үшін бала бағушы болуы – құлдықтың бір түрі. Кейіпкердің арманшыл әдебиетші екендігін, оның үстіне табиғатындағы тұйық мінезін ескерсе, Жамал сынды дәл өзі сияқты қазақтың қызына үй қызметшісі болу оңайға соқпасы нанымды.

Романның бірінші бөліміндегі Жамал мен оның қызы Ританың бейнелері арқылы автор жаңа заманның ұлттық мінезге, діл мен дүниетанымға әсер-ықпалын жан-жақты бейнелейді.

Өзін жұмысқа қабылдаған жас әйелді алғаш көрген сәттегі Айжанның көкейіне келген ойлар келесі: «Үй иесі келіншектің осы жаңа заманда күн жұмсаған астам кейпіне қарап, ішімнен «буржуй» болған түрің бар болсын, ал мен түбі үлкен жазушыға, бүкіл әлем мойындаған таңғажайып суреткерге айналарым хақ деп өрекіп тағы басылдым» [6, 22]. Студент қыз басына төнген уақытша қиыншылықтарға күйіне отырып, осы жағдайдың өзінен жаратқан иесінің ұлы қисынын табуға тырысады. Жалған дүниеде басқа салғанның бәріне көнгеннен басқа шара жоқ. Керісінше, көргеніңе ризашылық қылу шарт. Пендені зорайтатын да, кішірейтетін де Құдайдың бір өзі деп есептейді Айжан. Ол өзін-өзі сабырға шақырады. Әрі осы бір қиналған сәттерін болашағынан дәмелі жас әдебиетші таптырмас өмірлік тәжірибе санайды. Сөйтіп, болмысындағы өршіл мінезін сынап көргісі келеді.

Қаламгер кез келген өмірлік детальды зерттей қарап, одан қандай да бір ұлттық сипат аңғарып отырады. Ританың әкесі Максим Андреевичтің бір күні өзіне балмұздақ ұсынып тұрып, «Мен сізге сыйлаймын!» деген болмашы бір мезетіне кейіпкер-баяндаушы бейне бір ұлғайтқышпен зер салғандай үңілетіні бар. Әр халықтың дүниетанымындағы ерекшеліктерді байқай отырып, қаламгер: «Қазақтың салтында тамақты сыйлаймын деген ұғым болмайды, сұрап бергенше, ұрып бер дейді қазақ тамақ туралы, өйткені құдайы қонақ келсе құт келгенмен тең» [6, 36], - дейді.

Жаңа заман лебімен өзгере бастаған кешегі кеңестік отбасының мүшелеріне назар сала отырып, Айжан түрлі ойларға шомады. Егер заман өзгермегенде мына жылы жүзді ерлі-зайыптылар да «ешкімге зияны жоқ, бәлсінуді, кісімсуді ырымға білмейтін қатардағы зиялы отбасы болар еді» деп толғанады ол. Әсіресе қанына жақын тартып тұрған қожайын әйел Жамалдың тәкаппар, қыр көрсетуді білмейтін, жайдары мінезді келіншек боларын көз алдына елестетеді. Бірақ заман өзгерді, ал заман қоғамды өзгертпей қоймайды. Нарық заманы Жамалды айналасына қожайын көзімен қарауға үйретсе, Лиляны жақтырмай тұрса да, кіріптар болған адамының алдында құрша жорғалауға бейімдеді, бүлдіршін Ританы балалық риясыз көңілінен айырып, ерте есейтті.

Теледидар экранынан көріп қалған өнер жұлдыздарын келешекте бала бағушы етіп жалдауды армандайтын Ританың санасында жаңа заманның мөрі басылып үлгергендей. «Психологиялық көзқараспен алғанда жаңа заманғы эбиді мүлде аңғал бала, қорғансыз, аңқау, сүйкімді жан санау барып тұрған жарыместік екен» [6, 26], - дейді кейіпкер-баяндаушы. Күн сайын көз алдында болып жатқан өмір



суреттерінен, теледидар хабарларынан, тіпті жаңа заманғы мультфильмдерден тәлім алған жас буынның арман-тілегі мен болмыс-бітімі жаңа бір қоғам туып келе жатқандығын аңғартады. Бүгінгі қоғамда басты құндылық – білім, әдебиет пен мәдениет емес, таусылмас дәулет пен бақуатты тұрмыс-тіршілік. Жас ұрпақтың санасына сіңіріліп жатқан осындай астамшыл көзқарас ертеңгі қоғамның қандай боларын әйгілеп тұрары анық. Айжан өз тәрбиесіндегі небары тоғыз жасар Ританың бойынан қожайынға тән тоғышарлық психологияны, «жеті атасынан құл жұмсаған шонжарлық» мінезді байқайды. «Нянясын» өзіне тым жақындатпауды қаперінен шығармайтын, кез келген сәтте Айжанның өзіне бағынышты күтуші екенін еске салып отыратын Ританың мінез-құлқында, шынымен, балаға тән емес маңғаздық бар.

Жазушы: «Бұл ұрпақ оң мен солын енді тани бастаған қысқа мерзімде елде ауыртпалыққа толы катаклизмдер дәуірі туды. Қайыршылық құрсауы мен мерседестер шеруі қатар келгені де анық, материалдық дүние үшін қан төгуді кәсіп қылған қилерлер мен жезөкшелер, нувориштер салтанат құрған» [6, 38], - деп, дүниеқор ұрпақтың өсіп келе жатқанын тілге тиек қылады. Құндылықтар жүйесінің өзгергендігі қоғам мүшелерінің байлыққа ашкөздене қарай бастағанынан, адамдар ортасында «өзінде бармен көзге ұрып, өзгеден артылғысы кеп тұратын бақастықтың» ашық түрде салтанат құрғандығынан аңғарылады. «Адамзат нәсілі кедей жаралған, оның жанын кеулеген ең сұмдық үрейінің зоры – тесік астау. Тек қана құдайтағала ештеңеге мұқтаж емес» [6, 15], - дейтін автор адамзаттың әуелден-ақ материалдық дүниеге тәуелділігі жөнінде өзіндік пайымдарымен бөліседі. Асылы, мұқтаждықтан көз ашпайтын сараңдық пен ашкөздіктің кедейліктен еш айырмашылығы жоқ.

Жамал жетімдіктің азабын шеккен, өмір көрген, көкірек көз ояу, зиялы әйел бола тұра жағымпаздықты жаны қалап тұрады. Ол Лиляның өзіне деген пейілінің таза еместігін біле тұра, алдында құрша жорғалағаны үшін ғана бағалауға, бауырына жақын тартуға әзір. Табиғатынан тарпаң мінезді Айжанның бойынан сондай жағымпаздықтың зәредей нышаны болмағандықтан, екеуінің «жұлдыздары қарсы». Бұдан Жамал үшін адалдық пен жан тазалығының, шынайы адамгершіліктің құнсыз екендігі белгілі болады. Лиляның еш арланбастан ашық ұрлыққа барғандығын кешірген Жамалдың Айжанға келгенде кегежесі кейін тартып тұратындығы, адалдығына күмән келтіргендігі, сайып келгенде, жас қыздың құлдық ұрып, бас имегендігіне ғана тіреледі.

Кейіпкер Қаны бір қазақ әйелінің атамекеннен алыста жүргенде өзіне тілектес болып, ақпейіл таныта алмағандығына кейиді. Ол ұлты, діні мен ділі бөлек Максимнің емес, өзі сынды қаракөз қазақ қызының осынша қазақтықтан аттап, безбүйректік танытқанына намыстанады.

«Мен шын құндылықтарды жасанды, жалған дүниелерге сонау жиырмамыншы ғасырдың басында айырбастап жіберген есіріктеу әлемде туыппын» [6, 51], деген сөйлем – «Мұнараның» алғашқы бөліміндегі тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Одақ ыдырап, әсіре келісімпаздық пен жалған патриотизм туы құлаған шақта қоғамның бетпердесі ысырылды. Қоғамдық өмірдің тереңде жасырылған былығы бетіне қалқып шықты. Автор жетпіс жыл бойы дәріптелген идеялардың жалғандығына мойынсұнады.

Романның «Соңғы жолбарыс» атты екінші бөлімінде оқиға мүлде басқа сюжеттік желіде өрбиді. Автор қазақтың даласына қайта оралған барысты жақсылықтың нышаны ретінде бағалап, осы символдық бейне негізінде ұлттық рухтың қайта жаңғыруын мегзейді.

Автор осы бөлімде Тарбақ есімді аңшының тағдыр иірімдері арқылы ұлттық рух пен Табиғат-ана арасындағы тамырластық мәселесін жан-жақты қузаиды. Қазақ елінің наным-сенімдері мен ырым-жоралғыларын сюжеттік оқиғамен жымдастыра отырып, ұлттық әлемсезінудің қия-қалтарыстарына бойлайды. Жабайы табиғаттың мінсіздігін барша түр-түсімен бейнелейтін қаламгер қазақ халқының табиғатқа қамқор пейілін аша түседі. Автор аңшылықтың жан-жануар біткенді бейсауат, қисапсыз қыру емес екендігін терең түйсінген бабаларымыздың жаратылыстың тепе-теңдігін сақтай білгендігіне қайран қалады. Аң-құстың киесінен қорқу, тіршілік қамына қанағатшыл пейілмен қарау сынды қазақы дүниетанымның өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады. «Соңғы жолбарыс» бөлімінің идеялық тұрғыда көтерер жүгі романның алғашқы бөлімінен кем түспейді. Автор бүгінгі замандағы «бүкіл адамзаттық жедел өзгеріс, әлдебір сұмдық сұрапыл экспансия, кең әлемді тарылтуға, тұтынуға, барды тезірек жоғалтуға, суррагаттауға, қордалануға, сөйтіп бықсып іріп-шіріп, Жер шарын өмір сүруге жарамсыз қылып құртуға» бейімділік күллі адамзат қауамын қайда апарар екен деген сауалға жауап іздейді. Ұлттық рухтың тазалығын сақтау, Жер-анаға қамқорлық жасау сынды шынайы рухани, табиғи экологиялық мәселелер төңірегіндегі өзекжарды пікірлер оқырманға ой салады.

Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» (2003) романының бас кейіпкері Әлішер Таймасұлы «Тәңірі кітабы» туындысын жазу ба-

рысында болмыс, Жаратушы туралы ойларға шомады. Кейіпкерге қатысты өмірбаяндық мәліметтер саналы түрде шығармада көрініс таппаған. Оның бұрын тастап кеткен жары яки құрбысы Марфуғадан өзге отбасы мен ағайын-туысы, досы жоқ, жас мөлшері белгісіз, портреттік кескін-кейпі жоқ; есесіне психологиялық ахуалды бүркемелеуге қанша талпынғанымен, жан әлемінің қиял-қалтарыстары барынша ашылған. Кейіпкердің бағзы бір замандарда Тәңірге табынған Түркі жұртының жалғасы – ХХІ ғасыр қазағы екені ғана аян. Тұлғаның идентификациялық белгі-нышандарынан оқырманның білері – осы.

Әлішердің бар қазынасы – гүлдері мен кітаптары («Екі бөлмелі пәтер іші, шынымен, тым жұпыны, бірақ кітаптарым бар ғой...» [7, 8]), әрине, сонымен қоса санасына түйген ілім-білімі. Осынау қысқа ғұмырында оның сүйіп таңдаған кәсібі жазушылық болды. Кейіпкер әдебиеттен осы күнге дейін көңілі марқая қоймаған, ешбір материалдық пайда таппаған. «Мүмкін, кітап жазбау керек шығар, бәрібір сіз одан шын бақыт, қалың дәулет, жақсы атақ, үлкен абырой, зор жұбаныш, адал көңіл таппайсыз. Тұрлаусыз махаббаттың бос әуресі. Үмітіңізді ақтамайды, тұрмысыңызды жақсартпайды, ақыл-ой жетпейтін жұмбақ тіршіліктің мәңгілік сауалдарына ешқандай жауап айтпайды, ең бастысы – одан өмір табиғаты өзгеріп кетпейді, оның бәрі сізбен бірге қала береді» [7, 7], - деп іштей торығады Әлішер. Осындай ойдағы кейіпкер тұрғысынан қарағанда, өмір – әлдекімнің ойлап тапқан ойыны, ал адам – сол Әлдекімнің ойыншығы тәрізді. Амалсыз өмір сүру сынды пессимистік сарын, психологиялық күйзеліс, жалғыздық сезімі байқалады. Кейіпкердің: «Дүние бос, Марфуға кеткен соң жазғанның несі қызық» [7, 15], - деуі оның депрессияға, кей арада тіпті апатиялық ахуалға тап болуының, суицидтік әрекеттерінің себебіне шамалы жарық түсіреді. Өзінің ұлы сауалдарына жауап таппасын сезген сайын шарасы таусылған кейіпкер өзіне-өзі: «Ғұмырдың мәні жайлы ойға берілу, жаратылыстан мағына іздеу дені дұрыс пенденің қарекеті емес» [7, 36], - деп қорытынды жасайды.

«Роман ішіндегі романның» болуы – постмодернистік әдебиетте кеңінен тараған үрдіс. «Тәңірдің Кітабының» жазылу барысы романдағы Әлішерге қатысты сыртқы оқиғалармен қатар суреттеледі. Ол Түркі жылнамасын, шежірелік таралымдарды ыждаһатпен жүйелеп, хатқа түсірумен болады. Роман ішіндегі романның түпкі идеялық мазмұнын келесі жолдар ашады: «Тәңірді ардақтаған кітап – жаугершілік замандарда ерлікке толы өмір кеш-

кен, кейін дінін де, ділін де, түркілік тұтастығын да жоғалтқан, тарих сахнасындағы биік төрінен айырылған түркі жұрағатының ұзақ эпсаналық шежіресі» [7, 45]; «Кітабым, басқа қырынан ауна-тып қарағанда, Тәңіріден адасқан ұлы түркі жұртының ажалы туралы мәрсиялы аза. Жоқтау» [7, 46]. Түркілер тұтастығының ыдырауын Әлішер-автор зор қынжылыспен еске алады. Баяндау ауаны, идеялық тұспал Ислам өркениетінің құрамына сіңіп кеткен Түркілік өркениетті қайта жаңғырта алмаса да, бір кездері болғандығын естен шығармау керектігін меңзейді. Жеке діні, ділі, мәдениеті мен тілі болған тұтас өркениеттің жойылу себептерін Әлішер тарихтың қилы қалтарыстарынан іздейді. Ол осы орайда «түркі баласына» тән ұлттық зерде тұрғысынан қарайды.

Шығармада сонымен қоса жаңа дәуірдегі адамзат өркениетінің рухани дағдарысқа ұшырағандығы да мейлінше кеңінен сөз болады. Ұлттық, мемлекеттік, жаһандық аяда орын алған тарихи, саяси, мәдени құбылыстар қоғамның әрбір мүшесін ойлануға, дұрыс жол таңдауға, өзін-өзі тануға итермелейді. Тәңірдің Кітабын жазып бітіруді армандайтын кейіпкер «адамзаттың ұлы тұтастыққа» жетуіне әсте сенбейді. Шын мәнінде, тұтастану (мәдениеттің жаһандануы үрдісі) дегеннің терең астарында алып өркениеттердің шағын мәдениеттерді өз қанатының астына жинауға ұмтылысы екені мегзелмей тұрған жоқ.

Дін атаулының таралу тарихын баяндай отырып, қаламгер ең жоғарғы субстанция, құдіретті күш иесі – Жаратушы туралы түрлі ойларға шомады. Бұған дейінгі ғылыми танымға күмән көзімен сынай қарайтын кейіпкердің келесі ойлары оқырманды селт еткізері анық: «Мүмкін, Құдай жоқ та шығар, деп ойлады ол, бірақ, Жаратқан Ие қажет екендігі рас» [7, 33]; «...кім біледі, ажалдан соң ештеңе жоқ шығар» [7, 81].

Жазушы жан-тәнімен Жаратқан иенің барлығына көз жеткізгісі келеді. Ол үшін мына әлем – ар-ұяты да, махаббаты да, достығы да жасанды әлем. Адамзаттың көне дәуірінен бері келе жатқан «мейірімділік», «әділдік», «ақиқат», «сұлулық» сынды мәңгілік құндылықтар да бүгінгі заманға жеткенде тұғыры теңселіп кеткен. Оның «құдайсыз қоғамда» шарқ ұрып Құдайды іздеуі де сондықтан. Мына ғаламдағы мейірімділік пен зұлымдықтың, өмір мен өлімнің, қараңғылық пен жарықтың тепе-теңдігін сақтау үшін «Жаратқан Ие қажет». Әлішердің жүрегінде Тәңірге деген зор сағыныш сезімі ұялайды.

Мына тіршілік дүниесінің есебі арғы дүниеге өтпеуі тиіс деп ойлайды Әлішер. Пенде өз қолымен жасаған жақсылықтың игілігін де,

жамандықтың жазасын да осы «дүниежарықта» көруі керек: «Ұятты болу үшін үнемі бейнет кешу қажет. Бейнет ұшпаққа шығарады, нәпсі құрдымға жібереді. Ал, бірақ, бүгінгі таңда Жаратушыны таза жоққа шығарған Ібілістің дәуірінде бейнет пен нәпсі теңесті емес пе: сіз алпыс жыл рақат кешіп өлдіңіз бе, жоқ, алпыс жыл бейнет шегіп өлдіңіз бе – құныңыз бір, нұсқадағы екеуіңіз де пәни жалған дүниежарықта, қабат тіршілік аясында алпыс жыл ғұмыр сүрдіңіздер» [7, 51]. Өмірдің осындай әділетсіздігінің алдында адамзат баласының соншалық шарасыздығына күйіну байқалады. Кейінгі пікір-пайымдарында жалғанның адам жанына салар жарасын тек Құдайға деген шүбәсіз сенім ғана жаза алады деген мойынсыну бар. Түбінде ол Тәңірдің хақтығын біледі.

«Сығандар», «Саясат», «Партия», «Қарлығаш пен Диана», «Сыйлық», «Албасты», т.б. шағын тараушаларда автор бүгінгі қоғамдағы екіжүзділік, сатқындық, арсыздықтың нақты кейіпкескінін бейнелейді. Күнә, ар ұғымдарының қазіргі тіршілікте ешбір шешуші мәнді арқау етпейтіндігі боямасыз шындық ретінде ұсынылады. Жалған саясаткерлер мен ұры-қары, арбаушы сығандар мен жезөкшелер, түн жамылып күнәға батып, күндіз кіршіксіз таза тіршілік кешетін сайтан мінезді адамдар да, Құдайға деген сағынышпен күнелтетін ақжүректер де бірдей жер басып жүргендігі Әлішерді жалғаннан мүлде жерітіп жібереді. Өмірдің әділетсіздігін өзінше түзеуге тырысатын қаламгер өз туындысын жазып отырып, жазықсыз жапа шеккен Шамақай абызға атылған оққа тосқауыл қойып, аман алып қалғысы келеді; қырық үйден тыйымы болмаған Сапура келіншектің түнгі албасты тіршілігі үшін құрсағынан торай тудырып, жазалағысы келеді.

Тәңірге табынушылыққа қатысты ел жадында сақталған аңыздар мен ырым-жоралғыларға иек арта отырып, роман ішіндегі романның авторы түркі жұртын ұлы Тәңір жолынан тайдырған тарихи трагедиялық мезеттерге ой көзін жүгіртеді. «...жан Тәңірдің бөлшегі емес пе, сақарада кісі қаны дарияның суындай ақты... » [7, 69] дей келе, көне бабалар қоғамының ар-ұят, әділет, мейірбандық атаулыдан көз жазып қалғандығын баян етеді.

Құндылықтар иерархиясында кейіпкер қастер тұтқан ұғымдар – әдебиет пен өнер. Ол әдебиеттің «қоғамда қазаға ұшыраса да, әлдекімнің кеудесінде өмір сүре» беретініне кәміл сенеді. Шынайы әдебиетті қай заманда да «жұпыны үйде тұрып, арзан шарап» ішетін тақуа жандар жасайды дегенге иланады. Алайда: «...кітап жұмбақ киесі мен алғашқы ғажайып қасиетінен айырылған, ол адамға ар-ұят сіңіретін қуатын жоғалтқан» [7, 50], - дей келе, жазушы

жалпыадамдық рухани құндылықтардың бүгінгі қоғамда бағасы түсіп кеткендігін де жасырмайды. Ол материалдық игіліктің рухани қазынаны басып-жаншып кеткен өктемдігін адамдардың нәпсіге ерген тойымсыздығынан, жабайы өзімшілдігінен деп таниды.

Адамзат өркениетінің жеткен жетістіктерімен қоса күнәсінің заман жаңарған сайын еселеніп бара жатқаны үшін уайым шегетін автор өмірді асулар мен белестер ретінде емес, томаға-тұйық хаос шеңбері – пенде ғұмырларды қылғытып жұтар түпсіз иірім ретінде көреді. Одан биік, асқақ тек Жаратқан ие ғана. Осынау былыққа белшесінен батқандарды аман алып шығар – шын мәнінде, Тәңір Иеге деген сенім мен үміт оты ғана. Роман адамның рухани тазаруына, өткені мен бүгінгісіне және келешегіне зер салуға жетелейді.

Д. Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы жайлы ойды көрнекті әдебиет сыншысы З. Серікқалиевтың келесі сөздерімен қорытындылауға болады: «Мәдени-философиялық жұлгеде қарастырылар қат-қабат идеялар тоғысы. Әлішердің көкірек көзімен сезіндірер, дәуірі өткен кітап пен кітапқа деген адамзат ұрпағының бүгінгі опасыздық қатынасынан ашылар, мифологиялық логикаға негізделген, ежелгі түрік көшпелілерінен бері қарайғы, бүгінге, болашаққа бағышталар барша ізгілік, ар-ұждан параметрлері, түрлі діни наным-сенім бастаулары және керек десеңіз: дәл қазіргі таңдағы тіршілік қайшылықтары, тазару кезеңдері сараланар роман-гипотеза» [7, 4].

Хасен Әдібаевтың «Созвездие близнецов (сокровенное и таинственное)» (2004) атты роман-сырласуына алғысөз ретінде ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Бейбітшілік пен өзара түсіністік форумында сөйлеген сөзі беріліпті. Осы орайдағы Елбасының: «Любая моносистема, в этом мое глубокое убеждение, не в состоянии обеспечить баланс, стабильность и развитие не то что всего человечества, но даже его части. Она всегда будет таить в себе угрозу конфликта и взрыва. Верна лишь формула – единство в многообразии, в многонациональности, в многоконфессиональности...» [8, 6], - деген сөздері романның идеялық тұжырымдамасын айқындайды. Автордың өзі «Уроки истории» атты кіріспе бөлімде тарих желісіндегі ұрпақтар тағдырының ғажайып ұқсастығы, оқиғалардың қайталануы мәселесін шығармаға арқау еткендігін ескертеді.

Тарих, әдебиет пен өнер, философия, мәдениет жайлы толғаныстарда жекелеген ұлттар мен жалпы адамзат тарихындағы шешуші ролдерге ие болған тұлғалардың тағдыры, ғұмырбаяндық ұқсастықтардың жұмбағы, отбасылық драмалар мен трагедиялар

сөз болады. Автордың негізгі идеясы – отбасын, қоғамды, әлемді аман сақтап қалу.

Түрлі ұлттар мен нәсілдерден жалпыадамзатқа тән ортақ қасиеттерді көруге тырысатын жазушы былай дейді: «Все народы и нации, этнические группы, жизнеустраиваясь по единому социально-психологическому закону, доказывают равноценность и единство человеческого рода. Различие вытекает из условий среды, цивилизации, религии и т.д.» [8, 11]. Осы орайда адамзаттың әуел баста ізгілік жасау үшін жаралғандығын айта келе, қаламгер «Мейірбандық ниет тозаққа апарады» («Дорога в ад устлана благими намерениями») дейтін Інжілден шыққан көне нақылдың тылсым сырын ашуға тырысады. ХХІ ғасырда алпауыт мемлекетті басқарған Джордж Буш пен сонау көне замандарда өмір сүрген Атилланың, кейіпкердің көршісі Азнабай мен ежелгі Мысыр перғауыны Эхнатонның әрекеттеріндегі ұқсастықтардан ғасыр озған сайын адамзаттың өзгермейтіндігі, ал тарихтың үнемі қайталанып отыратындығы мәлім болады.

Тарихтың түрлі белестеріндегі бетбұрыстық, шешуші тартыстар мен күрестердің баршасы ақиқат жолында болды. Осы ретте Мысыр перғауындары Эхнатон мен Тутанхамонның арасындағы Құдай туралы шындық үшін күресі «мейірбандық ниеттің тозаққа апаратындығын» айғақтай түседі. Әр перғауын өзінің құдіретті Жаратушысына деген алғаусыз сенімнің құрбаны еді. Асылы, адамды адастыратын – ақиқат жолындағы ізденістер. Автор абсолютті ақиқатты танудың қиындығын алға тарта отырып, шындықтың сүрлеу-соқпағын іздеп, тура жолдан тайған пенделердің қазіргі біздің заманымызда да бар екендігін және бола бермегін айтады.

Иоаннан, Марктен, Лұқадан және Матфейден келген жазбаларды көз майын тауыса салыстыра зерделейтін кейіпкер-баяндаушы Иса пайғамбар мен Иуданың хикаяларынан да ақиқат үшін күрестің бейкүнә ниеттен туатындығын көреді. Тарихтың алуан асуларында сырт келбетін өзгертіп, қайталана беретін ұлы адасулар Ақиқат жолындағы күрестің дүниенің ақырына дейін жалғасатынын айғақтайды. Жиырма жасар Ахмад есімді лаңкестің өз шындығы үшін жанқиярлықпен өлімге баруы, өзгелердің қанын төгуі – сол адасудың бүгінгі формасы.

Кеңестік өмір шындығының осындай көп адасулардан туған жалған, уақытша идея екендігін қаламгер келесі жолдармен береді: «Девяносто первый перевернул мир. Могущественные государства рухнули в один миг, и, как дым в трубу, улетучились наши представления, идеалы, которыми жили» [8, 24]. Жетпіс жыл бойы

үстемдік құрып, кеңес халқының сана-сезімін жаулаған идеология бір-ақ күнде күйреп жоқ болды. Жарқын болашақ – коммунизм таңы жайлы тәтті қиялдар су сепкендей басылып, соншалық жасампаз көрінген өмірлік мұраттар тұғырынан құлағанда, халықтың есеңгіреп қалғаны шындық. Кейіпкер-баяндаушы осы уақиғаны тарих сабағы ретінде бағалайды. Өмірдің өткіншілігіне мойынсұну қажеттігін түйсінеді. Демек, әр заманның өз өмірлік мұраты бар; мәңгілік ешнәрсе жоқ, бәрі құбылмалы.

Расында, адамдардың ойлау табиғатындағы ұқсастық адамзат қауымының рухани-адамгершілік әлемінің ортақ екендігін айқындайды. Бүгінгі таңда жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтар ретінде бағаланатын мейірімділік, адалдық, әділет, махаббат – біртұтас әлемдік моральдан, сайып келгенде, табиғат заңынан туындайды. Сондықтан да олар мінсіз, кемел. Олардың әр этнос дүниетанымындағы ерекшеліктері дәстүр мен тәрбие аясында ғана зерделенбек. Х. Әдібаев әрдайым мәдениеттер мен діндердің әртектілігін сақтау ізгілік атаулының ұлысы деген идеяны еске салып отырады. Бүгінгі отандық ішкі саясаттың осындай ізгі идеядан тамыр тартатындығын автор мақтанышпен тілге тиек етеді.

Осынау өзгермелі, аумалы-төкпелі дүниеде адамзат қауымын келешектен түңілдірмей алға жетелейтін шамшырақтар – Сенім мен Үміт. Жаратушының хақтығына, алдағы өмірдің жақсылығына деген сенім ғана қоғамның адами келбетін сақтап қалуға септігін тигізбек. Олай болса, авторлық тұжырымдамадағы мызғымайтын мәңгілік құндылықтардың бастамасы – осылар. Тарихты трагедиялық адасулар тізбегі деп танитын қаламгер ізгіліктің түпкі мәні – жақыныңды сүю дейді. Ал Ақиқаттың алдында күйкі тіршіліктің ұсақ-түйегі, жалған дүниенің баршасы тізе бүгеді. Себебі ол жеке адамның ғана емес, дүние жаратылысының тылсым сырын арқау етеді. Осылайша, Ақиқат авторлық құндылықтар иерархиясындағы ең жоғарғы категория ретінде пайымдалады.

Роман кейіпкері адамзат өркениетінің заман өткен сайын қадамын түзей, сүріне беретін ұрымталдығына қайран қала отырып, осының өзін тарихи даму заңдылығы ретінде бағалайды. Дегенмен қайшылығы мол бүгінгі қоғамда ізгілік атаулы өміршеңдік танытып келе жатқандығына айрықша риза көңілмен қарайды. Өзінің тойымсыздығы мен аялығынан жапа шеккен адамзат қауымының үркердей бір тобы ғана мейірбандық пейілге ие. Дегенмен сол аз ғана шоғырдың өзі жүректерде үміт отын тұтатып, жақсылыққа сендіре алады. Асылы, ізгіліктің күш-қуатын санмен, мөлшермен есептеу мүмкін емес. Мұны



жарықтың қараңғылықты жеңген жасампаздығымен теңестіруге болар еді. Автор осы орайда Сорос қорының жер бетіндегі ұлттар мен ұлыстарды алаламай, тең қарап, баршасына бірдей шуағын шашқан меценаттық қамқорлықтың жарқын үлгісі ретінде жоғары бағалайды.

«Апокалипсис» тарауында қазіргі Адамзат қоғамындағы қауіп-қатерлер тізбектеледі. Автор бүгінгі Шығыс пен Батыс өркениеттерінің қақтығысынан, Ислам мен Христиан діндерінің қайшылығынан туындайтын қатердің жойқын күшінен қорқынышын жасырмайды. Ол жемқорлық, мафия, нашақорлық пен маскүнемдік, жезөкшелік пен ғасыр дерттерін (СПИД) алып келген зұлымдықтың қоғамды әлі қандай былыққа батыратыны жайында толғанады. Осы орайда Арал, Чернобыль табиғи апаттарын алапат зауал нышаны ретінде бағалайды. Қаламгер жаңа соғыста жеңімпаз болмайтындығын зор алаңдаушылықпен ескертеді.

Жекелеген тұлғалардың пікір қайшылығынан туындайтын соғыс трагедиясы тақырыбы Аслан Жасқылықовтың «Сны окаянных» (1997-2006) атты трилогиясында да кеңінен талқыланады. XX ғасырдағы адамзат қауымы тіршіліктің тамырына балта шабатын жойқын күшке ие ядролық қаруды өз қолымен жасап шығарды. Қорғаныс желеуімен жасалған бұл қарулардың Қазақстан жеріндегі сынақ полигондары уақыт өте келе ұлттың және жалпыадамзаттың болашағына қауіп төндіре бастады. Мыңдаған адам ядролық сынақтың құрбанына айналды. «Сны окаянных» трилогиясының негізгі оқиғалық желісі атомдық сынақтан жапа шеккен бейкүнә адамдардың қасіретті тағдырын арқау еткен.

Шығарманың жалпы көркемдік-мазмұндық сипаты жөнінде әдебиеттанушы ғалым А. Темірболат: «Романды өткен тарих пен бүгінгі заман, бабалар мен ұрпақтар, ойлар мен сөздер арасындағы өзіндік сұхбат ретінде қарастыруға болады. Автор көне философтар мен оқымыстылардың еңбектері мен әдебиет классиктерінің туындыларына иек арта отырып, бір жағынан, қоғамдық дамудың ерекшеліктерін зерделеуге тырысады, екіншіден, идеяның шынайы өмірде жүзеге асуын, рухани және материалды дүниелердің арақатынасын түсінуге талпынады» [10, 274], - дейді. Романның әр циклы өз алдына аяқталған оқиғаны арқау еткенімен, олардың арасында сюжеттік, идеялық айқын байланыс бар. Кең құлашты эпикалық туындыда күн өткен сайын адамзат үшін маңызы артып бара жатқан соғыс тақырыбы автордың философиялық зерттеу нысанына алынған.

Романның «Поющие камни» атты алғашқы бөлімінің бас кейіпкері Жан – өмірде жолы болмаған жігіт. Жанның сүйген жары Айнұр үшін өмірдің мәні – бағалы әшекейлер мен қымбат жиһаз, жақсы ауданнан ойып алған саяжай. Сүйіктісінің қалауымен келіспеген әрі ондай барақатты тіршілікке қол жеткізе алмаған Жан өмірден баз кешеді. Жан өмірдің түрлі соққысы мен телкісін көрген: Айнұрдың сатқындығы, туыстарымен арадағы кикілжіңдер, ата-анасының қайғылы өлімі, баянсыз диссертациясы, жарық көрмеген кітаптары, әріптестерінің жаласы мен екіжүзділігі оның еңсесін жазып жүруге мұрша бермейді. Осылайша, бір кездегі «аяқты энциклопедия» атанған білімдар зиялы азамат айналасымен қайшылықтың шиеленісе түсуінен біртіндеп тіршіліктің түпсіз шыңырауына құлайды. Қоғамның ең төменгі сатысынан бірақ табылған философ өмірдің тағы бір заңдылығын ашады: «У дна свои законы... как бы ты низко ни пал, со временем обнаруживается, что можно кувыркнуться еще ниже» [9, 82] дейді Жан. Аурухана төсегінде есі кіресілі-шығасылы болып жатқан Жанның көз алдынан балалық шағы, Айнұрмен өмірі, жүгері алқабындағы сергелдең жүрістері, шамандық туралы дәрістері, жер шұқып тас теріп жүрген мезеттері кезегімен жылжып өтіп жатады.

Сандырақ пен шындықты, өңі мен түсін ажырата алмай жатқан Жан өткен өмірі туралы толғанады. «Я рос хилым болезненным мальчиком. Мы росли и болели, болели и росли, и никто из нас не догадывался, что за западными холмами зарылся в землю айдахар по имени Полигон, - деп басталатын ұзын-сонар монолог жалғыз бір адамның емес, атомдық сынақ аймағында өмір сүрген қазақ ауылдарының трагедиясын көз алдына алып келеді. Түптеп келгенде, ол күллі адамзаттың ғасырлық дерті, бітпес жарасы еді. – Глухие подземные удары, трещины на стенах, периодический звон посуды в шкафу, свечение облаков были для нас такими же привычными явлениями, как очередные повальные эпидемии в округе, постоянное головокружение и слабость, кровотечение из носу, волдыри и лишай, покрывающие тело с ног до головы. Мы не знали, что красивые радужные облака, плывущие в вышине в сторону недалекого Китая, ...заряжены энергетическими спорами грозных болезней. ...К похоронам пришлось привыкнуть... Стариков в нашем селе можно было по пальцам перечесать, зато быстро росло кладбище...» [9, 40-41]. Атомдық сынақ даласында елеусіз қалған ауылдардың сұрқай тіршілігі осылай суреттеледі. Құдайдың өзі ұмыт қалдырғандай бұл қасіретті жерлерде дала өзінің жанынан, тіршілік өзегінен айырылған. Сондықтан да ол үнсіз, жым-жырт, өлі дала.

Қаламгер жазықсыз адамдардың өмірін сынақ нысанына айналдырған саяси биліктің түпкі пиғылын түсінуге тырысады, соғыс экзистенциясы жайлы терең пайымдарға беріледі. Романның «Сны окаянных» атты келесі бөлімінде ядролық сынақтың құрбандары – қоғамнан аласталған Елік қыз – әпке, Бөрі бала, Қабанбай (қабан бала), Қоян бала, Үкі бала, Тайбала, Үйрек баланың жетім тағдырлары баяндалады. Ядролық сынақ салдарынан генетикалық құбыжық кейіпке ие болған мүгедек балалардың ешкімге қажетсіз өмірлері жан түршігерлік. Оқшау тіршілік кешкен бұл бейбақтар ана мен әке махаббатына зәру болғанымен, бір-біріне жанашыр, қамқор бола біледі. Ең бастысы, олар қоғам қатігездігінен қанша зардап шексе де, адамгершілік биік қасиеттерін жоғалтпаған. Жетім балаларға пана болған қария (Көке) өмірден озған соң да қауымдасып тіршілік етуге бейімделген балалар тұрмыстың түрлі тауқыметтеріне төтеп береді, олардың өмірге риясыз құштарлығы, бір-біріне адалдығы мен бауырмалдығы қайран қалдырады.

Романдағы негізгі идея – адамзат өркениеті өз даму барысында зор рухани дағдарысқа ұшырады. Рухани-адамгершілік құндылықтарынан жұрдай болған қоғамның жүрек соғысынсыз тіршілік қалыбы өзін-өзі жаппай қыруға ұмтылысынан – жойқын ядролық қарулармен жарақтануынан аңғарылады. Мұнда да «алдағы соғыста жеңімпаз болмайды» деген үрейлі түйткіл бой көтереді.

Қазақ прозасындағы жаңа буын өкілдерінің туындыларынан да қазіргі қоғамға тән ұлттық және жалпыадамдық парадигма үлгілерін зерделеуге болады. М. Омарованың «Ана ғұмыр», А. Әлменбеттің «Мимырт» романдарынан жас қаламгерлердің заманауи өмір құндылықтарын сараптаудағы жаңашыл көзқарас тұрғысы айқын аңғарылады. Бұл аталған романдардың көркемдік-мазмұндық сипаты жағынан бір-біріне ұқсамас сонылығы да жете назар аударуды қажет етеді.

Мадина Омарованың «Ана ғұмыр» [11] атты мөлтек романы бас кейіпкердің өмірден өткен аяулы әжесіне деген ұлы сағынышын арқау еткен. Жас қыз сексеннен асқан шағында бірақ күнде морт сынып, бақиға кете барған әжесінің асыл бейнесін жады естелігінен өшіріп алғысы келмейді. Қолы қалт еткенде қарт ананың көмескі тарта бастаған елесін қағаз бетіне түсіруге кіріседі. Бірақ сурет ойындағыдай шықпайды. Өмірі бей-берекет болған қыздың күнделікті күйкі тіршілік деңгейіндегі ұсақ-түйек детальдардан мағына іздеуі, шындығында, өмірден өзін іздеп таба алмаған адамның шарасыздығын танытады. Шағын роман ата-

латын туынды тұтастай көріксіз тіршіліктің адам жанын жүдетер мәнсіздігін бейнелейді. Отбасылық драмалардан өмірлік бағдарын жоғалтып алған Гүлзираш, жастық шағында көз жасына қалған Ғалия есімді әлдебір қызды іздейтін Жәңгір, оның маскүнем шешесі, үйсіз-күйсіз бомждар – барлығы да өткен күндердің тұтқынында жүрген мағынасыз тірлік иелері. Шығармада мистикалық элементтер де кездеседі. Жәңгірдің Ғалияны іздеп табуы, онымен біршама уақыт бір шаңырақ астында өмір сүруі, кейін (үш ай өткен соң) бұрынырақта қайтыс болып кеткен сол Ғалияның бейітінен делқұлы күйінде табылуы еш авторлық комментарийсіз сол қалпында беріледі. Осы орайда қаламгер «қалаған шындыққа сену» еркіндігін оқырман үлесіне қалтырған болса керек. «Ана ғұмырдың» өзекті ойы – тіршілік сүреңінен терең мағына іздеудің қажеті жоқ, тек өзіңе, айналаңа адал болу керек дейтін сюрреализмге тән қатігез өмір шындығы.

Арман Әлменбеттің «Мимырт» романы (2013) бүгінгі қазақ елінің қоғамдық-әлеуметтік тыныс-тіршілігі жайын баяндайды. Автор нарық заңының шеңберінде жаңа заман талабымен тұрмыс қамын жалғастырған қазақ ауылдарының бүгінгі қалпын барша шынайы көрінісімен бедерлейді. 1990-жылдардың басында кеңестік шаруашылықтар таратылып, ауылдың бар тіршілік механизмдері тоқырап қалғаны белгілі. Бас-аяғы оншақты жылға созылған дағдарыстан ауыл тұрғындарының көбі жүдеп шықса, арасында санаулылары кәсіптің көзін тауып, еттірлік танытқаны да рас. Табыс табудың ебін тапқан пысықтар кешегі еңбекші қауымнан сытылып шығып, ауыл-аймаққа танымал, айдарынан жел ескен кәсіпқойларға айналса, енді біреулері тұрмыс тауқыметінің езгісінен еңсесін жаза алмай қалды; олар ақыры біреудің босағасында жүріп, жалданып еңбек етіп, нанын табуға мәжбүр. Алғашқылары «Мимырт» романындағы Күресбек пен Сырым болса, кейінгілер бір шоғыр – Морж, Наяхан, Зияда, Жасұлан, Қуан, т.б.

Романдағы өмірбаяндық деректер жағынан да, көркем бейнеленуі тұрғысында да ірі сомдалған кейіпкерлердің бірі – Морж. Өзгеше болуы мүмкін де емес, ол – сюжеттік желіні өрбітуге себепкер бірден-бір орталық кейіпкер. Кешегі консерваторияның талапты шәкірті, Желтоқсан қайраткері, жар сүйіп, балалы болған Мәулен Аманжолов – бүгінде Күресбектің малын баққан, ешкімге, тіпті өзіне қажетсіз маскүнем. Алпамсадай азаматтың әркімнің тепкісіне көніп, бас көтере алмауы тұлғаның ар-намыстан айырылып, моральдық азып-тозу деңгейіне жеткендігін білдірмей ме? Морждың сонау болашағынан үміт күттірер жастық шағындағы

арманшыл, қайратты жігіттен бүгінгі Күресбектің бір шыны-аяқ арағына сатылған «бич» деңгейіне түсуі тұтас бір буынның рухани-психологиялық дағдарысын кейіптейтіндей. Әрине, осы орайда айна-қатесіз өмірлік ұқсастықтар емес, ішкі тұлғалық менін жоғалтып алған азаматтық күйреу трагедиясы мегзеледі.

Бір күні екіншісінен айнымайтын өң мен түстің арасындағы буалдыр сағым болмыста тіршілік ететін Морждың сана-сезіміне айрықша әсер етіп, есін жидырған Күресбектің жас тоқалы Гуля еді. Қожайынның әдепкі еңбекақы орнына жүретін спирттік дозасын қабылдап алып, ендігі көкейін тесер жалғыз ой – «тағы қайдан ішсем екен» сынды сауалмен күнұзақ басын қатырар Морждың аяқ астынан өзгере бастауы айналасын таңқалдырады. Сезім пернесін басып, санасындағы адами болмысын оятқан жас сұлуға ынтықтық екенін санаулылар ғана сезеді. Морж басына «азаттық» алып, дербес өмір бастауға бекиді. Бірақ жігіттің қыр соңынан аңдыған сәтсіздіктер оның бұл ойын іске асыруға мүмкіндік бермейді: ол айдалада қаңғыған оқтың құрбанына айналады. Мұны, бір жағынан, авторлық кесім ретінде қабылдауға да болады. Түпсіз шыңырауға түсіп кеткен адамның жарыққа ұмтылып, қайтадан жоғары өрмелеуіне бүгінгі өмірдің қатал заңы жол бермейді деген қисын қылаң береді. Зымырап бара жатқан поезд вагонынан ермек үшін атылған жалғыз оқтың (адасқан оқтың) жапандағы жалғыз адамға (өмірінен адасқан адамға) тиюі тағдырдың жазмышындай көрінетіні рас. Қалай болғанда да, соншалық қисынсыз жайттан өзінше философиялық қисын тапқан авторлық байлам тосындау көрінеді. Романның түпкі ой өзегіне бұл қоғамда Морж секілді ысырылған, аласталған бейбақтардың қайтадан адам қатарына қосылуы мүмкін емес дейтін ащы ащықат арқау болғаны анық.

«Мимырттағы» Күресбек те назар тоқтатып, зерделеуге лайық күрделі тұлға. Адамдардың тағдырын ойыншыққа айналдырған, өздерін жер әміршісі сезінетін, еш әрекеті үшін ар алдында есеп бермейтін Күресбек сияқтылар ойдан шығарылған кейіпкерлер емес, олар өмірде кездеседі. Айналасындағыларға риясыз жақсылық жасай алмайтын, көкірек көзін май басқан мұндай адамдардың өзіндік философиясы бар. Олар құрығына түскен бейбақтарды адам санатында көрмейді, өздерінен кем санайды. Күресбек істі болған Гуляның темір тордан босауына көмектескенмен, соның өтеуі ретінде өзіне тоқал болуын талап етеді. Ал жаңа өмір бастаймын деген Моржды – тегін жұмыс қолын тектен-тек босата салу оның принципіне сай келмейді.

Мәулен Аманжоловтың жұмбақ өлімін тексеретін полковник Ерден Әбішев қызметіне адал, тәжірибелі маман болғанымен, жеке басының мүддесіне келгенде, әділдік принциптерін аттап өте беретін адам. Тергеу барысында көзіне түскен Гуляға қызығып, Күресбектен тартып алатын полковниктың адамгершілік-моральдық сапасы, шын мәнінде, Күресбектен артық емес. Оның Морждың тірі жетім қалған баласын бауырына басуы, жетімдер үйінен бала асырап алуы сынды мейірбандық ниеттерін кейінгі пенделік қылығы (Гуляға қатысты) жуып-шайып кетеді.

«Мимырттағы» бүгінгі жастардың типтік бейнесі Әділхан тұлғасы арқылы сомдалған. Өзінің емес, әке-шешесінің таңдаған мамандығы бойынша оқуын аяқтаған жас жігіт сүйген қызына үйленуді армандайды. Бірақ тағы да әке-шешесінің қарсылығына тап болады. Ақыры әскерге алынып, өмірдің тағы бір қырын тани бастайды. Азаматтық борышын өтеп жүрген кезінде сүйген қызы Балжанды бөгде біреу алып қашқанын естиді. Әділханның осындай сәтсіздіктер тізбегімен басталатын ересек өмірі немен тынар екен деген қызығушылық ынтасы романды тартымды қыла түседі. Бірақ, өкінішке орай, Әділхан сол бойы өз қалауымен өмірін орнықтыра алмаған күйінде қала береді. Ендігі кезекте қолындағы қарудан абайсызда атылған оқ нақақ өлімге апарып соғады. Осылайша, Әділхан да белгілі де белгісіз себептермен еркінен айырылған, кездейсоқтықтардан жапа шеккен бүгінгі қоғамның қауқарсыз өкілдерінің бірі болып шығады.

Детективтік үлгідегі шым-шытырық оқиғалардың тізбегі қазіргі заманның келбетін барынша ашады. Романдағы бүгінгі ауыл тұрмысы, бас бостандығынан өз еркімен айырылған «бичтердің» тағдыры, жастар өмірі көз алдымыздағы қоғамдық қатынастардың күрмеуі қиын мәселелерінен сыр шертеді. Шығармада төрт құбыласы түгел, бақытты жандарды кездестіру қиын. Кейіпкерлердің баршасының басында әлеуметтік өмірдің түрлі ауыртпашылықтары жетіп артылады.

Роман авторы қазіргі жастардың діни көзқарас, наным-сенімдерін аша түсуге талпыныс білдіреді. Өмірлік жолын, рухани қалауын өз еркімен таңдағысы келетін жастардың ата-анамен арадағы тартыстарын суреттейтін эпизодтар аға буынды да, жастарды да ойлануға, ашық сұхбаттасуға, пікірмен санасуға шақырады.

\* \* \*

Бүгінгі заманның романы туралы сөз қозғағанда Қазақстандағы өзге этностардың әдебиетіне тоқталмай өту орынсыз. Осы орайда

біз Г. Бельгер, М. Земсков, Н. Веревошкин, И. Одегов, Г. Доронин, А. Кан сынды қаламгерлердің көпшілікке танымал туындыларын зерделемекпіз.

Герольд Бельгер тәуелсіздік жылдарында жазылған «Дом скитальца», «Тұйық су», «Зов», «Разлад» сынды бірқатар романдары бар. Солардың ішінде депортацияланған немістердің кейінгі тағдыр-талайын баяндайтын «Дом скитальца» романының тарихи-мәдени маңызы ерекше. Е. Зейферттің бұл романды «мұражай-кітап» деп атауы орынды. Себебі неміс халқының ұлттық жадысын арқау еткен бұл романда жер бетінен жойылған атамекен, қоныс аудару тарихы туралы деректі материалдар молынан кездеседі.

«Дом скитальца» романы отанынан, туған шаңырағынан айырылған бақытсыз жандардың ішкі мұң-шерінен сыр шертеді. «Давид», «Христьян», «Гарри» атты үш тараудан тұратын шығарма қоныс аударған немістердің қилы тағдырларын суреттейді. Романдағы Давид, Христьян, Ғазиз, Багира, Николай, Лидия, Есілбай, Иоганн, Мәруар сынды жас шамасы жағынан әртүрлі буын өкілдерінің алуан тағдырлары суреттеледі. Әсіресе ағайынды Эрлихтердің бейнелері арқылы автор саяси оқиғалар аясындағы ұлттық және жалпыадамдық мәселелердің тереңіне үңіле зерттеуге ден қойған. Қазақ ауылына фельдшер болып келген Давид өзінің жайдары мінезімен, биік адамгершілік принциптерге негізделген парасат пайымымен айналасына сыйлы, тартымды образ. Әсіресе оның жан дүниесінің тазалығы, адамға бауырмалдығы ауыл қазақтарының ортасына оңай кірігуіне мүмкіндік береді.

Давид өткен өмірінен опық жеген, тауы шағылған азамат болса да, жан мейірімі мен жақсылыққа сенімін жоғалтпаған. Қызыл әскерден босатылған кезінде ұлты неміс жарының келешегінен күдер үзген жұбайы Лида оныңмен тезірек ат құйрығын үзісуге тырысады. Сөйтіп, аз уақыт ішінде Давидпен ажырасып, басқа адаммен көңіл жарастырып үлгереді. Отбасынан айырылған Давидтің жанына бататыны, ең алдымен, кіндігінен жаралған баласы Арнольдтен қол үзіп қалуы. Неміс тегін мүлде жою үшін Лида ұлының атын Алексей етіп өзгертіп жібереді. Сондағы Лиданың Давидке тағар кінасы – бар болғаны ұлтының неміс екендігі. Осындай рухани-адамгершілік, моральдық принцип қайшылықтарының кесірінен отбасы күйреген Давид Эрлих қазақ ауылына келіп, жанына тыныштық іздейді. Ақыры Давид өз бақытын тағдыр тәлкегімен еріксіз қоныс аударып келген Олькьеден табады. Адал жар, қиындықта қол ұшын созар сенімді

дос бола білген Олькьенің бейнесі романдағы адалдық, махаббат символын білдіреді.

Олькье Вальтердің ағасын ұсталыққа жұмысқа қабылдау эпизодында басқарманың оған: «Постой!.. Здесь, в ауле, твой брат живет... першыл... Казах казаху – брат. Немыс немысу – брат» дейтіні бар. Көпті көрген көреген адам осылайша жат жұртқа амалсыз қоныс аударған бейбақтардың жетім көңілін жұбатуға тырысады.

Романда Давид Павловичке қарағанда, оның інісі Христьянның ұлттық дүниетанымы мейлінше кеңінен ашылған. Ана тілін жетік білетін, әдебиетке құмар жас жігіт неміс фольклорын жинаумен әуестенеді. Неміс халқының үй, отан тақырыбындағы мақалдары мен атамекенге деген сағыныш мұңын арқау еткен өлең жолдары мен шерлі әндер роман мәтініне осы Христьян бейнесі арқылы кірістіріледі. Еңбек армиясындағы ұлтаралық теңсіздік пен кемсітуді көзімен көріп, зор рухани күйзеліспен оралатын жігіттің болашаққа деген үміті сөнуге айналған.

Ағайынды Эрлихтердің бүгін жер бетінен жойылған туған жердің (Еділ бойындағы Неміс автономиялық республикасы) көне карта көшірмесіндегі көрінісін тамашалайтын сәті – романдағы психологиялық драмаға құрылған тартысты мезеттердің бірі. Авторлық баяндауда туған жерге деген сағыныштың тарқамас шері өмірдің қатал шындығымен астаса суреттелген.

Үшінші тараудағы бас кейіпкер Гарри болашақ символы болып табылады. Қазақ ауылында өсіп жетілген неміс баласының келешегі бейнелі түрде қазақ жерін мекендеген немес халқының өмірін сипаттайды. Идеялық арнада Давидтің үй салып, осы жерде тұрақтап қалуы да кейіпкердің бұл атыраптан өз «Манхаймын» (Манхайм – туған ауылы) тапқандығын білдіреді.

«Дом скитальца» романындағы кейіпкерлер қатарында түрлі ұлт өкілдері бар. Автор олардың әрқайсына әділет көзімен қарап, тарихи шындық мұнарасынан көз тастауға ұмтылады. Қаламгер бір ұлтты екіншісінен кем не артық санауға жол бермейді. Неміс ұлтының қайғылы тарихын баяндай отырып, Г. Бельгер қазақ елінің бауырмалдығын, қонақжайлығы мен дархан мінезін ризашылықпен тілге тиек етеді. Шығармадағы қазақ, орыс, неміс тілдерінде аралас берілетін сөздер адамдардың нәсілге, ұлтқа, дінге бөлінбей тіл табыса білетін ақжарқын қарым-қатынастарын бейнелейді.

Роман тұтас көркемдік әлемімен отан, туған жер сынды ұлттық құндылықтардың мән-маңызын ашуға бағытталған. Осы орайдағы достық, махаббат, адалдық, мейірімділік сынды шыннайы адамгершілік, рухани байлықтардың барша ұлттарда тең



бағаланатынына назар аударылады. Қаламгер ұсынған өмір парадигмасында ұлттық жадының мәңгілігі арқылы ұлттық дүниетанымның жасампаздық қасиеті сипатталады.

Тарихи жады концепті жазушының келесі «Туюксу» романында да түйінді мәнге ие. Роман кейіпкерлері отан, туған ел, босаға туралы ойларға беріледі. Бас кейіпкер Эдмунт «Мен осы кіммін?», «Отан деген немене?» сынды бір қарағанда қарабайыр көрінер мәңгілік сауалдарға жауап іздейді. Өзінің қай ортаның төл өкілі екенін түсінгісі келетін кейіпкер үшін кіндік қаны тамған жер де қымбат, бір кезде өзіне пана болған қазақ ауылы да қымбат. Эдмунттың жан тебіренісі оның ұлттық көзқарастары мен қоса жалпыадамдық пікір-пайымдары арқылы беріліп отырады.

Кеңестік идеологияны санаға сіңірген өмірлік мұраттарына құлай сенген қарттардың 1990-жылдардағы рухани күйзелісі Г. Бельгердің «Разлад» романында суреттелген. Ауыл мен қаланың қазіргі бейнесі арқылы тозығы жеткен тіршіліктің мәнін түсінуден қалған қоғамның тығырықтан шығар жол іздеген рухани әуре-сарсаңы романға арқау болған. Қиюы қашқан тіршіліктің отбасындағы ойранға, ауылдың күйреп тозуына әкеліп соққандығы – тәуелсіздік алған жылдардың бастапқы кезеңіндегі өмір шындығы.

Михаил Земсковтың қаламынан туған «Перигей», «Сектант» сынды романдар – тәуелсіздік дәуіріндегі қазақстандық прозаның қоржынын толықтырған түрлі көркемдік тараптағы дүниелер. Қаламгердің фантазмагориялық элементтері бар «Перигей» (14) романы негізінен көркем кеңістік тұрғысында Латын Америкасы, Ресей жерлеріндегі оқиғаларды суреттейді. 2020 жылдардағы Ресейдің ішкі қоғамдық-саяси құрылысы туралы авторлық қиялдан туған философиялық пайымдар тоталитарлық жүйенің қоғамды ешқашан шынайы бақытты тіршілікке жеткізе алмасын баяндайды. Шым-шытырық тартысты оқиғаларға құрылған «Сектант» (15) атты философиялық триллеріне еретиктердің Иоаннан келген Евангелиесін табу үшін сапарға аттанатын ермек іздеген жастардың хикаясы арқау болған. Сапар барысында қилы тылсым оқиғаларға тап болатын қызыққұмар жастар өмірдің мәні, мәңгілік құндылықтар жайлы шынайы толғаныстарға беріледі.

Бүгінгі әлем және адам тағдыры мәселесі Николай Веревочкинның «Зуб мамонта (Летопись мертвого города)» атты романында философиялық-эстетикалық ой-толғаныстар арнасында зерделенеді. Солтүстік Қазақстандағы Степногорск қалашығы мен Ильинка ауылының тұрмыс-тіршілігін суреттейтін мифологиялық

сюжетке құрылған шығарманың идеялық тіні жазушының саяси-әлеуметтік, қоғамдық-мәдени мәселелер төңірегіндегі пайымдарына негізделген. Тұрмысы қайнаған табысты өңірдің бір кездері мәдени ошақтары, шаруашылық тетіктері бар жайлы қоныс болғанын еске алатын жазушы аудан орталығын (райцентр) шынымен жұмақ шаһары дейді.

Виктор Мамонтов – физика пәнінің оқытушысы, озат комбайншы, жоғары мәдениетті зиялы адам. Спортпен шұғылдану, майлы бояумен сурет салу, велосмобиль құрастыру, шайқалмалы орынтақ өру, балық аулау сынды сан алуан әуестігі бар. Солардың ішінде ең сүйікті кәсібі – желкенді кеме жасау. Оның бүкіл арманы да, өмір бойы жиған бар қазынасы да – осы желкенді кеме. Оның бұл әуестігі туған қаласының жарқын болашағына деген сеніммен ттамырлас. В. Мамонтов секілді идеяға табынушылар – бұл жұмақ қалашығында жетерлік. Өңірдің тарихын жатқа білетін Есім Байкин, емші Мәлс Мұхаметжанов, бәріне ортақ «Құдай тілін» табуға тырысатын Марат – барлығы да адамзатқа ортақ ізгі идеяға қызмет ететін жандар.

Қайта құру кезеңінен бастап қиюы қашқан тірліктің тозған кейпін автор Мамонтовтар әулеті мен Павел Козлов, Руслан тағдыры арқылы суреттейді. Бейне бір Нұх пайғамбардың кемесіндей көрінген қаланың заман дауылына төтеп бере алмай азып-тозуы бұрынғы ауызбірлігі жарасқан қоғам, салауатты өмір туралы идеялық құндылықтарды жоққа шығарады.

Мамонттың сүйегінің үстінен қала құрылысы салынғаны үшін қала қирап қалды деген мифтік нанымға сенетін тұрғындар тіршіліктің оңаларынан күдер үзеді. Романда көркем өрілген мифологиялық сюжеттің астарында ескі кеңестік жүйенің келмеске кеткендігі туралы саяси-әлеуметтік толғаныстар бар. Автор үстемдік құрған идеологияның ойыншықтарына айналған адам тағдырларына аяушылықпен қарайды. Ескі жүйе, санаға сіңірілген үйреншікті құндылықтар күлтөбе басында қалды. Роман кейіпкерлері әлі жаңа қоғамдық құндылықтар жүйесін түзуге ынталы емес. Шығарманың соңғы беттерінде жалғыз-ақ сәулелі үміт оты нашақор Русланның Алматыға оралып, жаңа өмір бастауынан көрінеді.

«Гул или Голем убывающей луны» деген символдық атқа ие романында Александр Кан посткеңестік әлемдегі қазіргі жағдайды көркемдік-философиялық тұрғыда пайымдайды. Роман тіліне ирониялық сипат тән. Автор бұрынғы кеңестік әлеуметтік ендігі рухани-моральдық келбетін кескіндейді.

Солтүстік Кореядан әжесінің бұйырыуымен қоныс аударған Хо Лим есімді баланың бөгде әлемнен өзіне орын іздеуі, алыста қалған әжесін сағынуы романның лирикалық-философиялық жүйелі желісін түзеді. Өзгенің тағдыры үшін шешім қабылдауға үйренген әженің талап-тілегіне деген наразылық, өз ойларының тұтқынына айналған тұйық мінезді, жұмбақ болмысты шешеге деген аяушылық сезімдер Хоның азаматтық тұлғасының қалыптасуына әсер етеді. Романда Хоның төңірегінде топтасатын кейіпкерлер шыққан тегі, өскен ортасы, білім деңгейіне қарамастан, шетінен философ: тұлға мен қоғам, тіршілік және болмыс туралы әркімнің айтар өзіндік ойы бар. Голованов, Нина, Натэлла, Рена, т.б. – барлығы да қоғамның екіжүзділігінен көңілі қалған, жанның «Жерұйығын» іздеген адамдар. Хо мен Голованов, Натэлла осы орайда өз жан дүниелері мен қоршаған орта арасындағы үйлесімді үздіксіз қозғалыстан таппақ болады. Поезд жолсеріктерінің көз алдынан қоғамның түрлі санаттағы өкілдері өтеді. Олардың арасында өмірден баз кешкен жезөкше, қандықол киллер, жылпос ұры, жанұясынан жапа шеккен қарт әже, идеясынан айырылған посткеңестік аморальді әскерилер т.б. бар. Әлеуметтік ортаның түрлі сатыларына жататын адамдар тағдырымен таныстыруда поезддағы эпизодтар тиімді қызмет атқарады.

Хоның өмір жолында көбіне түсі игі жақсы адамдар ұшырасып отыратыны қаламгердің түпкілікті оптимистік идеясынан хабар беретіні анық. Тағдыр қиыншылығына төзе алмай өмірмен қоштасуға бел буған бейбақтарды жағалаудан аулап алып, олардан қолынан келген көмегін аямайтын Маша мен оның серіктері Айдар, Кочергин өмірге сенімді арттырып, үміт отын қайта тұтатады. Мәскеуде соққыға жығылғанда көмекке келетін Натэлланың «Мейірімділік клиникасының» жұмысы да қоғамдағы жапа шеккендерге бағытталған.

Қалталылар мен билік басындағыларға қызмет ету үшін жаңа жұмыс қолын «тәрбиелейтін» «Патриоттар фабрикасы» суреттелетін эпизодтарда ирониялық ащы мысқыл басым. Адам құнын бағаламайтын парықсыз қоғамға деген ашу-ызаға булыққан сәттерінде автор тіпті жүгенсіз фарсқа да жол береді. Қалай болғанда да, адамзатты және өзін рухани азғындаудан сақтап қалудың жолын шарқ ұрып іздейтін Хоның ізгіліктен үміті үзілмеген. Ренаны жолықтырғаннан кейін жарқын келешекке деген сенімі нығая түсетін Хо Лим дүниенің тірегі Махаббат деген идеяға алғаусыз сенеді.

Жоғарыда аталған романдардың дәстүрлі прозадан басты ерекшелігі өмірдің болмысы мен мәні жайлы ақиқатты тың тұрғыдан қарастыруында. Роман кейіпкерлері жеке ұлт өкілі, дербес тұлға, адам ретінде өзін-өзі тануға талпынады. Жаңа ғасыр романында әлдебір кейіпкердің ғұмырбаянын ұзынсонар сюжеттік желіге тартып, егжей-тегжейлі баяндау міндет емес. Бүгінгі кейіпкер өз жан әлеміне үңіледі; өмірлік ортасы мен заманына қатыстылықты зерледейді, тіпті генеалогиялық түп-тамырларын іздеп табу үшін ұлтының өткен тарихына үңіледі; діни наным-сенімін талдап-таразылауға тырысады; айналып келгенде, мәдени жаһандану дәуірін бастан кешіріп жатқан ХХІ ғасырдың адамы «Мен кімін?» деген сауалға түрлі аксиологиялық, гносеологиялық мәселелер аясында жауап іздейді.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мағауин М. Жармақ. Роман // Жұлдыз. – 2010. - №1. – Б. 3-60.
2. Бельгер Г. Мұрат пен Марат – екі жарты бір бүтін // Жұлдыз. – 2010. - №2. – Б. 104-108.
3. Мағауин М. Жармақ. Роман // Жұлдыз. – 2010. - №2. – Б. 55-103.
4. Наурызбаева З. Аджигерей, Руслан и М.: три судьбы казахстанской культуры: нефилологические заметки о современном казахстанском романе // <http://www.otuken.kz>
5. Әсемқұлов Т. Талтүс. Роман. – Алматы: Арман-3, 2003. – 272 бет.
6. Кемелбаева А. Мұнара. Роман. – Алматы, 2003. 149 б.
7. Амантай Д. Гүлдер мен кітаптар. Роман // Қарқаралы басында: роман, повесть, әңгімелер, эсселер, өлеңдер. Т.1. – Алматы, 2010. – Б.3-126.
8. Адипбаев Х. Созвездие близнецов (сокровенное и таинственное). Роман-откровение. – Алматы: 2004. – 184 с.
9. Жаксылыков А. Сны окаянных. Трилогия. – Алматы: Алматинский издательский дом, 2006. – 526 с.
10. Темирболат А. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. Монография. – Алматы: Ценные бумаги, 2009. – 504 с.
11. Омарова М. Ана ғұмыр. Роман // Ана ғұмыр. Прозалық жинақ. – Алматы: Жалын, 2009. – Б. 5-28.
12. Әлменбет А. Мимырт. Роман // Режиссердің түстері. Прозалық шығармалар. – Алматы: Жалын, 2013. – Б.12-123.
13. Бельгер Г. Дом скитальца // Бельгер Г. Избранное. – Т.3. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2010. – 400 с.

14. Земсков М. Перигей. Роман-фантазмагория с элементами анти-утопии // Дружба народов. – 2007. – 8. С.11-160.
15. Земсков М. Сектант. – М.: Эксмо, 2010. – 320 с.
16. Веревокин Н. Зуб мамонта (летопись мертвого города). – Алматы, 2003.

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОВЕСІ

Тәуелсіздік тұсында Қ. Жұмаділов, М. Мағауин, Қ. Ысқақ, Т. Нұрмағамбетов, Ш. Құмарова, М. Қаназ, Н. Ақыш, Қ. Түменбай, Т. Сәукетаев, Н. Дәутайұлы, М. Базарбайқызы, Ж. Қайранбай, Е. Қойбағарұлы, Н. Қапалбекұлы, Ө. Ахмет, Ә. Асқаров, Ж. Шаштайұлы, Қ. Жиенбай, С. Досжан, С. Нұғыман, С. Дүйсенбиев, Н. Ораз тәрізді жазушылар қазақ повесін мазмұны жағынан байытып, қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелерді көтере білді.

Бұл жылдары қазақ повесін көрнекті жазушы Қ. Жұмаділов «Тозақ оты» (2009), «Ақтұманың «Ханшайымы» (2009), «Көкжал» (2011) тәрізді тарихи хикаяттарымен байытты. Жазушы «Тозақ оты» хикаятында өзі жақсы білетін тарихи оқиғаларға тағы да қалам тартқан. Мұнда жеке адамнан бастап, адамзат баласының бастан кешкен және кеше бермек қасіреттері баяндалған. Бір кездегі өзгенің тарапынан көрген қорлықтар мен зорлықтардың үнемі еске алына беруі, оның әділетсіз екенін әшкерелейді. Тарихи уақыт жеке адамның санасынан сол сәттерді әртүрлі айла-амалдарымен өшіріп жіберуге тырсса да, бәрібір ұлт (қазақ) мінез-құлқына жамаған жағымсыз таңбалары қалады және қорқынышпен еске алынатыны да шындық.

Қ. Жұмаділов баяндаудың көркемдіктің қабатындағы оқиғалық желінінің шып-шырғасын шығармай еркін өрбіте беретін қаламгер болғандықтан, Такламакан шөлінде тірідей тозақ отына түскен Қытайдағы қазақтардың тағдырын Бағлан есімді кейіпкердің басына жинақтаған.

Хикаят авторлық кіріспемен тарихи уақыт пен кеңістіктің сығымдалған мәліметтері арқылы оқырманға түсіндіріліп өтеді. Геокеңістік Такламаканның ландшафтық бедерлері мен белдеулері, ондағы тіршілік әлемінің жалпы сипаттамасы, өзендер мен көлдер, аңдар мен құстар, ағаштар; оның ең ежелгі тұрғындары – Ұйғырлар туралы да тарихи деректер және басты оқиғаға себеп болатын Орыс-Қытай қарым-қатынастарындағы аласапыран кезеңдер түгел баяндалған. Бұлардың бәрі география мен тарихтан оқулық дәрежесінде хабары бар оқушыға онша қиындық туғызбайтын мәліметтер болғанымен, хикаяттағы Бағланның әрі ол тағдырлас адамдардың бастан кешкен ауыр күндері біз білмейтін көп жайттарға бойлатады. Жазушы да өзінің рухани дүниесі үн қатқанда сөз болып қаламына құйылған «жады мұрағатын» оқырманға бүкпесіз ашып берген.

Такламакан шөліндегі Тарым лагері қызыл Қытайдың «ит жеккені» екен. Ол да адам баласының ең зұлым ойларының салдарынан бірін-бірі билеп-төстеу үшін негізі қаланған «лагерлер тізбегінің» Тарымдағы далалық түрмесі. Одан қашып кету тұрмақ, ол туралы ойлаудың өзі қиынсыз. Алайда, құлдықтан құтылу – қажырлы, болмысынан азаттық үшін алысатын, бостандық сүйгіш адамдарға соншалық кедергі бола алмайтынын автор Бағлан мен Шайқының іс-әрекеттері арқылы айтып береді.

Бірақ, осы ұлы жеңіске дейінгі көрген қорлықтар мен құрбандықтар адамның адамға тілейтін тілектері емес еді. Әйтсе де, бір кездері бір ұлттың келесі бір ұлтты құлдану үшін «ой ойлаған» шақтары аз болмапты. Олардың қатарында Ұлы Қытай елінің шеберлігі Такламакан шөлінен еш кем емес. Адам еңбегін ақысыз-пұлсыз пайдаланудың «лагерлік жүйесі» көптеген елдерде өте арзан жұмыс күші ғана емес, сол мемлекет саясатындағы үреймен басқарудың ең көне жолы.

Мұндай көне қағидаттардың мыңжылдық мұрағаттық тарихы бар ежелгі Жұңго, кейінгі Қытай коммунистері үшін «қылмыстылар» түрмесін ойлап табудың еш қажеті жоқ болатын. Сол кездегі Шығыс Түркістан қазақтарының (жалпы қытайларды да қоса айтамыз) сөздік қорындағы төбе құйқанды шымырлатын «ұлтшыл», «оңшыл», «шетелмен астасқан шпион», «қос жүрек» (бұлар жүректері «Совет» пен «Қазақстан» деп соғатындар екен) деген сөздермен көзіңе көрінгенді дырылдатып апарып, түрмеге тығып, сосын «ми тазарту», «стиль түзеу» сияқты науқанымен Тарым лагеріне айдап жіберу үшін адамға соншама ақыл парасат керек пе?!

Осындайдың жазықсыз құрбаны боп, «еңбек лагеріне» жіберілген зиялылардың қатарында Бағлан да кетеді. Шыңжаң университетінің тарих факультетін үздік бітіріп, Бежін университетінің аспирантурасында оқыған жас қазақ жігітінің бар жазасы – қытайлардың 1957 жылы «ашылып-сайрау» дегенді ойлап тауып, көпшіліктен «пікір» сұрағанда «сайрағаны» екен (оның ұлтшылдығы, әрине, қытайлар ғана емес, барлық басқыншы елдердің ешқайсысына да жақпас еді). Ол: «Шыңжаң университетінде қазақ бөлімдері ашылу керек. Қытайша, ұйғырша оқыған жастар ертең қазақ мектептерінде қалай сабақ береді? Сонан соң «Шыңжаң қазағы мәдениет жағынан Қазақстаннан алыстамауы керек. Сондықтан бізге Қазақстан жазуын қолдану керек» депті [1, 19]. Содан «ұлтшыл», «қос жүрек», «шетелдің қағып кеткен

шегесі» деген саяси қатерлі атақ алып, «идеялық жағынан тазаруға» Тарымға жіберіледі.

Міне, осы жерден бастап жазушы «лагерлік өмірлердің» қыр-сырын тәптіштей баяндайды. Онда, атап айту керек, құлдықтың өте жиіркенішті жолдары жүзеге асырылды. Адамдардың дүниетанымын тас-талқан етіп, жасанды ұғымдарды саналарына құю, олардың ең нәзік, әлсіз тұстарын пайдалана отырып (ашықтыру, жыныстық қарым-қатынастардағы зәрулікті пайдалану, ауыр жұмыс, ауру-сырқау, өлім-жітім т.т.) мәжбүрлеу, қорлау... Ал бұлар жеке адамнан бастап ұлттың қалпын бұзатын қауіпті факторлар екеніне Бағланның көзі Тарымда айқын жетеді. Мысалы, «қылдан тайып, тәртіп бұзған адамға қолданылатын жазаның бір түрі – бір тәулік, кейде екі тәулік нәр татырмау. Оның бетін ары қылсын, дүниедегі ең ауыр жаза осы болса керек. Оның қасында тақтайға таңып дүре соғу, не Сәлей тазға итше текпілетіп сабату түк емес» екен деп ойлайтын автор-кейіпкер ары қарай: «Лагерде өлім дегенің көп-ақ, бірақ көрініп тұрған мола жоқ. Өліктің бәрі белгісіз құм төбелердің астында» деп тоқтағанда осынау авторлық баяндау оқырман көз алдына ауыр суретті алып келеді. Өйткені, қолданылып жатқан азаптар адамдарды онсыз да тірідей тозақ отына қақтаған жоқ па? Енді кеп, басына бір белгі қоймай көрінген құм төбелердің астында атаусыз қалдыру, әсіресе қазақ халқының ұлттық танымына қайшы келетін жайт. Бірақ, онда ұлттық құндылық ешқашан есепке алынбайды. Әйтсе де, күллі адамзат балалары өзді-өзі наным-сенімдерінің аясында ақырғы сапарға абыроймен болмаса да, жөнімен аттануды мұрат тұтады. Мұнда ол мәселе көпе-көрнеу аяқ асты болады. Онда ұрлық та «қылмыс» боп саналмайды. Өйткені, Тарым лагері тұтқындарды түзеу емес, азғындатып, құлдану үшін құрылған түрме. Ал азғындықты көзімен күнде көрген, қорланған, мазақ етілген, ашыққан, ар-ұжданнан айырылған адамдар ұлттың мүшесі болмақ тұрсын, әуелі адами қасиеттерден жұрдай болмақ. Ондайлар дайын құл, ал құлдардың өзі бір ұлттың бел баласы, демек қолында билігі бар басқыншы ұлттың әлсіз ұлттарды отарлап, басып алуына әуелі осындай лагерлерден шыққан тұтқындар дайын өнім екен. Қытайлар оны әріден ойластырып жүргізгеніне автор Бағыланның басынан өткен оқиғалар арқылы көзімізді жеткізіп, жан-жақты дәлелдеп берген.

Айтылған сөздерімізге хикаяттан дәйек келтірсек. «Тарым да – адамдарды түзету орны ғана емес, ішкі Қытайды асырайтын сауын сиырға айналып еді...»; «ұялу, қорлану, намыстану, біреуді-біреу аяу дегендер – Тарым лагерінде ұмытылып бара жатқан ұғымдар»;



«Бұл арада ұрлық «қылмыс» боп саналмайды»; «мұнда жазасын өтеуге келген «қылмыстылар» күнәсінен арылып, түзеліп қайта ма, әлде бойында бар адамшылық қасиеттерінен жұрдай боп, күзеліп қайта ма, кесіп айту қиын. Ең бастысы, бұл арада құлдықтың жаңа бір сорты жасалып жатқанында күмән жоқ. Біреудің босағасында отырған бодандық, саяси кіріптарлық тұрыпты ғой, енді оған көсемге табыну, билеуші партияға бас ұру, саны көп аға ұлтқа жағыну дегендерді қосыңыз» дейтін авторлық түсініктемелер тарихи уақыттың ащы шындығын бүгінгі күн мұғдарында ашып айтып, дербес көзқарас та білдіріп отырғанымен ерекшеленеді.

Бұдан өзге көрер көзге оғаш, көңілге жат көріністер тізбегінде тағы да ұлттық танымға қайшы келетін жайттарды тап осы Тарымда көрген Бағлан азғындықтың мына бір түріне куә болады. Олар: «ақыл-ойына тұсау салынған зағип жандар»; «екінің бірі – жансыз, салпаңқұлақ, тыңшы»; сосын сатқын Сәлей таз, орауыз әңгі есекті жирен биеге шаптырып, маз-мәйрам болып жүрген тұтқындар және Тарым құмындағы қалың еркектердің арасына әкелінген мыңдаған әйелдердің «некелесулері» мен «махаббат мейрамдары». Жиіркенішті қатынастан (жылқы мен есектен) қашыр туады, бірақ олардың адамға тұлпардай сенімді серік болмасы анық. Сол сияқты ұлтты жоюдың геноцид саясаты, оның генелогиялық қалпына қасақана қол сұғу болып табылады. Автор оны былайша ашып айтады: «Сөз жоқ, айрықша сүзгіден өтіп, «миы тазарған» тұтқыннан құлақ кесті құл туады. Империяға ең керекті адамдар – осы құлдар. Бұлардан айтқанды екі етпей орындайтын өзгеше сортты, мәңгүрт текті әулет тарайды».

Құлдаудың қытайлық саясаты сахарадағы Тарым лагерінде де осылай жүзеге асырылып жатқанда, ресми үкімет әлемнің алдына «жалпыадамзаттық» проблемаларды күн тәртібіне қоюдан жалықпаған еді. Олар: «ұлшылдық», «қосжүректер», «шпиондар», «саяси қашқындар» деп аталатын. Ал әлем өз кезегінде, мәселенің мәнісін жақсы біліп тұрса да, аталған «проблемаларды» құртуды қол көтере құптады, көз жұма қарады. Себебі, алпауыт елдердің өз іштерінде де әлгіндей «қылмыстылар» бар, тек айырмашылығы өзгеше аталуы мүмкін. Оларда да Тарым лагерлері бар, өзгешелігі ол да басқадай аталады. Сондықтан, қарға қарғаның көзін шұқымай, әркімнің ішкі саясаты оның ішкі саясаты болуға тиіс деген ұлы «дипломатиямен» жабулы күйінде қалып отырғанын тарих растайды. Солай бола тұрғанмен, өзара бәсекелес, алпауыт, әрі көршілес елдердің арасында анда-санда орын алып жататын саяси текетірістердің нәтижесінде тарих кейбір бетін кейбір елдер үшін

қайта жазып, кейбір адамдардың тағдырларын түбегейлі өзгертіп жіберген тұстары да болып тұрған. Белгілі бір саяси жағдаяттардың әсері яки салдары бір ұлттың пайдасына шешілген, тіпті кейде жойылып кетуіне дейін жеткізген кездері болғанын да жылнамалар растайды. Мысалы «Тозақ отында» нақты тарихи фактілермен баяндалған.

Айталық, 1959-1960 жылдардағы Қытайдағы тағы бір саяси науқан салдарынан «ортақ қазанға телмірткен «халық коммунасына» наразы шаруалардың» ақыры көтерілістермен әр жерлерде бұрқ ете қалды да, соңынан аяусыз басып-жаншылды. Міне, осы жайлардан секем алып, Қытай ұлтының өздеріне үздіксіз қысым жасай беретініне көздері жеткен «Тарбағатай аймағының шекараға жақын аудандары дүрк көтеріліп Қазақстанға көшкен». Бұның қазақ тарихындағы жарқын беттер болғанына оқырман да күмән келтірмейді. «Көш енді біразға созылса, аймақта қазақ қалмағандай екен, бірінші мамырда шекара тарс жабылыпты. Көшіп өткендер соның өзінде аз емес деседі, жиыны 200 мыңдай адам сөз байласқандай, небәрі жиырма күннің ішінде босып өте шыққан» [1, 8].

Алайда, тағы бір ұлттық трагедиялардың Шыңжаңдағы қазақ арасында пайда болғанын біреу білсе, біреу білмейтін еді. Олар тағы бір лек боп Тарым лагеріне айдалған «қылмыстылар» тобы еді. Нағыз отаршылдық үкіметтің бұғауына бағынғысы келмеген «қосжүректер». Бұлардың өздері де екі тарапқа жіктелді. Біреулері – өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болғысы келетін ұлтшыл лек. Олар орыс үкіметі шекараны ашып тастаған сәтте дүрк көтеріліп Атамекенге өтті де кетті. Екіншілері – дәлірек айтқанда, Құлжалықтар Тарбағатай аймағының қазақтарынан гөрі артына жалтақтап, автордың анықтап айтуынша «көш бастайтын серке, идеялық басшылары» болмағандықтан, кешігіп қалды. Әрі ұлттық мінез-құлықтардың кейбір кертартпалық қасиеттерінің салдарынан өздері зардап шекті. Талай-талай лаңды салып, бастарына әңгір таяқ ойнатып отырған Қытай халқынан «Құлжалықтар қаладан небәрі тоқсан шақырым жердегі шекараға тура тарта берудің орнына, көшуге рұқсат алмақ болып, облыстық үкіметке барады» [1, 13]. Аңқаулық пен қараңғылықтың салдарынан оққа ұшып, өлгені өліп, өлмегені тұтқынға алынып, аяғында Тарымнан бір-ақ шығады. Бұл ұлтымыздың қанына сіңген асыл қасиеті «асын ішіп, аяғына түкірме» дейтін аталы сөзге берік боламыз деп, сан соғып қалған қазақтардың болмысынан әрі ұлттық танымынан хабар береді.

Негізінде, үкіметтің, биліктің, қазақша айтқанда үлкеннің, алдынан өтіп, батасын алмай, жолға шықпайтын ұлттық таным (менталитет) біздің қазақтың қасиеті. Алайда, қой байқұстың қасқырдан қайыр болмайтынын денелеп білмейтіні сияқты, Қытайдан бата сұраған елдің әлгіндей әрекеттері әрі күлкілі, әрі аянышты болды. Міне, бұлар жалпы қасіреттердің бір ғана мысалы. Ал осы жалпының өзі жалқы тағдырлардан құралмай ма? Әрбір тұтқынның әрқалай қасіреті бар. Мысалы, ауыл аймағын Қазақстанға көшіріп апарып, онда бір түнеп, онымен тұрмай артта жалғыз қызым қалды деп, қыз-күйеу, құда-жекжатты алып қайтпақ боп, қайта келген Бағланның немере туысы Шайқының «қылмысты тағдыры» бір қарағанда әпенделік болып көрінеді. Тағы да аңқаулық, ең негізгісі қазақтың қанында бар туысшылдық сезімінің себебінен Шайқыға Тарымның талқанын жеуге тура келді. Сөзді Шайқыға берсек: «Елден бір шығып кеткен соң, ескі жұртқа қайтып оралма. Күміс жалғыз емес, ел ішінде қалып барады ғой. Дәм тартса өздері де келер» деп айтудай-ақ айтты. Бірақ мен алған бетімнен қайтпадым. Бұл кезде көштің арты әлі үзілмеген. Жеке мен ғана емес, жұртта қалған жүгін алып, адамын әкеле жатқандар қайшыласып, қаптап жүр. Ішкі ойым сол күні түнделетіп барып, әлгі қыз бен күйеуді, солардан туған кішкентай жиенді алып, ілесеміз десе құдаларға да қузау салып, ертеңінде бөгелмей кері қайту.

Тәулікке жуық жол жүріп, сол күні түн ортасында құдалардың ауылына жеттім-ау! Барсам, қаперлерінде ештеңе жоқ, Мәметек ауылдары мүлдем бейғам отыр. Тоба, мұндайда қамсыз, көз-құлақсыз, меңіреу ел болады екен. Бір белдің астындағы іргелес отырған Төртуылдың шет елге үдере көшіп жатқанымен мүлде шаруасы жоқ. Малы бағып, егінін салып, бәрі коммунаның жұмысында жүр...» [1, 14] деп Бағланға мұңын шаққан кейіпкердің сөздерінде қазақ ұлтының таным-түсініктері мен тарихи уақыт пен кеңістік шынайы бедерленген. Әркімнің басында бір-бір батпан қасірет бар. Көшкендердің артында зар еңіреп ел қалды, ал оларға қайта оралған Шайқылардың тағдырлары Тарымға байланды. Көшпегендері көгенкөз боп, біреудің бодандығына одан ары түсе берді.

Тағдырлары Тарым лагерінде тоғысқан ағайынды қос қазақтың ойлары күллі адамзат баласы кеудесінен жаны шыққанша арман етіп, алысып өтетін бостандық пен азаттық деген мұратқа негізделді. Және бұл мақсат, әсіресе түрмеге түсіп, бас бостандығынан айырылған адамдарда орасан күшті болатыны шындық. Ал Бағлан мен Шайқы сияқты әрі ұлттың мүддесі үшін

ұлтшыл болған «қылмыскерлерде», тіпті ызаға булыққан күрес сияқты болды. Жазушы адам баласы қайсарлық пен табандылық көрсетіп, бұғауға бағынбаса алынбайтын қамал жоқ екенін «Тозақ оты» хикаятында Бағлан мен Шайқының Тарымнан қашып шығып, талай қауіп-қатерлерді басынан өткеріп, ақыры Отанға, сосын «Көктұмаға» келіп, бірі әйел-баласымен, бірі ағайын-туыс, ата-анасымен және сүйген қызымен (Гүлдәрайым) қуанышта қауышуы арқылы жеріне жеткізіп баяндайды.

Жоғарыда тоқталып өткеніміздей, жазушы қайта айналып соғып, үнемі қилы тағдыр, қиын күндер суреттерін еске түсіре әңгімелеп, көші-қон тақырыбының тарих қаттамайтын әлеуметтік, саяси, адами әрі философиялық қырларын бүгінгі оқырманға айтып отыр. Мысалы, Тарымнан қашқанда, жолдарындағы осы өңірді мекен еткен, өздерін арғы түбіміз қазақ, соның ішінде «қатаған» дейтін ел едік таныстыратын қандастардың ұлттық танымдарындағы тамырын жоймаған құндылықтар: қонақ пен жолаушыны төріне шығарып күтіп, алдына барын тосып, астына атын мінгізіп, жолына азығын сап беретін қасиеттері баяндалған. Әйтсе де, Тарымдағы жирен биеге шабатын әңгі есектің тұқымы қашырға мініп қалған арда қазақ пен адамшылықтан ада-күде жұрдай болған сатқын-ұйғыр Сәлей таздың қашырға мініп жүруі жазушы тараптан жайдан-жай айтылып отырған жоқ тәрізді. Мұнда азғындаған адамның қашыр мініп жүруі қандай орынды болса, елі мен жерінен айырылып, басы бүтін құлдыққа түскен қазақтың арғымақ емес, қашырға бұт артып қалуы өзара шендестіріліп отырғандай...

Шайқы мен Бағланды Сәлей таз қашырмен қуып жетіп ұстайды. Бірақ, Шайқының айла-амалына өзі тұтқын боп, ақыры ағашқа таңылып айдалада қалды: әділ жаза. Шайқыларды ұлттық таным жол бермейтін «біреудің арам қанын арқалама» деген көне қағидаттар қолдарын былғатпады. Жазушы Қытай темір ноқта, Орыс қайыс бұғау екенін білетіндіктен, өз хикаятында кейіпкерлерінің Қазақстанға келгеніне ықыласты екенін жасырмаған. Автор қазақ жұрты да біреуге бодан болып отырғанын осы шығармасының ішінде ашып айтады, алайда Атамекен, Отан, Ұлт дейтін үлкен ұғымдар берік біріккен жерде әлгідей қайыс бұғаудан басыңды сыпырып кетуге күндердің күні мүмкін болатынына шәк келтірмеген. Және тәуелсіздік тұсында жазылған «Тозақ оты» хикаяты осы шындықты негізгі контексте атап-атап оқырманға айтып отыруы шарт емес, ол жайт белгілі.

Сонымен қатар, хикаят өткен тарихтың барлық бүгешігесін айырған кезде, тарихи көші-қонның жақсылықтары мен

жамандықтары, қуаныштары мен өкініштері һәм қасіреттері белгілі болған дәл қазіргі кезде, тәуелсіз санамен сарапталып, жан-жақты талданып барып жазылғанын да қаперге алуымыз керек. Мұнда тарихи дүниетанымдық тұрғыдан қайшылықтар мен сәйкессіздіктер, авторлық фантазия немесе болжап айтқан нәрселер жоқ. Хикаят сұрыпталған деректерімен, тарихи шындығымен және жазушының оқиға жөніндегі мәліметтерді жақсы білетін ерекшелігімен әдебиетке әкеп қосқан әдеби мұрасы.

«Ақтұманың «Ханшайымы» (2009) – заманауи тақырыпта жазылған деректі-тарихи хикаят. Жазушы оқиғаға негіз болған нақты фактілерді оқырманға айтып жатуды қажет деп таппаған. Себебі, қазіргі ел осы мазмұндас әңгімелерді көп естиді. Хикаят болған және аңызға бергісіз шын оқиғалардың негізінде жазылған. Бұл деректі көркем шығарма және бұған толық дәлел бар. Тарихи жағы оның деректілігімен де тікелей байланысты, себебі бүгін болған оқиға ертеңгі тарих.

Автор аталған хикаятында өз пайым-топшылауларын көп жасырмайды және оған бүгінгі оқырман да қосылады деп есептейміз. Өйткені, жазушы бұл хикаятында соңғы жылдарда, әсіресе тәуелсіздік алған кезеңде болып жатқан оқиғаларды суреттеген. Осы уақытқа дейінгі болып өткен оқиғалардың жұрт жақсы білетін жағын да жинақтап баяндаған. Қалыптасқан жағдай, тарихи уақыт пен кеңістіктің адамдар мінезіне түсірген әртүрлі бедерлері, ұлттық таным түсініктер мен қазіргі кезеңдегі мақсұт-мұраттар өзара шендестіріліп, салыстырыла отырып жазылған көркем хикаятта оқырманға ой салатын нәрселер аз емес.

Қазіргі уақыттың алуан түрлі адамдар мен оқиғаларды көнвейерден шығарғандай оңды-солды әкеліп, әкетіп жатқаны нені көрсетеді? Біздің сәттік қуаныштарымыздың ар жағында ғасырлық қасірет жатпағанына кім кепіл? Көз алдындағы рас болып жатқан нәрселер жалғандықпен соншама қалай қабысып тұрады? Адамдар өтірік пен даңғазалықтың үстінде салтанат құрған замандарда кісі ұялатын қылықтар етек алып, тамырлай беретіні өз алдына, осының өзі ұлттық қалпымызға айналып кетпей ме? Болуға тиістінің болмауы, болмауға тиістің болуы және тап сонымен ырғақтасып ұят пен намыстар керісінше қабылданып, орасан дәріптелуі – «Ақтұманың «Ханшайымында» соқырға таяқ ұстатқандай айтылып отырған жоқ па екен? Оқырман осыны ойлайды.

Оқырманға (оқымаған оқушыны айтып отырмын) осы хикаяты қысқаша мазмұндасақ, оқиға негізінен «Ақтұма» аулымен байланысты өрбиді. Бір кездегі Шығыс өңірдегі дүркіреген көп мал

совхоздарының бірі болған бұл ауыл, Одақ ыдыраған соң бүгінгі тілмен айтқанда «болашағы жоқ» болып қалған. Бар-жоғы алты-жеті үй қалған жетім ауылда бұрынғы жылқышы Сайлау марқұмның Аққайшасы кенже қызы Айсараның Алматыдан «тауып қап» ауылға әкеп салған кішкентай Моншағымен күн көріп жатады. Аққайша бұған да шүкіршілік етіп қояды. Бұл жоқ болса, не болғандай екен... Балалары өзді-өзі тіршіліктерімен әр облыста жүр. Айсарасы Алматыда, болған іске болаттай берік боп, бәтуасыз, махаббатсыз бір еркектің (Нұрқанат) екіқабат қып тастап кеткеніне «асылып қалмайды», қайта қайратына мініп, тірлік етіп жатады. Жігіт: «Мен алысты көздеген адаммын. Мақсатқа жетуіме байдың қызы жол ашады. Ал, сен маған масыл болудан басқа не бересің?» (2, 72) деп өз заманының «еңіреген ері» өз уақытының «манifestін» төтесінен қойып, тайып отырған.

Ұлдың кенжесі Астанада «жұмыс істеп» жүр екен. Ол «қысқарып» қап, қайта кіріп, әйтеуір жол тазалайтын қызметте екенін Аққайша өз көзімен көріп қайтады. Оған да көнеді Аққайша, қазір ұят деген нәрсе бар ма өзі? Мысалы, өзі отырған Ақтұманың қасындағы «Бұрынғы совхоз орталығы «Социал» деген атақты ауыл атын өзгертіп, қазір «Қоқыш ауылы» атанған. Бұл бір кездегі мал мен техниканың көбін жымқырып кеткен көп директорлардың бірі Әкімбайдың атасы екен. Оның «Халыққа сіңірген бәлендей еңбегі де жоқ, баяғы кәмпеске кезінде осы елді қырып кете жаздаған, 37-жылдары ауданнан «халық жауын» көп тапқан қызыл көз белсенді көрінеді... Ауылдағы жалғыз мешіт те – Қоқыш атында...» [2, 59].

Бұл күндерде Аққайшаның алдынан мал, басынан бақ кетіп, «қоқыштар» қодыраңдап, ауыл-аймақтың пыш-пыш өсегіне (Айсараға байланысты) айналған. Жалғыз тауықтың артын аңдып, ол басқан жұмыртқаны пошташы Құрмашқа (бір кездердегі Сайлауға көмекші жылқышы болған, адамшылықтан кетпеген, ақкөңіл, ауылдағы қиындыққа қарамай жыл сайын бір бала таптыратын арда қазақ осы, оны бір жыл көрмесең баласына бауы берік болсын айта беруге болады деп ауылы әңгіме ететінін автор жылы юмормен айтады, Аққайшаның жалғыз жанашыры сол) тапсырып, азын-аулақ пенсиясымен жан бағып қалған. Бір күні Құрмаш Аққайшаның барлық тапсырған нәрсесін қаттап, шоттап қолына тапсырып, пошташы болғандықтан, Алматыдағы Айсарадан хат та әкеп тапсырады. Аққайша қызынан хат алғанына қатты қуанады. Ол сорлы Айсараны сан-саққа жүгіртіп, «ажарын базарға салады екен.. Айсара сутенерлік қызмет атқарады екен..», т.т. деген өсекке сонша қараспан бола қоймай, тіпті «сутенер» деген сүт са-

татын қызмет шығар деп ойлайды. Артынан «жеңгетай» тәрізді бірдеңе екенін білгенде, Айсараның далада қалмағанына шүкірлік қып, заманға лайық ол да бір кәсіп шығар деп, өзін-өзі жұбатып, «Әкесінің «таусоғар» қызы Алматыда бірді-бірге соғып жүрсе керек» деп ризашылықпен ойлап қоятыны тағы бар. Одан хат алғанда ана ретінде қатты қуанады. Бірақ, ондағы кейбір сөздің мәнін онша түсінген жоқ. Ол – «Келесі айда барып қалатын шығармыз. Бұл жолы жалғыз емес екеу боп барамыз... Күйеу балаңыз мақтан тұтарлық мықты жерден... Ақтұмадан ешқайда қозғалмаңыз. Амандық болса Ақтұма қайта жаңғырады... Бұрын сізді елемей аяқасты еткен, кекірейген кежір бастарды алдыңызға әкеп еңкейтемін әлі» [2, 63] деген хат, әсіресе соңғы сөйлем.

Содан аудан тұрмақ облыс алашапқын болады. «Қоқыш ауылы» төңкеріліп қала жаздайды. Күйеу мен қыз тікұшақпен, әкімдермен, генералдармен... кеп түсе-түсе қалады. Айналаны қоршаған солдаттар. Қатаң қауіпсіздік ережелері. Арқан керген ауылдың қатындарына күйеу бола бір бума ақшаны аспанға шашып жіберіп, ауыздарын айға қаратып кетеді. Бұрын мұндайды көрмеген баяғы өсекші қатындардың көздері тас төбеде, бұрын ақшаны аспандан тергенді кім көріпті, ақыры естерін жиып, етектерін жапқан соң, ауыздары қисайып басқаша сайрай жөнеледі. Ақтұма тұрмақ, облыс, аудан әкімдері майлы қасықтай жылпылдап кеткенде, Аққайшаны көзге ілгісі келмейтін Әкімбайлар бұлбұлша сайрады. Мақтау мен жағымпаздықтың классикалық үлгісін көрсетпеген Ақтұмада ешкім қалмады. Өйткені, «Түр-әлпеті өзіміз теледидардан күнде көріп жүрген үлкен кісіден аумайды» деді осындағы «эксперт» жеңгелердің бірі»; «Күйеу жігіт көп оқымаған, қатардағы механизатор екен. Бақ-дәулетке ағасының арқасында кейін жетіпті» десіп құпиялап сөз алған тағы бір кексе қатындар «күйеу жігіттің асты-үстін кәуәпша қақтап, пісіріп болды» [2, 67].

Оқырманға осы да түсінікті екенін сезетін автор ары қарай «Ақтұманың «Ханшайымы» атанған Айсараның ресторан даяшысы боп жүріп, бір іскер әйелмен танысқанын, ол бай-мырзаларға қызмет ететін элитаның сутенері болып шыққанын, содан бұрыңғы әйелімен жақсы болмай, жас әйел көздеп жүрген «ханзадамен-Бәкеңмен» танысқанын баяндайды. Элит «жеңгетай» Гүлжауқар Байдәулетованың «темірдей логикасының» сұмдық ақиқат екеніне көзі жеткен Айсараның Бәкеңе көнбеске лажы қалмайды, себебі оның соңында салпақтап жүргендер кілең «жұлдыздар», ал өзінің анадай автобиографиясымен енді ешқайда бара алмайтыны, қазіргі қолындағы жалғыз көзірі жастығы мен сұлулығы ғана екенін

жақсы білген сұңғыла қыздың бұл істері өте дұрыс болғанын оған Ақтұмада тұрып ой жіберткізеді. Нәтиженің жаман болмағаны былай тұрсын, жоқ-жітік ағайын арқа-жарқа, дұшпан аяқтың астында жатыр сойған түлкідей ырсаңдап, оны айтасыз қараусыз қалған сорлы «Ақтұманың» өшкен шамы самаладай қайта жанады. Оны Бекеннің алдында сөз алған облыс әкімі де мойындап: «Бүгін Шығыс аймақтың басына бақ қонған күн... Әншейінде, ұсынсақ қолымыз жетпейтін ханзаданың ортамызға келуі қарындасымыз Айсараның арқасы» [2, 68] деп автор айтпақшы «жылқының майындай жылмаң қақты». Жарықты жаққан, әрине Айсара. Ал оның ар жағында ұлы құдірет: билік пен ақша, даңқ пен атақ тұр. Біздің заманда кедейдің қызы хан баласына күйеуге шығуы аса сирек болса да, ептеп-септеп екінші әлде үшінші тоқалдыққа қол жеткізсе, талай «Ақтұманың» шамы жанатыны, олар ертегіден көрі шын екені және соншама «ғажайыптарсыз-ақ» мүмкін болатынына оқырманның көзі жетті.

Автор болған жайтты, сол сияқты болып жатқан нәрселерді және болмысты осылай ащы баяндайды. Жазушы хикаяттағы белгілі заманауи құбылыстарды белгісіздік райда өткір сарказммен, ирониямен, юмормен түйрейді әрі еркін әңгімелейді. Мұндағы «еркін әңгімелейді» деген сөзімізге анығырақ тоқталсақ, осынау «Ақтұмадағы» оқиғаны халық ауызекі тілде қысқа ғана хабарлап айтатын болса, автор оны кеңітіп, көптеген оқиғаларды өзара байланыстырып, олардың бір-бірімен өзектес нәрселер екенін және өткен уақыттардың кейбір іс-әрекеттерін бүгінгі күнмен байланыстырып, тар шеңбердегі бір деректің аясында қалып қоймай, шығармашылық еркіндікпен уақыт пен кеңістіктің жақын я алшақ тұстарын біріктіріп жіберген. Оған шығармашылық еркіндікпен түсіндіре, талдай, сараптай баяндау және жазушылық тәжірибе мол мүмкіндік бергенін атап айтуға тиіспіз.

Айталық, Ақтұма туралы: «Есік-терезесі алынып үңірейген үйлер, бейне көзі жұмылмай қалған өліктей біртүрлі суық әсер қалдырады» деген сөйлемдердегі халықтың әлеуметтік өміріндегі тарихи шындық; «Әрине, жеті кластық білімі бар, жылқышының әйелі Аққайшаның үлкен саясатқа өресі жете бермейді. Дүниені өз көрген-білгенімен өлшейді ғой. Әйткенмен, қанша ойланса да, бір нәрсеге миы жетпей қойды. Осы Ақсуат, Ақжар өлкесіне сыймай, мыңғырып жататын мал қайда құрып кетті? Айналасы төрт-бес жылдың ішінде тесік астауға құйған судай бірте-бірте сарқылып, көзден ғайып болды. Біреулер «заман өзгерді, қожайын ауысты. Социалды капитал жеңді» дейді. Жарайды, жеңе берсін, ауыса



берсін. Сол жаңа қожайынға малдың қажеті болмағаны ма?» [2, 58] деп таң қалатын тек Аққайша ғана ма, астарындағы ащы шындықта уақыттың көп сұрақтары жатыр. Ал тоналған халық мүлкінің бүгінгі иесі «Қоқыштың Әкімбайлары» екенін автор Аққайша арқылы оқырманға ашып айтады. «Социалдағы» байлықтың бестен бірін Әкімбай иеленді». Өз тарапынан оны жазушы да оңдырмай сықақтап, сынайды. Ал «Осы Ақтұмада Жәйірбай дейтін қу ауыз шал бар (осындағы жеті үйдің бірі). Сол қу ауыз айтады: «Баяғы Голощекиннің бір мықты немересі бар екен. Мына ханталапайды сол әдейі ұйымдастырыпты. Әйтпесе, өзіміздің басшыларда айып жоқ...» [2, 59] деген өткір әжуаны тек Әкімбайларға ғана қаратып айтқан сөз деп қабылдау аздық етерін оқырман да сезіп отыр.

Жазушы бұл хикаятта уақыт суреттерін авторлық баяндаулармен, кейіпкердің ішкі монологімен, кейде лирикалық шегіністерді батыл жасап, оқиғалар тізбегін ортасынан да, басынан да тоқтатып тұрып баяндағанда оқырман оқиғалық алшақтықтарды сезбей қалады. Бірнеше оқиғаны бір жұлгеде топтастырып, уақыт пен олардың (оқиғалардың) әр түрлілігін білдірмей, көркем баяндау машық-мәнері (стиль мен техника десек те болар) Қ. Жұмаділов шығармашылығының басты ерекшелігі. Жазушы эпикалық баяндаудың шебері болғандықтан, кейбір ұсақ деталдардың өзін қаламының ұшына іліп алады да, оның айналасына тағы сондай нәрселерді жинап қойып, жаза береді. Ақырында, конструкторлар сияқты өнімін көбіміз елемейтін ұсақ-түйектерден жасап шығарғанын көргенде, өзіміз де бес саусақтай білетін нәрселер, ал оны былайғы кезде қалай байқамағанбыз, елемегенбіз деп таң боласың. Бұл тұрғыдан келгенде, оқиға іздеп, сөздері көбейіп кеткен «жазушыларға» Қ. Жұмаділовтен үйренер нәрсе көп-ақ. Бүгінде бұл жазушы нені жазам, нені жазбаймын деп қиналмайтын сияқты, прозаның қай жанрында болсын (драма мен поэзиялық шығармаларын көрмеппіз), қай тақырыпта болсын, өндіріп жазып жатыр. «Ақтұманың «Ханшайымы» соның мысалы.

Жеке адамдардың жағымсыз қасиеттері: ұрлық-қарлық, жағымпаздық, өтірік пен өсекшілдік, кекшілдік пен даңғойлықтың тарихи уақыт жамаған белгілерін баяндайтын бұл хикаят – жалпыадамдық құндылықтар аясында мызғымауға тиіс ұлттық қалпымызға үн тастайды. Сәйкесінше, кезеңдік кеселдерді батыл сынап, уақытында әшкерелеген.

Жазушының «Көкжал» хикаяты әйгілі Оспан батыр Исламұлы қатысқан тарихи оқиғалар, Орыс-Қытай-Моңғол қарым-қатынастары және олардың қол астындағы аз ұлттар мен қазақ халқының

көтерілістерінің көркем шежіресін баяндаған. Хикаяттың қасқаша мазмұны мынадай: Алтай қазақтары көтерілісінің басшысы Оспан батырдың тұтқынға түсіп, дәлірек айтқанда 1951 жылдың 15-наурызында Үрімжідегі атақты екінші түрмеге қамалғаны. «Бір кезде Шәріпхан төре, Бұқат бейсі, Ақыт қажылар жатқан түрме ғой бұл. Атақты Таңжарық ақын осында жатып, өзінің өлмес жырларын шығарған...» [3, 59] деп автор анықтап айтқан Үрімжі түрмесінде шығарманың оқиғасы өрбиді. Осындағы бір жарым айға созылған тергеулердің хаттамалық барысы арқылы басты-басты оқиғалар айқындалады. Кейде ресми іс-қағаз стилінде тергеушілердің Оспаннан жауап алып отырғанда қойған сұрақтары қысқа-қысқа, аталған кеңселік тілдесулермен берілген. Мұнда да ұзақ оқиғалардың, қысқа баяндары жеделдетіліп, қысқартылып, сығымдалған. Оқырманға (осы оқиғалармен таныс немесе бейтаныс болса да) оқиғалар барысы күңгірт я мәлімсіз күйде қалмайтын «Көкжал» хикаятты іштей авторлық кейбір түсініктемелерден, тарихи кейіпкердің монологтарынан, ұтымды, тапқыр диалогтардан, детальдарды өзара салыстырулардан, этнопортреттерден тұрады. Бес ұлттың өкілі (дүңген, ұйғыр, қырғыз, қытай, қазақ) алма-кезек кеп, тергеу жүргізген оқиғалық бір жарым айда тарихи көтерілістің басталуы, барысы, нәтижесі, жеңілуі түгелдей мәлім болады. Сондай-ақ, Орыс-Қытай-Моңғол саясаттарының небір құйтырқылықтары, оның кейбір кадрлық жүйесі және «Шығыс Түркістан» Республикасы, «Үш аймақ» өкіметі, коммунистер, т.б. тарихи оқиғалардың барлық қыр-сыры қалай болды, ол (идеялар) қалай жүзеге асырылды, кімнің басын кім жұтты, әділет қайда еді деген нәрселерді Оспанның аузымен де, авторлық баяндауларымен де оқырманына баяндаған кезінде, Шыңжаң өлкесіндегі қазақ ғана емес, барлық аз ұлттардың көрген қасіреттеріне куә боласың. Тарих бұл оқиғаларды өзінің қалыпты статистикасына сап, нақты фактілермен, даталармен жазып берсе де, дәл «Көкжалдағыдай» адам жүрегіне жетуі неғайбыл. Осы бір тарихи көтерілістің мәліметтерін оқулық дәрежесінде болса да білетін адамдарға хикаятта баяндалған оқиғалар аса көп түсінбестік тудырмайды. Жазушы да тарихи оқиғаларға көп түзетулер енгізбеген, алайда ой-сана таразысы, көзқарастар ауқымы, болмысқа қатыстылық және тарихи сараптама барысында анықталған, екшелген жаңа пайымдауларымен бөлісуден аулақ емес. Себебі, көркем шығарма белгілі бір оқиғаны бізге жеткізуші тарихи мәліметтер жинағы емес, адамның дүниетанымында, көркемдік кеңістігінде, психологиялық жағдайларында орын алған немесе болатын және болуға тиіс

нәрселерді айтатын дүние деп есептелетіндіктен, хикаятта осы жағы баса айтылады. Және, осы бағытта жазушыны көп ізденістерге барған деп айту артық (жас авторлар үшін осылай айту орынды болғанымен) болар, «Көкжал» тарихи «жады мұрағаты» мол, оны кез-келген уақытта іске қоса алатын авторға тез жазылған тәрізді...

Таңжарық Жолдыұлының екі шумақ тарихи өлеңін хикаятына кілт (эпиграф) есебінде алған автор оқырманына қыран құстың да кіріптарлық өмірге бейімделетінін Оспан батырдың тұтқын болып, түрмеде отырған кезімен салыстырып өтеді. Жазушы Оспанға қорған болған Алтайдан кейін ақырғы айқас Бақайда үш тәулікке созылып, құрсаудан босаған бір сәтінде батыр өз аулына келгенін, міне, осы жерде аңдыған жау артынан жетіп, әйелі Баян ақбозды алдына жедел тартса да, ол тұтқын болып, Үрімжіге жөнелтілгенін хикаятының кіріспесінде қысқа ғана баяндайды. Осыдан ары, Оспан батырдың көргендері арқылы сол уақытта болып жатқан, бүгінде тарихи оқиғаға айналған жайларды ретардациялық әдіспен оқырманға айтып береді.

Айталық, батырды қолға түсіргенде қуанған қытай солдаттарының көңіл күйлері («Оспанды ұстауға тұтас бір полк келген екен. Сондағы қытай шеріктерінің қуанғанын айтпа! Қауқылдасып шулаған айқай-сүрені көпке дейін басылмай тұрды... Әсілі, Оспанды қолға түсіру – Қытай армиясының талайдан бергі зор жеңісі болса керек»); «тұтқынды» аса сақтықпен алып жүрген оларды Үрімжіде үлкен салтанатпен халықтың қарсы алғаны («Он жыл бойы бүкіл Шыңжаңды қан қақсатып, орысты, қытайды, моңғолды ит әуреге салған қандыбалақ бандыны тұтқындап әкеле жатса, ондай ерлерге дәл бүгін қандай құрмет көрсетсе де артық емес»); міне, осы сәтте өзінің Үрімжіге алғаш үлкен сый-сияпатпен келгені есіне түсіп, ендігі көрініске көз салған Оспанға тарихи шындық пен адам мінез-құлқындағы жағымсыз таңбалар дәл бедерленеді («Міне, содан бері төрт-ақ жыл өтті ғой. Қайда соның бәрі?! Бақайшағына дейін қаруланған Гоминьдан армиясы қайда? Қызыл тілдің майын тамызып, өлке қамын, ұлт қамын, ойлаған шешендер қайда? Коммунистер келіп еді, бәрі соған жол босатып, сабынның көбігіндей ыдырады да кетті...»). Халық бас емес, әсіресе құл-құтандар ешқашан ондай бола алмайды. «Құл жиылып бас болмайды, құм жиылып тас болмайды» дегенді халықтың өзі айтқан әрі мойындайды да. Міне, сол құл-құтанды басқарған «шіріген бастар», яғни қызыл коммунистер саясатқа келгенде тым сұңғыла боп шыққаны да бүгін тарих боп қалды. Сол күндері қалың құлдарға батырды қорлатып, үгіт-насиқат жүргізіп, бандының қолға түскенін

оларға (халыққа) көшемен жүргізіп көрсеткенде, адамдар небір ғаламатты жасады. «Оспан бандысын арамыздан аластайық!», «Америка шпионы Оспанға өлім жазасы берілсін!», «Жеңімпаз халық азаттық армиясы жасасын!» деген айқай-ұран дүниені жаңғырықтырды».

Біздің ұлтымыздың, бауырлас мұсылман балаларының осындай да бір ұятты істері болғанын сол күні кәрі тарих жазып алды. Сол кездегі орынды сөздер, ойлар, қызыл плакаттар мен қара маталарға өрнектеп тұрып жазылғанының арқасында бүгінгі ұрпақ ақиқаттан көп адаспады. Әйтпесе, сайқал саясат пен қызыл коммунизм беттетпей кетуге еш қымсынбас еді. Тіпті, бүгінгі күндері де Оспанды өлтірген Қытай коммунистер дегенімізбен, шын мәнінде оны айыптаған, соттаған, аттырған, қаралаған халық екен-ау! («Оспанды соттаған біз емес, Шыңжаңның өз халқы» демек қой...) Оған сонау Үрімжіде Оспан батырдың көзі анық жеткеніне автор да күмән келтірмейді: «Міне, сен азат етем деп жүрген көп ұлтты Шыңжаң халқы! Міне, ислам туын көтерсем-ақ соңымнан ереді деп сенген Шығыс Түркістан мұсылмандары!...». Оспанға «Орыс, қытай, моңғол, үш аймақ болып, төрт жақтан жабылды ғой» деп атап айтқан жазушы ары қарай: «Келер ұрпақ кешірсін, Оспан қанша батыр болғанмен, өзінен он есе, жүз есе күшті жауға төтеп бере алмай, міне ақыры жеңілді. Батыр бол, бағлан бол, оқымысты ғұлама бол, түбі, қазақтың баратын жері түрме екен ғой. Міне, өмір бойы азаттық үшін алысқан түз қыраны Оспан да торға түсті» деп қамыққан Қабдеш Жұмаділовтің және осынау сөздердің полифониялық қуаты күшті. Мұнда тек тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың тағдыр талайы, мемлекеттер саясатының опасыздығы, аға ұлттың аз ұлттарға жасайтын жуандықтары тек тарихи тұрғыдан әшкереленген деу аздық ететіндей. Бүтін мәтіндегі уақыттың әмбабаптығы мынада: кеше, бүгін, ертеңге жатады.

Шығармадағы негізгі ерекшелік – Оспан батырдың он жылғы жорықтары түгелдей баяндалмаған және оның атылғаны да айтылмайды. Алайда, оның атылатынын автордың өзі аса бір өкінішпен айтқаны өте ауыр естіледі екен (батырдың ойымен). «Батырды атуға қайбір атақты мерген келеді дейсің. Әлдебір шегірткедей шерік он қадам жерден көздейтін шығар...» деп ойлайтын Оспанға «азаттық жолында алысу үшін шешуші нәрсе ұлттың саны емес, тергеуші мырза. Кейде өш алу үшін жеке бір адам да күреске аттанады. Адамды күреске бастайтын – кек пен намыс. Адамдар кейде құлдықта өмір сүргенше, азаттық жолында алысып өлгенді артық

көреді...» деген сөздерді айту сонша қиын болмаған. Оған автордың күмәні жоқ.

Ал Оспанның батырлығын қыранға, көкжалға теңеген жазушының дәйекті көзқарасы түрмедегі тергеушілерге берген жауаптары барысында тіптен зорайып, шоқтықтанып кеткен. Әрине, Оспан айтқан сөздің бәрі де автор қашаған қолтаңба болғанымен, оқырманға батыр айтуға тиіс сөздерді аузына салу – «батыр аңғал» дейтін қағиданы басқаша түсінуге шақырады. Рас, тарихта батырлардың көбі аңқаулау болып келетіні эпостан келе жатқан дәстүр. Алайда, «Көкжал» осы нәрседен құлантаза екен. Жазушы Оспан батырды ертегілік кейіпкерлерге жақындатпай, өте реалды суреттеген. Аңыздық схемалардан батыл бас тартып, оны ақылды, сұңғыла әрі әділ адам ретінде баяндағаны автордың негізгі ұстанымы болып отырғанында деп ойладым. Өйткені, ұлттық мәселелер сөз болатын шығармада және тұлғаның ұлтшылдығы басым баяндалып отырған жағдайда фольклорлық сызбалардан (әрине, фольклорлық мотивтердің мол екенін жоққа шығармаймыз) аулақ болуын ескерген жазушы Оспан батырдың тағы бір қырын ашып берген. Ол – батырдың ұлттық деңгейде ой ойлайтын, ұлттық дәрежедегі күрескер екені, керек болса жалпыадамзаттық мәселелерге жан-жақты келетіні. Ол – ұлттан ұлтты бөліп-жармайды. Әділдік, теңдік, азаттық бәріне бірдей болуға тиіс және ұлтшыл болудың қауіпті қасиет емес екенін түсінген адам болғаны. Жалпы ахуалдарға адами көзқарастары дұрыс және әділ, кейбір саяси жағдаяттарды дұрыс болжайтыны.

Бұған біз Оспаннан жауап алынған сәттегі әр ұлттан іріктеп алынған тергеушілерге берген жауаптардан көз жеткіземіз. «Ал, Оспан болса, өз сөзін осындағы біраз адамның естігенін, айтқандарының қазақша, қытайша қағазға түскенін аужал тұтты. Кім біледі, күндердің күнінде мұның сөздері архив ақтарған біреулердің назарына ілігуі мүмкін ғой» деп Оспанның осындай жауап айтқанына ешбір күмән келтірмейтін авторға оқырманның да қояр кінәсі жоқ. Қуануға, құптауға тиіс нәрселердің бәрі де жазушының атына айтылмақ болса, оған «Көкжал» толық негіз болады.

Адамдардың бас бостандығы мен ұлт тәуелсіздігі жолындағы күрестің қандай болатынын айтқан Оспанның ойынан соң мойыны астына түскен дүнген тергеушісі алдында «оқымаған академик отырғанын» көреді; «өздерін он орайтын күшке үш мың әскермен қалай төтеп беріп жүрсіз» деп таң қала тұрса да қытай генералы қазаққа жасайтын астамшылдығына басып, «Мойныңызда

мыңдаған адамның қаны бар. Соншама қан төгістен кейін өзіңізге қандай жаза кесіледі деп ойлайсыз?» деп қытайша қуақыланғанда Оспан оған: «Ол жағы маған емес, сіздердің кісіліктеріңізге байланысты. Бір елдің азаттығы үшін алысқан азаматы екен деп, бостандық берейік десеңдер өз жөніме кете берем... Ал, қайтсек те осының көзін құртайық десеңіздер, оған да дайынмын... Маған ұзақ жыл абақтыда жату қол емес. Не бостандық, не өлім!» деп тайсалмай барлық шындығын айтып салады. Оған кіріптар боп, жағаттанбайды, қытайға ақиқатты, әділдік пен адамзат жолын көзіне шұқып айтып, ал өлімнен қорықпайтынын да ашық жариялайды. «Естеріңізде болсын, шетелге кету – әуелден менің жоспарымда жоқ нәрсе, – деді Оспан оған түйіле қарап. – Туған жерін, ұлтын сатып, шетелге бой тасалап бара жатқан Жолбарыстай опасызға ере жөнелетін мені сіз кім деп отырсыз?» деп шамданған батыр қырғыз тергеушінің де ұлтымен қосып, тағдыр талайларын (Жолбарыс қырғыз болатын) алдына жайып салады. Олардың Шыңжаң тұрмақ, Кенесарыға жасаған тарихи опасыздықтарын да беттеріне басудан тайынбайды. Өйткені, өзі де Кенесары тақілеттес, сол бір ұлы бабасымен мұраттас адам болғанына қуанбаса өкінген кезі болмапты. Әрине, саясаттың солқылдақтығына, оның құбылғыш мінезіне таң қалып, бас шайқаған кездері болғанымен, құрығына өзі барып мойынын ілмепті. Осыларға (ұйғырға, қазаққа, дүңгенге, қытайға, қырғызға) берген жауаптары кезінде өзі қатысқан істердің барлық шындықтарын, тарихи адамдар (Әлихан төре, ұйғыр Ахметжан Қасыми, қырғыз генералы Ысқақбек Мононов, Дәлелхан, Қалибек, Чойбалсан, консул Пакстон мен Макернан, және сол уақыттағы қытай басшылары, т.т.) мен тарихи оқиғалардың («Шығыс Түркістан» республикасы, «Үш аймақ», орыс пен моңғол келіссөздері, орыс, моңғол, қытай елдеріндегі саяси өзгерістер және олардың мүдделестіктері мен аз ұлтқа жасайтын қиянаттары, т.т.) бәрі бәрін қаз-қалпында, тіпті ұлтшылдық сарынын басымдау ғып баяндауға Оспан әсте тартынбайды. Мақсат – «ел бүгіншіл менікі ертеңгі үшін» деп А. Байтұрсынов айтқандағыдай.

Мысалы, Дәлелханның орысқа бағынып, бір мықтыға арқа сүйейік деген баяғы әуенін қайта айта бастағанда: «Қайдағы азаттық? Біз осы азаттыққа шықтық па? Бар болғаны қожайын алмастырған жоқпыз ба? Басымыздан қайыс нөқтаны сыпырып, темір нөқта кигенде не мархадам табамыз?

Мен әуел баста азаттық үшін алыстым ба, сол жолда өлуім керек. Кешірерсің, орысқа сен малай болады екен деп, мен малай бола алмаймын. Бірақ есінде болсын, – деген сәл ойланып қалып. –

Діні, ділі бөтен жат жұртқа жағамын деп ойлама! Біле білсең, сен екеуіміздің жауымыз ортақ. Мені олар қарсы алдымнан атса, сені ту сыртыңнан атады. Осыны ұмытпа!» деп шорт кеседі. Бұлайша айту Оспандай батырға өтірік болмайтынына автор да, біз де көзімізді жеткіздік. Әрі, бұлай болмаған күннің өзінде болмыста тап солай болатынын өмір заңдылығы жоққа шығармайды. Ал Оспан болмыстың қатігез заңын қасқырша бағып өскен дала көкжалы емес пе?!

Оспанды өз уақытындағы аумалы-төкпелі жағдаяттар кейде адастырырып кетуге қанша күш салса да, оны осы қателіктен құтқарып қалған нәрсе ұлтшылдығы және осы жолдағы әділетті күресі болғанын бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ жұрты денелеп білді. Оған автор да күмән келтірмейді. Уақыт дәлелдеген ұлы шындықтар Оспанның кезінде мүлде тұманды болса да өз ойын, өз мақсатын ұлттың мүддесі деп түсінген оқымаған қазақ баласы қаншама биікке құлаш сермеген. Ол орыс, қытай, моңғол саясаттарының тұңғығын тап басып білмесе де, бұлар көтеріп жүрген идеялардың тым-тым баянсыз екенін көкірек көзімен сезген. Жазушының Көкжалы қандай ой ойлап, қандай мұрат көздейтіні және қалай сөз саптайтыны былай тұрсын, оның өз саясаты, өзіндік стратегиясы да болған. Жағда Бабалықовпен сары самауырдан шәй ішіп, кәдімгі қазақша емен-жарқын отырып әңгімелескен ең соңғы күні, ең соңғы көрген қандасына ең соңғы картасын ашады. Ол баяғы «Америка шпионы» деген қауесетке байланысты сұрақ болатын. «Маған сол кезде жаңа одақтас қажет болды. Бұрыңғы одақтас елдермен – орыспен де, моңғолмен де тіл табыса алмағанымды білесің. Бірі – қып-қызыл коммунист, екіншісі – қаны шыққан балшабек. Тіс-тырнақтарымен дінге қарсы, ділге қарсы, ұлтқа қарсы кәпірлер... Бәрі де – еліңді тонап, жеріңді тартып алғысы келетін ірге жау. Маған алыстан сыйласатын, еліңе-жеріңе қызықпайтын, ұлтқа, дінге жаттығы жоқ, коммунизмге қарсы одақтас керек еді. Сондағы таңдағаным – Америка болды» деп бұның істерін «қылмыс» демей «қателік» дейтін Жағданы жанына жақын тартып қалған батыр соңғы сырын да жайып салады. Тек ойдың іске аспағанын Оспан өкінішпен еске алады: «Обалы кәнеки, консул Пакстон да, орынбасары Макернан да жақсы жігіттер екен! Көздегендері ұсақ пайдакүнемдік емес. Мүддеміз бір жерден шықты: коммунизмге жол бермеу, дінді, ұлтты сақтап қалу... Амал не, таныстығымыз аумалы-төкпелі, тар кезеңге тап келді ғой. Сәл ертерек қимылдағанда, нәтижесі басқаша болар ма еді, кім біледі?» дейді. Иә, кім біледі? Америка орыс пен қытай емес деп кім айтты?

Индеецтер құсатып, құртып жібермесіне кім кепіл? Коммунизмге қарсы күресі сол коммунистік партия құлап қалған соң үлкен мәнге ие болды. Ал олар әлі де өмір сүре берсе, онда Оспанның ойларын қарғап-сілеуден әлі де жағымыз талмас еді. Өйткені, Оспан батырды Үрімжіде «баламды өлтіргенсің», түрмеде «наймандарды қырғансың» деп құстаналайтын адамдар (қазақтар) әлі де сол адамдар ғой. Олар өзгерген жоқ, тек саясат қана өзгерген. Ал саясат қалай сайраса, адам соның тордағы тотысы, басқа ештеңе емес. Алайда, Оспанның ұлтты, дінді, ділді (бұл тіл ғой), жерді сақтап қалу керек дейтін ұлтшылдығы оны Америка сияқты алпауытқа арқа сүйесек қана жүзеге асыруға болады дейтін қарапайым ойлары бүгінгі саяси одақтастықпен байланысып жатқан ең алғашқы талпыныс емес пе екен? Қазір америкамен, жалпы алпауыт елдермен саяси одақтасу соншалықты ұят немесе қатерлі көзқарас болмай қалған жоқ па? Тұрмыс пен тіршілік дәлелдеген «адам күні – адаммен» дейтін қатаң қағида қазір «жаһандану» деп аталып жатса, ол да болмай қоймайтын процесс екен.

Қалай болғанда да Оспан батырды ұлттық мұрат қай қиырға апармады. Бірақ, бәрі де баянсыз болып шықты. Тек, өлім ғана өз уақытында келеді екен. Қанша қатерден өткен, қаншама қарша бораған оқтан, қаншама сатқындық пен опасыздықтан аман шыққан Оспан батыр Жағдаға ең соңғы тілегін айтты: «Өткір бәкің болса тырнағымды алып берші!». Оның бақиға сапары осымен бітті. Сөйтсе де Оспан батыр Жағдаға (осыны қазаққа деп түсінсек те болар) ең соңғы өсиетін де айтуды ұмытпапты: «Тек, өзіңе айтар бір ақылым: тым елпілдеп, алға түсіп кетпе. Елпілдеп алға түскен адам ана Дәлелхандай-ақ болар. Көрдің ғой арты не болды? Есінде болсын, бұларға дос болып та, қас болып та жақпайсың... Бақұл бол!» деді.

Жазушының көркемдік дүниетанымы оқиғаның күрмеуін осындай қасіретті тілдесулермен түйіндеген. «Оспан соны айтып, айдауылдың алдына түсті». Жазушы ауыр, қайғылы көрініске тағы да үстемелеп «өлтірілу процесін» баяндауды қажет деп таппаған. Автор Оспан батырдың тарихи тұлғасындағы жоғарыда сөз болған қадау-қадау қасиеттерін ұрпаққа жеткізу мұратын көздегендіктен, батыр өліміне ақын інісі Жәркен Бөдештің: «Басы бар батыр атылды, Басы жоқ тобыр селк етіп, Қарасын құмға батырды» [4] деп жасаған көркем шешіміне толық қанағаттанған сияқты. Оның мақсаты Таңжарық ақынның аманатын орындағанында ғой деп білдік. Әйтсе де, жазушының эпикалық дүниетаным кеңістігі



«Көжалға» көркемдік шешімнің салыстырмалы (аңызбен) баянын беруді әсте артық көрмеген.

Оспан үш елдің мұздай қаруланған қалың шерігімен ғана соғысқан жоқ екен, өз қазағымен де алысып қалған кезі аз болмапты. Арасы ашылған ағайын, өзінің тұқым-тұяғы көрген азап пен бейнеттер, ақ адал жары Мәмейдің, Баянның «Оспанның әйелі» болғандағы тартқан тақсіреттері мен сенімді серіктерінің шетінен оққа ұшып, селдірей бергені батырға оңай болды деуге ешкімнің дәті бармас еді. Бұның бәріне Оспан «батыр» атану үшін барған жоқ. Оны «Оспан батыр» деп ел атады. Бірақ осы даңққа көп құрбандықпен жетіпті. Сол үшін ғана халқына, қазағына қарыздар екен. Оны «Қазақта «Қасқыр қарызын терісімен өтейді» деген сөз бар. Ендеше, бұл барша қарызын бір басымен өтегелі тұрған жоқ па?» деп жазушы да атап айтқан. Және, осынау тұз тағысы туралы қасіретке пара-пар ащы тәмсілді Оспан «өзінің хатшысы Құнияздан» естігенін есіне алғанда өзінің күрес жолынан ешбір айнымаған күндеріне шүкіршілік етегіндей. Аңыздың айтуынша, ит пен қасқырдың түп атасы бір екен. Бірі – адамды жағаттап, қора күзетіп, қызметшіге айналса, бірі – тұз даласында қалып қойыпты. Күндердің күнінде екеуі орманда жолығып қапты. Ит өзінің жылы, тоқ өмірін баяндайды, қасқыр баяғы бірде аш, бірде тоқ жортып жүрсе керек. Өзі аш, әрі арық. Содан итекеңнің тіршілігіне кәдімгідей қызыққан қасқыр оның мекенін барып көріпті.

– Анау не?

– Ол менің үйшігім.

– Ал, анау не?

– Ол менің ас ішетін ыдысым.

– Ал, мынау не?

– Бұл менің шынжырым ғой... десе керек итекең. Қасқыр селтете қапты.

Бар айтқаны: «Е-е, босағада байлаулы тұрам де... Бауырым-ау, бостандығыңды сатып, күн көріп жүр екенсің ғой! Бұл біздің бөрі әулетіне қол емес екен. Аш жүрсем де азаттығым артық! – деп Қасекең орманға қарай жорта жөнеліпті...» [3, 83] дейді.

Біз білетін тарихта үш көкжал бар. Оның бірі – Шыңғыс хан, екіншісі – көкжал Барақ, үшіншісі – Қабдеш атаған Оспан Исламұлы болып отыр. Тегінде, «көкжал» деп кім көрінгенді атай беруге болмайды. Халық мықты, жырынды жігіттерді «қасқыр жігіт» деп әспеттеп жатады. Демек, дала көкжалы, әрі барсақ көне түркінің қасиетті көкбөрісі жаратылысынан бұғауға бағынбаған аң

болғандықтан, мұндай адам және белгілі бір ұлттың азаттық үшін алысқан ерлері «көкжал» деп құрметтелуі өте заңды.

Ал Оспан батырды әдебиет тарихына, көркемсөзге «Көкжал» деп қашап жазған тұңғыш қазақ жазушысы – Қабдеш Жұмаділов. Және, Оспан туралы біздің әдеби мұрамызға проза жанрында өзінің тарихи-көркем қырымен кеп қосылған шоқтықты шығарма да осы «Көкжал» повесі. Бұл хикаят ұлт тәуелсіздігі тұсында, атап айтсақ жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығында жазылғандықтан, Оспан батырдың бұғауға бағынбаған ұлы рухын еске түсіреді. Себебі, ол аңсаған азаттықтың тұсында жарық көрген тарихи хикаят өзінің мазмұны мен идеялық жағынан бүгінгі оқырманға үлкен олжа болып, ой салады деп санаймын. Осының бәрі, әсіресе қарымды қаламгердің ұлтшыл ұстанымдарының нәтижесінде мүмкін болған.

XXI ғасырдағы жекелеген повестер осы уақыттағы қазақ прозасына жалпы адамдық және ұлттық құндылықтарға тереңірек назар аударумен ерекшеленеді. Мұхтар Мағауинның «Қыпшақ аруы» деп аталатын хикаяты – сондай сонылығымен назар аударатын туындылардың бірі. Аталған хикаяттың қозғайтын мәселесі – бұрынғы көшпелілердің, яғни, номадтардың бүгінгі ұрпағы қалай өмір сүруде екендігін көтеру. Хикаятта фон болып көрінетін категориялар қандай десек, олар, негізінен, жеке адам мен қоғам, қоғам мен тарих, интеллект пен жалпы қоғамдық сана, болмыс пен бітім, сонан кейін ұлттық болмыс. Осы мәселелермен қоса эстетикалық көзқарастардың қақтығысынан келіп туындайтын жеке түйіндеулер жазушының басты кредосын айқындайды.

Осылардың бәрін бір жіптің арқауына байлап тастаған жазушы бірінші жақтан әңгімелей отырып, ойын жеткізу жолындағы таңдап алған әдісі күрделі. Жазылу жағынан алып қарағанда, хикаяның жазылу формасы, ішкі мазмұны үйлесіп жатқандығын айтуымыз керек.

Мұхтар Мағауин бүгінгі замандағы моральдық-рухани құндылықтарды жоқтап жазғанымен, шығармада постмодернизм бағытына тән мифологиялық нышандар да төбе көрсетіп отырады. Кейіпкердің көз алдында тұрған балбал тастардың қозғалуы, жоқ болып кетуі, ғашықтардың мүсінге айналуы, ескі заман мен бүгінгі заманның тастарының бір-біріне қайтадан келіп, тіл табысып, сосын қайтадан ажырасып жатқандай болып көрінуі бір жағы бүгінгі таңда мода болып кеткен постмодернизм нышаны, ал екінші жағынан қазақ мифологиясының кейбір фрагменттерін, яғни, көне құндылықтарымызға тән шарттылықтарды қайтадан

жаңғырту. Туынды фабуласындағы публицистикалық, этнографиялық шегіністер де бар.

Антропология заңдылығы бойынша бір көз бар болса, екінші көзді, бір бет болса, екінші бетті айнытпай жасауға әбден болатын көрінеді. Мүсінші Саржан өзінің шеберханасында ежелгі балбалдың шағын сынығынан Қыпшақ аруының сымбатты бейнесін қайтадан сомдап шығарады. Көптеген машақаттардан кейін мақсаты орындалған соң, мүсіншінің жазушы досына шеберхананың кілтін беріп, өзінің жоғалып кетуінде мистикалық сипат бар.

«Қыпшақ аруындағы» осынау түсініксіз құбылыстардың әңгімеленуі турасындағы ойларын өрбіте келіп, жазушы Қажығали Мұқанбетқали: «Еуропа әдебиетінің өзінде де әлі күнге дейін даулы, әлі біреуі мойындаса да, біреуі мойындамайтын, бірақ иландыра білетін, еріксіз бас игізетін сюрреализм әдісіне ден қойған. Мұны біз қарапайым жайдақ тірліктен бас тартып, тек өз әлемі арқылы өмір сүріп, өзі іштей жасап алған әсем әлеміне біржола еніп, сіңіп жоқ болып кеткен Саржан бейнесінен көреміз. Ал бұл өнер саласының бастау-бұлағы дегеніміз, адам санасының терең түкпірінде бұғып жатқан құпия әлемді зерттеу деп ұғатын сюрреалистердің тұжырымдамаларымен сәйкес келетін бағыт» деген болатын.

Қазақ прозасының шебері Т. Нұрмағамбетов өзінің тәуелсіздік жылдары жазған повестерінде қазақ ұлтына тән ұлттық құндылықтарды көркем тарқатуда едәуір сәтті ізденістер жасай алған. Мәселен, оның тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жарық көрген «Балалық шақтың әндері» повесіндегі қазақи салт-дәстүрлер мен ұлттық психологиялық шиеленістер туындының түйінді тұстары.

Бас кейіпкер Бура есімді баланы шешесі жас кезінде тастап, басқа кісіге тұрмысқа шығып кеткен. Бала нағашы әжесінің қолында өсіп, ержетіп келе жатады. Өміріндегі сол бір шетін жағдай баланың көкірегіне беріш болып байланып қалады да, оның бүкіл адамдық болмысының қалыптасуына әсер етеді. Кейде жақын деген адамдарының өзіне сырын бермей, айналасына жауыға қарауы, тымырайып үндемей қалуы оның жан дүниесінде қаталдық нышандары бар екенін әйгілеп тұрады.

Шығармада алдыңғы қатардан көрініс тауып отыратын жағдай – бүгінгі күні ғана емес, қай заманнан бері проблема болып келе жатқан ересектер мен үлкендер арасындағы түрлі кереғарлықтар. Сондай моральдық тартыстардың нәтижесінде түрлі мінез-құлық иелері де ашылады. Мысалы, өмірге өкпелі болса да, өркөкіректігін

жоғалтпаған жеткіншектің басқаны айтпағанда, өзі бауырында өскен қарт кейуануға да иіле қоймауы – жасөспірімнің бойында кездесе бермейтін ірі мінез. Жастығына қарамай Бура бейнесінің жасалу барысы біршама күрделі. Ал осы оқиғаларды бірінші жақтан баяндап отырған әңгімеші Тананың ақкөңілділігі, мінезінің жұмсақтығы да байқалып қалады.

Жайшылықта қатал, тіпті өз құқығын асыра пайдаланып, шәкірттерін зар илетуден де тайынбайтын мұғалімі Найзабек ағай көзәйнегін сындырып алғаннан кейін аянышты да мүсәпір күйге түсіп қалады. Ал сол бір көру құралын қайтадан тағып алуы мұң екен, тағы да сол айбынына қайта мінген қатал мұғалімді көресіз.

Оқиғалар фонында көрініп отыратыны да – қазақи мінез-құлық, салт-дәстүрлер қатары. Сол арқылы повестің тәлімдік, тәрбиелік қырлары өзіндік ракрусқа ие бола бастайды. Бір сөзбен айтқанда, Т. Нұрмағамбетовтың «Балалық шақтың әндері» атты повесі негізінен ұлттық болмыс-бітімімізді біршама тәуір ашып көрсете алған шығарма.

«Жұрт қатарлы сығылыса кіріп, ұзын автобустың артына қарай жүрді. Қалың киіммен қорбиып, орындықтар арасындағы тар жермен келе жатып, жан-жағына қарағыштап орын іздеген болды. Автобус іші абыр-сабыр» [5, 4].

Т. Мәмесеітовтің «Бесік пен несіп» атты повесінде Еркін есімді кішкене немересін жетектеген Бекбосын қарт өзі біраз уақыт мекен еткен қалалы жерден туған ауылына қарай аттанып барады. Қарттың ауылға сапары ішінара шегіністер арқылы берілетін өткен кезең оқиғаларымен параллель түрде өрбіп отырады.

Ұсынылып отырған оқиғалар желісі, кейіпкерлердің табиғи мінез-құлқы, көлденеңдеп келіп созылып жатып алатын әлеуметтік-моральдық мәселелер қазақ оқырманының түсінігіне етене жақын десек, қателеспейміз. Олардың қай-қайсысы да әбден қалыптасқан ұлттық болмыс арқылы таныс. Тіпті басқа шығармаларымызда жиі қайталын тұратын қазақ өміріндегі тұрмыстық атрибуттар да шым-шымдап қылаң беріп жатады.

Бүкіл саналы ғұмырын қой соңында өткізген Бекбосын қарияның қартайған шағында астынан су шыққандай болып қалада тұруға бел байлауына не себеп? Өмірлік қосағынан айрылып, үйде жалғыз қалған жалғыз басты қарттың қызының қолына барып тұруы – қазақтың дәстүріне онша сіңісті бола қоймаған тосындау құбылыс. Баяғы қазақи намыстың садағасы. Ендеше Бекбосын қарттың өзінің қалаға кеткен бел баласы Қасымбектің үйіне барып тұруында ешқандай сөкеттік болмауы тиіс.

Осы арада ауылдан қалаға қоныс аударып келген қарапайым қазақ жастарының қаладағы типтік тұрмыстық тіршілігі көрініс береді. Құр талаппен жалаң арман қуып келген ондай жастардың жеделдетіп пәтер ала қоюы сирек оқиға. Жалдамалы пәтерден пәтерге ауысып көшіп, сүйретіліп жүргендері. Бекбосын қарияның ұлы Қасымбектің де басынан кешіп жатқаны – көп қазаққа ортақ осындай әлеуметтік типтік жағдай. Қазақша айтқанда, тар жер, там босағада сығылысып, күндерін әрең көруде. Оның үстіне әйелі Кәмшат та тұрмыс ауыртпашылығын көтере алмай, қайын атасының бірге тұрғанын кейде ауырсынып қояды.

Артық сөзі жоқ, нәті жуас шал бәрін іштей сезгеніп білсе де, өзін кінәлағандармен айтыса кетуге құлықсыз. Ойлағанын да, уайымын да ешбір жанға сездіре алмай, іштен ғана тынады. Табиғатынан момын нағыз қазақ баласына тән тұйықтық. Тек келінінің наразылығын ғана емес, ауылда жүрген кезде де жұртшылықтың артық-ауыс сөздерін, тіпті өзіне жасаған қысастықтарын көнтерілікпен көтере біледі. Бүгінгі саяси тілдегі модалы сөзбен айтқанда, нағыз «толеранттылықтың» үлгісін көрсете алатын, жан дүниесі былғаныштан ада, қандай қиянатқа да төзімді жан. Оның бұл қасиеті өзінің кішкентайынан ата кәсіппен шұғылдануына тікелей байланысты қалыптасқаны жайында жазушы мегземейді де. Олай түсіндірудің өзі артық сияқты.

Бекбосын қарияның нақ осындай болып шығуына саналы ғұмырын өткізген өмір сүру ортасы себепкер. Қазақтың жуас та көнбіс болмысының қалыптасу эволюциясы осындай. Бірақ кейіпкердің осынау адамгершілік биік қалыбын бағалап, төбесіне көтере білетіндер аз. Алдынан шығып, сыйлап бәйек болып жататындар – жастайынан өзінің бірге өсіп, біте қайнасқан ет жақын замандастары ғана.

Туындыда көзге атойлап көрінетін көркемдік тұжырымдардың бірі – қаймағы бұзылмаған қазақы мінез-құлықтардың сомдалуы. Бекбосынды қарсы алған замандас кісілердің бірінен соң бірі өздерінің үйлеріне шақырып, дәм татқызуы, сыйластық көрсетіп, ізеттілік танытуы, көңілге тиместей етіп айтатын ұтқыр әзіл-қалжыңдары – ортаға тән суреттер.

Базбір шығармаларда кейбір авторлар қазақ әйелдерін ұрысқақ, көкайыл етіп көрсетуге бейім. Осындай мінезі қиын адамдар – қандай көркем шығармада да тартысты ұлғайтып, оқиғаны шиеленістіруге мұрындық болатын қозғаушы күш. Ал Т. Мәмесеітов ондай жалған трактовкаға бармаған. Оны осы повестегі әйел кейіпкерлердің ізеттілігінен, иманды қылықтарынан

байқауға болады. Мысалы, мына бір шағын эпизодтың мағынасына көз жүгіртіп көрейік: «Қапталдың кер жолымен аттың басын қоя беріп, аяңмен келе жатқан Ұлбосынның алдынан Бекбосынның өзі шықпақ болды. Ұлбосын да қиялап, орта тұсқа келіп қалды. Бір кезде еңкейіңкіреп, бір қолымен атының басын тартып тоқтатты да, ақырын тебініп қойып, бір езулей кейін бұрды».

«Бұл неғылғалы жүр? Бір нәрсесін түсіріп алды ма? Қамшысы ма екен әлде?» деп ойлаған Бекбосын жылдамдата жүріп дауыстады:

– Әй, әке, не болды? Бір нәрсені түсіріп алдың ба? Тоқтай тұр қозғалмай. Мен алып беремін. – Бұл жеткенше Ұлбосын аттан түсті. Баласын бір қолымен қыса тұрып, үсті-басын жөндеді де, атын қайта бұрып, жетектеп жүрді. Ендіге басып Бекбосын да жақындап қалды. «Не істегелі жүр екен өзі?» Жақындай бергенде, Ұлбосын тоқтай қалып, бір қолымен ораулы нәрстесін қысқан күйі, екінші қолын тізесіне қоя беріп, иіліп сәлем жасады» [6, 116-117].

Жас босанған әйелдің қолындағы нәрестесімен атқа мініп жүруі оңай шаруа емес. Ал оның ешкімнің көмегінсіз аттан түсуінің өзі – кісіге көп қиындық келтіретін күрделі қимыл. Соған қарамастан, қарияға келін болып келетіндіктен, жерге түсіп, иіліп сәлем беруі тек қазақ әйелінің табиғатына тән әрекет болса керек. Ұлтымызға тән парадигмалық нышандардың бір парасы аталған посете осындай шағын штрихтармен беріліп отырады.

Жақын-жуық жандардың арасындағы жағдайлардың күрделі тұстарын осылайша нәзіктікпен суреттеген жазушы адамтану мәселесінің қиындығына назар аударды. Қазақи салт-дәстүр артық-ауыс боямасыз шыншыл ағыммен берілген. Аталған повестері үндестіріп тұрған басты көркемдік-идеялық атрибуттар – ұлттық сыр-сипатымызға қатысты түрлі бояулы көріністер, салт-дәстүр мен ұлттық мінез-құлық.

Тәуелсіздік рухының әсерімен жазылған повестердің бірсыпырасы қазақ халқының тағдырындағы ауыр кезеңдерге арнаулы да бүгінгі заманның рухани сұранысының нақты қарымтасы. Тұрысбек Сәукетаевтың «Құзғын тойған қыс» атты повесінің қауазайтыны да, міне, осынау шетін тақырып.

Қазақ халқы ұжымдастыру мен асыра сілтеуден зардап шеге бастаған уақытта да Нұрбек аңшының отбасы мұрты бұзылмай еркін өмір сүруде болатын. Қорек қылар азық-түлік таусылып, жұртшылық тамақтан тарыға бастаған заманда ғана өздеріне тықыр таяғанын аңдай бастайды. Қаһарлы қыспен қабаттасып ашаршылық шеңгелі қыса бастаған уақыт. Нұрбек аңшы Ұшар деген тазысын ертіп алып, қар үстінде аң қағып, өлместің қамын жасайды. Сөйтіп

жүргенде шағын отбасының күн көрісінен айырып, шырқын алатын – күтпеген жерден езіккен көлденең кеселдер.

Ең алдымен күн көріске жарап тұрған жалғыз аты Ақтұйғынды колхоз басқармасы ортақ қазынаға алады да, кәнігі аңшыны қаңғыртып жаяу қалдырады. Одан кейін әлдебір белгісіз қаскүнемдердің кесірінен тазысынан да айрылып қалады. Жүйрік атын колхоз басқармасы зорлық көрсетіп, өзі мініп алғаннан кейін Нұрбек тазысы Ұшармен жаяу жүріп аңшылық құруға мәжбүр.

Күңіренген отбасына аштық шеңгелі шынымен де таяған кезде Нұрбектің жұбайы Зейнеп қолда бар алтын-күмісін сатып, орталықтағы базардан астық алып қайтар жолында қаскүнемнің қолынан қазаға ұшырайды. Өзі дертке шалдығып, аштан өлу қаупі көзге нақ елестей бастаған уақытта Нұрбектің тапқан амалы жалғыз-ақ; соңынан ерген жалғыз тұяғы Нұржанын жетелеп апарып, қалайда балалар үйіне өткізіп тастау. Әкесі тірі, өзі құжатсыз баланы балалар үйінің басшылығының қабылдамай қоюы да сол замандағы қатал өмір шындығына сыйымды.

Өмірдегі тірегінің бәрінен айрылған бір кездегі келбетті де сері жігіт Нұрбек – аз уақыттың ішінде қаһарлы қыстың қатал құшағында қалқып қалған тірі аруақ. Ақыры бас кейіпкердің қатал табиғаттың ортасында өзі қорегін өзі тауып жей алмай, қар құшағында қазаға ұшырауы ашаршылық заманының қатал көрінісі екендігі анық.

«Құзғын тойған қыс» повесінің кейіпкерлерінің ұлттық менталитетін айқындайтын детальдардың бірі – бастарына қанша ауыртпалық түссе де, қорек табу үшін олардың ешқандай харам істерге бармауы.

Бұл үйдің трагедиясы осылайша асыраушы тазының қолды болып кетуінен басталады да, ақыр соңында әке-шешесі бірдей қазаға ұшырап, тек жалғыз баланың ғана аман қалуы қазақ тұқымының әйтеуір жалғасын табатындығын меңзейді.

Т. Сәукетаевтың «Құзғын тойған қыс» повесіндегі кейіпкерлер саны өлшеулі ғана. Соның бірі – жаңа ұйымдастырылған колхоздың бастығы Әубәкір. Оның атағы атырапқа белгілі Нұрбек аңшының жалғыз аты Ақтұйғын сәйгүлікті тартып алуы, сөйтіп оны аямай мініп, әбден көнтері қылып тастауы – малмен өскен қазақ баласының мінезімен сыйыспайтын жат қылықтар. Малды аясаңшы деген бұрынғы иесінің сөзіне шамданып, ірі сөйлеп, ақыл айтады.

Повесть бетіндегі бірер эпизод арқылы-ақ Әубәкір бастық сол кездегі шолақ белсенділердің типтік деңгейіне көтеріле алған. Автор оның осы қасірет кезіндегі пошым-бітімін «тасы өрге дома-

лады», «танауынан ақ сарбас құрт ыршыды» деген сияқты бейнелі тіркестер арқылы көркемдей түсіп, оқырман есінде қалатын сипатта сомдайды.

«Қара шашын жайып ұшып тұрған түтін сәт сайын зорайып, биіктеп барады. Аспанда «несібемізден неге қағасыңдар» дегендей қарқ-қарқ етіп, бір топ қарға қалықтап жүр» [7, 92] деп аяқталады шығарма. Оқиғаның соңғы түйіні тәрізді символикалық мәні бар көрініс оқырманды ауыр әсерге бөлейді.

Көркем ойды ұлттық парадигма шеңберінде өрбіткен шығармалардың бірі – Н. Қапалбекұлының «Таудан түскен тұман», «Жерошақтың түтіні» повестері. Бұл туындыларда күнделікті өмірдің жарқылы басым әшекейі көп саласында тіршілік кешіп жатқан адамдардан гөрі қолдары қысқа, материалдық тұрғыдан қиындық көріп жүрген тақсіретті жандардың образдарының бейнеленуі басымырақ. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Н. Қапалбекұлының шығармашылығы белгілі бір мөлшерде таптық сипатқа ие болып тұрғанын да байқау қиын емес. Кәнігі қаламгерге тән үрдіспен жазушы өз кейіпкерлерінің адами болмысын, жандүниесін қазақи рух шеңберінде аша отырып, қайшылықта бейнелейді.

«Таудан түскен тұман» повесінің бас кейіпкері Ыдырыс Қалиевтың әкесі Қали жазықсыздан жазықсыз сотталып кеткенен кейін ауру анасы мен кішкентай қарындасын жеткіземін деп жүрген Ыдырыс сияқты жас жігіттің махаббат пен достыққа да уақыт табуы және онымен шектеліп қалмай, айналасындағы адамдарға жақсылық жасай жүруі сияқты оқиғалар қазақ ортаның фонында дамиды.

Адам тағдырының қойнау-қойнауларын шегіністер арқылы көзге елестету, жекелеген кезеңдерден тағылым болар ой түюге ықыластық таныту нышандары Н. Қапалбекұлы повестеріндегі көркемдік кредолардың бірі. «Жерошақтың түтіні» повесіндегі саналы ғұмырын әжептәуір басшылық қызметте жүріп өткізген, сыртқы қалпы кеңпейіл зиялылықты танытатын бас кейіпкер Кеңес – аудан көлеміндегі талай адамның арқасүйері болуға, үлгі тұтар азаматы болуға жарайтын алдыңғы қатарлы аңғарлы азамат.

Ел ағасы атанып, құрметті жасқа жеткен бас кейіпкер Кеңес ойланып-толғана отырып, өзінің жастық дәуреніне, тіпті соның ар жағындағы балалық шағына да ойша көз жіберіп, саяхат жасайды. Бас кейіпкердің, өткенін еске ала отырып, санадағы жадыны оятуы – қазақ прозашыларының көпшілігі ұтымды қолданып келе жатқан көркемдік тәсіл. Осы жағынан алып қарағанда, Кеңестің



балалық шағын елестету арқылы халық тарихына қатысты қасірет кезеңінің бір ұшқынын оқырманның көз алдына көркем түрде бейнелеп жеткізуі жазушы қолданған қисынды әдістердің бірі деуге болады.

Аудан деңгейіндегі басшылық қызметке көтерілген Кеңес өзінің балалық шағын еске алған кезде соншалықты неге тебіренетіні, жан дүниесіндегі күйзелісті жарты ғасыр өтсе де, неғып баса алмайтыны шиеленіс арқылы берілген эпизодтар арқылы белгілі болады. «Өкіл біткен күнде кеп, тезек астын, қора ішін, үйдің бұрыш-бұрышын істік темірмен сүкқылап, ұра іздейді. «Не тықтың» деп жан алып, мылтық кезеп, тергейді» [8, 183] деген үзіндідегі суреттер 1932-1933 жылдарда қазақ даласында орын алған асыра сілтеу шындығы. Қазақтың талғажау етіп отырған малын шырылдатып тұрып тартып алған өкімет оның артының неге апарып соғатынын білмеді деу қиын. Айналаны жау тигендей етіп күйретіп кетеді.

Осындай зобалаңның салдары, бейбітқазаққа әкелген нәубеті повесте жан шошытарлық деңгейде. Ашаршылық тырнағынан ағайынды төрт баланың біреуі ғана, яғни, Кеңестің өзі аман қалған. Ал қарындасы Зейне нағашысына ілесіп, қырғыз асып кеткеннен бері хабар-ошарсыз. Екі інісі Ырысқұл мен Шапанбек Кеңестің көз алдында аштық зардабынан қайтыс болады. Ауруы мендеген шешесі де көз жұмады.

Үшеуінің сүйегін бір мезгілде иен үйге қалдырып, белгісіз бағытқа жол тартқан бала Кеңес те сол ет жақындарының жолын құшуы әбден ықтимал еді. Бас кейіпкер өткен шағын еске алған кезде, сол бір сұмдық көріністен әлі күнге жан дүниесі түршігетіні логикалық тұрғыдан дәлелді. Кейін есейіп, ел ағасы жасқа жеткен шағында адамгершілік мораль мен жүрек қылын еріксіз шерттірген таза махаббат мәселесінің кейіпкер тағдырын қайшылыққа салуы – шығармадағы психологиялық шиеленісті ұштай түсуге себепші.

Қос шығармадан ұғатынымыз – қазақ тағдырының ауыр кезеңін көркем ойдың өзегіне айналдыру барысында аталған жазушылар ұлттық менталитет қырларын біршама ашып көрсете алған деуге болады. Тақсіретті кезең суреттерін өрнектеу арқылы белгілі бір тұжырымға жол ашу – Т. Сәукетаевтың, Н. Қапалбекұлының аталған повестеріндегі ортақ көркемдік тұжырымдама болып отыр.

Өтпелі кезеңнің экономикалық ауыр салдарынан елі ауып кеткен алыстағы ауылдың кереғар көріністерін суреттеуді мақсат еткен повестердің бірі – Өтен Ахметтің «Ер Алтынбай» [9] атты шығармасы. Жазушы дағдарыс жылдары адамдары көшіп кетіп,

жұртта қалған азғана тұрғындардың тағдырлары арқылы қазақи түсініктің өзгеріп бара жатқанын бейнелейді.

Хикаяттың бүкіл фабуласын құрайтын Алтынбай деген сұрбойдақ жігіттің Астанада үлкен қызметте жүрген сыныптас досы, қазір үлкен шенеунік болып қызмет атқаратын Нұрбергенге жазған жолдастық хаттары.

Бүкіл елмен бірге әсіресе ауылды жерге үлкен соққы болып тиген өтпелі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық сипаттағы регресстік өзгерістердің қазақтың ұлттық-моральдық құндылықтарын қалай құлдыратқанын суреттеудегі негізгі құрал сарказм.

Ауылда қалған сұрбойдақ Алтынбай – өз ортасында ерекшеленіп жүретін ештеңесі жоқ, жарқылдаған жандардың қатарынан табыла қоймайтын, ауылдың жай жадағай жігіттерінің бірі ғана. Алған білімі де, ой өресі мен интеллектуалдық деңгейі де төмен. Газет қиындысынан 2000 жылдың алғашқы сағатында жас босанған әйелге 100 мың теңгеден сыйлық бар дегенді оқып алған Алтекең өзіне өзі тыным бере алмай, ауылдағы ұрғашының біреуімен келісіп алып, ғасыр басында бала әкелуге бел байлайды. Бұған дейін қазақ салтында болып көрмеген жаңа бастама, моральдық азғындаудың көрінісі.

Тәуелсіздік жылдарындағы моральдық дегерацияның қазақтың ұнамды салт-дәстүріне соққы болып тигенін көрсеткен туындылардың бірі – Әлібек Асқаровтың «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді» [10] деп аталатын повесі. Оқиғаға негіз болатын көркемдік кеңістік пен уақыт алдыңғы шығармамен қарайлас. Алтай тауының баурайына қоныс тепкен әжептәуір ауылдың тұрғындары жан-жаққа көшіп кеткен. Осы төңіректе болып жатқан ірілі-уақты оқиғалар тізбегі ауыл пошташысы болып қызмет атқаратын Сәлима қыздың көзімен беріліп отырады. Әсем табиғаттың нақ ортасына орналасқан, күнкөріске қолайлы жақтары жетерлік осынау мекен айдың-күннің аманында иесіз қалып, тұрғындары сиырдың бүйрегіндей пышырап, тозып кетуінің салдарынан қазақи салт-дәстүрдің де қаймағы бұзылады.

Повестің өзегіне айналған проблема тек өтпелі дәуірдің қиыншылықтары тұсындағы тұрғындар психологиясын ашып көрсетумен шектелмейді, жазушы қазақи рухтың сақталып қалуы мәселесіне де мүмкіндігінше назар аудара білген. Бір жағында қазақи сананы қаймағын бұзбастан қалай сақтап қаламыз деген мәселенің ұшығы көрініп тұрса, екінші жағынан жастардың қалалы жерлерге ұмтылысы, тұрғындардың қалаға шоғырлануы (урбанизация) сияқты мәселелер алдыңғы қатарға шығады. Демек, шығарма

мазмұнынан алынатын тағылымдық сипаттар тез арада ескіре қоймайды деген сөз.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасына үлес қосып жүрген қаламгерлердің бірі – Н. Ақыш. Жазушының кейінгі жылдары жазылған «Ұры қыздың тағдыры», «Сезім жетегіндегі жігіт», «Рахымсыз көктем» [11] хикаяттарының тақырыптары әр алуан. Алғашқы екі шығармасына бүгінгі замандастар өмірі арқау болғанмен олар бірін-бірі қайталамайтын, қазіргі замандастырымыз туралы көп сырды ұқтыратын туындылар.

Ал, «Рахымсыз көктем» повесінің айтары бөлек. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалар қатарын толықтыратын хикаятқа кешегі кеңестік дәуір тұсындағы өмір шындығы негіз болған. Жазушы қазіргі әдебиетті өзі туып өскен Шығыс Қазақстан өңірінің бір шындығы арқылы толықтырып отыр. Тарбағатай өңіріндегі қазіргі Маңырақтың өткен ғасырда Порковка деп аталғаны белгілі. Жазушы Маңырақ ауылының тумасы болғандықтан оған Маңырақ тауының сай-саласы, шоқы-жартасы, асулары мен кезеңдері қолмен қойғандай таныс. Туған жерде болған тарихи оқиғалар оны ұзақ жылдар бойы қызықтырғаны, ол үшін көп ізденгені, бірсыпыра мәлімет жинағаны шығармада менмұндалап тұр. Маңырақтың ортасында ескерткіші тұрған Михаил Лужков қазақ халқына қандай еңбек сіңірген қайраткер деген ой мазалайды кейіпкерді. Осы сауалға жауап іздеу барысында көненің көзіндей болған ауылдың бірсыпыра ақсақалдарын әңгімеге тартады. Негізгі оқиға лирикалық шегініс арқылы өрбіп, кейіпкердің ойында сақталған кешегі кеңестік заманның қанға толы беттері сайрап шыға келеді.

Сол ауылдың оқушылары мейрам сайын гүл шоғын қойып, өздері тағзым етіп жүрген адамның кім екенін білмейтіні өкінішті. Себебі оларға білім беретін мұғалімдердің өзі ел тарихынан бейхабар. Шығармадағы аңқау балалар автордың да кезінде сол балалар тәрізді туған жерінің тарихын білмегендігі ретінде танылады. Бір отбасы төңірегіндегі оқиғалар туған жердің тарихын тұтасымен көз алдымыздан өткізіп отырады. Оқиғаның орталық кейіпкері – Ақау. Ауылға асығыс келген Кеней қарындасы Баянды өзімен бірге алып кетпек. Өз туған жерінен үдере көшкен елдің шекара сызығынан арғы бетке өтуі де оңай болған жоқ. Жазушы XX ғасырдың алғашқы ширегінде болған қанды оқиғаларды туған жерден үдере көшу, жаппай ашаршылық, қызыл қырғын арқылы нанымды суреттеген. Алғашында ағасына ермей, сүйгені Ақаудың қасында қалып қойған Баян ашаршылық жылдары бір өлімнен қалғанмен, қызылдардың қырғынынан аман

қала алмады. Сеңгір ауылы мен оның айналасынан айдап алып шыққандарды шекарашылардың түк қалдырмай қырып салғанда оның ішінде аяғы ауыр Баян да бар еді. Жас-кәрі демей, әйел-еркек демей қырып салған шекарашылар Баян сынды аяғы ауыр жандардың өзін азаптап өлтірген жоқ па? Бір аймақтың халқын қан жоса етіп қыруына себепкер болған М. Лужковтың ескерткіші бүгінде сол қазақ ауылында тұруы әрине өкінішті.

Жазушы кеңестік дәуір тұсында қаса-қана қолдан жасалған жалған тарихтың бетін осылайша тілгілеп отырып, қан жоса болып төгілген ата-бабаларымыздың сұраусыз қанын, апа-әжелеріміздің төгілген арын жоқтайды. Бір ауылдан жалғыз Ақаудың аман қалуы – қызылдардың қырғыны ашаршылықтан да артық болғанын байқатар деталь. Бұл – қазақ халқының белгісіз беттерін, жазылмаған тарихын толықтыратын тың туынды. Елбасы айтып отырғандай тарихымызды түгендеу баршамыздың міндетіміз болса, жазушының бұл шығармасын осы жолдағы батыл қадам деп тану ләзім. Жазушының бұл шығарманы жазуға үлкен дайындықпен келгені шығарманың өн бойынан көрініп тұр. Сондықтан бұл хикаятты қазіргі прозасының сүбелі табысы ретінде бағалауға негіз бар.

Қ. Түменбай шығармаларына тән ерекшелік – өмірдің көлеңкелі жақтарына үңіле отырып, қоғамдағы кері кеткен мәселелерді әшкерелеу. Осындай шығармалардың қатарында «Түрмедегі торғай» атты хикаятты атауға болады. Қоғамдағы прокурор мен дәрігердің орны мен оларға деген көзқарастың алшақтығына жазушы көңіл аудара отырып, қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған тұстағы қоғам дертіне шипа іздейді. Ол не? Ол – бір айлық еңбекақының күнкөріске жетпейтіндігі, тапқан табысыңның пәтерақидан артылмайтындығы. Жазушының өзекті мәселелерді иірімін тауып қиюластыруын мына жолдардан байқауға болады: «Бір апта бұрын мешітке некелерін қиды. Алдын ала Неке сарайына барып еді, неке туралы куәлікке қол қою үшін төленетін ақша мұның бір айлығынан асып жығылды. Америка ақшасымен есептегенде 100 доллар айлығының 50-і пәтераққа кетеді. Адам болғасын ауыз бен асқазан төлеуі тағы бар. Мешітке келіп еді, «Сәрсенбінің сәтті күні келуіңе болады», – деді басына даңғарадай сәлде ораған бет-аузы бір шөкім жас имам» [12, 9]. Алматы қаласындағы орталық Неке сарайдың шарықтап кеткен бағасы біздің қоғамда бай, кедей сынды екі тап өкілдерінің қатар өмір сүріп отырғандығынан хабар берсе, бүгінгі әлеуметтік жағдайы нашарлар кешегі кеңестік заманда еңбегі жоғары бағаланған дәрігерлер мен мұғалімдер екені жасырын емес. Арамызда жүрген капиталистердің көптігінен бағаның

көтеріліп кетуі де заңдылық. Ал жас отбасылардың баспанасыз жүруі, келімсектердің жертөлесін паналау – біздің қазақтың ғана сор маңдайына жазылғаны қазіргі қоғам шындығы. Қоғамдағы осындай әділетсіздіктер асты мен үсті қазба байлыққа толы қазақтың маңдайының соры неге бес елі болып отыратындығына назар аудартары даусыз. Ал, Алланың үйі саналатын мешіттің төңірегіндегі қызметкерлердің де көптің ойынан шыға бермейтіні рас. Оны автор дағарадай сәлде мен бет-аузы бір шөкім жас имамның бет бейнесіне сыйғызған. Осы тәрізді жайттарды автор емеурінмен мезеп жеткізген.

Дәрі таба алмай қиналған науқасына жанашырлық танытқан дәрігердің екі құты Цифзолдың құны 500 теңгені алғаны үшін қылмыс үстінде пара алды деп айыпталуы тәуелсіздік тұсындағы көп сырды алдымызға жайып салған. Жазушының шығарманы «Түрмедегі торғай» деп атауы да тегін емес. Әңгіме түрмеге ұя салған қараторғай жөнінде емес, қоғамдағы орны торғайдай ғана жас дәрігердің қыл үстіндегі тағдыры. Ешкімге зияны жоқ, күн көріспен ғана жүрген екі кішкентай тіршілік иесінің өмірін салыстыра білген жазушы параллелизмді шеберлікпен пайдаланған.

Жазушы шығармада қазіргі таңда төңірегімізде болып жатқан оқиғалар арқылы оқырманға ой салған. Ол – сыбайлас-жемқорлықтың шегінен асқандығынан «кішкентай» адамдардың құрбандыққа шалынуы. Бұл – өзіміз куә болып жүрген түйені түгімен жұтатындардың судан құрғақ шығатынын, енді біреулердің болмашы тиын-тебен үшін бірнеше жылға бас бостандығынан айрылып, түрменің тар қапасына түсетіндігінің нанымды көрінісі. Түрмеде ату жазасына кесілген бір фирма бас есепшісінің өзіне қол жұмсауы Қазақстанды сүлікше сорып, шетел асыл кеткен миллиардер жерлестеріміздің талтаңдап, өмірді белшесінен басып жүргендігін еріксіз еске түсіреді. Жазушы қоғамдағы осындай сорақылықтарды жекелеген кейіпкерлер өміріне қатысты нақты деректермен, шынайы оқиғалармен әшкерелеген. Ол жекелеген кейіпкерлер арасындағы тартыс пен қақтығысқа қоғамдағы үлкен әлеуметтік тартыстарды сыйғызған. «Адамның торғайлары неге торға түсіп, алаяқтар неге бостандықта жүреді?» деген сауалды адам, қоғам алдында көтерген автор сол сауалқа жауап берген.

Қ. Түменбайдың тыңғылықты сөз етіп, үнемі қайта-қайта оралып отыратын негізгі тақырыбының бірі – дүниежүзілік рекорд жасап, ақ күріштің атасы атанған Ыбырай Жақаев. Бұл тақырыпта ол «Қайың сапты кетпен» әңгімесінен бастап, үлкенді-кішілі бірталай шығармалар жазып, Ы. Жақаевтың көркем бейнесін

қазақ әдебиетіне алып келді. «Ағаш ескерткіш» хикаятындағы Сатай қарттың да прототипі – Ыбырай Жақаев. Сатай әулетінің бүгіні мен кешегісі көз алдынан өткен Асқардың атынан баяндалған оқиға қаладан келген немеренің көзімен өрбиді. Негізгі оқиға Сатайдың мүрдесіне таласудан басталып, ауыл ортасында тұрған атасына қойылған қола мүсіннің, оның төңірегіне қойылған қара темір, қара шынжыр, жылтыр керамиканың ұрлануымен өрбиді. Шығарма соңында ағаш сапты кетпеннен басқа басында ештеңе қалмаған Сатай қарт жоңышқа иісін иіскеп, қар мен жаңбыр суымен сусындап жатқандай әсер береді. Автор осы хикаят арқылы «Өлі риза болмай, тірі байымайтындығын» екі аяқты пенделердің есіне салған.

Жазушының сыбайлас-жемқорлықты әшкерелейтін келесі хикаяты – «Депутат Аязби». Майор Мылтықбай өзінің бас пайдасы үшін інісі Аязды депутаттыққа өткізгенмен, оның қояншық ауруы бар қылмысты әшкерелеп береді. Осылайша депутатты ұсынған аудан, облыс басшылары да, оны дәрігерлік тексеруден өткізген дәрігердің де қылмысы ашылып, жауапқа тартылады. Авторлық ұстаным сыбайлас-жемқорлықтың тамырын тереңдетпей, дер кезінде балта шауып отыру керектігін байқатады.

Қаламгер шығармаларынан үлкен орын алатын тақырыптың бірі – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Бұл оқиғаның негізі – азаттық үшін күрес болса, тәуелсіздікті аңсау күллі адамзат баласының арманы. Кеңестік дәуір тұсында өзінің ұлтжандылығымен танылып, ұлтының асыл құндылықтарын жоқтағаны үшін саяси қуғын көрген Хасен Қожахметтің бұл тұста да ерекше көзге түскені мәлім. Қазіргі арамызда жүрген замандасымыз Хасеннің көркем бейнесін жасаған Қ. Түменбай оның саяси көзқарастарын «Қанаты күйген қызғыш құс» [13] атты деректі хикаят пен «Мұнар күн» атты әңгімесіне негіз етті. «1992 жылы 9 мамыр – Ұлы жеңістің 47 жылдығы күні «Желтоқсан» партиясының мүшелері Алматыдағы Дзержинский ескерткішін құлатты» [13, 159], – деген дерек Хасеннің ғұмыры күреспен өткенін көрсетсе, 1992 жылы ойда жоқта тұтқындалуы – Хасен Қожа-Ахметтің төртінші рет саяси қылмыскер ретінде қамалуы еді.

Жазушы деректі хикаятқа бас кейіпкердің өмірін толықтыруға қызмет ететін деректер мен құжаттарды молынан пайдаланған. Жылы мен күні нақты көрсетілген оқиғалар бас кейіпкердің тарихи тұлғасын ғана емес, қазақ әдебиетіндегі көркем бейнесін толықтыруға қызмет етіп тұр.

Ал, Ш. Құмарованың «Мың жылдық сағыныш», «Замана зары», «Жол ортада» [14] хикаяттарында адам тағдыры өздері өмір сүрген қоғам шындығы ретінде бейнеленген. Жазушы ХХ және ХХІ ғасырдың өзекті мәселелерін жекелеген отбасылар төңірегінде көтеріп, шешімін күтіп тұрған әлеуметтік мәселелерді көтерген. «Мың жылдық сағыныш» хикаятында қолында бардың қадірін түсінбеген Айнагүл, Бекбосынның тапқанына марқайған Нұриша, ауылдан келген момақан қыз Моншақтың өмірі, Ферузаның күнделігі, Ақтеңге мен Сырғаның әңгімелері арқылы қырық шырақты қыз-келіншектердің мастықпен, жастықпен ойланбай басқан қадамдарынан бірі тағдыр тәлкегіне ұшыраса, бірі ерте есейіп ес тоқтататына кезігеміз. Авторлық ұстаным жас қыздардың әкесіндей адамдарға тоқалдыққа барып жатуы мен баласындай қыздармен бас қосып жатқан жігіт ағаларының әрекетіне қарап, ар-ұяттың келмеске кеткені ме дегенге саяды.

Жазушының «Замана зары» хикаятына өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның эрозиясы негіз болған. Адам қолымен жасалып жатқан озбырлық пен қатыгездіктің салдарынан табиғат тозып, көз көріп құлақ естімеген аурулардың түрі көбеюде. Қара жерге қолмен жасалған озбырлықтың, қатыгездіктің салдарынан адам баласы зардап шегуде. Бүгінде қазақ жерінің қай жерін алсаңыз да экологиялық апатқа кез боласыз. Хикаяттың негізгі жетістігі – қазіргі қоғамның шешемін күтіп тұрған өзекті мәселесін бір отбасы төңірегінде көтеру. Жер эрозиясы бүгінде адамзат эрозиясына айналуда. Адам қолымен жасалған қатыгездіктің зардабын жазықсыз жандардың тартып жатқаны өкінішті.

«Жол ортада» хикаятында жол ортасына келгенде айырылысқан Жақыпжан мен Балқияның тірлігін не деуге болады? Балқия шайпы ауыздығынан тапқан болар. Жақыпжандікі не? Әке-шешенің бұл тірлігін көрген балалардың болашағы қандай болатыны бір Құдайға ғана аян. Қазіргі таңда жастарға ақыл айтар қазыналы қариялар азайып, пайғамбар жасынан асқан шайтан әжелер мен шайтан аталар көбеюде. Бұл да ақыр заманның белгісі болмаса етті.

М. Базарбайқызы «Шарынкүл» [15] шығармасында Шарынкүлдің басынан өткерген қым-қиғаш оқиғалары арқылы Алланың жәбірленуші жағында екенін есімізге салып, «Бір кезде болып-толған, ауыл-ауданда тек мақтауға лайық Тоқтамысовтың шаңырағы ортасына түсуі» «мың асқанға бір тосқанның» бар екенін байқатқан. Бұл – болдым-толдым деп Алласын ұмытқан біздің замандастарымызға ой салар туынды.

С. Досжанның «Екі күйеулі келіншек» шығармасына негіз болған оқиға да өзіміз өмір сүріп отырған қоғамнан алынған. Оқиғаның басталуы қызық. Жазушы ауруханада кездескен келіншекпен әңгімелесу арқылы оның тағдырына таң қалады. Осылайша өзіне де, өзгеге де қызық көрінген екі күйеуі бар келіншектің өмірінен сыр шертеді. Екі келіншек алу туралы парламентте әңгіме болғанын, бір депутат әйелдің «еркектер төрт әйел алса, әйелдер неге төрт күйеу ұстамайды» дегенін тілге тиек еткен жазушы екі күйеуі бар келіншекті сөзге тартады:

« – Сіз қалай екі күйеу ұстап жүрсіз? – деп сөз басындағы ойды жалғауға ойыстым.

– Ол тағдыр құрбым... – деді Гүлжан. Өңінен өмір талқысынан талапайы шыққаны көрініп тұрған орта жастағы әйелмен әңгімеміз осылай өрбіді.

– Мен анамнан ерте жетім қалдым, – деп бастады әңгімесін Гүлжан» [16, 177].

Анасынан ерте жетім қалып, әкесі мен үш інісінің ас-суын әзірлеп, кір-қоңын жуып ерте есейген Гүлжанның тағдыр тауқыметі тек қана қазақ қыздары көтере алатын нардың жүгі екені дау туғызбаса керек.

Жазушы бұл хикаятта бір отбасы арқылы сол қоғамның сырын қозғап, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмір тіршілігінен хабар берген. Автор әйел-аналар өмірінің қалтарыстарын қазбалап, тек қана әйелдер ғана білетін шындықтан сыр суыртпақтайды. Бауырға, балаға, жарға деген махаббат қазақ әйелдерінде қандай басым болатынын Гүлжанның сегіз жетімді жеткізіп, екі күйеумен тұрып жатқаны айғақтайды. Бірақ бұл шығарма басында депутат әйелдер айтқандай екі күйеу ұстау емес. Бұлар – тағдыр қосқан қосақтар. Оны біреу түсінер, біреу түсінбес. Бірақ шығарманы оқып шыққан адамның оның сырын ұғары анық.

Гүлжан өмірі арқылы әулет жүгін арқалаған қазақ қыздарының қилы тағдырынан хабар берген автор қамқорлық, мейірім деген тәрізді асыл қасиеттердің бала тапқан аналардың бойында басым болатынын шынайы бейнелеген. «Басқа салса баспақшыл» дегендей, кім де болса өз тағдырынан қашып кете алмайды. Ал әркім өз тағдырын өз қолымен жасайтынын жадымызда сақтайтын болсақ, кейіпкеріміздің де бір әулеттің жүгін арқалап, туған-туысы, іздеушісі жоқ екі еркекке қақ бөлінуді өзі қалап алғаны жасырын емес. Себебі ол бес баланың анасы, онда басқалар ойлаған нәпсі емес, аналық махаббат басым. Сондықтан оның



қолынан өзіне жақын адамдарға тек қана мейірім шапағат төгу ғана келеді. Бұл – екiнiң бiрiне бұйыра бермейтiн бақыт. Iзгiлiктен жаралған жан ғана «Таспен ұрғанды аспен ата алады». Оқырманға ой салу жазушы шеберлiгi болса, тағдыр тауқыметiн тартқан Гүлжан өмiрi жер басып жүрген тiрi пенделерге ой салары анық. Кейiпкерлерiнiң жан дүниесiне үңiлу арқылы психологизмдi терең меңгерген жазушы Гүлжан бейнесi арқылы замандастарының бойына iзгiлiк нәрiн сеуiп, төңiрегiне шуағын төгiп отырғанын өзi бiлер ме екен?

Ж. Қайранбайдың «Мұғалима» хикаятындағы 13-14 жасар бала көзiмен суреттелген оқиғаның шынайылығы дау туғызбайды. Сайлаудың Қанашторының арқасынан қан ағызып сабауы, iшiп алып Қайшаның мұрнының қанын ағызуы – оның бейнесiн аша түсетiн эпизодтар болса, сүйiктi мұғалимасын бiр емес, екi емес iшiп алса шашынан сүйреп ұратынын көрген оқушы түн iшiнде үйiне келiп паналап отырған мұғалимасына: «–Мұғалима! Сiз «Мен төртiншi класты аяғына дейiн оқытып шығаруым қажет» деген екенсiз, ол мақсатыңыз орындалды. Ендi кетуiңiз керек және тезiрек кетiңiз!..» [17] деуi сүйiктi мұғалимасын таяққа қимаған оқушы баланың шешiмi едi. Оның шешiмнiң дұрыс-бұрысында шаруасы жоқ, негiзгiсi – мұғалима бақытты болу керек. Психологизмдi терең игерген жазушы әрбiр кейiпкерiнiң жандүниесiне үңiле бiлдi. Бүгiнгi таңда осындай мұғалiмдер бар ма? Бар болса олар қайда? Жазушы «елу жылда ел жаңа» дегендей, арада елу жылдан астам уақыт өткенде кеңестiк дәуiр тұсындағы ұлағатты ұстаздарына осылайша тағзым жасаған.

Жазушы М. Қаназдың «Құм қойнау» [18] шығармасына шағыл-шағыл құм iшiнде жатқан малшылардың тiршiлiгi негiз болған. Жазушы Құлнбай мен Тоғанастың тiршiлiгi арқылы кеңестiк дәуiр тұсындағы қоғам мен адам өмiрiнен хабар берген хикаяттың оқиғасы елден жырақ жападан-жалғыз тiршiлiк етiп жүрген Құлнбай мен Тоғанас шал төңiрегiнде өрбидi. Құлнбай – байлар мен ауқаттылардың дүние мүлкiн тәркiлеуге ұшыраған жан. Бар малынан айрылған ол колхоздың ортақ меншiгiне қосыла алмай, жападан-жалғыз құм iшiнде өз тiршiлiгiн күйттеп жүрген жан болса, Тоғанас өкiметтiң малын бағып мал соңында жүрген малшы. Екеуiнiң де балалары қалаға оқу iздеп кеткеннен қайта оралмаған. Шағыл құмның iшiнде кемпiрiмен екеуi ғана отыруының сыры сонда. Хикаятқа қатысатын кейiпкерлер саны аз болғанмен, олар жинақтала келiп сол тұстағы ел өмiрiнен толық хабар бередi.

Жазушы әрбір кейіпкерін типтік бейнеге көтере білген. Шығарманың құндылығы ұлттық бояудың қалыңдығы мен ұлттық характерлер төңірегінде танылады. Қазақ жүйірін жатқа қимаса, Тоғанастың жоғалған жорғасын Құланбайдың жиендігі деп түсінуі, Сабалақ пен Ботпай құрдастардың әзіл-қалжыңы шығарманың ұлттық сипатын айшықтай түскен.

Несіпбек Дәутайұлы «Ақкүшік» хикаятында Қалдыбай мен Бекзат есімді ерлі-зайыпты екі адамның өміріндегі отбасылық қасіреттерін баяндайды. Қалдыбайдың диірменші орыс шалдың үйіне барғыштап, онымен бірге самогон ішіп жүруінің де өзіндік себептері бар. Бір қараған адамға он екі мүшесі сау, тепсе темір үзетін жігіттің тән жарасы мен жан жарасы қосылғанда өмірде одан өткен бақытсыз бейбақ жоқтай әсер береді. Ал ерлі-зайыптылардың арасын қосып тұрған ақ күшіктің ерсілі-қарсылы зыр жүгіруі иттің адамға адал дос бола білетіндігін байқатса, Өрікайдар екі аяқтылардың қасында жүрген жолдастарына да жақсылық тілемейтінідігінің мысалы.

Кілең зейнеткерлер мен мұғалімдердің және басқа да қарыз алушылардың жеке куәліктерін сейфінде сақтап, оларды өзіне тәуелді етудің заманауи тәсілін меңгерген Өрікайдар, түптеп келгенде адам емес. Алайда, бүгінгі заман тап осындайларды «іскер», «кәсіпкер» деп әспеттеп жатса, оның да бір жөні болуға тиіс. Айтайық, әлгі ауыл адамдарының қалтасында ақша деген құдірет айлап-жылдап жата береді дейсің бе, таусылады, жоқ болады. Міне, сол кезде Өрікайдар қарызға керек-жарағынды бере қояды. Мұндай адам қалай жаман болсын. Бірақ, бәрі арғы жақта: ниетте, өсімқорлықта, алдауда, алаяқтықта болып отыр.

Жазушының шынайы өмір мен әдеби өмірдің аражігін соншама ажыратып жібермейтін өзіндік ерекше танымында оның кейіпкерлері өте таныс бейнелер ретінде біздің арамызда жүр. Адамдарды көп әдебилендірмей, нақтырақ айтқанда, оларды оқырманға әдеби кейіпкерлер сияқты ұсынбай, бір-бірінен алшақтатпай, тұтас күйінде суреттеу – Н. Дәутайұлы шығармашылығындағы басты ерекшелік. Бір қарағанда, натурализм сияқты қабылданатын оның прозасындағы өмір шындықтары адамды әдеби кейіпкерлер әлеміне көп бойлата бермейді.

«Еркектен ес қашты, бүгін. Жігіт-мігіт кезең. Неге, неліктен?» деген риторикалық сауалға жазушы былай жауап береді: «Қоғамның ер-азаматтығының азғындауынан ба? Солай емей, не? Осы күні әйел мен еркек хайуанаттық жыныстық қарым-қатынасқа бейім – сату мен сатылу бар. Ұрғашы күні үшін сатылады, еркек қанағаты

үшін сатып алады. Индет індеп келеді. Қоғам бәрін көріп-біліп отыр. Қоғам еркегі мен ұрғашысының сайқалдығына дым істей алмайды» [19]. Шығармаға арқау болған артық-кемі жоқ, өзіміз естіп, көріп жүрген жайттар. Олай болса, жазушы жекелеген кейіпкерлер арқылы бүгінгі қоғамның дертіне айналған ылаңға шипа іздейді. Шипа боларлық дәруменді оқырмандарынан күтеді.

Автордың шығармашылығында жалпы адами құндылықтар, ірілік пен ұсақтық, кие мен қасиет, құдірет пен тылсым, батырлық пен ездік, еркектік пен ездік көп зертеліп жазылады. Жазушының дүниетаным кеңістігі кие мен қасиетті, жалпыадами құндылықтарды көтере жазуға ынталы. Оған оқырманын сендіру емес, сезінуге, құрмет көрсетуге аяқ асты етпеуге шақыратындай өмірдің өзінен алып жазады. Ол осы тұрғыдан адамзаттық мұраттардың белесіне көтеріледі.

Е. Қойбағарұлы медпсихолог, психотерапевт болғандықтан «Суицид» [20] шығармасында өзіне етене жақын, таныс тақырыпты таңдап алған. Негізгі екі кейіпкердің сұхбатына құрылған хикаятта адам жанының тығырыққа тірелуі, күйзеліске ұшырауының себеп-салдарына үңіліп, оған тиісті дәрежеде ем жүргізбесе, өлім туралы ойлаған адамның соған жетпей тынбайтындығына көзіміз жетеді. Хикаяттың негізгі идеясы – бүгінгі таңда белең алып бара жатқан суицидтің алдын алу, қоғам мен заман қыспағынан тығырыққа тірелген жандардың жанына шипа іздеу, оларды емдеу.

«Сергелдең сезім» хикаятындағы он үшінші нөмерлі жедел жәрдем машинасының мүшелері дәрігер Шәміл, медбике Катя, жүргізуші Захар – үшеуінің бір күнгі тіршілігінің өзі олардың қызметтерінен толық хабар берсе, «Бала мен қайыршы» хикаятының оқиғасы «тұнжырай төңкерілген, сұп-сұр өлі аспаннан толассыз сіркіреген сылбыр жауын» жауып тұрған қара күздің бұлыңғыр, суық күнінен басталады.

Жазушы босқындардың тіршілігі арқылы бүгінгі қоғамның көлеңкелі жағына жан бітірген. Осындайлардың алдын алуға бола ма? Болса қалай деген сауалдар оқырманға ой салады. Баласын тастап кеткен безбұйрек аналар, әке-шешеден айрылған тұлдыр жетімдер, әке-шешесі араққа салынып ішіп кеткен балалардың көше кезіп босқын болуы ащы болса да, өзіміз өмір сүріп отырған ХХІ ғасырдың шындығы.

Ал «Қош бол, диабет!» хикаятының көркемдігінен гөрі тәрбиелік мәні зор. Себебі, дәрігердің адам денсаулығын түзеу жөніндегі кеңестері мен дәрістері тек қана сусамырмен (қант диабетімен) ауыратындар үшін емес, барша адамзат үшін аса қажет екені белгілі.

С. Нұғыманның «Атбегі», «Жоқ іздеген жан» [21] хикаяттары бір-бірінің жалғасы іспетті туындылар. Олай дейтініміз, алғашқы хикаятта жүйрік баптап, ат жүгірткен кәнігі атбегілердің ұрпағы Бақболмен, екінші хикаятта қартайған шағында ат баптап, бәйгеге жүйрік қосқан қарияға кезігеміз. Сабақты қатырмаса да ат баптауда алдына жан салмайтын Бақболдың үлкен бәйгелерде жүлдені бермейтіні біріншіден, шаң жұқпас жүйрікке байланысты болса, екіншіден, сол жүйрікті баптай білетін атбегіге қатысты.

Жеке адам тағдырынан гөрі жалпыадамдық мәселелерді арқау еткен шығармалар қатарында Қ. Жиенбайдың «Тоқта, өлемісің?!», «Апполон көбелегі» повестерін атауға болады. «Тоқта, өлемісің?!» повесінде бір отбасы арқылы үлкен қаланың тыныс-тіршілігінен хабардар боламыз. Қаладағы маршруттардың бірінің жүргізушісі болған Бөрібайдың тіршілігі домалана жөнелгеніне қарап оның шаруақор екенінен хабардар болсақ, тапқанына иелік ететін Гүлжәмиланың Бөрібайды тырп еткізбейтініне қарап, жұмыртқадан жүн қырқатын пысықайдың оның үйінде отырғанын сезінеміз. Қала сыртынан зәулім үй салып, қоныс тойын тойлауға асығып жүрген ерлі-зайыптылардың өмірі бір қарағанда әп әдемі үйлесіп тұрғандай көрінгенмен, мұның бәрі жәй ғана сырт көзге жағылған сырлы бояу екеніне лирикалық шегініс арқылы қанығамыз.

«Байқоңыр іргесіндегі қазақы ауылда өмір сүрді, тәп-тәуір өмір сүрді. Содан кешегі Кеңес Одағы құлаған соң бұлардың тіршілігі де тақырға шашылған шілдің боғындай жан-жаққа пышыраған. Қаракөл елтірісін өндіретін атақты қой совхозының зәулім шаңырағы бір-ақ күнде ортасына топ ете түсті. Білдей механизатор Бөрібай және ондаған Бөрібай секілділер қу тізелерін құшақтап, ошақ бұтын күзетіп қалды да барды» [22], – деген жолдардан кешегі Кеңес одағы ыдыраған тұстағы шаруашылықтардың бәрі тас-талқан шыққанынан хабардар болсақ, Бөрібайдың қалаға қоныс аударуының басты себебі арыда жатыр.

Бөрібай – дүниеқоңыз әйелінің сөзіне еріп, елден, елдегі анасы мен қарындасынан біржола қол үзіп қалған жан. Ауылдың әңгімесін есту, туған-туыстың хабарын білу – ол үшін үлкен бақыт. Сол бақытынан айырылу оны өлімге итермелеп тұр. Гүлжәмила үшін өмірдің қызығы да, бақыты да – дүние. Елдегі ене, туған-туыстың құны ол үшін түкке тұрмайды. Тіпті енесі естіп қалса қоныс тойға келіп қала ма деген қорқынышы да бар.

«Апполон көбелегі» он-он бір жасар Қырмызының әңгімесі арқылы өрбиді. «Адам баласы күнмен бірге күліп оянуға тиіс қой» деп ойлайтын Қырмызының «Күнмен күліп ояну» қағидасын

қасындағылардың түсінбейтіні өкінішті. «Терезенің пердесі ашық. Ақ бетіңнен аймалап жатқан ала мысықтың құйрығы еместігіне енді көзің жетеді. Шаң-тозаңға әлі араласып үлгермеген күн сәулесі бетіңнен, кірпігіңнен, маңдайыңнан шөп-шөп сүйеді-ай келіп, сүйеді-ай дейсің! Ал көршілер болса осыны да түсінбейді. Күн көзіне суарылған кірпіктің ұзын әрі әдемі болмасына шарасы қайсы» [23, 200], – дейтін авторлық ойтолғақ күн көзін сүйетін кейіпкердің ойын толықтырып тұр. Күнмен бірге оянып, күнмен бірге күлетін кейіпкеріміздің өмірлік ұстанымдарын төңірегіндегілердің бәрі түсіне бермейтіні өкінішті.

Жазушы Қырмызының тіршілігі арқылы қала тұрғындарының күйбір тірлігі мен олардың өмірлік ұстанымдары, көзқарастарынан толыққанды хабар берген. Соның бірі – өзінің отбасы. Әкешесінің күні бойы далада жүретіні, қыздарымен ісі болмайтыны үлкен шаһар адамдарының қым-қуыт тіршілігін байқатса, кішкентай қыздың өзі өмір сүріп отырған қоғамнан орын таппайтыны әрине өкінішті. Қоғам түгіл өзі үйі, өзіне жат. Себебі, Қырмызыға әкесі, не шешесі уақыт бөлген емес. Сондықтан да ол кішкене қошақандарды өзіне серік етеді.

Алғашында Аполлон көбелегін көргеніне алақайлап қуанып жүрген Қырмызының келе-келе ертеңгілік нан дүкеніне де, сүт дүкеніне де томпаңдап жүгіріп, келе-келе анасына қолғанат болып қонақ күтуге жарап қалғаны оның күн санап бой түзеп келе жатқанын байқатса, мектептен келе салып қозыларына су тасып, солардың жем-шөбімен әуре болып жүруі оларға бауыр басып қалғандығының айғағы. Бірақ Қожамсейіт қызының бұл бақытын да көпке соза алмады. Жем-суы мол, күтімі жақсы кішкентай қозылардың құйрық байлап көзге түскені сол еді. Оны да кәуәп пісіретіндерге сатты да жіберді. Бауырына басқан сүйкімді қозыларына жасаған әкесінің бұл опасыздығын кешіре алмаған Қырмызы мұндай соққыны көтере алмай мезгілсіз өмірден озады.

Ел ағасы жасқа келген Қожамсейітті бүгінгі өзіміз көріп жүрген біздің замандастардың жиынтық бейнесі ретінде қабылдауға негіз бар. Ол дүниенің соңына түсіп, тиыннан ақша жасаудан басқаны көздемейтін Құдайдан безген жан болса, оның серігі Күнтуған – жас та болса адамды алдауға болғанмен Алланы алдауға болмайтынын білетін иманды жан. Бұдан шығатын түйін Күнтуған тәуелсіздік тұсында дүниеге келген ислам дінін түсініп өсіп келе жатқан ұрпақ өкілі болса, Қожамсейіт кешегі кеңестің дәуір тұсында атеистік тәрбие алған буынның өкілі. Сондықтан да ол Алла, Құдай деген сөздерге сене бермейді. Ал, Қырмызы – біз өмір сүріп

отырған қоғамның былығы мен де, шылығымен де ісі жоқ бейкүнә періште. Сондықтан да оның «Күнмен бірге күліп ояну керек!» деген ұстанымын басқа түгіл өзінің әке-шешесі де түсінбейді.

Қожамсейіттің тірлігінен туралап келген ажалдан қашып құтыла алмайтынымызды ұғынуға болады. Ол – зілзаладан қашып үй ауыстырғанмен, жалғыз қызына ажалдың қайдан келетінін түсінбеген көрсоқыр жан. Жүрегі ауыратын сезімтал қызын ашуландыруға болмайтынын біле тұрып, оларсыз бір күн өмір сүре алмайтын қозыларын қолма-қол сатып жіберуі арқылы қызының жанын жаралап тұрғанынан бейхабар. Содан кейін бір аптадан соң болған зілзаладан қала тұрғындары аман қалғанмен Қырмызыны ешкім аман алып қала алмады.

Қ. Жиенбайдың шығармалары бүгінгі өзіміздің қасымызда жүрген замандастарымыз туралы ой түюге жетелейді. Ол дүниенің соңына түскен дүниеқоңыз жандардың тіршілігі арқылы ақшадан да құнды заттардың болатындығын, дүниенің ата-ана, бала-шаға, туған-туыстан жақын бола алмайтындығын ұғындырады.

С. Дүйсенбиевтің «Үлкен қаланың қонағы» [24] атты хикаятына консерваторияны бітірген Жомарт, Тазабек, Сұңқар тәрізді жігіттердің өмірі негіз болған. Контрабастық білімге жұмыс табыла бермейтіні Тазабекке өз мамандығы бойынша істеу аяғына байлау, тағдырына тежеу болса, Жомарттың сауда-саттықты айналап жүруіне өнердің төңірегіндегілердің еңбек ақысы мардымсыздығы себеп. Ал, үйден үй ауыстырып, қаланың ортасынан төрт бөлмелі үй салып, ұлан асыр етіп қоныс тойын жасап жүрген Сұңқардың өмірі бұларға контрасты бейнеленген. Сыбайлас-жемқорлықпен күресті мемлекет тарапынан қолға алып, онымен күресті күшейтіп жатырмыз деп даурыққанымызбен жең астынан жалғасқан сыбайластық қазақтың қанына біткен әдеттердің біріне айналып кеткені қашан.

Ж. Шаштайұлының «Тау мен дала» атты повестер мен әңгімелер жинағы өте белгілі тарихи кезең уақиғаларын бедерлемейді, бірақ сол кезеңдердің жалпы ықпалдары тудырған жайттарды суреттейді. Оқырман жазушының повестерінен соғыстың салған жарасын, ашаршылық жылдарын, қуғын-сүргін суреттерін көреді. Және, қазір біз «совет үкіметі кезінде» деп еске алатын уақыттардағы ауыл адамдары өмірінің әлеуметтік-психологиялық жағы суреттеліп, соған қатты ден қойылғаны байқалады. Бірақ, ондағы адамдар қазіргілерден соншама басқа емес.

Жазушының алғашқы повесінен «...иығындағы төрт аяқты жануарды өзі емес, жалаңаш жүрегі көтеріп келе жатқандай» дейтін түрдегі сөйлемдерді көптеп кездестіруге болар еді.

«Қызыл қармен» көркем прозаға қадам басқан Жұмабай «Аспанқора» повесінде бірден көп ілгерілеп, талантты, қалыптасқан прозаик ретінде көрінді» деген сөзді Р. Әбдіғұлов жалпылай айтып қана қоймайды, сол мақаласында авторды «салмақты, эпикалық сипатты қолтаңбасымен, реалды, психологиялық талданылымы дәл кейіпкерлер жасауымен ерекшелене келді» [25] дейді. Бұрынырақта жазылған мақаланың әсерімен жазушының қос томдығын қайталап оқыдық.

Жинақтағы «Аспанқора», «Құралайдың салқыны», «Ұябұзар», «Шал мен жылқы» повестеріндегі қоғамдық ахуалдардың адам өміріне тигізген ықпалдарынан гөрі сол ақылды жаратылыстардың кісілігі мен тіршіліктегі қарым-қатынастары оқушыны ауыр ойларға қалдырады.

Айталық, «Аспанқорадағы» Атанның өмірден өткені соншама қасіретті жағдай ма? Ал адам баласының ішкі дүниесі сырты бүтін болмаса қалай марқаймақ. «Жиырма екі жасында бір қолын оқ жұлып кеткелі бері іштегі қоңылтақсыған қуыстықтан арыла алмаған» [26, 31] оның көзі тірісінде көрмегені аз емес екен. Өмірден көрген әрбір жолсыздықты, жақыннан байқаған әрбір әділетсіздікті, тіпті жарыңнан шығатын әрбір сөздің салқынын кімге жабасың. Әлбетте, өзіңнен көресің. Атан сондай адам. Ол өзінің кемтарлығын Қасымжомарттың мүсіркегенін қаламайды, әсіресе оның көз қиығын Ханымкүлге тастаған сәтте жұбайының «тұнық қара көздері қатты таңырқағандай кең ашылып» [26, 10] анаған ілесіп есікке дейін барғаны Атанға «оң қолы жоқ иығын» ойлататындай. Бұл аздай Ханымкүлдің: «Біздің Атан Аспанқора мен ит өлген жердегі бастаудан басқа еш нәрсені білмейді ғой, Қасым» [26, 9] деп күрсінгені «Аспанқораның кез келген тұсын әкесі мен анасынан қалған көздей қорғаштап, содан жанына медеу табатындай болатын» [26, 13] Атанға оңай тимейді. Ал Қасымжомарттың: «Құданың күдіреті, адам баласы жаратыла береді-ау. Ханымкүл мына жазғанның қай ұсқынына қызығып тиді екен?» деп ойлағанымен қоймай, оның «сыиқысыз бітімін көз қиығына қыстырмай, енді Ханымкүлді бажайлап шолуға кіріскені» [26, 10] Атанның оңашада: «Осы келген сайын шырқымыз неге бұзылады?» [26, 13] деп ойлайтын сұрағына сұмдық бір жауап сияқты көрінеді. Сосын, әйелі байына «Үйге келген кісіні аттандырмайсың ба!» деп бұйыра сөз саптап, кімі болса да, анаған: «Қасым-ау, келген сайын құр аттанасың. Бүгін жата-жастанып, бір малдын басын жеп кететін ретің бар еді» [26, 10-11] деп «сынық мінезге салынып» Атан айтатын жоралғыға жол сілтеп отырғаны қай инабат. Онымен қоймай Ханымкүлдің

«Мола не, бұл үй не? Бір Сайлаубай болмаса, өзгеге сенің қабағың неге қарс жабылып қалады, осы?! Қасым кім, Сайлаубай кім? Оның бір парықсыз бейшара, құл-құтан»; «Аспанқораң елегізтіп өлтіретін болды. Бір ауық қалаға түсіп, туған-туысқанды аралап келуді білмейміз. Аң болуға айналдық»; «Тас мақаудан қай жерің ілгері?!» [26, 11] дегендері ерлі-зайыпты екі адамның арасына айтылмауға тиіс, ал айтылса жандарына сұмдық сызат түсіретін сөз ғана емес, қасірет қой! Бұл сөздердің жан дүниені жаншитын салмағы, байыптап қарасақ, сол бір күні Ханымкүлді Қасымжомарттың қойнынан ұстаған күннен де ауыр. Мұндай ойдағы әйелмен араларында ешбір байланыс жоқ еркектің бірлесіп өмір сүріп жатқаны да өте қайғылы. Мұндай сөздерді естіген еркектің анандай әрекеттердің үстінен түскені де түк емес екен. Атан оларды ұрған да, соққан да, өлтірген де жоқ. Қасымжомарт келіп-кеткенде туындайтын кикілжіңдер кезінде шығатын «Қыңсыламашы-ей!» [26, 11] деген сөзді де айта алмады. Өйткені, араларында еш дәнекер жоқ, өзін өзгенің алдында мүгедек сезінетін еркекке әр кезде орын алған салқын тілдесулер мен жан дүниелерін қақыратып кеткен сөздердің салған сызаттары екеуара түсіністікке мүлде орын қалдырмапты. Сөйтсе де Атан Аспанқорада Ханымкүлсіз жападан жалғыз тірлік кешіп жатқаны үшін өзін кінәлайды. «Әйел әйелдігін істемеуші ме еді? Анау Айдабол соғыста жүргенде қатыны жол-жөнекей бала тауып алмап па еді? Намыс, ұят менің не теңім? Көп болса сөз көбейіп, жүзім төмендер. Айдаболдан қай жерім артық менің» деген ойларға кеп, Атан онысын «әжептәуір тұғыр-таяныш көргенін» [26, 21] жазушы жасырмайды. Әрбір жеңілген адам осындай ой межеге келетіні шындық, міне осы ащы шындықты Ж. Шаштайұлы «Аспанқорада» ашып айтқан. Және, Атан адам, адам болғанда да адамгершілікті білетін адам. Ол ешқашан үлкен гуманизмнің жалына жармаспаған. Өйткені, ол өмірде болған оқиғаларды өз бойымен өлшеп-пішіп үйренген. Оның өмір туралы өз кітабы бар. Өзін Қасымжомарттан қор сезінсе – онда тұрған не бар? Атанның түсінігінде бұл шындық. Ал Айдаболдан артық емес екенін мойындаса, бұл Айдаболдың да жаман адам екенін білдірмейді. Демек, Ханымкүл көзіне шөп салса, оның да себебі болды. Бәріне, соғыс қана кінәлі емес екен. Бір қатынға ие бола алмадың деп айыптай келген «қалтаң-құлтаң еткен Рақымберді шалға» жанашыр «бауыр болсаң, алып келмедің бе?» [26, 22] деп іштегі ауыр сырын айтқан Атанды адам қатарынан сызып тастай да алмайсың.

Ж. Шаштайұлы бұл повесінде жұбайлық жұптың арасында орын алған үлкен қасіретке оқырманын ортақтастырғанда осыдан



олардың алатын ауыр әсерлерін ойламады ма екен? Ал біз Атан мен Ханымкүлдің ажырасқанына кімді кінәларымызды білмейміз. Атанды Аспанқораға апарып тыққан саяқтау мінезді ме, соғыс салған кемтарлықты ма, малшылық өмірді ме, күйеуінен орта талап ететін мінезді іздейтін Ханымкүлді ме, «бір жылғы төл едік. Көкейіңдегі не түйткіл, айтып көр, тыңдалық» деп Атанды «ауыл маңына жылжытуды» ойлаған Аспанқораның төлі Қасымжомартты айыптаймыз ба? Жоқ. Адамды жеке-жеке алып айыптауға болады, бірақ ол өмір болса қайтесің? Өмірді айыптау қиын. Ал Атан жекелеп алғанда қасіретті жан. Ханымкүл де солай. Енді осылар Қасымжомарт пен Сайлаубайларға қосылғанда көпшілік. Мұндағы оқиға тек Атан мен Ханымкүлдің бастарынан өткен өмір ретінде баяндалғанымен, оның жалпыадамдық сипаттарына күмән келтіре аламыз ба? Себебі, адамзаттың бәрі де толстойлық мәнермен айтқанда, «өзінше бақытты, дәл сондай бақытсыз да». Осы бір өмірдің өзінен де зор естілетін және соның баламасы болып кеткен сөз тіркесінің формула сияқты қабылданатыны қалай?

Атан өз өмірін жеке дара, қоғамнан, ортадан тыс жасап жатпады. Ол жұбайлық өмірді Ханымкүлмен бастаса, сонымен аяқтауға ықыласты болғанына ешкім шүбә келтірмейді. Атан өмір сүрген кеңістік – Аспанқора, қоғамдық қоршаған ортасы – Қасымжомарттар. Ал жалпыадамзаттық өлшеммен қарасаң, оның өмірі соншама қайғылы емес, алайда ұзақ уақыт бойы адамдар арасында пайда болып, пісіп-жетілетін ұрыс-керістер мен салқындықтардың салдары, әсіресе екі адамның арасында қандай болатынын жазушы бізге «Аспанқорадағы» Атанның тағдыры арқылы көрсетіп, бұл шынайы өмірдің көркем баяны ғана емес, сол өмірдің өзі дейді, ал бұған күмәніміз жоқ.

Рас, өмір қуанышы мен қайғысын қатар ұсынады. Қасірет жоқ жерде шын мәніндегі қуаныш қандай мәнге ие болмақ. Сондықтан адам баласы бақытты болудың жолында өте көп тер төгеді екен. Ал тер дегеніңіз – ащы өмірдің азапты күндерін өкінішпен еске түсіретін «жады мұрағаты» болғандықтан, повесті оқып отырып, мынау өмір ғой дейміз және тас-талқан болған осындай өмірлердің талайын кім біледі. Біле білсек, отбасындағы трагедиялардың орын алуына себеп болатын жайттар да өте көп екен. Олар үлкен ауқымда да көрініс табады әрі «болымсыз» нәрселердің де салдары аз емес сияқты. Мысалы, Қасымжомарт пен Ханымкүлдің ашына болып қалуына жеткізген себептердің біразын автор айтып өтіп, әрі Атанның ойы арқылы да ой жіберіп көреді. «Тымырайған мені іш тартып, жанашырлық білдіріп жүргені анау. Ханымкүлдің жаңағы

«тас мақаудан қай жерің ілгері?!» деп кемсіте кекеп, сұрай сойып жатқанында бір гәп бар шығар? Бұндай сөздерді, әсіресе тағдырын сеніп тапсырған адамынан естуді адам баласының ешқайсысы да қаламайды. Тіпті, дұшпанға да тілемейтін нәрсе. «Дұшпан айта-тын сөзді қатыннан есту таң емес» [26, 11] десек те. Іштей «Қатын алдым, үй болдым деуім көңіл жұбату болмағай» деп ойға қалатын Атанды аяйсыз. Тіпті, оны «Әйелін жамандыққа қанша қимай әлек болғанымен, күдікті ойлар жанын жегідей жеді» деп автор ашып айтатын сөздермен келіспеуге де қақың жоқ. «Сенен Сайлаубай досыңның бір артықшылығы, әйеліне отынды үйіп тастайды» деген Ханымкүлдің төл сөздері «Апырмай, бұл менің кемдігімді бетіме басқаны ма?» деп Атанның еріксіз қуыстануына да кедергі болмайды. Сөйтсе де, өмірдің ілік-шатыс жататын әлдебір құдіреттілігіне де қарсы тұра алмайды. Атан Ханымкүл мен Қасымжомарттың күнәлі ісінің үстінен түспей тұрғанда да көңіл қалдыратын талай-талай ханымкүлдік сөздер айтылып, ақыры атына мініп, Аспанқораны кезіп кетсе де; өзін өсірген табиғат-анасына оңашада сан түрлі санасын шырмаған сауалдарын тастап мұңын шақса да; бірақ одан ешбір жауап ала алмаса да – қу тірлікке дәнекер бола кететін жайттар аз болмаған еді. «Киіз үй тігілген тік жалдың теріскей қапталында әйелі отын теріп жүр екен. Ханымкүлдің мына қаракеті берекесі қашып бара жатқан тіршілікке дәнекерлікке жарағандай» [26, 15] болған кездерін сезгенде Атанның көзі оқ жұлған қолды жалғауға болмайтынына жетсе де тіршілікке дәнекер болатын нәрселерді жоққа санай алмайды.

Атан осы дәнекермен де бар өмірін аяқтар ма еді, егер сол бір «сұм жалғаннан баз кешіп кеткісі» [26, 20] келген түн болмағанда. Жалпы, өмірдің көзге көрінбейтін нәзік те, аса кірпияз жібінен тас қып ұстап ал, үзілген жерін қайта жалғап, бар өмірлері түйін-түйін боп өтіп жатқан қаншама адамдар бар екенін біз санай алмаймыз. Бірақ, мүлде жоқ дегенге сену де қиын. Және, әрбір отбасының бақытсыз болуына – баласыздық, жолдан таю, өлім, тұрмыстық тауқымет қана себеп болады-ау деген ойлардың да ұшқары екенін «Аспанқора» повесі бізге көрсетіп берген. Біз қасіреттің орын алуы елеусіз дейтін, бірақ өте қауіпті арнамен ақырын-ақырын жылжып келетін нәрселерде жататынын неге айтқымыз келмейді. Жазушылардан көп ретте кесек-кесек уақиғаларды күтеміз. Өмірді сондай ұлы күштің қиратқанын көргіміз келеді. Ал автор «Аспанқорадағы» Қасымжомарт пен Ханымкүлдің интимдік қарым-қатынасының салдарынан Атан өмірі тас-талқан болды деп отыр десек, онымыз соншама дәлелді емес. Осы ажырасулардың

себеп-салдарлары әріде жатқанын жазушы жеріне жеткізіп баяндап берді. Қасірет – әрбір сөзде жатыр. Оған әрбір болған іс куә. Оны біз мәтіндік мысалдармен келтірдік. Сол келтірілген сөздердің қасіретті әуенінің өзі бізді кейінгі болған ұятты әрекеттерге салқын қарауға жеткізді. Біз Ханымкүлдің Атанның көзіне шөп салғанын оқығанда сұмдық қорланғамыз жоқ. Атан құсап қарап тұрдық... Ал Атанның бұдан кейін оны қайта алуға ыңғайы бар екенін білдірген кезде де Ханымкүлді күнәлі дей алмадық. Өйткені, Атанның Ханымкүл «түйіншегін салбырата ұстап, кіршіксіз аппақ орамалын алқымынан байлап» ап жалғыз аяқ жолға түсіп, ұзап кеткенде «жүрегінің тамырлары үзіліп кеткендей күй кешкеніне» куә болдық. Міне, бұның аянышты сәт қана емес, басқа түссе, адам баласының бәрі де кешетін ауыр сезім екенін де кім жоққа шығара алады. Ойлап қарасақ, қасірет Атандыкі емес пе? Демек, Атан айыптамайтын адамды біздің қаралауға қандай қақымыз бар? «Айналайын Аспанқорам, қолыңа тағдырымды тапсырған адамым кетіп барады. Күйзеліп кеттім ғой, бір амалын тапшы» [26, 21] дейтін Атанға аянышпен қарау аздық етер еді, ол құрметтеуге тұратын адам. Осынау бір-бірін аялауға тиіс ерлі-зайыпты адамдардың бірінсіз-бірі өмір кешуі қандай қиын болатынын жазушының жан дүниесі жанашыр пейілмен аңдайды. Творчестволық таным (сезім) дегеніміз осы. Алайда, болған іске қайран жоқ. Бұл ажырасудан Атан да, Ханымкүл де бақытсыз болып қалған жоқ, бірақ бақытты болып кетті деудің де ұшқары екенін сеземіз. Екеуі де үйленеді. Тірісінде ұрпағын құшып сүйе алмаса да екінші әйелі Қаламқастың «Шалау, біз қартайғанда жорға шығыппыз!» деп «кейкі мұрнының ұшы тершіп» [26, 33] отырып хабарлаған жақсы сөзін Атан естіп кетті. Екеуі де бала сүйді. Тағдыр кейін Атан мен Ханымкүлді оқыс кездестірді. Өмір оларды өзінің тезіне салды. Бақса, екеуінің де махаббатпен, адами түсіністікпен, сыйластықпен ғұмыр кешсе, оған ештеңе де кедергі болмаған екен ғой. Екеуінде де ұрпақ өсіріп, құлатәбел тірлік кешуге жететін адами потенциалдары бар бопты. Сонда не? Біз бұндай сауалдардың біразын жоғарыда қойдық. Жауап жоқ емес, оны да өзімізше жобалап айтып өттік. Біздің білеріміз, Атан мен Ханымкүл осы сұрақтарды өздеріне оңашада талай қойғанына шүбә келтірмейміз, өйткені, әрбір қателескен адам соған жауап іздейді және өздерінше табады да. Ал Атан мен Ханымкүл тағдырдың тәлкегі деуге келмейтін, бірақ өз қателіктерінің сыншысындай болған сол күнгі күтпеген кездесуде бір-бірін айыптаған жоқ. Және бір-біріне құптаған рай білдірмесе де еркек ретінде Атан «...шай құйып, кесені ұсынған» Ханымкүлді «әйел баласындағы

асылдың сынығындай» көріп, «өмірін өксітіп, көзіне шөп салғанын да ұмытты» [26, 29]. Атан адам ретінде Ханымкүлді екі мәрте кешірді. Бірі осылайша іштей көрінсе, екіншісі Рақымбердіге айтқан «алып келмедің бе?» деген кетісу емес келісу сарынында шыққан сөзінде жатты.

Өмір сондай қатал. Автор айтқандай «пенде шіркіннің тез ес жиып дәл осы күйінде туа салғандай керіліп-созылатынын» жақтырмайды, керек десеңіз, қаперіне алса, кәне. Сол өмірдің мәні мен мазмұны жұмыр басты пенденің өз қолында екен. Ал қолдағы нәрсенің сусымалы келетіні қандай рас болса, адам ғұмыры одан да өткінші. Міне, осынау өткінші жалғанда «Атан өліпті» деген суық хабар келгенде адамдардың есіне не түсті. Повестегі Қасымжомарт, Сайлаубай, Ханымкүл, Қаламқастар қандай күй кешкенін біз болжай алмаймыз, бірақ Атанның Аспанқорда аяқталған өмір жолы барлық адам баласы көріп жатқан тағдырлардан соншама алыс емес екенін сездік. Және «Өмір біз ойлағандай соншама жақсы да емес, жаман да емес» дейтін Мопассаның тұжырымын «Аспанқора» тағы бір рет және өзінше дәлелдеді.

Адам өмірі үнемі ұлы оқиғалардан тұрмайтыны сияқты, сол өмірдің күйреуі де орасан себептерді талап етпейді екен. Ендеше, бізге, жалпы қарапайым халық өмірін, соның бір өкілі Атандардың тағдырларын әңгіме етуге тұрмайды деп кім айта алады. Қарап отырсаңыз, Аспанқора деген жерде Атан есімді бір адам мал баққан екен. Екі рет үйленіпті. Қатынмен де, доспен де қарым-қатынасы оғаштау. Ақыры, түйеге фляга теңдеп үйіне су тасып жүріп жан тапсырыпты. Жалғыз тұяғын да көзі тірісінде көре алмаған. Оның өлімін естігенде Сайлаубай: «Атан өліпті» депті. Таңданғаны ма, қуанғаны ма, қайғырғаны ма, түрін көріп тұмаған соң белгісіз. Ал «Қасымжомарттың қызыл шырайлы жүзі шоққа қарыла түскендей нарттанып, аппақ қолымен бетін сипады». Ол ұяттың өртінен «шоққа қарыла түскендей». Себебі, бетте бедерленген ұятты жуыпшаю үшін Қасымжомарт тек тұрмай: «Е-е, Атан-Атан болғалы қай заман! Дүние шіркіннің бір-ақ тұтам екенін білмеді ме екен сорлы. Күнделікті қам-қаракет деп итшілеп өткізген күн күн бе, тәйірі?! Мына жалғанда бірдеме жетіспейді деп асанқайғы болғанмен, өзінің шолақ қолы тәрізді қайтып орнына келмейтіні де бесенеден белгілі. Құдай-ау, сонша неге бір тұтамы қалғанша өкпесі өшіп, еті өлмей осы дүниеде шарқ ұрады бұл пенде?! Құзғынның жасын жасап, ақыл-ойы бір жағына алжасқанша қасарысып қалатын серті ме екен шіркіннің» [26, 3] деп Атан жайлы өзінің ойларын оқырманға кіжіне айтып, төгіп-төгіп жібергені бір түрлі күдікті шыққан. Бірақ,

осы сөздері арқылы Қасымжомартты кінәлай да алмаймыз, себебі ол ащы шындықты пендешілікпен айтып отырып, өз болмысын сақтап қалған адам. Сөйтсе де «Басқа ауылдың көп төбетінің ортасына түсіп қалып, содан әзер құтылғандай Қасымжомарт сидаң барды» деп келетін сөйлемде жанға жылы соғатын леп жоқ. Ол Атанның жеке өмірін сынап сөйлегенімен, ал осы өлім солардың есіне көп нәрселерді салды. Демек, еске бірдеңелерді түсіретін адам, ол мүрде болса да тегін емес. Рас, тез ұмытылатын адамдар өте түзу келеді. Бұған Қасымжомарт та, Сайлаубай да жатуы мүмкін. Ал Атан мен Ханымкүл бұл қалыпқа сыймаған. Біз оған Ж. Шаштайұлының «Аспанқора» хикаятын оқығанда көз жеткіздік. Хикаят алғашқы абзацтан бастап оқырманды бұл қандай қаза дегенді білуге итермелейді. Оқырман әлбетте бұдан қылмыстың ізін іздеп оқымайды. Автор бізге Атанның жеке өмірін ішіне кіріп отырып баяндай бастағанда, адам тағдыры туралы ауыр ойларға шомасың. Елеусіз ғана, қалың көпшіліктен саяқ ғұмыр кешкен мұндай адамдардың өмірінде соншалық күрделі жағдайлар болмайды деп ойлайтындарға, жазушы оның жан дүниесін ақтарып тұрып көрсеткен.

Жазушының өзгелер байқай алмайтын, байқаса та әлдебір «ірілікпен» көзге ілмейтін жайтарды өте шынайы, дәл беретінінің сыры неде? Меніңше, жазушы өмірлік материалдарды қалай байқайды, сол байқағанын қандай дәлдікпен жеткізе алады, көркемдік ойлаудың психологиялық қабаттары нені ашуға ынталы, міне барлық құпия осында. Осы жағынан келгенде, Ж. Шаштайұлы баяндаған Атанның тағдыры адамдар әлемінің күрделі болмысын өзіндік бір ерекше қырынан аударып тастады. Адамдардың ішкі әлемі олардың қарым-қатынасы сияқты күрделі. Егер дәстүрлі қазақ прозасының шеңберінде терең психологиялық зерттеулерге бара білсек, жазушы Ж. Шаштайұлы сияқты адамдардың тағдырларын реалистік бағытта ашуға болады екен.

Жалпы, Ж. Шаштайұлы өмірлік материалдардың түпнұсқасынан гөрі соның қосалқы, тіптен жанама факторларын творчестволық байқампаздықпен зерттеп кеп, болмысқа бұлардың қаншалықты әсер еткенін іздейтін қаламгер ретінде өз қатарластарынан ерекше. Схематикалық баяндаулардан гөрі жан дүниенің диалектикасын бағамдап, сол арқылы адамдарды сомдауды, даралауды қолай көретін жазушының эпикалық стилі айқын.

Әсіресе, адамның көңіл-күйін табиғатпен егіздеу жазушының ерекше бір қыры болып көрінеді. Мысалы, Атанның қапаланған сәтінде Аспанқора да көңілсіз бояу алады. «Аспанқора шоқысының

тік қапталында үйездеп жатқан қой, түпсіз терең көгілдір аспан, дүниедегі мүлгіген тыныштық, көз ұшындағы құз етекте жыландай ирелеңдеп аққан өзен – бәрі бұған бір түрлі жат болып көрінді» деген күні Атан мынандай көңілсіз ойға берілген болатын: «Қасым итке келгенде мұның ықыласы неге өзгеше? Мендегі осы шыдам ба, жоқ, әлде күнелту сияқты ездiк, бейшаралық па? Мен сияқты парықсыздан нәресте көргісі келмейтін шығар мұның әуелі. Әйтпесе бір бала емес, екі бала табатын уақыты болған жоқ па?!» [26, 14]. Бұл жаны күйзелген жалғыз адамның ешқашан жауабын таба алмайтын ішкі әлемімен табиғатты егіздеу. Ол айналасынан, табиғаттан қиюы кеткен тірлігіне не себеп болып жатыр деп, соған жауап іздейді, керек болса, тіпті, Аспанқораның шоқысынан үй жаққа көз салып, Ханымкүлдің қарасын көргісі келеді. Оны көрсе тірлікке дәнекер болатын бірдеңе табатындай емексиді. Ал оны көре алмаса, айналасындағы «Асқар шыңдар осылайша мәңгі тұратынын білетіндей, мына кішкентай тіршілік иелерінің күйкі ниеттерін қабылдамайтын тәрізді райы салқын» көрініс береді. Атанның Аспанқорадан тірлігіне тірек іздеп, оған қайғысын айтып, одан кешу сұраса, оның әрбір жерінен салқындықты сезінсе, жазушы соның бәрін қаламының ұшына қондырып ап, оқырманға айтып отыруды артық санамайды. «Жарықтық, Аспанқора, – деді көтеріңкі көңілмен. – Мен бүгін үйіме екінші әйелімді алып келдім. Өз қойнауыңда туған Қасым ит пен әлгі Ханымкүл өздері харамданып, сені ұятқа қалдырды-ау. Мен сол бетіндегі шіркеуді алып тастау үшін қаншама арпалыстым. Жарықтық Аспанқора, сенің биік шоқыңда болмаса да, бауырыңдағы тұқыл жота Атабайда туып едім. Өзің тұтқан пендең Қасым саған опасыздық жасады. Сенің енді киелі шыңыңда ондай сұмдық болмаса екен» [26, 23] деп, өзінің «таудың күнгеі беткейі тәрізді» өмірінен кешу сұрап, ендігі тіршілігінде үйін-Аспанқорасын ластамай өтуді тілеген Атанды туған топырағынан, табиғаттан ажыратып қарай алмайсың. Атан Аспанқораның баласы. Басқалар туралы олай дей алмаймыз. Өйткені, Ханымкүл де, Қасымжомарт та, Сайлаубай да «елегізітіп өлтіретін.. туған-туысқанды» білгізбей, «аң болуға айналдыратын» Аспанқораға келіп-кетіп жүретін адамдар ғана. Жау емес, бірақ жанашыр да емес. Ал Атан қайғырса да, қуанса да және онысына ешбір рай білдірмей, «салқын» ғана «тәкаппарлықпен ыздиып» тұратын Аспанқорасына әлдебір тылсым күшпен кіндігінен байланып қалғандай. Ол өмірді сол Аспанқораның шоқысына шығып ап бақылағысы келетіні неге екен? Атанның қателігі осы емес пе өзі? Биіктік тек басқа биікті көру үшін керек. Ал қасымжомарттар

Аспанқораның шоқысынан қарағанда тым қораш көрініп, онысын жасыра алмай білдіріп қоятыны Атанның қасіретті өмірінің себебі емес пе?

Атан Аспанқорада ұрпағы болатынын Қаламқастан естіген күні жүрегі жарылардай боп қуанып, түйе мен суын тік беткейден асырам деп арпалысқан кезінде, әсіресе қартайғанда «мынау кім дегендей ұзақ тесіліп» қарайтын әкесін есіне алғанын; әке мен баланың арасындағы қандық қарым-қатынастардың кейбір қырларын пенде баласы көрерін көріп, көзі шыққанда барып бажайлайтынын; Атанның «ет жақынынан енді ғана айрылып, соның аясында жүріп қадіріне жетпегенін тым кеш ұғынғандай» боп шын жылағанын; әсіресе «оң қолы жоқ иығы қатты қозғалғандықтан зар қақсап» құлаған түйесінің жанында, «үсті малмандай су. Тәлтіректей басып» тұрғанын; содан ең ақырында «Қаламқасқа рақымы түсіп, бір де жылы сөз айтпағаным қалай?» деп «Жүрегі әлсіз соққан» сәтінде «Мұнысы несі?» [26, 37] деген сұмдық сұрақ санасын торлап, ол өзімен бірге мәңгіге кеткенін – адамдар «Атан өліпті» деген жалғыз сөзбен айта салды...

Аспанқора Атан сияқты адамы қуанса, ол да жадырап көрінеді, қапаланса «бедірейіп» алады. Тіптен, «сәл аласарып, шөжіп, шөккендей» болады. Суық, салқын. Сосын, Атанның Ханымкүл мен Қаламқасқа жасай алмаған іс-әрекеттерін «қалай?» деп өзіне сұрақ тастап, есіне түсіретіні, тегінде Аспанқорадан ауысқан мінез емес пе өзі? Өйткені, табиғат адамға бөліп-жарып жақсылық жасамайды және жамандығы да жоқ, солай болғанымен, өзін кірлеткенін, құметтемегенін, әсіресе кесірлікті құптамайды. Иә, Аспанқора өз бауырындағы адамдарына, атап айтсақ, Атандарына әсте жамандық жасай алмайтын табиғат-ана еді, әйтсе де оны орынсыз харамдайтын қасымжомарттар кездеседі екен.

Атан қасымжомарттарға антипод сияқты Аспанқораның бауырында, оған жат пиғыл көрсетпей өткен жалғыз адамы болса да, табиғат пен оның төл баласының қарым-қатынастары әсте оңай болмайтынын шынайылықпен баяндаған Ж. Шаштайұлының бұл хикаяты өмірдің күрделі қабатын өте қарапайым оқиғалар арқылы айшықтап бергенімен ерекше.

Психологиялық параллелдерді тағы да еске түсіріп қарайықшы, екі адамның арасында сынадай қағылып, арасын ажыратып отыратын адамдар «Құралайдың салқынындағы» қара кемпір мен «Ұябұзарда» Бөкенбайды қуғынға түсірген Қыдырәлі жалпы болмыстары жағынан Қасымжомарттан кіндігі алыс емес. «Құралайдың салқыны» хикаятындағы Қадірсіз де (Демеудің әйелі) адам арасында

айтылуға тиіс емес ауыр сөздердің құрбаны болған қасіретті бейне. Қит етсе «нәсілі жаман немені қарай көр», «О, қу жаман, қу жаман» деп жерден алып, жерге салып отыратын қара кемпір жарымжандау жалғыз баласына «Демеу» деп ат бергенімен, оның іс жүзінде сағын сындыруды жоспарлы түрде жасамаса да, әдет қып алған. Келіні ретінде күйеуінің әпкесі Ұрқиядан «Екі жартыкеш» деген сөзді еститін Қадірсіз «Өлім ғана әшкерлейтін ақиқаттың ойламаған жерден ашыла салғанына» [26, 137] ешбір қайран қыла алмай далаға шығып кетеді. «Бұдан гөрі жібі түзу біреуді алсаң төбемізді оярсың сен. Сандалмай жайыңа жүр!» десіп біреуі баласын, біреуі бауырын мазақтай күлісіп отырған екі әйел оны (Демеуді) жасытып, қорлап жүргендерін жақсы біледі. Ал келіні Қадірсіз мына кемсітуден кейін «үздіксіз жарқылдаған найзағай отының өткір ұшқындарынан одан сайын сескеніп, жапырақтарға ілініп қалған тамшылар кісінің көз жасындай мөлтілдеп, қимылдайтынын әлдеқалай байқады» [26, 128]. Жан дүниесі құлазыған адамға табиғаттың сұрқай суреті өз бейнесін ашып қана қоймай, мұңын да шағатыны өте-мөте сол сәтте көрінді. Ол «сонда енесі мен Демеу(дің) әпкесіне алма-кезек тосырқап қарағанда, жүрекке тікендей қадалатын мұншалықты ауыр сөздерді айтуға екеуінің дәттері барғанына қатты абдырап, абыржыған» күні енді бұдан былай «үн-түнсіз тыңдап қана отырудан басқа шарасы жоқ» екенін іштей мойындап қойған. «Бетін қолымен көлегейлеген Қадірсіздің арық денесі тепкі тиген сайын бір созылып, бір жиырылғанда» Демеудің адам қатарынан кеткені бір басқа, оны көріп отырған қара кемпір-енесі «Үлкендіктің жөн-жоралғысы қалай болушы еді дегендей іркіле тосылып» [26, 123] қалады. Уақыт, әсіресе дер кезінде тоқтамаған уақыт өзінің барлық нәрселерін өзімен бірге алып, ұзаққа, тіптен мәңгілікке кетуі мүмкін. Осы бір айналасындағы адамдардың әділетсіздігі деуге келмейтін, бірақ одан әлдеқайда ауыр пенделік қарым-қатынастардан жан дүниелеріне салқындық енген Демеу-Қадірсіз жұбы тірліктің сан мың дәнекеріне ілініп қала алмады. Демеудің де Атан құсап, араларында орын алған түсініксіз жағдайлардың кесірін алыстан бақылайтын мінезі бар. Сонда «киіз үй тұрған аралықтан өрге омыраулаған қайқаңға қарай тырмысқан әйелінің сұлбасын көріп қалып, еріксіз тізгін тартты. Анау ағараңдаған ақ жаулық аздан кейін көзден ғайып болатынын ойлағанда жүрегі шым ете түсті» [26, 124]. Демеудің өз ісін өкіне еске алып, Қадірсізді жөнсіз соққыға жыққандығын мойындау жоқ болғанымен, жүрек шаншиды екен. Ол онсыз өмір сүре алмайтынын терең ойлап көрмесе де, жүрек оған шындықты сездірді. «О, жазған Қадірсіз-ай, есіл өмірің



ырың-жырыңмен өтті де кетті» [26, 142] деп ауыр күрсінген адам тек Тасболат қана емес. Оқушы да осы ойдың салмағын сезеді...

Ал тарихи уақыт пен кеңістіктен қуғын көріп қырғыз асып кеткен Бөкенбайды халық қалай атағанын біз білмейміз, Қыдарәлі «банды» деп таныған. Автор бұл оймен келіскен деп айта алмасақ та тарихи хикаятының «Ұябұзар» деп аталғанында қандай астар жатыр. Бөкенбай байырғы жалшысы Жайпақбайды орта жолда оққа жығып, тірі өлік қылады. «Қарасанынан төмендеу тұсты Бөкенбай көздеп тұрып, шүріппені басып қалды... «Малдың жуасы қой болса, адамның жуасы сен ең, Жайпақ, обалың Қыдырәліге» деді Бөкенбай сазарған қалпы. Бөкенбайдың безерген кескінінен аяушылықтың аздаған жұқанасын іздегендей сәл іркілген Жайпақбайдың ұсқынына сұрапыл азаптың қиналысы ұялады. Кенет жерді қойғылай өкіріп жіберді. Бір уақытта талықсып кеткендей оң қырына қарай аударыла сұлық түсті. Тері шалбардың түймедей қарауыта үңірейіп қалған жерінен шып-шып шыққан қанның орны ұлғая жайылып барады» [26, 179].

Көз алдыңызға жазықсыз соққыға жығылып, басын қолымен қалқалап, тепкіден керіліп-созылған Қадірсізді келтіріп көріңізші. Ал «Адамның жуасы» Жайпақбай болса, ол адамнан қандай күнәсі үшін жәбір көріп жатыр... Бөкенбай өзі қандай адам. Ол әйелі Күлхан мен әмеңгері Назымға не себептен қатал. Күлхан бала көтермегенімен, Назым ұл тауып берді. Өз басына екі талай күн туса, оған кінәлі әйелдер ме, неге олардан өш алады. «Нәсілің жаман ғой, ит!» деп Назымды күстаналайтын Бөкенбай қуғыншылардың оғы тиіп, «Аппақ күндігінің тарқатылып кеткен ұшы көлбеңдеп ағараңдап, Назым шалқалап құлап бара жатқанда» [26, 181] оның ажалына кім себепкер екенін ойлай да алмады. Және, бәріне Қыдырәлі кінәлі емес. Ол да көзі қанталап, өлім бар екенін әлдебір топастықпен ойламай, Бөкенбайдың соңына өршелене түсті. Қашқан – жау болса, сол қашып бара жатқан адамды қуып келе жатқан да жау. Осыны қысқа өмірлерінде түсіне алмаған қос пенде бір-біріне қару кезеуден тайынбады. Егер әділет болса, ұябұзар Бөкенбай емес, Қыдырәлі шығар деп пайымдасақ, хикаяттағы ажал құшқан адамға бұдан кейін мәңгілік айыптау да жүрмейді. Ол өз сыбағасын алды. Артына түскен жауын бақтығұлша қарауылға алып тұрып, ат жалын құштырса да, Бөкенбай «арқар атып келемін» дегендей қуана алмай, «солқылдап жылап жібергені» [26, 182] оның жалпыадамдық болмыстан алыс кетпеген адам екенін көрсетеді. Өйткені, қанша жерден айыпты болса да, кісі өлтірген кісі қуанбауы керек қой, ал жыласа шындыққа жақын

келгені деп санаймыз. Жүректе адами сезімнің, жалпы кісіліктің соңғысы болса да бір белгісі қалған адам Бөкенбайша күй кешері анық ақиқат. Қатерлі жол, қауіпті асу артта қалып, сол уақытта «Құдай-ау, мынау рас па? Тірімін бе?» [26, 183] деген сауал санаға түссе, әрі үздіксіз қуғын көрген, «Ел-жұрттан шынымен аласталған», жан-тәні азап шекен адам қорланып та, қуанып та, қорқып та жылайды. Біз бұдан кейін қандай күй кешері мәлімсіз, жат өлкенің қойнауына сіңіп бара жатқан Бөкенбайдың – қатал, мейірімсіз, бірақ нағыз адам, соның ішіндегі трагедиялық тұлға екеніне шүбәләна алмаймыз. Жазушының осы тарихи-психологиялық хикаяты оқырманды әр алуан ойларға түсіретінімен есте қалады.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастардың психологиялық, әлеуметтік, саяси қабаттарын нәзік бақылағыштықпен, негізді байқампаздықпен екшеп кеп, көркемдік жинақтаулардың өзін үлкенінен кішісіне қарай аударып, сол арқылы жалпы шындықтың (өмірдің реалды болмысын) суретін жасауға машықтанған Ж. Шаштайұлының қаламгерлік қарымы – прозада өз қолтаңбасын қалдырған көрнекті жазушылардан еш кем емес.

Профессор А. Ісімақова «Жұмабай Шаштайұлы туындыларының мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері» деген мақаласында оның біз сөз етіп отырған повестерін жан-жақты талдаған. Ғалымның: «Ж. Шаштайұлы айналысында өтіп жатқан жайттарға кейіпкердің ой көзімен үңілуге бейім. Оның үстіне өзі де ауылда туып-өскендіктен, әншейінде жиі айтылып жүрген дайын ұрандардан басқа да өмір болмысының бар екенін жақсы білетін жазушы... Жазушы қашанда өзінің өмірлік тәжірибесіне арқа сүйейді. Ең бастысы – идеализациялау емес, алған тақырыбына деген адалдықпен әділ болуға тырысу» [27, 269] – деген ойларын жазушының көркемдік-эстетикалық һәм дүниетанымдық ізденістеріне берілген оң баға деп атап айтқанымыз жөн.

Жалпы, Жұмабай Шаштайұлының повестері мазмұндап айтуға қолайлы емес және бұл жазушының кемшілігі болып қабылданбайды. Өйткені, оқиғалық (сюжеттік) мазмұндау «Шал мен жылқыға» да өзінің үлгі емес екенін көрсетіп жатса, бұл автордың адресатына айтылар сын сөздерге дәйек болмауға тиіс. «Шал мен жылқы» және жоғарыда сөз болған повестердің бәрі адамдардың жан дүниесін ашуға арналған психологиялық мәнердегі көркем шығармалар. Ал сол адамның аспаннан аяғы салбырап тұрмағаны тағы белгілі, әлбетте оны қоршаған орта, табиғат, жинақтап айтқанда, түрлі эконокеңістіктер мен зооморфты әлем бар. Оның тағдыры тарихи уақыттар мен реалды, концептуалды, пер-

септуалды уақыттардың шеңберінде өз болмысын жасайды. Міне, сол әлеуметтік, саяси, адами болмыстарды ішіне еніп отырып, психологиялық жағынан зерттегенде ашылатын көптеген қырлары, тіпті күрделі қабаттары бар екенін бізге жазушының аталған повестері дәлелдеп берген.

Көркем әдебиетте адам атты асқақ жаратылыстың пенделік іс-әрекеттерінің мол екенін дәлелдеуге жетерлік мысалдар соншама неге көп? Осы тұрғыдан қарағанда, адамның мінез-құлықтары мен тектік, тіпті қандық жақсы-жаман қасиеттері қоршаған орта жемісі ме, қоғамдық жағдайлардың таңбасы ма дейтін мәңгілік әдебиеттік сауалдарға автор мысалды тау мен дала өмірінен алып, оған өзінше жауап іздеген. Әркім әр түрлі әдіс-тәсілдерге жүгінетіні сияқты Ж. Шаштайұлы өз шығармаларында бұған адамдар арасындағы диалогтар мен кейіпкерлердің ішкі ой-сезімдерін ашып көрсету (зертеу) арқылы көбірек ден қоятыны байқалады. Әрбір сөздің салмағы, айтылу, естілу және қабылдану аясы, бұның кейіпкерге жасаған ықпалдары: ойландыруы, пікір түйіп, тұжырым жасауға мәжбүрлеуі немесе кері экспресивті мәні. Міне, осындай толып жатқан психологиялық қабаттарды нақты мәтіндік мысалдарға жүгіне отырып талдамасақ, жазушының шығармаларындағы жоғарыдағы айтқан мазмұн мен пішін, тіптен көтерілген тақырыптар, түйетін ойлар жан-жақты ашылмай, бір-екі сөзбен жадағай баяндалып шығуы әбден мүмкін. Сондықтан, біз өз тарапымыздан жазушы повестерінің ішкі әлемін түсінуге көбірек ықыласты болып, оқиғалық мазмұндаудан қашатынымыздың бір себебі, осы. Басқаша айтқанда, көркем мазмұндау жазушы повестеріне ыңғайлы...

«Шал мен жылқы» хикаятында: «Біреу-міреу айдады-ау, әйтпесе бір жақтағы Қайыпта несі бар?» деп шалдың ойы сансаққа жүгіргенін» жазушы тоғыз мәрте келтіргенде, барлық оқиға осы маңнан өрбитінін оқушы бірден сезеді. «Басқалары күнін көрер-ау, әлгі күрең байталдың ұсқыны нашар еді, қайтер екен бишара» деп уәйімдей бастаған» этнопсихологиялық кескін де таныс әрі мал баққан шаруаның бойынан байқалатын мінезді айшықтап, оқушыларға жылы жымыс тудыратыны тағы бар. Ал қалада тұратын балаларының іс-әрекеттеріне көңілі көншімейтін шалдың «Иттердің ең құрымағанда біреуінің малға үйірсек болып шықпағанын қарашы!» [26, 182] деп өзегі өртені, түңілген сәті әкелер мен балалар арасындағы күрделі қарым-қатынастардың тағы бір түйткілді жағын қаузайттынына айқын мысал болып көрінеді. Уақыт пен кеңістіктің тарихи ағыстарында таным-түсініктердің алмасқанын баяндайтын «Шал мен жылқы» повесі

ұлттық құндылық дейтін күрделі қағидаттарды өзінше көтеретін секілді. Заманының жаңа талаптарына бейімделген балалар үшін уақыты өтіп бара жатқан үлкен сөздер мен халықтық тұрмыс-тіршіліктердің, тіптен ұлттық тарихтардың ашы суреттері енді қандай маңызға ие болмақ? Ал шалдың өткенмен және өз өмірімен өлшеп қараса, балаларына қоятын талабы өте күшті екен әрі одан бас тартқысы келмейді. Ол балалардың тағдырын жылқысы Қайыпқа шығып кеткеніне алаңдағандай ойламайтын сияқты. Шалды ойландыратын нәрселер басқа. «Қайып Бурылдан қырық шақырым, Бурылың мұнан жүз» – барлығы жүз қырық шақырым болатын жерге құнанмен баруды шешкен шалды дүниеқоңыздық дейтін мінез аттандырмағанын оқығанда, енді балаларына тағар айып аз еместей сезіледі. Бірақ, қатын-баланың қарияның қартайғанда Қайыпқа қаңғып, ақпан-қаңтарда жылқысын көздеп жүргенін қолай көрмейтіні оның өз ойы тәрізді өте орынды көрінеді. Онан да соларды шетінен сатып, ендігіде босқа қиналмай, бәрін реттеп алса, шалға да жақсы болар еді-ау деп ойлайтын балалардың мақсаты (ойлары) соншалықты кісі өлтіретін нәрсе емес. Сөйтсе де, әке қамқорлығында қыжалат көрмей, заманы да оңынан келген балаларының әке жүрегінде қандай қасірет орнап жатқанын сезбейтіні қиын-ақ.

Әлсін-әлі «Он тоғыз бастан айрылып, жалғыз қалған тұяқ ен, кенжем-ау» деп зар жылап, соғысқа аттандырып салған Қозы жеңгесінің сөзі жадына оралғанда» [26, 202] шалмен бірге оқырман да ауыр сезімді бастан кешеді. Қарап отырсақ, шалдың басынан кешкен тауқыметі өзімен бірге кететін сұмдық өмір екен. Ол ашаршылықты және соның қыршын кеткен құрбандарын көрген, оларды өз қолымен көмген адам. Ол өзегі талып, өлім қоршаған аш адамның басынан айнала торып ұшқан қарақұстардың адам етіне тойып ап, тұмсығы қандана ұшып қарқылдағанын; жасамыс әйелдің отырған орнында көз жұмып, оның жанында балалардың екі көзі үңірейіп жатқанын; «Кейбір жазғандар осы өлімнің өзінен құдды ыңғайсызданғандай жүзін көрсетпей ішке тыға жайғасқанын»... көрген адам. Ол Меккеге арқалап баруға тиіс анасын аштықтың қанды шегелінен құтқарып қалу үшін арқасына көтеріп, талай-талай асулардан асқан адам. Ол «Өзінің өлім сағатын көмбістікпен күтіп алуға тас бекінген анасы басымен жер тіреуге шақ қалғанын» көрген. Оның жанында, былайғы бейбіт күнде келінінен «Шалын, үш баласын бір жылда жұтқан бұл мыстан сендердің арттарыңда қалады, асықпа» деген адам айтпайтын ауыр сөздерді естіп, «...қой көзіне тіршілікке деген жылт еткен ынтызар білінбей. Тырсия

керіліп тұратын кимешегінің жақтары сөлпілдеп. Түсі оңып кеткен өрнек кестелеріне дейін айырып болмайтындай – баттасқан кір. Арып-ашып, азып-тоза бастаған анасының ұсқынын» [26, 207] көргені түк те емес. Ол аз десеңіз – соғыста офицер бұның бір атадан қалған жалғыз тұяқ екенін сезетіндей «Жүгенбаев, Жүгенбаев», «а, значит, живой» деген сөзін де естіген. Ол... ол...

Бұның бәрін шал Қайыпқа ауып кеткен жылқысын іздеп шыққанда есіне түсіреді. Жолда көп нәрсе есіне түсіп, санасы сан саққа кетті. Шетте жайылып жүрген қасқа биенің тағы буаз екенін көргенде, оның осымен он екі рет құлындағанын да есіне түсіреді. Міне, сол сәтте «Кей қатындардың ұсқыны келіспесе де баланы балпанақтай-балпанақтай табатынына» [26, 198] оны салыстыра тұрып, сонымен қатар ортаншы ұлының әйелі келін боп түскеніне көп болса да, әлі құрсақ көтермегенін қынжыла еске алады және сол күні өзі қонақ боп түскен үйдің «кекілік кейіптес келіншегінің» балаларын көріп тағы да ойлап қояды.

Шалды көп ойлантатыны өмір және өте-мөте өміршең нәрселер болса да, балалары басқаға бас қатырып жүр. Өздерімен өздері қырбай болып, жаға жыртысуға дейін барып жатқаны, шалға тіптен түсініксіз. Ал жылқыларды ақырында атып алуды жоспарлап, әкелерін соған ертіп шыққаны да талай сұмдықты көрген шалды жауабы енді ешқашан табылмайтын ойларды ойлатуға мәжбүр етеді. «Шал жолға атпен қанша шығып жүрсе де өткен-кеткенді бұрын-соңды бұлай таусылып ойламайтын». Ол Қайыпқа бара жатып, өткенін де, бүгінін де ойлады, бірақ келешек туралы ойлады ма? Шал болашаққа керек нәрсені өз шама-шарқынша жасаған сияқты. «Бұрын үш баласын бір бөгде зұлмат қыршынынан қиятындай қатты сескенетін». Енді қарап отырса, кемпірінен бастап, бала-шағасына дейін жылқыны сат та, сат деп шу-шу етеді. «Нақ осы сәтте дүниеде жападан-жалғыз қалып ем, өсіп-өніп, өрбісем екен деген тілегі де құр бекершілік сияқты көрініп кетті. «Қатын да алынады, іздесе ақша да шығады, бірақ бауыр табылмайды ғой, бауыр» дегенді шал іштей айтса да, айқайлап жібергендей сезінді».

Кейде шәй үстелінің үстін сипап қойып, шалын сөзбен түйреңкіреп отыратын кемпірі де қанша дегенмен құдай қосқан қосағы емес пе, балаларына бұл айтқысы келген, бәлкім айтқысы келмеген сөздерді ашу үстінде айтып жіберген кездері болды. «Ішкі жан арпалысынан бүкіл ар-иманы сыртына шыққандай от боп жанған кескіні шымырлап, күреңтіп» тұрып: «...Біздің асырап-баққанымыз, оқытып-шоқытқанымыз, сол сенің берген

ақшаңа тұрмай ма, құдай?!» [26, 237] деп кіші ұлы үйленем деп, бітпейтін «кедей кеңес» құрып, бір-бірімен ақар-шақар болып жатқанда кемпірінің ағыл-тегіл жылағаны, шалды «Ал енді бұларға көкейімдегіні мен қайтып жеткізсем екен? Жоқ, мынау сияқты жылайын ба?» деп тұйыққа тірегенде айқайға бергісіз әлгі бір ішкі ойын ойлайды. Осы ойдан кейін ой ойлауды шал қояды. Бәріне көніп, жылқыны тауып әкеп, шетінен сатып, керек болса атып алуға да аттанды. Іштей қарсы, бірақ бәрі біткен тәрізді. Қасында ортаншы ұлы мен аты жер жаратын Ғайыпбек, қолдарында бір-бір мылтық ұстаған есер топ екі машинамен жолға шығады. Бірақ жылқы таптырмайды. Шал сонау аштық жылдары анасын арқалап жүргенде астындағы атының ер-тоқымы әр жерде шашылып, «терең жыраның тұйығында бауыздалып қалғанын» көрген сұмдық күннен кейін, қан қасапты, әсіресе жылқының өлгенін тірісінде көргісі келмеген және сәтін салғанда, сол жолы оны көрген жоқ. Шал жалғыз өзі жылқы іздеп кеткенде олар қыстауға, қасапшылардың қолына өзі келіп түскенін қайтып келгенде түскен үйдің иесі мәлімдейді. «Шал ләм деп тіл қатпай, сүйретіліп үйге кіреді... Сонан кейін жылымшы тартып, сүйсіне алмай кесесін төңкеріп, болдым деген ишара жасап, сұлық түсіп жатты да қалды». Ұйықтап кеткен шал түсінде анасын көреді. Астында арғымақ, анасын артына міңгестіріп апты. Баяғыдай жүдеп-жадамаған. «Шаңырақтай күндігі мен кимешегі таза, ажары бордай аппақ. Жан-жағына көз қиығын санаттана тастайды, мына жарбиған жаман шалды қомсынатын сыңайда назарын елеусіз тіктейді.

– Қосжан-ау, өтіп-бүйтіп жүріп сен де сексенге келдің-ау, – деді анасы ұлының тұрқына көңілі толмағандай» [26, 253]. Шал анасына бірдеңе айтқысы келеді, бірақ бір түрлі көңілі босап, еңіреп жылап жібереді. Көзі жасқа шыланып оянған шал жан-жағына алақ-жұлақ қарап отыр. Үй иесі, сүт пісірімдей ұйықтап оянған шалдың алдына табағын тартып жатып: «Ақсақал, ақы иесі өзіңіз ғой деп бағана сойылған тайдың маған қалдырған азат омыртқасын астырдым. Бірінші өзіңіз ауыз тиіңіз, – деп шұжықтың үлкен кесегін ұсынды. Шал бірден аузына апармады, шұжықты ішегінен ажыратып алып, ары-бері ұзақ қарады.

– Мына тай мықты айғыр болмақ екен-ау» дегенде ерлі-зайыптылар аң-таң, томашадай шалға қайта-қайта қарай берді. Түсіне бір кіріп көрмеген анасын қамықты ма деп, ал «түсте көрген жылқы не болушы еді?» [26, 254] деп ойға кеткен Қосшыбай-шал болған істің бәрінен өзін қанағаттанарлықтай жауап таппағаны

сияқты, енді осыны ойлап қаншама ой кешері белгісіз боп «Шал мен жылқы» повесі аяқталады.

Шал үшін тектілік қасиетті нәрсе. Бұны шал өз өмірінде көрген Сұлтандардан, Жанапилардан, Ғайыпбектерден іздеген емес. Керек болса, туған-туыстардан да, үрім-бұтағынан да, басқалардан да айқын көріне алмағанын мойындайтындай.

Ал «Қайран нәрсенің ішегі жуан екен» деп сол тектіліктің соңғы жұрнағын қолына ұстап отырып қалған оның өзі осы құндылықты танытын қазақ шалдарының ақырғысы емес пе екен? Егер бұлай болса, бұл қасірет қой! Сұрақ баршаға қойылып отыр, бірақ оған қол көтеру шарт емес, өйткені бұл сұрақ өзімізге қойылған, ал бұған біз иланамыз. Басқаша айтсақ, автор қазақ ұлтын және оның ұлттық құндылығының тарихи қасіреттерін баяндаған. Кейбірін өзі көріп, куә болған деректі оқиғалары болса да ондағы оқырманға көркем баяндалған адамдар өмірі бізге нені ұғуды міндеттейді. Әрине, біз автор мына жайтты баса айтып отыр деп, өз ойымызды жазушыға жапсыруға тиіс емеспіз. Алайда, сол өзіміз түйген ойларды ортаға салу белгілі бір шығарманың көркемдік әлемін әр қырынан тануға кедергі болмайды. Нақтырақ айтқанда, «Шал мен жылқыдағы» тыныс-тірлігі бір, керек болса, қандық қарым-қатынастағы адамдардың ақиқат өмірлері, қанша жасырып жапқанымызбен, әкелер мен балалар арасындағы тартыстарды баяндаған. Бұл саяси тартыстар емес. Кезінде «Абай жолындағы» Құнанбай мен Абайдың тартыстарын ескі мен жаңаның арасындағы қайшылықтар, т.т. деп саяси тұрғыда талдағанын білеміз. Ол уақта оның әдеби-көркемдік әдіс екендігі ескерілмегені сияқты, тегінде бұндай жайттар өмірдің ажырамас бір сипаты болатыны да назарға алынбады. Рас, бүгінгі пайымдаулар бұл сарыннан толық арылған, бірақ бұл әкелер мен балалар арасындағы реалды өмір тудыратын әлеуметтік, тіршіліктік, психологиялық, тіптен философиялық тартыстар мүлде жоқ деген пікір емес. Тартыстың түбі ұсақ түсінбестіктерден де шыға береді және тартыстың бәрі жаман емес. Осы тұрғыдан келгенде, ұрпақ – әкелердің қадірін біліп, бағалап, құрметтеп әрі жалғастырып жүр ме? Әке қадірі, оның адал еңбегі, тіптен ішкі жан дүниесі адамзаттық өлшеммен қарағанда құны түсіп бара жатқан жоқ па? Үлкенге деген құрмет пен тағзым, сондай-ақ ұлттық құндылықтарға деген көзқарастар күйкі тіршіліктің күйбең түсініктерінің салдарынан тағы бір қазақ қасіреттерінің пайда болу нышанынан хабар бермей ме? Бұндай сауал үлкендерге балалардың да тарапынан қойылса, оның да айып шамы жоқ.

Біздің байқауымызда, осылар жазушыны ойландырған сияқты. Өйткені, автордың өз қатарластары әрі оның өз дүниетанымы бойынша әкеге деген құрмет ұлттық дәстүрге қайшы келмеуге тиістей. Жазушының және ол қалыптасқан тарихи уақыт пен кеңістікте кісілік өлшемнің деңгейі әлі сетінемеген болатын. Құрмет бар еді және соған лайық адамдар да мол болатын. Автор оларды көрген, бірақ өмір түйткілдерінде кейбір кісілердің шынайы кескін келбеті неге солғындау, міне бұлар автордың шығармашылық жан дүниесін толғандырғандықтан, «Шал мен жылқы», т.б. хикаяттарын жазды.

Ж. Шаштайұлының повестеріндегі адамдар өмірі мен олар жапа шеккен сөздердің қасіретті әуендері бізге көп жайтты ұқтырады, алайда бүгінгі құрдастарымыз – таным-түсініктер, қоғамдық ахуалдар, саяси жағдайлар және әлеуметтік-тұрмыстық заттар мен оларға деген көзқарастардың зымырандық жылдамдықпен алмасып жатқан заманында Ж. Шаштайұлының «Шал мен жылқысындағы» психологиялық тартыстардың түп тамырын дұрыс түсіне алар ма екен деп ойладық.

Жазушы Н. Ораздың «Даладан қалаға келгендер» хикаяты еліміздің нарықтық кезеңге өткен уақытын бейнелеген. Базарға әркім әртүрлі мақсатпен барады ғой. Біреулер іздегенін, ұнатқанын, тұрмысқа керектісін алуға барса, тағы біреулер табыс іздеп жол тартты. Соңғыларын қазіргі жұрт саудагер, алыпсатар деп таныды. Алайда, бұл повестегі Жанаттың тағдыры кейбір ұшқары ойларымызды айыптайтын сияқты.

Даладан қалаға келу тек тәуекелді ғана талап етпейді, өмір жолыңды түбегейлі өзгертуі мүмкін. Ал шын мәнінде қалаға адамдар арман қуып келеді. Өзгеру үшін, керек болса көп нәрсені өзгерту үшін келеді. Мұндай мінездер жастық албырттықтан арылмаған жастарда өте мол болатыны тағы рас. Жанаттың да осы ойда болғанына оның Көктебедегі телемұнараға телміретін сәтінен байқайтындаймыз. Бірақ, Алматыда ақ пималы аққұба қыз өкпе-бауыр, жүрек сатып, тапқанын ауылдағы шешесіне апарып жүретінін оқығанда жүректі аса бір ауыр сезім басады екен. Ақ қар, көк мұзда «Өкпе-бауыр, жүрек алыңыздар!» деп ақырын ғана дауыстап тұрған ауылдың қара қызын «Құнттай болып киініп, қасы-көзін бояп алған қаланың ысқаяқ кемпірі» [28, 7], базар тілімен айтқанда «түсіріп кетеді». Кеш түсе келетін қу кемпірдің өз есебі бар. Қыздың «жетпіс теңгеге-ақ ала қойыңыз» деп тұрған өкпе-бауырын отыз теңгеге алатынын біледі. Ал жүрегі жоқ адамға жүректің керегі жоқ болғанымен, сол жүректі түрлі тәсілдермен аулайтын басқалар да бар екен. Ол - милиционер. Оны көргенде байғұс сатушылар



жыртқыш аңды байқап қалған ұсақ жәндіктер сияқты жан-жаққа быт-шыт болып қашады. Бір-біріне қауіпті белгіні хабарлап дауыстайтын сөздерімен-ақ білдіріп, зымырап бара жатқандарға қосылып ақ пималы аққұба қыз да кетеді. Сөмкесінде манағы кемпір алмай кеткен жүрегі бар. Милиционер оны қуып жетіп, жағасынан ала түскенде «жүрек аппақ қардың үстінде күреңітіп жатыр еді» [28, 9]. Осы жүрек кеудесінде кісіліктің соңғы жұқанасы болса да қалған адамға аяушылық сезімін тудырар еді ғой. Жоқ, адамның қасқыры қанның иісін сезе қойды. Зымияндықпен қызды алдап, адам баспас мекенге апарып, адам айтпас өтірікті соғып, адамға жат жоспарын жүзеге асырды. Алдады, арақ берді, сосын аз күн жолдас болды (үш ай). Сөйтті де, тайып тұрды. Ол - Манат Сатаев дейтін ақ пималы қыздың кластасы екен. Ал қыздың аты - Жанат болып шықты.

Жанат даладан келіп, қаладан әлгіндей сыбағаны аламын деп ойлаған жоқ. Жау қашанда жақында жүреді және жақыннан шығады. Жанат соның құрбаны болды. Содан кейін Жанаттың соңынан «қулық ойлаған түлкі сияқты ыржиып» [28, 26] қарайтындар пайда болды. Үміт пен сенімге селкеу түсті. Қиянаты жоқ арман мен қиялдың орнын уайым басты. Сөйтсе де, өмірдің қысы өтіп жазы да келді. Жанат жан-тәнімен беріліп еңбек етуде. Иә, «адамды - адам еткен еңбек» қой!

Оның алдынан талай-талай адамдар өтіп жатыр. Көбі таныс: арам ойымен, нас пиғылымен, олардан – Жанат сақтанады. Көбі таныс емес, бұлар - Дәмегүл мен Балағыз. Автор оқырманға «...Баяғыда Дәмегүл бауырсақтай домаланған күлегеш қыз еді. ...Ақыры, сол бір таусылмайтын арсыз күлкі түбіне жетіп тынды...» [28, 41] деп Дәмегүлдің, «Тұрлыбек сол жылы қыста каналдың ар жақ бетіндегі ауылдың Тойған деген қызына үйленіп кетті. Олардың тойы өткен күні түнде Балағыз мақталықтың ішінде жалғыз, оңаша отырып өксіп-өксіп жылады...» [28, 64] деп Балағыздың өмірлерінен хабар бере баяндағанда Жанатқа да жанама жарық түсіргендей болады.

Тағдырлар тоғысында ортақ қуаныш, ортақ қайғы, ортақ қасіреттер бар сияқты. Әлбетте, хикаяттағы Дәмегүлдің, Балағыздың өмір жолдарын баяндаған жеке оқиғалық арна бар. Олардың уақыты мен кеңістігі де басқаша болған. Бірақ, соңғы түйіндегі «Үлкен қаланың шет жағындағы тозығы жеткен ескі үйде үш мұңлық ұйықтар жатыр...» [28, 64] деген қасіретті сөздердің полифониялық қабаттары өте үлкен. Сондықтан үш мұңлықтың отырыстары, сөздері, ішкендері мен жегендеріне жеке тоқталудың

қажеті жоқ деп ойлаймын. Бағалы да бағасыз уақыттарды толтыратын адами қарым-қатынастар ғана. Өйткені, үш әйел үшін уақыттың қалай өтетіні емес, уақыттың қалай өтіп кеткені ауыр естелік. Ал мұндай естеліктермен өмір сүру оларға жеңіл емес.

Біз Жанаттың балаша армандап, адамша қиялдаған Көктөбедегі телемұнарасына шығаратын ауқатты жігіттің Сатаевтардың соқтынан емес екеніне сенгіміз келеді. «Базарда бәрі бар, бірақ сенің көңіліңдей таза көңіл жоқ...» [28, 38] деп «ойлы жанарын қадайтын» қара торы жігіт Жанатты қасындағы қос мұңлықтың қасында мәңгі қалдырмайтын шығар деп.

Өмірде әркімнің де шыққысы келетін өз Көктөбесі бар, ал соны түсінетіндер көп емес. Сондықтан Жанаттың жан дүниесін түсінген адамға біздің күдікпен қарауға қақымыз жоқ. Автор осыны оқырманға қадап айтпаса да, жанға жылы тиетін мұндай шешімге тоқтаған деп білеміз.

Жалпы, Н. Ораздың өмір айшықтарын шынайы және суретті баяндайтын шығармалары көп, солар сияқты «Даладан қалаға келгендер» хикаятында адамдардың мінез-құлқы, жүріс-тұрыстары, сөйлеген сөздері өте реалды, тіптен табиғаттың құбылыстары да өзгеше бояуға малынып, оқиғалық жұлгеге қабысып жатады. Мысалға, милиционердің: «ішпеген адам маладес болмайды. Ондай кісі не арам, не сараң болады!» дейтін сөзі оның болмысына, сөздік қорына, кәсібіне дәл кеп тұрса, «Жетісайдың бір жігітіне қашырып жіберсек қайтеді, а?!» дейтін Балағыздың Жанатқа әзілдеген жанашыр сөзі өзіне лайық және сәл-пәл дәрекілеу де. Ал «Кадр бөлімінде істейтін бастықсымақ, тәштиген жылтыр қара Жанаттың басаяғына тінте қараған» Сәнгерей – бұл тип. Оның «қулық ойлаған түлкі сияқты ыржиып тұрып» қоштасу белгісін жасағанда, «Әлгі жексұрын үстіндегі киімдерін шешіп алып қалып, Жанат сыртқа жалаңаш шығып бара жатқандай өзін-өзі масқара қор сезінді...» деген сөйлемде жалған бояу жоқ. Жанаттың көңілсіз күйге түсіп, Көктөбеге қарай өрлеп бара жатқан кезіндегі табиғат суретін автор былайша егіздейді: «Көктөбенің басындағы телемұнараның қызылды-жасылды шамдары мұны мазақ етіп, жырық-жырқ күлетін сияқты» деп.

Мұндай мысалдармен жазушының өз мәнерін, шеберлігін, суреткерлігін таныту қызғылықты зерттеулерге апарар еді. Бұл жеке тоқталып, арнайы сөз ететін тақырып болғандықтан, Н. Ораздың осы хикаятындағы Жанат, Дәмегүл, Балағыздардың тағдырлары бүгінгі оқырманға кешегі күндердің қасіретін дұрыс бағамдауға септігін тигізеді деп санаймыз. Жеке адамдық қасіреттердің жал-

пы ұлттық нәубетке айналмауына үн тастау да жоқ емес. Себебі, әдебиеттің бір міндеті – адамдардың рухани дүниесіне сәуле шашу ғой. Осы өреден қарағанда, жазушы қазақ халқының тарихи өмірінен ала отырып, қалай болғанда да, ұлттық құндылықтарға сызат түсірмеу идеясын насихаттаған деп ойлаймыз. Ал ұлттық құндылықтардың жалпыадамдық мұраттармен ұштасатын тұстары аз емес.

Бұл жылдары Қ. Жұмаділов, Н. Ақыш, Ө. Ахмет, Қ. Түменбай тәрізді жазушылар өз шығармаларында кешегі тарихымыз бен бүгінгімізге жан бітірсе, Т. Нұрмағамбетов, Т. Сәукетаев, Н. Қапалбекұлы, Ә. Асқаров, Н. Дәутайұлы ХХІ ғасыр дертіне айналған қасіреттерге жауап іздеді. Ш. Құмарова, М. Базарбайқызы, С. Досжан, Ж. Қайранбай шығармаларында қазақ қыздарының әртүрлі тағдырларын арқау етсе, М. Қаназ, С. Нұғыман атбегілер өмірі арқылы дала қазақтарының өмірінен сыр шертеді. Е. Қойбағарұлы дәрігерлер өмірі мен аурудың алдын алу туралы ой қозғаса, Қ. Жиенбай мен С. Дүйсенбиев үлкен қаланың тіршілігінен хабар берді.

Бір сөзбен айтқанда, тәуелсіздік жылдарындағы повестердің едәуір бөлігінде жалпыадамдық мәселелерді көрсетумен бірге тек қазақ халқына тән ұлттық құндылықтардың дегерацияға ұшырай бастауын да әр түрлі ракурстан алып көрсету нышандары, сол тұрғыдан орын алған ізденістер бой көрсетеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жұмаділов Қ. «Тозақ оты». Хикаят. «Жұлдыз», №4, 2009. – 3-40-бб.
2. Жұмаділов Қ. «Ақтұманың «Ханшайымы». Хикаят. «Жұлдыз», №9, 2009. – 57-75-бб.
3. Жұмаділов Қ. «Көкжал». Хикаят. «Жұлдыз», №9, 2011. – 59-83-бб.
4. Оспан батыр Исламұлының туғанына 110 жыл. («Азаттықтың өшпес рухы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция). Алматы: «Атажұрт» баспасы, 2010. – Б.198-199.
5. Нұрмағанбетов Т. Балалық шақтың әндері. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Балауса, 1994 – 352 б.
6. Мәмесейіт Т. Бесік пен несіп. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1996. – 336 б.
7. Сәукетаев Т. Көлеңкелер патшалығы. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1998. – 328 б.

8. Қапалбекұлы Н. Біздің ауыл тау жақта. Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 448 б.
9. Ахмет Ө. Адамның ғасыр. Хикаяттар. Алматы: - «Жалын баспасы» ЖШС, - 2007, 320 б.
10. Асқаров Ә. Өр Алтай, мен қайтейін биігінді. Хикая. Алматы: - Раритет, 2006, 312 б.
11. Ақыш Н. Рахымсыз көктем // Жұлдыз. – 2014. – №2.
12. Түменбай Қ. Қобыздың мұңы. – Қызылорда, 2008. – 412 б.
13. Түменбай Қ. Өлілер мен тірілер. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. – 380 б.
14. Құмарова Ш. Ғасыр нұры: Роман, хикаяттар, лебіздер. – Алматы: Ан-Арыс, 2012. – 320 б.
15. Базарбайқызы М. Қырмызы. Әңгімелер. – Алматы: Ан-Арыс, 2013. – 248 б.
16. Досжан С. Үлкен үйдегі үрей. «Жаңа заман әдебиеті. Проза» сериясы бойынша жарық көрген. – Алматы: «Жазушы», 2013. –
17. Қайранбай Ж. Біз студент едік. Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: Атамұра, 2013. – 344 б.
18. Молдахмет Қ. Кек. – Алматы: 2013. –
19. Н. Дәутайұлы. Аты жоқ әңгіме. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2012. – 640 бет.
20. Қойбағарұлы Е. Суицид. Хикаяттар мен әңгімелер. – Алматы: «Баянжүрек», 2013. – 404 б.
21. Нұғыман С. Жоқ іздеуші жан. Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы, 2012. –
22. Жиенбай Қ. Таңдамалы. II томдық. I том. – Роман, повесть және әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2013. – 480 б.
23. Жиенбай Қ. Таңдамалы. II томдық. II том. – Роман, повесть және әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.
24. Дүйсенбиев С. Мен ғашық емеспін. Әңгімелер мен повестер. – Алматы, 2012. –
25. Әбдіғұлов Р. Шаштайұлының повестері // «Қазақ әдебиеті», №40, 15.05.2010 жыл.
26. Шаштайұлы Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – Т.1. – Тау мен дала. Повестер мен әңгімелер. – 360 бет.
27. Ісімақова А. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: «Таңбалы», 2009. – 376 бет.
28. Ораз Н. Даладан қалаға келгендер. Хикаяттар және әңгімелер. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2006.– 280 бет.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭТНОСТАР ПОВЕСІ

Тәуелсіздік тұсында қазақстандық этностардың жазушылары да біршама табыстарға қол жеткізді. Ұйғыр әдебиетінің көрнекті өкілі Зия Сәмәдидің шығармашылығы жөнінде Ахметжан Ашири: «Зия Сәмәдидің шығармаларында тағдыры күрделі ұйғырлардың ешбір халық көрмеген азапты, қасіретті, өте ауыр сәттері суреттеледі. Екі ғасырдан бері елдігінен айырылып есеңгіреген, естен кетпес сәттері сөз болады. Жат жұрттықтарға жауатқанды, қорланған күндерінің күңіренген үні естіледі. Сондықтан да, оның жазғандары ұлттық тарихымыздың қайғылы жылнамасы. Көшкен керуен жолы, бейнетқор, еңбекшіл, езілген елдің зар-мұңы, мұқалмас намысы, қажымас қайраты, ертеңге деген үміті мен сенімі. Оның жазған еңбектері ұлтқа – даңқ, ұрпаққа – оқулық!», – деген болатын. Осы пікірге сүйенетін болсақ, З. Сәмәди ұйғыр халқының көркем шежіресін жасаған қалагер екенін түйсінуге болады.

Алимжан Бавдиновтың «Өтнә аләм» романы – қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның ащы шындығын шынайы бейнелеген туынды. Елбасы қаламгерлерге міндет жүктеп: «Тәуелсіз еліміздің экономикасын, мәдениетін дамытуға, алға ілгерілетіп келе жатқан іскер, кәсіпкерлер туралы, тәуелсіз Қазақстан және оның шежірелі жылнама тарихы туралы, ұлттар достығы туралы жазыңыздар. Елімізде тарихи оқиға-конфликт, талас-тартыс бар. Жазу керек», – дегені баршамызға мәлім. А. Бавдиновтың аталған романы осы талаптан туған дүние екені жасырын емес. Романның орталық кейіпкері Абдолла өзімізбен бетпе-бет кездесіп жүрген кәсіпкерлердің жиынтық бейнесі. Абдолла тиынға-тиын қосып, байыған үстіне байып бара жатқан кәсіпкер. Жазушы «Кедей – бай, бай – Құдай болғысы» келетінін Абдолла тірлігі арқылы нанымды бейнелеген. Ақша табудың соңына түскен ол алғашында «Волга» көлігін мініп, байлықтың шегіне жеткендей болғанмен, келе-келе оны місе тұтпай сауданың басқа түріне көңіл бөледі. Ә, дегенде «Наркотик», «ақ темекі» сатумен шұғылданған ол ендігі жерде сыраға су қосып, бұзау етіне харам ет қосып кәуап пісірумен айналысады. Абдолла – екі аяқтыларды алдап соғып, жаман жолмен, айла-шарғымен келген дүниесіне мастанған жан. Қазақта «Қазақ байыса қатын алады» деген мақал бар, Абдолла да байыған сайын қатын санын көбейткен қазіргінің кәсіпкері. Сыра, кәуап сатуды ұсақ-түйек санаған ол қайтадан өзіне сыралғы кәсіп «наша» сатуды қолға алады. Осы істері арқылы ол қоғамды айықпас үлкен дерт-

ке шалдықтырып отырғанынан бейхабар. Оның басты мақсаты – қандай жолмен болса да ақша табу. Авторлық ұстаным адамды алдауға болғанмен, Алланы алдауға болмайтынын еске салады.

Абдоллаға қарама-қарсы кәсіпкер А. Аширидің «Дили зия» романының бас кейіпкері – «Бент» акционерлік қоғамының президенті Дильмурат Кузиев. Дильмурат – отанымызды көркейтуге үлес қосып жатқан, отанын шынайы сүйген кәсіпкерлердің жиынтық бейнесі. Абдолла мен Дильмураттың істеген істері, өмір жайлы көзқарастары, ұстанған ұстанымдары бір-біріне қарама-қарсы кейіпкерлер. Абдолла баудың жолында неге де даяр болса, Дильмурат халқына, еліне пайдам тисе дейтін патриот жан. «Дили зия» романы түрі жағынан роман-эссеге жатады. Себебі мұнда суреттеуден гөрі автор мен кейіпкердің өмір жайлы толғаныстары, өзара диалогтары көптеп орын алған. Осылайша ұйғыр жазушылары бүгінгі арамызда жүрген кәсіпкерлердің де аласы мен құласы бар екенін көркем бейнелеп берді. Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Тәуелсіз Қазақстанға жиырма жыл болды. Отанымызды көркейтуге үлкен үлес қосып жатқан кәсіпкерлер бар. Соларды жазу керек. Бірлігі жарасқан тәуелсіз ел халқының өмірін, өзара бірлік, достығын көркем әдебиетте көрсету ләзім», – деген болатын. А. Аширидің аталған романы Елбасының әдебиетке қойған осы талаптарына толық жауап беретін шығарма.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы осында тұратын халықтардың да өз тарихын тереңірек білуіне жол ашты. Ұйғырдың көрнекті жазушысы, драматургі А. Аширидың «Өмір сүремін», «Кешпес көңілім», «Солмас гүл», «Солдаттан қалған тұяқ» («Иәргә төкүлгән яш») (1977), «Нұр Ана» (1986) хикаяттарына ел өміріндегі оқиғалар негіз болған. Жазушының соңғы хикаятының негізгі арқауы – Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі ел ішінің ауыр тұрмысы. Оқиға жолда келе жатқан шал мен жігіттің әңгімесінен басталады. Екі кейіпкердің жас алшақтығы болғанмен олардың екеуі де соғыс өртінен аман қалмаған жандар. Соғыс жас жігіттің балалық шағын ұрласа, қарияның жалғыз атбайларын жалмап отыр.

«...Қайран менің жастық шағым! Сағымдай бұлдырап, сағыныш болып кеттің-ау сен де алысқа! Рас, ол кезде тағдырдың бізге татқызған тәттісінен гөрі ащысы көп еді. Колхоздың бүкіл жұмысын бұғанасы бекімеген біз сияқты көк өрімдер көтеріп алған-ды. Колхоз председателі Ахмет-ака деген елуден асқан, ұзын бойлы, қарасұр адам болатын. Ол қажет кезінде қатал, мейірімі түссе көңілі көлдей жан-тұғын», – деген жолдар бұғанасы қатпаған жеткіншектердің Ұлы отан соғысы жылдары ел ішіндегі бар ауыр тұрмысты белдері

қайыса көтергенін байқатса, «Шал бетін малақайымен жауып, үнсіз жылады. Іліп-шалып жамаған көйлегінің ішінен иығы солқ-солқ етеді», – деген жолдар жаны жаралы жанның тағдыр тауқыметінен хабар береді. Ер адамдардың оңайлықпен жылай қоймайтынын ескеретін болсақ, шалдың солқылдап жылауының астында үлкен сыр жатыр. Бұл мүсәпір жалғыз баласы есіне түскенде жанын қоярға жер таппайды. Жалғыз баласын майданға аттандырып, соқа басы состиып қалған шалдың жағдайы адам аяғандай.

Колхоз председателі Ахмет-аканың «балшықтан адам жасай алмай» қиналып тұрғанда Қадырды Алматыдағы Ауылшаруашылық институтына оқуға жіберуі – болашақтың қамы екені айтпаса да түсінікті. Себебі егістікпен айналысатын ауылға агроном ауадай қажет.

Батур, Нұрзат, Кахирман тәрізді Шарғожалықтардың шынында да батырлардың, қаһармандардың тірлігін атқарғаны анық. Олар – қырқыншы жылдың балалары ретінде тарихта қалған ұрпақ өкілдері.

Алты баласының төртеуінен қара қағаз алып, екеуі мүлде хабарсыз кеткен Батурдың сүйген қызы Нұранияның кетіп қалуы, Батурдан туған ұлы Ғалибты елдің әкесіз деп өсектеуі Байсихан-моманың жанына батады. Аяғы ауыр келінін Батурдың анасы қабылдамаған соң, елдің көзіне күйік болып жүре беруге беті шыдамаған Нұрания баласы өсіп қалғанда ауылдан кетіп тынды. Нұранияның анасындай болған, Батур екеуінің ақ махаббатына куә болған Байсихан-моманың «О, Қадыржан!.. Мен күн сайын оларды: Нұрания, Ғалиб, Батурды түсімде көремін... Сүйікті балапандарым менің!», – деп қамығып отырғаны да сондықтан.

«О, Қадыржан!.. Барлық жерде сенің достарың мен таныстарың көп қой. Сен оларға Батур туралы жаз. Нұранияның оған адал екендігін барша жұрт білсін. Сенің жазғаныңды ол да Ғалибімен бірге оқысын...», – деген жолдар қырқыншы жылғы келіншектердің тағдыр тауқыметі оңай болмағанын байқатады. А. Аширидың бұл шығармасы – қазақ жазушысы Ш. Мұртазаның қырқыншы жылғы келіншектерінің бейнесін толықтыратын туынды. Авторлық ұстаным Қадыржанның «Мен саған сенемін... Саған қарап отырып, жақсы адамдардың көптігіне сенемін», – деген сөзімен беріліп отыр. Жазушы Дилмұрат, Шарахмет, Маматқұл, Дилшат, Нұрзат, Ширзат сынды алты ұлын Ұлы Отан соғысына берген кейуананың түсіне Батур, Нұрания, Ғалибтердің кіруі арқылы ана жүрегінің, пейілінің кеңдігінен, ана мейірінің шуағы молдығынан хабар берген. Оң жақта отырып бала тапқан Нұранияны әке-шешесі мен ауыл

аймақтың кешірмеуі ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрдің қатаң сақталуы болса, Байсихан-моманың оны бауырына басып, өз баласындай көруі – алты баласынан айрылған мұңлықтың бала қадірін түсінуі деп ұғуға болады. Батурдың ақ махаббатын елге айтып үлгермегеніне негізгі себеп – майданға аяқ астынан шақырылуы екені айтпаса да түсінікті.

А. Аширидың «Нұр ана» повесіне бір ауылдың түтінін өшірмей, сол жерде жалғыз қалған ананың тіршілігі негіз болған. Біреулер оны: «Есі ауысқан әйел, әйтпесе жападан-жалғыз ескі тамдарды күзетіп жүре ме», – десе, енді біреулері: «Ей, бақытсыз бейшара!» – деп күрсінеді... Бірақ ол солай дегендерге: «Топырақты, тасты, суды қадірлемеген сендер бақытсыз!» дейтін. «Әй, мейлі, бір күні болмаса, бір күні жүрегінің жылуы барлар іздеп келер. Мені сағынбаса да, кіндік қаны төгілген жердің топырағы мен суын сағынып келер», немесе: «Ауылым тіріледі, ақыры бір күні тіршілік қайта басталады», – деп түсінген ол туған жерін іздеп келер жерлестеріне сенеді, сондықтан да күнде жолға қараумен болады.

Автор жалғыз кейуананың бір ауылда жалғыз қалғанынан хабар бермек үшін лирикалық шегініс жасалады. Елді титықтатқан Жеңіс те жетті. Сол жылы Чарбақтықтарды тағдырдың тосын сыйы күтіп тұрды. Оларды Малыбай мен Бәйсейітке бөліп, отырған жерлерінен үдере көшірді. Бұл кезде аудандық партия комитетінің қаулысы бойынша Нұр ана председателдің міндетінен босатылып, партия мүшелігінен шығарылған еді.

«Менен барлық нәрсені алды, ал адамдық құқымды ешкім ала алмайды. Арман-тілегімді бууға ешкімнің ақысы жоқ. Арслан қарғаның қолына бармаймын. Қайда тұрамын, қандай өмір кешіремін – ол өз еркімде. Бәйсейіті не, Чарбағы не. Малыбайдан аққан су Чарбаққа келіп сіңіп жатыр. Чарбақта Совет үкіметін өз қолдарымен орнаттықсан: Сәвирдин ұзын, Селимхан қызыл ту, Нәсирдин диірменші және Розобақи большевиктің қабырларын қалай тастап кетемін...», – деген Нұр ана осы жерде жалғыз қалып еді.

Қасым бағбан көз алдында өрік, алма, алша, шие, алмұрт, шабдалы тәрізді жеміс ағаштарының көктей қырқылып-шабылып жатқанына шыдамай зар иледі. Бірақ балталылардың бірі де Қасымның жанын түсінген жоқ. Түсінгісі де келмеді. Бау-бақшаны шауып, бұл жерді босату олардың басты мақсаты еді.

«Нұр ана сабырмен сөйледі.

– Бұл қиын мәселе, – деп тұрып қалды аузын алақанымен жауып. – Шындыққа жету үшін өмір сүру керек. – Ол әлден соң барып



тіл қатты, – Иә, өмір сүру керек!.. Заңға қарсы тұруға болмайды. Жоғарыдан, үкіметтің алған қаулысы.

– Қаулы! – Бағбан бақырып жіберді. – Кімге керек ондай қаулы?

– Ғасырлар бойы жасап келе жатқан қонысты бір күнде жоғалту, бұзу оңай. Ал, көркейту, өсіру ше? Ал, бұзыңдар! Дарақты өсіріп алып, содан кейін тамырымен қопарып тастаған секілді.

– Білмеймін! Білмеймін! Мүмкін... Жоқ, білмеймін...», – деген үзінді жоғары жақтағылардың ойына келгенін істей салатынын байқатумен бірге, жергілікті халықтың туған жерге деген шексіз махаббатын да танытып тұр.

«– Қара, келінім, – деді құдды безгегі ұстағандай қалтырап. – Міне, мына үй, қора-жай, маған әкемнен қалған мұра. Естіп тұрмысың? Мұра! Ұлым Ғопуржан соғыстан бұрын отырғызған алма, жүзім, шабдал, алмұрттар әбден кемелденіп, шырынды миюа беріп жатқанын білесің. Осы бақшаны күтуден аяндым ба мен? Жоқ аянбадым! Миюаларды өлтіру – туған балаңды өз қолыңмен буындырып өлтіргенмен бірдей емес пе? Айтшы өзің, солай емес пе? Балта көтерген ұятсыздарға айттым. Мені тыңдамады: «Жоғал, алжыған қақпас, сенің пәлсәпәң кімге керек» деп итше талап, кеудемнен итерді», – деген жолдар ата мен келін арасындағы әңгімені аша түскен. Екі мұңлық жеміс ағаштарын көктей шауып жатқанына келісе алмайды.

Ғопуржан майданға аттанғанда артында аяғы ауыр болып қалған Нұр ананы кейін алматылық орыс жігіті іздеп келеді. Ғопуржанды майданда бір көріп, жоғалтып алған жерлесі адам пейілінің бұзылып, олар отырған жердің суы тартылып, бақалары мен балықтары өлік сасып жатқанының үстінен түседі. Ғопуржанның өлгенін айтпай, үміті үзілмесін деп әлсін әлі келіп тұратын Иван Нұр ананың құдығын қазып су шығарып береді.

Баласынан айрылған Нұр анаға Көдек тастанды баланы әкеп береді: «Бұл енді сіздің ұлыңыз. Аты – Оралхан. Жеріміз бір, ішкен суымыз бір. Енді балаларымыз да бір болды. Сіз басқаша ойлап қалмаңыз. Ана сүті деген қазақ пен ұйғырда бірдей емес пе?». Оралхан жігіт болып үйленген соң, немересі Әзіз Нұр анаға келіп тұрады. Оралхан Украина, Москва, Өзбекстан, Азербайжан, Ленинградтан Тың жерді игеруге келгендермен бірге жұмыс істейді.

Күндердің күні болғанда Нұр ана отырған ауылға қайта қоныстануға рұқсат беріліп, ол жерді басқаруға Оралхан жіберіледі. Нұр ана балалары келгенде тілден қалып жатыр еді. Тек бұл ауылға енді ел қайта қоныстанатынын естіп, қуанышты түрде о дүниеге аттанып кете барды. «Оралхан Нұр ананың атын мәңгіге

қалдыруды ойлап, ұзақ жүрді. Ақыры арманы жүзеге асты. Оралхан басқарған бұл ауыл Нұр ананың атымен «Нұрлы» деп аталды. «Бірақ «Нұрлы» совхозына Малыбайға немесе Бәйсейітке көшіп кеткен жерлестерінен бір де бірі қайтып келген жоқ.

Оралхан чарбақтықтардың алдына да барды. Алайда олар «Нұрлыға» қайтамыз демеді. Аты белгілі «Нұрлыны» де күндердің күнінде бұзылады деп ойласа керек».

Жазушы ел басынан өткен неше алуан тауқыметтің бірін чарбақтықтар арқылы көрсете білген, Нұр ана туған жерін меккеге балаған жандардың жиынтық бейнесі ретінде бейнеленген. Атақонысынан күштеп көшірілген жандардың «Нұрлыға» көшіп келе қоймауы – жүректері мұздап қалуы ғана емес, жоғары жаққа деген сенімсіздік екенін байқауға болады.

А. Аширидың екі шығармасына да ХХ ғасырдың 40-50 жылдарындағы ел өмірі негіз болған. Алғашқысында қырқыншы жылғы келіншектер тағдырына қанықсақ, екіншісінде құдай қосқан қосақтары мен бауыр еті балаларын майданға берген жандардың көз жасы Жеңістен кейін де тыйылмағанына қанығамыз. Нұр ана – қара қағаз келмеген жарын өзі өмірден өткенше күткен әзиз жандардың жиынтық бейнесі.

Жазушының «Төгілген жас» хикаятындағы Нұрания, «Кешпес көңілімдегі» Тажигүл, «Жалғыз жалбыздағы» Бостангүл, «Нұр анадағы» Нұрана – бейнелері ұйғыр әдебиетіндегі аналар бейнесін толықтыратын образдар. Жазушы қазақ жерін мекен еткендердің қазақ пен ұйғыр арасындағы достығын да жадында ұстап отырған. Оны Нұрананың Оралханды асырап алуынан көруге болады. Аталған аналардың барлығы да өмірге ізгілік нұрын себуші, тіршілік нәрін беруші әйел-аналар ретінде есте қалатын кейіпкерлер. Осы кейіпкерлер жөнінде П. Мәхсәтова былай дейді: ««Төгілген жас» хикаятындағы Нұрания, «Кешпес көңілімдегі» Тажигүл, «Жалғыз жалбыздағы» Бостангүл – барлығы адамзаттық асыл құндылықтарға бай, анаға тән артықшылықтарымен абзал болып сомдалған бір-біріне жақын кейіпкерлер» [1].

А. Аширидің «Идикут» романы тарихи оқиғаға құрылса, «Дили Зия» («Нұрлы жүрек») романы «Бент» акционерлік қоғамының, Ұйғыр меценаттар клубының президенті Дилмурат Кузиев туралы. А. Ашири тарихи тақырыпқа да, өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдағы замандас бейнесін сомдауда да біршама табыстарға жетті. Р. Розиевтің «Кісенденген жүректер», А. Бавдиновтың «Тұтқын», «Кеспелтек – жаңғырық» романдары мен Т. Нурахуновтың «Ауылдан келген жігіт», Д. Машурова «Ана мирасы», повестері,

А. Мәсімовтің балаларға арналған «Апта және он екі ай» повесі мен «Бес күн бос, екі күн дем алу» кітаптары қазіргі ұйғыр прозасының аяқ алысын байқататын туындылар. Поэзия, проза жанрларына жасалған шолулардан ұйғыр қаламгерлері көп формалы әдебиетті қалыптастырып жатқанын байқауға болады. Оны роман-эссе, роман-күнделік тәрізді жанрлар растайды.

Ал, орыс халқының өкілі Геннадий Толмачевтің «Ұмытылмас бейне» атты Д. Қонаевпен ұшырасқан 50 сәті арқау болған роман-эссесін Сайын Мұратбеков тәржімалаған екен.

«Қош болыңыз, ұлы адам» атты бірінші тарау 1993 жылдың 25 тамызындағы Қазақстан тарихындағы ұлттық қаралы күннен басталады да лирикалық шегініс жасалады. Автор Д.А. Қонаевпен кездескен әрбір сәтін жеке-жеке тақырыппен атап, сол бір жылдарға жан бітірген. Шығарманың тарихилық, деректілік сипаты басым. Себебі, мұндағы кейіпкерлердің барлығы да өмірден алынған, өмірде болған белгілі қайраткерлер. Тарихи тұлғалар өміріне қатысты тарихи мәліметтер шығарманың деректілік сипатын арттырып тұр.

Бірінші хатшы бейнесі 1975 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан Олжас Сүлейменовтің «АЗия» кітабына қатысты оқиғалар үстінде толығымен түскен. Сусловтың тапсырмасымен «Москва», «Молодая гвардия», «Звезда», «Русская литература» тәрізді басылымдардың жарыса сынауынан Олжастың аман қалуына бірден-бір себепкер болған да Д.А. Қонаев. Егер ол ебін тауып, Л.И. Брежневке кітапты қарап шығыңыз деп бермесе, Брежнев: – Онда ешқандай да ұлтшылдық жоқ», – демесе, Олжастың күні не болары неғайбіл еді. Автор осы сәтте О. Сүлейменовтің «Ашық хатын» орынды пайдаланған. Мұндай нақты құжаттар шығарманың деректілігін арттыруға қызмет етеді.

Жары Зухра Шәріпқызымен 50 жыл, 6 ай, 2 күн отасқанын есіне түсіруі – оның жадының мықтылығын, есте сақтау қабілетінің күштілігін байқататын детальдар. Колбиннің тұсында МҚК-ның қызметкерлері Қонаевқа өзге кісілермен кездесуге, жолығуға тыйым салғаны да өмірден алынған дерек. Кеңестік дәуір құлағаннан кейін Коммунистік партияға тіл тигізушілер қатары күн санап көбейе бастады. Бұл тұста мерзімді басылым беттерінде небір құйтырқы дүниелер жариялана бастады, ел демократия деген осы екен деп, ауыздарына келгенін айта бастады. «Бірде Қонаев коммунистерге қарсы жазылған айыптаушы мақаланы оқып шыққан соң:

– Апырай, бұлар өткенді мылтықпен атса, болашақтың өздерін зеңбірекпен ататынын неге ұқпайды екен, – деді қынжылған үнмен. – Бәрінің де балалары бар ғой, тіпті немерелері де бар

шығар, болатын шығар...» [2, 47], – деген дерек Қонаевтың «өткенге топырақ шашуға болмайды» деген ұстанымын байқатады. Бұл кездесуде Д. Ахметұлы «Тірілер өлгендердің көзін жабады, ал өлгендер тірілердің көзін ашады» деген шығыстың дана бір нақылын еске алу арқылы өткенге топырақ шашуға болмайтынын ескерткен. Жазушы Д. Қонаевтың Қазақстан тарихындағы ең беделді коммунист болғанын оның іс-әрекеті мен өмірлік ұстанымдары, бұқара халықтың оған деген қошеметі арқылы аша түскен. Оны сегіз ұлының жастығын бірінші хатшының аяғының астына төсеген ана ісі мен жастықтарды баспай, біріне бетін ғана тигізген хатшы ісінен байқауға негіз бар. Әкім демей, қара демей өзіне жасаған құрметтен, жайылған дастарханнан аттап кетпей, дәм ауыз тиіп аттанатын басшының тірлігі «Ханның қарашасымен» екенін қашан да жадында ұстап отырғанына қызмет етеді.

Д. Ахметұлының №00000011 Партбилетті иемденгеніне Қарағанда, оның еліміздің алғашқы ондыққа кіретін коммунистерінің қатарынан орын алғанын байқауға болады. Патша вагоны өртенгенде оның партбилетінен басқа ештеңе алып қалмауы партияға деген адалдығын танытады. Қашан, қайда сапарға шықса да Қазақстанның суы мен тасы, әрбір ауылы туралы әңгімелері – бірінші басшының өз Отанына, туған жерге деген махаббатын байқатар деталь. Үйде жүрсе де, сапарда болса да бір ғана режимге үйренген басшының тамақтану әдебінің өзі оның тектілігін байқатып тұрады. Қонаевты жерлестеріміздің 53,7 пайызы ұнататыны, 20,3 едәуір жақсы қарауы, 16 қалыс қалуы, 4,9 пайызы ғана теріс көретіні оның жұртшылық ішіндегі беделін байқатса, Хрущев, Брежнев туралы ешқашан анекдоттарды (күлкілі әңгімелерді) айтпауы адамзат баласына үлкен құрметпен қарайтындығын танытады. «Күпия бұйрық» тарауында Белоруссия Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы П. Машеров автомобиль апатынан қайтыс болғаннан кейін Мәскеудегі заң қорғау орындары заңдарды күшейткендігі туралы болса, «Бірауыздан босатты, бірауыздан сайлады» деген тараушада оның бірінші хатшылыққа екі рет қайта сайланғандығы жөнінен сыр шертеді. Павлодар обкомының бюросы қала атын Хрущевград деп атауға қаулы шығарып қойса да, оны қалпына келтіруі, Оңтүстік Қазақстанның үш ауданын Өзбекстанға қосу, Маңғыстауды Түркменияға беру кезіндегі айтыс-тартыстар бірінші басшының еліне, жеріне деген адалдығын танытады. Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Юсупов үш ауданды Өзбекстанға бере отырып, бірінші хатшылыққа көтеріліп

алды. Хрущевтің Қарағанды облысын Тың өлкесіне айналдырмақ ойы жүзеге аспай қалған соң, 1962 жылы 25 желтоқсанда Қонаевты орнынан босатады. Бірақ ол екі жылдан соң қайта сайланды. «Отқа түсе жүріп басшы адамның ең басты қағидаларының бірі: «Бастықтың айтқанымен келіс те, өзіңше істе» – деген тұжырымға тірелген» [2, 59].

«Өмірінің соңғы күніне дейін Димаш Ахметұлы өзінің біржола бекінген темір принципінен тайған емес. Зейнеткер бола отырып ол әртүрлі шендегі шенеуніктердің жұмыстарындағы кемшіліктерін көздеріне де, сырттарынан да талай рет шұқып айтып, мінеп отыратын. Өз ісіне мығым, өз дегенінен қайтпайтын Дінмұхамед Ахметұлының сағын Хрущев сындыра алмады, езіп тастай алмады.

Біріншімен дауласқан кезде ол өзіне жеңіл тимейтінін білетін. Кейде ол өзінің жеңілетінін, шекесін ісіргеннен басқа ештеңеге қолы жетпейтінін алдын ала біле тұра дегенінен қайтпайтын. Егер өз дәлелдері көкейге қонымды, ғылыми болса, онда мемлекет басшысының темірбетон шебін сәл де болса қозғалтар, қателеспейтіндей көрінетін оның шындығына күдіктің құртын түсірер, сөйтіп ол бірде болмаса бірде: «Әй, осы Қонаев дұрыс айтатын шығар?» деп өзінен-өзі сұрап қалар, деп ойлайтын Қонаев тәжірибелі басшы ретінде. Хрущевтің кезінде күн көріс үшін қаншама дүниені бүлдіруге, қаншамасын қиратуға тура келді, еске алуға ұяласың» [2, 62].

Қазақ тарихында қара әріппен жазылған ХХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы нәубат қазақстандық әдебиеттен өз орнын алғаны белгілі. Ақын-жазушылардың бірсыпырасы жаппай, әрі жеделдете ұжымдастырудың салдарынан болған ашаршылық туралы көркем шығармалар жазды. Олардың көпшілігі жекелеген отбасылар арқылы сол тұстағы қазақ даласын әбжыландай жалмаған ашаршылыққа жан бітіріп, қазақ даласының төрт бұрышын түгел шарлаған нәубат туралы біраз мағлұмат бергені белгілі. Солардың қатарын қазақстандық орыс жазушысы Валерий Михайловтың «Ғаламат жұт шежіресі» атты деректі хикаяты толықтырады. 1992 жылы жазушының «Ұлы» жұттың жазбалары» деген кітабы жарық көрген болатын. Сол кітап толықтырылып 2008 жылы орыс тілінде шықты. Ашаршылықтың 80 жылдығы қарсаңында соңғы нұсқадан ықшамдалып аударылған «Ғаламат жұт шежіресі» атты хикаят «Мектеп» баспасынан жарық көрді (2012).

Бұл шығарманың негізгі жетістігі – қазақ халқының басынан өткен трагедияның қазақстандық орыс жазушысының көзімен бейнеленуі. Қасіретті жылдар туралы бұған дейін жекелеген

қаламгерлердің естелік-эсселерінен оқып жүрсек, В. Михайловтың аталған шығармасында бірнеше қаламгерлердің естеліктері рет-ретімен пайдаланылуы шығарманың деректілік сипатын арттырған. Шығарма Ғафу Қайырбековтың бала кезде еміс-еміс есінде қалған естеліктерімен басталған.

«– Ай. Күздің суық күнінде біз әлдебір жаққа көшіп барамыз. Мен шайқалақтаған арбаның үстінде көрпеге ораулы жатырмын...

Ай... Көшіп барамыз... Өліктер... Бұл отыз бірінші жыл болатын, біз қаңырап бос қалған ауылдан Торғайға қарай жол тартқанбыз...», – деген сурет екі жасар баланың жадында қалай сақталып қалған десеңізші.

Иә, баланы күлкіден, үлкенді ұйқыдан айырған ашаршылық балаларды ерте есейтіп, үлкендерді уақытынан бұрын қартайтып, әрбір жанның жүрегіне жазылмас жара салғаны тарихтан белгілі. Әкесінің сауаттылығының, нағашысының Тұтынушылар одағында жұмыс істегенінің арқасында аман қалған Ғафу Қайырбековтің балалық шақтан есте қалған естеліктері ашаршылық жылдарындағы елдің мүшкіл халін ешбір боямасыз көз алдыға елестетеді. Төрт аяқтап ілгері жылжуға шамалары келмей, кескен теректей болып жол үстінде сұлап жатқан өліктер, еңбектеп келіп қасапханадан қос уыстап малдың қанын ішетін аштар, өлі туған мал етін қолма-қол паршалап, шикілей қылғытатындар – баланың жадында ұзақ сақталып қалған аш-жалаңаштардың бейнесі. Жазушы Торғай даласындағы ашаршылықты ендігі кезекте өлкелік комитеттің тапсырмасымен шыққан Ғабит Мүсіреповтің естелігімен жалғастырады.

«– ... 1932 жылы Қазақстан сұмдық аштықтың құрсауында қалды. Мүсірепов төрт жолдасымен бірге өлкелік комитетке хат жазды. Онда ұжымдастырудағы асыра сілтеушіліктер туралы айтылды. Бірақ олардың бәрін «ұлтшылсындар» деп айыптады.

– Несі бар, егер сен өзіңнің халқың үшін осынша алаңдайтын болсаң, Торғайға барып қайт, – деп оған Голощекин мысқылдай қарады. – Онда ешқандай аштықтың жоқ екенін өз көзіңмен көресің» [3, 9].

Осылайша бірінші басшының тапсырмасын орындау мақсатында өлкелік комитеттің шенеуніктерімен сапарға шыққан Ғабит Мүсіреповтің Торғай даласынан көргенін айтып жеткізу мүмкін емес. Оны жазушы былай бейнелейді: «Кенет Мүсіреповтің көзіне әлдене шалынғандай болды: анадай жердегі күртік қардың арасынан бір нәрсе қараңдайды, бейне бір сексеуілдің жапырылған қисық бұтағы секілді. Ол шанадан ырғып түсіп, әлгінің қасына

барды. Қар астында адам өліктері жатты. Қалай болса солай, ретсіз, қаз-қатарынан сұлап жатыр. Одан әрі жүре түсіп еді, бірінің үстіне бірін қабаттап, текше етіп жинаған отын секілді үйілген адам мәйіттерін көрді. «Олар бекеттердегі мұнараға ұқсайтын еді, – деді Ғабен. – Соларға қарап жолды бағдарлаған, мәйіттер жолдың екі жағына да үйілген. Одан өткен сұмдықты мен көрген емеспін...» [3, 10].

Екінші сурет бұдан да аянышты. «Жүк жиналған теңнің қуықтай ғана тесігінен әлдебір кіп-кішкене тірі жан атып шықты да, адамдарға тұра ұмтылды. Ол қанға малшынған еді. Қансүңгі болып қатып қалған ұзын шаштары мүйізге ұқсап, жан-жағына со-рая шығып тұр, аяқтары бейне бір қарғаның сирақтары сияқты қап-қара, шидей. Көздері ойсыз, бетіне қатып қалған қанның үсті жаңадан аққан қан тамшыларымен әлеміштенген. Тістері ақсиып, аузынан қызыл көпіршік ағып тұр» [3, 13].

Не иттің қыңсылына, не мысықтың зарына, не аңның қорсылына, не адамға, не жынға ұқсамайтын ыңырысқан жіңішке ащы дыбыс қазақтың жеті-сегіз жасар қызының үні екеніне не айтасың? Жылдағыдан қысы ерте түскен 1932 жылдың қазан айының соңындағы қазақтың жай-күйі осындай болса, астанамыз Алматыда Қазақстанның он екі жылдығы барша сән-салтанатымен тойланып жатуы біз өмір сүріп отырған қоғамдағы кереғарлықтың жарқын мысалы. Қала көшелеріндегідей қаз-қатар тізілген киіз үйлі қалашықтар қаңырап бос қалып, бір колхоздан тірі қалған жанның адам айтқысыз күйге душар болуы сол бір қарғыс атқыр ұжымдастырудың қазақты жер бетінен жою үшін жасалғанын байқатады. Себебі ашаршылық тек Торғай даласын шарлаған жоқ. Оны автор Қазақстанның түкпір-түкпірін мекен еткен қаламгерлердің естеліктерімен растайды. Осы қатарда шығармаға негіз болған академик Жабағы Тәкібаев, Данабике Байқадамова, Әлжаппар Әбішев, Қалмұқан Исабаев, Камил Икрамов, Мұхтар Мағауиннің естеліктерін ерекше атауға негіз бар. Ғ. Ахмедовтің естелігінде Әулиеатадан жеті шақырым жердегі Я.М. Свердлов есімімен аталған ұжымшардан тірі қалған жалғыз жігіттің адам етімен азықтанып, ақыл-есінен айрылғанына куә болсақ, Д. Байқадамованың естелігінен Алматының іргесіндегі ауылдардың бірінде әйелі мен екі баласын жеген жігіттің көршісінің өлім үстінде жатқан баласының жүрегін суырып алып отқа қақтап отырғанына кезіземіз. Ә. Әбішевтің естелігі Қарағандыдағы бір ауылдан екі адам қалғаны, тоқсан төрт адамы бар бір әулеттен ұжымдастырудан кейін жеті адам қалғаны жөнінде мағлұмат береді. 1932 жылғы

Солтүстік Қазақстан облысының тексеру актісінен «Тексеру кезінде болғандардың көпшілігі өлексемен, бұзылған етпен, сүйек сорпасымен, кебек көжемен және қайнатылған терімен қоректенді» 15 отбасы мүлде жүдеп, ісініп кеткен» деген тәрізді мәліметтер келтірілсе, Ырғыздан, Балқаштан, Павлодардан, Сарқант, Атбасар, Солтүстік Қазақстан облысынан келген жеделхаттардағы деректер адам жанын түршіктіреді.

Хикаяттың деректілігін арттыра түсудің келесі тәсілі – тарихи құжаттардан деректер келтіріліп, өмірде болған тарихи кейіпкерлердің оқиғаға тікелей араласуы. Оқиғаға тікелей араласатын орталық кейіпкердің бірі – РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің жаңа хатшысы Филипп Исаевич Голощекин. Оның Қазақстанға келуі оқиғаға тікелей қатысты болғанмен жазушы негізгі кейіпкердің өмірі туралы толыққанды мағлұмат беру мақсатында лирикалық шегініс жасайды. Оның 1876 жылы Витебск губерниясында дүниеге келгенінен бастап сөз ете отырып, өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдеріне тоқталады. II Николайды тақтан құлатқан большевиктердің қатарында белсенділігімен көзге түскен Ф.И. Голощекиннің патша ағзамның отбасын ешбір заңсыз атып өлтіруге тікелей басшылық жасағандығы оның қаніпезерлігі мен қанішерлігін аша түседі.

Сонымен бірге II Николай патшаның, Айрықша қызмет үйінің жаңа коменданты чекист Юровскийдің күнделік жазбалары мен Юровскийдің күзеттегі сенімді адамы большевик Павел Медведевтің тергеуде берген жауабы, БОАТКОМ төрағасы Сведловтың дәйектері, Н.И. Бухариннің «Ащы жазбалары» шығарманың деректілігіне қызмет етеді. Юровскийдің «16.7-де (16 шілдеде) Пермьнен Р-дың (Романовтардың) көзін жою туралы... бұйрық бар шартты тілдегі жеделхат келді.

16-сы күні кешкі 6-да Филипп Г-н (Голощекин) бұйрықты орындауға нұсқау берді. Сағат 12-де мәйіттерді әкету үшін машина келуге тиіс болды...» деген жазбалар шығарманың деректілігін арттыра түскен. Патша мен отбасына қарасты он бір адамды ешбір заңсыз атып тастауы, мәйіттерді өртеп, айғақ ретінде үш басты спирттеп ағаш жәшікке салып Мәскеуге Кремльдегі Свердловтың үйіне алып келген Ф.И. Голощекиннің өткен өмірі оқырманға үлкен ой салады. Патшаның басын кескен жауыздың көп ұзамай қазақ біткеннің басын доптай домалатқаны ащы болса да өткен ғасырда болған шындық.

Қазақ жеріне аяғы тигеніне екі жарым ай өтпей жатып-ақ, Голощекин: «... ауылда, шын мәнінде, Кеңес өкіметі жоқ, тек бай-



лар үстемдігі, рулар үстемдігі ғана бар» деген қорытынды шығарды. «Ауылдарды кеңестендіру» ұранын бетке ұстаған бірінші басшы жаппай ұжымдастыруға қарсы болғандарды «жаппай сипат алған антисоветтік қарсы әрекеттер» деп бағалады. Бірінші басшы «Бұрын сән-салтанаты келіскен ақ туырлықты киіз үйлерде иісі жұпар аңқыған қымыз ішіп, дәмі таңдайдан кетпес майлы жылқы еті мен қазы-қарта жеп, үйірлеп жылқы айдап, мыңғырған қой, түйе мен сиыр өсіріп, бақытты өмір сүрген... қазақтар енді шөп-шаламмен, иісі мұңкіген сасық шыбын-шіркеймен, иттің, тышқанның етімен қоректенуде...», – деген Ғ. Тоғжанов; – Қазақстан жаппай егіншілікке өтуге дайын емес, – деген Т. Рысқұлов; – Егер бізде тері бар болса, оны Москваға тасудың қажеті жоқ, Қазақстанда завод салып, өзіміздің қазақтық жеке (күлкі) ұлттық терімізді өңдеуіміз қажет (күлкі)...», – деген С. Садуақасов сынды өзіндік пікірі бар қайраткерлерді «ұлтшыл-жікшілдер» деп әшкерелеп, оларға ашықтан-ашық қарсы шығып, «ұлтшылдармен» күрес науқанын үдетті.

Ф.И. Голощекин капиталистік 16 елде орналасқан көмекке өте мұқтаж 36 түрмеге қамқорлық жасау мақсатында жергілікті кулактармен күрес науқанын қызған үстіне қыздыра түсті. Мерзімді басылым беттері науқанды ұрандардан көрінбей қалды. Нәтижесінде Қазақстанда 1928 жылы Голощекинге қарсы келетін бірде-бір қазақ қалмады. Қазақстандағы «бай-кулактармен», «ұлтшылдармен» күрестің аяғы «кулак-террористердің» атылуына алып келді. Автор осындай тарихи деректерді рет-ретімен орынды пайдаланған.

Келесі кезекте Қазақстанда қамбадағы астық қалдықтарымен бірге адамдардың жүрегінен Жаратушы Иені де жұлып тастауды көздеген большевиктер мешіттерді клубтарға, мәдениет үйлеріне айналдырып, «Діни алаңдаушылыққа қатаң соғыс жариялаймыз», «Діни меңдуананы жұлып тастайық!» деген ұрандарды көтеріп, дінді жерлеуге бет бұрды. Большевиктік өкімет өзі үшін ең қымбаттыны – құдайсыздықты сыйласа, жетпіс жылдан аса өмір сүрген коммунистік партия имансыз үш-төрт ұрпақты тәрбиелеп шығарды. «Осылайша жанды «адам материалынан» табиғи, тамырлы, ерекшенің бәрін кесіп тастау арқылы нұрлы болашақ конструкторлары совет адамын жасап шығарды» [3, 203]. Имансыздықтың зардаптары тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдан асса да ағымызға тұсау болып келе жатқаны бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның шындығы. Қазіргі таңда төңірегімізде болып жатқан қанішерлік, зұлымдық әрекеттер – адам бойына дендеп кірген атеистік тәрбиенің көрсеткіші.

Өлкелік комитеттің пленумдарында сөйлеген сөздерден, мерзімді басылым беттерінен келтірілген нақты сандар шығарманың деректілігін арттыра түскенін баса айту керек. Бұл шығарма авторының XX ғасырдағы ғана емес, жалпы қазақ трагедиясы жөнінде көп ізденгендігін байқатады. Тарихшылардың пайдалана бермейтін деректерінен келтірілген мысалдар шығарманың көркемдігінен гөрі деректілік сипатының жоғары екендігін аңғартады.

Қазақстандағы алапат жұт туралы тарихи құжаттарды орнын тауып қиюластыра білген жазушы осындай ашаршылықтың біршама елдерде белең алғанын да назардан тыс қалдырмаған. «Қазақ жерінде, Ресейдің көптеген облыстарында, Украинада, Орта Азия мен Сібірде ондаған мың адам өлігінен тау тұрғызылды. Алайда заң бойынша да, саяси тұрғыдан да аштық құрбандары қылмыскерлер емес болатын» [3, 31] деген жолдар атың өшкір ашаршылықтың кімкімді де аямағандығын байқатады.

Қазіргі таңда қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні мемлекет тарапынан қолға алынып, арнайы аталып өтеді. Сол күні ашаршылықтың құрбаны болған жандарды да еске алып жатамыз. 1932 жылғы ашаршылыққа 80 жыл толғаны 2012 жылы кеңінен алатып өтті. Мұның барлығы бүгінгі білгісі келетіндердің өткен тарихымызға үңілуіне алып келеді. Сондықтан бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің кешегі қаралы тарихының көркем картинасын жасаған В. Михайловтың аталған хикаятын деректі прозаның жақсы үлгісі ретінде қабылдаған жөн.

Қорыта айтқанда, қазақстандық этностардың повестеріне қазақ жерінде өткен оқиғалар легі арқау болғанына көзіміз жетті. Жазушыларды ұлтына, еліне қарай бөлуге болмайтындығы олардың шығармаларына арқау болған оқиғалардан байқалады. Олардың бірі 1920-1930 жылдарға жан бітірсе, екіншісі Ұлы Отан соғысының салған жан жарасын тірілтті. Қаламгерлердің барлығы дерлік көркем шығармалары арқылы адамзат баласы арман еткен ізгі тілектерді, жалпыадамдық құндылықтарды көтергеніне жоғарыда сөз болған шығармалар мысал бола алады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мәхсәтова П. Халықтың қамын ойлаған қаламгер // Сын. Уақыт және қаламгер. – 105-б.
2. Толмачев Г. Ұмытылмас бейне // Жұлдыз. – 1997. – №10
3. Михайлов В. Ғаламат жұт шежіресі. – Алматы: Мектеп. – 2012.

## ҚАЗІРГІ ӘҢГІМЕЛЕР

Бүгінгі күні ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар мәселесі әдебиеттегі өзекті тақырыптардың бірі. Жаһандану ғасырында ғылым мен техниканың дамуымен қатар, адамзаттың талғамы мен санасы да өзгерді. Бұл әдебиеттің де жаңа сатыға көтерілуіне, соны тақырыптардың пайда болуы мен жаңа ізденістердің жасалуына үлкен ықпал жасады. Жалпыадамдық парадигмаларды ғасырдан ғасырға жалғастырушы қайнар көз де осы әдебиет десек артық айтқандық емес. Сол себептен де тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасынан аталған мәселені қарастыру, талқылап қорытынды жасау өте қажет. Осы арқылы – бүгінгі таңдағы қазақтың ұлттық әдебиетінің бағыты мен бағдарына шолу жасай аламыз.

Жалпыадамдық мәселелерді көтеретін көркем жанрлардың бірі – әңгімелер де тәуелсіздік жылдары дамып жетілді. Осы тұрғыдан әңгіме жанры көркемдік, мазмұндық, құрылымдық қырларынан жан-жақты зерттелу үстінде. Аталған жанр бойынша бірнеше монография, зерттеу жұмыстары, ғылыми мақалалар және диссертация жазылды. Атап айтсақ, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдарының «XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі» және «XXI ғасыр әдебиеті» (2001-2011 жж.) атты монографиялары, ф.ғ.д., профессор Ш. Елеукеновтың «Тәуелсіздік биігінен», «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» атты зерттеу еңбектері және Г. Балтабаеваның «Қазіргі қазақ әңгімесі (1980-90 ж.)» атты филология ғылымдарының кандидаты атағын алуға жазған диссертациясында қазіргі әңгімелердің көркемдік әлемі, стильдік ерекшеліктері, мазмұндық құрылымы жан-жақты талданған.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасының, оның ішінде қазақ әңгімелерінің дамуына, көркемдік, профессионалдық деңгейінің көтерілуіне Шерхан Мұртаза, Қабдеш Жұмаділов, Асқар Алтай, Әкім Тарази, Бексұлтан Нұржекеұлы, Тынымбай Нұрмағамбетов, Дидар Амантай, Роза Мұқанова, Талаптан Ахметжан, Нұрғали Ораз, Думан Рамазан, Айгүл Кемелбаева т.б. сынды жазушылар айтарлықтай үлес қосты.

Проза жанрындағы кесек-кесек дүниелері арқылы келелі мәселелерді көтеріп жүрген, озық туындыларымен қазақ оқырмандарының көз қуанышына айналған, әдебиет алыптары шоғырының белді өкілдерінің бірі – Қазақстан Халық жазушысы Шерхан Мұртаза.

Ш. Мұртаза әңгімелерінің барлығына дерлік ортақ ерекшелік – ұлттық мінездің ашылуы. Әрбір кейіпкердің жан дүниесіне үңіліп, олардың жан жарасын нанымды суреттеуі. Осы тұрғыдан жазушының бірнеше әңгімесі тақырып өзегіне арқау болды. Жазушының ауылдағы иттердің өмірі арқылы жалпыадамдық парадигма – үлкеннің кішіге, күштінің әлсізге, биіктің аласаға қорлық көрсетуін нанымды суреттеген «Алапар мен Динго» әңгімесі өте тартымды жазылған туынды. Ауылдағы көршілердің итке бола бастесуі негізінде, автор иттердің бейнесін ашып суреттейді. Әңгімені оқып отырып, иттердің мінез құлығынан бүгінгі қоғамдағы бейнелерді көруге болады.

Сонымен қатар, қазақ қауымының ұлттық танымы, болмыс бітімін шынайы суреттеген «Тәуекел той» әңгімесі бүгінгі қоғам бейнесін ашып көрсеткен шығарма. Кейінгі кезде тойды бәсекеге айналдырған қазақ қауымының өз басына өзі тілеп алатын үлкен мәселе – жеңіл қалжыңмен, өткір сынмен берілген. Бір той жасап қолындағысымен қоса, біреуден алып, барын салатын қазақтың тойды қарызданып өткізуі, оны қуаныштың көрінісі емес, бәсекелестікті көрсетудің құралы, асып-тасу мен ысырапшылықтың бейнесіне айналдырып отырғаны ащы да болса шындық.

Ш. Мұртаза өзінің «Қаңғыбастар мен шағалалар» атты әңгімесінде Алла тағала жіберген періште іспеттес шағалалар көзімен өмір толқынының айдауымен бомждық жолға түскен міскіндердің тірлігіне үңіледі. Қалаға армен қуып келген талай қыз жігіттің тағдыры әртүрлі себептермен түрліше бағыт алып, армандары қол жеткізбес елеске айналып, сан қилы тіршілікті басынан өткеретіні белгілі жайт. Шығармада белгісіз қалпында қалатын N қаласына сондай арманмен келген Жаңыл есімді кейіпкер өмірінің бомждық қалыпқа қалай түскендігі баяндалады. Автор кейіпкері ата анасынан жырақ интернатта өседі. Тәрбиесі түзу болмай өскен Жаңыл қаланың қатал өмірінде өз жолын таңдай алмай адасады. Адасқаны сол, ең төменгі деңгейге дейін құлдырап, адамдық қалыптан кетеді. Ақыр соңында адам айтып жеткізе алмайтын қатыгездік жасап, денесінен бөлініп шыққан шарананы қоқыс жәшігіне тастайды. Әңгіме соңында шағала болып келген періштелер опат болған баланы көкке алып кетеді.

Автор баласын қоқыс жәшігіне тастаған күнәһар әйелдің іс-әрекетін төрт марғауды қатар тауып, емізіп өсірген қаңғыбас мысықпен салыстыра суреттейді. Мысық екеш мысықтың өзі далада қалса да балаларына қастық қылмайды. Адамның хайуаннан да төмен деңгейге түсетініне әңгімені оқып отырып қынжыласың.

Әңгімеде автор елімізде күнделікті көрініс тауып жатқан келеңсіздіктердің бір түрін мәселе етіп көтерген. Ашаршылық заманында өлім аузында жатқан балаларын бір уыс дәнмен аман алып қалған бабаларымыздың ұрпағының қаншалықты рухани дағдарыс пен пенделік қатыгездікке бой алдырып, адамгершіліктен алыстағанын автор шебер суреттеген.

Бүгінгі таңдағы жалпыадамдық мәселе экология, табиғи кесепатқа нұсқау жасалып, оқырманға ой салуды көздеген «Бұршақ» әңгімесі де жоба тақырыбының өзектілігін аша түседі. «...Аспан қатты түксіп, түнеріп кеткен екен. Кенет тасырлатып бұршақ жауып кеп берсін. О, ғажап! Үлкендігі жұмыртқадай бұршақтың түсі қып-қызыл екен...» [1, 242] Аяқ астынан жауған бұршақ ұрып қиратқан қалың бидайды көріп өксігін баса алмай, құдайды жазғырған шаруашылық бастығына көкке көтерілген ақ бу адамша тіл қатады: «...Е, бейшара ұрпақ! Құдайды қиналғанда ғана еске аласың... Алыстағы құдай тұрмақ, күнде түбінен өзің өтіп жүрген мына зираттың тұсына сәл тоқтап дұға да қылмайсың. Адамдарың азғын... Жастарың болса бірінің малын бірі ұрлап, қасқырға айналды...» [1, 240]. Осы сөйлемдерді автор ақ буға сөйлете отырып, бүгінгі қоғамдағы пасықтықты, адамдардың ішкі дүниесінің қаншалықты ластанғанын, оны өздері көрмейтінін алға тартады.

Ш. Мұртазаның «Тортай шалдың есегі» атты әңгімесінде тарихқа өшпес із қалдырған, миллиондаған жазықсыз жандардың қаны төгілген кешегі өткен Ұлы Отан соғысы тұсында қазақ халқы басынан өткерген шырғалаң сәттер суреттеледі. Бір есекке бола жиырма бес жылға сотталған Тортай шалды баласы Нұртай Кеңес одағының батыры болып келген соң, қорыққанынан әкім қаралар айдалған жерінен алдырады. Осындай келеңсіз оқиғаларды суреттей отырып, дүйім елде болып жатқан «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп ұрандаған елдің жайын көрсетеді.

«Бабаның оралуы» деген әңгімесінде зиратты қорлаған, бабасының жілігін сындырған жаңа қазақ Алақайдың басына зауал келгенін көрсеткісі келген.

Ш. Мұртазаның кейінгі кездегі әңгімелері жаңа заман, жалпыадамдық мәселелерді қозғай келе, жамандыққа бастар іс әрекеттерді сынға алады, көнекөз қария, ақсақал абыз ретінде ұрпағына ақыл айтады.

Қазақ әдебиетінің бай құнарларынан тамыр тартқан толымды дүниесімен қазақ оқырмандарының назарын өзіне бірден аударған жазушы – Қабдеш Жұмаділов. Қай шығармасын алсақ та, ұлттық

мазмұнның, ұлттық сананың бірден көзге түсетін терең арнасын бірден аңғарамыз.

Жазушының кейінгі жылдары жарық көрген әңгімелерінде ұлттық және жалпыадамдық парадигма тұрғысынан көтерілген мәселелер орынды көрініс тапқан. «Жемдеген қырғауылдар» әңгімесінде автор бүгінде бүкіл әлемнің саяси құрылымындағы шындық – «төменгінің» «төбедегіге» тәуелді болуы, басшының алдында тек жұмыс бабымен ғана емес, қарапайым тірліктен бастап, дастарханына дейін жауапты болу, күту, құдайындай сыйлау жан-жақты әрі шынайы суреттелген. Әңгімені оқып отырып саяси әлемнің көрінісі еріксіз көз алдыға келеді.

Жасы алпысты алқымдаған Бөрілі ауданының әкімі Нұрсағат Бектұрғановқа аяқ астынан қонаққа, аңшылыққа облыс әкімі келмек болады. Автор осы жерде Кеңес одағының саяси өмірімен сусындап өскен, тәуелсіздіктен кейінгі саясаттың да қыр-сырын жақсы білетін Нұрсағат сынды образды әдейі алып отыр. Жазушы осы Нұрсағаттың ішкі ойы, монологы арқылы бүгінгі қоғамдағы саясатты, дәлірек айтсақ саяси жүйеде басшылық қызметтегі жаста болса бас боп жүрген тұлғалардың жүріс-тұрысы, өзін-өзі ұстауы, қарым-қатынас жасауы сынды сәттерді өте шебер бере білген. Облыс әкімі Салық Саттаровтың қырғауыл атуға деген ынтасын қанағаттандыру мақсатында Нұрсағат шаруашылық бөлімінің бастығы Тоқбаевтың ақылымен ормандағы қырғауылдарды жемдеп, бір жерге топтастыруға тапсырма береді. Артынан өзінің осы жасында басшының көңілінен шығу үшін жасаған әрекетіне күйінеді. Осы сәтте шын мәнінде басшылықтың ризалығы үшін төмендегілердің не іске болса да дайын екенін автор астарлы оймен меңзейді. Өзі жұмыссыз, жалақысыз, әрең отырған ауыл әкім келгенде турамшылап отырған соңғы ет-майын басшының алдына тосады. Ал, «демалуға» келген әкімнің алдындағы астың қайдан келіп жатқанында, өзі келген ауылдың жағдайында еш шаруасы жоқ. Осының барлығы тамақ басында, аңшылықта жүргенде Нұрсағаттың ішкі ойының, күйінішінің негізінде беріледі. Осындай ойларының арасында Нұрсағат бұл басшыларды кеңес кезеңінің басшыларымен салыстырып өтеді. Қоғамның қайда бағыт алып бара жатқанын, басшылардың тойымсыздығына іштей талдау жасайды. Осындай ойлардан арыла алмаған Нұрсағат облыс әкімін жолға салып тұрып, қолына қағаз ұстатады. Ол қағаз Нұрсағаттың өз еркімен жұмыстан кету туралы арызы еді. Осылайша автор бүгінгі саяси әлемді өзі жасаған образға айтқыза отырып, басты концеп-

циясы – жалпыадамдық саяси әлем бейнесін көрсетуді өте ұтымды жеткізген.

Ал, «Жалдамалы күйеу» әңгімесінде 10 жыл отасқан ерлі зайыптылардың бала шағасын асырап, жақсы өмір сүруі үшін күйеуінің басқа әйелге күйеу болып «жалдануы» сөз болады. Әңгіме сюжетіндегі инженер Баймырзаның өз жары Бисараны, бала-шағасын тастап, Айсұлу атты бай әйелге кетіп қалуы бүгінгі қоғамдағы ащы шындық. Бұл бүгінгі таңдағы бүкіладамзаттық мәселе.

«Тіленші» әңгімесінде Айдарбек атты әнші жігіттің кезбелік күйге түскен өмірі арқылы сол замандағы мәдениет үйлеріне қара құлып түсіп, қазақ мәдениетінің тіленшілік жағдайға түскенін астарлап жеткізген. Сағымдай құбылып, сабындай іріген қоғамда жетімдік күй кешкен мәдениеттің жайын Айдарбек образы арқылы береді. Бір ауылдың серісі атанған, «Мәдениет үйінің» меңгерушісі болған Айдарбек Мәдениет үйі жабылған соң жұмыссыз қалып, тойларда ән салып нәпақа айырып жүреді. Кейіннен жастардың у-шуға толы әуенді таңдап, баян, домбыра сынды аспаптардың сүйемелдеуімен айтылатын әндерді сыртқа тепкендігі әсерінен Айдарбек өзін қоғамға керексіз сезінеді. Осындай жанның өнердегі жолы да бұралаң, бұлтарысы қалың. Бұралаң болатын себебі, қоғамы қатыгез, ортасы опасыз болды. Айдарбекке опық жегізіп, бармағын шайнатқан кезеңдер шығармада кеңінен қамтылады. Осының бәрін жазушы нақты оқиғаларды көлденең тарта отырып, соларды бейнелей отырып жеткізеді. Әсіресе, өзінің сүйіп таңдаған мамандығынан айырылған Айдарбектің іштегі шер болып қатқан жасы, қоғамға кеткен есесі әнші ойымен, толғанысымен тартымды өрнектеледі.

Автордың бұл әңгімеде көтерген басты идеясы Айдарбек сынды өнер адамының аянышты тағдыры арқылы сол кезеңдегі өнер мен мәдениеттің мүшкіл халын шынайы көрсету болып табылады.

Заман келбетін автор әңгіме барысында былайша суреттейді: «Мұның тағы бір аңғарғаны, қалада кейінгі кезде өзі сияқты кезбелер тым көбейіп кеткен екен. Танымал тіленшілердің сыртында кейін қосылған неше түрлі сұрамшақтар, алақан қарап, құмалақ салатын кемпір-шал дейсің бе, қаптап жүр. Көршілес өзбек, тәжіктен ауған келімсектер де аз емес. Айдарбек сол қайыршы-тіленшілердің жаңа тобын көргенде, дүниеден түңілгендей көңілі құлазып, қатты мойып қалды. Мойығанда, жаңағы тіленшілер жұрттан түсетін нәпақаны бөліседі деген іштарлықтан емес, жуық арада оңала қоймайтын заманның беталысын көріп қайғырған» [2, 7]. Айдар-

бек жалғыз емес болатын, ол секілді тағдырдың тәлкегіне ұшырап, өмірдегі орнын жоғалтып алғандар қазақ қоғамында көптеп саналатын. Бір кездері ақынын, әншісін, барша өнерпаз ұл-қызын ардақтаған, саз өнерін, күй құдыретін терең түсінетін елдегі бүгінгі сананы тұрмыс билеген заманда керексіз болған Айдарбектердің тұрмысы көп жайды аңғартады.

Жазушы «Тіленші» әңгімесіне бүгінгі жалпыадамдық мәселе әлеуметтік әділетсіздікті, қоғамдық теңсіздікті, адамдар арасындағы тартыс шындығын арқау етеді. Есесі кеткен ел, көпе-көрнеу қиянаттан қанаты қайрылған өнерпаз тағдырын түрлі ситуациялар арқылы айна қатесіз жеткізеді.

Қ. Жұмаділов «Бұқарбайдың бұқасы» атты әңгімесі сонау жетпіс жылдан астам уақыт өмір сүрген қызыл империяның құлауы мен жаңа заманды тосырқай қабылдаған ауыл өмірін суреттеуге арналған. Кезінде аталары осы ауылдан қуғын көріп, шетел асып, сырт елде өскен Бұқарбай – әңгіменің басты кейіпкері. Автор қазақ еліне жаңа заман келгенін, енді бұрынғыдай қарекетсіз отырмау керектігін, жаңа қоғамға бейімделгендердің ғана ұтатынын бір кейіпкердің өмірі арқылы бере білген. Бұқарбай – сырт елде уақыттың, ақшаның қадірін көріп өскен, жаңа заманға, қоғамға бейімделген кейіпкер. Қарап жатпай, әр уақытын есеппен жұмсап, әр қимылын ақшамен бағалайды. Мамыражай өмір сүріп жатқан елге Бұқарбайдың бұл қарекеті біртүрлі тосын жай болып көрінеді. Бұқарбай туралы пікір сан саққа жорылады. Бірақ дүйім елдің ыңғайына Бұқарбай емес, бүкіл жұрт Бұқарбайдың ыңғайына көнеді. Бұқарбай ешкім мал деп елемеген бұқаның белін сатып ақша жасады. Елдің мүлік қылмай тастаған тракторын жүргізіп, егін екті, ол аз болса, көлік қып пұл тапты. Қазақтың бойындағы жалқаулық, енжарлық деген кеселден Бұқарбай ада. Өзінің істің адамы екенін сан мәрте делелдеді де. Осы арқылы автор етек-жеңі жиылмай жатқан қазақ халқына келген жаңа қоғамның жайын, қазаққа таңсық, түсініксіз, жұртшылық тосырқай қабылдаған заманды Бұқарбай образы арқылы бере білген.

Ар алдындағы ақталудың шығармадағы көрінісін Қ. Жұмаділовтің «Зауал», «Құдайдың үйі» атты әңгімелерінен көре аламыз. «Зауал» әңгімесінде Дүңгенбай деген кейіпкердің бұл дүниемен қоштасар сәт туғанда ертеректе Нұртазаға сатқындық жасап, соттатып жіберіп, сүйген қызын алдап үйленгеніне жаны қиналып, онан кешірім сұрауға шақыруы, «Құдайдың үйі» әңгімесінде Зақаштың сотта мойындамаған ұрлығын мешітке мойындауы



сияқты эпизодтар арқылы Жаратушы ие алдында кім де болса тәубеге келетінін ұқтырғысы келеді.

«Ит базары» әңгімесінде ауылдағы шопанның қала өміріндегі өзіне таныс емес құбылыстарды өзінше қабылдауын әңгіме етеді. Жаңа заманның жетістігі мен кемшіліктерін қатар алып суреттейді. Теледидардың жетістігі жаңалықтарды алақандағыдай көрсетсе, әр арнадағы ұрыс, соғыс, жалаңаш айқасып жатқан ғашықтардың ұлтқа берер теріс әсерін кейіпкер тілімен жеткізе білген.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жалдарынан қазақ оқырмандарына кеңінен танылып, өткір тақырыптарды қозғап, озық туындыларды дүниеге әкеліп жүрген қаламгердің бірі – Асқар Алтай. Шығармаларының эстетикалық әлемін құрайтын кейіпкерлердің ішкі дүниесі мен рухани әлеміне тереңдей еніп, жан дүниесіндегі сан түрлі толғаныстар мен күйзелістерді жан-жақты қамти білген Асқар Алтай әңгімелері шынайылығымен құнды. Ол жазған әңгімелердің тақырыптары анадайдан айқайлап, өзіне тартып тұрады. Қаламгер тақырып таңдаудың шебері десе де болғандай. Мысалы, «АҚШ консулының тас лақаты», «Лайбаран», «Түсік», «Тараншы Жолбарыстың сатқындығы», «Кентавр», «Қызыл қасқыр», «Стақан», «Сібір офицері», «Альпинист», «Шаһид», «Салбурын», «Прописка», «Көзжендет», т.б.

«Лайбаран» атты әңгімесінде кейінгі кезеңде белең алып, қоғамдық жағымсыз құбылысқа айналған кезбелер жайын қозғайды. Әңгіме Әкөн есімді бомж жігіттің тіршілігінен сыр шерткен. Бомж – белгілі бір тұрақты мекені жоқ адам. Кейіпкердің кезбелік күйге түсуін автор төмендегідей суреттейді:

«Мұндай мұңсыз өмірге, алаңсыз тірлікке еті үйреніп кеткені сондай, дүние төңкеріліп түссе де саңылаусыз күйге енген. Есілдерті – екі стақан арақ-шарап еді... Сол жолда бәрін құрбандыққа шалыпты. Тіпті, сақал-мұртына дейін бит балалап, тұла бойын күс басып кетсе де, жалқаулықты жар көріпті» [3, 145].

Ол дәрменсіз болатын, өмірмен күресуге жаралмаған жан еді, тағдырына мойынсұнып жүр еді. Бірақ оның ойының өзгеруіне баяғыда бірге оқыған жолдасы Сейсен себепкер болады. Ол өзгелерден сұрайтын бес-он теңгесін, Сейсеннен де сұрайды.

Қоғамдық күй кешкенмен жазушы кейіпкері өзінің адами болмысын жоғалтпаған еді, өзінің діни ұстанымдарына берік болатын. Ол иттің етін жеп жүргенін Ваня – кочегардан естісімен-ақ сол күннен бастап оны «аузына да алмайды». Әңгіменің соңына қарай ол қорлыққа, мазаққа төзбей, өзімен итше ырылдасқан Ваня – ко-

чегарды өлтіріп тынады. Бомж болып кеткен қазақ жігітінің дініне беріктігін көрсету арқылы автор қоғам індетін мәселе қып көтереді.

«Түсік» әңгімесінде тақырыптың өзі айтып тұрғандай, автор бүгінгі қоғамдағы жалпыадамдық мәселелердің бірін алға тартады. Қазақ қауымына дерт боп жабысқан түсік мәселесі бүкіл адамзатты толғандырып отырған келеңсіз жайт.

Түсіктің кейпін автор «қол аяғы домалақ пәле» деп береді. Әңгімені алғаш оқи бастағаннан-ақ түсінде түсік көріп, шошып оянған, өзі түсікке айналып, «биттің қабығындай жұқа жатыр ішін мекен еткен» кейіпкерді әйел екен деп ойлап қаласыз. Бірақ туындыны әрі қарай оқи түскен сайын «жігітшілік жолында жұмақ кешкен жаңа қазақтың» жігіт екендігіне көз жеткізесіз.

Әрі қарай шегініс тәсілімен автор кейіпкердің өткенінен хабардар етеді.

Әйелі Санабикенің банкир ағаларының арқасында несие алушыларға кепіл болатын фирма ашып, жалған кепілдікпен табылған арам ақшаны қалтаға басқан, ақыр аяғында әйелі мен Балкенже атты жас қызды қатарынан жүкті етіп, басы қатқан бас кейіпкер Бибол түсінде түсікті көрген еді, көріп қана қоймай түсікке өзі айналған болатын. Екі қыз, бір ұлдың әкесі бола тұра ақшаның буынан көңіліне желік кірген Бибол екі ананың құрсағындағы баланың бірінен құтылмақшы болады. Соның әсерінен бейкүнә сәбиді түсікке айналдырмақ болған арам ниетінің көрінісі қонақ үйге келіп қалжырап жатып ұйықтаған Биболдың түсінде өзінің түсікке айналуымен суреттеліп, оқиға аяқталады.

Жазушы «Кентавр» әңгімесінде дене бітімінің жоғарғы жағы адам, төменгі тұсы жылқы болып келетін Бесарыс атты «айғыркісі» туралы сөз болады.

Әңгіме Аққазы мен Моншақ атты ерлі-зайыптылардың Тарбағатайдың етегінде елден ерек өмір сүруімен әңгіме басталады. Елден жырақта екі жастың бұлайша бөлек өмір сүруінің басты себебі – экологиялық фактор. Әңгімедегі басты тақырып Семей полигоны. Әңгіме кейіпкері Моншаққа Семей, Өскеменнің қазақ-орыс аралас дәрігерлері «құрсағында бала емес, аң мен құсқа ұқсас құбыжық жатыр» десіп, босануға рұқсат бермей, бақылауда ұстамақ болғанда, күйеуі екеуі адам аяғы жете бермейтін тау арасына қашып барады да, сонда тұрақтап, құлын-сәбиін дүниеге әкеледі. Экологияның әсерінен адам бітімді, жылқы денелі болып өмір есігін аттаған, ешкімге қиянаты жоқ сәбиі – бөлекше тіршілік иесі ақыр соңында өздерінен таңсық, өздеріне ұқсамайтын құбылыстарға төзбейтін қатыгез жандардың қолдарынан қаза болады.

Адамзатқа тән өзгешелікті қабылдамау мен өзінен артықты көре алмайтын пенделік күй, ерекше жаратылысты, ешкімге зияны болмаса да, жауыздық пен қорқыныштың құрбаны ету – әңгімеге арқау болған басты мәселелер.

«Салбурын» әңгімесі қазақылықтың иісі аңқып тұрған, еркін өмір сүрген нағыз қазақтың, аңшы қазақтың, малдың жайын білетін, шаруақор қазақ баласының болмыс-бітімін көрсетуге бағытталған. Әңгімені оқи отырып, автордың аңшылық кәсібiнен өте терең хабардар екенін байқаймыз. Тәңіріге мойынсұнған түркі баласының еркіндігін, азаттығын артық көріп, көпшіліктен жырақ өмір сүруі мен көк бөріні ғана қадір тұтқан тотемдік таным «Салбурын» әңгімесі көтерген басты мәселелердің бірі.

Ә. Таразидің «Келін» әңмесі ер мен әйел арасындағы махаббатқа негізделген. Шығарма басында автор қазақ ауылындағы бар тіршілікті Жауһаз келіннің көзімен суреттейді. « ... Таң сәриден жата-жатқанша тіршілік қамы, ойлануға мұрша жоқ-тын. Сиыр сауып, қаз, үйрекке жем шашудан басталып, шай қайнату, қора-жай тазарту, тағы да шай қайнату, қазақ-ошақ, ыдыс-аяқ күйбеңімен бітетін күндер шұбылып өтіп жататын» деп ауыл өміріндегі келіннің атқаратын қызметтерін санамалап шығады. Шығармадан 90 жылдар басындағы қазақ ауылының бейнесін анық көре аламыз. Осындай қарбалас тіршілік жүріп, Жауһаз өзі көңілі қаламайтын Танабайдың алдымен өнеріне, кейін өзіне ессіз ғашық болып, бір сәттік көзсіз сезімнің құрбанына айналады. Осындай сюжет желісі «Өлім» әңгімесінде де көрініс береді. Кірпішбайдың айрандай ұйыған отбасына іріткі түсірген досы Еркебұлан, оның серілігіне ерген Бәтиха да шынайы өмірден алынған бейнелер.

«2999999+1» әңгімесінен отызыншы жылдардағы жаппай қудалаудың салдарынан ОГПУ қызметкерлерінің қазақ даласына жасаған қуғын-сүргінінің бір көрінісі елес береді.

Жазушының бір топ әңгімесі одақ кезіндегі колхоз шаруашылығын, бригадирлердің іс әрекеттері арқылы сипаттауға арналған. Осы әңгімелердегі жаратылысы бөлек, ешкімге ұқсамайтын Сұлтанмен оқырман бірнеше рет кездеседі. «Ауыл шетіндегі үйдегі» қарындасын құсқа сататын, «Жабы сәйгүліктегі» Көкала атты айғырларға талатып өлтіретін, «Сауал» әңгімесіндегі араққа тойып елге масқара болатын Сұлтан да шынайы өмірден алынған кейіпкер.

Б. Нұжекеұлының «Мүденің қатыны» атты әңгімесі аңызға құрылған. Шығармада б.з.б. ІҮ-ІІ ғасырларда өмір сүрген көшпелі

түркі халқы мен олардың даңқты патшасы Мөде хан туралы және де олардың қытай елімен арадағы қақтығыстары сөз етіледі.

Тарихи деректерде ғұндар патшасы Тұман б.з.б. 206 жылы қайтыс болып, таққа атақты Мөде хан отырады. Мөде билік жүргізген кезең ғұндар мемлекеті үшін алтын дәуір деп есептеледі. Себебі бұл кезде «ғұндар Хан (Қытай) әскерін күйрете жеңіп, оларды «тыныштық және туыстық туралы шартқа» қол қоюға мәжбүр етеді. Бұл шарт бойынша олар енді ғұндарға көп салық төлеуге мәжбүр болады» [5, 5].

Сол кезеңдегі бір-біріне елші жіберу, дипломатиялық қарым-қатынастар көшпелі түркілердің соғыс тәсілдерін оқиға желісінде шынайы бейнелейді. Әңгіме Қытай империясының он елшісінің Шәнүйдің ордасына келуінен басталады. Елшілердің ішінде елші атын жамылған тыңшы да бар болады. Тыңшының міндеті бұл елдің хал ахуалын, соғысқа қандай дайындығы бар, соны білу. Мұндай әдіс ерте замандағы мемлекеттердің барлығында дерлік кездесіп отырған. Әрбір дәуірдің өз ережесі, белгілі бір заңдылықтары бар. Мәселен, елшіге тиіспеу, соғыста өлген адамдарды жинап, арулап көмуге мүмкіндік беру, жекпе-жекке араласпау, аманатқа адам беру, т.с.с. ережелер сақталған. Жазушы осындай заңдарды әңгіме желісіне арқау етеді. Он елшінің ішіндегі тыңшы, түн ортасында келген елді жасырын зерттейді. Ғұндардың ел аралық дәстүрінде соғыс бола қалған жағдайда аманатқа берілген адам өлтіріледі, - дейді автор. Осы дәстүрді Тұман шәнүй Мүдені өзгенің қолымен өлтіру үшін алдымен Жүзі еліне аманатқа беріп, артынан сол елге соғыс ашады. Оның ойы заң бойынша таққа мұрагер Мүденің көзін құртып, інісін отырғызу болады. Алайда айлалы Мүде жүзілердің жүйрік атын мініп, қашып құтылады. Сөйтіп қастандық жасаған өз әкесін, өгей шешесін және інісін өлтіріп таққа өзі отырады. Тақ таласы үшін баласы әкесін, інісі ағасын өлтіру бүкіладамдық парадигма, қай кезеңді алып қарасаң да, тарихта кездесіп жататыны белгілі. Жазушы бір отбасының ішкі тынысы арқылы тарихта кездесетін тақ үшін болып жататын қантөгістерді көрсетіп өткен.

Б. Нұржекеұлының «Әйел жолы – жіңішке» атты әңгімелер жинағы суреткердің айтар ойының терең, көркемдіктің биік белесін бағындырған қаламгер екенін байқатады. Жинақтағы шығармаларының негізгі тақырыбы жалпыадамдық әдеби тақырып – махаббат. Жазушының қай шығармасын алсақ та нәзік жандар тағдырынан жырақ кетпейді. Олардың сезімі, ішкі жан иірімі, сырлы сезім әуендері шынайы кестеленеді. «Қыз сезім», «Кәріс қыз», «Бір ғана махаббат», «Күләштің соңғы көктемі», «Өш

алудан өршіген әдет», «Қамыт жағалы қоңыр көйлек», «Қырғыз келіншек», «Мұнтаздай Мұмтаз», «Құпия махаббат», «Күю», «Екі қырсық» сынды қаламгердің соңғы кезде жарық көрген шығармалары еркек пен әйел арасындағы махаббатты ашып көрсетуге, сезімдік байланыстарды суреттеуге ұмтылған. Аталған әңгімелердің көтеретін тақырыптағы ортақ – махаббат мәселесі болғанымен, әрқайсысы өз алдына көркем, қызықты сюжеттермен тартымды, бірі екіншісін қайталамайтын соны дүниелер.

«Жалғыздық» атты әңгімесінде күйеуін сүймей отасқан бейтаныс әйелдің кеудесіндегі бос сезім кеңістігін толтыру үшін серік іздеуі сөз болады. Шынайы махаббат сезімін табуға тырысқан әйел Жәкен атты азаматпен көңіл қосады. Жәкен мәңгілікке бірге болуға қолын созғанда, әрі сәрі болған келіншек, екі ұдайы күй кешеді. Астанаға алып кетуге келген Жәкенге жазған келіншектің хатынан сезімге емес, ақылға ерік берген әйелдің әрекетіне еріксіз риза боласың. «Мен біржола шештім. Сенімен бірге өзім бақытты болғаннан гөрі, әкесімен бірге балам бақытты болсын деп ұйғардым. Сен де өз бақытыңды ізде! Жаным, хат жазып, телефонмен сөйлесіп, енді мені қинама. Мен сенің тек мәңгі тілеушіңмін» [6, 4].

Жанұяның татулығы, бірлігі жолында, баланың әкесіз жетімсіремей, төрт құбыласы тең болып өсуі мақсатында шынайы махаббатын құрбан еткен жанның нағыз қазақ әйеліне тән әрекетін еріксіз құптайсың.

Шағын көлемге көлдей ойды сыйдыратын шеберлігімен ерекшеленетін Т. Нұрмағамбетовтің бірнеше шығармалары тақырып өзегіне арқау болды. Қаламгердің ауыл тақырыбына жазылған әңгімелерінің бір тобында ауылдағы ата әжелеріміздің көркем бейнесін жасауға көңіл бөлінеді. Қарт адамдар бойында сақталған қазақи мінездерді, отбасылық салтты, сыйластықты ашуға құрылады. Автордың шал мен кемпірдің бір-біріне деген ықылас-сезімдерін «Мінездер», «Жалғыз шартақ», «Базаршылар» әңгімелерінде әдемі жеткізген. Автордың қартайған шағында үлкен кісілердің екі жақты болуының қиындығын шынайы ашқан. «Кене», «Мешкей», «Тұлып», «Ойын», «Шұбырынды елдің шұбырынды әңгімесі» әңгімелерінде қазақи мінез, қазақи психология шынайы көрініс тапқан.

Т. Нұрмағамбетов тоқырау жылдарындағы ауылдың трагедиялық күйін көрсететін «Қаратомар», «Сушы» әңгімелері де көркемдігі жоғары туындылар. Жазушы «Анасын сағынған бала» әңгімесінде ауыл трагедиясын шынайы бере білген. Күнкөріс қамымен бауырындағы баласынан ажырап, қала кезген ана мен ауылда

қалып, анасына деген сағынышын жұртқа жария етудің өзінен тартынатын баланың сезімдік күйзелісін автор тартымды жеткізген. Күйеуінен ажырасқан анасы баласын ата анасына тастап, тіршілік қамымен Алматыда базарда жұмыс істейді. Әңгіме желісіне Алматыдан ауылға барған Есмағамбет атты кейіпкер мен жетім қалған Сержан арасындағы үш күндік қарым қатынас арқау болған. Автор баланың әрбір кимылы мен әңгімесінен оның бойындағы трагедиялық ахуалды танытып отырады, оған қоса баланың іс-әрекеттері арқылы жетімдік көріп өскен барша ауыл баласының бейнесін береді. Жас баланың өскен ортасы, әлеуметтік жағдайы үлкен өзгерістер әкелген. Ол көп нәрсені айтқызып сезді. Бейқам балалықты ұмытқан, маңайындағы жандардың ойын қабағынан-ақ ұғатын бала психологиясынан оның тағдыры басқа балалардан бөлек екендігі бірден аңғарылады. Алматыдан келген қонақ бұған анасынан ерекше хабар әкелгендей ыстық көрінеді.

Т. Нұрмағамбетовтың қай шығармасын алып қарамайық, шынайылығымен, сыршылдығымен оқырманын ойлантуға, өткенін есіне түсіріп, келешегін қиялдауға шақырып тұрады. «Бір қоржын бидай» атты әңгімесінде соғыс кезіндегі қым қуыт тіршілік пен бас көтерерлердің барлығы қан майданға аттанып, бар тауқымет бастарына түскен Қанапия секілді балалар мен Әуел сияқты безбүйрек бригадирдің айдауына түскен әйелдердің жанкешті еңбегі суреттелсе, нарықтық қатынас пен оның бүгінгі көрінісі арқау болған «Шұбырынды елдің шұбырынды әңгімесі» атты туындысында азат ел болған тәуелсіз кезең бейнеленеді.

Жазушының бүгінгі күн тақырыбын арқау еткен туындысы «Күнді жек көру» деп аталады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елде жұмыссыздар саны көбейіп, кезінде оқымай, әке малына сенген Бекбай секілділердің бірқатары қайыршы болудың аз алдында қалғандағы тапқан шығар жолы, айласы өлім болады. Тепсе темір үзетін атпал азаматтың осындай ойға келуі амалсыздықтан барған қадамы еді. Ауылдастары Желдібай мен Болыс өз қарыздарын сұрай келгенде, мұғалім сабақ сұраған кезде мелшиіп, көгеріп тұра беретін тәжірибесін іске асырған Бекбайға олардың әйелдерінің айтқаны намысына тиіп, өзін-өзі өлтіруге итермелейді. Алайда үйінен не оңды пышақ, не мықты жіп таба алмаған, оның соңғы байламы – балконнан секіріп өлу еді. Сол сәтте көңілі әлденені сезгендей қолдарымен балкон есігін тырналаған баласы Ұлан ғана райынан қайтарады. Әйтсе де, көрші-қолаң, тамыр-таныстың бәріне қарыз боп, әбден қалтыраған Бекбай өзі танитын Бөрікбас дейтін жігіттің кәдімгі қалбырдағы балықтан уланып, бірнеше сағаттың

ішінде жан тапсырғанын естігенде елең ете қалады. Ақыры, сол секілді балықты жеп, өлуге бекініп жатқанда түс көреді. Түсінде жер өз осінен ауып, Күн оны тастап кетеді. Әсіресе, түсіндегі қалта телефоны арқылы көршісімен сөйлескен кездегі диалогтары көп жайдан хабар береді.

« - Айналайын-ау, оның неменесіне таңданып тұрсың... Бұл жеріңнің өзі бүлініп бітпеді ме? Ластап жатыр... Қойнындағы мұнай мен газды сорып жатыр... сорып жатыр... Ормандары қырқылып бітуге таяу. Ал, соның бәрін жасап отырған халықтар онымен де қоймай, бір-бірімен ұрысып жатыр... соғысып жатыр. Әлі бір-бірімізге ракета атамыз... бомба тастаймыз дейді... Солар тастап та жіберді-ау шамасы. Жер соның бәрін қалай және қашанғы көтере береді. Өзің-ақ айтшы?!» [8, 6].

Заман келбеті мен адам тағдырын ой елегінен өткізіп, философиялық ой түйіндейтін бұл шығармада кейіпкерлердің ішкі халі мен рухани тебіренісі жалпыадамдық деңгейде берілген.

Белгілі жазушы, проза шебері әрі кинодраматург Дидар Амантайдың көптеген әңгімелерінде бүгінгі қоғам тынысының ең бір көркем, мөлдір сәттері шынайы беріле отырып, ондағы образдар жүйесі мен олар арқылы берілетін мінез-құлық, қимыл-әрекет пәлсапалық ой және диалогар арқылы жан-жақты суреттеледі. Автордың «Иірімге бітеді шоқ қараағаш», «Далада жанған от», «Қайға баптап», «Дүние ауып барады», «Сүмбіле», «Уссурий аймағы, Узала іздерімен», «Мұң», «Бір уыс топырақ», «Шілде», «Адасқақ», «Әудем жер», т.б. әңгімелері осының дәлелі.

Автор өзінің «Иірімге бітеді шоқ қараағаш» және «Далада жанған от» әңгімелерінде бозбаланың алғашқы махаббаттың дәмін татуы, сүйген қызының алдында жаны қиналып тұрса да өзін ер жігітке тән мінезбен ұстауы, яғни алғашқы жігіттік сыннан өтуі өте шынайы суреттелген. Алғашқы әңгімеде Дархан атты бозбаланың досы Әсия мен кішкентай бүлдіршін қызға деген енді ғана қылау берген алғашқы балалық сезіммен арпалысуы, бүлдіршін қыз көшіп кеткен соң өксігін баса алмаса да, оны Әсияның алдында білдіртпеуге тырысуы секілді алғашқы жігіттік сын өзен бойындағы кездесулер, Дарханның ішкі ойы мен Әсия екеуінің арасындағы диалогтар арқылы берілсе, «Далада жанған от» әңгімесінде бір бозбаланың жігіттік махаббаты Әйгерімді алып қашуға келуі, ол жайында жылқы бағып жүрген жас баламен ақылдасуы, өзінің ішкі ойын ақтару арқылы жас жігіттің қызға деген құштарлығын, шыдамсыздығын ашып айтуы өте шынайы көрініс тапқан. Автордың екі шығармасынан да қазақи мінез, ұлттық айшық аңғарылады.

Жылқы бағып жүрген жас баланың қыздың ағаларынан әбден таяқ жеген жігітке араша болуға тырысуы, жігітпен бірге қызды асыға күтуі, махаббатынан айрылып іштей егілген жігітпен бірге күйзелуі жан-жақты әрі шынайы көрініс тапқан.

«Қайғы баптап» атты әңгімесінде автор өмірде жиі кездесетін көрініс екі мектептес достың біраз жылдан кейінгі кездесуінде арақпен шер тарқатуын барынша нанымды, жан-жақты суреттеуді мақсат еткен. Жалпыадамдық сюжетті алу арқылы автор бүгінгі қоғамдағы отбасы, достық, махаббат сынды тақырыптарды ортақтастырып суреттеуге тырысқан. Диман мен Айбардың ішкі қайғысы, Айбардың әйелінің өзімен сот арқылы еріксіз қосылғаннан кейінгі мазмұнсыз өмірі, өмір сүруден шаршауы сынды әртүрлі ішкі жан дүниесіндегі шерін досы Диманға айта отырып, рюмканы көтеруі осы арқылы ішіндегі қайғының жалынын басуы шынайы суреттелген. Сөз арасында Диманның Ботагөз атты сұлуға асығып тұрғандығы, бірақ осы мас қалпында барса, қалай болар екен деген ой арқылы автор әңгімеге махаббат тақырыбын өте шебер енгізе білген. Автор әңгімеде бүгінгі қоғам өміріндегі үзінді көріністі көрсету арқылы адамдардың тыныс-тіршілігін, қоғамдағы достық, махаббат сынды сезімдердің бейнесін шолып өтеге тырысқан.

«Шілде» әңгімесінде жазушы қарапайым өмірдің бір сәттік көрінісін суреттеу арқылы жалпыадамдық аяушылық, мүсіркеу тақырыбын өте шебер бере білген. Шығарманы оқи отырып, автордың бұл тақырыпты көтеру арқылы шын мәнінде мүгедек жандармен олардың көңілін жаралап алмай, кемістігін байқамай қалай қарым-қатынас жасау керек екендігін әрбір адамның жақсы білгені абзал деген қорытындыға келесің. Басты идеяны автор мүгедек арбасында отырған Диана есімді қыздың көшеден өтуіне көмектескен Сағат атты жігіт пен сол қыздың арасындағы диалог негізінде өте сәтті суреттеген. Университетте оқитын жігіттің қайырымдылық жасауға деген ұмтылысын мүсіркеу деп түсінген әйел әңгіме соңында оны орта жолда қалдыруын, жалғыз емес екендігін, бала-шағасы, күйеуі бар, мұның оны мүсіркеуіне еш хақысы жоқ екендігіні басып айтып, жылауымен аяқталады.

« - Сіздің мені аяуға қандай хақыңыз бар, - деді Диана.

– Ондай пейілім болған жоқ.

– Неге мені мүсіркейсіз, - деп жалғастырды сөзін ол, - білесіз бе, мен жалғыз емеспін.

– Білемін.



– Кісілікті елгезек күйеуім бар, адалынан қамқор ағайын-туысқаным көп, балаларым тегіс ес жиып, етек жапқан үлкен адамдар.

Әйел жылай бастады. Ол бұған ешқашан көндіге алмайды. Ол бұған ешқашан үйрене алмайды.

Оны әрдайым осылай мүсіркей береді.

Бозбала не істерін білмеді» [9, 295].

Осындай бір сәттік көріністі суреттеумен жазушы оқырманға өте терең ой сала отырып, шын мәнінде қайырымдылық пен мүсіркеушіліктің арасындағы айырмашылықты көп адамдардың жете біле бермейтіндігін өте нанымды жеткізе білген.

Өте қырағы, әрі шебер әңгімеші К. Рақымжановтың «Қалғұты» әңгімелер жинағындағы біраз шығармалар ұлттық және жалпыадамдық мәселелерді қозғайды. Жинақтың ең бірінші «Қазына» әңгімесінде автор кейіпкер Тұяқбайдың монологы негізінде кең-байтақ қазақ даласын суреттей отырып, Ақшатау жерінің тамаша табиғатын, байлығын көрсетеді: «... Мал санаған уәкілдер төрт ферманың малынекі-үш күнде көзбен көріп шығу үшін ғана зорға аралап бітетін. Сан-салалы, тау-тасты өлке, өзен сағасы, кең жазығы мол алуан қырлы мекен осы... .. жанға да, малға да жайлы таулы, орманды өлкенің суы да мол, жері де құйқалы. Көктемде жарыса ағып, алды Аякөз, Бақанасқа құятын Ащысу, Қалғұты, Терісайрық өзендері жазғытұрым тасығанда өткел бермеуші еді» деп, Тұяқбайдың туған жеріне деген ерекше сезімін көрсете келе: «... Қырық жыл бойы атом сыналған полигон кесірінен айналасы жиырма-отыз жылда өзен-сулар тартылып, ағаштар құрап, табиғат өле бастаған» [10, 3] деп кейіпкер ойын жүрек түкпіріндегі жай айғайы, ішінен егіліп күйзелетіндігі, бірақ шарасыздығына әкеліп тіреді. Мұны келесі жолдар қуаттап тұр: «Өткенді ойласа-ақ болды, Тұяқбайдың жаны ауырып сала береді. Мұның жастық шағымен бірге қазақ өлкесінің мол, мамыражай, байлық пен шаттыққа толы дәуірі келмесе кетіп бара жатқандай» [10, 3].

Осындағы жалпы адамзаттық проблема – бүкіл әлемді елеңдетіп отырған атом бомбасын сынау, оны пайдаланудың орасан зияндығы мен кесапатынан адамзатты жиіркендіру, сақтандыру арқау болған. Әлемдік тепе-теңдікке, адамзаттың өміріне негіз, арқау болып отырған «табиғаттың өлуі» кезек күттірмес өзекті мәселе. Автор кейіпкердің іштен егілуі, туған жеріне деген жанашырлықтан күйреуі арқылы осыны көрсетуді мақсат еткен.

Ал, «Реніш» әңгімесінде қазақ әйелінің ішкі пайымы, ер алдындағы өзін ұстауы мен тәрбиесі ұлттық мінез тұрғысынан берілген. Сюжеті қарапайым болғанымен бүгінгі күнде жиі кездесетін жанұядағы ер мен әйел мәселесі шығармада өте шебер әрі нақты суреттеледі. Күйеуі бір айлық іс сапардан ақша таппай келіп, әйелі ренжіп ұрыс шығарады. Түндегі реніште күйеуін жерден алып, жерге салған Бигүл таңертең күйеуі жұмыспен кеткеннен кейін, біраз ойға батады: «Бигүл ыза бола жүріп «құрысыншы бәрі» деп ойлады. Төргі үйдің есігін жауып бұрқыратпай пештің күлін алды. Дүрілдетіп пеш жақты...» [10, 17]. Осылай автор ақырындап қарапайым іс-әрекет арқылы қазақ әйелінің мінезін аша бастайды. Одан әрі Бигүлге жеке мінездеме береді: «Бигүл үйінде көлденең шөп жатпайтын пысық әйел. Үйдің ісін әбден ретке келтіріп, дала жұмысына да Рахатпен кейде араласып кетеді. Мал суарады, шөп суырады, қар күрейді...» [10, 17]. Осыдан шығарма басындағы Бигүлдің шынайы мінезі мен образы ашыла түседі. Қашан да от басының ұйтқысы, берекесі болған қазақ әйелдері қандай қиыншылық болмасын, шаңырағын шайқалтпай ұстауға барын салған. Қандай реніш, келіспеушілік болмасын, қазақ әйелі бойындағы асыл мінезге тән кішіпейілділік, кешірімділік, шыдамдылық негізінде бәрін жеңе білген. Автор осы ұлттық мінезге қатысты тұсты шығарма бойына өте жеңіл әрі ұтқыр енгізген.

«Оралу» әңгімесінде автор туған ауылын сағынып келген Қуанның ішкі ойы, сағынышы арқылы қазақ қауымындағы туысқаншылдықтың рухани байланысын көрсеткен. Кәрі шешесімен амандықтан кейін: «Шешініп, жеңілденген соң үйдің ішін бір шолып шықты, ескі дүниелердің әлі сыны кетпепті. Айнала қолдан істелген текемет, оюлы түрлі-түспен құбылған сырмақ. Біздің әйелдер ғой «Ине ұстау білмейді» деп ойлады» [10, 19]. Осында автор Қуаттың ішкі ойы арқылы бүгінгі күндегі қазақилықтың жоғалып бара жатқандығына, ұлттық нақыштардың қолданыстан қалғандығына ой екпінін түсірген. Одан әрі автор Қуанның туған ауылына деген сағынышын, ондағы адамдардың мінез-құлықтары мен тұрмыс-тіршілігін беру арқылы бейнелейді.

«Алтын қол» әңгімесінде де қазақ ауылының ауызбіршілігі, тұрмысы сөз болады. Оқиға желісі Әшірбектің соғым сойғыш «өнері» үшін көптеген отбасының мұны толассыз шақыруы негізінде суреттеледі. Автор Әшірбектің көзімен соғым союға келген әрбір отбасының бейнесін, ондағы адамдардың ерекшелігі мен бауырмалдығын сипаттайды. Осы арқылы қазақ қауымындағы ұлттық менталитеттің көрінісі ашылады.

«Жағалау» әңгімесінде бүкіладамдық ортақ тақырып – махаббат пен достық, сезім сөз болады. Хасен мен Жәмиланің таныстығынан туындайтын сезім, Хасеннің досы Рамазанның қолдауы, терең сыршыл сезім мен рухани байланыс түрінде суреттелген.

«Әке» әңгімесі бала мен әкенің арасындағы қатынасқа құрылып, қазақи салтпен, мінезбен өріле берілген. Әкесінің араққа салынуы, қартайғанда көрінгеннің үйінде жүріп жалдамалы жұмысшы болуы – кішкентайынан өз күшімен көтеріліп, жалғыз өскен Асанның жанына қатты батады. Әңгіме сюжеті бүгінгі шынайы өмірден алынған, образдары бүгінгі қоғамның бейнелері. Автор осы мәселені әңгімеде өте көркем бере білген. Шешімін де әсерлі суреттеген. Қартайған ата-анасын далаға тастамай, қалай болған күнде де, жылулық таныту қазақ баласының мінезіне туа сіңіскен қасиет. Автор Асанның бойына осы мінезді қалыптастыруға тырысқан. Оны мына жолдардан байқаймыз: «... Әкесі барларға жаутаңдап, менің әкесіз өскенім аз ба, маған бұйырмаған қамқорлығың мен жүрек жылуыңды немерелеріңе қи, әке. Бұл менің сізге өмір бойы айтсам деп армандап келген сөзім екенін ұмытпаңыз...» [10, 51].

Жазушы Нұрғали Ораздың «Біз, ол «Мерседес» және махаббат» атты әңгімесі ауылдың қарапайым қоңыр тіршілігі мен қаланы жаулап алған бизнес әлемін қатар суреттеген, адалдықты, шынайылықты жан-тәнімен қалайтын жаны да, тәні де сұлу кейіпкер мен оған кереғар бейне ақша табудың жолын ғана білетін, бәрін де ақшамен өлшейтін жас жігіттің арасындағы махаббатты бейнелеген.

Астында «Мерседесі» бар, жан-жағындағы адамдарға менсінбей қарайтын, өркөкірек жігітпен жаны үйлесім таба алмай, онымен ренжісіп қалған қаланың сұлуы Бібіажар ауылдағы нағашы әжесі Сағираның үйіне келеді. Оның ауылға келуі қарасирақ ауыл балалары үшін үлкен жаңалық болып табылады. Ауылдағы қара торы, күнге күйген сары қыздарды аққұба келген, сымбатты, көрікті Бибіажармен қатар қойған ауыл балалары оған бір көргеннен ғашық болып қалады. Бірақ әңгіме соңында Бибіажарды су жаңа «Мерседес» мінген иесі алып кетеді. Әңгіменің қысқаша сюжеті осындай.

Ауыл баласына тән аңғалдық, адалдық, еңбекқорлық сынды қасиеттер мен қала тұрғындарына тән өзімшілдік, безбүйректік, ақшақұмарлық секілді мінез-құлық арасын ар өлшемі негізінде салмақтау – шығарманың басты мақсаты болып табылады.

«Оңаша арал» атты әңгімесінде жалғызбасты сұлу әйелдің жүрек түбіндегі мұңы сөз болады. Шығармада кафеде болған отырыстан

кейін оңаша қалған орта жастардағы, жанұясы бар еркек пен басы бос әйелдің арасындағы бір кештің әңгімесі өрістей келе, үлкен пайымдауларға ұласады. Күнделікті күйкі тірліктен қажыған еркек сырлы түнде жанында келе жатқан көрікті әйелдің сұлулығына елтіп, біртіндеп ішіндегі шерін тарқатады. Әңгімені оқи келе, екі адамның арасында жақсы ықылас-пейіл, жарасымды көңілдестік орнайтын секілді болып көрінеді. Алайда әңгіменің орта тұсына келгенде оқиға оқырман ойлағаннан басқаша сипат алады. Еркек жүрек жарды сырын айтқанымен, кімге де болса күнделікті айтыла бермейтін етене сыр әйелге мүлдем кері әсер етеді. Осылайша жалғыздықтың зардабын тартып жүрген, «оңаша аралды» уақытша ғана мекен етуді қалайтын еркекті салқын ғана шығарып салады.

Әңгіме бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі жалғыздікті әйелдер мәселесін көтерген. Шығарма соңында өмірлік серігін таба алмаған әйелдің түні бойы көз ілмей, жанарынан мөлдіреп бір тамшы жастың үзіліп түсуі аяушылық сезім тудырады.

Н. Ораздың «Жылқының көз жасы» атты әңгімесінің көтерген тақырыбы – Семей полигоны. Автор әңгімеде полигон зардабын тартып отырған Семей өңірін – «Жын жайлаған меңіреу өлке» деп береді [12, 5]. «Жынның дертінен» құтылудың бірден-бір жолын ақтан, қасқа биенің сүтін саумал күйінде, қымыз ғып сапырып ішу арқылы дертіне шипа қылған бас кейіпкер Абаттың өлім аузындағы қасқа биесімен жылап қоштасуы әңгімеге негіз болған.

Әңгіме түс көруден бастау алады. Түсінде күн батысқа қарай желе шауып бара жатқан қасқа бие қызара батқан күннің сағымына сіңіп жоқ болып кетеді. Алладан берілген аян түс дегенге саятын бұл түстегі оқиға ізі өмірде қайталаанады.

Әңгіме кейіпкері қартайып, бұл өмірден көрер дәм-тұзы таусылған қасқа биесін бауыздауға қимай, жақын маңдағы сары белдің биігіне апарып көмеді. Бір кездері өзін өлім аузынан алып қалған, шипалы саумалы мен қымызының арқасында Абат ұрпағының еш ауру-сырқаусыз өсуіне себепші болған, өз жанұясы үшін қасиет-кие саналар қасқа биенің өлім алдындағы аққан тарам-тарам жасы мен күрең аттың оны қимай тілсіз, үнсіз егілуі әңгіменің «Жылқының көз жасы» деп аталуына себепші болған.

Автордың «Түнгі жалғыздық» әңгімесі бір түндік қана оқиғаны баян етеді. Түн жарымынан жолға шыққан жалғыздықтың таң алакеуімдеп атқанша бірнеше үйдің есігінен сығалап, жан дүниесінің билігін бір сәт жалғыздыққа ұстатқан көңілі жарым жандардың мұңына ортақтасуын әңгімелейді. Шынында да жан-жағын жалғыздық торлаған сәттер көпшіліктің басынан әркез

өтіп тұратыны ақиқат. Осындай иірімі мол жалғыздық сезімінің бір сәттік қана екендігін автор өз туындысы арқылы шынайы бейнелейді.

Суреткер жазушы Д. Рамазанның «Көкжал» әңгімесіне «иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар» дегенді негіз етеді [13, 5-15]. Осы мәтелді әңгімесіне эпиграф етіп алған автор қасқыр мен адам арасындағы тартыс арқылы дүние жалғанның қаталдығын бейнелеуге тырысқан. Әңгімені оқи отырып, жалпыадамдық парадигма қолмен жасаған қиянат пен жауыздықтың күндердің күні қайтарымы болатынын ұғынғандай боласың.

Аңшылықтан қайтып келе жатқан Серікжан мен Қанаттың қасқыр апанынан алып шыққан бес бөлтірігі әңгіме соңына қарай Елубайдың өліміне себепші болады. Бес бірдей бөлтірігін алдырған арлан қасқыр адамзаттың қолымен жасалған қиянатқа қарсы шығып, олардың малдарын қырып қана қоймай, әңгіме соңында Елубайдың өзіне қарсы шабады. Бауырындағы бөлтіріктерінен айрылып ашынған қасқыр Елубайды мерт қылады.

Әңгіменің бір тұсында автор мынадай эпизодты баяндап өтеді. Бесіктегі жылап жатқан баланы жұбатпақ болған көк төбет нәрестенің бетін жалай бастайды. Оны көрген Елубай мылтықтың дүмімен итті аямай ұрады. Жазықсыз таяқ жеген төбет Елубайға өкпелеп, екі күн нәр татпай, жатып алады. Сол нәр татпаған күйі көз жұмады.

Жалпы әңгімеде автор адамзат секілді жан-жануардың да обал-сауабы болатынын мәселе етіп көтереді. Аң-құс пен жан-жануарларға аяусыз қиянат көрсететін адам баласының асқан қатыгездігі әңгіменің басты тақырыбына айналған.

Д. Рамазанның «Алланың елшісі» әңгімесі дін тақырыбын қозғайды. «Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған» деп келетін қазақ әні мен осыған байланысты Қазығұрт тауының басында қалуына қатысты аңыз әңгімеге арқау болған. Әңгіме барысында автор Нұһ пайғамбарға қатысы жоқ қазақ аңыздарын да кірістіріп отырады.

«Сағындым сені жанқалқа» әңгімесі түс көріп шошып оянудан бастау алған махаббат тақырыбындағы шығарма.

«Бір-бірін жаңа көрген ғашықтардай құшағымыз айқасты. Сүйістік... Аймаластық... Күнәға баттық...

Бір кезде топ етіп жерге түстік... Қара шаң бұрқ етті де, көз алдымда қара жер қақ айрылып бара жатты... Екеуміз екі жақта қалып қойдық. Қолымызды қанша созсақ та, жете алар емеспіз. Бір-бірімізден біртіндеп ұзап бара жатырмыз...

Төмен қарай көз салсам, құлама жар, түпсіз терең шыңырау...

Шошып ояндым... Өткен күндер ойыма оралды...» [15, 8-16].

Әңгіме өзіміз көріп отырғандай жан тербер асыл сезім – махаббат сезімі туралы толғаған автордың ішкі жан-дүниесіндегі сыры тұрғысынан берілген.

Қазіргі қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасымен көрініп, әдебиет әлемінде соны соқпағын бедерлеп үлгерген Жұмабай Шаштайұлының біраз әңгімелері тақырып өзегіне арқау болды. Автор күнделікті өмірде болып жатқан кез-келген қарапайым уақиғалардың астарынан психологиялық сыр суыртпақтайды, көпшіліктің назарына іліне бермейтін тарыдай тағдырдың таудай трагедиясын алдыңызға күлбілтелемей, суреткерлік шеберлікпен жайып салады. Оған дәлел автордың «Есбай тігі», «Жерге орналас-тырушы», «Қоңыр», «Өмір ертегісі», «Үй мен түз» т.б. әңгімелері. Адамдар жан дүниесіндегі толассыз тауқыметтер мен күллі құпияларын қойнауына бүккен табиғаттың тылсым сырлары Ж. Шаштайұлының әңгімелерінде нәзік шеберлікпен астастырыла, жіктестіріле баяндалады.

Автордың «Есбай тігі» атты әңгімесінде кәрілік жеңіп, есту мен көруден қалған Есбай қарияның бала мен қатынға бағасы қалмай көп жағдайда іштен тынып, терең ойларға шомуы өте шынайы суреттелген. Өкінішке орай қазақ қоғамына жат болғанымен бүгінгі заманда етек алып келе жатқан бұл көрініс ащы да болса шындық. Автор осы мәселені сипаттау арқылы қарияның ішкі жан тебіренісі мен күйзелісін бере отырып, қоғамның қайда бағыт алып бара жатқанын, кейінгі ұрпақтың үлкенге құрмет көрсетуден безіп бара жатқандығын алға тартып дабыл қағады. Мұны әңгіме барысында Есбай қарияның ішкі монологы арқылы жеткізіп отырады.

«Есбайдың сопақша келген кескінінен уайымның табы білінеді. Шот маңдайының қатпарлары жиырылып, ақ бурыл қаба сақалын тарамдап қойғаннан басқа амалға бармады. Нұры тая бастаған көздерін сығырайта, сыртты ұзақ шолады... ..Қарауытқан тіршіліктің бүкіл күңгірттігінен жерінгендей теріс қарап, бүк түсіп жатады. Тағаты таусылғандай оң жамбасына қарай қайтадан аунап, әдетінше тыстағыларды бажайлайды» [16, 256].

Үйдегі жүріс-тұрысты нақты көріп, естімесе де, осылай бақылап жататын қария бір күні бұл тірліктен ой сергітіп қайтуды ойлайды. Мазасыз әйел мен ақылсыз баладан әбден мезі болған, кезінде көкпардан алдына жан салмаған, бір аймаққа атағы шыққан Есбай қария Қарагер атын кіші баласына ерттетіп, серуенге шығуды ұйғарады. Беткеймен жүріп отырып, өткен-кеткенді ойлап келе

жатып, кенет адамдардың топырлаған шоғырын байқайды. Мұның бірден көкпар екенін сезген қарт шабандоз делебесі қозып топқа қарай құлдилап жөнеледі. Осылай жастық шағын еске алып, тәуекелге бел байлаған қария көкпарға кірісе кетеді. Ақыры көкпарды алып шығып жотадан төмен құлдилап барып омақаса құлайды.

Автор осы сәттерді бере отырып, қарт шабандоздың ішкі әлемін өте шынайы бере білген. Бүгінде еленбей калған көкпардың бар кереметі, ондағы шеберлік, күш сынасу өте көркем суреттелген.

«Жерге орналастырушы» әңгімесінде аты айтып тұрғандай автор бір совхоздың жерге орналастыру бөлімінің бастығы Шормақовтың жұмыс барысындағы бір дауды әділ шешуіне қатысты сюжетті суреттейді. Әңгіме сюжеті өте қарапайым болғанымен сол кезеңдегі қазақ қоғамының бет-бейнесі, рулық бөлініс, жерге талас сынды мәселелер өте сәтті шыққан. Екі совхоз «Көкөзек» пен «Октябрдің» Қызылсайға таласуынан өрбіген дау ауаткомның председетеліне дейін жетеді. Дауды шешуді өз мойнына алған Шормақов «Көкөзектіктердің» өз жерлестері болғанына қарамастан, жерді заңды иелері «Октябрліктердің» пайдасына шешіп береді. Әңгімеде қазақ қоғамының соғыстан кейінгі жылдардағы қайтадан бас көтеріп, заңға жүгініп, көздері ашыла бастаған тұс өте шынайы суреттелген.

«Өмір ертегісі» әңгімесінде автор қаладағы балаларының кәрі ата-аналары кемпір мен шалға немерелерін алып келуін суреттейді. Әңгіме ертегі жанрында басталады.

«Баяғы өткен заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың әлпештеп өсірген екі ұл, екі қызы бар екен. Екі ұл Алматы дейтін шаһарда тұрыпты. Ал қызының үлкені Қиыр Шығысқа, кішісі Қырым жаққа күйеуге шығыпты...». [16, 292]. Әрі қарай автор шал мен кемпірдің қарапайым тіршілік басындағы бірін-бірі қағытып, болмайтын нәрсеге бола сөзге келе беретінін суреттейді. Автор әңгімеде қарт кісілердің балаша бір-бірімен ұрысуы, барына қанағат етіп, бала шағасының амандығын тілеп отыруы, кішкентайлардың арасында келіп еркелеуі, ата-апалап мазаларын алуын соншалықты шынайы беруі арқылы шын мәнінде де ертегі өмір деген ұғымды шебер бере білген.

Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, жазушы Қ. Жиенбайдың әңгімелеріне біз бастан кешкен бүгінгі уақыт пен қоғам тынысы кеңінен арқау болған. Сондықтан да автордың беріп отырған ойлары жалпыадамдық және ұлттық парадигма тұрғысынан қарастыруды қажет етеді. «Б.Б.Б.», «Рим Папа-

сын күткен күн», «Күн түспейтін терезе», «Оны ешкім іздемеді», «Ақмойнақ», «Күде», т.б. сынды әңгімелері жазушы көтерген тақырыптардың өзектілігін айқындайды.

«Рим Папасын күткен күн» әңгімесінде автор Аралқұмда екі супермаркет ашып, цивилицияны алып келген Керімқұл атты саудагерге аудан әкімінің қонақ күтуге тапсырма беруі, оған Керімқұлдың басқадан асып түсу үшін жанталаса кірісуі суреттеледі. Әңгімеде 90-жылдардың басындағы қазақ қоғамының бейнесі айқын көрініс табады. Автор байлықтың соңына түскен адамның психологиясын, сараңдығын ашып көрсетуге тырысқан. Әкім тапсырма берісімен Керімқұл өзін ағасы Қайыпбергенмен салыстыра бастайды. Әкімнің тапсырманы аудандағы бекеттің бастығы, өзінің ағасы Қайыпбергенге емес бұған жүктегеніне өзін артық санап, ішінен бар жетістігін санамалап шығады. Кімнің келетінін күні бойы күтіп, әкімнен хабар келмеген соң шыдамы таусылып өзі хабарласады. Ондағы ойы келетін адамның дәрежесіне қарай дастархан әзірлеу. Автор осындай ситуацияларды терең ирониямен, сарказммен кейіпкердің өз ішкі ойы арқылы өте қызықты етіп бере білген.

«... Оу, Керімқұлдың бұл жақта ине ұшында отырғандай хал кешетіндігін, осы күні қонақ қабылдаудың кім-кімге де оңай еместігін ақыл тезіне салып, алдын ала хабарлай салса, бір нәрсесі кете ме?! Әтібірлі қонақты күтіп алу, ың-шыңсыз шығарып салу, ортақ абырой емес пе әрі-беріден соң. Әлде Керімқұлды сынағысы келе ме. ... Әйтпесе, бұл не қылған шірену?!» [17, 282].

Осылай өзінен өзі күйгелектеніп, ақыр соңында әкімге өзі хабарласып, Рим Папасының келетінін біліп алады. Тіпті, оның кім екенін, әкімнің сұрап қоймай қойған соң, қалжың ретінде айта салғандығын да түсінбейді. Жанталаса дайындала бастайды. Кешке келген қонақтардың азық-түлікті өзінің дүкенінен қарызға алып, ай соңында қайтаратын таныстары мен туысқандары екенін көріп, ішінен Рим папасын іздей бастайды. Дастархан басында әкім ет-жақын туыстарымен Керімқұлдың басын қосып шай бергізгісі келгенін айтады. Керімқұл үнсіз қалады.

Автор осылай сауда соңына, ақша артына түсіп туыстарынан бөлектене бастаған кейіпкерді бере отырып, бүгінгі қоғамда да кездесетін мұндай адамдарға нұсқау жасайды. Ондай адамдардың іс-әрекеттерінің, ішкі ойының соншалықты төмен екендігін, тек бақталастық пен есепке құрылғандығын автор дөп басып суреттеген.



Талантты жазушы Р. Мұқанова өзінің «Құбыжық» атты әңгімесіндегі кейіпкерлердің адамды мезі ететін іс-әрекеттері арқылы өмірде құбыжық – адамдардың кездесетінін жеткізгісі келеді. Жазушыға келіп, қажетсіз әңгімелерімен әбден мезі еткен, оның құбыжыққа айналуына «көмектескен» кейіпкерлер қатарында аудандық газет тілшісінен Орталық Комитетте бөлім басшысына дейін көтерілген, «кочевник» қазақты «безграмотный» санайтын, «мәдениет элитасының қалыптасуына күш салған», «новомыслящий, новый қазақ» шал бар. Бүгінгі күннің бейнесін бүгінгі кейіпкерлер бейнесі арқылы шынайы аша білген қаламгер бүкіл ғұмырын партия жолына сарп еткен, партия басшылығындағы қызметін ел тұтқасы, тұғыры болдық деп санайтын, коммунистік партияның құны көк тиынға татымай қалса да, сол тұғырдан әлі де түсе алмай жүрген, өзгені зор санайтын, өз ұлтын қор көретін, қазақтарды менсінбей сөйлейтін шал-шауқанның мағынасыз өткен өмірін, тырбанған мазасыз тірлігін әшкерелейді. Өз өмірбаянын тарих деп танитын, қажетсіз дүниесін тықпалаған «жаңа қазақтың» қазақтықты жатсынуын көрсету арқылы автор қоғамдық дертті алға тартқан.

Әңгіменің келесі кейіпкері «алпыстағы ақын қыздың» образы өмірзая ұғымымен сәйкес келеді. Өз ғұмырын ақындыққа арнаған, жеке жанұялық өмірін де құра алмаған (күйеусіз екі бала тапқан, жатақханада әкесі тастап кеткен жиен немересін баққан) дарынсыз ақынсымақтың тағдырын зая кеткен демеске амал жоқ.

Әңгімеде мұнан басқа да таңқаларлық кейіпкерлер бар: бірі басына үкі тағуымен ерекшеленсе, екіншісі ернін бояп, опаланып алған еркек, енді бірі жаздыгүні саптама етік киіп, қонышына дейін жезбен шытыралап алған, костюміне түйме орнына жіңішке темір жүгіртіп, моншақтар, алпыншақ-салпыншақтар қадап тастаған кердең «тұлғалар».

Шығармадағы жағымды кейіпкер – «алпыстағы ақын қыздың» жиен немересі Нұржан ғана, ол автордың пайымдауынша, ой-өрісі жетілмей қалған кішкентай адамдардан тұратын тобырлық тіршіліктің берекесіз іс-әрекетінен зәрезап болған тұлға.

Әңгіме соңында өзі құбыжыққа айналып кеткен бас кейіпкер – жазушының төмендегі сөздерінен біраз жайтты аңғаруға болады:

« - Дұрыс жүруден, дұрыс сөйлеп, дұрыс ойлап, дұрыс өмір сүруден жалықтым. Қисық өмір сүру әлдеқайда жеңіл. Сол жеңіл жол осы әдіске көшуіме себепкер болды. Мен қисық кескіндердің ішіндегі тік төртбұрышы едім. Қай жерге кіріп, сіңіп кетейін десем

де үйлесе алмадым. Үйлесім табу – тоқырау. Сіз мені тоқырады, бітті, сөнді, жоқ деп түсініңіз

... Қарсы болуға хақым жоқ еді. Мүмкін менің де басқалардан ерекше емес екенімді мойындату үшін де тағдыр үкім еткен болар. Осылай... осылай аяқталды, - деді Құбықық өрескел қозғалақтап» [18, 47].

Адамзаттың жаны таза, рухы қаншылықты биік болғанымен, бәрібір пенде қалпында қалатындығы мен пенде табиғатының Алла жаратқан қалыптан ауытқуының соңы бақытсыздыққа ұшырататындығы автор тарапынан ұтымды жеткізілген.

Шынайы ақиқат пен жалғандықтың бармақтай бақ пен сорға бастаған бақытсыздықтың мәңгілік майданындағы адамгершілік, ізгілік тақырыптарын шығармаларының өзегі еткен жазушылардың бірі – Талаптан Ахметжан.

Автордың «О дүниенің қонағы» атты әңгімесінің қызықты оқиғаға құрылғандығын тақырыбынан-ақ байқауға болады. О дүниелік болып қайта оралған әңгіме кейіпкері Қияқ – жекеменшік фирманың иегері, бұрынғы ұяң мінезінен арылған, думаншыл, жалғанды жалпағынан басқан қалталы жігіт. Қаладағы ең ірі базарды өз меншігіне алған туған ағасы Мияттың арқасында алшаң басқан адымына мастанған жігіттің қысқаша өмір жолы әңгімеде көркем суреттеледі. Әңгімеге негіз болған жайттар бүгінгі күннен алынған. Жазушы бүгінгі күн мәселесін көтере келе, нарық заманындағы ақшалылардың ойсыз-мұңсыз өмірінен сыр шертеді. Қазақтың «көп асқанға бір тосқан» деген нақыл сөзін Талаптан әңгімесінің түйіні, негізгі өзегі десе де болғандай.

Әңгіме кейіпкері Қияқтың ««Ақша – қолдың кірі» деген кісі қателеседі, ақша қолдың кірі емес, ақша тамыр қуалай бүлкілдеп ағатын ыстық қан. Ол үнемі айналып тұрмаса еселеніп өспейді. Өзіңше кейде сарандығың ұстап, алақаныңды ашқың келмей қысып отырып алсаң, қан жүретін тамырларың біртіндеп тартыла бастағанын сезесің. Шығын шықпаған жерге кіріс кірмейді» деген сөздерінен саудамен айналысып байыған адамның психологиясын байқауға болады.

Әңгіме сюжеті су жаңа қаракөк джипіне мінген «жаңа қазақ» - Қияқтың түнгі ісіне масаттана мәшинесімен ызғытып келе жатып, жолда қол көтерген ақ киімді әйелді қағып кетуімен басталады. Көңіліне желік кіргізген «түңгі істің» жайын автор «Бір емес, уызы шайқалмаған екі бірдей елікті торына түсіріп қанын сорғалатқан күйі қанжығасына байлаған әккі аңшы мұндайда қалай тасыса, бұл да солай желігіп отыр, өз қайратына

өзі таң қалып отыр» деп жұмбақтайды. Жұмбақтың шешімін оқырманына түсіндіру мақсатында қаламгер әңгіменің сюжет желісін шегініспен толықтырады. Әңгімеде қолданылған әрбір тәсіл негізсіз емес. Мәселен, көлік апатының әсерінен біршама уақыт естүссіз жатқан Қияқты «о дүниенің қонағы» атаған жазушы Әнкір-Мүнкірдің есеп алуы сынды діни негіздегі сенімді әңгімеде ұтымды пайдаланған.

Шығарманы оқи отырып, оқиға сюжетіне бүгінгі өмірде болып жатқан тіршіліктер арқау болғанына толықтай көзің жетеді.

Т. Ахметжанның «Махаббат әуені» атты әңгімесі – жанға шуақ құятын, ішкі әлемінді тербетіп, жан дүниенді, бүкіл сезімді билеп алатын сырды дүние. Әңгімеде ешқандай сюжет желісі кездеспейді. Тек автордың бір сәттік көңіл-күйі, әуезді әуенге деген аңсары суреттелген.

Н. Дәутаевтің әңгімелері өзінің өміршендік өрісімен, бітімі бәлек жаратылысы, таза көркемдік қуатымен ерекшеленеді. Автордың «Көгілдір көйлекті келіншек», «Шал», «Мәкеңдер, Малсекеңдер, Заман», «Бейғам дүние», «Көрбай», «Дударай», «Тәңірінің сыйы», «Мінез», т.б. әңгімелері бүгінгі күн биігінен қараған соны тақырыптағы туындылар. Жазушының әдебиет айдынына желкенін еркін жайған батыл ізденістері ұлттық бояуы қанық баяндау үлгісі, өзге де даралық сипаттары соның дәлелі. Жазушы шығармаларында бүгінгі қоғамның адам мінезі мен тәрбиесіне қаншалықты әсер етіп жатқандығы шынайы суреттелген. Сол арқылы автор адам жан дүниесін кесір-кесапаттан, азып-тозудан, бейғам-бейдауалықтан арашалауды мақсат еткенін көре аламыз. Әңгімелеріндегі кейіпкерлердің көркем сомдалуы бүгінгі өмір, қоғам, замана ақиқатын тануға көмектеседі.

«Көгілдір көйлекті келіншек» атты әңгімесінде автор бүгінгі қоғамда өкінішке орай жиілеп бара жатқан жесірлік мәселесін көтерген. Құдай қосқан күйеуінен жастай жесір қалған келіншектің тән азабына түсуі, сол арқылы сан түрлі ойға батуы, қиналыстан ботадай боздауы осыған итермелеп отырған қоғам көріністерімен өте нанымды суреттелген. «... Әлеміш газет-журналдар, теледидар, ондағы кинофильм мен арнайы хабарлар, яғни екі қара санының арасын қоздырудың мына жаркөлеш қасірет заманы бойдағы бұқпантай жүретін құтырынған сезімнің бас көтере беретініне әкелді. Нәпсі деген нәлет тиіп кетсең лау ететін шайы құрай сияқты лапылдағыш пәле екен, қоясы қотырдай қозып... Түн баласы ояу жатып та, ұйқы құшағында да еркек иісті аңсап жәнталасар еді» [24, 130]. Автор осында жалпыадамдық мәселе бүгінгі қоғамдағы анайы

әрекеттердің ашық көрсетілуін өте ұтымды меңзеп өткен. Оны тән азабымен арпалысқан келіншектің ішкі ойы, қиналысы арқылы шебер жеткізген. Осылай қиналып жүрген келіншекке бірге жұмыс істейтін қыздың іс-әрекеті ой сала бастайды. «Қыздың жасы бұдан үлкен болғанымен, өңі алмадай уылжып тұратын еді. Қаз кеуде, қиылған бел, тұсақ бөксе, тоқ, тұзу балтыр, жүзінде алқызыл рең лүп-лүп етіп тұрады. Күніне үш мезгіл әлдебіреумен міндетті түрде сөйлеседі. Сондай кезде дауысы мүлде ұяңданып, сөздері жан тебірентер әуезбен ән салып тұрғандай естіледі; еркіндігі, еркелігі қатар. Трубканың ар жағынан еміс-еміс естілетін қоңыр дауыс қоңыр желдей есіле ме... Қыз әткеншекте отырғандай тербетіледі. Әуелде келіншек бұған мән бермеуші еді, бірте-бірте қызығатын болды. Әйел нәсілінің ең осал тұсы – әуестік ұршықтай үйіре бастаған. Сондай бір күні әлгі еркек туралы қыздан сұрады.

- Жігітің бе?

- Нақсүйерім, - деп күлді анау.

- О, не тағы?

- Ол ма?.. Ол менің тағдырым...

Қыздың айтқанынан ұққаны: Нақсүйері үйелменді... » [24, 132-133] Осылай автор бүгінгі телесериалдардан көріп жүрген сюжеттің өмірдегі көрінісін бере отырып, оның қазақ қоғамындағы көрінісін жасайды. Көріністің шынайы шығуы үшін автор сюжетке тағдырына көндіккен, нақты бір шешімге келген, бүгінгі заман әйелінің бейнесін қосады. Бұрын соңды мұндай әрекетті арсыздық, ұят деп санаған келіншектің таңқалысына қыз тайсалмастан жауап қатады.

« - Біреудің күйеуі ғой ол, - деді келіншек қызға таңдана қарап.

- Болса ше... Неге ондай ерен еркек бір ғана әйелдікі... Ондай ерен еркек жалғыз сәт болса да, мені де бақытты етсін. Ал мен өз бақытымды сезінейін одан. Мен оны сүйемін... Ол да... Сүйгендігім үшін де мен оны отбасынан бөліп әкетуді ойламаймын. Жалғыз сәт дауысын естігенім де, жалғыз түн жанымда болғаны да жетеді... ..Сол бақыттың жанында кімнің де мені жер табандатып жазғырғаны, мазақтағаны, күлгені түкке тұрмайды...» [24, 133]. Автор беріп отырған қыз қазақ қауымына жат, мұсылмандық түсінікке қарама-қарсы, таза батыстық санаға ұрынған, толыққанды отбасы туралы ойдан аулақ, өзі сүйген еркекпен бір сәттік ләззәтті сезініп, көтеріп жатса бала туып алып, сонымен бар өмірін соған арнап өтуді көздеген, бүгінгі қоғамның шынайы бейнесі. Жазушы осы тұрғыдан қыздың ішкі ойы мен дүниеге көзқарасын өте ұтымды жеткізген.

Келіншек қыздың осындай «нанымды» жауаптарынан кейін не ойларын түсіне алмай дал болады. Ақыры қызбен біраз уақыт араласқаннан кейін, келіншектің өзі де қыз таныстырған еркекпен кездесе бастайды. Біраз уақыт ашыналастықтан кейін жүкті боп калған келіншек, ақыр соңында іс-әрекеті мен дүниеге көзқарасы алабетен еркектен көтеріп қалған баладан құтылуды ойлайды. Әңгіме осымен аяқталады. Автор әңгіме сюжетіне осындай көріністерді арқау ету арқылы шын мәнінде батыстық сананың қазақ қауымына тигізіп жатқан кесапатын, ұлттық тәрбиеге қаншалықты қарама-қайшылығын көрсетіп өтуді көздеген.

Жазушының «Айғыркісі» атты әңгімесінде бүгінгі нарық заманында адамның қаншалықты адасқандығын, ақша үшін қасиетті, киені де сатып жіберуге дайын екендігіне куә боламыз. Ұлттық парадигма қазақ қауымының ертеден кие мен қасиетті барлық нәрседен биік қоюы, кез-келген қорғансыз жануар, құс, аң болсын оның киесі барына сенуі және оған обал жасалмауын қадағалауы әңгіме тақырыбына арқау болған. Әңгіме Есқұл қарияның ішкі ойы негізінде өткенге оралып қасиет пен киенің құдіретін өз көзімен көргендігін есіне алуымен өрбиді. Қарияның киені есіне алуына сатылып кеткен «Айғыркісі» атты жылқының Таластың қайбір түкпіріндегі қырғыз ауылынан қашып, қазақ жеріндегі қайтыс болған иесі Жалғастың моласының басына келіп оскырынып тұруысебеп болған. Мола басындағы жылқыны көргенде қария дағдарып, өңі мен түсінің арасын шамалай алмай абден шатасады.

«Отағасы дағдарды: Япыр-ай бұл сонау Таластың қайсыбір түкпіріндегі қырғыз ауылынан қалай келді. Келсін-ақ қашып, алайда мына жас қабір басында тұрысы... Жылқының... Жылқының да адам секілді аза тұтып... Нендей құдіреті бұл жаратқан иенің...» «Қолатқа келіп, кер биеге шідер салып тастағаннан кейін де отағасы өз-өзіне келе алмады. Аң-таң. Әлгі... Кісі сенетін нәрсе ме...» [23, 236]. Жылқының осындай киелілігін ұғынған Есқұл қария, тізерлеп, екі ауыз құранын оқып, оны моланың басында жеке қалдыруды ұйғарады.

Автор әңгіме басынан бастап оқырманды қызықтырып әкетеді. Қазақтың салт-санасына тәрбиемен беріліп, сіңіскен қасиеттен аттамау, киелілік сынды тақырыпты бүгінгі күні қазақ прозасындағы өзекті мәселе деп атауға толық негіз бар. Олай дейтініміз, қоғамның өзгеруімен қатар, нарықтық заманға бет бұрған адамдардың қасиет пен киені қастерлеу тұрмақ, рухани дүние таяздығына ұшырап жатқандығы ащы болса да шындық. Автор әңгімеге осы тақырыпты

арқау ету арқылы рухани байланыстың, киеліліктің өте биік деңгейдегі қатынас екендігін өте шебер суреттеген.

Жалғас Есқұл қарияның немересі жолында, сауда артына түскен немере інісі Бұлдидың көп күткен жалғызы. «Айғыркісіні» құлын кезінде балшыққа батып қалған жерінен құтқарып алып, өзі асырап, атасы Есқұл екеуі баптаған. Жабағы 2-3 жылда қаратөбел дөнен болып шыға келеді. Әкесі қанша рет түйедей қаратөбелге көзі түсіп сатқысы келгенімен, баласы болмай қойған. Сол жылы қаратөбел бәйгенің алдында келеді. Күзде жұрт қаратөбелдің адам айтса сенгісіз қасиетіне таң болады.

« ... келін босана алмай ұзақ қиналды. Со кезде арба үстіне салған шөпті шайнап тұрған қаратөбел оқыс оқыранып, артына қарай қатты-қатты жұлқынып тартынғанда жүгеннің желкелігі бырт үзіліп, басы босап шыққан бойы киіз үйге қарай екпіндеп барып есікті басымен ұрды. Есік ары қарай шалқасынан ашылған үйге жарты денесіне дейін кіріп кеткен айғыр кісінегенінен құлақ тұнып, сонымен бір мезгілде шар еткен бала даусы да шықты. Осыны көз алдына елестетсе, Есқұл әлі күнге дейін жағасын ұстайды. Келіннің айтқаны: «Есік тарс еткенде тура маған қарай екі көзінен от шашып жылқының басы төніп келеді екен. Өмірімде дәл бұлай қорыққан емеспін. Баланың даусы шар етісімен жылқы езу тартқан сықылданды. Сөйтті, рас!»

Бұл әңгіме жұрт құлағына жеткенде бір қария: «Құдайдың құдіреті мына айғырың да кісі екен ғой» деп қалмай ма. «Ойбай, ақсақал, жылқыны кісі деп, мұныңыз не?» деседі естіп тұрғандар. «Кісінің киесін көрсеткен жоқ па? Бізден кетіп қалған кісілік киені құдай сол жануардың деніне салған шығар. Сөйтпесе, мына ісі қалай, а?!»

Осы оқиғадан кейін қаратөбел – «Айғыркісі» атанып кеткен» [23, 243].

Автор жылқының қасиетін көрсетуде өте сәтті мысалды пайдаланған. Әрі жылқы малының қазақ халқының өмірінде ерекше орынға ие екенін ескере келе, оның қасиетін терең ұғынған жұрттың оған «Айғыркісі» деп ныспы тағуы да өте шеберлікпен суреттелген. Әңгіме барысындағы тағы бір таңқаларлық дүние жылқы мен иесі арасындағы, яғни, Айғыркісі мен Жалғас арасындағы қатынас. Әкесі қаншама рет сатам деп оқталғанда «Ешқашан» деп шыңғырып қоя беретін Жалғас қаратөбелмен рухани байланыс орнатқан. Оны әңгіме басынан-ақ аңғара аламыз. Құлынынан тек Жалғастың қолынан жем жеп, тек Жалғасқа мінгізетін Айғыркісінің

киелі болатынын Жалғас төбеден құлап мертiгiп қала жаздағандағы iс-әрекетiнен көруiмiзге болады.

«Түн баласы сыртқа бiрнеше рет шыққан Есқұл үй артындағы жатаған жота үйiрлi жылқының кетпей, бiр-бiрiне ықтап топтанып тұрып алғанын көрiп таң қалған. Таң қалғанның көкесi таң атқанда, Жалғас жиi-жиi құсқанын қойып, бiр-екi кесе ыстық шай iшуге жарап, бұл ендi «А, құдайлап» сыртқа шыққанда көрдi. Үй артында түнiмен топтанып тұрған үйiрлi жылқы «Айғыркiсiнiң» соңында, өрiске бет алыпты. Ал түнiмен иiрiлiп тұрған орындарында... О, құдайдың құдiретi жырма шақты бие түгел құлын тастап кетiптi...» автор осыдан кейiн ауыл адамдарының ұзақ таңқалысынан кейiн келген қорытындысына тоқталады. « ... «Айғыркiсi» шынында да киелi, Жалғастың жағдайын сол мезет бiлiп, үйiрiн айдап келдi. Үйiрiмен таң атқанша Жалғастың тiлеуiн тiледi, амандығына құлындарын құрбан етiп кеттi...» [23, 245]. Осы арқылы автор «Айғыркiсiнiң» киелiлiгiн оның адам баласының қасiретiне ортақтасуы, мұңына аза тұтуы сынды ерекшелiктерiмен өте шебер сипаттайды. Мұнда да автор бүгiнгi таңда адамның жануарлар тұрмақ бiр-бiрiне деген жанашырлық қасиеттерiн жоғалта бастауы, адамы көп, киелiсi аз заманның келе жатқандығын Есқұл қарияның iшкi пайым-болжамымен шолып өткен.

Әңгiменiң шырқау шегiнде Жалғастың қалаға кеткен сәтiн пайдаланған әкесi Бұлдидың Айғыркiсiнi қырғыздарға сатуы арқылы – тек ақшадан басқаны ойламайтын өте бiр дүниеқоңыздық, тiптi, жалғыз баласының тiлек-қалауына балта шабудан тайынбаған бүгiнгi қоғамда да жиi кездесетiн адамның образын беруге ұмтылған. Асты-үстiне түсiп жалынған көкесi Есқұл қарияның да сөзiн құлаққа iлмей, айтқан көкелiк ақылдары мен сөздерiне қарсы жауап қайтарады. Байыған үстiне баиы түсудi, ақшаның құлына айналған пендеге киесi де, қасиетi де түк емес...

« - «Айғыркiсiнi» сатуға болмайды Бұлди.

– Қазiр, адамды сатып жiберуге бола бередi, көке, қайтесiз!...»

« - Сатпа айғырды. Киесi барды сатуға болмайды. Киесi ұрады.

– Қойыңыздаршы, көке! Қандай кие, нағылған кие! Көздерiңе қарадай не болса, сол елестеп...» [23, 251].

Жазушы осы диалогтың үзiндiсiнен-ақ бүгiнгi қоғамның шынайы бейнесiн суреттеп отыр. Ақыр соңында жылқысының сатылғанын естiп, үш күн iш құса жатып қалған Жалғас, «Айғыркiсiнi» қайтарып алуға қырғыз елiне жолға шығады. Жолда апатқа ұшырап қаза табады.

«Айғыркісінің» келіп тұрғаны осы Жалғастың моласы болатын. Есқұл қария молаға қайта оралғанда жылқы көрінбеді. Жақындап келгенде көргені: «Қоршаудың темір шарбағы быт-шыт. «Айғыркісінің» басы үйілген жас топырақтың үстінде, денесі сәл бүктеліп сұлық жатыр. Шарбақтың төрт бұрышындағы жуандай темір бағананың бірі қолқа-жүректің тұсынан ортасына дейін кіріп кетіпті. Айғыр өліп жатыр екен» [23, 253].

Қазақ прозасына тәуелсіздік жылдарында өзіндік үлес қосып, ерекше стилімен, соны тақырыбымен дараланатын жазушылардың бірі – Айгүл Кемелбаева.

Автордың «Құс» атты әңгімесі бірінші жақтан баяндалған. Аялдамада автобус күтіп тұрған ол өзге адамдар байқамай өте берген, тек оның ғана назарын өзіне аударған «бедірейген қарасұр тақтайдай етіп тегістеліп тасталған» құстың өлі денесін көріп, аяушылық сезімі оянып, түрлі сезімдік толғаныстарын қағаз бетіне түсіреді. «Құс» туындысы әңгіме жанрының ерекшелігіне қарай баяндау үлгісінде жазылған. Әңгімеде қозғалған басты тақырып – адамзат баласының маңайындағы тіршілік атаулыға мәнсіз-мағынасыз көзбен қарауы, Алла тағала адамзатпен қатар жаратып, жан берген тірі жәндіктерге тигізген зияны.

Тырнақалды туындыларын соңғы он жылдықта жариялап жүрген жас жазушылардың бірі - Қанағат Әбілқайырұлы.

Өзінің «Естелік» атты әңгімесінде кеше ғана қасында жүріп, сәбилік шақтан бозбалалыққа дейін бірге өскен, бір кездердегі тұлымшағы желбіреген кішкентай қыздан сұлу бойжеткенге айналған сыныптас арудың беймәлім арудан көз жұмуы, бойжеткен шағында сыныптағы ер балалардың бәрінің көз құртына айналып, іштей ғашық еткен қыздың орны толмас қайғысының бәрін бірдей күңіrentіп кетуі, алтын ұя мектеппен қоштасар кешінде қыз әкесінің оның жанына жақын тартқан заттарын достарына таратып беруі сынды өте терең достық сезім мен махаббатқа құрылған сәттер еріксіз оқырманын ойлантады.

Автордың осы тақырыптағы балалық шақты еске алу мотивінде жазылған келесі шығармасы «Сурет». Әңгімедегі басты кейіпкер – автордың өзі, шығарма бірінші жақтан баяндалады. Шығармаға ойда жоқта еске түскен балалық шақтың бір оқиғасы арқау болған.

– Тәтені неге көтеріп алған? – әкесіне сұрақ қоятын кішкентай бала ағасының (әкесінің інісі) бір қызды көтеріп түскен суретін көрсету арқылы сонау алыста қалған бала кездің қайғыға қатысы бар оқиғасын еске салады. Жазушы шегініс жасау арқылы өткенге көз жібереді.



«Баласындай күнімде ағам қазіргі менің жасымда еді. Мен оны қатты жақсы көретінмін. Ол мені қайда барса жанынан тастамайтын. Түнде де екеуміз бірге ұйықтайтынбыз» [26, 8] деп қаламгер өткен өмірін қысқа баяндау арқылы оқыс бір оқиғаның алдан шығатынына оқырманын алдын-ала дайындайды.

Бір күні аяқ астынан қарбалас көбейіп, «жеңгелі болдың» деп күле беретін ағасының әдемі тәтені үйге әкелуі, енді мұны қасына алып жатпай, тәтемен бөлек бөлмеде ұйықтауы оны әбден ызыға булықтырады. Ағасы жұмыста болған бір күні «осы бөлменің не пәлесі бар» деген оймен олардың бөлмесіне кіріп, жаңа тәтені көтеріп түскен ағасының суретін көргенде ашуланып, жаңа тәтенің бір құшақтай суретінің бірде-біреуін қалдырмай жыртып тастайды. Қаламгердің жаңа түскен келіннің «ой тентек бала, оның не?» деп теріс айналып кетуі мен шешесінің баласына ренішін көрсетуі де қазақы қалыпқа сай шыққан. Кішкентай баланың жаңа тәтеден ағасын қызғанған ниетіне көрінде ме, көп ұзамай бұл жеңгесіз қалады. Ағасы мен жеңгесі жол апатына ұшырайды.

Өмір бір орнында тұрмайды, өз ағысымен аға береді. Ол оқиғаның да көңіл көкжиегінен ұшып, ұмыт бола бастағанында ағасының екінші некесінен дүниеге келген ұлының, баяғыдағы өзі секілді, қыздарды көтеріп тұрған мұның суреті жайында қазбалап сұрай бастауы әңгіме негізіне арқау болған оқиғаға әкеліп тірейді.

Жазушының келесі әңгімесі «Аққұлақ пен Ұялас» деп аталады. Әңгіменің басты кейіпкері бес-алты жастағы кішкентай бала. Оның Аққұлақ атты қозысы мен Ұялас есімді итін қалай жақсы көретіндігі мен олардың болашақ тағдыры әңгіменің сюжеттік желісіне негіз болған. Итін атып тастап, қозысын қуырдақ қылған үлкендердің зорлығы кішкентай баланы есейте түсіп, үлкендерше ойлауға итермелейді. Ол Аққұлақ пен Ұяластың ендігі мекені о дүние туралы ойлай бастайды. Үлкендердің аузынан «Өлгендердің жаны көкке ұшып кетеді» дегенді естіген бала көкке барғанда екеуі бір-бірін тауып алса, қорықпайды ғой деген қорытындыға келеді.

Жас жазушы Лира Қоныстың «Құрқылтайдың ұясы» атты әңгімесінде бүгінгі жалпыадамдық тақырып отбасын сақтап қалу сөз болады.

Әңгіме бір топ болып табиғат аясына серуенге шыққан жастардан бөлектеу жүрген бас кейіпкер қыз бен Асқар атты жігіттің диалогынан басталады.

Ақ қолғапқа ұқсаған құрқылтайдың ұясын су ортасындағы өскен қараталдың бұтағына қосыла өрілген қалпында көрген қыз қатты қуанып кетеді. Себебі, бала кезден мұны еркелетіп, өзіне жақын

тартқан Ақзер жеңгесінің көптеген жылдар бойы бір сәбиге зар болып, оған ем жасаудың бір тәсілі ретінде құрқылтайдың ұясын іздеп жүргеніне біршеме уақыт болған еді. Ақ марқаның жүнінен тып-тығыз етіп тоқылғандай әсер қалдырған құрқылтайдың ұясын қолымен нығыздай ұстап тұрып оны әулетінмен армандай күткен бір шикіөкпе тәрізді сезінген.

Әрі қарай әңгіме шегініс арқылы жалғасын табады. Әңгіме бірінші жақтан баяндалған, туындыдағы әңгімелеуші бас кейіпкердің он жастағы еркекотай қыз кезіндегі қалайша жеңгелі болғаны, ауылдағы жалғыз дүкеннің сатушысы болып істейтін Ақзер тәтені ағысының үйіне алып келіп, келін еткені сөз болады. Бірақ қуаныш көпке созылмайды, бүкіл әулеттің қуанышын су сепкендей басқан кәрі әжесі еді. Апасы Ақзердің босаға аттауына басында қарсы болғанымен, уақыт өте келе сырласына, мұңдасына айналғандықтан ба, жас келінге ниеті түзелген еді. Ал әжесі болса, басындағы қыңырлығынан таймай, келінін баласына тең көрместен, болмайтынды дау қылып, күнде ұрыс шығарып жүрді. Күнделікті айғай-шуға уақыт өте келе жеңгесінің бала көтере алмауы қосылады. Осылайша шиеленіскен оқиғаларды баяндау тәсілі негізінде сипаттай автор әңгіменің шарықтау шегіне де жетеді.

«Ақзердің үмітпен жарық сәулеге қол созғанын қызғанды ма, әлде мұның тірлігінің өзін көп көріп ұрлағысы келді ме, әйтеуір өмірмен арпалысып ғұмырын жалғап жүрген кенже келінін зар қақсатып, ағатайым екеуін ажыратып алуға бел буды» [27, 111-117]. Бірақ «Ұрпақсыз өтсем де Ақзермен айырылыспаймын» деген ағасының сөзін қолдаған еш нәрсеге селт етпейтін, тұйық мінезді көкесінің өктем үні бұл оқиғада шешуші рөл атқарады:

« - Апа, жетті. Бетіме келді деп қапаланбаңыз. Шаңырағын шайқалтпайық. Келін ешқайда кетпейді. Бүгіннен бастап бөлек тұрады. Бастары жас. Баланы әлі-ақ туып алады» [27, 111-117].

Автор шығармасының шешімін соңғы сөйлемдерінде ашып көрсетіп, сюжеттер желісін төмендегіше түйіндейді:

«Әйелдің шаршамас сезімінің кереметтілігі ме, әлде ұстазымның, достарымның ақ тілеуі ме, бәлкім, тағдыр налып, көз жасын сығымдап тұрғанда, үнсіз ғана жанына келіп, қолын ұстап, жұбатарға сөз таппай сасқалақтап тұратын сәби күнгі арманымның өтеуі ме екен, бүгін – баяғыдай терезеге құр қарап тұнжыратпайтын тынысы, тіршілігі бесікте уілдеп жатыр» [27, 111-117].

Шығармаларында кейіпкерлерінің жан әлеміне толықтай еніп, күйзелістер мен қуаныштар арпалысын тереңнен суреттеу барысын-

да шеберлігімен ерекшеленетін жас жазушы – Әсем Қоспағарова. Автордың «Ол» әңгімесі өнер адамының ішкі сезімі мен болмысы жайында жазылған туынды. Әңгіменің басты кейіпкері – ақынның аты аталмайды, шығармада «Ол» деп беріледі. Бұл дүниенің кіршең тартқан ортасынан Әсемнің кейіпкері де қашып құтылғысы келеді. Адамзаттың сәби кезіндегі періштелік күйі жылдар озған сайын тозып, пенденің алдамшы тірлігіне жақындай түсетінін автор шығармасында қысқа да нұсқа, әдемі жеткізе білген. Аспан әлемін армансыз кезетін кейіпкердің ақын жаны жер бетінен бетті баса қашады да, жоғарғы кеңістікке құштар болып келеді. Әңгімедегі бас кейіпкерлердің бірі – ақын үшін аспан әлемі космостық қиял, жай иллюзия емес, аспан – тазалық, рухани биіктік символы.

\* \* \*

Тәуелсіздіктің екінші онжылдығында қазақ прозасы, оның ішінде әңгіме жанры қарыштап дамыды десек, қателеспейміз. Алғашқы онжылдықта проза әлеміне жаңа қадам басып, газет, журналдарда алғашқы шығармалары жарияланған жастардың бір бөлігі бұл кезеңде қаламы ұшталған, ойы орныққан жазушы болып қалыптаса бастағаны байқалады. Кейбірінің шығармалары жеке жинақ болып та жарияланып үлгерді.

Бұл кезеңде де бұрың-соңғы жеке әңгімелері ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар тұрғысынан зерттеу объектісіне айналмаған қазақ жазушыларының тағы бір тобын қарастыруды жөн көрдік. Атап айтсақ, Н. Ақыш, С. Дүйсенбиев, Н. Ораз, Ұ. Доспанбетов, Р. Отарбаев, С. Нұғыман, Н. Дәутайұлы, Н. Қуантай, т.б. жазушылардың әңгіме мәтіндерімен танысып, ондағы тақырыпқа тән талдау жұмыстары жүргізілді.

Қай туындысында да адам тағдырының ішкі қайшылықтары, әлеуметтік сипаттарын шебер суреттеумен дараланатын, өзінің көркем шығармашылығына тән эстетикалық-ұстанымы бар танымал жазушы, халықаралық «Жамбыл» сыйлығының лауреаты Н. Ақыштың бірнеше әңгімесі тақырып аясында қарастырылды.

Жазушы өзінің «Бейуақта жанған от» атты хикаяттар мен әңгімелер жинағында қоғам мен адам арасындағы ежелден келе жатқан үйлесімсіздіктердің сырларына жекелеген жандардың бастарынан өткен қызықты оқиғалар арқылы үңіліге тырысады. Жинақтағы осындай әңгімелердің бірі – «Баба Таня».

Жазушы әңгімеде бүгінгі күнгі өзекті тақырыптардың бірі – жас отбасылардың пәтер жалдап тұру мәселесін суреттейді. Жаңадан шаңырақ көтеріп ауылдан қалаға келген Ниязбек пен Зифаны

жақын тартып жүрген Бәтима тәтей оларға жалғызбасты әженің бір бөлмесін жалдап тұру мақсатында тауып береді. Осылайша жас жұбайлар үй иесі Баба Таямен жақын таныса бастайды. Автор осы тұста ауыл адамдары мен қала тұрғындарының өмір сүру дағдылары мен салт-санасындағы айырмашылықты Баба Таяның ерекше іс-әрекеттері, орысша араластырып сөйлеген сөздері арқылы нанымды суреттейді. Оны оқырманға күнделікті жұмыстан келген Ниязбек пен үйде отырған әйелі Зифаның арасындағы диалог негізінде жеткізіп отырады. Жазушы осындай детальдарды беруде жасандылыққа бой алдырмайды. Шығарманы оқи отырып қазіргі қоғамдағы пәтер мәселесінің жалпыадамдық қариялардың жалғыз қалу парадигмасымен шебер ұштастырылғандығын байқауға болады. Әрбір сюжет кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі мен сезімдері арқылы терең суреттеліп отырады.

«Дон Жуанның қалыңдығы» әңгімесінде автор бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі ер мен әйел арасындағы қатынастың соншалықты арзандап кеткендігін меңзейді. Шығарма тақырыбы айтып тұрғандай, әңгіменің басты қаһарманы бүгінгі күннің Дон Жуаны Рәпілбек атты азамат. Өзінің «қалыңдықтарынан» (ашыналарынан) құтылу мақсатында олардың бәрін бір жерге жинап, үйленгелі жатқанын, сол себепті олармен қоштасу үшін келгенін айтады. Сол жерде Рәпілбектің әрбір кездескен қызына үйленуге сөз бергені аңғарылады. Автор осындай жеңіл қалжың мен қызықты суреттеулердің астарынан қазіргі ұлттық құндылықтардың жоғалып бара жатқандығын, адами қатынастардың арзандап кеткендігін көрсетеді.

Адам ішіндегі ұялап жататын сан қилы арман мен түрлі оқиғаларды олардың ішіне үңіле отырып аңғаратын танымал жазушы Сәбит Дүйсенбиевтің «Мен ғашық емеспін» атты шығармалар жинағындағы әңгімелер көтеріліп отырған тақырып тұрғысынан өте өзекті болып табылады.

Жазушының «Алдан, Ақтөс және үш жетім лақ» атты шығармасы құрылымы мен сюжеті жағынан өте тартымды туынды. Жазушы қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерінің біріне айналған тұңғыш немересін әжесіне атап беру салтын жаң-жақты әрі нанымды суреттеген. Автор кішкентай Алданның ішкі жан-дүниесіндегі тебіреністер мен толғаныстарды ауыл өмірімен, оның жан достарына айналған ақылды Ақтөс ит пен Алдан бауыр басып қалған үш лақтың төңірегінде өте көркем суреттейді. Атасы мен әжесінің барын алдына тосып отырғанына қарамастан, Алдан басқа балалардың әкелерімен киноға бара жатқандарын көргенде

мұнайып қалады. Қаладан жылына бір рет сағындырып әпкесі (шешесі) келген күн Алдан үшін ерекше той. Ол күні әпкесінің қасынан бір елі қалмауға тырысады. Үйге ұрланып кіріп оңаша еркелеп алады. Ал әпкесі қалаға қайтып кеткенде мұңын жан досы Ақтөспен бөліседі.

Осындай қазақ отбасының барлығында дерлік кездесетін сюжетті шығармасына арқау еткен С. Дүйсенбиев қазақ елінің ұлттық тәрбиесінің бет бейнесін, құндылығын көрсетуді мақсат тұтқан.

Автордың көлемі жағынан өте шағын «Шырша» деп аталатын әңгімесінің де жалпыадамдық тәрбие тұрғысынан маңызы өте зор.

Отбасы ескі үйді сатып алады. Кішкентай Ақботаның жанары бірден «ақ тон киіп монтиған сәбиден аумай қалған» аулада тұрған шыршаға түседі. Мейірі түскен қыз:

«Құдай ау, сүйкімдісін қарашы. Ертеңгі күні кірпіш тиіп бұтақтары сынып жүрмесін» деп елжіреді [30, 209].

Ақбота қар кетісімен шыршаның орнын ауыстыруды ойлады. Әкесі ескі үйді жалға беріп қойды. Ерте көктем шыға салысымен ағасына айтып асыға жеткен Ақбота шыршаны жаңа жылға пайдалану мақсатында тұрғындардың оны кескенін естіп қатты налиды. Үйіне келіп сұлық жатып қалады. Түс көреді. Түсінде Медеу шатқалындағы шыршалардың оталып жатқандығын, олардың жасыл желектерінен паршалап тамған жасты көріп шышып оянады.

Жазушы осындай кішкентай сюжет арқылы бүгінгі бүкіл адамзатты алаңдатып отырған экология мәселесін әңгіме өзегіне арқау еткен. Оны кішкентай Ақботаның жан дүниесінің тазалығымен, өзі кішкентай сәбиге балаған шыршаны кескен қатыгез адамдарға деген ішкі қарсылығымен шебер суреттей келе, оқырманға үлкен ой салады.

Көрнекті қаламгер, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар жазушы Рақымжан Отарбайдың «Біздің ауылдың амазонкалары» атты әңгімелер жинағындағы «Торшақыз бен Тотықұс» шығармасы бүгінгі күн биігінен өте өзекті мәселені көтерген туынды.

Үздік аспиранты бола жүріп жас академик Айсаринмен көңілдес болған Торшақыз ақыр соңында одан ұлды болады. Әңгіме сюжеті академиктің бәйбішесі мен Торшақыздың арасындағы қақтығыс негізінде дамиды. Академик өмірден өткен соң, бәйбіше мен Торшақыз арасындағы қақтығыс толастамайды. Автор Торшақыз бен Айсариннің арасындағы оқиға сюжетін Торшақыздың ішкі ойы арқылы өткен шаққа өте отырып суреттейді.

Таң атып кетсе де, Торшақыз төсектен тұрғысы келмей жатып түрлі ойларға кетеді. Сол арқылы жазушы әңгіме желісін суреттей бастайды. Әңгіме сюжеті торшақыздың ішкі ойынан басталады. Оқиға арасында өткен шаққа өтуші деталь ретінде алынған үйде тұрған тотықұс Айсариннің Торшақызға туған күнінде сыйлаған сыйлығы екен. Алғаш Айсариннің үйіне баруы, үздік аспиранты ретінде бәйбішесімен, қызымен танысуы, кейіннен кандидаттық диссертациясын қорғауы, т.б. оқиғалар желісі Торшақыздың ішкі ойы негізінде беріледі.

Жазушы бұл шығармада бір қыздың өткен өмірінен хабар бере отырып, өмірде кездесетін оқиға желісін суреттейді. Автор Торшақыз мен бәйбіше арасындағы қақтығыста екі жақты да жақтамайды. Соңғы шешімді оқырманның өзіне қалдырады.

С. Нұғыманның «Жоқ іздеуші жан» (2012) атты жинағына автордың бұрын жарияланбаған бірнеше әңгімелері еніпті. Жазушының «Жарық дүние» әңгімесінің желісіне ауруы меңдеп, күні жеткенін сезсе де өмірден үмітін үзбеген бойжеткеннің аурухана самалдығында медбикемен сөйлескен әңгімесі арқау болған.

Айналадағы әлемге үлкен мейіріммен, махаббатпен қараған сырқат қыз әсіресе, төмендегі гүлтекше жиегінде емін еркін ойнап жүрген қос сәбиге телміре қарайды. Осындай ойға шомып тұрған сәтінде күтуші медбикенің артынан келіп қалғанын сезеді. Медбике оның не үшін мұнда келгенін сұрағанда қыз жәй ғана: «Даланы көргім келіп...» - деп жауап береді. Осылай бір екі ауыз диалогтан кейін:

– Апай, осы мен жазылам ба? – деп жәудіреп тұр әлжуаз қыз.

Қапелімде не дерін білмей, іркіліп қалған мейірбике күдікті сұрақпен қоса жансебіл жалыныш толған жасқаншақ жанардан көзін тайдыра берді.

– О, не дегенің көке... сен ертең-ақ жазылып кетесің... алаңсыз бол, - деді соңынан сөз ыңғайын жайбаратқа салып.

Бірақ өз сұрағының жауабын өзі білетін секілді:

– Әй, кім біледі? – деп күрсінді міскін қыз сәлден кейін» [33, 38-39].

Автор осы бір екі ауыз сөз арқылы сырқат қыздың жан дүниесінің шынайы күйзелген бейнесін, оны жұбатуға шамасы келгенше тырысқан дәрігер образын шынайы бейнелейді. Өзінің қаншалықты дәрменсіз, сөніп бара жатқанын сезе тұра сырқат қыздың мына жарық дүниеге деген қимастығын, махаббатын көрсетуде жазушы міскін қыздың көз қимылы, бет пішіні мен ішкі ойы және рухани әлемін қатар жетектеп отырады. Бұл вербалды және бейвербалды қимылдар диалог барысында, сөз арасында орындалып отырады. Кішігірім диалогтың соншалықты

салмақтылығы да осында. Одан әрі қыз дәрігерден баласының бар жоғын сұрайды. Дәрігер бір ұлы бар екенін айтады. Қыз төмендегі балақайларға қарап отырып дәрігердің бақытты екенін айтады. Медбике неге олай деп ойлайтынын сұрайды. Сонда қыз:

- Жәй ... әншейін айтқаным ғой, апай, - деді ол сәл үнсіздіктен кейін жүзіне жылы күлкі жүгіріп. – Баяғыда әжем марқұм айтып отырушы еді: «Төмен етек боп жаралған жандардың бала сүюден артық бақыты жоқ» деп. Балаңыз бар, сіз бақытты екенсіз...[33, 39].

Жазушы сырқат қыздың осынау жауабы арқылы жалпы шығарма концепциясына жауап айтады. Сырқат қыз шығарма басынан бері қарап отырған жарық дүние қаншалықты ғажап, сұлу болғанымен оның мәні ұрпақта – балада екен. Қыз өзінің мынау байтақ әлемнен сырқаттан кетіп бара жатқандығына емес, ұрпақсыз кетіп бара жатқандығына налиды.

Дарын сыйлығының лауреаты Н. Қуантайұлының ХХ ғасыр соңындағы қазақ елінің тәуелсіздік алған тұсы, қоғамдағы аласапыран өзгерістер, екпіндеп келген жаңа заманның бет-бейнесін шебер суреттеген туындылары енген «Қолшатыр» (2013) атты жинағына бұрын жарияланбаған бірнеше әңгімесі еніпті. Соның бірі «Бәтіңке» – Жұбандық атты кейіпкердің өмір өткелдерінен сыр шертетін әңгіме.

Негізгі оқиға бас кейіпкердің балалық шағына лирикалық шегініс жасауымен басталады. Осы арқылы бүгінгі және өткен шақтағы кеңістікті шығарма бойына шебер кірістірген. Жұбандықтың ушетшик інісі Советхан қонаққа келуінен басталатын әңгіме жеңгесі Гүлсімнің оны жақсы қарсы алып алуымен, ортаға жүз грамның келуімен өрбиді. Сурет салуға икемделе бастаған Жұбандықтың баласы Әсеттің суреттерін қарап Советхан біраз мақтау айтады. Кетерінде Әсетке басы алтын түсті, жуан қаламсап сыйлап, оның орнына балақайдың қарапайым қаламын алып кетеді. Кейіннен Әсет «әдемі» қаламның сынық екенін көріп қапаланады. Мұны көрген Жұбандық өзінің бала кезінде бір ауданнан келген уәкілге алданып қалғанын есіне алады. Осы тұста жазушы Жұбандықтың балалық шағына ойысады. Жаздай жалаңаяқ жүріп, табаны күс күс болған бала Жұбандық ала жаздай тышқан мен күзен аулап тері жинайды. Ондағы мақсаты күзде Бөкендегі ләпкеге барып жиналған теріні бәтіңкеге айырбастау. Бірақ бір дорба боп жиналып қалған теріні сусын ішуге кірген «аса маңызды уәкіл» Жұбандықты алдап, «тастап кет» деген әженің де тілін алмай атына қамшы басып шаба жөнеледі.

Жазушы әрбір кезеңдегі шындықты, көріністі шынайы беру үшін сол кезеңге тән табиғат пейзажын жасай отырып, әдеби тілді шебер пайдалана білген.

«Абылай» атты әңгімесінде жазушы өмірінде тұңғыш рет зағипті кездестіріп, оның өткен өмірімен танысқан Асылбек атты жігіттің оқиғасын суреттейді. Студенттерге арналған санаторий-профилакторийге демалуға келген Асылбек Бөкен есімді құралпас студентпен танысады. Бір күні Бөкен Асылбекті сыныптасының үйіне ертіп апарады. Осы жерде Асылбек тұңғыш рет зағип Абылаймен танысады. Автор Асылбектің Абылаймен тілдескеннен кейінгі ішкі жан дүниесі, ойы, аяушылық сезімдерін шынайы бере білген. Автор Абылайға қалайша зағип болып қалғандығын өз аузымен айтқыза отырып, оқырманды екі түрлі сезімге бөлейді: бірі – жас жігіттің көр соқыр болып қалғандығына деген аяныш болса, екіншісі – сол кезеңдегі жастардың араққа салынғандығына кінәлі қоғамға деген рухани қарсылық.

Сонымен қатар осы кезеңде әңгімелері жарық көрген Қазақстандағы өзге ұлт жазушыларының да шығармашылығы назардан тыс қалған жоқ. Аталған жанр бойынша жемісті еңбек еткен өзге ұлт жазушыларының арасынан атап айтсақ, ұйғыр жазушыларынан З. Сәмәди, Х. Абдуллин, Ш. Шаваев, М. Зулипқаров, Ә. Әшири, Г. Хошаева т.б. шығармашылықтары қаралса, орыс жазушыларынан Ю. Серебрянский, Е. Румбах, О. Шиленко, В. Мосолов, т.б. авторлардың әңгіме жанрына жазған туындылары тақырып аясына сәйкес талданды. Сонымен қатар объект ретінде неміс, украин, корей, т.б. Қазақстанда тұратын диаспоралардың шығармашылықтары алында.

Әрине, еліміздегі 100-ден аса ұлт диаспораларының бәрін қамту мүмкін емес және барлық диаспорадан әңгіме жанрына қалам тербеген жазушылар шығып жатқан жоқ. Десе де, осы диаспоралардың арасынан шығармалары тәуелсіздік кезеңінде жарық көріп жүрген жазушылардың аз да болса қазақ, орыс тілдерінде жазған әңгімелерін жинақтап жан-жақты талдауға, жалпыадамдық парадигма тұрғысынан зерттеуге тырыстық.

Шығармаларды жинақтау кезеңінде көптеген әңгімелер қазақ тіліне аударылып БАҚ жарияланғандығын байқадық. Осындай туындыларға ұйғыр жазушыларынан Шаим Шаваевтың «Қонжық» (тәржімалаған О. Әубәкіров), «Биппил» (тәржімалаған Е. Елубаев), «Аманат» (тәржімалаған Д. Байтұрсынұлы), Гүлбаһрам Хошаеваның «Мұңлы жандар» (тәржімалаған Д. Мамырбаева), т.б. әңгімелер жатады. Ал ұйғырдың танымал жазушылары З. Сәмәди,



Ә. Әшири шығармаларының орыс тіліндегі тәржімасын оқуға тура келді. Сондай-ақ Виктор Мосоловтың «Тем летом» атты бірнеше әңгімелерден тұратын естелік туындысы, Юрий Серебрянскийдің «Небо над Лохором», «Паром идет в Кабатач», «Невесомость», «Южный крест», «Горная корова», т.б. әңгімелері, Евгений Румбахтың «Сделка с дьяволом», Ольга Шиленконың «Даль светлая» әңгімелерін тупнұсқадан оқуға тура келді.

Танымал ұйғыр жазушысы, ҚР мәдениет қайраткері Шаим Шаваевтың «Жұлдыз» журналының 2003 жылғы №9 санында жарияланған «Қонжық» (тәржімалаған О. Әубәкіров) әңгімесі естелік түрінде жазылған шығарма. Сондықтан оқиға желісі бірінші жақта беріліп, автор өзі баяндап отырады. Жазушы әңгіме басынан бастап жалпыадамдық парадигма – Отанға құрмет, туған жерге деген сағыныш тақырыбын қарастырады.

«Көз алдымда: Қара теңіз, Балтық, Арал, Ыстық көл тұрды...» - дей келе: «Анау Қиыр Сібір мұрыныңды «күйдірсе», Қарақұм табанымды күйдіреді...» - деп тамсанғанымен, ақыр соңында: «Жаңағы тізіп берген: теңіздер, көлдер, аралдар мен маралдардың бәрін қойып, топырағы тәтті туған ауылыма баруды жөн көрдім» - деген қорытындыға келеді [35, 81].

Одан әрі ауылға жан бітіріп:

- Ауылға кел, бала күнгі көк майсаға қалдырған ізінді ізде...  
...Анау танауы делдиген, тұлымы желбіреген, кішкентай, қоңырқай қызды ұмытпаған боларсың. Бала күнгі бал тәтті күндеріңді сағынсаң келіп қайт, - деп сөйлетеді [35, 81].

Автор осылайша, жалпыадамдық туған жерге сағыныш тақырыбын шығармаға кіріспе етіп алып, ары қарай ұлттық тақырыпқа өтеді:

«Кетпен ұстаған бауырымды, көптен көрмеген достарымды, бәрі бар болсын, өзімді мәпелеп өсірген шүйкедей шешемді көргім келеді...

Біздің үйдің байырғы бабалар, даналар, одан бергі ағалар дәм татқан кәрі жозысының үстінде күллі әлемнің дәмі жатыр. Соның ішінде мен сағынған, балаларым сағынған – еткеншай» [35, 81].

Жазушы осы бірнеше сөйлемнің ішіне бүкіл ұйғыр ұлтының бет-бейнесін суреттеп отыр. Сөйлем басындағы «кетпен ұстаған» тіркесі – ұйғыр халқының негізгі шаруашылығының бау-бақшамен байланыстылығын көрсетсе, «кәрі жозы» - олардың қастерлі дастарханы. Автор осы тұста жалпыадамдық мәселеден ұлттық парадигмаға ойыса отырып, ұйғыр халқының бейнесін оқырманға

ұтымды жеткізе білген. Одан әрі ұйғырлардың ұлттық сусынына айналған еткеншай туралы өзі түсінік беріп өтеді:

«Ұйғырдың үйінде осы еткеншай қайнайды. Бұл шәйдің дәмі басқаша, бұл шәйді ішкен адамның әні басқаша» [35, 81].

Әңгіменің тағы бір тұсында жазушы тау көрінісі арқылы пейзажға ауыса отырып, ұлттық таным көрінісін сипаттап өтеді.

«Жол жағасы толған иманжапырақ. Бала күнімізде қолы-басымызға бөрткен-сөрткен шықса, шешеміз осы жапырақты жапсырып, жараны жоқ қып жіберуші еді. Анау – иісі мұрыныңды жаратын жусан. Оның ұзынын орып әкеліп сыпыртқы жасаушы едік» [35, 82].

Автор бұл тұста, ұйғыр халқының тыныс-тіршілігінен, өмірлік тәжірибелерінен үлгілер келтіре отырып, сол ұлттың дүниетанымынан хабар береді.

Ары қарай жазушы табиғатты суреттей келе, шопан досының үйіне келгендігін айтып өтеді. Оқырман бұл жерде автор атап айтпаса да, шопан бейнесінің қазақ екенін бірден таниды. Себебі автор келген үйдің «алты қанат ақ үй» екендігін айта келе, досымен көріскеннен кейін:

«Біреу самаурынды далаға ала жүгірді, біреу құлаштап-құлаштап барқыт көрпелерді ұзынынан, көлденеңінен төсеп, күбідей шәйі жастықтарды жан-жаққа лақтырып жүр. Енді біреуі қолма қол кебежеге түсіп, қонаққа деп сақтағанын шығарып жатыр...» [35, 82], - деп қазақ халқының қонақжай бейнесін сипаттап өтеді.

Одан әрі: «Біраз күн әкемнің үйіне келгенде көрмеген сыйымды көріп, жатып қалдым. Ет дегеннен бет қайтты. Сарыала қымыз, қара қуырдақ, қаймақ қатқан қара шәй» [35, 82], - деп дастархандағы қазақтың ұлттық тағамдарын атап өтеді.

Шығарма соңында тауға аңға шыққанымен, көздің жауын алатын үлбіреп піскен бүлдіргенді көргенді мылтығын тастай сап бас қойған кейіпкер бүлдіргеннің ортасында қорбаңдап, жидек теріп жеп жүрген қонжықты көріп есі шығады. Екеуі бір-бірінен қорқып, екі жаққа қашады. Шығарманың «Қонжық» аталуы да сондықтан. Жазушы өмірінен алынған осынау қызықты оқиғаны әңгімеге айналдыруда жалпыадамдық мәселемен қатар, ұлттық ойды да қамтыған. Осылайша ұйғыр және қазақ халқының салт-дәстүрінен, мәдениетінен, ұлттық танымынан хабар бере отырып, екі бауырлас ұлттың ортақ және өзіндік ерекшеліктерін көрсететін парадигмаларын шығармасына арқау еткен.

Шаим Шаваевтың аталған журналдағы тағы бір әңгімесі «Бипил» (тәржімалаған Е. Елубаев) да осы сарында жазылған, автордың

балалық шағындағы оқиға желісіне құрылған шығарма. Бұл жердегі басты кейіпкер – өзінің жақын досына айналған қарақұйрықтың лағы Бипилді ауылдың төбеттерінен қорғай алмай қалған бала оқырманға бірінші жақтан, автордың атынан тіл қатады. Шығарма тілі жеңіл әрі қызықты. Жазушы оқиға желісін бала көзімен өте шынайы әрі ұтымды жеткізе білген. Жалпыадамдық парадигма – сүйіспеншілік пен жауыздық тақырыбын кішкентай баланың сүйікті лағынан айырылып, жан дүниесі ауырған оқиғасы арқылы нанымды суреттеген.

Ұйғыр жазушысы Гүлбаһрам Хошаеваның «Жұлдыз» журналының 2008 жылғы № 3 санында жарық көрген «Мұңлы жандар» әңгімесі бүгінгі күн биігінен өте өзекті тақырыптардың бірі – отбасылық қарым-қатынастың бұзылуын суреттеген шығарма.

Өткен өмірдің естелігі стилінде жазылған туынды бірінші жақтан баяндалады. Әңгімеге арқау болған оқиға желісі – Әзіз бен Гөзелдің отбасылық өмірінен алынған. Әңгіме оқиғаны баяндаушы кейіпкердің бала кезінен бірге өскен досы Әзіздің бақытты отбасылық өмірінің басталуы – айдай сұлу Гөзелмен шаңырақ көтеруі, екі қыз, бір ұлды болуы, жас жұбайлардың арасындағы жарасымдылықты сипаттаудан басталады.

Нарратив осындай бақытты ғұмыр кешіп жатқан досының жұбайымен бір күні үйіне қонаққа келгенде олардың жүзіндегі мұңды байқайды. Кейінірек Гөзелдің басының ауыратынын, соны анықтауға көмек сұрай келгендігі аңғарылады. Осылай басталатын оқиға желісі шынайы өмірде болатын жағдайлармен үндес жазылған. Гөзелдің ауыр науқас екенін білген нарратив әңгіме соңында Әзіздің әйеліне мас күйінде қол жұмсағанын, Гөзелдің сол себепті науқас болып енді хал үстінде жатқандығын ұғынады.

Автор бұл шығарма арқылы әсіресе, посткеңестік кеңістікте кең етек алған жалпыадамдық теріс парадигма – ішімдіктің отбасы өміріне қаншалықты қауіп төндіретінін осы бір мысал арқылы айтуды мақсат тұтқан.

Автордың 2004 жарық көрген «Көндім-ау саған тағдырым...» атты шығармаларының қазақ тіліндегі аудармалар жинағында жазушының әр жылдары жазылған түрлі тақырыптағы әңгімелері мен новеллары енген. Жинақтағы «Бес күндік бұл тар әлем...» атты шығарма бүгінгі жалпыадамдық және ұлттық парадигма – адамдар арасындағы сыйластық пен құрмет тақырыбына арналған. Осы тұрғыдан ғибратты ой, философиялық пікір стилінде жазылған.

Адамдар пенделіктен соңғы демі біткенше жарық дүниенің мәңгілік емес екендігін сезбей жүре береді дейді автор. Сондықтан

жақын адамдармен, туыстармен қарым-қатынас жасауда кішігірім дүниеге бола ренжісіп, ат құйрығын кесіп кетуден тайынбайды. Жазушы ағайынды екі адамның ұзақ уақыт бойы бір-бірінен теріс айналып, тек бірі о дүниелік болғанда ғана екіншісінің өмір бойы қателік жасағанын, соны ұғынып қайғырғанын суреттейді. Осы арқылы қамшының сабындай ғана қысқа өмірде адамдарды кешірімді болуға, кең болуға үндейді.

Қазақстандық орыс жазушысы Евгений Румбахтың 2008 жылғы «Простор» журналының №10 санында жарық көрген «Сделка с дьяволом» әңгімесі қазіргі прозада кең тараған фантастика жанрында жазылған туында.

Шығарманың тілі жеңіл әрі көркем. Әңгімеге бір бас қойған соң, қайта шығу қиын. Жазушы әрбір детальді көз алдыға сондай шынайылықпен суреттеу арқылы, сол деңгейде оқиға желісін дамытып, күрделендіріп, шырқау шегіне онан соң шешіміне дейін бір деммен жеткізеді. Туындының көтеретін мәселесі де жалпыадамдық өзекті парадигма – адамның шайтанмен келісімге отыруы.

Лиза есімді әйелдің күйеуі Максты сарғайып күтіп отырған сәтінен басталатын шығарма бірден шегініс арқылы екі жастың қалай қосылғандығын, жастық шақтарын суреттеп өтеді. Содан бері бес жыл өтсе де күйеуінің жұмыс бастылықтан босай алмайтындығына, әйеліне, яғни өзіне көңіл бөлмейтіндегіне, ал бүгін тіпті, үйленгендеріне бес жыл толған мерейлі күнді ұмытып кеткеніне налыған әйел:

«Шайтан алғыр! – деп ойлады ол. – Тіпті бүгін ертерек келсе болар еді ғой!» (ауд. У.Қ.) [38, 80] – деп қолындағы шарапты алып, музыка қойып диванға отырады. Осылай өткен кеткенге ой жүгіртіп отырған әйел бүгін күйеуіне бәрін ашып айтуға бекінеді.

Тағы біраз отырған соң музыка аяқталады. Күйеуі әлі жоқ. Орнынан сүйретіле тұрып, басқа дискті қосады. Күтуден әбден шаршаған әйел:

- Енді бір аяқ шарап, сонан соң ұйықтаймын – деді өз-өзіне Лиза. – Ал сен Макс, таң атқанша істесең де мейлің, шайтан алғыр! (ауд. У.Қ.) [38, 80]

Осылай деп орнынан тұра бергенде біреу есік қоңырауын басады. Қолындағы шараппен аяңдай барып есікті ашады. Есіктің алдын күйеуі Макс емес, ұзын бойлы, қара шашты, ши мұртты бұрын-соңды көрмеген бөгде еркек тұр:

- Лиза Макаровна? – деп сұрады бөгде адам.
- Иә, - деп жауап берді Лиза. – Ал сіз кімсіз?
- Сізге қажетті адаммын... (ауд. У.Қ.) [38, 81].

Осылайша автор Лиза мен бөгде адам арасындағы диалог арқылы екіншісінің шайтан екенін аңғартады. Басында езуіне күлкі үйірілген Лиза, кейіннен шайтанмен тілдесе бастайды. Осы сәттердің бәрін жазушы оқырманға рет-ретімен, көркем дамыта отырып сондай дәлдікпен, шынайылықпен жеткізеді. Шығарманы оқып отырып, сол әлемге еніп кетесің. Осылайша Лизаны толықтай арбаған шайтан әйелмен қол алысып, жөніне жүре береді. Мұнда жазушы Лизаның күйеуінің үйде болуы үшін бәріне дайын екендігін суреттеп өтеді.

Лиза ұйқыдан оянып оң мен түстің арасында, дел сал қалпында болған дүниені есіне түсіріп шығады. Көп ішіп қойып түсі болар бәлкім, жоқ әлде олай емес пе деп ойланып отырғанда, телефон шырылдайды. Ар жағынан Макстың досы Игорь оның ауруханаға ауыр жағдайда түскенін хабарлайды. Алдымен өз құлағына өзі сенбеген Лиза, кейіннен қасына шайтан келгенде мән-жайды түсінеді. Осылайша түнде өзінің шайтанмен келісімге отырғанын, қайтарымына жанын беруге келіскенін есіне түсіреді.

Бір қарағанда қарапайым сюжетке құрылған әңгіме болғанымен, автор қазіргі замандағы жалпыадамдық және ұлттық парадигма – ақ пен қара, ашу мен сабырлықтың күресі туралы сөз еткен.

Орыс жазушысы Ольга Шиленконың «Простор» журналының 2007 жылғы №3 санында жарияланған «Хабанера» әңгімесі сығандардың салт-дәстүрі мен мәдениетінен хабар береді. Автор шығармада курортты қалашыққа сығандардың келген сәтінен бастап, олардың өмір сүру ерекшеліктерін жан-жақты қамтуға тырысқан. Салт-санасындағы қарғыс пен пал ашу сынды дәстүрлерді тобырдағы әрбір сұлудың сылқым билері мен лирикалық әндеріне негіздей отырып осынау ұлттың тағдырынан, күнделікті өмір-тынысынан хабар береді. Осы арқылы ұлттық парадигманың соны қырын ашуға тырысады.

Тағы бір орыс жазушысы Виктор Мосолов аталған журналдың 2008 жылғы №12 санында жарияланған «Тем летом» атты әңгімелер циклінде қазақ жерінің таңғажайып табиғатын өрнекті сөзбен көмкере отырып, қазақ отбасының тіршілік-тынысын, қонақжайлылығын суреттейді.

Арыс өзенінде орналасқан ағаш көпірден Корниловка ауылына өтіп, одан әрі кішкентай Пістелі ауылы арқылы Көкбұлаққа жетуді көздеген жолаушы-фотограф жол-жөнекей келе жатқан тракторға отырады. Трактордың ішінде отырып солтүстігі Орал тауына тірелетін, оңтүстігі Орталық Азияда қалатын кең байтақ қазақ жерінің табиғатына тамсанып, ну орманы мен айдын көлдеріне көз

салады. Автор жолаушының көзі арқылы осынау тұнған сұлулықтың әрбір бөлшегіне дейін тамсана суреттейді. Әрі қарай, Абай атты ұлы Мұстафаның отбасында жаз бойы қонақта болады. Мұнда да автор фотографтың ұғым-түйсігі арқылы қазақ отбасының өмір сүру қағидасын, салт-санасын, әдет-ғұрпын, мәдениетін, жалпы тыныс-тіршілігін сипаттап отырады.

Бір-біріне сабақтасқан әңгімелер циклінің құрылымы өте қызықты, тілі ұғынықты әрі көркем. Әсіресе табиғат пейзаждарын беруде автор орыс тілінің өрнекті сөз үлгілерін өте ұтымды пайдаланған. Осылайша фотоаппаратты жан серігіне айналдырған жолаушының қазақ ауылында өткізген бір жаздағы оқиғалар желісі өте қызықты әрі шебер байланыса отырып, көркем сөзбен көмкеріле берілген.

Юрий Серебрянский атты Алматылық прозаик әрі ақынның «Небо над Лохором» атты әңгімесі ұшақта өзін тыныштандыруға тырысып отырған адамның ішкі ойынан туған туынды.

Сегіз сағаттық жолда ұшақ ішіндегі адамның психологиялық портретін жасауға ұмтылған жазушы алып отырған кейіпкердің ішкі жан дүниесін рухани әлемімен ұштастыра отырып суреттейді. Кейіпкер бірде Пәкістанның үстінен өтіп бара жатып тау шатқалдарындағы сақалды пәкістандық еркектердің ыстық шәй ішіп отырғанын елестетсе, енді бірде өзін шараппен алдарқатып, өлең жазуға кіріседі. Ұшақ салонында отырған сәбилерді көріп, іштей бәрі дұрыс болады деп өзін тыныштандырады. Буддистер медитация деп атап кеткен тәсілді жасап көргісі келеді. Не де болса, ұшақ ішінде ұшақ туралы ойламау керек деп шешеді. Аяқ-астынан ұшақ турбуленттіліктен шайқалып барып тоқтаған кезде, аталған ойлардың бәрі бір сәтте ғайып болып, тіпті ішкен шарабы мен сырасы көмектесе алмай қалады. Осындай оймен арпалысып отырғанда, жерден тіктөртбұрышты көптеген күріш алқаптары көріне бастайды. Осы кезде ұшақ ішінде беттері ісіп, көздері қызарған жаңа ғана шала ұйқы болған жолаушылар орындарынан тұрып дәретханаға қарай беттеп барады. Бұл ұшақ қонуға жақын деген сөз.

Автор бір кейіпкердің ішкі ойы мен айналасындағы дүниелерді салыстыра, салғастыра отырып күйзеліске түскен адамның ұшақ ішіндегі сезімін жан-жақты, әрі шынайы бере білген. Осы арқылы жалпыадамдық парадигмадағы соны тәжірибені көрсетуге тырысқан.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ жазушыларының әңгімелерінде ұлттық және жалпыадамдық парадигма тұрғысынан көтерілетін мәселелерді өзекті, уақыт талабына сай,

көркемдік деңгейі жоғары туындылар деп айтуға толық негіз бар. Аталған тақырыпқа орай әр жазушының өз қалам қарымы, дүниетанымына қарай, бүгінгі қоғам өзгерістері мен кемшіліктерін толықтай игере отырып жазылған әңгімелерінің ішінен өзекті деп табылған туындыларды іріктеп алып, мазмұндық, проблематикалық тұрғыдан талдауға тырыстық.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұртаза Ш. Бойтұмар. – Алматы: Раритет, 2006-256 б.
2. Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы, Үшінші том. – Алматы: Қазығұрт, 2004-445 б.
3. Алтай А. Қар мен дала хикаялары. – Алматы: Санат, 1998. – 240 б.
4. Тарази Ә. Ауыл шетіндегі үй. – Алматы: Атамұра, 2006. – 248 б.
5. Нұржекеұлы Б. Мүденің қатыны // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 3 қараша. – 9 б.
6. Нұржекеұлы Б. Жалғыздық // Қазақ әдебиеті. – 2001. – 14 желтоқсан.
7. Нұрмағамбетов Т. Құпия кездесулер // Жалын. 2004. - № 1 – 3-9 бб.
8. Нұрмағамбетов Т. Күнді жек көру // Егемен Қазақстан. – 2002. – 29 мамыр. - № 118-121. – 15 б.
9. Амантай Д. Қарқаралы басында. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2010. – 396 б.
10. Рақымжанов К. Қалғұты. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 288 б.
11. Ораз Н. Құпияның құпиясы // Жаңа Сарыарқа. – 2006. № 4. – 61-67 бб.
12. Нұрғали Ораз. Жылқының көз жасы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 25 желтоқсан. - № 393-394. - 5 б.
13. Рамазан Д. Көкжал. – Астана, 2001, - 136 б.
14. Рамазан Д. Алланың елшісі // Жұлдыз. – 2007. – 136 б.
15. Рамазан Д. Сағындым сені жанқалқа // Жалын. – 2008. - № 4. – 8-9 б.
16. Шаштайұлы Ж. Тау мен дала. – Алматы: Ан Арыс, 2010. – 360 б.
17. Жиенбай Қ. Ән салуға әлі ерте. – Астана: Астана Полиграф, 2008. – 400 б.
18. Мұқанова Р. Муза. Әңгімелер мен хикаяттар. –Алматы: Жазушы, 2004.– 326 б.

19. Мұқанова Р. Құдірет-Кие (Әңгімелер, драмалық хикаяттар). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 318 б.
20. Ахметжан Т. Сұлу мен суретші. – Алматы: Білім, 1998. – 240 б.
21. Ахметжан Т. Мұң. – Алматы: Жалын, 2007. – 288 б.
22. Дәутаев Н. Мінез. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 336 б.
23. Дәутаев Н. Айғыркісі. – Алматы: Ан Арыс, 2008. – 272 б.
24. Дәутайұлы Н. Аты жоқ әңгіме / Несіпбек Дәутайұлы. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2012. – 640 б. – 24 сурет
25. Кемелбаева А. Құс // Дала мен қала. – 2006. – 24 ақпан. - № 7. – 8 б.
26. Әбілқайырұлы Қ. Сурет // Қазақ әдебиеті. 2002. – 6 желтоқсан. № 49. – 8 б.
27. Қоныс Лира. Құрқылтадың ұясы // Жалын. – 2004. № 10. – 111-117 бб.
28. Қоспағарова Ә. Ол // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 29 тамыз. № 34. – 7-10 бб.
29. Ақыш Н.Б. Бейуақта жанған от (хикаяттар мен әңгімелер). – Алматы: ТОО «Нұр-Принт-75», 2010. – 320 б.
30. Дүйсенбиев С. Мен ғашық емеспін. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2012. – 384 б.
31. Доспанбетов Ұ. Көп томдық шығармалар жинағы./Ұзақбай Доспанбетов. – Алматы: «Ой-Сана» баспасы, 2011. – 440б.
32. Отарбаев Р. Біздің ауылдың амазонкалары. – Астана: Фолиант, 2012. – 424 б.
33. Нұғыман С. Жоқ іздеуші жан: әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: «Жазушы», 2012. – 344 б.
34. Қуантайұлы Н. Қолшатыр. – Алматы: «Қаламгер», 2013. – 372 б.
35. Шаваев Ш. Қонжық: әңгіме//Жұлдыз.-2003-№9.-81-84 б.
36. Хошаева Г. Мұңлы жандар: әңгіме//Жұлдыз.-2008-№3.-74-82 б.
37. Хошаева Г. Көндім-ау, саған тағдырым/Гүлбаһрам Хошаева.-Алматы: «МИР», 2010. – 176 б.
38. Румбах Е. Сделка с дьяволом:әңгіме// Простор.-2008-№10.-80-86 б.
39. Шиленко О. Хабанера: әңгіме//Простор.-2007-№3.-12-16 б.
40. Мосолов В. Тем летом: әңгіме// Простор.-2008-№12.-55-66 б.
41. Серебрянский Ю. Небо над Лохором: әңгіме// дорожная пастораль
42. Елеукенов Ш. Тәуелсіздік биігінен. Зерттеу, эссе, әңгіме. – Алматы: «Арда», 2007. – 400 б.
43. ХХІ ғасыр қазақ әдебиеті. Ұжымдық монография. – Алматы: Арда, 2011. – 640 б.



44. Орда Г. Әңгіме жанрындағы дәстүр жалғастығы // II Әуезов оқулары: жас ғалымдардың II халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 26 қыркүйек 2003.
45. Балтабаева Г. Қазіргі қазақ әңгімесі (1980-90 ж.): филол. ғ. канд. ... дисс. – Алматы, 1999. – 113 б.
46. Ибрагимова Ұ. Қазіргі қазақ әңгімелері: филол. ғ. канд. ... дисс. – Алматы, 2009. – 132 б.
47. Смағұлова Н. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс мәселесі: филол. ғ. канд. ... дисс. – Астана, 2007. – 132 б.

## САТИРАЛЫҚ ӘҢГІМЕЛЕР

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қарай сөз өнерінің, оның ішінде сатира жанрының ауқымы кеңі түсті. Оның басты қасиеті қоғамдағы келеңсіздіктер мен адам бойындағы өрескел кемшіліктерді уақытында тауып, емдеп отыратындығында деуге болады. Бұған дейін социалистік реализм көзқарасының негізінде қалыптасқандығы белгілі, сондықтан да бүгінгі демократиялық заман тұрғысынан талдауды қажет етеді. Осы кезеңде дүниеге келген сатиралық шығармаларды қарастырып, олардың сыртқы құрылымы мен ішкі астарына терең үңілу уақыт талабы. Адам бар жерде сын-сықақ бар, күлкі бар, онсыз тіршіліктің мәні де, сәні де болмас. Сатира халқымыздың бүкіл өмірімен біте қайнасқан. Қанау мен тонауға, әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы күресінде ең айбынды қарудың бірі болғаны рас. Белгілі бір халықтың жан сыры оның күлкісінен айқын көрінеді. Жемқорлық, екіжүзділік, жағымпаздық кез келген қоғамда болсын өмір сүреді, оны біржола жою мүмкін емес. Сатира жағымсыз әдеттерден жиркенуге, оған қарсы халық болып күресіп, санасын оятуға жетелейтін идеологиялық құрал. Дегенмен ол елімізде болып жатқан жетістіктерді емес, кемшіліктерді ажуалайды.

Туған әдебиетіміздің дамуына, өзгелермен бәсекеге түсуіне, әлемдік деңгейде өзіндік орнын табуына бүгінгі тәуелсіз қоғамның тигізіп отырған мүмкіншілігі аса зор. Азат ой суреткерлердің шығармашылық көкжиекгін кеңітіп қана қойған жоқ. Халқымыздың рухани жақтан оянуына өз әсері мен ықпалын тигізіп отыр.

Әдебиеттің осындай табиғатына академик Серік Қирабаев былай баға берген: «... қазақ халқының ояна бастаған тұсында, оның ұлт-азаттық жолындағы күресі туын берік ұстап, халық өмірінің шындығы мен алдыңғы қатарлы идеясын жырлаған қоғамдық сананың бір түрі – қазақтың ұлттық әдебиеті болды» [1, 26]. Осыдан-ақ қазақ сөз өнерінің өзге халықтардағы сияқты ұлтқа қызмет етіп келе жатқанын көруімізге болады. Сатираны зерттеуші ғалым Т. Қожакеев әдебиетімізде сатираның өзге жанрлардан айырмашылығын былай деп көрсетіп береді: «Сол сияқты таза сатиралық шығармаларда автор мен лирикалық кейіпкердің сөз етіп отырған жағымсыз құбылыстар жөніндегі жан дүниесі, ішкі сезімі лирика туындыларындағыдай барынша ақтарыла ашылмайды, ол әрі лирикаға да жатпайды. Сатираны драмаға да тели салуға болмайды. Эпостағы объективтілікті, лирикадағы жан терезесін айқара ашуды ұштастыра келіп, характерлер қақтығысына құрылатын, сах-

нада ойнауға лайықталатын драма белгілері де сатирадан түгел табыла бермейді, сондықтан ол драма да емес» [2, 7], – дейді.

Қазақ – сөзге тоқтаған халық. Жер дауы, жесір дауы, құн дауы дегендерді қара қылды қақ жарған билердің айтуымен шешіп отырған. Алдар Көсе, Жиренше шешен, Қожанасырдың әңгімелері де қазақ сатирасының ертеден қалыптасып, өркендеп, дамып келе жатқанын көрсетеді. Мәселен, академик Сейіт Қасқабасов сатираның фольклорда көрініс табатынын айтады: «Жануарлар арасындағы өзара қақтығыста жыртқыштар ешуақытта бірін-бірі жеңіп шықпайды. Жануарлар жайындағы ертегілердегі терең мәнді мораль мен өзіндік ерекшелігі бар әлеуметтік утопизм нақ осыдан көрінеді. ...Әрине кейбір ертегілік варианттарда жолбарыс – жануарлар ханын, түлкі – биді, жыртқыштар ұйымдастыратын тойлар – байлар тойын еске түсіріп отырады. Мұндағы сатиралық астар да белгілі биікке көтеріледі» [3, 29], – дейді.

Қазақ менталитеті қалжыңдармен қағытуға бейім. Күлкі адамдардың денсаулығына ұзақ ғұмыр сыйлайды. Ең бастысы бодандық бұғаудан құтылып, тәуелсіз мемлекетке айналдық. Сатиралық күлкі қазіргі қоғамдық мәні бар құбылыстарға, тіпті адамзаттық проблемаларға, олардың өмірдегі көріністеріне бағытталғаны белгілі. Кез келген сатираның сапасы ондағы келеңсіздіктер мен қайшылықтарды дәл тауып ажуалай білуінде. Елдің елдігі, ұлттық болашағы тезірек қалыптасса екен деген тілекпен тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан бері қарай суреткерлеріміз үздіксіз еңбектеніп келеді. Айналамызда болып жатқан не бір келеңсіз қылықтарды сатириктеріміз әзіл-әңгімелері арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында, немесе өздерінің жеке жинақтарында жариялап отырды. Дегенмен, ашық байбалам салып емес, жеңіл күлкімен, астарлы әзіл арқылы шенді, шекпенділерді шеней білді. Сондықтан да оны қолдана білу – әрбір жазушының қолынан келе бермейтін өзіндік дара ситль. Сатирамыздың дамып, уақыт талабына сай құлпырып, түлеп, түрленуіне сүбелі үлес қосқан бір топ сатириктердің тізімінде: М. Рәш, А. Боранбайұлы, Ү. Уайдин, Ғ. Қабышұлы, Қ. Илиясұлы, К. Әмір-Бек, Т. Әлімбекұлы сынды тағы бсқалардың шығармашылығы қазақ сатирасының көркемдік деңгейін көтерді. Олар даму жолын ұлттық ерекшелігімізді танытуға көптеп атсалысып келеді. Шығармаларының көпшілігі жеке адам ғана емес, бүкіл қоғамның бойындағы өрескел әдеттер мен кемшіліктерді ащы күлкімен ажуалайды.

Елдігімізді алғаннан кейін бұрынғыдай жалтақтау, жарамсақтану, өзгелердің қабағына қарау дегеннен біртіндеп

құтылып, санамызды рухани жақтан азат ете бастадық. Бұның өзі еркін демократиялық қоғамымызда ұлттық әдебиетіміздің дамуына көптеген мүмкіндік тудыра түсті. Отансүйгіштікке, тәуелсіздік тұғырымыздың берік болуына бір тілекте бола отырып, халықты соған жұмылдыра білуді әрбір суреткер өзінің басты парызы деп санады. Бұрындары ұлтшылдықпен күрес барынша белең алса, енді ұлтсыздықпен күрес тақырыбы үздіксіз жалғасын тауып келе жатқанын көруге болады.

Осы саладағы кез келген сатириктің сатиралық шығармаларына талдау жасап, одан ары қарай зерттеп, салыстырмалы түрде баға беру – заман талабы. Сатирик ақындарының халық арасындағы маскүнемдікке көбірек тоқталғандары анық байқалады. Кейінгі кездердегі дерек бойынша еліміз алкогольдік ішімдік жағынан дүние жүзі бойынша алғашқы ондықтың қатарына еніп отырғандығы да расталды. Сондықтан да бұл проблема суреткерлердің өзекті тақырыптарының біріне айналғалы қашан.

Сатиралық шығармалар арқылы қоғамда болып жатқан келеңсіздіктер мен қайшылықтарды дер кезінде сынға алып, емдеп жазады деп айта алмаймыз. Оған дәлел, қазақ тілінің күні бүгінге дейін өгей баланың күйін кешіп жүргенінің өзі де жетіп жатыр. Қазақ елі бірнеше ғасыр бойы қасірет шегіп, енді ғана тәуелсіздікке қолы жеткенде қатерлі дерт іспетті жаһандану індеті тез әрі жылдам бас көтере бастады. Оның шеңгелінде кетпеу біз сияқты жас мемлекеттер үшін оңай соғып отырған жоқ. Ал осы тілдік проблема бүгін-ертең шешімін таба қоюы екіталай. Ол үшін рухани жақтан екіге жарылған қоғамымыз бірігіп атсалысқанда ғана оң шешімін табады. Немесе өзге алпауыттар сырттан келіп бұл жағыдайға отқа май құйғандай ушықтыра түспесе, жарылқай қоюы екіталай. Алайда, сатира жалпыға ой салатын, еркіндіктің дабылын қағатын, қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтардың дұрыс шешімін табуына түрткі болатын басты тілдік құралдардың бірі. Бұл барлық сатириктерде кездесіп отыратын құбылыс.

Өзіндік дара стилімен еңбектеніп жүрген белгілі сатирик – Тольымбек Әлімбекұлы. «Біз қандаймыз, қандаймыз?» өлеңінде аяққа тапталып жатқан қазақ тілінің ауыр халін сөз етеді. Ұлттық намысымыздан айрылған қалталылардың өштескендерінің қыр соңынан қалмай, желкесіне мылтық кезейтіні сыналады. Соңында бүйте берсек әрең дегенде қол жеткізген елдігімізді сақтап қалудың қиынға түсетіндігін тілге тиек ете отырып, көпшілікке осы қиыншылықтан қалай шығу керек туралы ой салады. «Тендр» өлеңінде сыбайлас жемқорлықты батыл сынға алады. «Бас туралы» балладасын-

да Елбасының айналасындағы қара басының қамын күйіттеген жағымпаздарды одан ары міней түседі. «Шолақ мылтық» шолақ ойлы, шолақ сөзді, оғы да шолақ, байқамасаң тарс етіп атылуы да мүмкін. Сондықтан шолақ белсенділерден сақ жүр дейді. «Команда» атты өлеңінде келуіміз де, кетуіміз де ортақ, залдан шу шықты, демек жеуіміз де ортақ! Суреткер сонымен қоса әйелдер тақырыбы, адамның жас кезеңіндегі ерекшеліктері, қазақтың тойы туралы көптеген шығармалар жазды.

Т. Әлімбекұлы әйелдер тақырыбында біршама көп жазған және жоғары деңгейге көтерген сатирик. Олардың болмыс бітімін, ерлерден қандай айырмашылығы бар екенін, артықшылықтары мен кемшіліктерін астарлы юморымен нанымды бейнелейді. Кез келген үйлену, қыз ұзату тойларында немесе шағын бас қосуларда болсын, оның жазғандарынан үзінді келтірмей кететіндер кемде кем. Өлеңдері дерлік өмірдің өзінен алынған, шындыққа жанасымды, еріксіз езу тартасың, нанымды, табиғи.

«Тойың тойға ұлассын!» әңгімесінде: «Қолымыз тимейді. Аптаның барлық күні той. Дүйсенбі күні өзбектер мен ұйғырлардың тойына барамыз. Ол күні базар істемейді де қолдары босап, солар той жасайды. Қалған күндердің барлығында қазақтардың қолы бос, солардың тойына барамыз. «Құдай тойдан айырмасын!» Бұл да қазақтың адвокат мәтелі» [4, 12]. Мұнда автор қазақтардың өзге халықтарға қарағанда сауықшыл, той десе бар байлығын шашатын қонақжайлығын жеңіл юморымен жеткізіп отыр.

Т. Әлімбекұлының әйел затының кейбір өзгеше қасиеттері әңгімелері мен өлең иірімдерінен аңғарылып отырады. «Вақ.kz» ақпараттық порталында жарияланған «Әйел мен машина», «Әйелдерге төрт ақыл», «Әйел мен сериал», «Тағы да әйелдер жайлы немесе күрделі есеп», «Әйелмен қарсылық» сынды іріктеліп алынған шағын топтамасы дерлік юморға құрылған. Олай дейтініміз, кез келген адам интернеттен іздеген тақырыбын тауып және оған өзінің ой пікірін де қалдыра алады. Бұл дәуір тынысы, заманның ағымы, жер бетіндегі халықтардың ортақ жетістігі.

Халқын кәусар күлкіге кенелтіп, өмірдегі келеңсіздікке қарсы қаламын қару ретінде қолданып жүрген сатириктеріміз ат төбеліндей. Олар сатираларымен поэзия мен проза саласында да көптеген туындылар беріп келеді, сонымен қатар әлем әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды. «Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім» дейді дана халқымыз. Сол күлкінің астарында адам бойындағы кемшілікті, ерсі қылықтарды, қоғамдық дертке айналып бара жатқан құбылыстарды

жеңіл мысқылды әжуадан бастап, өткір тілмен жеріне жеткізе сынауға дейінгі көріністер орын алады. Күлкінің мәнді, сықақтың әсерлі болуы – оның шыншылдығына, нақты өмірді негіз етіп алынғандығында.

Нағашы мен жиеннің, жезде мен балдыздың, жеңге мен қайынның жарасымды әзілі мен құрдастар арасындағы дәстүрлі қазақы қалжыңнан бастап, орынды жерінде айтылатын орайлы әзіл-оспақ, қағытпа-қалжыңдар қанымызда бар. «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деп әдемі әзіл мен орынды оспаққа халқымыз шек қоймаған.

Үмбетбай Уайдиннің сықақ әңгімелерінің негізгі мәні ескінің қалдықтарын, жемқорлықты, мәнсапқорлықты, қоғамда жиі кездесетін келеңсіз жайттарды шенейді. Оның шығармаларынан кез келген сықақшы бара алмайтын ащы шындық пен жаңашылдықты көруге болады. Жазушы сатира жазғанда көз алдымызда болып жатқан жайларды суреттегендей қылып көрсетеді. Сатирасын оқып отырсаң, қоғамда болып жатқан құбылыстарды факті арқылы беріп отырғандай көрінеді.

Үмбетбайдың «Құттықтау» әңгімесінде баянсыз махаббат, тұрақсыз неке тақырыбы сөз болады: «Тортай күйеуден күйеу шақ келтірмей, ауылда азды-көпті «аты шығып» қалған Күнсұлуды көріп:

- Сонымен, қу тірлік не боп жатыр өзі? – деп сұрады.
- Біздің тірлік жаман емес. Кетейін деп жатырмын, – деді
- Күнсұлу.
- Біссіміллә, қай жағына?
- Күйеуге, Көкшетау жағының бір жігітіне.
- Құттықтаймын! Қашан қайтып келесің?» [5, 75].

Бұл жерде тағы да өткенге тоқтала кетпеске амалымыз жоқ. Кезінде үйленген екі жастың ажырасып тыныпты дегенді құлақ естіп, көз көрмеген деуге болады. Жастар еркіндігі делініп, жетпіс жыл бойы ұлттық қасиетіміздің тамырына балта шабылды. Соның нәтижесінде көптеген жастардың өз тағдырын өздері шешіп, ажырасу дегенің күнделікті тірліктегі қалыпты жағдайға айналды және соның зардабы күні бүгінге дейін жетіп отыр. Әсіресе ірі қалаларда бұндай көрсеткіш алдыңғы орында келеді. Соғыс, аштық, қуғын-сүргіннің зардабын көп көрсе де мойымаған қазақ халқының айналасы бір ғасырға жетпейтін мезгілде ішкі жан дүниесі мүлдем өзгеріп, сыртқы формасы ғана қалды.

Қалалы жерлерде отбасылық тәрбие жайындағы қазақы түсінік мүлдем өзгерді. Ең әуелі бізді боданында ұстап келген Ресей халқымен арадағы жиі қарым-қатынастан олардың әдеттерін

өзімізге жұқтырдық. Одан кейін дамыған батыс елдеріне еліктеуден туындаған әсер, ықпал да аз емес. Үйленген екі жастың ажырасуы қоғамдық өмірдің қалыпты әдетіне айналды. Жаңа түскен жас келін мен ата-ененің бір шаңырақтың астында, бір дастарқанның басында дәм-тұзы жарасып отыруының өзі кем де кем.

«Арақ күшті ме, рақ күшті ме?» әңгімесінде: «...– Арақ ішетіндердің көбісі рақпен ауырмайтын көрінеді.

– Рас.

– Рас болса, сен өзің оны қандай дәлелдерге сүйеніп айтып отырсың?

– Арақ адамды раққа жеткізбей алып кететін көрінеді. Соған сүйеніп айттым» [5, 88]. Мұнда маскүнемдік сыналады. Араққа уланған адамның өмірмен ерте қоштасатыны, қоғамға, ұлтқа тигізер зиянының да көп екендігі айтылып отыр. Бұдан басқа автордың «Запас» (81), «Көне таныс» (91), «Қай арақ пайдалы» (95) сынды әңгімелері де арақ тақырыбын қозғайды және жеңіл юмормен сыналады.

Айталық, «Келін» әңгімесінде «– Ата, келінді болыпсыз, құтты болсын!

– Әумин.

– Қайда өзі, көрейікші?

– Кішкене кідіре тұрындар, темекісін таратып алсын...» [5, 89-90].

Бұл атасы мен келінінің арасындағы қазақы дәстүрдің салтан ауытқып, қоғамның өзгеріске түсіп бара жатқанын көреміз. Бір қарағанда күнделікті өмірдегі қарапайым тірлік сияқты. Ақиқатында, Отан мен отбасы, әйел қасиеті мен қасіреті айтылады. Екіншіден қарт-ақсақалдың қадір-қасиетінің төмендеп кеткені де көрініп тұр.

Ғаббас Қабышұлының «Анау-мынауизация» атты сатиралық кітабында көптеген қоғамдық мәселелер айтылады. «О, кей!» әңгімесінде жұмыссыздық, ауру, баспана, сөз бостандықтарын тілге тиек еткен. Көбінде халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтайды. «Панимаишй» әңгімесінде:

«Алматының тәуелсіздігімізге дейін-ақ «Жетім бұрыш!» деп аталатын ықшам-қотыршаң-ауырушаң ауданында жиырма мыңға жуық қара көз, яғни әрқайсысында құдай берген екеуден деп дұрыс есептегенде – он мың мұңлық әркімнің есігінен сығалап жүр.

Европалық Алматыда тұрған да, тұрмаған да... панимаиш?!» [6, 188-189], – деген памфлетінен қала халқының баспанасыздық жағдайы мен тұрмыс тіршілігінің қаншалықты деңгейде екендігін

аңғартып тұр. Саны жағынан дамыған елдердің бір қаласына еркін сиып кететін, жеке бастарында үйі жоқтарды айтады.

Аталмыш жинаққа енген «Ахау, кемпір!», «Құлап тыныпты», «Мұндай базар болмас», «Мәслихаттағы мәләдестер» сынды әңгімелері мәнсапқорлықты, командалық топты, шіріктесе бастаған шенділерді, жағымпаздықты сынға алып, ажуалап, халықты одан жиркенуге үндейді. Сонымен қатар «Мәслихаттағы мәселелер» әңгімесінде:

«– Сонымен, қалайда он минөт кешігіп жетсем, о, падишам, залымыздың күндегіше қымтап жабулы есігінен будақ-будақ бу шығып тұр! Өртеніп жатса түтін шығар еді, жоқ, түтін емес, кәдуілгі бу! Таңдана екпіндеп барып есікті жұлқа ашып қалып едім, әлде кім бетіме шымшым су шашып жіберген сияқтанды. Селк ете түссем де тез сергіп, залға қалт қарасам: зал бу мен сөзге толы. Будан дәнеңе көрінбейді, ал сөзден әжептәуір ой-пікір естіледі. Көлде итше малтаған кісіше қолымды созып тартып, созып тартып, үйреншікті орныма қарай жылжи бастадым.

... – Мырзалар! Депутат мырзалар! Нөкеңді облмәслихаттың мәңгілік төрағасы етіп бекітіп алайықшы! – Бітеуқұдық ауданынан депутат Біреуовтің дауысы.

– Дұрыс, өте дұрыс! Нөкең осы орында неше жыл отырамын десе, сонша жыл отыра берсін!

– Бәрекелді!

– Нөкеңнің аты – Нөкең!

– Нөкеңдей төраға ешқайда и ешкімде жоқ!

Ұйымдаса ұлыған... тфу! – ұйымдаса ұсыныс жасаған көпшіліктің дауысын ажырата алмауға айналдым». [6, 242-243], – деп таласа әндеткен жағымпаздарды ауыр сынға алады. Автор мұнда басшы ретінде бірінші жақтан сөйлеп тұр. Шынымен де жалтақтық ғасырлар бойғы өзгенің езгісінде жаншылған ұлттың санасына орнап қалған дағдылы әдеттерінің бірі болса керек. Өйткені мойнымызға ілінген отарлық қамыттан босағанымызбен, әлі де болса санамызда жаңғырып отыр. Одан арылу үшін барыс, күрес, ортақ идеология керек. Сонда ғана жағымсыз әдет те, келеңсіз жағдайлар да азаяр еді.

Көпен Әмір-Бек «Па, шіркін, пародия!» жинағында көптеген қоғамдық мәселелерді қозғайды. Әлемді өзіне жалт қаратқан қазіргі болып жатқан дағдарысты сәулетші Шота-Аман Уәлиханнның Тезек төренің тас мүсінін аллегиямен көрсетіп тұр:

«...Тас тұғырдың үстінде екі қолы ербиіп, бұты талтайып, өзі тоңқайып, өңі суық өңкиген шал тұр. Түк түсінсем бұйырмасын!



– Бұл кім аға? – дедім таңданып.  
– Атамның ескерткіші.  
– Қай атаңыз?  
– Тезек төре.  
– Төрені неге тоңқайтып қойғансыз?  
– Негізі атамның астында ат болуы керек еді. Қазір крезис... Дағдарыс! Атын салуға ақша жоқ. Сосын солай қалды» [7, 6], – дейді. Көпен осы тас мүсіндегі Тезек төренің бейнесі арқылы басшылардың құр айғай, лепірме сөздерінен басқа түк те өндіре алмай жатқанын көрсетіп отыр.

Жас сатириктердің қатарына Нұрлыбек Жұбатқанды жатқызамыз. Суреткер көрген-білгенді құр тамашаламайды, қайта қоғам алдында борышты екенін жақсы түсініп, сол міндетін атқару үшін шын жүректен тебіренеді. Өзіне тек сыншымын не ақылшымын деп қарамайды. Ең алдымен дүйім жұрттың күйініш-сүйінішіне, қуаныш-қайғысына ортақ, адамзат тағдырына көпшілікпен бірдей алаңдайтын жанашыр азамат екені аңғарылады. Айнала өмірге, уақыт ағысына, адамзат қоғамының сыр-сипатына ойланады. Оның «Ауылдағы айтқыштар» атты сатиралық жинағынан мысал келтірсек. «Сары келіншек және оның командасы» әңгімесінде: «... Масқара, таза масқара болыппын-ау! Сары келіншек анау-мынау емес, өсіп тұрған алып бәйтеректің тамыры екен ғой. Сондай алып бәйтеректің тамырына балта шаппақ болған мына мен қандай ақымақ, есалаң десеңші!

Артынша маған бір ой сап ете қалды. Ау, осыншама таныс-тамыры тіреп тұрған сары келіншекті неге өсірмеске? Көп ойланып жатпастан жаңа бұйрықты шығарып кеп жібердім. Енді ол еден жуушы емес, кадр бөлімінің бастығы...» [8, 125]. Сыбайлас топтардың елімізде қаншалықты деңгейге шыққанын көрсетіп тұр. Олардың ықпалының жоғары екендігін жай ғана еден жуушы келіншектің кадр бөлімінің бастығы болғанға дейін өмірімен сабақтастыра суреттейді.

Белгілі бір ұлттың қалыптасып, дамып, кемелденіп адамзат өркениетінің дамуына өзінің үлесін қосу деңгейіне жеткенге дейін бірталай даму сатыларын артқа тастайды. Құлдырау, әлсіреу, кетілулерді басынан өткізеді, яғни сұрыпталады. Сол ұлттың ұлттық болмысынан айырылып кенже қалуы оның салт-дәстүрінің бұзылуына байланысты. Егер ол ұлт тілі мен дәстүрінен айырылса ұлт болудан қалады. Оңай шағылатын жаңғақ құсап, алпауыттардың ашса алақанында, жұмса жұдырығында кете береді.

Елімізде мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақтардың жартысынан көп бөлігі ауылды жерлерде тұрады. Осы елді мекендердің тәуелсіздік алғанымыздан кейін қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға байланысты қараусыз, ескерусіз қалғаны белгілі. Сондықтан да жастар жағы дерлік өздерінің болашағын қаладан іздеуге көшті. Соның салдарынан қаймағы бұзылмаған ауылды жерлердің де мәні мен сәні кете бастады. Нұрлыбек сол ауыл өмірін суреттейтін «Майдандастар...» әңгімесінде: «Ауданнан шалғай жатқан «Шалдар алға» селосының есік-терезесі құлап, іші ән-күйсіз ұлып тұрған ескі клубында Жеңіс күніне арналған мереке болды. Бұрын бұл ауыл «Шалдар алға» емес «Жастар алға» деп аталатын. Қазір жасын дегендер қалаға қашты. Кәрі сауқан ауылда қалды» [8, 127].

Қарап отырсақ осыдан жиырма жыл бұрын егеменді ел болып, бостандығымызды алдық. Осы кезеңде қазақ қоғамы үлкен екі топқа жарыла бастады. Бірінші топтағылары жәй қазақтар болса, екінші топтағылары шала қазақтар немесе жаңа қазақтар. Алғашқысы өзінің тілін, дәстүрін сүйетіндер. Әуелден болмыс-бітімін сақтап қалған, қазақша ойлайтын, ұлтының болашағына жаны ашитындар. Ал екінші топтағылар алғашқысына қарағанда саны жағынан аз, бірақ жоғары лауазымды қызметтерде отырғандар. Олар тәуелсіздікті тәуелсіздік алу үшін емес орыстану, батыстану немесе американдану үшін алған сияқты. Сол шала қазақтардың өмірін автор «XXI ғасырдың қазағы» атты әкесі мен баласының диалогынан өрбітеді: «Жаңа қазақтар» дегеніміз ауылдың топырағын баспаған, жусанның иісі мен тезектің түтіні, малдың қасиетін білмей өскен қаланың ерке балалары екен. Олар керек десең қой мен сиырды былай қойғанда, түйені түсінде де көрмегендер. Жаңа қазақтар анасының құрсағынан шыға салысымен өз тілін ұмыта беріпті» [8, 133].

Одан ары қарай:

«— Кімнен қорқады?

Діннен, салт-дәстүрден, қазақша басылымдар мен қазақша концерттерден қатты қорыққан» [8, 133]. Мұнда жалпы адамдық проблеманы қозғау үшін, әрине, қалыптасқан ұлттық құндылықтарын бойына терең сіңіруі керек. Және айналасына сол ұлттың түсінік танымымен қарағанда ғана ондай елдің болашағынан зор үміт күтуге болады.

«Қатерлі індет» әңгімесінде: «Ертеректе адамзат атаулыға оба, шешек, тырысқақ, ал мал-жанға айналма, шошала, жамандату аурулары қырғидай тисе, қазір «Қысқарту» деген жаман аурудың дерті тарап отыр. Бұл аурудың да «СПИД» секілді қазірге емі жоқ.

Жұқтырып алсаң айығу қиын» [8, 141]. Бұл жерде ғылым мен техниканың барлық саласының ерекше дамығандығын айтады. Бір кездері халықтың басына келген қатерлі індет болып саналатын аурулар, бүгінгі күні жай ғана нәрсе болды. Қазіргі таңда қолында дипломы бар мамандық иелерінің өзара бәсекеге түсіп, сұрыпталып жатқанын көреміз. Сондықтан да кез келген адамның өз кәсібін жете меңгерген әржақты маман болуы шарт. Бірақ кейбір басшылардың өз тамыр-таныстарын ғана жұмысқа алып, өзгелерді ығыстыратыны бар. Мұндай жағдай кез келген жұмыс орындарының басым көпшілігінде қайталанады.

«Қорқу» әңгімесінде екі адамның диалогы арқылы өрбітіп отырды:

«— Бұрын неден қорықтың?

— Кеңес өкіметінің қатал бұрмалаушылығынан...

— Ал күні кеше неге қорықтың?

— Діннен, тілден айрылып, безіп кетеміз бе деп.

— Бүгін ше?

— Адам адамға қас, содан сескенем.

— Болашақтан қалай қорқыныш күтесің?

— Аспанымыз тесіліп, жер асты байлығымыз түгесіліп, ұрпақтарымызға түк қалмай ма деп қорқам» [8, 145]. — Бұнда адамдық құндылықтардан сырт, жер асты шикізат қорын дұрыс пайдаланып, алпауыттардың илеуінде кетпей, дамыған өркениетті ел деңгейіне көтерілуді ойлайды. Кешегі үстемдік құрған кеңес өкіметінің солақай саясатын сынайды. Соның салдарынан дініміз бен тілімізден айрылып қалуға сәл-ақ қалғанымыз шындық. Қазақ ұлтының болмыс-бітімінің өзгеріп бара жатқан бүгінгі бейнесіне қарап, болашағына алаңдаушылығын да жасырмайды.

\* \* \*

Одақ ыдырап, республикалар өз алдына шаңырағын көтере бастағаннан-ақ, біз тізгін-шылбырмызды қолымызға алып, ұлы көштен қалмаудың қамына кірістік. Сол тәуелсіздігіміздің іргетасы қаланған алғашқы кезеңінде жекешелендіру саясаты жүрілді. Бұрынғы ферма орталықтары ыдырап, жергілікті ауылдық тұрғындар өздерінің туып-өскен елді мекендерін тастап жан-жаққа тіршілік қамымен кетті. Олар Алматы, Астана сынды ірі қалалар мен өндіріс ошақтарын жағалауға мәжбүр болды. Бұл үрдіс күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Еліміздің рухани байлығы мен заттық байлығының негізгі көзі ауылда. Ұлтқа қызмет істейтін болашақ жастарымыздың көбі ауылдан шыққан.

Сатирик Нұрлыбек Жұбатқанның «Ауылдағы футболдан арнайы репортаж» атты әңгімесінде министрлер мен ауылдағы қарапайым жұртшылық арасында футболдан жарыс өтеді. Бас-аяғы үш күн ішінде ауылға жоғарының бұйрығы бойынша стадион салынады. Ұтыс қоры бір миллион доллар болып белгіленеді. Министрлер құрама командасының аты ТОМПИ да, ауыл құрамасының аты СЫМПИ. Бірақ ауылда жастар жоқ, қалаға жұмыс істеп кеткен, сотталған т.т. сол себепті де:

«Көпшіліктің айтуымен ауыл командасына «СЫМПИ» деген атау қойылды. Ендігі қызық мынада болып тұр. Футбол ойнауға ауылдан бір жас табылмады. Өкембайдың бір немересі бар еді, ол да қырсық қылғанда көрші ауылдағы бір қыздың туған күніне кетіпті. Қашан оралатыны белгісіз» [9, 11]. Сонымен соғыс ардагерлері, алқаштар тіпті әйелдерге дейін құралып команда сапын толтырды.

«Ұтып кетсе, бір миллион доллар ауылға аз ақша емес. Клубтың төбесін жөндейді. Ауылдың көшесін жарықтандырады. Кеңес заманында шіріп кеткен ауыз су құбырларын ауыстырады. Ең бастысы әр отбасы «кредит» деген пәледен құтылатын болады. Арман көп...» [9, 13]. Әрине, бұл жерде тек ауылдың тозып бара жатқан бет бейнесі ғана суреттелмейді. Сонымен қоса, ондағы өмір сүріп жатқан халықтың бастарының кредит деген пәлеге байланғанын да айтады. Кредит деген бір дерт сияқты, онымен ауырмаған адам кем де кем.

Біртіндеп еңсесін тіктей бастаған еліміз тоз-тозы шыққан ауылды қалпына келтіру жолында аянып қалған жоқ. Ауылдың көркеюіне барынша назар аударып, қадағалап отырды. Қатарынан үш жылды «Ауыл жылы» деп белгілеп, қыруар қаражат бөлінді. 2009 жылдан бастап «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жүзеге асып, оқыған жас мамандарды барынша ауылға тарту, оларды баспанамен қамтамасыз ету алғашқы кезекке қойылды. Соның нәтижесінде көптеген мамандар шет, шалғай ауыл өмірін гүлдендіруге атсалысуда. Қанша дегенмен ауыл өмірін жақсартуға бөлінген қаражат қомақты, бірақ көркейіп дамуы бәз-баяғы қалпынан аумаған көрінеді.

«Барса келместегі базар» атты әңгімесінің тақырыбынан-ақ бірталай лауазымды атақтардың да саудаға салынып жатқанын көреміз. Автор бірінші жақтан, «мен де барып» деп баяндайды. Сорақысы сол «ҚР еңбек сіңірген қайраткері», «Дарын», «Халық қаһарманы» сынды көптеген атақтар сатылып жатады, олардың бағасы да қомақты. Тағы бір жерде бір асабаның өзіне «Ардақты

Асаба» дәрежесін кездестіре алмай базарды тінтіп жүргені көрінеді. Бір депутаттың өтірікті сатып алып жатқанын көзі шалады. Онда:

« – Қарындас, өтіріктеріңнің гарантиясы бар ма?

– Бар ағай, бес жылға дейін жарамды.

– Ымм, онда жақсы бопты, Қытайдан шыққан емес пе?

– Жоқ, таза өзіміздікі, ағай – деді сатушы» [9, 20].

Соңында бұндай әділетсіздіктер ішіне симаған ол киелі сыпырғыш сатып алып, базарды бір тазартайын деп сермеп қалғанда ұйқысынан шошып оянады. Сөйтсе өз әйелінің бұрымын тартқылап жүр екен. Бұл бір жағынан амалы таусылған адамды көрсетеді. Жеке адамның басындағы мұңын айта отырып, бүкіл қоғамдық дерттің белең ала бастағанына күйінеді.

«Біз тауып береміз» әңгімесінде ұятынан айырылған басшы, қосшы, хатшы дегендердің өмірі көз алдымызға келеді. «Ойранбекпен отау құрғаныма отыз бес жыл болды. Бұрын ақ көңіл, адал жан еді. Басшылыққа көтерілгеннен кейін, мінезі күрт өзгерді. «Адамнан жасыратынды құдайдан жасыра алмайсың» демекші, соңғы кездері үй іші қымбат жиһаздарға тола бастады. Мекеменің қаражатын оңды-солды шашуды әдетке айналдырды. Көкірегі өсіп, адам баласынан қорықпады, көрінгенге жекіреді. Секіреді. Кейін, емшіге суретін апарып едім, ұяты жоғалып қалыпты деген соң, сіздерге әкеліп отырмын – деп, бәсекеңнің әйелі еңіреп жіберді. Рас мына жүрісімен отағасы түрмеден, не жындыханадан бір шығуы мүмкін.

Ұятын іздеп келген басшыға кәдімгідей риза болдым. Өзгелерге үлгі боларлықтай оқиға» [9, 23-24]. Көмекшісі бастығына еден жуушы әйелден ұятын бір күнге сұрап алып береді. Одан кейін хатшы қыздан алып орнын жабады. Соңынан ол қызға ұятының жартысын береді де үйіне тайып тұрады. «Ұят бар жерде иман бар» деген екен дана бабамыз. Сол имандылық адамның қанына сіңген асыл қасиеттерінің бірі. Егер имандылығынан айырылған адам, бәрінен де құр алақан қалады.

Бұл әңгімедегі адамдар арасындағы қарым-қатынастың заттық байлық негізінде құрыла бастағанын аңғарамыз. Қарапайым адамның билікке келгеннен кейін мемлекет мүлкін өз білгенінше оңды-солды шашып, бауырына басып жатқанын көреміз. Бұндай адамдар өнер мен білімнен де кенде емес, бірақ рухани дүиесі жұтаңдаған. Өмір бойы жұмысын адал атқарған адамның танымастай өзгеріп, қарақшылық кейіпке өзгеруі алаңдарлық жағдай. Жалпы қоғамдық дерт болып саналатын мәселенің бірі – жемқорлық. Ол кез келген мемлекеттің беделіне, демократиясына, ұлттық қауіпсіздігіне, экономикалық дамуына, рухани құндылықтарының

өсуіне тосалғы болады. Әлемнің барлық елдерінде де жемқорлықпен күрес алдыңғы орынға шығып келеді. Қазақстанның бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына кіру үшін де жемқорлықпен күресудің маңызы зор.

Бүгінгі таңда әлем бойынша ұйымдасқан жемқорлық барынша кең таралып отыр. Бейне бір грипп іспетті, ауқымы да кеңіп, өзгелерді улап жатыр. Оның алдын алу үшін жоғарғы жақтағылар тарапынан да көптеген іс шаралар жүргізіліп, айтарлықтай нәтижесін беріп те жатыр. Біздің дамыған отыз елдің қатарына кіру үшін де алдымен жемқорлықпен күресті барынша күшейтуіміз керек. Бұл жерде тек құқық қорғау органдарының ғана емес, қоғам болып атсалысуымыз тиіс. Жемқорлық – мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Олай болса жемқорлықпен күрес те әрбір ұлтжанды азаматтың борышы.

Н. Жұбатқанның жемқорлық тақырыбынан сөз қозғайтын «Бұйырмаған ет» әңгімесін алуға болады. Ауылдағы Бұқабайдың қалада оқып жатқан баласының емтиханнан сүрінбей өтуі үшін жалғыз қойын сойып, оны базарға апарып сатып, ақшасын жіберіп бермекші болады. Алайда жол бойы тосқан МАИ, базар басшысы, салық комитеті, мал дәрігері сынды мекеме қызметкерлерінің оны кезекпе кезек тексерулердің орнына малдың етін тартып алып, сопа басы машинамен ауылға тайып тұрады. Сол сияқты «Қарыз» әңгімесін алып қарасақ, қаладағы банктердің халыққа таратқан ақшаларын қалай алу жолдары қарастырылған. Онда: «Қазір қарызсыз адам жоқ шығар. Бәріміз банкке бір кісідей қарызбыз. Ауыл ауданға қарыз. Аудан облысқа, облыс Республикаға қарыз. Ал Республика шет елге шаш етектен қарыз...» [9, 24] – деп, басталатын әңгімеде Заттыбай деген кісінің банктен сырт көршілерінен алған қарыз ақшаларын уақытында қайтармай, астына қымбат машина мініп тайрандап жүргені айтылады. Бұнда автордың айтпағы банктердің беретін кредитінің пайыздық мөлшері жоғары деңгейде. Тұрмыстық қыспақтан шығу үшін алған қарыздарын уақытында қайтара алмай, заңдық тұрғыда жауапқа тартылып жатқан қарапайым халық аз емес. Бүгінгі күннің ең ауыр жағдайларының бірі осы қарыз мәселесі болып отыр. Жеке шаруаның ғана емес аудан, облыс тіпті мемлекеттің шетелден алған қарызы жылдан жылға молайып барады. Мұндай тығырықтан шығу үшін бүкіл қоғам болғанда ғана өз жемісін бере бастауы мүмкін.

Жеке кәсіпкерлердің жұмыстарын қолдауда жетістіктермен қатар, әлі де болса көптеген шешілмеген проблемалар бар. Олар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге шағын за-

водтар ашудағы өнімділік пен тиімділікті арттыруға, соған сәйкес оларды қолдауға біршама кедергілер бар. Бұл күндері жеке кәсіппен айналысуға жағдайлар жасалуда, дей тұрғанмен олқылықтар да орын алып отырған жайы бар. «Қатираның құрт зауыты» әңгімесінде Нөкен мен Қатира есімді ерлі-зайыптылардың өз беттерімен тіршілік істерге жұмыс таппай, ақыры жалғыз сиырдың сүтін құртқа айналдырып қалаға апарып сатып, табыс таба бастаған кезеңі айтылады. Бір жылдан кейін қалалық әкіматтан ескі танысын тауып, құрт зауытын заңдастырып алады. Біртіндеп табыстары молая бастағанда оған президент сынды жауапты басшыларды орналастыра бастайды. Бір күні әлгі сиырын ұрылар алып кетіп, зауыты тоқтап қалады.

Бұл әңгімеден аңғаратынымыз, бір кәсіпті бастау үшін тамыр-таныссыз мүмкін емес, болмаса үздіксіз кедергілер мен тосқауылдарға ұшырап отырасың. Елімізде шикізаттан басқа кез келген өнеркәсіптің қай түрін алсақ та өзге елдермен бәсекеге түсуге қауқарсыз екендігінің басты себептерінің бірі деп түйеді.

«Кімнің бұқасы күшті» әңгімесінде кең байтақ жерімізде мал шаруашылығын жандандыру басты тақырып болды. Өз мамандықтарына тікелей қатысы жоқ біліксіз әкімдердің ауыл өміріне дендеп араласа алмай, олармен арадағы қатынастардың шиеленісе түскенін көреміз. Өткен ғасырдың аяғындағы тоқырау кезеңіндегі мал шаруашылығы күйрегеннен тартып, күні бүгінге дейін жанданбай жатқаны тақырыбымызға тұздық болады.

«Сіз кімді сайлайсыз» әңгімесінде: «– Ел-жұртым маған дауыс берсеңіздер ауылға темір жол, аэропорт салдырамын тіпті керек десеңіздер тікелей мұхитқа шығатын порт салдырамын. Кемеге, яхтаға мініп алып қыдырып сонау Америкаға, Антрактидаға той-садақаға барасыңдар, рас айтам – деп аңшы ағамыз Мыжырай Мылжыңбаев аспанға тапаншасымен бір оқ атты. Халық одан бетер селк ете қалды. Үн жоқ. Залда отырғандар қарсы бірдеңе айтпайын десе, жасы келген қария қаруымен жайратып салуы мүмкін. Оған сот жоқ...

– Бұған сенбеңіздер, маған сеніңіздер... Құдай үшін, маған дауыс бере көріңіздерші, жақында қызым тұрмысқа шығады, ұлым қатын алатын еді, қолдарыңызды неге көтермейсіздер, қарысып қалған ба? Маған дауыс бермесеңіздер қазір жүрегім тоқтап қалады, обалым сендерге – деп, Қақшаңбай сахнаға жер бауырлап жатып алып қылшылдай бастады» [9, 61]. Бұдан аңғаратынымыз жастары асып, кәрілікті місе тұтпай мансап үшін малын сатып, неден болса да тайынбайтын үлкендердің атаққұмарлығын

Нұрлыбек сынға алады. Кезінде Абайдың «Болыс болдым мінекей, Бар малымды шығындап» өлеңін еске түсіреді. Өзінен төменгілерге өктемдік көрсету, қорқыту, имендіру жағына келгенде алдына жан салмайтындарды сынайды. Билік үшін күрес тек қалталылар арасындағы жалғасып келе жатқан бәсеке. Озық ойлы жастарды ығыстыру, маңына жолатпау, командасымен жүру белең алған.

«Сәті түскен сұхпат» әңгімесінде тілші мен ұры арасындағы диалогтан басталады. Онда: «– Шіке, осы кәсібіңе ризасың ба, әлде өкінген кездерің болды ма?»

– Неге өкінуім керек? Қоғамда ұрлық жасап жүрген жалғыз мен емес. Жұрттың бәрі жасайды. Қолынан түк ұрлық жасау келмейтіндер де базарға шығып ұрлық жасап жүр. Мемлекеттің қаржысын қымқырып, бюджетті жымқырып жүргендердікі сонда ұрлық емес пе?.. Мен бұл салаға келгеніме ешқандай өкінбеймін. Түйені түгімен жұтқан жемқор ағаларымыздың қасында біздікі түк те емес, майшабақпыз» [9, 69-70]. Қазақта «Ұрлық түбі – қорлық» деген мақал бар. Кішкентай мансапқа қолы жетсе-ақ өз мүддесі үшін мемлекет мүлкіне қол сұғатындарды әшкерелейді. Адал еңбегімен күнін көретін адамды кездестірмейсің. Тек жеу, бұлау, тонау. Қарапайым жұмысшыдан тартып жоғары лауазымдыларға дейін атақ, дәрежесіне қарай шамаларының келгенінше ел мүлкін бұлап, тонауда. Ал бұндайдан қағыс қалғандар да шамалы, ел қалай оңалар деген уайым бар.

Қарапайым адамның қолына мансап тигеннен кейінгі өзгере бастаған бейнесін бет әлпеті, жасаған қимыл қозғалыстары арқылы көрсетеді. «Сары келіншек және оның командасында» былай суреттейді: «Арада он күн өткеннен кейін әжемнің айтқаны келіп, қызметте бағым жанып, күтпеген жерден таққа отырып, бір мекеменің жүгенін ұстадым. Құйрығымды жұмсақ орындыққа тигізген бойда, тұла бойым дір етіп бір ерекше күш пайда болды. Ылбырап тұрған қызыл шырайлы бетім, бедірейіп тырыса бастады. Мойыным да жан-жаққа өте ауыр бұрылатын сияқты. Қоңқиып тұрған пұшық мұрным, таңқиып шыға келді. Әншейінде төмен қарап салбырап жүретін шақша басым төбеге қарап қатып қалыпты. Қысқасы мен басшыға айнала бастадым» [9, 63]. Бұдан адамдар арасындағы мінез-қылық қайшылықтары көрінеді. Әуелде қарапайым тап өкілі болса, енді оның бір саты жоғарлаған бейнесін көреміз. Осыдан-ақ өзгелерге үлгі болатын әділ басшымыз болса деген халықтың ой-арманын білдіреді.



Аға буын сатириктердің қатарынан Мыңбай Рәшті атауға болады. Оның «Кері тартқанды бері тарт» кітабына сіз бен біз көріп жүрген ортаның кейбір елене бермейтін олқы тұстарын жинағына топтастырған. Ең әуелі «Ақпа құлақтар» әңгімесінде ономастикаға байланысты көше атауларының өзгергенімен әлі де халықтың енжарлық танытып отырғаны көңіліңді су сепкендей қылады. Заман өзгеріп, уақыт озып жатса да өзге тілге еліктеп сөйлеуді мақтаныш көретін, өз тіліне келгенде мұрнын шүйіретіндерді алға шығарады. Күнделікті санамызға сіңісті болған өмір бейнесін қазқалпында елестетеді. Әңгіме былай өрбиді: «Жарты сағаттан аса бергенде біздің саяжайға таяу апарып тастайтын №153 автобус келіп тоқтай қалды. Адам көп екен, «көкпар» тартқандай кеу-кеулеп иық тіресе, тізе түйістіре ендік-ау ішіне әйтеуір.

– Уһ, – дейді зайыбым, – бұған да шүкір.

Сөйткенше болған жоқ қазақ жігіті:

– Прямо по Ташкентский, Әуезовке, Қалқаман, пірәмой пүт! – демесі бар ма? Ал керек болса бір-екі орыс мырс етіп күліп қойды. Күлмегенде қайтсін, орысша сөзінің түрі анау. Сірә, шалғайдағы қазақ ауылынан келіп жұмысқа орналасқан болу керек» [10, 24]. Бұл күндері осындай көше автобустарының кондукторларына жүргіншілер арасынан ұсыныстар айтылып қалып жүргенін жиі көреміз. Ары қарай жолаушылардың сынына ұшырағаннан кейінгі кондукторды сөйлете түседі:

« – Автобус тура Райымбек даңғылымен Қалқаман аурухана-сына келіп тоқтамақ, түсушілер бар ма? – деп сайрай жөнелді. Сол сәтте манадан ыржыңдап отырған ерлі-зайыпты екеудің мысы басылғандай еді» [10, 25]. Қарапайым ауыл баласының күн көріс қамы үшін Алматыда кондуктор болып жұмысқа тұрады. Қала өмірінің тұрмыс дағдысы оны өзге тілде сөйлеуге мәжбүрлейді. Ақыры бар білген орысшасын қосып, ортаның ықпалына бейімделе бастайды. Бір жолаушының әлгі жас жігітке кеңес беруі арқылы басқаларды да ана тілін сүюге, оны ардақтай, қадірлей білуге шақырады. Әңгімеден аңғаратынымыз өз тіліміздің көсегесін көгертетіндер сырттан келмейтіні анық екенін байқауға болады.

Қазақ тілі өзінің даму сатысында үздіксіз кедергілер мен тосқауылдарға ұшырауы Кеңестік кезеңде болғанын жасыра алмаймыз. Өз жерінде халқының саны пайыздық көрсеткіші жағынан да ең төменгі деңгейге жетіп, бодандық сананың әсерінен өз тілін менсінбейтіндердің де қатары көбейді. Ресми мемлекеттік жұмыс орындары, кез келген қоғамдық орында болсын «аға» тілдің әлі де

болса басымдыққа ие болып, өз тіліміздің өзегі талып жүргені де жасырын емес.

Әрине, мемлекеттік тілдің өз деңгейінде қолданысқа ене алмауының басты себебі бауырында жасырынып жатқан терең қатпарлы қоғамдық-саяси жағдайлардан да көруге болады. Үш тұрғырлы тіл, Жаһандану процесі кепілі іспетті, мемлекеттік тілдің аяғынан шалуда. Түркі тілдерінің ішіндегі ең бай да құнарлысы – қазақ тілі деп жарыса айтамыз. Алайда ресми қолданысқа келгенде өзектен теуіп жүргенімізді қалай түсіндіруге болады.

\* \* \*

Орта буын сатириктердің қатарында Сабырбек Олжайды айтуға болады. Оның бірқанша сатиралық кітаптары оқырмандарына жол тартқаны белгілі. Автордың «Ақырзаман ауруы» атты жинағын тақырыбымызға сай талдаулардың қатарына енгізіп отырмыз.

«Жынды» әңгімесінде шынжырлап біреуді жындыханаға алып келеді. Оның ауруына диагноз қоя алмай сасқан емшіге: – «Босқа қарғана бермеңіз, өткенде бүкіл совхоздың мүлкін сүлікше сорып сотталғалы жатқан Сауырбекті қалай құтқарып қалғаныңызды біз білеміз. Немене сізге бір «Джип» пен екі қабатты үй аз ба» [11, 8] – деп, оның әлсіз жерінен ұстайды. Ақыры дегендеріне жетіп, емшіден жынды деген анықтама алады. Бұл жерде нақтылы өмірдің бет-бейнесі көрініп тұр. Алған паралары мен жеген қаражаттары қомақты болып, анықталатындай жағдайда парақорлардың жасайтын амалдарының бірі. Шетел асып кетпей, жынды деген куәлікті қалтасына салып алып, елде өмір сүре берудің бірден бір жолы осы. Тек сатиралық шығармаларда ғана емес, кез келген әзіл-ысқақ театрларда да қайталанып жүрген құбылыс.

С. Олжайдың қалалар мен ауылдарда орын алып жатқан жер тапшылығын қозғайтын «Сараңдар» әңгімесі. Онда жұмыссыздықтан босып жүрген жігіттің тағдыры сөз болады. Қалада тіршілік қамымен жұмыс істеп жүрген жігіт, басшыларының қысымынан теперіш көріп, ауылға сапар шегеді. Ол жерде диханшылықпен айналыспақшы болса, шұрайлы жерлердің барлығы сатылып кеткен. Сопа басы қайтадан қаладағы әйеліне қарай тартады. Тіршілік жолын ауылда бастамақшы болған ол, егістік жер сұрамақшы болып әкімдікке барса: «Шырақ-ау, 2-3 гектар жерді саған кім сақтап отыр? Барлық шұрайлы жер мықтылардың қолында. Жекешеленіп кеткен, – деді Мәрия жеңешем мұңая қарап» [11, 12]. Ол жердегі жағдайдың да мәз емес екендігін көреміз. Жекешелендіру халқы тығыз орналасқан ірі қалалардан

тыс шалғай, шет ауылдарда қарқынды жүрілгені аңғарылады. Өз басында дипломы бар бола тұрса да мамандығы бойынша жұмыс таба алмай сенделеді. Өйткені жақсы жұмысқа орналасу тамыр-таныстықты немесе біреудің қалтасын қампитумен іске асады. Әрине, қоғамның бүкіл тыныс-тіршілігі бұндай жұқпалы аурудың элементтерін жұқтырған деуден аулақпыз. Дей тұрғанмен айналамызда бұндай жемқорлық фактілері қылаң беріп қалатыны жасырын емес.

«Ақыр заман ауруы» қаладан келген інісі көкесінің үйіне барады. Оның айықпас ғасыр дертін жұқтырып алғаны айтылады: «– Бауырым, қаладағыларда қаражат мол болады дейді ғой. Көкеңе бес-он теңге тастай кет – деді.

Мен көкемнің қолына бүтін бес мың теңгелік ұстатып тысқа шықтым. Мана оймен келе жатып байқамаппын, көкемнің қара шаңырағы соғыстан соңғы суреттегідей жүдеу күйге түсіпті. Қорада тұяқ қалмапты. Төбесі ойылып құлаған. Егіст тікке күрек тимегені біраз жыл өткені байқалады, арамшөп қаптап кеткен» [11, 33]. Ауылда тұратын Адырбай көкесі сол бозаға қанып алып үйінде рахаттанып қана жатады. Қара нардай бүкіл жанұяның ауыртпалығын мойнынан алып, жауапкершіліктен бас тартқан ерлердің кіріптарлыққа түскен бейнесін көреміз.

Ауылды жерлердегі жұмыссыздық басты орынға шығып отыр. Өткен ғасырдың соңынан бері қарай жыл санап ауыл халқының қалаға көшу процесі жалғасуда. Көптеген ауылды жерлерде екі қолға бір жұмыс деп, жастар да ірі қалаларға ағылуда. Соның салдарынан қарттар мен көшуге шамасы жоқ кедейлер тұрақтауда. Жұмыссыздық салдарынан ауыл адамдарын жалқаулық жайлаған. Ішімдікке салыну жаппай етек алуда. Кей елдімекендер бұл күндері жол, су, ток, мектеп, ауруханалардың жоқтығынан қалаларға қарай еріксіз қоныс аударуда. Кейінгі жылдары «Дипломмен ауылға» сынды мемлекет тарапынан бағдарламалар қабылданды. Соның нәтижесінде білікті жас мамандар да алыстағы ауылдарға тартылуда. Дейтұрғанмен түйіні шешілмей жатқан ауыл өмірінің бүгінгі жай-күйі өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр...

«Комиссияны қатырған меңгеруші» әңгімесінде мектеп меңгерушілерін атестаттан өткізбек болады: «Бас уәзір Мұхит еді. Ол Әлібекке кімнің қанша теңге әкелгенін айтып отырды. Комиссия мүшелері соған қарап ортақ баға шығарады. Не керек, Мұхиттың айтқандарын қолға ұстатқандар аттестациядан сүрінбей өте бастады. «Өз білгенімізбен-ақ өтеміз» деп қыңырайған екі-үш директор қалпақтай ұшты. Көңілге қонар-қонбас бірдеңе

әкелгендер 6 ай сынақ мерзімге қалдырылды. Комиссияның қарқынды жұмыс істегені соншалық, таң ата тізгінді бір-ақ тартты» [11, 58]. Қоғам – айна. Біз сол айнадан өзіміздің бет-бейнемізді көреміз. Жауапкершілігі мол лауазымды жұмыстардың құнды көк қағаздар арқылы іске асатыны белгілі. Жай ғана бір бөлім қызметкерінен тартып, аудан әкімдеріне дейінгі орын тағының долларға шаққандағы мөлшері белгіленіп қойған. Кез келген лауазымды жұмысқа орналасқан немесе сол жәйлі қоныстарынан босағандардың қалтасы жұқалары кем де кем. Содан-ақ ақшаның өктемдік құрып тұрғанын көреміз.

Судан тұнық, сүттен ақ басшыны, қол астындағыларға тырнағын көбірек батыратын қосшыны көріп жүрген боларсыздар. Бұл айтқанымызға «Ретсіз реформа» әңгімесі жауап беріп тұрғандай: «Иә, мәселе қайда жатыр? Бүгінде бастықтың қырына іліккендерді қуудың көптеген түрлері табылды ғой. Тіпті оларды әкімшіліктер де тиімді пайдаланып жатыр деседі. Мұндайда реформа жасай қояды. Қызметкер байқұс ретсіз реформаның құрбаны болып кете барады. Осы әдістің асқындағаны соншалық, кейбір бастық кезекті еңбек демалысына шығып одан қайтып оралғанша кеңсені кімдерден тазартып қою керектігі жөнінде орынбасарларына тапсырмалар да беріп қояды деседі» [11,71]. Тәуелсіз елімізде жасап жатырмыз, оған шүкір делік. Алайда жас және орта буындардың күн көріс деңгейін назардан сызып тастасақ жарай қоймас. Жастардың басым көпшілігінің алатын еңбек ақылары шайлықтарынан аса қоймайды, әрі олардың көбі пәтер жалдап күн көруде. Баспанасы басқалардың иелігінде болғандықтан, өздерін босқын ретінде сезінеді. Жұмыста білікті маман болғаннан гөрі бастыққа жағу-жақпау маңыздырақ. Бұл жастарды өзінен жоғарылардың қабағына қарайтын жалтақтыққа итермелеп отыр. Әлеуметтік теңсіздік салдарынан адамдар психологиясы уақыт талқысына түсіп, үздіксіз өзгере түсуде.

«Сессия» әңгімесіндегі бас кейіпкер Талқанбаев дейтін студент. Қара базарда сауда істейді, нәтижесінде бағалары бестік. Онда: «... Нағашымның нағашысы обылсотта дәй бастық. Қызметке алатын шығар. Неқыпты сонша. Әзірге базарда әйелдердің киімін сатып жүрмін. Сұмдық өтеді. Есесіне сессияның бәрі қып-қызыл «бестік».

Қазір кез келген пәннен сүрінбей өтемін. Бұрынғы «Жигулин» су жаңа «Лимузинге» ауыстырған адамдай жүйткіп барамын. Майқанбаев та, Тобықбай да сессия жақыннан қолымды қысып сәлемдесіп, қымай қоштасады:

– Әттең-ай, мектеп емес, университетті он екі жыл еткенде ғой, – деп бастарын қасиды. – Сендей мырза жігіттен айырылып қалатын

болдық тә...» [11, 76]. Бір басында бірнеше дипломы бар, өздері базар жағалап жүргендер аз емес. Бір кездері білікті мамандарды да күн көріс қамы соған итермеледі, алайда бұл үрдіс әлі жалғасуда. Университеттің кейбір ұстаздарының да қалтасы қампиюда. Қызыл дипломы барлардың базар жағалау үрдісі де жылдан жылған өз нәтижесін беруде.

«Жарайсың Аза!» әңгімесінде полиция бастығы қарапайым ұрыларды ауыр жазаға ұшыратып қинайды. Ал өзінің сыбайлас сыған әйелдерімен пайданы бөліседі: «Әй, Аза! Сен сүйтіп біздің мазғамызды шірітпе, міне тоналғандардың арыздары. Барлығы 300 мың теңге жымқырылғандар. Қазір үстел үстіне соның 200 мың теңгесін қойыңдар. Әйтпесе...

– Жарайды, бастық мырза! Міне, айтқаныңыз. Расында бұл жолы қармаққа мол қаржы ілікті» [11, 98]. Бұл жерде ұйымдасқан қылмыстық топты көреміз. Ондағы түйіні шешілмей жатқан мәселе, заң қызметкерлеріне келіп тіреліп отыр. Олар халықтың әлеуметтік қауіпсіздігін қорғаудың орнына, өздері қылмыстық топ құрып, елді қалта қаққыштар арқыл бұлап-тонайды. Ал олардың қатаалдығы, шаш ал десе бас алатын кеудемсоқ қылықтары әңгіменің өнбойынан көрініп тұрады.

«Террорист шал» әңгімесінде Әди есімді қарияның немере інісі «Айдаболды» бірнеше жылдан кейін іздеп қалаға келеді. Ол інісі өз атын Арыстан деп өзгертіп алған. Барып інісінің мекен-жайын тапқан оны күзетшілер ұстап алып, террорист деп қамап қояды. Ақырында Арыстанмен жолығып, ауылына есен-сау қайтады. Бұл әңгімеде туыстық қарым-қатынастың өзі де атақ, даңққа қарай құрылған. Өзі жетістікке жеткенде жақындарынан безіп, оларды көзге ілмеген. Жақын туысқандарымен араласуды өзіне намыс көріп. Енді бірде қалаға жұмыс іздеп келген жастардың бірнеше жыл ішінде үлкен кәсіпкерге айналуы сөз болады. Ал ауыл өмірінің тіршілігі баяғы сол қалпында. Тағы да сол халықтың қалаға қарай ағылу процесі жалғасуда.

«Өте зәру мамандық» әңгімесінде Мәскеуден оқуын енді ғана бітіріп келген жас жігіт жұмыс қарастырады. Барған жерлеріне өзіндегі бар өнерді көрсетіп, білімді де білікті маман ретінде бастықтарының көңілінен шығады. Компьютер жөндеу, машиналар ремонттау тағы басқа мамандықтарды жақсы меңгерген. Соңында: «Бастық басын қасып біраз отырды.

- Інім осы сен қай жақтансың?
- Осы облыстанмын ғой аға.
- Осы облыстан болғанда...

– Ә, мына тау жақтағы аудан ше?.. Соданмын...

Мұны естіген бастық шоқ ұстап алған адамдай қолын сілкілеп, сасқанынан желкесін қаси салды. Нарттай болып ісініп, сүт пісірім уақыт отырып қалды» [11, 106]. Бұл жерде білімділік пен біліктілік екінші орынға ығыстырылғанын көреміз. Ел ішін жайлап бара жатқан рушылдық, жершілдік мәселесі сөз болады. Жүзге, руға бөлінгені аз болғандай жерге, ауылға бөліну белең алып бара жатқаны айтылады. Осы арқылы халықты береке бірлікке, тұтастай ұйысқан бір ел болуға шақырады.

«Қаршадай қарақшы» әңгімесінде бай және кедей деп аталатын таптық қайшылықтың шиеленісе түскенін көреміз. Бұндағы бас кейіпкер пенсияға шығар кезінде жұмысынан босап, жүргізушілікпен айналысқан адамның монологу арқылы беріледі. Өз басы бір байдың баласын мектепке алып барып-қайтып тұруға жалданады. Онда: «Шыдап келемін. Шыдамай қайтем. Не көрмеген мына бас. Жұдырықтай жүгермектің ұрғанына төбем ойылып қалмас.

Бұдан кейінгі көрген құқайларымды ешбір адамның басына бермесін. Қантай танысымның қасынан өтіңкіреп барып тоқтағаным үшін пеновматикалық мылтықпен желкемнен атып қалды. Есім ауып құлап қаппын. Өткенде ғой «қаратэ көрсетем» деп аузымнан түк қоймады» [11, 114]. Бұл жерде пенсия жасына келіп қалған адамның мектеп оқитын бай баласынан тілін таба алмай одан көрген қорлығы сөз болады. Сол арқылы адамдар арасындағы әлеуметтік қайшылықты алдыңғы орынға шығарып отыр. Байлар ақшасына сеніп өктемдік жүргізіп отырса, кедейлер күн көріс қамы үшін тәуелді, бағыныштылық қамытын мойнына киюмен күнелтуде.

Сатиралық шығармаларға тән қасиеттердің бірі – қоғамдағы болып жатқан кемшіл, өрескел қылықтарды көркем тілмен әшкерелейді, жалпы халықты одан жиіркенуге шақырады. Дәл осындай фактлердің бірі, М. Рәштің жоғарыда айтқандай «Сүйтеміз де бүйтеміз» өлеңінде Алматының Алатау ауданына қарасты Айгерім ауылының бұл күнгі бет-бейнесі мүлдем өзгерген. Газ, свет, су, емхана, асфалт тағы басқалары заман талабына сай жабдықталған. Сонымен қоса дағдарыс жылдарындағы метро құрылыстың қарқыны қайтадан жанданып, халық игілігіне пайдалануға берілді. Сол сияқты көптеген игі істердің орындалып жатқанын көзіміз көріп жатқаны шындық.

Жалпы сатириктердің қай қайсысын алып қарасаң да қозғайтын тақырыптары ел экономикасы, халықтың тұтастығы,

адамдар құқығының қорғалуы басты орынға шығып отырады. Күштілердің әлсіздерге жасаған қысасы, бай мен кедей теңсіздігі, қала мен ауыл өмірі салыстырмалы түрде қарастырылады. Өтпелі кезеңнің жетістіктері мен кемшіл тұстары ақын-жазушылардың шығармаларына қалай арқау болса, дәл сондай сатириктер де өзгелерден қағыс қала қоймаған. Олардың жеңіл юморларынан тартып ащы да зілді сарказмге дейінгі аралықтағы мысқылды теңеулері бар. Олардың шығармаларынан ең әуелі біртұтас жалпыадамдық мүддені алдыңғы орынға қойып отырғаны аңғарылады.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Алашорда және «ұлтшылдық» әдебиет //Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы, Ғылым, 2001. – 448б.
2. Қожакеев Темірбек. «Сатира негіздері» – Алматы, Санат, 1996. – 464б.
3. Сатира //Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. / ҒабитовТ., Құлсариева А. және т.б. – Алматы, Раритет, 2004. – 320б.
4. Толымбек Әлімбекұлы. «Тойда жолығайық!» – Алматы, Нұрлы Әлем, 2003. – 128 б.
5. Үмбетбай Уайдаұлы. Шолақ мылтық. Ана тілі баспасы, 2011. – 376 б.
6. Ғаббас Қабышұлы. Анау-мынауизация. – Алматы, Көшпенділер, 2008. – 328 т.
7. Көпен Әмір-Бек. «Па, шіркін, пародия!». – Алматы, Атамұра, 2009. – 304 б.
8. Нұрлыбек Жұбатқан. Ауылдағы айтқыштар. – Алматы, Жазушы, 2008. – 212 б.
9. Нұрлыбек Жұбатқан «Қатираның құрт зауыты». Сатиралық туындылар. Алматы, 2011ж. – 176 бет.
10. Мыңбай Рәш «Кері тартқанды бері тарт». Сықақ әңгімелер, фелетондар, мысалдар, пародиялар, эпиграммалар, бірқақпайлар. Бірінші том. Астана: Нұр-Астана, 2008. – 392 бет.
11. Сабырбек Олжай «Ақырзаман ауруы». Әзіл-сықақ әңгімелер, новеллалар. Алматы: Қазығұрт, 2005 ж. – 240 бет.

## ЖАС ҚАЛАМГЕРЛЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

«Ар азығынсыз құр өнердің өсуімен басқалар бақытты бола алмағаны секілді, келешекте қазақ та бақытты бола алмайды» [1, 116], – деген Сұлтанмахмұт сөзі бүгін де мәнді, маңызды. Ғылым мен технология қарыштап дамып, адам баласының алдына сан-салалы жеңілдіктерді жайып салғанымен, рухани-мәдени дүниесінде қылаңдана бастаған түрлі дағдарыстарға тосқауыл болуға қауқарсыз қалып танытуда. Осындайда әр халықтың өзіндік төлтума қазынасы мен жалпыдүние жұртшылығына ортақ болған рухани құндылықтарды насихаттау ісі аса қажет екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Әсіресе, сөз өнерінің міндеті бөлек бұл жерде. Өйткені, «әдебиет – ардың ісі». Ұлттық құндылықтар мен адамзаттық мұраттардың ар нүктесінде қиылысатыны да сондықтан. Ғасырлар бойы сөз зергерлерінің қаламына азық, жырына арқау болған адамшылық мәселесі қазақтың төл әдебиетінде де ерекше көрініс тапқаны белгілі. Әлемдік әдебиет кеңістігіндегі түркілік-қазақтық сөз өнерінің басты айырма-белгісінің өзі – оның тек текті сөзді жетекке алғандығы, арсыз сөздің тасқа басылмағандығы деуге толық негіз бар. Уақыт-ағзамның сынынан сүрінбей өтіп, бүгінгі ұрпақ кәдесіне жарап жатуының бар сыры да сонда болса керек-ті. Бұл үрдіс тоқтай қоймады. Ұлттың абыройы, әдебиет көшінің бастаушысы боп жүрген аға буынды айтпағанда, Тәуелсіздік дәуірінің еркін ойлы жас толқынының да бұл аса мәртебелі де жауапкершілігі мол игі жолда тындырғаны аз емес. Қайта жастар үні өзгеше естіледі.

Аягүл Мантаева – жастар арасындағы өзіндік стиль-соқпағын тапқан жазушы. «Жаңбырлы көктем» атты әңгімелер жинағын оқығанда, талапты жазушының талантты жазушы екеніне көз жеткіздік. Жазушының «Депрессия» әңгімесін талдау нысанына алайық. Бес баласын бес еркектен тапқан әйелдің Айкөркем атты қызы да өсе келе өзгере берді. Оның мінезіндегі ғана емес, киім киісіндегі, жүріс-тұрысындағы өзгешелік өз құрбы-қатарластарынан алыстатып жіберген. Тек ол ғана емес. Әр оқушының көкейінде «ол біздің әкеміздің не ағамыздың қызы емес пе екен» деген күдік-күмән бар. Жезөкшелігімен танылған Жұпарды 4 қызымен тракторшы кісі алады. Айкөркемнің 4 әпкесі бар. Бірақ сыныптас достары да, ең жақын құрбысы да Айкөркемнен алыс жүргенді жөн көреді. Қаладан ауылға сирек келетін әйелдің 5 қызы да қараусыз қалды. Ауылда некесіз сәбилер көбейіп кетті... Осы жерде заңды сұрақ туындайды. Не үшін жезөкше әйелді 4 «жетімегімен» қарапайым



тракторшы жігіт алды? Жауабы мәтінде тұр. Ол – оқымысты, кітапханадан сөмке-сөмке кітап тасып әкететін кісі. Сол үшін де балалар оны «данышпан адам» деп атайды. Әңгімеде кітапты оқитындардың тым азайып кеткені де, және санаулы кітапқұмардың қоғамдағы қасіретке тосқауыл болғысы келіп, күрескенімен қауқары жетпей жатқандығы көрінеді. Өйткені, тракторшы жігіт жынданып өледі. Адамзаттық құндылық болып табылатын ізгілік шырағының тым бәсең тартып қалғандығы тұспалданып айтылады. Ал бес қыздың тағдыры да талапайға ұрынды, бесеуі де жезөкшелік жолға түсті. Оқырман жауапты іштей дайындап отырады. Себебі, олар тәрбиесіз қалды, жүрек жылуы мен мейірімге шөліркеп өскен ұрпақтан абзал азамат шықпайтыны кішкентай штрихтар арқылы сенімді бейнеленіпті. Әңгіменің осы эпизоды бүгінгі қоғамдағы аса өзекті мәселелерді жайып салды алдымызға. Айкөркемнің асқан сұлулығына қаншама жігіт құласа да, өзі сүйген жігіт басқа қызға мойын бұрып кетті. Отбасында да, махаббатта да, жалпы өмірде еш жолы болмаған қыз жалғандықты жанына ермек етті. Өзі де анасындай «кәсіп» тапты. Материалдық игілікті ізгіліктен іздемеді, жезөкшелікке барып, өзді-өзін алдарқатты. «Менің жаным сезімді іздемейді, тәнім болса ақшаны іздейді. Тәнім ар-ұятым мен намысымнан да қымбат. Сезімім мен үмітім, қиялым мен арманым алдап кетті. Қарызға құрбым бермеген ақшаны тәнім тауып берді». Осы жолдарда бүгінгі ұрпақтың қасіреті жатыр. Әрине, кейіпкердің өзі айтқандай, бұл оның өзінің ғана шындығы. Араға сегіз жыл салып құрбысы Айкөркеммен кездесті. Көзіне көрінген қара мысықтың ызғарлы көзқарасына шыдай алмай, есінен танып, ауруханаға түсті. Дәрігер даладан теріп әкелген бес тал қызғалдақтың екеуін терезеден лақтырып жібереді. Бұтаққа қонған жазықсыз торғайды жазым еткелі келе жатқан мысықты қуып жіберу үшін осылай жасады. Иә, ол «гүлді лақтырып тастаған жоқ, торғайды ажалдан арашалап алды». Иә, тракторшы жігіт өз өмірін обал етпеді, ол 5 қыз – торғайды тұрмыс ажалынан арашалап алғысы келді. Әйтсе де, тракторшы жігіт пен қызды ақтап алғымыз келмейді. Қыз өз құрбысының алдында жазықты. «Достығы сыналатын қыл өткелден оның қолынан жетектеп өте алмағаны үшін, қап-қара көзіндегі мұңын түсіне алмағаны үшін жазықты». Тракторшы жігіт өз әйелін жөнге салып, қыздарына тәрбие бере алмағаны үшін, жынданып өлгені үшін жазықты. Жағымды-жағымсыз кейіпкер, қысқасы. «Депрессиясында» басталғаннан-ақ жан-жануарлар мен жәндіктер әлеміне еніп кеткендей болдық. Көбелек пен шіркей, аппақ құс, құмыраға отырғызылған гүл, ақыры – қара мысық. Біздіңше, жа-

зушы тым аллегориялық-символикалық қадамдарға бара бермей, негізгі бейнелердің болмысымен таныстырғанда ұтымды шығар еді. Осылай десек те, әңгіме әдемі аяқталған: үтірі бір түрлі көрінгенімен, нүктесі шын қуантты. «Депрессия» атты әңгімесі арқылы жазушы қазақ қоғамындағы бір ауық шындықты оқырман алдына жайып салды. Өмірдегі шындықты өнердегі шындыққа айналдыра білу – жазушының шеберлігі ғана емес, міндет-борышы да.

Күлудің түр-түрі болады екен. Аягүл Мантаева кейіпкер күлкисін сан құбылтып береді. Әйтсе де, оның кейіпкерлері көбіне мұң-қайғыға салынған адамдар. Жауһар «мұңдана күледі». Біресе «мұңлы жымиса», біресе «көңілсіз езу тартады». «Мәңгілікке құштарлық» әңгімесіндегі кейіпкер «зорлана жымияды». Әйтеуір, Аягүлдің кейіпкерлері өмірге қапа. Жалпы, бүгінгі жастар шығармашылығында өмірден түңілу бар. «Жауһарда» екі уыз қыздың жылап отырғаны айтылады. Қиыны – себепсіз жылайды. Сөйте тұра, «мұңдана күледі». Аягүлдің кейіпкерлері өлімді жиі еске алады. «Жауһарда» адамзаттың бұл өмірге өлу үшін келгенін ескертеді, «түбі бәрінің өлетінін ойласа, жүрегі қуанышқа бөленетін» кейіпкерді «Интуициядан» кезіктіреміз. «Мәңгілікке құштарлықта» да кейіпкер «әдеттегідей өлімді ойлап отырады». «Томпақта» да өлік шығатын үйде тамақ іздеп жүрген ашқұрсақ бүлдіршінді көріп, жүрек езіледі. Мұның бәрі автордың таным-түйсігі мен ішкі психологиялық әлемінен хабар беретін детальдар. Қазіргі қазақ әдебиетінде, тек Аягүлде ғана емес, осындай сарындағы шығармалардың қарасы көбейгені жасырын емес. Әдебиеттің басты міндеті – образ жасау десек, өмірдің өнердегі сәулесін біз жазушы әңгімелерін оқу арқылы жүрегімізге түсірдік. Жан жылып, көңіл қош болды.

А. Мантаеваның шығармаларында пәтер жалдап тұратын жастардың тыныс-тіршілігі суреттеледі. Аягүл әңгімелерінде пәтер жалдап тұратын уыз қыздардың ішкі рухани-психологиялық қатпарлары ақтарылып ашылса, Ерболат Әбікенұлының кейіпкерлері арқылы біз пәтер жалдап тұрудың әлеуметтік ауыртпашылық-азабын сезінгендей болдық. Қала жағалаған қазақ жастарының басындағы айтулы мәселенің бірі хәм бірегейі – осы. Жазушы өз дәуірінің шындығын қаламына азық етіп, өмірдің өнердегі, сөз өнеріндегі бейнесін бедерлейді. Нәпақасын қайырымсыз қаладан іздеген қазақ үйелменінің басындағы бар жағдай – бір ғана отбасы емес, жүздеген жанұяның жан-айқайы.

Қалада қажыған жас жұбайлар Алматының «Жетім бұрышынан» пәтер іздеп жүр. Алғашында маклерден алданып, қалтасы қа-

ылды. Жүрегі жамау, көңілі сынық жетім жандар өмірден қалай өгейлік тапса, қалтасы таяз, қауқары аз жас жұбайлар да «Жетім бұрыштан» жетімсіреп қайтты. Амалсыз қайта бару керек. Өйткені, нарықтық заманда қарық боп жүрген жоқ. Пәтер іздеп жүр. Он айналып, ақыры Барахолка жақтағы бір ұйғыр кемпірдің үйінен қоныс тапқандай болды. Жазушы үй иесінің пайда табу үшін уықтай жерге сан-салалы бөлмешелерді қаптатып тастағанын ұтымды тіркестермен ойната айтады. Еріксіз күлесің, күле отырып қынжыласың, қынжыла отырып, еріксіз ішің жылайды... Бір жағында араққұмар құрылысшы жігіттер, бір жағында жылауық баласын жұбатпайтын жұбайлар, ана шетінде күрк-күрк жөтелін күрт көбейтетін қария, ана шетінде... Қала жағалаған қаптаған қазақ... «Бөлмелер бөлек болғанымен ауасы ортақ екен» [2, 118]. Иә, тек ауасы ғана емес, «жалмауыздың жалғыз көзіндей жарқыраған шырағы» да ортақ. Тағдырлары түрлі болғанымен, мұң-наласы, жай-күйі мен қалта-қарымы ортақ. Қала қажытқан қазақтың бүгінгі тыныс-тіршілігі осы. Боямасыз берілген ақиқат.

Пәтер жалдаудың әуре-сарсаңы көркем шындыққа алғаш айналып отырған жоқ. Бұл жайт әдебиетімізге таңсық тақырып емес. Кеңестік дәуірдегі әдебиетіміздің өкілдері бұл бағытта да қалам тербегені белгілі. Әйтсе де, Ерболат Әбікенұлының аталмыш әңгімесі осыған дейінгі шығармалардан нендей белгі-ерекшелігімен дараланады деген заңды сұрақтың туындауы сөзсіз. Біздіңше, көркем туындының басты ерекшеліктерінің бірі ретінде, әрине, замана шындығын ашып беруге деген талпыныстың жасалғанын ескеруге тиіспіз. Мысалы, дамыған технологиялық мүмкіндіктердің бір ұшығы кейіпкерлердің ұялы телефондарды қолдануынан көрінеді. Сондай-ақ, әңгіменің бұрынғы шығармалардан ерекшелігі сол, қысқа-нұсқа сөйлем құрылыстарымен, драматургияға тән тіл орамдарымен, қызықты диалогтарымен оқушыны тәнті етеді. Қоғам кеспірін, өмірдің көлеңкелі тұстарын жеңіл юморлық детальдармен көрсете білген. Әдебиеттанушы, сыншы Ермек Қаныкей айтақшы, Е. Әбікенұлының бұл шығармасын бай-бақуатты отбасының өкілдері мен пәтер жалдаудың жаназабын көрмеген кісілер тіпті түсіне алмауы да мүмкін [3].

Социо-демографиялық жағдай растап отырғанындай, дарқан даладан қаланың қыспағына келген қазақтардың саны аз емес. Пәтер жалдаудың әурешілігін күн сайын терең сезінетін қазіргі көп оқырман үшін бұл шығарма, шынында да, жан-дүниесін алай-дүлей күйге түсіріп, көзіне еріксіз жас үйіретін психологиялық туынды деуге болады. Е. Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» атты бір ғана

әңгімесінің өзінде жалпыадамдық-гуманистік құндылықтардың аяққа тапталып, игі де ізгі қасиеттердің нарықтың заманның болмашы байлығы жолында жойылып жатқанын жақсы жеткізе білген. Пәтерақыңды уақытылы төлемесең, үй иесіне қажетің шамалы. Тек үй иесі ғана емес, көк қағазың болмаса, қоғам үшін де көк тиын құрлы құнсызсың. Абай айтатын қазақы қағиданың беті теріс айналып, «ар ойлама, пайда ойла» дейтін деңгейге құлдырап бара жатқанымызды іштей мойындайсың. Мойындатады. Жазушы қаламының құдіреті де осында болса керек.

Жас жазушылардың ішінде өзіндік жазу мәнерімен, айтар ойының салмақтылығымен көзге түскен қаламгердің бірі – Лира Қоныс. Лираның «Мәңгілік сағыныш» атты кітабына енген «Ертегі» әңгімесі – өзі шағын болғанымен, келелі мәселелер жүгін арқалаған сәтті туынды. Екі жаңуя, екі қарт, екі сәби өмірі параллель алынып, сол арқылы қазақ баласына тән бүгінгі кесірлі келеңсіздіктер көрсетіледі. Шығарманың «Ертегі» деп аталуында мән бар. Өкініштісі, әжесі ертегі айтпайды. Өзімен-өзі. Ұрпақ тәрбиесінен гөрі қара басының тыныштығы қымбат. Сол үшін болса керек, кішкентай қыздың қаладағы ағасы әкеліп берген добын жарып, үйдегі жалғыз көне кітап – Андерсеннің ертегілер жинағын да өртеп жіберген. Бүлдіршін қыздың көңілі көншімей, еріксіз көрші үйге барады. Көрші үйдегі шалдың халі тым аянышты. Ақылынан алжасып, мәселенің мән-жайын айыра алмайды. Өзі жерлеп, жаназасын шығарған көршісін әлі тірі деп ойлайды. Әңгімеде ертегі айта білмейтін аға буын мен ұлттық мұраға шөліккеген кейінгі ұрпақ біріне-бірі қарама-қарсы қойылады. Дәл осы тұста кішкентай ғана балалар психологиясындағы күрделі де күрмеулі түйіндер туралы тереңірек түсіне бастайды оқырман. Бәрі бала болғанымен, маңдайдағы тағдыр-тәлейі түрліше екен. Бірі – бақыттың, бірі – қайғының құшағында. Ауыртпалық атаулыны сезініп көрмеген қыз әрі ерке, әрі ертегіге қанағатсыз боп өсіп келеді. Үлкендерден үміт жоқ. Әйтсе де, ертегіні жетімдік тақсіретін тартып жүрген Ғайникен ғана айтады. Қарғадай баланың қариялар айтпаған ертегіні аса бір ыждаһаттылықпен баяндайтынында көп сыр жатыр, асылы. Ұрпақтар сабақтастығы атты қасиетті желі-жіптің үзіле бастауы дейтін қасіретті іштей сезініп отырасың. Шығармадағы шеберлік ізінің жарқын белгісінің бірі – әңгіме ішіндегі әңгіме-ертегінің берілуі. Оны автор-төліе жетім қыз Ғайникеннің аузына салады. Әдеби туындының поэтикалық қуатын арттырып, көркемдік өң-нәр беріп тұрған тәсіл деуге болады мұны. Шағын шығармадан біз тек ұлттық құндылықтардың қадірсіздену қаупін ғана емес, сондай-ақ

адамзатқа ортақ болған гумандық құндылықтар жүйесінің бұзыла бастағанын аңғардық. Жазушы міндеті – осы гуманизм отын маздату, ар даңғылын ашу. Жас қаламгер Лира Қоныстың шығармашылық ізденісінен біз осындай игі талап-тілектің айқын ізін көрдік [4].

Дархан – парасат-пайымы бөлек жазушы. Техникалық ма-мандық иесінің қаламынан ой-сананы серпілтер, ақылға азық бо-лар дүниелер туыпты. «Әулиеағаш жапырағындағы жас» атты кітабындағы екі әңгімесі – «Пешене» мен «Гиппократ анты» – нәзік штрихтар арқылы аз сөзбен көп жайтқа қанықтырар туындылар. «Прозадағы шеберлік нені айтудан емес, қалай айтудан басталады ...«Гиппократ анты» атты әңгіме – жас жазушының сәтті туынды-сы ғана емес, оның қабілет-қарымының молдығын, адам жанының қырық қатпар тереңдігіне үңіле білетін, аша білетін мүмкіндігін танытып тұрған туынды», – деп жазды көрнекті жазушы Дулат Исабеков [5, 3]. Былайғы жұртқа белгілі сюжет Д. Бейсенбекұлының шығармашылық зертханасында өңделіп, оқырманына жаңаша қалыпта қайта ұсынылыпты. Әңгіменің әдемілігі де осында. Қомақты қаржы үшін өзгенің өмірін қия салған ақ халатты ар-сыз дәрігер Гиппократ анты түгіл, адамшылық атаулыдан ат-тады. Кейіннен мұнысы он есе ауыр қасірет-қайғы боп оралды өзіне. «Дәніккеннен құныққан жаман», өйткені, көлік апатына ұшырап, ауыр халде ауруханаға әкелінген жеткіншек өз әкесінің тойымсыздығынан дүние салды. «Аппалон дәрігердің, Асклепийдің, Гигиел мен панакеяның және түрлі тәңірлер мен тәңіриялардың атып атап, оларды куәға тарта отырып, ол серт пен жазбаша шарт-ты шама-шарқының жеткенінше адал орындауға ант еткен» [5, 94] дәрігер-әкенің шынайы бейнесі жазықсыз құрбан-перзенті арқылы тереңірек ашылады. Ар мен ұяттың, нәпсі мен иманның әлімсақтан бергі текетіресі нанымды сюжетпен, тұщымды тілмен – қаламгерлік шеберлікпен ашылады.

«Пешене» туралы көп жазуға болады. Бұл – айтары бар жазушының айтары мол туындысы. Әңгіменің қасиетін арттырып, құнын көтеріп тұрған – оның идеясы. Ақырзаман болмайды де-ген дақпыртқа жұрттың бәрі имандай сенді. Сенгендіктен қуанды. Қуанышы сауыққа, «өмірдің қызығын көріп қалуға» ұласпақ. Ауыл-қауымның ішіндегі ақылы артық, өресі биік деген мұғалімнің өзі әңгімеде таяз түсінік иесі ретінде танылады. Тобырлық сана үстем болған бүгінгі қоғам кеспірі боямасыз беріледі. 2000 жылдар шама-сы. «Адамзат баласы, қасірет! Қасірет! ...Ақырзаман болмайтын бол-ды! Құдай бізді тастап кетті ...Біз енді Жаратушысыз өмір сүреміз!»

- деп жар салып тұрған дәруіштің сөзі – шығарма сюжетінің дамуын көрсетеді. Даурыққан жұртта данышпандық қайдан болсын!? Бәрі құр айқай мен бос талқыға салынды. Асылы, дәруіш сөзі символикалық-астарлы мәнде айтылып тұр.

Дәруіш – әрі әумесер, әрі әулие. «Ақырзаманның болмайтынына» қуанысып жатқан жұртқа қарата: «Тоқтатындар! Топырлаған тобырлар! Сендердің бұл сөздерің де Құдайдың бізді тастап кеткенін еселей дәлелдеуде. Ей, бейшаралар, адам істеген күнәсы үшін қорқушы еді ғой. Ұят пен ардың сұрауы кімнен? Жаратқан болмаса, жанымыз қайдан сая таппақ?» [5, 92] деген ызғарлы ескертпелері арқылы ол ақылы асқан ар арлаушысы боп көрінеді. Бір жағынан, ол – ақиқаттың айташысы. Бірақ оның жанын түсініп, сөзін ұғынар адам баласы жоқ. Абайдың «Масғұтындағы» сияқты. Жазушы Дархан Бейсенбекұлы бүгінгі қазақ қоғамындағы «масғұттану үдерісін» көрсетуге талаптаныпты. Әңгімеге қатысатын ат төбеліндей ғана кейіпкерлердің діни сауатының төмен екені жекелеген детальдар арқылы анық білінеді. Сол үшін де олар дәруіштің сөзіне имандай сенді. Шағын әңгіме ұят пен ардың, таным мен пайымның деңгейін өлшеуіш туындыдай әсер етті.

Әсем Қоспағарованың жазу стилі, машық-мәнері өзгеге ұқсаңқырамайды. 2012 жылы жазушының «Қызыл орамал» атты әңгімелер жинағы жарық көрді. Кітапты қолымызға алып, қарай бердік. Бізге керегі – көркемдік, бізге қажеті – жарасымдылық. Сөз бен ой жарасымдылығы. Жинаққа енген бір шоғыр әңгіменің ішінде өзінің көркемдік қуатымен, эстетикалық әсерімен өзіне тартқан туындысы – «Қызыл орамалы». Анасы сыйлаған қызыл орамалды Петербург барғанда жоғалтып алған жиырмадағы қыздың мұңы мен сыры қатар өрбиді. Жиырма жасында анасына сүйген жігіті сыйлаған екен. Асқар тауындай арқа сүйеп өскен адамы қыздың өз әкесі болмай шықты. Идеяны ашу үшін, көркемдік мәреге жету үшін жазушы түрлі соқпаққа түсіп отырады: біресе естелік айтып, біресе дүние салған анасының күнделігінен үзінділер келтіреді. Сапардан орамалсыз келген қыздың жаны жабырқаулы, көңілі түсіңкі. Санасын сан ой талап тастаған. Өз әкесі туралы кеш білді, ол кезде анасы о дүниеге аттанған. Қателігі үшін әйел-анаға деген көңілде салқындық пайда болғанмен, алайда бауыр еті – баласына бар мейірімін төгіп, ізгілік қайнарынан суарып өсіргені үшін жүрегін жібиді. Шығарма көркемдігінің діңгегі ретінде орамалдың алынуы және оның қызыл түсті болуы да оқырманға айрықша әсер етеді. Қазақ ұғымында әр түстің өзінше бір белгі-қасиеті, өзіндік бір орны бар екені белгілі. Бір жағынан, орамалды қазақ ерекше қастерлеген

де. Әуелгі байлыққа теңелетін орамалдың жоғалуы, шығармадағы қайсыбір кейіпкер айтатын «жай ғана орамалдың» жоғалуы емес, сенім мен сүйіспеншіліктің, ар мен айбынның жоғалуындай әсер береді. Сағыныш та, сыр да бар. Жалыныш та, мұң да бар. Оқырман жанын сан түрлі психологиялық иірімдерімен баурап алатын шығарма деуге болады. Әсем әңгімелеріндегі әсемі – осы, «Қызыл орамал». Жазушының басқа әңгімелерінен де байқағанымыз – тіл жұтаңдығы. Әсемге ғана емес, әсемдерге, қазіргі жас жазушылардың бәріне дерлік ортақ сипат. Кезінде М. Әуезов: «Сөз бен сөз біріне-бірі жарығын түсіріп тұрады», - деген. Оны Ғ. Мүсірепов дамытып: «Сөз бен сөз біріне-бірі сәулесін де, көлеңкесін де түсіріп тұрады», - деп еді. Біз жас қаламгерлер шығармашылығынан сараптап қарағанымызда, жарығынан гөрі, көлеңкелі тіркестерді көп ұшыраттық. Жастарға ортақ сипат – тіл жұтаңдығы дегенімізбен, олардың әрқайсысының өзіндік қолтаңбасы бар. Жазушы ретінде толық қалыптасып үлгермегенмен, ізденіс-талпыныстары қуантады. Бастысы, оларда ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртуға деген құлшыныс бар. Тәуелсіздіктің шуағына жылынып өскен ұрпақтың тәуекелі де орасан.

Заңғар М. Әуезов: «Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар: бірі – тіршілік қамы, бірі – адамшылық қамы. Барша дүниедегі пайдамақтан әуелі басыма болса, немесе туысқаным, ең болмаса аталасыма болса деп неғұрлым өзіне қарай тартып, талап қылу, бұл бір ғана тіршілік қамын көздеген хайуани салахият деп айтылады. Екінші, менен жақсылық тарап, адам баласына әлім келгенше пайдамды тигізсем екен деген жол. Бұл – инсаният, яғни адамдық жолы. Бұлар бұрынғы Толстой сықылды хакимдердің айтуында, екінші, марқұм әкеміз Абайдың: «Әкесінің баласы - адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» - деген мақалы да, һәм пайғамбар ғалаис саламның: «Адамның жақсысы адамға пайдасын тигізген» деген хадисі де көрсетеді» [6; 46], - дейді өзінің «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласында. Адамдықтың өлшемі оның өзгеге пайда әкелсем деген ұмтылысының болуынан десек, сол ұмтылысты ұмыттырмайтын да – қаламгерлер. Жас жазушылар өз шығармаларында оқырманды осыған итермелейді. Ашық айтпаса да, астарлап айтады. Ізгілік ізіне еруге баулиды.

Жастар шығармашылығында адамзаттық мәселелер терең қаузалып, өзінің бар ажарымен ашылған дей алмаймыз. Асылы, жалпыадамдық құндылықтарды ұлт ұлыларының, әлемдік рухани алыптардың мұраларынан іздеу әлдеқайда әділ әрі қисынды болар еді. Әйтсе де, «малым – жанымның, жаным – арымның садағасы»

деген қазақы қағидамен сусындап өскен жас қаламгерлердің шығармаларында жалпыадамдық құндылықтарды насихаттауға деген талпыныс-талап бар, бастысы.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Үш томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. – Алматы, «Алаш» баспасы, 2005. – 232 бет.
2. Әбікенұлы Е. Министр. Әңгімелер жинағы / Ерболат Әбікенұлы. – Алматы: «Таңбалы» баспасы, 2014. – 136 бет.
3. Қазақ прозасының болашағы // «Қазақ әдебиеті», №46, 9 қараша, 2012 жыл.
4. Қоныс Лира. Мәңгілік сағыныш. Проза. Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2009. – 160 бет.
5. Бейсенбекұлы Дархан. Әулиеағаш жапырағындағы жас: Проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 248 бет.
6. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. 472 б.
7. Мантаева А. Жаңбырлы көктем. Әңгімелер. – Алматы: «Жалын» баспасы, 2009 жыл. – 96 бет.



## III БӨЛІМ

# **ДРАМАТУРГИЯДАҒЫ МӘҢГЛІК КАТЕГОРИЯЛАР**

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ДРАМАТУРГИЯСЫ

Соңғы жылдары жарық көрген драмалық туындыларға көз жүгірте отырып, біз олардан, ең алдымен, қоғамды ізгілікке тәрбиелейтін парасат иелерін іздейміз. Шындығында, бүгінгі драмалық кейіпкерлер дәл қасымызда, қатар жүрген тіршілік иелеріне – замандастарымызға ұқсай ма? Айрықша өмір өрімімен, қайталанбас азаматтық-адамгершілік келбетімен көз тартатын тарихи тұлғалар тағдыры сахналық туындыға арқау бола алды ма? Бүгінгі отандық драматургияда қаһармандық тұғырға көтерілер сом тұлғалы кейіпкерлер бар ма? Көкейде сондай сан алуан сауалдар бас көтерері анық. Осы мәселелер төңірегінде 1991-2013 жылдардағы Ә. Кекілбаев, С. Жүнісов, Ә. Тарази, Д. Исабеков, А. Ашири, Л. Сон, Б. Мұқай, С. Сматаев, Т. Нұрмағамбетов, И. Оразбаев, Қ. Ысқақ, Р. Отарбаев, М. Байсеркенов, Т. Әбдіков, Ш. Мұртаза, С. Балғабаев, С. Асылбекұлы, Т. Ахметжан, Р. Мұқанова, т.б. драматургтердің туындылары зерделенді.

\* \* \*

1990-жылдардан бергі отандық драматургиядағы ұлттық рухани түлеу тарихи тақырыптарға бетбұрудан айқын аңғарылады. Қазақ мемлекеттігі қалыптасуының қилы кезеңдерін баяндап, елі мен жерін қорғаған ұлт қаһармандарын ұлықтайтын драмалық туындылардың өскелең ұрпақты отаншыл, елдік рухта тәрбиелеуде маңызы өте зор. Осы орайда Тәуелсіздік дәуірінде жазылып, ұлттық сахналарда көрермен назарына ұсынылған Ш. Құсайыновтың «Томирис», Қ. Ысқақтың «Қазақтар» (Ш. Құсайыновпен бірге), А. Аширидың «Идикут», Р. Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан», Иран-Ғайыптың «Шыңғыс хан», «Махамбет», «Сырым батыр», Ә. Кекілбаевтың «Абылай хан», С. Жүнісовтің «Сабалақ Абылай – Хан Абылай», М. Байсеркеновтың «Абылайдың аманаты», Т. Мәмесейіттің «Бәкей қыз», Л. Сонның «Память (Хроника первых лет)», т.б. туындылар қазақ драматургиясының қорына қосылған елеулі үлес саналмақ.

Қазақ тарихының қилы кезеңдерін қамтитын тарихи драмаларды көркем уақыт тұрғысындағы хронологиялық ретіне қарай зерделеген абзал. Себебі оларда қазақ елінің ұлт болып қалыптасу тарихының түркілік дәуірден бүгінге дейінгі шежіресі баяндалады. Осы ретте алдымен Шахимардан Құсайыновтың «Томирис» атты трагедиясына назар аударған жөн.

Ұлы Тұран даласын жайлаған Сақтар тарихының айтулы кезеңдерін арқау еткен «Томирис» трагедиясы Сақ елін билеген Тұмар патшайымның ерлік істерін баяндайды. Көрерменді жеке тағдыры қым-қиғаш саяси интригалардан зардап шеккен әйел қолбасшының ержүректігі мен қайсарлығы, қайғы-қасірет пен өмірдің тосын сыйларына төтеп берер қайрат-жігері тәнті етеді. Сахналық туындыдағы кейіпкерлердің әрқилы мінез табиғаты мен өмірлік мақсат-мүддесі тарихи трагедияның идеялық мазмұнын байыта түскен. Ұлт болып қалыптасу жолының алғашқы баспалдақтарынан сыр шертетін туындыдағы Шұғыла патшайымның елі мен жеріне адалдығы отаншылдық рухтағы мәңгілік құндылықтарды насихаттайтыны сөзсіз. Шұғыла патшайым мен оның жары Балхаштан туған Спаргапистің өз мүддесі үшін әкесін құрбан ететін жауыздығы, атақ-даңқ пен билікке қол жеткізудегі айлакерлігі мен сатқындығы оның жеке басының пенделік әлсіздігінен хабар берсе, әкесі Балхаштың сүйген жары Шұғылаға адалдық танытуы махаббат, адалдық сынды жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызын айғақтай түседі.

Құрсағынан туған Спаргапистен де, адал жары Балхаштан да, «жалғандағы жалғыз сүйіктісі» әрі хас дұшпаны Кирден де айрылуы патшайымның жанына батса да, жігерін мұқалта алмайды. Халқының қазынасын жеке басының бақытына айырбастамайтын арлы патшайым Сақ елі мен жерін аман сақтап қалуға жанын салады. Әйгілі грек трагедияларын еске салатын осындай асқақ ойға құрылған драмалық туындының пафосқа иек артуы орынды.

Осы уақыттық шамадағы Рахымжан Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан» атты тарихи драмасы Дешті қыпшақтың он жасында құлдыққа сатылып кеткен жетім баласының қатардағы құлдан Мәмлүк мемлекетінің билеушісіне дейінгі өсу жолын суреттейді. Өмірінің ұзақ жылдарын Мысыр елінің әскери қауіпсіздігіне, қоғамдық-саяси дамуына арнаған Сұлтан аз-Захир Бейбарыстың ғұмырбаяны сахналық шығармада қым-қуыт тарихи оқиғалар аясында бейнеленеді. Шын мәнінде, жетімдік пен құлдық қамытынан құтылу жолында тіршіліктің барша қиындығынан, өмір сынағынан өткен, сөйтіп шыңдалған, ақыл-парасаты кемелденген тұлғаның ғұмыры күрделі әрі қайшылықты болуы заңды. Бейбарыс сұлтанның мазмұнды өмір хикаясын көркем суреттеген драмалық туындыда таразының бір жақ басына оның жеткен жетістіктері – атақ-даңқ пен билік тізгіні салынған болса, екінші басында ешқашан ұмытылмас туған жерге деген ұлы сағыныш сезімі мен жеке басының азаттығы жатары анық. Тағдыр тәлкегімен өзге

елге сұлтан болуға мәжбүр Бейбарыстың туған елі мен жеріне деген алғаусыз махаббаты бәрінен биік тұрады да сөзсіз.

Қалихан Ысқақтың «Қазақтар» (Ш. Құсайыновпен бірге) драмасы қазақ хандығының дербес ел ретінде ірге көтеру тарихын баяндайды. Қасым сұлтан мен Мұхаммед Шайбани арасындағы тартыстар мен қақтығыстарды арқау еткен туындыда авторлар ел билеушілермен бірге қазақ-өзбек ағайындардың ара-жігі ажыраған тарихи мезеттегі келешек тағдырын дербес мемлекетпен байланыстырған қарапайым адамдардың да өмірін суреттейді. Жекелеген кейіпкерлердің жаратылыс мінезі арқылы жеке бас бақыты мен ел арман-мұратын бағалай білудегі ұлттық және жалпыадамзаттық мәселелерге назар аударылады. Мұхаммед Шайбанидың өз қарамағындағы ел мен жерді місе тұтпай, қазақ хандығына көз алартуы, оны өзіне бағындыруда түрлі айла-әрекеттерге баруы тарихи тұлғаның билік жолында адамгершіліктен аттаған пенделік болмысын ашса, енді ғана іргесі көтеріліп келе жатқан елін аман сақтауға жанын салған Қасым сұлтанның ар-ұждан, ақыл-парасат тұрғысындағы адамгершілік-моральдық сапалары құрметке лайық. Қазақ-өзбек арасы ажырап, екеуі өз алдына дербес мемлекеттерге айналғанда ағайын арасында орын алған трагедиялық оқиғалар Тойгелді мен Қойгелді, олардың анасы бауырына басқан қалмақ қызы Шолпан, Мойынсыз тағдырлары арқылы бейнеленеді.

Шығармадағы назар аударарлық кейіпкерлердің бірі – моғол ханы Жүністің қызы Нагир ханым. Біраз уақыт Мұхаммед Шайбанидың азғыруымен соның мүддесіне қызмет етіп, Қасым сұлтанға түрлі тұзақ құратын Нагир ханым, кейін күйеуі Әдік көз жұмған соң, тағдырдың басқа салған тәлкегімен Қасымның жарына айналады. Әмеңгерлік жолмен алған жары Нагир ендігәрі Қасымның мақсат-мұратына жетуіне қолғабыс етуге барын салады. Нагир тәрізді біреуге қызмет қылатындардың адалдық, еркіндік жөнінде өзінше түсінігі бар. Әміршісіне ынты-шынтысымен адал қызмет етіп, бүгінгі түсінік бойынша лояльдылық таныта алатын Нагир үшін «Отан», «туған ел» деген құндылықтардың өзгермелілігі – заңды құбылыс. Сайып келгенде, ол тұлғаның елдік тұрғыдағы үлкен істерде бел буып кірісе алмайтын қауқарсыздығын айғақтайды. Керісінше, Қасым сұлтанның тәрбиесінде өскен Қойкелдінің баласы Мойынсыз өмірлік аңсар-мұраты, адамгершілік берік ұстанымдары жағынан біршама тегеурінді тұлға.

Қорыта келгенде, қазақ халқының тарих сахнасына келу жайынан деректі сыр шертетін драманың ұлттық мұраттар,

жалпыадамдық құндылықтар аясында көрерменге салар ойы салмақты. Авторлар бүгінгі «тәуелсіздік» деген ұғымды тарих биігінен зерделей отырып, оның қазақ халқы үшін қаншалықты құнды екендігін талдап-таразылауға ұмтылады.

Ахмеджан Аширидың «Идикут» атты тарихи драмасы (автордың осы аттас тарихи романының желісімен жазылған) – Қазақстандағы ұйғыр драматургиясының соңғы жылдардағы табысы. Әдебиет және театр сыншылары тарапынан жоғары баға ие болған драмалық туынды ұйғыр халқының ортағасырлық тарихынан сыр шертеді.

Екі актілі, сегіз көріністі драмада тарихи желі мен аңыздық желі қатар өріліп отырады. Драматург ұйғыр тарихындағы Шыңғыс ханның роліне бүгінгі күн тұрғысынан салыстырмалы-тарихи баға берген. Автордың тарихи шындықты қаламгерлік дербес көзқарас тұрғысынан пайымдап, көркем ой қорытудағы шығармашылық ұстанымдары объективтілікке негізделген. Ал шығармаға кірістірілген аңыздық сарындар халықтың ғасырдан ғасырға көшіп, ұрпаққа жеткен өшпес мәдени, рухани мұрасын – ұлттық колоритті айшықты бейнелейді.

Шығармада идиқұт Бауыршық бейнесі төңірегіндегі саяси оқиғалар желісі арқылы саяси-экономикалық дағдарыс салдарынан Ұйғыр мемлекетінің күйреп, монғолдар қол астына өту тарихы шынайы суреттеледі. Ел мен жер тағдырындағы қиын-қыстау кезеңде үзілді-кесілді шешім қабылдауға мәжбүр болған идиқұт Бауыршық бейнесі драмада қым-қиғаш қайшылықтарымен, күрделі болмысымен жан-жақты ашылады.

Тарихи даму жолындағы Шыңғыс ханға өз еріктерімен бағыну немесе соңғы тұяғына дейін қырылып, жер бетінен жойылу сынды екі айырық жолда тұрған ұйғыр халқының ең алдымен аман қалуын ойлаған идиқұт өзі үшін де, халқы үшін де ауыр тарихи шешімді қабылдайды. Түптеп келгенде, ол жеке басының қамын емес, халқының болашағын уайымдаған, азаматтық ұжданы алдында ары таза адам. «Идикут» өзінің тарихи бай мазмұнымен де, ұйғыр халқының этникалық болмысын сипаттайтын салт-сана, дәстүр, таным көріністерімен де, өзіндік бояу-нақыштарымен де ұлттық құндылықтарды алға тартқан туынды. Шығармаға тарихтың талай талмауыр замандарынан өтіп, бүгінгі күнге жеткен осындай рухани құндылықтар мен ұлттық жадыны сақтау идеясы арқау болған.

Сайын даланы жайлаған ерікті жұртының керегесі кең, егеменді ел болуын аңсаған, соның жолында барлық күш-жігерін сарқа жұмсаған Абылай ханның өр тұлғасы – қазақ дра-

матургиясында жан-жақты пайымдалған, мейлінше тұжырым тапқан сом бейнелердің бірі. Негізінен халық жадындағы аңыз-әңгімелердің желісінен ауытқымайтын Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан», С. Жүнісовтің «Сабалақ Абылай – Хан Абылай» («Сабалақ»), М. Байсеркеновтың «Абылайдың аманаты» («Абылай ханның ақырғы күндері»), Д. Рамазанның «Абылай ханның арманы» атты драмалық шығармалар соңғы жылдарда «елдік», «тәуелсіздік» сынды құндылықтардың жасампаздығын паш ете отырып, қазақы ұлттық сананың рухани-эстетикалық тұрғыда жаңғыруына елеулі үлес қосты деп толық сеніммен айтуға болады.

Аталған туындылардың идеялық бағдары бір болғандықтан, олардағы халық аңыз-әңгімелерінен тамыр тартатын сюжеттік оқиғалар бір-бірін айна-қатесіз қайталамаса да, оларда Абылай өмірінің маңызды мезеттерін көркем пайымдау жағынан жалпы мазмұндық ұқсастықтар бар екені анық. Дегенмен дербес қаламгерлік ұстаным, ішкі ой ағысы тұрғысында бұл туындыларды көрермен/оқырман көңілінде айрықша әсер қалдыратын көркемдігі жоғары шығармалар ретінде бағалаған абзал. Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» драмалық дастанында Абылай ханның халықты басқару ісіндегі ірі тұлғасы сомдалады; драматург оның өзге елдермен терезесі тең егеменді мемлекет құрудағы сарабал саясатына тәуелсіздік тұрғысынан тарихи баға беруге ұмтылыс білдіреді.

Кетісе берсең – дұшпан көп,  
Келісе берсең – дос та мол,  
Өзгелерге қол салмай,  
Өзімізді қолға алып,  
Жұрт істегенді істесек,  
Жұрт ұмтылғанға ұмтылсақ,  
Жұрт жеткенге жетер ек,  
Ешкімге есе жібермей,  
Терезе тең боп өтер ек! –

дейтін Абылай хан сөздерінде заманының заңғар ойлы саясаткерінің, ұлтының қамын жеген адал перзентінің арман-мұраты бар. Хан айналаға қанқұйлы жау көзімен емес, өсіп-өркендеуді мақсұт еткен жасампаз жұрттың көзімен қарауды жөн санайды. Үш жүздің басын бір идеяға түйістіріп, білегі де, білігі де өзгеден кем түспейтін мықты мемлекет болу бүгінгі күнде де ұлттық деңгейде маңызын жоймаған зор талаптардың бірі екені белгілі.

Қаһармандық драмалық дастанда бұқара халықтың ой-толғамы хор үні арқылы асқақ пафоспен беріліп отырады:

...Бостанбыз, азатпыз әу бастан,  
Өжетпіз, өткірміз алмастан,  
Бермейміз жатқа дес, жауға есе,  
Жайрайды жағаға жармасқан.  
Ежелден өрбіткен бір негіз,  
Жұп жазып көрмеген іргеміз,  
Емшектес, еншілес, кіндіктес,  
Бөлінбес, бүтінбіз, біргеміз.  
Ақ арман жүректе жүрді ұдай,  
Өлмей де, өшпей де, мызғымай,  
Сол арман жолында жан пида,  
Қазаққа жар болғай бір құдай!

Жоғарыдағы өлең жолдарында қазақ халқының дұшпанға дес бермес өршіл рухы мен ынтымақ-бірлігі оның ең асқақ армандарына бастар жетістігі мен құндылығы ретінде дәріптеледі. Осылайша, бүтін бір елді ортақ ізгі мақсатқа жұмылдыра білген басшы халқының санасына елдік рухын сіңіре білді. Ол болашақ ұрпаққа ұланғайыр қазақ даласын мирас етіп қалдыру сынды ұлы идеяны көшпенді халықтың көкірегіне ұялата білді.

Сәкен Жүнісовтің «Сабалақ Абылай – хан Абылай» («Сабалақ») атты драмасында шапқыншылықтан азып-тозып, ел мен жерден айырылған қазақ халқының қайғы-қасіретке толы тарихы баяндала отырып, Абылайдың алғашқы ерлік хикаялары, қолына билік тізгінін алып, ел басқарған кездері жан-жақты бейнеленеді. Драматург тарихи уақыт пен кеңістікті мейлінше жандандыруға тырысқан. Негізгі және эпизодтық оқиғаларға қатысатын кейіпкерлер Абылайдың батыр, хан ретіндегі сом тұлғасы мен сол уақыттағы елдің ішкі-сыртқы саяси жағдайын жан-жақты ашуға қызмет етеді. Хандық ішіндегі ру-тайпалық араздық пен талас-тартыстар, билер дауы, ішкі саяси интригалар, көршілес елдермен мемлекетаралық қарым-қатынастардың орнауы тарихи дәуір сипатын мейлінше толымды суреттейді. Сабалақтан Абылай ханға дейінгі жеке тұлғаның өмір жолы мен ел тарихындағы айтулы оқиғаларды сабақтастықта зерделейтін драматург ұлттың арман-тілегін бүгінгі Тәуелсіздік таңы тұрғысынан бағалайды. Тұтқында жатқан Абылайдың ішкі өкініш-зары оның қарапайым адам және ел басқарған хан деңгейлеріндегі өмірлік мақсат-мұраттарын арқау еткен. Қан майданда кескілескен ұрыста хас батырларша өлім құшпай, тұтқында жатып көз жұмарына өкінетін Абылай көрермен алдында жанын елінің келешегі жолында құрбан еткен нағыз отаншыл қаһарман ретінде тұлғалана түседі. Ал үш жүздің басын

біріктіріп үлгермегеніне, халқын барақатты тіршілікке жеткізе алмағанына налитын Абылай толғаныстары оны күллі қазақ жұртшылығының тағдыры үшін жауапкершілікті жан-жүйесімен сезінген парасатты ел басшысы ретінде танытары сөзсіз. Абылайдың түсінігінде қамшының сабындай шолақ ғұмырдың мәні – елдің еркіндігі мен жердің азаттығын сақтап қалу, ұлан ғайыр қазақ даласында еңселі орда құру, көрші алпауыттармен терезесі тең дәрежеге жету.

Хан Абылайдың ішкі рухани әлемін жарқырата ашуға бағытталған психологиялық драма – Маман Байсеркеновтың «Абылай ханның ақырғы күндері» атты драмалық хикаяты. Тұйық көркемдік кеңістік (Хан шатыры) пен небары бір тәулікке созылатын уақыттық межеге жобаланған драма негізі классицизм талап-тілектері барынша ескерілген. Нақтылы сюжеттік оқиғаға тартылатын кейіпкерлер саны да шектеулі. Олар – Абылай хан, Бұқар жырау және Сейіс.

Бас кейіпкердің «Нені көрдім?», «Нені арман еттім?», «Неге қол жеткіздім?» сынды сауалдар төңірегіндегі ішкі психологиялық арпалыстары мен ой-толғаныстары арқылы қазақ ұлтының біртұтастануына еңбек сіңірген елеулі тарихи тұлға – Абылай ханның өмір жолы қорытындыланады. Өң мен түс, сыр ақтару мен сандырақ арасында көркем бедерленетін эпизодтық суреттер ханның өмірінің соңғы уағындағы ой-сезімдерін бедерлейді. Халқының азаттығы үшін қолынан келгенше аянбай әрекет еткен тәжірибелі ел басшысы, сарабал дипломат, ержүрек батырдың үміт пен күдік аралас толғаныстары астарлы түрде қазақ елінің бүгінгі тәуелсіздік таңындағы мақсат-мүдделерімен сабақтасатыны айқын. Авторлық ұстанымдағы түйінді идея – халықтың ғасырлық арманына айналған Тәуелсіздікті сақтап қалу.

2013 жылы көрермен назарына ұсынылған Думан Рамазанның «Абылай ханның арманы» атты тарихи драма оқиғалық желіге Абылай өміріндегі тұтқындағы кезең, қалмақ ханзадасы Әмірсамамен шынайы достығы, Қалдан Сереннің Топыш атты қызын жар етіп, тұтқыннан босауы сынды оқиғалар арқау болған. Драмада қазақ-қалмақ арақатынасы, ел тарихындағы жеке тұлғалардың ролі (Абылайдың Қалдан Серен құрметіне бөленуі, Әмірсананың қытай билеушілерінің тұзағына ілігуі) мәселелері терең зерделенеді. Жалпы драмаға арқау болған тарихи уақиғалар легі Қ. Жұмаділовтың «Дарабоз» романының оқиғалық желісін еске түсіреді.



Бас қаһарманның бар арманы – елінің тұтастығы мен жерінің азаттығын сақтап қалу, «Ақтабан шұбырындыдан» азып-тозған хузын аққа жеткізіп, келешек ұрпақтың өмірін көркейту. Көркейіп дамыған көршілес елдердің өркениетіне қызыға көз тастаған көреген көсем қазақ хандығын да заманынан қалыс қалмай өркендеген ел қатарына қосуды тілейді.

Рахымжан Отарбаевтың кейінгі дәуірдегі тарихи тақырыпқа арналып жазылған пьесалардың бірі – «Сырым батыр». Тарихи деректер мен халық аңыз-әңгімелерінде сақталған мағлұматтарды ескере отырып, көркем өрілген шығармада сөз ұстаған шешен, ел бастаған көсем, ержүрек батырлығымен де, әділ билігімен де ел есінде қалған Сырымның өр тұлғасы сомдалған. Отаршылдыққа қарсы күреске өмірін көп жылдарын сарп еткен есіл ердің тәжірибелі қолбасшы, саясаткер, қайраткер ретіндегі сан қырлы тұлғасы драмада шиеленіскен тартыстар аясында бейнеленеді. Негізінен батыр өміріндегі соңғы он жылда орын алған айтулы оқиғалар пьесаға өзек болған.

Жасы жетпіске таяған Сырым жиған дәулет пен қолдағы билікті көңілге қанағат тұтпайды. Себебі оның көкसेгені қара қан басының қамы емес, халқының мұраты – отаршылдық езгісінен құтылу, ата-баба мирас еткен мекенде еркін тіршілікке қол жеткізу болатын. Пьесадағы «Қош, қадірлі ел, киелі топырақ. Нар жайылар көңілдің жайлауында өңшең тоқал ешкі ойнақтады-ау. Қайтейін... оралармын, сорың емес, бағың боп. Өзім жетпесем, даңқым жетер, дабылдатып» дейтін ащы өкініш пен ызаға толы сөздерде батырдың туған елі мен жеріне деген қимастық сезімі қылаң береді. Шарасыз батыр көкірегін кернеген ыза-кекті тұншықтыра отырып, болашаққа деген сәулелі үмітке орын береді. Азат елдің жарқын келешегінен үміт еткен батыр заманның әділетсіздігіне мойынсұнғысы келмейді. Драма Сырым сынды нар тұлғалардың ар-ұждан жолындағы жанқиярлық ерліктерін паш етеді. Туған ел мен жерге кіндігімен байланған арлы, саналы азаматтардың болашақ үшін, еркіндік үшін күресі олардың өмірінің мәніне айналған.

Ел ішіндегі араздық, билікқұмарлық, әділетсіздік мәселелеріне арналғанымен, белгілі бір мөлшерде отаршылдық тақырыбына да қатысы бар келесі туынды – Тұрлыбек Мәмесеіттің «Бәкей қыз» атты пьесасы. ХХ ғасыр басындағы Қарқаралы жеріндегі қоғамдық-саяси жағдайды суреттейтін сахналық туындының басты кейіпкерлері – Бәкей, Сейіт, Жәмеңке, Ұзақ, Қазыбек, Албан Асан, Тұңғатар. Шығармадағы отаршылдық қысымы туралы идеялық ой-толғамдар негізі Албан Асан ақынның жырлауымен беріліп отыра-

ды. Ақын орыс отаршылдық саясатын жеке мүддесіне пайдалана білген болыс-билердің ұлттық сана мен ар-ұжданнан жұрдай болған кейіп-келбетін ашық әшкерелейді. Байырғы қазақ жерлерінің мемлекет қарамағына өтуі, қазақтардың өзжерінен ығыстырылуы, Бименде сынды болыстардың мәнсапқорлық жолында ұлт мүддесін ұмыт қалдыруы, Тұңғатардың қазақ-қырғыз елдері арасында жалған дау-жаламен өшпенділік отын тұтатуы, Бәкейді жауыздықпен өлтіруі, т.б. қым-қиғаш оқиғалар ХХ ғасыр басындағы қазақ елінің тұрмыс-тіршілігін толымды суреттеп, саяси-әлеуметтік мәселелерін тереңімен қузауға мүмкіндік береді.

Пьесада Бәкей мен Сейіт арасындағы кіршіксіз таза махаббат пен Тұңғатарлар тобының аяр әрекеттері өзара контраст құратындай көрінеді. Осылайша, авторлық тұжырымдамада махаббат, шындық, әділет пен зұлымдық арасындағы мәңгі бітіспес тайталас мәселесі зерделенеді.

С. Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесінің желісі бойынша жазылған Дулат Исабековтың «Шың басындағы шындық» (2011) атты драмасы сахна төрінен «Жаужүрек» деген атпен өнерсүйер қауымға ұсынылды. Бұл – ел теңдігі мен жер азаттығы сынды ұлттық құндылықтар мен махаббат, достық, адалдық сынды жалпыадамдық мұраттарды өзек қылған драма.

Қым-қуыт тартысқа құрылған драманың бел-белестерінде балуанның бейнесі ұтымды детальдармен толықтырылып, ірілене түседі. Драмадағы ірі-ұсақты ситуациялардың баршасы да тікелей кейіпкердің айтулы өнерпаздық қырларын, елі үшін басын қатерге тіккен азаматтық тұлғасын ашуға қызмет етеді.

Ғалия сұлуға бір көріп, ғашық болуы, сүйіп қосылған жары Балхаштың қызғаныш сезімі, атамекені Қайрақтыға Сыздық болыстың қиямпұрыс әрекетімен переселендердің көшіп келуі, ояз қызы Тәнейжан-Татьянаны тұтқынға (кепілдікке) алуы тәрізді жеке басының шырғалаңдары драмада халық мүддесімен астарласып, тамырлас өрбіп отырады. Драмада махаббат, күрескерлік тартыстар, адал достық тақырыптары күрделі логикалық формада көркем игерілген.

«Шың басындағы шындықтағы» әр бейне өз алдына жеке символ ретінде көрініс тапқан: Балуан Шолақ тасыған күш-қайрат көзі, шындық пен әділеттің жоқшысы болса, Ғалия – әсемдік пен нәзіктіктің, ал «Ел дүрлігіп жатқанда Балуан Шолақтың әйелі жан сауғалап жата алмас» [3, 60] дейтін балуанның жары Балқаш – қайсарлық пен адалдықтың, шынайы достықтың символы.

Драматургтың отаршылықта өткен жылдар жайлы авторлық пайымы айқын. Ұлттың тағдыр-талайы бақай есепшіл Сыздық секілді болыстардың, күйсеуі мен жусауын әйелдері ғана дөңгелете шешетін орыс ояздарының қолында болғаны драмада ашық суреттелген.

«Зарлаған ел мен жылаған бала-шағаның атынан» арызданып, әділет іздеп келген балуанды Долгоносов цирк оқуына Омбыға жібергелі отырғандығын айтады. Ояздың өзіне цирктың сайқымазағы сияқты қарауы ел қамын жеген жігіттің намысын келтіреді. Долгоносовтың әйелі Елизавета мен Троицкийдың қазақтарды «жабайы халық», «түз тағысы» деп, шімірікпей балағаттауы Балуанның ызасын үдете түседі. Есіл сөзі қор болған Балуан енді басқаша амал-әрекеттерге көшуге мәжбүр. Ересектердің өзара есепшіл саясатынан алыс, қатігездік пен зорлық-зомбылықтың не екенін білмейтін бейкүнә бойжеткен Татьяна – Долгоносовтардың жалғыз перзенттері. Талайлардың жауырынын жер иіскеткен Балуан мен оның досы Ақылбайға Татьянаны алып қашу қиынға соқпайды. Негізінен драмадағы басты назарға ие эпизодтық оқиға осы шың басында өтеді.

Балуанның: «Менің өз оқуым бар, сенің өз оқуың бар. Мен арабша жазам, сен орысша жазасың... Әр адам, өз ұлтының үрдісінде ер жетуі керек» [3, 89]; «Сенің жолың шіркеуге апарады, менің жолым мешітке апарады» [3, 89], - деп, Татьянаға қарата айтқан сөздері автордың этномәдени үрдістерге, таным-түсініктердің айырма белгілеріне екпін түсіре сөз кестелегендігін айқын аңғартады. Этникалық таным-түсініктерді бір-бірінен кем не жоғары санауға бейім еуроцентристік сипаттағы көзқарастар астарлы түрде сыналаныны анық. Драматург әр халықтың өз өмірлік ортасына тән білім-білігі, наным-сенімі болуы заңды деген ойды жарыққа шығарады.

Қазақстандағы корей ұлттық драматургиясының көрнекті өкілі Лаврентий Сонның «Память Хроника первых лет)» («Жады (алғашқы жылдар хроникасы)», Станислав Лимен бірігіп жазған, 1997) атты екі актілі он екі суретті драмасы 1937-жылдардағы тарихи оқиғаларды суреттейді.

Отызыншы жылдар қазақ елінің тарихында ұлттың бетіне ұстар зиялыларын қызыл қырғынға ұшыратқан репрессия, қолдан жасалған аштық, жұт секілді заман кеселдерімен есте қалды. Дәл осы тұста Қиыр Шығыстан қудаланған корей босқындары эшелонмен қазақ, өзбек жерлеріне жеткізіліп, алғаш қоныстана бастайды. Драмада Ким, Пак, Ли отбасыларының тағдыр-талайы арқылы

атамекенінен күшпен қоныс аударған корей халқының қазақ топырағындағы жаңа тарихы баяндалады.

Драманың эпизодтық оқиғалары есімсіз әңгімелеуші атынан баяндалып отырады. Әңгіме 1937 жылғы күзден басталады. Көз көрмеген бөтен жерге жеткізілген корейлерді әуелде жергілікті тұрғындар үрке қарсы алады. Жұт пен аштықтан қырылғаны бар, Қытайға ауып кеткені бар, бұл елді мекенде бар-жоғы бір ғана отбасы жұртта қалғандай күн кешіп отыр. Жолсыз жазаға тарту үйреншікті болған заманда олардың өздері қазақы қонақжайлық танытуға НКВД-дан сескенеді. Себебі «босқындарды жолатпаңдар!» деген қатаң нұсқау берілген. Соған қарамастан, Орынбай мен оның әйелі Халима Пак әулетінің ең кішкентай мүшесі Ондори мен оның анасына қамқорлық танытып, қолдарынан келген көмегін көрсетеді. Кейін Че Ген Най әжейдің ұрпағына айтар мынадай аманаты бар: «...если кто-нибудь из вас забудет о том, как помогли нам казахи, если вы забудете тот спасительный кипяток, который дал нам старик Орынбай в осеннее утро тридцать седьмого года, я прокляну вас!» [6, 25].

Драмада корейлердің еріксіз қоныс аударудан көрген қиыншылықтар тізбегі суреттеледі. Эшелонға тиелген отбасы мүшелерінің бір-бірінен көз жазып қалуы (Лиза мен Федор Лилер отбасы), Жол азабына шыдамаған сәби Ондоридың ауыр науқастан шетінеп кетуі, жер аударылғандардың күздің салқынында жапан түзде баспанасыз қалуы, т.б. оқиғалар сол кезеңдегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік өмір шындығын өрнектеген.

Шығармадағы кейіпкерлердің өмірлік мұраттары, азаматтық позициялары әрқилы. Ким Ен Дин, Че Ген Най сынды көпті көрген қарттар мен оқыған-тоқығаны мол Ким Гиль Ман басқа түскен қиыншылықты жабылып көтеріп, өмірді жақсартуға тырысады. Қарттыққа тән даналық, тәубешілдік, өмірге деген ризашылық олардың үміттен күдер үзбеуіне мүмкіндік береді. Дегенмен отан, туған жер жайында сағынышты ойларға берілетін олардың «Сонда бізден тараған ұрпақтың Отаны қайда?» (Гиль Манның сөзі) деген сауалға жауап іздей отырып, тарихи әділетсіздік үшін іштей қынжылатыны бар.

Дүниені таптық көзқараспен қарайтын Петр Пак Гиль Манның кітап оқыған зиялылығын көре алмайды. «Сендей ақсауақтар кітап кеміріп отырғанда мына біздер алақанымыз сүйелденіп, қолымыздан кетпен түспей егін еккенбіз!» дейтін ол дүниені «арамтамақ» ақсауақтар мен соларда есесі кеткен кедейлерге бөліп қарайды. Рухани құндылыққа мұқтаждықты сезінбеген Петр секілді

прагматиктердің алдына күріш пен кітапты қатар қойса, олар, сөз жоқ, күрішті таңдайды.

Жас жігіт Николай болса, өзгелермен иық тіресіп, Отан қорғауды, сөйтіп азаматтық борышын өтеуді армандайды. Оның осы тілегі арқылы автор биліктің соғыс жылдарындағы әділетсіздігіне, кеңес халықтарын алалауына мегзейді. Корейден әскер қатарына адам алуға сенімсіздік білдірген үкімет басындағылар оларды тек еңбек армиясындағы қара жұмысқа ғана жегеді. Осы ауыр жұмыста Федор бір қолынан айырылып, аман қалса, Николай мерт болады.

Драмадағы әңгімеші корей халқының қазақ жеріне орнығуындағы алғашқы бес жылдың қиыншылықтарын еске алатырып, былай дейді: «К зиме корейцы вырыли землянки и спрятались в них. Из землянок над ровными снежным покровом заструился дым миновавшей беды и грядущих надежд – выжили... Что корейцу нужно? Солнце, земля, вода... Всего этого было достаточно на казахстанской земле...» [6, 6]. Корей халқының өмір қиыншылықтарына төтеп беретін төзімділігі, барды ұқсата білген берекешілдігі осы сөздерде көрініс тапқан. Басына күн туған корей үшін күн мен жер, су бар болса, одан өзгенің қажеті жоқ дейтін драматургтер корей халқының ұлттық болмысын, табиғатпен үндескен тұрмыс қалпын аша түседі. Табиғаттан нәр ала білген еңбекқор халықтың ұлттық санасында күн, жер, су – өмірлік маңызы бар басты құндылықтар. Сайып келгенде, бұл барды қанағат ету, тіршілікті бағалау, өмірдің әр таңына қуана білу сынды рухани байлыққа негізделген шығыстық пәлсападан тамыр тартатыны сөзсіз.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ тарихын бел-белестерін суреттейтін шығармалардың легінде Серік Асылбекұлының «Желтоқсан түні» атты екі бөлімді драмасы да бар. Бұл – 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты тарихи шындықты арқау еткен туынды. Драмада сол айтулы оқиғаның психологиялық сарыны, жастардың ұлттық ар-намыс кернеген ашу-ызасы, ситуацияның бұқаралық ақпарат құралдарында бұрмалануы, елдегі жалпы қоғамдық-саяси ахуал шынайы бейнеленген. Демонстрацияға қатысушы жастар Ақмарал мен Қайсардың алаңдағы қуғын-сүргіннен қашып, Баймырза пәтеріне бас сұғуы, әртүрлі себептермен осы үйде Мария Петровна мен Тимур Қалдыбаевичтардың жиналуы, Баймырзаның мектеп жасындағы немересінің үйден қашып, көтеріліске шығуы көркемдік жинақтаудың нәтижесі болғанмен де, логикалық жағынан қисынды шыққан.

Кейіпкерлердің сан қилы дүниетанымдары, ұлтжандылық пен кеңес саясатының санаға сіңірген идеологиясы арасындағы

кереғарлық қоғамдағы шиеленісе бастаған көзқарастар қақтығысын – 1980-жылдардағы шынайы өмірдің бет-бейнесін өрнектейді. Алаңға аяқ астынан барып қалған Ақмарал «шындыққа бір-ақ күнде көзім ашылды» деп ағынан жарылса, Қайсар – ұлтын кемсітуге, отаршылдық психологияға ашық түрде наразы. «Кенесарының аруағын тірілтемін деп сотталып, 10 жыл Сібірде болып келген» Баймырза бүгінгі қайсар мінезді жастарды, ұлттық санасы оянған жаңа ұрпақты жоғалтқанын тапқандай болып, іштей қуана қарсы алса, кеңестік қудалаудан әбден аузы күйген оның бәйбішесі Талшын әр нәрседен сақтанады. Мария Петровнаның «бақыт» дегенді қарны тоқтық, көйлегі көктікпен ғана өлшеуі, шын мәнінде, қазақ халқының ұлттық мұраттарына деген немқұрайлы көзқарасын ғана айғақтайды. Ашығын айтса, оның «Бұл қазаққа басқа не керек?» деген «аңғал» сұрағының астарында орыс халқының империалистік пиғылдағы өктем көзқарасы бұғып жатпағанына кім кепіл? Ал қандай мәселеге қатысты дау туса да, басты көзірі – партбилет болып табылатын қызыл коммунист Тимур Қалдыбаевичтен де ұлтқа жанашырлықты күтудің қажеті жоқ. Ол жеке бас мүддесі мен партия саясатын үйлестіре білетін, өз заманының айдарынан жел ескен пысықайы. Осындайлардың күні өтіп бара жатқандығын драмадағы Ақмарал, Қайсар сынды елжанды өрелі жастар бейнесінен аңғаруға болады. Себебі драмадағы Желтоқсан оқиғасы ұлт тәуелсіздігінің толғағы жеткен тарихи мезетін кейіптейді. Осылайша, «Желтоқсан түні» драмасындағы басты ұлттық құндылық ретінде қазақ елінің тәуелсіздігі, ұлттық сананың жаңғыруы мәселелері мейлінше ашық пайымдалған.

XX ғасырда адамзат қоғамы мәдениет, ғылым мен білім, медицина, технология, т.б. салаларда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Алайда ғылымның зор трагедиясы оның пайдасы мен зиянының қатар жүруінде. Ғылым әуел баста ізгілік жолындағы ізденістерден тамыр тартатын. Өткен ғасырдағы адамзаттың өзін-өзі жоюға бағытталған өлермен ізденістері ядролық қару атты жойқын күшті ойлап тапты. Осы орайда Семей полигонын тек қазақ ұлтының ғана емес, жалпыадамзаттың басына төнген ауыр трагедия ретінде зерделеген жөн.

Баққожа Мұқайдың «Заманақыр» (О. Сүлейменовпен бірігіп жазған, 1991) трагедиясындағы оқиғалар 1953-1983 жылдар аралығын қамтиды. Қазақ драматургиясында тәуелсіздік жылдары полигон зардаптары туралы жазылған Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» трагедиясымен тақырыптық үндестік, идеялық сабақтастық айқын сезіледі. «Заманақыр» Семей полигонындағы

жарылыстардың басталуы мен соның алғашқы отыз жылдағы салдарын суреттесе, «Мәңгілік бала бейнеде» ядролық сынақтардың қазақ ұлты үшін ғасыр қасіретіне айналғаны айқын бейнеленеді.

«Заманақырда» Салиха ана мен оның балаларының трагедияға толы тағдырлары арқылы полигоннан зардап шеккен бүкіл халықтың қайғы-қасіреті бейнеленеді. Драмадағы Салиха мен Оспан, Мәлике мен Дастан сынды жастар, бала Әли, «партия қайда жұмсаса, сонда» деп ұрандап, коммунизм идеясына ынты-шынтысымен берілген Нарбек пен полковник Власов бәрі де – жарылыстан зардап шегушілер. Драматург осынау бүтін бір әулетті жұтып жіберуге шақ қалған айдаһар – ядролық сынақ кім үшін, не үшін қажет деген риторикалық сауалға жауап іздейді. Әрине, жасау анық: кінәлілер – билік басындағылар. «Қауіпсіздік» желеуімен осыншалық жойқын күшті қаруды ойлап табу, шындығында, билік тізгінін ұстағандардың Құдай жаратқан тіршілікті жоюға бағытталған адами мейірімнен ада, жауыз пиғылынан туған.

Шығармада Салиха, оның балалары Мәлике, Әли басына түскен барша ауыртпалықты Алладан келген іс, көнбеске шара жоқ деп мойынсына қабылдаса, Дастан жақсылық атаулыдан мүлде күдер үзген. Себебі анасы мен үш бауырының айықпас дерттен қаза болуы, мына жалғанды көре сала, көз жұмып, бақиға аттанған жеті бірдей сәбиінің қайғысы Дастанның еңсесін езіп жіберген. Басына төнген қасірет үшін кімнен жауап аларын білмей аласұрған жігіттің: «...Менің пешенеме Құдай қайғы мен қасіреттен басқа ештеңе жазбапты, әкри. Ә-ә-й-й, қолыма түссе, сол Құдайыңның шыбын жанын шырқыратып суырып алар едім. Аямас едім, аянбас едім...» [7, 261], – деуі оның Жаратқан иеден де күдер үзгендігін айғақтайды. Бірақ Дастанның бұл зауалдың өзі секілді адамдардың қолынан келгендігін түсінуге мұршасы жоқ. Құдайынан, жақсылық атаулыдан үміті үзілген жігіт үшін күнә, кешірім, рахым ұғымдарының мәні жойылған. Жер дүние бей-берекет хаосқа айналған. Белгілі бір дәрежеде ситуацияның Дастан үшін заманақыр секілді көрінуі заңды. Жарық дүние тамұққа айналған мына заманға лағнет айтқан Дастан Жаратқаннан да именер емес. Аяқ-қолсыз сегізінші сәбиінің дүниеге келуі оның төзімін ақыры шегіне жеткізіп тынды. Айықпас жан жарасына дауа таппаған бейбақ алдымен «томар» болып туылған перзентін, сосын өзін бақилық қылады.

Әскербасы Власовтың «Біз Құдай бола алмадық. Құдай боламын деген талайдың масқараға ұшырағанын білеміз» [6, 274], - дейтін

сөздері, сайып келгенде, социализм идеологтарының өзін Құдаймен теңестірген астамшылдығын айғақтайды.

Осы тақырыптағы Роза Мұқанованың «Қызжылаған» пьесасы «Мәңгілік бала бейне» деген атпен сахнада қойылып жүр. Шығарманың көркем әлеміндегі жалпы психологиялық-эмоционалдық ахуал зарлы, шерлі. Сынақтан зардап шеккен жұрт қатары күн санап сиреуде. Қарауылдың басында азалы үн толастар емес.

Пьесаның бас кейіпкері Ләйлә – атомдық сынақтар жасалған жарылыс даласының дәл кіндігінде туған зағип қыз. Мүгедектігінен, жетімдігінен жуасып, жасып қалған шарасыз қыз үнемі жұрттан жырақ жүреді. Оның жан сырымен бөлісер жалғыз сырласы – Ай ғана болса, өзін бақытты сезінетін жанына жайлы мекен – Тереңсай. Себебі мұнда оның сыртқы мешелдігіне көзін сатып, сұқтана қарайтын адамдар жоқ. Жаны мейірімділік пен махаббатқа зәру жас қыз өзін осы жерде ғана еркін сезінеді.

Пьесадағы Шөкіш - «Заманақырдағы» Дастанның образын еске салады. Отбасының, халқының басына түскен қайғылы халден есерсоқ жындыға айналған кейіпкердің зары жан түршіктіреді (баласын мүгедек болып туылғандықтан, өскенде елден зәредей қорлық көрмесін, азаптанбасын деп суға ағызып жіберген. Қанды қолының қылмысын, ішін күйдірген қасіретін ұмытамын деп ақыл-естен де айырылған).

Шығарма оқиғаларының тізбегі ХХ ғасырдың соңындағы – тоқсаныншы жылдардағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік жағдайын шынайы суреттейді. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары депутаттыққа үміткер азаматтар мен азаматшалар соңынан шашпауын көтеріп, сөзін сөйлер нөкерлері мен сал-сері артистерді ертіп ауыл-аймақты аралауды «дәстүрге» айналдырғаны белгілі. Осындай бір топ пьесада Қарауылға да келіп жетеді. Қайтсе де көп дауыс алуды көздеген топ жергілікті халықтың қайғы-мұңын өз мүдделеріне пайдаланбақшы. Осы мақсатта Ләйләні «бетке ұстап», митинг өткізуді бұлар үгіт-насихаттың таптырмас әдісі деп табады. Жас қыздың жарық дүниеден баз кешіп, өлімге бой алдыруымен драма оқиғасы түйінделеді. Адамдардың ізгіліктен беті аулақ зұлық идеяның жетегіне еріп, атом бомбасын ойлап табуы сынды ұлы адамзаттық проблеманың аясында қазақ қоғамындағы мәнсапқорлық мен атаққұмарлық, ел қайғысын пайдасына жаратқан аярлық сынды қылық-мінездер көзге көрінбей де қалуы мүмкін. Автордың айтайын деген ең басты ойы адамзаттың бойынан зұлымдықпен күресу, қайғыға ортақтасу сынды мейірімділікке



негізделген моральдық-адамгершілік сапа деңгейлерінің төмендеп бара жатқандығы болса керек.

Тәуелсіздікпен бірге ел табалдырығынан аттаған саяси-экономикалық, мәдени жаңалықтар қоғам кейпін айтарлықтай өзгертіп жібергені рас. Ұзақ жылдар бойы үстемдік құрған кеңестік державаның күйреген тарихи мезетін, образды түрде, алып Титаниктың құрдымға кеткен аласапыран күйіне теңеуге болар еді. Он бес республиканың, оның ішінде бірнеше ұлттар мен ұлыстардың саясаты мен мәдениетін, экономикасын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған алып державаның «дәм-тұзы» түгесіліп, тарам-тарам болып ыдырауы сол кезде ел көңілінде әуелі үлкен үрей тудырған болатын. Жетпіс жыл бойы коммунизм жайлы санаға сіңірілген тәтті қиялға, шын мәнінде, бұқара халықтың басым бөлігі құлай сенетін. Ал осы жарқын болашақ жайлы алып арманның санаулы минуттарда тас-талқан болуы елді түрлі толқуларға салды. Біреулер «құрдымға кеткен алып кемеңіз» артынан аза тұтып, өткенін аңсады; енді біреулер елінің кемел келешегіне бастар сара жол іздеп шарқ ұрды. Халық болашағы жайлы үміт пен күдік аралас ой-толғамдарды сол кезде босағадан бас сұққан нарықтық экономика тығырыққа тірегендей еді. Ең бастысы, өзгеге кіріптар күндер артта қалды; ел тарихы мен мәдениетіндегі ойсыраған тұстары түгенделіп, ұлттық жады жаңғырды. Ұлттық түлеу кезеңінде өмір сүріп жатқан ел бейнесі бүгінгі драматургияда қаншалықты толымды көрініс тапты деген сауал туады. Осыған орай тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген бірқатар драмалық шығармалар талдауға алынды.

1991-2013 жылдар аралығындағы отандық драматургияда көтерілген басты мәселелерге зер салу арқылы олардағы бірқатар өзекті тақырыптар анықталады. Тәуелсіздікпен бірге келген нарық заманының мәдени-рухани өмірге әсер-ықпалы (рухани құндылықтар жүйесінің қайта пайымдалуы, нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік, қылмыс, т.б.), әлеуметтік тұрмыстағы көкейкесті мәселелердің (тапшылық, жұмыссыздық, баспанасыздық, т.б.) драматургтердің басты назарына алынды.

Әкім Таразидың «Муза» (1995) атты екі бөлімді драмасы Абай дәуірі мен бүгінгі күнді салыстыра зерделеп, қоғам дамуындағы өзгерістерді саралауға арналған. Бір жағынан, Абай айналасын өзгеше көзқарас ракурсында зерделейтін автор оның маңындағы адамдардың көмескі тартқан өмірлеріне жарық түсіруге тырысады. Мәселен, Тоғжан мен Аққозы отбасындағы жұбайлық қарым-қатынастар Тоғжанның жеке драмасына құрылған. «Сүйгені Абайға қосыла алмаған Тоғжан сонда кімге бұйырды екен?» дейтін сауал

кез келген адамның ойына келері анық. Ә. Тарази шығармашылық эксперимент жасай отырып, осы ситуацияны өзінше зерттейді. Аққозы өмірлік мұраттары тұрғысында Абайға мүлде кереғар адам. Күйкі тұрмыс-тіршіліктің қамынан өзгені ойлауға шамасы жоқ Аққозы «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» дейтіндей парасат деңгейінен табылмайды. Авторлық шешімде бүгінгі күннің Аққозысы сол парасат-пайымымен-ақ дүниені жалпағынан басқан, айдарынан жел ескен, жолы болғыш, «елге сыйлы» шенеунік. Өткен замандағы шерлі Тоғжанның бүгінгі күнде тотыдайын сыланған еркесылқым бикешке айналуы автор тарапынан жасалған кеңдік, өткен күндердің өтеуі сынды көрінеді. Ал сол ескі дүниедегі Абайдың орнын қазірде үйсіз-күйсіз, елге сыйсыз бомждың басуы арқылы рухани қазынаның бүгінгі құнсыздануы мегзеледі. Драматургтың осымен идеялық-көркемдік тұрғыда сарындас туындысы «Ақын, періште, махаббат» деп аталады. Мұнда автор Мұқағалидың ақындық тұлғасын сомдау негізінде қоғам өміріндегі рухани шығармашылықтың орны мен ролі жөнінде толғанады.

Төлен Әбдіковтың «Біз үшеу едік» атты екі актілі пьесасында курстастар Мұрат, Дариға мен Өмірбек арасындағы тартысты диалогтар арқылы өмірдің мағынасы, шындық пен әділдік сынды жалпыадамзаттық мәнге ие мәселелер жан-жақты зерделенеді. Кезінде жұптары жазылмаған жақын достардың кейін өмірде түрлі жол таңдауы олардың жеке бастарының құндылық бағдарын айқындайды. Мұрат өмір бойы шындықтық шырақшысы іспетті, алған бетінен таймай, өз идеясын дәлелдеумен келе жатқан адам болса, Дариға – тағдыр соқпағындағы бұрылыстарда алған бетінен адасып, опық жеген жан. Ал оның бұрынғы ері Өмірбек жарық дүниеде ешкімге және ештеңеге байланып қалмайтын, тіпті жанына жақын адамын жоғалтса да, оның орнын тез толтыра салатын сезімсіз адам.

«Адам бойындағы ізгілікке, тазалыққа сену соншалықты қиын» [8, 248], - дейтін Мұрат адамзат қоғамының ар-ұят сынды рухани құндылықтардан қол үзіп бара жатқандығын тілге тиек етеді. Сырлас құрбысы Дариғаның іс-әрекеттері оны осындай пессимистік ойларға жетелейді. Бұр сәттік сезімге бой алдырып, жарының көзіне шөп салған Дариға шаңырағының ойрандалуын өзінің опасыздығынан емес, Мұраттың шыншылдығынан, мына заманда көк тиындық құны жоқ адалдығынан деп біледі. «Платон менің досым, бірақ Ақиқат одан қымбат» дейтін нақылдың жетегімен Дариғаның «қылмысын» Өмірбекке жайып салатын Мұратты кінәлауға бола ма? Егер ол осы құпияны ашпаған жағдайда Өмірбек

пен Дариғаның жанұясы аман қалуы мүмкін. Бірақ жарының алдындағы сатқындығы Дариғаның бұрынғы бақытын сақтай алар ма еді? Шындықты жасыру өтірік айтумен тең деп есептейтін Мұраттың жанын осындай сауалдар жегідей жейді. Бұл өзінің дұрыс қадам жасағанына күмән емес, қоғамның рухани азғындап бара жатқан беталысына қынжылыс екені анық.

Шерхан Мұртазаның «Домалақ ана» пьесасында Домалақ ана образы арқылы мейірбанды пен парасаттың биік үлгісі паш етіледі. Ұлттық салт-сананы қадірлей білетін, жақынға да, жатқа да бірдей қамқор, өмірдің ызғарлы суығына жүрек жылуын тонатпаған Домалақ ана – Нұриланьң бейнесі белгілі бір мөлшерде романтикалық сипатқа ие. Өмірден, айналасынан теперіш көрген жандардың бүгінгі азбан тіршілігі ұлттық тәрбиенің қайнар көзі болған кешегі Домалақ аналардың жоқтығын танытады. Тағдыр тәлкегіне ұшыраған Ұлту, араққұмар Жарас, Аманқұлдардың адам кейіп-кескіндегі бұрынғы өткен замандағы қазақы болмыспен салыстырғанда ұсақтап кеткендігін, ұлттың ұлы мұраттарының тарих асуларында қалғандығын «Домалақ ана» драмасы нақты дәлелдейді.

Ш. Мұртазаның «Жалғызүйлік зілзала» («Жетімбұрыш») драмасында тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы елдегі қоғамдық-әлеуметтік жағдай суреттеледі. Қоғамның рухани, әлеуметтік дағдарыстары баспананың жоқтығынан тығырыққа тірелген Сабырақ, екі жеп биге шығамын деп опық жеген Сандуғаш, тастанды сәби бейнелері арқылы көрініс тапқан.

Сәкен Жүнісовтың «Қылмыскер» атты трагедиялық драмасы қазіргі қоғамның көлеңкелі жақтарына жарық түсіретін шығарма. Шығарманың аты айтып тұрғандай, оқиғаға қатысатын кейіпкерлер де қоғамның көзден таса, қараңғы қапас қия-қалтарыстарында күнін көріп, тіршілік етіп жүрген жандар. Олар – көр қазушы Шалам мен Әлемқұл. Елдегі әлеуметтік ахуалдың күрт төмендеуі қылмыстың өсуіне, қоғамның рухани азғындауына әкеліп соққандығы драмаға арқау болған сюжеттік оқиғалар негізінде ашылып отырады. Шын мәнінде, «Адамдар көбейсе, көр де көбейеді. Мен үшін көп туылып, көп өлгеннен артық тілек жоқ» [9, 322] дейтін Шаламның философиясы оның өмірлік ортасынан алынған. Күнделікті табысты, қамсыз тіршілікті адам өлімімен өлшейтін көр қазушының моральдық-адамгершілік ұстанымдары өмірдің қатігез заңдылықтарына бағындырылған. Ол бұдан артық барақатты, баянды тіршілікті көзіне елестете де алмайды. Осындай тіршілік философиясымен өмір кешетін қоғамдық ортада махаббат, ақиқат,

адалдық, т.б. асқақ идеалдар жөнінде сөз қозғаудың өзі артық көрінеді.

Дулат Исабековтың «Ескі үйдегі екі кездесу» атты драмасы да қазіргі заманның келелі мәселелерін қозғайтын шығармалардың қатарынан орын алады. Бір-бірін танымайтын Айтөре мен Зейнептің өзара сұхбатында әрқайсының өмірден көрген қиыншылықтары сөз болады. Екеуі де – қоғамның қатігез келбетімен бетпе-бет келген жандар. Кейіпкерлердің өмірлік тәжірибелерінен тіршіліктің мынадай келбеті ашылады: қазіргі қоғамда адам қанын мойнына жүктеп, еш уайымсыз өмірін жалғастыра беретін, арсыз, ұждансыз, жүгенсіз, қайырсыз адамдар көп; әрине, Зейнеп сынды кісікіік қала тірлігінен жүрегі тоңазымаған, кеңпейілдік, мейірімділік, қамқорлық, сенім сынды адами қасиеттері мұқалмаған адамдар да баршылық. Бірақ зұлымдықтың мысқалдай мөлшерінің өзі қоғамға дерт әкелетіндігі – өмірдің қатал заңдылығы.

Сұлтанәлі Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр» (1997) пьесасында жалпыадамдық құндылықтар отбасылық мәселелер аясында зерделенеді. Күміс тойларын жақын туыс, дос-жаран арасында атап өткен Қайырбай мен Фарида шығарма басында ынтымақ-бірлігі ұйыған үлгілі отбасы болып көрінеді. Екеуі де өмірде жеткен жетістіктері бар, орталарына сыйлы жандар. Жанұялық өмірдегі осындай айтулы кезеңде шаңырақты шайқап кететін тосын жайт – Қайырбайдың ашынасы Нәзікештің пайда болуы. Жиырма бес жыл отасқан жары Фариданың өзіне деген қалтқысыз сенімі мен махаббатын аяқ асты етіп, өзге біреумен көңіл жарастыратын Қайырбайдың ғұмырлық мақсат-мұраттары күңгірттеу. Қызмет жолында табысқа кенелген Қайырбайдың отбасылық өмірі де сәтті көрінеді. Сонда оның өмірдегі бар қымбат қазынасы – отбасын тастап, Нәзікешпен серілік құруын неге жоруға болады? Егер Қайырбай Нәзікешті құлай сүйіп, онымен жарасты отбасы құруға бейіл танытқан болса, сезім сергелдеңіне түскен азаматтың бұл қылығын ақтап алуға болар еді. Орта жасқа таяған шағында жары Фариданың, тіпті Нәзікештің алдында осыншалық жауапсыздық танытуы оның азаматтық ар-ұжданына нұқсан келтірері сөзсіз.

Баққожа Мұқайдың «Тойы көп үй» атты драмалық хикаясында мұңы мен күлкісі қатар жүретін өмірдің қым-қиғаш кескін-кейпі кестеленген. Шығармадағы әр кейіпкер – өз алдына айшықты бедерленген өмір жолы бар тағдыр иелері. Көмек сұраған жанның бетін қайтармайтын, жатсыну, жатырқау дегенді білмейтін Заңғар мен оның жайдары мінезді ақкөңіл жары Назгүлдің Алматыдағы небары «бір жарым бөлмелік» пәтерлерінің есігі кімге де болса айқара

ашық. Бұл үй – тастанды сәбиге де, жалғыз қалған қарияға да (Шорабай шал), туған отбасы, ошақ қасына сыймаған қарт анаға да (Гүлшара әже), көлденең киліккен жолбикемен көңіл қосқан өмірлік жарына өкпелі жас келіншекке де (Гүлназ) ортақ пана болған шынымен киелі шаңырақ.

Көңілі таза адамдарды жанына жақын тартып жүретін, түсі игіден түңілмейтін бауырмал Заңғар бейнесі арқылы автор «риясыз жақсылық жасай алатын адамдар ортамызда бар» деп жар салатындай. Қиналғанға қол ұшын бергіш, панасыз, қорғансыз пенделердің желеп-жебеушісіндей әрдайым қастарынан табылатын жігіттің көңілі жомарт, жаны жайсаң, жары да өзіне лайық кең пейілдің адамы. Табалдырығынан аттаған бейтанысты Қызыр келгендей құрметтейтін Заңғар, шынымен де, осы бір қайырымдылығының өтелгенін тілемейді. «Адамның күні адаммен» деген биік философиялық қағиданың парқын терең түсіне білген, жабылмас есік пен жиылмас дастархандай дархан көңілді жігітке сайып келгенде осы қонақжай тіршілігінен, мейірімділікке мұқтаж жандарға құшақ жайғаннан артық ешнәрсенің қажеті де жоқ.

Дулат Исабековтың «Алтын тордағы тоты (Актриса)» драмасының кейіпкері – Айгүл Асанова есімді өнер саңлағы. «Театр – менің екінші үйім. Әлде бірінші үйім десем бе екен?» [10, 192], - деп шынайы толғанатын актрисаның жаратылыс-мінезі күрделі. Әйел, отанасы ретінде қарасақ, оның отбасынан қызметін, театрды жоғары қойғандығын кемшілік деп танитынымыз рас. Дегенмен Айгүлдің тұлғасын асқақтатып тұрған да осы қасиеті екенін мойындау керек. Тәуелсіздікпен бірге ел табалдырығынан аттаған нарықтық экономика заманында құндылықтар жүйесінің қайта зерделенуіне байланысты материалдық әлем басым мәнге ие бола бастады. Мұндай үрдіс ұлттық рухани көркем мәдениетінің дамуына айтарлық кедергі тудырғаны белгілі. Ішер ас-су қарапайым жұртшылық үшін күнделікті тіршіліктегі басты «құндылыққа» айналған алмағайып заманда ұлттық театрлар көрерменсіз, ал актерлер қауымы жалақысыз қалды. Айгүлдің осындай уақытта театрды туған табалдырығынан да қасиетті санап, оған бас июі – оның өнеріне адалдығы.

Шығармаға арқау болған идеяның бір ұшын қашанда ұлт мәселесімен сабақтастыратын Д. Исабековтың қазақ театрының бүгіні мен келешегі жайлы толғамды пікірлері Айгүл мен режиссер-Самат диалогтарында біршама өрбіген. «Бұл жерде не қызық қалды? «Ел үшін, ұлт үшін, халық үшін!» Бәрі жалған сөз, жалаң ұран! Ел үшін егіліп жүрген ешкім жоқ. Шетелде еден сыпырушы болсаң да

бұл жердегіден он есе артық өмір сүресің» [10, 208], - дейді Самат. Өнерге коммерциялық көзқараспен қараудың белең алғандығы туралы өкінішті жайттар – бүгінгі мәдениет пен өнердің басындағы ахуал.

«Мен қазақ сахнасында туылдым, қазақ сахнасында көз жұмам» [10, 208]. Намысшыл актриса өнерін саудаға салғысы келмейді. Елде етек жайып бара жатқан кедейліктің, тапшылықтың, нарық заманының қоғамдық санаға салқын әсерін тілге тиек ете отырып, актриса өнер саңлақтарының ақша, атақ, бедел мен абырой үшін шетелге кетіп жатқандары жөнінде тебірене сөйлейді. Режиссері әрі күйеуі Саматтың «Ертең қазақ театрының ешкімге керегі болмай қалса қайтесің?» тәрізді қыңыр сауалына жауабы әзір. Бұдан әлдеқайда ертеректе келісім жасасып, Италияға аттанғалы отырғандығын жарынан жасырған Саматтың арамдығына қайран қала отырып, Айгүл ашына тіл қатады: «Онда ең соңғы қазақ көрерменіне ең соңғы ойын көрсететін актриса мен боламын!» [10, 208-209]. Жоғары пафоста айтылған сөздер Асанованың жасандылықтан ада, шынайы отаншыл тұлғасын алға тартады.

Баққожа Мұқайдың осымен тақырыптас «Тәлкек тағдыр» атты драмасындағы Айсұлу – Д. Исабековтың Айгүліне кереғар образ. Көптен күткен жұлдызды рөліне қол жеткізу жолында отбасынан, әйел, ана бақытынан айырылған Айсұлу мен Айгүл тағдырларында ұқсастықтар да жоқ емес. Бірақ Айсұлу жеке тағдыр иесі деңгейінде ғана көрініп, өз қателіктерінен опық жеген кейіпкерді сомдаса, Айгүл Асанова одан әлдеқайда ірі әрекеттерімен көзге түседі. Өз өмірін ұлттық өнер жолына сарп еткен әйелдің жеке отбасылық драмасы басты назарда емес. Айгүл ең әуелі – ұлттық өнер саңлағы. Мұндай айырым белгілер, әрине, авторлық идеяға тікелей байланысты.

Роза Мұқанованың «Шатыр астындағы Мен» трагикомедиясының басты идеясы – жекелеген адамдардың өмірлік құндылықтары туралы тікелей авторлық көзқарас позициясынан қоғамға зер салу. Кейіпкерлер өздерін «Шатыр астының халқы» деп атайды. Драматург шатыр астындағылардың бір күндік өмірі негізінде олардың қилы тағдырларын, адами қасиеттерін айқындайды. Күнделікті қызмет бабындағы қарым-қатынастың өзі-ақ пьеса кейіпкерлерінің бір-біріне ұқсамайтын түсінік-танымдарын, өмірлік мақсат-мұраттарын әйгілейді.

Мекеме басшысы Сапақ Саталович әр жерде бір бой көрсеткенімен, оның ішкі әлемі беймәлім, айналасына көзқарасы бейтарап күйде қала береді. Пьесада оның өзінен гөрі отырған

креслосы – қызмет сатысы мәндірек көрінеді. Осының өзі қазіргі қоғамдық түсінікте адамнан гөрі заттық құндылықтардың жоғары бағаланатындығын көрсетеді.

Ішкі әлемі неғұрлым айқара ашылып, тип ретінде танылатындардың бірі – Анти-Шрек. Оның көкейін тесіп, түнде ұйқылан, күндіз күлкіден айырған «дерт» Сапақ Саталовичтің лауазымы екені сөзсіз. Өзінен жоғары лауазым иесінің алдында маңдайы жерге тигенше иілуді ар көрмейтін, ал төмен сатыдағы қызметкерлерге мұрын шүйіре қарайтын мансапқорлығы Анти-Шректі заманауи типтік бейне дәрежесіне жеткізген. Буфо – адал, жаны таза адам. Оның жолы болмай жүргендігі, өз өміріне көңілінің марқаймауы да содан. Айналасындағылардан жапа шегіп, «екі түйе сүйкенсе, ортасында қалып» күн кешуге еті үйренген азаматтың өмірі екіұдайы. Өз мақсат-мүддесі, шындық пен әділет үшін тартысқа түсуге қауқарсыз Буфо Анти-Шрек сияқтылардың ығымен жүруге, солардың айтқанына көнуге мәжбүр. Беймоның (Беймезгілдің) тарапынан өзіне қарата айтылатын ащы сынға ұқпаған, естімеген сыңай танытуы Буфоның моральдық әлсіздігінен хабар береді. Оның жалғыз қорғаныс амалы – Анти-Шрек сынды типке ұқсас адамның бет-пердесімен тіршілік кешу. Мысалы, ол аяқ астынан болған зілзаладан көз жұмған Анти-Шректің қазасында марқұм туралы жалынды жалған сөз сөйлей салуды ар санамайды. Бірақ ішкі әлемі мүлде бөлек. Ішкі көңіл зердесімен тіршілік құбылыстарын жіті бақылай білетін, шынайы талант пен хас өнерді саралай, бағалай білетін азамат. Түптеп келгенде, драматургтың осы шығармадағы басты көркемдік табысы да осы Буфоның күрделі бейнесіне тікелей байланысты.

Қара қылды қақ жарып, әділін айтуға бейім, ерекше мінезді Беймезгілдің (Беймо) образы пьесада жеткілікті дәрежеде сомдалмаған. Ол тек авторлық позиция тұрғысынан пьесаның ішкі қабатында жекелеген кейіпкерлердің мінін ашық айту үшін ғана қызмет ететіндей. Басқаша айтқанда, Беймо – драма мәтінінде авторлық ремарка орнында жүретін көлеңке образ. Мұндай ой Беймоны тұлғаландыра түсіп, бірінші планға жылжитса, пьесаның идеялық құндылығы арта түсер ме еді деген пікірден шығады.

Пьесада қарым-қатынас аясындағы жалтақтық, жағымпаздық, бір-біріне тәуелділік сынды еркін тыныстап өмір сүруге, шынайы құндылықтарды бағалауға кедергі келтіретін жағымсыз құбылыстар әшкереленеді. Бұлар, шындығында – қай дәуірде де өзекті мәнге ие болған мәңгілік проблемалар. Адамзаттың өзін-өзі кері тартқан осындай кеселді мінездерінен арылар күн қашан туар екен дейтін



ой драманың тұтастай көркемдік әлемінен де, ақиқатқұмар Беймоның көзқарастарынан да жар салып тұрады.

С. Асылбекұлының «Күзгі романс» драмасында отбасылық драма деңгейінде көтерілетін проблемалар өмірге деген прагматикалық, идеалистік көзқарастардың бітіспес тартысынан тамыр тартады. Пьесадағы екі шаңырақты да шайқайтын мәселе – ерлі-зайыптылардың өзара түсініспеушілігі, өмірлік мұраттардың қайшылығы. Мәселен, Сюзанна дүниеге, айналасына романтик көзімен қарайды. Ол жан әлемінде аялап келген асыл армандарының орындалуын күткен әйел. Сайып келгенде, оның бар тілегі – әйел бақыты (сүйікті жар болу, бала тәрбиелеу). Ал оның ғұмырлық жолдасы Әлібек үшін отбасылық құндылықтардың орнын әлдеқашан ашкөз дүниеқорлық пиғылдар басып қалған. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дегенді бұлжымас қағидаға айналдырған жігіт өмірден өзіне тиесілі бақ-дәулетті молынан қарпып алғысы келеді. Сюзаннаның жанын түсінер, сырлас, мұңдас адам іздеуі осыған байланысты. Ал отбасы ойран болып жатқанда, алаңсыз шарап ішіп, өзге біреуге сөз салумен әуре болатын Сайлаудың өмірлік аңсар-мұраттарын түсіну қиын. Рухани-эстетикалық дүниеқабылдауы жағынан әсершіл, романтик, ұлт мүддесіне де немқұрайды қарамайтын кейіпкердің міні қадірлі отағасы, шаңырақтың ұйтқысы дәрежесінде көріне алмауында.

Өмірге деген прагматикалық көзқарастары тоғысқанмен, Назым мен Әлібекті бір деңгейдегі кейіпкерлер ретінде қарастыруға болмайды. Себебі Назым отбасын асыраудың ауыр жауапкершілігін мойнына артып, жарғақ құлағы жастыққа тимей, күйбең тіршіліктің соңында кеткен әйел болса, Әлібек – қара бастың қамынан аспаған өзіншіл адам. Түбінде ол дәл өзі секілді ашкөз, дүниеқор адамдардың (екінші әйелі алаяқ болып шығады) озбырлығынан жапа шегіп, сазға отырады. Бірақ өмір опық жегізсе де, Әлібектің көкейін тескен жалғыз арманы келесідей: «... бір жылдан кейін мен қайтадан байимын. Миллионер болам! Доллармен есептегенде!.. Осы уәдемді орындамасам, ит боп кетейін!...» [11, 401].

Сайлауға тән мінез босандығы, бір жағынан, Б. Мұқайдың «Ғашықсыз ғасырындағы» Қайырбайды еске салса, енді бір жағынан, Софы Сматаевтың «Көгілдір такси» атты лирикалық драмасындағы Қайыржанмен де ұқсастық қырлары бар. Мұның өзі бүгінгі заман ер-азаматының ұсақтап кеткен кейпін – бос белбеу, болбыр болмысын аңғартады. Бір сәттік сезім-күйге бола жан жарынан, баласынан қол үзіп қалған Қайыржан, бір жағынан, Сайлаудың

келешектегі кейпі тәріздес. Қайыржан курстасы – министрдің қызы Клараның қармағына ілігіп, отбасынан, тұнық жастық арманынан айырылған еді. Дүние, билік, мәнсаптың шырмауында қалған азамат ішкі жан дүниесімен кезінде өзі опасыздықпен тастап кеткен жақындарын сағынумен күн кешеді. Ол өмір бойы кінә жүгін үнсіз арқалап келген жан. «Мен бүгін полковникпін. Ертең генералын да бермек. Бірақ одан не пайда. Жанымның рахаттарын карьераға алмастырып, өзімді-өзім тонаған қарақшымын мен...» [12, 169], - дейтін сөздер полковниктің өзегін жарып шыққан ақ-адал сыры болғанымен, сыртқы болмысы екіұдайы: адал заң сақшысы болуды асқақ арманға балаған бір кездердегі Қайырбай енді «екі жеп биге шыққандай» қызмет жолында өсудің жеңіл соқпақтарымен жүреді. Өзінше принципшіл: қоғамның, ұлттың бетіне шіркеу болған нашақор қазақ жастарымен, қылмыскерлермен күреске барын салады. Жоғары лауазымдылардың алдында жағымсынуды да артық көрмейді. Оның үстіне бірбеткей принципшіл болуға Гога, Вахит тәрізді сыбайластары да мұрша бермейді.

Рахымжан Отарбаевтың «Нашақор жайлы новелла» атты пьесасы ХХ ғасырдың кеселді дерті нашақорлық тақырыбына арналған. Бас кейіпкер Жалқытай – құдайдан тілеп алғандықтан, әке-шешсі бетін қақпай өсірген жалғыз бала. Елірген нашақорлар тобына қосылған Жалқытайдың бір «доза» үшін шаңырақтың құтын қашырып, ата-анасының өмір бойы жиып-терген берекелі дүниесін үйден түзге – Кәмила (алаяқ әйел, наша сатушы), шеф (полиция майоры) тәрізді қылмысты ортаға таситын әрекеттері ойдан шығарылған, қиялдан қосылған дүние емес. Әлдекімдердің арбауымен жасөспірімдердің кеселді ортаға түсіп, түпсіз терең шыңырауға құлаған соң одан қайтып дін аман шықпайтыны – өкінішке орай, заман шындығы.

Драманың финалына жақын соңғы эпизодтардың бірінде автор көздері көрмей қалған зағип жандардың адасып жүрген тобын сахнаға алып шығады. Өмірін алдамшы қиялмен өткізген, енді тіршіліктен өз орнын таба алмай әуре-сарсаңға түскен бейбақтарды автор осылайша бейнелеген. Сол топтың ішінде жеті-сегіз жылын нашақорлықтан емделуге жұмсап, туған әке-шешесі мен сүйген Тоғжанынан көз жазып қалған Жалқытай да бар.

Ғасыр дертіне айналған нашақорлықтың қоғамға алып келген кеселдерін ұлт аясында ғана зерделеуге болмайды. Бұл – жалпы адамзатты толғандыратын өзекті мәселе.

Жалқытай теріс жолға түсіп кеткенде оның әке-шешесінің жанында сүйеу болып қалған Тоғжан болатын. Сөйтіп туған ұлдарынан топырақ бұйырмаған қасіретті жандарды соңғы сапарға

Тоғжан шығарып салады. Пьесадағы жаны ізгілік нұрына толы жандардың бірі (олар көп те емес: Жалқытайдың әкесі мен шешесі, сүйген қызы) Тоғжанның бойында өмірге деген құштарлық, зұлымдыққа қарсы тұрар қажырлы қайрат бар. Тоғжан үлкен қателікке ұрынған Жалқытайға кешіріммен қарайды. Асылы, өзін арсыз алаяқ Кәмилаға айырбастап, ата-анасының көз жасын көл қылып жерге қаратып, жарық дүниенің барша ізгілігін нашаның алдамшы әсеріне сатып кеткен Жалқытайды кешіргенде, Тоғжан оның азған заманның құрбанына айналғанын мойындаған болар. Өмірге деген осындай асқақ көзқарасы мен кіршіксіз таза пейілі Тоғжанды бәрінен биік етеді.

Нарық заманының өзімен бірге алып келген ауыртпалығын, тұрмыс тәлкегінен дүниеқұмарлыққа бой алдырған жастардың қиын тағдырын баяндайтын Талаптан Ахметжанның «Екі жүрек» атты драмасы да жастарға арналған. Драмадағы орталық кейіпкер Төлеш – жаны таза, ақкөңіл жігіт. Бір ағаттығы – тұрмыстың, жетімдіктің ауыртпашылығын көп көрген жігіттің негізгі арманы байып, дәулет жию. Драмадағы негізгі тартыс та осы төңіректен тамыр тартады. Жаны таза жас жүректердің бақыт үшін күресі, түптеп келгенде олардың өз жандарын дүниеқорлық байлыққұмарлық сынды кеселді дерттен тазартуға бағытталған ішкі тартыстарды бейнелейді. Әуелде жүдеу тіршіліктерінің табалдырығынан оңай олжа сияқты аттаған есепсіз дәулетті аңғал жастар бастарына қонған бақ деп білген еді. Бірақ Айнұрдың тұрмыс тауқыметінен безініп, Түктіқол көкесінің қолтығының астынан пана іздегені де, жан жары Төлештің тасы өрге домалауы үшін араларындағы мөлдір сезімдерін тәркі еткендігі де шындық. Драмада Төлештің тұлға ретінде өзгеру сатылары айқын көрсетілген. Алғашында отбасылық тұрмыстың салмағын сезініп үлгермеген, өмірдің аққарасын әлі ажыратпаған Төлеш өзінің Айнұрға деген шынайы сезімін ол бәрінен жоғары қояды. Сүйгенімен отау құрып, өмірдің көлеңкесі мен күнгейі болатынына енді көзі жеткен уақытта Төлештің айналасындағыларға, құрығы ұзын мырзаларға деген өшпенділігі өршиді. Осы кезде ол өзінің бақыты ақшаға, мансапқа, байлыққа көгендеулі деген ойға келеді. Қоғамдағы әділетсіздік, қалталылардың мерейінің үстемдігі, жұмыстың жоқтығынан жәбір көру сияқты көріністер қанаты қатаймаған жастарды теріс жолға қарай итермелей түседі.

«Заманың түлкі болса, тазы боп шап» деген принципті ұстанып, айналасының арамза қағидаларын меңгере бастаған Төлештің сөздері мүлде басқа сыңайда. «...Қазір біреуге бірдеңе бермесең,

біреудің құлқынына бірдеңе тықпасаң ісің ілгері баспайды. Жең ұшынан жалғасып жатуың керек. ...Біреуге жайылып жастық боласың, біреуді жаншып таптап өтесің. Өмір солай» [13, 227], – дейді ол.

Пьесадағы Түктіқол мен Алдияр – Төлештің сырттай жек көретін, бірақ іштей ұмтылатын қоғам өкілдері. Түктіқол драмадағы тас мүсіндес кейіпкер тәрізді. Ол қашанда бұйыра сөйлейді. Және айтқанының бұлжымай орындалатынына сенімді. Қызы Айнұр көмек сұрап, қол ұшын беруін өтіне келгенде көкесі Түктіқол бейне бір құдіретті күш иесіндей өктем тіл қатады. Қызы тілеген бақ-дәулетке қол жеткізетінін, бірақ ендігәрі күйеуінің жүрек соғысын ести алмайтындығын ескертеді (Жалпы пьесада көркем ойластырылған «пульс», «тапанша кезелуі» сынды детальдар қазіргі заманның тынысын, әсіресе заңға бағынбайтын, қылмысты ортаның тіршілігін өрнектейді. Айнұр Аяқ астынан байлық пен бедел-абыройға кенеліп қалған жары Төлештің жүрек лүпілін естуге зар. Көркем элемент ретінде сахнаға лайықталған «пульс» – жүрек соғысы бір жағынан «дүниеге бой алдырған» жігіттің жансыз, мағынасыз өмірін айшықтауға арналса, бір жағынан баянды ғұмыр жайлы авторлық концепция жүгін арқалаған. Ал орталық кейіпкерлерге үнемі тасадан кезелетін қару (жарық көзі) қылмыстық әлемнің әрекеттерін, дүниенің тұтқасын ұстаған Түктіқол мен Алдиярлардың озбырлығын білдірмек). Түктіқолдың әке болып елжіремейтін, адам болып қуанып-күйінбейтін суықтығы, сірә, дүниенің бар қызығын қазіргі мансабы мен дәулетіне айырбастағандығында болса керек. Демек, Төлеш соның ізін басып келеді.

Алдияр – Төлеш айтқандай, біреуге жайылып жастық та бола алатын, біреуді жаншып таптап та өтетін, бірақ өзінің дегеніне қол жеткізетін нағыз озбырдың өзі. Ол ақшаға бәрін сатып алуға болады деп есептейді. Айналасындағы жағдай, оның сөзінің жаны бар екендігін дәлелдей түсетіндей. Бизнес атты түбі жоқ шыңыраудан шыға алмай, әбден шырмалған Төлешті қимас достары – Тұз, Дулат, Қапалақтардың сатып кетуі де сол ащы шындықты айғақтайды. Алдиярдың арамдығында шек жоқ. Ол өз залымдығына қарамай, Айнұрға кінә артқысы келеді. Бірақ Алдиярдың кей сөзінде шындық бары рас. «Арсыз қатындар байының төрдегі басын көрге сүйрейді. Алтын асықтай азаматты қор қылған деген осы. Өй, арсыз! Бәрі сенің кесіріңнен! Тфу, қарабет!» [13, 283], – деп шімірікпей, жастықпен шалыс басқан Айнұрдың бетіне түкіреді. Айнұр мен Төлеш жол таппай адасқан аңғал жастар болса, Алдияр – ақ пен

қараның аражігін, дүниенің бар сұмдығын зерттеп білген, сөйтіп әккілікті өмірлік мұратына айналдырған жан. Сондықтан да ол Төлештің әділ бағасын беріп, Айнұрдың қателігін бетіне басады. Бірақ бұл – жастардың ақиқатқа көздерін ашу үшін емес, кінәні өзінен аулақ өзгелерге аударудың сұрқия әдісі.

Осындай өмірлік сын Төлештің ғана емес, Айнұрдың да өмірлік құндылықтарын таразылауға жетелейді. Байлық пен биліктің, жалған дүниенің шырмауынан аман қалған екі жас өмірдің шын қадірі мен құнын мойындайды.

Тәуелсіздік жылдарында жазылып, сахналанған тарихи драмаларды зерделеу негізінде оларға ұлт өміріндегі мәңгілік құндылықтарды – туған жер мен елді, ұлттық салт-сананы сақтау туралы идея арқау болғанын көреміз. Бұдан драматургиядағы тарихи жанрдың көтерер жүгі қаншалықты салмақты болары да айқын аңғарылады. Ұлттың өткенін баяндай отырып, бүгінгі қолда өшпес рухани байлықтың келешек үшін мән-маңызын таразылайтын туындылардың ұрпақ үшін тағылымдық ролі ерекше.

Бүгінгі күн тақырыбындағы драмалық туындыларға қоғам дамуындағы заман ағымымен келген кеселді мәселелер арқау болған. Драматургтер қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани өмірдің қия-қалтарыстарын зерделей отырып, «Өмірдің мәні неде?» деген мәңгілік сауалға жауап іздейді. Материалдық әлем мен рухани әлемнің арасындағы бітпес қақтығыс жаңа дәуірде де жалғасын тапқан. Нарық заманы адам психологиясына айтарлықтай әсер етіп, адалдық, мейірімділік, махаббат, достық сынды мәңгілік құндылықтар иерархиясының қайта бағдарланғаны бүгінгі драмалық туындылардағы замандастар өмірінен айқын көрінеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы.–Т.9. Өлең, толғау, драма. – Алматы: Жазушы, 2010. – 388 б.
2. Жүнісов С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Т.1. – Пьесалар. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2005. – 384 б.
3. Отарбаев Р. Сырым батыр. Екі бөлімді, төрт көріністі тарихи драма. – Астана, 2007. – 34 б.
4. Мәмесейіт Т. Бәкей қыз // Таң-Шолпан. – 2009. – №1.
5. Исабеков Д. Шың басындағы шындық («Жаужүрек»). Екі актілі драма (С. Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесінің желісімен) //

Театр тынысы. – Алматы: «На Масанчи» баспасы, 2009. – 47-94 бб.

6. Сон Л. Память (Хроника первых лет). Драма в 2-х действиях (12 картин). – Алматы, 1997.
7. Мұқай Б. Таңдамалы шығармалар. Т.3. – Алматы, 2007.
8. Әбдіков Т. Әке. – Алматы, 2005. – 384 бет.
9. Жүнісов С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы, 2005.
10. Исабеков Д. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2003. – Т.5. – 360 бет.
11. Асылбекұлы С. Шығармалары. Т.2. – Астана: Фолиант, 2008. – 416 б.
12. С. Сматаев. Көгілдір такси. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2008. – Т.14. – 376 бет.
13. Ахметжан Т. Шығармалар жинағы. Екі томдық. Т.2. – Алматы, 2006.

## IV БӨЛІМ

# **КӨРКЕМ ПУБЛИЦИСТИКАДАҒЫ ЖАЛПЫАДАМДЫҚ ПАРАДИГМА**

## ҚАЗАҚ КӨРКЕМ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ (1991-2014 жылдар)

Тәуелсіздікке дейінгі көркем көсемсөз жанрында жазылған шығармалар сол замандағы ресми идеологияның ұстанған бағытынан бір елі де ауытқымастан, Кеңестер Одағының мызғымас қуатын, коммунистік партия мен интернационалистік рухтың биіктігін, Кеңес адамының жасампаз бейнесін жасауға бағытталғаны тарихтан жақсы мәлім. Және «Осындай Совет адамы» деп аталатын айдарларда адамның жай бейнесін ғана емес, кеңестік шындыққа негізделген үлгі тұтарлық мінсіз тұлғаның бейнесі жасалу тиіс болатын. Мұндай жанрдағы шығармаларды жазу барысында қоғамда орын алып жатқан алуан түрлі кемшіліктерге, орыс отаршылдығының зардаптары мен аз ұлттар тарихындағы бұрмалаушылықтарға көзжұмбайлықпен қарай білудің өзі үлкен өнерге саналды.

Идеологиялық тар құрсаудың шеңберінде өлшеп-тамап сақтықпен ғана айтуға тура келген қатаң бақылаудағы тұншықпа кезең артта қалғаннан кейін, ой еркіндігі атқа мініп, көркем көсемсөздің де көрігі қыза бастағаны жасырын емес. Халқының ауыр тағдыры жайлы небір ой-пікірлерді ашып айта алмай, іштен ғана тынып жүрген қаламгерлер қауымы көсемсөздің қуатты күшін пайдаланып қалу үшін батыл қадамдарға бет бұрды. Бұл шығармашылық белсенділікті тәуелсіздіктің бір үлкен рухани жетістігі, жас мемлекеттің тәуелсіздік мүддесіне әбден лайықты идеологиялық құбылыстың бірі деп бағаласақ, артық айтқандық бола қоймас.

Қазақ көсемсөзшісі осындай шоқтықты мәселелерді кейде жалпылама, енді бірде сала-саласымен жіктей талдап, оқырман алдына толып жатқан проблемаларды көлденең тарта білді. Көркем көсемсөздің міндеті – қара мақалаға тән мінезбен мәселені маңдайдан ұрып, тоқ етерін айтып салу ғана емес, жекелеген тұлғалардың тағдырлары, Төмірде жиі ұшырасатын типтік ситуациялар арқылы оқырманды ойға жетелеу, көркем сөзге тән эстетикалық қуатты пайдалана отырып, танымдық, эстетикалық қабылдауды кеңейту. Демек, көркем публицистиканы өз деңгейінде игеру ең алдымен өзекті проблеманы көре білумен, оны оқырман алдына сол қалпында көлденең тартумен шектеліп қалмайды. Уақыт ұсынып отырған ділгір мәселені өз деңгейінде алып шығу үшін белгілі бір дәрежеде көркем ойлау жүйесін, сөз өнерінің



эстетикалық қарымын пайдалана білу арқылы алған тақырыпты шеберлікпен меңгере білу шарт.

Тәуелсіздік жылдары өмірге келген қазақ көсемсөзі осы аталаған басты талаптарға толығымен жауап бере алады деп қуануға ерте де шығар. Жанрдың биік деңгейінен көріне алмай, бірді айтып бірге кететін немесе біржақты ұстаныммен ғана шектеліп қалатын үлгілер де баршылық. Пісіп-жетілмеген ондай шығармаларды талдау өзегіне айналдыра беруге болмайтыны анық.

Еліміз өз алдына отау тіккен кезеңнің бастапқы жылдарында өмірге келген көсемсөз үлгілерінің талайы жиырма бірінші ғасырдың екінші онжылдығы төрге озып жатқан кезде де тарихи құндылығын жоғалта қойған жоқ. Қазақ көсемсөзінің шеберлерін танытқан да – осы жылдары өмірге келген жекелеген шоқтықты туындылар. Ондай туындыларды өмірге әкелген авторлардың алдыңғы легінде С. Әсіпов, С. Тәнекеев, Ж. Ысмағұлов, К. Смайылов, Ә. Ыдырысов, С. Ақтаев, С. Ақатай, А. Сейдімбек, Н. Муфтах, М. Мәжитов, С. Шүкіров, У. Қалижанов, М. Тоқашбаев, Ж. Аупбаев, Б. Айнабеков, Н. Жүсіп, Е. Жүсіпов, Ж. Елшібек, Қ. Боқаев, М. Кенжебай, С. Әбдрахманов, С. Байхонов, О. Жолдыбай, К. Адырбекұлы, Е. Ералиев, С. Парманқұлов, Ж. Кенжалин, Е. Айғалиұлы, Қ. Тәбей, О. Қауғабай, С. Ибраим, С. Хасан, Б. Омарұлы, Т. Тәшенов және т.б. көптеген қаламгерлер көрініп жүрді.

Сонымен бірге негізгі шығармашылық бағыттары, игеруді мақсат еткен жанрлары басқа бола тұрып, көсемсөз саласында да өз күштерін сынап көрген ақын-жазушыларымыз аз емес. Атап айтар болсақ, Ә. Нұршайықов, Қ. Исабай, Ш. Елеукенов, Ш. Мұртаза, Б. Тілегенов, Қ. Мырза-Әли, Ғ. Қабышұлы, Ә. Кекілбай, М. Мағауин, А. Сейдімбек, М. Қожахметова, Д. Досжан, А. Бақтыгереева, Б. Айнабеков, М. Байғұтов, Н. Қапалбекұлы, Н. Дәуітаев, Ұ. Есдәулетов, Қ. Түменбай, Е. Раушанов, Д. Рамазан және т.б. осы жанрдың қызығы мен шыжығын, қиындығы мен жемісін бір кісідей-ақ көрген қаламгерлер. Бұлардан басқа осы кезең ішінде ғана буындары бекіп, қаламдары қатая бастаған жастардың қатары өз алдына.

Бір сөзбен айтқанда, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ көсемсөзшілерінің сен тұр, мен атайын дейтіндей қуатты бір армиясы қалыптасты. Бұл талдаулардың нысанына айналып отырғандар да нақ осындай жекелеген қаламгерлердің шығармалары болмақ.

Реті келіп тұрғанда бүгінгі таңдағы көсемсөздің көркемдік болмыс-бітімінің қандай екендігін көз алдымызға бір елестетіп алудың артықтығы жоқ.

Осы жүрдек те жауынгер жанрдың теориялық мәселелері жайлы ойларын түйіндей келіп, зерттеуші, филология ғылымдарының докторы К. Қамзин көркем көсемсөзді мынандай топтарға бөліп көрсетеді: «Деректі-бейнелеуші (образды) жанрлар тобы:

- а) суреттеме;
- ә) очерк түрлері;
- б) фельетон түрлері
- в) тұрмыс-тіршілік оқиғалары;
- г) пародия;
- г) сатиралық жазбалар.
- б) деректі-дүниепайымдық жанрлар тобы:
- А) памфлет;
- ә) рисала (эссе) түрлері;
- б) ғылыми мақала түрлері.

[1, 214-215]. Бұл арада теоретик зерттеушінің көсемсөз жанрларын ұсақ-түйекке жіліктемей, жалпылай топтастырғаны көрініп тұр. Осы жазылып отырған қазақ көсемсөзі жайлы еңбектің зерттеу нысандарының да көрсетілген жіктеменің шеңберінен табылатынын еске сала кеткеннің артықтығы жоқ.

Елімізде тәуелсіздік алғаннан бергі жылдар ішінде көсемсөздің көкжиегін кеңейтуге сүбелі үлес қосқан журналистердің ең егдесі де, бетке ұстар ардагері де Әзілхан Нұршайықов пен Сапабек Әсіпов болды. Жастарының ұлғайып қалғандарына қарамастан, бұл қарымды қаламгерлер жиырма бірінші ғасырдың алғашқы онжылдығында да өздерінің шығармашылық биіктерінен түсе қойған жоқ. Жазған туындылары оқырмандар тарапынан жылы қабылданып, оларда көтерілген мәселелер қалың оқырман тарапынан көбінесе қолдау тауып жатқандары да рас.

Осы еңбегіміздің алғашқы жолдарынан бері жиі қайталанып жатқан бір сөз бар, ол – «Тәуелсіздік». Қазіргі таңдағы оқырман қауымды қызықтыратын – тәуелсіздікке Қазақ елінің қолы қалай жетті, осынау тарихи процесті заңды түрде бекітіп берген қандай құжаттар, сол бір тарихи маңызды оқиғалардың даму барысы қандай болып еді деген сияқты маңызды мәселелер. Соның ішінде қазіргі және болашақтағы жас буын өкілдері үшін де бұл тақырып үнемі назар аудартуы тиіс. Осынау келелі тақырыпты халыққа майын тамызып, орайтын келтіре отырып жеткізген жандар, әрине, ең алдымен қазақ көсемсөзшілері. Бұл қатарда тынымсыз еңбек етіп жүрген журналистер тобының ішінде қаламы ұшқырлары да аз болған жоқ.

Самат Ибраимның «Тарихи үш оқиға» [2] атты естелігі өз уақытында көп жазылған осы тарихи оқиғаның қалай дамығанын көрсететін көсемсөзіміздің типтік үлгілерінің бірі деуге болады. Бұл шығармада Қазақстан Республикасының Егемендігінің қалай жарияланғаны, Тәуелсіздік туралы Заңның қалай қабылданғаны және осы жаңадан азаттыққа қол жеткізген жас мемлекеттің тұңғыш Конституциясының қалай бекітілгендігі жайында үлкен толғаныспен әңгімеленген. Осы айтылған жеке тақырыптарына орай аталған естелікті көркем жазылған хроникалық шежіре десе де болғандай.

Қазақ елінің қазіргі кезеңдегі патриоттары Қазақстанның егемендігі туралы Декларацияның жарияланған күнін жақсы біледі, ол – 1990 жылдың 25-қазаны. Кітап, баспасөз беттеріндегі ұранды сөздерді оқып жүрген бүгінгі ұрпаққа осынау тарихи құжат еш кедергісіз, оп-оңай жариялана салғандай болып көрінуі ғажап емес. Ал осы саяси оқиғаның шынтуайтында қалай жүзеге асырылғанын Самат Ибраим артық-ауыз сөз қоспастан, жүйе-жүйесімен жеткізіп берген. «Ел егемендігін заңдастыруға ұмтылған депутаттардың құлшынысы ерекше болатын. Бірақ ә дегеннен-ақ кертартпалық жасап, жобаның алдын ала талқыланғанына шек келтіргендер болды. ...айтыс-тартыстың күштілігі сондай, бұл құжат қабылдана ма, жоқ па деген үміт пен күдіктің, екі көзқарастың шарпысқаны рас еді» [2] дейді автор.

Кеше ғана Кеңестер Одағы сияқты алып империяның құрамында тұрған отар республиканың аяқ астынан дербестікке ұмтылыс жасауы шовинистік пиғылдағы депутаттардың шабына шоқ түскендей етуінің психологиялық заңдылық екендігін естелік авторы сыпайы түрде дәлелдеп шыққан.

Естеліктің «Тәуелсіздік – бабалардың ұлы арманы» деп аталатын тарауында 1991 жылғы 16-желтоқсанда Конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңның қалай қабылданғандығы жөнінде репортаждық дәлдікпен ой толғайды автор. Бұл тақырыптың қыры-сырын сол тарихи күндердің өзінде-ақ автор нақтылап жазып тастаған болатын.

С. Ибраимов сол кездегі өзі қызмет ететін Парламенттің баспасөз органы «Халық кеңесі» газетінің бетінде еш бұлтарыссыз былай деген еді: «Біздің Парламент көп мәселені шешуде ауызбірлік танытып келеді. Бірақ қазақ ұлтына, салтына, тіліне, бір сөзбен айтқанда, халқымызға жақындау бір мәселе көтерілсе, аяқтан шалып, жармаса кетуге әзір кейбір депутаттар бар» [3]. Ұлт тәуелсіздігі жалпы адамдық парадигма шеңберінен көріне алатын фактор екендігімен

санассақ, журналист жазып отырған оқиғалардың саяси-әлеуметтік салмағын одан арман сезіне түскендей боламыз.

Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы Декларацияның қабылдануына қарсы шыққан теріс пиғылды депутаттар енді заңдық қуаты одан да күшті, қазақ ұлтының болашағына жол ашатын Тәуелсіздік туралы Заңды бірден қолдай кетсе, отаршылдық психологияның табиғатына сай келе қоймас та еді. Қазақстан Республикасы үшін, әсіресе қазақ халқы үшін аса маңызды осы екі құжатты қабылдау барысындағы дау-дамайдың саяси сипатын майдан қылшық суырғандай етіп, тарқата талдап шығуы автордың шеберлігі екендігі сөзсіз. Жымысқы сөздерімен тәуелсіздікке қарсылық білдірген В. Чернышов, В. Водолазов, Ю. Сухов және т.б. депутаттарға тойтарыс берушілердің алыңғы қатарында С. Зиманов, С. Сартаев, Ш. Мұртаза, Ш. Шардарбеков сынды ұлтжанды азаматтар болғанын оқырман осы естеліктен оқып біле алады. Өйткені бұл мәселемен ақпарат құралдарынан емес, Парламент тілшісі ретінде залда отырып, тікелей куә болғандықтан да, С. Ибраим өз көзімен көргендерін еш боямасыз дәл жазып шыққан. Журналистің осынау маңызды оқиғалардың бел ортасында жүруі, тікелей куә болуы аталған публицистикалық шығарманың шынайылық сипатын күшейте түскен.

Тәуелсіздік алға тартқан рухани міндеттердің басқаша арнада дамуы тиіс екенін жіті аңғарған көсемсөзшілердің қалам арқылы шешуге ұмтылғандары – замана өзі ұсынған басты-басты өзекті мәселелер. Солардың ішінде әсіресе алдыңғы қатарға шыққандары – тарихи жағдайлардан теперіш көріп келген қазақ ұлтының тағдырына қатысты күрмеуі беріш, ашып айтылуы қиын болған жабық дүниелер.

Осынау шетін тақырыпқа қатысты өзекті мәселелердің ұсақ-түйегі жоқ, қай-қайсысы да шоқтықты, сүбелі. Олардың негізгілерін атап өтетін болсақ, қазақ тарихындағы ақтаңдақтар, қиянат көрген көшпелі жұрттың ауыртпашылыққа толы тағдыр-талайы, түрлі әлеуметтік-рухани әділетсіздіктер, өтпелі дәуірдегі ұлттық болмысты, ұлттық кеңістікті сақтап қалу мәселелері, әлеуметтік-моральдық қиыншылықтар, қазақтың кейінгі ұрпақтарын сақтап қалу жолындағы күрес және т.б. қалпына келтіруді тосып жатқан түрлі өзекті мәселелер қатары.

Осындай қазақ халқының ұлттық проблемаларына әр қырынан келіп, ойдан ой қоздатып жазып, көсемсөзшілердің алдыңғы қатарынан көрініп жүргендердің ішінде Сапабек Әсіпов, Жаңабек Шағатай және т.б. бар.

Қарт журналист Сапабек Әсіповтің көркем публицистикадағы тақырыбы жалғыз-ақ, ол – отаршылдықтың зардабынан қай жағынан да мүшкіл халге түскен қазақ ұлтының қайтадан ел қатарына қосылуы, өмір сүріп отырған Отанының келешек тағдыры, соның ішінде әсіресе қазақ жерінің мәселесі. Кәнігі журналист өзінің жанын ауыртқан, тек өзінің ғана емес, барша қазақты алаңдатып отырған осы тақырыпты әр қырынан алып, тәуелсіздік жарияланғаннан бергі жиырма жыл бойы тоқтаусыз көтеріп келеді.

Қазақтың жан айқайын аңғартатын проблемалық мақалаларымен бірге көсемсөздің көркем түріне келгенде де бұл қарт авторымыз ат басын ірікпестен, қаламын құлаштай сілтейді. Жермен күнін көріп, нәпақасын малмен, егінмен айырып отырған қарапайым шаруа адамының жер дегенде ішкен асын жерге қоятынын, сол үшін шамасы келгенінше күресіп бағатынын, бірақ үлкен айқасқа түсе алмайтынын, өйткені ол үшін қолдарының қысқа екендігін қаламгер үлкен тебіреніс үстінде сездіре білді.

Бүгінгі таңдағы қазақ ұлтының проблемалары мен оның жерінің мәселесін қозғай отырып, С. Әсіпов құрғақ цифрлардың төңірегінде жалаң ақпарат берумен шектеліп қалмайды. Қазақ жерінің өзекті проблемалары Ресейдің отарлау саясатының алғашқы кезеңінен бері қарай пайда болғанын, осынау құнарлы өлкеге ағылған қарашекпенділердің, яғни, мұжықтардың қоныстануынан басталғанын аңғартып өтеді. Ресейдің ішкі аудандарынан кейбіреуі күштеумен, енді біреулері өз еркімен аударылған орыс шаруаларының қазақ жеріне келіп орныға бастауы отаршылдықтың күшейе түсуінің нышаны болғанын автордың дәлелдеуі салиқалы сипатта. Басқа ұлт өкілдерінің қаптап келуі байырғы тұрғындар үшін айтулы зор проблема әкелгені тарихи шындық.

Осынау өткір де өзекті мәселе Кеңестер Одағы орнағаннан кейін де, жаңа форматта жалғасын тапқаны, ол өкімет күйреп, тарқап кеткен соң да, сол өткір қалпында қалып отырғаны аталған автордың «Қауқарсыз қазақ мәселесі» [4] атты публицистикалық мақалалар жинағында жан-жақты талқыланған. Автордың көтеріп отырғаны – жайшылықта екінің бірі толғанып, тебірене қоймайтын шетін тақырыптар. Осы жинақтың ішіндегі «Жерсіз күніміз жоқ», «Жер сатылмайды», «Жұтаңдағы жұрт жұтайды немесе қазақ резервацияларындағы ахуал», «Қазақтар геосаяси қуғын-сүргі құрбандары», «Қазақ резервациялары хақында», «Құнарлы аймақ қазаққа қайта қайтарылсын!» және басқа мақалалар өзінің туған жерін иеленуге деген құқығы шектелген қазақтың жан айқайын жалаулата көтереді. Мұндағы ділгір мәселенің төңірегінде

қопара әңгіме өрбіткен көптеген очерктер мен эсселердің публицистикалық, яғни, көсемсөздік сарыны айқын.

Сапабек ағаның жанын ауыра отырып, атап тұрып көрсететіні – Қазақстанның отаршылдық зардабын тартып келе жатқан байырығы халқы қазақтардың әлі күнге негізінен резервациялық жағдайда құнарсыз жерлерде өмір сүріп жатқандығы. Америкалық үндістерге, австралиялық аборигендер мен африкалық тұрғындарға қарата айтылатын «резервация» терминін автордың қазақтарға қатысты қолдануы оқырман қауымды еріксіз ойға қалдырады. Автордың осы жағдайға байланысты айтылатын тарихи-географиялық дәлелдері бұлжымастай мығым.

Кеңес Одағының дәуірлеп тұрған шағында Қазақстанда резервация көрінісі бар деген ойдың ешкімнің миына кіріп шықпағаны да шындық. Бұл жөнінде автор: «Билік басындағылар сорлы аудандар сорлылығының негізгі себебі жерінің нашарлығында, құнарлы топыраққа, нәрлі суға да кедейлігінде, яғни, шөл мен шөлейт аймаққа орналасқандығында, халықаралық термин тілімен айтқанда, резервациялығында екендігін түсінген жоқ. Түсінсе де, ішінен тынып жүре берді» [4,50] деп тұжырымдайды.

С. Әсіпов тарихтың айпарадай анық фактілерін біржақты келтірумен ғана шектеліп қалмай, тебіреніске телінген деректерін әсерлі түрде ұсына отырып, жер мәселесіне әр қырынан, әр түрлі әлеуметтік параметрлер тұрғысынан ашып жеткізуге тырысады. Қазақ жерінің трагедиялық тарихын айқындап көрсетуге ауқымды түрде мүмкіндік беретін де – осындай әралуандылық факторы.

Қыр қазағы қарашекпен деп атандырған орыс крестьяндары Патша заманында жергілікті өкіметтің нұсқауларымен әр аймаққа тарқатыла орналасса, әскери сословие болып табылатын казактардың қоныстануы тіптен өресекел түрде жүзеге асырылғанан автор ашына отырып жазады. Олардың бұндай маңызды шараны жүзеге асырудағы негізгі құралы қылыштың жүзі, найзаның ұшы болған. Наразылық білдіріп, қарсыласқан киргиздің (қазақтың) басын қағып тастап немесе құлатуға қарай түріп, айдап тастап барып, құнарлы қонысын тартып алу отаршылдық озбырлықтың шектен шыққан көрінісі екендігін жазу барысында авторлық эмоцияның алдыңғы қатарға шығып кетуі – ішкі патриоттық қуаттың әсері, яғни, ұлттық парадигманың да айқынырақ көірінтін тұсы.

Енді осы айтылған сорақылықтарды бүгінгі заманға әкеліп, салыстыра отырып, шер төккен кездегі эмоциялық реңк үлкен тарихи элегияға ұласып жатады. Публицист бұл тақырыпта жалаң деклар-

циямен жалпылай сөйлей бермейді, тақырыбына орай келтіріп отыратыны – нақты мысалдар, өмірдің реалистік көріністері.

«Биыл көктемде Қабікен қажы Алматыдағы «Ардагер» пансионатына демалуға келді. Сәлем беріп барып:

- Заречный селосы өзіңе, ұлдарыңа жер берді ме? – деп сұрамаймын ба. Қажының қабағы түсіп кетті.

– Гектарына 30-40 центнерден өнім беретін құнарлы топырақ біз сорлының маңдайына жазылмаса керек. Жаңбыр шелектеп құйып тұрғанда, өнімі 6-7 центнерден аспайтын жұтаң жер «Дәмдіде» босқа жатыр.

– Қазақ елінің азаматы емессің бе. Құнарлы жерден үлес алуға құқығың бар ғой.

– Құқық! Құқық! Шөл, шөлейт дала тұрындарының ондай құқығы болмайды. Әкімет бермегенді мен қалай тартып алайын» [4, 227]. Кейіпкерлердің осы диалогынан біраз өзекті мәселенің төбе көрсетіп тұрғанын аңғару қиын емес.

Қазақ жерінің, қазақ елінің ділгір мәселелерін көрсету барысында С. Әсіповтің арқа сүйейтіні – патриот оқырманның жанын ауыртатын осындай мағынасы ауыр мысалдар. Қазақ жерінің проблемасын қашаннан бері көтеріп жүрген қаламгерлердің көшбасында да Сапабек Әсіпов тұрғанын ашып айтқан абзал. Ділгір мәселелерді көрсету арқылы оқырман жанын ауыртатын мұндай фактілер оның мақалаларында жиі ұшырасып отырады. Қарт журналист өзінің көсемсөздерінде қазақ халқының әлеуметтік ахуалдарға байланысты бұзылған құқығын қайтадан қалпына келтіруде талмайтын табанды патриот екендігін көрсетіп келеді.

Шығармашылық тақырыбын бірыңғай қазақ ұлтының мәселесіне арнаған санаулы қазақ журналистерінің қатарынан көрінетін Жаңабек Шағатайдың да ондаған жыл беделінде қалыптастырып алған өзіндік шығармашылық үлгісіне назар салмай өтуге болмайды деп білеміз. Неге десеңіз, ол қандай тақырыпқа қалам сілтесе де, қандай мәселені қозғаса да, әйтеуір қазақ ұлтының проблемасын аттап кетпейді, нақтырақ айтатын болсақ, аттап кете алмайды. Туған ұлтының талайлы тағдыры, тақсіретті тарихы жан дүниесін қан қақсатып, уайым-қайғысынан ұлттық қасіретті тани білетін Жаңабектің жазған эсселері мен очерктерінен «Ұлтым» деп оянып, «Ұлтым» деп ауыратын нағыз қазақ патриоты екендігін таныр едіңіз.

Қызмет бабында тұлға болып қалыптасуына байланысты уақыт өте келе, әр журналистің қаламы белгілі бір тақырыпқа қарай ойысып кететіні – шығармашылық шындық. Бұл, негізнен, мерзімді

баспасөз кадрларын тәрбиелеп, қалыптастырудағы құптарлық үрдіс. Өйткені журналист белгілі бір тақырыпты қайта-қайта қаузап, індетіп жаза берсе, тақырып зерттеушісі ретінде соған әбден бейімделіп, кәсіптік тұрғыдан төселіп алатыны тәжірибеде дәлелденген жағдай.

Осы жағынан келгенде, Ж. Шағатай көзқарасы ұстамды, мінезі айқын, сөзі өткір болып келетін санаулы патриот журналистердің қатарынан. Оның осы бағыттағы дүниелері кімге болса да, жүрдім-бардым оқи салуға көнбейді, қадалып, назар жығып, жете танысуға сұранып тұрады. Көсіле жазылған көсемсөз шығармаларына қойылған тақырып атауларының өзі бір алуан. Мысалы, оның «Ащы мен тәтті» [5] атты публицистикалық туындылардан тұратын жинағында анадайдан айқайлап тұрған «Намыссыздық нәубеті», «Қазіргі қайраткерлер және Курятовтың келемежі», «Атаман қисынсыз одақты неге аңсайды?», «Келісімдердің кілті Кремльде», «Көше атауларындағы бейберекеттік», «Мәңгі достық» пен мүсәпірлік», «Ұлттық «идеяның» астары» және т.б. тақырыптар ұлтжанды оқырманның қышыған жерін дөп басып, астындағы мәтінін еріксіз оқуға жетелейді.

Қазақ – отаршылдық зардабын бір халықтай-ақ тартқан жұрт. Тіпті жекелеген проблемалары еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де шешімін таба алмай келе жатқанын, оның түп-төркіні, себеп-салдары сол халықты құрайтын жекелеген адамдардың бойынан табылатынын дәлелді, орнықты мысалдармен айпарадай анық етіп көрсетуге Ж. Шағатайұлы қашанда дайын. Көсемсөзшінің жекелеген шығармаларын үстірт көз жүгіртіп шыққанның өзінде осынау тегеуірінді үдерісті оңай аңғаруға болады.

Қазақ ұлтының басынан өткен түрлі зобалаңдардың басым бөлігі көрші қуатты жұрттардың өктемдігінің, басқыншылық психологиясының, зорлықшыл пиғылының салдары болып табылатынын көсемсөзші жадағай ғана айқайлап айтпай, бас шұлғытатын фактілермен, түрлі мәліметтермен тиянақтап отырады. Сендіре алатын негізі мықты дәйектерге тек өтіп кеткен, сөз қонбайтын нигилистер мен ұлттық қан-сөлден таза космополиттер ғана көз жұма қарауы мүмкін.

Көсемсөзшінің келтіретін фактілері табиғатынан ұлтжанды қай оқырманның да жанын ауыртатыны сөзсіз. «Неге екенін кім білген, әйтеуір биліктің маңындағы шенеуніктердің көбі қазақ бола тұра, өз ана тілін білмейтіндер болып келетіні заңдылық ретінде қалыптасты ғой» [5, 20] «Ол ол ма, Павлодарда қатардағы нотариус ипотекалық бағдарлама бойынша 4 пәтерге қол жеткізсе,



«Жедел жәрдем» дәрігері, армян азаматы осы бағдарлама бойынша 11 пәтерді иеленіп, бәрін дерлік үйсіз-күйсіз бейшараларға жалға берген» [5, 36]. Бірінші сөйлемде шенеуніктер арасындағы қазақ нигилистерінің типтік ұстанымы шаң берсе, екіншісінде қазақ арасында жүріп, қазақтардың сыбағысынан қалдырып, жемге айналдырған ұлты басқа алаяқтардың бейнесі көлбеңдейді.

Автор бүгінгі таңдағы қазақ ұлтының геосаясиортадағы ахуалын шетел азаматының да көзімен көрсете білген. «Итальяндық «Ренко» компаниясының президенті Ренальдо Гаспиринидің: «Мен әлемнің 141 елін аралаған адаммын. Солардың ішінде өз мемлекетінде тұрып, өз ана тілінде өмір сүре алмай отырған бейшара халықты көрдім. Ол – қазақ халқы» – дегені осыған дәлел» [5, 48] Осы сөйлемдегі факті тіпті қосымша түсіндірмесіз-ақ өзінен өзі сөйлеп тұр емес пе.

Қазақ ұлтының проблемалары жөнінде арнайы жазған мақалаларын былай қойғанда, Жаңабек Шағатай көзінің қырын қай шығармашылық бағдарға қарай салса да, бәрібір өзі үшін қастерлі болып табылатын ұлттық мәселелерді ретін тауып, сыналай кіргізіп отыруға бейім. Мәселен басқа тақырыпты әр түрлі ракруста аша отырып, ол «Сондықтан да жоғарыдағыдай келімсектер біздің елімізде емін-еркін сайрандауда» [5, 57], «Ал арандатушы сұрақ қойып отырған газет тілшісі де, Ю. Захаров та беттері шімірікпестен, қазақ азаматтары Қазақстанның солтүстік облыстарын басқармауға тиіс деген ойды тұспалдап отыр» [5, 78] деген тәрізді қазақ ұлтының жан жарасын сездіретін деректерді орынды енгізеді, сол арқылы оқырманның патриоттық сезіміне салмақ салып, бір сәт те болса өз Отаны туралы ойлаудың қажет екендігін ашып айтады. Біз біртұтас Отанымыз деп жүрген Қазақстанда теріс пиғылды азаматтардың да белсенді рөлге ие екендігін батылдықпен көрсете біледі.

Сонымен бірге осы тақырыпты індете жазып келе жатқан Ж. Шағатайдың ыждаһатты зерттеуші екендігін, фактілерді тарқатып, талдап жеткізу барысында үнемі дерлік ғылыми ойлауға ден қойып отыратынын аңғару оңай. Демек ол – жалаң қызыл сөз қуалаған жадағай көсемсөзші ғана емес, өз ісіне өркениет талаптарының биігінен қарай білетін, тақырыпты ашу үшін жүйелеуге, теориялық дәйектер мен нақты тұжырымдарға табан тіреп, көңіл бөлетін ғалым журналист.

Ғылыми жұмыстардағы өнімді әдістердің бірі – салыстырмалы-методологиялық әдіс. Аталған көсемсөзшінің ойын дәйектеу барысында көбінесе сүйенетіні де осы әдіс. Украиндар Ресей

отаршылдығына қарсы шыққан Иван Мазепаның есімін қалдыру үшін ұлықтау мәселесін қарастырып жатқанда, қазақтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін атап өтей алмай отырғанын, сөйтіп отаршылдықтан зардап көрген екі халықтың тәуелсіздік тұсындағы психологиясында, белсенділік өресінде кездесетін айырмашылықтарды ашып айтады.

1932-1933 жылдары Украина мен Қазақстанда алапат ашаршылық орын алғаны белгілі. Осы қасіретті оқиғаларды таратып, талдай келіп автор: «2003 жылы Украинада осынау сұрапыл аштықтың 70 жылдығы аталып өтті. Ал бізде ше?» [5, 165] деген риторикалық сұрақ қояды. Байырқалап қарасақ, осы сұрақтың астарында үлкен әлеуметтік-саяси мағына, ұлттық парадигма аясындағы кемшілігіміз бадырайып көріне кетеді. Қазақ өзінің отаршылдықтан көрген зардабын әлемге айқайлап айтпақ тұрғай, қасындағы көршісіне сыбырлап жеткізуге де жасқанады екен. Өзімізбен өзіміз дербес ел болып, тәуелсіздік алғаннан кейінгі психологиямыздың түрі осы.

Әрине, азаматтары осындай жасқаншақ, билік басындағылары туған ұлтының мүддесін қорғай алмайтын жасық елді азғана келімсектердің басынып, өктем-өктем сөйлеуі табиғи.

Осындай салыстырулар, фактілерді жарыстырып беру арқылы автор оқырманның көзін талай шындыққа, тіпті тарихшылардың өзі батыл айта қоймаған ресми емес қорытындылар жасауға әкеліп тірейді. Қазақ ұлтының мәселесі өзі үшін жүрдім-бардым айтыла салатын жеңіл тақырып емес, керісінше оның негізгі шығармашылық үлкен кредосы екендігін көсемсөзші Ж. Шағатай осылай аңдатып отырады.

Тәуелсіздік жылдарындағы көркем публицистикаға қалам тартушы осындай көсемсөзшілердің бір парасы сөйтіп ұлттық-патриоттық мәселелерді батыл түрде қозғай білуімен оқырмандардың назарын аударды. Көтерілген тақырыпты нақ осы тұрғыдан талдап, тарқата білуі арқылы ондай авторлардың ұлттық ұстанымынан туған шығармалардың мазмұндық-идеялық бағыты мейлінше айқындала түсетіні сөзсіз. Кеңес дәуірі тұсында қалам ұшына қондыруы қиын мұндай шетін тақырыпқа еркін барудың өзі қазақ көсемсөзшілерінің ұлтжандылығы мен патриоттық сезімінің күшеюін айқындайтын фактор болып табыла алар еді.

Осы кезең ішінде жер мәселесін ашына көтеріп келе жатқан журналистер келтіретін сорақы мысалдар бірінен бір өтеді. Мысалы, Жұмабай Құлиев осы тақырыптағы «Келімсектер қашанғы кердеңдейді?» деп атал аты бір мақаласында Қапшағай қаласының

ұлты орыс әкімі Мәскеуден келген әнші орыс қызына қалайша екі гектар жерді оп-оңай сыйлай салғанын ашына жазыпты. Тәуелсіздік алған заманда да қазақ жерінің талан-таражға түсіп, байырғы халықтың өзіне бұйырмай жатқаны жайлы дабыл қаққан материалдардың қай-қайсысы да жалаң сөзбен, әсіре популизммен шектеліп қалмай, дәлелді мысалдармен шегенделіп отырады. Ішінара авторлық эмоциялардың алдыңғы планға шығып жататындары да аз емес. Эмоциялық реңк ұлттық менталитетіміздің бірі қырын көрсетеді десек, ұлғайтып айтқанымыз бола қоймас.

Көсемсөздің есте қалатын көрнекті үлгілерінің бірі – жиырма-сыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы Ш. Мұртаза мен К. Смайыловтың бір бірімен «Егеменді Қазақстан» газетінің бетінде жазысқан хаттары. Бұл хаттарда тәуелсіздіктен кейін өтпелі кезең деп аталатын уақыттағы қарапайым бұқараның мұң-мұқтажы, бастарынан өткізіп жатқан әлеуметтік-тұрмыстық қиындықтары сөз болатын. Екі қаламгер бірінің ойын бірі толықтырып отырып немесе тіпті айтар пікірлерін логикалық қайшылықтармен қоюлата келіп, осынау қиын-қыстау кезеңде қазақ ұлтын қалай сақтап қалуға болады деген мәселе төңірегінде де ой толғайтын.

Бұл хаттардың мазмұны өтпелі кезеңінің ауыр шындығын көрсетуге, алыстағы ауыл тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын қалай түзетуге болады деген мәселеге арналған. Бірақ аталған эпитолярлық жазбалар таза көркем көсемсөз жанрына жатпағандықтан, ары қарай тереңдей талдаудың қажеті шамалы болар деп білеміз.

Соңғы жылдары қалың оқырманның көңілін бөлген кесек публицистикалық туындылардың бірі – Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шахановтың «Ғасыр айырығындағы сырласу немесе Құз басындағы аңшының зары» [6] деп аталатын еңбегі. Екі қаламгердің сұқбаты пішінінде өмірге келген бұл туындының жанрын қолмен қойғандай бірден анықтап беру де оңай емес. Көлеміне, айтылар ойларының салмағына қарап, оған «роман-диалог» деп те айдар тағуға болатын сияқты. Қазақ әдебиетінің қазынасында «роман-диалогтар» саны саусақпен санарлықтай өлшеулі екені мәлім. Солардың ішіндегі ең көрнектісі – Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы.

Диалог, яғни, сұхбат болғаннан кейін ол екі адамның әңгімелесуі, кезекпе-кезек ой тарқатуы ретінде көрініс табуы заңдылық. «Ақиқат пен аңыздың» диалогын жүргізушілер – Әзілхан Нұршайықов пен Бауыржан Момышұлы. «Диалог-роман» деп айдар тағылғандықтан, жанр қисыны бойынша мұқаба сыртына

әңгімелесуші екі автордың да аты-жөндері жазылуы керек еді. Осы кітап туралы пікірін тиянақтай келіп, сыншы Ж. Дәдебаев: «Алайда шығармаға негіз болған материал сипатына қарап, автордың өзін шығармадағы басты кейіпкер қатарына қоймау қиын. Бұл кітаптың кейіпкерлері қатарында автордың да тұратындығында сөз жоқ» [7, 76-77] деп пікір білдірген болатын.

Кітап сыртына бір автордың ғана жазылып кетуінің дәлелді себептері болғаны анық. Бірақ бұл арада оның мәнісіне үніліп, себеп-салдарын түсіндіру міндетімізге кірмегендіктен, өз тақырыбымызға қатысты мәселелерге ғана тоқталу шарт.

Жанрлық жағынан алып қарағанда, бүгінгі қоғамдық өмірімізге қатысты сан алуан мәселелерді қозғаған Ш. Айтматов пен М. Шахановтың аталған кітабы екі автордың диалогы түрінде жазылған. Оның құрылымы мен мазмұнында көсемсөздің негізгі жанрлық шарттары сақталған. Бірақ сол диалог сөзінің айқындаушы екінші сыңарына лайықты сөзді дәл тауып, үйлесімді қолданғанымыз абзал. Еңбектің мазмұнымен толық танысып шыққаннан кейін, біз өз тарапымыздан оған «Роман-диалог» емес, «Диалог-толғау» деген атауды ұсынғымыз келеді.

Бұл еңбектің көтеріп отырған тақырыбын жалғыз ауыз сөзбен түйіндеп беру қиын. Екі автор бүгінгі таңда өздері өзекті деп тапқан ірілі-уақты мәселелердің барлығын дерлік қамтыған. Сонау есте жоқ ескі замандағы көне әңгімелерден бері тартып, ХХІ ғасырға аяқ басқан кезеңдегі ғылым мен жаңа технологиялардың зәру қырларына қатысты проблемалардың көтерілуі шығарманың мазмұнына эклектикалық өң беріп, мозаикалық сипатын күшейте түседі.

Жалпыадамзаттық түйінді тұжырымдардан бастау алған түйдек-түйдек ойлардың арнасының тоғысып отыратын тұстары – қырғыз, қазақ тәріздесі ағайындас екі халықтың өміріндегі толып жатқан өзекті мәселелер, яғни, отаршылдық зардаптарын бастан кешкен халықтардың енді жаһандануға бет алған жаңа замандағы мұңы мен зары жайындағы толғаныстар.

Авторлар – қатардағы көсемсөзшілер емес, қалам ұстай бастаған уақыттарын бастап-ақ өз оқырмандарын тапқан, көркем сөздің қасиетін тереңдікпен меңгере білген танымал талант иелері. Мұндай авторлар екінің бірі айта беретін шағын тақырыптың төңірегінде бүгежектеп, қайдағы бір ұсақ-түйектерді термелеп кетсе, жараса қоюы екіталай болар еді. Ойларына оралып келіп жатқан оңды да парасатты пікірлерді ортаға тастай отырып, заманауи мәселелерге құлаштай тереңдеулері, қарпып сөйлеп,

қалам қарымдарын жаза білулері аталған шығарманың көркемдік кеңістігін кеңейтіп, әлеуметтік салмағын ауырлатып тұрғаны сөзсіз.

Авторлар өз пікірлерін жалаң айтып жеткізумен шектеліп қалмайды. Белгілі бір тақырыптағы күйіп бара жатқан мәселені қозғап, тиянақты бір пікір айту үшін адамзат тарихындағы арғы-бергі кезеңдерді де қоса еске салып отырулары – олардың жазу машықтарына тән көркемдік нышандар. Тарихтың небір қызықты оқиғаларын қайталай әңгімелеп беру барысында авторлар адамзат жадында қалған ұлы тұлғалардың айтқан сөздерін де дәйек етіп алуға ықылас танытып отырады.

Диалог толғамның қозғайтын тақырыптары мейілінше кең арналы. Авторлар өздерін толғандыратын мәселелердің баршасын қамти отырып, әр тақырып бойынша салиқалы ой айтып, салмақты қорытынды жасауға тырысады. Бұл жағынан алып қарағанда олар өздерінің діндеген идеялық мақсаттарына әдеби нормада қалыптасқан көркемдік құралдарын оңды пайдалана отырып, қол жеткізе алған деп айтуға әбден болады.

Екі тұлғаның сұқбаттасуы барысында ел, жер, халық тарихына қатысты тағылым боларлық талай сырлар, көптеген мағлұматтар шаң беріп, оқырман алдында бірінен кейін бірі көлденеңдеп отырады. Диалогқа өзек болатын көркемдік нысандар қалай болса, солай алына салынған ұсақ-түйек жайлар емес, елеулі эпизодтар, айтулы оқиғалар, тағылымды, тартымды сюжеттер.

Кітапта аттары атылып жататын адамдардың басым бөлігі – жай қатардағы қарапайым жандар емес, ұлты үшін тағылымды, халқы үшін қадірлі тарихи тұлғалар. Олардың арасында сонау ықылым замандағы көмескі бейнелер мен бірге тарихтың әр кезеңінде өмір сүрген шоқтығы биік жандар да жетерлік. Авторлар өздері оқып-білген адамдарымен бірге аралас-құралас болған жандардың бастан кешкендерін, өнеге боларлық іс-әрекеттерін ықшам түрде әңгімелеп беруге тырысады.

Осындай әңгімелерінің бірінде М. Шахановтың қазақ халқының даңқты перзенті Бауыржан Момышұлына қатысты келтірген сюжетінің мазмұны тосын. Ол алғашында осынау үлкен адаммен небәрі жиырма үш жасында сапарлас, дәмдес болыпты. Сол кезде көргендері өмір бойы ұмтылмастай әсерлі эпизодтар екен. Баукеңнің аяқ астынан көрсеткен мінездерінің тосындығы, ашушандығы белгілі бір себептерге ғана байланысты екендігін айқындайтын мысалдарды автор әңгіме арасына сыздықтата қосып отырып жеткізеді. Бұл арада төбе көрсетіп қалатын ерекшелік –

әңгіме айтушының тек ақын ғана емес, көркем шығарма жазуға бейімділігі, публицистикалық сарынының айқындығы да.

Баукеңнің әділетсіздікке, мәдениетсіздікке, надандыққа төзбейтіндігі, ондай жағдаймен ұшыраса қалса болғаны, бетің бар, жүзің бар деместен, тіке айтып салатыны ұтымды штрихтармен берілген. Мысалы, мына эпизодқа назар аударайық: «Мен Бауыржан Момышұлы дегенмін. Бір дастарқанның басында отырған үш төрт адамды алалап сәлем бергенді қай атаңнан көріп едің?

Сасып қалған директор «Ой, кешіріңіз, кешіріңіз, – деп есі шығып, сасқалақтап қалды. Ортаға түскен Нәкең «Бұл бәленше деген совхоздың директоры» дей бастап еді, Баукең:

– Өз мәдениетін түзей алмай жүріп, жұртты қалай басқармақ? **Марш!** – деді тағы да мұртын тікірейтіп» [6, 95].

Диалог толғамның мазмұнын тек әдебиет төңірегінде еңбек етіп жатқан қаламгерлердің ғана емес, өнер, саясат және тағы басқа салаларда тер төгіп жүрген елеулі тұлғалардың бейнелерінің жарқырап ашылуымен де назар аударады. Мысалы, ұлты қазақ кісілердің образын былай қойғанда екеуара әңгіме барысында атақты композитор Шостаковичтың бейнесінің ашылуы қызықты. Аталған туындыда ол кісі өзіне тән машығы бар композитор болуымен бірге үлкен парасат иесі де деңгейінде көрінеді. Бұл арада авторлардың ұлттық парадигма шеберінен шығып, жалпыадамдық парадигманың қамтығысы келгені аңғару қиын емес.

Диалог толғамның көтеріп отырған басты-басты өзекті мәселелеріне жататындар – сияқты ғасырлар бойы басқа жұрттарға бодан болып келген, отаршылдық қамытынан енді ғана босаған қазақ-қырғыз халықтардың бастарында орнығып қалған түрлі проблемалар, оларды шешу жолындағы қилы ұсыныстар.

Екі авторды да қатты толғандыратын – ұлтымыз салт-дәстүрін, тілін, ұлттық психологиясын сақтап қала ала ма, әлде сол мықты дамыған жұрттардың қанжығасында кетіп, бәрінен айырылып қала ма деген тәрізді мәселелер. Осынау шоқтықты да шоғырлы сауалдар төңірегіндегі толғаныстардың мазмұны да жан ауыртардай түрлі тебіреністерге толы.

«Қариялар бас қосқан отырыста балалардың тілін қызықтап:

– Қане, жеті атасын кім шатаспай санап береді? – дер еді» [6, 15] дейді Ш. Айтматов. Сөйтіп келеді де, одан арғы ойын былайша сабақтайды: «Иә, жеті атасына тамыр жібермеген адам жетесіз. Оны білмеген жерден бейәдеп қылық, арам істен жиіркенбеу басталады» [6, 15]. «Үлкенді құрметтеуден басталатын бұл заңның бір тармағы әрі ең жауаптысы осы жеті атаңды білу» [6, 15]. Қырғыз

жұртының ата-тегін білуге деген мұндай ықылас мектебі «Жеті атасын білмеген жетесіз» деп мақалдататын қазақтың металитетіне де жат емес.

Осынау күрделі мәселелерді көтеру барысында авторлар үнемі дерлік тарихқа, тарих қойнауындағы түрлі мағлұматтарға жүгініп, түйетін тұжырымдарына салиқалы дәйектер іздеп отырады. Сол бір ежелгі дәуірлерден келтірілетін түрлі фактілер мен мысалдардың танымдық жағының басым екендігі де айқын. Әсіресе көне түркілер заманына барлау жасаған кезде авторлардың қаламдары қарыштай көсіліп кететінін атап айтқан жөн. Авторлар екі ұлттың адамы болғандықтан да, қазақ пен қырғыздың ортақ проблемаларымен бірге әрқайсысының жекелеген өзіндік сипаттарының да жіті талданып кететіндігіне таң қалуға болмайды.

Сонымен бірге кітап авторлары өзге қайраткерлерден, бұрынғы өткен ұлылардың арттарында қалған афоризмдерге, қанатты сөздер мен нақылдарға жүгінуге бейім. Мәселен, М. Шахановтың: «Э. Хемингуэй: «Үлкен жазушы болу үшін, талант, біліммен қоса, бақытсыз балалық керек» деген екен» [6, 26] деп келтіретін мысалы мәтін мазмұнына орай өз орнын тауып тұрғаны қапысыз.

Дүниежүзі халықтарының тарихынан алынатын мысалдар қатары өз алдына бір тағылымды әпсаналар қатарын құрайтыны анық. Қазақ халқы өнегелі сөздерге, өсиетнамаларға тоқтала білген ғой. Авторлардың түрлі деректер мен фактілерді көптеп келтіруі де ұлттық парадигма шеңберінен қисынды түрде табылып жатады.

Осындай кесек кесек шоқтықты мәселелер көтеріп отырған кітаптың жекебастық жағдайларға да көбірек тоқталып, оқырман уақытын кейбір ұсақ-түйек детальдармен алып кететіндігі де сезіледі. Барлық адам баласына тән ұлы сезім махаббаттың талдануы кітаптың мазмұнын тағы бір қырынан толықтыра түскендей

көрініп қалады. Авторлардың бұл шетін тақырыпты жайдақ талқыламай, философиялық тұрғыдан келуге тырысуы да ізденіс нышаны. Бірақ кей тұстарда өз бастарынан мысалдар келтіргенде, тақырыптың жайдақталып кететіні байқалады. Эмоциялық лептеріне еркіндік бере келіп, авторлардың өз тұлғаларын алдыңғы планға шығарғысы келіп тұратын тұстары да жоқ емес. Бұл жағы әсіресе Шаханов қаламына көбірек тән екендігін жасыруға болмас.

Соның бір мысалы – авторлардың өздерінің әйел баласымен қалай байланыс жасағандығын термелеп кететін тұстары. Олар өздерін өздері мадақтап, көтермелеп кететін сәттерде диалог толғамның парасатты да салиқалы мазмұнымен онша үйлеспей, кітаптың жалпы азаматтық ұстанымынан алшақтай түседі.

Әңгіме арнасымен желдірте келіп, М. Шаханов: «Кеңестер Одағы салтанат құрып тұрған кезеңде ұлттар әдебиетінен дараланып шыққан бес алып тұлға бар-тын. Бұл топтың жасы жағынан үлкені Қайсын Құлиев, одан кейінгілері Мұстай Кәрім, Давид Кугультинов, Расул Ғамзатов, ең кішісі Шыңғыс Айтматов болатын... Тағдыр маған осы бес алыпқа да іні болу бақытын жазған екен» [6, 3] дейді мақтаныш сезімін жасыра алмай.

Енді бір жерде «Дегенімен мені терең білетін әйел баласының ешбірі «Мұхтардың адамгершілігі таяз еді», «әділетсіз еді», «жомарт емес еді» дей алмайтынына сенемін» [6, 367] деп тағы да мақтаныш сезімінің ырқымен кетеді. Өзін өзі көтермелей сөйлеу қай автор үшін де оқырманға моральдық-эстетикалық жағынан жақсы әсер қалдыра қоймайтынын ескеретін болсақ, диалог-толғамның осал тұстарының қандай екендігін аңғарасыз.

Көсемсөздің басты құрылымдық арқауы – ежелгі тарихтан бері қарай бүгінгі жиырма бірінші ғасырға дейінгі ұзақ дәуірлердің деректері қисынымен орайластырылған диалогтар. Жалпыадамдық парадигмалардың айқын бедерленетін жерлері де осы беттерде.

Осы туындының алғашқы нұсқасына М. Мағауин айтқан сын-пікірлердің негізі авторлардың Шыңғыс хан тәрізді тарихи тұлғаға деген көзқарасына байланысты туындаған. Осы аталған диалог-толғамның кейінгі шыққан нұсқасында Шыңғыс ханның аты бірер жерде үстірттеу ғана аталып өтіледі және оның теріс әрекеттеріне талдау жасалмайды. Бұндай пікір ұстамдылығы алдыңғы айтылған сынның әсері болуы әбден ықтимал.

Аталған шығарманың оқырман назарын аудара білуі оның жазылу формасында ғана емес, ортаға түсіп жатқан ойлардың ұсынықты да ділгір сипатта жазылуы, тағылым болар мағұлматтардың молдығы.

Қай мәліметті келтіретін болса да, сұқбаттасушылардың айналып келіп, тіреле беретіндері – қазақ пен қырғыз ұлттарының ұлттық нышандарын сақтап қалуға бөгесін болып отырған кедергілер және ол кедергілерді қалай жеңуге болатындығы жөніндегі ұсыныстар. Әдетте диалог үлгісіндегі шығармаларда пікір қайшылықтары, ой қақтығыстары да орын алып жатады. Бір қызығы – аталған кітапты жазып отырған екі автор да өзара сөз жарыстырып, пікір таластыра бермейді, өзара келісе алмай, дауласып қалатын сәттері жоққа тән. Негізінен, пікір сабақтастыра келе, бірінің айтқанын екіншісі дамытып, қостап, ұлғайта түсуге бейім. Осындай үлкен диалог-толғаудың жетіспей жатқан тұсының бірі осы деп білеміз.



Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шахановтың «Ғасыр айырығындағы сырласу» диалог-толғам айтылатын жекелеген ойтұжырымдарға қарсы Мұхтар Мағауин «Шыңғыс ханның шарапаты немесе ешкі жетектеген екеу» [8, 49] деген кітабы көркем публицистиканың кезекті бір үлгісі ретінде көрінеді. Кітаптың мақсаты айқын, ол – көркем шығарманы талдау емес, жоғарыдан талданып өткен диалог-толғамда тиісті нысанға қатысты айтылатын мәліметтер мен пайымдаулардың кейбірін басқа дереккөздеріне сүйене отырып, жоққа шығару. Автор өз эмоциясымен айтар ойын ғылыми әрі эсселік тәсілдер арқылы қоюландыра отырып, арғы-бергі тарихқа барлау жасайды, алдыңғы қатарға ғасыр қойнауларынан жеткен дәлелді деректерін жетектеп алып шығады.

Мұхтар Шахановтың «Шыңғысхан зұлым» деген тұжырымын терістеу үшін Мұхтар Мағауинның қарсы қоятын аргументтері жетерлік. Шығарма екі авторға (Айтматов, Шаханов) арналып, хат формасында, яғни, көркем эпистолярлық жанрдың үлгісінде жазылған. Еріксіз аузы қыза келе, автор: «Екеуіңіз қосарлана жарысып, Шыңғыс хан негіздеген «Жасақ» заңын мазақ қылғыларыңыз келіпті. Тарихшы мәртебесінен озып, енді заңгер атанбақсыз. Бір сөзбен айтқанда, білгір. Өте қолайсыз жағдайда қалғансыз, құрметті Шоң аға. Сізге ықыласым түсіп отырғаны, Зор бауырыма дауа жоқ. Сонымен Сіз екеуіңіз қосылып, «Жасақтың» пошақ-пошағын шығаруға ниеттісіз» [8, 49] деп ішкі көңіл күйінің ауанымен эмоцияға да ерік береді.

Екі автордың диалог-толғамындағы қара бояулар жанын ауыртқан М. Мағауин аталған кітапты жазумен тоқталып қалған жоқ. Енді ол «Шыңғыс хан және оның заманы» деп аталатын қомақты еңбекті оқырмандарға сыйға тартты. Бұл – көркем шығарма емес, жанрлық тұрғыдан алып қарағанда, тарихи эссе деуге келіңкірейді, Яғни, Мағауинның өзі ләмімен айтқанда, көркем публицистиканың ауылынан алыс емес. Бірақ ең алдымен деректерге, фактілер мен мағлұматтарға негізделіп жазылған бұл еңбекті әр қырынан алып, талдап шығудың да қомақты шаруа екенін ескерген жөн.

Сондықтан да бұл – бірыңғай көркем публицистикадағы жалпы адамзаттық және ұлттық парадигма деп аталатын жинақталған тақырыптың нысаны деңгейінде ғана емес, жеңіл-желпі айта салмай, арнайы зерттеуді қажет ететін сүбелі еңбек. Шығарма болмысының өзі қазақ көркем публицистикасының жанрлық тұрғыдан дамуының бір мінәйі көрінісі. Екі жақтың пікірталасының арқауында ғылыми негіз бар, анығырақ айтқанда, бұл негіз

Мағауин дәлелдерінде басым, ол кісі тіпті өзінің қарсылықтан туындаған эмоциясын да ең алдымен ғылымилыққа тіреп отырады. Сонымен бірге нысана етіп алған адамдарының ой-пікірлерін терістеу үшін икемді ирония мен ащы сарказмды да қабаттастыра қолдана отырып, оппонеттерінің ғылыми-моральдық деңгейіне де күмәнмен қарайды.

Хат түрінде жазылған бұл шығармадағы көркем публицистикаға тән белгілер айқын. Кей тұстарда тіл ұшына үйірілген сөзді нақты атамай, образды түрде емеурінмен де келтіретін тұстары бар. Шығарма тақырыбының «Шыңғыс ханның шарапаты немесе ешкі жетектеген екеу» деп аталуының өзінде де образдық бояу айқын. Оқырман көңілінде «Ешкі жетектеген екеу кім? Олар неге ешкі жетектейді?» деген сауалдардың туындауы табиғи. Сөйтіп оқырманды осылайша бір емексітіп алып, автор туындаған проблемалардың мәніне қарай жетектей жөнелгенде, жаңағы сұрақтардың жауаптары да біртіндеп андағайлап шыға бастайды.

Жазудың осындай тәсілінің өзінен-ақ ұлттық парадигма нышаны төбе көрсетіп өтеді.

Сонымен бірге автордың бұл туындысын шартты түрде Шоң мен Зор деп атаған адамдарға арнап хат формасында жазуының өзі де оқырманның жағдайын, жеңіл қабылдауын ойлағандықтан туындаған ізденіс түрі.

Жалқы есім түрінде берілген жаңағы екі сөз де адам аттарына балама ретінде саналы түрде ұйқастырылып алынған. Яғни, көркем туындының табиғатына тән символдық астар, шарттылық сақталған. Публицистикалық рең мен ғылыми деректерді үйлестіре келтіруі арқасында көркем публицистиканың кезекті бір қыры көрінеді.

Ендеше ол таза ғылыми туынды емес, тек негізі ғана ғылыми, жазылу формасы көркем көсемсөз жанрында. Бір ауыз сөзбен түйіндей келгенде, бұл шығарманың жазылу формасын ғылыми тақырыптағы көркем көсемсөз деп атар едік.

Ақпараттар ағынындағы көркемдік белгілері басым болып келетін сөз өнерінің саласы – көсемсөз. Жазудың қандай нұсқасы болсын, ең алдымен мәтіннен тұрады десек, сол мәтінді құрастыра білудің өзіндік ерекшелігі бар екендігін ескермесе болмайды. Басқа жағын айтпағанда, сол мәтіннің өз бойында жалпыадамзаттық парадигмаларға тән болып келетін сипаттар аз емес. Сөзтанудың көрнекті шебері М. Бахтинның айтуынша, «Мәтін өзіңді жеткізудің, көрсетудің бір түрі, өзіңді ойлай білетін субстанция ретінде табудың жолы».

Біздің көсемсөзі мәтініне немқұрайлы қарай алмайтындығымыз да сосындай мінәйім себептерден.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдардағы өтпелі кезеңде қоғамдағы түрлі дерттердің қабыздап, қалыңдай түскені бүгінгі таңда тарихқа айналып та үлгірді. Сол бір жылдардағы көсемсөзшілердің бір бөлігінің қалам ұшына өзек етіп, үңіле зерттегендері де – осынау әлеуметтік-қоғамдық түйткілдер. Бұндай бағыттың алдыңғы қатарында жүрген тегеурінді журналистеріміз аз болған жоқ. Олардың жазғандарынан әсіресе қарапайым халықтың жан айқайы, наласы мен күйзелісі айқын сезіліп тұрғанын қысылмай айтуға болады.

Осынау шетін тақырыптың әсіресе С. Әсіпов, О. Жолдыбай, Қ. Түменбай және т.б. көсемсөзшілердің қаламына тән болып келді.

Қ. Түменбайдың «Ар мен дар» [9] деп аталатын көсемсөз кітабына жинақталған мақалаларының, эсселері мен очерктерінің жалпы саны қырыққа жуық. Үнемі тарихтан сыбағасын ала алмай, Алла тағала тарту еткен несібесінен құр қалып келе жатқан арда жұрттың мұң мен шерін шертетін материалдары қаламгердің ғана емес, бүкіл ұлттық рух бағытындағы қарапайым қазақтың жан айқайы десе де болғандай.

Жинақтағы кез-келген материалдың бойынан көкірегімізді сыздатқан ұлттық проблеманың иісі аңқып тұрады. Кеңес Одағы тарқар алдында Мәскеудегі Орталықтың ұлттық республикаларға қысым жасауының бір түрі олардағы басшылықтың парақорлығы туралы болғаны егде оқырмандардың жадында. Осы мәселе қаламгердің «Пара туралы парадокс» деп аталатын еңбегінде ықшам түрде болса да, жан-жақты талданып өтеді. Бұндай түсініктің империя орталығында басшылардың арасында кеңінен тарағаны сондай, тіпті осы тақырыптағы өсек-аяңның өзі шындық ретінде қабылданып келіпті. Мысал үшін алғанда, беделді бір газеттің бас редакторы өзінің әріптестерінің ортасында Өзбекстан КСР-нің бірінші хатшысы Шараф Рашидов Кремльдің Георгий залында Брежневке пара ұсыныпты деп те соғып жібереді.

Содан келіп осы тақырыптағы сыпсыңның Орта Азиядағы республикалардың бірі Қазақстанға қарай ауысуы, орыс емес халықтардың арасында парақорлық дертінің өркендеуін сөз қыла отырып, орталықтағылардың ұлттық республикаларды тұқыртып, жасытып алуға тырысуын империялық өктемдіктің нышаны ретінде автор өзі куә болған жағдаяттар арқылы реалистік тұрғыдан тарқата әңгімелейді. Ертерек кезеңдегі пара мен бүгінгі таңдағы параның ара парқын әлеуметтік-моральдық тұрғыдан тал-

дай келіп, параның адал адамдардың тіршілігіне кесірін тигізетін әлеуметтік дерт екендігін автор шағын мысалдарды там-тұмдап ұсына отырып, нанымдылықпен дәлелдеп шығады. Мазмұны ащы осы мақаланы «Билік басында отырған лауазым иелері оқыды ма екен? Оқыса, сондағы айтылған ащы шындықтан сабақ алды ма екен?» деген ойға қаласың.

«Жазушы қауымы қоғамдағы түрлі түйткілді мәселелер жөнінде өткір сөздерімен жедел үн қосып отыру керек» деген тұжырымға берілген нақты жауап осындай-ақ болуға тиісті. Қ. Түменбай қоғамдағы ділгір мәселені көтеріп қана қоймай, онымен қалай күресу керек екендігі жайлы да өзінің жеке пікірін ортаға тастаған. Әңгіме барысындағы нақты ұсыныстар қай көсемсөзшінің қоғамдық белсенділігін, қайраткерлік қалыбын айқындай түсері де рас.

«Киевке Абай керек пе?» деген тосын сауал қою арқылы, қазақтың өзге ұлттарға келгенде ләббайлап бас шұлғып, өзінің ұлттық мүддесін кері ысырып қоятын жалтақтығын шенесе, бұл өткір әңгіменің бір жақ ұшы тікелей ел басқарып жүрген лауазым иелеріне барып тірелетінін автор «Аламан, қайда барасың?» атты еңбегінде одан ары жалғастыра білген.. Ұлттық мәселеге қатысты бірсыпыра өткір сауалдың жауаптары да көсемсөздің осы үлгісінен табылады. «Армян мен грузин немесе азербайжан, жалпы Кавказ халықтары, неге әлем алдында жүйріктерімен танымал?» [8, 77] деген сауалды көлденең тартып келеді де, автор оның жауабын да қолма-қол тауып беруді жөн санайды: «Өйткені бұл өлкелерде ауданның бірінші басшысы спортқа тікелей жауап береді» [9, 77].

Әлеуметтік-ұлттық мәселелердің бір шоғыры «Ала-құла Алматы» мозаикалық сипаттағы көсемсөзінен төбе көрсеткен. Қаламгер өзінің айтар ойын созбақтап, тәптіштей әңгімелеп жеткізуден аулақ. Оның көсемсөзінде көркемдік тұрғыдан ойнап, оқырман санасына әсер етуге ықпал жасайтын – бірер азат жолмен келтірілетін ықшам детальдар, түйінді қысқа тұжырымдар. Олардың біразында ұлттық көзқарастан туындайтын нышандар елес беріп қояды. Көсемсөз үшін керекті ой өткірлігі нақ осындай жағдайлардан айқындалып қалатыны да жас журналистер үшін үлгі бола алса керек-ті.

Автобусқа жапырлай мінген қарадомалақтарға тізе көрсетіп, билет алуға мәжбүрлегісі келген кондуктордың жөнсіз озбырлығы эпизодтық этюд деңгейінде қалып қоймай, ұлттық мәселеде есесі кетіп жатқан қазақтың тағы бір осал тұсын ашып береді. Ересектер ғана емес, кішкене балалар да кейде ұлттық қысымның объектісіне айналып кететінін автор батыл түрде көтере білген.

Оның мысалдары жетерлік. Қабынып тұрған шовинистік пиғыл «–Иық сөмкелеріңді қолдарың ұстап, билет алыңдар! – тексерушінің жарқышақ үні «үй менікі» дегенді танытты» [9,130] деген сипаттағы штрихтар арқылы санаға жетіп жатады.

Қаламгер соңғы онжылдықтың беделінде көркем көсемсөздің бір түрі болып табылатын «Көзбояуы жоқ көріністер» атты тұрмыстық штрихтарымен оқырман назарын аударуда. Оларда тәуелсіздік жылдарындағы замандастардың моральдық-имандылық тұрғысынан қалай өзгергені күнделікті өмір көріністері, жеке-леген штрихтар арқылы беріліп отырады. Бұл циклдегі шағын туындылардың әрқайсысы белгілі бір сюжетке құрылған. Оларды әңгіме өзегіне айналатын жағдаяттарға әрқайсысымыз да куә болып жүруіміз мүмкін, бірақ солардан ой түйіп, оқырман үшін тағылым берер тұстарын нәшіне келтіріп ұсынуға кейде орашолақ болып жатамыз.

Осы айтылып отырған «Көзбояуы жоқ көріністер» деп аталатын деректі шағын этюдтер – көркем публицистиканың шағын түрінің бірі.

...Қазақ халқы қашанда саяси-рухани көсемдерге сусап келе жатқан жұрттардың бірі болғаны тарихымыздан жақсы мәлім. Оған себеп екі ғасырға жуық уақыт бойы езгілікке душар етіп келген ресми бодандықтың бұлтартпас бұғауы еді десек, артық айтқандық емес. Тәуелсіздік кезеңіндегі көркем публицистиканың бір тақырыбы да – саналы ғұмырларын ұлты үшін жарғақ құлақтары жастыққа тимей, жанталасқан алаш азаматтарының саяси және азаматтық бейнелері. Тарих көшінен төбе көрсеткен ондай біртуар перзенттер қатарының бізде аз емес екені белгілі.

Қазақ халқының тарихында өз орындарын ойып тұрып алатын сондай көрнекті тұлғалардың бірі – Қазақстан Республикасын әр жылдары басқарып, халық құрметіне ие болған, ал бүгінгі таңда есімі ел аузында жүрген Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Көзінің тірісінде жеке басы туралы аз жазылса да, тарихи тұлға ретінде бүгінгі таңда жекелеген публицистикалық шығармалардың кейіпкеріне айналып отыр. Бұлай болуы заңды да. Өйткені бетке ұстар ұл-қыздарын ардақтап, арда тұтқан қазақ халқы Қонаевтай перзенттерін әспеттеп, әлемге әр қырынан әйгілеп жатса, ол халықтың өз тарихын объективті түрде тануға деген ықыласының айқын нышаны.

Осы жағынан алып қарағанда, бұл күнде Г. Толмачевтың «Пят-десять встреч с Кунаевым», М. Қалдыбайдың «Мың жыл аңсайды», О. Қауғабайдың «Таңғажайып Қонаев», С. Әбдірайымұлының сұқ-

баттары және тағы басқа авторлардың ірілі-уақты материалдары оқырмандар қолына тиді. Аталған еңбектердің ішінен кейінірек жарық көргендері – М. Қалдыбайдың «Мың жыл аңсайды» және О. Қауғабайдың «Таңғажайып Қонаев» деп аталатын кітаптары. Бұл екі еңбек те аталған тұлғаны әр қырынан алып әспеттей білуімен оқырман назарын аударатын дүниелер деп бағалануға лайықты. Енді осы арада аталған туындылардың әрқайсысының өзіне тән жекелеген сипаттарына тоқталып кетудің қисыны келіп тұр.

М. Қалдыбайдың «Мың жыл аңсайды» [10] естелік кітабының бас қаһарманы – қазақ халқының дара тұлғаларының бірі, Қазақстан Республикасын ұзақ жылдар бойы басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Автор бұл шығармасында өз кейіпкерін саяси тұлға ретінде суреттей келіп, адам баласына тән өзіндік қырларын да мүмкіндігінше жан-жақты жеткізуді мақсат еткен. Ұлттық сипаттардың өзі ұлы тұлғаның төңірегінен табылып жатады. Шынын айтқанда, шығармада көркем көсемсөз түріне тән ракрустар басым. Кейіпкерлердің адами болмысын ашуға бағытталған штрихтардың едәуір үлкен бөлігі жекелеген адамдардың естеліктерінің ішінен көрініп жатады.

Кітап авторының қатты көңіл бөлгені – Д.А. Қонаевтың күрделі бейнесін әр тараптан әңгімелей отырып, толық ашып көрсету. Көлемді кітапты оқып шыққаннан кейін, автордың бұл міндетін көптеген материалдарды жинастыру арқылы үлкен еңбекпен жүзеге асырғанын байқаймыз. Автор өзі көзі тірі кезінде бас кейіпкерімен тікелей қарым-қатынас жасаған деп айтуға болмайды. Оның саяси тұлға ретіндегі портреті көз алдында айқын тұрғанымен, нақтылап айту үшін деректілігі шамалы, жалпылама материалдар шоғыры аздық еткен. Осы арада автордың алдында «Портретті толықтыру үшін енді не істеу керек?» деген шығармашылық сұрақтың туындауы заңды.

Көрнекті тұлға жайында жазу бір жағынан оңай, екінші жағынан қиын. Екеуінің де белгілі себептері бар. Жазу нысанына қатысты өзінің қолындағы деректі материалдар қоры тым тапшы болғандықтан, жазушы сол қорды толықтыруға кіріседі. Оның ең тұра жолы – кейіпкерді жақсы білетін адамдарды іздеп тауып, солардың өз ауыздарынан естеліктерін жазып алу. Тақырыпқа орай іздену барысында бұл шаруа біртіндеп жүзеге асып отырған. Әр табылған адам – жаңадан айтылатын дерек көзі. Кітап авторы олардан жазып алған әңгімелерін көлемді туындының әр тұсына сыналап, реттеп кіргізуге ден қойған екен.

Аталған кітаптағы Д.А. Қонаев жайлы көрген-білгендерін әңгімелеп берген адамдардың саны отыздан астам. Олардың әрқайсысының айтқан сөздерінен, эмоциялық пайымдаулары мен лебіздерінен көлемді туындының фактологиялық қаңқасы құрылған.

Естеліктерді жеткізушілердің әлеуметтік, ұлттық және кезеңдік құрамы әр алуан. Бір замандарда мемлекеттік басқару деңгейінде бірге қызметтес, жұмыстас болған лауазым иелерімен бірге билік пен шаруашылықтың төменгі сатысында өз міндеттерін атқарып келген бұрынғы ұсақ басшылар да, тіпті қызмет бабында жолдары қиылыспаған, бірақ тағдырдың жазуымен өмірдің ұзақ жолында Қонаевпен ұшырасып қалып отырған қарапайым адамдар.

Кітап Қонаев қайтыс болғаннан кейін, көп жылдардан соң жазылған. Осынау биік лауазым иесінің қызметінен 1986 жылы кеткенін ескерген жағдайда, оның көзін көрген жандардың қатары сирей түскенін әрі барларының өзі кейбір деректерді дәл басып айта алмайтындай қартайып қалғандарын да ескеру керек.

Бәлкім, бұл арада автор шығармашылық шыңдалу жолына түспей-ақ, сөйлескен респонденттердің сөздерін сол өздері айтқан қалпында, аздап редакцияға түсірген күйі бере салған деуге болатын сияқты. Мұны кітаптың құрылымдық әрі стильдік жағынан аңғару қиын емес. Бірақ сөйлеткен кезде авторды шығармашылық тұрғыдан ойландырған жайт – кімді алдымен беру керек, кімнің лебізін соңына қарай ұсынған дұрыс деген сияқты қазақ психологиясына тән иерархиялық-структуралық мәселелер.

Бұл жағынан алып қарағанда, респонденттердің кезекті тізімі мейлінше үйлесімділік тапқан. Дінмұхамед Қонаевтың өмірбаянына қатысты әңгіме айтушылардың негізгі тобына жататындар – Рахымалы Бейсебаев, Асқар Тоқпанұлы, Сәбит Жаданов, Зиядин Мыңбаев, Рәтбек қажы Нысанбайұлы, Рысты Хасенова және басқалары. Автордың тиянақты түрде тоқтап өтуге тырысатын жерлері – олардың әрқайсысының бас кейіпкермен алғаш рет қалай жүздескені, қандай жағдайларда өмір жолдары қиылысқаны, ұшырасқан жағдайда екеуара қандай маңызды әңгімелердің болғандығы.

Автордың үлкен бір олжасы – толып жатқан фактілер мен деректердің мол шоғырын қолына түсіруі. Қандай жағдайда болсын, қолға тиген материалдарды өңдеп, көркем публицистиканың өзегіне айналдыру қашанда жазушы шеберлігіне сын болып келетіндігі мәлім.

Әңгіме айту барысында ішкі көңіл күйдің бояулы бағдарын тежей алмай, сезімдік ұстанымның ырқымен кететіндер де жоқ емес. Нақтырақ айтқанда, бұндай эмоционалдық-экспрессивтік сипат А. Тоқпановтың, Р. Нысанбайұлының әңгімелерінен ұшқындап қалып отырады.

Қомақты туындыда Қазақстан тарихында алтын әріппен жазылып қалған Дінмұхамед Қонаевтың бейнесі азаматтық, қайраткерлік өлшемдердің әрқилы параметрі бойынша кескінделген. Ең алдымен көрінетіні – кейіпкердің, сөз жоқ, бүкілодақтың деңгейдегі аса көрнекті саяси тұлға болғандығы, әңгіме айтушылардың бұл бағытта келтіретін мысалдарының жеткілікті екендігі. Көтеріліп отырған тақырыпқа орай қаперге сала кететін бір жағдай – көркем публицистикада әңгіме саясаттанған жерде ұлттық парадигмалық элементтер бәсеңсіп қалып жатады.

Шығармада онша терең болмаса да, қаһарманның ұйымдастырушылық, қайраткерлік бейнесінің біршама айқын көрініс таба алғандығы.

Екіншіден, шығарманың өн бойында үзілмей сөз болатын тақырып – бас қаһарманның жеке адам ретіндегі болмыс-бітімі. Автор мен әңгімелеуші кейіпкер арасындағы ұзақ-ұзақ диалогтардан оқырманның жадыға тұтып қалатыны – Димаш Ахметұлының жоғарыда айтылған қасиеттерімен бірге өз иманына беріктігі, арының тазалығы, жомарттығы, пенде баласына тән ұсақ қылықтардан бойын таза ұстайтындығы. Журналист өзі сөзге жетектеген әр кейіпкердің әңгімесін көлденең тартып, мазмұндап берген сайын, Димекеңе деген оқырманның да сүйіспеншілігі арта түсіп отырады.

Әңгімелеушілердің қай-қайсысының да баса назар аударатыны – Димаш Ахметұлының жалпы пенде баласының бойында бағалы деп саналатын қарапайымдылығы, инабаттылығы, мейірбандылығы сияқты қасиеттер. Бұл тақырыпқа келгенде әңгімешілер бір-бірін жетілдіріп, толықтырып, үстемелей түседі. Диалогқа қатысушылар бас қаһарманға қатысты әр түрлі оқиғалар мен эпизодтарды әңгімелей келіп, ол кісінің адамгершілігі туралы сөз қозғала қалған жағдайда қай жағынан да бірауызды.

Бұл арада көңіл бөлетін бір деректілік факторы – әңгімешілердің бір-бірін өзара тани бермейтіндігі, бірақ соған қарамастан, Димаш Ахметұлы туралы көзқарастарының, пікірлер мен пайымдауларының логикалық тұрғыдан өзара ұштасып, байланысып, бір-бірін толықтырып жататындығы. Шынайы қабылдаудың



нәтижесінде туған мұндай ортақ түйіндер, айналып келгенде, бүкіл халықтық махаббаттың көрінісі болып табылатыны сөзсіз.

Шығармада насихаттық, уәзипалық сипатта келтірілетін түрлі қызықты тәсілдер қатары өз алдына бір төбе. Мазмұндық-мағыналық жағынан алып қарағанда, бұл мысалдардың беретін ғибраттық түйіндері ұқсас, салалас болғанымен, шығу тегі әрі көркем уақыты екі түрлі. Оның біріншісі – қазақ тарихында бұрынырақ өткен белгілі би-шешендерден қалған тағылымдық, өсиетнамалық сөздер болса, екінші топтағылар – әңгімешілердің өздері көздерін көрген, әңгімелескен, бетпе бет жүздесіп жүрген замандастары айтқан тапқыр сөздер.

Бұлардың екеуі де қызықты, екеуі де түрлі тағылымдық мәні бар шағын сюжеттерге толы. Сонымен бірге бұл әңгімелер шығарманың негізгі айтар ойымен, түйінді, тұжырымды тұстарымен ұтымды түрде ұштасып жатады. Демек, бір қарағанда бас қаһарманның басынан өтетін оқиғалардан тыс, көлденең әңгімелер сияқты көрінетін бұл шегіністер қомақты шығарманың бүкіл көркемдік болмысымен рухани бірлікте.

Бір сөзбен айтқанда, Мамытбек Қалдыбайдың «Мың жыл аңсайды» деректі шығармасы тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық парадигманың аясында көрініс тапқан қазақ көсемсөзінің өзіндік үлгілерінің бірі.

Жазылу формасына қарап, бұл еңбекке «Деректі роман-диалог» деген анықтама өзінен өзі сұранып тұр. Өйткені шығарманың мазмұндық негізі – деректілік, ал сол деректілікті жеткізу тәсілі ұзыннан ұзақ қарадүрсін баяндау емес, диалогтардың ішіндегі ауызекі баяндаулар.

Кітап Д.А. Қонаев туралы болғасын, «Онда ол ғұмырнамалық шығар» деген ойдың да ұшқын беріп қалуы заңды. Бірақ жалпы композициялық құрылымына, естелік айтушылардың адами ұстанымдарына қарағанда, бұл шығармаға олай деп айқындама беруге болмайды.

Бұндай пікірге келудің бірінші себебі – кейіпкер өміріне қатысты айтылатын деректерде ғұмырнамалық шығармаларға тән болып келетін хронологиялық жүйе сақталмаған. Екіншіден, бас қаһарманның өміріне байланысты шамалы немесе тіпті тікелей қатысы жоқ сюжеттер мен эпизодтардың алып кететін орындары молырақ. Үшіншіден, әр естелік айтушының ілгері-кейінді баяндаулары ғұмырбаяндық тінді, былайша айтқанда, ортақ линияны қалыптастырмайды, керісінше, бұзып тұрады.

Оның себебі – автор кейіпкер болмысын жасауда ондай хронологиялық тәсілмен сомдауды мақсат етпеген.

Ең алдымен бас қаһарманның өзі туралы емес, оның туған әкесі Ахмет ақсақалдың өмір жолындағы маңызды кезеңдер жайлы әңгіме қозғалады. Бұл бөлімді әңгімелеудің басты формасы бірінші жақтан, ішінара «Ахмет ақсақал сөйтіпті» деген сыңайдағы үшінші жақтан баяндау үрдісі де орын алып, өмірбаяндық кезеңдерді автор мен әңгімелеуші кейіпкер бір бірін өзара толықтырып отырады. Бұның өзі баяндау формасының ұтымды түрі болып табылатындығы сөзсіз. Бір сөзбен айтар болсақ, осы бастапқы бөлімде ең алдымен ашылатын образ – Дінмұхамед Қонаевтың туған әкесі Ахмет ақсақалдың образы, сонан кейін бала Димаштың бейнесі.

Бұл арада тағы бір көркемдік фактор ретінде бас қаһарманнан өзге жанама кейіпкерлердің тағдырларына, оқиға болып жатқан уақыттағы замана шындығының ашылуына қатысты жайттарды айта кеткеніміз дұрыс. Негізгі тақырыптан тыс мұндай екінші қатардағы оқиғалық желілердің кітапта алатын орны едәуір ауқымды.

Екінші қатардағы кейіпкерлердің бірсыпырасы Д.А. Қонаевтың антиподтары. Атап айтар болсақ, бұлардың қатарында айқынырақ көрінетін бейнелер – сол замандарда респуликалық билік басында тұрған партия қайраткерлері Г. Колбин, З. Камалиденов, С. Меңдібаев, С. Имашев, және басқалары. Қонаев пен оның айналасындағылар жайлы сөйлейтіндер – сол дәуірлерде тікелей қарым-қатынаста болған партия, кеңес және шаруашылық қызметкерлері. Әңгіме айтушылардың басым бөлігі артық эмоцияға, еріксіз көңіл күйіне беріле қоймайды, болған оқиғаларды сол күйінде айтып беруді қанағат тұтады. Бұл тәсілдің өзі – шығарманың деректілік шырайын айқындап, нақтылыққа жақындата түседі.

Бір ауыз сөзбен түйіндегенде, осынау көлемді шығармада басымырақ көрінетіні – көсемсөз жанрына тән нышан, белгілер.

Осы арада бірден басын ашып айтқан жөн шығар, «Мың жыл аңсайды» кітабында өмірлік деректерді қиыстырып, оңтайлап келтірген тұстары көп болғанымен, шеберлік деген мәселенің қандай жағдайда да үнемі алдыдан шығып отыратын маңызды фактор екендігін ұмытпау керек. Бұл жағынан келгенде, аталған еңбекте азды-көпті жетіспей жатқан жерлердің де ұшырасып қалып жататыны рас.

Оның негізгілері – бас қаһарман жайында айтылатын ойлар мен көзқарастардың қайталануы, әр тұста берілетін бағалардың

өзара ұқсасып жатуы, екінші қатардағы кейіпкерлердің тақырыпқа тікелей қатысы шамалы ұсақ детальдарды, әсіресе өзінің жеке басына қатысты жағдаяттарды ежіктеп кетушілік. Шиырып айтқанда, бұлардың өзі деректілікті тереңдетпей, көлем ұлғайтуға ғана ықпалын тигізеді.

Кітап мазмұнын сабақтастырып тұратын жағдаяттар қандай мысалдардан байқалады дейтін мәселеге келетін болсақ, ең алдымен естелік айтушылардың көзқарастарының бір бірімен еріксіз ұқсас болып келетіндігінде. Автордың алдында сөйлеген жандардың барлығының бас қаһарман жайлы толғаныстары, сүйіспеншіліктері мен ықыластары қаншалықты тәптіштеп айтқандарымен, бірінікінен бірі алшақ жатқан жоқ. Ойлары сабақтас, пікірлері салалас, үндес болып келеді. Бұған мысалдар жеткілікті...

Ауқымды шығармада артық-ауыс кеткен, үстемеленіп, қайталанып жататын, таза мақтау сыңайындағы эмоциялық бояудың қалыңдай түсетін тұстары бар. Тағы бір кемшілік – ішінара адам аттарының жаңсақ берілуі, ауыстырылып кетуі. Бірақ бұл айтылғандар осындай ауқымды туындының құнды деректеріне, көрнекті тұлғаның адами-саяси бейнесінің өз деңгейінде сомдалуына көлеңкесін түсіре алмауы тиіс.

Діттеген ойды нақтылап, бекіте түсу үшін мұндай қайталаушылықтарды артық деуге болмайды.

О. Қауғабайдың «Таңғажайып Қонаев» [11] атты кітабында Қонаевтың көптеген ұнасымды қырлары жекелеген қысқа эпизодтар, шағын детальдар арқылы көрініс тауып отырады. Автордың негізінен назар аударғаны – осы ірі лауазым иесі болып тұрған тұлғаның қарапайым еңбек адамдарымен, ел ішіндегі қатардағы тұрғындармен қандай қарым-қатынас жасағандығы.

«1972 жылдың қысында Алматыда әуежайға баратын жолдың бойында бір үлкен құрылыстың жұмысы басталады... Ағылып көлік көп жүретін даңғылдың бойындағы жұмыс сылбыр әрі ұқыпсыз, қалай болса солай жүріп жатты» [11, 7]. Осы құрылыстың қасына Димекең түсе қалады да, қалай болса солай жұмыс істеп жатқан салақ құрылысшылардың бригадиріне сыпайылап ескерту жасайды.

Немесе екі ауылдың арасында жаяу-жалпылап кетіп бара жатқан қария кісіні қуып жеткен Қонаев оны машинасына отырғызып алып, жөн сұрасады. Тіпті үйіне шақырған қарапайым адамның төріне шығып, дәм татуы да осы қатардан табылатын, қаншама биік лауазым иесі болса да, қарапайым ұстанымынан бір танбаған адамгершілік тұғырының биіктігін, моральдық қағидатының қандай деңгейде екендігін нақыштайтын штрихтар. Нағыз қазақи

мінезді қадір тұтатын ұлық адамның мінезі, яғни, ұлттық парадигмамызды айшықтайтын сыпайы, көркем мінез.

Кітаптың өн бойында ұшырасатын мұндай мысалдар қатары баршылық. Өз жинастырған материалдарын О. Қауғабайдың ықшамдап жеткізуге бейім екені байқалады. Жекелеген шағын әңгімелерден тұратын біртұтас еңбектің кез келген бетінен ашып, әрі қарай оқи беруге болады. Өйткені оның құрылымында бұлжымас композициялық беріктік жоқ, олай болуы да шарт емес. Сонымен бірге автордың хронологиялық принципті қатаң ұстанбағаны да көрініп тұр. Тіпті бас кейіпкердің ата-тегіне қатысты оқиғалар да кітаптың әр тұсынан қылаң беріп отырады.

Шағын әңгімелердің өзегін құрайтындар – кейбіреу эпизодтық деңгейде болып келетін жекелеген ұсақ сюжеттер мен эпизодтар. Мысалы, Дінмұхамед Ахметұлының белгілі журналист жазушы Балғабек Қыдырбекұлымен кездесіп, әңгімелесуін алайық. Бұл эпизодты автор Балғабектің ұлы Алғатбектен айтуымен жазып алған деуге болады.

Бірде демалыс күні мектепте оқитын ұлы Алғатбекті қыдыртып, Бәкең қазіргі Абай атындағы опера және балет театрының төңірегінде серуендеп жүреді. Гүлзардың бір тұсына келгенде, қайдан шыққаны белгісіз, анадай жерден «Совминнің», яғни, Қазақ КСР-нің Министрлер Кеңесінің төрағасы болып істейтін Димекең жалғыз кетіп бара жатады. Оны көріп қалған Қыдырбекұлы: «Димеке, бір минутқа тоқтаңыз» деп дауыстайды да, ол кісі жалт қарағанда, қасына келіп сәлем береді.

Алғатбек балақай да екі қолын созып, сәлемдеседі. Үлкен адамның назарын аударған да – баланың осынау әдепті қылығы. Өйткені бұл, сөз жоқ, ұлттық парадигманы айқындай түсетін қазақы менталитет екендігі анық. Үлкенге сәлем берген баланы «Ұлың өзіңнен айнымайды екен» – деп, Димекеңнің ұнатып қалуы да шынайы. Әкесі болса, баласына: «Алғатбек, сен ана жақты бір айналып, ойнап кел. Біз кішкене әңгімелесейік» деп Бәкең Димекеңмен далада біраз сұхбаттасады» [11,147].

Кітапты құрайтын шағын әңгімелердің мазмұны көбінесе осы тақілеттес, эпизодтық деңгейдегі көріністерден тұрады. Оларда алып-жұлып әкетіп бара жатқан ерекше оқиғалар орын ала қоймайды. Бас кейіпкеріне қатысты естіген, білген осындай ірілі-уақты оқиғаларды тәптіштеп, автор ұзақ сонар әңгіме айтып кетуге жоқ. Ең керекті деп тапқан тұстарын ғана екшеп алып, оқырман алдына ықшам түрде ұсынуға бейім.

Автордың шығармагер ретінде ұтып тұрған жері – осындай шағын әңгімелерді жинастырып келіп, мозаикалық әдіспен көлемді кітап жасап шығаруы.

Бұл арада айқын байқалатын бір жағдай – автордың материалдарды негізінен ауызша естіген әңгімелері бойынша қағазға түсіріп отырғандығы. Өйткені ол уақыт кезеңдерін немесе адам аттарын, жекелеген атауларды айтқан кезде цифрлар мен деректілікке, бір ауыз сөзбен айтқанда, нақтылыққа табан тіреп жатпайды. Бұл да – жалпылауға бейім қазақы мінездің өзіндік бір сипаты.

Айталық, әңгімелеу барысында автор «Бір жылы», «Бір адам» немесе «Бір мекеме» деген сияқты жалпылама сөздерді қолануға бейім. Мысалы, «Бірде осы кресло тұрған жерге бір үлкен кісі келіп...» [11, 21], «Димекең бір жылы шетелге іссапармен барады... Бір салтанатты кездесуде Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әні орындалады» [10, 25], «Белгілі архитектор бір күні Димекеңе кіріп...» [11, 63], «Арыстанбаб жатқан Оңтүстіктегі белгілі ауданның басшысына бірде телефон соғады» [11, 86] деген жалпылама сөздердің ұшырасуы жиі. Бұлайша жобалай айтылған деректер әңгімелерге аңыздық сипаттар беріп, белгілі бір дәрежеде оқырманның қызығушылығын арттыруы мүмкін. Сонымен бірге, екінші жағынан, нақты бір тұлға туралы айтылған кезде оқырман қауымның шығарма мазмұнынан нақтылық, деректілік іздеп жататындығын ескеру керек еді.

Бұл жағынан алғанда, М. Қалдыбайдың деректі шығармасының өнбойында нақтылық, деректілік басым, долбармен сөйлеу, жобалай айту жағы жоққа тән десе де болады. «Таңғажайып Қонаев» кітабын тұтас оқып шыққаннан кейін, ұлы тұлғаның бейнесін сомдау үшін іріктеп алынған негізгі детальдар да айқындалып қалады. Шығармашылық тұрғыдан тірнектей жинаған түрлі оқиғалар мен эпизодтарды автор бірер азат жолдан тұратын шағын әңгімелерге айналдырған.

Кітапта жасалған, негізінен, Қонаевтың ел арасындағы ауызекі әңгімелерден құралған жиынтық бейнесі. Оның жоғарғы эшелонда қызметтес болған лауазым иелері, республиканың бірінші басшысы ретіндегі республикалық көлемдегі ірі жұмыстары жөнінде ауызға алынбаған десе де болады. Автор ол жағын мақсат етіп қоймаған да сияқты. М. Қалдыбайдың әңгімеге тартатындары, керісінше, сондай бұрынғы лауазым иелері немесе қоғам қайраткерлері мен белгілі өнер адамдары. Сондықтан да болар, оқырманның көз алдынан көлденеңдеп өтіп жататын – көбінесе өзінің лауазымдық міндетін атқару үстіндегі, қызмет бабындағы Қонаев.

Табиғатынан имани ұстанымды болған жанның жылы бейнесін жасаған жағдайда оқырман санасында ол туралы жақсы пікір қалыптасатыны айқын.

О. Қауғабай кітабында ойландыратын жайттардың бірі – ерін ұшында қайталанып отыратын «Қонаев – пайғамбар, әулие. Кемеңгер, қарапайым» деген айқындауыштар. Осы арада бұл айтылған ұғымдардың айқындамалары таратылып түсіндіруді қажет етіп тұрған сияқты. Мысалы, «Неге әулие? Қалайша пайғамбар?» деген сауалдардың туындауы да ықтимал. Өйткені әулие, пайғамбар болудың белгілі бір шарттары бар ғой. Ислам дінінің қағидалары бойынша өмірге келген соңғы пайғамбар – Мұхамед (с.а.с.)

Екі кітапта да Қонаев бейнесін сомдау барысында алынған географиялық факторлар көңіл аудартады. Мысалы, М. Қалдыбайдың «Мың жыл аңсайды» кітабында Қонаев жайлы әңгіме айтушылардың басым бөлігі Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарынан шыққан адамдар болса, «Таңғажайып Қонаев» атты кітаптың кейіпкерлері – негізінен Алматы облысының, Райымбек ауданының азаматтары.

Осыған қарағанда, авторлардың әрқайсысы белгілі бір өңірдің адамдарын ғана сөйлетуге баса назар аударған. Орталық, солтүстік және шығыс облыстардың адамдары қамтылмаған, Қазақстанның басқа тараптарында Қонаевқа қатысты оқиғалар да назарға алына қоймауы географиялық аяны тарылтып тұрғаны сөзсіз. Осы арада ұлттық парадигманы білдіретін бір нышан – авторлардың сүйектің майлы басын өздеріне қарай тартуға бейім жершілдік менталитет. Айпарадай айқын нәрсе сол – Дінмұхамед Ахметұлы тек бір аймақтың ғана шеңберіне сыя бермейтін, бүкіл Қазақстандағы, одан қалса бұрынғы Одақтың көлеміндегі айтулы тарихи тұлға.

Ширек ғасырға жуық Қазақстан Республикасының басшылық қызметінде болған Д.А. Қонаев – сөзі мен ісі, адами және азаматтық тұлғасы, қайраткерлік бейнесі тарих қойнауына қарай жылжып кеткен, бүгінгі таңда ел есіндегі естелік ретінде ғана айтылатын халық перзенті, қоғам қайраткері. Ол жайындағы жазылатын еңбектердің негізінен естелік сипатында көрініс табатыны да сондықтан.

Қонаев туралы қос кітаптың мазмұнынан түсінетініміз – ел басқарған ерен тұлғаның бойындағы үлгі боларлық өнегелі қырларының, кейінгі буын басшыларына тәлім болар тұстарының молдығы, тек қарапайым азамат ретінде ғана емес, қоғам қайраткері ретінде де оңды жақтарының олқы соға қоймайтындығы. Осындай кесек тұлғаның бейнесін сомдауда екі кітапта да артық-

кем түсіп жататын тұстарына, кемшіліктеріне шүйіліп жату шарт емес те болар. Ең бастысы – аталған шығармалардың тұлғалар жайында жазылған қазақ көркем публицистикасының кезекті бір тәжірибесі ретінде көріне отырып, ұлттық менталитетімізді де беделлей білгендігі.

Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алмай тұрып-ақ. Қазақстан билігінің басына келген басшы. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде ол тек мемлекеттің Президенті ғана емес, елдің, ұлттың да көсемі екендігін, жаңа үрдістерге сай лауазымдық міндетін атқаруға мейлінше қабілетті адам екендігін байқатты. Сондықтан да оның көркем публицистиканың кейіпкеріне айналуы шығармашылық заңдылық деп тайынбай тұжырымдаған жөн. Ол жөнінде қалам тартудың, салиқалы кейіпкерге айналдыра білудің қоғамдық-тарихи, әлеуметтік-шығармашылық негізі әу бастан айқын екендігі сөзсіз.

Сөздің реті келіп қалған уақытта астын сызып айта кеткен абзал, тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президентін кейіпкер етіп алып, ол жайында қалам тербеген көсемсөзшілердің қатары бүгінгі таңда едәуір шоғырлы топты құрай алады. Олардың кейбірінің есімдерін атап кететін болсақ, тақырыптас әріптестердің тобының осал емес екендігін байқаймыз. Дүкенбай Досжан, Оралхан Бөкей, Мырзағали Іңірбаев, Уәлихан Қалижанов, Бейбіт Сапаралы, Қайнар Олжай сияқты танымал есімдердің өздері қарымды топтың тегеуірінді легін байқатса керек.

Қазақ көркем көсемсөзінің бір жүйірігі, белгілі қаламгеріміз Оралхан Бөкей де тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көркем көсемсөзде өз ізін қалдырып үлгірген екен. Жазушы, журналист һәм драматург Оралханның шығармашылығы неден басталды деген сауалға зерттеушілеріміз оның алғашқы кітаптарына енген туындыларының хронологиялық тұрғыдан бұрын жазылғандарын атай отырып, жауап беруге тырысатын. Мәселен, оның тырнақалды туындыларының қатарында «Сарыарқаның жаңбыры», «Терісаққан» тәрізді жазбалары аталып жататын. Көбіміз осы мәліметтерге сеніп келдік. Сөйтсек, бұл түбегейлі тұжырым емес екен.

Туғанына 70 жыл толуына орай 2013 жылы қаламгердің артында қалған жанашырлары «Біздің Оралхан» деп аталатын жинақ шығарды. Оған қаламгер жайындағы естеліктермен бірге белгілі бір себептермен өз уақытында кітаптарына енбей қалған жекелеген шығармалары да топтастырылған екен. Кітапты шығарушыларға ерекше алғыс айтуды қажетсінетін сәт осы, себебі – оған Оралханның бұрын жалпақ оқырманға беймәлім дүниелері де

еніпті. Олардың басым бөлігін құрастырушы азаматтардың архивтерде отырып, қаламгер алғаш жаза бастаған кездегі аудандық, облыстық мерзімді баспасөз беттерінен тірнектей жинастырғаны көрініп тұр.

Өзінің шығармашылық өмірбаянын аудандық және облыстық газеттердің беттерінде мақала, очерк, хабарлама, суреттеме сияқты журналистика жанрларының үлгілерін жариялаудан бастаған Оралханның есімін жерлестері ең алдымен оны журналист ретінде таныпты. Демек ол шығармашылыққа әу бастан публицист ретінде келген.

Бұл арада арнайы тоқталып, басын ашап алатын басты мәселе – Оралхан Бөкей шығармашылығының библиографиясын жасауға жаңа мүмкіндіктер туғандығы. Кітапта тіпті Орекеңнің нәбір 18 жасында қағаз бетіне түсіріп кеткен дүниелері де қылаң береді. Сөз реті келіп жатқан соң, айтылып жатқан жағдай ғой, әйтпесе бұл арада ең алдымен назар аударатынымыз – өмірінің соңғы жылдары О. Бөкей жазып кеткен көсемсөз үлгілері және олардағы жалпы адамдық әрі ұлттық парадигмалардың қаншалықты деңгейде көрініс тапқандығы.

Оралханмен замандас кексе оқырмандардың жадында болар, өмірінің соңғы жылдарында ол «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып жұмыс істеді. Оның соңғы жазғандарының да осы басылымның беттерінде жарияланып қалуы табиғи қисындылық.

1993 жылдың маужыраған мамыр айында асатынан дүниеден озған Орекең туған елі Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізгенін өз көзімен көріп кетті. Жалпақ жұртты қуанышқа бөлеген шаттық эйфориясының ортасында жүріп, өзінің түйгендері мен көргендерін, парықты пайымдауларын ішінара қағаз бетіне түсіріп үлгіріпті. Ендеше Оралхан Бөкейді Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жыршыларының бірі деп байырқалауға толық хақылымыз.

Әрине, бұл арада оның осы өмір сәулесі кенеттен бұлыңғыр тартып, бейуаққа айналар алдындағы жазғандарының барлығы көркем көсемсөз үлгісінің талаптарына сыйып кетеді деп айтуға болмас. Алайда жанрдың жанын кіргізіп, онсыз да өткір қаламын жанып-жанып алғандығы айқын атойлап тұрған туындыларын елемей өтсек, оқырманға тастап кеткен аманатына қиянат болып қалуы да ғажап емес. Соның нақты мысалы ретінде бір-екі туындысын ықшамдап талдай кетудің қажеттігі осындай себептен туындап отыр.

Оның біріншісі – «Президенттің бір аптасы» деп аталатын жолсапар очеркі. Аты айтып тұрғандай, мұнда тәуелсіз Қазақстанның



тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бір апталық жұмыс сапары суреттеледі. Істің орайы келіп, Орекең осы уақытта Президенттің жанында жүрген журналистердің қатарынан табылыпты. Шілденің төртінде Алматы әуежайынан көтерілген ұшақ бұған дейін Целиноград аталып келген Ақмола қаласын бетке алады. Ақмола облысының әкімі Браун қарсы алғаннан кейін, жергілікті басшылар өз қалауы бойынша Президентті Ерейментау ауданына қарай ала жөнеледі. Осындағы ауылды жердің ахуалымен, егістіктің жағдайымен танысып, жұртшылық өкілдерімен азды-көпті әңгіме шерткен соң, Назарбаев мінген тікұшақтың қайтадан бет түзегені – тағы да облыс орталығы. Қалаға келе салып Президенттің «Целиноградсельмаш» заводының жағдайымен қалай танысқандығын да автор назардан қағыс қалдырмапты.

Сонан соң Елбасы бастаған топтың көп кідірместен бет алғаны – Ресей астанасы Мәскеу қаласы. Мұнда енді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы басшыларының кезекті мәжілісіне қатысуы тиіс еді. Сол мәжілістің алдында жиналған лауазым иелерінің жаппай құттықтағаны бір-ақ адам, ол – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Өйткені мәжілістің алғашқы күні ол кісінің туған күнімен сәйкес келіп қалған екен.

Қазақстан басшысы бастаған делегация Мәскеу қаласында да ұзақ кідіріп тиянақтай алмайды, өйткені Финляндия Республикасының астанасы Хельсинки қаласында ол кісіні Европадағы қауіпсіздік және өзара байланыс жөніндегі ұйымның кезекті мәжілісі күтіп тұрған көрінеді. Енді Назарбаев осы қалаға жетіп, аталған ұйымның кезекті мәжілісіне қатысады және тек жай қатысып қана қоймастан, оның алғашқы күнгі жұмысына төрағалық етеді.

Мәжіліс арасында оның көптеген елдердің басшыларымен кездесіп, түрлі шаруалар жайында әңгіме қозғауға уақыт табатыны тағы бар. Осы қалада болған күндері очерк авторын өз Президентінің тамам жұрттың алдындағы биік беделі бір қуантса, тәуелсіздікке енді қол жеткізген Қазақстанның көк туының қаланың әр жерден асақақтай желбіреп тұруы екінші тағы қуантады. Тәуелсіздік әсерімен өзін өзі жете тани бастаған қазақтың ұлттық сезімінің алға шығатыны да соы сәтте.

Елбасының қасында ілесіп жүрген журналистерге бір аптаның ішінде ғана орын алған осынша шұғыл да маңызды оқиғалардың айырықша әсер етуі заңды да. Ұлттық ойлау деңгейінде шектеліп қалмастан, жарты әлемді шарлай жүріп, бүкіл адамзаттық парадиг-

ма шеңберіндегі мәселелерді көтере білуі, соған орай сөз сөйлеп, кездесулер ұйымдастыруы – Қазақстан Президентінің қайраткерлік тұлғасын биіктете түсетін елеулі детальдар.

Елбасының жұмыс кестесінің тығыздығы және соған қарамастан, барлық жерде де өзінің көздеген мақсаттарына жетіп, тиісті құжаттарға да қол қойып үлгіргені жайында очерк авторы бір жағынан өз эмоциясын үстемелеп отыру арқылы қаламын желдірте баяндап береді. Бұл арадағы ұлттық парадигма аясына сыйымды белгілерді осы жеке сезім күйінен аңғаруға болады. Өйткені қазақ өзінің кші әлеміндегі жылт еткен құбылысты үнемі тежей бермейтін халық.

Осы арада айта кету керек, О.Бөкей бұрынғы-соңғы очерктерінде Президентті кейіпкер ету деңгейіндегі ауқымды саяси тақырыптарға қалам тарта бермейтін. Қазақстанның тәуелсіздік алуына орай Президенттің іс-сапарлары да жоғары деңгейде өтетінін өз көзімен көргеннен кейін, ой түйіп, пікір тиянақтатқаннан соң, үнсіз қала алмай, қаламына жел береді. Президентпен бірге өзі де қоса тебіреніп, қазіргі таңдағы қазақ елі, оның тәуелсіздік жағдайындағы хал-ахуалы жөнінде ой-сезімін қатар жарыстырып отырады.

Жалпы көсемсөз тарихында саяси мәселелерге келгенде эмоцияны іркіп қалмау, айтар ойыңды бейнелі сөздермен бедерлеп жеткізу тәрізді шығармашылық факторлардың оңайшылықпен орындала қоймайтыны белгілі. Ресми тақырыптың көбінесе қасаңданып, құрғақтанып кететіні де сондықтан. Ал Оралхан Бөкей осындай ресми жағдайларды баяндау барысында да өзінің өрнекті стилінен айырылмауға тырысып, қазақтың көркем сөзінің қадірін биіктете отыруды да жөн көреді.

«Тәңірім жарылқап, ұзағынан сүйіндірсін, тың өлкесінде биыл мол берекенің нышандары бар. Осы сапардың алдында ғана Қостанай өлкесінен оралып едім, онда да ауық-ауық жаңбыр жауып, егін мен шөптің шығымы көз қуантқан, көңіл сергіткен» [12, 132] деген баяндаудың өзі жадағай сөз тіркестері ғана емес, образбен ойлай алатын қаламгердің шығармашылық стилінен де хабардар етіп өтеді. Қазақтың осындай образбен ойлай білуге бейі болып келетін қасиетін жете сіңірген қаламгер бұнымен де шектеліп қалмайды, Президент қасындағы сәттерін одан әрі жеріне жеткізіп бейнелеуге тырысады.

«Тізелесе отырған Браунға Ерейментаудың арғы-бергі тарихына шолу жасай айтып берді. Бұл – қазақ жерінің, қазақ елінің кие тұтар текті де құйқалы өлкесі екенін, Бөгенбай батырдың

ата қонысы, қазақ батырларының жоңғарларға қарсы жорығында ту тігіп, баталасқан, соққы берген тұсы да осынау өлке екенін айтты.... Бұдан соң Нұр-ағаң Ерейментау туралы Иманжүсіптің өлеңін оқыды. Мен болсам жерге кіре ұялдым. Ұялғаны себебім – әдебиетші бола тұра, осы жырды жатқа білмегенім...» [12, 134] деген үзіндіден Назарбаевтың жалаң ел басқарушы ретінде ғана емес, ұлт руханиятынан жақсы хабардар интеллект иесі екендігін аңдай аламыз. Бұл арада көсемсөзші келтірген штрихтардың қай жағынан да ұтымды шыққаны, кейіпкердің қазақи ойлау жүйесінен де хабар беріп тұрғаны сөзсіз.

Елбасының одан арғы адами болмысын беру барысындағы көсемсөзшінің баяндаулары мен суреттеулері нақты. Оны мына үзіндіден байқай аламыз: «Анда-санда ғана, онда да баспасөз қызметкерлерімен сұқбаттасқанда, алыстан кездесетін Нұр-ағаңның бойынан байқағаным – тым алыстатпайтыны, тым-тым жақындатпайтыны; еркелете де білетіні, бірақ есіртпейтіні; кейде қатал, кейде майда келетін мінезіне сай жадысының мықтылығы, яғни, оқыған, көрген дүниесін, көрген адамын ұмытпайтындығы; киім киюінің талғампаздығы... бұдан соң реті келгенде қағып түсер қалжыңы; көп күлмейді, күлсе, ақтарыла қысқа ғана қайырылады; қалай болған да да жұрт не десе де, бір тектілік байқалады» [12, 135].

Осы келтірілген ықшам баяндаулар арқылы өрнектелген Президенттің қайраткерлік немесе азаматтық тұлғасы ғана емес, адами бейнесі де оқырманның көз алдына біршама айқын елестей алатыны сөзсіз. Автордың пайымдауында ел басында отырған үлкен тұлғаның азамат әрі адам ретіндегі қалпының жеткізілуі тиянақты. Бұл арада тіпті айпарадай ашық айтылмаса да, Елбасының қай ұлттың өкілі екендігін де байқап қалуыңыз ғажап емес. Өйткені автор өз кейіпкерін ұлттық менталитетке сай мінездейді.

Осы жағынан алып қарағанда О. Бөкей тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президентін жеке тұлға ретінде нақты штирхтармен айқынырақ бейнелеген алғашқы көсемсөзшілердің бірі деуге лайық.

Оралхан көсемсөзінің соңғы үлгілерінің бірі – «Ошақтың бұты үшеу, жағар оты біреу» [13] деп аталатын эссе-толғауы. Мұнда қолымыз тәуелсіздікке жеткеннен кейінгі қазақтың ұлт ретіндегі өзінің жағдайы лирикалық шегіністермен сарапталып келеді де, ағымдағы өзекті мәселелердің төңірегінде жекелеген тұщымды ойлар ұсынылады. Басқа халықтардан қазақты ажырататын мінез-құлық ерекшеліктерінің, ұлттық парадигма шеңберінде ойлай

білетін ұрпақ өкілдерінің қандай екендігін автор қолмен қойғандай етіп нақтылай тізбелеп береді.

«Тірісінде терісін сыпыруға әзір тұратын кісәпірлік, өлген соң тұлыпқа мәңіреген сиырдай азан-қазан болу қанымызда барын жасырғанмен жарамыз жазылмас» [13,142] деген тұжырымда айқынырақ төбе көрсететін – қазақы мінез, қазақи тәлімнің нышандары. Қазақтың «Өкпеге қиса да, өлімге қимайды» деген мәтелін автор өзінің образды сөзімен тарата сараптайды, яғни, оның құлаққа сіңісті жаттанды ұғымды оқырманға жеткізуі басқаша деңгейде. Ойдың тоқетері – «Мұндай мінез тек қазақта ғана бар» дегенге келіп саяры анық.

Ұлттық бірлікке қатысты ой сорабын осылайша бір түйіп тастаған автор өзекті пікірін ары қарай былайша сабақтайды: «Енді осы рушылдық дырду дүрмекке айналдыратындай індетше індетіп бара жатқаны рас па?» [13,142]. Былай қарап тұрсаң, көсемсөз авторының әлденеден секем алып, сақтана сөйлеуін орынсыз дей алмайсың.

Кеңес дәуірінде ашық айтылмай, бұқпантай мінездің ішіне сыйып келе жатқан рушылдық ұғымы тәуелсіздік алғаннан кейін ортақ алаңымызға ашық түрде шыға бастағаны жасырын емес. Өз руынан шыққан тұлғаларды мақтамайтын немесе депутаттыққа түсе қалған кандидатураны руына қарап сайлайтын қауымдық ұғым бұлайша еркін кете берсе, бара-бара қоғамдық дертке айналмасына кім кепілдік бере алар. Оралхан Бөкейдің сақтандырып отырғаны осы. Рушылдық қазақ ұлтының парадигмасының бір көрінісі екендігін мойындай отырып, бұл мәселеге аса сергектікпен келуіміз керектігін қаперге салсақ, оқырман тарапынан айып тағыла қоймас.

«Жаман қойшы қасқырды өзі шақырадының» кебін келтірмес үшін болымсыз өкпеге бола жаушаптылаудың қажет жоқ деп білемін» [13, 143] деген жалғыз сөйлемнің де оқырманға салар ойы бар. Кейде естияр зиялы деген қазақ азаматтарының өзі ағайын арасында шешіле салуы әбден ықтимал ұсақ-түйек нәрселерді бұқаралық ақпарат құралдарында дабырайтып айтуға құмар. Оралхан дүниеден озғалы жиырма жылдан асып кетсе де, сол әлеуметтік әлсіздігіміз жойылуға тақау, объективті түсініктер орнына қойылып бітті деп тұжырымдауға батылымыз бармас еді.

Бір арқаудың бойымен жылжып келе жатқан жүйелі ойларын автор: «Айтыңыздаршы, әріптестерім, кең байтақ Қазақстанның қай түкпіріне барсаңыздар да, бөтен ауылдың тайлағы деп, ит қосып қуып салғанын көрдіңіздер ме?» [13,143] деп одан арман айқындап,

сабақтай түседі. Өзі күнде көріп, араласып жүрген өмір қырларынан түйген тұжырымдарын қисынды түрде қиюластыра келеді де, оқырманға қарата айты далған патетикалық ойларының аяққы ноталарын: «Көкек өз атын өзі шақырмас үшін «жүз», «рушылдық» деген алыпқашты сөзді азайтып, «ұлттық» деген ұғымды қалыптастырайық, ағайын. Дүниеде өзі ауру болған соң, бүкіл әлем ауру деп ойлаудан қауіпті де, қатерлі не бар?» [12,144] деп көтеріңкі реңмен тамамдауы Оралханның артында қалған оқырмандарына айтқан аманаты іспетті болып көрінеді.

Бір ауыз сөзбен түйіндегенде, Оралхан Бөкей – тәуелсіздік жылдарындағы қазақ көсемсөзінің қорына тамшыдай болса да өз үлесін қосып үлгірген, тек үлгіріп қана қоймай, қазақтың ұлттық парадигмасы шеңберінде аталы сөзін айтып кеткен қаламгер. Әрине, көсемсөз болғаннан кейін оның табиғи компоненттері көркем шығарманың болмысымен нақ бірдей болып үйлесе кетуі шарт емес. Автордың көкейіндегі күлкүлдерін, жүректегі қыжылын образбен орағыта иіп келтірмей, көбінесе тікелей айтып тастайтыны да сондықтан. Бұл бір қарағанда дидактикалық сарын сияқты көрінсе де, кейде астарсыз айқын ойдың да қажеттілігі болатынын жоққа шығармасақ керек.

Оралхан Бөкей әріптестерімен әңгімелесе қалған кей сәттерде: «Мен мықты жазушы емес шығармын, бірақ қазақ публицистикасында бірдеме жасадым деп айта аламын» деп отыратын. Демек, оның қаламы қадап түсірген ақырғы іздердің көркем көсемсөз үлгілерімен тұйықталуында да бір шығармашылық заңдылық бар шығар.

Тәуелсіздік жылдарындағы көркем публицистикада өз тақырыбын іздеп әуре болмай-ақ, бірден тауып алған көсемсөзшілердің бірі – Уәлихан Қалижанов. Оның жолжазбалар мен эсселерінің негізгі тақырыбы – саясат, басты кейіпкері – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Елбасшысының кесек бейнесін сомдау барысында бұл автордың негізгі акцент жасайтыны – Н.Ә. Назарбаевтың іссапарда жүрген кездердегі саяси әрі адами бейнесі.

Бұндай көркемдік тәсіл – көсемсөзші қаламгердің «Президент» және «Ел мен ер» деп аталатын жинақтарының схематикалық кредосы. Бірінші кітапта Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы Елбасының жекелеген сапарларынан жазылған дүниелер топтастырылған. Бұлар жанрлық жағынан алғанда, журналистиканың репортаж, сапарнамалық очерктер формасында болып келеді.

Өзінің іріктелген жұмысшы тобымен барып, түйінді мәселелерді біржақты ету үшін сапарлап жүрген Президенттің шешуші сәттердегі әрекет-қимылдары, мақсатты шараларды аяғына дейін алып шығып, қорытынды жасауға ұмтылысы, сапар аяғында белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге деген құлшынысы ірікті штирхтар мен есте қаларлық эпизодтар арқылы көрініс тауып жатады.

Президенттің саяси тұлға ретіндегі кесек бейнесін сомдап шығару барысында автор тарихи әрі әлеуметтік талдау жасап, ұзақ сонар әңгіменің арнасына түсіп кету жағына сақ. Ондай жағдайда көркем публицистика жанрымен жазылып отырған туынды саяси-философиялық пайымдауларға ұласып, бастапқы ой арнасын өзгертіп, ұзақ тәптіштеулермен жалғасып кетуі әбден ықтимал еді.

Автордың осы арадағы ізденістерінің бір нышаны – жанр шарттарын мүмкіндігінше сақтай отырып, тақырыптың идеялық жүгін жеңілдетіп алмауға тырысуы. Сонымен бірге шығарманың жеңіл оқылып, оқырман қабылдауына шапшаң сіңіп кетуіне де зер салу жағы да қаперде тұратыны байқалады. У. Қалижановтың Ел Президенті жайында қалам тербеген шығармаларында эсселік сипаттардың басым болуы да сондықтан. Қалай болған күнде де салмақты да салиқалы тақырып, көсемсөз әлемінде өз кетігін тауып, оқылуға тиісті.

Автордың «Ел мен ер» атты көркем очерктер циклінде Н. Назарбаевтың президенттік жылдары жайында ғана емес, бұрынғы өмірі туралы да оқиғалы мәліметтер бар. Елбасының саяси жұмыстарынан жақсы хабардар көзіқарақты оқырманның қашанда назар аударатын тұстары – оның адамгершілік қырлары, жеке тұлға ретіндегі есте қаларлық ерекшеліктері. Бұлардан келіп ұлттық парадигмаға қатысты штрихтар көрініс табады.

Осынау рухани сұранысты жіті аңғара білген автор саяси оқиғалардың қыр-сырына талдау жасап қана қоймай, реті келіп жатқан тұстарда өз кейіпкерінің адами болмысын ашып көрсетіп отыруға бейім. Бірер азат жолмен-ақ тілге тиек етіп отырған тұлғаның ішкі әлемінен хабардар етіп үлгіруге тырысуы – сондай ізденіс нышандарының айғағы.

«...Президент Парламентке келгенде, депутаттармен биресми жағдайда әзіл-қалжыңы жарасып, бір еркін көсіліп сөйлесетіні бар. Мұндайда өңі бал-бұл жанып, сұлу күлкісі әр үстіне әр қосып, көзінен шуақ шашылып, керемет бір күйге енеді» [14, 26]. «Көзінен шуақ шашылып» дей отырып, автор ірі тұлғаның пендеге тән ішкі әлемінен, мейірімді жүрегінің соғысынан хабардар етіп өтеді. Әдетте саяси тұлғаларды сомдаудың өзіндік

қиындықтары бар екендігін ескеретін болсақ, қатып қалған ағаш сияқты қатқылдықтан қашып, өз кейіпкерінің пенде ретіндегі ұнасымды жақтарын да жекелеген штрихтар арқылы кескіндеуге бейімділігі – автор ізденісінің нышандары. Өзінің қаламгерлік еңбек жолында ұлттық парадигма табиғатын игеруге ұмтылған автор ғана осылай жазатын болса керек.

Кітапта желдірткен екпінмен қызықтыра әңгімелейтін шегіністердің бірі – Нұрсұлтан Назарбаевтың 1962 жылы Бүкілодақтық комсомол ұйымының съезіне делегат болып барып, тұңғыш ғарышкер Юрий Гагаринмен бірге фотосуретке түсуі.

КСРО комсомолдарының осынау ХҮ съезі өз заманындағы шоқтықты мәселелерге арналған жастардың айтулы үлкен форумы ретінде тарихта қалған еді. Оған Қазақстан Республикасының атынан қатысқандардың ішінде есімдері жалпақ жұртқа жақсы белгілі Өзбекәлі Жәнібеков, Шерхан Мұртаза, Ғайникен Бибатырова, Тұманбай Молдағалиев, Еркеғали Рахмадиев пен Кәкімбек Салықов сынды жас тұлғалар болыпты.

Сол атышулы съезге Кеңестер Одағының түпкір-түпкірінен озық ойлы, алдыңғы қатарлы жүздеген жастар делегат ретінде қатысқан екен. Жаңағы аттары аталған қазақ жастары солардың қатарында.

Ю.А. Гагаринмен съезд делегаттарын суретке түсіруді ұйымдастырып жүрген – сол кездегі Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Үкітай Серікбайұлы Байжомартов екен. Аймақтардың делегация мүшелері тұңғыш ғарышкермен таласа-тармаса суретке түсіп жатады. Ал Қазақстан делегациясына кезек жетіп болар емес. Сол сәтте Теміртаудан келген жас металлург Нұрсұлтан Назарбаев Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Үкітай Байжомартовқа:

« – Үкітай Серікбайұлы, Юрий Гагарин космосқа қазақ жерінен бірінші болып ұшты ғой. Бірінші болып Қазақстан делегациясымен суретке түскені жөн емес пе еді» [14,107] – деп айтып қалады. Міне, осынау орынды ұсыныс қозғау болады да, Байжомартов сол маңайда жүрген республика комсомолдарын дереу ұйымдастырып, тұңғыш ғарышкермен бірге суретке түседі. Суретте жоғарыда аттары аталған адамдардың бірсыпырасы бар. Ең қызықтысы – Гагариннің оң жақ иығын ала, бір адамнан кейін тұрған жиырма екі жасар делегат Нұрсұлтан Назарбаевтың бейнесі.

Кітап авторы осы суреттің тарихын әрі қарай індетіп, оқырманды мән-жайға толық қандыра түсу үшін кадрға ілінген кейіпкерлерін іздеумен шұғылданыпты. Тауып алған адамдарынан сондағы делегаттардың бәрі бірігіп, Гагаринмен қалай суретке

түскендерін сұрайды. Бұл – тек журналистке ғана емес, ұлтымызға тән әуесқойлық нышаны болса керек. Ұлттық парадигма нышандардын автордың өз бойынан да осылайша байқап қаламыз. Оның кейіпкерлерге журналист ретінде қойған сауалдары еріксіз жауап беруге жетелеп отырады. Солардың ішінде ерекше көңіл бөлуге таитыны – Үкітай Байжомартовқа қойылған сұрақ.

«Сұрақ: Сіз Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы бола тұрып, металлург Назарбаевтың «тапсырмасын» қалай орындап жүрсіз?

Жауап: Ол кезде қазіргідей шенеуктік бюрократтық жоқ болатын. Әрі Назарбаевтың жалыны мен тегеуріні, қазақша айтқанда, мысы басып тұратын. Әрі онымен сырласуға бәріміз дайын едік» [14, 108].

Осы шағын диалогтан-ақ жиырма екі жасар жұмысшы Н. Назарбаевтың азаматтық әрі адами бейнесі қылаң береді. Байжомартовтың айтқан жауабы – жаңағыдай лапылдаған жас жігіттің келешекте көшбасшылық деңгейге көтеріліп кетуі таң қаларлық жағдай емес екендігін сездіретін емеурін.

Комсомолдар съезінің екінші күнінде Н. Назарбаев жарысөзге шығып, Одақтың әр түпкірінен келген қалың делегатты өз аузына қаратқан екен. Сөйтіп жиырма екі жасар өрен өзінің өткірлігімен, оралымдылығымен бүкілодақтың алқалы жиында сөз сөйлеп, өзінің қандай өредегі жан екендігін таныта біліпті. Оның кейін ірі масштабтағы жетекшілік сапарының алғашқы қадамы нақ осы съезд күндерінен басталғанына көз жеткізе түсесіз.

Егер тарихи-тұлғалық тұрғыдан қараған жағдайда кез келген елдің, мемлекеттің басшысының өмірбаянына қатысты қандайда бір деректің ұсақ-түйегі болмайды. Оған дүниежүзілік публицистика тарихынан мысалдар жетерлік. Басқасын айтпағанда, Америка Құрама Штаттарының қырық төрт Президентінің қай-қайсысы жөнінде тарихшылар, әлеуметтанушылар, журналистер тиісінше зерттеулер жүргізіп, алуан сипаттағы мақалалар шығарып отырған. Арнайы кітаптар да жазылған. Авторлардың көпшілігі бір бірін қайталап кетсе де, әйеуір бір тың деректер тауып, халыққа жариялағанша асық болған. Бұның өзі де рухани сұраныстан, ақпараттық жетімсіздіктен туындайтыны белгілі.

Қазақстан Республикасының Президенті жайлы еңбек жазғандардың қай-қайсысы да өздерінің осы тақырыпқа арнаған көркем публицистикаларын тың деректермен толықтыруға ынталы. Жекелеген эпизод, факті, мағлұмат – автордың оқырманға оқыстан ұсынар олжасы. Мысалы, Қазақстан комсомолдарының де-



легациясымен бірге болашақ Президент Н. Назарбаевтың алғашқы ғарышкер Ю.А. Гагаринмен суретке түсуі туралы мәліметі – У. Қалижановтың өзінің іздеп тапқан фактісі.

Жоғарыда аталған «Ел мен ер» кітабында көркем көсемсөздің табиғатына ауырлау болып тиетін саяси сараптамалар, тарихи талдаулар да аз емес. Бұл араға келгенде тілге тиек етіп отырған мәселесін нақтылап, тұздықтай түсу үшін автор түрлі құрғақ деректер мен цифрларды үсті үстіне тізбелеп кіргізуге мәжбүр.

Аталған кітаптарда Елбасы жайлы, оның қоғамдық, қайраткерлік қызметі хақындағы мағлұматтар қатары едәуір. Оның бейнесі аталған еңбекте тек бір ұлттық мінез-құлық шеңберінде ғана емес, адамдық болмысынан гөрі жалпы адамдық парадигма деңгейінде көрініс табады. Мектептерде патриоттық бағыттағы сабақтарды өткенде бұндай кітаптарды қисынын тауып, тақырыптың мазмұнына кірістіре отырып пайдалана білсе, мұғалімдер үшін де қажетті құрал болып табыла алар еді.

Кезең ішіндегі көсемсөздің бірсыпырасы ел басқарған көшбасшылардан басқа халық тарихында белгілі бір із қалдырған өзге тұлғалар жөнінде де ой толғайды, пікір бөліседі, естеліктер айтады. Бұндай тақырыпты қозғаған көсемсөзшілер қатарының да қарамы толық.

Өзін ең алдымен көркем публицистика арқылы танытып алып, сосын әдебиет әлемінің де босағасын аттаған қаламгерлердің бірі Әзілхан Нұршайықов болып табылатыны көзіқарақты оқырман қауымға жақсы мәлім. Сонау 1956 жылы «Алыстағы ауданда» атты очерктер топтамасымен жарық етіп көрінген жас талант бірте-бірте көркем прозаға қарай ілкімділікпен ойысып алды.

Бұл арада «ойысып алды» деп шындықты қадап айтып отырғанымызбен, қаламгер көркем публицистика аулынан мүлде қара үзіп кете қойған жоқ. Көркем қара сөз бен көсемсөздің арасына Қытай қорғанын тұрғызып, жанрдың шекарасын қатаң түрде бөліп те тастамады. Керісінше, әдебиет теоретиктері осы аталған жанрлардың әрқайсысына өзіне тән белгі, бедерлерін айқындап, шекаралық қазықтарын қағып жүрген заманда, Ә. Нұршайықов бұл екеуінің арасына мәмілегерлікке жүріп, жапсарлас аймақтарын ұштастыруға күш салды. Жазушының бұл қадамының айқын мысалы – 1980 жылы мемлекеттік сыйлық алған «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы.

Оқиғалары мен ситуациялық жағдайлары да, тартыстары да нақты тарихи деректерге құрылғандықтан, бұл шығарманы мөлдiреп түсе қалған таза көркем проза дей алмайсыз. Сонымен

бірге деректі шығармаларға тән тіл мен образ жадаулығынан ада, тартыстары да табиғи болып келгендіктен, осы роман көркем туындының өзінше бір үлгісі ретінде де бағаланды.

Ә. Нұршайықовтың журналистік инстинкті еліміз тәуелсіздік алған 1992 жылдардан бері қарай қайтадан алдыңғы қатарға шығып, көсемсөзді көркем сөзге тән деңгейде қайтадан жандандырды. Оған дәлел – жазушының екі кітаптан тұратын «Мен және менің замандастарым» мемуарлық эссесі мен жиырмадан астам публицистикалық туындылары. Олардың барлығы дерлік жазушының өмірбаяндық деректеріне сүйене отырып жазылған. Ә. Нұршайықовтың негізгі қалам тартқандары – жекелеген тұлғалар жайындағы портреттік мақалалар мен естеліктер...

Өзі көп жасап қана қоймай, көпті көріп, көп түйген жазушы болғандықтан, кейіпкерлері де – өмірінің ұзақ жолында өзінің айналасынан табылып жатқан адамдар. Олардың арасында жазушының қанды көйлек майдандас достары, өз ел ішінде қызмет еткен кезде аралас-құралас болған азаматтар, отбасылық жолдастары және киелі сөздің құдіретін игеру үшін әдебиет пен өнерде қатар қатар қалам сілтесіп жүрген жазушы әріптестері.

«Мәңгілік мұра» [15] эссесінде аттары аталатын Шамил Ғабитханов, Шәріп Оразалинов, Төлеуғали Ұлықбеков, Берекехан Құнанбаев және тағы басқалары – автордың майдандас, қарулас әскери жолдастары, тіпті кейбіреуі жолдас та емес, сырттай естіп барып, жекелеген қасиеттеріне бола көсемсөз кейіпкеріне айналдырып алған жандар. Осы шығармада автордың тынымсыз ізденіс үстінде жүрген мазасыз қаламгер екендігі байқалады. Сонау Ұлы Отан соғысының күндей күркіреген дабысы алыстай түссе де, әрбір дерекке құлақ тігіп, сергектікпен жинастырып жүрген ол тіпті шау тартып қартайған шағында да майдан қаһармандары жөнінде жазумен болды.

Автордың ең алдымен назар аударып, үңіле қарайтыны жақтары – сол адамдардың әрқайсысының азаматтық ұстанымы, мінез-құлқы, қоғамдық қызметі, өз саласында көрсеткен ерлік істері. Осы аталған мінез қырлары жинақтала келіп, бір ұлттың парадигмалық ерекшелігін сараптап жеткізеді.

Қалың оқырман қауымға том-том кітаптарымен немесе жарқ-жұрқ еткен өткір сыни дүниелерімен танылған жазушы ағайындар туралы сөйлеген кезде де Ә. Нұршайықов олардың шығармашылық әлеміне тереңірек үңілмейді, алдымен көңіл бөлетіні – тек адам ретіндегі, азамат ретіндегі қалыптары.

Автордың өзі жазушы-журналист болғандықтан да, эсселердің басым бөлігінің кейіпкерлері – сөз өнерінің құдіретін игеру үшін қатар қалам сілтесіп жүрген әріптестері. Олардың базбіреулері Әзілхан Нұршайықовтың өзінен жас жағынан ересек болып келсе (Хамза Есенжанов, Әбу Сәрсенбаев, Әбділда Тәжібаев), бірсыпыралары Тұрсынбек Кәкішев, Зейнолла Қабдолов, Мырзабек Дүйсенов сияқты қатарластары, ал енді біреулері автордың өзінен кейінгі буын өкілдері. Атап айтқанда, олардың арасында өзінің ізін басқан іні қаламдастары Мұхтар Шаханов, Сағат Әшімбаев және басқалары бар. Автор осылардың қай қайсысы туралы сөйлесе де, сөздері адами ілтипатқа толы болып келеді.

Тілге тиек етіп отырған кейіпкерінің әлеуметтік ортадағы орнын, елге сіңірген еңбегін айтумен бірге автор оған деген өзінің жеке көзқарасын да алдыңғы қатаруға шығаруды ұмытпайды. Жекелеген оқиғалардың, есте қалар эпизодтардың арасында кезең шындығының қылаңытып отыруы, халықтық мәселелердің де қозғалуы көсемсөзінің жанр табиғатын игеру жолындағы айтарлықтай табысы дерлік. Кейіпкерін істеген ізгі істеріне орай сүйсіне жазуы оқырманның да сол адамға деген ілтипатын еркісіз күшейте түседі. Бұл айтылғандар – журналист Ә. Нұршайықовқа тән қалам машығының белгілері.

Кейінгі буынды былай қойғанда, халыққа белгілі тұлғалардың мінез-құлқындағы, өмірлік көзқарастарындағы қатар жүрген замандастары да аңғара бермеген кейбір мағлұматтарды көлденең тарту – әдеби мемуарлардың салмағын тиянақтай түсетін танымдық факторлардың бірі болып табылады. Академик С. Қирабаевтың «Өмір тағылымдары» [16] атты әдеби мемуарының ішіндегі жекелеген адам тағдырларының тартымды оқылуында осындай сыр жатыр.

Мұндағы очерк сипатындағы естеліктердің әрқайсысы бір-бір тұлғаға арналған. Бұдан автордың саналы ұзақ өмірінде өз басынан өткізген сан қилы оқиғаларды, қалың оқырманға таныстыра отырып, алдымен назар аударатыны – өмір белестерінде кездесіп отырған түрлі адамдардың бейнелері екендігі аңғарылады. Өмірбаяндық шығарманың ішінде өзінің ата-анасы мен туғантуыстары, көрші-қолаңынан бастап түрлі қызметтес жандар мен көрнекті тұлғалардың есімдері аталады. Атап айтқанда, олардың қатарында Қажым Жұмалиев, Иманбек Ұйықбаев, Қайнекей Жармағамбетов, Серғали Толыбеков, Шамғали Сарыбаев, Темірғали Нұртазин, Бердібек Соқпақбаев, Санжар Жандосов және басқа көптеген адамдар бар. Сонымен бірге арнайы естелік жазылған

жеке кейіпкерлердің Мұхтар Әуезов бастаған қатарын Қазтай Айтазин аяқтапты. Бұндай мақалалардың ұзын саны елуден астам. Олардың ішінде қазақ әдебиетінің қайраткерлері С. Мұқанов, Ғ. Мұстафин, М. Ғабдуллин, Ә. Сәрсенбаев, С. Мәуленов және т.б. туралы жазылған мақалалар әдебиетшілер мен әдебиет сүйер оқырмандар үшін қызғылықты деректерге толы.

С. Қирабаевтың өмір жолында қарым-қатынас жасаған адамдардың ішінде мемлекет, қоғам және мәдениет қайраткерлері, ғалымдар мен түрлі мамандық иелері көп болған. Бұл тарапта Нұртас Оңдасынов, Ілияс Омаров, Ахмет Жұбанов, Шапық Шокин, Сағындық Кенжебаев, Өзбекәлі Жәнібеков туралы жазылған естеліктердің тағылымдық мәні басымырақ. Қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде айтулы із қалдырған осынау көрнекті тұлғалардың қайраткерлік, азаматтық бейнелерімен бірге әрқайсысының жеке бастарына тән адами қалып-мүсіндері де көзге шалынып отырады.

Бұл кісілердің қай-қайсысы да халықтың қамын жеген, ұлттық мәселелерді кеңінен ойлап толғай білетін азаматтар екені жеке-леген эпизодтар мен түйінді штрихтар арқылы қисынды берілген. Ірі қайраткерлік мінез адамгершілік негізден, парасат биігінен тұатынын автор біраз ашуға қызмет ететін нақты детальдарды ұстай отырып дәлелдейді, қай тақырыпты қозғаса да, кейіпкерлерінің рухани бейнесін белгілі бір қырынан ашып беруге тырысады. Аталған еңбектің үлгі-өнеге боларлық тағылымды тұстарының бір парасы да осында жатыр.

Жеке тұлғалардың туған халқы мен Отанына сіңірген еңбегі, қоғамдық, шығармашылық қызметтерін атқару барысындағы ерекшеліктері мен олардың адамгершілік-моральдық келбеттерін автор өзі көзбен көрген немесе нақты естіген қалпын ғана суреттейді.

Әдеби мемуарда бетке ұстар азаматтарымыздың адамгершілік-моральдық деңгейлері ыстық ықыласпен, ризашылықпен бейнеленген. Автордың ұстанымында бұл арада өз кейіпкеріне жағынайын немесе көңілін риза етейін деген ой мүлде жоқ, ия болмаса базбір жандардың кейбір пендешілік әлсіздіктерін, олқылықтарын айтқан сәтте де оларды мұқатайын деген пиғылдан ада. Жалғыз мақсат – қалай болған күнде де деректерді сол қалпында жеткізу, сөйтіп, тарихқа айналған кезең шындығының әр алуан ұшқындарын қағаз беттеріне бұлжытпастан, таңбалап түсіріп шығу; өз көзімен көрген немесе естіген жағдайларды өз тарапынан соны ештеңе қоспай, артық бояулар жақпай, жеке эмоциясын тежей отырып,

сол қалпында қағаз бетіне көшіру, сөйтіп айтып отырған оқиғаның мазмұнын еш боямасыз қаз-қалпында оқырман назарына ұсыну. Өзге көсемсөз үлгілеріндегі естеліктерде ара-кідік ұшырасып қалатын шалқып-тасулардың, көсіле сөйлеудің бұл кітапта кездесе қоймайтыны да сондықтан.

Осындай ұстамды тәсілдің нәтижесінде өз кейіпкеріне қатысты айтып отырған жағдаяттар, оқиғалар мен эпизодтар оқырман есінде бұлжымастай болып, нақпа-нақ қалып қояды. Және сол айтылып отырған мәселенің қалтқысыз шындығы да оқырманды иландыра алатын деңгейде. Осындай жекелеген жетістіктері аталған кітаптың көркемдік және танымдық құнын тіптен арттыра түспекші.

Күнделікті дүниауи тіршілік барысында адамның өзін-өзі қалай ұстай білуі көп нәрсені аңғартады. Адамның жеке қадір-қасиетін, мінез-құлығын ашатын тұстардың бірі – отбасы, ошақ қасындағы сәттері. Автор аталған еңбегінде осы мәселелерді де көңілден тыс қалдырмаған. Өзі кейіпкер етіп алған көптеген жандардың адами қалыптарына тіпті назар аударып, олардың болмыс-бітімдерін ашатын тиісті штрихтарды көлденең тартып отырады. Мысал үшін алғанда, өзі дәмдес, табақтас болған әдебиет алыптары М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Ғ. Мұстафинның, Ғ. Мүсіреповтің және т.б. қайраткерлердің жеке өміріне қатысты айтылатын эпизодтар мен детальдар өткен өмірдің шындығынан туындап жатады. Кейінгі ұрпаққа үлгі етіп ұсынуға жарайтын жақсы жақтарымен бірге олардың адам ретіндегі жекелеген кемшіліктерін де автор бүркемелеп қалмаған.

Мысалы үшін алғанда, Ғ. Мүсіреповтің отбасындағы кейбір мазасыз қалпы, мінез-құлқындағы эгоистік мінездер – үлкен жазушының адам ретіндегі қырлардың ашатын штрихтар. Әйелінің көзі тірісі кезінде жас актрисаға үйір болып, әйелі көз жұмысымен ақ соған дереу үйленіп алуы, тіпті кейін жұбайының қырқын өткізуге қатыспауы үлкен жазушының бойындағы пендешілік ұшқындарының кейде өктемдік алып кететіндігін аңғартады. Бұл қылық тіпті қазақтың ұлттық менталитетіне де қайшы ғой. Осы сияқты үй ішіндегі кірбің туғызуға бейімділігі, ішінара әріптестерінің жақсы шығармаларына қызғанышпен қарауы, шешуші сәттерде бастапқы позициясынан айнып, басқаша сөйлеп шыға келуі – айтулы қаламгердің адами қырларын нақтылай түсетін жағдаяттар.

Ғ. Мүсіреповке қарағанда қаламгер қауымның ішінде ең тығыз араласатын оның құрдас досы Ғабиден Мұстафиннің адамгершілік бет-бейнесі оқырман көңіліне жақсы әсер қалдырады. Отбасында.

дастарқан үстінде өзін-өзі ұстай білуі, адамдармен қарым-қатынасы ұстамдылыққа негізделген, ішкі қатпары аз бұл жазушы адам ретінде қарапайым болған екен. «Ғабиден онша қонақшыл да болмайтын. Қонақтың да көңілді әңгімемен, жұпыны өткенін дұрыс көретін. Тамақты талғап там-тұмдап қана жейтін. Арақ-шарап ішпейтін. Аздап шампанға су қосып ішетіні бар-ды. Оны «күшейтіп ішемін» деп әзілдейтін. Бас ұстау, бата беру сияқты әдеттерге мән бермейтін. Бас ұстаудан көбінесе қашатын, ырымын жасап, біреуге өткізіп жіберуге тырысатын. Ал, бата жасауға ықылассыз болушы еді. Қонақ үстінде, әсіресе, ел арасында жас жігіттердің бірі «Әумин!» деп қолын жайып, бата тілеп қалғанда:

– Бата дегенің өзі тілек қой. Тілекті бағанадан бері айтып жатырмыз. Сол тілектер қабыл болсын! – деген сияқты жай сөздерге айналдырып, бітіре салатын. Өзі қол жаймайтын» [16, 212] деген мінездеуде Ғ. Мұстафинның адами бейнесі айқын ашылған. Нағыз қазақи қарт болмаса да, ұлттық ұстанымды тиянақ еткен жайы байқалады.

Осындай ұнасымды жақтармен оқырманға жылы әсер қалдыратын бейнелердің ішінде С. Мұқанов, Н. Оңдасынов, К. Ақанов, Қ. Омаров, Ж. Тәшенов, Ә. Шәріпов, М. Иманжанов, Ж. Саин және т.б. бар. Бұлардың бойындағы адамгершілікке негізделген түрлі ұнасымды қасиеттер кейінгі жас оқырмандар үшін үлгі-өнеге боларлық деңгейде.

Автордың кейбір ағалары мен замандастары жайлы айтқанда жекелеген пендешілік кемшіліктеріне кешіріммен қарауға тырысатын кездері де жоқ емес. Кешірімшілдік те – ұлттық парадигманы бедерлей түсетін өзіндік сипат. Кейде онысы сөз етіп отырған адамы мен өзінің қарым-қатынасындағы кейбір күрделі жағдайлардан туындаса, енді бірде өзі жылы қарым-қатынаста жүрген жандардың осал тұстарын білдіретін детальдарға кезек беріп қояды. Сөйтіп нақты мысалдар мен деректерді көлденең тарту арқасында әлгі адамның адами бейнесіне деген объективті көзқарас қалыптастыруға ықпал жасайды.

Халық ұғымындағы күрделі саяси тұлғалардың бірі – кезінде Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған, республиканың идеологиялық жұмыстарына жетекшілік жасаған Нұрымбек Жанділдин. Осынау жауапты қызметтің құлағын ұстап тұрған уақытында домбыраға қарсы сөйлеген деген мәліметке байланысты бұл адамның есімі бүгінгі ұрпақ жадында жағымсыз ассоциация туғызады. Заманында жақын араласып, іс-әрекетін куә болып, ой-пікірлерін тыңдай

алғандықтан да, естелік авторы Н. Жанділдин бейнесін қызықты етіп аша білген. Оның жеке басына тән трагедиясы – қазақтың ұлттық дәстүріне, соның ішінде ұлттық атрибуттардың бірі домбыраға қарсы болды деген лақап сөздерде емес, басқала екендігін айқын сездіреді.

Саяси қайраткерлігінен гөрі ғалымдығы, нақты әрекеттен гөрі ойшылдығы басым Нұрымбек республика басшылығына кездейсоқ келген екен. Үлкен республиканың идеологиялық саласына жетекші болудан гөрі кітапханаларда отырып, ғылыммен шұғылдануға бейім адамның ірі саяси ұйымдастырушылық жұмыстарға жегілуі қызмет саласы барысында белгілі бір кереғарлық туғызғаны сөзсіз. Автор өз кейіпкерінің бойындағы қайшылықтарды аша отырып, оның жұрт ойлап жүргендей мүлде жағымсыз жан емес екендігін дәлелдеп шығады.

Сондай-ақ, замандастары мен кейінгі буынға жақсы әсер қалдырған кейбір адамдардың жеке өміріндегі немесе шығармашылық жолындағы жекелеген ақаулықтарды да жасырып жауып, тігісін жабуға асықпайды. Басқасын былай қойғанда, белгілі әдебиеттанушы ғалымдар Т. Қожекеевтің З. Қабдоловтың, М. Базарбаевтың докторлық ғылыми атақты қорғау барысында туындаған күрделі ахуалдарды ең алдымен олардың өздеріне байланысты болғандығы нақты мысалдардан көрінеді.

Жалпы адамдық парадигмадан гөрі ұлттық менталитетті айқындауға бейім көркем көсемсөз үлгілерінің бір парасы Мыңбай Рәштің қазақтың белгілі қаламгерлері жөнінде «Мен айтпай, сірә, кім айтар...» [17] атты мөлтек естеліктері мен Орынбек Жолдыбайдың «Өткен жылдар өрнегі» [18] деп аталатын естеліктер мен мақалалар жинағынан да аңғарылады. Бірінші автордың көсемсөзі қазақи менталитетті айқындайтын детальдарды ойната білуімен есте қаларлықтай тұщымды. Оларда негізінен әңгіме болатын – есімі белгілі қазақ зиялыларының әр жылдары, әр түрлі жағдайларда бастарынан кешкен қызықты оқиғалары, бір біріне айтқан татымды да тағылымды әңгімелері.

Белгілі тұлғаларды осылайша еске алу үрдісі О. Жолдыбайдың жоғарыда аталған еңбегінде де кездеседі. Бірақ автор өз ойын тыңнан түрен салмай, ішінара белгілі шаблондарды да қолданумен шектеліп қалғандығын айтуымыз керек. Әр көсемсөзшінің өзіндік тілдік бояуы, өзіне тән ойды жеткізу тәсілі болады десек, бұл пікірді аталған авторларға да қарата айтудың да әбестігі жоқ. Олар ең алдымен жекелеген эпизодтарға арқа сүйеп, кейіпкер бейнесін сол

арқылы ашып көрсетуге тырысады. Ең бастысы – екі автор да ұлттық мінез-құлықты өз әлдерінше ашып көрсете алған.

Еркінбай Әкімқұлов публицистикаларының ішіндегі ең шоқтықтысы – «Құрман ата» [19] деректі романы. Қазақстанның күнгей атыраптарын мекен еткен жұрттарға жақсы белгілі Қоңырат руының бір тармағы – осы Құрман атадан тарайтын ұрпақ екен. Бұл күндері Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының кейбір аудандарын аралап, жөн сұрай қалсаңыз, «Біз – Құрман ата ұрпағымыз» деп мақтанышпен айтатын азаматтар баршылық. Құрман атаның кім екендігі, оның өмір жолдары, тараған ұрпақтары жайындағы түрлі аңыздар ел аузында күні бүгінге дейін сақталып келген. Өздерінің қадірлі бабалары жөнінде әңгіме шыға қалса, бүгінгі ұрпақтарының ішінде елең етпейтіндері кем де кем. Еркінбай Әкімқұлов аты аңызға айналған осынау қадірменді қария жайындағы эссесі көркемдік жағымен бірге, деректілік, танымдық тұстарымен де назар аударады.

Көлемі әжептәуір қомақты туындыда бала Құрманның жас кезде көрген бейнеттері, анасынан айырылған соң ағайындыларының қолына қарап қалуы, айналасына зияны жоқ, мейірімді жасөспірім ретінде қалыптаса бастауы, сауатты имамдардан діни білім алуы, бірге туса да, қатыгездіктің ықпалынан шыға алмаған ағаларының оны елсіз өлкеге апарып тастауы және т.б. тартымды сюжеттер бірінен соң бірі жүйе-жүйесімен өріле дамиды. Осы баяндаулардан сезіліп отыратыны – таза қазақи ортаның өзіндік моральдық ахуалы.

Жас Құрманның басынан өткен таңғажайып хикаяттар жайында сыр шерте отырып, жазушы сол замандардағы Қаратау өлкесін мекен еткен қазақ руларының тыныс-тіршілігінен де мағлұматтар ұсынуға ықыласты. Әсіресе қазақ жұртының шаруашылық-әлеуметтік укладынан хабар беретін егін салу, диханшылықпен айналысу сияқты көріністер танымдық жағымен де назар аудармақ. Сонымен бірге сол бір ескі, көне дәуірлерде өмір сүрген жекелеген тұлғалардың есімдері де назардан тыс қалмайды. Яғни, бұл – аталған шығарманың ұлттық парадигма жағынан алып қарағанда, танымдық тұстарының да белгілі бір жүк арқалап тұрғаны айқын.

Шығармада Құрманның жастық шағына елеулі орын бөлінген. Оның табиғат аясында жүріп, жан сақтау үшін әрқилы арпалыстарға түсуі, өзіне баспана соғып алуы, содан кейін маңайдағы ел ішіне қарай жылжып, байдың есігінде күнкөріске бола тіршілікке араласуы, ақыры ауылдың кейбір адамдарымен түсінісе алмай, өзінің қу



медиендегі мекеніне қайта оралуы және т.б. жағдаяттардың баяндалуы іркіліссіз.

Жалғызбасты жас жігіттің сондағы айналсоқтап, алысқа ұзай алмай жүрген мекені – Жартытөбе. Географиялық тұрғыдан алғанда осы аттас төбе бүгінгі Созақ ауданының жерінде әлі бар. Құрман бабаның жас кезінде жан сақтап, сая тапқан жері ұрпақтарының көзіне ыстық болып жатса, таң қалатын несі бар? Жастайынан әрқилы өмір бейнетін бастан кешіп, қаймана қазақты былай қойғанда, ағайын-туғанның өзінен теперіш көрген жас жігіттің өмір жолы күрделі. Оның бейнесін бояуын қанық етіп сомдау үшін жазушы түрлі насихаттық немесе жалаң ремаркалық жағдайларды көлденең тартпайды.

Бүгінгі оқырман үшін тосын болып көрінетін кейбір сюжеттер, оқиға арасындағы байланыстар тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық санасы қазіргіден бөлектеу сол бір көне кезеңнің қалыпты көріністері болуы әбден ықтимал.

Өзінің адамгершілік-имандылық принциптеріне жастайынан берік болып өскен Құрман атаның бұл бағыттағы ұстанымы өмірінің аяғына дейін сетінемей, адам баласына тән жақсы қасиеттерді асқақ қалпында алып өткендігі түрлі тартыстар, қызғылықты оқиғалар аясында баян етіледі.

Бас кейіпкер өміріндегі ең маңызды да мағыналы кезең – Құрманның отбасымен бірге ел ішіне қайта оралуы. Оның елге танылған көрнекті тұлға, жұрт арқа сүйер асыл азаматқа айналатын кездері де осынау жарқын жылдар. Қазақ үшін өзінің от басы, ошақ қасынан ыстық ештеңе жоқ екендігін ескеру де ұлттық менталитетті айқын білдірмей ме?

Былай қарағанда бас иелік жасайтын санасы биік азаматқа зәру қыр елі орталарына Құрман келгеннен кейін, басқадай бір күйге түскендей болады. Көпшілігінің ақыл сұрар адамына айналған иманды да естияр азаматтың біртіндеп халықтың рухани жетекшісі ретінде көріне бастауы – қоғам табиғатынан туындаған шындық. Бұл жағдайды бір ұлттың ұлттық менталитеті шеңберінде қарастырмай, жалпы адамдық көрініс десе де болғандай. Қаламгердің көркемдік талаптардан өзге тағы бір көңіл бөлетіні – бүгінгі ұрпақтары Құрман атаның қандай қасиеттерімен мақтана алады, қандай жақсылықтарын үлгі тұтады деген тарихи тағылымы.

Суға тапшы өңірді мекен еткен қандас бауырларының күн көрісін жеңілдету үшін жапан даланы жаңғыртып, жаңадан арна қаздыруды ұйымдастыруы сол бір көне күш-қуаты, құрал-жабдығы тапшы сол бір жүдеу замандар үшін оңайға түсе

қоймайтын тіршілік еді. Құрман атаның есімін кейінгі келешекке жеткізген нақты белгілерінің бірі, тіпті ең үлкені де – сол кісі қаздырып кеткен осы тоған. Осынау ауқымды іске кірісер алдында жаңалыққа жатырқай қарап, қарсы болған кісілер де кездесіпті. Тіпті олар – алыстағы әлдекім емес, Құрекеңнің өзінің ет жақын туыстары. Бірақ олардың бұндай пиғылдары бір жағынан іштарлықтан туындағанын да автор жасырып қалмаған.

Шығармада Құрман ата ең алдымен өзінің Ислам дініне шынайы берілгендігімен, мейірімді де ізгілікті мінез-құлқымен көрінген. Тіршіліктегі әрбір қадамын шариғаттың шапағатты шарттарымен байланыстырып отыратын оның кей сәттерде сол талаптар үрдісінен шыға алмай қалатын тұстары да бар.

Ақыл тоқтатып, елағасына айналған өмірінің ең маңызды кезеңдерінен гөрі деректі романда оның жан сақтау сияқты жеке басының қамын көбірек күйттеуге мәжбүр болатын жастық шағының көріністері шығарманың ауқымды бөлігін алып тұр. Кейінгі оқиғаларды ықшамдай баяндау арқылы автор ептеп асығыстыққа да бой ұрған тәрізді. Соған қарамастан, осы аталған деректі дүние қазақ ұлттының табиғатын таныта алатын шығармалардың санатына қосуға болады деп санаған жөн.

Жалпы қаламгер өз кейіпкерлерін әртүрлі шиеленісті жағдайларға салып, күрделі ахуалдардың астарында көрсете алыпты. Айтар ойы айқын болып келетін туындылардың оқиғалары күтпеген жерден басқа арнаға ауысып отырады да, шешімдері тосыннан түйінделіп қалып жатады. Олардың жазылу машығы оқырманның көңіліне қонымды сипатта көрінуі бірсыпыра ізденістің нышаны екендігі сөзсіз.

Бір сөзбен айтқанда, Еркінбай Әкімқұловтың бұл деректі романы ел ішінде өздерінің қарапайым халықтың мүддесі жолында сіңірген еңбектерімен есте қалған тұлғаларды әспеттеу бағытындағы кезекті шығармалардың бірі.

Осы тақырыпты журналист Сапарбай Парманқұлов «Жұмбақ сарқырама» [20] жинағындағы бір эссесінде жазған екен. Бірақ оның қалам тартуы басқаша, қысқаша шолу сипатында ғана. Және ол Құрман ата өмірінің белгілі бір кезеңінің ғана алып, негізгі арқай сүйейтін әдісі – ықшам баяндаулар ғана.

Ұрлықтарына куә болып қойғаны үшін ағалары айдалаға таптап кеткен Құрман атаның тағдырын автор Даниель Дефонның атақты «Робинзон Крузо» романының кейіпкері бастан өткізген оқиғалармен салыстырады. Және онысы орынсыз емес, табиғат ортасындағы ұқсас экстремальды жағдайдағы адамдар тіршілігін

салыстыра әңгімелеу айтар ойын салмақты ете түседі. «Робинзон Крузо да бейтаныс аралда өзімен өзі тіршілік кешіп жатты. Баспана әзірледі, аң аулады. Айналаны кезіп жүріп, азық жинады» [20, 65] дейді автор.

Құрманның даладағы жалғызбасты күндері белгілі бір мөлшерде Д. Дэфоның «Робинзон Крузо» атты авантюралық романындағы Робинзонның тіршілігін еске түсіретіні де рас. Жазу тәсілдері онша ұқсай қоймаса да, жалпы екі автордың кейіпкерге деген көзқарастарында алшақтық жоқ. Демек, автор тек ұлттық парадигма шеңберінде қалып қоймай, жалпы адамға тән тұрмыстық атрибуттарды да көлденең тартқан.

Осынау кезең ішіндегі қазақ көсемсөзінің көсіле сөйлейтін үлкен тақырыбының бірі – әдебиет-өнер және қоғам қайраткерлері туралы екендігін де аңғару қиын емес. Бұл тақырып тек ұлттық қана емес, жалпы адамдық парадигма талаптары тұрғысынан игерілуді қажетсінеді.

Осы саланы жазуда тер төгіп жүрген Қали Сәрсенбай тек бірыңғай өнер мәселесін өзек еткен мақалаларының басын құрастырып, көлемді жинақ шығарды. Бұл журналист – тәуелсіздік кезең ішіндегі қазақ көркем сөзінің заманауи тұрғыдан қалыптасуына үлес қосқан қаламгерлердің типтік өкілдерінің бірі. Ол уақыт өзі кесе көлденең ұсынып отырған тақырыптарға дер кезінде қалам тартып, өзекті мәселелерді көркемдікпен жеткізуді нәзіктікпен түсіне алатын журналистердің тобынан. Әдетте жазу нысанын мүмкіндігінше ашып көрсету үшін оны әр қырынан алып, суреттеп жазуға тура келеді. Сонда барып журналистің әу бастағы дйттеген мақсаттарына жететіні белгілі.

Қ. Сәрсенбайдың көлемі 26 баспа табақтай болып келетін «Өнер-өмір» кітабы [21] «Ой отауы», «Тұлға-тағдыр», «Сыр-сұхбат» және «Елтану» деп аталатын бөлімдерден тұрады, оған енген мақалардың жалпы саны жүзге жуық. Жалпы бұл көркем публицистикалық жинағы жалғыз-ақ тақырыпты қаузады. Ол – өнер тақырыбы. Автор өнердің классикалық бес-алты саласына қатысты зерттеулермен, оялармен шектеліп қалмай, ара-арасында көркем әдебиет пен оны жасаушылар жөнінде де сыр қозғап қояды.

Бір ғана өнер тақырыбына осыншама мол материал жазған қазақ журналистері некен-саяқ, тіпті жоқ болуы да ықтимал. Осы жағынан келіп қарағанда, бұндай тақырып тұрақтылығын аталған журналист шығармашылығының өзіндік ерекшелігі деп айта аламыз.

Қали болса қаламының ұшына іліккен нысанды тәптіштей жазып, оны әр қырынан жан-жақты ашып көрсетуді мақсат ететін қаламгерлердің қатарынан емес. Ол көбінесе өз кейіпкерінің бірекі, әрі кеткенде үш-төрт қырына ғана тоқталып өтуге бейім. Онда да ұзақ сонар баяндауларға ұрынбай, жекелеген детальдармен немесе эпизодтармен ғана шектелуді мақсат ететіндігі байқалады. Соның өзінде көңілі жіті оқырман көсемсөздің өзегіне айналып отырған кейіпкердің қандай адам екендігін сезініп үлгіреді. Ұлттық парадигма қырларын көрсетуді арнайы мақсат етіп қоймаса да, журналистің көркем публицистикаларынан қазақи ахуал айқын көрініп жататындығына төмендегі талданатын туындылары дәлел.

Ұлттық көркемдік үрдіс қаламгердің «Шерхандарсыз шеріміз тарқамайды», «Шежіре шал», «Ақылшымыз Ахаң еді...», «Кемеңгердің көзі», «Бекзат бомыс», «Ол тамсандыру үшін туған секілді», «Алыстағы бір асыл» және тағы басқа көсемсөздік мақалаларынан көрініс тапқан.

Журналист өзінің көркем очерктерінде кейіпкерінің рухани әлемін шағын штрихтармен ғана ашып көрсетуге бейім. Қазақтың көрнекті ақыны, афоризм ойлап табудың шебері Мұзафар Әлімбаев жайындағы «Сөз ұстаған қазақтың бір серкесі» деп аталатын очеркінде кейіпкерінің қырын екі-үш бағытта ашып көрсеткен. Оның нақыл сөз жасау өнеріне қалай келгендігі туралы автор былай дейді:

«Бозбала кезінде Мұзағанның педучлищеде оқитын курстасы, жан досы Әйтiш Мәлікұлы кенеттен қатты ауырып, аурухана түседі. Науқастың диагнозын дұрыс анықтай алмаған дәрігерлер баланы өлтіріп ала жаздайды. Мұзафарды ашу қысып:

– Ебі жоқ дәргердің емі де жоқ, – дейді.

Бұл он алты жастағы Мұзафардың тұңғыш нақылы еді» [21,195] Шығармашылық адамының портретін осылайша кестелеуге бейім Қалидың көсемсөзінің мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болар еді.

Бірақ журналистің қаламынан төгіліп түскен туындылардың барлығы осындай тапқыр көркемдік үрдіске арқа сүйген десек, артық айтқандық болып шығар еді. Сонымен бірге кейбір кейіпкерлері жан-жақты зерттеулердің нәтижесінде барып қана толығымен ашылған. Соның бір мысалы – белгілі композитор әрі жазушы Ілия Жақанов жайындағы эссе. Көлемі жағынан үлкен болып көрінетін бұл шығарма көркемдік жетістіктері мен образ ашу тәсілдері жағынан да олқы соқпайды. Аталған туынды кейіпкер бейнесін толығымен ашатындай образды тіркестер мен тұжырымды

ойлар жеткілікті әрі шығармашылық деректері де мол. Автор қолда бар материалдарды шетінен тізіп, қалай болса солай бере салмай, мүмкіндігінше жетілдіріп, көркемдік үскіге салып, екшеп беруді жөн санайды. Эссенің мазмұндық ерекшеліктерінің бірі – кейіпкердің шығармашылық бейнесінің ұлттық парадигма талаптары деңгейінде толыққанды түрде ашылуы.

Қажетті штрихтарды іріктеп, сараптап алудың әрі сол таңдалған мағлұматтарды қисынын келтіре отырып, ұсынудың нәтижесінде Ілия Жақанов деген кім және ол кісінің қазақ өнерінде алатын орны қандай деген сауалға толыққанды жауап берілген деуге болады. Сонымен бірге журналист кейіпкер етіп алып отырған композитор-қаламгердің былайғы жұртшылыққа беймәлім мінездері де қызықты перипетиялар арқылы ашылып, шығарманың көркемдік мазмұнын, ұлттық парадигма қырларын толықтыра түседі.

Сондықтан да аталған жинақтың мазмұны өнер адамдары арасындағы ұлттық менталитетіміздің қалай қалыптасқандығын көрсете алады, соған орай қалам ұшына іліккен тақырыптары да сан алуан. Әрине, шығарманың құндылығының қандай деңгейде екендігін анықтайтын оның мазмұны емес, жазылу үстіндегі көркемдік меңгеру әрекеті.

Бұл кітап көрнекті қазақ ақыны Қадыр Мырза-Әлидің «Көркемөнерді көркем жігіттер жасайды» деген алғысөзімен шыққан. Бұл қойылған тақырыпта поэтикалық рең, эмоциялық ұшқырлық нышаны сезілгенімен, өзі шығармасын талдап отырған журналистің қабілеті жайында автор ағынан жарыла пікір айтады. Оның: «...мен Қалидың эстеттік әлеміне баса назар аударған болар едім. Күнделікті шығып жатқан газетте ағымдық мәселелерге ілесе отыруы, ой ұшқырлығын танытуы өз алдына, оның терең толғаныстарға құрылған дүниелері маған әлдеқайда қымбат болып көрінеді» [22, 3] деген пікіріндегі ойлар аталған журналистің шығармашылық бет пішінін мүмкіндігінше айқынырақ сездіріп тұр дей аламыз.

Қ. Мырза-Әлидің: «Қали ойды дамытуға, толғанысқа, ой-толғанысты оймақтай етіп қорытуға шебер» [22] немесе: «Әрине, оның жазушылығында көсемсөздің сарыны байқалуы да заңдылық» [22, 4] деген пікірлері журналистің көсемсөздік қырына берілген биік баға деп ұққан жөн. Кейде жекелеген мәселелерді тым ықшам қайыратындығына немесе тоқталып өтуге тиісті қызғылықты детальдарды үстірттеу айтып жіберетінін мін деп қарағанымыз жөн шығар. Соған қарамастан, кітаптың өн бойынан қазақы болмыстың

сұлбасы біресе айқындалып, біресе бұлыңғырланып болса да, көрініп тұрады.

Өзінің көптеген әріптестері сияқты қолындағы қаламына тыным бермей, тоқтаусыз жұмыс істеп келе жатқан Қали Сәрсенбай бүгінгі таңдағы қаақ көсемсөзшілерінің алдыңғы легінде. Оның көркем публицистикада жасаған ұлт өнерпаз саңлақтарының бейнелері проблемалық тұрғыдан да талдау жасауға лайықты.

Журналистің көркем сөзіне өзек ететін тақырыбы тек өнермен шектеліп қалмайды. Қоғамдық еңбек адамдарын кейіпкер етуімен бірге, қазақ руханиятында аттары жақсы мәлім көрнекті тұлғалардың өмірлерінен де қаншама дүниелер жазып тастауы сол пікірдің айғағындай.

Қазақ өнері – ұрпақ үшін де керекті, келісті тақырып. Көсемсөзші Қ. Түменбай да бұл бағытта аз еңбек етіп жүрген жоқ. Бұл тараптағы оның кейіпкерлері – басқа қаламгерлердің де қаламдарына үйіріліп үлгірген Д. Қонаев, Ы. Жақаев, Ә. Тәжібаев сияқты кесек тұлғалармен қатар, С. Бердіқұлов, Н. Лушникова, Ш. Әбілтаев, Ж. Әбдірашев тәрізді дарын иелері. Автор олардың әрқайсысын қаламының ыңғайына қарай, таным-түсінігіне орай бейнелей отырып, шығармашылық портреттерін жасап шығады.

Осы арада тәуелсіздік жылдары жалт-жұлт еткен мозаикадай әр қырынан көрінген қазақ көсемсөзінің әралуандылығын қамтамасыз еткен талантты журналистер қатарын өзінше буындық мектеп деп айтуға болатын сияқты. Алған тақырыбын ашып көрсету, кейіпкерінің образын сомдап шығару немесе өзекті мәселені ұсынақты етіп жеткізе білу жағынан олардың стильдік ұстанымдары, шығармашылық бағыттары біркелкі емес.

Саяси мәселелерді көркемдік үрдіспен сараптауға келгенде ойлары көсіліп қоя беретін Уәлихан Қалижанов, Сауытбек Әбдірахманов, Ермек Сахариев, Есенгүл Кәпқызы, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді көркемдік желілердің бойымен әдіптеп алып шыға білетін Ақас Тәжутов, Жұмабек Кенжалин, Самат Ибраим, Құлтөлеу Мұқаш жән т.б. ұлттық руханият мәселелерін қазбалай жазса да, қарабайырлыққа ұрынбай, ұғынықты тілмен жеткізуге күш сала білетін Толымбек Әбдірайымов, Нұрперзент Домбай, Амангелді Кеңшілікұлы және басқа да көптеген талантты журналистер қазақи менталитетті көсемсөз үрдісімен ашып көрсете білуі де әрқилы. Бұл аталған журналистердің көсемсөз бағытында жасап жүрген еңбектері жастар үшін әрқайсысы өзінше бір-бір мектеп десек, артық айтқандық емес.

Белгілі бір тұлғалар жөнінде жылы пейілді пікір білдіре отырып, оның өмір жолына шолу жасау – қазақ баспасөзінде әуелден қалыптасқан ұнасымды салт. Жеке тұлғалар турасындағы эсселер мен естеліктердің, одалар мен очерктердің бастарын біріктіріп, кітап етіп бастырып шығару да журналистика әлемінде қалыптасып кеткен оң үрдіс. Ондай жинақтардың оқырманға берер белгілі бір тәлімі, үйретер ұстанымы болуы да заңды.

Тәуелсіздік жылдарында жалпы адамдық және ұлттық парадигма шеңберінде жазылған осындай сипаттағы көсемсөз үлгілерінің толық бір шоғыры өмірге келді. Олардың баршасына зер салып, салиқалы талдаудың өзегіне айналдырып шығу да оңай-оспақ шаруа емес.

Ұлықбек Есдәулеттің, Серік Байхоновтың, Есенғали Раушановтың, Бауыржан Омарұлының еңбектері де осындай мағынадағы, яғни, кейіпкерлері әдебиет пен өнер адамдары болып келетін туындылардың қатарынан. Арынды ақынымыз Ұ. Есдәулеттің «Зерде», «Таным» және «Пайым» деп аталатын үш бөлімнен тұратын «Әбілхаят» [23] атты көркем очерктер жинағы, негізінен, автордың өзі көрген, бастан кешкен оқиғаларын әңгімелеп беруден тұрады. Тақырыптан сыртқарылау тұрғаны – «Таным» бөлімі ғана. Оның ішінде де танымдық сипаттағы эсселерді кездестіре аламыз.

Аталған бөлімдердің әрқайсысы өз алдына бірнеше тараудан құралады. Автордың әдебиетке алғаш араласа бастаған кезінен бүгінгі толысқан уақытына дейінгі аралықтағы ұшырасқан, араласқан, тіпті ниеттес, тілектес, армандас болған адамдарының басым көпшілігі дерлік – сөз өнерін қуып, осы жолда халқына азды-көпті танылған, тіпті тарихта есімдері қалған жандар. Атап айтқанда, осы кітаптың кейіпкерлері қатарында аталатын Шәкір Әбенев, Сырбай Мәуленов, Тоқаш Бердияров, Ғафу Қайырбеков, Мұқағали Мақатаев, Рамазан Тоқтаров, Кеңшілік Мырзабеков, Жәнібек Кәрменов, Жарасқан Әбдірашев, Дәуітәлі Стамбеков тәрізді қазақ сөз өнерінде белгілі бір із-таңба қалдырып, өздерінің шығармашылық сара жолдарын, бағыт-бағдарын тауып алуларының арқасында қазақ әдебиетінің тарихында есімдері аталатын қаламгерлер әрі мінез-құлықтарында қазақи менталитеті айқын тұлғалар.

Осылардың әрқайсысына арналған жеке-жеке тараулардың негізгі фабулалары өзара ұқсас. Автордың өз кейіпкерімен қалай танысқандығын басталған сюжеттер қызықты оқиғалар мен эпизодтар арқылы өрби отырып, психологиялық, әлеуметтік тартыс-

тармен қоюлана түседі. Қалам иесінің өзіне тән жеке адами мінез-құлқын, әдебиетке деген көзқарасын ашатын көркемдік факторлар – тартысқа дем беріп отыратын шиеленісті жағдайлар. Ақын болғандықтан да шығар, Ұлықбек көсемсөздерінде көпсөзділікке орын табыла бермейді. Бірер детальды ұстап алып, сол арқылы жеткізілген ойлардың көңілге қонақтай қалуы жеңіл. Автор шығармашылық мақсатын ұзақсонар сөздермен шұбалтып жатпай, қысқа ғана қайырып өтуге төселіп алған. Нақты детальдар мен штрихтар автордың әу бастағы диттеген ойына тікелей қызмет етіп тұрғандықтан, оқырман баяндаудың келтелігіне өкіне қоймайды.

Жекелеген белгілі тұлғалардың бастарынан кешкен қызықты жағдаяттарды оқу үстінде оқырманның қанығатыны да, ішінен іріктеп танып алатыны да кезігеді. Ең алдымен, жеке тарау арналған қалам иелерінің қай-қайсысының да талант жағынан сорлы емес екендігі көрінеді. Шеттерінен сен тұр, мен атайын дейтін мықтылардың өздері. Айырмашылықтары – жазу барысындағы стильдік ерекшеліктері мен машықтарында ғана болуы ықтимал.

Екіншіден, көзге ұратын – кейіпкерге айналып кеткен ақын-жазушылардың ішкі әлемдерінің, жан дүниелерінің тазалығы. Олардың бастан кешкен оқиғаларының қоюланып, тіпті кейде ушығып кетулеріне солардың аңғалдықтары, бала мінездері мен көбінесе шығармашылық адамдарында кездесіп жататын жаңғалақ, шалағай мінездері себеп. Қайсысын көрсең де, шеттерінен айналадағы жұртты өзімісініп, жалғанды жалпағынан басқысы келіп жүрген қазақи мінезді, жайсаң жанды жандар.

Мәселен, Ғафу Қайырбековтің туған еліне сапарлап барғанда, қарсы алушылардың ішінен кесек денелі қыз-келіншектерді көргеннен кейін, қабағы аузына қарай түсіп, жиырылып қалуы, соған орай мағынасы ащылау бір өлең шығаруы, келесі қарсы алу-да беттерінен нұры төгілген сұлу жандарды көрген сәтте керісінше жайраңдап қоя беруі – нағыз сезімтал ақынға тән алып-ұшпа мінездің айқын көрінісі. Немесе ақын Кеңшілік Мырзабековтің очерк авторын қайта-қайта қонаққа шақырса да, ақыр соңында дастарқанынан дәм татқызудың бір сәтін келтіре алмай қоюы, өткір эпиграмма жазғаны үшін Жарасқан Әбдірашевқа қаламдас әріптестерінің кіжініп жүруі, Әбдірахманның әрең іздеп тауып, удай ақшаға сатып алған битін ақыр соңында жоғалтып қоюы сияқты оқиғалар – ойға жеңіл мысқыл, езуге еріксіз күлкі үйіретін шалымды штрихтар.

Күнделікті дүниауи тіршілік барысында адамның өзін-өзі қалай ұстай білуі көп нәрсені аңғартады. Адамның жеке қадір-қасиетін,



мінез-құлығын ашатын тұстардың бірі – отбасы, ошақ қасындағы сәттері. Автор аталған еңбегінде жалпы адамдық парадигманы білдіретін мәселелерді де көңілден тыс қалдырмаған. Өзі кейіпкер етіп алған көптеген жандардың адами қалыптарына тіпті назар аударып, олардың болмыс-бітімдерін ашатын тиісті штрихтарды көлденең тартып отырады.

Автор өз кейіпкерінің басынан өткен кез-келген қызықты жағдайды таңдап-талғамай ала салуға жоқ, астарлы мағынасы бар немесе әлеуметтік-моральдық сипатқа ие жағдаяттарды ғана іріктеп алып, ұсынады. Бүгінгі таңда көпшілігі өмірде жоқ сол бір жандардың бастан кешкендері қай жағынан да болса қызықты екендігі сөзсіз. Өз кейіпкерлерінің әрқайсысының мінез-құлығын, адамдармен қарым-қатынасын, тіршілікке деген бейімділігін дәл тауып аша білудің нәтижесінде бүкіл бір кезеңдегі қазақ ақын-жазушыларының ортақ бейнесі, ұжымдық портреті қылаң береді, эсселерді дұрыс түсініп оқыған оқырманның олардың қаламынан туған дүниелермен танысуға деген құштарлығы да қоса оянады.

Көркем публицистика дегеніміз ол – автордың өз эмоциясын бұғаулап ұстауға бейім болып келетін таза көркем шығарма емес, ішінара жеке көңіл күйіне ерік беріп, авторлық көзқарасын айқындап алуға мүмкіндік туғызатын еркіндігі басым жанр. Талдауға түскен шығармаларда авторлық позицияның кейде арындап алдыңғы қатарға шығып кете беретіні де сондықтан.

Жан дүниелері жайсаң, еркін ойдың, сергек сезімнің иелері болып табылатын қаламгер халқының өміріндегі күнделікті тіршіліктің рамкасына сия бермейтін, қалыптасқан қоғамдық әдептің стандартына пысқырып та қарамайтын әдеттері де бір көргенге тосын. «Әбілхаят» жинағының авторы осы ерекшелікті айқындай түсу үшін оқырман назарын көбінесе қызықты, тіпті оғаштау детальдармен шырмал алады.

Сондай ұстанымның айқын бір мысалы «Я, Джамбул Джабаев, доверяю...» деген тарауда көрініс тапқан. Мекен-жайы анық емес жекелеген қаламгерлердің қаламақысы жөніндегі пошта хабарламалары Қазақстан Жазушылар одағының ғимаратына келіп жататыны, иесіз жатқан ондай хабарламаларды басқа бір әріптесі өздері қол қойып ала беретіні де – осынау ортаға тән өзіндік мінез. Белгілі бір ақын жинақ авторының да қаламақысын осындай жолмен алып кетіп, өз кәдесіне жаратып қоюы еріксіз күлкі шақыратын сюжет. Тіпті әбден дәндеп қалған сол ақынның басқаны қойып, Жамбыл Жабаевтың атына келген қаламақыны да ебін тауып, өзі сіңіріп алуы тіптен тосын эпизод.

Ұлы ақынның атынан өзіне сенім хат жазып алып, қаламақысын иемденіп кетуі бір жағынан тапқырлығымен таң қалдырса, екінші жағынан «Бұл қалай?» деген екіұдай сезім күйін туғызатыны сөзсіз. Ұ. Есдәулеттің «Әбілхаят» кітабында нақты деректер юморлық сипатта көрініс табуымен ерекшеленіп отырады.

Автордың ұстанымында бұл арада өз кейіпкеріне жағынайын немесе көңілін риза етейін деген ой мүлде жоқ, ия болмаса базбір жандардың кейбір пендешілік әлсіздіктерін, олқылықтарын айтқан сәтте де оларды мұқатайын деген пиғылдан ада. Жалғыз мақсат – қалай болған күнде де деректерді сол қалпында жеткізу, сөйтіп, тарихқа айналған кезең шындығының әр алуан ұшқындарын қағаз беттеріне бұлжытпастан, таңбалап түсіріп шығу; өз көзімен көрген немесе естіген жағдайларды өз тарапынан соны ештеңелер қоспай, артық бояулар жақпай, сол қалпында қағаз бетіне көшіру, сөйтіп айтып отырған оқиғаның мазмұнын еш боямасыз қаз-қалпында оқырман назарына ұсыну. Өзге көсемсөз үлгілеріндегі естеліктерде ара-кідік ұшырасып қалатын шалқып-тасулардың, көсіле сөйлеудің бұл кітапта кездесе қоймайтыны да сондықтан.

Ж. Ахмадидың көсемсөздік леппен жазылған «Тектілік тұғыры» [24] атты кітабы белгілі бір әулеттің таралу, өсіп-өркендеу тарихы жөніндегі шежіренама сынды. Осының өзі-ақ қазақтың ұлттық менталитетін айқындап, колоритін қоюлатып тұр.

Сонау он тоғызыншы ғасырдың бас жағынан басталған бабалар ғұмыры туралы хикаялар айналып келіп, бүгінгі жиырма бірінші ғасырдың басында өмір сүріп отырған кейінгі ұрпақтарының тыныс-тіршілігін де қамтып өтеді. Яғни, халық тағдырына қатысты бір желіге байланған ортақ мәселелер бірнеше буыннан кейін жалғасын табады. Шығарманың көп бөлігін алып жатқан – деректі баяндаулар, патетикалық реңдегі толғаныс-тебіреністер. Қазақ тарихының бір бөлігі болып табылатын бір әулеттің тарихын әңгімелеу арқылы автор әр кезеңдегі қазақ қауымының шоқтықты белестері жайлы да мағлұматтар беріп отырады. Бұл тұрғыдан келгенде, кітаптың танымдық салмағының да арта түсетіні сезіледі.

Туындының жалпы жазылуы барысына деректілік басым түсіп жатқанымен, автордың ішінара көркемдік канондарға, жазушылық қиялға да тізгін беріп қоятыны байқалады. Бұл сипатты аңғартатын бір белгі – оқиғалардың қызықты етіп құрылатын тұстары. Кітапқа енген барлық образдар мен жекелеген кейіпкерлердің мінез-құлықтары, ой дүниелері әрекет үстінде ашылған. Әр кезеңнің өзіне тән болып келетін қоғамдық сипаттарды, әлеуметтік ерекшеліктерді де шындыққа жақындатып бере білу біліктілікті

қажет етсе, бұл жағынан автордың едәуір жауапкершілікпен келгенін атап өткен жөн.

Сонымен бірге ұлттық парадигманы көркемдеу аясынан алып қарағанда шығармада жекелеген кемшін тұстардың бар екендігін де айтып өту керек.

Біріншіден, Ұлтарак биден бастап оның бірнеше атадан кейінгі тұқымы Мұхтар Әбділбекке дейінгі аралықтағы бір әулеттен тараған ұрпақтардың тұтастығын байланыстыратын ортақ фабула, алтын арқау бәсеңдеу. Кейінгі әр буынның өкілдері, жаңа ұрпақ алдыңғы әкелерінің тағылымын, өмірбаяндарын еске алмай, оларға шолу жасамай, өздерінше дамып, өсіп жатады. Тек айтылар ойларды бір біріне ұластырып тұратын – қазақи салт-дәстүрлердің жалғастығы ғана сияқты. Ұрпақтар арасындағы рухани байланыстың әлсіздігі – шығарма мазмұнының босандығынан орын алса керек.

Жекелеген географиялық, топонимикалық атауларда кездесіп қалатын жаңсақтықтар да оның көркемдік мәнін жеңілдетіп жіберуі мүмкін.

Сонымен бірге автордың кітапқа кейіпкер болып отырған негізгі тұлғалардан басқа жанама персонаждардың тағдырларына көбірек ден қойып кеткен тұстары да жоқ емес. Мәселен, Желтабанға қатысты оқиғаларда көркем туындыға тән сипат басым әрі шығарманың біраз бөлігін алып тұр. Бірақ түптеп келгенде, қазақи үлгімен жазатын қаламгердің бұл деректі дүниесінде де сол ұлттық менталитеттің бояуы сақталған.

Алаш қайраткерлерінің қатарынан саналатын белгілі тұлға Қабылбек Сармолдаевтың есімі Кеңес дәуірінде қалың қазаққа беймәлімдеу болып келді. Осынау тарихи тұлға туралы филология ғылымдарының докторы Намазалы Омашев: «Қазақ ұлтын әлемге танытып жатқан тұста қалтарыс қалмауға тиіс есімдердің бірі Қабылбек Сармолдаев еді. Ғасыр басындағы төңкерістерді басынан өткеріп, көпті соңына ілестіре білген, ғылым мен өнерге сүйреген, ел шаруашылығы мен әл-ауқатын көтеруге сүбелі үлес қосқан Қабылбек Сармолдаұлы өмірі өнегеге толы» [25, 215] деп, нақты да айқын анықтама берген болатын.

Міне, бұндай ірі тұлғаның ғұмырбаянын жан-жақты жазып көрсетуге белгілі баспагер-журналист Мұхтар Қазыбек тәуекел еткен екен. Оның осынау дарынды азаматтың өмірі мен қоғамдық қызметі жайында жазылған «Дауылда туған дарын» [26] атты көлемді кітабы тәуелсіздік жылдарындағы қазақ көсемсізінің кезекті бір үлгісі болып табылады. Кітаптың жалпы жазылу

ұстанымында автордың зерттеушілік бағыты аңғарылғанымен, ойды өрнектеп жеткізу барысында публицистикалық сарынға да мол орын беріліп, кейіпкердің жалпы адамдық сипаттарына назар аударылған.

Жанрлық тұрғыдан алғанда осындай бағытта аралас стильмен жазылған туындылар бүгінгі оқырмандар үшін таңсық емес. Ондай шығармалардың ұтымды жақтары осынау кітаптан да бой көрсеткен. Айқындай түсуді қажет ететін бір жайт – аралас стильдің қандай жанрдағы туындыға болсын, өзіндік өрнек, жарқын өң беретінін ескеру керек екендігі. Демек, публицистиканың бояуы бетке қалқып шыққан сәтте еңбектің қандай түрінің де эстетикалық әрлену жағынан тартымды сипатқа ие бола алатыны сөзсіз.

Шебер публицистердің қатарынан саналмаса да, бұл еңбегінде Мұхтар Қазыбектің жанр табиғатын едәуір меңгеріп алғаны байқалады. Бас кейіпкерді тұлға ретіндегі бейнесін ашуға мүмкіндік беретін негізгі факторлар – өмірлік фактілер, құрғақ деректер мен цифрлар. Аталған кітаптың бұл жағынан кенде емес екендігі әр бетті ашқан сайын көрініп отырады. Жекелеген азат жолдардан да байқалып отыратыны – автордың зерттеуші ретінде кейіпкеріне қатысты жеткілікті іздене білгендігі. Оның кейіпкер болмысын ашудағы көбірек табан тірейтіні архивтік құжаттар екендігі сөзсіз. Сонымен бірге жекелеген ауызекі әңгімелерді де кейіпкер тұлғасын ашу үшін орнымен қолданып, қисынды түрде ойната білу де М. Қазыбектің көсемсөзші ретіндегі бір қыры.

Қабылбек Сармолдаев жайында сөз бола қалса, ең алдымен ауызға алынатыны – әдетте оның қоғамдық жұмыстарды алдыңғы қатарында жүретін қайраткерлігі, қиындықтарға толы 1919-1921 және 1930-1932 жылдарда халықты ұйыстырып, аузына қарата білетін ұйымдастырушылық, қайраткерлік қасиеттері. Бұл мәселеге Мұхтар да тиісінше көңіл бөліп, образды ашу үшін жекелеген тәптіштеулерге тізгін беріп отырады. Сонымен бірге оның тағы бір тоқталып кететіні – кейіпкерінің бұған дейін жете айтылмай келген жекелеген кәсіби қырлары. Әсіресе атап көрсететіні – кейіпкерінің біліктілігіне қатысты екі мәселе. Оның бірі – Қабылбектің әкімгер ретіндегі ұйымдастырушылық, басшылық қабілет-қарымы болса, екіншісі – экономист ретіндегі тұлғалық деңгейі.

Бұл айтылғандар ұлттық парадигма сипаттарын білдіре алмаса да, кейіпкердің мамандық қырларын көрсетеді. Ол заманда маман адамның өзінің қалаған саласында қызмет істеуіне үнемі мүмкіндік туа бермегені тарих жолдарынан жақсы мәлім. Кадр жетіспейтін

аумалы-төкпелі заманда жылт еткен өлшеулі білімі бар адамдардың өзі тапшы болғандықтан, қоғамдық-саяси өмірдің бар саласында ондай жандарға деген сұраныстың сезілуі айқын. Оның үстіне Қабылбек тәрізді табиғи дарыны бар қабілетті мамандар қолдан қолға тимей кететін. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында кітап кейіпкерінің қоғамдық өмірдің түрлі салаларында жұмыс істеуі сондай зәруліктің салдары еді.

Өкімет басындағылар оның қоғам қайраткері екендігін, жоғары басшылық орындарға қойған жағдайда да істеп кете алатындығын айқын көре білді. Сөйтіп басшылық орындардағы маман кадрлардың тапшылығы Қабылбектің тағдырына тікелей ықпалын тигізіп, оны басшылардың әр түрлі салаға апарып салуына мәжбүр етеді. Азамат соғысынан кейін жаңадан құрылып жатқан жас республикадағы ауыл шаруашылығының, одан кейін су шаруашылығының жетекшісі, Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы сияқты лауазымдық қызметтердің қайсысында жүрсе де, Қабылбек Сармолдаев барын салып істеп, өзін қарымды да қабілетті басшы ретінде көрсете білгені жекелеген баяндаулар арқылы көрсетілген.

Қазақстандағы қазақтардың үштен бірін жалмап кеткен алапат аштық 1932 жылдың күзінде басталғаны белгілі. М. Қазыбектің зерттеп, пайымдауына қарағанда, республикадағы ауыл шаруашылығына жауапты қызметкер болып жүрген Сармолдаев нақ сол жылы республика активтерінің алдында ақпан, маусым және тамыз айларында 3 рет баяндама жасаған екен. Баяндамаларында ол республикадағы мал басының да, егістік жер көлемінің де қысқартып кеткенін айтып, үшеуінде де дабыл көтерген. Өкініштісі сол – осынау орынды дабылға қолында құзіреті бар лауазым иелерінің ешқайсысының дұрыстап құлақ аспауы, енжарлық танытуы.

Бұл арада кейіпкер тұлғасын заңды түрде биіктетіп, көтеріп тұрған нәрсе – кітап авторының тайға таңба басқандай етіп нақты келтірген деректері. М. Қазыбектің тек публицист қана емес, зерттеушілік қарым-қабілетінің айқынырақ көрінетін жерлері де нақ осындай маңызды мәселелерді жеткізіп жаза білген тұстарында. Өйткені ол мұрағаттық құжаттар арқылы көптеген қызғылықты деректер мен фактілерді тауып, орайтына қарай оқырман назарына ұсына білген. Кейіпкер бейнесін нақтылай түсу барысында автордың келтірген цифрлары бір қарағанда ғана құрғақ болып көрінуі мүмкін. Ал шынтуайтына келер болсақ, ол тіпті де құрғақ

емес, өз кезеңіндегі экономикалық-әлеуметтік ахуалдан хабар беріп тұрған ұрымтал деректер.

Бұның өзі жалпы адамдық парадигма талаптарына толығымен жауап бере алуы ықтимал, бірақ ұлттық менталитетті айқындау жағынан келгенде, олқы соғып тұр. Қ. Сармолдаев тек ұйымдастырушы ғана емес, ірі экономист әрі су шаруашылығының білікті маманы екендігін автордың тарата талдай отырып жеткізуі әсерлі. Оған кітап бетінде келтірілетін мысалдар қатары жеткілікті.

Мәселен, 1932 жылы 26 маусымда өткен ВКП(б) қазақ өлкелік комитетінің пленумында Қабылбек Сармолдаев «Көктемгі егін егудің қорытындылары, егінді жинауға және астық дайындау науқанын өткізуге дайындық жөнінде» баяндама жасап, осы тақырып бойынша жан-жақты тоқталып өткен екен. Баяндамашының жеткізген мәліметтеріне қарағанда, сол жылғы көктемгі егіс науқаны ойдағыдай аяқталған, демек алдағы уақытта ашаршылық қаупіне себеп жоқ десе де болғандай.

Сол жылы тамыз айындағы сессияда Жер шаруашылығы халық комиссары К. Сармолдаев тағы да баяндама жасайды. Баяндаманың тақырыбы «Социалистік мал шаруашылығын дамыту саласындағы партия мен үкіметтің дирекиваларын орындау жөніндегі Кеңестердің жұмыс қорытындылары мен кезекті міндеттері жөнінде». Осы екі баяндамадағы келтірілген деректерге қарағанда, өнім барысы жаман болмаған, астықтың мол түсеріне үлкен сенім артылған. Ол жағын баяндамашы жеткілікті дәлелдеп шыққан да. Бір сөзбен айтқанда, сол жылдың күзінде басталып кеткен жаппай ашаршылықтың орын алуына ешқандай негіз жоқ екен. Демек миллиондаған қазақтың өмірін жалмап кеткен сол бір ашаршылық нәубеті жоғары деңгейде қолдан ұйымдастырылған.

Кітап кейіпкері ауыл шаруашылығының осындай білікті маны болып қана қоймай, өзінің туған Қазақстанның аграрлы индустриалды елге айналдыруды бар жаң-тәнімен армандаған патриот екендігін автор тағы да тиянақты мысалдармен дәлелдеп шығады. Сол мақсатта ол үкіметке бұрын-соңды қолға алынбаған жаңа, тың жобалар ұсынып, оларды тиісті орындарға мақұлдатып алуының өзі неге тұрады. Және ол жобаларында келтірілген деректер мен талдаулардың қай-қайсысы да дәйекті әрі сенімді болып шыққан.

Қазақстан аумағындағы су қорын зерттеп, осы мәселеге қатысты талдаулар жасаған Қ. Сармолдаевтың ғылыми тереңдігіне, аналитикалық ойлау жүйесінің ілкімділігіне таң қалмасқа шараң жоқ. Оған қарап, бұл кісі өмір бойы тек су маманы болып қызмет еткен екен деп қаласың.

Аталған еңбектің құндылығы жөнінде айта келіп, экономист ғалым К. Нәрібаев: «Жастарды тәрбиелеу, кадрлар даярлау бағытындағы Сармолдаевтың атқарған жұмыстары, көтерген мәселелері күні бүгінге дейін өзекті болып отырғанын атап өту керек. Сонымен «Дауылда туған дарын» атты М. Қазыбектің кітабынан алатын мағлұматтар өте мол екенін, материалдарды жинақтап беруде автор қыруар еңбек етіп, тер төкенін атап өту ләзім» [27], – деп, оң бағасын береді.

Қысқа ғұмырында халқына қалтқысыз қызмет еткен Қабылбек Сармолдаевтың қайраткерлік, ғалымдық және ұйымдастырушылық тұлғасын мейлінше таратып, ашып көрсеткен бұл еңбек қай жағынан да назар аударуға тұрарлық. Және оның тағдыры – сол замандардағы көптеген қазақ зиялыларының басынан өткен қиын тағдырлардың тиіптік мысалы.

Кезінде кеңестік баспасөз беттерінде «Осындай Совет адамы» деп аталатын айдар болғандығы егде оқырмандардың әлі күнге есінде. Ол айдармен қажырлы еңбегі, табандылығы, міндетіне деген жауапкершілігі арқасында көзге түсіп, халықтың сүйіспеншілігіне бөленген еңбек озаттары мен қай жағынан да үлгі тұтуға тұрарлық азаматтар туралы материалдар жарияланып жататын. Бұндай тақырыптағы материалдардың кейіпкерлері – өндірістер мен шаруашылықтарда жай отындай жарқылдап көзге түскен жұмыскерлер қауымымен бірге білім мен мәдениеттің, әлеуметтік саланың, құқық қорғау органдарының үлгілі қызметкерлері болып келуші еді.

Бірақ соның өзінде ел мақтанышы ретінде атап айтуға, мақтаныш ретінде ауызға алуға лайықты талай тұлғалардың ауызға алынбай келгендігі, тіпті әдейі қағаберісте қалып қоя бергендігі Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін ғана мәлім болып отыр. Мемлекеттік маңызы бар нысандарда, ғылым мен қорғаныс саласында істеген көптеген ерлер мақталғанды былай қойып, тіпті есімдерін ауызға алуға, қағазға түсіруге тыйым салыныпты. Ондай көлеңкеде қалып келген талайлы жандардың аты-жөндерінің айқындала бастаған кезі – еліміз тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен кейін ғана.

«Бостаннан ұшқан тау-қыран» [28] атты ғұмырбаяндық эссе-хикаяттың (авторы – Бақытжан Тобаяқов) кейіпкері Сағи Тәжиев аты-жөні де, істеген істері де, еліне сіңірген қызметі де тасаланып, саналы түрде осындай белгісіздік шеңберінде қалған жандардың қатарынан. Оның Кеңес дәуірінде қандай қызметтегі

жан болғандығын әр қырынан ашып, қызықты тағдырдың тереңіне бойлатқан – кітап авторы Бақытжан Тобаяқов.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары. Сағи Тәжиев Түркіменстандағы арнаулы құпия оқуды бітіргеннен кейін, әскери қорғаныс саласындағы барлаушылық қызметпен шұғылдана бастайды. Осынау жауапты қызметтің алғашқы сынақтан өткен тұсы – кейіпкердің Германия мемлекетінде қызмет еткен кездері. Бұл елде де ол шамалы уақыт емес, табаны күректтей жеті жыл тұрып, өзіне тапсырылған міндетті абыроймен атқарып шыққан. Бұл дегеніңіз әскери адам үшін, оның ішінде мемлекеттік маңызы бар барлаушылық қызметте жүрген маман үшін аз уақыт емес. Жұмысының сипаты құпия болғандықтан, кейіпкердің бұл елде немен айналысқанын тәптіштеп айтып берудің қажеті шамалы.

Сағи Тәжіұлының өзіне тапсырылған міндетті жауапкершілікпен атқарып, мемлекеттік жауапты орындардың сеніміне әбден лайықты болған кезі осы жылдар ішінде. Кейіпкердің одан кейінгі қызметі азаттыққа қолы енді ғана жеткен Куба Республикасының Лурдес қаласында жалғасады. Бұл арада Сағи қызмет істейтін құпия топ советтік радиоэлектрондық барлаушылар орталығында еді, яғни, бұқаралық тілмен айтқанда, кәдімгі шпиондық жұмыстармен айналысқан. Және жай шпион емес, сол кездегі ең жетілдірілген заманауи техникалық жабдықтармен жарақтандырылған барлаушылар орталығындағы жоғары санатты маман. Міндеті – осында жүріп, Америка Құрама Штаттарының аймақтағы әскери күші, соғыс техникалары мен адамдары жайлы ақпарат жинастыру.

Кейіпкер басынан өткізген осындай қызықты оқиғалар мен мәліметтерді көлденең тартқан автор тақырыпқа індетіп ене түскен сайын, оқырманға түрлі қызықты фактілер мен деректер ұшыраса береді. Сол мұқит жағалауындағы шетелдің бір пұшпағында жүріп, Сағи Тәжіұлы өз отаны Кеңестер Одағының мүддесі үшін, оның мемлекеттік қорғанысын нығайта түсу үшін жасаған еңбектері ауыз толтырарлық. Мемлекеттік барлаудың техникалық жарақтары арқылы жинастырған деректерін ол құпия жолмен орталық барлау басқармасының тиісті бөлімдеріне жіберіп отырған. Былай қарағанда, айтуға оңай көрінгенімен, орындалуы аса шеберлікпен сақтықты қажет ететін бұл жұмысты атқару тек шынайы барлаушының ғана қолынан келмек.

Кітапта кейіпкердің осындай кәсіби қырлары біршама ашып көрсетілген. Кәсіби дегенмен, барлаушылық, яғни, шпиондық жасау – шығармада екінің бірі бара бермейтін, барғысы келсе де, тиісті шарттардан өтуі қиын сирек кездесетін мамандық. Сағи



Тәжіұлының кәсіби қырларын одан арман айқындай түсу үшін автор кейіпкерінің осы саладағы басқа да қызметтеріне тоқталады.

Кейіпкердің өмір жолы оқиғаларға бай. Бірақ оның бәрін шағын кітапқа сыйғызып жіберу де оңай жүк емес. Егер кейіпкер өміріндегі тағылымды да, тартымды тұстарға тоқтала берген жағдайда, кітаптың көлемі қазіргісінен әлденеше есе артып кететіні анық. Көлем деген өлшемге сыйғызу үшін тағылымды боларлық маңызды тұстардың бәрін қамту да міндетті болмай қалады.

С. Тәжіұлының Германияда, Куба Республикасында жүрген кездерінің, ДОСААФ саласындағы істеген қызметтері жеткілікті қамтылмай, ақпараттық деңгейде ғана көрініс табуын осындай ықшамдық принципінен деуге болады.

Кітап оқиғалары бас кейіпкер Сағи Тәжіұлының жеке басының төңірегінде қалып қоймай, оның маңайындағы түрлі адамдардың өмір жолдары, мінез-құлықтары мен адами сипаттары да бейнеленіп отырады. Соның әсерінен шығармада бірнеше кезеңнің өкілдері жайлы әңгімелер жалпы қазақ зиялы қауымының топтық портретін жасап берген десе де болады. Бұл, бір жағынан, ұлттық парадигманың замана ағымына лайық қалыптасқан жаңаша көрінісі.

Осы кезең ішінде, яғни, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жарық көрген көркем публицистиканың бір парасы рулық, шежірелік очерктер мен деректемелер болып табылады. Бұл тақырыпта жарық көрген еңбектер саны да олқы соға қоймайды. Бірақ ондай дүниелердің таралымы көбінесе өлшеулі, қалың оқырмандардың қолына тие де бермейді. Бірақ әр өңірден шыққан жекелеген тұлалар арқылы жалпы қазақ тарихының қалтарысты сәттерін көзге елестету үшін мұндай шежірелік дүниелердің танымдық әрі тағлымдық пайдасы бар екендігі ескеріліп те жүрген жоқ сияқты. Керек десеңіз ұлттық парадигманың нағыз көкесі соларда.

Сондай еңбектердің бірі – Махмұтқан Кенжиннің «Құрбан қажы (Қоңыз батыр) жайлы деректі шежіре» [29] деп аталатын кітабы. Орта жүз Найман ұлысының Қаракерей руының үлкен атасы Байыстан тараған Атантай ұрпақтары жайындағы шежірелік очерктер тек танымдық жағынан ғана емес, қазақ халқының ұлттық сыпаттарын ашып көрсететін оқиғаларымен, тартымды штрихтарымен көңіл бөлуге тұрарлық.

Кітапта Байжігіт руының Мәметегінен бері қарайғы Құрбан қажының (Қоңыз батыр) арғы-бергі тарихы публицистикалық сарында жан-жақты сөз болады. Қажы айналасындағы Мәметек елінің

белді адамдарының өмір тарихы да екжей-текжейлі баяндалған. Олардың бірсылырасы тарихи аңыз әңгімелерден тұрады. Бұларды әлі де зерттеп, талдап, жіктеп тарата түсетін болса, көркем шығармаға материал ретінде жарап қалатындары да жетерлік.

Байыстың жиен немересі Байжігіт атасынан тараған ұрпақтардың шежіресі бұған дейін де кітап болып басылып шыққан. Сол себепті автор (Махмұтқан) оларға тоқталмай, жинаққа тек Мәметек атасынан тараған Құрбан қажының ұрпақтары жайлы ой толғайды, тарихи тақырыпқа арналған көсемсөздің өзінше бір үлгісін көрсетеді.

Бір назар аударатын жайт – жинақтың бас кейіпкері Құрбан қажы кітап авторының төртінші атасы екен. «Сексен түйең боталап, сегіз келінің қомдасын» деп айтылғандай, Құрбан қажыға бақ пен дәулет бірдей дарып, мал мен басы тең өскен. Ол – жас кезінде талай жаугершілік соғыстарды басынан өткізген, кейіннен ел билеп, болыс болып, қажы атанып, ұрпақтарына, айналасына шапағат нұрын шашқан адам. Бір сөзбен айтқанда, қазақтың ұлттық сипаттары шығармада деректер арқылы ашылып көрсетіледі.

Тарихи публицистиканың тарауларын оқып отырсаң, рулық қайшылықтар, жеке адамдар арасындағы тартыстар, достыққа, туыстыққа адалдық мәселелері бәрі-бәрі бірінен кейін бірі қабаттасып, бұл жанрда жазылған шығармалардың қазақ қауымының тршілігінен хабар беретін танымдық та тәрбиелік қырларын қалыңдата түседі. Жалпы шежірелік көсемсөздердің ішінде әртүрлі көлденең әңгімелерге қарай бұрылып, негізгі мазмұндық каноннан ауытқып кететіндері де жоқ емес.

«Құрбан қажы шежіресінің» мазмұндық бітімінде ондай ауа жайылушылық аз. Автор ой толғай отырып, қызыл сөзге, бос баяндауларға бармайды. Шығармадағы жалғасып жатқан желілі оқиғалардың арасында ұсақ-түйектері кездескенімен, шынайы әрі тарихилығымен құнды.

Құрбан қажының әкесі Кенже Естемесұлы да өз дәуірінде батырлығымен еліне халқына танымал болыпты. Біржанмен айтысқанда ақын Сара ол туралы былай дейді:

Найманда Қаракерей, Сыбан, Мұрын,

Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.

Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебай,

Қай қазақ сөз бастаған бұдан бұрын, – деп сілтей келіп,

Бұтабай, Бәйжігітте құт Шаянбай,

Сасан би, шапты Кенже жауға аянбай, [29, 3-4] –

деген өлең жолдарындағы Кенже – осы кітаптың кейіпкерінің бірі.

Ақын Сараның аузына ілінген ержүрек Кенже Естемесұлының тегін адам емес екенін аңғаруға болады.

Құрбан қажының ұрпақтарынан Қыдырмолла, оның баласы Ниязбек те болыс болған. Көсемсөз авторы Махмұтқанның Кенжин деген фамилиясы осы Кенже батырдан тарап тұр.

«Жеті атасын білген ер – жеті жұрттың қамын жер» демекші, кешегі өткен тарихқа үңілу, талдау, саралау – тегін, шығу төркінін білгісі келетін бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған айтулы мақсаттарының бірі. Арғы тарихымыздағы небір ел басқарған көсемдер, сөз бастаған шешендер, қол бастаған батырлар жайлы бүгінгі ұрпақтары қолда бар декеректерге негіздеп көсемсөз жазып жатса, бұл да бір рухани қажеттіліктен туған шығармашылық рухани үрдіс деп білгеніміз жөн.

«Отан от басынан басталады» деген қанатты сөздің мағынасы терең. Әрбір рулы ел мен ата жұрттан шыққан тарихи тұлғалардың өмірлерінен бүкіл қазақ елінің тарихын құрап отырғандығын келешек ұрпақ білуі керек. «Бөлінгенді бөрі жейді» демекші, мұндай шежіре сипатындағы публицистиканың тағлымдық, танымдық мәні үлкен болуы тиіс.

Мысалы, рулық шежіре – өзге жұрттарда кездесе бермейтін, атадан балаға мирас болып келе жатқан халқымызға тән ұлттық құндылықтардың бірі, ұлттық парадигманың тиянақтайтын қазақи атрибут. Қазақстан мемлекеті алып бір бәйтерек десек, әрбір ру оның саялы бұтақтары іспетті. Ендеше бұл бағытта жазылған публицистикалық туындыларға да енжар қарамай, ұлттық парадигма көріністерінің бірі ретінде олардың құрылымдық, көркемдік болмысына үңіліп қойғанның артығы жоқ.

Өткен ғасырдың аяғына қарай өз тізгін-шылбырымызды қолымызға алып, егеменді ел болғаннан тартып бүгінге дейін атажұртқа алыс-жақын шетелден миллионға жуық қандастарымыз оралуда. Олар елімізге тек үдере көшіп келіп қана қойған жоқ, сонымен бірге мәдениетімізге, әдебиетімізге, тілімізге, ділімізге, ұлттық құндылықтарымызға т.б. өзіндік үлестерін қосып келеді. Бір сөзбен айтқанда, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тұғырының берік болуына атсалысатын еңбектері де сүбелі деп білеміз.

Сөйтіп қазақ руханияты Арал теңізі сияқты қайтадан толысып келе жатса, бұл аталған деректі шежіре де сол құндылықтарымызды қайтадан қалпына келтіруде өзіндік тигізіп отырған пайдасы бар, сарқылмас бастаулардың бірі іспетті.

Халықтың мәдениеті, әдебиеті мен өнері ірілі-уақты деңгейіне қарамастан, қашанда жекелеген тұлғалар арқылы жасалатыны

белгілі. Олардың шығармашылық және жекебастық өмірбаяндарын реалистік деңгейде жазып шығу арқылы жалпы алып отырған тақырыптың, сонымен бірге сөз болып отырған кезеңнің шындығы көрсетілетіні сөзсіз. Бұл бағытта жазылған көркем публицистика сонысымен де тарихи мәнге ие, әлеуметтік жағынан салмақты.

Белгілі журналист Құсыман Игісіннің «Әкелі-балалы қос дүлдүл» эссесінің маңыздылығы да алдымен осы жағынан. Мұнда қазақ халқының поэзиялық қорына өлшеулі болса да үлес қосқан Жанұзақ Шынанұлы мен оның баласы Әрімжан Жанұзақұлы жайында жеке-леген мәліметтер беріліп, деректерге негізделген тиянақты ойлар ортаға салынған. Публицистика авторының бұл аталған адамдарға арнайы көңіл бөлуінің мәнісі бар.

Оның негізгі себебі әкелі-балалы екі ақын да Кеңес өкіметі дәуірінде айтуға, зерттелуге тыйым салынған тұлғалар қатарында саналғандығына байланысты. Әкесі Жанұзақ Шынанұлы он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмасыншы ғасырдың алғашқы кезеңінде өмір сүрсе, оның талантты перзенті Әрімжан ақынның саналы ғұмыры жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысында өткен.

Баласы Кеңес өкіметінің қысымына шыдай алмай, ақыры көршілес Қытай жеріне қашып барып, өмірінің қалған жылдарын сол жерде өткізеді. Шекараның ар жағында ғана іргелес жатқан туған өлкесіне жете алмай, аңсаумен, сарғаюмен басқа адамдардың арасында жүріп, дүниеден баз кешкен. Әрімжан ақын тек жаңадан орнаған большевиктер өкіметіне ғана емес, қазақ даласында зобалаң әкелген жалпы орыс отаршылдығына да қарсы болған жан.

Былайғы қарапайым жұртшылықты былай қойғанда, әдебиет мен мәдениет саласында жүргендердің өздері «Жанұзақ кім?» деп сұрақ қоюы әбден мүмкін. Ал шындығында ол кісінің өз заманында елге танымал үлкен болғанын Қ. Игісін бірнеше мысалдар келтіре отырып, нақты деректермен дәлелдейді.

«1896 жылғы Көктұма съезінде Әсетпен айтысқан Кәрібай ақын:

Жанұзақ, Сұртай, Жылтыр, ақын Түбек,

Керіліп, кер маралдай шыққан үдеп, – дейді.

1871 жылы 17 жасар Сара Тастанбекқызы өзінен 20 жас үлкен атақты ақын Біржан салмен айтысқанда, «Қолдай көр шығыстағы Жанұзақ пірім» деп табынады» [30, 40-45, 42]. Өз кезеңінде Жанұзақ ақынның аты Қазақстанға кең жайылғанын білдіретін деректер тек бұл айтылғандар ғана емес, автор қажетті болып табылатын басқа да біраз мәліметтерді берген.

Әрімжан ақынның даңқы дәл әкесінікіндей ел арасына кең жайыла қоймаса да, артында қалған мұрасына қарап, сөз зергері болғанын байқау қиын емес көрінеді. Қазақ халқының басынан өткен ауыр жылдардың қай-қайсысы жайлы да тебірене жыр шығарып, уақыттың айшықты суреттерін сөзбен жасап кеткен екен. Қазақтың басына кезекті ауыр зобалаң төндірген 1928 жылы ол өзіне қарасты ауылдарымен арғы бетке өтіп кетпекші болған. Бірақ жансыздардың арқасында шекарада ұсталып қалады да, көштегі еркек атаулының көзін қызыл әскерлер түгел жойып жібереді.

ГПУ-дің қырағы бақылауына түскен Әрімжан ақын 1931 жылдың қара күзінде ретін тауып, ақыры Қытайға өтіп кетеді. Бірақ ол жақта да тіршілік аса ауыр болып, қазақтың тегеурінді ақыны күн көру үшін қытайдың бір байының малын баққан екен. Сол жақта да тентіреп жүріп, ақыры 68-ге қараған шағында ауыр науқастан дүниеден өтіпті.

Бұл эсседе алдыңғы қатарға шығатын – тек бас кейіпкердің басынан өткендері ғана емес, жалпы қазақ халқының өлең-жырға көркем сөз атаулыға мейлінше ықыласты болғаны, сөз сарасын қашанда қадірлей білгендігі жайындағы түйінді ойлар. Мұның өзі ұлттық парадигманы айқынырақ көрсетудің бір тәуір үлгісі сынды әсер етеді. Аталған шығармада бұл бағытта көрінетін тағы бір ұлттық ерекшелік – өсіп-өнген өңірге, туған жерге деген сағыныштық ықылас. Қазақ халқының бойынан әсіресе айқынырақ көрінетін осынау қасиетті сезім әкелі-балалы екі ақынның да аса шабытпен жырлайтын негізгі тақырыптарының бірі болғандығын автор қиыстырып, нанымды түрде жеткізе алған.

Композициялық ырғағы, сюжеттік желілері, бір сөзбен айтқанда эссенің көркемдік мазмұны оқырманның санасына оңай сіңетіндей деңгейде құрастырылған деуге болады. Шығарманың өн бойында үзілмей жалғасып отыратын ұлттық парадигмаларды, тек қазақтық болып келетін ұстанымды аңғарып, тап басу бәлендей қиындық туғыза қоймайды.

Сонымен бірге шығармада хронологиялық дәлсіздіктер де кездесіп қалады. Автор екі ақынның ата-тегін былай таратқан: «...қазақтың атақты батыры Дәулетбай, одан Көтеш батыр, одан Айбас, Одан Шыңан, одан Жанұзақ туады» [30,42]. Осы әулеттің басында тұрған Дәулетбай батырдың ауылында ұстап жүрген молдасы біреудің құда түсіп қойған қызын алып қашып кетіп, екі елдің арасына жанжал туған екен. Қайтып келген келіннің бетін сонда Әрімжанның ағасы Берікбол ашыпты. Бұл арада сәйкеспей тұрған нәрсе – Дәулетбай мен Берікболдың арасы бес ата болса, онда баба-

сы өмір сүрген замандағы келіншектің бетін Берікбол қалай ашады?

Осындай жекелеген сәйкессіздіктердің орын алуына қарамастан, аталған эссе танымдық әрі тағылымдық жағымен жиырма бірінші ғасырдағы оқырманның рухани мұқтаждығын өтей алады деуге әбден болады.

Әкесінің де, баласының да ақын болуы осы аталған көсемсөз үлгісіндегі ұлттық парадигманың өзіндік көрінісі деп тұжырымдай аламыз. Өйткені сөз өнерін бағалап, «Өнер алды – қызыл тіл» деп мақалдататын қазақтың ішінде ақындардың мол болу себебі табиғи екендігін Құсман Игісін өзі келтірген деректер бойынша дәлелдеп отыр.

Бүгінгі таңда қазақ көсемсөзінде бойларында ұлттық белгілері айқын қазақи кейіпкерлерді сомдау мәселесі де – мезгіл туғызған оқырманның рухани сұранысы қажет етіп отырған шығармашылық проблема. Көптеген авторлар бұндай ұстанымға мән беруге бейіл көрсете бермейді, соның салдарынан ұлтымыздың бағалы қасиеттерін білдіретін көсемсөз үлгілері жас оқырмандарға қажет екенін ескеруді ұмытып кетеміз. Адам тағдырлары жөнінде жазылған очерк, естелік, эсселерден мұндай сипаттарды кейде таба алмай жататынымыз рас. Ұлттық менталитетіміз айқынырақ көрінген бір-екі шығарманы талдауға ниет етіп отырғанымыз да сондықтан.

Көсемсөз үлгілеріндегі түрлі ситуацияларға орай көрініс тауып жататын эстетикалық пайымдаулар – оқырманды рухани аспектіде тәрбиелеудің бір құралы болып табылатыны сөзсіз. Ұлттық парадигманың шым-шымдап көрініс табатын сәті де осы.

Осы кезең ішінде көсемсөзшілердің қаламына жиі үйірілетін тақырыптардың бірі – Ұлы Отан соғысы мен Ауған соғысы болды. Алдыңғы соғысқа қатысты қаламгерлеріміз Ұлы Жеңісті атап өтудің кезекті күніне орай мерзімдік түрде жазылса, екіншісі ара-тұра ғана қалам ұшына ілініп отырды.

Кеңес дәуірінде де көркем әдебиетте болсын, публицистикада болсын, көп қозғалған тақырыптың бірі – Ұлы Отан соғысы тақырыбы. Миллиондаған кеңес адамдарының өмірін жалмаған осынау сұрапыл соғыс жайында жанын ауырта қалам тербемеген, ой бөліспеген көсемсөзші жоққа тән. Қандай әңгіме болсын, Кеңес дәуірінде барлығын да партиялық саясатқа, идеологиялық ұстанымға бағынды. Кеңестік тоталитарлық режимінің қатаң қадағалауы өктемдік құрып тұрған кезде түрлі фактілер мен деректерді емін-еркін жайып салуға, жалпақ әлемге жар сала

жариялауға мүмкіндік бола қойған жоқ. Әсіресе Кеңес солдаттының бойындағы пендеге тән түрлі мінез-құлықтарды, кеңестік дәуіріндегі әлеуметтік-рухани және моральдік кемшіліктерді ауызға алуды тыйым салынғаны белгілі. Соғыстың сан қырлы құпия сырларының шындық шежіресінен алынып, аршыла бастағаны, осы мәселелерге объективті түрде қарауға мүмкіндіктер табылғаны – еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана.

Демократия мен плюрализмнің негізгі принциптерін басшылыққа алған көсемсөзшілер осынау ауыр да ауқымды тақырыпқа келгенде де тосырқап, тартынып қалған жоқ.

Ұлы Отан соғысына қазақстандықтар мен қазақтардың қатысуы жайындағы соны деректер мен тың тұжырымдар да өмірге келіп жатты. Осындай сартап болып, таптауырыңға айналған тақырыпқа басқа қырынан жазуға құштарлық танытқан қаламгерлердің бірі – Марат Тоқашбаев. Бұл пікірімізге автордың «Жеңіс қайғысы» [31] деп аталатын жинағына енген көсемсөз үлгілерінің мазмұны куә.

Халық арасында кең тараған түсініксіз мәселенің бірі – «Аты аңызға айналса да, Бауыржан Момышұлына неге Кеңес одағының батыры берілмеді?» деген сауал. Ұлы Отан соғысының қысталаң күндерінде қаһармандықтың үлгісін көрсеткен, жауынгерлер арасында ғана емес, бұқара жұртшылық ішінде де есімі аңызға айналған Бауыржан нақты айтқанда қандай ерліктер көрсетіп еді? Осы сұраққа айпарадай айқын жауап беретін әрі батыр жасаған ерліктерге байланысты деректер мен дәйектерді мейілінше айқын етіп, жүйелеп, тұжырымдап берген еңбек Марат Тоқашбаевтың аталған кітабы. Мәселен, 1941 жылдың қазан айында Москва түбінде Бауыржанның өз батальонымен қоршауда қалып қоюы соған қарамастан, ешқандай адам шығынына ұрындырмай, батальонды Кеңес әскери күштерінің тобына әкеліп қосуы соғыстар тарихында жиі кездесе бермейтін шын мәніндегі таңғажайып ерлік болатын.

Автордың дәлелдеп, тұжырымдап беруіне қарағанда, осынау көзсіз батырлығы мен тапқырлығы үшін-ақ Бауыржан Момышұлына Кеңестер Одағының батыры атағына әбден лайықты еді. Автор бұдан басқа да ерлік эпизодтарын дәйектілікпен келтіре отырып, Бауыржанның әскери қаһарман ретіндегі бейнесін биіктете түседі. Осыншама мол ғажап ерліктер жасаған адамның ең жоғары атаққа ілінбей қалуының өзі тарихи қиянат, адамзаттық тұрғыдағы айқын әділетсіздік екені осы кітапта тиянақты түрде дәлелденген.

Аталған публицистикалық туындыны оқып шыққаннан соң, оқырман Б. Момышұлының ерліктеріне жалпылай емес, нақты

**мағлұматтар арқылы** куә болады. Жалпы халық арасына «Бауыржан Момышұлы» деп аталатын қаһарманның батыры ретіндегі бейнесі соқырға таяқ ұстатқандай нақтылана түседі. Аталған публицистикалық шығарманың көркемдік-идеялық салмағының, қоғамдық-тарихи мәнінің өзі осында жатыр. Аз сөзге, ықшам деректерге ауқымды мағына сыйғыза білу көсемсөзшінің шеберлігі болып табылатыны даусыз.

Осы жинаққа енген Сабалақ Оразалинов туралы деректі очерктің мазмұны қызықты жазылуымен, тағылымды эпизодтарымен жас буын оқырманның жадында тұтылып қалады. Ел арасында көптің бірі болып жүрген қарапайым батырдың бейнесі сюжеттік желілердің үйлесімді жалғасын табуы арқылы әдемі ашылған. Жаумен бетпе-бет келген қысылтаяң жағдайда жолдастарын аман алып қалу үшін өз денесімен жаудың пулеметін жаба құлаған кезде жауынгер Сабалақ небәрі жиырма жаста ғана екен. Артынан келген қарулас достары жас жауынгердің көз алдында қаза тапқанын көріп, жолдары ашылғаннан кейін, жанталаса уралап атакаға шығады. Сөйтіп ашу мен кекке тұнған олар жанталаса қарсыласқандарына қарамай, немістерді тас-талқан етеді. Кейін жас батыр қаза тапқан жерге ескерткіш орнатылып, аты-жөні тасқа қашалып жазылады. Жергілікті пионерлер де оның басында қарауылда тұруды дәстүрге енгізген екен.

Осынау оқиғаның бір ерекшелігі – қаза тапты деген сол қаһарман солдаттың артынан тірі болып шығуы. Сөйтсе жаралыларды жинап жүретін санитарлар бригадасы Сабалақтың да денесін зембілге әкеліп жатқызады. Жас санитарка қыз жаралының өңінен тіршілік нышанын аңғарғандай болады да, тиісті уколдарын салып, ары қарай дала госпиталіне жөнелтіп жіберген.

Сабалақтың өмірін сақтап қалған да – сол жердегі майдангер дәрігерлер. Ал, қарулас достары өлдіге санаған Сабалақ жоғары білікті дәрігерлердің арқасында өмірге қайта оралып, госпитальде бірнеше ай жатқан. Батырдың өлгені жайлы хабарды бейбіт заманда газеттен оқыған басшылықтың қайран қалуы да заңды. Ақыры оны өзі соғысқан Балтық жағалауына алып келіп, өзіне қойылған ескерткішті, оның қасында тұрған қарауылдарды көрсетеді. Сабалақ Оразалиновтың адам сенгісіз қызық тағдыры жөнінде өз кезінде басқа да журналистер жарыса жазған болатын. Бірақ Марат Тоқашбаев бұл тақырыпқа шығармашылық ізденіс нәтижесінде басқа қырынан келіп, оқиғаны шынайы түрде психологиялық тұрғыдан шиеленістіре білді. Көсемсөзші үшін сюжетті қызықты



етіп, шириқтыра дамыта білудің де шеберлікке сын екенін айтқан жөн.

Аталған жинақ осындай тосын тағдырлы қаһармандардың бастан кешкендерін жинақтап, синтездей жеткізуімен назар аудартады. Автор кейіпкерлерінің басым көпшілігімен, атап айтқанда, Қасым Қайсеновпен, Рахымжан Қошқарбаевпен, Сабалақ Оразалиновпен, Талғат Бигелдиновпен көзбе-көз сөйлесіп, нақты деректерге қаныққан. Журналист қаламына іліккен батырлардың соғыстағы ерліктері көркем прозада жазылғандай оқырман санасында эстетикалық із қалдырады. Оңай оқылып қана қоймай, тиісті деректері арқылы да соғыс шындығын әр қырынан толықтыра түседі.

«Жеңіс қайғысында» сонымен бірге Ұлы Отан соғысының қазақ халқының ұлттық менталитетіне де елеулі нұқсан тигізгені, жекелеген моральдық-имандылық ұстанымдардың шытынағаны, бір сөзбен айтқанда, орыстанудың жедел қарқын алғаны өз алдына бір бөлек әңгіменің өзегіне айналған. Бұл бағытта айтылған пікірлер логикалық жағынан дәлелді пайымдалған.

Мұндағы очерктер әрі танымдық, әрі қызғылықты оқылуымен тартымды. Соғысқа қатысушы майдангердің адамдық болмысын, ұлттық сипатын алдыңғы қатарға шығара суреттеу де аталған авторға тән машық деп тани аламыз.

Өтепберген Әлімгереевтің «Қанатты қыз» [32] очеркі де көркемдігі мен материалды іріктеп беру жағынан осы қатарда. Очерк қазақтың атақты ұшқыш қызы Хиуаз Доспанова жайында. Шағын туындыда бас кейіпкердің өмір жолындағы негізгі кезеңдер қамтылып, автор жап-жас қызды ерлік жасауға бастаған қандай күш деген сауалға жауап іздейді. Соның арқасында ол жауап белгілі бір мөлшерде табылған да. Батыр қыздың шыққан тегімен бірге оның соғыстан соң тәп-тәуір лауазымдық қызметтер атқарғаны да оқырман үшін маңызды ақпарат болып саналуы тиіс.

«Содан бері қанша уақыт өтті. Бірақ Хиуаз есімі ауызға алынбай-ақ қойды. Керек десеңіз, жылына бір-ақ рет келетін Ұлы Жеңіс мерекесінде де ұмыт қалатын сәттер болды...

Хиуазбен бірдей ерлік көрсеткен орыс әйелдерін Ресей елі соғыс біткеннен кейін де марапаттап, батыр атағын берді» [32, 166], – делінген мәліметтің астарынан ұлттық енжарлығымыз да анықталып қалады. Ал халқымызға тән осы самарқаулық мінезді ұлттық менталитетке жатпайды дей аламыз ба?

Бақытбек Смағұловтың «Мен көрген соғыс» кітабының тақырыбы – Ауған соғысына қатысқан қазақстандық жауынгерлердің бастан кешкендері мен түрлі тағдырлары.

Әу дегеннен-ақ өз тақырыбын тауып, содан айнымай келе жатқан публицистер қатары баршылық. Әркім өзін қызықтырған, өзі үлкен мән-мағына тауып алып отырған тақырыпты жазса, қалам ұшының құрышын қандыратыны, шығармашылық шыңдалуын күшейтете түсетіні де сөзсіз.

Тұлғалар турасында ғасырдың алғашқы онжылдығында жарық көрген көркем публицистиканың көлемділерінің бірі – Т. Кәкішұлының «Сайыс» [33] атты эссесі. Көлемі 18 баспа табаққа жеткен бұл шығарманың басты кейіпкерлері – қазақ халқының ұлы тұлғалары Мағжан Жұмабаев пен Сәкен Сейфуллин. Туындының жазылуындағы шығармашылық мақсат – осынау екі қайраткер қаламгердің арасындағы күрделі қарым-қатынасты талдай отырып, олардың азаматтық әрі шығармашылық бейнелерін әлеуметтік, адамгершілік, шығармашылық және тарихи тұрғыдан жан-жақты ашып көрсету.

Әлқиссасында айтылғандай, авторды алғаш қызықтырған мәселе – Мағжан мен Сәкеннің арақатынасының қандай сипатта өрбіп отырғаны. Бірақ тақырып нысанына жете үңіліп, зерттеу жұмыстарын індетте түскен сайын, оқырманға ұсынуға тиісті әңгіменің де ауқымы кеңейе беріпті, сөйтіп тілге тиек болуға жарайтын қызғылықты эпизодтар мен детальдар қатары да молая түскен екен. Оған себеп болған факторлар – тақырып етіп алып отырған екі адамның айналасынан табылып жататын алуан түрлі адамдардың тағдырлары, негізгі нысандарға тигізген ықпал-әсері, тарихи еңбектерде де, көркем шығармаларда да бұрын сөз бола бермейтін тарихи деректер, ұлы тұлғалардың адамдық сипатына байланысты айтылып жүрген кейбір әңгімелер және т.б. танымдық жағдаяттар.

Егер автор өзі тілге тиек етіп алып отырған екі кісінің ара қатынасын анықтаумен тоқталуды ниет етсе, кітап көлемінің 18 баспа табақтан әлдеқайда шағын болып шығары сөзсіз еді. Ол жалпы саны 58 тараудан тұрады. Автор олардың әрқайсысы оқырманды тартып тұратындай қызықты құруға тырысқан. Мысалы, «Сең бұзылғанда», «От шашқан сауық», «Ақпанның жүзі жылы», «Мәскеу – қызыл көздер ұясы», «Матасқан тағдырлар», «Мақтау мен даттаудың арасы бір-ақ тұтам», «Сәлемнің де сәті бар», «Кекесін», «Қанды да қасіретті отыз жеті» және т.б. атаулар астарында қандай

мағына бар, қандай оқиға болар екен деген сыңайдағы сұрақтардың туындауына себепші.

Бұл тараулардың әрқайсысын жеке-жеке шығарма ретінде алып қарастырған жағдайда бүкіл кітаптың мазмұны, көркемдік болмысы мен идеялық қазығы айқындалмай қалуы әбден ықтимал. Былай қарасаң, жаңағы 58 тараудың әрқайсысы жеке-жеке алғанда бір деректі әңгіме немесе тақырыптық зерттеу тәрізді көрінеді. Ал екінші бір тұрғыдан алып қарағанда, эссенің мазмұнымен толық танысып шыққанан кейін, тарауларды дара-лап, бөлшектеп тастауға болмайтын синтездік тұтастықтың да бар екендігіне көз жеткізесіз.

Кейіпкерлердің бастарынан кешкен әлеуметтік-моральдық жағдаяттарды баяндай келіп, автор бір сәт олардың шығармашылық бағдарларын тілге тиек етіп кетеді. Олай етпеуге және мүмкін емес. Өйткені Мағжан да, Сәкен де – қазақ әдебиетінің тарихында айтулы із қалдырған аса кесек шығармашылық тұлғалар. Сондықтан олардың қаламынан жосылып түскен сөз өрнектеріне назар аудармау, назар аударған күннің өзінде атүсті, салғырт қарау әңгіме мазмұнын жалаңаштап, жеңілдетіп жіберер еді.

Толық танысып шыққанан кейін, туындының табиғатына тек бір ғана жанрлық өлшеммен «Эссе» деп қарауға болмайтыны байқалады. Оған аракідік басқаша мазмұн беретін – жекелеген тұстардағы әдеби талдаулар мен теориялық пайымдаулар. Демек, анықтамасына автордың өзі айқындап бергеніндей, бұл кітапты таза эссе жанрында жазылған дүние деп қарауға болмайды деген пікірдеміз.

Бірақ қалай болған күнде де Т. Кәкішұлының «Сайыс» атты эссесі көркем публицистиканың жанрлық жүгін қаймықпастан, толығымен арқалап тұрғаны анық. Оның мазмұны бас кейіпкерлердің өмірлеріндегі бірнеше жылдық кезеңді қамтитын болғандықтан, сюжеттік желілердің үзіліп қалуы, күтпеген тұстан басқа арнаға қарай ауысып барып, алғашқы оқиғалық желінің қайтадан байланысып, ұштасып кетуі заңды да. Кезеңнің тірі көріністерін жасау үшін автор шығармалар беттерінде жазылып қалған эпизодтарды да, архив деректерін де, жекелеген арнайы зерттеулер мен көзі тірі куәгерлердің ауызша айтқан әңгімелерін де пайдаланып отырған. Сондай синтездік жұмыстар жасаудың нәтижесінде тілге тиек болатын екі тұлғаға қатысты кезеңдердің тірі картинасы жасалған деп айтуға болады.

Қазақтың ұлы перзенттері Сәкен мен Мағжан арасындағы қарым-қатынастың қандай сипатта дамығандығы жөнінде авторлық топшылаулар мына төмендегі ықшам эпизодтардан анық көрінеді:

«Айқап» журналында «Манап» деген пьеса жарияланып жүр. Соны оқып, жарайтын болса, халыққа көрсетсек те теріс болмас, – дегенде, Мағжан жұлып алғандай:

– Оны «Қазақ» газеті жамандап тастады ғой, оқыған жоқ па едің?, – деп қисынсыз қыстырылған соң, әлгінде көңіліне дық алып қалған Сәкен «Саған жауап берудің реті келген-ақ шығар», – деп:

– Ойпырым-ай, Мағжан, өзіңнен басқаны да бірдемені шамалайды деп ойлағаның жөн болмас па? Мәселенің немен тынарын білмей жатып шоштандау – шолжыңның ісі, – деп салды» [33,46].

«Омбыға биыл қазақ жастарының қалың келгендігі «Бірліктің» күзгі жиналысында анық байқалды. Бұрынғылар қастарына елден ертіп келген қыз-жігіттерді мүшелікке жаздырып жатқаны қанша... Осындай қауырт шақта Сәкен мен Мағжан тағы килігіп қалды.

– «Айқап» дегенде ішкен асыңды жерге қоюшы едің, оқыдың ба соңғы номерін, жабылып қалды ғой сорлы, – деп Мағжан кекеткенде, Сәкен:

– Бой тасалағаны шығар, – деп жауап берді» [33, 52].

Әрине, екі ақынның арасындағы кикілжіңдер сипаты нақ осы айтылғандай болған екен деп үзілді-кесілді тұжырымдау қиын. Бірақ авторлық топшылаулардың деректілік шеңберіндегі қиялдың жемісі екендігін де қаперден тыс сызып тастай алмайсыз. Үзінділер мазмұнынан туындайтын басты мағына – екі жас ақынның жұлдыздарының бір біріне қарама қарсы келе бергендігін көрсету.

Әлбетте, эсседегі екі жас ақынның арасындағы әңгіменің өрбігеніне қарап, өмірде де нақ осындай болды деп, тұжырымдау асығыстық шығар. Бірақ шығарма жанры эссе болғандықтан, автор жекелеген ой еркіндігіне тізгін берген және онысы оғаш деп айтуға болмас. Егер қазақтың бәсекелес болуға бейім психологиясынан шығаратын болсақ, бұндай текетіреті шындық шеңберінен алыс жатыр дей алмайсыз.

Бұл арада автордың айтайын дегені – болашақтағы екі кесек тұлғаның ара жігін ашатын әңгімелердің алғашқы араласқан жастық жылдарының өзінде-ақ басталып кеткендігі, екі қошқардың басы бір қазанға сыймас дегендей, өзіндік пікірі, өзіндік көзқарасы мен таным-түсінігі бар екі замандастың тақасуы жоғарыдағы эпизодтарда келтірілген ұсақ-түйек жайлардан бастау алуы әбден ықтимал нәрсе. Бұның өзі қазақтың ұлттық болмысына жат болып саналмайтын пендешілік бақастық нышандары екендігі сөзсіз.

Сонымен бірге екі ақынның арасында шығармашылық бәсекенің де негізі бар деп санауға керек.

Бірақ сонымен бірге Сәкен мен Мағжан таптық күрес үстінде ұлт азаттығы жолында, шығармашылық өрістерде бір біріне үнемі қайшы келе бермегендігі, бірінің идеясын екіншісі сырттай болса да қолдап отырғандығы жайындағы ойлары қисынсыз емес.

«Бір күні Мағжан оқытушылар бөлмесіне кіріп келсе, Гүлсім бір столдың жанында жалғыз отыр екен. Кіріп келген Мағжанға селт етіп қарамайды да...» [33,109], – деген эпизодпен басталатын оқиғаның өрбуін автор көркем шығармаға тән канонмен қызықты етіп бере білген. Оқырманды қызықтырып, оқыту үшін көркем публицистикаға мұндай тәсілдер жат емес, құрғақ деректерге жан бітіріп, қайта шығарманың өңін кіргізіп тұрады. Бұдан ары қарай сабақталып өрілетін әңгіме Мағжан мен Гүлсім сұлу арасындағы шынайы махаббат сезімінің қалай дамығандығы жайында.

Тұрсынбек Кәкішұлының «Сайыс» эссесінің осындай ұлттық парадигмаға қатысты сипаттарын ұлы тұлғалар арасындағы өрбитіп тартыстар одан арман қоюландыра түседі де, танымдық тұрғыдан қажетті болып табылатын тұстарын ешқандай да жоққа шығара алмайды.

Халықтың мәдениеті, әдебиеті мен өнері ірілі-уақты деңгейіне қарамастан, қашанда жекелеген тұлғалар арқылы жасалатыны белгілі. Олардың шығармашылық және жекебастық өмірбаяндары реалистік деңгейде жазып шығу арқылы автор талантының белгісі, бір жағынан жалпы алып отырған тақырыптың, сонымен бірге сөз болып отырған кезеңнің шындығын көрсете алғандығында болса керек. Бұл бағытта жазылған көркем публицистика сонысымен де тарихи мәнге ие, әлеуметтік жағынан салмақты.

Осы кезең ішінде жеке тұлғалар жайында көркем көсемсөз үлігісіне жататын деректі дүниелерді өндірітіп жазған қаламгердің бірі – Еркінбай Әкімқұлов. Оның жоғарыда келтірілген Құрман ата туралы кітабынан басқа, Өзбекәлі Жәнібеков, Шәмші Қалдаяқов жайында жазған ғұмырбаяндық деректі еңбектері де жанрға қойылатын талаптар үдесінен көріне алуымен, ізденістен туған көркемдік қырларымен көңіл бөлуге әбден лайықты.

Бұл арада қазақтың көрнекті композиторы туралы жазылған «Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы» [34] атты роман-эссесін тоқталып өтудің өзіндік реті бар. Оған көңіл бөлуіміздің себебі бірнешеу.

Ең алдымен шығарма қазақтың әнсүйер қауымы әндерін ауыздарынан тастамайтын талантты композиторымыз жайында. Ол кісінің

жеке және шығармашылық өмірбаяны кімді де болса қызықтырып, **назар** аудартатыны сөзсіз.

Екіншіден, кітаптың сыртына «Еркінбай Әкімқұлов» деп жазылғанымен, мәтіндегі оқиғалар тек бірінші жақтан, яғни, бас кейіпкер Шәмшінің өз атынан баяндалады. Мұндай жағдайда қалыптасқан үрдіс бойынша роман-эссенің авторы, басқа ешкім емес, Шәмшінің өзі болуы тиісті еді. Бұл да шығармашылық өмірде жиі кездесе қоймайтын, авторлық құқық және сабақтас құқықтар тұрғысынан назар аударып, дұрыс шешуді қажет ететін құбылыс.

Үшіншіден, кітаптың жазылу стилі жинақы, автор сөйлем құраудың белгілі бір арнасына түсіп алады да, басынан аяғына дейін сондай үрдісте жазып шығады. Шығарманың жеңіл оқылуына және формалық жағынан табылған ізденіс беліглеріне қарап, оны ең алдымен балалар мен жастарға арнап жазылған дүние деуге де боларлықтай.

Жеке тақырыпшаларға бөлген кезде автордың қолданатыны – әдетте қалыптасып кеткен «Бөлім» немесе «Тарау» деген анықтамалар емес, «Желі» деген сөз. Мысалы, «Бірінші желі. Шалқыған Шәуілдір», «Соғыс деген не нәрсе?» деген формада әрі қарай жалғасып кете береді.

Роман-эсседе тек Шәмшінің шығармашылық белестері мен асу жолдары ғана әңгімеленіп қоймайды, жеке өмірінің де қыры мен сыры да ықшам баяндаулар арқылы жарыса дамып жатады. Бұл жағынан келгенде оқырманның көзіне анығырақ елестейтіні – дарынды композитордың адам ретіндегі болмысы, мінез-құлқының ұнасымды әрі кіділі тұстары.

Табиғи дарынын оқу-білім арқылы жетілдіріп, ұштай жүріп, қаншалықты алға ұмтылса да, өмірдегі бөгесіндері де, бастан кешкен қиындықтары да аз болмапты. Бұны бірінші жақтан әңгімелегендіктен де, Шәмші өзі жасырмай, рет-ретімен ашық баяндап отырады.

Өзінің сазгерлік дарыны сонау Қапланбек малдәрігерлік-зоотехникалық техникумінде оқып жүрген кездерінде анығырақ байқалған кейіпкер қатал әкесінің қарсылығына қарамастан, ары қарай қалайда музыкант-сазгер болып шығуды алдына айқын мақсат етіп қояды. Бұл жолда оқуға түсіп, тиісті мамандық алып шығуына қол ұшын бергендердің арасында қазақ мәдениетінде, өнерінде із қалдырған белгілі тұлғалар да бар.

Атап айтқанда, қазақтың атақты әншісі Жамал Омарова, ақындар Ізтай Мәмбетов, Қуандық Шаңғытбаев, Мұзафар Әлімбаев, қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков тәрізді

кісілердің жас дарынды бірден-ақ танып, оның шығармашылығы мен білім алуына қалай ықпал жасағаны роман-эсседе нақты мысалдар, қызықты эпизодтар арқылы көрініс тапқан. Жалпы жүрдек баяндаулар мен суреттеулер өзара алмаса келіп, кітаптың көркемдік бітімінің айқындала түсуіне тиесінше әсер еткен.

Адами қалпы ақ жарқын, жаны дүниесі таза болғанымен, бірбеткейлігі, кейде қырсығып қалатындығы, ішінара парықсыз кететін тұстары бас кейіпкердің адами болмысын әр қырынан ашып, шынайылыққа жақындата түседі. Кітаптың жанры роман-эссе болғандықтан да шығар, жеке штрихтар мен эпизодтардан кейін алдыңғы қатарда шығатыны – кейіпкердің ішкі бұлқыныстары, қуанышы мен уайымы, тебіреністі сәттері. Кейіпкердің өз эмоциясына ие бола алмай, «аһылап-уһілеп» кететін мұндай көңіл күйін автор ірікіп қалмай, боямасыз қалыпта ұсынуға тырысады.

Кітапты оқып отырсаң, Шәмшінің адам ретінде де, композитор ретінде де басынан кешетін қиыншылықтары аз болмапты. Ондай бөгелістерге соқтырған себептердің бірі – айналадағы адамдардың іштарлығы, қызғаншақтығы болса, екіншіден, кейіпкердің өзінің алды-артын ойлай бермейтін аңғалдығы, парықсыздығы. Содан барды да, лап етіп, бір ыңғайсыз жағдайларға ұрынып жатады. Қазақ ортада еркін өскен ұландарда кездесіп жататын типтік қалып, ұлттық менталитетімізге қайшы емес.

Шығармада бас кейіпкермен қатар әр тұстан қылаңытып, бой көрсетіп отыратын екінші пландағы қосымша персонаждар қатары да едәуір. Атап айтқанда, олар – Әбілахат Еспаев (көбінесе Ахат деп қысқартылып алынған), Еркеғали Рахмадиев, Еркінбай Әкімқұлов, Сабырхан Асанов, Мұхтар Шаханов және басқалары. Бұлардың барлығында дерлік қазақи менталитет пен мінез-құлық нышандары бар.

Осылайша қазақтың көрнекті композиторын бас кейіпкер етіп алған және өзі өмірде жоқ болса да, сол кісінің атынан бірінші жақтан баяндалған кітапта ептеген ақаулықтардың да бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Мысал үшін алатын болсақ, Шәмшінің жеке басына қатысты кейбір жағдайлардың тәптіштеліп, кеңірек баяндалып кетуі. Оның қыз-келіншектермен қарым-қатынасын суреттейтін беттерден жеке тұлғаның ішкі құпияларына қол сұғу нышандары да байқалады. Натурализмге ұрынбай, сыпайылап алып шығуға болатын кейбір жерлерде автор ойын жалаңаштай сөйлеп, кейіпкерлерін де сол дәрежеге түсіріп жібереді екен.

Бас кейіпкердің атынан сөйлеу белгілі бір жауапкершілікті қажет ететіндігі түсінікті. Өз аттарынан жазылған туындылардың өзін

жеке адамдардың түзеп, жөндеткізіп жататыны шығармашылық үдерістерден жақсы мәлім. Тіпті осы арада Әкім Таразидың Талғат Бигелдиновті кейіпкер етіп алған хикаятына қатысты бір оқиғаны алсақ та болады. Басылып кеткен хикаятты оқып шыққанан кейін, ол жайында кейіпкердің өзі шығармаға көңілі толмай, көптеген сыни пікірлер айтқаны да баспасөз беттерінен белгілі. Көркемдік жағын былай қойғанда, өмірбаяндық штрихтар мен эпизодтарда көптеген ауытқушылықтар орын алғанын Талғат Бигелдинов ашына жазған болатын.

Ал енді өмірден өткеніне жиырма жылдай болған адамның атынан кітап жазу тәжірибесі бұрынғы тарихта болды ма, жоқ па, ол жағын айта алмаймын. Бола қойған күннің өзінде бұл қолдауға лайықты оңды шығармашылық жұмыс деп тұжырымдау қиын. Өйткені мұндай шығармада оқырман біле бермейтін олқылықтар, ағаттықтар кездесуі ықтимал. Кейіпкер өзі жоқ болғаннан кейін, айтылып отырған жайлардың шын-өтірігін дәлелдеу де қиынға соғады. Кейбір күмәнді тұстарға келгенде әрі-сәрі күйде қалуыңыз да ғажап емес.

Аталған туындыда ондай жеке бастық мәселелерді былай қойғанда, айпарадай анық деректердің өздері дәл берілмей қалған жағдайлар кездесіп қалады екен. Мысалы: «Кереку, Қара ертіс...» (Павлодар жерінде?) [34, 284].

«Ертіс... сонау Сібірден басталып, қазақ даласын келіп құшады» [45, 285], – деген сөйлемдерді алайық.

«Сонау Сібірден» деген ұғымның өзі жаңсақ. Географиялық ұғым тұрғысынан алып қарағанда, Павлодар облысының солтүстік жағының өзі-ақ Сібірге жатады, сондықтан ол алыстықты білдіретін «Сонау» деген сілтеу есімдігінің мағынасымен жанаса қоймайды. Екіншіден, Ертіс өзені қазақ даласынан, оның ішіндегі Қытай мемлекетіндегі қазақ даласынан басталып, керісінше Сібірге құяды. «Қара Ертіс» деп Ертіс өзенінің Зайсан көліне құярға дейінгі бас жағын айтады, ал Зайсан көлінен өткеннен кейін «Қара» деген сөз алынып қалады.

Ш. Қалдаяқов қайтыс болар алдында (1992 жылы) тірілердің қатарында 1983 жылы қайтыс болып кеткен Нұтфолла Шәкеновтің есімін де атайды [34, 455]. 371-417-беттер О. Бодықов атынан жазылса, 424-430 беттерде Алдар көсе әңгімесі келтіріліпті.

Қаламының қайраткерлігі арқылы өзінің туған жұрты алдындағы парызын адал орындауға тырысып, қолдан келгенінше ұлт патриоттарының алдыңғы сапында көрінген көсемсөзшілеріміз қатары, жоғарыда атап өткеніміздей, едәуір. Олардың оқырман



жылы қабылдаған еңбектерінің барлығын тізіп шығамыз десек, ұзақ сонар тізімге тап болар едік. Дегенімен осы еңбекті жазу барысында қолға түскен тәуір деген кейбір үлгілерінің аттарын оқырман назарына ұсынып өтсек, қазақ көсемсөзінің кейінгі жылдардағы аттарынан хабардар болып қалар едік.

Атап айтқанда, Х. Әдібаевтың «Абай патшалығы», Қ. Исабайдың «Абайштрассе», Ж. Ысмағұловтың «Ғабит Мүсірепов туралы тоғыз толғам», Ғ. Қабышұлының «Арыңның сөзін айта біл», «Адамның кейбір кездері», С. Ақатайдың «Біз, қазақ, ежелден...», Ә. Кекілбайдың «Тіл және тәуелсіздік», О. Жолдыбайдың «Замана келбеті», Н. Қапалбекұлының «Сарыбай би», С. Әбдікәрімовтің «Мазасыз түн», Қ. Аманжолдың «Біржан бұрмалары», Е. Нұрзаханның «Ұлт пен рух» сияқты көркем публицистикалық жинақтары осы қатардан табылуға лайықты көңіл бөлерлік еңбектер деп ұялмай айтуға болады.

Журналистика саласындағы жанрлардың табиғатын саралау, олардың ара жігін анықтау – бүгінгі таңдағы күн тәртібіндегі мәселелердің бірі. Қазақ көсемсөзінің табиғаты, жанрлық сипаты жеткілікті түрде зерттеліп бола қойған жоқ. Көсемсөзді былай қойып, жалпы журналистиканың өзі де бұл жағынан байыптап қарастыруды қажет етеді десек, артық айтқандық емес.

Осы саланың білгір маманы Н. Омашев журналистика теориясының капиталистік жағдайдағы өзіндік ерекшеліктеріне де назар сала келіп, былай дейді: «Ал, капитализмнің жалпы дағдарысы кезінде буржуазиялық ғылым журналистикасының теориялық проблемаларын зерттеуден бас тартып, оның жеке-кей жайлары мен практикалық жақтарын тереңдеп зерттеуде болды» [25, 22]. Соған қарағанда, шетелде көсемсөздің теориялық мәселелері жөніндегі әңгіме күн тәртібінде ерекше өткір тұрған жоқ, оларда аталған жанрдың практикалық қырларына мән беру басым екен.

Мемлекеттік құрылым мен экономикалық, рухани ұстанымдар өзгеріп, қоғамдық өмірде жаңа леп, жаңаша сипаттар пайда бола бастаған өтпелі кезеңде көркем публицистиканың алдыңғы қатарға суырылып шығуы да заңды. Тоталитарлық жүйенің үстемдігі аясында ғана жазылып келген бұл жанрдың еліміз тәуелсіздік алысымен, кемерінен асқан дариядай тасып, өзіне жаңа арналар қарастыра бастауы жанрдың мейілінше өркендеп, дамуына жол ашты. Осынау алмағайып заманда қаншама туындылар өмірге келіп, жанр патриоттарының қаламдарының қарқыны еселей түсті. Оның

көрінісін осы кезеңдегі көптеген жазушылар мен журналистердің қалам іздерінен аңғаруға болады.

Тәуелсіздік жылдары қазақтың көркем публицистикасы жаңаша арнаға түсіп, демократиялық сипатқа ие болды, тек ие болып қана қоймай, сол демократияның мүмкіндіктерін оңды пайдалана да білді. Бұл жанр жылдар өткен сайын қай жағынан болсын жаңғырып, толысып, ширатыла түсіп келе жатқандығына және жалпыадамзаттық әрі ұлттық парадигмалардың кең өріс аша бастауына жоғарыдағы талдаулар нәтижесі дәлел.

Ақпараттар ағынындағы көркемдік белгілері басым болып келетін сөз өнерінің саласы – көсемсөз. Жазудың қандай нұсқасы болсын, ең алдымен мәтіннен тұрады десек, сол мәтінді құрастыра білудің өзіндік ерекшелігі бар екендігін ескермесе болмайды. Басқа жағын айтпағанда, сол мәтіннің өз бойында жалпыадамзаттық парадигмаларға тән болып келетін сипаттар аз емес. Сөзтанудың көрнекті шебері М. Бахтинның айтуынша, «Мәтін өзіңді жеткізудің, көрсетудің бір түрі, өзіңді ойлай білетін субстанция ретінде табудың жолы».

Біздің көсемсөзі мәтініне немқұрайлы қарай алмайтындығымыз да сосындай мінәйім себептерден. Қазақ көркем публицистиканың бір парасы белгілі тұлғалардың қайраткерлік, азаматтық және шығармашылық қырларын ашылуға арналады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары төл тарихымызда есімдері аталып жүрсе де, жеткілікті еленбей келе жатқан я болмаса тиесінше ауызға алынбай жүрген жекелеген тұлғаларымыздың кім екендігін танып-білу жылдары болды. 1991 жылдан бері қарайғы жарық көрген көркем публицистикалық шығармаларымыздың едәуір бөлігінің халық жадында сақталып қалған перзенттерді танытуға бағытталуы, сол арқылы ұлттық парадигма аясын кеңейтуге ұмтылыс жасауы кездейсоқ құбылыс емес.

Тұлғаларды айқынырақ таныту дегеніміз – төл тарихымыздың қатпарларына бұрынғыдан да гөрі тереңірек үңілу, ғылым мен таным талаптары тұрғысынан әлі де көмескі болып келе жатқан маңызды жағдаяттарды айқынырақ бажайлау деген сөз. Бұның өзі тарихтың ақтандақ беттеріне шырай жүгіртіп, уақыт кеңістігін оқырман алдына жақындата түсетіні анық. Көсемсөзші Жұмабек Кенжалинның «Ер Жәуке мінбегенмен алтын таққа» [35] деп аталатын тарихи эссесі, міне, осындай деңгейде көріне алатын, көркемдігімен қатар тарихи сипаты айқын аңғарылатын дүниелердің қатарынан.

Шығарманың негізгі тарихи фабуласы Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне Төлек Жәуке батырдың қандай үлес қосқандығы төңірегінде өрбиді. Шынын айту керек, бұл есім бүгінгі таңдағы қазақ зиялыларын былай қойғанда, маман тарихшылар үшін де таңсық болуы әбден ықтимал. Шығармада қазақтың ұлт азаттығы жолында басын бәйгеге тіккен боздақтардың қатарынан табылатын осынау батыр тұлғаның ерлік істері, азаттық жайындағы азаматтық көзқарастары, патриоттық сезім күйі мен туған халқының алдындағы перзенттік парызын түсінуі жолындағы әрекеттері әр түрлі ракрустан алып баяндалған.

Шығарма, автордың өзі атап айтқандай, эссе сипатында жазылғанымен, оқиғаларға сүйеніш болатын көркемдік аргументтердің басым бөлігі – нақты деректер мен фактілер. Олардың ішінде құжат түрінде сақталып қалғандары мен көз көрген жандардан ауызекі әңгіме түрінде жеткен мағлұматтар қатары да баршылық.

Эсседе қысқаша баяндалған оқиғалар – Кенесарының Патшалық Ресейдің басқыншылығына қарсы ұйымдастырған көтерілісінің жекелеген баталдық суреттері, күш-қуаты жетіспегендіктен, соғыс барысында шегінуге мәжбүр болған сәттері, Қазақстанның оңтүстік өлкелеріне қарай жылыстап келіп, ақыр аяғында Жетісу жеріне табан тіреуі.

Ханның өмірінің соңғы кезеңі болып табылатын қырғыздармен соғысуына нақтырақ тоқталып өткен автордың шайқастың трагедиялық жағын ашып көрсету жағына көңіл бөлуі басымырақ. Міне, осынау соқталы оқиғалардың ішінде оқырман есінде екшелін қалатын эпизодтардың бірі – Кенесары ханның алдыңғы шепке шығарар мықты батырларының бірі болған Жәуке батырдың ерлік іс-әрекеттері. Рас, автор батырдың образын ашу үшін нақты эпизодтарға көп тоқтала қоймайды, жазу барысында оның қолайлы көргені – персонаж бейнесін ашатын ірікті детальдарды авторлық тұрғыдан әңгімелеу арқылы ашып көрсету.

Авторлық баяндаулардың ортақ сипаты мынандай болып келеді: «Тумысынан жаужүрек, үнемі ауыздығымен ат суарған Жәуке батырдың ерлігі 1844 жылғы шілде айында Ахмет Жантөриннің отрядымен болған соғыста анық байқалады. Шайқаста қарсы келгеннің оңын оңға, солын солға түсірген Жәукенің ерен қимылы қолбасшы Кенесарының оған деген сенімін арттырады. Ақберен ұлдардың ерлігі қашаннан еліне аңыз болып тараған. Ал аңыз түбі – ақиқат» [35, 15].

Сонымен бірге халық аузында сақталған жыр жолдары мен естеліктер бөлек материал ретінде ұсынылса да, эссенің мазмұнын одан әрман байыта түскен деуге болады. Қазақ көсем сөзінің ұлттық парадигмасын ашатын атрибуттардың бірі – осы ауызекі әңгімелердің деректік қырлары. Бұның өзі басқа ұлттардың тарихи мәліметтерді жеткізе білу тәсілдерінен бөлектеу болып көрініп тұрады. Қазақ баласы негізінде өмірде болған оқиғаны ауызша әңгімелеп жеткізу барысында ішінара құбылтып, әсірелеп, түрлендіріп отыруға бейім. Ауыз әдебиетіне тән осы шығармашылық үрдіс тарихи деректерді жеткізу үстінде де өзіне тән заңдылықтары сақталатынын ескеру керек.

Соның бір үрдісі Ж. Кенжалиннің «Ер Жәуке мінбегенмен алтын таққа» тарихи эссесінен де байқалады. Автор былай дейді:

«Кезекті бір жорық алдында Наурызбай мен Жәуке жігіттерден оңашаланып шығып, кейбір мәселелерді талқылау үшін ат шалдыртады. Аз-кемнен соң жалғыз аяқ жолмен іркес-тіркес Қамысты көлге беттейді. Бір заматта жол бастап келе жатқан Жәуке қамыс арасынан өздеріне қарай бағышталған мылтық аузын көзі шалып қалады. Осы сәт Жәуке: «Бізді атуын атарсың-ау, ал артыңдағыны қайтерсің» деп жауына ескерту айтады да, іле әлгі қаскөй артына мойнын бұра берген сәтте оған найзасын бір-ақ сілтейді. Осы оқиғаны Наурызбай келіп Кене ханға айтқан екен дейді. «Адам ажалдан құтылмайды, бейнеттен құтылады» дейтін еді бұрынғылар. Мен бүгін ажалдан да, бейнеттен де құтылдым. Құтқарушым Жәуке болды деп болған оқиғаны ағасына баяндап беріпті» [35, 34].

Айтылу формасы мен мазмұнына қарап, осы үзінді қазақтың ауызша әңгімесінің нағыз үлгісі, осының өзінен ақ ұлттық парадигманың келісті тұстары шаң береді деп дәйектеуге әбден болады.

Дегенімен, осынау тарихи эсседе ұлт-азаттық көтерілісінің бел ортасында жүрген ер Жәукенің бастапқы қалпындағы бейнесі толық ашылған деп тұжырымдауға келмес. Кейіпкерін жайында құлшына әңгімелеп, оның ерлік істеріне автордың тамсанып отыруы жанр заңдылығына ешқандайда қайшы емес, бірақ ол үшін жоғарыдағыдай шындыққа негізделген деректерді көбірек келтіру қажеттігі туындайды.

Тарихи эссенің мазмұнына қарап, ұрпақтарының есінде сақталып қалған Ер Жәуке деген кім және оның аңыз болуға ғана емес, ұлықтауға да лайықты ерлік істері, ұйымдастырушылық қабілеті қандай деген сауалдарға жауап табылады. Автор ғылыми

деректерді көркем көсемсөз жанрының стилімен ұшғастырып отырғандықтан да, аталаған туындының болмыс-бітімі бүгінгі таңдағы публицистикамыздың ажарын да көрсете алады деп пайымдаймыз.

... Қазақтың көркем көсемсөзіне кейіпкер болған көрнекті тұлғалардың бірі – кеше ғана ортамыздан кеткен Халық Қаһарманы, Кеңестер Одағының батыры, тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов. Бұл кісі туралы әр кезеңде, әр жылдары түрлі мақала, очерктердің жазылып келгені өз алдына, 2013 жылы «ОтАсу» [36] деп аталатын роман-диалогия да жарық көрді. «Роман» деп аталғанымен, бұл көркем шығарма емес, деректі роман-диалогия. Оның авторы Болат Жүнісбеков шығарманы «От» және «Су» деп аталатын екі бөлімге бөліп, әрқайсысын жеке кітап ретінде ұсыныпты.

Кітаптың бас жағында алғысөз орнына «Сағадат ағамен сыр-сұқбат» деген жеке тарау тағы берілген. Қазақ ұлтының көркем ойлау жүйесіне лайықты ұлттық парадигма нышандары туындының осындай құрылымдық сипатынан-ақ айқын көрінеді. Айтылған атаулардың әрқайсысында мәтіннің мазмұнына сай орайластырылып берілген ұтымды астар бар. Халқымыздың ишаралап, мегзеп сөйлеуге мән беретінін ескерсек, көсемсөзшінің пайдаланып отырған бұндай тәсілі сол ұлттық ойлау шеңберіне толық сәйкес келеді деп айта аламыз.

Жеке басындағы қазақи менталитеттің белгісі жайлы Сағадат Нұрмағамбетов өз өмірбаянына қатысты «Лицом к огню» [37] деп аталатын кітабында бажайлап жазады. Ата-анадан жетім қалған Сағадат жеті жасында өзі туып-өскен селодағы мектептің табалдырығын аттайды. Орыс тілінен жөнді хабары жоқ бала бірінші класқа келген күннен бастап орыс тілі пәнін өз деңгейінде дұрыс игеріп, оқу барысында қиындықтарға тап болыпты. Ол қиындықтарды тек Сағадатқа ғана тән деп айтуға болмас, көп қазаққа да ортақ қиындық екендігі сезіледі.

«Не знаю почему, но я никак не могу уяснить роль предлогов: на, у, и под. Ольга Дмитриевна возьмет карандаш, положит его на стол и спросит: «Сағадат, где лежит карандаш?» Я отвечаю: «На столе». «Хорошо». Она возьмет карандаш, держит возле стола, спрашивает: «А теперь где он?» И тут, хоть убей, я не мог сказать то, что требовалось. Упрямо молчал.» [37,8].

Орыс тілінің осындай ерекшеліктерін қазақ ортасында өскен адамның бірден аңғарып кете алмайтындығы күнделікті өмір

тәжірибесінен байқалып жататын, тіпті жиі кездесетін типтік құбылыс.

Сөйтіп алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған кезде ана тілінен басқа тіл білмейтін бала Сағадат орыс тілін, оның грамматикасы мен әдебиетін ұстазының ден қойып ыждаһатпен оқытуының арқасында әрең үйреніпті. Кейін уақыт өте келе, бұл тілді жете меңгеріп алғаны сонша, ол кісі тіпті «Лицом к огню» деген орысша кітап жазған ғой.

Болат Жүнісбековтің «ОтАсу» аталған еңбегінің мазмұны автордың өзі жазған өмірбаяндық туындысына көп сүйенбейді, жекелеген соғыс эпизодтары болмаса, бүкіл оқиғалар қайталап мазмұндап беруді алдына мақсат етіп қоймаған да. Бір өмірбаянға басқа қырынан келуге тырысуын автор ізденісінің өзіндік белгісі деп қабылдауға лайық. Көп жерінде алдыңғы планға ұстап отыратыны кейіпкерінің жан дүниесінің динамикасы, сезім күйі, қуанышы мен ойға берілген сәттері. Кітаптың өн бойында лирикалық шегіністер де аз емес.

Сондықтан да автор өзінің кейіпкері өміріндегі образ ашуға қызмет ететін қызғылықты эпизодтарды, шағын оқиғаларды әңгімелеу барысында өзінің эмоциялық резервіне ерік беріп, популизмге жақын пәлсапалық ойларды төгіп-төгіп тастауды ұмытпайды. Көркем көсемсөз бойындағы бұндай құбылысты қазақтың сөз өнерінде жиі көрініс тауып жататын ұлттық руханиятымыздың меншікті артибуттарының бірі дей аламыз. Қазақ өзі «Қызыл сөз» деп атаған мұндай үрдіс шынында да көсемсөзшілердің қаламына жақын...

Мысал үшін алғанда аталған кітаптағы ондай сөздердің бір парасы мынандай болып келеді:

«Тегінде залалдың түрі көп. Бірақ, қасқана жасалатыны аз. Ол тек сырқат адамның ғана сыбағасы. Оларға сөз шығындау артық! Ал сол залал дегеннің өзі пенденің маңдайына жазылған тауқымет болса ше? Оны иығыңмен көтересің, жүрегіңе де сиғызуға болатын шығар...

Қиын.

Көлеңкең түспей тұрмайды. Тіпті жаяу жүргіншінің жолы екі адамға тарлық етіп, еті тірі пысықтың етегінен жел еседі, ал екіншісі шаң қабады. Бірақ бәсекеге білек сыбана қоятындар аз. Ол жарыстан жырылуың да екіталай. Әрине, әркімнің шабысы бар. Озайын демейді, алдымен қалмаудың қамын жасайды.

Көбінеки солай.

Ендеше бәйгенің мәреден опыр-топыр шыққанымен, межеге үздік-создық жетуі де тағдырдың жазуы» [36, 99].

Бұл арада кейіпкердің қызмет жағдайымен байланыстыра отырып, өзінше жасаған пайымдауларды автордың жеке шығармашылық әлеуетінің арқасында ғана табылған сонылық деп айтуға болмас. Кейінгі тұжырымдар мен келтірілген үзінді – автордың көсемсөздегі эмоциялық реңкті бірінші қатарға шығаруға тырысқандығының көрінісі. Ақынжанды қазақ халқының ішкі әлемін жекелеген көрнекті тұлғалар арқылы көрсетуді дiттеуi ұлттық парадигмаға мән беруiнiң айқын мысалы дей аламыз.

Бірақ бұл арада ескере кететін бір түйткіл бар. Қандай туынды да болсын, автордың жеке қабылдауынан туған сезім күйінің, жалаң эмоцияның қажетті деректер мен мәліметтерге жуытпай, қақпақылдап көлденеңдетіп алып кететіндігі. Бұны шығарманың бойындағы үйренуге тұратын жақсы нышан дей алмасақ керек. Демек ұлттық парадигмаларды жөнді-жөнсіз келтіре беру көсемсөз туындысын жасау жолындағы ұтымды құрал деп айтуға болмайды.

Ұзақ ғұмыр жасаған кейіпкерінің өмірін автор екі кезеңге бөліп қарастырады. Оның біріншісі – Сағадат Қожахметұлы өмірінің балалық шағынан бастап Ұлы Отан соғысы аяқталғанға дейінгі жастық жылдары. Ал екіншісі – егде тартып, саналы өмірін арнаған әскери қызмет кезеңі. Адам өмірін от пен суға балай отырып, бұлайша бөлу басқа қазіргі кезеңдегі қазақ көсемсөзшілердің жазбаларында кездесе қоймайды. Роман-диалогияда кейіпкер өміріне қатысты қамтылатын деректер біршама іріктелінген, автор қолынан келгенінше өзі тартымды деп тапқан мәліметтерін беруге тырысқан. Сонымен бірге жоғарыда айтқанымыздай, туындының біраз бөлігі екпінді эмоциялық лептің еншісіне түсіп кеткен.

Бірақ соның өзінде оны қазақтың ұлттық ділінен, парадигмалық өлшемдерінен алыс деп айта алмасақ керек. Бұл арада кітаптың бүкіл мазмұнын таратып айтып жату шарт емес, тақырыпқа қатысты жекелеген ойларды ғана сездіріп кетумен шектелгеніміз абзал.

Тәуелсіздіктен кейінгі кезең ішіндегі белгілі тұлғалардың бейнелері көркем публицистиканың очерк, суреттеме сияқты шағын жанрлар арқылы да жасалды. Бұндай үлгілердің қарамы тіптен мол, олардың барлығын тізбелеп жатудың өзі бірнеше бетті алар еді. Сондықтан қысқа жанрдың нысанына айналғандардың баршасын талдау мүмкін болмағандықтан, әдеттегідей бір-екеуінің ғана нобайын көз алдымызға елестетіп өткеніміз қисынды.

Бүгінгі таңда қазақ көсемсөзінде бойларында ұлттық белгілері айқын қазақи кейіпкерлерді сомдау мәселесі де – оқырманның

мегіл туғызған рухани сұранысын қажет ететін шығармашылық проблема. Көптеген авторлар бұндай ұстанымға мән беруге бейіл көрсете бермейді, соның салдарынан ұлтымыздың бағалы қасиеттерін аңғартатын көсемсөз үлгілері жас дың рухани әлемін байытуға септігі тиетінін ұмытып кетеміз. Адам тағдырлары жөнінде жазылған очерк, естелік, эсселерден мұндай сипаттарды кейде таба алмай жататынымыз рас. Ұлттық менталитетіміз айқынырақ көрінген бір-екі шығарманы талдауға ниет етіп отырғанымыз да сондықтан.

Қазақ көркем көсемсөзінің хас шебері болған Оралхан Бөкейдің өзі бейнесі де осы публицистикалық үлгілерде жасалды. Қаламгер **тұлғасының айқынырақ сомдалған тұстары – әсіресе оның туғанына 60, 70 жыл толуы қарсаңында шыққан естеліктер беттерінде.** Соның бірі – осы қаламгердің азаматтық бейнесін ашуға құрылған Еркін Қыдырдың «Жүзінде мұң жататын» (38) атты очеркі. Бұнда кейіпкердің үш кезеңіндегі үш түрлі эпизод алынады да, кейіпкер бейнесі бір біріне сабақтас қарастырылады. Шағын болса да, шығармадан Оралхан образы оқырманның жадысында қалатын деңгейде жеке штрихтармен суреттелген.

Автор өзі студент болып жүрген жылдары шығармашылығы талданып жатқан кейіпкерін алғаш рет көрген екен. Сол шағын кездесудің өзі оған жекелеген детальдарымен есте қалып, осы шығармасын қағаз бетіне түсіріп тастағанға дейін көңілінде сақталып жүріпті. «Ерсілеу көрінгені – дейді автор, – мүйізі қарағайдай қаламгерлер айтатын ештеңе таппады ма, қасақана солай істеді ме, әйтеуір Ор-ағаңа сөйлемдерің тым ұзақ, шұбалаңқы, бояуың тым қанық, осыны алдағы кезде ескерсең деген сияқты «жолдастық» сын айтты» [38, 372].

Бұл арада аға әріптестерінің жазушы Оралханға деген көзқарасы, көркемдік туралы түсінігі айқын көрінеді. Ирониямен қолданып отырғанын сездіретін «жолдастық» деген сөзді тырнақшаға алыпты. Оралханның осындай орынсыз сынға әзіл-шыны аралас жауап беруі де көңілге қонымды. Ұлттық парадигма сипаттарын журналист дәл келтіре отырып, өзінің бұл мәселеге деген жеке көзқарасын да сыпайылап жеткізе біліпті.

Екінші жолы автор өз кейіпкерін Пушкин атындағы кітапханада оқырманмен өткізген кездесу барысында жолыққан екен. Қазақ жазушысының бейнесін көгілдір экраннан көрсетпек болған теле-операторлар қарбалас қимыл үстінде. Олар Орекеңді ай-шайға қаратпай, қайта-қайта әурелеп, әбден зықысын шығарыпты. Сондай



сәттерде кейіпкерінің өзін қалай ұстағанын очерк авторы детальдар арқылы қызықты етіп әңгімелейді.

Ал Оралхан Бөкейдің қайтыс болғанын бірінші анықтаған да осы очерктің авторы болып шықты.

Жалпы адамдық және ұлттық парадигмаларды айқындай алатын факторларды негіз етіп, қызықты да көркем жазылған көркем көсемсөз үлгілерінің қатары бүгінгі таңда көсемсөз қорын толықтыра түсуде. Соның бір мысалы – Ауыт Мұқибектің «Ұлт TIMES» газетінде жарияланған «Есенғалидың елу қойы» (39) атты эссесінің мазмұны. Мұнда автор осынау шағын шығармасында қатарынан бірнеше мәселені жарыстыра қатар қозғаған. Тақырыптың астында «Қазақстан-2050» Стратегиясына орай» деп аталатын тақырыпшасы да бар.

Біріншіден, назар аудартатыны – Есенғали Раушанов секілді қазақтың көрнекті ақынының адами болмысын, мінез-құлығын әспеттейтін сюжеттің ұтқырлығы. «Бір қызығы, Есенғали Әбжаппарұлы бір орында байыздап көп отырмайтын, әрі-бері жүрісі көп, қимылы тез, үнемі көтеріңкі көңіл күйде жүретін жан» [39] деген суреттеуде қазақи болмысты кейіпкердің мінез қыры тәп-тәуір ашылып қалады.

Негізгі проблемалар да кейіпкердің осындай ерекше болмысынан, басты сюжеттің арқауынан салаланып шығып отырады. Екіншіден, бұл туындыда тәуелсіз қазақ елінің елеулі өзекті мәселесінің бірі – оралмандар тақырыбы қозғалған. Үшіншіден, қарапайым халықтың әл-ауқаты, тұрмыстық жағдайы туралы көңіл аударуға тұрарлық штрихтар кезігеді. Төртіншіден, осының бәрі айналып келіп, Елбасының халыққа арналған Жолдауында қабылданған «Қазақстан-2050» Стратегиясының мәні мен мақсаты қоса ашылып, сол бағыт айқындалғаннан кейін аталаған эссе саяси астарға ие болады.

Осының бәрі ықшам штрих, айқын тілмен, ептеп юморға негізделе отырып жазылған. Осы ғылыми зерттеу Жобасының тақырыбына қарай бейімдеген жағдайда, аталған эссе жалпы адамдық және ұлттық парадигманың да жекелеген қырларын ашып көрсететін ұтымды детальдардан да құралақан емес. Осы ойдың растығына көз жеткізу үшін эссенің мазмұнына аздап тоқтала өтуге тура келмек.

Бір жолы Есенғали ақын Қытайдан көшіп келген Серік деген жігітпен танысады. Сөйтсе, шиеттей балалары бар бұл оралман қандасымыздың күнкөріс жағдайы ауырлау екен. Соған жаны ашыған Есенғали Әбжаппарұлы жаңағы Серік бауырына елу бас

қазақы қой алып беріп, ешқандай өсімінсіз үш жылдан кейін қайтарсаң болды деп келіседі. «Мал баққанға бітеді» дегендей, алдындағы шағын отарға жауапкершілікпен қарап, жанын сала баққаннан кейін, үш жылда қарызға берілген қойдың саны артады.

Енді жаңағы оралман жігіт ақын ағасының елу қойының үстіне тағы да төл қосып, артығымен қайтарған екен. Бұл малды да Есекең өз алмай, енді Серіктің басқа таныс оралмандарына қалдырып кетеді. Сөйтіп елу қой кейінгі өсімдерімен бірге шаруаның көзін таба білетін іскер жігіттердің арқасында банктегі ақша секілді әлі күнге айналымда жүрген көрінеді.

Осы жағдайды көсемсөз авторы әрі сүйсіне әрі жеңіл әзілмен қызықты етіп суреттей білген. Мұндағы ұлттық парадигма көрінісін айқындай түсетін штрих – әлгі елу қойдың төңірегінен шығатын малға қатысты көзқарастар легі. Автор сөйтіп қазақтың кейбір азаматтарының жаһандану үрдісі қарқын ала бастаған жиырма бірінші ғасырда да ұлттық менталитетін жоғалтпай отырғанын осындай қызықты динамикалық үдеріс үстінде суреттеп жеткізе алған.

Бүгінгі таңда қазақ көсемсөзінде ұлттық белгілері айқын қазақи кейіпкерлерді кейіпкер ретін тауып алып, оларды өз дәрежесінде сомдап шығу да – өзіндік шығармашылық проблема. Көптеген авторлар бұндай ұстанымға мән беруге бейіл көрсете бермейді, соның салдарынан ұлтымыздың бағалы қасиеттерін білдіретін көсемсөз үлгілері асып-төгіліп жатыр деп айта алмаймыз.

Адам тағдырлары жөнінде жазылған очерк, естелік, эсселердің барлығынан мұндай сипаттарды таба алмай жататынымыз рас. Талдау барысында ұлттық менталитетіміз айқынырақ көрінген шығармаларды іздеумен болатынымыз да сондықтан. Ал көңілден шыққан ондай шығармалар жас оқырмандар үшін рухани табыс деңгейінде көріне алатынына күмән келтірмейміз.

Көркем публицистиканың өзекті де өнімді тақырыптарының бірі – авторлардың тікелей өз өмірбаяндарына қатысты болып келетін оқиғалар мен эпизодтар. Мұндай жағдайда шығарманың естелік жанрына жақын белгілері болуы да әбден ықтимал құбылыс. Сөз иесі естелік айту барысында әңгіме болып отырған кезеңнің шындығын өз түсінігіне сай деңгейде кейінгі оқырмандарына жеткізеді, тарихи сипаттарына, тәлімдік қырларына қатысты сюжеттерді ортаға салады.

Көсемсөз жанрында жазылған туындылардың ішінде салиқалы, сарабдал ойларымен мазмұндық өресі, тәлімдік жақтары қоюланып, салмақтана түсетін дүниелер баршылық. Филология ғылымдарының

докторы Рахымжан Тұрысбеков Сәбит Мұқанұлының публицист ретіндегі талантының сырына көз жүгірте келіп: «Аталған мақалалар құндылығы сонымен бірге халық өмірінің тарихи шындығын нақтылы көрсетумен, тұрмыс деректеріне негізделген реалистігімен тартымды» [40] деген болатын.

Яғни, ғалымның тұжырымдауынша, көркем публицистика үшін ең керекті көремдік факторлар – халық өмірінің тарих шындығы мен дұрыс деректері. Осы талап тұрғысынан алып қарағанда, нақты осындай қажетті ахуал тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ көсемсөзінің даму үрдісінен де байқалады деп бек сеніммен айтуға болады. Ұлттық менталитетіміздің айқынырақ көрінетін жері де – осы тұрмыстық реализм суреттері көрінген жағдайларда.

Осындай мақсаткерлік ұстанымы айқын аңғарылатын шығармалардың бірі – Шаймардан Қалиакпаровтың «Ауылым әрқашан есімде» [41] деп аталатын естеліктер жинағы. Оқиғалары жалғаса дамып жататын эсселер мен естеліктердің көптеген кейіпкерлері де ортақ болып келеді. Бірақ қай-қайсысында да алдымен көзге түсетіні – қазақ адамының бойынан айқынырақ аңғарылатын ортақ адамгершілік сипаттар, тұрмыстық өзгешеліктерден туындайтын ұлттық ұстанымдар.

Автордың ұлттық таным-түсініктерді ең алдымен диалог арқылы жеткізуге баса мән беруі – көркемдік тәсілдерді меңгеру жолындағы ізденісінің бір көрінісі. Кейіпкерлердің сөз саптаулары қазақи менталитеттің сипатын білдіріп тұрады. Автордың көркемдік таным позициясын айқындай түсу үшін алдымен төмендегідей эпизодтарға назар салған ұтымдырақ болар еді.

Бір үйдегі ата-ана ер жетіп қалған ұлдарының отау тігіп, үй болулары жайында әңгіме қозғап отыр. Әр шаңырақта кездесіп жататын тұрмыстың осынау типтік мәселесін автор кейіпкерлерінің аузымен былайша өрбітеді:

«– Оқымады. Өзіндей бір қыз тұрған шығар. Көрші ауылдардан біреуі табылар, – деді отағасы.

– Оқымаса, өзінен көрсін. Әне, Сәния оқимын деді, институтта оқып жүр. Ұлға оқудың керегі жоқ... Қызға ғой керегі. Жат біреудің үйіне барады. Күйеуі қандай болып кездеседі... әйтеуір жоғары білімі болса, ешкімге кіріптар болмай, өз тамағын өзі тауып жейтін болады, – деді бәйбішесі.

– Бәйбіше, оқымаған кісі өзі сияқты оқымағанды алады. Оралханның жоғары білімі болса, ол да өзіндей білімі бар қазақтың бір қызына жармасар еді. Құдай осылай жазды – оқымады. Өзіндей біреуді әкелсе, шаш баулары келісіп тұрып кетсе, балалары көп бо-

лып, ұрпағымызды жалғастырса болды, – деп түйді Алпысбай» [41, 249].

Осында келтірілген сөз саптаулардан әңгімелесуші ерлі-зайыпты ересек кісілердің қазақи ой дүниелері, адамгершілік қалыбы танылады. Мәлкілдеп қартайып тұрмаған жандар екендігіне қарамастан, бұл екеуі – көпті көрсе де, жан дүниелері биязы әрі ұя бұзбайтын жуас жандар. Сонымен бірге ұлдарының қандай адамға үйлене алатындығын да өмір қисынынан алып жобалап отыр. Бұл кісілер үшін – «Көтере алмайтын шоқпарды белге қыстырудың» қажеті шамалы. Автор тікелей мінездеуге бармастан, диалогтардағы сөз алмасулар арқылы кейіпкерлердің ой дүниелерінің замана ағымына әлі ілесе алмай жатқанын да көрсете кетеді.

Автордың көркем шығармадағыдай көркемдегіш құралдарды орынды пайдалана білу арқылы деректі әңгіменің өзіне жан бітіріп, құбылта бейнелеуге ұмтылып отыратыны да назар аудартады. Қажетті эпитеттер мен метафораларды үнемдеп орынды пайдаланудың нәтижесінде асып-төгіліп жатқан артық бояуды да байқамайсыз. Ұлттық парадигманы құрайтын элементтер осылайша авторлық позицияның тұтастығын да айқындайды.

Шаймардан Қалиақпаров – отставкадағы полковник, еңбекке жарамды жылдарының барлығын тек қана әскери қызметке арнаған кадрлық офицер. Оның естеліктерінің едәуір бөлігін сол әскери өмір жылдарының қамтып жату себебі содан. Оны шығармашылық заңдылық ретінде қабылдау керек. Оның аталған кітабын оқып отырып, естеліктерді қалай жазуға болатыны жөнінде белгілі бір ұғым қалыптасатыны сөзсіз. Ал осы арада бір назар аударар кетені жағдай – әскери өмірді суреттегенде қазақтың ұлттық бетпішіні, мінез қырлары айқын көріне қоймайды. Ол қатаң тіртіпке бағынған әскери тіршіліктің ұлттық менталиттен гөрі, жалпы қатаң тәртіпті ұстанатындығында болса керек.

Ш. Қалиақпаровтың естеліктерінде кездесетін кейіпкерлер қатарының әлеуметтік болмысы сан алуан. Бірақ өзінің әскери адам екендігіне қарамастан, автор өзі жүрген ортадан гөрі көбінесе қырдағы қарапайым ауыл адамдарының жан дүниесін ашып көрсетуге бейілді.

Олардың ішінде тек әскери қызметкерлер ғана емес, ауылдың дария кеуде қарттары, ақ жаулықты әжелері, жұмысшы азаматтар, зиялы қауым өкілдері, болашаққа үміттен көз тігетін жас жігіттер мен қыздар, дүниеден баз кешіп, өздерін өздері қоғамнан оқшаулап алған саяқ жандар да бар.

Автордың өз өмір жолында көптеген қызық тағдыр иелерімен ұшырасқаны және олардың тағдырларына немқұрайлы қарамай, естеліктерінің кейіпкерлеріне айналдыруға тырысқаны байқалады. Уақыттың бел-белестерінен көрініп жататын қарапайым жандардың басынан кешкен оқиғалары жалпы қазақ тарихының бір бөлігі болып табылатындығы сөзсіз. Жаңағыдай жақсы қырларымен көрінген эссе, очерктердің кей тұстарының тілі мүкістеу, автордың әдеби тіл нормасын толық игре алмай жатқанын айта кету керек.

Бауыржан Омарұлының «Қаратерең вальсіне» [42] енген дүниелер де – туған ел, туған ауыл туралы көсемсөздік шығармалар.

Қаратерең – Арал теңізі жағалауына таяу орналасқан қазақы ауыл, автордың өмірге келген құтты қонысы. Көзін тырнап ашқалы көрген өңірі осы болғандықтан да, автор өзінің туған ауылының қадір-қасиетін оның адамдары арқылы жеткізуді мұрат тұтады. Әрине, шығарманың көркемдік өзегін құрайтын атрибуттар – балалық шақ, шаңы шыққан ауыл көшелері, кластас достардың келбеттері, жас жеткіншектің таусылып болмас ұшқыр қиялдары, алдыңғы буын ағалардың тәлім-тәрбиесі мен кейінгі жас толқынның үмітке толы бет алысы, ауыл мақтанышына айналған осы өңірдегі белгілі есімдер.

Автор бұл туындысында тек туған ауылдың көзтаным тіршілігін суреттеумен, соны сағына аңсаумен шектеліп қалмаған. Кітаптың жазылуындағы басты ерекшеліктің бірі – қозғаған тақырыбына әр қырынан айналып соға отырып, түйінді ойларын бірнеше бағыттағы заманауи проблемаларға апарып ұштастыра білуінде. Балалық, жастық шағына тән суреттерді бүгінгі жастардың көзқарасымен, тіршілік сипаттарымен шендестіре, салыстыра баяндау барысында автор адамның жан дүниесіндегі буырқанған өзгерістерді де айқынырақ ашып көрсетеді. Осындай шендестірулер нәтижесінде екі дәуірдің жастарына тән ортақ биік қасиеттер мен жекелеген кемшін тұстар айқындала түсіп жатады.

Шығарманың басым бөлігі баяндау үрдісімен жазылса да, оқырманын жалықтырмайды. Өйткені бұл арадағы осынау көркемдік тәсіл – кейбір көсемсөзшілерде кездесіп жататын жалаң, жайдақ баяндау емес, өрнекті де өнімді баяндау. Автор көсемсөздің жалынан ұстаған сәттен бастап-ақ өзінің жазу машығын, стильдік ұстанымын айқындап үлгірген қаламгерлердің қатарынан. Оның қаламынан туындаған дүниелердің алдымен назар аудартатыны – оралымды да айшықты көркем тіркестер, ауық-ауық төгіліп келіп отыратын юморлық леп, емеуірінмен езу тартқыздыратын лебіздер.

Эсселік сипаттағы дүниелердің оқырманын жалықтырмай, жетелеп отыратыны да осынау тартымды тәсілдерді оңтайлы түрде меңгере білгендіктен деп тұжырым жасаған қисынды.

Туған ауылдың өзіне тән табиғи келбетін перзенттік ықыласпен суреттей отырып, автор өз ойын былайша өрбітеді: «Алма мен алмұрт ағаштары өспейді біздің жақта. Алма ағашы болмаған соң ешкімнің басына топ етіп алма да түсе қалмайды. Ньютонның әйгілі жаңалығы басына алма түсіп кеткен соң ашылғанын білгеннен кейін Қаратереңнің топырағына тәуекел деп, көшет егіп көрген балалар бар. Бірақ біздің сорқұдықтың басы секілді сортаң жерге алма да, пальма да шыға қоймады. Ұлы жаңалыққа ұмтылдыратын алма жағы тапшы болған соң Қаратереңнен ұлы физик те шыға қоймады» [42, 10] деп келетін юмормен айшықталған баяндаулардың астарлы шындығы еріксіз бас изетері сөзсіз.

Өйткені қаламгердің тілге тиек еткен көріністері – қазақ даласының сусыз, нусыз қатал табиғатты әр аймағында ұшырасатын типтік жағдай. Оқырман ол шындыққа құр бас изеп қана қоймай, езу тарта отырып, бас изейді. Автордың «алма жағы тапшы болған соң, ұлы физик те шықпады» деген әзілінің астарын түсіну де елеулі қиындық туғыза қоймайды.

Аталған эссені бүкіл бір ауылдың қысқаша тарихы десе де болғандай. Оның адамдарының тағдырлары, арман қуалап жүріп, туған жерінің атағын аспандатқан ұрпақтардың келбеті көз алдыңызға елесетейді. «Қаратереңнен кімдер шықты?» деген сауалға берілетін жауаптар да жүйе жүйесімен. Сөйтсек, Арал алқабында елеусіздеу жатқан осы шағын ауылдан түрлі өнер адамдары да, жазушы-журналистер де, ақындар да, тіпті министр де шыққан көрінеді. Ауыз толтыра отырып, мақтанып айтуға тұрарлық фактілер екендігі сөзсіз. Тіпті бұл елді мекеннен екінің бірі илана қоймастай түрлі мамандық иелері де тәрбиеленіп, алысқа қанат қаққан екен.

Мысалы, автордың емеуірінмен жеткізуінше «Қаратереңнің ұшқыштарынан толыққанды бір аэродром, үш-төрт эскадрилья жасақтауға болады!» [42, 8] Өйткені бұл ауылдың түлектерінің арасында ұшқыш мамандығын таңдағандар да аз болмапты. «Тіпті бүкіл әулетімен ұшқыш болған қаратереңдіктер де бар» [42, 18] екен.

«Қаратерең ғылыми кеңес құра алатын ауыл» [42, 24] дейді келесі бір жерінде тағы да автор. Өйткені бұл ауылдан көптеген ғылым докторлары мен кандидаттары шыққан.

Әссе-хикаят «Қаратерең вальсі», «Асан мен Үсен», «Құмды ауылдың киносы», «Бозбала мен бойжеткен» және «Алтын балық» деп аталатын тараулардан тұрады. Туған ауылдың тынысы мен суреті осылардың әрқайсысында-ақ бар. Және автор туған ауылға деген көзсіз патриоттық сезімінің, түпсіз сүйіспеншіліктің жетегінде қалып қоюмен шектеліп қалмаған. Аталған шығарманың тағы бір ұтымды тұсы деректі әңгімесінің желісін бүгінгі таңдағы заманауи проблемалармен ұтымды түрде ұштастыра біледі.

Мысалы, Ы. Алтынсаринның «Бай баласы мен жарлы баласы» деп аталатын атақты әңгімесінің бас кейіпкерлерін негізге алады да, автор бүгінгі таңдағы кедей мен байлардың ұрпақтарын өзара салыстырып кетеді. Сөйтіп кенеттен көлденең тарта қоятыны – барлық жерде де түйткілді болып көрінетін елеулі әлеуметтік мәселелер. Ал «Бозбала мен бойжеткен» тарауында оқырманның алдынан шығатын соқталы ойлар жиырма бірінші ғасырдың жастарына тән моральдық бет-пішініне байланысты болып келеді.

Бір сөзбен айтқанда, «Қаратерең вальсі» өткен өмір жайында айтқанда ностальгиялық көңіл күймен шектеліп қалмай (базбір қаламгерлерге тән шығармашылық канон), бүгінгі және келешек ұрпақтың адами қалпына қатысты проблемалық ойларды да көлденең тартып отырады. Кітаптың көркемдік-әлеуметтік салмағын арттырып тұрған елеулі эстетикалық факторлардың бірі осы.

Жеке тұлғалар жөніндегі татымды эсселердің бірі – Марат Әбдіхалықовтың «Президент және халық» газетінде жарияланған «Орынбектің орны бөлек» [43] атты эссесі. Бұл арада автор шығарма тақырыбындағы «орны» деген сөзді кейіпкер атына ұйқастырып алып отырған шығар деген болжамымыз бекер болып шықты. Оны осы туындыны бажайлап оқу барысында байқау қиын емес.

Эссесінің мазмұнына автордың өзек етіп алып отырғаны – Орынбек Жолдыбай, аты-жөні республикаға белгілі журналист, Қазақстан Республикасына Еңбегі сіңген мәдениет қайраткері. Шығарманы жазу барысында автор өз кейіпкерінің азаматтық, кәсіби және адами бейнесін ашатын қажетті эпизодтар мен штрихтарды іріктеп алуға басымдық беріпті. Өзі жақсы білетін адамды кейіпкер етіп алғаннан кейін де, М. Әбдіхалықов бірсыпыра мәселелердің басын ашып көрсетуге тырысады.

Осындай шығармашылық принципті ұстай отырып, кейде оның құрғақ баяндауларға да тізгін беріп алатынын жоққа шығаруға болмайды. Ал баяндау ұзақ болып кеткен жағдайда, көркем публицистиканың көркемдік тұрғысына көлеңке түсіретіні тағы

бар. Бірақ Мараттың баяндауы ұзақ емес, қызықты сюжеттің ара-арасында оқырманға дерек пен дәйек беру үшін қажетті құрал болып көрінеді.

Мысал үшін алғанда «Журналистік қызмет барысында Орекең бірқатар белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлерімен жүздесіп, пікір алмасты, сұхбат жүргізді. Соның ішінде, әсіресе, еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен сұхбатын ерекше атауға болады. Экономика тақырыбы төңірегінде өрбіген бұл көлемді сұхбат «Егемендік – елдіктің белгісі» деген тақырыппен жарық көрді» [43] деген ықшам баяндау эссе жанрының табиғатына толық сай келе қоймауы мүмкін.

Оқиға арналары шегініспен берілетін туындыда ішкі әлемі, мінез-құлқындағы өзіндік ерекшеліктер кейіпкерді өзегешелеп қана қоймайды, ұлттық парадигма нышандарын білдіретін детальдармен де толығып отырады. Мәселен, ұзақ жылдардан бері қалалы жерде тұрып келе жатқан Орынбектің аңқылдаған ақ көңілділігі, қонақжайлылығы, оның келіншегі Бейсенгүлдің қазақи қалпы – ұлттық келбетімізге сай болып келетін детальдар.

«Бейсенгүлдің жұма сайын ата-бабаларына арнап құран бағыштап, дәмді әзірлейтін майлы да жұқа шелпегін айтсаңызшы! Бұлардың дастарқанынан дәм тататындар Бейсенгүлден соның сырын сұрамай, әзірлеген ас мәзірін бір мақтамай кетпейтін-ді» [43] деген жолдардан ұлттық нышандар тек кейіпкердің өз басында ғана емес, оның үй ішінде, атап айтқанда жұбайының да бойында бар екенін байқатады. Бұл арада жалпы адамзаттық парадигмадан гөрі ұлттық нышан басымырақ көрініп тұрғандығын атап айту керек.

Жоғарыдағы талдаулардан түйетініміз – қазақ көркем көсем сөзінде ұлттық парадигманың айқын атойлап шығатын тұсы ол өмірбаяндық бағытта жазылған шығармаларда екендігі. Осы айтылғандардың тағы бір мысалы Ж. Ахмадидың «Замана күрмеуі» және Т. Абайıldаның «Арман жетелеген жылдар» атты өмірбаяндық очерктер жинақтарынан да көрініс тауыпты. Ж. Ахмадидың сюжет арасындағы ситуацияларды жасайтын «Өлмегенім қара жер, бетімнен отым шықты» [44, 16], «Ашық салғыласқа келмесе де, мақалдап тисіп отырады» [44, 17], «...бұл жолы да беделім жығылмастай молынан сәлем-сауқат алғанмын» [44, 116] деген тәрізді образды тіркестері қазақи салт-сананы да, қазақша көркем ойлау жүйесінің сипатын да аңғартып тұр.

Қазақи менталитет нышандары молынан кездесетін шығармалардың бірі – Тоқтар Жамалбекұлының жоғарыда аталған өмірбаяндық кітабы. Ұлттық парадигма сипаттарын білдіретін



сөйлемдер кітаптың әр бетінен-ақ кездесіп жатады. Мысалы, «Неге Қазақстанның астанасы Алматыда оқу бөлімінің бастығы қазақ емес» деген мәселені көтере бастады» [45, 123], «Қазақта «құданы құдай қосады», «құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық» деп жатады. Ойлап отырсақ, бұл сөздің философиялық мағынасы тереңде жатыр» [45, 195] сияқты сөйлемдер осы ойымыздың айғағы дерлік.

Кез келген шығарманың белгілі бір тақырыпқа арналып жазылуы заңды. Тақырып – шығармада айтылуға тиісті авторлық ойдың еркін алаңы. Астарлы идея, нақты тұжырым сол еркін алаңның үстінде айтылады. Негізгі идеяны арқау ете отырып, жанама идеяларды да осылайша тарата жеткізуге болады. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жазылып келе жатқан туындылардың мазмұнында қазақи кейіпкерлер арқылы ұлттық парадигмаларды жеткізуге тырысқан үлгілердің бір парасы осындай.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі көсемсөздің көп жазылатын тақырыптарының бірі – 1986 жылы орын алған Желтоқсан оқиғасы. Бұл арада кейбір адамдар «Желтоқсан айында болған бұл жағдайды оқиға демеу керек. Оқиға деген – жай күнделікті өмірде кездесе беретін қатардағы нәрсе. Ал тарихи салмағы айтарлықтай болып келетін сол жағдайды саяси маңызына қарап «Желтоқсан көтерілісі» деп атайық» деген пікірде. Әсіресе бұл мәселе 2012 жылдың 13-желтоқсаны күні Әл-Фараби атындағы Ұлттық кітапханада Желтоқсан оқиғасының 25 жылдығына байланысты өткізілген дөңгелек столда үлкен әңгіменің өзегіне айналды.

Пікірсайысқа шыққан шешендердің басым бөлігі осы тұжырымға бір ауыздан келгендей болды. Бірақ өз тарапымыздан қосарымыз – бұндай пікір, біздің аңғаруымызша, даулы.

Ең алдымен айтарымыз – «Оқиға деген сөз Желтоқсанда болған жағдайдың беделін түсіріп, тарихи рөлін кемітіп тұр» деген пікірдің негізсіз екендігі. Өйткені дүниежүзінің қоғамтанушылары мен тарихшыларының арасында «Тарихи оқиға» деген тіркес терминге айналып, баяғыда қалыптасып кеткен. Мәселен, Ресейде 1917 жылы орын алған Қазан төңкерісі, Гитлер бастаған Екінші дүниежүзілік соғыс немесе Кеңестер одағының ыдырауы және тағы басқалары бір сөзбен анықтама бергенде – ең алдымен тарихи оқиғалар. Сондықтан «оқиға» сөзінің тек тұрмыстық деңгейде ғана емес, әлеуметтік, мәдени, қоғамдық, саяси жағдайларда қолданыла беретінін қаперге алғанымыз абзал.

Ал «Көтеріліс» деген ұғымның да бұрыннан қалыптасып келе жатқан өзіндік анықтамасы бар екендігін және осы ұғымның өзі әрі қарай салаланып кететіні ескерсек, Желтоқсанда орын алған

оқиға көтеріліс деңгейіне жете қойған жоқ. «Көтеріліс» болуы үшін белгілі бір шарттарға жауап болуы керек. Көтерілістің негізгі атрибуттарының бірі – оған қатысушылардың қолдарына қару ұстап шығуы және оны қолданысқа енгізуі.

Желтоқсан қозғалысы бастапқыда бейбіт шеру немесе митинг сипатында ғана болғаны баршамызға белгілі. Оның аяғының қанды қырғынға ұласуы мемлекеттік күштеу, жазалау машинасының жұмысы екендігі, тең емес текетіресте шеруге қатысушылардың амалсыз қорғаныс амалдарын жасауға мәжбүр болуы, соның салдарынан алаңда қан төгілуі көтеріліс ұғымын толық бере алмайды. Сондықтан да оны «Тарихи оқиға» десек те жаңыла қоймаспыз.

Бір ескерерлік жағдай – көсемсөзшілеріміз 1986 жылғы оқиға жайында Кеңес Одағы ыдырамай тұрып-ақ жаза бастаған болатын. Бірақ осы тақырыпқа олардың кеңірек қалам толғауы еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері қарайғы кезеңде. Осы уақыт ішінде аталған тақырыпқа арналып жүздеген публицистикалық дүниелер жарық көріп, оқырмандардың иігілігіне айналды. Қазақ рухының алдыңғы қатарға шығып, айқынырақ белең алғаны да осы кезеңде.

Қазақ ұғымындағы осынау қасиетті тақырыпқа қазіргі таңда көсемсөз майданында белсенді қызмет етіп жүрген журналистердің арасында қалам тартпағандары некен-саяқ. Сонымен бірге дүниені дүр сілкіндірген 17-18 желтоқсан күндеріне куә болған жандар мен оған қатысушылардың естеліктерінің өздері бір төбе. Бұл тарихи оқиға жөнінде, атап айтқанда, М. Жақып, М. Шаханов, Б. Қойшыбаев, М. Тоқашбаев, А. Тасымбеков, Б. Оңғарбаев, Қ. Табеев, Т. Өтегенов, А. Мұхаметжанова, К. Адырбекұлы, М. Матқанұлы, С. Әмірбекұлы, Г. Тойболдина, А. Кәріпжанәулеті, Ш. Орынбай, Б. Шарахымбай және тағы басқа да журналистер қалам тартып, қазақ тәуелсіздігі жолындағы күрес күндерін мүмкіндігінше көз алдымызға елестетуге тырысты.

Осы кезең ішінде Желтоқсан тақырыбына арналып жазылған көсемсөз туындыларында алдыға атойлап шыққан басты идея – қазақ халқының ұлт азаттығына деген құштарлығы, бостандықты аңсаған қазақ баласының сезім күйі, оқиға кезінде көрген түрлі қиыншылықтары.

Көркем публицистиканың өзі тек суреттеуге, көркемдікке бой алдыра бермей, ең алдымен фактіге сүйенетінін ескерсек, тәуелсіздік жылдарында жанр табиғатына қатысты осынау фактор тіпті көркемдік әдіс сипатында көріне алды деп айта аламыз. Желтоқсан оқиғасы сияқты дүниежүзілік мәні бар құбылысты

дерексіз, фактіге сүйенбей жазу құрғақ популизмге, тиянағы аздау қызыл сөзге алып келері сөзсіз еді.

Осы жағдайды жақсы түсінген авторлар тақырып төңірегінде ең алдымен болған оқиғаларды негіз етіп алуға тырысты. Егерде сол қасіреттің салдарынан орын алған жайларды айта келіп, авторлар эмоцияларына ерік беріп, азаттықтың қашанда тәтті екендігін алдыға тарта сөйлеп жатса, бостандық сүйгіш қазақтың түпкілікті арман-мүддесін сездіреді деп білгеніміз жөн.

Жалпы азаттықты аңсау сезімі жалпыадамзаттық парадигма шеңберінде қаралатын атрибут екендігін сезіне отырып, оның жалпы ұлттық сипатына да көзжұмбайлықпен қарай алмаймыз. Оқырман үшін әсіресе қымбаттысы – осынау тарихи әрі қаралы оқиғаға қатысушылардың өз көздерімен көргендері немесе бастан кешкендері жайында айтқан естеліктері. Өйткені бұл арада оқырман үшін маңыздысы – естеліктердің көркемдік тұрғыдан қалай жазылғандығында емес, сол айтылғандардың өмір шындығын бүлдіріп алмай, боямсыз қалыпта қағаз бетіне түскендігі.

Бұл оқиғаға қатысты сұрақ көп. Соның негізгілері «Желтоқсан айының сол күндері Алматы қаласының бұрынғы Брежнев атындағы алаңында қандай оқиғалар болды? Қаралы да қайғылы жағдайлардың орын алуына себеп болған не нәрсе? Неге сол коммунистік заманның көсемі Лениннің сөздерін ұран қылып көтеріп, бейбіт шеруге шыққан қазақ жастары осындай ауыр жағдайларға ұшырап, қарадан қарап қанға бөкті?» сияқты болып келеді.

Осы Желтоқсан оқиғасынан кейін ел арасында бір біріне үйлеспейтін неше алуан әңгімелер айтылып жүргені белгілі. Желдей есіп гулеген сөздердің ішінде бірі біріне қарама-қарсы мағынадағылары, әр тарапқа алып қаша бергендері де аз болған жоқ. Алаңға бармаған немесе басқа өңірлерде жүрген қалың жұртшылық үшін бұл оқиғаның жұмбақ жақтары көп болуы да заңдылық тәрізді. Бұндай алыпқашпа әңгімелер шындыққа ұмтылу жолындағы қазақи түсініктің бір қырын ашатыны да анық.

Естелік авторларының өз көздерімен көргендерін жайып салу арқылы бұлыңғыр әңгіменің ығымен кете бермей, талай шындықтың бетін ашуы ортақ түсініктің қалыптасуына алып келді. Жалпы қазақ көсемсөзінің тәуелсіздік жылдарындағы жалпыадамзаттық және ұлттық парадигмалардың қалай көрініс тапқандығы жайында ой толғайтын болсақ, осы Желтоқсан оқиғасына соқпай кете алмаймыз.

Белгілі қоғам қайраткері Сабыр Қасымов сексен алтының желтоқсанында қисынды саяси талап қойғаны үшін озбырлыққа ұшыраған кінәсіз қазақ жастарының жазалаушылары жөнінде пікір білдіре келіп: «Өз ұлтын қанға бояған қылмыскерлер түптің түбінде жауапкершілікке тартылады. Өкінішке қарай, сталиндік жендеттердің барлығы бірдей қылмыстық жауапкершілікке тартылған жоқ. Сол тұста Кеңес одағындағы жоғары қызмет атқарғандар мұны мәселе етіп көтертпеуге тырысты. Өйткені олардың өздерінің қолдары қанға боялған болатын» [46,7-8], – дейді. Сталин заманындағы нақ осы сценарийдің Желтоқсандағы бас көтеруге де байланысты да табиғи жалғасын тауып отырғанын өкінішпен мегзейді.

Осы қанды қырғынды көзімен көрген қарапайым қазақ қызының біреуінің естелігі мынандай:

«Алаңдағы аласапыранның бәрін де өз көзімізбен көрдік. Ірі денелі бір жігіт 4-5 солдаттың қоршауында қалып, арыстандай алысып, бой бермей жүрді. Аналар соған ызаланды ғой деймін, ұруларын одан сайын үдете түсті. Бірақ жігіт сонда да бой бермеді. Кенет бір жасақшы күрегін шошаң еткізіп шығарып, қырымен ұрғанда әлгі жігіт бір сәт сұлық қалды да, тұрған жерінде ұзынынан құлап түсті. Қорқаулар мынау құлап қалды-ау демеді, жабылып тепкілей жөнелді. Мен қорыққанымнан шыңғырып жібердім. Сол сәтте курсант киімін киген бір қазақ жігіті келіп, мен қолтығымнан алды да, шетке қарай дедектетіп сүйрей жөнелді. Мен қарсыласа бастап едім, «Тірі қалғыңыз келсе, қарсыласпаңыз, менің айтқанымды тыңдаңыз!» деді ол бұйыра. Оны тыңдамауға менің амалым да, қауқарым да жоқ еді. Курсант қолтығымнан ұстап, дедектеткен бойда Абай көшесімен жүріп отырып, Фурманов көшесінен өткізіп жіберді де: «Осы көшемен тура қашыңыз. Ешқайда бұрылмаңыз! Енді алаңға келмеңіз!» деп босатып қоя берді. Айналайын, сол жігітке мыңнан бір рахмет!» [47,88-89].

Майгүл Байтүгелованың естелігінде келтіріліп отырған осы шағын эпизодқа Брежнев атындағы алаңда болған жағдайдың ортақ картинасы түгел сыйып тұр десе де болғандай. Қазақ жастарын жазалаушы солдаттар мен жасақшылардың қанқұйлылығы, оларға қарсы қарусыз, дайындықсыз арыстандай арпалысқан қазақ азаматы, жазалушылардың арасындағы жүрегінің иманы бар форма киген жас жігіт, алаңға «ұлтым, қазағым» деген пәк көңілмен келіп, алдынан шыққан қанды оқиғадан қорқып қалған бейкүнә жас қазақ қызы – осылардың бәрі Желтоқсан көтерілісін бейнелей алатын негізгі өмірлік детальдар. Және бұлар тек қана сол оқиғаның сыр-

сипатын білдіретін фактологиялық штрихтар ғана емес, қазақтың ұлттық менталитетін бейнелеуші факторлар да болып табылады.

Естелік авторы Майгүл алаңдағы жазалаушылардың қатігездігін өз көзімен көрген. Оның жанын шошытқан – сондай жауыздардың бейбіт адамның санасына сыймайтын қанқұйлы қылықтары.

Мәселен, бес-алты солдатқа жеңістік бермей, арыстандай арпалысып жатқан батыр жігітті жасақшылардың бірі күректің қырымен шекесінен ұрып сұлатып салады. Жығылып түскеніне қарамай, қалғандары да тепкінің астына алып, әбден сабайды. Бұл тек жауыздығы әбден асқынған қанқұйлы адамдардың ғана қолынан келетін адамның жанын түршіктіретін әрекет. Осы қатігез картина жазалаушылардың қанқұйлылығын, ұлттық ұстанымдарының бір қырын білдіріп тұрғандығы да айқын.

Шағын эпизодты оқып отырып, жаңағы батыр жігіттің қаза тапқан боздақтардың қатарын толықтыруы да әбден ықтимал екен-ау деген де ойға келесің. Бұл арада қайран қалдыратыны – жайшылықта момын болып көрінетін қазақ ұлтының бұғулы жатқан батырлығы.

Осы қасіретті күндері ерлік көрсеткендердің алдыңғы қатарында жас қыздарымыз бен жас жігіттер жүрді. Оған сол тұста милиция қызметкерлері мен жасақшылардың қолдарына түсіп қалып, жазықты атанған жандардың тізімін оқи отырып, көз жеткізу қиын емес. Солардың басым бөлігі 18 бен 25-тің арасындағы жастар екен.

Б. Тұрмағамбетованың «Ол кезде екінші курстың студенті болатын» [48] атты очеркінің бас кейіпкері – бүгінгі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Гүлжаһан Орда. Шығармашылық өмірбаян сипатында жазылған бұл шағын туындыда автор кейіпкерінің Желтоқсан оқиғасына қалай қатысқандығы жөнінде оқырмандардың есіне салуы қысқаша ғана. «Ол кезде Гүлжаһан небәрі 18 жаста еді, – дейді очерк авторы. – Сол күндері көргенін ешқашан ұмытпақ емес. Бұл оқиғадан кейін талай уақыт өтсе де, жастық шаққа әдемі әсермен, қиялмен оралудың өзі оңай емес екен-ау. Жалынды, қызыққа толы күндерінен бұрын еске оралатын оқиға бұл» [48, 2].

Осы деректерді бір келтіріп алады да, очерк авторы өз кейіпкері жайындағы оқиғаны ары қарай сабақтай түседі: «Алаңға шыққан алғашқы күндері-ақ бір топ қыздар қолдарына ештеңе түсе қоймағасын қалталарындағы далаптарымен (помада) «Қазаққа өз ұлтынан басшы!», «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы бұрмаланбасын!» деген жанайқай ұрандарын жазды» ([8, 2], – деген мәліметтер алаңдағы шынайылық ахуалынан хабар беретіні анық.

Құрбыларымен бірге осындай ерлікке барған жас қыз оқиға болып өткеннен кейін, өзі білім алып жүрген оқу орнында талқылауға түсіп, ұлтшыл деген ат тағылады. Желтоқсан оқиғасына қатысы бар жастарды тегін қалдырмай, шеттерінен жаза қолданып жатқан қызу науқанның уақыты. Ақыр соңында бірнеше айып тағылған Гүлжаһан Жұмабердіқызы да институттағы оқуынан қуылады. Тек қуылып қана қоймай, оның ішкі істер басқармасы еңбекпен түзеу колониясына жіберген екен.

Қазақ қызының бойындағы ортақ қасиеттердің көрінетіні де осы кезең ішінде. Кейіпкердің алдыңғы қатарда алдымен көрінетін басты қасиеттері – қазақ қыздарының ұлтжандылығы, отансүйгіштігі. Басына қандай нәубет келсе де, жасымай, жабықпаған, ашынса да, ұлты үшін отқа түскен патриот қыздың бейнесін Тұрмағамбетова біршама дәл жеткізе алған. Осы арада қазақтың азаттықты аңсаған жалпы рухы, былайша айтқанда ұлттық менталитеттің қырлары да назарға ілігеді.

Бірақ кейіпкерінің басындағы осынау оқиғаға ғана емес, тығырыққа толы өмір кезеңі турасында автордың қайыруы тым қысқа. Бүгінгі оқырман үшін Желтоқсан оқиғасына қатысты шыннайы мәліметтердің керек екендігін ескерсек, оған қатысы бар әрбір деталь кеңіте жазуды қажет етпей ме? Сондықтан бұл очеркті нақ осы қалпында қалдырмай, дамытып, кеңейте жазудың қажеттігі байқалады.

Ұлттық және жалпыадамзаттық парадигмалардың өзіндік бір көрінісі Әділбек Ыбырайымұлының «Сана. Өлшем. Ақиқат» [49] атты очерктер мен эсселер жинағына енген туындылардан да төбе көрсеткен екен. Мұндағы жазбалардың барлығы жанрлық тұрғыдан көркем публицистикаға тән дүниелер болғанымен, тақырыптық тұрғыдан алып қарағанда біркелкі емес. Атап айтқанда, автор бұл топтастырылған материалдарында елдің экономикалық-саяси жағдайын да, әлеуметтік денсаулық сақтау, спорт мәселелерін де, өндірістің әрқилы салаларына қатысты проблемаларды да, қазақтың ұлттық спорт түрлері мен өнер тақырыбын да әр қырынан жазып, күн тәртібінде тұрған тиісті өзекті мәселелерді қаламының қуаты жеткенше өрнектеп жеткізуге ұмтылыс жасаған.

Бұл жағынан алып қарағанда автордың жазатын тақырыбының әралуан екендігі байқалады. Әрине, журналистер тақырып таңдау мәселесінде әмбебап болып отырған бүгінгі заманда бұндай алуандылыққа таң қалуға болмайды. Біздің зерттеу тақырыбымызға орай назар аударатынымыз – жалпыадамдық қана емес, ұлттық парадигма нышандары.

Осы жинақтағы дүниелердің ішінен тоқталып өтететіміз – көркем публицистика нысандарының көп талқыланбай жатқан тақырыптардың бірі, қоғамдық тәртіпті қорғаушылар өмірінен жазылған көсемсөз үлгісі. «Жауыздықпен жекпе жек» деп аталатын бұл очерктің бірінші бөлімінде патрульдік қызметте жүрген аға сержант Ерсұлтан Құсайыновтың, қасындағы көмекшілерімен бірге көшеде көздеріне ілінген сезіктілердің қалай соңынан түскендігі, сөйтіп жүріп қандай қиын оқиғаларға тап болғандығы, ақыр соңында бастарына төнген қатерге қарамастан, жаңағы қауіпті қылмыскерлерді қалай тұзаққа түсіргендері әңгіме болады. Бұл бір жағынан алып қарағанда, жеке детективті фильмге сұранып тұрған, қым-қиғаш тартыс үстінде адам образдары да ашылатын интенсивті қозғалыс үстіндегі оқиғалар.

Автордың одан кейінгі тоқталатыны – батальон командиріне дейін өскен Ерсұлтанның кейінгі қызметіндегі кейбір ерекше жағдайлар.

Кейіпкер бойындағы жігіттік қасиеттердің ішінен автордың назар аударатыны оның кәсіптік деңгейінің жоғарылығы, бұл жолда оны биік өреге жеткізген жай жалаң идеологияның ғана емес, бойына жастайынан сіңген қазақи тәрбиенің, ұлттық таным-түсініктің ықпалы екендігі. Сонымен бірге жас кадрдың көзқарасының қалыптасуына қазақтың белгілі тұлғаларының ұтымды қасиеттері де әсер еткендігі атап айтылып кетеді.

«Ерсұлтанның басты ұстазы, пір тұтары Баукең, Бауыржан Момышұлы. Сол кісінің ғибратынан мол тәлім алып, қарамағындағыларды дәл сол кісідей тәрбиелегісі келеді.

Командирдің ең алдымен адамгершілігі мол болуы керек, – деді ойға бөгеліп барып, аға лейтенант Құсайынов» [49, 131] дейді автор.

Осы хабарлы сөйлемдерден аңғарылатыны – қандай қызметте жүргендігіне қарамастан, адам бойында ең алдымен адамгершілік қасиеттердің негіз болуы керек екендігі. Бауыржан Момышұлы кез-келген қазақ үшін ұлттық таным-түсініктің, ұлттық тұрғыдағы батырлықтың белгісі сынды. Бірақ өкіншіке орай, ол кісінің бүкіл жалпақ қазаққа қадірлі кесек тұлғасын күнделікті өмірде үлгі тұтып, өздеріне мұрат санайтын адамдар онша көп кездесе бермейді.

Қазақ өзі батырлық пен адамгершілікті ұштастыруға тырысатын халық болса, соның кезекті бір мысалы осы аталған очерктен көрініс тапқан. Демек, осының өзінен-ақ ұлттық парадигманың жеке бір қырын аңғарып қалуға әбден болады.

Бір сөзбен айтқанда, бұл очерк тек оқиғасының қызықтылығымен ғана емес, мүмкіндігінше оқырманға ой сала алатын көркемдігімен, бас кейіпкер бейнесінің айқын кескінделуімен де назар аударта алады. Автор тілге тиек болуға татитын кез келген мәселе төңірегінде оқиға өрбіте отырып, өз әлінше ұлттық менталитеттің кейбір сипатын көрсете білген.

Тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзшілеріміздің бір парасы бүкіл әлемде, айналамызда болып жатқан түрлі тосын құбылыстар мен ғаламның қызықты көріністері жайлы қалам тартуға бейімделіп, ақыры сол бағытты індете зерттеуге, құйқылжытып, қызықтыра жазуға маманданып алды. Олардың бел ортасында С. Парманқұлов, Қ. Олжай, Ә. Әуелбекұлы, Т. Тәшенов және т.б. талантты журналистер бар. Олардың шығармашылығының әсіресе айқынырақ ашылатын тұстары – осындай өздері шығармашылықпен таңдап алған тартымды тақырыптарды меңгеру барысында.

С. Парманқұлов публицистикасының иедялық кредосы – өзінің туған жеріне, халқының жайлаған көне қоныстарына, мекен еткен табиғи ортасына деген сүйіспеншілік. Кезінде «Жас алаш» газетінің бірнеше санына жарияланған «Қаратау мен қара шал» деген эссесі қаламы жүйрік журналисті оқырмандарына тағы бір шығармашылық қырынан танытқан туынды болды. Қасына бас кейіпкері Қара шалды ертіп алған журналист қазақ тарихының көне әңгімелері мен аңыздарын, ел аузындағы елеулі шежірелерін сыр қылып бүгіп жатқан Қаратау өлкесін емін-еркін аралайды. Қазақ жерінің осынау қасиетті пұшпағы Қара шалдың айтатын әңгімелері арқылы журналистің көз алдында тіпті биіктей түсіп, оқырман алдында тылсым қырлары арқылы танылып отырады. Көнекөз қарттың айтқан аңыздары, қайталана бермейтін Қаратау табиғаты кейіпкердің жан дүниесіне әсер етіп, оның көңілін бір сезімге толы лирикалық әуенге бөлейді.

Осының бәрі айналып келгенде, қандай екендігіне қарамастан, қазақ жерінің қастерлі де аяулы өлке екендігін әйгілеп жеткізетін тарихи факторлар.

Осы идеяның одан әрман тереңдей түсуіне ықпал жасайтын көркем публицистикалық шығармалар С. Парманқұловтың «Жұмбақ сарқырама» [20] жинағына қисынды түрде топтастырылған. Мұндағы дүниелердің барлығы дерлік автордың әу бастағы идеялық бағытын одан ары жалғастырып, осы арнада айтылар ойлар желісін, шежіре болып шертілер әңгімелердің тұжырымдары мен түйіндерін кеңейте түседі.



Оқырман осынау көлемді жинақта да автордың өзінің сүйікті кейіпкері, баяғы Қара шалмен қайтадан қауышады. Тек қана қауышып қоймай, оның аузынан шыққан көне заманның шежірелерімен сусындап, өткен мен бүгінді жалғастырып тұрған өзегі берік арқаудың бойымен рухани саяхат жасайды. Бұндай шығармашылық пайымдаулар, айналып келгенде, ұлттық парадигманың авторлық екшеуден туындаған көріністері.

«Қаратауға қара шалды ертіп, өзім-ақ кетіп қалғым келді.

Қара шалдың әңгімесі толқытты ма, әйтеуір Қаратауды, сырттан қарасаң, құжыр-құжыр тастан басқа ештеңесі жоқтай Қаратауды сағынатын болдым» [20, 9] деген авторлық ремаркадан автордың жүрегін сартап қылған сағынышты, туған жер тылсымын білуге деген қаншалықты ынтызарлық жатқанын сезінуге болатындай.

Эсселері мен очерктерінде үнемі автордың қасынан табылатын Қара шал – қай жағынан болсын жинақталған типтік бейне. Ол – деректі ғана емес, көркемге шығармаға лайықты образ. Табиғат тылсымдарының сырын ашып көрсету барысында оның бойынан тіпті символдық сипаттар да табылатынын да ескерген орынды.

Былай қарағанда жадағайлау болып көрінетін, оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа қарай созылып жатқан көне Қаратаудың әрбір бір сайы, әрбір шоқысы ғана емес, тіпті жеке жатқан тасының өзі автордың пайымдауы бойынша белгілі бір мағынаға, тылсым сырларға ие екен. Оның сырлары тек жұмбақ сарқырама мен Ұкаша атаның құдығынан ғана байқалмайды. Оған дәлел – қойнау-қойнауын асықпай аралай берсең, көңілің қанбайтын, ықыласың таусылмайтын алуан түрлі қызықты жағдаяттар.

Автор бұл мәселелерді тек өзі естіген көлденең әңгімелер арқылы ғана емес, өзінің көзі көрген оқиғалармен, куә болған эпизодтармен екшеп, жетілдіре түседі. Туған жер қойнауының тарихтан келе жатқан тылсым сырларын оқырман алдында жайып салу үшін автордың нық табан тірейтіні, негізінен, үш түрлі фактор. Олар – ел аузынан естіген түрлі аңыздар, жекелеген саяхатшылар мен ғалымдардың хатқа түсіріп кеткен жазбалары, және автордың өзінің көзімен көріп, қолымен ұстаған нақты жайлары. Оқырман көзін шындыққа жеткізу жолындағы бұл үш тағанның атқаратын көркемдік қызметі осындай деректі туындылар үшін аса маңызды.

Белгілі бір тақырыпты алып, оның тылсым сырына індете кіру үшін С. Парманқұловтың ғылыми салыстыруға көбірек жүгінуі шығармашылық идеясын, айтқысы келген ілкі ойларын одан арман тиянақтай түседі. Тіпті кейде ғалымдардың зерттеулерінен үзінді келтіріп қана қоймай, көркем шығармалардың компоненттерімен

салыстыра қарау да оның шығармашылық кредосының бірі екендігін білдіреді.

Немесе Шарын каньоны жайлы жазылған танымдық эссені алайық. Жетісу өлкесіндегі Іле өзеніне таяу орналасқан табиғаттың бұл ерекше құбылысының қандай екендігін оқырман санасына сыздықтатып жеткізу үшін автор алдымен дүниежүзіндегі атақты каньондар туралы түрлі мәліметтерді көлденең тартады. Салыстыру әдісінің қашанда жемісті болып табылатынына әбден көз жеткізген журналист басқа ғалымдардың, мысал үшін алғанда, профессор П. Мариковскийдің осы Шарын жайында айтқан деректерін келтіруі де орынды. Осы айтылғандарға өзі естіген халық ауызындағы аңызды да жарыстыра беріп, салыстыра талдап шыққан соң, ақыр соңында келтіретіні – өзінің автор ретіндегі түйінді пікірі.

Жазу нысанын мейлінше айқын ашып, талдап көрсету жолындағы бұл тәсілдің ұтымды екендігі көсемсөз тарихынан жақсы мәлім. Сонымен бірге жекелеген көркем шығармаларда келтіретін дәйектерге арқа сүйеу де – С. Парманқұлов қаламына тән ұтымды тәсілдердің бірі. Мысал үшін алғанда «Беймәлім сызықтар әлемі» деп аталатын эссесінің мақсаты – Арал теңізінің жағалауы мен оның айналасындағы беймәлім сызықтардың жұмбағын ашып көрсету. Бұл турасындағы бұрынғы айтылған ой-пікірлерді сабақтастырып, талдап келеді де, жазушы Зейнолла Шүкіровтің «Сыр бойы» тарихи романынан үзінді келтіреді. Онда бір аңшылардың таудың ық жақ бетіне құрған арандары туралы айтылған екен. Жаңағы беймәлім сызықтарды автор осы арандар тарихымен да жанастыра сөйлеп, көркем туындыдағы деректердің өзін жандандырып, ғалымдар назарын аударатын деңгейде қызықтыра әңгімелеп кетеді [20, 231].

Кітапқа енген танымдық-көркем эсселер тақырыптық жағынан екі жүйеге бөлініп тұр. Олардың біріншісі туған еліміз Қазақстан табиғатында кездесіп қалатын ерекше құбылыстар жайында болса, екіншісі жалпы Жер шарындағы немесе оның айналасындағы ғажайыптар жөніндегі талдаулар. Ғылымда бұрыннан айтылып жүргендіктен, ондай мазмұндағы мақалаларға арнайы тоқталуды қажет деп таппадық.

Қай ұлттың оқырманы үшін де қызықты болып көрінуі әбден ықтимал тосын жағдаяттарға ұлттық рең беріп, қазақи түсініктің қалыбына салуға бейімділіктің өзі біздің ұлттық менталитетімізден шығып тұрса керек.

Көсемсөзшінің осы жинағы жөнінде профессор А. Мархабаев былай деп, шабыттана көсіледі: «Осы көрісу, танысу кез келген ғылым

сүйер, танымгерлік танытатын оқырманды жан-жақты рухани байыта түсуіне мен кепіл.

Қысқасы, бұл Сапарбайдың сиқырлы саяхаттарын оқыған да арманда, оқымаған онан сайын!..» [50, 6]. Ғалымның бұл сөздерінде ғылымилық жағы жетілей жатқанымен, эмоциялық реңктегі ойды шындықтың ауылынан алыс жатыр деп айта алмас едік.

Осылардың шығармашылықтарына ортақ типтік нышандар әсіресе Қайнар Олжайдың көсемсөз жанрында жазылған журналистік дүниелерінен айқын көрініс тапқан. Автор еңбектерінің бұл бағыттағы үлгісі «Қанат байлаған қазақ» [51] деп аталатын көркем очерктерінің топтамасы. Кітап «Бір сезгенім бар еді», «Бір көргенім бар еді», «Бір сауалым бар еді», «Бір сәлемім бар еді» деп аталатын төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде танымдық мәні басым болып келетін ерекше оқиғалар жайындағы туындылар топтастырылған. Екінші бөлімнің мағынасы да осы алдыңғы бөлімдегі көркемдік ұстаныммен сабақтас болып келеді. Айырмашылығы онда нақты құжаттардың да қоса келтіріліп отыруы. Үшінші бөлімді автордың әр жылдары белгілі бір тұлғалармен әңгімелесу барысында туындаған сұқбаттары құрайды. Қазақтан өзге ұлттардың жекелеген тағдырлары немесе белгілі бір мәселелері туралы жазылған мақалалар мен очерктер төртінші бөлімнің еншісінде.

Соңғы жылдары оқырмандардың белгілі бір категориялары қызықты жағдаяттардан тұратын танымдық материалдарға басымдық бере бастады. Бөлім мазмұны оқырмандардың эстетикалық талғамын, танымдық мұқтаждықтарын нақ осындай тұрғыдан қамтамасыз ете алатыны сөзсіз. «Күннің күрең дақтары», «Берия атылған бункер», «Қанат байлаған қазақ» және басқа тақырыптар анадайдан-ақ айқайлап, оқырманды өзіне тартып тұр. Басқасын былай қойғанда, бертінге дейін, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенге шейін есімі белгісіз болып келген қазақтың батыр ұшқышы Бақтыораз Бесікбаев туралы материалдың өзі неге тұрады.

Бұл арада авторлық ізденістер сипатының бірнеше тұрғыдан байқалатынын ескерген жөн. Біріншіден, плюрализм нышаны, шығармашылық еркіндік автор өзі тілге тиек етіп отырған мәселені жалаң әңгімелеп қана қоймай, сол әңгімелерден келіп туындайтын жанама ойлардың да жеткізуіне ықпал жасаған. Атап айтқанда, бас кейіпкердің тағдырына қатысты көлденең эпизодтар, жанама детальдар немесе өзінің негізгі әңгімеге қатысты көзқарастары. Одан басқа осы тақырыпты бұрын қозғаған авторлардың келтірілген дәйектері мен тұжырымдарына арқа сүйеп отыруы да

тән болып келеді. Үшіншіден, осы арадан біз Қайнар Олжай публицистикасына тән формалық ізденістеріне де куә болып отырамыз.

Осы айтылғандардың бәрі жинала келіп, Қайнар Олжайдың қазақ көсемсөзін дамытып, байытуға қосқан елеулі үлесін айқындап бере алады деп байлам жасауға негіз береді. Әсіресе көсемсөзге ғылыми сипат беру жағынан келгенде ол бүгінгі таңдағы санаулы көсемсөзшілердің қатарында дей аламыз.

Ә. Әуелбектің 2012 жылы жарық көрген «Солай болған» [52] атты публицистикалық мақалалары мен очерктер жинағына енген шығармаларының мазмұны, кітаптың аты айтып тұрғандай, белгілі бір болған нақты оқиғалардың төңірегінде құрылады. Автордың жазу нысаны етіп алатындары – бір кездерде болып кеткен ерекше оқиғалар мен есімі жалпақ жұртшылыққа жақсы мәлім тұлғалардың бастан кешкен кейбір қызғылықты ситуациялары.

Әдетте мұндай жинақтарға автордың бұрын мерзімді баспасөз беттерінде әр жылдары жарияланған материалдарының кіруі – әбден қалыптасқан шығармашылық тәжірибе.

Оның қалам ұшына іліккендердің басым бөлігі – өзі көрген немесе куә болған жағдаяттар емес, бұрынғы өтіп кеткен жылдардағы оқиғалар. Тақырыпқа қатысты қажетті деректерді автордың негізінен архивтік құжаттар мен жекелеген куәгерлердің айтқандарынан алып отырғандығы байқалады. Белгілі бір оқиғаны таратып айту барысында ішіне ене тәптіштеп кетпей, сақтықпен қысқа қайыратыны да сондықтан деген ләзім. Өйткені белгілі бір сюжетті көзге елестете, дамыта әңгімелеп жазу үшін болған оқиғаның бәрі алақандағыдай айқын елестеуі, детальдардың нақты болуы шарт. Жазғысы келетін адамға ондай мүмкіндіктің үнемі туа бермейтіні де рас. Жаңсақтыққа ұрынып, жалған сүрлеумен кетіп қалмау үшін немесе бұрмаланып кетпеуі үшін автордың мұндайда өзі білетінмен ғана шектеліп, қысқа қайырғаны сенімді, осындай әдістің абзалырақ болатыны да сондықтан.

Үнемі жаңалық ашып, бұрын ешкім жазбаған дүниеге алғаш рет қалам тарту журналист шығармашылығының негізгі шарты болып табыла қоймайтыны мәлім. Оқырманға бұрыннан таныс белгілі бір жазу нысанын өз түсінуінше, жеке авторлық пайымдауларымен жазып шығу да – журналистикада бола беретін шығармашылық құбылыс. Ә. Әуелбек публицистикаларының арасынан бұрын басқа авторлар жазып қойған оқиғалар да кездесіп жататындығына осы тұрғыдан қарауымыз керек.

Атап айтқанда, «Сталинградқа барған сексен сегіз қыз», «Қазақтың қырғыз қызы» сияқты очерктерінде айтылатын

оқиғаларды бұрындары Қанапия Бекетаев пен Ұлықбек Есдәулетов жазып қойған болатын. Бұл авторлар алған тақырыптарын нақтылап, талдай отырып, кеңітіп жазса, Әнуарбектің жазуы ықшамдау. Оның мақсаты – болған оқиғаның жай-жапсарын оқырманға толық жеткізу емес, оқырман қауымының кейінгі буынын сол бір қызықты жағдаяттардан хабардар ету ғана. Бірақ соның өзінде құрғақ деректерді тізбелей бермей, алдыңғы планға адам тағдырын шығара отырып, өзінше суреттеуге, ой түйіндеуге ұмтылыс жасағаны айқын көрінеді. Бұның өзі жалпы адамдық парадигмалар үрдісінен табыла алатын тәсіл. Журналистикалық ізденіс дегеніміздің өзі бұрын түрен түскен тақырыпқа жаңа тұрғыдан қарау болып табылатынын ескерсек, басқа бір автордың жазғанына қайталай қалам тартудың өзіндік себептері болуы тиіс.

Ә. Әуелбек публицистикасы астарға, ишараға да бейім. Оның «Көш қуанышы» очеркінде әскерде жүріп таяқ жегендіктен, тілі байланып қалған Ұзақбай деген жігіттің он бес жылдан кейін қайтадан қалай сөйлеп кеткені баяндалады. Ол қуанышты оқиға Қазақстанның тәуелсіздік алып, шеттегі қазақтардың тарихи отанына орала бастаған кезіне сәйкес келіпті. Алматы маңайындағы әсем жерді көріп, қатты толқыған Ұзақбайдың аузынан «Көшіп келем» деген сөз шығып кетеді. Оның тілін қайтадан шығарған да – сол қуаныш, қазақтың тарихи атамекеніне деген сүйісініс.

Аффект жағдайында сөзден қалғандардың сөйлеп кеткені немесе жүре алмай, сал болып жатқандардың аяқтарынан тұрып кетулері – сырқаттар тарихында сирек те болса кездесіп қалып жататын құбылыс. Автор ойының философиялық түйіні – қазақ перзенттерінің туған жерге, Отанға деген махаббаттарының күштілігі.

Сонымен бірге қазақтың басынан өткен ауыр нәубеттерді беретін штрихтары қысқа ғана. «Бұл 1986 жылдың мамыр айы болатын. Кеңес Одағының ұйытқысы болған Ресей жеріндегі Ульяновск қаласында Отан алдындағы борышын өтеп жүрді. Әскер қатарында жүргеніне алты ай өткенде Қазақстанда демократияның қарлығашындай болып Желтоқсан көтерілісі бұрқ ете қалған. Оның қара күшпен басылғаны белгілі. Алматыда көтерілген дауыл жер-жердің бәрін шарпыды. Әскерде жүрген Ұзақбай да қазақ болғаны үшін таяқтан көз ашпады. Өзі Өзбекстаннан барса да, Атамекеніндегі арпалыстың ащы дәмін татқан» [52, 4].

Очерктің негізгі айтары – тілден айырылған Ұзақбайдың аяқ астынан сөйлеп кетуі болғанымен, 1986 жылғы оқиғаның негізгі себебі болып табылатын отаршылдық зардабын көрсету. Желтоқсан

көтерілісі сияқты тарихи маңызы зор, дүниежүзілік масштабтағы айтулы ірі оқиғаға қарағанда тілден қалған жігіттің аяқ астынан сөйлеп кетуі, бір қарағанда, қатардағы ұсақ штрих қана.

Тәуелсіздік жылдарында танымдық бағыттағы публицистиканың дағдарып, тоқырап қалмастан, жаңаша тыныспен қайтадан жаңғырғаны аңғарылады. Бұл тақырыптағы ойды жеткізу машығының да қазақи ойлау жүйесіне бейімделіп, ыңғайлана түскен сәттері бар.

Төреғали Тәшеновтің «Сана мен саясат» [53] деп аталатын топтамасы бірыңғай осындай танымдық бағыттағы мақалалар мен очерктерден тұрады. Бұлардың басым бөлігі «Әлемде талай қызық бар» немесе «Ғалам ғажаптары» сипатында жазылған таза танымдық-ағартушылық бағыттағы туындылар. Ондай тақырыптағы дүниелердің танымдық жағы болмаса, көркемдік мәні төл журналистикамыздың сапалық ұстанымына әсер етпейтіндіктен, арнайы тоқтала кетудің қажеті шамалы болар. Бірақ ерекше тосын оқиғаларды көркем очерк немесе эссе формасында тілге тиек еткен дүниелерін атап өтсек, көзжұмбайлық жасағандай болар едік.

Атап айтқанда, «Шымкентті шулатқан «соғыс», «Теміртау трагедиясы», «Жалаңашкөлдің жаралы шежіресі», «Мұхтар Әуезовтың соңғы махаббаты», «Ақмоладағы «аттан», «Холокост шындығы», «Пайымы бөлек пандар елі» және т.б. очерктері де – оқырман қауым қызыға оқитын дүниелер қатарында. Бұлардың біразында өмірде орын алған ауқымды дәрежедегі тосын оқиғалардың қалтарыста қалған құпиялары жайлы әңгімеленсе, енді бір бөлігі жекелеген атақты адамдардың бастарындағы пендешілік сырларын ашуға бағытталған. Керекті детальды немесе қажетті деген штрихты ұстап көрсету арқылы автор жазылу нысанының қажетті кілтін тауып, көсемсөздің тиісті көркемдік қырларын меңгеруге қол жеткізе білген. Олардың басым бөлігінде көркем публицистиканың шарттары сақталып отырғанын да қаперге ала кетуіміз керек. Демек жалпы адамдық парадигмалар шарттары сақталып отырған.

Т. Тәшеновтің мұндай бағыттағы шығармаларының өзіндік ерекшеліктері неде десек, оған берілетін жауаптар сипаты да белгілі.

Біріншіден, автор шығармаларының сюжеттік желісіне өмірде болған қызықты оқиғаларды негіз етіп алып отырады және оларды кейбір эсселік сарындағы туындыларда ұшырасатын әсіре баяндауларға барып, қаламгерлік қиялына жүгіне бермейді.

Екіншіден, оның эссе, очерктерінің кейіпкері автордың өзі болып келеді немесе оқиға мазмұнын белгілі бір адамның маңайына

ғана топтастыруды, сөйтіп айтар ойын сол арқылы таратып әкетуді мақсат етпейді. Жалпы алғанда мұндай бағыттағы публицистикада нақты адамның бейнесін жан-жақты сомдап жеткізу де шарт емес.

Аталған авторлар үшін керегі – шым-шытырық оқиғалардың әлеуметтік қана емес, тарихи мәнінің де ерекше болып келетіндігіне оқырман назарын аударту, яғни, жалпыадамдық парадигма шеңберінде қарастыра білу.

Жалпы алғанда, танымдық бағыттағы дүниелерді көркем көсемсөздің мәнерімен оқиғалы етіп жеткізудің өзі қабілет-қарымын қажетсінетінін ұмыт қалдыруға болмас. Бүгінгі таңда осы бағытта талмай еңбек етіп жүрген С. Парманқұлов, Ә. Әуелбек, Т. Тәшенов публицистикасының бір ерекшелігі де осы тәсілді тиісінше меңгеріп алуында деп білген жөн. Егер тәуелсіздік кезінде ағартушылық-танымдық бағытта жазылғандарды көркемдік тұрғыдан жүйелеп, сараптап келетін болсақ, оқырманның олжасы болуға лайықты бірсыпыра тәуір дүниелердің үстінен шыға алатынымызға жоғарыдағы шағын мысалдар дәлел.

Танымдық дүниелерді тек қара мақала күйінде жадағай қалпында емес, өрнектеп, нақыштап, бояуын келістіріп жазған кезде, туындының жанрлық сипаты да өзгеріп, құбыла түсіп отырады. Журналистік ізденістердің бір парасы осындай көркемдік үрдістерді меңгеру бағытындағы бұрылысты қадамдардан көрінеді. Мысалы, мәтіннің кірпіші болып табылатын көркем тілдің құнарына жекелеген авторлардың басымырақ көңіл бөлуі де назардан тыс қалмауы тиіс екендігі. Ойды көркемдеп жеткізудегі түрлі иірімдер, қисынымен ұйыса кететін соны тіркестер кез-келген публицистиканың мазмұнын тереңдете түсері анық.

Өкінішке орай, нақ осы авторларда кездесетін лингвистика талаптарын орындаудан туындайтын осындай үрдісті жас публицистерден байқай алмай жатамыз.

Бүгінгі таңдағы бұқара жұртшылыққа қасиетті Ислам дінінің негізгі канондарын тарату, желкілдей өскен жас буынды имандылыққа баулу бағытында жазылып келе жатқан көркем көсемсөз шоғыры өз алдына бір төбе. Бұл қам-қаракеттің мақсаты – бүгінгі жаһандану үдерісі жағдайында қазақ тәрізді отаршылдық ықпалынан енді ғана босап жатқан туған халқын сақтап қалудың бір шарасы. Имандылыққа тәрбиелейтін Ислам дінімен бірге ұлттық салт-дәстүрімізді ғылыми тұрғыдан негіздеп, соның жекелеген салаларын нақтылау проблемалары да көсемсөзшілер үшін өзекті мәселе екендігі сөзсіз.

Дін тақырыбы да – шетін тақырып. Ислам діні жайында әңгіме көтерілген жағдайда жалаң уағыз, жадау насихаттың қонымсыз болып қалатын кездері бар. Өйткені қазіргі қоғам мүшелерінің, соның ішінде қазақ оқырмандарының да бүгінгі күнге дейін Исламды толықтай қабылдауға даяр емес екендігін сезінуіміз керек. Тіпті ата-бабалары мұсылман болып жүрген жарандардың өздері де «Ислам» десе, үрке қарайтын деңгейге жеткені де – өмірдің ащы шындығы.

Дәстүрлі баспасөз беттерінде жарияланып жүрген исламдық көсемсөзді былай қойғанда, тәуелсіздік алғаннан бері ана тілімізде шыға бастаған діни баспасөз бен діни әдебиет беттерінде де аталған тақырып әр қырынан қаузалуда. Жаңағы уағыздық немесе насихаттық сипаттағы көсемсөз үлгілері осылардың беттерінде молырақ.

Тәуелсіздік жылдарындағы көркем көсемсөздің тақырып ауқымы ұлғайып, жаңа қырынан да жандана, толыға түсті. Тіпті кейбір авторлар номер құрғатпай, жиі жазатын болды.

Осыдан келіп бүгінгі таңдағы қазақ көсемсөзіндегі жетекші тақырыптардың бірі – дін тақырыбы деген қорытындыға келеміз. Атеистік қоғам үстемдік еткен Кеңес дәуірінде дін мәселесін ауызға алуға тыйым салынғаны белгілі. Демократиялық үрдістердің жемісі ретінде орнаған тәуелсіздік бұл мәселені алдыңғы қатарлардың біріне шығарды. Енді бұрын жеккөрінішті тіпті ең құрығанда жұмбақ болып келген дін тақырыбы көркем көсемсөзді қыздыратын көрнекті құралдардың біріне айналды.

Исламның адамзат үшін аса пайдалы қырларын оқырман санасына жеткізу үшін тақырыптық көсемсөзді жазудың әдіснамасын игеруге тура келеді. Қазіргі қазақ исламтанушы публицистерінің арасында Ә. Дербісәлінің, О. Өмірбекұлының, Н. Ерназаровтың, және т.б. көсемсөзшілердің жазғандары мазмұнық тұрғыдан мүмкіндігінше объективті болып келетіні байқалады.

Ислам діні төңірегіндегі жазылған туындылардың бірсыпырасы көркемдік нышандарының басымдылығымен, предметі нақты болғанымен, қиыстыру жағының еркіндігімен ерекшеленді. Бұл тақырыпты әр қырынан індете жазған және жазып келе жатқандардың ішінде Р. Нысанбайұлы, Х. Алтай, Ә. Дербісәлі, М. Бұлытай, О. Өмірбекұлы сияқты белгілі дінтанушылармен бірге, Т. Әбдірайым, Н. Ерназар, Қ. Елемес, Д. Байтұрсынұлы, С. Махамбетов және басқа да көптеген дінтанушы көсемсөзшілеріміз бар. Олардың қатары күн өткен сайын молайып, жас исламтанушылармен толыға түсті. Атап айтқанда,



Қ. Жолдыбай, М. Отарбаев, Қ. Бағашарұлы және т.б. сияқты тақырыбын тапқан жас көсемсөзшілер.

Сонымен бірге осы тақырыпқа ат басын бұрғандардың ішінде есімі белгілі көрнекті ақын-жазушылардың да есімдерін оқи аламыз. Ә. Жәмішев, О. Сәрсенбай, С. Елубай және басқалары осылардың қатарынан.

Оқырмандар назарына іліккен тақырыптас кітаптардың бірі – Смағұл Елубайдың «Қиямет-қайым ғасыры» [54] деп аталатын еңбегі. Бір қараған кезде, кітапта алып-ұшып әкетіп бара жатқан тосын ойлар қатары онша мол болып көріне қоймауы да ықтимал. Автордың әріден тарта келіп, қаузап айтатыны – Ислам шарттарында келтірілетін Алланың бар екендігі және жалғыздығы төңірегінен туындайтын әңгімелер. Бүкіл әлемнің, оның ішінде адам баласының да сол құдіреті күшті Жаратушының қалауымен жасалып отырғандығы сияқты жалпақ жамағатқа жақсы мәлім жағдайды автор «Құран Кәрімде» айтылатын белгілі тәсілмен емес, ғылыми негізде, табиғат заңдылықтарына орайластыра отырып, тәмсілдік тәсілдермен түсіндіруге тырысады. Сонда оның арқа сүйейтіні – мектепте пән ретінде оқытылылып келе жатқан ғылыми негіздер, жазу формасы – көсемсөздік үрдіс.

Бұндай тәсіл оқырманға жақсы түсінікті болып табылатыны сөзсіз. Негізінен танымдық бағыттағы бұл еңбектің көркем публицистикаға әкеліп ұштасатын тұсы да осында. Осындай жанрлық жағынан синтезделген туынды бүгінгі таңдағы қазақ көркем публицистикасының өзіндік бір үлгісі ретінде көрінеді десек, артық айтқандық бола қоймас.

Мұнда Исламдық тұжырымдар кейіпкерлер арасындағы оқиғалар мен диалогтар арқылы өрбиді. Төмендегі диалогтар соның бір үлгісі:

« – Сонда сіз «Адам өмірге тек тап-таза періште күйінде келеді. Оған жамандық атаулы қоршаған ортадан жұғады» деп тұрсыз ғой?! – Солай..

Адамзат тарихы басқаша айтады. Тарихтың адам қанымен жазылғанын айтады. Зұлымдықтың адамның туабітті қасиет екендігін көрсетеді. Ащы да болса ақиқат осы. Романтиканы қойыңыз» [54, 343].

Осындай қайшылықты ойлар қақтығысынан құрылған диалог бірнеше бетке созылған. Адам баласының өмірге келгендегі мақсатын айқындап беру үшін жазушы таза философиялық толғаныстарға берілмей, айтқысы келіп отырған түпкі ойын кейіпкерлер арасындағы әрқилы пікірлердің тартысынан туында-

тады. Алланың құдіреттілігін дәлелдеу мәселесі сатылай жүзеге аса келеді де, соңына қарай бұлтартпас тұжырымдармен автор дауласып отырған оппоненттің барар жер, басар тауын қалдырмай, тығырыққа тірейді. Екі тарап та ойларын мейлінше айқын ұсына ұсынып келен кезде таразы басын басып кететіні – Алла тағаланың кітабы «Құран Кәрімнен» туындайтын қисынды ойлар шоғыры. Бұл арада біз диалогтар мазмұнын таза қазақи көзқарастар негізінде құрылған, сондықтан ұлттық парадигма биігінен көрінеді деп айта алмасақ керек.

Осы жерге келгенде дауласушы тараптың аузына салынатын сөз мынандай:

«– Көкесі! Жетеді!!! Зәреміз ұшып біткен бұл байғұс та күнәкар Адамды қалай құтқарамыз?!» [54, 164].

С. Елубай көсемсөзі – тек діни ғана емес, тағылымдық, философиялық. Оңашада отырып, ойлануға, пайымдауға жетелейтін түйінді тұстары мол. Автормен бірге оқырманның жанына бататын жағдайлар – қоғамның имандылық-моральдық жағынан азғындауға даяр тұруы және кейбір жағдайларда жас ұрпақтың жан дүниесін бұзатындай етіп, төмен қарай құлдырауы. Сол азғындықты ауыздықтау жолындағы құдіретті күштің бір Алланың ғана дәрегейінен табылады деп қол қусырып отыра беруге тағы болмайды екен. Публицистиканың философиялық түйіні – қол қусырып, қарап отырмай, әрекет ету.

Жоғарыда аттары аталған авторлардың жекелеген пайымдаулары Оңғар қажы Өмірбекұлының қажылық жасау тәртібі жайында жазылған сапарнамасынан айқынырақ көрініс табады. Бұл автордың «Қажылық құлшылық қана ма?» [55] деп аталатын осы очеркі де осы қасиетті Ислам тақырыбына қатысты ағымдағы оқиғаларды әңгімелеп берумен шектеліп қалмаған. Мекке-Мәдинаға барып, қажылық парызын қалай өтеп қайтқаны жөнінде тартымды түрде әңгімелеп беруі арқылы ол діни мәселелерді де көтерген. Мекке-Мәдинеге барып, қажылық парызын өтеп қайтқан пірәдардың жолжазбасы очерктік сипатқа ие болады да, құлшылықта жүрген тақуа жандардың тіршілігі көз алдыға тірі картина болып келе қалады. О. Өмірбек қажының Ислам жайлы айтатын уәждері мен пайымдаулары жаңалық та бола қоймас, бірақ типтік қорытындыға, ортақ ойларға жетелеп әкелетіні сөзсіз.

Қажылық құлшылығы – туристік сапар емес, тіпті іскерлік саяхаттан немесе шоп-тур деп аталатын коммерциялық амалдардан да табиғаты алыс, өзгеше дүние. Жанрдың дәстүрлі шарттарының жақсы орындалуымен бірге очерктің оқырманды ой салуға, на-

зар аударуға жетелейтін қызықты тұстары олқы соғып тұрған жоқ. Сондай ұтымды ойлардың бір парасы қажылардың шатыры ішіндегі полилог сипатында өрбиді. Сюжетті ширықтыратын ситуация – дастарқан басында үлкендердің бата жасап, бет сипағанын сорақы көрген жастармен болған дау-дамай. Олар – осы Мәдина қаласында діни оқу оқып жүрген қазақтың жас жігіттері екен. Бет сипаудың шын мұсылман үшін қате болып табылатындығын, дәстүрлі Ислам шарттарына орта жолдан қосылған бидағат екендігін айтып, өз дәлелдерін көлденең тартады әлгілер. Дауды өршітіп жіберетін деталь да осы бет сипау төңірегінен шығып тұр.

Бұл арада Ислам жолын ұстанушылардың бірнеше мазһапқа бөлінетіні, ал олар өз кезегінде одан ары қарай жекелеген ағымдарға салаланып кететіні еске түседі. Жалпы Ислам жолы ең түзу жол болып саналғанымен, оның өз ішіндегі осындай ағымдардың барлығын бірдей қабылдай беруге болмайтындығын қарапайым жұртшылықтың бәрі біле бермейді. Солардың алдыңғы қатарында тұратындар – харижиттер мен салафидтер. Бұлар Ислам дінінің шарттарының бір де бір әрпін немесе тыныс белгісін өзгертуге болмайды, тек сол қалпында қалтқысыз орындау керек дейтін ұстанымға берік. Құранда бата беру мен бет сипау жайында ештеңе айтылмағандықтан, бұл жағдай жаңағы жігіттер үшін сорақы болып көрініп тұр. Қоғамдағы өздерінің көңілдеріне жақпайтын осындай құбылыстарға наразы болғандықтан да, Исламды тұтынушылар арасындағы ұсақ-түйек ауытқуларға бола жиһад ұйымдастырамыз, күнәһарлардың жолдарын кесеміз деген сылтаумен лаңкестікке баратындар да – фундаментальдық Исламның басқаша ойлайтындармен мәмілеге келмейтін осындай бірбеткей өкілдері.

Очерк өз кезегінде осынау өзекті мәселенің түп-тамырына үңіле отырып, оқырман бұқарасына үлкен ой тастайды.

Қажылықта көрген қызғылықты эпизодтарымен бірге ол мұсылман жамағаты үшін ойландыратын тұстардың да бар екендігін қаперге салуы – материалдың өзектілігін арттыра түсетін ізденіс белгісі.

Мәдинада Ислам діні бойынша білім алып жатқан шәкірттердің ішінде басқа пиғылдағы жастардың да ұшырасуы публицистің пікірінше жанға бататын ахуал. Оқу орнындағы курстарын бітіріп, Қазақстанға қайта оралғандардың арасында Ислам дінінің халықтар арасындағы татулыққа, бірлікке нұқсан тигізетін теріс ағымдарын насихаттайтындар да жоқ емес. Автордың мазасын алып, жанын ауыртатын жағдайдың бірі де осы. Бұндай тағылымды өрнектер

Абай Хамзаның (Мауқараұлы) «Дәрісхана мәдениеті» [56] атты сыпаттамалық очеркінен де аңғарылады.

Тұжырымдай айтқанда, Ислам тақырыбын індете қаузаған публицистика – тәуелсіз Қазақстан журналистикасындағы өзіндік бағыт, тағылымды тақырыптар жүйесі.

Көсемсөз үлгілеріне жататын дүниелердің бір парасы – жалғыз-ақ ойды айтумен шектелетін жекелеген тәмсілдер мен қанатты сөздер негізінде жазылған топтамалар. Тәуелсіздік жылдарынағы оның айқын үлгілері – Ш. Мұртазаның «Бір кем дүние» және М. Отарбаевтың «Ойқазан» [57] атты туындылары. Көсемсөз үлгісіне жататын «Ойқазан» атты кітабына адамды имандылыққа, адамгершілікке үндеу бағытындағы жекелеген афоризмдер, қанатты сөздер мен тәмсілдер топтамасы енген. Зерттеушілердің пайымдаулары бойынша, бұндай жанрдағы туындылардың табиғаты көркем публицистикаға жақын болып келеді. Орынды да сенімді түрде жазылған жағдайда мұндай шағын шығармалардың тағылымдық жағы, тәрбиелік мәні айқын көрініп тұрады да, ақылына ақыл қосқысы келетін оқырман үшін сенімді рухани серікке айнала алады.

Кітап «Өмірдің өзі – Рамазан», «Ақиқаттың ажары», «Жалғыздықтың жолы», «Табанға кірген шөгір», «Ой намысы», «Сараң садақа», «Өмірсіз өлім мен өлімсіз өмір», «Ескендірдің жеңілісі» деп аталатын деп аталатын сегіз тақырыпшаға бөлінген. Осылайша жүйеленген ойлар тізімі оқырмандар оңай қабылдап, түсініп алуға да ыңғайлы.

Рас, кітаптың беттерінен бұрыннан таныс қанатты сөздер мен тәмсілдердің ұшырасып қалуы әбден ықтимал екендігін жоққа шығармаймыз. Автор оларды бұрыннан айтылып немесе жазылып келе жатқан стандартты қалыпқа салып, сол күйі қайталап шығуды мақсат етпеген. Назар аудартатыны – өз тарапынан соны бояулар мен сөз тіркестерінің қосылғандығы, замана ағымына лайық жаңаша реңмен жаңғырытылып, әрленіп ұсынылғандығы. «Ойқазанның» мазмұндық құрылымындағы осындай ерекшеліктері жөнінде жазушы Н. Ораз: «Бірақ ежелден белгілі ақиқатты айта отырып, автордың жаңаша түйін жасап, тың көзқарас білдіргенін әуелде аңдамай да қалатын сияқтымыз» [58, 8] деп пікір білдірген екен. Орынды пайымдау мақұлдауға лайықты.

Сонымен бірге автор бұрыннан бар ұғымдарға заманауи сөздерді немесе сөз тіркестерін араластыра отырып, жаңаша әр, тың түсініктер қосуға тырысады. «Әркімнің таразыда тартылған өлшеулі өмірі – сынақ аренасы» [57, 17] деген сөйлемдегі «арена» –

қазақ ауыз әдебиетінде де, діни әдебиетте де қолданылмайтын халықаралық термин. Бірақ бүгінгі оқырманға бек түсінікті. Ендеше «Сынақ аренасы» тіркесін қай қайсымыз да жатырқамай, сол қалпында қабылдай аламыз. Осындай пайымдаулар арқылы жалпы адамдық парадигмалардың ортақ құндылықтары көз алдыға елестейді.

Кітаптың өнбойында уақыт ағымына сәйкес осы тақілеттегі соны сөздер мен тіркестер қатары баршылық. Атап айтқанда, автордың өзі жанынан ұсынып отырған «Дінаралық үнқатысу – стратегиялық іс шара», «Пайдақор саясат аш жүрген жануар іспетті», «Мәнсіз мың жыл өмір сүргеннен гөрі, мәнге толы бір минут ғұмыр кешкен абзал-ау», «Кейде детальдар негізгі мәнді ұмыттырады» деген нақылдардың құрамындағы жекелеген сөздердің өзі уақыт тынысын аңдатып тұрғаны айқын.

Оқырманға бұрыннан да белгілі тәмсілдердің енгізілуі топтаманың ортақ ойына, түпкі идеялық мақсатына қызмет ету үшін алынған деп түсінгеніміз жөн. Кейбір таныс сюжеттердің ұсынылу себебі де кітаптың идеялық мақсатымен нақ осылайша қабысып, үндесіп жатуына байланысты.

Кітапқа енген мәтіндердің басым көпшілігі бүгінгі таңдағы өзекті ойлармен, заманауи мәселелермен ұштасып жатқандығы аталған еңбектің уақытпен үндес, қабаттас екендігінен хабардар берсе керек. «Тәуелсіздіктің тұсында тіліміздің тежеліп қалуы үлкен күнә», «Бұрын салынған үйлердің пәтерлер өте тар. Қазақ көбеймесін дегені ме?..», «Зиялылықтың басты ерекшелігі сабырлық», «Әкімі әділ елдің бейбақ болуы қалай?» және т.б. ой ұшқындары қай қазақтың болсын жанын ауыртқан мәселелерді дөп басады.

Айтар ойды данышпандардың қанатты сөздерімен тиянақтап, дәйектеп отыру ғылыми ізденістің, таным-түсінікті кеңейтудің белгісі екендігі сөзсіз. Осылайша ойға тірек, сөзге дәйек етіп алуға жарап қалатын фразеологиялық тіркестер М. Отарбаев байламдарының ішінен де кездесіп, көркем публицистикада айтылар ойларды бекітіп, тиянақтай түседі.

Кітаптағы назар аударатын тағы бір ерекшелік – авторлық ойлардың замандас қаламгерлердің айтқан сөздерімен де дәйектеліп жататындығы. Бұның өзі автордың дарынды әріптестерін бағалай білетіндігінің белгісі екендігі сөзсіз. Бұндай сипаттар әсіресе замана ағымына ілесе жазылған жекелеген тәмсілдерден байқалады. Мысалы, «Жауратқан – жапырақтың көлеңкесі...» дейді ақын Төреғали Тәшенов. Кішкентай ғана жапырақтың

көлеңкесінен салқындық сезіледі» [57, 114] деп түйін жасауы немесе ақындар Дәулетбек Байтұрсынұлының, Саят Қамшыгердің өлеңдерінен мысалдар ала отырып, ары қарай өзінің ұсынар ойларымен сабақтастырып әкетуі, тұщымды тұжырым жасауы авторлық ізденістің жаңағы айтылған келесі бір қыры десек болады.

М. Отарбаевтың аталған еңбегін философиялық канондар тұрғысынан талдай келіп, философия ғылымдарының кандидаты Б. Сатершинов: «Бұл топтамалардан әдетте кез келген жас қаламгерге тән болып келетін сентиментализм мен маскимальизмді де аңғаруға болатындай» [59, 179] деген түйінді пікір айтады. Демек көсемсөздің қысқа формасында қалам тербеген жас автордың бұрынғы ойлардың көлеңкесінде қалып қоймай, жалпақ әлемді өзінше көруге тырысуы, өзінше бағалай білуі, қоғамдағы түрлі құбылыстарға ең алдымен имандылық призмасынан қарауға тырысуы – қалайда шығармашылық игі ізденістің нышаны екендігі айқын.

Бір сөзбен айтқанда, тұщымды ойларды түйіп-түйіп айтатын жас автордың ұсынып отырған еңбегін бос сөздердің тізбегі емес, тұжырымды тәмсілдердің тыңғылықты жазылған топтамасы деп қабылдаған жөн.

Тәуелсіз ел көсемсөзінің күн тәртібінде тұрған өзекті тақырыптардың бірі – экология мен табиғатты қорғау, соған орай қазақи салт-дәстүрді де қалпына келтіру мәселелері. Бірақ бұл салада індете жазып, өндіре еңбек етіп жүрген қаламгерлеріміз жетерлік деп ауыз толтырып айтуға әлі ертерек.

«Осы кезең ішінде бұл тақырыпта айрықша назар аударған жақсы шығармалар болды ма?» деген сауал қоюдың өзі артық шығар. Атап айтуға боларлық санаулы дүниелердің бірі – М. Юсуповтың «Табиғат тағылымы», Ж. Бабалықұлының «Қырандар», С. Көшімбаевтың «Қолына құс қондырған адам» [60] атты этнографиялық очеркі тәріздес санаулы дүниелер. Бұларда қазақтың дәстүрлі аңшылық, саятшылық өнерінің этнографиялық ерекшеліктері, оны табиғатты сақтау мен қорғаудағы ұтымды да оңтайлы жақтары жеке-жеке оқиғалар үстінде әңгімеленіп отырады.

«– Сонда сіз, мысалы, құс салушылардың республикалық қоғамын құрып, бір орталықтандырған жөн демексіз ғой? – дедім.

– Иә. Әйтпесе әркім дәл осы жерде өз білгенін істеп жүр» [61, 175]. Осы диалогтан Қазақстандағы құс салушылар мен қыран құстардың проблемалары шаш-етектен екендігі байқалады. Тек қана бұл сала емес, табиғатқа қатысты бүкіл кешенді мәселелер әр қырынан жазылып, уақыт өткізіп алмай тұрып, дер кезінде шешуді

қажет ететіндігі сөзсіз. Табиғат тақырыбындағы көсемсөзіміз осы бағытта пәрменділік көрсетсе дейміз.

Мәселен, осы қатардан табылатындардың арасында Сағидолла Көшімбаев, Өмір Кәріпұлы және т.б. санаулы қаламгерлердің ғана есімдерін көре аламыз.

Жоғарыда келтірілген талдаулардың нәтижесіне қарай отырып, қазақтың көркем публицистикасы тәуелсіздік жылдары тақырыптық, формалық жағынан түрлі ізденістерді басынан кешіре отырып, уақыт рухына сай дамып келе жатқанын байқаймыз. Публицистика жайында бұрынғы ғалымдардың айтқандарын былай қойғанда, бүгінгі таңдағы зерттеушілеріміз бұрыннан қалыптасып, күнделікті кәдеге асырып келе жатқан түсініктер мен пайымдауларды замана ағымына сай жаңаша қырларымен толықтыра түсуде. Мәселен, филология ғылымдарының докторы Г. Смағұлова бұл жанр жайында былай деп ой қорытады:

«Қоғамдық, әлеуметтік және саяси жағдай, тұрмыстық мәселелер сияқты толып жатқан замана құбылыстары әр дәуірдің өз тарихы ретін хатқа түсіп қала береді. Қай кезде болмасын олар публицистикадан көрініс табады. Қоғамдық мәселелерді сөз етуіне қарай публицистика көркем әдебиетке де бір табан жақын келеді. Оның да жанрлық ауқымы кең, көркемдік қуаты мол. Алайда публицистика сөз өнерінің бірі ретінде көркем әдебиеттен айырмашылығы бар. Публицистика алдымен дәлелге, құжатқа, ойға жүгінеді» [61, 89].

Осы зерттеудің нысанына айналып отырған көсемсөз үлгілері ғалымның нақ осы тұжырымының төңірегінде табылып жататынын атап өткеніміз жөн.

Тәуелсіздік жылдары өмірге келген ондай үлгілерден байқалатыны – қазақ көркем көсемсөзі адамзаттық және ұлттық парадигмаларды бейнелеп жеткізу барысында жаңа сапалық өзгерістерді бастан кешірді, көсемсөзшілердің айтар ойының еркіндігі қанатын кеңге жайып, жаңашыл пайымдаулар да қоса көрініс табуда деген қорытынды жасауға әбден болады. Тақырып жағынан алғанда, алдыңғы қатарға шыққан ұлттық-азаттық мәселесі екендігі сөзсіз. Соның өзі зерттеу нысанының бір қыры болып табылатыны анық.

Ой айту еркіндігі, баспасөз беттеріндегі демократиялық үрдістер, көркемдікке тән болып келетін жекелеген факторлар өз кезегінде соны формалар мен мазмұндардың қалыптасуына алып келді. Бұл үрдістерді әсіресе қашанда қазақ журналистикасының алдыңғы қатарынан табыла кетуге қабілетті қаламгерлердің ықылас, таны-

мынан байқай аламыз. Бұндай нышандар әсіресе С. Әбдірахманов, Ж. Аупбаев, Е. Айғалиұлы, Қ. Олжай, Т. Тәшенов және т.б. журналистика еңбекторыларының қалам іздерінде айқын көрініс тапқан. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ көсемсөзінің жазылу формаларындағы әрқилы ізденістер уақыт екпініне жауап беруге тырысқан жаңашылдық нышандары екендігі сөзсіз.

Бұл жылдардағы көсемсөзші авторлардың тақырып атаулыны қазақи ойлау түсінігінен шығара отырып, ойнатып, түрлендіріп, тартымды етіп қоюға деген еркін ұмтылысы да назар аударарлық. Мұның өзі біз туындыларын өзек етіп жатқан көсемсөзшілердің жекелеген материалдарының тақырыптарына көңіл бөліп көрейік. Мысалы, Қайнар Олжайдың «Қанат байлаған қазақ» [51] жинағына енген эссе, очерктердің аттары «Күннің күрең дақтары», «Берия атылған бункер», «Аяқталмаған ай сапары», «Ашқұрсақ арулар», «Өнер тақтасындағы король» тәрізді болып келеді де, оқырман көңілінде «Ол не?» деген сұрақ туғызады.

Осындай ойнату, құбылту үрдісі Ә. Әуелбекұлының туындыларының тақырыптарына да жат емес. Атап айтқанда, «Адам тағдырын алға қойған Жұмағұлов», «Генералдың ақырғы аманаты», «Алғашқы басқосу – ақырғы айқас», «Қазақтың қырғыз қызы», «Екі рет жерленген жауынгер», «Жантүршіктірген жанайқай», «Қазақ альпинисінің қазасы», «Сталиннің сұсынан сескенбеген» және т.б. тақырыптар анадайдан менмұндалап, оқуға асықтырып, оқырманды өзіне тартып тұратыны сөзсіз.

Өздері тақырып етіп алып отырған белгілі бір жазу нысанына қатысты авторлардың кейіпкерлерінің бейнелерін ашып көрсету жолындағы шығармашылық тәсілдері де біркелкі емес. Белгілі бір рецептпен жазылып, формасы да, стилі мен мазмұны да ортақ қалыптан шыққандай материалдардың тартымды оқыла қоюы неғайбіл.

Формалық ізденіс – жазу шеберлігін толықтырып, жетілдіре түсетін шығармашылық фактор. Базбір авторлар пішіндік ізденістермен бастарын қатырмай-ақ, өз ойларын қалыптасқан үрдіс шеңберінде жекізуді ниет етсе, енді бір қалам иелері түрлі формалық түрлендіруді көркемдік ізденістің бір қыры ретінде бағалайды. Тәуелсіздік кезеңіндегі көркем публицистикадағы сыртқы айшықтардың бір көрінісі осылардан аңғарылады.

Пішіндік ізденістерге ерекше мән берушілердің алдыңғы легінде тұрғандар деп Сапабек Әсіпов, Қайнар Олжай, Қали Сәрсенбай, Бауыржан Омаров және басқа да қалам қайраткерлерін атап өткен жөн. Қазақтың өнер тарландары Роза Бағланова, Асанәлі



Әшімов, Ескендір Хасанғалиев және т.б. жайында қалам тербегенде, Қ. Олжай шығармасының әр жеріне тақырыпшалар қоя отырып, кейіпкерінің болмыс-бітімін жүйе-жүйесімен ашып көрсетуге көңіл бөлген. Бұндай пішіндік тараптағы құйқылжыған ізденістердің болуы оқырманды қызықтыра түсуге де себепші.

Мысалы, Е. Хасанғалиевтің қарттардың түрлерін санамалап беруі, «Төрт тарапты түгендеген талант» эссесінде мәшһүр ақын Есенғали Раушановтың «Бірінші», «Екінші» есептер» және т.б. формалары сияқты қызықты детальдар шығарманың оқылуына тікелей ықпалын тигізетіні сөзсіз. Бұндай тәсіл сонымен бірге адамның эстетикалық қабылдауын одан арман шындай түсуі де ғажап емес.

Осы тәуелсіздік кезеңіндегі түрлі бағыттағы сәтті ізденістер жас журналистер үшін таптырмас мектеп де бағалағанмыз абзал.

Көркем әдебиеттің жанлары сияқты публицистикада да формалық, пішіндік тұрғыдан түрлі ізденістердің үлгілері қанатын кеңейтіп жатса, оған назар аудармай өту де мүмкін емес. Соның бір мысалы Мамытбек Қалдыбайдың «Мың жыл аңсайды» деп аталатын кітабынан көрінеді. Автор өзі тақырыптың астына «Деректі роман» деп айқындама бергенімен, таныса келе, шығарманың бұл жанрдың талаптарын толығымен қанағаттандыра қоймайтыны байқалады.

Ақыры кітаптың жазылу формасы сөз болып қалғаннан кейін, осы арада автордың белгілі бір формалық үрдісті қалап алғанын баса айтып өткен жөн. Ол оқиғалардың бірыңғай жалаң баяндаудан тұрмайтындығын, көркемдік құралдың бір түрі ретінде диалогтың жиі пайдаланылатындығын атап көрсеткен абзал. Кітапта диалогтар үлкен көркемдік-эстетикалық мәнге ие. Бұл көркемдік құралдың мағынасы жан-жақты әрі салмақты екендігін көрсететін сипаттар осы кітапта мейлінше айқын.

Ең бірінші, диалог сюжеттік желілерді жетектеуші күш ретінде көрінген. Баяндаушының ұмытып бара жатқан немесе аузына түспей тұрған детальдарды екінші адамның қойған сұрақтары тіріліп, ашып көрсетіп отырады. Баяндауды одан арман шиырықтырып, қызықты, мағыналы ете түсетін де – әңгімені айтқызушы адамның осылайша ұрымтал тұстан қойған түрлі сұрақтары.

Екіншіден, кітапта диалог характер ашудың, мінез сомдаудың құралы ретінде көрінеді. Сонымен бірге ол – керекті штрихтар мен эпизодтарды таңдап алу мәселесінде тікелей әсер етуші тетік. Одан кейінгі бір мәселе – кезеңдік шегіністер жасауға, тақырыпқа тікелей қатысы болмаса да, оқырман дүниетанымын кеңейтуге қызмет

ететін сұрақтардың қойылуына диалогтардың тікелей ықпалы болғандығы.

Көсемсөзшілердің едәуір бөлігі айтар ойын, баяндап отырған оқиғасының мазмұнын қысқа қайыруға бейім. Көркем публицистиканың тілдік қолданыстарына қойылатын талап та көркем прозаның тіліне қойылатын талаптардан кем болмағаны жөн. Өйткені қазақтың жазба тілі қашанда әдеби нормаларға сай мейлінше қалыптасқан тіл болғандықтан, оның көркемдік деңгейі әрдайым сақталып отырғаны абзал. Талдау өзегіне айналып отырған шығармалардың елеулі бөлігі осы үрдістерге толық жауап бере алатын деңгейде. «Көркем әдебиет емес қой» деп арқаны кеңге салып, төс айылды босатып алу бұл жанрда жазылған шығармалардың тілін қарабайырландырып жіберуі ғажап емес.

Бұл жауапкершілік авторлардың басым бөлігінің қаламының ұшында.

Кез келген көсемсөз үлгісіне эмоционалдық-экспрессивтік сипаттың тән болып келуі – жанр заңдылығы. Осындай шарт тұрғысынан келіп қарағанда, аталған жылдар ішіндегі қазақ көсемсөзі бұндай нышаннан құралақан қалып келе жатпағаны байқалады.

Екінші жағынан бұл мәселеге сыни көзбен емес, жалпы жанрдың міндеттері тұрғысынан да қарай білу қажет. Эмоциялық лепті мөлшерден тыс төгіп-шашу, ой еркіндігі деген желеумен сөз тіркестерін түйдек-түйдек етіп оңды-солды пайдалану қызылсөзділікке, желбуаздыққа апарып соғуы әбден ықтимал.

Осы арада айту керек, тәуелсіздік алғаннан кейін де Кеңес дәуірінде идеологиялық тетік ретінде қызмет атқарған қызылсөзділіктен біржола арылып болдық деп айта алмаймыз. Бұндай жоғары пафостағы реңк әсіресе тәуелсіз Қазақстан, туған жер, ұлтымыз бен ана тіліміз жайындағы көсемсөздік материалдардан басымырақ бой көрсетіп жатады.

Формалық ізденістің түрлері мол болса да, ғалымдар қауымының бір парасы өздерінің зерттеу нысанын талдауға байланысты аналитикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, соның ықпалымен жазу барысында ғылыми-академиялық стильді ұстануға бейім болып келеді. Кейбір авторлар басқа жанрда қалам тербеген жағдайда да осындай үрдістен көп ауытқи бермейді.

Атап айтар болсақ, академик С. Қирабаев өзінің «Өмір тағылымдары» деп аталатын еңбегін бұндай қатып қалған құрғақ, қасаң машықпен емес, баяндаушылық мәнердегі ұстамды стильмен жазып шыққан. Қомақты кітаптың тілдік қолданысы ала шұбар де-

уге болмайды, барлық тараулар бас-аяғы бір деммен жазылғандай әсер етеді. Автор сол кездегі қоғамдық-саяси ахуалға талдау жасап, тым шалқып кетпейді, жекелеген адамдардың мінез-құлқын, өмірбаян жолдарын тәптіштей әңгімелеп, беталды қазымырлануға да жоқ. Осындай машыққа иек арту арқылы оның қазіргі оқырманның көркемдік қабылдауын ескере білгені байқалады.

Көркем публицистиканың жазылу мәнері неғұрлым ұстамды болып көрінетін жанры – естелік. Белгілі оқиғаларды баяндау барысында Ә. Нұршайықов естеліктерінде адуынданып, ырық бермей алып кететін жеке бастың эмоциясы жоққа тән. Кітап авторы көргенін көргендей немесе естігенін естігендей етіп, айтар ойын қаз-қалпында ұсынуды жөн көреді. Кейбір естелік айтушылар тәрізді әлеуметтік-танымдық маңызы төмен детальдарға шұқшия үңілуге, өзі жайында кеңпейілдене әңгімелеп, шұбаланқылыққа жол беруге де сақ. Мұның өзі кітаптың танымдық салмағымен бірге көркемдік-идеялық бағасын арттырып тұрған фактор екендігі сөзсіз.

Ә. Нұршайықов көсемсөзінің тілі онша бай болып көрінбейді, қолданатын тілдік қордың арсеналы да айтарлықтай мол емес. Соған қарамастан, оның публицистикасының көркем шығармадай тартымды оқылу себебін автордың шеберлігінен іздеген абзал.

Ш. Айматов, М. Шаханов диалог-толғамының мазмұны тілдік тұрғыдан жұпыны көрініп тұрған жоқ. Қазақша көркем ораммен айтқанда, сұқбат жасаушылар сөздерін құнарлы тіркестермен, қанатты сөздермен тұздықтай сөйлеуге бейім. Екі автордың қатысуымен диалог формасында жазылғандықтан, еңбектің стильдік тұрғыдан орындалуының біркелкі болуы шарт емес. Қанша айтқанымен, екі автор да – ойларын қағаз бетіне түсіру ісінде жазу машықтары қалыптасқан, қолтаңбалары дараланған шығармашылық иелері. Сондықтан кітаптың өнбойында олардың әрқайсысының жазу стильдері аз да болса бөлектеніп отырулары керек еді. Бірақ бір автордың сөзінен екіншісіне көшкен кезде жазу машықтарындағы айырмашылықтар ерекшеленіп, ажыратыла қоймайды.

У. Қалижановтың «Ел мен ер», «Президент» атты кітаптарының тілді қолдану сипаты ең алдымен жас оқырмандар үшін арнап жазылғандай әсер қалдырады. Бұндай тұжырымға әкелетін – ойнақы да, қысқа жеңіл сөйлемдер, ой айту барысындағы нақтылық, келтірілген деректерді сол құрғақ қалпында қалдыра салмай, біреп сөйлеммен ой түйіндеу сияқты ерекшеліктер.

Б. Омарұлы кез келген журналист қаламына іліге бермейтін құнарлы сөз, бейнелі тіркестермен кітаптың ажарын аша түсу жағына көңіл бөліп отырған. «Барған басылымы жайнап сала беретін бас редактор Бердіқұловтың қасиеті неде?» [62,28] деген жалғыз сөйлеммен сұрақ қоя отырып, оқырманның көкейіне ой тастап өту де – Б. Омарұлы қаламына тән машық.

Ойды өрнектеп, сөзді тірнектеп жазу барысында қай автор болса да қазақ тілінің бейнелі де бедерлі болмысын айқындай түседі. Көз қуантатын «Қапелімде айтар сөзімнің бас-аяғы құралып болмайды. Айтар әңгімемді дұрыс жұптамасам, топшысымен қағып жіберетіндей көрем. Қорықпаймыз, бірақ қорғалақтаймыз, бұқпаймыз, бірақ ығамыз...» [62, 41] деген тәрізді бейнелі пайымдаулар «11-ші қаламұш» кітабының әр бетінен ұшырасып отырады.

Ә. Әнуарбектің қаламынан туған «Голощекин мен Сәдуақасов арасындағы келіспеушіліктің соңы Смағұлдың қудалануына ұласты» [52, 99] деген сөйлемнің мағынасына көз жүгіртетін болсақ, алдыңғы екі адамның келіспеушілігі үшінші бір адамға зияны тигендей болып қабылданатыны сөзсіз. Ал шынтуайтында бір сөйлемнің ішінде автор бір адамның біресе фамилиясын, біресе атын атайды. Бұл арада әдеби тілдің, соның ішінде публицистика тілінің де нормалық стилі бұзылғаны байқалады. Екіншіден, қалыптасқан норма бойынша, «Сәдуақасов» емес, «Садуақасов» болып жазылуы керек еді.

О. Қауғабайдың «Таңғажайып Қонаев» деп аталатын кітабының жазылу формасы нақ осындай ықшам эпизодтар мен оқиғалардан тұратын шағын әңгімелерден құралған. Ол әңгімелердің мазмұндық-идеялық тереңдігі қандай деңгейде екендігі өз алдына жеке мәселе.

Ж. Ахмадидың «Тектілік тұғыры» шығармасының тілдік қолданыстары да үлгі боларлық деңгейде. Автордың жазу машығына тән болып келетін тіл құнарын күшейтетін мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер бұл шығармада да баршылық. Ол, әрине, құптарлық жағдай. Бірақ кейіпкерлерінің басым бөлігінің шешен сөйлеуі, ойды түйдек-түйдегімен тастауы ақиқи өмірдің шындығына сәйкес келе қояр ма екен? Ішінара әдеби нормаға, грамматикалық талаптарға сай құрылмаған жекелеген сөйлемдер, әсіресе құрмалас сөйлемдер оқырманның түсініп оқуын ауырлатып жіберуі әбден ықтимал.

Композициялық жүйесінде, жекелеген сөйлемдерінде ептеген селкеуліктер ұшырасып жататын шығармалардың бірі – Б. Тобаяқовтың «Бостаннан ұшқан тау-қыран» өміраяндық очеркі. Автордың кейіпкер өмірін үшінші жақтан баяндап келе жатып, ке-

неттен өзі атынан, яғни, бірінші жақтан сөйлеп кетуін формалық ізденістерге жатқыза алмас едік.

«Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы» роман-эссесінің мәтіні де сөз қайталаудан, түсініксіз сөздерден немесе сөздерді орынсыз тіркестіруден құралақан емес. Атап айтқанда, оның үлгілері «Байқадым, көке, - деймін тәутендеп» (34,8), «Мен шешемнің осындай нәрлі сөздерінен кейін оқымаймын деген сөзіме ұялып...» [34,14], «...абажадай биік, бойшаң кісі...» [34, 207], «...әдемі ақсақал» [34, 250] тәрізді мысалдардан көрінген. Осындай мән бермеушіліктен «Мен, Қалдаяқұлы Шәмшінің, о дүниеге аттанғанымға он-сегіз-он тоғыз жыл болды» [45, 457], тәрізді жекелеген сөйлемдер әдеби норманың талаптарын бұзып жазылған.

«Екеуіміздің (Жәнібеков) Отырар топырағынан екенімізді мен консерваториядан шығып қалғанда бір-ақ білдік» [34, 300]

«Ал, Шәмші Қалдаяқов мырза, жол болсын!» [34, 168]

«...кейбір қыздар ышқырлатып жіберсең де, қарсылық жасамайды...» [34, 183]

«...үш бөлмелі пәтер беріліп, кең жайға көштік...» [34, 199]

«Өзбекәлі Жәнібек Торғай облысына... кететін болыпты... Суыт хабар.» [34, 216]

«Үш-төрт шешендерден кейін...» [34, 223]

«Қырыққа толдым бүгін» [34, 208]

«...отыздан асқан еркексің ғой» [34, 232]

«...қазақтарымыздың жағымпаздығы дүниежүзінде бірінші орынға шықты» [34, 356]. Осы келтірілген сөйлемдерді әдеби норманың талаптарына сай жазылған деп айту қиын. Оның үстіне бөлектеніп берілген сөздерді орынсыз қолданылып тұрғаны да байқалады, ұлттық ұғымымыздағы тұрақты тіркестерді бұзып айту машығы бар.

Шолулардан аңғарылып тұрғанындай, тәуелсіздік жылдары қазақ көсемсөзі жекелеген кемшін тұстарына қарамастан, кеңестік заманнан мұра болып қалған шығармашылық шеңбермен шектеліп қалмай, формалық әрі мазмұндық тұрғыдан ширығып, жетіле түсті деп атуға негіз бар.

Осы тұжырымнан көріп отырғанымыздай, көркем көсемсөздің міндеті – проблема атаулыны бірыңғай сараптап, талдап беру ғана емес, сөздің қадір-қасиетін, ішкі әлеуетін сақтай білу, мүмкіндігі болғанынша, ұлттық жазу мәдениетін әдеби нормалар шеңберінде жаңа биіктерге көтере білу. Осы еңбекті қолға алу барысында ең алдымен ескеруге тура келгені – көркемдікті құрайтын осындай әмірлік факторларға назар аудару керек екендігі.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭТНОСТАРДЫҢ КӨСЕМСӨЗІ

Қазақстанда тұратын халықтардың көркем көсемсөзі бажайлап, сараптай қараған уақытта жалпыадамдық және ұлттық парадигма талаптары тұрғысында шын мәнінде назар аударуға, зерттеу өзегіне айналдыруға тұрарлық екендігі байқалады. Диаспора өкілдерінің көркем публицистикасы осы тәуелсіздік жылдары ішінде жанр табиғатын байыту жағынан ғана емес, формалық ізденістер тұрғысынан да үнемі өзгерістерге түсіп, жетілу үстінде көрінеді. Оның мысалдарын көркемдік деңгейі көңілден шыға аларлық деңгейде тәуір жазылған көптеген шығармалардың бойынан аңғару қиын емес. Диаспоралық көркем публицистиканың ішкі жанрлары да әр алуан десек те, әсіресе өмірбаяндық, сапарнамалық сипаттағы туындылары басымдау. Ғұмырбаяндық-деректі дүниелердің ішінде эссе формасында жазылғандары да ұшырасып жатады.

Қазақстанда тұратын әртүрлі ұлт өкілдерінің ішінде алдымен көзге түсетіні де – орыс қаламгерлері және ойларын орыс тілінде өрнектейтін басқа диаспора өкілдері. Бұл арада қазақстандық орыс көсемсөзшілерінің өздерінің қалыптасқан көркемдік-идеялық үрдістері мен ұстанған қағидалары бар екендігі аңғарылды.

Орыс тілінде жазатын Қазақстандық публицистердің жазу машығы, өмірлік шындықты жеткізу жолындағы амал-тәсілдері өзара ұқсас тіпті кейде ортақ болып келетін көркемдік үрдісті қалыптастырған деп тұжырымдай аламыз. Олардың жазғандарында көсемсөздік үлгілердің очерк, деректі проза, эссе, естелік және т.б. сынды әр түрлі сипаттары аралас көрініс тауып жатады.

Қазақстан Республикасында жарық көріп жатқан орыс тіліндегі әдеби-мәдени және қоғамдық журналдарда мемлекет шеңберіндегі тақырыптарды қозғайтын көркем көсемсөз үлгілерінің кездесіп тұратыны – құптауға лайықты оңды нышан. Бұндай шығармашылық құбылысты дұрыс бағалаудың негізгі себебі еліміздің тәуелсіздік алуымен тікелей байланысты екендігі даусыз. Өйткені басқа ұлт өкілдерінен шыққан қалам қайраткерлерінің өздері отын оттап, суын сулап отырған елдің мүддесін қорғайтын материалдар жазуға ықыласты болуы олардың игі ниетте екендігін аңғартпай ма?

Солай бола тұрған күннің өзінде де республикамызда шығатын жекелеген басылымдардағы публицистикалық туындылардың едәуір бөлігі, жоғарыда айтылғандай, Қазақстан тақырыбынан

алыс болып келетіндігін жасырып-жабудың қажеті жоқ. Орыс тілінде жазылған көркем публицистиканың қозғайтын проблемалары негізінен бірыңғай орыс халқының, орыс мәдениеті мен руханиятының тақырыбын ғана қозғауы бір жағы заңдылық та сияқты. Әр қаламгердің өзі шыққан этникалық тегіне қатысты дүниелер жазса, оның несі айып?

Бірақ осы арада ойланатын, байыптап-байырқалайтын бір мәселе бар. Қай қаламгер болса да, ең алдымен өзі өмір сүріп жатқан, қызығын көріп отырған мемлекеттің аумағындағы елеулі мәселелерге назар аудармай ма, әрі-беріден кейін сол мемлекеттің мүддесі үшін қызмет етпей ме? Өзі өмір сүріп отырған Отанының бары мен жоғын жырлау дүниежүзі қаламгерлерінде жазылмаған заңдылыққа айналғалы қашан? Қазақстан сияқты елде тұрғаннан кейін бойындағы сөз қабілетін де соның ыңғайына қарай жұмсап жатса, нұр үстіне нұр емес пе?

Сонда Елбасы саясатына сай мемлекеттің бірлігі нығайып, күшейе түсер еді, ондай шығармалардың ел тұтастығын қалыптастыруға қызмет етері де анық. Бірақ, өкінішке орай, орыс тіліндегі барлық мерзімді басылымдардың басшылары олай түсіне бермейді.

Басқасын былай қойғанда, республикадағы орыс тілді журналдардың алдыңғы қатарында тұратын «Простордың» беттеріндегі көркем көсемсөз үлгілері, ең алдымен Ресей тарихына, орыс халқының көрнекті тұлғаларына қатысты болып келеді. Бұларда жалпыадамзаттық және ұлттық парадигмаларды айқындайтын ештеңе жоқ дей алмаймыз, екеуінің де ұшқындары әр қырынан бой көрсетіп отырады. Жалпыадамзаттық мәселелердің қандай екендігі түсінікті, ал ұлттық деген кезде алдымен қазақ ұлтын немесе Қазақстанда өмір сүріп, еңбек ететін ұлт диаспораларына қатысты парадигмалық өлшемдер осы аталған және басқа шығармаларда қандай сипатта және қандай мақсатпен берілген? Міне, әңгіменің негізгі түйіні осында.

Пікір тиянақты болуы үшін аталған журналда жарық көрген кейбір материалдарға тоқталып кетуге тура келеді. «Простордың» 2014 жылғы 2-санында жарияланған В. Михайловтың «Тайна Лермонтова» [63], О. Тарлыкованың «Работа моя единственная надежда», Н. Слепцовтың «Играй, гармонь» в стране и в сердце» тәрізді көркем публицистикалары – нақ осындай рухтағы, жалпы орыстық немесе жалпы ресейлік мәселелерді қозғаған, былайша айтқанда, журналды шығарып жатқан Қазақстан Республикасының тарихи-қоғамдық немесе рухани өміріне тікелей қатысы жоқ

дүниелер. Сондықтан бұндай шығармаларды көтеріліп отырған тақырыпқа орай талдаған кезде тек ұлттық парадигмасын орыс рухының тұрғысында ғана талдауға тура келмек.

Онда да қарап отырсаң, қазақстандық орыстың емес, ең алдымен ресейлік орыстың мәдениеті, жан дүниесі мен көзқарасы ғана көрінетінін айта кеткен жөн. Бұл жағдайда туындайтын әлеуметтік мағынадағы айқын тұжырым біреу. Ол нақ осындай мазмұндағы материалдар ұлттық республикадағы басылымның емес, Ресейдің өзінде шығатын журналдардың талабы мен талғамына сай келетін, солардың деңгейіндегі дүниелер екендігі.

Соның бір мысалы Геннадий Дорониннің «Үлкен Михайловскоймен қоштасу» [64, 65-105] атты шығармасының мазмұндық құрылымынан анық көрінеді. Автор өзі «Очерк» деп айдар қойғанымен, бұл туындының мазмұны, қамты итын мәселелері сол анықтаманың аясынан асып кетеді. Өйткені онда жаңағы айтылған жанрлық белгілермен бірге тарихи зерттеу жұмысының нышандары да көзге ұрып тұр.

Туынды негізінен А.С. Пушкиннің Орал қаласында болуының 180 жылдығына арналғанымен, автор әр тұстан үзіп-жұлып, тарихқа, әдебиеттануға және жағырафияға қатысты мәселелерді сыналап енгізіп отырған. Ішінара лирикалық шегіністерге де жел беріп, өзінің көңіл күйін алдыңғы планға шығарып қоюды да ұмытпайды. Бір ауыз сөзбен айтқанда, бұл шығарма – публицистикалық-зерттеушілік бағыттағы көркем синтездік жазбаның бір үлгісі.

Автор алдымен өзінің балалық шағына шегініс жасай отырып, санасында Пушкиннің тек бір ғана емес, бірнеше сипаттағы образы сақталып қалғанын қаперге алады. Оның пайымдауынша, мектеп оқулығының беттерінде кездесіп жататын ақын бейнесі тарихи шындыққа қарағанда көңілсіз, сүреңсіз. Ал ол өзі қала көшесінде күнде көретін Пушкин мүлде басқаша, эффектiсi күшті образ.

«Еще наш Пушкин был красив, довольно высок, думаю, значительно красивее и выше оригинала» [64, 65-105], – деп үстемелейді автор. Бұл арада гротесклік элементтердің бар екендігін де жоққа шығара алмаймыз. Қаламгер, міне, осылайша өзінің естеліктеріне тізгін бере келіп, ұлы орыс ақынының қазақ жеріне қалай келгені жайында қысқаша ракурс жасайды. Өзіне мәлім тарихи фактілерді көлденең тарта отырып, жекелеген орыстың ұлы ақыны жайында деректер келтіріп, пікір айтып жүрген жекелеген оппоненттерімен дереу пікірталасқа да кірісіп кетеді. Нақтырақ айтқанда, қазақстандық газеттердің бірі



Пушкинге қазақтың ғашықтық жыры «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» таныстырып, жаздырған басқа ешкім емес, қазақтың дауылпаз ақыны Махамбет Өтемісов деп тұжырымдағы материал жариялаған екен. Және ол Пушкинмен басқа еш жерде емес, қазақтар бұрын «Үйшік» деп атаған Гурьев қаласында кездескен көрінеді. Жаңа сенсациялық дерек бойынша ұлы ақын атақты Даль екеуі одан ары қарай Астрахань жаққа асып кетіпті.

Автордың пайымдауынша, бұлардың қай-қайсысы да келісуге болмайтын дәйексіз, дәлелсіз жалған мәліметтер. Оның осындай жосықсыз жаңалықтарға, тайғанақ пайымдауларға қарсы қоятын аргументтері де тиянақты. Дәлел келтіру жағына келгенде ол байсалдылықты, бапты тілейтін машықпен ақынның қазақ даласына келгендегі әрбір қадамын ежіктей талдап, жүйе-жүйесімен тізбелей жеткізіп отырады. Соның нәтижесінде оппонентінің шегінуіне де жол қалдырмаған тәрізді болып көрінетіні рас.

Бұл публицистикалық синтезде тек негізгі кейіпкер жөнінде ғана емес, ұлы ақын болашақта жазуды жоспарлаған атақты бүлікші Пугчаев турасында да қызықты деректер өз алдына жеке очерк сынды болып жалғасын тапқан. Әрине, зерттеушілік жұмыстарымен жүрген Пушкиннің шығармашылық мақсатын айқындау үшін бұл да керек болған шығар. Бірақ автор сөз арасында ғана айтылуға тиісті Пугачев мәселесіне келгенде, едәуір тереңдеп, бас кейіпкеріне қатысты арнадан алыстап та кетіп жатады. Сөйтіп очерктің кейіпкері тек бір адам болуымен шектелмей, персонаждар қатары көбейе түседі, атақты бүлікшінің өмірбаянына қарай фактологиялық шегіністер жасап, көтерілістің тарихи мәнін ашқысы келген ниеті де айқындалып қалады.

Едәуір мәліметтерді қамтығандықтан, кей тұстарында танымдық мәні басымдау болып көрінетін очерктің келесі көңіл бөлетін тұсы – қазақстандық пушкинтану мәселесі. Білгісі келген жастар үшін бұл да өзінше Пушкинге қатысты зерттеу қырларының бірі, мол ізденістердің өзіндік нышаны дерлік. Енді осы арада көңіл бұра кететін бір жағдай – қазақ жерінің шетін жағалап өткен орыстың ұлы ақыны сол өзі көрген елдің, жердің байырғы тұрғындарымен қандай қарым-қатынас жасады деген мәселе жөнінде аталған туындыда ләм-мим деп ештеңенің айтылмай қалғандығы. Пушкиннің Орынбор, Орал сапарын жақсы біліп тұрған автор өз очеркінде тек ұлы ақын «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» (онда да тек 5 бетін) жазып алумен шектеліп қалды ма, жоқ, қырғыз-қайсақтарға қатысты басқадай деректер бар ма дегенге тоқталмайды.

Ұлттық және жалпыадамдық парадигма нышандары, шындап келгенде, осындай мәдениеттер тоғысын көтерген матриалдардың өн бойынан төбе көрсетуі тиіс емес пе? Осындай жанрлық тұрғыдан алғанда, белгілі бір қалыпқа сыйыса қоймайтын, ал мәтін ішіндегі мазмұндық құрылымы да түрлі тақырыптарға қарай ойысып кете беретін көркем публицистикалық туындыда жалпы адамзаттық парадигмалардың бой көрсетуі тіпті көркемдік-идеялық заңдылық деуге болады.

Ал ұлттық мәселе дегенге келгенде де бір қалыптың шеңберінен табыла бермейтін жері де жоқ емес. Атап айтқанда, автордың бір ғана назар аудартатыны – орыс рухына, орыс мәдениетіне тән парадигмалық түзілімдер. Очерктегі жекелеген оқиғалары қазақ жерінде өтетін болса да, тікелей қазақ ұлтының өміріне, қоғамына тән болып келетін нышан-детальдарды айту жағы кемшін, тіпті жоққа

Татьяна Фроловскаяның «Незабвенный Евгений Борисович» [65] очеркі жазылу мәнері мен болған жайларды мазмұндау жағынан белгілі бір дәрежеде Г. Доронинның шығармасымен үндес деп айтсақ артық емес. Әдебиетшілік жолға түсуді армандаған талапты жастың басты мақсаты біреу ғана болыпты. Өз сөзімен айтқанда ол: «Пятью годами раньше я поступила на филологический факультет с единственной целью: познать секреты литературного мастерства, изучать жизнь гениальных поэтов, чтобы уважительно подражать» [65, 148].

Міне, алдына осындай игі мақсат қойған жас талап өз өмір жолының осынау бір қызық кезеңінде көрнекті орыс ақыны Борис Пастернактың ұлы Евгений Борисовичпен кездесемін де ойламаған екен. Бірақ бұл кездейсоқ кездесудің табиғи негізі бар болып шықты. Өйткені жаңағы айтып отырған мақсат жолында автордың дипломдық жұмысының тақырып етіп алғаны – сол атақты Пастернактың ақындық шеберлігі көрінеді.

Очерк тұтасымен ұлы ақынның тікелей ұрпағының адами болмыс-бітімін, интеллектуалдық өресін ашуға бағытталған. Автор үшін мұндай адаммен кездесу кім кімнің болса да, өмірінде өшпестей із қалдыра алатын қуатты энергияның көзіне айнала алады екен. Бұл жағдай осы Евгений Борисовичтың мысалында жекелеген оқиғалар, шағын эпизодтар арқылы әр қырынан дәлелденіп отырады. Шығармаға кең тыныс бере отырып, Т. Фроловская тек қана өзі ортақ нысан етіп алған кейіпкерінің төңірегімен шектеліп қалмайды, оның айналасындағы ықпалды тұлғалар мен

олардың мінез-құлқын, болмыс-бітімін аша алатын бояуы қанық детальдарға да көңіл бөліп кетеді.

Осылардың арасынан әсіресе ықпал етуге тиісті күш – Евгений Борисовичтың әкесі, орыс рухының көркемдік өлшемдерінің бірі Борис Пастернактың шығармашылығы мен азаматтық-қоғамдық келбетін ашу мәселесін де үнемі қаперінде ұстайды. Сөйтіп осындай маңызды аргументтерді қамти сөз қозғағандықтан да, очерк сюжеттік жағынан болсын, танымдық тұрғыдан болсын, әжептәуір салмақты дүниеге айнала алған.

Очерктің фабулалық болмысына қарағанда, ұлы ақынның зерделі перзенті де жастайынан білім-ғылымға құмар, көп оқыған азамат болып қалыптасқан. Оқымаған кітабы жоқ интеллектуалдық тұлғаның айтар ойы, өзіндік көзқарасы айналасын мойындататын деңгейде. Осылайша ауыз толтырып айтарлықтай биіктікте тұрған адамның жекелеген адами қырлары, мінез-құлқы және т.б. жағдайлары көркем очеркте жүйелі түрде болмаса да, үзіп-жұлып суреттеліп отырады. Және бұндай суреттеудің жанр табиғатына ешқандай да қайшы келмейтінін байқау қиын емес.

Автор ақын перзентінің айналасымен, оның әкесінің өміршең мұраларын еске алумен бөгеліп қалмай, сол кезеңдегі орыс зиялыларының көзқарастары, алған бағыттары жайында да лебіз білдіріп отырады. Бір сөзбен айтқанда, ойлары өзі нысан етіп алған тақырыптың төңірегінен табылып жатады.

Алайда, осы арада жалпыадамзаттық және ұлттық парадигма тұрғысынан ескеретін бір жағдай бар. Ол не десеңіз, шығармада, қазақстандық руханият әлемінің, оның ішінде қазақ менталитетінің көрініс таба алмауы. Біздің бұл қойып отырған талабымыздың логикалық тұрғыдан қисынды екендігін дәлелдеп өткеніміз жөн болар.

Біріншіден, Татьяна Фроловская – Алматы қаласында өмірге келген, жастайынан қазақ халқының рухани әлемімен қойындаса өскен қазақ жерінің төл тумасы, оқырманға жақсы танмал ақын. Қазақстандық автордың қазақтарға соқпай кететін кездері некен-саяқ деп білсек, ұлттық рухты шет жағалап сездіріп өту мүмкіндігі бар.

Екіншіден, ол өз кейіпкерін басқа бір өлкеде, шет жерде емес, өзі туып-өскен Алматысында, республикадағы жоғары білімнің флагманы, өзі білім алған Қазақ университетінің қабырғасында жолықтырады.

Үшіншіден, осы шығарманы басып отырған Ресей мемлекетінің немесе басқа бір жердің бейтаныс басылымы емес, кәдімгі

өзіміздің жанымызға жақын, қазақ қаламгерлерінің қауымына да, оқырмандарына да етене таныс «Простор» журналы.

Міне, осындай қазақ халқына әр жағынан жақын бола тұра, очерк ешқандайда да қазақи менталитетті қажетсінбестен, таза ресейлік рухта жазылған. Тіпті оның оқырмандары да қазақстандықтар емес, ресейліктер сияқты әсер етеді. Шығармада жалпы адамзаттық және орыстың ұлттық ұстанымына лайықты парадигма ұшқындары төбе көрсетіп отырғанымен, осы оқиға болып жатқан ортаның байырғы ұлтына тән нышан-белгілер байқалмайды.

Жалпы Қазақстан басылымдарында әр уақыттарда орыс тілінде жарық көріп жататын көркем көсемсөз үлгілерінің едәуір бөлігінде осы елдің байырғы тұрғындары қазақтың иісі де, көлеңкесі де болмайды. Рухани тепе-теңдік тұрғысынан алып қарағанда, бұл, әрине, келісуге болмайтын, ұлттық қабылдауға қиғаш келетін кертартпа құбылыс. Бірақ қазақстандық басылымдардың ұстанатын осындай кереғар қалпына, теріс бағытына «Неге бұлай?» деп мән беріп жатқан көсемсөз сыншылары немесе оқырмандар байқалмайды. Сонда бұл неғылған бетімен кеткендік және оның әлеуметтік себебі неде деп ойламасқа шараң жоқ.

Жалпы орыс тілінде жазылған қазақстандық көркем көсемсөзді адамзаттық және ұлттық парадигмалар тұрғысынан жіліктеп талдап қарағанда, оларда ең алдымен орыс рухының басым түсіп жататыны, байырғы ұлт, қазақтарға аз көңіл бөлінетіні жазылмаған заңдылыққа айналып кеткенін, бұл қисынсыздыққа оқырманның еті де әбден үйреніп алғанын рухани өміріміздегі қалыпты типтік жағдай деуге болады.

Қазақ және орыс тілдеріндегі әдебиет беттерінде Ресей патшалығы заманында орыс қауымдастығы құрамындағы әскери сословие болып табылатын казачествоның орыс отаршылдығының алдыңғы қатарынан көрініп келгендігі, сондықтан да бұратана халықтарға, соның ішінде қазақтарға да теріс қарағандығы жайлы аз жазылып жүрген жоқ. Орыс армиясының авангарды болып табылатын казачествоның отарланған жерлердегі байырғы ұлттарға қатысты қанқұйлы әрекеттері жөнінде тарихи деректердің де бар екендігін жоққа шығаруға болмайды.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін бүкіл Ресей халқының таптық тұрғыдан екіге жарылып алып, ақ-қызыл болып майдандасуына байланысты сол казачество қауымдастығының да екіге бөлініп кеткені рас. Бұл жөніндегі көркем көрнекіліктің жарқын үлгісі М. Шолоховтың «Тынық Дон» романынан айқын көрініс тапқан. Бас

қаһарман, Дон казагы Григорий Мелехов біресе қызылдар, біресе ақтар жағында соғысса, оның ағасы Петр ақтар қатарында болып, бұрынғы патшалық режимді қорғау жолында қаза табады.

Казактардың белгілі бір бөлігі Қызыл армия жағына өтіп, жаңадан орнап жатқан Кеңес өкіметі үшін соғысқаны жайында басқа да зерттеу еңбектері мен көркем әдебиет шығармаларында аз кездеспейді. Бірақ Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, большевиктер партиясы казачествоға қатаң қарап, оны сословие ретінде жойып жіберуге тырысты. Бұлай жасаудың большевиктер партиясы ұстанған бағыт бойынша тарихи-саяси себептердің болғаны анық. Соның ішінде ең бастысы – казактардың басым көпшілігінің жаңа билікке қарсы күрес үстінде көрінгендігі деп айтуымыз керек.

Жекелеген әдебиеттерде казачествоның қазақ сияқты бұратаналарға зәбір-запа көрсетіп, тіпті реті келсе қырып жіберуден тайынбаған оқиғалардың да кезіккені жазылған. Сондықтан да орыс қоғамындағы бұл ерекше әскери сословиені аз халықтардың, соның ішінде көшпенділердің де жауы деп тану ұғымы күні бүгінге дейін сақталып қалған.

Бұл түсінікті осы уақытқа шейін күмәнсіз шындық ретінде қабылдап келгенімізді мойындауымыз керек. Айтылып жүрген бұл тұжырымның тарихи деректер мен өмір фактілеріне қаншалықты жанасымды екендігі жөнінде Сергей Угрениновтың «Казачьи сотни и казахские отряды: рука об руку» [66] деп аталатын эсселік хикаяты біршама айқын жауап берген. Мұнда келтірілген түрлі деректер жоғарыда аталған, оқырмандар арасында қалыптасып кеткен стереотиптік түсінікті бұзуға бағытталыпты.

Автордың дәлелдеуінше, казачество орыстың қол астындағы бұратана халық болып табылатын қазақтарға (яғни, киргиз-кайсақтарға) түбегейлі дұшпандық көзқараста болмаған, керісінше, реті келсе, қазақтармен ынтымақтаса, бірлесе отырып, бірнеше ғасыр бойы ортақ жауларға қарсы күрескен. Осы тұжырымын дәлелдеу үшін автор хронологиялық тәртіппен көптеген деректерді бірінен кейін бірі келтіріп өтеді.

Мысалы, қазақ жұртының кейбір өкілдері ата жауы санайтын Ермактың жасақтары жайында автор: «Тем не менее, пришедшие в Сибирь казаки Ермака волей-неволей стали первыми русскими союзниками казахов в борьбе с внешними врагами» [66,14] деп тұжырымдаған. Автордың бұл айтып отырған сөзінің шындыққа қаншалықты жанасымды екендігі кейбір зерттеушілер тарапынан дау туғызары анық. Бірақ осы пікірге тиянақтап отырған

С. Угрениновтың да өз дәлелдері, көлденең тартуға тұратын дәйектемелері бар екен.

Сонымен бірге он сегізінші ғасырдың орта тұсында Жоңғариямен шектесетін аймақтарға орыс өкіметінің көптеген қарулар мен әскери күштерді әкелуін, қамалдар тұрғызып, бекіністер соғуын автор қазақтарды жоңғар шапқыншылығынан қорғау үшін жасалған амалдар деп түсіндіреді. Орыстар Жоңғар басшысы Қалдан Церенге хат жазып: «...содержащего ныне в Ваших улусах Аблая, также других кайсаков освободить» [66, 26] деп қатаң талап қойған. Осылайша айбар көрсетудің нәтижесінде 1743 жылы Абылай тұтқыннан босатылып, қайтып келгеннен кейін осы уақытқа шейін әрекетсіз отырғандары үшін қазақтардың өзіне ренжіген. Бұдан шығатын қорытынды – Абылайды қалмақ тұтқынынан босатқан қазақтардың өздері емес, орыс билеушілерінің өктемдік көрсетіп жазған хаты.

Абылай сұлтанның жоңғар тұтқынынан қалай босанғаны жөнінде қазақ тарихшылары мен осы тақырыпта көркем шығарма жазған қаламгерлерінің айтатын деректері С. Угрениновтың айтқанынан сәл қиғаштау шығып жататынын да ұмытуға болмас. Бұл жазылып отырған еңбек кімдікі жөн, кімдікі теріс екенін ашуды мақсат етіп қоймағандықтан, ары қарай тереңдей төрелік айтып жату міндетімізге кіре де қоймайды.

Сонымен бірге шекаралас аймақтарда қазақтардың орыстарға шабуыл жасап, тұтқынға алынған адамдарын құлдыққа сатып жіберуді кәсіп етуге дағдыланып алғандығы, сондай теріс әрекеттердің салдары ақыры келіп Ресеймен жақындасуға елеулі кедергі келтіргендігі айтылады. Бұл көршілес жатқан екі елдің көп уақыт бірін бірі өзара түсініспеушілігіне алып келген екен. Сонымен бірге мұндай кереғарлық Ресей патшалығының жергілікті жердегі ұлықтарының тоңмойындығынан да орын алып отырғанын қаперден шығаруға болмайды. Бұл тұжырымды дәлелдеу үшін автор он сегізінші ғасырдың ортасында Орынбор өлкесінің губернаторы қызметін атқарған Давыдовтың қазақтарға теріс көзқараста болып, қысым жасағандығын баян етеді.

С. Угрениновтың пайымдауына қарағанда, сол замандардан бері қарай созылып келе жатқан осындай ұлыорыстық шовинизмнің салқыны бүгінгі таңда да жалғасын табуда. Орыстардың бұратана халықтарға үстемдікпен, асқақтай қарайтын болмысын өзгертудің қиын екендігін де ашып айтқан:

«Даже если Президент Назарбаев посадит во все министерские кресла славян, Казахские ТВ и радио будут 95 процентов ве-

щать на русском языке, русский язык делают государственным, все казахи наденут русские национальные костюмы и будут петь только русские песни, то и тогда эти мнительные, воспитанные в чувстве национального превосходстве славяне будут недовольны казаками и найдут к чему придираться и за что критиковать этот дружеский, родной по духу, по-настоящему близкий славянам народ» [66, 8] дейді ол.

Осы тұжырымды ұлты қазақ авторы айтса, үзілді-кесілді түрде «ұлтшылдық» деп бағалар едік. Ұлыорыстық шовинизм сүйегіне дейін өтіп кеткен қандастарының қылығы туралы орыстың өзі осылай пайымдап отырған жағдайда, бас иземеске шара жоқ.

Автордың қазақ пен казактардың ынтымақтастығы жайында келтіретін тарихи деректері мен фактілеріне немқұрайдылықпен жүрдім-бардым қарауға болмайды. Ол келтіретін мысалдардың ішінде көңіл аударатындары да аз емес.

«За подвиги в Хивинском походе уроженцу нынешнего Карачаганана Ержану Шолакову царским указом вручен орден св. Великомученика Георгия Победоносца» [66, 175].

«У киргизов скот отбирался в еще больших масштабах, а их самих красные вырезали целыми аулами. По подсчетам киргизских комитетов, к лету 1919 года было убито до 10 тысяч киргизов (казахов) Семиречья» [66, 185].

«Есуал Горбунов, прося начальство уважить просьбу казахов о призыве в армию, писал (26 сентября 1919 г.), что они уже «зареккомендовали себя с наилучшей стороны» [66, 192].

Кезінде бір жақ қапталында жатқан Қоқан хандығынан қатты зардап шеккен қазақтардың өз аяғымен Орта Азияға келген орыс әскерлерінен көмек сұрауы заңды да еді. Бұндай ниет әсіресе Ақмешіт пен Ташкент қалаларын алуға байланысты айқын аңғарылғанын С. Угренинов біресе көркем әңгімелеу арқылы, енді бірде нақты фактілерді көлденең тарту нәтижесінде қызықты етіп әңгімелейді.

«Отряду пришлось преодолевать ряд глубоких, заполненных водой каналов. Перед одним из них остановились в нерешительности, так как он был особенно широк и глубок. Тут неожиданно на другой стороне канала появился бегущий казах, он прямо в одежде бросился в воду и переплыл к русским. Он рассказал, что в Ак-Мечети уже знают о походе русских и готовятся к их встерче» [66, 108].

Сол кезеңде қоқандықтардың орталық қаласы болып саналған Ташкентті Ресейге қаратудың тек орыстар үшін ғана емес,

көршілес отырған қазақтар үшін де саяси-тарихи маңызы зор болатын. Өз жерінің үстімен өтіп келе жатқан жатжерлік әскерлерге қазақтардың өз еркімен қосылу себебін сол қоқандықтардың басқыншылық зардаптарына қарсыласудан туған құбылыс екендігі белгілі.

Ташкенттің Ресей империясына қарауы бүкіл Орта Азия тарихындағы елеулі де маңызды тарихи оқиға болып саналды және сол арқылы Ресей патшалығына қарайтын аумақтар да мейлінше кеңейді. Бұл жөнінде С. Угренинов өз кітабында мынандай деректер келтіреді:

«В июне 1865 года генерал-майор Черняев, возглавив около 2000 русских офицеров, солдат и казаков, а также 400 казахских джигитов, атаковал Ташкент – крупнейший город Средней Азии с населением более 100000 человек» [66,146]. Яғни, Ташкентті бағындыруға орыстармен бірге қазақ жігіттерінің де қатысу себебі бұған дейін қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты болатын. Оңтүстік өңірлерді тіршілік кешіп жатқан қазақтардың Қоқан басқыншылығынан көз ашпай, зардап шеккендігі тарихтан жақсы мәлім. Сондықтан да олар Ресейлік басқыншылармен тіл табыса отырып, өздеріне тізе батырып келе жатқан Қоқан езушілігінен құтылуды көздеді.

Жоғарыда келтірілген екі үзіндіде екі ұлтқа тән ұлттық парадигмалар сипаты біршама тәуір көрініс тапқан.

Адамдар тағдырларының қалайша қалыптасатындығы туралы өндіріп жазып жүрген қазақстандық орыс тілді қаламгерлердің бірі – А. Арцишевский. Оның «Укрощение реки и судьба человека. Василий Казначеев» атты очеркіндегі бас кейіпкер өз басынан өткен жағдайларды сараптап келіп, былай дейді:

«Базировались мы в Ленинграде, мой товарищ по службе Сакен Искаков был из Чемолгана, он с таким восторгом рассказывал про Алматы, про Зайлиский Алатау, что я в тайне и сам стал мечтать об этом городе...» [67, 13]. Әңгіме айтушыны қазақ жеріне қызықтырып әкелген – сол өлкенің тумасы, ұлты қазақ азаматы. Осы ситуация арқылы қазақ және орыс ұлттарына тән жекелеген менталитеттік өзгешеліктер шетпұшпақтап болса да төбе көрсетеді. Ар жағында ешқандай жаман ойы жоқ қазақ жігіті өз елінен тысқары жерде жүріп, сүйікті қаласын басқа ұлттың өкіліне мақтап әлекке түссе, онда тұрған ештеңе бола қоймаса керек-ті.

Көсемсөзшінің осы туындысында алдымен көрінетіні – адамдар тағдырының ұлттық парадигма шеңберінде шешіліп жататындығы. Василий де, Сәкен де бірге соғысып жүрген майдан-



дас достар. Әскери ұжым қашанда интернационалдық сипатқа ие. Көсемсөзшінің жазуы барысында әр ұлттың өзіне тән болмыс-бітімі, ой дүниелері жекелеген штрихтармен ашылған. Алыста жүрген әрбір қазақ баласы секілді Сәкен де туған жерін сағынғандықтан, қарулас достарына өзінің кіндік қаны тамған жеріне ерекше тебіренеді, сөйтіп Алатау мен оның баурайындағы Алматыны мақтап айта берген. Оның көңіл түпкірінде сол туған жерге деген махаббатты сездіруден басқа бөтен ой жоқ,

Ал оның қасындағы жолдасы майын тамызып мақтай бергеннен кейін, өзі естіп-білмеген, көрмеген, бұған дейін тіпті ойында да болып көрмеген Алматыға деген ықыласы оянады. Көруге аңсары ауады. Бірақ сол бір іштей оянған тілекті ашып айтпай, іштен ғана тынып жүре береді.

Бірақ екінші жағынан алып қарағанда, жақсы орын, жайлы қоныс іздеп жүрген басқа ұлт өкілі үшін бұл хабардың Америка ашылғандай әсер еткені анық. Жаңағы толассыз мақтауға төтеп тұра алмай, ақыр соңында өзі көріп-білмеген, тіпті естімеген қазақ жеріне, соның ішінде Алматы қаласына қоныс аударуға бел байлайды. Бұл арада алдыңғы планға шығатын – қазақтың парықсыздығы, мақтаншақтығы, туған жерді сағына білуі болса, қашанда өмір сүру үшін жақсы жер іздеп жүретін орыс ұлтының пиғылы да көрініс тапқан.

Ақыры соғыс бітіп, бейбіт өмір басталған сәтте кідірместен, өзіне беймәлім қазақ жеріне қарай аттанып кетеді де, ақыры осында тиянақтап қалады. Және жай ғана қатардағы тұрғын ретінде қалып қоймай, Қапшағай су электр стансасының басқарушы директоры қызметіне дейін өседі.

«Года два назад мы с женой летели из Москвы в Алматы. Молоденький пограничник спрашивает: «Вы куда летите?» «Домой» отвечаю. «Откуда» «Из дому». Он глазами хлоп-хлоп, ничего не понимает» [67, 13].

Осы шағын диалогтың әлеуметтік-психологиялық астарын түсіну үшін бәлендей терең зерделіліктің қажеттілігі шамалы. Қарулас қазақ жігітінің мақтауы бойынша қазақ жеріне келіп, жақсы жұмысқа іліккен, тұрмыс-тіршілігін де мүмкіндігінше оңдап алған орыс азаматы үшін Ресей мен Қазақстанның қай-қайсысы да өз үйіндей. Қазақстан арқылы қоғамдағы өз орнын тауып, кәсіпкерлер әлемінде беделді тұлғаға айналған Василий Казначеев өзінің тарихи Отаны Ресейді де өзі үйі санайды.

Осы арада І. Есенберлиннің «Көлеңкемен қорғай жүр» романындағы қазақ жеріне алғаш рет келіп тұрған шовинист Качанның «Бұл – менің жерім» дейтін астам пиғылы еске түседі.

Кезінде «Мой адрес – Советский Союз» деп аталатын ән мәтіні жай ғана жалған патетиканың әсерінен тумағаны, орыс ұлты үшін Кеңестер Одағының барлық жері өз үйі болғандығы, айналып келгенде, осы ұғымның өзі орыс империализімінің жаршысы болып табылатындығы сол замандардағы өмір шындығы емес пе. Бірақ сол шындықтың инерциясы Қазақстан тәуелсіздікке ие болған бүгінгі таңда да жалғасын тауып отырғандығын автор бүкпесіз ашық айтып көрсетіп берген. Бұл қосазаматтық алуды көздеген көптеген орыс ұлтының өкілдеріне тән көзқарас.

Осындай империалистік пиғылмен тәрбиеленген астам ұлттың өкілдеріне тән психологияның шындығын А. Арцишевский жалпыадамзаттық және ұлттық парадигмалардың шендесетін, бірінен екіншісіне ұласатын тұстарын ашып көрсету арқылы диалогпен берген. Бұл – бояуы қалыңдатылмаған, ұлғайтылмаған өмір шындығы.

Кітаптағы көркем публицистика үлгілерінің әрқайсысы толығымен жеке тұлғалардың өмірлеріне арналған. Бұл арада автордың көсемсөзші ретіндегі шеберлігіне көз жұма қарамай, орынды ризашылық білдіріп кеткен жөн. Оның кейіпкерлері – сан алуан, мамандықтары мен кәсіптерінің түрлі-түрлі болып келетіндігіне қарамастан, олардың басым бөлігі республикамызға, тіпті республикадан тыс жерлерге де есімдері мәшһүр тұлғалар. Қазақстанда өмір сүріп, еңбек еткен адамдар болғандықтан да, өздерінің ұлттық, этникалық тегі де біркелкі емес.

Қазақ кейіпкерлердің ұлттық менталитетіне қатысты детальдарды келтіріп отыруға Арцишевский қаламы бейім. Ал орыс және басқа ұлт өкілдері жайлы жазған кезде олардың ұлттық сипатын айқындай бермейді немесе екіұштылық сездіреді.

«Тайна бытия. Рубен Андриасян» [67] очеркі Алматыдағы М.Ю. Лермонтов атындағы Орыс академиялық драма театрының бас режиссері Р. Андриасянның шығармашылығы жайында. Ал бас режиссер өз театрына қажетті пьесаларды негізінен Қазақстаннан тыс жерлерден іздестіріп, таңдап әкеледі екен. Тіпті театрда жұмыс істейтін режиссерларды да Қазақстаннан іздестірмей, басқа республикалардан алып келуі де жазылмаған заңдылыққа айналыпты.

«Ефим Кучер с Таганки поставил «Всю надежду» Михаила Рощина, Лев Белов из Новосибирска «Завтрак с неизвестным»

Дозоцрева и «Власть Тымьмы» Толстого, Виктор Мажурин «Жанну» Галина, Михаил Мамилов спектакли «Тиль»» [67, 30].

Автордың бұл келтіріп отырған фактілерінің бас режиссердің ұлттық тұрғыдағы көзқарасын да ашып көрсететіні дау туғызбайды. Алматыдағы М.Ю. Лермонтов атындағы Орыс академиялық драма театрының қаншама қазақстандық болғанымен, осы республиканың байырғы тумалары қазақ драматургтерінің пьесаларын сахналамайды, қазақстандық режиссерлермен жұмыс істеуге де ықпалсыз. Неге бұлай деген сұрақтың туындауын негізсіз дей алмайсыз.

Бәлкім, аталған режиссердің жергілікті ұлтты елемейтін ниглистігі жалпыадамзаттық парадигма талаптарының шеңберіне сыйып та кетер, бірақ ұлттық парадигма мәселесінде біржақты, яғни, шовинистік көзқарастың орын алып отырғанын терістеу қиын.

А. Арцишевский очерктерінің жазылуы мығым, көркемдік деңгейі көз қуантарлықтай.

Академик М. Қаратаевтың: «Бұл арада қатал Виссарионның: «Егер очерк қызғылықты, тартымды болса, онда оның ешбір мағынасыз сұрқай көшірме, бос тізім емес, адамдар мен оқиғалардың көркем бейнесі болғаны» деген сөзі еске түседі. Кемеңгер орыс сыншысының бұл сөздері очеркті жанр деп танығысы келмейтін, оны көркем шығарма емес, жеке адамдар мен халықтардың шынайы тұлғасын суретке түсіре алмайтын шала, дүмбілез, шолу жазба, сөзбен түсірген фотография деп есептейтіндердің көзін шұқитын сөздер.

Шынында да жалт етіп жоқ болатын бір күндік өткінші очерк болмаса, нағыз очерк – ол нағыз көркем шығарма» [68, 402] деген пайымына сүйенетін болсақ, Арцишевский кейіпкерінің бейнесін ашатын штрихтарды таңдап, ұстай біледі. Және әр шығармасында бір сөйлем болса да, тосын ой айтып қалуға тырысып отыратыны назар аударуға тұрарлық. Орыс тілінде жазатын автордың авторлық «Мені» жалпы болмысы жағынан алып қарағанда қазақстандық екендігін әйгілеп, атойлап жататындығы оны басқа орыс авторларының азаматтық позициясынан ерекшелеп көрсетеді.

Ал енді орыс тілінде өмірге келген базбір публицистикалық мәтіндерді оқи отырып, авторының қай ұлттың адамы екендігін айырып, тану оңайға соға қоймайды. Сондай ортақ машықпен жазылған көсемсөз үлгілерінің бірі – «Тенгиз - море нефти, море проблем» [69] деп аталатын жинағына енген туындылар. Оның авторы – қазақстандық курдтардың көрнекті өкілі, белгілі ғалым,

академик Надир Надиров. Жинақ тұтасымен бір тақырыпқа арналып жазылғанымен, оған енген жекелеген көсемсөз үлгілерінің стилі жете айқындалмаған, ұлттық бояулардан, эмоционалды-экспрессивті сөздерден ада, осындай жалпылама қолданылып отыратын ресми машықпен жазылған.

Н.Надиров публицистикасының кейде көркем публицистика нышандарын кіріктіре жазылса да, ішінара таза қара мақала үлгісімен кетіп қалып отыратын тұстары бар екен. Филология ғылымдарының докторы Ш.Елеуқеновтің белгілі көсемсөзші Камал Смайыловтың публицистикасы жөнінде ой толғай келіп: «Ғылыми-техникалық білім жанрындағы публицистика мен көркем публицистика өстіп сөз жарыстыра, сайыса келе, зор мағыналы әлеуметтік саяси проблемаларды қопарған. Осылайша ой толғаудың және бір маңызды ерекшелігі сынау, байлау пікірлерінің мазмұны да, формасы да жаңа еді» [70, 432] деп, түйген тұжырымы бүгінгі таңдағы көркем публицистиканың шығармашылық тұрғыдан даму барысына берілген нақты баға екендігі сөзсіз. Осы пікірді талдау өзегі болып отырған Н.Надировтың көсемсөздеріне қарата да айтуға болар еді.

Атырау теңізі маңындағы Теңіз мұнай қорының ашылуы мен өндіріс орны ретіндегі қалыптасу тарихын желдірте баяндап келіп, автордың оқырман алдына көлденең тартатыны – танымдық тұрғыдан қызықты болып табылатын бірсыпыра деректер мен дәйектер. Өндіріс дегеніміз – біз індетіп келе жатқан ұлттық парадигма ұғымы айқын көріне қоймайтын, жалпы адамзат өркениетіне ортақ стихия. Автордың жалпы адамзаттық мәселелерді қаузап отырып, кеңінен орағыта сөйлеуі – шығарманы көркем түрде сомдап шығу мақсатында ғана қолданылған тәсіл емес, оның танымдық қырларын айқынырақ жеткізуге күш салу қажеттілігінен туған шығармашылық ізденіс.

Пайдалы қазба орнын жандандырып, өндіріске қосу үдерісі көптеген машақатты жағдайлармен сатылай жүріп отырып іске асады. Бұл арада алдыңғы қатарға шығатын нәрсе – ең алдымен, адам факторы, оның ішінде де сала маманының мықтылығы, білімі мен еңбекқорлығы. Сонымен бірге мұндай тақырыпты тұздықтап отыратын кез келген ғылыми-техникалық прогрестің жетекші рөлін де жоққа шығаруға болмайды.

Автор айтар ойларын осы төңірекке шоғырландыра келіп, жиырмасыншы ғасырдың аяғы мен жиырма бірінші ғасырдың бастапқы жылдарындағы өндірістің жалпы жағдайын, ілгерілеу кезеңдерін қарапайым да түсінікті тілмен суреттеп жеткізеді. Қазақстан

аумағында жүріп жатқан өндіріс жұмыстарды әңгімелеу барысында жалпыадамзаттық проблемалардың кейбір қырлары да төбе көрсетіп қалады.

Айтар ойын мейлінше қысқарта жеткізу принципін ұстанған көсемсөзші кейде жекелеген мінездеулерге тоқтала қоймайды, портреттік штрихтарды ұсынуға да сараң. Бірақ соның өзінде жалпылама іс-кимыл арқылы ортақ мүддені жоғары қою сарыны айқын көрініс тауып жатады. Еңбекке деген ұмтылысты нақтылай түсетін қажыр-қайрат, іскерлік, тегеуірінділік мысалдары да бұл шығармада оқырман санасына оңай орнығатындай сипата жазылған. Бірақ бұлардың ұлт табиғатын танытатын детальдар іздеу әурешілік.

Кейіпкерлеріне беретін мінездеме-лерді беру формасы тапқырлық болып табылмаса да, оқырман оңай түсіне алатындай деңгейде. Бұндай ізденіс нышандары 190-212 беттер аралығында нақтырақ көрініс тапқан. Ұлттық менталитетімізге тән контекст деп публицистика кейіпкерлерінің бірі Мария Жапақовна Қаражігітованың мінез-құлық сипаттамасын айтуға болар еді.

Қазақтан шыққан кадрлардың едәуір бөлгі гуманитарлық пәндер бойынша жоғары білім алып, еңбек жолдарын осы бағытта жалғастыратыны кеңестік кезеңнен бері келе жатқан жазылмаған заңдылық. Аталған кейіпкер де – сондай типтік нышаны басым қазақ зиялыларының бірі. Алматы педагогикалық шет тілдері институтын бітірген ол үш тіл білудің арқасында жергілікті мамандар мен шетелдік инвесторлардың арасында дәнекерлік қызмет атқарып, өзін ұнамды қырынан көрсете алған. Сөйтіп жүріп өзінің іскерлік қабілеті де ұжымның, сонан кейін басшылардың назарын аударады. Осындай жақсы қасиеттерге ие қайраткер әйелдің ақыр соңында мұнай компаниясының бас менеджерлігіне дейін көтерілуін баяндайтын тұстары нанымды.

Осының өзі-ақ ұлт зиялыларының кәсіптік-интеллектуалдық бейнесін көрсетіп тұр емес пе? Қысқа мінездеменің бір парасы: «Внимательно прислушивается М.Ж. Каражигитова к пожеланиям и просьбам местных жителей. Под ее руководством оказывается постоянная материальная помощь социально незащищенным слоям населения...» [69, 201] деген ықшам баяндауларда кейіпкер жанының ізгі қасиеттері көрініс тапқан. Мұндай ізгілік қазақ әйелдерінің басым бөлігіне тән болып келетін имани нышан екендігін айтсақ, қазақ ұлтына тән менталитеттің сипаты да нақтылана түспекші.

Өндірістік мәселелерге арналғанымен, Н. Надиловтың көсем-сөзінде осы сипаттас адами факторлар арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық парадигма өлшемдеріне қатысты штрихтар да сезіліп отырады. Шығарма орыс тілінде жазылғанымен, оның авторының ұлттық ерекшелігін тап басып тану мүмкін дей алмаймыз. Ұлты курд болғанымен, курд халқына қатысты немесе ұлттық тегін білдіретін ешқандай леп, нышан-белгі жоқ деп айтуға болады.

Осы арада қаперге салып қоятын бір жайт – Қазақстанда өмір сүріп, тұрып жатқан орыстан өзге ұлт диаспораларының қаламгерлері көркем публицистика жанрына жиі ат салысады деп тұжырым жасауға келмейтіндігі. Бұл жанрда орыстан кейін жиірек жазатын ұлт ретінде ұйғыр қаламгерлерін атасақ, көп қателесе қоймаспыз. Ал олардан басқа сан жағынан көбірек болып келетін өзбек, украин, неміс, кәріс, түрік ұлттарынан шыққан жазушы-журналистердің белсенділігі нақ осы ұйғырлардай айқын байқалып жатқан жоқ. Сонда да болса, табандылықпен іздестірудің арқасында аталған ұлт өкілдерінің қаламынан туған көркем публицистиканың жекелеген үлгілеріне ұшырасқанымызды айтуға керек. Көркем публицистика жанрын дамытуда Қазақстандағы ұлттық диаспоралардың ішінде едәуір белсенділік көрсетіп жүргендердің бір тобы – ұйғыр қаламгерлері. Олар осы тәуелсіздік жылдары көсемсөз жанрында едәуір шығармалар ұсынды. Шынын айтқанда, олардың басым бөлігі сол ұйғыр тілінде жазылып, не қазақшаға, не орысшаға аударылмай қалып келеді. Жалпы қазақ оқырмандары үшін жекелеген тәуір туындыларды тәржімалап қойса да артық болмас еді деп ойлаймыз.

Гүлсімаппақ Ғиясидинованың «Бар бол, ана» [71] жинағындағы «Қаяшлар» («Құрбылар») очеркінде Ұлы Отан соғысы жылдары соғысқа қатысқан ұйғыр қызы Дилбәрдың майданда жүріп басынан кешкендері әңгімеленеді. Осынау алапат қырғынның КСРО-ны мекен еткен барлық халықтарға ортақ соғыс болғаны мәлім. Оған қатыспай қалған ұлт өкілдері кем де кем. Дилбәр де – Қазақстан жерінде тұрған ұйғыр диаспорасының бір белсенді қызы. Бірақ неше түрлі ұлттың өкілдері мидай араласып кеткен соғыс шебінде кімнің кім екенін ажыратып жатуға көп адамдар мәнде бере қоймайды.

Автор кейіпкерінің ұлтын айқындай түсу мақсатында мынандай эпизодты келтіреді:

«– Хоп, яхши қыз, қаяқтин болисән?

– Қазақстандин, - назиржавап қайтурди Дилбәр.

...

– Қазақчаниму убдан билдигәнсәнду, ана тилиң болғандики.

– Ана тили уйғурчә. Қазақчиниму билимән.

– Демәк, түркий тиллардин хелсини билиндикәнсәндә» [71, 8]

Осы эпизодта Қазақстаннан тыс жерде өмір сүріп жатқан адамдардың да тіл мәселесіне мән беретіні, бірнеше тілде сөйлей алатын ұйғыр қызының майдан даласында өз орнын қалай айқындай бастағаны бейнеленген.

Ұйғыр ұлтына тән менталитеттің бірі – өзінің өмір сүріп отырған ортасына орай екі немесе үш тілде еркін сөйлей алатындығы. Өйткені тарихи отандарында тұрмағандықтан, диаспора өкілдері негізінен өз мемлекеттілігі бар басқа ұлттардың ортасында тіршілік етуге мәжбүр. Қоғамның мұндай ортасында тұратындар өздері қаласын-қаламасын, тұрған жерлерінің жағдайына қарай, тілдік қарым-қатынас ерекшелігіне қарай бейімделуге мәжбүр.

Очеркте көрстілетін ортақ типтік нышандардың бірі осы жағдай болса, екіншіден, ұйғыр жұртының еңбекқорлығы да ықшам деталдармен орынды көрсетілген. Сонымен айналып келгенде, аталған туындыда жалпы адамзаттық парадигмадан гөрі ұлттық менталитеттің көрініс табуы басымырақ. Бұл жағынан алғанда «Қаяшлар» очеркінің ұстанымы Н. Надировтың «Тенгиз – море нефти, море проблем» публицистикасынан гөрі басқаша.

Орыс тілінде жарық көрген көркем публицистика үлгілері де қазақ қадамгерлерінің тәрізді үйіліп-төгіліп жатпаса да, баршылық. Бір назар аударатын жағдай – тек ұлты орыс қаламгерлері ғана емес, Қазақстандағы басқа диаспора өкілдері өкілдерінің ауызекі ғана емес, жазу тілдері де орысша. Бұл белгілі бір ереже бойынша емес, орыс тілінде білім алып, орысша ойлау мәдениетінің ізімен қалыптасқан көркемдік сана қозғалысының көрінісі.

Бұл арада бір назар аударатын жайт шығарма орыс тілінде жазылғанына қарамастан, авторлық таланттың, жазу машығының ыңғайына қарай кей автордың шыққан ұлтына тән белгілердің азды-көпті байқалып отыратындығы. Ондай жағдайда ұлттық парадигманың жекелеген белгілері сөз саптау, қалам тарту машығынан-ақ көрініп жатады.

Солардың бірі – орыс тілінде жазатын қазақстандық кәріс сценарисі әрі драматургы Лаврентий Сонның «Жады» («Память») [72] деп аталатын хроникалық шығармасы. Автор бұл арада өмірде болған оқиғаны драмалық үлгіге салып жазғандықтан да, ерекше формадағы көркем публицистика деп нақтыласақ, жанр табиғатына жақындай түсуіміз әбден ықтимал. Шығарманың басты тақырыбы Кеңестер Одағының құрамында болған кәріс халқының бастан кешкен трагедиясы.

Кәріс ұлтының бұған дейін Қиыр Шығысты мекен етіп келген диаспорасын өткен ғасырдың отызыншы жылдарының аяқ шенінде Сталиндік режимнің ішкеріге қарай жаппай қоныс аударғаны тарихтан белгілі. Кеңес заманында жабық болып келген бұл тақырыпты тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ашық айтуға мүмкіндік туды. Қазақтар да өз трагедиясын, ақтандақ кезеңдерін осы уақытта ашып жаза бастағанын ескерсек, кәрістер трагедиясының қозғалуы да осыған ұқсас деп тұжырымдай аламыз. Тарихи фактілерге қарағанда кәрістердің Қазақстанға қоныс аударуы 1938 жылға сәйкес келеді. Бұған әр түрлі дереккөздері дәлел.

Бірақ Л. Сон өзінің «Жады» («Память») деп аталатын шығармасында бұл ұлттың өкілдері Қазақстан жеріне 1937 жылдың күзінде келіп түскенін жазады. Автордың өз сөзімен айтсақ, бұл оқиғаның қысқаша суреті мынандай: «Осенняя ночь 1937-года. Степь. Небо светится бисером звезд. Слышится приближающаяся рев мотора. Темень прорезают фары побьехавшего грузовика. В контрасте – сумятица людей, слышен лишь грохот открывающихся бортов и беспорядочные реплики, полные страха и ужаса перед безвестностью» [72, 323].

Шығармада Қазақстан жеріне келген кәрістерді жүк машинасына тиеп апарып, түн ішінде айдалаға қалай төгіп тастағаны суреттелген. Бейтаныс жерге, бөтен адамдардың ортасына зорлықпен келіп түскен адамдардың белгісіздікке душар болып, үрейге берілуі психологиялық жағынан заңды құбылыс. Бұл арасын автор адам болмысының табиғи ерекшеліктерінен шығара отырып, суреттейді. Келтірілген суретті эпизодтың логикалық жағынан да, моральдық тұрғыдан да шындыққа сыйымды екендігі дау туғыза қоймаса керек.

Осылайша белгісіздік тұманында дағдарып қалған кәрістерге алғаш кезігетін Орынбай есімді қазақ қойшысы, әйелі Халима екеуі қамқорлық жасауға тырысады. Қорғансыз адамдарға жан-жақты рақым жасайын десе, өздерінің де мүмкіншіліктері шектеулі.

Айдалаға келіп түскен кәрістердің жанталасып өз күндерін өздері көрмесе, тығырықтан шығып, аман қалудың басқадай амалы жоқ. Алда қылышын сүйретіп қаһарлы қыс келе жатқандықтан, қолдағы бар жабдықтарымен жерді үңгіп, жертөле қазып алып, соның ішінде бас сауғалауға мәжбүр болады.

Адам табиғатын шынайы қалпында көрсету жағынан алып қарастырғанда, шығармаға айтылар сын да жоқ емес. Ырықсыз айдалып келіп, осындай мүшкіл жағдайда жүрген халықтың жоқтан өзгеге бола бір бірімен айтысып-тартысып жатуын, өзара сөз жарыс-



тара берулерін логикалық тұрғыдан аса нанымды дей алмаймыз. Қай заманда да жерінен аударылған адам мүмкіндінше бақылауда, жергілікті басшылық пен органдардың қатаң қадағалауында болатын белгілі. Әсіресе зәрі бет қаратпай, қылышынан қан тамған 1937 жылдан кейін.

Ал сондай жағдайда саяси тұрғыдан сенімсіз деп табылып, басқа жаққа қоныс аударылған кәрістерді жергілікті өкімет адамдары қатаң түрде қабылдап алып, сырттай болса да, бақылау қоюы тиіс емес пе. Шығармада ол жағы тіпті де аңғарылмайды. Сюжеттің дамуы ырғағына қарасаңыз, кәрістер өкіметі жоқ, адамы жоқ, бір иесіз аралға келіп қоныстанып жатқандай әсер етеді. Жергілікті органның өкілі жүк машинасымен күзетіп алып келетін милиционер ғана. Қарауындағы айдалғандарды ешкімге тапсырмастан, далаға тастап, алды-артына қарамастан, тайып тұратын сол.

Міне, осындай жекелеген тұстары болмаса, шығармадағы адам бейнелері біршама айқын, орыс тілінде жазылғанына қарамастан, кейбір тұстарда кәріс ұлтының ұлттық ерешелігін аша алатын шағын штрихтар да бой көрсетіп жатады. «Жады» («Память») деректі драмасы сексен жылдай уақыт бұрынғы тарихи оқиғаларды мүмкіндігінше сол қалпынша жеткізе отырып, жалпыадамзаттық және ұлттық парадигмалар шеңберіне сыйыса алуымен де бүгінгі оқырманның ықыласын аудара алатын деңгейде деп ойлаймыз.

Енді осы арада еске сала кететін бір жағдай осы аталған хроникалық шежіренің негізінде фильм түсіріліп, онда қазақ жеріне қоныс аударылған кәрістердің трагедиясы көргерменге әсерлі түрде жеткізілген деп айтуға болады. Бұл арада көркем фильмді талдап жату міндетімізге кірмейтінін ескерсек те, аталған шығарма мен оның экрандық нұсқасында ептеген айырмашылықтар да кездестеніп айтып өткеніміз жөн. Басты көркемдік өзгешелік деректі туындыдағыдай емес, фильмде сиволизм нышандарының орын алғандығында.

Тәуелсіздік кезеңі ішіндегі басқа ұлт қаламгерлерінің жазған тақырып деңгейін көтере алатын көркем публицистикасы сан жағынан аз деп айтуға болмайды. Бірақ олардың барлығынан жалпыадамзаттық және ұлттық парадигма айқын атойлап көрініп тұр десек, артық айтқандық болып шығуы да ғажап емес. Сондықтан бұл мәселені сақтықпен, ізденіспен қарастыру керектігі – шығармашылық заңдылық. Мұндай бағыттағы шынайы ізденістің өз нәтижесін беретініне де көз жеткізу қиын емес.

Қазақстандық әдебиеттің көрнекті өкілі Герольд Карлұлы Бельгер – тек көркем әдебиет пен аударма саласында ғана емес,

әдеби сын мен көркем публицистикада да тынымсыз тер төгіп келе жатқан тынымсыз қаламгер. Мен осынау бірегей талант иесін «Қазақстандық әдебиеттің өкілі» деп бекер айтып келе жатқаным жоқ. Өйткені қазақ, орыс және неміс тілдерінде жазатын полиглот қаламгердің шығармашылығын тек бір ұлттың әдебиетіне теліп қоя салу тым олқы соғар еді. Басқа қыры айтылып жатқандықтан, бүгін біз Герольд Карлұлының көсемсөзі жайында ғана бір ауыз пікір білдірмекпіз.

Тәуелсіздік кезеңі ішіндегі басқа ұлт қаламгерлерінің жазған тақырып деңгейін көтере алатын көркем публицистикасы сан жағынан аз деп айтуға болмайды. Бірақ олардың барлығынан жалпыадамдық және ұлттық парадигма нышандары айқын атойлап көрініп тұр десек, артық айтқандық болып шығуы да ғажап емес.

Осы аталған екі мәселені қабат көрсете алған туындылар қатарында белгілі қазақстандық жазушы, көсемсөзші, сыншы һәм аудармашы Герольд Бельгердің соңғы он жыл беделінде жазып жүрген эсселерін, очерктері мен тәмсілдерін шолып шығу арқылы белгілі бір қорытынды жасауға әбден болады деп ойлаймыз.

Өзінің қандай да ащы ойларын ешкімнен қаймықпастан қағаз бетіне түсіріп отыруға дағдыланған қаламгер қай жанрда жазса да, көркемдік асуын бетке ұстап жекелеген қоғамдық ой-пікірлермен тайталасып отырады. Оның көсемсөзіне тән осы мәндес ерекшелікті тіпті белгілі бір шығармаға жазған сын пікірлеріне де тауып жатамыз. Рецензия деп жазғандарының өзінен көркем көсемсөзге тән белгілер айқын құлшынып тұрады.

Оның төбесіне тақырыбын қоймастан, қойын кітапшасына түрте салған бір тәмсілінің [73, 2] мазмұнына қарағанда, өзімен дос болып жүретін қазақ қаламгерлері кенеттен Еуропа тақырыбын жазуға ден қойыпты. Мысалы, Рамазан Тоқтаров қарт Гетенің уылжыған жас Ульрике фон Левецовқа қалай ғашық болғаны туралы жазса, Дүкенбай Досжан Байрон жайындағы әңгіме-эссемен әуреленіп кетіпті.

Осы сияқты мысалдарды келтіріп алғаннан кейін, автор: «У меня двойственное отношение к этому. Конечно, вольному воля – писать никому не запретишь. Но неужели мои коллеги исчерпали казахскую тематику?» [73, 6] деп қайран қалады. Басқа халықтардың, соның ішінде еуропалық ұлылардың өмірбаяндарына қатысты оқиғалар мен эпизодтар тегіс түгенделіп, ұңғыл-шұңғылына дейін жазылған ғой. Енді соларды алыстағы қазақ деген аз ұлттың қаламгерлері жазбаса, ортақ тақырып қағаберісте жетімсіреп, елеусіз қалып қоюы мүмкін бе еді? Жазылмай жатқан жекеле-

ген жағдайлар болса, сол ұлылар шыққан ұлттың бүгінгі қаламгер өкілдері күндердің күнінде бір жазатыны анық қой.

Ендеше Азия құрылығын мекендеп жатқан қазақ қаламгерінің Еуропа тақырыбына ден қоюы, жанын жалдап, қаламын қайрап, кірісіп кетуі шарт па? Ондай жағдай қандай көркемдік мұқтаждықтан тууы мүмкін? Тіпті ешқандай да қажеттілік пен мұқтаждықтың, рухани сұраныстың көрініп тұрмағаны анық. Егер жазу қажет болып жатса, сол Гетенің, сол Байронның бүгінгі қандас ұрпақтары қолдарына қалам алсын. Өз қотырын өзі қасып үлгере алмай жатқан алыстағы қазақ деген азғана жұрттың қаламгерлерінің атсалусына қарап тұрған ештеңе жоқ. Және соны қалап тұрған адам бар ма өзі? Егер қазақ оқырманы үшін тілті аса керек болып жатса, ділгір тақырыптағы дүниелерді аударып беруге де болады ғой.

Бір сөзбен айтқанда, Г. Бельгердің айтқалы отырған ойы нақ осындай нақты жағдайларды сараптаудан, салғастырудан келіп туындап жатады.

«По этому поводу вспоминается эпизод из мемуаров Фатимы Габитовой, – дейді ол. – Максим Горький поинтересовался у Ильеса Жансугурова, над чем он сейчас работает. И казахский поэт ответил, что намерен написать поэму о челюскинцах. Горький задумался, помолчал, а потом сказал, что советский народ, мол, плохо знает казахов, их культуру, обычаи, манеры. Не лучше ли, дескать, писать об этом...» [73, 7]. Яғни, аузы дуалы, атақты М. Горький әр қаламгер алдымен өзінің ұлты туралы жазсын, өз ұлтын өзгелерге танытсын деп айтқан екен. Ендеше ұлы жазушының өзі осылай деп отырса, неге өз қотырымызды өзіміз қасып, ең алдымен өз халқымыз туралы жазбаймыз? Жасымыз бар, жасамысымыз бар, қалам ұстап жүрген қай-қайсысымыздың тоқталатын, үлгі алатын сөзіміз емес пе. Көрнекті қаламгердің бұл тұжырымы кім-кімнің де көңіліне қонарлық.

Былайша айтқанда қолдарына қалам атты тегеурінді қаруды ұстаған қазақ жазушысы ең алдымен өз халқы, өзінің өзекжарды мәселелері туралы жазсын. Туған жұртқа, Отанға қызмет ету дегеніміздің өзі осы емес пе?

Осы араға келген сәтте Г. Бельгер ұлттық парадигма бояуын нақтылай түсуді қажетсінетін ұлттық менталитет мәселесіне тоқталып өтеді. Әсіресе назар аударатыны – орыс пен қазақтың ойлау жүйесіндегі, этикалық мәселедегі жекелеген айырмашылықтар:

«Национальная ментальность – шутка тонкая и деликатная. На вопрос «Как живешь?» русский может запросто ответить:

«Хреново». Казах так ни за что не скажет. Грешно. Всевышного обидишь. И вообще, не годится жаловаться на судьбу... Поэтому казах говорит «Шүкір», т.е. «слава Создателю, хорошо». Русские не уважают старших. Сам видел: отселяют старых в баню, кормят отдельно, говорят: «старый хрыч» [73, 69] деп екі ұлттың әдептілік, сыпайылық мәселесіндегі ерекшеліктерін қолмен қойғандай қылып жіліктеп береді.

Бәлкім, бұл арада қазақ ұлтының мерейін көтере түсу үшін автордың сәл артығырақ айтқан жерлері де бар шығар, орыстың бәрін осылай үлкенді сыйлай алмайды деп кесіп-пішуге бола қоймас. Соған қарамастан, өмір шындығынан алыс кетіпті авторды деп тағы кінәлай алмайсыз.

Одан ары қарай қаламгер қазақтардың үлкендерді сыйлап, үйдің ең төріне отырғызатынын, сонымен бірге орыстардың қайын енелерін келемежге, күлкіге айналдыратынын да жасырмайды. Ал үлкендермен бұлайша қарым-қатынас жасау қазақ ұғымынан мүлде алшақ жатқандығын бірер сөзбен ғана жеткізген.

Публицистің бұндай пайымдауларынан шығатын қорытынды – түсінік, көзқарас мәселесіндегі үйлесімсіздіктер ұлттық парадигманы да айқындайтын нақты шарттар болып табылатындығы. Демек, екі ұлт арасындағы этикалық менталитетке бірдей көзқараспен қарауға болмайды.

«Подобных различий в ментальности казахов и русских можно обнаружить множество в повседневному быту, в общении, в приметах...» [73, 69] деген пікірдің авторы қазақ болса, өз қанына тартып отырған ұлтшылдыққа меңзер едік. Бірақ бұл арада қазақ менталитетін жоғары қойып, қазақ этикасына құрметпен қарап отырған адам басқа ұлттың өкілі. Г. Бельгердің соңғы ондаған жылдар бедерінде өмір жайлы жазып жүрген көркем көсемсөзінен осы тәріздес небір тосын да қызықты ойларды іліп алуға әбден болар еді.

Аталған деректі роман, очерк, эсселерде әңгіме айтушы кейіпкерлердің өз ауыздарымен баян қылатындары – Қазақстан жеріне алғаш рет қалай аяқ басқандығы, сөйтіп осынау сүреңсіз шөлейт өлкеде ары қарай қалай өмір сүріп кеткендері. Қазақтардың арасына басқа ұлт өкілдерінің келіп, қоныстануының тағдыры әрқилы екені оқырман қауымға тарихи деректерден жақсы мәлім.

Қазақ жеріне басқа халықтардың қоныс аудару шежіресі түрлі кезеңдерге бөлінеді. Бұл жөнінде әр уақытта айтылып, жазылып жүр. Кеңес дәуірінде қоныс аудару тарихының ішіндегі сталиндік репрессияға ұшырап, еріксіз келгендердің жөні бір бөлек. Кеңестер

Одағының Қиыр Шығысынан 1938 жылы кәріс (хоку сарам) ұлтының өкілдерінің, одан кейін 1944 жылы Кавказды мекендеуші халықтардың жер аударылуы жайындағы нақты мағлұматтар темір шымылдық деп аталатын Кеңестер империясындағы тоталитарлық заманда сол ақтандақ қалпы жабық болып келді. Бұл тақырыптың назарға ілігіп, әр қырынан жазыла бастағаны – еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі жылдарда ғана.

Альберт Штульбергтің «Бескунак» [74] – хроникалық деректі романы ресейлік немістердің жылы орындарынан қалай күштеп көшірілгендігі жайында қызықты сыр шертеді. Шығармада аталған халық өкілдерінің зорлықпен қоныс аударылуына түгелдей сараптама беріп, шолу жасап шығу мақсат етіп қойылмаған. Аталған тақырып бір отбасының мысалында әңгімеленіп, бас кейіпкердің көріп-түйген жағдайлары негізінде тарқатылған.

Елдің бір жақ шетіне жау тиіп, майдан далаларында кескілескен ауыр ұрыстар жүріп жатқан кезеңде халықтарды мекендеп қалған жылы орындарынан қозғап, бөтен жер, бөтен ортаға жер аудару оңай-оспақ шаруа емес. Қаржылық-материалдық шығындардың көптігін былай қойғанда, аттап өтуге болмайтын, адамдарға ауыр әсер ететін түрлі фактологиялық жағдайлар тағы бар.

Автордың басымырақ мән бергені – жаңа кезеңдегі психологиялық-моральдық үйлесімсіздіктер. Соғыс немістермен болып жатқаннан кейін халықтың өз ортасында жүрген неміс ұлтының өкілдеріне жатырқап, сенімсіздікпен қарауы заңды. Шығарма авторы ұлттық үйлесімсіздік жағдайларына мән бере келіп, осындай көзқарастағы адамдарды кінәлауға болмайтынын да қаперге салып өтеді. Өйткені, бұндай көңіл-күйдегі адамның қоғамнан, оның қызу тіршілігінен сыртқары оқшауланып, қоғамдық ортақ ағыстан бөлініп қалуы да заңды екен.

Соғыс басталып кеткеннен кейін, 1941 жылдың күзінде Поволжье бойындағы неміс ұлтының өкілдері алып империяның шығысына қарай күштеп көшіріле бастаған. Бұндай зорлықпен көшіру әрекеті тек неміс ұлтының өкілдері шоғырланып тұратын Повольжені ғана емес, Одақтың астанасы Мәскеу қаласын да шарпыпты. Кітап авторы Альберт Штульберг – он тоғыз жасар жігіт кезінде сол Мәскеуден зорлықпен қоныс аударылғандардың бірі. Ол бастапқыда Орал тауының шығыс баурайындағы Челябинск қаласына келіп, завод жұмысына орналасады. Оның Қазақстанға жіберілгені сәл кейініректе.

Сыр бойындағы шағын қалаға қоныс аударуға мәжбүр болған жас жігіт қазақ арасында өздерінің қалай өмір сүргендігі жа-

йында сыр шертеді. Шығарма ішінде қызықты оқылатын беттер – кейіпкердің Челябинскідегі заводта еңбек етіп жүрген күндері мен Қазақстанға қоныс аударылғаннан соңғы Сыр бойындағы қалашықтағы қазақтар ортасы, осы жылдар ішіндегі айналадағы халықтармен қарым-қатынас жасау сипаттары.

Аталған роман-хрониканың көркемдік болмысы жайында белгілі қазақстандық қаламгер Герольд Бельгер: «Не большой по объему, предельно лаконичный роман-хроника широкохвaten, затрагивает разные слои общества сталинского времени, детально высвечивает «свинцовые мерзости» тоталитарного режима, при котором судьбы заключенных и вольных, пришлых и коренных, палачей и жертв переплетались самым тесным и фантастическим образом» [75, 6] Автор жер аударылып келген немістерге күдікпен қарайтын адамдармен бірге, оларды өзімсініп, жанашырлық сездірген жандардың да ұшырасқанын айтады. Бұл жағдай шығармада, негізінен, әскери комиссар Жәлел Асқарбеков пен оның отбасының мүшелері арқылы көрініс тапқан. Қазақ ұлтының ұстамдылығы, қонақжайлылығы, ақкөңілділігі де осы кейіпкер арқылы байқалады. Қазақ әйеліне тән тұйықтық, нәзіктік сипаттарын сездіретін жандар – осы үйдің әйелі мен қызы. Сонымен бірге колония бастығы Молдағалиев, шолақ қол Бекжан сияқты қазақтардың бейнелерінің сомдалуы қанық.

Бұл кісілердің қай-қайсысын да Штульберг автор ретінде ғана емес, басқа ұлт өкілінің көзқарасы тұрғысынан да жан жылылығымен іш тарта бейнелейді. Сонымен бірге елдің соғыс болып жатқан жағынан қоныс аударылған кейбір босқындардың ашкөздігі, қасқырдай қайсарлығы да автор назарынан тыс қалмаған:

«Многие беженцы, согнанные с насиженных и нередко злчных мест из числа киевлян, одесситов, харьковчан, притащили с собой чемоданы – сундуки туго набитые советскими дензнаками в крупных купюрах, и иными ценностями.

Предчувствуя неминучий голод, беженцы знающие зыбкую цену советской «валюте» и обеспечившие себя «бронью», вмиг под метлу подчистили все съестное, и цены взвинтились до невысказанных масштабов. На городишко обрушилась голодная напасть» [74, 96] деген жолдардан сол замандағы уақыт шындығы бұрын айтыла бермейтін жаңа бір қырынан елестейді. Осы тақырыпты тілге тиек еткен бұрынғы әдебиеттерде кездесетін аш-жалаңаш мүсәпір босқындар емес, айналасына қасқырша тиген қатігез қоныс аударушылар. Қонақжай қазақ ұлтына қарама-қарсы түсініктегі басқа

ұлт өкілдері. Айналасын қырып-жайпай келген олар жаңағыдай әрекеттерімен жергілікті тұрғындардың өзін аш қалдырады.

Автор екі түрлі ұлттық парадигманы шендестіру арқылы белгілі бір философиялық тұжырым жасауға болатын ащы шындықты көлденең тартады. Бұндай ашкөздік психология негізінен қалалы жерлерден шыққан, өз заманындағы өркениеттің өрінде жүрген босқындарға тән екендігін де автор жасырмастан атап өткен.

Бір ауыз сөзбен айтқанда, жаппай қоныс аудару жағдайындағы әр түрлі ұлттық менталиттердің шендесуі, жанасуы, сол арқылы көрінетін ұлттық парадигмалар нышаны хроникалық романда нағымды түрде көрініс табады.

...Қазақстанға науқандық саясаттың салдарынан лек-легімен төгіліп келгендердің бір тобы 1954 жылы басталып кеткен тың игеру науқанына байланысты көрінеді. Тәуелсіздік дәуірі кезеңінде Қазақстан тарихының осы кезеңі жөнінде жазылған көркем публицистиканың саябыр тартқанын жасыруға болмайды. Осы тақырыпты біз зерттеу нысаны ретінде алып отырған жанрда қозғанған еңбектердің бірі – Анатолий Тарасенконың «Целинная хроника» [76] деп аталатын деректі хикаяты. Шығарма авторының Қазақстан топырағына табан тигізетін кезі – 1962 жылдың бастапқы күндері, яғни, Тың игеру шаруашылығы жолға қойылып, халықтың құлағы да, еті де әбден үйреніп қалған уақыт. Мұндағы бас кейіпкер – Кеңестер Одағының батыс бөлігін алып жатқан Украин Республикасынан Қостанай жеріне арнайы жолдамамен келген жас маман. Деректі повесте өзі келіп түскен жаңа ортаны автор айқын да нақты суреттеп жеткізуге ықылас танытпайды, оны мақсат та етпеген.

Есесіне өзімен бірге бір жатақханада тұратын немесе бірге жұмыстас болып отырған адамдардың күнделікті тіршілік қалпын суреттеумен, өзі куә болған тұрмыстық-қызметтік шынайылықты сол қалпында жеткізе білумен шектелуге бейім. Жалпы Тың игерудің барысын баяндаудан бұрын, автор көбінесе өз маңайындағы адамдардың іс-әрекетін, мінез-құлқын, көзқарасын қызықтауға назар аударып отырады.

Осындай көзқарас салдарынан жаңа келіп түскен қоғамды ортамен бірге табиғат ерекшеліктерін, ондағы байырғы халық өкілдерін суреттеу жағы кемдеу соққан. Ауызға алынған күннің өзінде автор өзі алғаш көріп отырған ондай адамдардың ұлттық белгілеріне, ерекшеліктеріне онша мән бере қоймайды. Яғни, жалпыадамзаттық парадигма нышандары сезіліп отырғанымен, ұлттық менталитетті қаузайтын үлкенді кішілі жағдаяттар көбіне сөз бола қоймайды.

Кейіпкерінің бірге жұмыстас болған мамандардың бәрі де қазақ жеріне алғаш рет табан тигізіп отырған жандар. Олар өздері келіп түскен ортаға, сүреңсіз табиғат көріністеріне таңырқай қарағандарымен, алғаш көріп отырған байырғы тұрғындарға, олардың ұлттық болмыс-бітімдеріне аса қайран қалып жатқан жоқ. Алғаш рет көріп, жаңадан қарым-қатынас жасай бастаған далалық азиялықтар сыртқы пішіні, мінез-құлқы, психологиясы, бір ауыз сөзбен айтқанда, ұлттық болмыс-бітімі ешқандай да таңырқатпайды. Автордың өзі тұңғыш көріп отырған қазақтар жайында әңгімеленуі – бұрыннан таныс-біліс болып қалған жандарды суреттеу деңгейінде.

Сонау Украинадан келген жігіттердің байырғы тұрғындарға көңіл бөле бастауы – тұрмыстық жағдайда тығыз араласа бастағаннан кейін.

Жаңа жыл қарсаңында ерігіп үйде отырған жігіттерді кішкентай ғана бір қазақ шалы үйіне қонаққа шақырады. Ұлттық парадигманың біршама айқындала бастайтыны да осы тұста. Қазақтың қонақжайлылығын суреттейтін беттердің бояуы қанық. Автор ұлттық палитраны молырақ жаққанымен, жасанды түрде әдейі қалыңдатпаған, оқиға табиғи қалпында өрбіп отырады да, қазақтың ұлт ретіндегі бейнесі де біртіндеп ашыла бастайды.

Алыс жерден келген мамандар мен жұмысшыларды қазақтар өздерінің ата-бабаларының дәстүрі бойынша қол қусырып күтеді. Мол дастарқан, ет тағамдары, ақжарқын үй иелерінің ашық қабағы қазақ оқырманы үшін қалыпты ұлттық айшықтар болғанмен, қонақтар үшін тосын сый сипатында көрінуі де заңды. Осындай ұлттық белгі-нышандар бел алып, айқындала бастаған кезде тың игеру жұмыстарына жаңадан араласа бастаған шет адамдар далалықтарға ықылас білдіріп, көңіл бөле бастайды.

«– А словарь им зачем понадобился... В Кустанае казахи владеют русским лучше нас с тобой...»

«Что правда, то правда – у меня сильный украинский акцент» [76, 126].

«Не знаете казахского бесбармака!..» [76, 154] деп алады да, жазушы қазақтың ұлттық тамағы бесбармақты суреттей келіп, өздері жаңадан таныс болып жатқан қазақ деген халықтың ұлттық ерекшелігінне қысқаша тоқталып өтеді. Сол арқылы кітап авторы өкілі болып табылатын украин ұлтынан гөрі қазақтың бейнесі айқынырақ елестейді.

Осы тұста айқынырақ көрінетін – ұлттық жән жалпыадамдық парадигмалардың тұрмыстық психология арқылы шендестірілуі.



Қонақтардың көңілін көтеру үшін арнайы шақырылған Темірхан домбырашының өнері онсыз да көңілді дастарқан басын одан арман көңілдендіріп, құлпыртып жібереді. Нағыз қазақы ұлттық болмыстың мейлінше атойлап шығатын тұсы да осы. Бірақ осынау ұнасымды жағдайға кірбің келтіретін деталь бар. Ол – қонақтарға қосылып алып қазақтардың да еш тартынбастан, арақ ішуі. Осы эпизодтағы қимыл-әрекеттер мен диалогтардың мағыналарына қарағанда қазақтардың арақты бұрыннан да ішіп келе жатқандығы, тіпті бой үйретіп алғандықтары сезіледі.

Осы арада еске алатын жағдай – жалпы көшпелі қазақ ұлты ішімдікке онша әуес болмаған, құмарлық көрсетпеген. Көшпелі жұрттың мекен еткен өлкесіне орыстар көптеп келе бастаған кезде ғана осынау заһар сусынына еріксіз бейімделген. Ал аталған көркем публицистикалық туындыдағы қазақтардың арақты жатсынбай, атасының асындай көріп сіміруі көңілде жақсы әсер қалдырмайтыны анық. Екінші жағынан авторға олай емес еді деп кінә қоюға да болмайды. Өйткені сол өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында қазақтардың орыстармен және басқада ұлттармен аралас өмір сүріп жатқан біраз бөлігі өздеріне бұрын жат болып келген басқа нәрселермен бірге араққа да бой үйрете бастағаны өмір шындығынан алыс жатқан жоқ.

Осы арада назар аударатын бір жағдай – ішімдікті қазақтың ұлттық парадигмалық шеңберінде қарастыруға бола ма деген мәселе. Біздің ойымызша, бүгінгі таңда қазақтардың едәуір бөлігі осынау қауымымызға, дінімізге жат нәрсеге үйір болуды әрбір ұлттың әлеуметтік ментальдігіне жақындату қиын.

Тарасенконың осы аталған кітабында украиндықтар байырғы халық өкілдерімен тек дастарқан басында ғана емес, жұмыс барысында да ұшырасып, жақындасып жатады. Әдетте келімсектердің қазақтарды қолдарынан ештеңе келмейді деп кемсітуге бейім болып келетіні жасырын емес. Ондай келеңсіз жағдайлардың тұрмыстық деңгейде әр уақыттарда байқалып келгенін жасырып-жабуға болмас.

Қазақ оқырманы үшін жағымды әсер ететін тұрмыстық фактордың бірі – украиндық автордың қазақтарды өздерінен ешқандай да қор санамай, өз ұлтымен терезесі тең дәрежеде бейнелеуі. Ұлттық тұрғыдан кемсітушілікке баруды автордың аузына да алмауы – қазақ оқырманына ұнамды әсер ететіні анық. Бір сөзбен айтқанда, аталған шығармада ұлттық астамшылыққа жол беретін немесе керісінше, халықтың намысына тиетін ондай теріс нышанның көлеңкесі де жоқ.

Жалпы бұл шығармада Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы тың игеру науқанының қалай жүргендігі жайлы жекелеген мәліметтер де ұсынылып отырады. Тың игеру эпопеясы аталған кезең жөнінде өз тұрғысынан кезекті суреттер қосқан, бірақ терең деп айтуға келмейді.

Бір шығарманың ішінде тыңға қатысты деректер мен фактілерді толығымен қамти бейнелеп жеткізу шарт емес. Оның үстіне шығарма авторы Қазақстан жеріне алғаш рет аяқ басқан уақытта тыңның игеріле бастағанына бірнеше жыл өтіп кеткен болатын. Сондықтан аталған шығармада тыңның толық келбетін көрсету мүмкін емес еді әрі солай жасаудың қажеттілігі де көрініп тұрған жоқ. Бұндай ұстанымды шығарманы жазу барысында автордың объективті түрде жете түсінгендігін әбден байқауға болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қамзин К. Қазақ көсемсөз жанрларының кемелдену үдерісі. – Алматы: Экономика, 2009. – 400 б.
2. Ибраим С. Тарихи үш оқиға // Ана тілі, 2012. –№34.
3. Ибраимов С. Бірлік болмай, тірлік болмас // Халық кеңесі, 1991. – 17-желтоқсан.
4. Әсіпов С. Қауқарсыз қазақ мәселесі. – Алматы: Қазақстан, 2009. – 576 б.
5. Шағатай Ж. Ащы мен тәтті. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2012. – 304 б.
6. Айтматов Ш., Шаханов М. Ғасыр айырығындағы сырласу. – Алматы: 2008. – 512 б.
7. Дәдебаев Ж. Шымырлап бойға жайылған. – Алматы: Жазушы, 1988. – 192 б.
8. Мағауин М. Шыңғыс ханның шарапаты. – Алматы: Иль-Дан ЖШС. 2003. – 76 б.
9. Түменбай Қ. Ар мен дар. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 336 б.
10. Қалдыбай М. Мың жыл аңсайды. – Алматы: 2012. – 480 б.
11. Қауғабай О. Таңғажайып Қонаев. – Алматы: Тоғанай баспасы, 2011. – 368 б.
12. Бөкей О. Президенттің бір аптасы: Кітапта / Біздің Оралхан. – Алматы: «Орхон» баспа үйі, 2013. – 392 б.
13. Бөкей О. Ошақтың бұты үшеу, жағар оты біреу: Кітапта / Біздің Оралхан. – Алматы: «Орхон» баспа үйі, 2013. – 392 б.
14. Қалижанов У. Ел мен ер. – Алматы: Кұс жолы, 2011. – 174 б.

15. Нұршайықов Ә. Тұлпар тұлға. / Кітапта: Нұршайықов Ә. Естеліктер. Екінші кітап. – Алматы: ТСТ Компани, 2011. – 840 б.
16. Қирабаев С. Өмір тағылымдары. – Алматы: Білім, 2006. – 480 б.
17. Рәш М. Мен айтпай, сірә, кім айтар? // Жұлдыз, 2004. – №4, №10, 208 б.
18. Жолдыбай О. Өткен жылдар өрнегі. – Астана: Фолиант, 2009. – 200 б.
19. Әкімқұлов Е. Құрман ата / Кітапта: Ектомдық таңдамалы шығармалар жинағы, I том. – Алматы: Арқас, 2003, – 382 б.
20. Парманқұлов С. Жұмбақ сарқырама. – Алматы: «Арқас», 2009. – 320 б.
21. Сәрсенбай Қ. Өнер-өмір. – Алматы: Қазығұрт. 2004. – 496 б.
22. Мырза-Әли Қ. Көркемөнерді көркем жігіттер жасайды. / Кітапта: Сәрсенбай Қ. Өнер-өмір. – Алматы: Қазығұрт. 2004. – 496 б.
23. Есдәулет Ұ. Әбілхаят. – Астана: Астана полиграфия, 2010. – 320 б.
24. Ахмади Ж. Тектілер тұғыры. – Алматы: Толағай баспасы, 2011. – 396 б.
25. Омашев Н. Ақпарат әлемі, 1-том. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2006. – 344 б.
26. Қазыбек М. Дауылда туған дарын. – Алматы, 2012. – 204 б.
27. Нәрібаев К. Ұлықтайтын тұлға // Президент және халық, 2012. – I-маусым.
28. Тобаяқов Б. Бостаннан ұшқан тау-қыран. – Астана: Руна, 2011. – 104 б.
29. Кенжин М. Құрбан қажы (Қоңыз батыр) жайлы деректі шежіре. – Алматы, 2011. – 179 б.
30. Игісін Қ. Әкелі-балалы қос дүлдүл / Жалын, 2010, №7, Б.40-45.
31. Тоқашбаев М. Жеңіс қайғысы. – Алматы: Астана Медиа Пресс. – 200 б.
32. Әлімгереев Ө. Қанатты қыз // Жұлдыз, 2009. №5.
33. Кәкішұлы Т. Сайыс. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001, – 290 б.
34. Әкімқұлов Е. Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы. – Алматы: Өнер, 2012. – 464 б.
35. Кенжалин Ж. Ер Жәуке мінбегенмен алтын таққа. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2012. – 536 б.
36. Жүнісбеков Б. ОтАсу. – Астана: Сарыарқа Б. 2013. – 432 б.
37. Нурмагамбетов С. Лицом к огню. – Алма-Ата: Казахстан, 1984. – 152 с.
38. Қыдыр Е. Ұсақтама, Үкімет. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2004. – 456 б.

39. Мұқибек А. Есенғалидың елу қойы / Ұлт TIMES, 2013, 17-қаңтар
40. Тұрысбек Р. Сәбит Мұқанұлы – публицист // Қазақстан мұғалімі, 2000, 21-маусым.
41. Қалиақпаров Ш. Ауылым әрқашан есімде. – Семей: Интеллект, 2013. – 434 б.
42. Омарұлы Б. Қаратерең вальсі. – Алматы: Арма-б, 2012. – 112 б.
43. Әбдіхалықов М. Орынбектің орны бөлек // Президент және халық, 2009, 28.08. №32.
44. Ахмади Ж. Замана күрмеуі. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2013. – 176 б.
45. Абайлда Т.Ж. Арман жетелеген жылдар. – Алматы.: «Жаухар», 2011. – 264
46. Қасымов С. Кіші «Нюренберг процесін» ұйымдастырғым келді: Кітапта / Алматы. 1986. Желтоқсан: – Алматы. Тоғанай Т баспасы, 2012. – 344 б.
47. Байтүгелова М. Бөкебайымды шешіп, ағамыздың басына ораған мен едім: Кітапта / Алматы. 1986. Желтоқсан: – Алматы. Тоғанай Т баспасы, 2012. – 344 б.
48. Тұрмағамбетова Б. Ол кезде екінші курстың студенті болатын / Аружан, №4, 2013
49. Ыбырайымұлы Ә. Сана.Өлшем.Ақиқат. – Астана: Фолиант, 2007. – 372 б.
50. Мархабаев А. Сапарбайдың сиқырлы саяхаттары. Кітапта
51. Олжай Қ. Қанат байлаған қазақ. –Астана: Елорда, 2010. – 272 б.
52. Әуелбек Ә. Солай болған. – Алматы: Арна-б, 2012. – 184 б.
53. Тәшенов Т. Сана мен саясат. – Алматы: Таңбалы, 2011. – 496 б.
54. Елубай С. Қиямет-қайым ғасыры, – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2011. – 343 б.
55. Өмірбек О. Қажылық құлшылық қана ма? // Жұлдыз, 2008. – №6.
56. Хамза А. (Мауқараұлы) Дәрісхана мәдениеті // Жұлдыз, 2012. – №1.
57. Отарбаев М. Ойқазан. – Алматы: «Ан Арыс», 2010. – 184 б.
58. Ораз Н. Таңғы шықтай мөддір әлем./ Кітапта: Отарбаев М. Ойқазан. – Алматы: «Ан Арыс», 2010. – 184 б.
59. Сатершинов Б. Ой қазынасының маржандары. / Кітапта: Отарбаев М. Ойқазан. – Алматы: «Ан Арыс», 2010. – 184 б.
60. Көшімбаев С. Қолына құс қондырған адам. // Жұлдыз, 2012, №8.
61. Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы: – Алматы: Триумф «Т», 2007. – 152 б.

62. Омарұлы Б. 11-ші қаламұш. – Алматы: Алты алаш, 2010. – 334 б.
63. Михайлов В. Тайна Лермонтова, Простор, №2, 2014 .
64. Доронин Г. Прощание с.Большой Михайловской / Простор, №10, 11, 2013 г.
65. Фроловская Т. Незабвенный Евгений Борисович / Простор, №12, 2013
66. Угренинов С. Казачьи сотни и казахские отряды: рука об руку. – Костанай, 2007. – 202 с.
67. Арцишевский А. Портрет современника в интерьере эпохи. – Алматы: Алаш баспасы, 2013. – 384 с.
68. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. – Алматы: Жазушы. 1969. – 444 б.
69. Надиров Н.К. Тенгиз - море нефти, море проблем. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2003. – 266 с.
70. Елеукенов Ш. Ғасырмен сырласу. – Астана: Елорда, 2004. – 482
71. Ғиясидинова Г. Бар бол, ана. – Алматы: Жазушы, 1998. – 352 б.
72. Сон Л. Память / Дорожка феи в саду, Алматы: – Руан, 2006. – 352 с.
73. Бельгер Г. Избранное: Сочинения в десяти томах. Т.10. – Алматы: «Балалар әдебиеті», 2012. – 536 с.
74. Штульберг А. Бескунак. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 176 с.
75. Бельгер Г. На изломе крутого времени // Штульберг А. Бескунак. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 176 с.
76. Тарасенко А.В. Целинная хроника. – Костанай: Печатный двор, 2004. – 276 с.

Казахская литература и другие этнические литературы Казахстана в период Независимости проявляют себя как сложный, интенсивно развивающийся процесс. Проблема соотношений парадигм национального и общечеловеческого является одной из вечных проблем во всех отраслях гуманитарных наук, которая меняется лишь в плане формы и содержания. Глубокие корни данного вопроса тесно связаны с гносеологической, онтологической природой художественного искусства и национальной культуры. В этой связи коллективная монография под названием «Общечеловеческие ценности в современной литературе» посвящена изучению современного литературного процесса, тенденций развития отдельных национальных литератур, а также творчества молодых писателей в аспекте проблем национального и общечеловеческого.

Несомненным достоинством предлагаемой книги является новый подход к исследованию художественной концепции, заключающийся в идейно-философском осмыслении национальной политики суверенного государства и созвучия литератур этносов Казахстана.

Коллективом исследователей предпринята попытка разносторонне исследовать кардинальную политическую роль и мировоззренческую сущность эпохи Независимости в исторической и культурной жизни Казахстана. В ходе исследования выявлены общие черты понятий «независимость», «общечеловеческое», «национальное» в философско-эстетическом аспекте и установлены точки соприкосновения между ними. В этой связи были рассмотрены вопросы художественного осмысления данных понятий, и раскрыты особенности их проявления в образных, идейных и структурных пластах литературы нового времени.

Вышеназванные вопросы рассмотрены по отдельным жанрам. Таким образом проблемы отображения общечеловеческих ценностей в литературе эпохи независимости изучены на основе научного анализа поэтических, прозаических, драматических, публицистических произведений.

Основные положения и выводы научной работы могут быть использованы в процессе дальнейшего совершенствования межнациональных отношений в многонациональном государстве, в воспитании молодого человека в условиях развивающегося гражданского общества и правового государства. Результаты исследования также

могут быть использованы в литературной практике, в учебно-методических целях при подготовке спецкурсов.

## SUMMARY

Kazakh literature and other ethnic literatures of Kazakhstan during the Independence period represent a complex, intensely developing process. The issue of correlation of national and universal paradigms is one of the eternal issues in all branches of the humanities, which varies only in terms of form and content. The deep roots of this issue are closely related to the epistemological, ontological nature of art and national culture. In this regard, collective monograph entitled «Human values in contemporary literature» is dedicated to the study of contemporary literary process, trends of development of specific national literatures, and creativity of young writers in terms of national and universal aspects.

The apparent advantage of the book is a new approach to the study of the art concept, which consists in ideological and philosophical interpretation of national policy of the sovereign State and harmony of ethnic literatures in Kazakhstan.

The team of researchers has made an attempt to conduct diverse exploration of fundamental political and ideological nature of the role of independence period in historical and cultural life of Kazakhstan. The study identified common features of the notions «independence», «universal», «national» in the philosophical and aesthetic aspects and determined common points between them. In this regard, the issues of artistic understanding of these concepts have been highlighted, and features of their display in the figurative, ideological and structural formations of modern literature have been revealed.

The above mentioned issues have been explored in terms of specific genres. Thus, the issues of reflecting common human values in literature of the independence period have been explored based on scientific analysis of poetry, prose, drama, nonfiction works.

Main points and findings of the research work can be used in the process of further improvement of international relations in multinational country, in education of young people in conditions of the developing civil society and legal State. The study results may also be used in literary practice, teaching-methodological purposes in preparation of special courses.

## МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫ СӨЗ</b> (Г. Орда).....	<b>3</b>
--------------------------------	----------

### I БӨЛІМ ҚАЗІРГІ ПОЭЗИЯДАҒЫ ЖАЛПЫАДАМДЫҚ МҰРАТТАР

<b>ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН ЖАЛПЫАДАМДЫҚ МҰРАТТАР</b> (С. Қирабаев) .....	<b>8</b>
1. Тәуелсіздік және қазақ өлеңі (лирика) .....	10
2. Бүгінгі өлең .....	31
3. Рух тәуелсіздігінің ақыны .....	42
4. Жыр басы – Елбасы .....	61
5. Астана – жыр бесігі .....	76
6. «Өлеңімдегі өртімді өшіріп, сірә, алмайын» .....	97
<b>ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ САТИРАСЫ</b> (Б. Мұқатай) .....	<b>107</b>
<b>ЖАС АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫ</b> (Н. Құдайбергенов) .....	<b>120</b>
<b>ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭМАСЫ</b> (Г. Орда) .....	<b>131</b>
<b>ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭТНОСТАР ПОЭЗИЯСЫ</b> (Г. Орда) .....	<b>194</b>

### II БӨЛІМ ПРОЗАДАҒЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

<b>ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІР РОМАНЫ</b> (Ш. Елеуенов) .....	<b>209</b>
<b>ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ РОМАНДАР</b> (А. Қалиева) .....	<b>327</b>
<b>ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОВЕСІ</b> (Н. Ақыш, Г. Орда, Е. Қаныкейұлы) .....	<b>360</b>



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭТНОСТАР ПОВЕСІ (Г. Орда).....	423
ҚАЗІРГІ ӘҢГІМЕЛЕР (У. Қалижанов).....	437
ЖАС ҚАЛАМГЕРЛЕР	
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ (Н. Құдайбергенов).....	506

**III БӨЛІМ**  
**ДРАМАТУРГИЯДАҒЫ**  
**МӘҢГІЛІК КАТЕГОРИЯЛАР**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ДРАМАТУРГИЯСЫ (А. Қалиева).....	516
--	-----

**IV БӨЛІМ**  
**КӨРКЕМ ПУБЛИЦИСТИКАДАҒЫ**  
**ЖАЛПЫАДАМДЫҚ ПАРАДИГМА**

ҚАЗАҚ КӨРКЕМ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ (Н. Ақыш).....	545
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭТНОСТАРДЫҢ КӨСЕМСӨЗІ (Н. Ақыш).....	672
РЕЗЮМЕ.....	704
SUMMARY.....	705

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым комитеті  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

## ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТЕГІ ЖАЛПЫАДАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Верстка мен дизайн: Ивахнова Н.

Басуға: 3.11.2014 ж. ұсынылды.  
Пішіні 60x84  $\frac{1}{16}$ . Көлемі 44,25 б.т.  
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз.  
Әріп түрі «CharterITC».  
Таралымы 500 дана.

«Evo Press» баспаханасы,  
Алматы қ-сы, Мақатаев к-сі, 129/1  
тел.: 8 (727) 279 71 34, 352 82 02



